



**ҚАЗАҚ
КӨТЕРІЛІСТЕРІ**

Редакциялық кеңестің төрағасы

Рахман АЛШАНОВ

Редакциялық кеңес мүшелері:

Баыржан ЖАҚЫП

Сейтжапар АРПАБЕКОВ

Ханкелді ӘБЖАНОВ

Жарылқасын БОРАНБАЙ

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Нұржан ЖЕТПІСБАЙ

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ

Нұрымжан МАУЫТОВ

Серік МӘШІМБАЕВ

Болатбек НӘСЕНОВ

Талас ОМАРБЕКОВ

Рашид ОРАЗОВ

Ақлима МҰСТАФИНА

Н.МАУЫТОВ, Ғ.ЖАНДЫБАЙ, Ғ.ЕГЕУБАЕВА

ҚАЗАҚ
КӨТЕРІЛІСТЕРІ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



Алматы
2015

УДК 94(574)(031)
ББК 63.3(5Қаз)я2
Қ 17

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Қ 17 **ҚАЗАҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ: Энциклопедия.** / Бас. ред. Ж.Н.Тойбаева.
– Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. – 616 бет. Қазақ тілінде.

ISBN 978-601-7472-43-6

Қолдарыңыздағы жинақ қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістері мен қозғалыстарының құбылысы мен жұмбағын, тағылымы мен қорытындыларын, қозғаушы күштері мен басшыларын ғылыми-ақпараттық, теориялық-методологиялық тұрғыдан зерделеуге арналған. Мақала авторлары – негізінен жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында еңбек етеді әрі осы мәселені көптен бері ой елегінен өткізіп жүрген мамандар. Жинақта 18-20 ғасырлардағы қазақ даласын дүбірлеткен көтерілістер мен ұлт-азаттық қозғалыстарының қайнар көзі, дәуірлері, себептері мен салдарлары, қағысушылардың құрамы, көздеген мақсат-мұраты, бүгінгі тәуелсіздік идеясымен үндестігі дәйектелген. Бұрын-соңды беймәлім болып келген деректер мен құжаттар ғылыми айналымға түскенін айрықша атап өткен абзал. Айтылған ойлар, ортаға салынған деректер оқырманның тарихи санасын оң қалыптастыруына септігін тигізсе, оқу-тәрбие үдерістерінде қолданылым тапса – қолдарыңыздағы жинақты шығарудағы мақсаттың өз үдесінен шыққаны деп білеміз.

Жинақта ұлт-азаттық қозғалысының тарихымен қоса, көтерілістердің туу себептері патшалық отарлау саясатының іс-шараларымен байланыстырыла көрсетілді. Сондай-ақ қазақ тарихындағы аса көрнекті тұлғалар мен өшпес тарихқа айналған оқиғалар, көтерілістер туралы әр кезеңде жазылған шығармалар және 20 ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған алаш қозғалысының азаттық жолындағы күрес қимылдары да қамтылған.

Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістері мен қозғалысының тарихы және олардың көсемдері мен қаһарман тұлғалары туралы мол мағлұмат тұңғыш рет энциклопедиялық жүйемен бір жинаққа топтастырылып берілген бұл кітап жүрегі халқым деп соғатын барша оқырман қауымға, сондай-ақ ғалымдар мен студенттердің, мұғалімдер мен жоғары сынып оқушыларының пайдалануына арналды.

УДК 94(574)(031)
ББК 63.3(5Қаз)я2

ISBN 978-601-7472-43-6

© «Қазақ энциклопедиясы», 2015

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТЕРДІҢ АҚИҚАТЫНА ҮҢІЛУ

Халқымыздың Тәуелсіздікке жету жолы оңай болған жоқ. Тамыры терең тарихтың өзі бұған куә. Араға сан ғасыр салып қазіргі қазақ елі бабалар аманатын жүзеге асырып, ғасырлар тоғысында көк байрағын көкке көтеріп, азаттығын әйгіледі. Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасындағы ұлан-ғайыр далаға иелік еткен қазақ егемен ел ретінде жаңа азат дәуірдің төрінен көріну үшін қаншама қырғын мен қаралы нәубетке ұшырады?! Алаштың Ұлы даласына көз алартқан империяшылардың жымсықы пиғылы мен қантөгісі көп солақай саясатының кесірінен ұлтымыз талай қиындық көрді. Тарихшы ғалымдардың келтірген деректеріне сүйенсек, өткен ғасырдың бастапқы кезеңінің өзінде қазақ даласында «қызыл террор» деген атқа ие болған қуғын-сүргін мен ұжымдастыру саясаты салдарынан қазақ миллиондап қырылып, мал-мүлкінен айырылды.

Қазақ елінің Тәуелсіздікке қол жеткізгеніне биыл 23 жыл толды. Осы жылдар аралығында тарихымыздың ақтандақ беттері ашылып, ұлттық құндылықтарымыз қайта жандана бастады. Ғасырлар бойы бұл жолда қисапсыз тер мен қан төгіп, қол бастаған есіл ерлеріміз бен жаужүрек батырларымыздың ерен ерлігі тарихымызда алтын әріптермен жазылды. Тарих тамырына бойласақ, тәуелсіздікке жету жолында қазақ халқының бірнеше жүздеген көтерілістері болған екен.

Дегенмен, мұндай көтерілістердің әлі де ашылмай, ақиқаты айтылмай келе жатқан ақтандақ беттері қаншама?! Міне, осының барлығын зерттеп, саралай келе, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы Қазақстан ҰҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдарымен және «Қазақ энциклопедиясы» баспасымен бірлесе отырып, «Қазақ көтерілістері» атты энциклопедия шығаруды қолға алған болатын. Еңбекте қазақ даласында болған ұлт-азаттық көтерілістердің тарихын барынша қамтуға тырыстық. Еліміздің әр тарапында, әр жылдары орын алған барлық көтерілістердің түпкі мақсаты – азаттық болатын. Сондықтан да біз жыл сайынғы конференцияларымызда тілге тиек етілген маңызды мәселелерді тоғыстырып, түрлі зерттеулерді топтастыра келе, қазақ көтерілістеріне тәуелсіз көзқарас тұрғысынан дұрыс баға берілуіне өз үлесімізді қосуға ниеттендік.

Өткенімізді түгендемей, болашаққа бағдар жасай алмаймыз. Бүгінгі азаттықтың ақ таңына жеткендегі жолымыздың айшығын айқындап, жоғымызды түгендеп, барымызды тағы бір мәрте саралауды көздеген мұндай игі шаралардың негізгі мақсаты – тағдырлы тарихымызда таңбаланып қалған қазақ халқының ұлт-азаттық күрестерінің рөлі мен маңызына баға беру және оның тек тарихын ғана айтып қоймай, саяси астарына үңілу, тәуелсіз ұрпақтың ұлттық санасын жаңғырту.



Тарихшы ғалымдардың пайымынша, Ресей патшалығының дәуірін айтпағанда, халқымызды қырғынға ұшыратқан өткен ғасырдың 20–30-ыншы жылдарындағы күшпен тәркілеу және ұжымдастыру саясатына қарсы қазақтардың наразылық көтерілістерінің шындығы әлі де жан-жақты терең талдауды қажет етеді. Тоталитарлық жүйеге қарсы болған осындай көтерілістер өрті еліміздің барлық аймақтарында тұтанған. Себебі өкімет тарапынан болған түрлі қысымдар мен тәркілеулер, шамадан тыс мөлшердегі салықтар мен «жаптым жала, жақтым күйе» сынды содырлы әрі сорақы жазалаулар – қаймана қазақтың қарсылық танытып, жаппай көтеріліске шығуына алып келді. Еркіндік пен елдік жолындағы үш ғасырға жуық жалғасқан ұлы күрестердің соңы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі екендігінде дау жоқ. Сол кездегі қазақ жастарының рухы – қазақ халқының ұлттық езгіге қарсы үздіксіз күресінің заңды жалғасы еді. Бүгінгі ғылыми орта, жалпы қоғам болып ұлтымыздың тарихында Тәуелсіздік үшін болған жүздеген ұлт-азаттық көтерілістер мен халықтық қозғалыстарды сараптап, саралап отыруы қажет.

Осы орайда Жоғары оқу орындары қауымдастығы «Нұр-Отан» ХДП-ның Алматы қалалық филиалы, Алматы қалалық әкімшілігі, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты және ҚР Ұлттық кітапханасының қолдауымен 2010 жылдан бері Қазақ көтерілістері тарихына байланысты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырып келеді. Осы күнге дейін, «Қазақ көтерілістері және азаттық мұраты», «Алғадай», «Қазақтың ұлы қолбасшылары» атты кітаптарды жарыққа шығарып, әр конференция материалдарын арнайы жинақтарға топтастырдық. Алғашқы конференция Алматыдағы Ұлттық кітапханада «Қазақтың ұлы қолбасшылары» деген тақырыпта өтіп, оған жоғарыда аталған мекемелермен қатар саяси ұйымдар, мемлекеттік емес ұйымдар, тарихшы ғалымдар мен қаламгерлер, ізденуші жастар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Аталған ғылыми басқосуда жиын тақырыбымен үндес «Қазақтың ұлы қолбасшылары» атты кітаптың тұсаукесер-таныстырылымы болып өткен еді.

Жоғары оқу орындары қауымдастығының бастамасымен Ұлттық кітапханада 2011 жылдың 8 желтоқсанында өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 25 жыл толуына арналған дөңгелек үстел «Қазақ көтерілістері және азаттық мұраты» деп аталды. Оған желтоқсаншылар да қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Дөңгелек үстел жұмысын Жоғары оқу орындары қауымдастығы Алматы қаласының әкімшілігі, «Нұр-Отан» ХДП-ның Алматы қалалық филиалы, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп атқарды.

2012 жылы біз талқылайтын тақырыбымыздың аясын кеңейтіп, Ұлттық кітапханада «Қазақ көтерілістері: әлеуметтік себептері мен саяси сабақтары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткіздік. Бұл жолы да еліміздің әр аймағынан белгілі тарихшы, зерттеушілер бас қосып, қазақ даласында орын алған басты көтерілістердің тарихына, себеп-салдырына жеке-жеке үңілуге мүмкіндік беретін тұшымды баяндамалар тыңдалып, тақырып аясында пікір алмасулар болды. Конференция жұмысына қаламгерлер, журналистер қауымы да белсене атсалысып, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен студенттері, Желтоқсан ұйымдарының өкілдері, мектеп пен колледж ұстаздары да қатысты.



2013 жылы еліміздің Тәуелсіздік күні қарсаңында «Қазақ көтерілістері: ақтандақтардан – ақиқатқа» атты келесі ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткіздік. Жиында осы уақытқа дейін қоғамға белгісіз болып келген, әлі де зерделі зерттеуді қажет ететін ұлт-азаттық көтерілістер туралы келелі мәселелер қозғалып, тарихшы ғалымдардың баяндамалары тыңдалды.

Аталған конференцияларда қазақ жеріндегі жаппай қуғын-сүргін мен аштық, тың игеру сынды қазақ тарихын басқа арнаға бұрып жіберген зобаландар мен Сырым Датұлы көтерілісі, Қарқара көтерілісі, Абыралы көтерілісі, Адай көтерілісі, Созақ көтерілісі, Батпаққара көтерілісі, Шұбартау көтерілісі және басқа да көптеген халық толқулары мен Тәуелсіздікті жақындатқан Желтоқсан көтерілісі жайында кеңінен сөз болып, осы төңіректерде қордаланған мәселелерге ғылыми талдаулар жасалынды.

Жиындарда айтылған ойлардан түйгеніміздей, бүгінде өткен тарихымызға таза ғылыми тұрғыда сараптама жүргізу жағы кемшін, тарихшы ғалымдардың арасында да айтарлықтай пікір алшақтығы бар. Бұған қоса, кешегі отаршылдарға қарсы күрес-тер мен Алаш қозғалысының тарихы, қала берді Желтоқсан көтерілісі де тарихи-ғылыми тұрғыда толыққанды зерделене қоймаған. Әрине, тарихты ақтару үшін ұзақ уақыт керек. Дегенмен, ғалымдарымыз, егерде осы мәселелерге барынша көңіл бөлініп, тиісті қаржы берілсе, арғы-бергі мұрағаттардағы деректерді жинақтап, үлкен зерттеулерге жол ашуға мүмкіндіктер туар еді дегенді жиі айтады. Ұлт тарихына жаңаша көзқараспен қарап, өткенімізді Тәуелсіз сана тұрғысынан қайта саралау мәселесін Елбасымыздың өзі биік мінберлерден сөйлеген сөздері мен мақалаларында, кітаптарында айрықша атап өткен. Ұлт тарихында орын алған қанды қырғындар жайын қозғап, өткенге тың көзқараспен қарауға шақырған бұл жиындарда ғалымдарымыз салмақты баяндамалар жасап, ақтандақтар ақиқатын аршуға мүмкіндік беретін пікірталастар ұйымдастырып, тарихи шындықты асқан жауапкершілікпен зерделеуге ниет етіп келеді. Тарихымызды түгендеуге ұмтылған мұндай жиындарды ұйымдастыруды біз алдағы уақытта да тереңдете, жалғастыра бермекпіз.

Үлкен мінберлерден айтылған зерделі ойлар, ортаға салған дерек пен дәйектер тарихи сананы оң қалыптастыруға септігін тигізсе, оқу-тәрбие үдерістерінде қолданым тапса, ұлттық тарих ғылымының бүгінгі жаһандану мен бәсеке үдесінен шыққаны деп білеміз. Біздің барлық шараларымызға барынша қолдау білдіріп келе жатқан ҚР Білім және ғылым министрлігіне, «Нұр-Отан» ХДП-ның Алматы қалалық филиалына, Алматы қалалық әкімшілігіне, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мамандарына, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы мүшелеріне, ҚР Ұлттық кітапханасы мен «Қазақ энциклопедиясы» баспасының ұжымына және бұқаралық ақпарат құралдарына да айтар алғысымыз шексіз.

Әр жылдары конференция жұмыстарына белсене қатысып, ұлт-азаттық көтерілістері тарихын зерттеп-зерделеп жүрген Мәмбет Қойгелдиев, Ханкелді Әбжанов, Талас Омарбеков, Қамбар Атабаев, Саттар Мәжитов, Болатбек Нәсенов, Серік Мәшімбаев, Марат Әбсеметов, Нұржан Жетпісбай, Рашид Оразов сынды тарихшылар мен Нұрлан Оразалин, Смағұл Елубай, Ахметжан Ашири, Жарылқасын Боранбай, Сағатбек Медеубекұлы, Жұмабай Құлиев секілді қаламгерлерге және Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандары қауымдастығы мен Желтоқсаншылар ұйымдарының мүшелеріне рухани қолдаулары үшін үлкен ризашылығымызды білдіреміз.



Сонымен қатар осы энциклопедияны құрастыру барысында мұрағаттық фотоматериалдармен қамтамасыз етіп, қолұшын берген ҚР Орталық Мемлекеттік мұражайына, Алматы қаласы тарихының мұражайына, Алматы қаласы Орталық Мемлекеттік мұрағатына, Қазақстан ҰҒА-ның Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтына және де Қалиолла Ахметжан, Жұбаназар Асанов, Бақытжан Ахметбек, Оңғар Ақан, Қали Омаров тәрізді жекелеген ғалымдарға да айтар алғысымыз мол.

Қазақ даласында еркіндік үшін болып өткен көтерілістер ел есінде мәңгі сақталып келе жатыр. Оның ішінде үлкен рух пен намыстан жанданған Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы сынды қолбасшылардан бастап Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастардың ерліктеріне дейін тарих бетінде алтын әріптермен жазылып қалды. «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» дегенді қадап айтқан Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен төл тарихымызды жаңаша көзқараспен зерделеу қолға алынуда.

Бүгінгі егемендік заманында жылдар, ғасырлар бойы дұрыс шешімін таппай келе жатқан қыруар мәселе нақты жолға қойылды. Тәуелсіздікпен бірге біздің қоғамға рух еркіндігі оралып, тарих беттерінің қалыс тұстары қайта ашыла бастады. Сондықтан, қазіргі кезде қазақ тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыстарды, көтерілістер мен оқиғаларды саралау, ғылыми қалыпқа салу және жұртшылық арасында оған қатысты қандайда бір сұрақ тумайтындай бір тоқтамға, ортақ пікірге келудің уақыты келіп жетті. Бұл ретте тарих ғылымына ерекше жауапкершілік жүктеліп отыр. Тарих – ұлтымыздың өткені ғана емес, бүгінгі мен ертеңі де. Ендеше, оны әр кезде ұрпақтан-ұрпаққа шынайы жеткізіп отыру – үлкен парыз.

Рахман АЛШАНОВ,
*экономика ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР Жоғары оқу орындары
қауымдастығының президенті*



АЗАТТЫҚ МҰРАТТАРЫНЫҢ АСҚАҚ РУХЫ

Адамзат баласының тарихын көктей шолып қарайтын болсақ, оның тағдыры екі нұсқада қалыптасатынын байқаймыз. Бірі – табиғи-ырғақты даму аясында жетілу, бәсекеге қабілеттілігін шыңдау, әлемдік өркениетке өз болмыс-бітімімен кірігу. Екіншісі – жат қолына тәуелділікке түсу, дәстүрлі құндылықтарынан ажырау, өздік «менінен» айырылу.

Қазақ халқы тарихи баламаның екі жолын да бастан кешті. 15 ғасырдың екінші жартысында дербес мемлекетін құрған бабаларымыз күндіз отырмастан, түнде ұйықтамастан елдің аумағын кеңейтті, шекарасын бекемдеді, аз халықтың көп болуына қол жеткізді. Үш ғасырға жуық күш-қуатын еселеумен, дұшпанын басындырмаған олар 18 ғасыр басында кенеттен «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшырап, Ш. Уәлиханов жазғандай, «осы сұмдық және қанқұйлы уақытта» амалсыздан Ресейге бодандықты қабылдады.

Патша заманын айтпағанда, кенестік тоталитарлық тәртіп тұсындағы дүркін-дүркін аштық, үздіксіз қуғын-сүргін, басқа этностарды мыңдап, миллиондап қазақ даласына тоғыту, орыс тілінің өктемдігі – бәрі Ұлы даланың тағдырын тәлкекке ұшыратты, ұрпақтар арасындағы мәдени-рухани сабақтастық пен жалғастықты қожыратты. Отаршылдықтың, коммунистік биліктің жақсылыққа ұласпайтынын түсінген қазақ халқы ұлттық, саяси, экономикалық, әлеуметтік әділетсіздік пен қыспаққа қасқая қарсы шықты.

Төгілген қан, үзілген өмір зая кетпеді. Сырым, Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Наурызбай, Амангелді мен Бекболат секілді жүздеген, мыңдаған қаһармандар намыс отын өшірмеді, Шоқан, Абай, Ыбырай, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған зиялы қауым ұлттың зияткерлік әлуегін әлемге танытты, Құрманғазы, Біржан, Жамбылдар жасампаздық құдіретпен халқының жаны мен жүрегін інжу-маржанға бөледі, Алаш зиялылары азаттыққа шығаратын саяси жолды анықтады. Азаттық үшін күрестің соңғы құрбаны Қайрат Рысқұлбековтің:

Абай туған жерінде,
Бомбасын атом жармасын.
Құлпытасты қиратып,
Өлігінді қазбасын, –

деген жыр жолдары – болашақ ұрпаққа қалдырған аманаты.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы, қашан және қандай жерде болсын, отарлаушы елдің саяси, экономикалық, идеологиялық, мәдени-рухани, т.с.с. өктемдігіне, әділетсіздігіне, зорлығына қарсы бағытталды. Қозғалысқа қатысушылардың саны, ол шарпыған аумақтың үлкен-кіші болуы көп нәрсені анықтайды. Ресей империясы мен кеңестік тоталитарлық жүйе қыспағында зорлықтан, күшпен модернизация-



лаудан «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы азат өмірге құштарлығын бір сәтке жоғалтпастан, үздіксіз күреспен, кейде бейбіт, кейде қарулы қарсылықпен 1991 жылдың 16 желтоқсанына – мемлекеттің тәуелсіздік күніне жетті. Мамандардың есептеуінше, 18 ғасыр соңындағы Сырым Датұлы көтерілісінен 20 ғасыр басындағы Амангелді Иманов бастаған қарулы күреске дейін 300-ден астам бас көтеру қазақ даласында дүркіреп өтсе, осыншама рет наразылық білдіру кеңестік жылдарда да орын алды. Басқаша айтқанда, 1731 жылдан бастап, орта есеппен, қазақтар әр жылда 2–3 мәрте отарлық немесе тоталитарлық жүйеге қарсы шығып отырған. Әрине, бұлардың бәрін ұлт-азаттық қозғалысына, көтеріліске, соғысқа жатқызуға болмайды. Діни сипатта, қысқа мерзімдік, ресми биліктің арандатуымен, тіпті қарақан басының қамын күйттеген себептерден бұрқ еткен оқиғалардың да тізімге еніп кетуі мүмкін. Сондықтан да ұлт-азаттық қозғалысы, ұлт-азаттық көтерілісі, ұлт-азаттық соғысы мәртебесіне лайық құбылыс қандай өлшемдерге, көрсеткіштерге сай болуы керектігін анықтап алудың теориялық, методологиялық, танымдық маңызы зор.

Ұлт-азаттық қозғалысының үш мәнді белгісі бар: біріншісі – қозғалысқа жалпыұлттық идеяның тән болуы; екіншісі – қозғалыс алға қойған негізгі мақсаттың анық та ашық түрде мемл. билік мәселесіне келіп тірелуі; үшіншісі – қозғалыстың басында ұлт зиялыларының саяси көрегендік, қолбасшылық кемелдік, дипломатиялық әбжілдік, харизмасы өткір қасиеттері бойында бар көрнекті өкілдерінің тұруы. Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстарының жалпыұлттық идеясы отарлық езгіден құтылуға, елдің елдігін, тұтастығын сақтауға сайды. Ел – байырғы түркі заманынан бері желісі үзілмей келе жатқан, қадірлеп, қастерлеп ұстауды талап ететін, қазақтың санасында берік орын тепкен құндылық. Ал елдің негізі – жер. Мемлекеттіліктің, тіршіліктің көзі жер екенін Кенесары өзінің патшаға жазған хатында дәйектеген: «Ата-бабаларымыз мұра еткен Есіл, Нұра, Ақтау, Ұлытау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Орал, Торғайға дейінгі жерлер қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, ол жерлерде бекіністер салынып, сонысымен тұрғындарды өте қиын жағдайға ұшыратуда. Бұл тек біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен бірге бүгінгі өмір сүруімізге де қауіпті». Осы тұрғыдан келгенде, Е. Бекмахановтың: «Кенесары патша үкіметі, Қоқан мен Хиуа тартып алған қазақ жерлерін қайтару, қазақ халқының біртұтас мемлекетін құру ұранымен күреске шықты... Өздерінің мақсаттары үшін, ең алдымен, тартып алынған жайлауларын, жайылымдарын қайтару үшін күрескен қалың бұқараның қатысуы көтерілістің кең өріс алуын қамтамасыз етті» деген байламында терең методологиялық түйін бар. Жерден айырылу елдің экономикалық негізін шайқалтуға әкеледі. Және керісінше. Саяси дербестік халықты экономикалық кіріптарлықтан қорғауға, саяси тәуелсіздіктің іргетасын бекемдеуге мүмкіндік туғызады. Қозғалысқа тартылған әрбір әлеуметтік қауымдастық азаттықтың, тұтастықтың мәнін дөп басып танығанмен, берері мен болашағын әрқайсысы өзінше ұғынды. Өлке болашағын Ресеймен байланыстыра қарастырғандар маңызды мәселе ретінде бірде саяси тәуелсіздікті, ұлттық қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық дамудың, индустриялы жолға түсудің мүмкіндіктері мен нұсқаларын сөз қылса, екіншіде ағартушылыққа, оқу-білімге үлкен үмітпен қарады.

Түптеп келгенде, ұлт-азаттық қозғалыстарының бастау көздері аяусыз отарлық саясатта, дәстүрлі-табиғи даму үрдістерінің зорлықпен қиратылуында жатқанмен,



олардың бәріне бірдей жалпыұлттық идея негіз бола бермеген. Халық наразылығы ұлт-азаттық қозғалысы дәрежесіне көтерілу үшін жалпыұлттық идеямен ұштасуы керек. Ұлттық идеямен суғарылған азаттық күресі ұйымшылдығымен, табандылығымен қымбат. Ұлт-азаттық қозғалыстарының жалпыұлттық идеямен ұштасуындағы қазақстандық ерекшелікті айыра алу керек. Бұл орайда, тоталитаризм жылдары жарық көрген еңбектерде ұлттық идея мәселесі мүлде көтерілмесе де, ұлт-азаттық қозғалысының себептері ретінде таптық антагонизмнің асқынуы және ымырасыздығы, негізінен индустриялы даму тұсында қалыптасатын қоғамдық-саяси ұйымдардың дүниеге келуі мен белсенді қызметі, адамды адамның қанауының сорақы да өрескел түрлерінің баса көрсетілгені, өнеркәсіптік пролетариаттың ықпал күші алдымен ауызға алынғаны белгілі. Ал тарихи ақиқатқа жүгінгенде, 18, 19, тіпті 20 ғасыр басындағы Қазақстанда бұл айтқандардың бәрі бірдей көзге түсе бермеді. Қазақтардың дені (90%-дан астам) ауылдық жерлерде тұрып, рулық, тайпалық қарым-қатынастар қағидасы мен ережелері шеңберінде қажеттерін өтеп жатты. Кішігірім зауыттар мен кәсіпорындарда, теміржол мен мұнай саласында шоғырланған қазақ жұмысшыларының ұзын саны 20 мың адамнан аспады. Сондықтан да қазақ ауылында әлеуметтік жіктелу орын алғанмен, тап күресі болған жоқ деген алаш зиялыларының пайымдауында шындық басым. Екіншіден, қазақ қоғамының экономикалық келбетін, негізінен көшпелі мал шаруашылығы құрағандықтан, алып кәсіпорындар мен латифундияларда кеңінен қолданылатын қанаудың азапты әдіс-тәсілдері қалың қазақ жұртына беймәлім күйде қала берді. Үшіншіден, белгілі бір таптың немесе әлеуметтік қауымның мүддесін жан аямай қорғайтын, сондай-ақ ұлттық идеяның сан алуан нұсқасын туындататын қоғамдық-саяси ұйымдар, бірлестіктер (кәсіподақ, партия, қоғам, үйірме, т.б.) отарланған Қазақстанда дәл ішкі Ресейдегідей бой түземеді. Сондықтан революцияға дейінгі өлкедегі ұлт-азаттық қозғалыстың себептерін, оған сырттан таңылған экономикалық, әлеуметтік, саяси жүйе мен құрылымды, байланыс пен қатынасты хан да, қара да қабылдамағанынан, кері тепкенінен іздеу керек. Қарнының ашқанынан емес, қадірінің қашқанынан қазақ атқа қонды. Рулық қарым-қатынастан туындаған қауымдық сана олардың ішкі бірлігін сақтап, өкпеге қиса да, өлімге қиғызбады. Сайын далада ғасырлар бойы қалыптасқан осынау тарихи-табиғи әрі ізгілігі мол даму үрдісінің бұзыла бастағаны ашынған халықтың қолына қару алдырды.

Патшалық билік тұсында мемлекеттілігінен айырылған Қазақстан бірнеше әкімшілік-аумақтық бағыныштылық пен талапайға ұшырады. Бұған ақпараттық тұтас кеңістігінен айырылу, демографиялық, діни жаңа үрдістер қосылған соң, жалпыұлттық идея өзінің міндеті мен көздегені жағынан әр аймақта әртүрлі болғанына методологиялық тұрғыдан мән берген абзал. Айталық, отарлық қанаудың күшеюімен Бөкей Ордасында 1836–38 жылдары Исатай-Махамбет көтерілісі жүріп жатқанда, оңт. аймақта патшалықтың өктемдігі әлі орныға да қойған жоқ болатын. Мұнда дәурені өткен, ертең өзі де отарға айналатын ортаазиялық билеушілер Ұлы жүз қазақтарын зар илетіп, мықтымсынып жүрген еді. Осылайша қазақ даласының әр аймағында қалыптасқан нақты тарихи ахуалға қарай мұраты бір, міндеті әр алуан қазақ идеясы дүниеге келді. Тек 20 ғасыр басында ғана, яғни отар өлкеге айналу аяқталғаннан жарты ғасырдай уақыт өткенде, бүкіл өлкенің азаттығын, қазақ мемлекетін құруды, ояруды ту еткен жалпықазақ идеясы Қазақстанның түкпір-түкпірін



аралап кетті. Ал оның бастау бұлағында пролетарлық революцияны дайындаған большевиктер емес, аз таралыммен-ақ қазақтың тілі, құлағы, көзі бола алған «Қазақ», «Айқап» сынды газет-журналдар, «Оян, қазақ!», Қазақ автономиясы идеясын ұсынған А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатов басқарған либералды-демократиялық зиялылар тұрды. Жинақтай айтқанда, қазақ хандығы құрылғаннан 18 ғасыр басына дейін ұлттық идеяның мәні ел ішіндегі өзекжарды табиғи міндетпен айқындалып жатты. Одан беріде ол әр аймақ-өңірдің басындағы отарлық тағдырға орай қалыптасты. Қалыптасуы мен дамуының тап осы екінші кезеңінде жалпықазақ идеясы сыртқы әсер факторына мықтап байланғандықтан, оның өзегіне отарлаушы, жаулап алушы, басқыншы мемлекеттің билеуші тобынан гөрі сол мемлекетке атын берген барша этносты қою дәстүрі санаға да, рухани өмірімізге де, ділге де кірді. «Қысық көз қалмақ», «Аузы-басын түк басқан сары орыс», «Қара орысты көргенде сары орысты бауырым дерсің» деген ұғым-түсініктер – осының айғағы.

Ұлт-азаттық қозғалысы мемлекеттік билік мәселесімен байланысты. Мемлекеттік билік мәселесін күн тәртібіне қоймаған әлеуметтік сілкініс бар болғаны ашыну, бүлікшілік, қарсылық дәрежесінде қалады. Әрісі түркілер, берісі қазақтар көшпелі өмір салтын кеше жүріп, мемлекеттілік, мемлекеттік билік тәрізді құндылықтардың парқы мен нарқын ежелден-ақ терең ұғынған. Жер-суын, тауы мен даласын, қағандарын, хандарын, батыр-билерін, заңдарын дәріптеген, мадақтаған, ұлықтаған жыр-аңыздарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, мәңгі тасқа қашап жазған. Патшалық орнатқан озбыр әкімшілік билікті шектеу немесе оның дала демократиясына жақын түрін өмірге енгізу үшін арпалыс Сырым, Исатай Махамбет, Кенесары, Амангелді бастаған қозғалыстардың бәрін қамтып жатыр. Мысалы, С. Датұлы объективті қажеттіліктен дүниеге келген хандық билікті құлату үшін қол жиған жоқ, отарлаушылардың сойылын соғып, ақсүйектік, ұлтжандылық тарихи-табиғи болмысынан ажыраған Нұралы ханды нысанаға алып, биліктен тайдырды. Орта жүз бен Кіші жүздегі хандық билікті жойған патшалық іле-шала Жәңгірге хан атағын бергенде дәстүрлі қоғамның тарихи ерекшелігін сыйлағаны емес еді. Айтқанын екі етпейтін ханның қолымен өз көздегенін жүзеге асырғысы келді. Махамбеттің өлеңдерінде ұлт-азаттық қозғалысы отарлаушыларға, ат төбеліндей әрі сатқындық позициядағы жергілікті билеушілерге бағышталғаны, осыларға қызмет ететін мемлекеттік органды күйретпей тұра алмайтыны бүкпесіз айтылған. Мемлекеттік билікті қолға алмай, ұлт-азаттық қозғалысының діттеген мақсатына жетпейтінін идеологиялық, шығармашылық тұрғыдан бекемдеген Махамбет тұжырымы Кенесары мен Амангелді бас болған әлеуметтік сілкіністерде нақты шешімін тапты. Кенесары хан құрған билік жүйесінің болмыс-бітімі, икемділігі мен артықшылықтары Е. Бекмаханов шығармасында барынша орнықты ашылған. «Кенесары, – деп жазған болатын әйгілі тарихшы, – өзінің мемлекетін жеке адамдар арқылы басқарды. Бұл адамдар сот, дипломатия, финан, елден мал-мүлік алу мәселелерімен, соғыс ісімен шұғылданды. Ханның жанындағы Жоғары Кеңеске тек феодалдардың орта топтарының өкілдері мен батырлардың бірсыпырасы қатысты. Жер-жерде өкімет жұмыстары жасауылдар арқылы орындалып отырды».

Әдетте ұлттық идея мен мемлекеттік билік талабына жауап берген ұлт-азаттық қозғалысының тізгінін Абай айтқан елбасы, топбасы мәртебесі бар тұлғалар ұстады. Тап осындай мәнді белгілерге ие ұлт-азаттық қозғалысы Отан тарихында терең із қалдырды. Ақсүйектердің, батырлардың, хандардың қозғалыс жетекшісі рөлін атқа-



руы қазақ қоғамындағы таптық қанау мен жіктелістің Ресейдегіден, Еуропадағыдан мүлде өзгешелігін айғақтайды. Үлкенді-кішілі ұлт-азаттық қозғалыстарының барысында жұрт мойындаған басшыны хан сайлау дәстүрінің табиғатына тереңірек үңілу керек. Бұл әлемдік тарихи үрдісте ежелден желісі үзілмей келе жатқан құбылыс екенін ескергенде ғана Отан тарихының жалпыадамзаттық заңдылықтар аясында өрбігенін методологиялық тұрғыдан бекемдеуге болады. Жаңаша жыл санауға дейінгі Спартак та, 18 ғасырдағы Е. Пугачев те өздерін патшамын деп жариялаған болатын. Ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың хан сайлап алуы отарлаушы жартыпатша жандаралдан қайырымдырақ билеушіні табу ниетін емес, қоғамдық санада ұлттық мемлекет құндылықтарының айырықша қастерленіп отырғанын, қазақ хандығын қайта түлетуді азаттыққа қол жеткізудің басты шарты ретінде қабылдағанын көрсетеді.

20 ғасыр басында ұлт-азаттық қозғалысқа А. Имановтай, Б. Әшекеевтей тікелей басшы болмаса да, рухани дем берушісі, идеологиялық ұйымдастырушысы биігіне кәсіби білімі бар оқыған азаматтар көтерілді. Бұлар жеке басының мүддесін: байлық жинау, қызмет-лауазым куу, жеңілдің асты, ауырдың үстімен күн көруді – бәрін тәрк етіп, ұлттық идеяға тағдырын байлаған құрбаншылдар еді. Оқығандар араласқан соң Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы жайлы шындық әлемдік ақпараттық кеңістікке нысаналы түрде таратылатын болды. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғандай ішкі бірлігі жетпей жатса да, ұлт зиялыларының бүкілресейлік саяси күрес аренасына шығуы, саяси күрес арқылы мақсатқа жетуді көздеуі ұлт-азаттық қозғалысының пәрменділігін арттырды.

18 ғасырдың аяғынан 20 ғасырдың басына дейін Отан тарихында күндей күркіреп өткен ұлт-азаттық қозғалыстарының бәрі жеңіліспен аяқталды. Оның басты себептері – қарсы тұрған күштердің ара салмағындағы теңсіздік, қазақтардағы әскери-техникалық қауқарсыздық, халықаралық қолдаудың болмауы, тағы басқалар. Дегенмен өзінің толымды да әділ методологиялық бағасын ала алмай келе жатқан іргелі мәселені аттап өтуге және болмайды. Ол – капиталистік қатынастар қазақ даласына алғаш келген тұста орын алған айтулы сілкіністердегі ұлттық буржуазияның миссиясы мен арқалаған жүгі туралы мәселе. Сол кездері жаңа қоғамдық-экономикалық қатынастарға тартылған қазақ өкілдерінен ауыл шаруашылық, алыпсатарлық буржуазияның өкілдері шыға бастады. Алайда олардың капиталының көлемі, өлкенің экономикалық өміріндегі үлесі, орыс және шетел капиталымен кірігуі және бәсекесі, ұлт буржуазиясының сандық-сапалық құрамы, этностың ілгерілеуі мен іркілісіндегі позициясы, мәдени-имандық жасампаздық әлуеті әзірге ғылыми зерделеуге түсе қойған жоқ. Ендеше, өткен ғасырлардағы қазақ буржуазиясының ұлт-азаттық қозғалыстардағы орны мен бағасын, ұлт зиялыларының, мәселен, Алаш қозғалысы көсемдерінің тарихы мен тағдырындағы парқын теориялық-методологиялық, танымдық, нақты-тарихи биіктіктен зерттеуге кірісетін уақыт келді. Ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты методологиялық байыптау мен отандық тарихнаманың келесі түйінді мәселесі 1916 жылғы оқиғаларда интеллигенция топтарының ұстанған позициясына байланысты. Мазмұнын тоталитарлық өктемдік анықтаған еңбектерде қарулы қарсылықты жақтаған радикалды интеллигенцияны дәріптеп, көтерілісшілерді сабырға шақырған, 25 маусым жарлығын орындау қажеттігін дәйектеген Алаш зиялыларын таптық, партиялық ілімге ұнамағандықтан, жерден алып, жерге салды. 1916 жылдың күзінде А. Байтұрсынұлы бастаған бір топ Алаш зиялылары қара жұмысқа



барудан бас тартудың арты неге соғатынын ескертіп, былай деген еді: «Қырғын болады, босқа қан төгіледі, шаруа күйзеледі, жұрттың жұрттығы, берекесі кетеді. Соның үстіне әскер көндірмей, алмай қоймайды. Қатын-бала бір қырылады, жігіт екі алынады, бүлікбасылары военный судқа беріледі, асылады, атылады... Біздер – өз балаларың, өз тумаларың. Жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады... Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар». Майдандағы қара жұмысқа шақырылғандардың артынан радикалдар емес, демократиялық позицияда тұрған зиялылар барғанын да естен шығармаған жөн. Әңгіме 1916 жылғы аласапыранда балама таңдау болғаны, кімнің болашақты дұрыс болжай білгені туралы ғана өрбуі керек. Ұлт-азаттық қозғалыстары тарихының методологиясында әлеуметтік сілкініске бас болған тұлғаның кемел әрекетшілдігіне лайықты мән берілгені жөн. Өмір мен өлім бетпе-бет келгенде табандылық немесе солқылдақтық, екіұдайлық таныту кімнің кім екенін, биік мәртебеге қайсысы лайық екенін көрсетеді. Ұлт-азаттық қозғалысқа бас болған тұлғаның қанды күрес жеңіске жететініне сенімді болуы немесе сенімсіздікпен қарауы – әзірге шешімін таппаған маңызды сұрақ. Нәтиже шықпайтынын жақсы білген Тұлға соңына ерген халқын арандатуға бара қоюы неғайбыл. Сырым да, Исатай мен Махамбет те, Кенесары да, Амангелді де күресте жеңілемін деп емес, жеңемін деумен қол бастаған Тұлғалар. Ұлт-азаттық қозғалыстары – Қазақстан тарихының жарқын да қасіретті беті. Оларды зерттеу методологиясын тереңдете түсу тарихшы ғалымдардың мәртебелі міндеті қатарында тұра бермек.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
*тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
директоры*



АБАЙ (Ибраһим) Құнанбаев (10.8.1845, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қасқабұлақ қонысы – 6.7.1904, сонда, Балашақпақ қонысы, бейігі Жидебайда) – ұлы ақын, ойшыл-философ, ағартушы, композитор. А. сегіз жасында әкесі Құнанбай қажы салдырған «Ескітам» медресесінде дәріс тындап, ауыл молдасы Ғабитханнан сауат ашқан. А. ел ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық



Абай

арасында беделі өседі. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбін шығарм-қа арнаған. А. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» (1886) өлеңдерінде қазақ жастарын білім-ғылым үйренуге шақыруды өзекті идея етіп алды. Ақынның рухани, даналық мұрасы – терең мағыналы филос. ойларға толы. Ол күллі Шығыста философияның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты проблема

етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Адамды кісілік тұрғысынан жетілдірудің ұлттық-эстет. мәселелерін алға тартты. Оның ғақлияларындағы гуманистік, ағартушылық, әлеум. ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, қазақ халқының тұтас бір ұлттық-филос. дүниетанымын құрайды. Олар сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Ақын елінің азаттығы жолында жан аямай күрескен тарихи тұлғалар қатарында «Абылай мен Кенесары – қазақ халқының қаһармандары. Олардың істері мадақтауға лайық», – деп жазды. Шәкірті Көкбайға қазақ халқының тарихында зор орын алатын Абылай мен оның ұрпақтары жайында дастан жазуына да ақыл қосып, кеңес берген. Көкбай ақын А-дың тапсыруымен Абылай туралы «Сабалақ», Кенесары, Наурызбай батырлар туралы дастандарын жазған. Мұсылманқұл Жиреншин кезінде А-дың өз аузынан естіген «Абылайдың Өтеке жырықпен соғысуы» деген әңгімесін Қазақстан ҒА-ның қолжазба қорына тапсырған. А. мұрасы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің дамуына үлкен ықпал жасады. Оның шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.

З.Ахметов, Ә.Нысанбаев, Т.Шаңбаев
АБЫЛ Тілеуұлы (1777, Маңғыстау – 1864, Маңғыстау, Қаратөбе) – ақын. Маңғыстауда өмір сүрген түрікмен шайыры Хатаммен және Есет, Махамбет, Шернияз, Есенбақ сияқты айтулы ақын-жыраулармен достық қарым-қатынаста болып, ниеттес жүрген. А. Хиуа ханы Аллақұл өктемдігіне қарсы бұқара ызасын бейнелеп, ел қорғаған ерлерді жыр еткен («Сүйінқараны жоқтау», «Құлбарақ батырға»). Ол өз дәуірінің елеулі мәселелеріне үн қосып, Сыпыра жырау негізін салған «Қырымның қырық батыры» сияқты батырлық дастандарды дамыта жырлаған. А-дың өлең, толғаулары «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1957), «Ақберен» (1972), «Өсиетнама» (1982), «19 ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), «Бес ғасыр жырлайды», «Жыр-дария» (1995) жинақтарында жарияланған.

Қ.Сыдыққұлы
АБЫЛАЙ, Ә б і л м а н с ұ р (1711 [Ресей деректерінде 1713] – 23.5.1781, Оңт. Қазақстан, Арыс жағасы) – Қазақ хандығының ханы (1771–81), ұлы мемлекет қайраткері, дипломат және 18 ғ-дағы қазақ халқының



жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресінің бас қолбасшысы. Арғы тегі – Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. А. – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Әбілмансұр «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. 1730–33 ж. аралығында болған бір ұрыста Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қоңтажы Қалдан Сереннің



Абылай хан

жақын туысы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға «Абылайлап» ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналды. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, А. атанады. 18 ғ-дың 30-жылдарының аяғында А. есімі құжаттарда Әбілмәмбет ханмен қатар аталады. А. қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. Жазба деректерде А-дың шетел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі. 1752 ж. ол бастаған қазақ әскері шамасы 15–20 мың адамдай ойраттар қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753 ж. желтоқсанда А. 5 мың жауынгерімен жоңғар әс-

керлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 ж. сәуірде А. бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, (Қаратал өз. бойында), сол жылдың шілде–тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға алып келген. 1756 ж. А-дың бастауымен қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп (А. жаралы болады), екіншісінде жеңіске жетеді. 1757 ж. А-дың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасынан соң, қытайлар А-дан бітім сұрады. 1753–54 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгембай, Жанатай, Жәнібек, Өтеген батырлар қысы-жазы үзбестен қатысады. А. бірде Қалдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны (Давациды) шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналатты. Сөйтіп, Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен қатарластырыла жүргізілген дипломатиялық әрекеттері А-ды өз заманының ұлы қайраткері деңгейіне көтерді. Осының нәтижесінде А. әскері 1771 ж. Мойынты өз. бойында болған қалмақтармен ауыр шайқаста жаңа жеңіске жетті. Саяси ахуал тұрақтанған шақта А. қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан басқалармен де ымырасыз күрес жүргізді. 1754–55 және 1764 ж. қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарды шауып кетеді. Осы себепті А. 1755, 1765 ж. Қырғыз ұлысына қарсы жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды. Өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізді. 1765–67 ж. А. қолының Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қ-лары қайтадан қазақтар иелігіне өтті. Ташкент алым төлеп тұратын болды. Жоңғардан азат етілген шығыстағы жерлерге қазақ ауылдарын апарып түпкілікті қоныстандыру да А. саясатының тереңдігін, кемеңгерлігін айқын көрсетеді. Оның әрбір іс-әрекеті қазақ халқының бүтіндігін, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды. А. соғыс жағдайына сай қол астындағы елде, әсіресе, әскер ішінде қатаң тәртіп орнатты. Сондықтан да хан бастаған жауынгерлердің ел-жұрты мен ата мекенін қорғау рухы жоғары, ұзақ



жорықтарға шыдамды, шайқас даласында тегеуріні қатты болған. А. сан жағынан әлдеқайда басым жаумен шайқасудан еш тайынбаған және көбіне үстем шығып отырған. А. қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекетке айналдырды, бүкіл Қазақ ордасының (хандығының) ұлы ханы болды. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері А-ды бүкіл қазақ ханы деп ресми түрде танығанымен, А. ханның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшасы Екатерина II А-ға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сыяпат көрсетті. Іргесі берік мемлекет болып қалыптасу үшін елдің отырықшы егіншілікпен айналысу қажеттігін жақсы ұққан А. елде бірқатар реформалар жүргізді. Егіншілік шаруашылықты дамытты. Билік сотты жойып, хандық сотты енгізді, көршілес елдермен сауда қарым-қатынасын дамытты.

Ж.Қасымбаев, К.Есмағамбетов

АБЫРАЛЫ КӨТЕРІЛІСІ (1931 ж. ақпанаурыз) – қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абыралы өңірі шаруаларының Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру, мемлекетке мал тапсыру саясатына қарсы бас көтеруі. 1931 ж. қаңтар айында БК (б)П ОК мен өлкелік к-тінің, Қазақ АКСР-ы үкіметінің шешіміне сәйкес бүкіл республика бойынша өкіметке мал тапсыру жоспарының 70%-ы сол жылдың 1-тоқсанында орындалуы талап етілді. Жоспар бойынша Абыралы ауд.-ның шаруалары әуелі 3379 т., кейін түзетілген есеп бойынша 8745 т. ет өткізуге тиісті болды. Бірақ бүкіл аудан халқының қолындағы малды түгел өткізген күнде де шаруалар бұл жоспарды орындай алмайтын еді. Олардың басы артық малы осыған дейін-ақ ортаға және өкіметке тартып алынған болатын. Соған қарамастан аудандық мекемелер бұл науқанды іске асыруға қызу кірісіп кетті. Осының нәтижесінде 1931 ж. 12 ақпанда аудандағы барлық ауылдарда қарсылық әрекеттері басталды. Ауданның шығыс жағындағы 2, 3, 5, 7, 12- және 14-ауылдардың Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұлов, т.б. бастаған 700-дей адамы аудан орталығы – Қайнарға шабуыл жасады. Қайнарды қорғап тұрған қарулы отряд оған тойтарыс берген соң, олар ауылдарға тарап, ұсақ топтарға бөлініп, маусым айына дейін қарсылық әрекетін тоқтатқан жоқ. 1931 ж. маусымда ОГПУ әскерлері-

нің күшімен олардың бәрі тұтқындалып, жауапқа тартылды. Ауданның солт.-батыс жағындағы 4–6-ауылда Ысқақ Кемпірбаев бастаған 300-ден астам шаруалар (қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. «Бақты», «Еңбек», «Прогресс» а-дарының жерінде) қарсылығы тегеурінді сипатта өтіп, кеңестік әскерге бір айға дейін берілмеді. Ауданнан шыққан коммунарлар отрядын (20 адам) тұтқынға алып, үкіметке зорлық-зомбылық саясатын тоқтату жөнінде талап қойған олар елден тартып алынған мал мен астықты халыққа қайтартып бергізді. Бірақ Қарқаралыдан, Семейден келген ОГПУ-дың тұрақты әскери бөлімдеріне төтеп бере алмай, жеңіліске ұшыраған көтерілісшілердің көпшілігі қаза тапты. Көтеріліс басшысы Кемпірбаев және басқалары тұтқынға алынды. 1931 ж. күзде А. к-не қатысқан 500-ден астам адам жауапқа тартылды. Тек Кемпірбаевтың жасағында болғандардан 274 адам сотталып, 85 адам атылды.

Әдеб.: Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931 – 1933 годах. Сб. док. и мат-лов, А., 1998.

Қ.Алдажұманов

АБЫРАЛЫ КӨТЕРІЛІСІ – МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫНДА – 1931 жылғы Семей өңіріндегі Абыралы көтерілісіне байланысты Алматы қалалақ қауіпсіздік департаментінде жиналған 140-қа таяу іс. Кеңес үкіметінің 1928 жылғы байлар мен орта шаруалардың мал-мүлкін тәркілеу саясаты үлкен қателікке ұрындырды. Ф.И.Голощекин басқарған қазақстандық кеңес билігі мұны шектен асырып жіберді. Ол туралы өз басына қауіп төнетінін біле тұра халқымыздың адал перзенттерінің бірі, сол кездегі Қазақ АКСР ХКК төрағасы болған Нығмет Нұрмақов ашық айтып, күресті, сол үшін қызметінен қуылды. Мәскеудің тікелей тапсырмасын орындаған жергілікті шолақ белсенділер жүздеген байлар мен орта шаруаларды кәмпескелеп, малдарын тартып алып, өздерін жер аударды. Оның арты ашаршылыққа әкеліп соқты. 1931 ж. Орталықта отырған шовинистік көзқарастағы ұлт дұшпандары осыны пайдаланып, қазақ ауылдарына орындалуы мүмкін емес, шамадан тыс ет салығын салды. Осы ауыр кезеңде қазақ жұрты әр жерден бас көтеріп, кеңес өкіметінің саясатына ашықтан-ашық наразылық білдірді. Ондай көтерілістер еліміздің барлық аудан-

АБЫРАЛЫ



дарында дерлік өріс алды. Олардың ішіндегі ең ірілері – 1931 ж. бес ауданда, атап айтқанда, ең алдымен ақпан-наурыз айларында болған Абыралы, мамыр-маусым айларында өткен Ақсу, Сарысу, Созақ, Адай көтерілістері болды. 1931 жылғы жоспарда Абыралы ауд-на 3379 т. ет дайындау тапсырмасы бекітілді. Ал 1931 ж. 7 ақпанда аудан басшылығына «Союзмясо» мекемесінен жеделхат келді. Онда ауданның ет дайындау жоспары 8745 т. болып қайта бекітілді делінген. Аудан бойынша ондай мүмкіндік жоқ еді. Ауд. партия комитетінің хатшысы Майманбай Мәметеков Алматыға Орт. партия к-тінің пленумына барғанда Өлжелік к-ттің 3-хатшысы Рошалға жеделхатты көрсетеді. Бірақ жеделхатты кімнің жібергені табылмады, 1 наурызға дейін оны түзетуге еш шара қолданылмады. Мәметеков пленумнан қайтып елге келе жатқанда Семейден Тайлан деген ауылға (байбөрі руының шөптемесі, кедей аталары) соғады. 15 ақпан күні оны осы рудың көтерілісшілері қоршап алады. Хатшыны сол кездегі прокурордың көмекшісі, осы елдің беделді азаматы Иса Биназаров құтқарып қалады. Ертеңінде тарақты елі, одан үш күннен соң «Ақбота», «Бөрлі» болыстары көтеріледі (шаншар-жарылғап, жалықтастар, шақаман рулары). Сол күні Қарқаралы жақтағы №6 ауылдың қамбар руы көтеріліске шықты. Көтеріліске қатынасқандардың ең көпшілігі осы ауылдың (Қамбар елі) азаматтары еді. Бұл жайттар Семейдегі тиісті орындарға хабарланды. Көтерілісті басу үшін ауданның милиция бастығы А.Жалалединов шұғыл отряд құрды. Оған Қарқаралының ауд. милициясы бастығының орынбасары А.Кайгородцев өз отрядымен қосылды. Осы кезде көтерілісшілерді басу мақсатымен Алматыдан Қазақ АКСР ХКК іс басқармасының басшысы Айдарбек Масанов пен Орт. партия к-тінің нұсқаушысы Жанғабыл Көтібаров келді. Олар халықпен келісім жүргізудің орнына көтерілісті күшпен баспақшы болды. Мұрағаттан алынған құжаттарда көтеріліс басшыларының бірі Ысқақ Кемпірбаевтың тергеушіге берген жауабында көтеріліс басталмай тұрып №6 а. орт-на ауданнан 8 үгітші: Т.Аралбаев, Ж.Тескенбаев, Ш.Әкбаров, А.Туғамбаев, Д.Ызкин, Ғ.Смағұлов, С.Жәкішов, Д.Самаловтың келгені айтылған. Олар Б.Сатаевтың үйіне тоқтайды. Жиналған елді

Аралбаев «Ет тапсыру» жоспарын орындауға шақырып, үгіттеді. Оның үгіт-насихатына К.Жақыпбеков қарсы шығады. Осы кезде Аралбаевты Нәкен мен Нарымбек Жақыпбергеновтер сүйреп ортаға шығарып: «Жетті біздің мойнымызға мінгендерің. Енді күресеміз!» деп ұран тастаған. Көпшілік оны қызу қолдап, үгітшілерді сабайды. Осы арада әлі наразылыққа қосылмаған Кемпірбаевқа да таяқ тиеді. Наразы топ Аралбаев, Тескенбаев, Самалов, Кемпірбаев, Туғамбаев, Ақшалов сияқты 13 адамды тұтқындайды. Біраз уақыт өткен соң олар Кемпірбаев пен С.Бекбергеновты босатып, қалғандарын Ақсайдағы Ж.Сатаевтың қорасына қамады. Ақсайдан Көккөз ауылына қолға түскендердің бостандыққа жіберілгендерін, оның ішінде Кемпірбаевты көтерілістің сол кездегі басшылары Зарубай Қасқабасов пен Тәуекел Жақсыбергеновке алып келеді. Осы арада Кемпірбаевтар көтеріліске қосыламыз деп серт берді. Келесі күні көтерісшілер Аралбаев, Туғамбаев, Тескенбаев, Ақшалов және Тамбышевтан басқа тұтқындарды босатты. 200-дей көтерілісші Сарышоқының бауырында орналасқан ауыл кеңесін қоршап алып, Қасқабасов, Жандыбаев, Жақсыбергенов, Отарбаев, Ызкин, Шикиев, Тәңірбергенов, Мақыбаев, Ақшолақов, Кемпірбаев, Тұғамбаев, т.б. көптеген азаматтар кеңсеге басып кірді. Көтерілісшілер ауыл кеңесінің



1. Ысқақ Кемпірбаев, 32 жаста – көтерілістің басшысы, бірінші қатарда ортада отыр; 2. Серікбай Қуандықов, 40 жаста; 3. Ұбайда Тұрғанбаев, 36 жаста; 4. Тәуекел Жақсыбергенов, 30 жаста; 5. Төлеубек Ақшалақов, 39 жаста; 6. Түсіпбек Жандыбаев, 40 жаста; 7. Абдіқадыр Мақыбаев (Садырбек) – Найман, 40 жаста; 8. Қауқарбек Балтақиев – мұғалім, 27 жаста; 9. Ережеттай Танашиев, 40 жаста; 10. Сол жақтан екінші қатардағы екінші (Ысқақтың сол жағында) отырған – тұ ұстаушы Ахмет Түсіпов.



істерін теңдеп, Ақсайға жібереді. Кеңседе болып, қолға түскен Қ.Қосаев, Ж.Наурызбаев, С.Беделбаев, Ж.Тұрсымбеков, Садуақасов, оның әкесі Садуақасқа толық бостандық берілді. Халық жылқыларды екі-үш сағаттың ішінде талап әкеткен. Көкшетау елінде (Көкшетау – Абыралының №6 ауылының орт.) қамбардың олжашы руы бастаған көтеріліс те осылай жалғасқан. 1931 ж. 14 ақпанда №6 ауылдың «Ұшқын» атты бөлімшесіне Сартақбай бөлімшесінен 50 адам коммунаны талауға келген. 15 ақпанда Ж.Тұрсымбеков Ақсай, Мергембай, Қармыс а-дарындағы кооперацияларды көтерілісшілер талап әкетті деген хабар әкелді. Әр ауылда көтерілісшілердің өз штабтары болған. Соның бірі – Қамбар ауылының көтерілісшілері штаб мүшелерінің суреті мұрағатта сақталыпты.

Көтеріліс басшыларының бірі Қасқабасов бұл суретте жоқ. Ол «Жырық су» деген жердегі атыста қаза тапқан. №11 ауылдың (шөптеміс, кедей рулары) штаб мүшелері (20 ақпан 1931 ж.): Бейісов Айтмұрза, Бейісов Байтан, Әділбаев Бекіш, Нұрғожин Әмірқан, Омаров Ахмет, Тұяқов Кенжебек, Байсұлтанов Әлменбай, Тұяқов Оразбек, Оңғаров Қаймолда. Одан кейін Қайнар мен Тайланнның ортасындағы №10 а-дың (тарақты руы) тұрғындары №11 ауылмен бірге көтеріліп, өздерінен мына адамдарды: Ыбырай Жәкішов, Аңсай Болғанбаев, Серік Балықбаевты штаб мүшелегіне ұсынды.

№7, 8, 9, 14 ауылдан көтерілістің белсенді мүшелері: №7 ауыл (жалықбастар): Абдрахим Ержігітов – өзін ауд. атқару к-тінің төрағасы деп есептеген, Байпейісов Асылбек (аудан орт-на шабуыл жасаушылардың бастығы). №8, 9 ауылдан (жалықбас, жарылғап, байбөрі, темірші, қырқым рулары): Хасен Төребаев (демеуші), штаб мүшелері: Ү.Түсіпов, А.Үсенбаев, Н.Батырақов, С.Батырақов, Ж.Қаңлыбаев, Ж.Рахин, Қ.Рахин, А.Батырақов, Б.Өтеев, Қ.Байымбетов (штаб бастығы), Р.Таубалықов, Б.Асанов.

Ту көтерушілері: Елеукең Исақанов, Қонақбай Мөлтіков, молда – Әубәкір Құрманбаев. №14 ауылдың штаб мүшелері (жарылғап, шақаман, кешубай рулары): Ж.Қаражігітов, Б.Исақанов, С.Жақыпов, А.Оразбеков, Х.Жақыпов, С.Сқақов.

Көтерілістің басшылары анархияға жол бермеу және қатал тәртіп орнату мақсатымен

ұйымдастыру жұмысын жүргізген. Оны Кемпірбаевты ұстаған кезде табылған құжаттарды мұрағатта орыс тіліне аударып бергенінен байқаймыз:

Документы изъяты у Кемпирбаева Скака при взятии его в плен 21 марта 1931 года.

Протокол №1

1931 году 27 февраля Абралинского района №6 аула состоялось объединенное собрание людей, присутствовавших в возрасте выше 17 лет.

Председатель: Кемпирбаев

Секретарь: Макабаев

Повестка дня:

- 1) Организовать штаб.
- 2) Назначение завхоза.
- 3) Разное.

СЛУШАЛИ:

Организовать штаб (Кемпирбаев).

ПОСТАНОВИЛИ:

Заслушав в организации штаба доклад Кемпирбаева общее собрание постановляет:

1. Необходимо организовать аульский штаб в составе 7 человек.

Состав:

- 1) Ыскак Кемпирбаев (председатель).
- 2) Серикбай Куандықов.
- 3) Увайда Турганбаев.
- 4) Тауекел Жаксыбергенов.
- 5) Тулеубай Акшолоков.
- 6) Тусупбек Джандыбаев (секретарь штаба).
- 7) Макибаев

С большинством утверждается.

2. Выбрать командирами отделений – жузбасов и командирами сотни – следующих товарищей.

- 1) Дюсен Смаков.
- 2) Каукарбек Туганбаев.
- 3) Айтжан Туганбаев.
- 4) Ыскак Жакишев.
- 5) Накен Жаксыбергенов.
- 6) Ыбырай Кемпирбаев.
- 7) Досмаганбет Ташеев.
- 8) Сулеймен Бакбергенов.
- 9) Абеке Бтимов.
- 10) Ками Жубаков.

Утвердить этих людей жузбасами. Поручить отделкомам и командирам сотни, чтобы граждане №6 аула в 17-летнего возраста подчинялись штабу и в боевой готовности выйти на помощь нашей разгарной задаче. Если в случае проделания не допустимых вещей со стороны не выдержанных и не ус-

АБЫРАЛЫ



тойчивых лиц будут приниматься меры высшей степени.

II. О назначении завхоза (Кемпирбаев).

ПОСТАНОВИЛИ:

Заслушав краткую информацию Кемпирбаева собрание постановляет: Обеспечение отрядов продуктами отделения, командирам сотни провести за счет самих участников на этом деле, как продуктами так и лошадыми. Для приготовления в момент поручить следующими товарищами:

- 1) Жолдасбеку Калдыбаеву
- 2) Турабаю Отарбаеву
- 3) Найману Бтибаеву
- 4) Консбеку Нурбкову
- 5) Инкашу Танибергенову
- 6) Есентаю Шобаеву
- 7) Кали Аязбаеву.

Утвердить: члены штаба.

ДОГОВОР.

1931 года февраля 27 дня мы, ниже подписавшиеся, состав штаба заключивший договор: С данными врагами будем воевать сколько наши силы хватит, наряду с этим заслушав информацию штаба исполняем его боевую задачу надел. В случае не исполнения наказа штаба меры принимаются вплоть до расстрела. Даем полные согласия оказанию пункта договора.

Подписавшиеся:

1. Кемпирбаев (подпись)
2. Куандыков (подпись)
3. Тургамбаев (подпись)
4. Жаксыбергенов (подпись)
5. Акшолоаков (подпись)
6. Жандибаев (подпись)
7. Макибаев (подпись).

№6 ауылдың көтерілісшілері Кемпірбаевты штабтың бастығы етіп сайлады. Сол кездегі көтерілістің бастығы Жаксыбергенов еді. Қайнардан Жамалитдиновтың отряды Сарышоқының солт. жағында орналасқан Ақсай қыстағындағы Кемпірбаевтың ағасы Бөкен Кемпірбаевтың үйіне келеді. Олар таң атқанша отрядпен атысты. Кемпірбаев тергеушіге берген жауабында: «Менің оларды бір-бірлеп атып өлтіретін мүмкіндігім болса да дәлдеп атқан жоқпын. Өйткені кісі өлтіргім келмеді» дейді. Таңға жақын Бөкенді үйінің алдында жазалаушылар атып өлтірді. Мұны көрген Кемпірбаев қызылдардың отрядына оқты қарша боратып, олар шегініп кетеді. Ағасының өліп қалғанын білген Ысқақ:

«Кеше ғана большевиктерге қарсы күреспеймін деп едім. Штабтың бастығы етіп сайлағанынан бас тартпақшы болып едім. Енді менің қас жауым большевиктер, коммунистер. Олармен қасықтай қаным қалғанша күресемін!» – деп ант береді. Халық соты Т.Аралбаевтың атылуы мұрағаттағы дерек бойынша былай болған: осы атыстың ертеңінде Кемпірбаев Ақсайдағы халықты жинап, болған жағдайды түсіндіреді. Жиналған халық: «Сіз бізді басқарасыз, өзіңіз шешіңіз», – дейді. Одан кейін Кемпірбаев пен Ү.Тұрғамбаев Ақсайдағы Ж.Сатаевтың қорасында тұтқында отырған халық соты Аралбаевты қыстақтан шығарып алып, ағамыздың кегі үшін деп атып өлтіреді. Осы арада Көккөзден 300 адам келеді. Күнгейқара а-ның азаматтары көтерілісшілерге: «Жамалитдиновтың отряды Ақсайға кетті» деп хабар береді. Сөйтсе, отряд штабтың Көккөз а-на көшірілгенін білмей, Ақсайдағы штабты талқандамақ болыпты. Мұны естіген Кемпірбаев пен штаб мүшелері Жамалитдиновтің отрядын тұтқындауды ойластырды. Сол себепті төбелердің арасына сарбаздарды үшке бөліп жасырады. 100 адам ұсақ төбелердің батыс жағына бірнеше бөлімдерге бөлінеді. Оларды қаруы бар: Ысқақ, Ыбырай, Үбайда, С.Мақыбаев, Қ.Балтақиев басқарады. Оларға қаруы жоқтар да ереді. Кемпірбаев Казқрайдан өкілдер келе жатыр дегенді естіп, сарбаздарын оларды қарсы алуға дайындайды. Көтерілісшілердің көпшілігі өкілдердің келуін тосты. Егерде үкімет олардың талаптарын орындаса, ерікті түрде күресті тоқтатпақшы болды. Ал Кемпірбаев пен штабтың мүшелері үкіметтің толық кешіретініне сенген жоқ. Бірақ көпшіліктің тілегіне қарсы болу мүмкін емес еді. Ал Масанов пен Көтібаров көтерілісшілермен келісісөз жүргізудің орнына Жамалитдиновтың отрядына қосылып, көтерілісшілерге қокан-лоқы жасап, күш қолдануға көшкен. Үкіметтің өкілі көтерілісшілердің алдына: «6 сағаттың ішінде өз еріктеріңмен беріліңдер. Егер бұйрықты орындамасаңдар күш көрсетіледі» деген талап қойды. Осы бұйрықты орындау талабын отрядтың өкілі Б.Имамбеков кешке қарай әкелді. Бұйрықты орындау мүмкін емес еді. Өйткені ол екі сағатта орындалуы қажет болатын. Ал көтерілісшілердің отрядқа жауап беруі үшін 25–30 шақырым жердегі орталыққа бару қа-



жет. Осылайша отряд Ақсайға қарай жылжыған. Ақсайда қалған комсомол Қ.Имашевтан көтерілісшілердің Көккөзде екендігін естіп, отряд солай қарай қозғалады. Көтерілісшілер Көккөз ауылынан отрядқа қарсы жүріп, екі жақтың кездесуі «Қарым-сак» ауылының тұсында болады. Көтерілісшілер бірнеше кіші төбелері, адырлары бар жазық далаға бекініп, қолайлы шепке орналасады. Отрядтың бірнеше салт атты барлаушылары тым жақын келіп, Кайгородцев мылтықпен атып түсіретіндей жерде тұрады. Бірақ Кемпірбаев оқ атпау жөнінде бұйрық беріп, оларды қорқыту арқылы берілуін талап етпекші болады. Барлаушылар көтерілісшілерді байқап қалып, оқ атады. Ал Кемпірбаев көтерілісшілерге: «Ешкімді өлтірмендер, тек аттарын ағындар», – деп бұйрық береді. Осылайша олар аттарынан айырылып, өздері отряд тұрған жерге қарай жаяу қашады. Жамалитдиновтың отрядын қоршау жоспары бойынша, екінші бөлімде қарулары бар С.Жұбанышов, О.Қиқымов бастаған 50 адам және Берікқара ауданнан көмекке келісімен көтерілісшілерге қосылған Садуақас пен Жұмағали бастағандар Жамалитдиновтың отрядының шығыс жағына жасырынады. Көтерілісшілерге басшылық жасайтын төбедегі 20 адам оларды сырт жағынан келіп қоршауға кіріседі. Тағы бір 100 адамнан тұратын қарусыз көтерілісшілер (мылтық Ә.Көбегеновте ғана болған) Жамалитдиновтың отрядына қарама-қарсы шығады. Бір сағаттай атыстан кейін көтерілісшілер отрядты қоршау керек деген шешімге келеді. Отрядқа сол жақ шептен Кемпірбаев басқарып, оған Мақыбаев көмектескен (қару осы екеуінде ғана болған) топ, оң жақ шептен айнала қоршаған бөлігін Жаксыбергенов басқарып, оған Жүсіпбек (қару екеуінде ғана) көмектескен топ қоршады. Қызылдардың отрядына қарама-қарсы шыққан бөлімді ұшауызды мылтықпен (трехлинейкамен) қаруланған С.Бекбергенов, ал, ту сыртынан шыққан бөлімшені қарусыз Қ.Балтақиев пен ұшауызбен қаруланған, қашып келген үш адам басқарады. Мыңбасы Қасқабасов үш бөлімшені, ал Кемпірбаев өз бөлімшесін ұрысқа бастайды. Жамалитдиновтың отряды тоқтаусыз оқ атып, отрядтың оғынан коммунадағы ячейканың хатшысы Сатылған Қошанов қаза табады. Қошановтың кегін қайтару үшін мергендер

бірнеше қызылдарды атып өлтірмекке қамданады, оларды Кемпірбаев тоқтатады. Тек үшеуінің астындағы аттарын атуға рұқсат береді. Қызылдардың отряды шабуылға шыққан соң, тағы да бірнешеуінің аттарын атып түсіреді. Осыдан кейін: «Тоқтаңдар! Келісім жүргізейік» деген үн тасталған соң, көтерілісшілер жақтан төрт адам: Сықыбаев, Балтақиев, Ақшолақов, Тұрғамбаев, ал отряд жағынан Масанов, Әбдрахманов және бір адам келіссөз жүргізуге келіседі. Келіссөз жүріп жатқан кезде Кемпірбаев бастаған көтерілісшілер отрядты қоршап, қолға түсіреді. Аспанға мылтық атып қоқандаған отряд командирінің орынбасары Кайгородцевті де көтерілісшілер жөнге салды. 26 адамнан құралған отрядты қолға түсірген көтерілісшілер бұл отрядтан 14 винтовка және сол мөлшерде аң аулайтын мылтық, көптеген патрондарды олжалады. 26 немесе 27 ақпан күні Жамалитдинов пен Кайгородцев өздерінен қандай қару жарақтар алынғанын анықтайды. Жамалитдиновтан көтерілісшілер ұшауызды карабинді 17 оғымен, нағанды 13 оғымен тартып алыпты. Ал батырсымақ болған Кайгородцев ұшауызды карабинді 12 оғымен, 55 оғы бар нағанды (оның 7-еуі оқтаулы, ал 48-і жеке қапшықта болған) өз еркімен тапсырыпты. (А.Кайгородцев 1937–40 ж. Абыралы ауданында милиция бастығы болып, 120 адамды «халық жауы» деп атқызған, соттаққан). Кемпірбаев наурыз айының 2–3 күндері Ақсайда Масанов, Көтібаровтармен сөйлесіп, оларға көтерілістің негізгі себебін түсіндірді. Мақсаттары Кеңес өкіметін құлату емес, заңсыз жоспарды азайтуды талап етеді. Масанов Кемпірбаевтың айтқанына сенім білдіреді. Келісім жасау үшін үкімет адамдары аудан орталығына баруы керек. Сол жерден үкімет басшыларымен келіссөз жүргізу қажет. Өзара шарт жасау қажеттігін Масанов ұсынады. Оның қысқаша мазмұны: «Біздер қазақ үкіметінің мүшесі ретінде сіздерге толық кешірім жасауға міндет аламыз, ал сіздер кешірім (амнистия) алған соң барлық қару-жарақтарыңызды тапсырып, тұтқындарды босатып, бәріңіз әр жерге үйлеріңізге тарайсыздар». Осыдан кейін Кемпірбаев Масанов пен Көтібаровқа құжаттары мен киімдерін қайтарып береді. Ол қаулыны Кемпірбаев қолдағанмен, басқа штаб мүшелері қарсы болады. Алдымен Ысқақтың ағасы Ыбырай,



Ақшолоков, Қасқабасов, тағы басқалары: «Қаулы арқылы бізді алдап отыр. Қаулыда біздерге қатысы бар бір ауыз сөз жоқ. Бірде-бір штаб мүшелерінің, тіпті Кемпірбаевтың да аты аталмаған, 6-ауыл туралы ешқандай сөз жоқ. Сол себепті бұл алдау, біздерді қолға түсіріп, түрмеге отырғызудың амалы», – дейді. Сол себепті өз тараптарынан қосымша талаптар қояды:

1) Қаулыда (КазЦИК-тың) штабтың мүшелері мен Кемпірбаевтың аттары жеке-жеке аталсын. Оларды амнистияға жатқызсын.

2) Тұтқынға алынған №6 ауылдың азаматтарын, оның ішінде Мұсабеков Есімбекті босатсын.

Бірақ Масанов: «Сендер байлар жөнінде әңгіме қозғамаңдар. Өздерің де байларға қарсы күрестіңдер ғой», – дейді. Осыдан кейін Мұсабеков туралы талапты алып тастайды.

3) Көтеріліс кезіндегі шығындарға жауап бермеулері керек.

Масанов пен Көтібаровты босату үшін штаб мүшелері көпшіліктен рұқсат сұрауы қажет болды. Ол үшін халықтың алдында Кемпірбаев пен Ә.Мақыбаев түсінік берді. Танашев Ережелбай бастаған біраз азаматтар қарсылық көрсетті. Оларды Жақсыбергенов, Қасқабасовтар бастаған көпшілік қолдап, айғай-шу көтерілді. Кемпірбаевты тіпті «сатқынсың» деуге дейін барды. Кемпірбаевты қолдаған көтеріліс басшысы Ыбырай штабтың мүшелерін көндіріп, өзара келісім міндеттемеге қол қойып, Масанов пен Көтібаровты аудан орт-на жіберді. Осы талаптарды орынды деп тауып, келісімін берген Масанов: «Толығымен қанағаттандыруға күш саламын», – деп Алматыға кетеді. Көтерісшілер жауапты 17 немесе 18 наурызға дейін тосатын болады. Көп кешікпей Семейден Иерусалимовтың жазалаушы қызыл отряды шығып, «Оян, кедей» колхозына, одан кейін №6 ауылдың орталығы шоқайлы руы қоныстанған жерге келеді. Бұл рудағы көтерілісшілердің саны 70 адам болған. Олар штабка: «Тез арада Иерусалимовтың отрядына қарсы шығып, оларды да тұтқындау керек» деген талап қояды. Бірақ Иерусалимовтың отряды олардың өздеріне шабуыл жасап, Доскей Танашев бастаған 5–6 адамды тұтқынға алады. Қалғандары таулардың арасына қашып, Кемпірбаевқа өкпелеп, қайтып көтерілісшілерге қосыл-

май, үйді-үйлеріне тарайды. Кетіп қалғандардың орнына тыңнан азаматтар келе бастайды. Кемпірбаевтар енді халықты үйлеріне қайтуларын сұрап үгіттейді. Осылайша көпшілікті таратады. Көтерілісшілерді тара-тудан кейін 150-180 адам, екінші күні 120 адам қалады. Кемпірбаев бастаған штаб мүшелері арнаулы дайындықтан өткен Чупин бастаған қызылдар отрядына қарсы соғыста жеңіліске ұшырайтындарын білді. Сол себепті сәл жол құрғаса, Шұбартау арқылы қашып кетуді ойластырады. Өйткені олар 1930 ж. Чупиннің отряды Шұбартаудағы көтерілісті аяусыз басқандарын білетін еді. Осы кезде Алматыдан Данилевскийден ультиматум келеді. Онымен Кемпірбаев келіседі. Екі жақ тұтқындармен алмасқан соң, Кемпірбаев қаруы бар сарбаздарды жеке шығарады. Қарулы 20 адаммен Шұбартау ауд. жаққа өтіп, ол жақта көтерілісшілермен бірігіп, Абыралы ауд-ының орт-на шабуыл жасамаққа ниеттенеді. Ол Чупиннің отряды Қарашоқыға келгенін, ал бүгін әрі қарай қозғалмақшы екендерін естиді. Көтерілісшілерді Иерусалимовтың отряды қоршап алады. 1931 ж. 21 наурызда Подолков бастаған отрядтың солдаттары оларға таңертеңнен сағат 11-ге дейін оқ жаудырады. Кемпірбаевтар қолға түскісі келмейді. Подолков Чупиннің орынбасары екен. Ол Кемпірбаевқа атысты тоқтатып, берілуін сұрайды, Чупинге тірідей жеткіземін деп қолхат береді. Сөйтіп, есіл ерлер олардың сөзіне сеніп, тұтқынға түседі, жаппай жазалауға ұшырайды. №6 ауылдың көтерілісіне камбардың ішінде олжашы руы тегіс және шоқайлы руының біразы қатынасқан. Олардан басқа камбардың төмендегі руларынан көптеген азаматтар осы көтеріліске өз көмектерін беріп, бірге соғысқан. Оларды: 1) Балшаудан (Байшағыр болар) – Қиқымов Оспанқұл, Қоқымов Асылбек, Жүнісов Дәуретбай (Дәулетбай болуы мүмкін – Б.Н.); 2) Ұстадан – Жекен Түсіпбай; 3) Қуандықтан – Қуандықов Серікбай; 4) Кәрібайдан – Макин Серікбай; 5) Бөке айдан – Токсамбаев Құрманбай, Ыдырысов Қабзолла; 6) Аюдан – Сабыр ауылынан Ақтайлаков Молдағали; 7) Жакештен – Өсербаев Шитен, Байбосынов Сәлмен; 8) Айттан – Сары тақтай бөлімшесінен «Жуандық» а-нан Мұсатаев Мырзакелді; 9) Сағындықтан – Сағындықов Қошан; 10) Тенко – Қожаканов Ақшабек сияқты аза-



маттар бастаған. 1931 ж. 18 наурызда З.Қасқабасов бастаған сарбаздар Жылтын а. арқылы Шұбартаудың тұсымен Балқаш жаққа өтуге бет алады. Ойламаған жерден алдарынан Қарқаралыдан келген Иерусалимов бастаған отряд шығады. Сарбаздардың көпшілігінде қару-жарак жоқ. Қызылдардың отряды осы жерде 35 адамды қоршап алып, атып өлтірген. Иерусалимовтың отряды Кемпірбаевтардың қайда екенін таба алмай, Ақсай, Көккөз, Тасқора а-дарының тұрғындарын ұрып-соғып қинайды. Таба алмаған соң Ақсайдан 11 адамды алып шығып (мұрағатта 9 адамның аты-жөні бар), атып тастаған. Оның ішінде 14 жасар бала да бар. Көкшетау, Құсақ және Жылтында ақпан айының бірінші жартысында болған көтеріліске қатынасқан 114 адамның соты туралы 1931 ж. 1 маусымда соттың айыптау қорытындысы шықты. Соттың осы шешіміне сәйкес істі үштіктің қарауына тапсырды. 1931 ж. 22 маусым күні үштіктің шешімінен № 6 ауылдың 42 адамы ату жазасына кесілді, олардың ішінде Кемпірбаев, Тұрғамбаев, Жақсыбергенев, Бөлегенов (Жақыпов) Нұғман, Исин Үстембек, Қаркетеров Талап, т.б. бар. Сондай-ақ, Нұғманов Төлеуқадыр, Имашев Қыдырбек, Қалыбаев Байбосын, Кемпірбаева Зағипа (Ысқақ Кемпірбаевтың әйелі), т.б. барлығы 73 адам сотталды. Абыралы көтерілісін кеңес өкіметі аяусыз жазалады: ауданның тоғыз ауылынан шайқаста 101 адам қаза тапты, ал 78-і өлім жазасына кесіліп, Алматыда атылды, 183 адам үш жылдан 10 жылға дейін (№1; 3; 5 ауылдарсыз) сотталды. Сөйтіп, барлығы 362 азамат құрбан болды. 1500-дей адам ескерту алып, соттан босатылған. 1941 ж. айып батальонына жіберіліп, көпшілігі майданда қаза тапқан. 14 мыңдай адам елін, жерін тастап, Ресейге, Қытайға босып кеткен. Тағы бір атап айтарлығы, жазаға ұшырағандардан басқа 100-ге тарта абыралылықтар (көпшілігі тарақты руынан, Әміре Қашаубаевтың туыстары) Қытайға қашу ниетімен Алматы обл-ның Кеген, Нарынкол ауд-дарына барған. Бірақ, оларды біреулер көрсетіп, кеңес органдары барлығын ұстап алып, атып тастаған. Кеңес өкіметінің солақай саясатына шыдамай, қарапайым халықтың әділет іздеп бұлқынған Абыралы көтерілісі осындай қанды жазалаумен аяқталды.

Б.Нәсенов

АВТОНОМИЯШЫЛДАР ОДАҒЫ – 20 ғ-дың басында Ресей империясының қол астындағы ұлттар мен ұлыстардың өзін-өзі билеуін қамтамасыз етуді көздеген қоғамдық-саяси ұйым. Бұл ұйым саяси күрескер, поляк ғалымы, проф. И.А.Бодуэн де Куртенэнің жетекшілігімен 1905 ж. қарашада С-Петербургте құрылды. Оның құрылуы империядағы тұз халықтарын азаттық күресте бір-біріне жақындастыра түскен ірі саяси оқиға болып табылады. Одақтың құрылуы мен қызметіне жалпыресейлік мұсылмандық қозғалыстың А.Ибрагимов, А.Топчибашев, С.Жантөрин сияқты көрнекті қайраткерлері де тікелей атсалысты. Жантөрин одақ бюросының мүшесі болды. 1905 ж. 19 қарашада С.-Петербургте өткен автономияшылдар съезіне М.Тынышбаев қатысты. А.оның міндеттері белгіленген бұл съезге поляк, эзербайжан, армян, грузин, белорус, украин, еврей, латыш, татар, қазақ халықтары атынан 83 өкіл қатысты. Автономияшылдар съезі «Ресей империясындағы барлық ұлттар орыс мемл-ін респ. негізде құруға атсалыссын; Ресей мемлекеті бір орталыққа қатаң бағындырылмаған федеративтік түрде болып, әр ұлт өз істерін өздері басқаратын автономия алсын» деген қарар қабылдады. А.оның мүшелері Столыпин өктемдігі тұсында қуғын-сүргінге ұшырап, Бодуэн де Куртенэ абақтыға жабылды. Сөйтіп, одақ өз жұмысын тоқтатты.

Әдеб.: Б о д у э н д е К у р т е н э И. А., Национальный и территориальный признак в автономии, Спб., 1913.

С.Рүстемов

«АҒЫБАЙ БАТЫР» – тарихи жыр. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан белгілі батыр Ағыбай Қоңырбайұлының (1802–85) ерлік істерін баяндайды. Жырдың екі нұсқасы сақталған. Қарағандылық жыршы Тәужі Айнатасов жинаған «А.б.» жырында Кенесарының түрікмен елінен бір тұлпар әкеп беру туралы өтінішін орындауға аттанған Ағыбайдың сапар кезіндегі ерліктері баяндалады. Нұсқа толық емес, он бір буынды, қара өлеңмен жазылған. Жыр оқиға желісі, құрылысы, суреттеу тәсілі жағынан өте қызықты. Романтик. сарын басым. Ақын, халық ауыз әдебиетін жинаушы Нұрғали Бейсеновтен 1949 ж. жазып алған «А.б.» жырының 2-нұсқасы көркемдігі мен мазмұ-



ны жағынан құндырақ. Ағыбай нақтылы өмірде Ресей отаршыларына қарсы күрес жүргізсе, жырда қалмақпен соғысып, ерлік көрсетеді, даңқы бүкіл елге жайылған қолбасшы атанады. Бұл жыр да он бір буынды қара өлеңмен жазылған. Батыр ерлігі тарихи жыр шеңберінен асып, ертегі сарынымен бейнеленген, осы арқылы жырдың тарихи-әлеум. идеясы айқын байқалады. Ағыбай батырдың елін сыртқы жаудан қорғау жолындағы ерлік істері туралы осындай мазмұндағы басқа нұсқалар ҚР ҰҒА Орт. ғыл. кітапханасында және М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар орт-нда сақтаулы. «А.б.» жырының Айнатов жинаған нұсқасы «Ақжолтай Ағыбай батыр» жинағында (Жезқазған, 1992) жарияланған.

С.Қорабай

АҒЫБАЙ БАТЫР, Ш ұ б ы р т п а л ы А ғ ы б а й (1802, Ұлытау өңірі – 1885, Балқаш көлінің жағасы, Тасарал қамалы) – Кенесары Қасымұлының Ресей отаршылығына қарсы көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы. Жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Сарбаздары Абылай есімімен қатар А.б-ды да ұранға айналдырған. 13 жасынан қолына қару алып, 1824 ж. Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласты. 1837 ж. жазда Бурабайдағы Абылай хан алаңына жиналған арғын, қыпшақ, найман, керей, уақ және қоңырат руларының өкілдері Кенесарыны ақ кигізге көтеріп Орта жүздің ханы етіп сайлайды да, А.б-ды бас сардар етіп тағайындайды. А. б. бастаған қол 1826–49 ж. аралығында Ресей әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Ресей империясының Қазақстандағы тірек-орт-тары – Қарқаралы, Ақтау, Ақмола, Екатеринбург бекіністеріне шабуыл жасап, патша әскерлерін Ырғыз, Тобыл өз-дері бойындағы ұрыстарда, Қызылжар, Көкшетау шайқастарында тас-талқан етіп жеңген. Қырғыз манабы Орманға қарсы соғыстарда ерекше ерлік көрсеткен. 1847 ж. Кенесары ханның Кекілік тауындағы қырғыздармен аяқ-қасында Наурызбай батырмен бірге дұшпан шебін бұзып өткен. Кенесары өлгеннен кейін де Ресей өктемдігіне қарсылығын тоқтатпай, Сыздық төре қолы құрамында соғыс жүргізген. Кейінірек, 1849 жылға дейін Ресей

өкіметінің қамалдарына өз бетінше шабуылдар жасаған. Өмірінің соңғы кезеңінде егіншілікпен, балық аулаумен айналысқан. Дүниеден қайтқан соң Ресей үкіметі оның мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кешеніне жерлеуге рұқсат етпей, Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен Тайатқан-Шұнақ деген жерінде жерленген. Кенесарының бас батыры А. б-дың өмір жолы қазақ тарихшылары мен қаламгерлерінің



Ағыбай батыр ескерткіші. Балқаш қаласы

шығармаларына арқау болған. 1914 ж. Есім төренің көмегімен Ө. Бөкейхан Қазан қ-нан «Қызыл қайнар Тектұрмас» деген кітабын шығарды. Шортанбай Қанайұлы «Ағыбай батыр» жырын, Иса Байзақов А.б. туралы «Қойшының ертегісі» атты көлемді тарихи жыр, С. Сейфуллин «Ақжолтай батыр» деген роман жазған. 1992 ж. 23 тамызда Қарағанды обл-ндағы Айыртау етегінде Кенесары ханның бас батыры А.б-дың 190 жылдық мерейтойына орай респ. деңгейде ас берілді. 2002 ж. батырдың 200 жылдық мерейтойына орай Балқаш қ-ның орт-на ескерткіш орнатылды.

Әдеб.: А х м е т с ұ л т а н К е н е с а р ы ұ л ы, Кенесары және Сыздық сұлтандар, А., 1992.

Т.Рсаев

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІ (1929–32) – Маңғыстау қазақтарының коммунистік асыра сілтеушілікке қарсы наразылық қимылдары. Ф.Голошекин бастаған БК(б)П Қазақ өлкелік к-ті Адай уезін (1928 ж. қаңтарынан – окр-н) ерекше бақылауға алып, таптық жіктелу саясатын күштеп танды. Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі, Адай окр. аткомы төрағасының орынбасары Шәбден Ералиевтің (1898 – 2.11.1928) Каспий теңізіндегі жұмбақ қазасын желеу ете отырып, ОГПУ орындары окр-тің басшыларын кезекті қуғынға ұшыратты. Кезінде «адай ханы» болып танылған Тобанияз Әлниязов бастаған беделді азаматтардың тұтқынға алынуы елдің қатты наразылығын тудырды. Ауыр салықтардың толастамауынан қазақ ауылының материалдық жағынан әбден титықтауы, күштеп ұжымдастыру, байлар мен орта шаруаларды тәркілеу, дінді қорлау, 1929 жылғы жұт және оның соңын ала келген алапат ашаршылық, орт. жіберген уәкілдер мен жергілікті шолақ белсенділердің жүгенсіздігі, үздіксіз үркіту мен қуғындау А.к-нің басталуына түрткі болды. 1930 ж. тамызында Адай окр-нің таратылып, Гурьев және Ақтөбе окр-теріне бағындырылуы да халық толқуына әсерін тигізді. 1930 ж. 9 қазанда ОГПУ «Үштігі» «Сопы», «Адайды құтқару», «Ақбота» атты астыртын ұйымдар құрып, кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізді деген айыппен 61 адамның ісін қарап, 21 адамға ату жазасын кесті. Бұл оқиғалар көтерілісті бәсеңдетпеді, керісінше оның өршуіне себеп болды. 1929 ж. пайда болған жеке көтеріліс ошақтары 1930 ж. жергілікті тұрғындардың жаппай бас көтеруіне ұласты. 1930 ж. ақырында көтеріліс бұрынғы окр-тің 5 ауданын түгел қамтыды. А.к-не ОГПУ-дің есебі бойынша 50-ден астам жасақтар қатысты (1930). Көтерілісшілердің қарулы қарсылығы бірте-бірте ұжымдасқан сипат алып, 1931 ж. өзінің шырқау шегіне жетті. Боқымаш Шоланұлы (1931 ж. сәуірде хан сайланған), Мырзағали (Мырзалы) Тынымбаев (1931 ж. маусымда ұрыс даласында қаза тапты), Ерғали Құттегенов, М.Сапаков, Жұмағай Үсенов, т.б. басқарған көтерілісшілер жасақтары өкімет әскерімен тегеурінді айкастар жүргізді. Қаруларының жеткіліксіздігіне қарамастан, қорғаныстан гөрі шабуылдау әдісін жиі қолданды. Көтерілісшілер 1931 ж. мамыр-шілдеде Форт-Александровск (қазіргі Форт-Шевченко) қ-на 4

мәрте шабуыл жасады. А.к-н басуға Мәскеудің бұйрығымен тұрақты армия мен ОГПУ әскерлерінің 32 бөлімі жіберілді. Оның үстіне БК(б)П Қазақ өлкелік к-ті Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшелері С.Мендешевті, Ұ.Құлымбетовты, А.Асылбековті және олармен бірге қазақ ұлттық полкінің бір бөлігін (командирі – Төлесін Әлиев) атқандырды. Көтерілісшілердің жеке жасақтарының қарулы күресі 1932 жылдың ортасына дейін созылды. Күшті жарақтандырылған өкімет әскеріне ұзақ уақыт бойы төтеп бере алмайтындықтары белгілі болған соң, көтерілісшілер атажұртын тастап, Қазақстаннан сырт жерлерге көше бастады. Көпшілігі Түрікменстанға, Қарақалпақстанға, Тәжікстанға, Иран мен Ауғанстанға ауып кетті. Өкімет әскерлері көтерілісті аяусыз, аса қатал озбырлықпен басып-жаныштады. Мыңдаған адамдардың тағдыры тәлкекке түсті. Тек жалғыз ОГПУ тарапынан А.к-не қатысқан 800-ден астам «бүлікшілер» сотқа тартылды.

Әдеб.: Омаров М., Сариев І., Ойрандалған Адай даласы, А., 1995; Алдажұманов Қ., Восстание казахских шаруа в Адаевском округе, кіт.: Социально-политическое развитие Казахстана и его взаимосвязь с сопредельными странами, А., 1994.

Қ.Алдажұманов

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРІ. Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясаты мен өткен ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық трагедиясы шынайы ақиқат тұрғысынан тек 90-жылдардың бас кезінен бері ғана зерттеле бастады. Алайда мәселенің аныққанығын ашатын құжаттар жабық болғандықтан, зерттеушілердің байыпты пікір айтуға мүмкіншілігі болған жоқ. 1988 жылдың қараша айында ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-ты «Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы ұжымдастыру: тәжірибесі мен тағылымдары» атты Бүкілодақтық ғыл. конференция өткізіп, күштеп ұжымдастыру мен оның зардаптарын жаңа тұрғыдан жүйелі түрде зерттеу мәселесін күн тәртібіне қойды. Тек осыдан кейін ғана біртіндеп тарихшы ғалымдар мәселені әр қырынан зерттеп, құжаттық негіздегі тұжырымдар жасауға жол ашылды. Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру, қазақ шаруаларын меншігінен айыру, ашаршылық құрбандарының мөлшерін

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ

анықтау, жалпы 20–30-жылдардағы саяси қуғын-сүргін барысын айқындап, ақиқатты қалпына келтіру тұрғысында ҚР Жоғ. Кеңесінің арнайы комиссиясы атқарған жұмыстың ерекше маңызы болды. Комиссия құрамына кірген ғалымдар акад. М.Қ.Қозыбаевтың басшылығымен бұрын қатаң бақылауда болған мұрағат құжаттарын, оның ішінде бұрынғы ОГПУ-НКВД, КОКПОК-нің «Ерекше папкасындағы» құжаттарды көтеріп, сарапқа салу нәтижесінде мәселенің егжей-тегжейін анықтауға жол ашты. Комиссия жұмысының қорытындысы баспасөзде жарияланып, жұртшылыққа мәлім болды. Кеңес өкіметінің аграрлық саясатын, шаруа қожалықтарын меншігінен айырып, тәркілеу барысын, шаруалардың жаппай қарсылығы мен көтерілістерін зерттеуде тарихшы Т.Омарбековтің жұмыстары ерекше орын алады. Оның шаруа көтерілістері туралы мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалары бұл мәселені тарихи тұрғыдан жаңаша көзқараспен зерттеу қажеттігін дәлелдей түсті. Оның осы топтама мақалаларының бірі – «Адай көтерілісі» деп аталды. Осымен қатар автор 1993 ж. «Ақиқат» журналының 4-санында «Маңғыстау өңіріндегі халық қозғалысы» атты мақала жариялап, онда да Адай көтерілісіне қысқаша талдау жасайды. Кеңес өкіметінің аграрлық саясатына наразы шаруа көтерілістері мен халыққа қарсы жүргізілген саяси қуғын-сүргін науқаны Қ.С.Алдажұмановтың зерттеулеріне де арқау болды. Автор тарихнамаға күштеп ұжымдастыру жылдарындағы шаруа көтерілістері мен толқуларын «Қарсыласу қозғалысы» деген атаумен енгізді. Автордың зерттеулерінде Адай көтерілісі жөнінде де тың мағлұматтар бар. Адай окр-ндегі көтеріліс жөнінде ОГПУ тергеу материалдары негізінде алғаш жазған автор М.Омаровтың «Расстрелянная степь. История Адаевского восстания 1931 года. По материалам ОГПУ» деген кітапшасы көтерілістің себептерін, негізгі оқиғалары мен кейіпкерлерін айқындауда оқырмандарға едәуір мағлұмат береді. І.Сариев пен Омаровтың «Ойрандалған Адай даласы» атты кітабы да – орыс тілінде жарияланған кітапшаның қазақ тіліндегі кеңейтілген нұсқасы. Маңғыстау өңіріндегі 20-жылдардағы оқиғалар, оның ішінде қазақ еліне кеңінен танымал қайраткер Тобанияз Әлниязұлы туралы мерзімді баспасөз бетінде едәуір жа-

зылды. Жазықсыз жазаланған қайраткерге Ақтау қ-нда ескерткіш орнатылды. Осы жарияланған материалдар негізінде ақтаулық журналист Әбілқайыр Спанов «Тобанияз» атты кітапша шығарып, онымен бірге сотталған адамдар жөнінде қосымша деректерді жариялады. Сонымен қатар жазушы Тәжібай Жанаев «Тобанияз қыстауы» деген деректі хикаятты жарияласа, Саламат Хайдарұлы да «Қанды асу» атты публицистикалық кітабын жарыққа шығарып, онда Маңғыстау түбегінің бас көтерген азаматтары Әлниязұлы, Оразмағанбет Тұрмағанбетов, Алшын Меңдәлиев, Байбоз Қилыбаев және бұрынғы Гурьев (Атырау) окр., өлкелік партия к-ттерінің хатшысы Х.Ақботиндер отбасыларының қиын тағдырын сөз етеді. Бірақ бұл кітапшаларда Адай көтерілісіне дейінгі ахуал жеке адамдар төңірегінде ғана әңгімеленеді. Әлниязұлы туралы естеліктер белгілі жазушы Ғалым Ахметовтің «Алаш Алаш болғанда» атты кітабында жарияланған. Онда автор Тобаниязды көрнекті қоғам қайраткері, ірі тұлға ретінде шынайы тұрғыдан бейнелейді. Соңғы кездегі зерттеулерде «Адай көтерілісіне» 1931 ж. Маңғыстау өңірінде орын алған бірнеше көтерілістер ғана жатқызылып жүр. Белгілі ғалым Омарбеков «бұқаралық көтеріліс басталмастан бұрын да бұл өлке мазасыз күй кешіп, мұнда Қошанов (Қосжанов) Құрмаш, Оразбаев Естұрған, Өмірбаев Айзақ деген кісілер ұйымдастырған, ұзын саны елуге тарта қарулы топ, 1922 жылдан бері қарай барымтамен айналысып, кеңес үкіметінің жаңа тәртібін орнықтыруға орасан зор кедергі келтіріп келді», – дейді. ҚР ҰҚК-нің мұрағаты құжаттарындағы дерек бойынша 1921 ж. қыркүйекте Адай уездік ревкомының төрағасы Әлниязұлы 3000 жігіттен тұратын жасақ құрып, оны халықтан жинаған қарумен қаруландырып, өзінің атақты Қоңырат жорығына шығады. Осы жорықта Қоңырат қ-н басып алып, онда үш күндей болады. Бұған себеп – ежелден көршілес жатқан Хорезм республикасы мен Адай уезінің шекаралас жерлерінде әртүрлі қақтығыстар болып тұратын еді және екі арадағы даулы мәселелер екі жақтың келісімімен шешілетін. Кейінгі аласапыран кезде жан-жақтан шыққан бандылардың, әсіресе Хорезм жақтан шыққан бандалық топтардың жергілікті халықтың мал-мүлкін шауып, қыз-келіншектерін зор-

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ

лап алып кетуі, көптеген адамдардың осындай қақтығыс кезінде қаза табуы онсыз да қиындықтан бас көтере алмай отырған халықтың мазасын алып біткен еді. 1921 ж. тағы да Хорезм жерінен Адай уезінің шеткі ауылдарына бірнеше рет шабуылдар ұйымдастырылады. Олар жайбарақат отырған адай ауылдарының мал-мүлкін, адамдарын талапайлап кетуге әдеттенді. Ал, Хорезм үкіметінің тарапынан олардың бұл әрекеттерін тыю жөнінде ешқандай шара қолданылмады. Қазақстан басшылары да бұған көп мән бермеді. Жергілікті тұрғындардың өзара татуласу, ел арасындағы араздықты ауыздықтау жөніндегі шаралары да ешқандай нәтиже бермеді. Осыған шыдамы таусылған халық ел ағасы болып отырған, қолында жаңа өкімет берген билігі бар Тобанияздан көмек сұрайды. Бұл мәселеге араласып, оны шешу Тобанияздың міндеті де еді. Осыдан кейін Тобанияз бірнеше жүз кісімен Қоңырат қ-на барады, бірақ ешқандай қақтығысқа жол бермейді, ел басшыларымен келіссөз жүргізеді. Осы шара өз нәтижесін береді, ел арасындағы жанжал басылады. Оның халық арасында абыройы өседі, ел арасындағы беделі артады. Бірақ, керісінше бұл жергілікті әкімш-ке, партия, кеңес қызметкерлеріне ұнамайды. Әлниязұлының осындай жолмен тәртіп орнатып, халықты қорғау әрекеті үкімет тарапынан ұлттар арасындағы қатынастарға нұқсан келтіретін жағдай деп сипатталды, әрі кейін оған тағылған айыптардың бірі де осы болды. Ал 1922 ж. Уревком төрағасы Әлниязұлы басшылығымен адайдың атқамінерлері Маңғыстаудағы ауылдарды «Шарифатқа» сүйене отырып кеңестендірудің жобасын жасайды. Бұл жоба бойынша, адайлардың объективті жағдайларын ескеріп, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерді жоюға болмайды, партия және Кеңес өкіметінің шараларын сол ескі дәстүрлерді: құн, барымта, қалыңмал мәселелерін ақсақалдар соты арқылы шешуді нығайта отырып, Кеңес өкіметінің беделін көтеруге болады және бұқараны сол арқылы соңымыздан ерте аламыз деп шешті. Бұл жобаны дайындауға Әлниязұлы басшылық жасап, Жұбаев Садық (Сыдиық), Дауылов Орынбасар, Томалақов және тағы басқалары белсенді қатысты. Жобаны Тобанияздың жеке хатшылары Дауылов Орынбасар орыс тілінде, ал Өтегенов Сартбек қазақ тілінде дайындады. Бұл жо-

ба Әлниязұлының құрастыруымен, Дауылов пен Өтегенов Сартбектің жазуымен кеңестердің бүкілқазақ съезінде бекіту үшін Қазақстан Орт. АҚ-ге ұсынылды. Әрине, мұндай жобаның Кеңес өкіметі тарапынан қолдау таба қоюы ол кезде ақылға сыймайтын іс еді. Керісінше, бұл жоба да контрреволюцияшыл, антисоветтік элементтердің Кеңес өкіметіне қарсы тағы бір әрекеті ретінде қаралып, кейін айыптау қорытындысына енеді. Сонымен қатар олардың саяси «бет-бейнесі» деп суреттеледі. Адай окр. халықтарының зардап шегіп, жаппай жазаланып, қуғыншылыққа ұшыраған кездерінде, халық үшін, елдің болашағы үшін жанын аямай, араша түскен зиялы, асыл азаматтарының көбі тасада қалды, ел басқару жұмыстарынан аластатылды, кейін аяусыз жазаға ұшырады. Осылардың бірі, Адай төңкеріс к-тінің бірінші төрағасы, Қазақстан Орт. АҚ-нің мүшесі Әлниязұлы болды. Тобанияз Әлниязұлы Маңғыстау өлкесінде 1875 ж. кедей жанұясында дүниеге келіп, 13 жасқа толғанда әкесінен айырылады. Отбасының тауқыметі мойнына түскендіктен, шаруаға ерте араласады. Жастайынан сөзге шебер, шешен болып өсіп, 14 жасынан қатарға ілесіп, ел ішіндегі даудамайды шешуге араласып, жастайынан «бала би» атанады. Оған деген халықтың үміті арта түседі. Тобанияз патша өкіметі тұсында Бозашы түбегіндегі Шылым болысына болыс болып сайланады. Бірақ бұл орында ұзақ тұра алмады. Себебі, Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы тұрып, қазақ жігіттерін армияның қара жұмысына бермеу үшін жергілікті әкімдермен бітіспес күреске түседі. Ақырында оны түрмеге жауып, тек Ақпан төңкерісі кезінде босатылады. Яғни, саналы қызметінің басынан-ақ халық жағында болды. Қазан төңкерісі басталғанда Тобанияз әскери жасақшылар қолбасшыларының бірі ретінде бүкіл Адай уезінде аты әйгілі азамат болған кезі еді. Өзі жеті атасынан кедей болғандықтан, Қазан төңкерісін үлкен үмітпен қарсы алып, Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласады. Кеңес өкіметі Маңғыстауда Қазан төңкерісінен кейін 15 күннен соң орнады. Әлниязұлы Маңғыстау революциялық к-тінің төрағасы қызметімен қатар, Қырғыз (Қазак) Дала өлкесінің төтенше комиссары Әліби Жангелдиннің Маңғыстау уезі бойынша орынбасары болып тағайындалады. Бірақ Тобаниязға

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ

оның қызметінің бас кезінен-ақ орталық қырын қарап, сырттай қауіптеніп, оған сенбей, үнемі бақылауда ұстады. Көшпенділердің қала әкімш-терінің жарлықтарына құлақ аспай, Тобанияздың бұйрықтарын орындауы, жас баладан еңкейген қарияға дейін, тіпті елдің барымташы ұры-қарыларының да Тобанияздың ыркына көнетіндігі жергілікті кеңес қызметкерлерінің Тобанияз контрреволюциялық топтың басшысы, қол астында Қосжанов Құрмаш бастаған қарулы тобы бар деп кінәлауына негіз болды. «Қосжанов Құрмаш бастаған бандылар қозғалысының басты дем берушісі, әрі идеологиялық жетекшісі, Адайдың «ханы» Тобанияз Әлниязов. Ол өзі де бандыларға қосылып, олардың қимылына еріп жүр...» – деп көрсетеді «Адайлар ісінде». Әлниязұлына қарсы қозғалған айыптауларының мәні КАЗЦИК-тің төтенше өкілі мен обл. партия к-тіне, Қозыбековке 1922 ж. қыркүйектің 6-сында ГПУ-дің Адай уезі бойынша өкілі Рыбоследовтың жолдаған мәліметінде баяндалған. Әлниязұлы мен оның серіктеріне төмендегідей: қырдағы тұрғындардан қару-жарақ жинау жөніндегі ГПУ органдарының іс-қызметіне көрсеткен қарсылық әрекеті, жеке дара «хандық» билік орнатқаны, соның ішінде 1921 ж. азық-түлік жөніндегі салықтың орындалмай қалуы ревком төрағасының әлегінен деген айыптар тағылды. Адай ревкомының төрағасы Тобанияздың орнынан алынуының бірінші себебі, оның Хорезмге жорығы болса, екінші себебі, партия, кеңес қызметкерлері мен ревком аппаратының арасындағы қайшылықтар болды. Хорезмге сапарынан кейін, республиканың жоғарғы органдары ревкомның жұмысын, оның ел арасындағы жүргізген саясатын қатты тексеріп, олардың басшыларын қысымға ала бастады. Кейін орнынан алып, қылмыстық іске тартты. Сол кездегі уезд халқының үкімет саясатына қарсы белең алған наразылығын революциялық к-ттің басқа да беделді азаматтарынан көрді. Соның ішінде Тобаниязды барлық келеңсіз жағдайды ұйымдастырушылардың басшысы ретінде айыптап, оның соңына шырақ алып түсті. Тобанияздың бүкіл Қазақстан халқының, оның ішінде Адай окр. елінің алдында ықпалы аса зор болғанын, партия-кеңес органдары да, мемл. біріккен саяси басқарманың аппараттары да мойындаған. Ол революциялық к-ттің төрағасы жұмысында жүр-

генде Адай окр-нің 1919 жылға дейін Түрікменстанға бағынуына наразы болып, Орынбордағы Қырғыз (Қазақ) Республикасының басшыларымен 4 айдай сөйлесіп, осы жұмысты дұрыс шешіп, Адай окр. 200 жылдан кейін Қазақстанның құрамына енген. 1927–28 жылдардан бастап Адай окр-нде алым-салық, мал дайындау науқаны кезіндегі асыра сілтеушіліктер халық арасында наразылықты күшейте түсті. Үкімет саясатының бұрмалаушылығынан, байлар да, орта шаруалар да, тіпті 10–15-тей қой, 3–4 қарасы бар кедейлер де тіркелуге ілігіп, болмаса барлық малын салыққа төлеп, қайыршылыққа ұшырай бастады. Осыдан қашып бас сауғалау үшін, бірқатар байлар, әлді шаруалар басқа жерлерге үдіре көше бастады. Осындай ауыр жағдайлардың орын алу себебін заң бұрмалаушылардың тарапынан болып жатқанына жоғарғы үкімет басшылары мән бермеді. Кезінде тыңғылықты шара қолданудың орнына, мұны елдің беделді азаматтарына жапты. «Елдің арасына ірткі салушылар, халықты үкіметке қарсы бас көтеруге ұйымдастырушылар» деп қылмыстық іске тартуды көбейтті. Біріккен саяси басқарманың контрреволюциялық «Адайды құтқару» тобы туралы тергеу құжаттарында: «Әлниязұлы Тобанияздың бастамасымен құпия жиналыс өткізіліп, онда елді Түрікменстанға, Ауғанстан мен Персияға көшуге үгіттеу жүргізілді» деп көрсетілген. Құжаттарға қарағанда, осындай келеңсіз жағдайлардың бел алуының басты себебі Тобанияздың басқаруымен ұйымдастырылып жүрген іс делініп, мұның үстінен неше түрлі мәліметтер жинаған. Құжаттардағы мәліметтерге қарағанда және Тобанияздың тергеу кезіндегі жауабы бойынша да партия-кеңес органдары, Қазақстандағы Мемл. біріккен саяси басқармасы Тобаниязды орнынан алғаннан кейін де, «зандық жолын тастаған жоқ, ел осы кісіге бағынады, осының айтқанын жасайды» деп, соңынан қалмаған. Ел ішіндегі ыңғайсыз жағдайларға дейін Тобанияздың ықпалымен болып жатыр деп білген. Әлниязұлының соңына түскен біріккен саяси басқарма (ОГПУ) ойлағанына жетіп, 1929 жылдың желтоқсанында онымен бірге тағы да бірнеше адамды тұтқынға алады. Бұл іске «Байлардың, саудагерлердің, патша үкіметінің бұрынғы Адай округі кеңес қызметкерлерінің контрреволюциялық ұйымы»

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ

деген қылмысты іске қатынасушылар деп, қылмыстық кодекстің 58-2 бабымен 70 адамды айыптап тұтқындаған. 1930 жылдың 9 қазанында Қазақстандағы мемл. біріккен саяси басқарманың өкілдігі үштігінің ұйғаруымен, іс бойынша айыпталушы 70 адамның 61-і (9 адам тергеу аяқталғанша түрмеде қайтыс болды) сотталды. Үштіктің шешімімен Тобанияз бастаған 21 адамды атуға, қалғандарының дүние-мүлкін тәркілеп, 3 жылдан 10 жылға дейін түрмеге жабуға үкім шығарады. Бұл іс тек қана араға ұзақ уақыт салып қана қайта қаралып, 1962 жылдың 8 ақпандағы және 1990 жылдың 26 сәуіріндегі ҚР Жоғ. Сотының қылмысты істер жөніндегі алқасының шешімімен айыпкерлердің әрекетінде қылмыстық құрамының болмауына орай, іс қысқартылды. Бір халықтың бетке ұстар азаматтары, ағайын-туыс, руластар, қала берді халқының бірлігін ойлап, елінің ұйтқысы болған есіл ерлер кеңестік машинаның тегеурініне төтеп бере алмай, тағдырдың тәлкегінен осылай таяқ жеген еді. 1931 ж. шілдеде Адай окр-не Қазақстан Орт. Атқару к-тінің хатшысы А. Асылбеков іссапармен келеді. С. Меңдешевпен бірге ауа көшкендерге көмек көрсету және кикілжінді бейбіт ретке келтіру үшін біраз шаралар қолданады. Сенек, Сұмса деген жерлердегі көшушілерді үгіттеп, ары қарай көшуді тоқтатуға көндіреді. Бірақ аштық, адамдардың өлімі және бүкіл республикадағы ауыр жағдай оларды қауіптен алысырақ қашуға итермелейді. Кейбір жекелеген көтерілісшілер топтарының іс-әрекеті 1932 жылдың ортасына дейін де тоқтаған жоқ. 1931 жылдың жазы бойында жазалаушылар бүкіл Үстірт үстінде, Жем бойында, Маңғыстау ойында орналасқан ауылдарға ойран салды. Бірақ, мұнымен адайлардың күресі толық басылып, халық ішінде толық тыныштық орнады деп айта қоюға әлі ерте еді. Себебі, кейбір жекелеген топтар, тіпті 1933 жылдарға дейін де қарсылығын тоқтатпаған. Мұрағат құжаттарында көрсетілгендей, көтерілісшілер жергілікті әкім-қараларға ызалану мен өшігудің салдарынан «қанға – қан, жанға – жан» деп, кек алуға тырысты. 22 адамды өлтіріп, жүздеген белсенділерді, өкімет өкілдерін жазалаған және азаптаған. Ал жазалаушы әскерлер бұлардан асып түспесе, кем қала қойған жоқ. Көтерілісшілер зорлық, зомбылық жасаған, әділетсіздік, мейрімсіздік

көрсеткен өкімет уәкілдеріне, қызметкерлеріне, белсенділерге қаталдық жасаса, бұлар бейбіт халықты, әйелдер мен балаларды, жасы жеткен қарттарды да аяған жоқ. Қолға түскендерді «қашып бара жатқан соң» деп атып тастап отырған. Ауылдардың көптеген жай адамдары үйлерінен айырылып, қақтаған ыстықтың астында, күн көзінде, аш-жалаңаш, сусыз шөлден азап шекті, алыс жерлерге оларды жаяу айдады. Осының салдарынан көптеген жазықсыз адамдар аурудан, аштықтан, шөлден өлді. Айдаушылар бұлардың ауыр жағдайымен санаспады, «қашты,» «жүрмеді» деп, жүруге шамасы келмегендіктерімен де санаспай, ұрып-соқты, атып тастады. Мұндай өрескел мейрімсіздік, хайуандық, қаталдықтың салдарынан өмірден кеткендердің есебі де алынған жоқ, із-түзсіз жоқ болып кетті. Бұлардың туған-туысқандары бұл жөнінде хабарсыз болды, іздеуге мүмкіншіліктері болмады және оған жол да берілмеді, өте құпияда сақталды. Жалпы алғанда, жоғарыда айтылған үкімет әскері жүргізген шаралардың нәтижесінде барлығы 1715 адайлық қолға түскен. Т. Омарбековтің еңбегінде бұл сан 494 деп көрсетілген де, жауапқа тартылып жазаланғандар саны 136 адам, оның 13-і ату жазасына, 110-ы еңбекпен түзету лагеріне бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге айдалып, ал 13 адам Қазақстанның өз ішіндегі өлкелерге жер аударылған. Ал, М. Омаров «Расстрелянная степь» атты еңбегінде қолға түскендер ішінен 802 адамның № 17, 38, 100, 3329, 5671-інші тергеу істері бойынша РКФСР қылмыстық кодексінің 58-2 бабы (контрреволюциялық көтеріліс) және 59 бабымен (бандитизм) жауапқа тартылып, тергеу жүргізу кезінде осылардың ішінен 79 адам Гурьев, Ақтөбе абақтыларында қайтыс болып, 215 адам әрекеттерінде қылмыстық құрамының болмауына байланысты босатылды деп көрсетеді. Ал, 508 айыпкердің ісін Гурьев Мемл. біріккен саяси басқармасының (ОГПУ) оперсекторы қылмыстарын белгілеу үшін Қазақстандағы өкілдігіне жіберді. Бұлардың үштігі өзінің 1931 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен Доссор, Жылой, Ойыл және Маңғыстау ауд-дарынан 135 көтерілісшіні және 5 сәуірдегі 1932 жылғы қаулысымен 373 маңғыстаулықты соттап жіберді дейді. Көтерілісшілерге өтірік жала жауып, жасамағандарын жасады, істемегендерін істеді де-



ген айыптар тағылғандығы да кейінірек белгілі болды. Бірақ ол кездің заңы бойынша оларға қатаң шара қолданылғандығы қазір ғана жарыққа шығып отыр. Осы еңбегінде ол, ҚР ҰҚК-нің мұрағатындағы құжаттарға сүйеніп, Маңғыстаудағы көтерілістің 15 басшысы мен белсенді қатынасушылары ату жазасына кесіліп, олар халқының бақыты үшін шыбын жанын қиған ерлер – Боқымаш Шоланұлы, Қарамырза Ембердіұлы, Рахмет Боқымашұлы, Демеген Айтжанұлы, Қоғабай Алдасүгірұлы, Өтебай Жанасұлы, Қойшығұл Жантілеуұлы, Демепберген Ембердіұлы, Көбеген Құрманұлы, Қойсара Қайдағұлұлы, Әмір Нысанұлы, Қазақ Шиенұлы, Көбейсін Қуантырұлы, Жұмабай Үсенұлы, Лұқпан Сарықұлұлы екендігін айтады. 21 адам дүние-мүлкі тәркіленіп, концентрациялық лагерьлерге айдалды. 17 адам дүние-мүлкі тәркіленбей, 10 жылға айдалды. Бес жылға дүние-мүлкі тәркіленіп 125 адам, ал дүние-мүлкі тәркіленбей 14 адам сотталды. Бір жылдан үш жылға дейін дүние-мүлкін тәркілеп 39 адам, дүние-мүлкі тәркіленбей 53 адамға түрмеде отыруға үкім шығарылды. Қазақстан өңіріне бес жылға – 19 адам, үш жылға дүние-мүлкін тәркілеп – 11, дүние-мүлкі тәркіленбей – 8 адам жер аударылды. 66 адамның тергеу уақытында абақтыда отырған мезгілдері есепке алынып, қамаудан босатылды. Ал, қалғандары қылмыс жасамағандықтан босатылды деген қорытынды жасайды. Сөйтіп, басқа жерлердегі сияқты, Маңғыстаудағы да халық наразылығы да күшпен басылды. Партияның саясаты кедей шаруа халықты жарылқаймыз, оларды байлардың, молдалардың қысымынан құтқарамыз деген өсиетінің ешбір шындыққа жанаспағандығының бұл да бір көрінісі еді.

Б.Жұмағұлов

АЗАМАТ СОҒЫСЫ – мемлекет ішіндегі әлеуметтік топтар мен таптар, діни ағымдар мен кландар арасындағы өкімет билігі жолында жүргізетін қарулы күрес. Тарихта белгілі бір ел шеңберінде халықтың демокр. бостандықтар жолындағы ұйымдасқан күресі немесе көп ұлтты елдерде ұлттық езгіге қарсы қарулы көтерілістері А. с-на ұласқан. Мыс, Англияда «Алқызыл және ақ раушан» (1455–58), АҚШ-та бурж. Солт. пен құл иеленуші Онт. (1861–65), Францияда монархистер мен республикашылдар (1871), Испанияда фашистер мен демократ-

тар (1936–39) арасындағы А. с-тары болып өтті. 1918–20 ж. Ресейде орын алған А. с. Қазақстанды да қамтыды. Ол іс жүзінде 1917 жылғы Қазан төңкерісінің жалғасы болды. А. с. жылдарында қарулы күрестің бір жағында Қазан төңкерісі нәтижесінде жеңіліс тауып, саяси және экон. биліктен айырылған күштер тұрды. Оларға АҚШ, Англия, Франция, Жапония сияқты мемл-тер жан-жақты көмек көрсетті. Күрестің екінші жағында өкіметті өз қолына алған большевиктер партиясы бастаған күштер болды. Олар большевиктік ұрандар мен Кеңес өкіметі жариялаған социализм идеяларына сенген жұмысшылар мен шаруалардың айтарлықтай бөлігінен қолдау тапты. Кеңес өкіметін жақтаушылар «қызылдар» деп аталса, оларға қарсы тұрғандар «ақтар» деп аталды. Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күрестің негізгі күштері: Орынбор, Сібір, Орал, Жетісу казак әскерлері, өнеркәсіп орындарының бұрынғы қожалары, кезінде Ресейден қоныс аударып келушілердің ауқатты топтары, қазақтың бай-шонжарлары және солардың мүдделерін қорғайтын саяси партиялар мен ұйымдар болды. Алашорда үкіметі А. с-ның алғашқы кезінде Кеңес өкіметіне қарсы күштермен байланысып, казак халқының мүддесін қорғауға тырысты. Үкімет мүшелері Қазақстанға жақын қалаларға орналасқан Кеңес үкіметіне қарсы құрылған үкіметтермен – Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетімен («Комуч»), Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен, одан кейін Колчак үкіметімен, Орынбор және Орал казак әскерлерінің басшылығымен келісімге келуге ұмтылды. 1918 ж. жазда төңкеріске қарсы күштер Орал, Торғай, Ақмола, Семей обл-тарының көптеген аудандарын, соңынан Жетісу обл-ның бірқатар аудандарын басып алып, Кеңес өкіметін құлатты. Кеңес өкіметі Бағыс Қазақстанның кейбір аудандары мен оңт. өлкесінде сақталды. Қазақстанда А. с-ның Ақтөбе (немесе Солт. Түркістан), Орал және Жетісу майдандары құрылды, олардағы соғыс әрекеттері А. с-ның ірі майдандарындағы, ең алдымен Колчак әскерлеріне қарсы құрылған Шығыс майдандағы қимылдарға тығыз байланысты жүргізілді. Қазақ жеріндегі соғыс қимылдары елдегі жалпы жағдайға әсер етті. Қазақ азаматтары «қызылдар» құрамында да, «ақтар» қатарында да А. с-на қатысуға мәжбүр болды.



1920 жылдың көктемінде Қазақстандағы А. с. Кеңес өкіметінің жеңісімен аяқталды.

К.Нұрпейісов
«АЗАТ», Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы – қоғамдық-саяси ұйым. Құрылтай конференциясы Алматыда 1990 ж. 1 шілдеде өтті. Басты мақсатын «Халықаралық, Одақтық шартпен біріккен ерікті де тәуелсіз жаңа қоғамдастық шеңберінде Қазақстанның шынайы мемлекеттік егемендігіне қол жеткізу» деп белгіледі. Қозғалыстың 14 обл. ұйымы бар. 1990–93 ж. «Азат» газеті шығып тұрды. «А.» қозғалысы Қазақстанды, қазақ халқын отаршылық пен тоталитаризм зардаптарынан арылту үшін қажетті заңдар қабылдануы, олардың дұрыс орындалуы жөнінде халыққа үндеулер таратып, үкіметке ұсыныстар жасады, сепаратистік пиғылдағы ұйымдарға тойтарыс беру, адам құқыларын қорғау, т.б. мәселелермен айналысты.

Х.Қожа-Ахмет
«АЗАТ» – тәуелсіз саяси газет. Құрылтайшысы – Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы. 1990 ж. қазаннан 1993 ж. қыркүйекке дейін айына екі рет шығып тұрған. Қазақша – 56, орысша 7 саны жарық көрді. Қазақстанның егемен ел болуы, орыс отаршылдығының зардабын жою, тәуелсіз демокр. мемлекет құру мәселелерін көтерді.

Б.Дәрімбет
АЗАТТЫҚ [парс. азад: ерікті, еркін] – қазақ ұғымында саяси еркіндік, тәуелсіздік (әлеум. бас бостандығы немесе тәуелділіктен құтылу). Саяси еркіндікті білдіретін А. ұғымы – азаматтардың саяси мақсат-мүдделеріне сәйкес әрекет етіп, әлеум.-саяси және мемл. әртүрлі мәселелер жөніндегі көзқарастарын білдіруге, ұстанымдарын қорғауға; саяси оқиғаларға, барлық үлкенді-кішілі үкімет органдарының саяси қызметіне баға беруге; мемл. және жергілікті өкілетті органдарға сайлауға және сайлануға ерікті болуға кепілдік беретін шарттармен белгіленген заңды құқығын танытады. Тәуелсіздікті білдіретін А. ұғымы – жеке ұлттың, қауымның, елдің бостандығы, дербестікке ие болуы, яғни тәуелділіктен құтылуы. Бұл – тарихи көне дәуірлерден бері көбіне қантөгістер арқылы жүзеге асып келген халықтық асыл мұрат. Мыс., Абылай бастаған халық батырлары бастарын өлімге тігіп, өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолын-

да жанқиярлық күрестер жүргізді. Қазақ халқы Ресейге 18 ғ-дың 30-жылдарынан бастап бодан болып, одан кейін А. алу үшін қанша қан төгіліп, азап шеккені де тарихтан белгілі. А-тан айырылу – адамның да, халықтың да табиғи болмысына кереғар құбылыс. Азат халық қана әлеум.-экон. және мәдени даму жолына түсіп, тарих сахнасында қала алады.

АЗИЯДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ – орта ғасырлық табиғи өндіріс тәсілінен өнеркәсіптік өндірістік қарым-қатынастарға өту кезінде орын алған тарихи құбылыс. Экон.-әлеум. тұрғыдан неғұрлым жетілген мемлекеттер дамуы кенже қалған елдерді саяси, экон. және рухани құлдықта ұстады, олардың табиғи байлықтарын өтеусіз, ынсапсыз тонап, арзан шикізат көзіне айналдырды. А.о. 1498 ж. португалдықтардың Үндістанға жол ашуынан басталған. Азия елдерінде Ресей империясының үстемдік иелену үрдісі 300 жылдан астам мерзімге созылды; оған казактардың мекендерін, бекіністері мен далалық қамалдарын салу арқылы әскери басқыншылық жасау; тұрақты әскери бөлімшелерді орналастыру; тартып алған аумақтарға шаруаларды қоныстандыру; баламасыз сауда айырбасын жасау; тікелей тонау; өзінің басқару жүйесі мен әкімш.-аумақтық құрылымын енгізу сипаттары тән болды. 1731 ж. Әбілқайыр хан бодандыққа қабылданған кезден Қазақстанда Ресейдің отаршылдық жүйесі орныға бастады. Мемлекеттіліктің жекелеген нышандары 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» шыққанға дейін сақталды. 1867–68 жылдардағы қазақтарды басқару жөнінде «Уақытша ереже» қабылданып, мемлекеттіліктің жұрнақтары түгелдей жойылды. Ал, 1886, 1891 жылдардағы «Ережелер» қабылданғаннан кейін Қазақстан Ресей империясының толық отар еліне айналды. Осы кезеңде қазақ халқын орыстандыру, дала тұрмысына қап. қатынастарды енгізе отырып, оны жалпы империялық жүйеге кіріктіру саясаты кеңінен жүргізілді. Қазақстан «Ерікті соц. республика» деп жариялағанымен, тоталитарлық Кеңес үкіметінің кезінде де отаршылдық саясат жалғаса берді. 1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстанның мемл. тәуелсіздігінің жариялануымен қазақ халқын езгіде жаншыған отаршылдықтың жойылуына саяси-экон. алғы шарттар жасалды.

Е.Уәлиханов

АЙБАЛТА



АЙБАЛТА – соғыс қаруы. А-ны көшпелі халықтар өте ерте заманнан қолдана бастаған. Қазақтар бұл қару түрін 20 ғ-ға дейін пайдаланып келді. А-ның басы металдан соғылады, пішіні әртүрлі болып келеді. Балта басының – жалманының жарты ай сияқты болып дөңгелене соғылуы А. атауына негіз болған. Көне көшпелі халықтардың А-лары екі басты немесе балта басының шүйдесі ұзынша келген балға пішінді, әйтпесе істік түрінде болып келген. Шүйдесі балға түрінде, бірақ қысқа жасалған А. бастары



Айбалта

қазақтарда да кездеседі. Қазақ А-сының басына күмістен ою-өрнек салынады. Ерте замандарда А. басына салынған ою-өрнек магиялық рөл атқарған. А-ның сабы ағаштан жасалып, кейде терімен қапталады, металл жапсырмалармен әшекейленеді. Кейбір балта саптары түгелдей терімен, күміспен қапталуы да мүмкін. Қолға ұстау үшін саптың төменгі жағына қайыстан бүлдіргі тағылады. Қазақтар ұстанған А. саптарының ұз. негізінен 70–90 см аралығында. Мұражай қорларындағы кейбір қазақ А-сының сабы бұдан да қысқа, ал ұзын сапты А-ның үлгілері сақталмаған. Жауынгерлер А-ны белге байлап, жорыққа шыққанда тебінің астына қыстырып алып жүрген.

АЙБАЛТАШЫ – айбалтамен соғысу әдісін жетік меңгерген жауынгер. Орта ғ-ларда мұндай жауынгерлерден тұтас әскери қосындар – айбалташылар жасақтары құрылған. Мұндай жасақтар қоян-қолтық ұрыс кезінде шайқасқа араласқан. А. сарай, орда күзетінде де тұрған. Көшпелі халықтардың



Айбалташы

көне бейнелеу өнерінде айбалтамен қаруланған, осы қарумен соғысып жатқан жауынгерлер бейнелері жиі ұшырасады.

Қ.Ахметжан

АЙБАСОВ Бірмұхамед (1895, Ақмола обл. Атбасар уезі, Ұлытау бол. – 28.02.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері. Ұлытау болысында 30 жылдан астам фельдшер болған



Б.Айбасов

Айбас Байтабыновтың (1862–1937) отбасында туған. А.ш. уч-щесін (Омбы, 1917), Қызыл профессура ин-тын (Мәскеу, 1933) бітірген. «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы басқармасының хатшысы болды. «Айқап», «Қазақ» басылымдарында өлеңдері мен мақалалары



жарияланған. Ақмола уезі қазақ к-інің және «Жас қазақ» ұйымының белсенді мүшесі. 1920–31 жылдары Ақмола обл. жер басқармасының бастығы, Семей губ. «Қосшы» одағының төрағасы, Қазақ а.ш. кооп. одағы мал ш. бөлімінің бастығы, өлкелік кооп. техникумының директоры қызметтерін атқарды. Байларды тәркілеудегі, қазақ шаруаларын ұжымдастырудағы асыра сілтеушілікке қарсы шыққандығы үшін қуғынға ұшырады. 1933 ж. И.Сталиннің атына жазылған «алтаудың хаты» авторларының бірі. 1935–37 ж. Қазақ партия баспасының редакторы болды. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны. КСРО Жоғ. Сотының әскери алқасының 28.2.1958 ж. шешімімен ақталған.

Е.Айбасов

АЙЖАРҚЫН Қанайұлы (1855, қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз ауд. – 8.03.1930, сонда) – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысушы, Ырғыз көтерілісі (1930) басшыларының бірі. Николай II-нің маусым жарлығына (1916) мойынсұнбаған ол Кең-жеғара болысында көтеріліс ұйымдастырды. 1916 ж. қыркүйекте көтерілісшілер Ады хан сайлады. А. сарбаздары Ырғыз бен Торғай арасында батыл соғыс қимылдарын жүргізді. Көтеріліс басып-жаншылған соң, түрмеге қамалған А-ды ату жазасынан Ақпан төңкерісі (1917) құтқарды. 1930 ж. ақпан – наурызда ол туған жері – қазіргі Қостанай обл. Жетіқара ауд.-мен іргелес ауылдар шаруаларының Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы қарулы көтерілісін бастады. Көтерілісшілерге көрші аймақтардың қазақтары қосылды. Хазірет Мұқантай Сәметовпен бірге А. бастаған халық жасағы Ырғызға шабуыл жасады. А. Ырғыз маңындағы Көлқамыс деген жерде ОГПУ әскерімен шайқаста қаза тапты.

Әдеб.: Қозыбаев М., Алдажұманов Қ., Әбілғожин Ж., Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық, А., 1992.

Қ. Алдажұманов

АЙЖАРЫҚ Бекбауұлы (1829 – 18.3.1869) – би, 1869 ж. Батыс Қазақстанда болған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Жылқышы табын руынан тарайды. А. Қобда өңіріндегі белгілі адамдардың бірі болған, көтеріліске дейін, 1860–62 ж. аралығында Ұлы Қобда өз-нің шығыс жағы қараған 57-дистанцияда, Тамды сағасы, Қобда, Қарақобда бойларындағы ауыл-аймақтардың үкімет

бекіткен жергілікті биі қызметін атқарған. Ол басқарған аумақта барлығы 571 шаңырақ болған. 1862 ж. түгін салығын бір жылға кешіктіргені үшін қызметінен алынған. А. би 1869 жылғы көтерілісті негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Көтеріліс кезінде серіктерімен бірге 700 адамдық жасақ басқарып, барлық іс-әрекеттерге дерлік қатысты. Сол жылдың 18 наурызында Бестамақ бойында подполк. Новокрещенов бастаған жазалаушы әскерге жасағымен шабуыл жасап, 20-дан астам сарбазбен бірге шайқаста қаза тапты. Қобда өңіріндегі Қарсақбайдың қара моласы деп аталатын әулеттік қорымда жерленген, құлпытасы анықталған. *Дер.:* КР ОММ, 4-қор, 1-т., 3084, 3284, 4499 істер; ООММ, 6-қор, 15-т., 1290-іс.

Н.Жемісбай

«АЙҚАП» – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911–15 ж. Троицк қ-нда айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Алғашқы редакторы – М. Сералин. «А.» қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің оянуы мен ұлттық санасы мен мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. «А.» журналында қазақ ауылындағы оқу-ағарту мәселесі, әйел теңдігі, отырықшылық тұрмысқа көшу, тарихи, т.б. тақырыптар мен мемл. Думаға қатысу сияқты саяси мәселелер де көтерілді. Журналды шығаруға Ә.Ғашимов, С.Торайғыров ат салысқан. А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Майлин, Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев, С.Көбеев, Н.Құлжанова сынды қаламгерлер белсене қатысты. 1912 жылғы № 6–7-сандарында Азамат Алашұлы деген бүркеншік атпен М. Дулатовтың «Абылай хан» атты мақаласы жарияланған. «А.» журналының материалдарын 1995 ж. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы жеке кітап етіп шығарды.

Ұ.Сұбханбердина, С.Қалиев,

К.Қошым-Ноғай

АЙҚАС, әскери істе – соғысып жатқан екі жақтың бетпе-бет келген шақта қоян-қолтық шайқасқа түсуі. А., негізінен, отты қару жаппай қолданылғанға дейінгі ұрыстардың, әсіресе, атты әскерлер соғысының бір тәсілі болды. Жеке батырлардың жекпе-жегі де А. түрінде өткен. Әскерлерде отты қару көбейген сайын, әсіресе, атты әскер Қарулы Күш санатынан шығарылғаннан кейін А. ұрыс тәсілі ретінде ығыстырыла түсті. Тарихтағы соңғы соғыстарда бетпе-бет А.

АЙМАҒАМБЕТОВ



лажсыз, төтенше жағдайларда болмаса, бұрынғыдай көп орын ала қоймаған.

Қ.Исабаев

АЙМАҒАМБЕТОВ Ақкенже (1896, Семей обл. Семей уезі, Шыңғыс бол. 4-а. – 1932, Сырдария окр.) – Алашорда жасақтары қатарында болған қазақ азаматы. Дәулетті отбасында дүниеге келген. Ауыл мектебінен мұсылманша оқып білім алған. 1917 жылдан кейін Қазақстанның әлеум. ісіне араласып, уездік, обл. қазақ к-тінің жұмысына қолғабыс жасады, қаржылай жәрдем берді. Шыңғыстағы «Талап» игілік ұйымының құрылтайшысы болды. М.Әуезовтің басшылығымен әрі режиссерлігімен киіз үйде алғаш қойылған «Еңлік-Кебек» спектаклінде Кебектің рөлін ойнады. А. 1918 ж. Семейде құрылған Алаш әскерін көлікпен, ақшалай қаражатпен жабдықтауға зор үлес қосты. Қызылдармен шайқаста қол бастап, майданға аттанды. А. Тұрағұл Абайұлымен бірге қызылдарды Семейден Рубцовкаға дейін қуған соғыста болып, ерлігімен көзге түсті. Ол алаш қозғалысының белсенді азаматтарына, олардың отбасына, шәкірттерге, аштыққа ұшыраған Жетісу, Сырдария қазақтарына азық-түлік, қаражат жағынан көмектесіп тұрды. 1928 ж. тәркіленіп, отбасымен Сырдария округіне жер аударылды.

Б.Байғалиев

АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1889, Семей губ. Павлодар уезі, Қызылтау болысы, 1-а. – 1931, Мәскеу к.) – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, аудармашы, зерттеуші. А. жастайынан арабша хат танып, 1907 жылдан бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі сыныптық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық а.ш. мектебінде, Керекудегі екі сыныпты орыс-қазақ мектебінде оқыды. 1911–1914 ж. ауылда мұғалім болып істеді. 1914–1918 ж. Семейдегі оқытушылар семинариясында оқыған. 1917–19 ж. «Алаш» партиясында болып, Алашорда үкіметінің істеріне араласады, Қ.Сәтбаевпен, М.Әуезовпен танысады. 1918–19 ж. Семей қаласында Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын шығарды. 1920 ж. Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып, Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссарының орынбасары болып тағайындалды. 1921 ж. Семей губ-лық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болды. 1924–26 ж. Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі, 1926–29 ж. Шым-

кент педагогикалық техникумының директоры қызметтерін атқарды. Алапат аштық қарсаңында ұлт жанашырлары күйзелген елге қолұшын беру мақсатымен Семейде «Жанар» атты ұйым құрып, олардың қатарында болған А. мұраттас серіктерімен бірге елге жәрдемдесіп, рухани тұрғыдан, әлеуметтік жағынан қолдап, көмек көрсетті. А. 1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшыл ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, 1931 жылдың 21 сәуірінде Мәскеудегі Бутырька түрмесінде атылды. Жазушының 1926 ж. Қызыл-



Ж.Аймауытов

ордада басылып шыққан «Қартқожа» романында патша заманынан бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, төңкеріс кезіндегі аласапыран болған уақыт, жұрттың малын ортаға тартып алып байларды кәмпескелеу секілді әлеуметтік ірі оқиғалар жан-жақты баяндалады. А-тың «Ақбілек» романы 1927 ж. «Әйел теңдігі» журналында жарияланды. Шығармадағы барлық оқиғалар тікелей өмірден алынған. Онда А. қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ ауылының өмір-тірліктерін, ақ гвардияшылардың бейбіт жатқан қазақ ауылдарына қылған зорлық-зобаланын шынайы суреттеген. Жазушы толық ақталып, шығармалары бірнеше том болып жарық көрді. Оның туған ауылына есімі берілген, еліміздегі қалаларда оның есімімен аталған көшелер, мектептер бар.

Р.Нұрғалиев, Д.Наушабай

АЙТБАЙҰЛЫ Мәжит, Қ о б ы з ш ы Қ о р к ы т (1914, Қызылорда обл. – 1945, Германия, Дрезден қ.) – ақын. Қазақ пед. ин-тын бітірген. 1937–39 ж. Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, студенттер даярлау курсының бастығы, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда обл. бойынша өкілі қызметтерін



атқарған. Өлең, әңгімелері мерзімдік баспа-сөздерде, жинақтарда жарияланып тұрған. Көркем аудармамен айналысқан. 1939 ж. А. әскерге алынып, батыс шекарада қызмет атқарды. 1941 ж. тұтқынға түседі. «Түркістан ұлттық бірлік комитетіне» мүше болып «Жаңа Түркістан», «Милли Түркістан» газеттерін шығарысқан, «Милли әдебиет» альманағының бас редакторы болған. 1943 ж. Берлинде «Абылайхан» атты өлеңдер жинағы шықты. Оған екі дастан, үш баллада, төрт ән, 41 өлеңі енген. Шығармаларын Қобызшы Қорқыт деген бүркеншік атпен жазған шерлі ақын Қорқыт болып күңіренеді. Алтайды, Арқаны, Сырды сағынады, Тұранды, Түркістанды іздейді, туған жерге тәуелсіздік туын тігуді армандайды. Ақынның басқа да жинағы болған деген пікір бар. «Милли әдебиеттің» 1944 жылғы бір саны түгел А-ның 30 жылдығына арналды. А. 1945 ж. Дрезден қ-нда бомба жарылысынан дүние салды. «Абылайхан» жинағындағы өлеңінің бәрі, «Милли Түркістан», «Милли әдебиеттен» табылған 30 шақты жыры 1991–95 ж. Қазақстанда жарияланды.

АЙШУАҚ (1720–1810) – хан, Кіші жүзді билеген (16.10.1797–1805). Әбілқайыр ханның баласы. Нұралы ханның тұсында жетіруға билік жүргізді. 1748–49 ж. қазақ шонжарларының төрт баласымен бірге (інісі Қожахметті алмастырып) Жаманқалада (Орскіде) аманатта болды. Апақ және Жантөре деген балалары Сырым батыр бастаған қозғалысқа белсене қатысуына байланысты 1785 ж. атаман Донсков А-ты тұтқынға алып, екі жылдай қамауда ұстады. Кейін Сырым батыр және Ералы сұлтандардың араласуымен тұтқыннан босанады. 8.8.1797 ж. ашылған Кіші жүздегі Хан кеңесіне төрағалық етті. А. Орынбор әкімш. мен Сырымның арасын бітістіру, ел ішінде тыныштық орнату бағытында елеулі жұмыстар атқарды. Жасының ұлғаюына байланысты 1805 ж. өз өтінішімен хандықтан босатылды. Ресейдің Екатерина II патшайымының таққа отыруына байланысты 1762 ж. 28 маусымда Кіші жүздің Нұралы ханы мен оның інілері Ералы мен А. сұлтанға және Орта жүздің сұлтаны Абылайға грамоталар жіберілген. 1771 ж. қаңтар айының басында Сағыз өз. бойында А. ағасы Нұралы ханның қолдауымен Еділ қалмақтарына күйрете соққы берген, ал қалмақтармен болған ақырғы шайқаста Абылай қолбасылық жасаған.

Ж.Қасымбаев

АЙШУАҚОВ Баймұхамед (Баймағамбет) (1790 – 30.3.1847) – сұлтан, ген.-м. Кіші жүзді билеген Айшуақ ханның баласы, Әбілқайыр ханның немересі. Сауатын ауылда ашып, араб, орыс тілдерін меңгерген. 1815 ж. жетіру билеушісі болып тағайындалды. А. Қазақстандағы патша үкіметінің саясатына қолдау көрсеткені үшін әскери старшина (1836 жылдан), подполк. (1839), полк. (1840) шендерін алған. 1825 ж. Кіші жүздің батыс бөлігінің сұлтан-әкімі Қаратай Нұралиевпен және Орал казак-орыстарымен қосылып, Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын басуға қатысты. Патша үкіметіне көрсеткен «адал қызметі» үшін 1830 ж. 25 қарашада батыс бөліктің сұлтан-әкімі болып тағайындалды. Ол бұл қызметті 17 жыл бойы атқарды. Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісін басуда белсенділік танытып, 1838 ж. 12 шілдесінде Қиыл өз-нің жағасындағы шайқаста ұрысқа араласты. 1839–40 ж. Орынбор әскери губернаторы В.А.Перовский бастаған экспед. корпусың Хиуаға жасаған сәтсіз жорығына қатысты, Маңғыстауда Жаңа Перовск бекінісін салдырды. 1843 ж. Кенесары Қасымұлы қолына қарсы күресті. 1846 жылдың желтоқсаны мен 1847 жылғы наурыз аралығында Кіші жүз қазақтарының бір топ өкілдерін бастап Санкт-Петербургте болып қайтты. А. бұл сапарында Николай І-нің қабылдауында болып, ген.-м. шенін алды (1847, 27 ақпан).

М.Әбдіров

АКАДЕМИК Ә.Х.МАРҒҰЛАН МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС МӘСЕЛЕСІ. Ұлттық ғылымның дамуына ерекше үлес қосқан акад. Ә.Х. Марғұлан, өз еңбектерінде қазақ халқының мемлекеттігі мәселесіне де назар аударған. Ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбына байланысты Марғұланның ҚР ҰҒА Орт. ғыл. кітапханасының қолжазбалар қорында 1946 ж. аяқталып, басылмай қалған 45 парақтық «Сырым батыр» атты еңбегі сақталған. Марғұлан қазақ тарихшылары арасынан бұл тақырыпқа алғашқылардың бірі болып ден қойып зерттейді. Оған дейін Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихын зерттегендер қатарында тек қана орыс әскерилері мен ғалымдары болатын. Бұл еңбекте ғалым Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) сақталған мұрағат деректерімен қатар дәстүрлі ауызекі тарихи мағлұматтарды кеңінен пай-



далана отырып, Сырым батыр бастаған күреске өзінің бағасын береді. Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілісін ғалым үш кезеңге бөліп қарастырады: 1778–86 ж., бірінші кезең – қозғалыстың басталуы; екінші кезең – 1786–90 ж., Сырым батыр бұл уақытта халық күшімен Кіші жүздің басқару жүйесінде өзгерістерге қол жеткізеді; соңғы кезең – 1790–98 ж., бұл уақытта Сырым батыр патша үкіметінің отарлау саясатына наразылық танытып, қарулы шабуылдар жасайды. Мұрағат деректерін негізге ала отырып, акад. Марғұлан Сырым батырдың соңынан ерген әскер санын 60 000-ға жуық деп көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «1783 жылдары Сырымның соңынан ермеген Кіші жүз қазағы қалмаған. Патшаға, ханға өмірі қас болып, атақты би, батырлардың барлығы Сырымның оң қанаты болып, оның не айтқанын орындауға дайын тұрды... Бұлардың бәрінің бас қосып анттасқан ісі – өле-өлгенше патша мен хан тұқымына қарсы тұрып, халық мұңы үшін қандай қиындыққа болса да шыдау» деп жазған. Сонымен бірге осы еңбекте Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалысына байланысты қызықты деректер келтіріледі. Мәселен, Сырым батырдың патша әскерінің тұтқынына түскен жағдайларды 1783 ж. болған оқиға деп жазады. Басқа зерттеулерде бұл оқиға 1786 ж. орын алғандығы көрсетіледі. Сонымен қатар акад. Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық көтеріліс «халық бұқарасы үшін халық бостандығын іздеу» идеясына негізделген деп жазады. Өзінің ғыл. жұмысында акад. Марғұлан Сырым батыр бастаған соғысты зерттей келе, қазақ халқының барлық ұлт-азаттық қозғалысына баға береді: «Қазақ халқы – ежелден еркіндікті, азат тұрмысты сүйген жұрт. Ханға, патшаға құл болуды олар мәңгі тозақы іс деп біледі. Халық бұқарасының өмірін өксітіп жәбірлеген хан болса, жұртшылық оны өзінің қайыспас тезіне салып, оның тәңірісі кім екенін танытып отыратын. Өзінің еркіндігін, жұртшылық бостандығын ардақтап өскен қазақ халқы үшін, жәбір етушілерге қарсы толқын шығарып отыру әрқашан ұлы іс болып танылатын». Марғұланның еңбегі оның тарихи таным мен ойы жағынан ілгерілігін көрсетіп, көптеген жылдарға алға кетіп қалғандығын аңғартады, себебі ғалым осы уақыттың өзінде Едіге, Сырым, Кенесары, Наурызбай, Исатай, Аман-

гелді – қазақтың бір кездегі қорғаушылары деген пікірді ашық айтады. Бұған акад. Марғұлан ұлт-азаттық қозғалысына қатысты Ш. Уәлихановтың мұрасын зерттеу барысында кезігеді. Акад-тің пікірі бойынша, Уәлиханов қазақтың тәуелсіздігіне аса жоғары мән берген. Әсіресе Уәлихановты Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысы тарихи қызықтырған. Ыстықкөл саяхаты кезінде ол Кенесары қозғалысына бір дәптер арнаған деп жазады Марғұлан. Нәтижесінде акад-тің бұл еңбегі қалыптасқан идеологияның шеңберіне қарсы келіп, зерттеудің жарыққа шықпай, қолжазба күйінде қала беруіне себеп болды.

Әдеб.: Вяткин. М. Батыр Сырым. А., Санат, 1998, 344 с.; Козыбаев М. Казахстан на рубеже веков: поиски и размышления. В двух книгах. Кн., II – Несбывшиеся мечты. А., Ф., 2000, 388 с.; Левшин А.И., Описание киргиз казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. А. «Санат» 1996. С. 655; Марғұлан А. «Сырым батыр» 1946. л.45. ОҒК қолжазба қоры. №661бұма; Материалы по истории Казахской ССР. Т IV. Изд. АН СССР. М.Л. 1947. с. 544.

Е.Қасенов

АҚАН СЕРІ, А қ ж і г і т Қ о р а м с а ұ л ы (1843, бұрынғы Көкшетау обл. Үлкен Қоскөлдің маңы – 1913, сонда) – ақын, әнші, композитор. А.с. жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжарда-



Ақан сері

ғы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. 16–17 жасынан өнер жолына түскен. А.с-нің елдің жер-судан, қоныстан айырылуына наразылық білдірген азаматтық лирикалары мен сықақ өлеңдері де өткірлігімен ерекшеленеді. Атбасардың указной молдасы Көктөбеттің Смағұлын, Атығай-Қарауылдың болысы Сұрағанды, болыс Шоғармақты өлтіре



сықақ етеді. Қонысынан айырылған елдің мұң-мұқтажын ақын халық атынан айтады. Мемл. 2-Думаға шағынады, әділдік, үміт күтеді. Серінің өмірі мен тағдыры туралы І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғ.Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» драмасын, С.Мұхамеджанов осы аттас операсын, С.Жүнісов «Ақан сері» романын жазды.

Әдеб.: Қазақ әдебиетінің тарихы, 2-т., 1-кіт., А., 1961; Ж ұ б а н о в А., Замана бұлбұлдары, А., 1963; Ы с м а й л о в Е., Әдебиет жайлы ойлар, А., 1968.

Ж.Ордалиева, М.Қожахметова
«АҚ ЖОЛ» – газет. Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен бұл басылым 1920–25 ж. Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК мен Түрік АССР-і ОАК-нің органы, 1925–26 ж. Шымкентте БК(б)П Сырдария губкомының органы ретінде шығарылды. Алғашқы редакторы – С.Қожанов. Кейін газетті шығарушы редакторлардың ішінде Н.Төреқұлов, С.Оспанов, И.Токтыбаев т.б. болды. Оның жұмысына М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, І.Жансүгіров, А.Байтұрсынұлы, Б.Сүлеев, Т.Шонанов, т.б. қазақ зиялыларының үлкен шоғыры араласқан. Басылым беттерінде алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. 29.5.1925 ж. И.В. Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік к-тіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «А. ж.» мен «ақгвардияшыл эмигрант» М.Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жоқ интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті. Сталиннің хаты ескі интеллигенцияны қуғындауға жол ашып, 20-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялылық пен демократиялық атаулыны әміршіл-әкімшіл жүйемен ауыстыруға негіз берді. «А. ж.» газеті халық алдындағы борышын адал орындаған, ұлттың рухын көтеретін басылымдардың бірі болды.

Р.Әлмұханова

АҚКӨЗ Қосанұлы (1859 – 1921) – батыр, 1916 жылғы Меркі (Әулие-Ата уезі) қазақтары ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі. Ұлы жүз дулаттың ботбай руынан (Қарағай болысы). Бұзау ауылынан шығып, Меркі,

Құлтан өңірінің 7 болыс елін көтеріліске бастады. Орынбасары болып Досмайыл батыр, хатшы және діни басшысы болып Өмірзақ молда сайланды. 1916 ж. 29–30 тамыз күндері найза, шокпар, айбалта, сойылмен қаруланған 1500–2000 сарбаз Меркіге шабуыл жасады. Ташкенттен Әулиеата – Пішкек арасындағы көтерілісті басу үшін жіберілген жазалаушы отряд оларды қырғынға ұшыратты. Меркіде жазалаушылардың үлкен әскери лагері орналасты. Көтерілісшілер Меркіден Пішкекке, Әулиеатаға тартылған телефон сымдарын қиып, бағаналарын қиратты. Қыркүйек айының ақырында көтерілісшілер жеңіліс тапты. А-ды ұстап, Әулиеатаға әкеп түрмеге жапты. Абақтыдан қазан төңкерісінен кейін босап шықты. 1919 ж. Новотроицк (қазіргі Төле би а.) базарында орыс отаршылдарының бұзақылары өлімші етіп сабап, сегіз қабырғасын сындырды. А. екі жыл төсек тартып жатып көз жұмды.

Е.Әлімжан

АҚМЕШІТТІҢ ОЙРАНДАЛУЫ – Ресей империясы Орынбор губерниясының әскери губернаторы (1833–42 және 1851–57) В.А.Перовский бастаған отрядтың Ақмешіт бекінісін (қазіргі Қызылорда қ.) басып алуы. Ресейдің Орта Азиядағы саясатын дербес жүргізуге құқылы Перовский Қоқан хандығының бекінісі болып тұрған Ақмешітке 1853 ж. 2 шілдеде келіп жетті. Оның отрядында 2850 жауынгер, көптеген зеңбіректер т.б. қару-жарақтар болды. Перовский бекіністің Түркістанмен, Ташкентпен, Бұхарамен, Хиуамен, жергілікті мекендермен қатынас жолдарына қатаң бақылау орнатып, барлаушы топтар жіберді. Ақмешітте 400-ден астам сарбаз, зеңбіректер, қару-жарақ қоймасы болды. Жасақтарын жүзбасылар Бекбай, Құлбай, Қаңлыбай деген қазақтар мен Лепес есімді қарақалпақ басқарды. Тыңғылықты әзірліктен кейін 28 шілдеде патша әскері шешуші шайқас бастады. Оған қазақ сұлтандары Елекей (Ермұхамед) мен Мұхамеджан Баймұхамедовтің қарулы күштері де қосылды. Қорғанды алу кезінде 230 ақмешіттік қаза тауып, 77-і (35-і жаралы күйінде) тұтқынға түсті. А.о. Ресей империясының Орта Азияны одан әрі отарлауына жол ашты. Ақмешіт генералдың құрметіне Перовск форты болып аталды (31.8.1853).

М.Кереев, Қ.Арыстанғалиев



АҚМОЛА КӨТЕРІЛІСІ – 1916 жылғы қазақ халқының орыс отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі, Ақмола өңіріндегі көтеріліс. Ресей патшасының Орта Азия халықтары мен қазақтарды 1-дүниежүз. соғыс майданындағы қара жұмысқа алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығына қарсы Ақмола өңірінде алдымен атығай, керей рулары наразылық білдірді. Тамыз айынан бастап халық толқулары бүкіл облыс жерін қамтыды. Көтерілісшілер негізінен Атбасар өңірі мен Қорғалжын к-нің маңайында шоғырланды. Қорғалжын, Қарабұлақ, Қоржынкөл, Ереймен, Сілеті болыстарында сарбаздардың қарулы жасақтары ұйымдастырылды. Көтерілісшілерге Қызылжар, Көкшетау, Атбасар, Қарағанды, Қарсақпай, Жезқазған, Байқоңыр, Спасск, Успен кәсіпорындарының қазақ жұмысшылары қосылды. Қыркүйек – қазан айларында Қорғалжын өңірінде, Ерейментауда, Ұлытауда жалпы саны 40 мыңнан астам көтерілісшілер шоғырланды. Қазан – қараша айларында қазақ жасақтарының империяның тұрақты әскери бөлімдері және казак жүздіктерімен бірнеше ауыр шайқастары болып өтті. Атбасар көтерілісшілері 27–29 қазанда Терісаққан және Қыпшақ өз-дерінің бойында жазалау отрядымен кескілескен ұрыс жүргізді. Орыс зеңбіректері мен пулеметтеріне қарсы ашық айқаста төтеп бере алмайтынына көзі жеткен көтерілісшілер ең далада еркін қимыл жасап, шағын топтармен өкімет әскерлеріне тұтқиылдан шабуыл жасау тактикасын кеңінен қолданды. Мұндай тәсілмен олар жауларын титықтатып, жеткілікті қару-жарақ жинап, қуаттанғанша уақыт ұтуға тырысты. Көтерілісшілердің негізгі күштерін ашық шайқасқа тарта алмаған жазалаушылар отрядтары бейбіт елді қырғынға ұшыратты, мал-мүлкін талады, ауылдарды өртеді. Көтеріліс басында елге сыйлы азаматтар тұрды. Ерейментаулықтар Сәтбай қажыны хан сайлап, Сыздық батырды (Бейсенұлы) қолбасы етті. Құжаттарда Молдажан Жадаевтың да есімі көтеріліс жетекшісі ретінде аталады. Тінәлі елі – Қуаныш қажыны, қарағаштықтар – Оспан Шоңұлын, Шерубайнұра болысы – Нұрлан Қияшұлын, Сарысу, Сеңгіз өз-нің бойындағы тоқа елі Әлсен Шөмішұлын (қаза тапты) хан көтерді. Жұрттың соңынан ерткендердің ішінде Рақымжан Мәдіұлы (жендеттер оның аяқ-қолын сындырып жарым-

жан етті), Мәметбай Шабатұлы (қаза тапты), Жақып Мырзақожаұлы, Әділбек Майкөтов, Иса Дәулетбеков (қаза тапты), т.б. болды. Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасындағы ірілі-ұсақты ұрыстар 1917 жылдың ақпанына дейін созылды, қақтығыстар тіпті одан кейін де болып тұрды. Ақмолалық көтерілісшілердің бір бөлігі Торғайдағы Әбдіғапар – Амангелді әскеріне барып қосылды. *Әдеб.*: Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар мен материалдар жинағы, I-II т., А., 1998; Ақмола: Энциклопедия, А., 1995.

Ж.Сүлеймен

АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ, 1917 ж. сәуірдің 25-інен мамырдың 7-сі аралығында Ақмола обл. қазақ к-тінің ұйымдастыруымен Омбы қ-нда өтті. Съезге сол кездегі Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 өкіл, сондай-ақ арнайы шақырумен Орынбордан М.Дулатов қатысты. Съездің төралқасы құрамына А.Тұрлыбаев (төраға), Е.Итбаев пен М.Дулатов (төраға орынбасарлары), М.Саматов, А.Сейітов және Е.Тоқабаев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібіне мемл. құрылыс, қазақ к-терін құру, земство, дін, жер, оқу, сот ісі, Құрылтай жиналысы, соғыс және әйел жайы секілді 17 мәселе қойылып, тиісті шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер мемл. құрылыс жөнінде: Ресей демокр., бір орталыққа қаған бағындырылмаған республика болсын, ал бүкілресейлік құрылтай жиналысына әр халықтан санына қарай депутат сайлансын, сайлауға әйелдер де қатынасын; жер мәселесі бойынша қоныс аудару тоқтатылсын, бұрын алынған жерлер кері қайтарылсын, облысқа земстволық басқару енгізілсін, мектептерде оқу ана тілінде жүргізілсін деген мазмұнда болды. 1917 ж. мамыр айында Мәскеуде өтетін жалпыресейлік мұсылман съезіне делегат ретінде М.Жұмабаев сайланды. Съезде Ақмола обл. қазақ к-ті сайланды. Оның құрамына 10 адам кірді. Айдархан Тұрлыбаев (төраға), Сейілбек Жанайдаров (орынбасары), мүшелері – Асылбек Сейітов, Қазы Тұрсынов, Ермұхамед Тоқбаев, Төребай Нұралин, Сәдуақас Жантасов, Ерқосай Мұқышев, Байсейіт Әділов, Мағжан Жұмабаев. *Әдеб.*: Н ұ р п е й і с о в К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қ о й г е л д и е в М., Алаш қозғалысы, А., 1995; М а х а е в а А. Ш., Қазақ комитеттері, А., 1995.

К.Глиясова, А.Махаева



«АҚМОЛА, СЕМЕЙ, ЖЕТИСУ, ОРАЛ ЖӘНЕ ТОРҒАЙ ОБЛЫСТАРЫН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ» – 1891 жылғы 25 наурызда Ресей императоры II Александр қол қойған құжат. Ол Ресей империясының дәстүрлі қазақ қоғамына әкімш.-сот реформасын енгізуін аяқтап, өлкеге тұтастай саяси өктемдігін орнатуын, экон. тұрмысын шексіз билеп-төстеуін заңдастырды. «Ережеге» сәйкес Орынбор және Батыс-Сібір ген.-губернаторлығымен қатар тағы бір әкімш. бөлік – Дала ген.-губернаторлығы құрылып, орталығы – Омбы қ-сы болды. Құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Жетісу обл.-тары кірді. Ген.-губернаторға шектеусіз билік берілді. Жергілікті халықты басқарудың сайланбалы негізі қағаз бетінде қалды. Іс жүзінде патша әкімш.-нің басшылары болыстар мен ауылнайларды сайлау өткізбей-ақ тағайындады, ал сайланған жергілікті шенеуніктерді әскери губернатор бекітуге тиіс болды; ол жаңадан сайлау өткізу құқын иеленді. Ереже бойынша бір болыс шегіндегі, көршілес рулар арасындағы жер дауы, жесір дауын – болыстық съезд, ал түтін иелері (жеке адамдар) арасындағы дауларды ауыл басқармасы талқылады. Болыстар мен ауылнайлар шешуші рөл атқарды. Осыған байланысты ел ішіне жік түсіп, 3 жылға сайланатын болыстық пен ауылнайлыққа әр ру өз адамын өткізуге жанталасты. Қалыптасқан имандық-құқықтық принциптер бұрмаланып, мансапқорлық, парақорлық, озбырлық жайлады. Сот төрелігі саласы да өзгертілді. Билер сотының орнына сайланбалы халықтық судьялар билігі пайда болды. Бұл әдет нормаларының, шариғат сотының қағидаларын бұзып, дәстүрлі әділеттік сезімнің тінін үзді. Қазақстанның аумақтық-әкімш. құрылымдарындағы және әлеум.-экон. даму бағытындағы өзгерістер империяның отаршылдық мүдделерін қорғайтын жаңа салық жүйесінің қабылдануына жол ашты. Отырықшылық тұрмыс кешіп, егіншілікпен айналысатын казактарға, орыс шаруаларына қарағанда ауа райының амалына тәуелді, кіріптар қазақ шаруалары салық төлеушілердің негізгі бөлігін: 1880 ж. – 90,5 пайызын, ал 1897 ж. 82,0 пайызын құрады. Жетісу және Сырдария обл. тұрғындарынан – 2 сом 75 тиын, далалық төрт обл. тұрғындарынан 3 сом мөлшерінде алынатын түтін алымы мемл. салықтың бір

түрі ретінде жүрді. Ішкі Ордада салық салудың айрықша түрі қолданылды. Бұрынғы «зекет», «соғым» алымдарына ақшалай төлем – мал басына салық салу енгізілді. Арнаулы низамдарда салық жинаудың пропорционалдық жүйесі басым сипат алды да, ең қарапайымы, әрқилы әлеум. топтардың материалдық әл-ауқатын есепке алу жағы ескерілмеді. «Ереже» жер пайдалану ісінде казактардың мүдделерін аяқ асты етті. Оның 119-бабындағы «Көшпелілер жайлаған жерлер мен осы жер аумағындағылардың барлығы, соның ішінде, ормандар мемлекеттік меншік болып танылады» деген жолдар көптеген әділетсіздіктерге жол ашты. Жерге орналастыру барысында патша әкімш. малшы казактарға топырағы құнарсыз, шөл, шөлейтті жерлерді ғана берді. Сондықтан, олар өздерінің иелігіндегі жайылымдар мен шабындықтарды казактардан кіреге (жалға) алуға мәжбүр болды; станица атамандары мұндай кіріптарлықты асыра пайдаланып, өрісі тарылған қазақ шаруаларын тікелей тонауға – негізсіз алым-салықтар салуға көшті. Олардың озбырлық әрекеттерін казак басқармалары қолдап отырды, ал казактардың заңды талап-шағымдарын қаперге алған жоқ. Тұтастай алғанда, 1891 ж. 25 наурызындағы Ереже – Ресей патшалығының қазақ өлкесін отарлау саясатын түбегейлі жүзеге асырған, байырғы тұрғын халықтың дәстүрлі әлеум.-экон. тұрмысына нұқсан келтіре отырып, құқықтық санасын, рухани аңсарын езгіге түсірген ресми акт болды.

М.Ізімұлы

АҚМОЛА, СЕМЕЙ, ЖЕТИСУ, ОРАЛ ЖӘНЕ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚТАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕҢЕСІ – Ресей патшасының бұратана (қазақ, өзбек, қырғыз, т. б.) халықтардың 19–43 жастағы азаматтарын майдан тылының қара жұмысына алу туралы жарлығынан (25.6.1916) туындаған мәселелерді талқылаған кеңес. Жиын «Қазақ» газетіне топтасқан зиялылардың бастамасымен 1916 ж. 7 тамызда, Орынборға шақырылды. Стихиялы түрде басталған қарсылық әрекеттерге көзқарасты айқындап, қантөгісті болдырмау үшін ел ішіндегі жағдай жалпықазақтық жиында талқылануы қажет деп есептеген Ә. Бөкейхан 7 шілдеде Кеңес өткізуді сұрап, Торғай ген.-губернаторына жеделхат жолдады. Кеңес Бөкейхановтың төрағалығымен (хатшылары М. Дулатов,



О.Алмасов) өтті. Кеңеске қатысушылар патша жарлығының алдын-ала жарияланбай, тосыннан берілгенін, оған халықтың дайын еместігін, жергілікті әкімдердің қиянатын атап көрсетті. Әр елге шыққан әскерді қайтару, халық өкілдерінің кеңесін өткізіп, мәңжайды түсіндіру, қазақ жігіттерін қара жұмысқа жіберуді мүмкіндігінше кешеуілдету, бұған дейін алынғандар мен олардың отбасыларына мемл. тарапынан жеңілдіктер жасау жолдарын қарастыру қажет деп шешті. Ресей үкіметіне 17 тармаққа негізделген талап-тілектерін ұсынды.

Әдеб.: Аманжолова Д. А., Партия Алаш: история и историография, Семипалатинск, 1993; Нұрпейісов К. Н., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М. Қ., Алаш қозғалысы, А., 1995.

Ш.Тілеубаев

АҚМОЛА СЫРТҚЫ ОКРУГІ – Ресей империясының билігі кезеңіндегі әкімшілік-территориялық бөлік (22.8.1832). Мұрағаттық құжатта бұл округтің құрылу себебін «Біздің бодандығымыздағы руларды бодандыққа кірмеген рулар барымтасынан қорғау үшін» деп дәлелдеген. Омбы обл. әкімшінің өкілі полк. С.Б.Броневский 1825 жылдың күзінде Петропавл қамалынан Нұраға дейін сапар шегіп, кезекті сыртқы окр. дуанына лайықты деп Ақмола деген жерді белгілейді. 1830 жылдың жазында мұнда дуан салуға кіріседі. Үйлерін су алып кеткендіктен, дуан орны Есілдің Қараөткел тұсына көшіріледі де, құжатқа түскен Ақмола аты қала береді. А.с.о-нің аға сұлтаны болып Құдаймендіұлы Қоңырқұлжа төре, орынбасарлығына Қоңырқұлжаұлы Арыстан төре, қазылары болып қарпық руынан Қабанбайұлы Қотыраш би, алтай руынан Бектасұлы Матақбай би сайланады. Құрамына мына болыстар енді: Тоқа-Қарпық (болысы Құдаймендіұлы Өмірбек төре), Тінәлі Қарпық (Құдаймендіұлы Арыстан төре), Қареке Алтай (Құдаймендіұлы Бекәлі төре), Қырғыз Төртуыл (Дайырұлы Байқара төре), Темеш (Бөлтікұлы Төбет төре), Сарымұрат (Қоңырқұлжаұлы Шыңғыс төре), Сайдалы Алтай (Бөлекұлы Томан төре), Айтқожа Қарпық (Тәңірбергенұлы Сапан би), Тама (Сеңгірбекұлы Итемген би), Жағалбайлы (Байғұлұлы Қабанбай би), Алтай (Сармантайұлы Жұман би), Тарақты (Әбітайұлы Шикі төре), Түнқатар Қарпық (Ескенұлы Құлбек би). А.с.о-на 34740 адамы бар 5180 шаңырақ қарады. Бұл халықтың

есепте 140488 жылқысы, 28939 сиыры, 216875 қойы және 16011 түйесі болған. Ресей императоры І Александр қол қойған 1838 ж. 25 наурыздағы «Ереже» негізінде дала ген.-губернаторлығы (орт. Омбы қ.) құрамында Ақмола обл. құрылды. 1869 ж. осы облыс құрамында Ақмола уезі ашылды.

Дер.: ҚР ОММ, 338 қ., 290, 553 істер.

Қ.Исабай

АҚМОЛДА Байзақұлы (1824 – 73) – батыр, би. Әулиеата (Тараз) өңірі қазақтарының Қоқан хандығына қарсы азаттық көтерілісі басшыларының бірі. Ұлы жүз дулат тайпасының шымыр руынан. Атасы Мәмбет батыр Абылай ханмен дос болған. Әкесі Байзақ датқа Кеңесарыны қолдаған. Өзі бас батыр атанған. Әкесі екеуі де Қоқан езгісіне қарсы ауық-ауық көтеріліс ұйымдастырып отырған. 1858 ж. Ташкент бегі Мырзахмед басқарған алым-салық жинаушыларға қарсы қазақтар мен қырғыздардың көтерілісінен кейін (1864 ж.) 75 жастағы Байзақ датқа тұтқынға алынады, А. өзіне қарасты елді Шымкент маңына көшіріп кел деген парманашы Нұрмұхамедтің талабын орындаудан бас тартқан. Верныйға (қазіргі Алматы қ.) келіп, полк. Черняевпен байланыс жасайды. 1864 ж. маусымда өз сарбаздарымен Әулиеатадағы орыс армиясына қосылып, Шымкентті қоқандықтардан азат ету соғысына қатысты.

Әдеб.: Туркестанский край: Сб. материалов для истории его завоевания, 1864, ч. 2, Таш., 1914; Казахско-русские отношения в XVIII-XIX в., А., 1964; Әбілдаев Б., Байзақ датқа, А., 1995.

Е.Әлімжан

АҚ НАЙЗА, а қ с ү н г і – жібесі асыл болаттан, алмастан соғылған найза. Жібелері үшкір, төрт, алты, сегіз қырлы болып келеді. Батырлардың қаруы ретінде А.н. эпостық жырларда жиі айтылады.

Қ.Ахметжан

АҚПАЕВ (А қ б а е в) Жақып (7.11.1876, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. – 1934, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, заңгер. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін алтын медальмен бітірген (1903). 1903–05 ж. Омбы, 1907–27 ж. аздаған үзілістермен Семей, Сырдария окр., губ. соттарында қызмет атқарды. 1907 жылдан Орыс геогр. қоғамы Семей бөлімшесінің мүшесі, 1917 ж. «Шора-исламдағы» қазақ өкілі болды, «Алаш» партиясын және Алашорда үкіметін құруға бел-



сене қатысты, Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланды. Ұлт азаттығы мен теңдігі жолындағы саяси күресі оны 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялыларының халыққа ең ықпалды рухани жетекшілерінің бірі дәрежесіне көтерді. Ұлтына сіңірген еңбегін жоғары бағалаған Қарқаралы уездік қазақ к-ті А-тың құрметіне тегін оқытатын «Якуб (Жақып) медресесін» ашты (1.10.1917). А. саяси,



Ж.Ақпаев

таптық күреске, қоғамдық құрылыстың алмасуына тек қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қарады. Қазақ халқының тәуелсіз ел болуы үшін күресті. Сондықтан да Ресейдегі төрт өкімет [(патша (1905–17), Уақытша өкімет (1917), Колчак (1918–19) және Кеңестер (1920–34)] тарапынан да үздіксіз қуғын-сүргін көрді. 1919 ж. шілдеде ақ казактардың далалық соты оны атуға үкім шығарды. Қарқаралы, Кереку, Семей, Омбы, Алматы түрмелеріне қамалып, әлденеше рет (1908, 1910, 1929) жер аударылды. Қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күрескер ақыры қызыл қырғынның құрбаны болды. А. Қазақстан Жоғары Сотының 28.02.1958 ж. шешімімен ақталды.

М.Құлмұхамед

АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫ – 1917 жылғы 27 ақпанда (12 наурыз) Ресей империясында патша үкіметін құлатып, елде буржуазиялық-демократиялық республика орнатқан төңкеріс. А.р-ның жеңісі саяси жүйенің жоғ. сатысы – респ. құрылысқа көшуге жағдай туғызумен қатар отаршыл жүйенің күш-қуатын әлсіретуге де мүмкіндік берді. А.р. нәтижесінде ресми билікті қолына алған Мемл. Думаның шешімімен құрылған Уақытша үкімет қазақ халқының 1916 ж. өзін-өзі билеуге құқықты болғандығын мойындады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқандарды жазалау экспед-лары-

ның әрекеттері тоқтатылды. А.р-ның жеңісінің ең маңызды нәтижесі бұрынғы Ресей империясы аумағында кең көлемде саяси бостандықтар орын алып, бүкіл қоғамдық өмірдің демократиялануы болды. Бүкіл аймақта бурж. мәндегі бостандықтар (саяси ұйым құру, сөз, баспасөз т.б.) жүзеге асырыла бастады, жасырын түрдегі партиялар жариялық жағдайға шықты, жаңа партиялар мен басқа да саяси ұйымдар құруға рұқсат етілді. Алайда А.р. жеңісі қоғамдық өмірдің барлық мәселелерін шеше алған жоқ (мыс., соғыс және жер мәселелерін). А.р. монархияны құлатқанымен, жер-жердегі ескі басқару аппаратын түбегейлі жоя алмады. Жаңа үкімет органдарын құру үшін күрес күрделі болып, ұзаққа созылды. Жер-жерлерде буржуазияшыл Уақытша үкіметтің органдары-



Ақпан революциясы

мен қатар орталықта Петроград кеңесі басқарған жұмысшы, солдат және шаруалар Кеңестері құрылды. Рев. жеңісіне жеткеннен кейінгі алғашқы күндерде Кеңестердің қолында айтарлықтай күш болды. Елде қос-өкіметтілік (ресми Уақытша үкімет және оның жергілікті жүйесі мен нақтылы күшке ие болған Кеңестер) жүйесі қатар орын алды. Уақытша өкімет Ресей империясының Қазақстан сияқты отар аймақтарында кадеттерден, эсерлерден және өзінің саяси бағытын жүзеге асыруға сенімді деп табылған қазақтың ұлттық-демокр. интеллигенциясының жекелеген өкілдерінен өлкелік, обл. және уездік комиссарларын тағайындады. Мыс., Ө.Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай обл-ндағы, М.Тынышбаев Жетісу обл-ндағы комиссарлары болып тағайындалса, М.Шоқай, А.Бірімжанов, А.Кенесарин Түркістан өлкесі мен Торғай өңіріндегі Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жауапты қызметтер атқарды. Қазақстанның облыс,

АҚТАН



уезд орталықтарында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары – атқару к-тері, коалиц. к-тер, азаматтық к-тер жүйесі қалыптасты. Олар негізінен жергілікті орыс буржуазиясының, кәсіпкерлердің, банкирлердің өкілдерінен құрылып, кадеттердің, эсерлердің және соларға жақын саяси партиялар мен қозғалыстардың мүшелері болды. Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі 1917 жылғы наурыз айынан құрыла бастаған қазақ және мұсылман к-тері болды. Олар негізінен сол жылғы шілде айында қазақтың ұлттық «Алаш» партиясын ұйымдастырған Ә.Бөкейхан басқарған ұлттық-демокр. интеллигенцияның жетекшілігімен құрылды. А.р. жеңіске жетісімен ұлттық-демокр. қозғалыс (1917 ж. шілдеден – Алаш қозғалысы) басшыларының халыққа ұсынған саяси бағдарламасы жалпы алғанда түбірлі түрде Уақытша үкіметтің және оның саяси тірегі болған кадеттер партиясының ел басқарудағы бағытына қайшы келген жоқ. Сондықтан да ұлттық-демокр. интеллигенция басшылары Уақытша үкіметке қайшы келетін жолды ұстаған Кеңестерге әуел бастан-ақ оң көзқараста болмады, олардан өз іргесін қашығырақ салды. Кейінірек, Кеңестер жаппай құрылып, Уақытша үкіметке ашық қарсы шыға бастаған кезде қазақтың ұлттық-демокр. қозғалысы күрделі жағдайға душар болды. Қосөкіметтілік өзінің дүниеге келуі арқылы 1917 ж. А.р-ның ішкі қайшылықтарын бейнеледі, елдің қоғамдық-саяси өмірінің тұрақсыз екенін көрсетті. Ақырында А.р-нан басталған саяси тұрақсыздық Қазан революциясына ұласып, Уақытша үкімет биліктен тайдырылды.

Әдеб.: Н у р п е и с о в К., Становление советов, А., 1987; соныкі. Алаш һәм Алашорда, А., 1995.

К.Нұрпейіс

АҚТАН Ақайұлы (шамамен 1770, Қызылорда обл. Қазалы ауд., Арықбалық ауылына қарасты Түлкіқашқан қонысы – 1854, Ақтөбе обл.) – халық батыры. Руы – қаракесек. Жанқожа батырдың үзенгілес серігі, оның Хиуа, Қоқан бекіністеріне жасаған жорықтарына қатысқан. 1842 жылдың қазан айында Хиуа хандығының Сыр бойы қазақтарынан ұшыр, зекет жинауға қойылған найбы Бабажан сарттың көне Жанкент шаһарының маңындағы бекінісі Бесқаланы аларда ерлік көрсеткен. А. батыр бастаған қазақ сарбаздары қамалды қоршауға алып, Бабажанды

қолға түсіріп, Жанқожа батырдың үкімімен жазалаған. А. батырдың бейіті Ақтөбе обл. Берсүгір бекетінің батысына қарай 30–35 км



Ақтан батыр

қашықтықтағы Тебенсай деген жерде. Бұрынғы Арықбалық елді мекеніне Ақтан есімі берілген.

Б.Кәрібаев

АҚТЕКЕ Бітімшіұлы (т. ж. б. – 1940, ҚХР, Өр Алтай) – Өр Алтайдағы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі. 1940 ж. ақпанда Қытайдағы Алтай аймағының Көктоғай ауданы қазақтарын Шыңжан өлкесіндегі Шэн Ши Сай үстемдігіне қарсы көтерді. Қару-жаракты жаудан тартып алып, ықпалды жасақ құрды. Қытай әскерлерімен қақтығыста Қарағайты деген жерде жараланып, қайтыс болды. А. бастаған бұл күрес 1945 ж. Алтай халқының жеңісіне ұласты.

Әдеб.: Сүгірбаев П., Алтай арпалыстары, Үрімжі, 1995.

Т.Зәкенұлы

АҚША Итемгенұлы (т.-ө.ж.б.) – Сыр бойында 19 ғ-дың 1-ші жартысында өмір сүрген. Кіші жүз алшынның әлім руынан шыққан батыр. А. батыр Қоқан, Хиуа басқыншыларына қарсы шығып, талай ерлік көрсеткен. Батырдың есімі ел ауызында сақтаулы. А. батырдың әкесі атақты Итемген батыр. А-ның туған бауырлары Бекше, Қаблан, Жолбарыс, етжақын бауыры Жайық Мешітбайұлы елін жаудан қорғаумен аты шыққан батырлар болған. А. батырдан Көлдейбек батыр туады, одан қазаққа белгілі батыр әрі ақын Ерімбет (1844 – 1916) туады.

Әдеб.: Сыр елі: Қызылорда обл. Энциклопедия. А., Атамұра, 2005.

Б.Ахметбек

АҚЫТ Үлімжіұлы Қарымсақов (А. Алтайский). (1866, Қытай, Шыңжан өлкесі, Алтай аймағы, Көктоғай ауд. – 1940, Қытай,



Үрімжі қ.) – ақын. Сауатын ауыл молдасынан ашқан. Араб, парсы, түрік, орыс, моңғол тілдерін білген. 1907 ж. Меккеге барған.



Ақыт Үлімжіұлы

1912 ж. керей еліне қазы сайланған соң мешіт салдырып, медресе ашқан. 1939 ж. Гомиьндан өкіметі тұтқынға алып, мешітін талқандап, кітаптарын өртеген, 1940 ж. түрмеде азаптап өлтірген. Діни көсемнің ұсталуы, наным-сенімнің аяқ асты етілуі ел жадында «Алтай төңкерісі» деген атпен сақталған көтерілістің туына себеп болды. 1891–1914 ж. Санкт-Петербург, қазан баспаларынан А-тың «Жиһанша», «Сейфіл-Мәлік-Бәдиғұл Жамал», «Абият ғақидия», «Сейітбаттал Ғазы», «Ишан Махмұд» аталатын кітаптары жарық көрген. Оның шығармалары «А. Алтайский» деген бүркеншік атпен «Айқап» журналына да жарияланып тұрған. А. өлеңді алуан ырғақта – насихат, назира, ғақлия түрінде жазған. Ой толғауда Абай мәнеріне ден қояды. Абай өлеңдерін үлгі ете отырып, «Дәлейлул-ғақылия» («Ақыл түбі») өлеңдер топтамасын жазып шыққан.

АЛАҚ КӨТЕРІЛІСІ – бұрынғы Семей губерниясы Қызылтас ауданының орталығы Қызылкесік ауылы тұрғындарының Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы 1931 ж. болған бас көтеруі. Көтеріліске қазіргі Ақсуат және Көкпекті аудандарының тұрғындары да қатысқан. Осы өңірде елге беделді, кезінде Омбы дәрігерлік ин-тын бітірген, кейін болыс болған Жанкүлә Күшіков, Мұқым Қуанов (бұл да болыс болған), Қасым Қозыбаев, т.б. тәркілеуге ұшырады. ОГПУ қызметкерлері Трайыс қажыны атып өлтірді. Елдің мал-мүлкін заңсыз тәркілеу, күштеп ұжымдастыру және басқа да заңсыздық пен жүгенсіздік жергілікті халықтың ашу-ызасын тудырды. Қызылтас ауд. тұрғындарын қамтыған көтерілісті басуға Көк-

пектіден жіберілген ОГПУ және милиция қызметкерлерімен қақтығыста жазалаушы отрядтың басшысы Кулюкин, қызыл командирлер Зезев, Чешмаркин оққа ұшты. Тірі қалған отряд мүшелері қашып құтылды. Алайда Кеңес үкіметіне қарсы тұра алатын күштері жоқтығын түсінген көтерілісшілер көп ұзамай Қытайға асып кетті. А. к-н басуға Көкпектіден шыққан жаңа отряд бастығы Протопов бейбіт ауылдарға оқ жаудырып, атқа мінген қазақтың бәрін «бандыға» санап қырғынға ұшыратты. Осыдан кейін Алақтағы қанды қырғын Саршоқы оқиғасына ұласты. Зорлық-зомбылықтан үдере көшкендерді Нарын өз. бойындағы Саршоқы деген жерде қуып жеткен қызыл әскерлер пулемет оғының астына алып, жусатып салды.

Ғ.Халидуллин

АЛАМАН СОҒЫС – бүкіл халық қатысқан үлкен соғыс; елге жау шапқанда халық болып атқа қонып, жаппай соғысу.

Қ.Ахметжан

«АЛАШ» – демократиялық-ағартушылық бағыттағы алғашқы қазақ басылымдарының бірі. 1916 ж. 25 қарашада Семей қ-нда ерлі-зайыпты Көлбай, Мариям Төгісовтердің басшылығымен бірінші саны жарық көрген. Рев. қарсаңындағы Ресейдің ішкі-сыртқы жағдайынан хабардар етуді мақсат еткен, Алаш азаматтарын бірлікке шақырған. Оған қазақ зиялылары Н.Құлжанова, Ғ.Жанайдарова, Х.Ғаббасов, Ж.Ақбаев, Н.Құлжанов, М.Әуезов, С.Торайғыров, т.б. белсене ат салысқан. «Алаш жолында» деген ерлі-зайыпты Көлбай, Мариям Төгісовтердің мақаласында: «Бүгінгідей екіталай ауыр кезеңде қымбатшылық пен жоқшылыққа қарамай, жалғызым деп «Қазаққа» (газет) ғана телміріп қалған кезде, соған серік болуды мақсат етіп, «Алашты» шығарып отырмыз» дейді. Газетте Ресей Думасына қатысу, ішкі, сыртқы саясат, қазақ шаруасының тіршілігі, оқу-ағарту ісі, қыз-келіншектер тұрмысы тақырыбы қамтылған; әдеби-көркем шығармалар да үнемі жариялаған. 50 шақты санынан кейін қаржы тапшылығына байланысты «А.» 1917 ж. мамырда жабылып қалды.

Т.Қожаскеев, С.Қалиев, Б.Жақып

АЛАШ АВТОНОМИЯСЫ – 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор қ-нда өткен 2-жалпықазақ съезінде жарияланған қазақ халқының ұлттық-аумақтық мемлекеттігі (1917–20 ж.). Съезд қазақ автономиясы мәселесі



бойынша Халел Ғаббасовтың баяндамасын талқылап, төмендегідей қаулы қабылдады: «Автономия туралы Халелдің баяндамасын тексеріп, қазанның аяғында Уақытша үкімет түскенін, Рүссия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын ... және бұл бүлікшілік біздің қазақ-қырғыздың басына келуін мүмкін деп ойлап ... съезд бір ауыздан қаулы қылады: Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Амудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі – халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға; 2) Қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгісуы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын; ... 5) Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады ... 6) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алады» («Сарыарқа» газеті. Семей. 1918, 25 қаңтар). Съезд Алаш автономиясының Алашорда аталған (Алаштың ордасы немесе үкіметі) Ұлт кеңесінің құрамын сайлады. Алаш автономиясының үкіметі – Алашорданың төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланды. 2-жалпықазақ съезі милиция жасақтарын құру мәселесін жан-жақты талдап, оның А. а-на кіретін әрбір облыс пен уездегі санын анықтап, оларды соғыс өнеріне үйрету мен қажетті қару және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдарын айқындады. Милицияға қажетті қару-жарақ пен оқ-дәрі Алашорданың ұлттық қорының есебінен алынатын болды. Милицияны құру мақсатын съезд былай деп анықтады: « ... осы күнде мемл. ішінде бассыздық, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін ... ешбір тоқтаусыз милиция түзеуге кірісуі тиіс ...». Сонымен, съезд А. а-н құру қажеттігін бір ауыздан қолдады. А. а-ның

бастау көздерінде тұрған, 2-жалпықазақ съезінің делегаты Әлімхан Ермеков бұл туралы былай деп тебірене жазды: «... желтоқсанның 12-і күні, түс ауа, сағат 3-те Алаш автономиясы дүниеге келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. («Сарыарқа», 1918, 22 қаңтар). Ұлттық-аумақтық қазақ автоном. мемлекетін құруда съезд делегаттары бірауыздылық танытқанымен, оны (автономияны) ресми түрде жариялау мәселесінде алауыздыққа жол берді. Бұл жағдай мемл. құрылым ретінде



Алаш қайраткерлері

жаңадан қалыптаса бастаған автономия үшін қатерлі еді, өйткені автономияны ресми түрде жарияламайынша, оған қазақ халқын, өлкені мекендеген басқа халықтарды сендіру, Алашорда үкіметін мойындату қиын еді. Бүкілқазақтық 2-съезде автономияны жариялау мерзімі жөнінде қызу айтыстар болды. Бұл айтыстардың негізінде қазақ автономиясын жариялауға байланысты өлкені мекендеген қазақ емес халықтардың (ең алдымен орыстардың) пікірін білу және жариялауға тиісті автономияға Түркістан өлкесін мекендеген оңт. қазақтарының қосылу-қосылмау мәселесін нақтылы шешу қажеттігі жатты. Бұл мәселеде бір-біріне қарама-қайшы екі бағыт қалыптасты. Бір бағытты Ә.Бөкейхан басқарды. Оны жақтаушылар съезде өкілдері болмаған Қазақстанды мекендейтін орыстардың еркін білмейінше автономия жариялауды кідірте тұру қажет деді. Ж.Досмұхамедов бастаған Орал обл. мен Бөкей



Ордасының өкілдері автономияны дереу жариялауды қажет деп санады. Дегенмен ұлттық, жалпыхалықтық мүддені жеке бастарының саяси ұпай жинауынан жоғары қойған Ә.Бөкейхан мен Ж.Досмұхамедовтің жақтастары Алаш автономиясын жариялау мерзімі туралы ортақ, ымыралы келісімге келді. Екі жақтың көзқарастарын жақындатуға алғашында бүкіл қазақ жерін Түркістан («Қоқан») автономиясының құрамына енуін жақтаған, ал соңынан бұл пікірінен бас тартқан Мұстафа Шоқай оңды рөл атқарды. Съезд қабылдаған ымыралы қаулының негізгі баптары мыналар еді: «1) Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса-алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді... 2) Егер бір айдан кейін Алаш баласы (қазақтар) қосылмаса һәм қалған Алашқа иғлан (жария) етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді. 3) Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін». 2-бүкілқазақ съезі Түркістан өлкесін мекендеген қазақтардың Алаш автономиясына қосылу немесе қосылмау мәселесін талқылау үшін Сырдария обл. қазақтарының съезін шақыруды қажет деп тапты және оған өз өкілдері ретінде Бақыткерей Құлмановты, Міржақып Дулатовты және Турағұл Ибрагимовты (Құнанбаев) жіберуге ұйғарды. Осы мәселеге байланысты Ә.Бөкейхан мен М.Шоқай біріккен мәлімдемеге қол қойды. Мәлімдеме «Қазақ» газетінің 1917 жылғы желтоқсанның 18-індегі 255-санында жарияланды. Большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметі ұлттық-мемл. құрылыс мәселелерін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше, ұлттық бірлік, аумақтық тұтастық ұстанымын таңдады. Ә.Бөкейхан 2-жалпықазақ съезінің қазақтың автономиялы ұлттық-аумақтық мемл-гін құру туралы шешіміне саяси баға бере келіп кейінірек (1919 жылғы 11 ақпан) былай деп мәлімдеді: «съездің бұл шешімдері қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады ... Сол кезде Россияда орын алған жағдайда қазақтардың жариялаған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы – большевизммен күрес тұрды». Азамат соғысы жылдарында большевиктер басқарған Кеңес

үкіметіне қарсы күресте Алашорда үкіметі жеңіліс тапты. Нәтижесінде жеңіске жеткен Кеңес үкіметі А. а-н және оның үкіметі Алашорданы тарих сахнасынан күштеп кетірді.

Әдеб.: Алаш-Орда: Сб. документов, А., 1992; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы. А., 1995.

К.Нұрпейіс

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ ҰСТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.

Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде «Маусым жарлығы» деген атпен тарихымызда өшпес із қалдырған оқиғаға байланысты 1916 жылдың ұлт-азаттық көтерілісі болды. Ресей империясы өзінің екіжүзділігін тағы да танытып, 19 және 31 жастың арасындағы қазақ жастарын бірінші дүниежүз. соғысқа шақырып, майданның кара жұмысына алуға заң бекітіп, бейбіт отырған елді ашындырып, әбігерге түсірді. 1914 ж. басталған бірінші дүниежүз. соғыс еңбекшілердің жағдайын бұрынғыдан да ауырлата түсті. Соғыс қисапсыз көп шикізат, азық-түлік, мал, т.б. материалдық игілікті қажет етті. Шаруашылық күйзеліп, егіс көлемі азайып, оның өнімі күрт төмендеді, мал саны кеміді. Азық-түлік, басқа да халық тұтынатын заттардың бағасы үздіксіз қымбаттай берді. Мәселен, бұрын ұнның бір пұты 94 тиын болса, ол 1916 ж. 40 сомға дейін көтерілді. Тек қана Қазақстанның Солт., Шығыс обл-тарында 1916 ж. бидай ұнының бағасы 1,5 есе, ал еттің бағасы екі есеге жоғарылады. Патша үкіметі 1916 жылғы көтеріліс қарсаңында бұрын жылдар бойы жүзеге асырып келген қоныстандыру саясатын өршітті. Орыс, украин шаруалары, казачество әскерлері үшін ең шұрайлы жерлер тартып алынды. 1914 жылдың ортасына қарай патша үкіметінің қазақ халқынан тартып алған жердің көлемі 45 миллион десятинаға жетті. Осының салдарынан халықтың наразылығы күшейді. Бірінші дүниежүз. соғыстың басталуы, оған байланысты отарлық езгінің күшеюі, соғыс мұқтаждарына жиналатын алым-салықтың қисапсыз өсуі «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан ұлт зиялыларын қатты ойландырды. Бірақ олар соғыс жылдарында елді үкімет саясатына ашық қарсы шықпауға шақырды. Жәрдем к-терін ұйымдастыруға ат салысып, соғыс шығындарына қаржы жинау үшін өткізілетін түрлі шараларға қатыс-



ты. Мұндай шараларды ұйымдастыруға М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, А.Қалменов, Д.Мырзағалиев, Д.Мендібаев, т.б. қазақ зиялылары белсене қатысты. Тарихшы М. Қойгелдиев: «Ұлт зиялылары бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында үкімет саясатына шарасыздан қарсы болған жоқ, қайта бейімделу бағытын ұстанды», – деді. Соғыстан әбден титықтап, әлсіреген Ресей империясының өзі де ауыр күйзеліске ұшыраған болатын. Ұлт-азаттық көтерілістің кең қанат жаюынан, ішкі соғыстардың нәтижесінде әскери күшті бытыратып, әлсіретіп алудан сескенген Николай патшаның бұратана халықтардан қара жұмысқа адам алудан бас тартпақ болған ниетіне, Куропаткин сынды генералдар жанын сала қарсылық көрсетіп, дегеніне көндіреді. Сөйтіп, 1916 ж. 21 маусым күні патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азия халықтарының азаматтарын майдандағы қара жұмысқа шақыру туралы жарлық шығарды. Ресей империясының заңдары бойынша шет аймақтағы отар өлке халықтары әскерге алынбайтын, себебі патша үкіметі олардың қолына қару беруге сенбейтін. Дүниежүз. соғыс патша үкіметін шет аймақтардағы халықтарды майданның қара жұмысына (окоп қазуға, ағаш кесуге, майдан шебіне жақын аудандарда жол салуға, т.б.) шақыруға мәжбүр етті. Патша жарлығы бойынша Орта Азия мен Қазақ өлкесінен 19 бен 43 жастың аралығындағы азаматтар алынуға тиісті болды. Дулатов 1924 ж. жазылған «Ұлт әскері – Кеңес қорғаны болсын» атты мақаласында былай деп көрсетеді: «Бұрын патша өкіметі қазақ-қырғыз, өзбек секілді «бұратана» жұрттардан неге әскер алмады? Алды ма? Ия өзге бір себеп болды ма? Алдымен осыны білу керек. Патша өкіметі бұрын қазақтан, қазақ сияқты шеткі жұрттардан солдат алмауының саяси астары бар еді. Бағынған, шарасыздан бағынған, орысшылдық, озбырлық саясатымызға риза емес деп, егер бұл жұрттар әскерлік өнеріне үйренсе, қолына қару-жарақ алса, жауынгер болып кетіп, өткен еркіншілігін көксеріп, бізге бас ізеп құлдық ұрмайтын болады. Россияға жау жұрттармен күш біріктіріп, шеңгелімізден шығып кетеді, арбауымызға көнбейді, айдауымызға жүрмейді деп патша өкіметі әдейі солдат алмайтын болған. 1917 ж. февраль төңкерісінде патша өкіметі құлағаннан кейін, өкімет істері қолға алынып тек-

серілген. Сонда әскери ішкі істері арасында патша өкіметінің әскерлік мәселесі туралы құпия қарары шығып, сол кезде жарияланған. Патша өкіметінің әскерлік туралы құпия қарары мынау: «...Қазақ халқы Россияға 1730 жылдан бермен қарай бағына бастады; бұл бағынулары жүз жылға созылды. Алғашқы кезде орыс елшілерін өлтіре жаздады. Тұтқын қылып ұстап тұрды. Онан кейін неше жылдай қазақтың сұлтандары, қара халқы неше рет қыр көрсетіп, дұшпандығын білдіріп, орыс жеріне шабуыл жасап, барымта алып, мазаны кетірді. 1847 жылы Кенесары Қасымұлы қазақ халқын бөліп, өз алдына жұрт қылу үшін әскер жинап, қарсылық қылып, қазақ даласын толқындырды. Бірақ қазақ халқы қолынан келмегендіктен ғана Россияға бағынып қалды. Қазақ халқының 80-жылдары Самарқан, Қоқан, Бұхара, Хиуа хандары алынғаннан кейін, бағынбаймын деген қазақтың орыс өкіметінен шығып кететін жері жоқ болды. Сондықтан да амалсыз бағынды. Сондықтан қазақ солдат боп әскер арасына кірсе, біздің дұшпандарымыз көбейеді. Қазақ жігіттері 3–4 жыл әскерлік қызметте болғанымен, Россияға таза ниетімен бола қоймайды. Тек қару-жарақ ұстап үйренеді. Соның үшін қазақтар сияқты бұратаналармен әскерімізді былғамағанымыз жөн. Сондықтан Орта Азиядағы жұрттардың шын Отан ұлы болатындығына күмәндіміз. Көзіміз жетпей тұрып, оларды әскер қызметіне алуымыздың жөні жоқ». Міне, патша өкіметінің бұрын қазақтан әскер алмай келуінің себебі осы тарихи құжаттан анық көрінсе керек. Осы және қосымша басқа дәлелдерді келтіре отырып, ең соңында үкімет «сақтық жүзінен хәм патшалық пайдасы үшін ыңғайлы уақыт келгенше Орал, Торғай, Ақмола, Семей хәм Түркістан уалаятындағы бес облыстың қазағын әскерлік қызметке алуды кешіктіре тұруға қаулы етеді» (М.Дулатов). Сөйтіп, 1914–1915 ж. бұл мәселе төңірегінде айтыс жүріп, ең соңында қазақ елінен әскерге адам алуды кейінге шегере тұрумен аяқталған еді. Аталған мақаласының соңына қарай, Дулатов ойын сабақтай келіп, былай қорытындылайды: «Европа соғысы кезінде неміс әскері патша өкіметін жан алқымға алып састырғанда, қазақ-қырғыздан солдат алмай, оларға қару-жарақ беруден қорқып, қара жұмысқа малша айдау себебі осыдан көрініп тұр. Айдағаныма



жүрмедің деп патша өкіметі 1916 жылы не қылғаны, асқаны, атқаны, қан жылатқаны, бастырғаны өзгенің есінен кетсе де, қазақ-қырғыз әлі ұмытпаған болар». Патшаның «Маусым жарлығы» қазақ даласына шілде айының орта тұсына қарай келіп жетті. Бұл жарлықтың қазақ халқына қалай әсер еткендігі туралы Дулатов: «1916 жылғы маусым жарлығы шыққан кезде Орынборда едім... Ахмет Байтұрсынов сол жаз Торғай уезіндегі санақ жұмысына кетіп, «Қазақ» газетін мен басқарып тұрдым. Бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете қалды... «Қазақ» басқармасына қазақ жерінің тұс-тұсынан телеграммалар, хаттар жауа бастады. Ол кезде «Қазақ» газетін қазақ елінің көбі көз-құлағындай көретін. ... Қазақ даласы күңіренді», – деп жазды. Бұл жарлықтың қазақ зиялыларына жайдың оғындай әсер етуінің негізі бар еді. Өйткені жарлықты қазақ халқының мойындай қоймайтынын сезген болатын. Жарлық еш нәрседен қаперсіз, тыныш жатқан халықты бір күннің ішінде ұлан-ойран қылды. «Солдат, соғыс!» деген сөзден үрейленіп, еш нәрсенің байыбын дұрыс түсінбеген халықты үркітіп, неше түрлі алып қашпа хабарлар таратушылар да шықты. Осы туралы Дулатов былай дейді: «Ел арасында қысқа күнде қырық түрлі хабар тарайды. Қорқыныш күннен-күнге ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. Сауысқан-қарға тойынды. «Солдат алмайтын болыпты» деп өтірік сүйінші сұрағандар олжаға батты. «Сенің балаң алынады» дегенді естіген шал-кемпірдің жүрегі жарылып өлгендер болды. Жұрт сендей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Әне келеді, міне келеді» деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып тұрды». Шошынған жұртқа септігі тиер ме деген үмітпен Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде басу айтып, мақаласын жариялайды. Байтұрсынұлы Маусым жарлығының қазақты қара жұмысқа алу жөнінде екенін, өздері жүргізген көп жұмыстың ақталмағанын меңзей отыра: «...мемлекет керегі үшін мынадай қырғын соғыста қазақ халқын қара жұмысқа алатын жарлық шыққанға дағдарып, таңырқап қалдық: Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз.

Бірақ патша жарлығы хақ, оған қарсы айтар сөз жоқ. Бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы отряд шығып, елді һәм артында қалған әкешесін, қатын-баласын шулатқаннан, шаруасын күйзелткеннен басқа өнер еш нәрсе жоқ», – деп қинала отырып, Байтұрсынұлы елдің арандап қалмауын ойлайды. Патшаның құрығы ұзын екенін, қашқанмен құтыла алмайтынын елге түсіндіруді ел ақсақалдарынан, ел жақсыларынан өтінеді. Ресей империясының отарлау саясатынан әбден титықтаған халық, жарлық шығысымен отаршылдық тәртіпке қарсы қарулы күреске шығып, ол өрт жалынға айналды. Көтерілістің жалыны Орал, Торғай обл-тарын түгел камтып, Ақмола обл. мен Жетісу өңірінің кейбір аудандарына жайылды. Ә.Бөкейхан бастаған зиялылар тарапынан бұл көтерілістер қолдау таппады. Ұлт зиялылары «мұздай» қаруланған, соғыс техникасы жетілген патша әскеріне ашық қарсылық көрсетуге үзілді-кесілді қарсы шығуының басты себебі: елге жазалаушы әскер шығып, ең алдымен, бейбіт халықтың шырқын бұзып, шаруа мен малдың күйзеліске ұшырауы сөзсіз екендігін білді. Алайда кеңестік ресми тарихта Бөкейхан, Дулатов, Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, т.б. зиялылардың жазалаушы әскерге қарсылық көрсетудің қауіп-қатерін түсіндіріп, «Қазаққа» жариялаған бірнеше мақалаларының мән-мағынасы қасақана бұрмаланды. Қайта ұлт зиялыларының сол кездегі қимыл-әрекетіне көптеген шетелдік ғыл. орт-тар зерттеулерінде әлдеқайда объективті баға берілді. Сондай орталықтың бірі – Париждің әйгілі Сорбонна ун-ті. Мәселен, ун-т баспасынан 1964 ж. шыққан «Ресей мұсылмандары арасындағы 1920 жылға дейінгі ұлттық қозғалыс және баспасөз» атты зерттеуде белгілі кеңестанушы (советолог) Александр Беннигсен мен Лемерсье-Келкежей «Қазақ» газетінің төңірегіне жиналған ұлт зиялылары туралы былай деп жазды: «... Патша әкімшілігіне қарсы қарулы күреске шақырудан мүлде бас тарта отырса да, олар орыстың отаршылдық саясатына батыл қарсы тұрды». Қайтсек қимыл-бағытымыз халыққа жөн болады, қандай жол арқылы халықтың сенімінен шығамыз деп, зиялылар шарқ ұрды. Оған Дулатовтың сөздері куә: «...өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық.



Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ризалықпен көңісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, «соғыс», «солдат» атты сөздерден өлердей қорқатыны, патша үкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. «Көнбе, берме» дейміз бе? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. Ел бастап жүргендеріміздің күні кімде? Олардың бәріне бірдей сенуге бола ма? «Балапан басына, тұрымтай тұсына». Жұрттың көбі бас амалдап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бейшара қазақ көнбеймін десе қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зияны бар екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен? Міне, біздің басымызды даң қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді. Қайткенде бізге бұл жолдың біріне түспеске болмады. Біз екінші жолды қаладық – көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін елге көзіне айтатын сөзімізде, басшылығымыз да осы бетте болды». Осы жанталасқан тұста зиялылардың ұстанған түпкі саясаты әскерге алуға көну, бірақ қалайда қару үйренген қазақтан жасақ құруға қол жеткізу болатын. Әскерге алынған қазақ жастарының қолына қару беріледі. Олар арнайы дайындықтан өтеді, соғыс техникасын меңгереді. Сыртқы дүниемен араласып, саяси белсенділігі артады. Ұлттық санасы оянады. Сөйтіп, ұлт-азаттық күресінің әдіс-тәсілдерін меңгереді. Бұл ұлттық бостандыққа жетудің негізгі шарттарының бірі деп ойлады. Шындығында да қара жұмысқа алынған қазақтардың өзі әскерден келгеннен кейін үлкен саяси белсенділік танытқан. Екінші, қазақтар әскерге алса, халық жан басынан және малынан, жер өнімінен алынатын, сондай-ақ соғыс шығыны салығынан құтылатын еді. Бұл – патша өкіметінің қанауының ең қиын түрінен құтылу деген сөз. Үшінші, жалпы рухани қорлықтан құтқарар еді. Ұлт-азаттық көтерілісіне шығуға жол ашатын бұл алғышарттардың бәрін де ұлт зиялылары негізінен жақсы түсінді. «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан ұлт зиялыларының 1916 жылғы көтеріліс тұсында ұстанған бағытын бұрмалап, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Дулатов, т.б. соңғы уақытқа дейін

тағылып келген айыптың бірі сол – олардың: «1916 жылғы майданның қара жұмысына қазақ жігіттерін алуын қолдады, сөйтіп, бірінші дүниежүзілік соғыстағы патша өкіметінің саясатын жақтады», – деген пікірге байланысты туындаған болатын. Мәселен, «Социалды Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 12 қаңтардағы нөміріндегі Илияс Қабаловтың «Қазақ большевиктерінің міндеті – қазақ ұлтшылдарына қарсы баса күресу» атты мақаласында: «Алашордашылардың тілі – «Қазақ» газеті 1915 жылы және 1916 жыл басында қазақты патша әскеріне тарту туралы газет жүзінде үлкен науқан ашты. 1916 жылғы ерлік көтеріліс жылдардың алдында алашордашылар патша үкіметі жағына және жазалаушы экспедициялар жағына ашықтан-ашық шығып, солармен бірігіп, қазақ бұқарасының революцияшыл қозғалысына қарсы күресті. Алашорданың басшылары Бөкейхан, Байтұрсынұлы және Дулатов қазақ халқына үндеу шығарды, көтерілмеңдер, бүлінбеңдер, патша үкіметінің жарлығына мойынсұнуыңдар дегенді айтты», – деп жазған. 1916 жылғы «Қазақ» газетіндегі шыққан мақалалардағы ұлт зиялыларының талап-тілектерінің барлығы «сатқындық» немесе «отқа итермелегендік» емес, керісінше халықтың тағдыры үшін жанталасып, оң шешім қабылдап, бейбіт жолмен шешуге ұмтылғанын көреміз. Қалыптасқан саяси ахуалды терең болжап, ұлт зиялылары халық үшін тұрпайы көрінсе де, «көну керек» деп ортақ бір шешімге келеді. Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов тағы да халқына қайырылып, екі бірдей үндеу жариялады. Оның бірі – «Алаштың азаматына», екіншісі – «Қазақ халқына» деп аталады. Бұл екі үндеудің айтар ойы мынаған саяды: «Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрында сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйенгені жантәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. Қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па?» – деп, дәлел ретінде Жетісуда болып жатқан қайғылы оқиғаларды айтып,



айтқанға тез көне қоймадың, қарсылық қылдың деп, Түркістан уалаятына военное енгізгені айтылды. Военное положение жұртқа келген бір офат деп білу керек, Военное положение түймедей жазыққа түйедей жаза кеседі» деп көрсетіп, ақыры өздерінің сөз байлауын айтады. Сөйтіп, Бөкейхан бастаған, екпінді сапында Байтұрсынұлы, Дулатов болған зиялылар стихиялық халық көтерілісінен бөлініп қалды. Уақыттың өзі олардың болжамы дұрыс екенін дәлелдеді: қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді. Ал қарапайым халықтың «Маусым жарлығына» көнбей, шілде айында басталған толқулары бүкіл қазақ өлкесін қамтып, тамыздың аяғында өршіп, қанды қырғыннан жат елге босып кетіп, әскери сойқанның құрбаны болғаны тарихтан белгілі. Қатты зәбір көрген Жетісу аймағы болды. Екінші «Ақтабан шұбырынды» қайта келгендей күн туды. «Түрік елі» басылымының мәліметінше, 1916 ж. патшаның жазалау жендеттерінің қолынан қазақ жерінде 673 мың адам қаза тапты. М.Тынышбаевтың мәліметі бойынша, Қытайға босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетілген. Кейінірек, 1918 ж. сәуір айында Байтұрсынұлы, Дулатов, Р.Мәрсеков Қытайдың Шәуешек қ-на барып, осы жерге қоныс аударған қазақтармен кездесіп, оларды қайтадан атамекенге оралту мәселесін көтерді. Сонымен қатар, қазақтардың әлеум. тұрмыс жағдайын жақсартуға Қытай өкіметіне өтініш жасады. Осы іс-сапардың нәтижесінде 1920 ж. Құлжа, Үрімжі, Шәуешек қ-ларында мектеп, емханалар ашылды. Тіпті көтеріліс жеңіліп, 1916 жылдың 15 қыркүйегінен бастап, 19 бен 31 жас арасындағы қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған күнде, оларға бас-көз болып, «реквизицияланғандармен» бірге Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары дәрігерлер, заңгерлер, оқытушылар бірге атанды. Тарихшы Ә.Тәкенов ұлт зиялыларының бұл ісін «Шын мәніндегі патриотизм деп түсіну керек, әйтпесе сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін қазақ жігіттерінің елге аман оралуы екіталай еді», – деп тұжырымдайды. Бөкейхан, Дулатов тағы басқа қазақ зиялылары Минскіде тыл жұмысына шақырылған жерлерде болып, қолдан келген көмектерінің бәрін көрсетті. 1917 ж. 5 ақпанда Минскідегі Земскі және қала одақтары жанынан

бұратаналар бөлімі ашылады. Бөлімнің бастығы болып Бөкейхан бекітіледі, ал оның орынбасары қызметін М.Есболов атқарады. Бөлімді ашқан бетте екеуі хатшылық қызметке Дулатовты шақырады. Дулатов пен дәрігер Әбубәкір Алдияров 25 ақпанда Торғайдың әскери губернаторы М. Эверсманнан арнайы куәлік алып, Минск маңы мен Барановичте тыл жұмыстарында жүрген қазақтар арасында болады. Торғай губернаторы Эверсманның бұл екеуіне куәлік беріп жіберуіне Бөкейхан себепші болған. Алаш зиялылары Минскіде қазақ жігіттеріне басшы болып қызмет бабымен жүргенде, патша билігінің құлағаны туралы қуанышты хабар жетеді. Төңкерістің кезеңі өтіп, қазақ зиялылары еркін тыныстай бастаған бір тұста Дулатов: «...Сайланған сары әскер, қарсылық қылған елдерге леклегімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?» – деп қуана жазды. Бұл – әбден қиналғандықтан, мезі болған, адал көңілмен қуанып айтылған пікір. Өйткені Дулатов та, басқа ұлт зиялылары да Ақпан төңкерісін жақсы ниетпен қарсы алды. Оны шынайы бостандық деп түсінді. Ұлт зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы қызметі, олардың ұстанған саясаты туралы, алаш қозғалысының жалынды көсемсөзші, идеологі Дулатов 1929 ж. қаңтар айында түрмеде жазған мәлімдемесінде былай ой түйіндейді: «Маңайдағы болып жатқан не сұмдықты көріп жүріп, біліп жүріп, қорғаушысы, панасы, қол берушісі жоқ халыққа жанымыз ашып, біздер сол кезеңде үкіметке қарсы әрекеттің қажет еместігін түсіндіру, көтерілген жағдайда қанның көп төгілетінін, екі жақтың күші тең еместігін халыққа айтып ұғындыру жолын ақылдастық. Кейінше барып, «Жау кеткен соң қылышыңды боққа шап» дегеннің кебін жасап, базбір жолдастар бізді кезеңі келгенде халық қозғалысын басқара алмады, ақ патшаның құйрығына айналып кетті деп кінәлай бастады. Мұндай сөзді сол кезеңнің нағыз шын жағдайы мен жай-жапсарын көз жеткізіп білмеген адамдар ғана айтады. Білген болса айтпас еді. Шындығында, біздер халықтың басын бәске тіккіміз келмеді. Халық тағдыры карта ойыны емес. Қолымыздан келгені «Қазақ» газетінің редакциясы болып, майдандағы окоп қазуға,



тыл жұмысына жөнелтіліп жатқан қазақтарға көмек көрсетуді ойластырдық, осы мақсатпен бүкіл қазақ оқығандарына қаратып үндеу көтердік. Көп ұзамай қазақ интеллигенциясы – халық мұғалімдері үн қосып, Минск қаласы земство одағының жанынан өзге ұлт бөлімін құрған едік. Өзім болып Минскіге жол алдым». Қазақ тарихында елеулі орын алатын 1916 жылдың аласапыран оқиғалары Алаш зиялыларын көп ойландырды, жанын күйзелтті және сол оқиғаларға өз көзқарастарын ашық білдірді. 1916 жылғы оқиғалар тұсындағы ұлт зиялыларының халықтың тағдырын ойлап, қырғыннан, қатерден сақтап қалу мақсатында ақыл-кеңес беріп, жазған мақалалары, атқарған еңбектері, олардың саяси көрегендігін байқатып қана қойған жоқ, үлкен күрес жолынан өткен білікті саяси қайраткер дәрежесіне көтерілгендіктерін көрсетті.

Әдеб.: Нұрпейсов К., Алаш һәм Алашорда, А.: Ата-тек, 1995. 58 б.; Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы» А., Санат, 1995. 169 б.; Қарқара айбаты. Құжаттар мен материалдар жинағы. А.: Өлке, 1991.-9 б.; Дулатов М., Ұлт әскері – Кеңес қорғаны болсын. Ақ жол. 1924. 4 қаңтар. №386; Дулатов М. Он алтының ойраны, Еңбекші қазақ, 1926. №145; Қазақ. 1917. №212; Қазақ. 1916. №188; Беннигсен. А., Келькежей Ш. Л. Пресса и национальное движение среди мусульман России до 1920 года. Париж: Сорбонна, 1964. Альманах «Алем». А.-А., 1991-28 с.; Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. III том. А., Білім баспасы, 1982; Социалды Қазақстан. 1937. 12 қаңтар; Қойгелдиев М. Панасызға араша түскендер. Қазақ әдебиеті. 1992. 22 мамыр, Тәкенов Ә.С. Он алтыншы жылғы ойран. Қазақ тарихы. 1993. №52-57 бб.

С.Иманбаев

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ – 20 ғ-дың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемл-нің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ

халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере қоймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп, оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеум. күшке сұраныс үлкен еді. Ал ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905–07 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш – сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын. Осы бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін А.қ. атанған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады. 1905 ж. Қоянды жәрменкесінде дүниеге келген Қарақаралы хұзырхаты (петициясы) оның бағдарламалық құжаты болатын. Осы мезгілден бастап Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов жетекшілік еткен ұлттық зиялылар жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемл. Дума жанындағы мұсылман фракциясы жұмысына, жалпыресейлік мұсылман, түркішілдік қозғалыстарға атсалысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады. Ал 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған «Қазақ», оның артын ала өмірге келген «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақ жол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. А. қ-ның басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемл. жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемл. құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал ш-н өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демокр. ұстанымдарды қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар



түзу болды. Бірінші орыс рев-сы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 ж. ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың жазы мен көктемінде Қазақ к-ттерінің пайда болуы, күзіне қарай «Алаш» партиясының, ал соңына қарай Түркістан автономиясы (Қоқан автономиясы) және Алашорда үкіметтерінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. 1917 ж. пайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылғанымен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Мемл. тәуелсіздік, жер және кезінде алаш зиялылары күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси басқа да мәселелерді басты талабы етіп, ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сипатта Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Қожанов, С.Садуақасов, Ж.Мынбаев қызметінде одан әрі өрши түсті. Елде тоталитарлық жүйе біржола орнағаннан кейінгі уақытта енді ол жаңа саяси жағдайға байланысты шетелдік эмиграция күшімен жүргізілді. Мұстафа Шоқайдың қызметі, оның басшылығымен Берлинде 10 жыл бойы (1929–39) шығып тұрған «Яш Түркістан» журналындағы материалдар соның айғағы еді. Негізгі мақсаты – ұлттық бостандық болған А.қ. көрші түркі, мұсылман халықтарымен күш біріктіруге тырысты. Сөйтіп, 20 ғ-дың алғашқы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 30 жылдарға дейінгі тарихи кезенді қамтыды. Кеңестік тоталитарлық билік алаштық атанған аға буын зиялылардың ең белсенді бөлігін, сондай-ақ олардың кеңестік-партиялық қызметтегі ізбасарларын қуғын-сүргінге ұшыратып, жауыздықпен жазалады.

М.Қойгелдиев

АЛАШ МИЛИЦИЯСЫ, х а л ы қ т ы қ м и л и ц и я – 1917 ж. желтоқсанның 5–13 күндері Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес құрылған Алаш автономиясының қарулы жасақтары. Съездің күн тәртібіндегі 10 мәселенің төртіншісі «милиция туралы» болды. Осы мәселе бойынша алаш қозғалысының белгілі өкілі Халел Ғаббасов баяндама жасады. Съезд Алаш автономиясы аталған ұлттық мемлекетті аяғынан тік тұрғызу үшін және тек кеңестік негіздегі автономияларды ғана қорғап-қолдайтын «бостандықтың жауы – больше-

визммен күресу үшін» «халықтық милиция» атанған ұлттық әскер құру бағдарламасын бекітті. Осыған сәйкес Алаш автономиясына кіретін обл-тар мен уездерде құрылуға тиісті милиция бөлімдерінің саны анықталып, оларды соғыс өнеріне үйрету, қажетті қару-жарақпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдары айқындалды. Негізінде атты әскер түрінде жасақталатын халықтық милиция қатарына әскери қызметті атқаруға жарамды 20 мен 35 жастың арасындағы ер азаматтар алынатын болды. Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу обл-тарындағы милиция қызметкерлерінің жалпы саны 13500 болсын делініп, әр облыс бойынша әскер қатарына шақырылғандар саны мына мөлшерде белгіленді: Бөкейде – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500 және Жетісу облысында – 2000 адам. Милицияға қару-жарақ пен оқ-дәріні Алашорданың ұлттық қорынан алу белгіленді. Милиционерлерді әскери тәртіп пен өнерге үйрету үшін офицерлер мен нұсқаушыларды: 100 милиционерге 1 офицер, 50 милиционерге бір нұсқаушы шақырылатын болды. Қазақ офицерлерін даярлау үшін Орынбор казак әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажеттігі съезд шешімдерінде баса көрсетілді. Съезд қарарларына сәйкес халықтық милиция жасақтарын құру ісі көп кешікпей басталып, осы бағыттағы жұмыстар 1918 жылдың жазынан, елде азамат соғысы басталуына байланысты жаңа қарқын алды. Алашорда үкіметі бұл бағыттағы жұмыстарды тек қана Орынбор казак әскерінің басшылығымен ғана емес, сонымен қатар Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінен тұратын үкіметпен («Комуч») және Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен (1918 ж. қарашадан – Колчак үкіметімен) бірлесе, соңғыларының көмегіне сүйеніп жүргізді. Алашорданың батыс бөлімшелерінің жетекшілері Жанша Досмұхамедов және Халел Досмұхамедов «Комуч» үкіметінің есебінен 600 винтовка, бір пулемет алса, Алашорданың Торғай бөлімшесі 300 мылтық, 20 мың патронға ие болды. Орынбор казак әскерлерінің атаманы Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полкті жасақтау жүзеге асырылды. 1918 ж. тамыздың 12-нде Алашорданың әскери бөлімінің бастығы капитан (кейбір деректерде подпол-



ковник) Хамит Токтамышев Уақытша Сібір үкіметінің соғыс министрінің атына жазған хатында Семейде құрамында 750 жауынгер мен 38 офицері бар Алаш полкінің құрылғанын баяндай келіп, Зайсанда халықтық милицияның 200 адамнан, Павлодарда 150, Қарқаралыда 250 және Өскеменде 250 адамнан тұратын әскери құрамалары жасақталғанын хабарлап, Қазақстанның әртүрлі аудандарында қызылдарға қарсы соғысқа тікелей кіріскендігі туралы жазады. Ә.Бөкейханның 1919 жылғы ақпанның 11-інде Колчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерінде келтірілген мәліметтеріне қарағанда сол кезде азамат соғысы майдандарында Қызыл Армияға қарсы күреске қатысқан Алаш қарулы күштерінің саны 3000-нан асқан. Осы келіссөздің барысында Алашорда делегациясының басшысы Бөкейхан Сібір үкіметі өкілінің «Милицияны қалай түсінуге болады?» – деген сұрағына «Милиция – біздің әскеріміз. Ол қазір іс жүзінде бар: 700 жігітіміз Жетісу майданында, 540 адам Троицк түбінде, 2000 адам Орал облысында соғыс әрекеттеріне қатысуда», – деп жауап берді. Бұл мәліметтерге Алашорданың батыс бөлімшесі ұйымдастырған әскери құрамаларды қоссақ, «халықтық милиция» атты Алаш автономиясы әскерінің қатарында бес мыңға жуық адам болған. Нашар қаруланған, соғыс тәжірибесі жоқ «халықтық милиция» бөлімдері Қазақстандағы азамат соғысының барысына ықпал ете алған жоқ. Алашорданың таратылуымен бірге ол құрған «халықтық милиция» бөлімдері де таратылды.

К.Нұрпейіс

АЛАШОРДА – Алаш автономиясының үкіметі (1917 ж. желтоқсан – 1920). А. (немесе Ұлттық Кеңес) 1917 ж. желтоқсан айының 5–13 күндері Орынборда өткен 2-жалпы-қазақ съезінде сайланды. Съездің күн тәртібіндегі он мәселенің ішіндегі ең маңыздылары Алаш автономиясын құру және оның үкіметін сайлау болды. Съездің 1917 жылғы 12 желтоқсанда қабылдаған шешімінің 6-бабында былай делінген: «Алаш облыстарын (съезде жарияланған Алаш автономиясы – К.Н.) қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы (мүшесі – К.Н.) 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға

қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады» («Сары арқа», 1918, 25 қаңтар, №29). Съезде құрылған Алаш автономиясының үкіметі – Уақытша Ұлттық Кеңес – Алашорда деп аталынды, ал оның негізгі мақсаттарының бірі Қазақстанды Ресей орт-ндағы жеңіске жеткен «социалистік» төңкерістен («бүлікшіліктен») қорғау болды. Съезд шешімінде көрсетілгендей Уақытша Ұлттық Кеңес – А-ның құрамына Қазақстанның барлық аймақтарынан 15 адам сайланды: Уәлитхан Танашев (Бөкей Ордасынан), Халел Досмұхамедов (Орал обл.), Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола обл.), Халел Ғаббасов (Семей обл.), Мұстафа Шоқай (Сырдария обл.), Садық Аманжолов (Жетісу обл.), т.б. Алашорда құрамына облыстардан тыс халыққа кеңінен таныс қайраткерлер: Әлихан Бөкейхан, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхаматжан Тынышбаев, Бакыткерей Құлманов, Жақып Ақбаев, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов сайланды. А. құрамына сайланғандар түгелге дерлік жоғары білімді зиялылар еді. Олар – Петербургтің, Мәскеудің, Қазанның, Томскінің т.б. қ-лардың жоғары оқу орындарын заңгер, экономист, дәрігер, математика, тау кен және темір жол инженерлері, т.б. мамандықтар бойынша бітіргендер. Бұлардың басым көпшілігі өз мамандықтары бойынша қызмет атқарумен қатар ғыл. шығармашылық жұмыс атқарды. Ал 1917 жылғы қос рев. аралығында олар қоғамдық-саяси өмірге белсенді түрде ат салысып, «Алаш» партиясы мен Алаш автономиясын құруда Бөкейханға сенімді серік болған қайраткерлер еді. Үкімет төрағалығына үш қайраткер – Бөкейхан, Құлманов және Тұрлыбаев ұсынылды. Көп дауыс алған Бөкейхан төраға болып сайланды. Алаш автономиясының үкіметі сайланғаннан кейін көп кешікпей Х.Ғаббасов А-ға бүкіл «қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметіміз деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті (Кеңес үкіметін) танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек» деп жазды («Сарыарқа», 1918, 22 қаңтар). А. өз алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай атқару үшін Алаш автономиясының «халықтық милиция» атанған қарулы күштерін жасақтауға үлкен мән берді (қ. *Алаш милициясы*). Оған қажетті офицерлер дайын-



дау үшін атаман Дутов басқарған Орынбор казак әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажет деп табылды. А-ның Дутовпен жақындасуы Алаш жетекшілерінің жағдайын қиындата түсті. Өйткені, Оңт. Оралда Ә.Жангелдин ұйымдастырған қызылдар жасағы П.Кобозев пен С.Павлов басқарған қызылгвардия отрядымен бірлесе отырып 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынборды басып алды. Қызылдардан ыққан Дутовпен бірге алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осыған байланысты А. біртұтас казак автономиясын құрып үлгермей, барлық казак жерлеріндегі үкімет бірлігінен айырылып қалды. Үкімет мүшелерінің біразы Семей маңындағы Алаш қ. атаған (бұрынғы Жаңа Семей) елді мекеніне келіп, өздерін А-ның Шығыс бөлімі деп жариялады. Үкімет мүшелерінің 2-бөлігі Орал обл-дағы Жымпиты қ-на келіп, өздерін А. үкіметінің Батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты деп атады. Үкіметтің тағы бір бөлігі Жетісу обл-да әрекет етті. Елде азамат соғысы басталған 1918 жылдың жазында большевиктер мен оларға қарсы күштер билік үшін бір-бірімен ашық күреске шықты. А. азамат соғысы жылдарында Кеңес құрылысына қарсы күштер жағында болды. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі «Алаш» партиясы мен А. үкіметін таратты. Кеңес өкіметі «Алаш» партиясы мен А-ны Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластауда алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап, күштеу жолын да қолданды. Кезінде (1919, 1920 ж.) Кеңес өкіметі алаш қозғалысына белсене қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, олар түгелге дерлік сталиншіл әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандарына айналды.

Әдеб.: Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995.

К.Нұрпейісов

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917–20). 20 ғ-дағы қазақ тарихында терең із қалдырған А.п-ның өмірге келуі, біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экон., саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп жетілгендігін, екіншіден, Ресей империясының Қазақстанда орнатқан отарлық басқару жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті. Қазақ зиялыла-

ры қоғамдық сұранысқа сай партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында (1905 – 07) қолға алды. 1905 жылғы 6 тамыздағы Мемл. Дума құру жөніндегі патша манифесі басқа ұлттармен бірге қазақ еліне де депутат сайлау құқын берді. Сайлау науқанына араласқан казак зиялылары отарлық тәуелділіктегі қазақ халқының мүддесі тұрғысынан қоғамдық үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, депутат сайлап, оған аманат тапсыру ісіне мұрындық болатын саяси ұйымның қажеттігін айқын аңғарды. 1905 жылдың соңына қарай Орал қ-нда өткен казак облыстары өкілдерінің съезі «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру туралы шешім қабылдады. 9 адамнан тұрған оның ОК мен бағдарламасы жөніндегі хабар «Фикер» (Пікір) газетінде жарияланды (1905, 25 желтоқсан, №5). 1906 ж. 10 маусымда Семей қ-нда Мемл. Думаға казактардан депутат сайлау үшін өкілдер жиналысы өтіп, Ә.Бөкейхан жиналғандарды «Халық еркіндігі» (кадеттер) партиясының бағдарламасымен таныстырып, жиналыс оған қатысқандардың аталған партияға қосылатындығы жөнінде қаулы қабылдады («Семипалатинский листок», 1906, 13 маусым). Саяси күрес жолына енді ғана түсе бастаған казак зиялыларының осы кезеңдегі саяси-әлеум. бағдары, белгілі дәрежеде, ресейлік радикалдық-бурж. партия – кадеттердің қызметімен ұштасты. Бірақ осы кезеңдегі казак кадеттерінің өмірде ұстанған мұраттары орыс кадеттерінің бағдарламасынан мүлдем өзгеше еді. Қазақ кадеттерінің бағдарламасында төмендегідей талаптар қойылды: казак жерін бүтіндей казак елінің меншігі етіп жариялайтын Заң қабылдау, ішкі Ресейден көшіп келушілердің легіне тежеу қою, казак жұмысшыларына еркіндік, теңдік беру, олардың мүддесін қорғайтын заңдар шығару, казак балалары үшін мектеп, медресе, ун-ттер ашу т.б. («Фикер», 1905, 25 желтоқсан, №5). 1905 ж. жазда өмірге келген Қарқаралы хұзырхатының (петициясының) да талаптары осы мазмұндас болды. Отарлық езгіге қарсы жалпыұлттық бас көтеру толқынында пайда болған бұл алғашқы әрекеттер саяси партия құрумен аяқталған жоқ, өйткені оған қажетті алғы шарттар қалыптаса қоймаған болатын. Қазақ зиялылары тарапынан жалпыұлттық саяси партия құру әрекеті 1913 ж. тағы да бой көрсетті. М.Сералин бастаған



«Айкап» журналы төңірегіне топтасқан зиялылар ең өзекті қоғамдық мәселелерді талқылап, белгілі бір бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру жөнінде бастама көтерді. Бірақ қазақ даласында орнаған қатаң әскери-отарлық тәртіппен есептесуге мәжбүр болған Бөкейхан бастаған топ мұндай әрекеттерге көшуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Саяси партия құру үшін қажетті алғышарттар тек 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін ғана қалыптасты. Алғашқы жалпықазақ съезін өткізу үшін «Қазақ» газеті жанынан құрылған ұйымдастыру бюросы күн тәртібіне «Қазақ саяси партиясын жасау мәселесін» ұсынып, оған мынадай негіз келтірді: «Ресейде осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары программасында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұм: қай партияның да болса программасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына партия жасалмайынша болмайды» («Қазақ», 1917, №234). 1917 жылғы 21 – 26 шілде аралығында Орынбор қ-нда өткен жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, мынадай шешім қабылдайды: «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд «Шора-и исламға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізі демократиялық федеративтік парламенттік республикаға құрылмақ...». Съездің соңғы күні жаңа қалыптаса бастаған партияның басшысы Бөкейхан ресейлік кадеттер партиясынан мүшеліктен шығатынын және оның себептерін мәлімдеді. Партияның ұйымдық тұрғыдан құрылуы күзге, яғни бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқанына тұстас келді. «Қазақ» газеті (1917, №244) өзінің бас мақаласында партияның атын «Алаш» қойып, оған тілектестерді Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар тізімін осы партияның атынан жасауды ұсынды. Сонымен бір мезгілде «Қазақ» басқармасынан барлық облыстардағы Қазақ к-ттеріне қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою туралы жеделхаттар жіберілді. «А.»п-ның обл. ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Бөкейханның тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен шамамен қазанның 12–20

аралығында партияның обл. ұйымдары алдымен Семейде, кейін Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылды. Семей обл. партия к-тінің төрағасы болып Халел Ғаббасов, Омбы обкомының төрағасы болып Айдархан Тұрлыбаев, ал Торғай обкомының төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланды. Партияның арнайы съезін шақырып, басқару орындарын сайлауға, жарғысы мен бағдарламасын бекітуге қолайлы жағдайдың болмауынан Орт. к-т құрылмады. 1-жалпықазақ съезі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидат есебінде тіркелген топ партияның басқарушы ұйтқысы болды. Партияның бекітуге даярланған жарғысы жөнінде «Қазақ» газеті былай деп жазды: «Алаш» партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды, дайын болғанда жұртқа жария қылынады. Қазіргі шарты – кіндік комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын, «Алаш» партиясының программасын ұнатып, жөн көрген, программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туыскандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, «Алаш» жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн». Партияның Орынбор қ-нда Торғай обл. к-ті ашылғандығы жөнінде хабарында «Қазақ» газеті «А.»п-ның жарнасы 1 сом деп көрсетті (1917, №250). «А.» п. жарияланған бағдарламасында Ресей мемл-нің демокр., федеративтік респ. болғандығын жақтады. Бағдарлама бойынша шашыранды қазақ обл-тары өз билігі өзінде тұтас бір мемл-ке бірігіп, автон. негізде Ресей Федерациясының құрамына енбек. Әлеум. қатынаста феодал. аристократияны шектеу, таптық жіктелу мәселесі қойылған жоқ, керісінше, жалпыұлттық мүдде, ұлттық тұтастық бағытында тұрды. «А.» п. ғәділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Құш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұртты



тарқы ету жағына бастайды деп көрсетеді. Салық мәселесі де осы тұрғыдан шешілуге тиіс болды. «Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға – байша, кедейге – кедейше ғаділ жолмен салынады, ... бар жұмысшылар заң панасында болады». Бағдарламаның антифеод. сипаты «негізгі құқық», «ғылым-білім үйрету» сияқты тарауларынан байқалады. «Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең. Жыйылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға – еркіншілік», заң орындарының рұқсатынсыз жеке адамдардың табалдырығынан аттап, ешкім тінту жүргізе алмайды, сот сұрап, билік айтылмай ешкім тұтқынға алынбайды т.б. Қазақ мемлекетінде оқу орындарының есігі кімге де болса ашық және оқу ақысыз болмақ, оқу жалпыға бірдей жайылмақ. Қазақ тілінде орта мектептер, университеттер ашылады, бастауыш сыныптарда сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіледі, үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар өзара сайлау арқылы тағайындалады. Бағдарламадағы ең негізгі мәселе – жер мәселесі болды. Қазақ жері, оның асты-үсті байлығы қазақ елінің меншігі болуға тиіс. Қазақ елінің ықтиярынсыз ішкі Ресейден қоныс аудару тоқтатылады. Жер мәселесіне байланысты заң қабылданып, қазақ алдымен өз жерінен енші алады. Жер сыбағасы тұрған жерінен, атамекенін әркімнің тілегіне сай ауылға, ұлысқа, руға бөлінеді. Адам басына, жеке үй басына тиетін жер сыбаға шаруаға, жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы болады. Жер сыбағасын жергілікті жер к-тері анықтайды. Заң жерді сатуға тыйым салады. Ертіс бойындағы он шақырымдағы (десятиверстная) қазақ сол жерден үлес алсын. «Атты казак бермеймін дер, біз Ертістен кетпейміз, жер алмай қоймаймыз. Жерді жолмен, Законмен аламыз. Қазак сыбаға жерін алған соң, қалған жер мемлекет қазынасына өтіп, оларды земство билейді» («Қазақ», 1917, №251). 1917 жылдың соңына қарай ұйымдық тұрғыдан қалыптасқан «А.» п-ның жергілікті ұйымдары обл., уездік Қазақ к-тері, ал жергілікті сауатты, патриоттық ниеттегі зиялылар партияның активі, тірегі болды. «А.» п. 1917 ж. үш ірі мәселені шешуге үлкен үлес қосты. Біріншіден, партия мүшелері халық арасында, қазақ зиялы-

лары ішінде ең алдымен шешілуге тиіс жалпыұлттық зәру мәселелерді талқылауға мұрындық болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдарға келуде басты рөл атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасында («Қазақ», 1917, №251) берілді. Екіншіден, партияның ұйтқысы болған қайраткерлер қазақ елінің «Алаш автономиясы» атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен екінші жалпықазақ съезін (1917, желтоқсан) даярлап өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда – Ұлттық Кеңес үкіметі келді. Оның мүшелері түгелдей дерлік өздерін «А.» п-ның мүшесі санағандығы күмән тудырмайды. Үшіншіден, осы жылғы қарашада болып өткен Бүкілресейлік Құрылтайға депутаттар сайлауында барлық қазақ қайраткерлері «А.» п-ның атынан тіркелді және оның атынан депутат болып сайланды. Осы Құрылтайға депутаттар сайлау барысында барлық қазақ облыстарында «А.» п. ең көп дауыс алған партия болды. Объективті жағдай, күрделі де қатал өмір ағымы «А.» п-ның саяси күреске білек түріп араласып кеткен ірі саяси күшке айналуына мүмкіндік бермеді. Қым-қиғаш азамат соғысы тұсында ондай міндетті тек Алашорда үкіметі ғана атқара алатын еді.

М.Қойгелдиев

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ СЪЕЗІНІҢ ҚАУЛЫСЫ – 1917 жылдың 9 қарашасында қабылданған. Қаулы мәтіні төмендегідей: «Алаш» партиясының сиезінде Уақытша облыстық комитеті ашылды. Кірген кісілер: Ғалыхан Бөкейханов, Райымжан Мәрсеков, Имам Әлібеков, Ахметжан Қозыбағаров, Тұрағұл Құнанбаев, Халел Ғаббасов, Садық Дүйсенбин, Әлімхан Ермеков, Мұстақым Малдыбаев, Әнуар Молдабаев, Биахмет Сәрсенов. Бұлардан басқа уез басы 1 кісі кіруге орын қалдырылды. Сөйтіп, Алаш партиясының сиезіндегі областной комитеттің адамы 15 болмақ. Комитеттің председателі Халел Ғаббасов, жолдасы Ахметжан Қозыбағаров, қазынашысы Әнуар Молдабаев, секретары Садық Дүйсенбиев болды. Құрметті председатель болып Ғалыхан Бөкейхан сайланды. «Алаш» партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды. Даяр болғанда жұртқа жарияланады. Қазіргі шарты – кіндік комитетті, бұл жасалғанша уақытша областной комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындай-



тын, «Алаш» партиясының программасын жатырып жөн көрген, программасындағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туыскандық бұйрығы болмайтын, дүние-мүлікке қызығып сатылмайтын шыншыл, адал тура кісі кіреді. Сыртын берсе, іші басқа, тілін берсе, жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, «Алаш» жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе, сырт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі, осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн. Орыс жұртының сиез партиялары көп: кадеттер, социалист-революционер, социал-демократ хәм басқалар. Бұлардың әрқайсысының тұтынған жолы, жасаған программалары, қала сайын ұйымдары (комитеттері), пікірін тарататын газеттері, кітаптары, шешімдері бар. Әр партияның тарау-тарау комитеттерінің басын қосып отыратын түп қазығы-кіндік комитеттері бар. Осы кіндік комитеттердің бұйырғанын тапжылмай, таймай орындау – уақ комитеттердің міндеті. ...Кіндік комитеттің сөзін екі қылмай, өз ішінен жарарлық кісісі бар болса да, сайлайсындар деген кісілерді списокке кіргізіп, дауысты (тасты) көп алып өтпекке құм қылып, топ жинап, сөз сөйлеп, пікірін таратып, жолын ұсынып, кісі тартуға кірісіп отыр. Бірінен болмаса бірінен сайланар деп, бір кісіні 5 округтің списокіне кіргізіп, 5 жерге сайланатын қылып отыр. «Алаш» партиясы да осы жолды қолданып, Ақмоладан, Семейден, Оралдан, Торғайдан депутаттыққа жарайтын адамдарды көрсетіп, округной комиссияларға депутаттарының списоктерін кіргізіп отыр. Орыс партияларыныкіндей біздің «Алаш» партиясында кіндік комитет жоқ болғанымен, Орынборда жасалған жалпы қазақтың тұңғыш тобы ұнатып, бата қылған адамдар бірен-саран яки ырзалықпен орын ауыстырған болмаса, түгелімен «Алаш» партиясының атынан кірген списоктерге жазылып отыр. Европа үлгісімен жүретін заман кездескен соң, біздің тұңғыш тобымыз жалпы қазақ сиезі салған жол бүкіл «Алаш» ұранды қазақ баласына таймайтын даңғыл жол болу керек. Бұл жолдан шықтым деген кісі жасырынатын, бұғатын заман өткен, шын

пікірін айтып тартыссын. Ұжмаққа бір күнде кіргіземін деген өтірігін жұмсамай, майданға шығысып, біздің қазақ партиясы «Алаштың» тұтынатын жолының жоспары мынау:

1. Мемлекетті билеу түрі:

Россия жерінің қолайына, елінің кәсібіне, шаруасына қарай бөлетін әр бөлімнің (штабының) билігі өзінде болып, ортақ іске одақтасқан жалпы жұрт билейтін мемлекет болу (федеративная демократическая республика). Қазақ облыстар Сібірмен қосылып уақытша бір штаб бола тұру. Шамам келді деген күні қазақ Сібірден бөлініп, өз алдына бір штаб болады.

2. Жер мәселесі:

1. Жерді мүлік (мемлекет) болып иелену қылып, жалпы жұрт меншіктенуге тапсыру.

2. Жері үлеске түскен ауыл тұрғын жұрттың керегін беріп, ырза қылу; Үлес жергілікті мекемелерінің шаруа түріне (малға, егінге) лайықтап шығарған мөлшерімен Учредительное собрание ұйғарған негізге тіреліп берілу;

3. Жер билігі жергілікті мекемелерде (областной, уездной земство, жер комитеттерінде) болу; Қазақ осы күні қай жерде отырса, содан жер алу. Қазаққа жер бергенде әлеуметке (ру, ауыл, облысқа) деп беру. Әлеумет ішінде жерді тең пайдалану.

3. Солдаттық мәселесі:

Дайын әскер ұстау бірте-бірте бақылаушылыққа (жалпы жұрт күзетшілігіне) айналу. Солдаттыққа алынған кісі елінен, жерінен аулаққа кетпей, шаруадан бос уақытында әскерлік өнерін үйреніп, тұрған жеріне бақылаушы болу.

4. Жергілікті мекемелер:

Жергілікті мекеменің өрісі кең, билік ауданы мол, аздың ақысы кетпейтін, санға қарай кісі ететін болу.

5. Сот мәселесі:

Сот сайлауы түспейтін болу, сот ісі әр жұрттың өз тілінде жүргізілу. Сот заңын шығаратын өз мекемелерін жасау.

6. Дін мәселесі:

Дін ісі мемлекет ісіне қатыспайтын болу. Діннің бәрі бірдей болу. Әр жұрт дін ісін өз қолына алу.

7. Жұмысшы мәселесі:

Бірте-бірте 8 сағаттық жұмыскер күнін кіргізу. Кәсібі бірыңғай топтар ұйымдасуға бостандық болу, жұмысшыларды қорғайтын мемлекет заңы болу.



8. Оқу мәселесі:

Жалпы мәдениетті оқу болу. Мемлекет қазнасынан жалпы жұрт оқуына жұмсалатын ақша, қай тілде оқытатын оқу ордасы болса да аламай бірдей берілу. Бастауыш пен ортаның, орта мен жоғарының арасында жалғау болу.

9. Бас бостандығы:

Сотсыз ешкім тінтілмей, тұтқынға алынбай, жазалы болмай, бас қосу. Тұтқынға алынған кісіге бір сутканың ішінде кінәсін мойнына қою. Әйтпесе, тұтқын кісі жауапты болу.

10. Жиылыс бостандығы:

Хакімнен рұқсат сұрамай, мейлі далада, мейлі ойда топ жинап, әртүрлі мекемелер жайынан кеңесуге әрбір адам еркін болу.

11. Баспасөз бостандығы:

Хакімнен қысымшылық көрмей, рұқсат алмай, газет, кітап, жарнамалар басып таратуға әрбір адам ерікті болу. Баспасөз бостандығы болғанда, цензура (сөз анду) болмау. Ауызша, яки баспасөзбен кірлеу, өсектеу, кісі өлтіру секілді жұмысқа сот алдында жауапты болу.

12. Жүру-түру бостандығы:

Паспорт алуға міндетті болмай, ешбір кедергі көрмей, әр адам бір жерден екінші жерге баруға ерікті болу.

13. Одақтасу бостандығы:

Көпке бірдей мақсаттарға жету үшін қосылушылар еш рұқсат сұрамай одақтаса беру. Осы көрсеткен жоспарды қазақ халқының алдына салып, «Алаш» партиясынан сайланатын депутаттар топқа түсіп, тартыстыңының нұсқасы осы дейміз. // «Сарыарқа». 1917ж. №19».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 4-том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.

АЛАШТАНУ – «Алаш» партиясы, Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі деген ұғымдарды қамтитын алаш қозғалысының тарихнамасы немесе зерттелу жағдайы. Аға арналған алғашқы пікірлер мен зерттеулер 1919–20 жылдарда мерзімді баспасөз беттерінде жарияланды. Осы мәселе бойынша алғашқы қалам тартушылар көшінің басында алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы мен қоғам және мемлекет қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллин тұрды. 1919 ж. тамызда «Жизнь национальностей» апталығында (Ресей Ұлт істері жөніндегі комиссариатының органы) Байтұрсынұлының «Революция және қазақтар»

атты мақаласы жарияланды. Онда алаш қозғалысының бастау көздері, Алаш автономиясын жариялау мен оның үкіметін құрудағы себептер ашып көрсетілді. Алашорданың құрылуын 1917 жылғы Қазан революциясының жеңісі әкелген анархияға қарсы тосқауыл болған еді деп бағалады. Мұны Байтұрсынұлы қазақтар арасында «таптық жіктелудің жоқтығына және жеке меншіктік заттарда белгілі жеке болмауына байланысты ... оларға әзірше социалистік қоғамға деген қажеттіліктің жоқтығымен» түсіндірді. Байтұрсынұлының мақаласы жарияланысымен және сол «Жизнь национальностей» апталығында Сейфуллиннің «Манап Шамиль» деген бүркеншік атпен «Қырғыз интеллигенциясы туралы» атты мақаласы жарық көрді. Өз тағдырын, қоғамдық және шығармашылық қызметін коммунизм идеяларымен тығыз байланыстырған С.Сейфуллин бұл мақаласында алаш қозғалысы жалпы алғанда қазақ халқының мақсат-мүддесіне жат құбылыс деген ойдың ұшығын аңғартады. 20-жылдардың басынан Қазақстанның мерзімді баспасөзінде алаш қозғалысы туралы белгілі бір дәрежеде пікірталас орын алды. Бұл дискуссияға «Н.Ш.» деген лақап есімімен жасырылған автордың «Шығыс Киргизиядағы (Қазақстандағы) революциялық қозғалыстың тарихына» («Степная правда», Орынбор, 1922, 26 және 27 шілде), Ә.Байділдиннің «Шығыс Киргизиядағы революциялық қозғалыс жөнінде», А.Кенжиннің «Киргизиядағы революциялық қозғалыс» атты мақалаларын жатқызуға болады. Ә.Байділдин мен А.Кенжин Алашорда тарихын біржақты жамандауға қарсы шықты. 1925 ж. Қазақстанды басқаруға Ф.Голощекин келгеннен кейін кезінде Алаш қозғалысына қатысқан адамдарды саяси тұрғыдан қудалаумен қатар ол қозғалыстың тарихын бұрмалау науқаны басталды. 1926 ж. 25–30 қарашада өткен БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің II пленумы респ. партия ұйымдарын «Алашорда идеологиясына қарсы күресті күшейтуге» шақырды. Жекелеген зерттеушісімақтарға Алашорданың «контррев. ұлтшылдық мәнін» әшкерелейтін еңбектер жазуға арнайы тапсырмалар берілді. Осындай тапсырмамен жазылған еңбектің бірі А.К. Бочаговтың 1927 ж. Қызылордада жарық көрген (орыс тілінде) «Алашорда» атты кітапшасы еді. Автор кейбір дұрыс пікірлер



айтқанына қарамастан, жалпы алғанда Алашорданы жамандап, оның тарихының әртүрлі кезеңдері мен қызметіне әділ баға бере алмады. Арнайы тапсырмамен дайындалған екінші еңбек 1929 ж. Н. Мартыненконың құрастыруымен Қызылордада жарық көрген «Алашорда» атты құжаттар жинағы еді. Кітап сол кездегі Қазақстан үкіметінің басшысы О.Исаевтың редакциясымен шықты. Жинақтың алғы сөзінде және оған енген құжаттарға берілген құрастырушының түсініктемелерінде коммунистік идеология мен таптық ұстаным тұрғысынан алаш қозғалысы теріс бағаланғанына қарамастан, онда жарияланған деректер Алаш тарихының жекелеген кезеңдері мен оның қызметі туралы нақтылы мәліметтер береді. 1935 ж. БК(б)П Қазақ өлкелік к-ті жанындағы партия тарихы ин-тының қызметкерлері С.Брайнин мен Ш.Шафиरो «Алашорда тарихының очерктері» деген кітап жариялады. Авторлар алаш қозғалысының жетекшілері мен оған қатынасушыларды орыс патшалығы мен Уақытша үкіметтің қолшоқпарлары, қазақ халқының қас жаулары деп бағалап, Алашордаға ұлтшыл контрреволюцияның үкіметі деген анықтама берді. Осыған қарамастан кітаптың негізгі мәтініне қосымша ретінде алаш қозғалысының тарихы жөнінде берілген құжаттар тізбегі ойлы оқырманның осы тарихтан шындыққа сай мәліметтер алуына көмектесті. 1930–32 ж. әміршіл-әкімшіл жүйе ұйымдастырған сот процестерінің үкімі бойынша бұрынғы алаш қозғалысы белсенділерінің басым көпшілігі сотталды. Одан елге оралғандары «халық жаулары» деген айыппен 1937–38 ж. атылып кетті. Сол 30-жылдардың ортасынан 80-жылдардың соңына дейін отандық тарихнамада алаш қозғалысына байланысты зерттеулер жүргізілген жоқ. 20 ғ-дың бас кезіндегі Ресейдегі қоғамдық-саяси өмір тарихы, оның ішінде алаш қозғалысының да мәселелері жөнінде шетелдерге эмиграцияға кеткен ресейлік, ортаазиялық, қазақстандық және кавказдық халықтардың, сол сияқты шетелдерде өмір сүріп, қызмет істеп жүрген отандастарымыздың еңбектерінде молынан кездеседі (А.Ф. Керенский, М.Шоқай, З.У. Тоған, А.Авторханов, Х.Оралтай, т.б. еңбектерінде). Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан кейінгі кезеңде зерттеуге ондаған жылдар тыйым салынған

Алаш тақырыбы жөнінде тарихи шындықты қалпына келтіруге бағытталған талпыныстар жасалды. 1989 ж. шілдеде Қазақстан КП ОК жанындағы партия тарихы ин-ты «Алашорда: пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» деген тақырыпта пікір алысу ұйымдастырды. Дискуссияға қатысушылардың пікірлері көп жағдайда әрқилы болғанына қарамастан, бас қосу жаңа тарихи кезеңде бұл тақырыптың бірінші кезекте зерттелуі қажет мәселелерінің басын ашуда оңды рөл атқарды. Алаш қозғалысына жаңа көзқарас қалыптастыруда соны пікірлер айтып, дәлелді тұжырымдар жасауда М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков белсенділік көрсетті. Кейін А. мәселелері жекелеген моногр. зерттеулерге арқау болды.

Әдеб.: Аманжолова Д., Казахский автономизм и Россия, М., 1994; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995.

К.Нұрпейіс

«АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫНА» – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтардың қазақ халқына арнаған хаты. 1916 жылдың тамыз айында жазылып, «Қазақ» газетінің №192 санында жарық көрген. Хаттың толық мәтіні төмендегідей: «Міне, дүние жүзіндегі халықтардың көбі соғысқа кірісіп, қанға боялып, шаруасы күйзелгеніне екі жыл толып, үшіншіге айналды. Бұл сұрапыл соғыстың жуан ортасында өзіміз қараған Россия мемлекеті тұрғандығын білесіздер. Россияда әскерлік қызметін өтейтін халықтардың үй басы неше адамнан майданда қару ұстап, қан төгіп, біреу жалғызынан, біреу аяулысынан айрылып, шаруа болса күйзеліп, қатын-бала, кемпір-шалдың көз жасы көлдей болып отыр. Бірақ, жаудан жеңілсек, көретін күніміз одан да қараң деп, Отанын қорғауға амалсыз көніп отыр. Сол екі жылдан бері біздің халық мал шығыны болмаса, бас шығынын көрген жоқ еді. Бірақ бір шырпыдан тұтанған от өртке айналып, маңайын шарпып, шалығын бізге де тигізді. Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп, бізді жұмысқа шақырған жарлық шықты. Бұл соғыстың ылаңын ешкім тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді. Бірақ басқа келген пәледен «бастан құлақ садаға», елден алабөтен аман қаламыз деуге бола ма? Отандастарымыз – орыс халқы, діндес-қандастарымыз, ноғай халқы һәм



сондай сыбайлас жұрттар отына күйіп жатқанда, жалынына біздің шарпылмай қалуымыз қиын көрінеді. Біз бас аман қыламыз де сек, «сенің жаның кімнен аяулы еді, мемлекет басына келген жақсылық, жамандық бәрімізге бірдей ортақ емес пе?» деп басқалар айтпай ма? Бұған біз не дейміз, мұнан біз қайтіп құтыламыз? Ал ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауырмалдық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз, ендігі ойлайтын нәрсе осы. Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар. Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. (Қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе, солдат қылыш алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған хукіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, хукімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па? Бірлі-жарым болыс, писарлары өлген елдерге әскер шығарылды, басшы кісілері абақтыға жабылды, сотқа байланды, мәселен, Торғай, Орал облыстарында. Арыз айтқан адамдар таяқ жеді, тұтқын болды, қорлық көрді, мәселен, Ақмола, Жетісу облысында. хәкімдер, қайда қарсылық қылды деген елдердің адамдарын атты, қазақ айыптымен қорқытып ала бастады, мәселен, Қостанай уезінде қазақшын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шыкса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Айтқанға тез көне қоймадың, қарсылық қылдың деп, Түркістан уалаятында военные положение иглан етілді. Военное положение жұртқа келген бір офат деп білу керек. Военное положение иглан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады. Қарсылық белгісін көрсетсек, Түркістанға болған военное положение өзге елге болмай қоймайды. Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға ұшырағаны, екіншісі – бармаймын

деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген. Ал ел көнді, көнгенде не істеу керек? Ел басшысы адамдар әділдікпен өздері түзеп беру керек: мынау жақсы, мынау жаман, мынау бай, мынау кедей деп бұрмаламай, сатылмай, дұрыстық деп іс қылу керек. Бұл іске қулық-сұмдық кіргізу, алалықты, партиялылықты қосу зияннан басқа түк пайда бермейді. Ерікті өздеріңе бергенде дұрыстап іс қыла алмасаңдар, хукіметке соңынан өкпелеуге болмайды. Список шағар екеніне көзі жетіп отырған хәкімдер, қазақ өзі дұрыстықпен список түзеп тапсырамын десе, рұқсат берер. Екінші істейтін нәрсе – көніп отырып сұрайтын кеңшілік, льгота. Бұларды толымды, сыйымды дәлелдеумен хукіметтен сұрау керек. Бірақ мұндайда біздің қазақ петерборшыл болатын әдеті. Бұл іс туралы Петерборға шабудан пайда жоқ, онда барып сөз тындату қиын. «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деген, ел басына мұндай іс түскенде, кімде-кім жырым жегендей қылмау керек, өз пайдасын қою керек. Бұл іске ақшаның, адвокаттың түк пайдасы жоқ. Біз естиміз, елдің көбі бұл істің жаласын ауылнай, болыстарға аударып, список бермей отыр дейді, бұлары қата. Болыс пен ауылнайда ерік жоқ, бұйырды – орындады. Бірақ болыс, ауылнайлар да орынсыз басып-жаншып кетем демей, халықты шиелендірмей, ақша алып біреуді құтқарам, біреуді жіберем демей, дұрыстықпен қызметін атқару керек. Бұл жұмыстан ақшамен қалуға болмайды, бұл елге жақсы үгіт емес, не көрсе де елмен бірдей көру лайық. Міне, жұртқа тегіс кеңшілік берілді. 15-інші сентябрьге шейін қазақтан кісі алынбайтын болды. Енді жұрт шошынбай, желікпей шаруаға қайтып, егін-пішенін, басқа тіршілік жабдығын үлгертіп алу керек. Ат үстінде сенделіп жүргеннен пайда жоқ. Қатын-баланың да қамын ойлаңдар. Ал енді дүние бұл күйінде тұрмас, бұл соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда екенде жоқ, сепкенде жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Теңдікке ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар. Ғалихан, Ахмет, Міряхұп».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2-том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.

АЛАШ ІСІ



«АЛАШ ІСІ» – 1928 жылдан бастап алаш қозғалысына қатысқандарды («Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметіне мүше болған және оларды жақтағандарды) Кеңес үкіметінің жаппай тұтқынға алып, тергеп, 1930–32 жылдардағы сот процестерінің шешімдері арқылы әр түрлі мерзімге түрмелер мен концлагерьлерге қамауы. Олардың басым көпшілігіне 1918–20 ж-да Алашорда қатарында болып, Кеңес үкіметіне қарсы қарулы күрес жүргізді, ал одан кейінгі жылдары Кеңес өкіметін құлатуға қарсы әрекеттер жасады, контррев. орт-тар құрып, кең көлемде Кеңеске қарсы ұлтшыл үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, шетелдік кеңес мемліне қарсы орталықтармен байланыста болды деген жалған айыптар тағылды. 1930 жылғы 4 сәуірдегі ОГПУ (Біріккен мемл. саяси басқармасы) алқасының үкімімен Ахмет Байтұрсынұлы басқарған 40-қа жақын адам әртүрлі мерзімдерге түрмелер мен концлагерьлерге қамалуға, жер аударылуға, т.б. жазаларға кесілді. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Мырзағазы Есполов, Халел Ғаббасов, Дінмұхамед Әділов, Жүсіпбек Аймауытов, Ғазымбек Бірімжанов, Әбдірахман Байділдин, Асқар Дулатов, Теміржан Есмағамбетов т.б. (барлығы 20 адам) ату жазасына кесіліп, ол үкім кейін 10 жыл мерзімге концлагерьмен алмастырылды. Сол үкіммен Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Ибрагим Сәтбаев, Әбуәли Әділов, Асқар Әділов, Абдолла Ұзақбеков алғашында 10 жылдық мерзімге концлагерьге кесіліп, бұл үкім кейін Солт. өлкеге жер аударумен алмастырылды. Ал Кәрім Жәленов, Дархан Кенжебаев, Төреқұл Мұратов, Ақбар Ыбыраев, Нұрлан Кәрібаев, Алғабек Байдуллаев бес жыл мерзімге концлагерьге жіберілді. 1932 ж. 20 сәуірде ОГПУ үштігінің үкімімен Мұхаметжан Тынышбаев бастаған Алаш қозғалысының 20-дан астам мүшесі жазаланды. Олардың қатарынан Тынышбаев, Көшмұхамед (Қошке) Кемегеров, Халел Досмұхамедов, Алдаберген Үмбетбаев, Жаханша Досмұхамедов, Әшір Қожамқұлов, Кәрім Тоқтабаев, Ахмет Тұнғаншин, Әбдірахман Мұңайтбасов, Әшім Омаров, Жұмахан Күдерин, Мұстафа Бұралкиев, Әбдіхамит Ақбаев, Жақып Ақбаев, Сейдәзім Қадырбаев, Мұхтар Музрин бес жыл мерзімге Ресейдің Воронеж обл-на жер аударылды. Олар аударылып барған жерлерінде сая-

си сенімсіз адамдар ретінде ОГПУ органдарының бақылауында болды. Осы топпен бірге бастары істі болған Мұхтар Әуезов, Уәлихан Омаров, Біләл Сүлеев, Әлімхан Ермеков, Даниял Ысқақов алдын ала тергеуде түрмеде отырған уақыты есептеліп босатылды. «А. і-мен» 1930 және 1932 ж. сотталғандардан М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Ә. Байділдин, А. Дулатов, К. Тоқтабаев елге қайтып оралмады. Ал қайтып оралғандары 1937–38 жылдардағы «үлкен террор» кезінде «халық жауы» деген жалған айыппен түгелге дерлік атылды.

Әдеб.: Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Дулатова Г., Шындық шырағы, А., 1995.

К. Нұрпейіс

АЛЖИР («Акмолинский лагерь жен изменников Родины», «Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері») – Сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» саналып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, шаруашылық, партия-кеңес басшыларының, қара-



Алжир

пайым адамдардың әйелдері мен қыздары жазықсыз жазасын өтеген Ақмола обл-ндағы лагерь. Ол Қарағанды лагерінің («Карлаг») 26-бөлімшесі ретінде қазіргі Астана қ-ның маңындағы Ақмола (бұрынғы Малиновка) елді мекенінде КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының (НКВД) 1937 ж. 15 тамыздағы 00486-бұйрығы негізінде құрылған. А. лагері 30 мың га жерді алып жатты. Оның Қарағанды, Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болды. А. тұтқындары егін екті, мал бақты, құрылыс жұмыстарымен айналысты. Ұлы Отан соғысы жылдары А-де 8 мыңнан астам тұтқын әйел ұсталды. Ла-

герье КСРО мемл. басшыларының, әскери қолбасшылардың әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары жапа шекті. Қазақтың айтулы азаматтарының жарлары: С.Сейфуллиннің әйелі Гүлбаһрам, Б.Майлиннің әйелі Күнжамал, Т.Рысқұловтың әйелі Әзиза, С.Қожановтың әйелі Күләндам, С.Меңдешевтің әйелі Рәзия, Т.Жүргеновтің әйелі Дәмеш, Н.Нұрмақовтың әйелі Зүппүн, С.Аспандияровтың әйелі Рәбиға, Майнұр Сарымолдаева, Елизавета Садуақасова, Мария Есқараева, Мәриям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Сағадат Таштитова, Шәкітай Тәтімова, Айша Қабылова, Кира Нұрмағамбетова (лагерьде атылды), Жанбике Шанина, Хадиша Мусина, Сақыпжамал Назарова (Зарап Темірбековтің әйелі), Уәзипа Күленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінелина, Баршын Қалменова, Мәдина Оразова, Мәрияш Есенгелдина т.б. көптеген қазақ азаматтарының әйелдері, аяулы аналар «жазасын» өтеді. Лагерьге анасымен бірге түскен сәбилер 2–3 жасқа жеткен соң аналарынан айырып алынып, балалар үйлерінің «тәрбиесіне» берілді. А. 1950 жылдың басында таратылып, оның тұтқындары басқа лагерлерге ауыстырылды, жер аударылды, мерзімін өтегендер босатылды. Бірақ 1956–57 ж. саяси репрессия құрбандары ақтала бастаған кезге дейін олардың көпшілігі өздерінің бұрынғы тұрған жерлеріне қайтып оралуға құқы болмады. А. туралы тек 80-жылдардың соңында ғана ашық айтылып, жазыла бастады. Ол жөнінде деректі «АЛЖИР» фильмі түсіріліп, «Кебенек киген арулар» пьесасы жазылған. Қазір Ақмол елді мекеніндегі бұрынғы лагерь орнында кеңестік зұлмат жылдарының құрбандарын еске алу үшін «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мұражай-мемориалды кешені» ашылған.

Әдеб.: Тасымбеков А., Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы, А., 1994; Адилет: Материалы круглых столов и семинаров, А., 1995; Дильманов С., Кузнецова Е., КарЛАГ, А., 1997.

Қ.Алдажұманов

АЛМАСОВ Омар (Ғұмар) (т.ж.б. – 1920) – Алаш қозғалысының қайраткері. Мұғалімдер семинариясында оқыған. 1916 ж. тамызда Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Же-

тісу облыстары өкілдерінің Орынборда өткен кеңесінің хатшысы болды. Онда патша өкіметінің маусым жарлығына қарсы қазақ халқының көтерілісі жөніндегі Алаш қозғалысы басшыларының (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов) пікірін қолдады. 1917 ж. 2–8 сәуірде Торғай обл. қазақтарының съезін ұйымдастырушылардың бірі әрі хатшысы (Орынбор). 2-Бүкілқазақ съезінде (Орынбор, 5–13.12.1917) А. Алаш Автономиясын Қазақстандағы өзге ұлттар өкілдерінің көзқарасын анықтаған соң және халық милициясын құрғаннан кейін жариялауды жақтаған көпшіліктің қатарында дауыс берді. Съезде ол Халық Кеңесінің мүшелігіне кандидат етіп сайланды. А. Торғай өңірінде Кеңес өкіметіне қарулы қарсылықты ұйымдастыруға белсене қатысты. Алашорданың Торғай обл. әскери сотының бастығы болды. Алашорда атынан Байтұрсынұлымен бірге Кеңес үкіметімен келіссөз жүргізді (1918 ж., наурыз). Аққұмда (Торғай) өзін тұтқындауға келген қызыл әскерлермен атыста оққа ұшты.

Әдеб.: Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы, А., 1995.

Ж.Сүлеймен

АЛМАТЫДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ СЕБЕПТЕРІ. Азаттық бастау алған Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан ызғарына негіз болған көптеген себептердің бірі – 1950–90 ж. аралығындағы Қазақстандағы кеңес мемлекетінің жүргізген көшік-қон саясаты. Себебі, дәл осы кезеңде Қазақстанның «ұлттар зертханасына» айналуы бекіген, ұлтын ұлықтау мүмкіншілігінен айырылған заман еді. ҚР Статистика агенттігі қызметкерлерінің есебі бойынша, 1928–34 ж. қазақтардың 1610 мыңы, 1935–38 ж. әлеум. және саяси қуғын-сүргін салдарынан 135 мыңға жуық адам құрбан болған. 1950 жылға дейін арнаулы қоныстандыру жүргізілгенмен, белгілі бір жүйелілік сақталмады. Кеңес үкіметінің Орта Азия республикалары мен Қазақстандағы ұлттық-аумақтық межелеуді іске асыруы кезінде кейбір ауытқушылықтарға жол беруі, ассимиляциялау үрдісінің жүргізілуі, басқарудың орталықтануы, республикадағы ұлттық ресурстарды біртұтастандыру, ұлттық шаруашылық дамуын біржақты етіп, шикізат өндіруге ғана бейімдендіруі және іс-шаралар дербестігінен айыруы бірыңғай кеңестік ұлттық саясат сипатын айқындайды.



«Халықтар достығы» зертханасына айналған Қазақстан басқа республикаларға қарағанда жергілікті халықтың ең төменгі пайызына ие болды. Әсіресе, өнеркәсіп пен өндіріс салаларында қазақ мамандарының білікті де білімді техника мен технологияны меңгеру қажеттілігі Одақ үшін маңызы болмағандықтан, шеттетілді. Еңбек ресурстары республикадан тыс жерден көшіріліп, қалалық жерлерге орналастырылды және олардың әлеум. жағдайларына ерекше мән берілді. Кеңес үкіметінің 1960 ж. бұл бағытта жүргізген саясаты жаңа кәсіпорындар құрылысы мен кен орындарын игеруге байланысты КСРО көлемінде тұрғындардың ұйымдасқан түрде көші-қоны, жаңа жерлерге орналасуы (әсіресе, славян халықтары) көзделе отырып, жүзеге асырылды. Соның салдарынан 1960 жылдары Одақ бойынша барлық республикаларда орыстардың үлес салмағы тағы да өсе бастады. Қазақстанда да 1970 ж. олардың саны 1959 жылмен салыстырғанда 30%-ға көбейді. Әсіресе, 1960 ж. орыс ұлтының өсімі жалпы тұрғындардың үлесіне шаққанда Қызылорда обл-нда 84%, Алматы обл-нда 58,8%, Талдықорған обл-нда 11,7%-дық өсімді құрады. Жалпы, 1959–65 ж. Қазақстанда салынған және пайдалануға берілген 728 ірі өнеркәсіп орны мен 535 шеберхана болды. 1955–70 ж. аралығында Қазақстан тұрғындарының саны 8,3 млн-нан 13,2 млн. адамға өсті. Оның ішінде, қала тұрғындары 3368 мыңнан 6727 мың адамға өссе, ауыл тұрғындары 4915 мыңнан 6563 мың адамға өсті. Қалалық жерлердің негізін славян ұлтты өкілдері құрады. Өндіріс салаларындағы ұлттық мамандар Мәскеу мен Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) даярланды немесе еңбек ресурстары Украина, Белоруссия, Закавказье республикалары арқылы толықтырылды. 1960–90 ж. аралығында Қазақстан экономикасында өзіндік дербестік болмады. Минералды байлықтың түрлері мен жалпы қоры жағынан Қазақстан Одақта 2-орында болды. Қазақстан КСРО елдеріндегі мыстың 30 пайызын, мырыштың 40 пайызын, қорғасынның 60 пайызын, титанның 40 пайызын, шет елдерге шығарылатын хромның 95 пайызын, сары фосфордың 93 пайызын берді. КСРО халықтарының 6 пайызын құрайтын Қазақстан Одақ бойынша бидайдың 5 пайызын, қой жүнінің 3 пайызын, еттің 8–

10 пайызын өндірді. Қазақстандағы өнеркәсіп орнының 7 пайызы ғана республика құзырына қарады, қалғаны Одақтың орт-на бағынды. Одақтық саладағы кәсіпорынның Қазақстан өнімін сыртқа сату арқылы табатын табысы 2 млрд. сомнан асады, оның бір пайызы ғана республикаға тиесілі болды. Республика бір жылда 5,5 млрд. сомның бұйымдарын сырттан тасып, 1 млрд. сомның ғана өнімін сыртқа шығарған. Қазақстан экон. қуаты, өнеркәсіп деңгейі, елді тауармен қамтамасыз ету жөнінен 8–12-орында болды, республикада 750 елді мекен суды тасып ішіп, елді мекендердің 450-інде монша, 1648-інде аурухана, 2090-ында мектеп, 3800-інде балалар бақшасы болмады. Әр адамға 75 сомнан кем табыс келетін отбасылар КСРО бойынша бар халықтың 15 пайызын, соның ішінде Балтық өңіріндегі отбасылардың 1 ғана пайызын құраса, Орта Азия мен Қазақстанда ондай кедей отбасылар саны 50 пайызға жетті. Мыс., соғыс жылдарында Қазақстанға көшірілген зауыт-фабрикалардың барлығы, өз жұмысшы, қызметкерлерімен келді. Соғыстан кейін тың жерді игерумен және өнеркәсіптің өсуіне байланысты 1960–65 ж. ірі өнеркәсіптің өнімі 1,6 есе өссе, 1960–70 ж. 2,6 есе өскен. Жастардың ауылдан қалаға қоныс аудару көлемі ұлғайды. Өндіріс табалдырығын аттаған жұмысшы қазақтардың басым көпшілігі жатақханада тұрды. Мұндағы отбасылардың 40 пайыздан астамының айлық жалақысы не киіміне, не тамағына жетпеді. 26–30 жастағылардың 61,8 пайызы, ал 31–39 жас аралығындағылардың 35,5 пайызы отбасын құрмаған. Осыған қосымша жұмыссыздықтың белең алуы тұрғындардың әлеум.-психол. даму деңгейінің нашарлауын тудырды. Республиканың жекелеген аймақтарында жұмысшы мамандарын даярлау, мәселен, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солт. Қазақстан, т.б. облыстардағы кәсіптік-тех. уч-щелерді бітірушілер арасында қазақ жастары 10 пайызға да жетпеді. Осы жағдайлардың барлығы 1986 жылғы Алматыда болған желтоқсан көтерілісінің тууына негізгі себептердің бірі болды.

Қ.Ерімбетова

АЛПАУЫТ – аса ірі жер иесі. А. сөзінің түбірі – «алып». Қазақ даласында А. атаусы аса зор көлемдегі жерге иелік, елге шексіз билік жүргізілген 18–19 ғ-да пайда болды. Жерге жеке ие А-тардың шығуы жер дауын



өршітіп, көтерілістердің шығуына себеп болды. М.: Исатай бастаған көтеріліс.

А.Жүнісов

«АЛТАЙ ТӨҢКЕРІСІ» – мақала. Авторы Асқар Татанайұлы. Бұл еңбек «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көп томдықтың 10-томында жарияланған. Автор өз еңбегінде Қытайдың Шыңжаң өңірінде үкімет өкілі Шың Шицайдың жергілікті халықтарға қарсы жүргізген іс-әрекеті көтерілістің туындауына себеп болғанын келтіреді. 1939 ж. Шың Шицай жер-жерлердегі ел-жұртына беделді адамдарды Үрімжіде жиналыс өткізіміз деген сылтаумен шақырта бастайды. Олардың арасында Алтай аймағының уәлиі әрі қорғаныс слиуы Шәріпхан Көгедәев та болады. Артынша қыркүйекте осындай тәсілмен Әлен уаң, Әбілмәжін гүң, Бұқат бейсі, Ямлиха мүфти, Жанымхан қажы, Оспан батыр, Дәлелхан сынды қырық-елу адам Үрімжіге шақыртылып, олардың біразы абақтыға жабылып, біршамасы мырза қамақта ұсталады. Елдің бетке ұстарларын осындай күйге дұшар ету халық арасында қобалжу тудырады. Сол жылғы желтоқсан айының соңында Алтай елінде діннің пірі деп танылған Ақыт қажы да ұсталып, оның мешіті аяқ асты етіліп, кітаптары тәркіленеді. Діни көсемнің ұсталуы онсыз да ширыққан жұрттың ашу-ызасының ақтарылуына әкеліп соғады. Бұған қосымша 1940 ж. қаңтар айының соңына ала ел арасындағы қару-жарақты жинау жөнінде бұйрық шығып, оны іске асыруға Сую әкім ел ішін аралауға аттанады. Мұндай басынушылыққа шыдамаған Көктоғай елінің Сайып, Ақтеке, Есімхан бастаған ауыл адамдары Сую әкім, Жау Жүйжан бастаған 6–7 адамды өлтіріп, көтеріліске шығады. Көктоғай елінің жұрты көтеріліске аттанғанын естіп Шіңгіл елінің Рысхан, Ноғайбай, Зәтелбай, Мұса мерген бастаған 1000-ға тарта отбасы да сол көтерілісшілерге қосылады. Көтерілісшілерді баспақ болған Шың үкіметінің Шонжыдан аттандырылған 200 әскері Шіңгіл ауд-на қарасты Сарытоғайда екі күн шайқасып, ойсырай жеңіліске ұшырайды. Көтерілісшілер жазалаушы әскердің көптеген қару-жарағы мен оқ-дәрілерін олжалайды. 1940 ж. сәуір айында көтерілісшілерді басуға ген. Яң Дешаның басқаруымен болат қапты соғыс машинасы, ауыр-жеңіл пулеметтері бар 7000 әскер ұрысқа аттанады. Басынан бақайына шейін қаруланса

да, бірнеше тәулікке созылған шайқаста жазалаушылар ойсырай жеңіледі. Бұл шақта көтерілісшілер саны 2 мыңнан асып жығылған болатын. Осылайша басталған көтеріліс 6 жылға созылады. Көтерілістің тізгінін көп ұзамай Оспан батыр қолға алады. Үкімет құрығынан тыс қалған ауылдардың азаматтары Оспан жасағына келіп қосылып жатты. 1945 ж. азаттық үшін бел бұғандар бүкіл Алтайды азат етіп, жеңіске жетті.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 10-том. Астана: Ел-шежіре, 2007.

К.Қошым-Ноғай

АЛТАТАР – оқ ұяларына бірден алты оқ салынып оқталатын тапанша мылтық. Оғының санына қарай А. аталып кеткен. 19 ғ-дың соңында Еуропа елдерінде жасалып, кейіннен дүние жүзіне кең тараған.

«АЛТАУДЫҢ ХАТЫ» – қазақ зиялыларының И.Сталинге жолдаған хаты (1933 ж., 24 ақпан). Хатта 1933 жылдың қаңтар-ақпанында Қазақстанда қалыптасқан өте ауыр ахуалдың сыры ашылып, шаруа қожалықтарының саны 50%-ға дейін азайғаны, «ауа көшу мен өлім-жітімнің тоқтаудың орнына күшейіп отырғандығы» айтылады. Елде әлі де болса асыра сілтеушіліктердің орын алып отырғаны, Қазақстанның коммунист басшылығы қалыптасқан жағдайды түзетуде кешірілмейтін шабандық танытып отырғаны, ал «қазақ коммунистері қазақ ауылындағы жұымдастыру, мал шаруашылығын дамыту практикасындағы өлкелік басшылықтың қателіктерін айтса, әлгілер оларды ұлтшылдар, контрреволюционерлер етіп көрсетуге» тырысатыны жазылды. БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің бұрынғы 1-хатшысы Ф.Голощекиннің, Қазақ АКСР Халком Кеңесінің төрағасы О.Исаевтың, В.Голуодовтың, І.Құрамысовтың қызметі сынға алынды. Өлкенің жаңа басшысы Л.Мирзояннан елді қолдан жасалған нәубеттен тез арада құтқару жолында нақты нұсқаулардың берілуін өтінді. Хаттың көшірмесі БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің 1-хатшысы Л.Мирзоянға табыс етілді. Хат авторлары – қоғам қайраткері Ғаббас Тоғжанов (1900–38), Мәскеудің жоғары оқу орындарының студенттері – Бірмұхамед Айбасов (1895–38), Жүсіпбек Арыстанов (1904–93), Илияс Қабылов (1904–38), Ғарифолла Ысқақов (т.ө.ж.б.), Оразалы Жандосов (1904–38, Ораз Жандосовтың інісі). Хатты мұрағат қорынан

АЛТЫБАС



тауып, алғаш жариялаған – зерттеуші Замир Келдібеков (Қазақ тарихы, 1995, №3).


Ж.Сүлеймен

АЛТЫБАС АҚМОЛДА, шын аты Әлмұхаммет (1860–1925) – ақын. Өлеңдері Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышына» енген. Алғашқы өлеңдерінен сақталғаны – Ресей отаршылары 1886 ж. Троицкіде Байтұрсын (А.Байтұрсыновтың әкесі) мен оның ағасы Ақтасты соттап Сібірге айдағанда, соларды арашалай алмаған уезд бастығының көмекшісін сынға алған өлеңі. Бұл өлеңі Муфтахиддин Ақмолланың өлеңдер жинағына қате енген (Ақмолла, «Күндер мен түндер: өлеңдер, толғаулар, термелер, айттыс. А., Жазушы, 1986). А.А. Торғай еліндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан. О.Шипиннің айтуынша, «патшаға қарсы шығу күнә» деп уағыз айтқан Зияуәддин ишанға «Ай ортақ, күн ортақ, ал әділдіктен тайып халықты алалайтын патшаға қарсы болу күнә емес» деп жауап қатқан. «1916 жыл. Билерге» өлеңінде А.А. қазақ жастарын байлап-матап солдатқа беріп жатқан би-болыстардың қылығын әшкерелейді. Енді бірде ел арасын бітістірмей, іріткі салып жүрген Сыр бойының датқаларын сынайды. Ә.Жангелдинге, Т.Сейдалинге, Ы.Алтынсаринге арнаған өлеңдері бар. Филос. толғау түріндегі өлеңдерінің бірінде билік иесі екенмін деп асқақтамауға шақырады, дүниенің өткіншілігін еске салады (Құддыс, Шамға, Үндістанға патша болсаң да, дүниені түгел билесең де, «Ақыры барар жерің тар лақат көр»). А. А-ның жетпіс шақты өлеңі Қазақстан ҰҒА-ның қолжазба қорында сақтаулы.

Әдеб.: Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш, Қызылорда – Таш., 1926; Қазақ әдебиетінің тарихы, А., 1 т. 1-кітап.

Х.Сыздықов

АЛТЫ ҚЫРЛЫ МЫЛТЫҚ – көне мылтық түрі. Пілте, шиті мылтықтардың оқпан-



Алты қырлы мылтық; 1 – бойы қырлы білте мылтық оқпаны; 2 – түбі мен аузы қырлы білте мылтық оқпаны; 3, 4 – оқпан аузының пішіндері

дары темірден, болаттан соғылған (қ. *Мылтық*). Шығыс елдерінде көне мылтықтың оқпаны алты, сегіз, он қырлы болып келеді. Оқ атылғанда жарылмас үшін оқпанның түп жағы мен ауыз жағы жуандау соғылады. Кейде оқпанның осы түбі мен аузы ғана қырлануы мүмкін, немесе оқпанның өн-бойы үстінен ғана қырланады. Мылтық оқпанының қырларына алтын-күміспен ою-өрнек салынған. Оқпан қырының санына сәйкес қазақтар осындай мылтықты А. к. м., сегіз қырлы мылтық деп атаған.

АЛШАНОВ Рахман Алшанұлы (13.9.1947 ж.т., Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. Бірлік а.) – экономика ғыл. докт. (1992), проф., акад., «Тұран» ун-тінің ректоры, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының Президенті. С.М.Киров атынд. ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атынд. ҚазҰУ) философия-экономика ф-тінің саяси экономика бөлімін бітірген



Р.Алшанов

(1974). Үздік оқып, үлкен қоғамдық жұмыстарға атсалысты. Студенттік құрылыс отрядтарын басқарды. 1973–84 ж. ҚазМУ-дың комсомол к-тінің хатшысы, партия к-ті хатшысының орынбасары, саяси экономика кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы, доценті қызметтерін қатар алып жүрді. 1986–87 ж. аралығында ҚазМУ-дың философия-экономика ф-тінің деканы қызметін атқарды. 1988–92 ж. Республикалық мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ин-тының директоры, Қазақстан мәдениет қызметкерлері шығарм. одағының президенті болды. А. 1992 ж. республикамыздағы алғашқы жекеменшік «Тұран» ун-тін құрды. Ашылған уақыт аралығынан бүгінгі күнге дейін 20 мыңнан астам жоғары білікті маман дайындап шығарған бұл оқу орны Астана және Алматы қалаларында орналасқан екі ун-т,

екі колледжден, лицейден құралған. Бүгінгі таңда ун-т үш ғыл.-зерт. ин-ты, «Тау-Тұран» оқу-сауықтыру кешені, «Тұран-Профи» халықар. академиясы, бакалавриат-магистратура, докторантурасы бар «Тұран» деген брендті атауға ие үлкен корпорацияға айналған. Проф. А. – 2002 жылдың ақпан айынан бастап ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті. Оның бастамасымен редакциялық-баспа орт., жаңа буын тәрбиелеудегі, әсіресе қазақ тіліндегі тапшы кітаптарды шығару қолға алынды, ун-т түлектерін жұмыспен қамтамасыз ететін «Карьера» орт. құрылды. Сондай-ақ, «КазРЕНА» – Қазақстан ғыл. білім беру компьютерлік желісін пайдаланушылар қауымдастығының президенті А-тың бастамасымен Өркендеу ин-тында, Білім және ғылым мин-нде, Индустрия және жаңа технологиялар мин-нде «Қазақстанның күн энергетикасы», «Тоқты химиялық жолмен өндіру көздері» және т.б. кешенді жобалар енгізіліп, жүзеге асырылуда. Сонымен қатар ол аса маңызды сала болып табылатын әлемдік білім беру кеңістігіндегі интеграциялық жұмыстарға, ондағы бәсекелестікті арттыруға белсенді атсалысып келеді. А. ғыл.-пед. жұмыстармен де белсенді айналысты. Ол – 200-ден астам ғыл. және публицист. мақалалардың, бірнеше сараптамалық монографиялардың авторы. Оның «Казахстан на мировом минерально-сырьевом рынке» (Алматы, 2005) және «Казахстан на мировом аграрном рынке» (Алматы, 2006–10) еңбектері еліміздегі түрлі мин-тердің қызметкерлері арасында үлкен сұранысқа ие болды. Ол 30 кандидаттық, 4 докторлық диссертацияның қорғалуына жетекшілік етті. А. – бірнеше қоғамдық Академия мен сайлау органдарының мүшесі, Ұлттық және халықар. инженерлік академиясының, Жаратылыстану ғылымдары академиясының, Еуразиялық экон. академиясының академигі, Халықар. қоғамдық туризм академиясының президенті және ҚР Білім және ғылым мин. алқа кеңесінің, ҚР Үкіметі жанындағы бірнеше Респ. кеңестер мен комиссиялардың, инновациялық қордың жанындағы талдау кеңесінің мүшесі. 2011 жылдан Алматы қ-ның жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңесін басқарады. А. «Қазақстанның еңбек сіңірген қай-

раткері» (2011) атағымен, сонымен қатар, Кеңес Одағының «Халықтар достығы» орденімен, бірнеше медальдар, грамоталар және құрмет белгілерімен, «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері». 2012 жылдың 15 қаңтарынан Алматы қ. Мәслихатының депутаты болып сайланды. «Мәдениет», «Білім және ғылым туралы» заңдардың жобасына, Еңбек және Салық кодекстерінің жобаларын талқылауға белсенді қатысты. Бірнеше экон. қоғамдық журналдардың ред. алқа мүшесі. Проф. А. – өнегелі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп отырған үлгілі отағасы, тағылымды ғалым, білікті басшы, отандық білім-ғылым саласының өркендеп, дамуына қызмет етіп жүрген, өзіндік ғыл. мектебін қалыптастырған тұлға.

АМАНГЕЛДІ Үдербайұлы Иманов (3.4. 1873, бұрынғы Торғай уезі, Қайдауыл болысы – 18.5.1919, Торғай қ.) – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, Кеңесары Қасымұлының үзегілес серігі



Амангелді Иманов

Иман батыр Дулатұлының немересі. А. Ел ішіндегі дау-шарға ерте араласқан, сол себепті Ресей империясының жергілікті билеушілерінің қудалауына ұшырап, 1896–1911 ж. арасында бірнеше рет түрмеге отырғызыл-

АМАНГЕЛДІ



ды. А. батырдың ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы Ресей императорының маусым айындағы жарлығына наразылық ретінде Торғай даласында бұрқ еткен ұлт-азаттық көтерілісі барысында айқын көрінді. 2–3 ай ішінде елеулі күшке айналған көтерілісшілер Қоғалыкөлде бас қосып, Әбдіғапар Жанбосыновты хан, А-нің көтеріліс қолбасшысы (сардар) етіп сайлады. Әбдіғапар мен А-нің ұйымдастырушылық іскерлігінің нәтижесінде көтеріліс саяси сипат алды, әскери-ұйымдық жағынан нығайып, оған қатысушы сарбаздар қатары 50 мың адамға жетті (қ. *Торғай көтерілісі*). А. Торғай қ-н 27 күн бойы қоршауға алды. Ол көтерілісшілердің Шошқалы, Күйік қопаларындағы шайқастарына, подполк. Тургеневтің жаракты үлкен жасағына қарсы 1917 жылғы 21–23 ақпандағы Құмкешу – Доғал – Үрпектегі соңғы айқасына тікелей басшылық жасаған. Жазалаушылар Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісін тұншықтыра алмады. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан төңкерісіне жалғасты. А. 1918 ж. 21 наурыз – 2 сәуір аралығында Орынборда өткен Торғай Кеңестерінің тұңғыш съезіне қатысты. Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды. 1919 ж. 20 сәуірде Торғайда Кеңес өкіметі құлатылды да, А. тұтқынға алынды. Батыр қазақ азаматтарын бір-біріне қарсы қойған аласпыран уақыттың алмағайып саясатының құрбаны болды. Мәйіті бір жылдан кейін әуелі Алакөлге, кейін (1940) аудан орталығына әкелініп жерленді. Қабірінің басына ескерткіш орнатылды (мүсінші Х.Наурызбаев). А-ден Рамазан, Шәріп есімді екі бала қалды. Ұрпақтары Алматыда тұрады. А-нің ерлікке толы ғұмыры көптеген акын-жазушылардың, суретшілер мен композиторлардың шығармаларына арқау болған.

Т.Рсаев

АМАНГЕЛДІ МҰРАЖАЙЫ – 1916 жылғы Торғай даласындағы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі Амангелді Имановтың тұтынған бұйымдары мен ол туралы құжаттар жинақталған ғыл.-ағарту мекемесі. 1969 ж. Қостанай обл. Амангелді ауд. Амангелді а-нда ашылған. 1979 ж. мұражайдың жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Онда 5 көрме залы, қор қоймасы, кино залы жұмыс істейді. Мұражай қорында Амангелді мен оның үзеңгілес серіктеріне қатысты 2 мыңнан астам материалдық деректер, құжаттар жинақталған. Сондай-ақ мұражай-

да ауданның экон.-мәдени даму жолын көрсететін, аудан топырағынан шыққан еңбек және соғыс ардагерлерінің, көрнекті мәдениет қайраткерлерінің өмірімен және еңбектерімен таныстыратын жәдігерлер бар. 1964 ж. Имановтың туған ауылы Үрпекте



Амангелді мұражайы

жергілікті ұстаз З.Мұхамеджановтың ұйымдастыруымен ашылған шағын мұражай Амангелді мұражайының бөлімшесіне айналды. Көтерілісшілердің алғаш бас қосып, Амангелді қолбасшы, Әбдіғапар хан сайланған Мұхамеджанның қызыл үйі, мүсінші К.Наурызбаев сомдаған батыр мүсіні тұтас бір кешен құрайды.

Т.Рсаев

АМАНЖОЛОВ Садық Аюкеұлы (1885, Алматы обл. Шелек ауд., Қаратұрық а. – 5.12.1941, Ташкент қ.) – алаш қозғалысына қатысушы. Верный (Алматы) ер балалар гимназиясын (1902), Қазан императорлық ун-тінің заң ф-тін (1907) бітірген. 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін Жетісу обл-ның (Аягөз, Үржар) заң орындарында қызмет атқарды. Үржар уездік қазақ к-тінің төрағасы болды. 1-Жалпықазақ съезі (Орынбор, 21–26 шілде 1917 ж.) А-ты Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат етіп бекітті. Съезден соң ол «Алаш» партиясының Жетісу өңіріндегі жергілікті ұйымдарын құруға белсене араласты. II Жалпықазақ съезі А-ты Алашорда үкіметі – Ұлт Кеңесіне мүше етіп сайлады. Жетісуда және Шыңжаңның Шәуешек қ-нда Алашорда жасақтарын құруға басшылық жасады. Кеңес әскерлерімен болған шайқастарға қатысып, ауыр жараланды. 1923–30 ж. Қазақ АКСР-і Заң халкоматы жүйесінде қызмет атқарды. 1930 ж. Қазақстаннан кетуге мәжбүр болып, Мәскеуде, Бішкекте, Ташкентте жұмыс істеді.

Ш.Аманжолова



АМАНҚАРАҒАЙ СЫРТҚЫ ОКРУГІ – Ресей империясының билігі кезіндегі әкімш.-аумақтық бөлік. «Сібір қазақтары туралы жарғы» негізінде құрылып (30.8.1834), Омбы обл.-ның құрамына енді. Бұл қазақ даласында ұйымдастырылған 7-округ еді. Дуаны Ащылыөзек шебінің Пресногорьков қамалынан 250 км жерде орналасқан. Аға сұлтаны болып Уәлиханұлы Шыңғыс төре, орынбасарлығына Жұмаұлы Оқап төре, қазылары болып керейден Естемесұлы Есеней би, арғыннан Жанұлы Жазы би сайланды. Құрамына 16 (самай керей, сыбан керей, емен-әлі керей, матақай керей, көшебе керей, құрсары керей, баржаксы уақ, байдалы уақ, ажар уақ, жансары уақ, шайкөз уақ, шағын уақ, күрлеуіт қыпшақ, ұзын қыпшақ, тағашы арғын, қанжығалы) болыс енді. Тұрғындарының саны 14357 адам (4376 шаңырақ) болды. А.с.о. 1867–68 жылдардағы реформадан кейін таратылды.

Қ.Исабай

АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ (1729 жылдың мамыр-маусымы, кейбір деректерде 1730) – біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі. Болат ханның бастауымен Үш Жүз хандары (Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайыр), билері (Төле, Қазыбек, Ақсуат), сұлтандар, батырлар қатысқан Ордабасы жиынында (1726) бүкіл қазақ қолының бірігуі (бас қолбасшылыққа Әбілқайыр хан сайланған) жауға қарсы бірыңғай стратег. шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды. Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген Үш Жүз жасақтары 1728 жылдан бастап, Балқаш пен Шу бойына қарай жылжып, ұрысқа әзірлене бастады. Бұл кезде қалмақ қонтайшысы Сыбан Раптан өліп, оның ұлы Қалдан Серен (Цэрен) билікке келген (1727). 1723 жылдан бастап еліміздің Шығысы мен Жетісуды, Оңт-н, Сырдарияның орта ағысына дейінгі өңірді басып алған жоңғарлар енді қазақ жерін тұтастай иелену ниетінде еді. Қазақтардың әрекетін сезген олар да Шу мен Балқаштың оңт-нде үлкен шеп құрды. Үш Жүз жасақтары шешуші шайқас алдында Хантауында, Сұңқар тауында (кейін бұл жер Әбілқайыр тауы аталды) жиналды. Бұл таулардың бауырында «Үлкен Орда қонған», «Кіші Орда қонған» деген жер атаулары күні бүгінге дейін сақталған. Шайқас солт. Балқаш, оңт. Отар даласы, батысы

Шу, шығысы Күртіге дейінгі аралықтағы бедерлі жерлерде өткендігін бұл өңірде жиі кездесетін қазақ, қалмақ қорымдары дәлелдейді. Бұл қорымдар КСРО Бас штабының 1942 жылғы құпия карталарында көрсетілген. Аңырақай аталатын да осы өңір. Шамамен көктемде басталып, жаз айларына ұласқан (40–45 күн) майданда біртіндеп басым түсе бастаған қазақтар Итішпестің Алакөлі (Балқаштың шығысындағы Алакөл емес) маңында ірі жеңіске жеткен. Балқаштан оңт-ке қарай 120 км жердегі бұл көл қазір Сорқұдық деп аталады. Көлдің ұзынд. – 10–12 км, ені – 2 км. Оның қасындағы шайқас



Аңырақай шайқасы

өткен соғыс алаңының ұзынд. – 30–35 км, ені – 20 км. А.ш-на 30–35 мың қазақ, 35–40 мың жоңғар әскері қатысты деген болжам бар. Орыс барлаушыларының деректеріне қарағанда 1723–25 ж. қырғынға көп ұшырап, жері жау қолында қалған Ұлы жүз 10 мың жасақ шығарған. Орта жүз жауынгерлерінің саны 15 мыңдай болған. Адамдары көбірек сақталған Кіші жүз жер шалғайлығынан 10–15 мыңдай әскермен келді деп топшылауға болады. Үш Жүз жасақтарының қимылын үйлестіру міндетін бас қолбасшы Әбілқайыр жүзеге асырды. А.ш-нда алғашқыда позициялық күштерді барлау соғысы болды. Екі жақ та өңірдің таулы, жыралы бедерлерін өз мақсаттарына ұтымды пайдаланып, жауын аз шығынмен көп қыруға тырысып бақты. Қалмақ жағының қару-жарағы басым еді. Мылтықпен бірге өздерінде құйылған, Ресейден сатып алынған әртүрлі қашықтыққа атқылайтын зеңбіректері де болды. Қазақтар бұл кезде зеңбірекке қарсы ұрыс тәсілдерін меңгергендігін байқатты. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білетіндігін көрсетті. «Ай қораланды», «Құйрық жеу», «Ашамай» т.б. қазақтың байырғы ұрыс



тәсілдерін кеңінен қолданды. Ұлы жүз қолын Жолбарыс хан мен Төле би, бұл қолдың құрамындағы Дулат тайпасының әр руының қолын: сиқым Қарабатыр (Төлебидің күйеу баласы), жаныс Өтеген, ботбай Сәмен, шымыр Қойгелді, ошақтыларды Саңырық, ыстыны – Төлек, шапыраштыны – Қазыбек бек, албандарды Хангелді батырлар бастады. Орта жүз қолын қанжығалы Бөгембай, шақшақ Жәнібек, керей Жәнібек, қыпшақ Тілеулі, қаракерей Қабанбай, абақ керей Жауғашар (Шақантай), Кіші жүз қолын тама Есет, шекті Тайлақ т.б. батырлар



Аңырақай шайқасына қойылған ескерткіш

басқарып, үлкен ерлік көрсетті. Қазақ садақшыларының жеке жасағын ошақты Саурық батыр басқарды. Кейбір деректерде болашақ ұлы хан шамамен 17–20 жасар Әбілмәңсүрдің (Абылайдың) жауға «Абылайлап» шапқаны осы шайқас деп көрсетіледі, сіргелі Елшібек батырдың өз тобымен жау зеңбіректерін жарып жібергендігі айтылады. Шайқасқа болашақ қолбасы шапырашты Наурызбай да қатысқан. А.ш-нда көптеген батырлар жекпе-жекке шықты. Қанжығалы Бөгембайдың Қалдан Сереннің інісі, қолбасы Шономен жекпе-жекке шығып, бірін-бірі жеңе алмағандығы айтылады. Шапырашты Бөлек батыр жекпе-жекте қалмақ Аңы-

рақайды, шымыр Ақша батыр қалмақ Дәржіні (Дәржі атты жер бар) өлтірді. Бұл соғыста көптеген атақты батырлар – шымыр Ақша, күнту Барлыбай, сиқым Қарабатыр, т.б. шейіт болды. Итішпестің Алакөлі маңындағы соққыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай, Аягөз, Шарға қарай жөңкіле қашты. Бірақ қазақтар бұл жеңісті одан әрі дамыта алмады. Оған шайқастың соңғы жағында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін басталған тақ үшін талас кедергі келтірді. Болат ханның інісі Сәмеке (Шахмұхамед) ұлы хандыққа сайланбады. Көпшілік Болат ханның баласы жас Әбілмәмбетті қолдады. Бұған наразы болған Әбілқайыр майдан даласын тастап, Кіші жүздің қолын Ырғыз арқылы батысқа алып кетті. Бірақ А. ш-ндағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті. Бұл жеңіс көршілеріне қазақ хандығының қуатты ел екендігін паш етіп, Орта Азиядағы саяси ахуалды күрт өзгертті. Жау жағадан алғанда етектен тартқандар енді қазақ елімен санаса бастады. Халқымыз үшін А.ш-ның маңызы орыстардың Бородино даласындағы, Еуропаның біріккен қолының Ватерлоо, КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысындағы Сталинград түбіндегі жеңістерімен бірдей. Аңырақай жеңісі тәуелсіздікті аңсаған қазақ елінің тұтастығын сақтап қала алатындығын айқын дәлелдеді.

Әдеб.: Басин В.Я., Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв., А.-А., 1974; Моисеев В.А., Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII вв., А.-А., 1991; Тынышбаев М., История казахского народа, А.-А., 1993.

Ж.Қасымбаев

АРАЛ Андаұлы (19 ғ., т.-ө.ж.б.) – Хиуа, Қокан хандықтарының, Ресейдің езгісіне қарсы көтеріліске қатысқан батыр, би. Кіші жүздің әлімұлы жақайым аталығынан шыққан. 19 ғ-да қазіргі Қызылорда обл., Арал ауд. өңірінде өмір сүрген. Қонысы қазіргі Сексеуіл стансасының жанында Дәкі деген жерде болған. Терменбес тауын жайлауы еткен. Сыр бойының ақыны Қарман Сұлтанұлы: «Аттанып шықты Дәкіден Жақайымның Аралы, Барғасын жаудың хабары», – деп жырына қосқан. Сыр өңіріне белгілі ақын Нұрғали Балтанбекұлы «Арал батыр» дастанында: «Жанқожа, Арал батыр көп адаммен, Келтірді кедергісін орыстарға-ай. Қазақтар орыс-



тармен ұрыс қылып, Ілгері жүргізбеді бір жыл ұдай... Айрықша Арал батыр ұрыс қылып, Алдынан бұзып шықты құрған тордан», – деп жырлаған. Батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда обл., Арал ауд., Ақшатау маңайында.

Б.Ахметбек

АРАЛБАЕВ Салықбай – Созақ көтерілісінің бас сардары болған мерген. А. – аты елге аңыз боп кеткен Тама Сарыбас мергеннің ұрпағы. Жастайынан алғыр, намысқой А. мылтық атып, жүйрік баптауға құмар болады. Оның басқа мергендерден үлкен айырмашылығы – оқ дәріні өзі жасай алатын болған. Өзінде сатып алған көптеген қару-жарақ болған. Әсіресе ағылшын офицері, әскери дәрігер, көтерілістің басшыларының бірі болған Асадулла Ибрагимов сыйлаған винтовканы қадір тұтқан. Алдынан қашқан аң құтылмайтын мерген әрі батыр азамат ел басына күн туғанда көтерілістің қалың ортасында жүреді. А. мерген өз маңына Қасым, Бекболат, Жанділда, Нұрпейіс, Жәкен, Иса, Сәкен, Әбжаппар сияқты мергендерді топтастырады. Ең алғашқы қақтығыс Түркістанға барып, Созақтағы жағдайды баяндап, ондағы жағдайды реттеу үшін қосымша күш алып қайтқан ОГПУ-дің Созақтағы өкілі Тыныштықбаев тобымен болады. А. мерген бастаған топ Тыныштықбаевтың өзінде, оған ілескендерді де жер жастандырады. Екінші шайқас 12 ақпанда Исаев басқарған жазалаушы отрядпен Қаратау қойнауындағы Қоғашық деген жерде өтті. Бұл жолы жақсы бекініс жасап алып, пулеметпен оқ себелегендердің мерейі үстем болды. Жазалаушы отрядтар көбейе түседі. 12 ақпанда Шымкент пен Түркістан коммунистерінен құрылған екі отряд ұйымдастырылады. Топтың біреуін Исаев, екіншісін Никитенко басқарады. Исаев басқарған жазалаушылар отряды Созаққа баратын ең тура жол – Суындық асуымен жүреді. Оларды А. бастаған мергендер және көтерілісшілер тобы Қоғашықта күтіп алады. Исаев сондағы үйлер мен жартастарды паналап, пулеметтермен оқ жаудырып, жан сауғалап жатқанда, Қызылордадан көмекке жіберілген Поляков тобы қосылғаннан кейін көтерілісшілер кейін шегінді. Бұл уақытта Никитенко бастаған топ Шолаққорғанды басып алып, көтеріліс ошағы Созақ а-на қарай жақындайды. Оларды А. мерген бастаған ұшқыр топ

Мардан тал деген маңайда тосып алып, Никитенконың өзін жаралайды. Осы арада жазалаушылармен атысып жүрген біраз адам шығын болады. Тау ішіндегі соңғы шайқасқа Сұлтанбек ханның өзі де қатысады. Шайқас Балықшы әулие маңында өтеді. Бұл арада да Ташкенттен Малышев басқарған әскер келіп қалып, көтерілісшілер тағы да Созаққа қарай шегінуге мәжбүр болады. Қаратаудың теріскейіне өтіп алып, барлық күштерді топтастырған Абрамук (ОГПУ-дің Түркістан бөлімінің бастығы), Малышев (Ташкенттегі әскери уч-щесінен келген топтың басшысы), Поляков (Қызылордадан келген топтың басшысы) үшеуі келісе отырып, Ташкенттен жеткізілген атпен тартатын зеңбіректерді Созақ а-ның батысындағы «Көктөбе» деген биікке қаз-қатар қойып, елді мекенді 4 сағат атқылағаннан кейін тікелей шабуылмен алады. Осы шайқаста көтерілісшілер жағынан 300 адам өліп, 200 адам тұтқынға алынып, сотсыз атылды.

Ж.Боранбай

АРЫНҒАЗЫ (1800–33, Ресей, Калуга) – мемл. қайраткері, сұлтан, композитор. Батыр сұлтанның шөбересі, Әбілқайыр ханның жиеншары (Батыр – Қайып – Әбілғазы – Арынғазы). Ол өзіне қараған елді ру басы-



Арынғазы сұлтан

лары арқылы емес, сенімді батырлар, жасауылдар арқылы билеуге, басқару жүйесін әскери ақсүйектердің күшімен нығайтуға ұмтылды. Билер сотының орнына қазылар сотын құрды. Кіші жүзде біртұтас хандық



басқару жүйесін құруға әрекет жасаған атасы Қайыптың ісін әрі қарай жалғастырып, саяси билікті өз қолына алуға тырысты. А. сұлтанның саяси беделінің көтерілуінен қауіптенген Ресей патшасы «Кіші жүзге хан етеміз» деген желеумен оны 1821 ж. Петербургке шақыртып тұтқындайды да, кейін Калугаға жер аударады. А. сұлтанды әйелі Балым іздеп барған. А. – бірнеше күй шығарған композитор. Оның шығармаларының ішінде бізге жеткені «Арынғазы» күйі. Ұрпақтары орыстанып кеткен, Мәскеуде тұрады. *Әдеб.*: Вяткин М.П., Сырым батыр, А., 1951.

Ө.Жолымбетов

АРЫНҒАЗЫ СҰЛТАННЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ (1816–21) – Қазақ хандығын қайта орнатуға жасалған әрекет. Кіші жүзге хан болып сайланған алғашқы күннен (1816 ж. сәуір) бастап Арынғазы хан Қазақстанды Ресейден бөліп алып, дербес Қазақ хандығын қайта құру саясатын ұстанды. Кіші жүз бен Орта жүзді біріктіріп, Орта Азия хандықтарының үлгісімен ортақ мемл. орнатуға сұлтандар мен аксүйектерді көндірді. Оның бұл ойын халықтың барлық бөлігі қолдады. Орта Азия хандықтары да Арынғазыға қолдау көрсетті. 1821 ж. патша үкіметі келіссөз жүргізу желеуімен Арынғазыны С.-Петербургке шақырып алып, тұтқындап, Калугада ұстады. Отаршылдық езгіге қарсы күрес шежіресінде үлкен орын алатын А. с. к. тарихи әдебиетте әлі жеткілікті дәрежеде зерттелмей келеді.

АСАН КӨТЕРІЛІСІ – Қызылорда обл. Қазалы ауд. қазақтарының 1930 ж. тамыз–қыркүйек айларындағы Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына, алым-салық, азық-түлік, мал жинау науқандарына қарсы көтерілісі. А. к. – 1930 ж. көктемде ишан Ақмырза Тосов және т.б. бастауымен болған 7–9-ауылдар шаруаларының Қызылқұмдағы көтерілісінің заңды жалғасы. Бұл көтеріліске қатысушылардың басым бөлігі Кіші жүздің әлім тайпасының кішкенесінен тарайтын асан руынан шыққан. Сол себепті көтеріліс А. к. деп аталған. Көтеріліс 1930 ж. тамыз айының бас кезінде басталған. 6 тамызда Қазалы қ-нан №22-ауылға ауд. атқару к-тінің тапсырмасы бойынша милиция бастығы Н.Қаюпов келіп, жергілікті ВК(б)П және БЛКЖО мүшелерінің қатысуымен шағын жиналыс өткізген. Осы жиналыста ол ауданнан белгіленген астық дайындау жоспарын

талқыға салған. Жоспар бойынша шаруалар үкіметке 23 мың пұт астық, басқа да мал өнімдерін өткізулері тиіс-ті. Жұртшылық көтере алмайтын, елді қайыршылыққа ұшырататын бұл оспадарсыз шешімге көпшілікпен бірге ауылдық ВК(б)П бөлімінің хатшысы Әли Ізімбетов қарсылық білдірген. 8 тамызда «Алты арық» деген жерде 300-дей шаруалардың қатысуымен жиналыс қайта өткен. Бұл жолы да астық дайындау жоспарының мән-жайын түсіндіретін баяндаманы Қаюпов жасаған. Жарыссөзде ауылдың бас көтерер сыйлы адамдары Дәрмен Асанов, Есжан Қалдыбаев, Алтыбай Тілеулесов, Елдос Бәсімов, Бейсенәлі Мәденов, т.б. сөйлеген, Олар бірауыздан «Үкіметке өткізетін ондай астық пен мал бізде жоқ. Ел аштыққа ұшырап, күндерін әрең көріп отыр» деп, ауданнан белгіленген жоспарға қарсы шыққан. Сонымен қатар «мемлекет кедей-шаруалардың тұрмысына, хал-жағдайына дұрыс көңіл аудармайды. Керісінше, жүрек жалғап отырған астығымыздың соңғы дәніне, малымыздың ақырғы тұяғына дейін сыпырып алғысы келеді. Біз осы уақытқа дейін мұның бәріне көніп келдік, ендігі жерде ел болып, халық болып әрі қарай тіршілік ететін болсақ, бірігіп Кеңес үкіметінен қорғануымыз керек» деген. Жиналған жұрт бұл айтылған сөздерге түгелдей қосылып, өздерінің келісімін, ризалығын білдіріп, отырған орындарынан тұрып, дауыс көтере бастаған. Жиналыстың тәртібі бұзылып, соңы у-шуға ұласқан. Көпшілік «бар пәле осылардан» деп, ауданнан келген өкілдерге, ауылдың белсенділеріне таяқ ала жүгіріп, ұрып-соғуға дейін барған. Бірақ Дәрмен Асанов және басқа ауылдың беделді адамдары ұрыс-керісті тоқтатып, ауылдық кеңестің хатшысы Мұса Қожамұратовқа №22-ауылдың тұрғындары атынан ауданнан бекітілген астық дайындау жоспарының іске аспайтыны жөнінде акт жасатып, оның көшірмесін аудандық атқару к-тіне жіберген. Осыдан кейін ауылдың адамдары күнделікті шаруаларына кірісіп кеткен. Арада 4–5 күн өткен соң Қызылорда қ-нан ОГПУ-дың қызметкерлері Чекалин, Ықсанов, т.б. келіп, мыңға тарта шаруаларды жинап, астық дайындау науқанының мән-жайын қайта түсіндірген. Бірақ жиналғандар жоспарды тағы да қолдамаған. Жиналыс біткен соң ОГПУ қызметкерлері ауылдың бел-



сенділерімен ақылдаса отырып, «елді бұзып, іріткі салып жүргендер» Дәрмен Асанов, Жұмаш Тілеубаев, Аңсат Қалдыбаев, Бақы Тілеулиевті тұтқынға алған. Бірақ ауылдың екі жүздей адамдары тұтқиылдан тарпа бас салып, оларды әкетіп бара жатқан жерінен босатып алып қалған. Осы оқиғадан соң №22-ауылдың шаруа адамдары ұйымдаса бастаған. Көрші №21, 23, 24, 25-ауылдарға арнайы адамдар аттандырып, солардың қатысуымен «Алты арық», «Мақпал», «Майдакөл» жерлерінде бірнеше жиын өткізген. Онда олар Кеңес өкіметінің халыққа жағымсыз саясатына жаппай наразылық танытып, көтеріліске шығуды дұрыс деп тапқан. Көтерісшілердің ең соңғы жиыны 2 қыркүйекте «Хан шүңгіл» деген жерде өткен. Толқуға 1000-ға жуық адам қатысқан. Сол бір адам төзгісіз ауыртпалықтан ел күйзеліп, әділетсіз саясатқа қарсы күрескен аяулы жандардың рухын қайта жаңғыртып, ұрпақ есінде мәңгі қалдыру мақсатында әрі А.к-нің 80 жылдығына орай 2011 ж. Қазалы ауд. Бекарыстан би ауылында ас беріліп, Құран оқылып, үлкен іс-шаралар өтті. А.к. құрбандары құрметіне Сырдария өз-нің «Әлсейіт» өткелі жанында 2000 ж. тұрғызылған ескерткішке қайта жаңғырту жасалынды. Ақын, ҚР мәдениет қайраткері Жетіскен Мәкеналы «Асан көтерілісі» атты тарихи-трагедиялық драма, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шамша Айтуғанов «Ашынған халықтың ашу-ызасы» атты очерк жазса, ақындар Алмагүл Қаржаубаева «Қазалының ержүрек Асандары», Әмірхан Қанайұлы «Асандар біздің осындай» атты өлеңдер арнаған. Ғалымдар М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілғожинның авторлығымен шыққан «Қазақстанды күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық» (Алматы, 1992) атты ғыл. зерттеу еңбекте көтеріліс жан-жақты талданған. Көтерілісшілердің басшысы болып 22-ауыл тұрғыны Иман Орымбетов (ОГПУ деректерінде – Сырымбетов), орынбасарына Әбдіхалық Иімбетов сайланған. 1930 ж. 4 қыркүйекте қазақтар жасағы көтерілісті басуға жіберілген 80 адамдық ОГПУ әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасады. 6 қыркүйекте олар Алматыдан келген қазақ атты әскер дивизионымен шайқасып, 40 адамынан айрылды. Иман осы ұрыста қаза тапты. Мұнан кейін жүргізілген жаза-

лау шараларының барысында көтеріліске қатынасқан 98 адам тұтқындалып, 31 адамға іздеу салынды. 1931 жылдың басында ОГПУ үштігінің шешімімен 9 адам – Қалымбет Еділғараев, Әбдіхалық Иімбетов, Әбдіраман Қарағұлов, Жұбатхан Қонысов, Пірімбет Құрекеев, Насыр Мәмбетеев, Арызхан Нұрымбетов, Мұстафа Өмірбеков, Айжарық Таңатаров ату жазасына кесіліп, 28 кісі 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концлагерге айдалып, 16 адам жер аударылды. А.к-не қатынасқандардың көпшілігі жазадан қашып Қарақалпақстанға, Өзбекстанға т.б. жерлерге ауа көшіп кетті. 1989 ж. 27 қарашада А.к-не қатысып, жазықсыз жапа шеккендердің ісі қайта қаралып, Қызылорда обл. прокуратураның шешімімен толық ақталды.

Әдеб.: Қозыбаев М., Алдажұманов Қ., Әбілғожин Ж., Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық, А., 1992; Тамыры терең, тарихы кенен, А., 2004; Мәкеналы Ж. Асан көтерілісі. А., 2011; Мәкеналы Ж. Арыстарын ардақтанған Қазалы, А., 2013.

Қ.Алдажұманов, С.Қалуов

АСАНОВА Ләззат Алтынайқызы (27.07.70, Алматы обл. Панфилов ауд. Ақжазық а. – 25.12.86, Алматы қ.) – Желтоқсан көтерілісінің (1986) құрбаны. 1985 ж. Алматыда П.Чайковский атынд. муз. уч-щеге оқуға түскен. Ал-



Л.Асанова

матыда 1986 ж. 17–18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы азаттық көтерілісіне белсене қатысқан. Ол Орталықтың билеп-төстеушілігіне наразылық білдіріп, қаладағы Л.И.Брежнев атынд. алаңға (қазіргі Республика алаңы) алғашқы ереуілшілер қатарында «Қазақтар! Кіріптарлық құлдықта өмір сүргеніміз жетеді! Біз еліміздің тәуелсіздігін жетіп алған кезде ғана азат бола аламыз!» де-



ген ұранмен шықты. Көтеріліс қатыгездікпен жанышталғаннан кейін басқа да ұсталған 87 адам қатарында А-ға Қазақ КСР ҚК-нің 65-бабымен айып тағылып, (Көтеріліске қатысып ұсталғандар жөніндегі Қазақ КСР ПМ-нің құжаты, 1211-177, 23.02.1990) қамауға алынды. 1986 жылғы 17–18 желтоқсанда Алматы қ-нда болған оқиғаларға түпкілікті баға беру жөнінде республика Жоғ. Кеңесінің Төралқасы құрған комиссия мүшесі Ф.Игнатовтың мәліметтеріне қарағанда, Ләззаттың мәйіті бірнеше күннен кейін музыкалық уч-ще жатақханасынан табылған да, ол туралы жатақхананың бесінші қабатынан құлап өлген деген қауесет таратылған. Осыған қарамастан мәйітті Алматы обл. Панфилов ауд-ндағы Ақжазық кентіне Ішкі істер мин. мен Мемл. қауіпсіздік к-тінің (МҚК) қызметкерлері арнайы қарауылдап апарған. Ләззатты жерлеудің алдында денесін ақ жуып, арулаған кезде оның екі білегіне салынған темір бұғаудың қалдырған көкпеңбек іздерін, бас сүйегінің шүйдесі ойылып кеткені анықталды. Осыған қарағанда ол жазалаушылардың қолынан қаза тапқан. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң ғана А. жөніндегі шындық қалпына келтіріле бастады. Ләззаттың ерлігіне арналған ән («Қаһарман қыз – Ләззат қыз»). Музыкасын жазған Жоламан Тұрсынбаев, өлеңі – Абдрахман Асылбектікі), ол жөнінде баспасөз беттерінде ғалымдар мен мемл., қоғам қайраткерлерінің пікірлері жарық көрді

К.Есмағамбетов

АСАУ Барақұлы (1763–1846) – белгілі батыр әрі би, патшалық Ресей империясының отарлау саясатына қарсы азаттық күрес ұйымдастырушы. Барақ батырдың ұлы. А. батыр – 1783–97 ж. Сырым Датұлы бастаған көтеріліске қатысушы, кейіннен 1822–35 ж. Жоламан Тіленшіұлы бастаған күресті ұйымдастырушылардың бірі. Алдыңғы көтерілісте көптеген шабуылдарға, іс-қимылдарға белсенді араласқан. 1822 ж. басталған күрес кезінде оның негізгі көсемдерінің біріне айналып, жасақ басқарған, өзінің бауырларымен және ұлдарымен бірге ресейлік шептерге көптеген жорықтар ұйымдастырған. 1822 ж. Орынбор Шекара Комиссиясы шепке шабуыл жасап жүрген ең басты адамдар ішінде А. мен оның інісі Қитар батырды да атап, оларды дереу ұстау туралы жарлық шығар-

ған. А-дың ұлдары Қадырқұл мен Дәуіт, Қитарұлы Шыңдауыл да орыс хуторларына шабуылдар ұйымдастырып, адамдар тұтқындаған, бұл туралы мұрағат құжаттарында көп кездеседі. А-дың басқа ұлы Жанбура да жорық ұйымдастырушылар қатарында аталған. Жоламан бастаған көтерілісте А. батыр үлкен рөл атқарған. 1823 ж. А. батыр Жоламан, адай Сүйінқара батырлармен бірге қазақ ауылдарына жаушылар жіберіп, өздеріне қосылуға шақырған. 1825–26 ж. шамасында ол Хиуаға жақын жерлерде көшіп-қонған, күрестің келесі кезеңіне қатысты оқиғаларға қатысқан. Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуына байланысты (1824) билігінен айырылған Шерғазы хан Хиуаға келген тұста, Хиуа ханы Аллақұлдың талабымен 1827 ж. А. батыр Шерғазыны ақ киізге салып хан көтеру рәсімін жасаған. 1833 ж. жаз айларында А. батыр Жоламанмен бірге сарбаз жинап, орыс шебіне тағы қауіп төндірген. Патша үкіметі оларға қарсы Орынбор қазақтары Батыс бөлігінің аға сұлтаны Баймағамбет Айшуақұлын 4 мың адаммен және казак жасағымен аттандырған. Ащы Ойыл өз-нің бойында Жоламан мен Асау бастаған 300 сарбаз осы қалың қолмен соғыспақ болған, бірақ Баймағамбет сұлтан олармен қақтығысқа бармаған. А. батырдың 1835–40 жылдардағы көтеріліс аясындағы іс-әрекеттері туралы деректер аз, ол сол кезеңде даланың оңт. шептеріндегі, Хиуа хандығымен арадағы оқиғалар ортасында жүрген. Түрікмен шапқыншылықтарына тойтарыс берген, олармен көп соғысқан. Жоламан Қасым мен Кенесары сұлтандарға қосылған кезде ол Үстірт өңірінде қалған. 1838 ж. Ішкі Ордадан Исатай мен Махамбет батырлар келген тұста қарт А. бір себептермен оларды қолдаудан бас тартқан. А. батыр да әкесі Барақ сияқты өзі өмір сүрген кезеңде бүкіл Кіші жүзге танымал, ең атақты батырлардың бірі болды. Ел арасында екеуін бөлмей, «Асау-Барақ» атап кеткен. Мұрағатпен қатар, оның есімі ел аузындағы аңыз-әңгімелерде, тарихи жырларда сақталған. А. әкесі Барақпен қатар Сам құмында, қазіргі Маңғыстау обл. Бейнеу ауд. Тұрыш елді мекенінің маңында жерленген.

Дер.: ҚР ОММ, 4-қор, 1-т., 4698, 1856, 4732, 4830 т.б. істер; Орынбор обл. мемл. мұрағаты, 6-қор, 10-т., 2781, 2904/а, 3328, 4854 т.б. істер.

Н.Жемісбай



АССИМИЛЯЦИЯ (лат. *assimilatio* – ұқсау, сіңісу, сіңу т.б.) – саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны да, қуаты да көп халықтың басыңқы ықпалы нәтижесінде сол халық құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысы. А. барысында бір халық өзінен үлкен екінші халыққа сіңіп кетіп, ана тілін, әдет-ғұрпын, дінін, мәдениетін, ұлттық сана-сезімін т.б. ұлттық ерекшеліктерін жоғалтады. А. екі жолмен жүреді: күштеу арқылы немесе табиғи жолмен. Көптеген елдерде ұлттық езгі және діни қысым жағдайында күштеп А. жасау орын алды. Дәл осындай үдеріс Австрия империясында, кейін Австро-Венгрияда, патшалық Ресейде, т.б. жүрді. Ол қазір де кейбір елдерде жалғасып отыр. Бұрынғы КСРО мен кейбір социалистік елдерде де А. орын алды. Ресейдегі кейбір саны аз халықтар өздерінің ұлттық қасиеттерінен айырылып, «аты бар, заты жоқ» ұлыстарға айналды. Бодандық кеселі қазақ халқына да өз зиянын тигізді. Туған халқының тілін, тарихын, дінін, ұлттық құндылықтарын ұмытқан, оларға атүсті қарайтын, А-ға бейімделген адамдар тобы пайда болды.

М.Дакенов, Д.Наушабай

АСФЕНДИЯРОВ (Аспандияров) Санжар Жафарұлы (1889, Ташкент – 25.02.1938, Алматы) – мемлекет қайраткері, ғалым, педагог. Әкесі Жафар (Жағыпар, Сейітжағыпар) – сұлтан, Ресей армиясының ген.-майоры шені



С.Асфендияров

болған. Ташкенттегі реалдық уч-шені (1907), Петербург әскери мед. академиясын (1912) бітірді. 1914–1915 ж. 1-дүниежүз. соғысқа қатысты. 1917 ж. Бұхарадағы мұсылман қозғалысына белсене араласты. Сол жылғы қараша айында Түркістан автономиясын («Қоқан автономиясын») жариялаған Мұсылман

депутаттарының төтенше съезіне қатысты. 1918–19 ж. А. аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның Сырдария обл. бөлімшесін басқарды. 1919 ж. қыркүйекте Т.Рысқұловтың шақыруымен Ташкентке келіп, Түркістан АКСР-інің Денсаулық сақтау халкомы, жер халкомы, Түркістан Компартиясы ОК-нің хатшысы қызметтерін атқарды. Ұлттық-аумақтық межелену тұсында (1924–25 ж.) Ортаазиялық Федерация құру идеясын ұстанды. А. Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін зерттеген белгілі ғалым болды. Кейін А-тың Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы жөнінде ашық айтылған, отаршылдықты әшкерелеген тарихи шығармаларын оқуға тыйым салынды. А. – жалған жаламен ату жазасына кесілген коммунистік саяси қуғын-сүргіннің құрбандарының бірі. Жұбайы Рабиға да КарЛАГ-та 5 жыл айдауда болды. А. 1958 ж. 26 мамырда ақталды. 1989 ж. Алматыдағы ұлттық мед. ун-тіне А. есімі берілді.

Әдеб.: Сулейменов Р.Б., О научной деятельности Санджара Джапаровича Асфендиярова: Вестник АН КазССР, 1959, (12, 101-102 б.); Санджар Джапарович Асфендияров: Библиография ученых Казахстана, А., 1989.

К.Нұрпейіс, А.Рақышев

АСЫЛБЕК Көбешұлы (1852, Алтай, Қобда өңірі – шамамен 1890, сонда) – батыр. Көбеш батырдың отбасында дүниеге келген. Қытай өкіметі Алтай қазақтарына «Шыдасаң осы, шыдамасаң өз обалың өзіңе» деген қатал саясатын қолдана отырып, 1890 ж. Қобда өңірі қазақтарына қысым көрсете бастады. А. бастаған жергілікті қазақтар заңсыз салыққа қарсы шығып, өздері орын тепкен мекендерінен ешқайда көшпейтінін білдірді. 1890 ж. жазда Бейжіңнен қарулы әскер бастап келген Шаһадүр анбан «Империяның жарлығына қарсы шыққан жүгенсізді қолымызға салыңдар, әйтпесе ауылдарың мен мал-жандарыңызды шабамыз» деген талап қойды. Ел басына күн туған осы бір қысылтаяң сәтте А. ұрпақтарының келешегі үшін жау қолына өзі барып, құрбан болды. Бұл оқиға Моңғолия қазақтарының жадында «А-тің басын алған жыл» деген атпен тарихта қалған. А-тің денесі Баянөлгий аймағындағы Дайынның Қу үйі деген жерде жерленген.

З.Қинаятұлы



АТБАСАР СЫРТҚЫ ОКРУГІ – Ресей үкіметінің «Сібір қазақтары туралы Ережесі» (22.7.1822) негізінде қазақ даласында құрылған (1859) әкімш.-аумақтық бөлік. Батыс Сібір губернаторлығы аумағында ашылған ең соңғы (8) округ. Қазақ даласын отарлауды одан әрі тереңдете түсу үшін Аманқарағай окр-нің дуаны Құсмұрын көлінің жағасына көшіріліп, ол Құсмұрын окр. деп аталған болатын. Құсмұрын дуаны Омбыдан 900, өзінің шеткі болыстары мен басқа округ дуандарынан 600–800 км қашықтықта жатты. Мұндай жағдайда даланы басқару қолысыз болғандықтан он жылдан астам уақыттан кейін Омбы обл. басқармасы округ дуанын Атбасарға көшіруге шешім қабылдады. А.с.о. 8.9.1859 ж. ашылды. Аға сұлтаны болып Сандыбайұлы Ерден би, орынбасарлығына Қысырауұлы Әпи би, қазылары болып Кішкентайұлы Аққошқар, Жарқанатұлы Жоламан би сайланды. Құрамына Қызылтас, Қоқан, Жырық, Бекназар (болысы Сандыбайұлы Байолла), Қарабала, Төртқара, Сарғалдақ (Қылшықұлы Айранбай), Ақтас, Бадана, Сейіт (Шығырұлы Құбайдолла), Қызылтас, Теміршін (Қуандықұлы Қосбол), Әлеке Байдолы (Сайдалыұлы Бекен), Төртұлы Қозған (Ұрынбайұлы Жанайдар), Тарақты-Ноғай (Уәлиханұлы Жантөре) болыстары енді. Ресей императоры қол қойған «Далалық облыстарды басқару туралы Ереже» (21.10.1868) бойынша окр-тер таратылғанда бұл болыстар жаңадан құрылған Ақмола обл-ның құрамына қосылды.

Қ.Исабай

АТПА НАЙЗА – қарапайым серіппе арқылы атылатын садақтың күрделі түрі. А. н. Шығыста б.з.б. дәуірлерде-ақ қолданыла бастады. Ол ағаш құндаққа бекітілген ауыр садақ түрінде болды. Адырнасы серіппе ілгешекке екі қолдың күшімен ілінеді. Кейде аяқ, тізе күші де қолданылады. А.н-ны атуға әзір күйінде ұстауға да болады. Археол. деректер бойынша мұндай садақтар Қытай терр-да б.з.б. 8–5 ғ-лар шамасында пайда болған. Бұл жазба деректермен де дәлелденді. Б.з.б. 5–4 ғ-ларда жазылған «Сунь цзы» (Қытайдың көне әскери өнері туралы трактаттар) мәтіндерінде А.н. мәнін білдіретін сөздер бар. Онда жай садақ мәніндегі иероглифтің жоғарғы бөлігіне ко-

сымша «механизм» мағынасын үстейтін белгілер салыну арқылы «А.н.» ұғымы таңбаланған. Осылайша садақ және механизмді садақ (яғни А.н.) ұғымдары иероглиф түрінде белгіленген. А.н. сауыт киген жауды шамамен 700–720 м жерден өлтіре алған. Найзаның мұндай түрлерін қазақ сарбаздары да қолданған. Орта ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде қолданылған «арбалет» – А.н-ның жетілдірілген түрі. «Арбалет» – көне латын тіліндегі *argus* – садақ және *ballista* – лақтырғыш жарақ деген ұғымдардан шығарып француздар қолданған *arbalette* термині арқылы қалыптасқан. Ресейліктер оны «самострел» деп атады. «Арбалет» – ағаш құндаққа бекітілген болат садақ. Оның адырнасы шығыршықты механизм (ворот) арқылы тартылатын болған.

Ә.Асан

АТ САУЫТЫ, а т т о м а ғ а с ы – ұрыс кезінде сарбаздың мінген атын қорғайтын жабу. Өте ерте заманда-ақ көшпелі ел батырлары соғысқа мінген аттарын сауытпен жабулаған. Көшпелі халықтардың бейнелеу өнері жәдігерліктерінде өздері де, аттары да сауытпен жарактанған жауынгерлер бейнесі жиі кездеседі. А. с. туралы көшпелілердің (массагеттердің, сарматтардың, түркілердің, монғолдардың) және басқа халықтардың жазба деректері мен ауыз әдебиетінде айтылады. А. с. тері не мата астарға (жабуға) темір тақташаларды немесе шығыршықтарды түрлі әдіспен бекіту арқылы жасалады. А. с. аттың мойнын, кеудесін, сауырын, екі бүйірін жауып тұратын 5–6 бөлшектен тұрады, олар бір-бірімен қайысбау, ілгек арқылы бекітіледі. Ал аттың басына арнаулы темір томаға кигізілген. А. с-ның жиегіне түсті жіптерден шілтер, шашақ тоқылып, әшекейленеді.

Қ.Ахметжан

АТТЫ ӘСКЕР – әскер түрі, атты-қарулы жасақ. 20 ғ-дың 30–40 жылдарына дейін негізгі соғыс күші болып саналған. Шабуыл кезінде не қорғаныста жеке әрекет етіп, жер жағдайын талғамай тұтқиылдан тиісуге оңтайлылығымен ерекшеленеді. А.ә. өте ертеде Азия елдерінде пайда болған. Ұрыстарда шешуші рөл атқарған. Қазақ халқының ерте заманнан бергі жауынгерлік жорықтары А.әмен байланысты. Қазақ хандары (15–19 ғ.)



арнаулы атты жасақ ұстаған. Жаугершілік кездері олардың құрамы 100 мыңға дейін жетіп отырған.

АТШАБАР – ескі лауазым, ұлықтың, би-болыстың үкім-жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы, шабарман. Кейде бәйге, ат бәйгесі сөзінің баламасы ретінде жүреді. Ат сабылтып жүретіндіктен «ат» және «шабар» сөздері бірігіп, атаулық мағынаға ие болған. 19 ғ-да патша әкімшілігі қазақтан атшабарлар жалдап, алыстағы қалалар арасына пошта тасуға, әскери құпия хаттар жеткізуге пайдаланған.

А.Тоқтабаев

АТЫС – ұрыс тәсілі, жауды жоятын немесе әлсірететін негізгі әрекет. Көшпелі халықтардың ертеден қалыптасқан ұрыс тәсілдері бойынша майдандағы шайқас алдымен садақпен, кейін мылтықпен алыс қашықтықтан А-пен басталған. А-ты арнайы құралған садақшылар қосындары жүргізеді. А-тың мақсаты – жаудың әскерін, аттарын құрту, шебін бұзу. Садақты ат үстінде тартатын көшпелі елдер әскерінің мергендері А. кезінде жауды көп шығынға ұшыратқан. Кейде майдан алдындағы батырлар жекпе-жегі де А. түрінде өтуі мүмкін. Онда батырлар кезекпен атысады да, кезек жасы, жолы үлкенге беріледі, ал екінші адам оққа қасқайып қарсы тұру керек. Сондықтан жекпе-жек А. асқан батырлықты, жүректілікті қажет етеді. Батырлардың жекпе-жекте атысуы қазақтың эпостық жырларында жиі суреттеледі. Мылтық пен оқ-дәрінің пайда болуына байланысты А. негізгі ұрыс тәсіліне айналды. Әскери өнерде А. жүргізу әдістері жан-жақты негізделген.

АТЫС ТҮРЛЕРІ – қару түріне, оқтың бағытына, тактикалық мақсатқа, т.б. жағдайларға байланысты атыс жүргізу әдістері. Қару түріне қарай ату қаруы (тапанша, автомат, пулемет, танк) миномет, артилл. атысы; мақсатына байланысты: ұрыстық, сынақтық, тәжірибелік және шұғыл атыс; оқтың бағытына қарай: қарсы алдынан, қапталдан және айкастыра ату; тактик. мақсатқа қарай: тік ату, тоғыстыра ату; оқтың жиілігіне қарай: біртіндеп ату, үздіксіз ату, себелеп ату, бастырмалата ату; жүргізу тәсілі мен әдістеріне қарай ашық және жабық позициялардан жеке нысананы ату,

шоғырландыра ату, жатып ату, тізерлеп, отырып, тұрып, жүріп келе жатып ату, ұрыс машиналары оқтығы арқылы, автомобиль үстінен ату, т.б. түрлерге бөлінеді.

С.Көшімбаев

АУЫЛНАЙ – кіші әкімш. қызметкер. Ресей патшасының «Сібір қазақтары туралы жарлығы» (1822) бойынша енгізілген ең төменгі әкімшілік лауазым. Ресми атауы – ауыл старшыны. 1891 ж. «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» бойынша А-лар сайлаушылар съезінде ашық дауыспен 3 жылға сайланған. Болысқа бағынған. Оны уезд бастығы бекіткен. А. әдетте, жұртына сыйлы, ауқатты адамдар арасынан қойылған. Атқаратын міндеттері: ауылдың шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қонуды ұйымдастыру, ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешу, халықтан алым-салық жинау, болыстық сайлауға қатысушы адамдарды шақыру т.б. А. лауазымы Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жойылды. Алайда ауылдық кеңестің төрағалары ауызекі тілде «ауылнай» аталып келді.

Н.Асқаров

АХМЕТЖАН Қасыми (шамамен 1911–14, Алматы обл. Панфилов ауд. – 1949, Қытай) – Шыңжаңдағы (ҚХР) Үш аймақ төңкерісі басшыларының бірі. Ұлты – ұйғыр. 1936 ж. Мәскеу Шығыс еңбекшілері ун-тіне оқуға түскен. 1942 ж. Қытайға барып, Шәуешек және Құлжа қ-нда жасырын түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. 1942 ж. желтоқсанда полиция Үрімжі түрмесіне қамады. 1944 ж. жазда түрмеден босап шығып, Құлжада Үш аймақ төңкерісіне қатысты. Үш аймақ (Шығыс Түркістан респ.) Уақытша үкіметі құрамында әскери бөлімнің бастығы, үкімет мүшесі қызметтерін атқарды 1945 ж. қазанда Үш аймақ уақытша үкіметінің ресми өкілі ретінде Үрімжіге барып, Гоминьдан үкіметімен бейбіт келіссөз жүргізді. Нәтижесінде он бір тармақты бейбіт бітімге қол қойылды. 1946 ж. Шыңжаң өлкелік бірлескен үкіметі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1947 ж. Гоминьданның бейбіт келісім жөніндегі шарттарды бұзғандығына наразылық ретінде үкімет құрамынан шығып, Құлжаға оралды. Шыңжаңда бейбітшілікті қорғау демокр. одағын құрып,

АХУН ҚҰСАЙЫНОВ

оның төрағасы болып сайланды. 1949 ж. 27 тамызда Бейжіңге бара жатқанда белгісіз жағдайда ұшақ апатынан қаза тапты.

Н.Мұхаметханұлы

АХМЕТ Тиекбайұлы (1895, Қытай, Алтай аймағы, Жеменей ауд. – 1953 сонда) – Қытай қазақтары ұлт-азаттық қозғалысының қаһарманы. Руы – керей. Әкесі ауқатты адам болған. 1940 ж. Өр Алтай елін (Бұрылтоғай ауд.) Гоминьдан әкімш-нің әсіре отаршыл езгісіне қарсы көтеруге белсене қатысты, партизан жасағын жасақтады. 1944 ж. Оспан батыр бастаған Алтай халқының ұлт-азаттық қозғалысы күшейген кезде А-тің жасағы Шэн Шисай әскеріне Манас, Сауан-Қобық арқылы өтетін тас жол бойында үлкен тосқауыл ұйымдастырды. 1945 ж. Жеменей ауд-ның гоминьданшылардан азат ету соғыстарында айрықша ерлік көрсетті. Ол ел азаттығы жолындағы жанкешті күресін 1949 жылға дейін жүргізіп келді. Өмірінің соңғы жылдары ауд. әкімш-нде басшы қызмет атқарды.

АХУН ҚҰСАЙЫНОВ ЕЛШІЛІГІ – Сырым Датұлы бастаған көтеріліс (1783–97) кезінде Ресей үкіметі атынан қазақ даласына келген (1785, 1790) мәмілегерлік топ. Екеуін де Орынбордың Шекаралық экспед. жанындағы қазақ ахуны (кейін мүфти) М.Құсайынов басқарған. Уфа және Сібір әкімш. аймағының мирасқоры барон О.Игельстромның өкімімен 1785 ж. жіберілген. Елшіліктің міндеті – халыққа арналған «Ашық хатты» тарату, елді тыныштыққа шақыру, көтерілісті тоқтатқандарға кешірім жасалып, жеңілдіктер берілетінін түсіндіру, сондай-ақ зәбір-жапа шеккендердің өтініш-талаптарын тексеріп, істің ақ-қарасын айыру үшін Орынборда Шекаралық сот және Расправа мекемелерін құруға қазақ елағаларын үгіттеу болды. 1790 ж. Игельстром қызметпен кетіп, оның орнына А. Пеутлингтің тағайындалуына байланысты саясат шұғыл өзгерген кезде Сырымның талап етуі бойынша А.Қ.Е. қайта келген. Сырым патша әкімш-мен келіссөз жүргізу арқылы Орал әскерлерінің шапқыншылығын тоқтатуды, жазықсыз тұтқындалғандарды босаттыруды, шептің екі бетіндегі бос жатқан жерлерді пайдалануға қол жеткізуді, сондай-ақ Нұралы ханның жасақтарымен ішкі саяси

күресте өзіне қолдау табуы көздесе, отарлау саясатының әдісін ғана өзгертпек болған патша үкіметі бұл елшілікке: Кіші жүзде хандық өкіметті қайта нығайтуға бағыт ұстауды, қазақтардың орыс бекіністеріне шабуылдарын, сауда керуендерін тонауды тоқтатуды, Бұхараның діни ықпалындағы адамдардың орысқа қарсы үгітіне тойтарыс беруді міндеттеді. Алайда, ең басты мәселе жөнінде: «Мен сендердің Орал әскерлерімен араларындағы дау-жанжалды тексеруге келгем жоқ... тек мұң-мұқтаждарың мен қандай өтініш-тілектерің бар екенін білу үшін келдім» деген мүфти сөзіне елдің көңілі көншімеді. Елшілік нәтижесіз аяқталды.

Қ.Мұханбетқалиұлы

АШАРШЫЛЫҚ – саяси-әлеум. үрдістер мен табиғаттағы қолайсыз ахуалдар салдары болып табылатын әлеуметтік апат. Оның ашық және жабық түрі бар. Біріншісі – мүлдем үнемсіз қалу да, екіншісі – үнемі шала құрсақ болып жүру. Екеуі де ауруға, індетке, өлімге әкеліп соқтырады. А. жеке адамның не отбасының ашығуы емес, бүтін бір аймақтың, халықтардың, мемлекеттердің басына түсетін нәубет. Оның соңы адамдардың жаппай қырылуына алып келіп, халық санын күрт азайтып жібереді. Адамзат баласы өзінің ұзақ тарихында әр түрлі себептерден: қуаншылықтан, жұттан, соғыстан, қолдан жасалған дағдарыстар мен күйзелістерден және геноцидтен соң күшті А-тарға жиі ұшырап тұрған. Қытайда, Үндістанда, Ресейде, Африка елдерінде болған ғаламат А-тар тарихтан белгілі. Көшпелі қазақ қауымы күшті жұт жылдары ғана болмаса, өзінің өткен ұзақ тарихында А-қа сирек ұшыраған. Тек «ақтабан шұбырынды...» сияқты жаугершілік жылдары, саны көп кеміген. Жаңа заманда Қазақстан тарихында екі алапат А. халық жадында қатты сақталған. Олардың алғашқысы – 1921/22 ж. болған А. Оның басты-басты екі себебі бар: алғашқысы – Ресейдегі Азамат соғысының кесірінен Қазақ даласындағы шаруашылықтардың күйзеліске ұрынуы, екіншісі – табиғи апат, қолайсыз ауа райы салдарынан орын алған жұт. Республикада 1920 және 1923 ж. жүргізілген а.ш. санақтарының және Қазақстандағы жерге орналастыру мөлшерін белгілеген экспед-ны басқар-



ған проф. С.П.Шведовтың мәліметтері бойынша 1921 жылғы А-та Қазақстан халқы 30 пайызға дейін азайған. Кейбір елді мекендерде нәубет халықтың 100 пайызын қамтып, олар түгелдей дерлік босып, жолда, біразы атамекенінде қырылып қалды. Санақ материалдары 1921–22 ж. Батыс Қазақстандағы шаруашылықтардың 1920 жылмен салыстырғанда 23,8 пайызға қысқарғанын, Ақтөбе, Торғай аймақтарында шаруашылықтардың үштен бірінің жойылып кеткенін көрсетеді. 1921 жылғы А. Батыс Қазақстан халқының 31,4 пайызын алып кетті. Санақ материалдарының толық болмауы осы А. жылдарында қанша адамның қырылғанын нақты айтуға әлі де мүмкіндік бермей отыр. Екінші А. 1930–33 ж. болды. Оның себебі – Қазақстанда жүргізілген сталиндік-голощекиндік реформа, содан туындаған шаруалардың жекеменшігін тәркілеу мен жою, бас көтертпес ет, астық т.б. а.ш. өнімдері салықтары, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын жаппай және күшпен отырықшыландыру науқандары болып табылады. 1926, 1937 және 1939 жылдардағы санақтар материалдарындағы олқылықтар осы А-тағы адам, басқа шығындар санын дәл анықтауға кедергі келтіріп, ғалымдар арасында әр түрлі пікірлердің өрістеуіне себеп болды. Дегенмен, осы А-та Қазақстандағы ауыл халқы санының кемуі туралы Қазақ АКСР-і Халық шаруашылығы есептеу басқармасының әр түрлі жанама есеп-статистикалық құжаттар (салық есебі, мал есебі және т.б.), сондай-ақ 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының алғашқы мәліметтеріне сүйенген ресми дерегі бар. Осы деректер бойынша Қазақстанның ауыл халқы 1930 жылдың 1 маусымынан 1933 жылдың 1 маусымына дейін 3 млн. 379,5 мың адамға кеміп кеткен. Егер бұл кемуден 1 млн-нан астам босқындарды шығарып тастасақ, 1930–33 жылдардағы аштық құрбандарының 2 млн. 200 мың адамнан асып түсетінін аңғарамыз. 1992 ж. осы мәселені арнайы зерттеген ҚР Жоғ. Кеңесі Төралқасының комиссиясы өзінің қорытындысында былай деп жазды: «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 млн. 200 мың адамнан, яғни барлық қазақ халқының 48 пайызынан айрылды». А-тан

Қазақстанда қазақтардың үштен бірі ғана қалды. Негізінен жас балалар мен әйелдер қырылғандықтан оның демогр. зардабы ауыр болды. Қазақтардың сан жағынан өсуін қатты тежеді. Кейіннен асыра сілтеушіліктің шын мәні саяси бүркемеленгенімен бұл А. «қызыл қырғын», «голощекиндік геноцид» деген тарихи атқа ие болды. Голощекиндік геноцидтің қазақ халқына алып келген шығыны әлем тарихында (пайыз есебімен) гитлершілдердің басып алған халықтарға жасаған сойқанымен пара-пар келген. 1932 мешін жылы болған бұл зұлмат 20 ғ-ғы адамзат баласына қарсы жасалған ең ауыр қылмыстардың бірі болып саналады. Әр жылдың 31 мамыры күні Қазақстан халқы осы «қызыл қырғын» құрбандарын еске алады. *Әдеб.*: Михайлов В., Ұлы жұттың жазбалары, А., 1992; Қызылдар қырғыны, А., 1993.

М.Тәтімов, Т.Омарбеков

АЯГӨЗ СЫРТҚЫ ОКРУГІ – Ресей патшасы үкіметінің шешімі бойынша (1831) осы аттас өзеннің бойында құрылған әкімш.-аумақтық бөлік. Сарыарқаның Жетісумен іргелес өңірінде құрылған ерекше округ. Бұл арқылы Ресей әкімш. патша реформасына қарсы қарқыны күшейіп бара жатқан Саржан сұлтанның көтерілісін оңт-ке таратпауды, ең бастысы Жетісу, Алатау өңірін империяның құрамына қосу үшін саяси, әскери алғы шарт дайындауды көздеді. Округтің алғашқы аға сұлтаны болып Өшінұлы Сарт төре, қазылары Сейтенұлы Итемген би және Ханқожаұлы Ақша төре сайланды. 10 мыңдай шаңырағы бар 12 болыс елді біріктірді. Олардың болыстары болып Өшінұлы Есім (Назар болысы), Өшінұлы Самұрат (Мұрын болысы), Өшінұлы Қымыран (Мұрын-2 болысы), Өшінұлы Тұрсын (Қыржын болысы), Тезекұлы Қисық (Мұрын-Кенже, Айдар, Мырзаш болысы), Мамырханұлы Дәуіт (Матай болысы), Ботаұлы Солтыбай (Сыбан болысы), Ботаұлы Жамантай (Сыбан-2 болысы), Ботаұлы Омар (Ақымбет болысы), Жапиұлы Оспан (Төмен болысы), Сағалұлы Шыбынтай (Семіз Найман болысы), Есімұлы Санбек (Назар-2 болысы) сайланды. А. с. о-мен бір мезгілде Аягөз дуаны құрылды (1831–68). 1857 ж. А. с. о-нің бірнеше болыстығынан Қапал округі ұйымдастырылды.

Ж.Қасымбаев, Қ.Исабай



ӘБДІҒАПАР Жанбосынұлы (1870, бұрынғы Торғай обл. Торғай уезі Қараторғай болысы – 21.11.1919, сонда) қазақ халқының – 1916–17 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының Торғай даласындағы басшысы. Тілеулі батырдың ұрпағы. Арғы атасы Нияз би – Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын (1847–95) көп жылдар болыс болған. Анасы – Алуа Ақтасқызы (1840–1934) (Ақтас – Ахмет Байтұрсынұлының әкесінің ағасы). Ә. ауылында бастауыш мектеп ашқан. Ағаштан ою ойған шебер болған, суармалы егіншілікпен айналысқан, ақыл-парасатымен ел ағасы атанған. 1916 жылдың жазында Қараторғай болысының, кейін бүкіл Торғай уезінің көтерілісшілері Ә. маңына топтасты. Сол жылғы 21 қарашада Жалдама өз. бойында 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Ә-ды хан көтеріп, Кеңесары қолбасшыларының бірі Иман батырдың немересі



Ә.Жанбосынұлы

Амангелдіні сардарбек етіп сайлады. Ә. ел билігін соғыс жағдайына бейімделген дала демокр-сы негізінде қайта құрды. Алдымен Ә. өзін хан деп атамай, әмір деп есептеді. Ол өзі басқарған Торғай елін бүкіл қазақтың тәуелсіз мемлекеті құрылғанға дейін метрополияның билігін мойындамайтын, жаугершілік заманда уақытша өмір сүруге құқылы автон. аймақ деп санады. Ә. көтері-

лісшілерді 20 адамнан тұратын халық өкілдерінің кеңесі арқылы басқарды. Бұл кеңес әскери, әкімш., шаруашылық мәселелерін шешетін басшы орталық болды. Жергілікті жерлерде Ә-дың жарлығымен елбегілер сайланды. Көтерілісті жақтаған болыстар өз орындарында қалдырылды. Көтерілісшілер ежелгі шығыс дәстүрімен ондық, жүздік, мыңдықтарға жіктелді. Ә. жасақтаған әскери құрылым империяның қарулы күштеріне аса тегеурінді қарсылық көрсетті. Оның қоластына Қазақстанның көптеген аймақтарынан көтерілісшілер жасақтары келіп қосылды. Сөйтіп Торғай өлкесі Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ең ірі орталығына айналды. Ә. Кеңестердің Торғай обл. I-съезіне (Орынбор, 1918 ж. наурыз) қатысып, кейін Кеңес өкіметінің саясатын жүргізуден бас тартты. Қызыл әскерлер қолынан Зәуре қопасында қаза тапты. Ұрпақтары «хан тұқымы» ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.

Әдеб.: Байтұрсынов А., Ақжол, А., 1991; Сүлейменов М., Әбдіғапар хан, А., 1995; Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар жинағы, 2-т., А., 1998.

Ж.Сүлеймен

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы (11.10.1953 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а.) – тарих ғыл. докт. (1992), проф. (1993). ҚазМУ-дың тарих ф-тін (1976, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Ақмола құрылыс инженерлері



Х.Әбжанов

ин-тында және ҚазМУ-да оқытушы (1976–79), ал 1979–2011 ж. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында ғыл., аға ғыл. қызметкер, ҚазҰПУ-да кафедра меңгерушісі, Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі, Қазақстан мемлекеті тарихы ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 2011 жылдан Тарих және этнология ин-тының директоры.



1992 ж. «Қазақстанның ауыл интеллигенциясы: қалыптасуының және әлеуметтік іс-әрекеттерінің тарихи тәжірибесі (1946–1985 ж.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ә. – 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 10-нан астам монография, оқу құралы мен оқулықтың авторы.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН, БӨКЕНБАЙ БАТЫР САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕГІ, 18 ғ-дың 30-жылдары қазақ қауымдарының Ресей қол астына өтуінің ең алғашқы бастаулары отандық тарихтағы үлкен бір тарихи кезеңнің алғышарты болып табылды. Бұл тарихи кезең қазақ елі үшін өзінің түбегейлі әлеум.-саяси өзгерістерімен қатар, алып империяның шағын елді отарлауымен, соның салдарынан талай зобалаң әкелген орны толмас зардаптарымен де есте қалды. Аталған жаңа кезеңде бұрынғы Ұлы Дала төсінде талай ғасыр өз биліктерін жүргізген көшпелі мемлекеттер қоғамдық-саяси дамуы мен әскери күш-қуаты жағынан тоқырай бастаса, алпауыт елдер, соның ішінде I Петр билеген Ресей мен Цинь әулеті билеген Қытай империялары сан ғасырлық ұйқыларынан оянып, алға қарай күрт қадамдар басқан еді. Орын алған сыртқы жағдайлар өлшемімен Әбілқайыр хан сол тұста Ресеймен қарым-қатынас орнатуды дұрыс деп тапқан болатын. Кейінгі деректер бойынша, Әбілқайырды Ресейге ант қабылдауға мәжбүр еткен негізгі фактор жоңғар қаупі болмаған, хан оларды өз күшімен де тойтара алатынын орыс елшісіне ашық айтқан. Оны империя құрамына енгізуге итермелеген, өзі жоңғарлармен арпалысып жүргенде қорғансыз қалған ел-жұртын қалмақтар мен башқұрттардың, Жайық және Сібір казактарының аяусыз тонап талқандауы болған. Кейін дау тұғанда олар, әсіресе башқұрттар өздерінің ресейлік бодандықта екендіктерін, сол себепті «бөгде» қазақтармен ешқандай келісімге келмейтіндіктерін айтып, шарт қойған кездері орын алған. Әбілқайырды ең алғаш бодандық туралы хат жазуға үгіттеген, елшілерін Петербургке алып барып, кейін Тевкелевті қазақ жеріне ертіп келген де осы башқұрт билері болатын. Жоңғарларды уақытша жеңгенімен, Түркістан, Ташкент, Сайрам сияқты маңызды қалалары, соның ішінде өгей анасы мен бір әйелі жоңғар қолында қалған Әбілқайыр қалайда өз тылын реттеп, жерін азат етуді ойлаған. Сол

себепті ол жоңғарлармен алаңсыз соғысу үшін, көрші халықтармен басқа да мәселелерін реттеп алу үшін бодандыққа өтуге бел байлайды. Мұнымен қатар оның Ресей қолдауымен халықты бір орталықтан жеке-дара билеуге ұмтылған өз жеке мүдделері де болды. Ханның Аңырақай шайқасынан соң еліне тез қайтуы жоғарыда аталған көрші халықтардың Кіші және Орта жүз жерлерін аяусыз шабуына байланысты еді. Бөкенбай батыр да Ресей қолдауына кіру ісінде белсенді рөл атқарды. Біріншіден, Ресей империясы қуатты держава болатын, онымен қарым-қатынас орнатуға сол кездегі шағын көрші елдердің көпшілігі ұмтылды. Бұрынғы қазақ билеушілері де мұны әрдайым есте ұстаған. Қазақтың мықты хандары болған Тәуекелдің сонау 1594 ж. орыс патшалығына елші жіберуі, Тәукенің де жақындасуға ұмтылуы – осының айқын дәлелі. Екіншіден, Әбілқайыр тұсында қазақ елі сөз жүзінде Ресейге бодан болып саналғанымен, іс жүзінде толық тәуелсіз болды. Тәуелді деп саналатын елдің өз «қожайындарына» деген кіріптарлығын білдіретін шарттардың бірде-бірі орындалған жоқ. Тіпті «бодандықтың» алғашқы жылдарында белгіленген алым-салық мөлшерін қазақтар ешқашан төлеген емес, хан оны өз міндетіне алғанымен, төлеу туралы ешқашан бас қатырмаған. Ресей талап еткен – оның оңт. шекаралары мен сауда керуендерін қорғауды да қазақтар орындауға асыққан жоқ, керісінше, Әбілқайыр кейіннен орыс мемлекетімен арақатынасы бұзылған соң, шептерге өзі бастап қайта-қайта шабуыл жасады. Әбілқайыр мен Бөкенбайлар бір билікке бағынбай, өз билеріне ғана бағынып, ұлт намысынан гөрі ру намысын жоғары қойып жүрген халқын қайтсе де бір орт-қа біріктіруге күш салды. Мықты билікке мойынсұнбай, тым еркін кеткен жұртын бытыратпай, күшпен болса да жұмылдыруға тырысты. Хан, ұлы Ералыны Орта жүздің Керей руына басқарушы сұлтан етіп те қойды. Ханның осы үлкен мақсаттарының орындалуына алдымен бір күшке бағынып көрмеген өз халқы кедергі жасаса, кейіннен оның күшеюін қаламаған Орынбор әкімш. де астыртын саясаттарымен айдап салу арқылы ханды өз бақтала-сының қолымен өлтірткені белгілі. Өзінің шынайы ниетін асау жұртына түсіндіре алмаған Әбілқайырдың мысы құрып, қазан



айындағы (1731) алғашқы кеңесте билерге, өзінің қол астындағыларына ешқандай билігі жоқ, түздегі аңдардың арасында жүргендей, тек хан атағын әшейін ғана жамылып жүргенін ашына айтуы тегін емес болатын. Қазақ тарихында Тәуке де, Әбілқайыр да, Абылай да, жалпы қазақтың қай ханы болсын, ешқашан шексіз билей алмаған, олар өзіндік парламент тәрізді жыл сайын шақырылатын билер кеңесінің шешімдерінен аттап кетпеген. Өз атына сай, қазақ халқының еркін болғаны соншалық, олар өз хандарына басыбайлы бағынбаған, төре заты оларға әскери қимылдар жүргізген кезде ғана бір ту астына жиналу үшін қажет болған. «Хан талау» дәстүрін қоспағанда, наразы адамдар ханға бөгетсіз кіріп, ойларын іркілмей ашық айта берген. Еркіндікті шамадан тыс сүйген халық өздерінің сырттай бодандыққа қаратылғандарын естігенде де төбелерінен жай түскендей болып, Ресейдің елшісі ресми сапармен Әбілқайыр ханға келгенде, оларды кездестірмей, кеңеске дейін хан үстінен де, елші үстінен де қарауыл қойған. Хан алғашқы кезде тіпті үстіне жамау-жасқаулы шапан киіп, қарауылдан сытылып шығып, Тевкелевпен түн ішінде жасырын жолығып жүрген. Әлсіз билеуші болса бір сәрі, Әбілқайырдай мықты патшасының үстінен өз қол астындағыларының қарауыл қоюы көп елдердің тарихында кездеспейтін жай. Әбілқайыр да, Бөкенбай да Ресей елшісіне халқының мәрт мінездерімен қатар, қынжыла отырып өздерінің көңілдері толмайтын, бір билікке ешқашан бағынып көрмеген тұстары туралы да айтқан. Олар елшіге билермен, жалпы халықпен сөйлескенде сөзіне аса сақ болуын, үркітіп алмас үшін жылы, майда тілмен сөйлеуін, өйтпеген жағдайда даланың еркін ұлдарының бірден жалт беріп, одан соң оларды қайтадан мәмілеге келтірудің бос әрекет екенін, басқа да осы тұрғыдағы кеңестерді көп берген. Біртұтас ел болуды ойлап, сол үшін бодандыққа баруға мәжбүр болған Әбілқайыр мен Бөкенбай өздерінің ұлы мұраттарына жете алмай, бірі мәселенің байыбына бармаған ішкі жауының, бірі сыртқы жауының қолдарынан қаза тапты. Олардан бөлек, Кіші жүз бен Орта жүздің көптеген рубасы билері Ресеймен жақындасудың пайдалы жақтарын түсіне бастады. Ханмен бірге бұлар да қазақ жеріне қалалар салдыруға

мүдделі болды. Абылай ханның да қуатты орыс мемлекетінің күшін пайымдап, одан бас тартпағаны белгілі. Ол да елді біріктіру жолында өзінің ішкі жауларымен көп күрескен. Себебі бұл қайраткерлер барымта мен талас-тартыстың арасында жатқан халқының ішінен алғаш болып сауда мен өнер жақсы дамыған отырықшы қала мәдениетіне қадам баспай, өздерінің басқа мемлекеттердің көш соңында қалып қоятынын, өнер-білім де болмайтынын жақсы түсінді. Әбілқайыр да, Бөкенбай да қалмақтармен, казактармен, башқұрттармен соғыс ешқашан тыйылмайтынына көзі жеткен болатын. Шабуылдан елдің бір жақ тентегін тыйғанмен, екінші жағы тиісіп, ал қарымта шабуылдан үшінші бір жақтың зәбір көруі – ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан үйреншікті көрініс еді. Осының бәрін сәби кезінен көріп өскен, осындай соғыстарда талай жақындарынан айырылған Бөкенбай бір жағынан жоғарыдағы халықтармен нәтижесіз жанжалдарды тоқтатып, бейбіт өмір сүру үшін сол халықтар секілді Ресей қол астында болуды қалаған тәрізді. Сол арқылы шығыстан жоңғарлар қауіп төндіре болса, арт жаққа жалтақтамай, алаңсыз тойтарыс беріп, жау қолында қалған қалаларды азат ету. Сонымен бірге, өзі ғана емес соңынан ерген халқын да толассыз қырғындардан сақтап, тұрақты да бейбіт өмірге баулу. Сырт жаулармен соғыстар сол кезеңде мәжбүрліктен және қажеттіліктен де туындағанымен, бітпейтін қақтығыстар қазақ қоғамының дамуына, ілгері басуына үлкен кедергі болып табылатын. 1755 ж. жоңғарларды жер бетінен жойып жіберген қытайлықтардың, саны аз, жері көп қазақтарға да шабуыл жасамасына кепілдік жоқ еді. Цинь империясының қазақ хандарына өз елшілері мен грамоталарын көптеп жібере бастағаны, тіпті Абылайдың оларға бодандыққа ант қабылдауға мәжбүр болғаны белгілі. Цинь империясы сол кезеңде жоңғар ханзадасы Әмірсананы паналатқан Абылайды егер оны қайтармаса бүкіл қазақ даласын ат тұяғымен таптайтындары туралы бірнеше рет қаһарлы хаттар жолдаған. 1758–60 ж. Ресей мен Қытай қазақ жері үшін бірнеше рет әскери қақтығысқа баруға аз қалған. Қазақтармен шекараға 180 мың әскерін қойған қытайлықтар шабуыл жасауға тек орыстардан ғана сескенуі мүмкін. Сондықтан, тура сол тұстағы



сыртқы саясатта Ресей протекциясының кейбір пайдалы жақтары да болды. Өз кезегінде патша үкіметі де қазақ даласын аяусыз отарлады. Бірақ 18 ғ-дың аяғындағы отарлау шараларына қарамастан, Қазақстанның көп бөлігінің іс жүзіндегі нағыз отар елге айналуы Әбілқайыр ант қабылдаған соң, 1822–24 ж. хандық билік жойылған соң ғана іске асты. Бодандықтың айқын белгілері ретінде қазақтардың түтін салығын төлей бастауы да сол кезеңнен басталды, ал Кіші жүз түтін салығын «бодандықтан» кейін бір ғасырдан астам уақыттан соң 1837 жылдан бастап қана төледі. Отаршылыққа қарсы күрестердің өршуі де сол кезеңдерде орын алды. Бір қызығы, сол ұлт-азаттық күрестердің бәрін дерлік бодандықты алғаш қабылдаған өңірлердің ұрпақтары бастады. Сол күрестердің бірін 1780–90 ж. Бөкенбайдың ұлы, жетірудың бас биі атақты Тіленші батыр басқарса, үзілістерімен 1822–40 ж. аралығында болған аса ірі азаттық күресті немересі – атақты батыр әрі би Жоламан Тіленшіұлы бастады. Жоламан 1822 ж. Ресейге ашық соғыс жариялаған болатын. Алайда, Ұлы Даланы отарлауды асықпай көптеген онжылдықтарға, тіпті келер ғасырларға жоспарлаған мықты мемлекеттерге қазақ сияқты далалық көшпелі халықтардың қанша қарсыласса да тәуелсіздігін сақтап қарсы тұрулары, не араласпай бұйығы өмір сүрулері мүмкін емес еді. Ресей, Қытай және қуатты мұсылман мемлекеттерінің арасында, маңызды аралық аумақтарда орналасқан қазақтарда сол кезде өз еріктерімен таңдау құқы болған жоқ, солардың бірін өздеріне сөз жүзінде болса да «үлкен аға» ретінде мойындау қажет еді. Уақыт Әбілқайыр бастаған топқа Ресейді таңдатты... Бір атап өтерлігі, осыдан 280 жылдай бұрын орын алған, Әбілқайыр, Бөкенбайлар шешімін іздеген сыртқы саяси жағдай қазіргі күні де аса өзекті болып отыр. Қазіргі ел басшылығының екі көрші мемлекетпен және оңтесті мұсылман елдерімен ынтымақтастық ұйымын құруы осының айқын дәлелі. Әбілқайырға келгенде, кімнің де болсын есіне оның 1731 ж. орыс тарапына ант бергені түсетіндігі анық, осы әрекетін үстіртін түрде «сатқындық» ретінде бағалайды. Алайда оны бодандық туралы сұрауға мәжбүрлеген жоңғар қаупі емес, батыс шекарада орын

алған күрделі жағдай болатын. Бұған қоса кейбір төңкеріске дейінгі орыс зерттеушілерінің ол туралы теріс пікірде жазғандарына сене беруге де болмайды, себебі олар кейін өздеріне қарсы шыққан ханды үнемі дерлік біржақты қаралап жазды. Тағы бір назардан тыс қалдырмайтын маңызды сәттердің бірі – сол кездегі Ресей империясының сыртқы саясаты. Қалың қауым, бірқатар зерттеушілер Әбілқайыр 1731 ж. Ресейге хат жазбағанда Қазақ елі тәуелсіздігін осы күндерге дейін сақтап қалатындай көреді. Ресей мемлекеті 18 ғ-дың басында-ақ бүкіл қазақ даласын батысынан шығысына дейін айналдыра әскери бекіністер шептерін тұрғызып тастаған болатын. Империяның қазақ даласына енуі тек уақыт еншісінде еді. 1710–20 ж. аралығында қалмақ ұлыстарымен қатар мыңдаған әскермен Ресей жеріне де талай басып кірген, Қазан губ-сына дейін жетіп, бірнеше рет шапқан Әбілқайыр мен Бөкенбай орыс әскери қуатын жақсы білетін. Сол себепті олар сыртқы саясаттарын өзгертіп, енді Ресейді өз мақсаттарында пайдалануды шешті. 18 ғ-дағы Қазақ елінің сыртқы саясатын жүргізген негізгі екі билеуші тұлға – Әбілқайыр мен Абылай хандар болды. Екеуі де аталған ғасырда орасан зор еңбектерімен есте қалған бірден-бір жарық жұлдыздар еді. Іс жүзінде екеуі де сол кезде орын алған жағдайға байланысты, сол заман тұрғысынан іс-әрекет етті. Екеуінің арасындағы қарым-қатынасқа келсек, Абылай жасы үлкен Әбілқайырды қатты сыйлаған, ұлы Ералымен сыйлас, жолдас болған. Кейіннен Әбілқайырды өлтірген Барақ сұлтан Орта жүз жерінде жүрген Ералының да көзін жоймақ болғанда, Абылай оны өлімнен құтқарған. Орта жүздің атақты тұлғалары Қазыбек би, Қаракерей Қабанбай және басқалармен бірге Әбілқайырдың қазасына қатты қайғырған, Бопай ханымға көңіл айтуға арнайы барған. Бұл Абылайдың Әбілқайырмен, оның әулетімен шынайы сыйластық қарым-қатынастарда болған, пендешіліктен тыс парасатты тұлғасынан хабар береді. Жалпы, 19 ғ-дағы оқу-мәдениеттегі, ұлттық өнердегі қайта өрлеу, ұлы Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты тұлғалардың келуі Әбілқайыр, Абылай хандар, Төле би, Қазыбек билер, Бөкенбай, Жәнібек батырлар армандаған қазақтардың бірте-бірте жартылай отырықшы тұрмысқа көшуінен, бұрынғы



ғасырларға созылатын соғыстардың тоқтауынан, егіншіліктің дамуынан, көрші елдер сияқты оқу-білімге ұмтылуынан пайда болды. 20 ғ. басында қазақ арасында басқа көрші халықтардың көпшілігінен ілгері тамаша зиялы қауымы болды, Алаш идеясын ұстанған осы алдыңғы қатарлы зиялылардың барлығы дерлік ресейлік (еуропалық) оқу орындарында оқыған еді. Отарлықтың салдары орасан болды, бірақ аталған тұлғалар дәл сол кезеңде өз халқын алдыңғы қатарлы мемлекет ету үшін күрескен еді. Алайда көрші империяның басқа елдер тарапына қатысты өз мүдделері болды, олар өз кезегінде шағын халықтардың талап-тілектерімен еш ұштаспайтын.

Н.Жемісбай

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ ЖҮРГІЗГЕН СЫРТҚЫ САЯСАТЫ. 18 ғ-дың I-жартысында өмір сүрген Кіші Бөкей ордасының ханы Әбілқайыр – тарихта өзіндік орны бар тұлға. Әбілқайыр ханның қазақ елі мен жерінің тұтастығы мен тыныштығы үшін жасаған қадамдарын толық түсіну үшін оның өмір сүрген кезеңіндегі қоғамның келбетін, тыныс-тіршілігін, жағдайын сипаттау қажет. Өз Тәукенің дәуірі аяқталып, оның қол жеткізген ел тыныштығы мен ынтымағы сейіле бастаған тұста қазақтың үш Жүзінің бай-сұлтандары бас-басына би болып, елді жеке-дара билеп-төстеуге ынтызар еді. Мұны сырттан көз алартып отырған көрші елдер: патшалық Ресей, батыстан – Еділ қалмақтары мен башқұрттар, шығыстан – жоңғарлар, солт-тен – Сібір казактары, оңт-тен – парсылар мен түрікмендер өз ұпайларына пайдаланып қалуды көздеп, оқтын-оқтын шабуылдар жасап, ел тыныштығын бұзып жатқан болатын. Ал қазақтар болса үш Жүзге бөлініп, әр Жүз өзінің ханын сайлап, жеке-дара ыдырай бастады. Еділ қалмақтары мен башқұрттардың және Сібір казактарының баса-көктеп қазақ жеріне кіруіне қарсылық ретінде Кіші жүз халқынан қол бастап, өзінің қолбасшылық өнерін паш еткен Әбілқайыр болды. Бұл тұста Әбілқайыр Есет, Бөкенбай, Тойғұлы, Қосқадам, Шолан, Тоқпан, Сабытай, Байқазак, Тайлак сынды көптеген батырлармен күш қосып, халықты жауға қарсы көтерген-ді. Кіші жүз елімен көрші отырған арғын, қыпшақ, керей, уақ тайпаларының Әбілқайырдың құрамына кіруі ортақ мүдденің бірлігі еді. Әбілқайыр хан-

ның қолбасшылығымен қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы жеңіспен аяқталды. Ресей басқыншылары мен Кіші жүз арасындағы қақтығыс қиындап кетті. Осы кезеңде Кіші Бөкей ордасына хан болып Әбілқайыр сайланды. Басты назар аударатын жайт – Әбілқайырды хан етіп мұрагерлікпен емес, халық көтергендігінде еді. А.И.Левшин «Абулхайр хан повелевая большою частью Меньшей орды и простирая власть свою на некоторые роды Средней, он думал о пользе народа своего...», – деп жазды. Әбілқайыр сынды ірі тұлғаның ерен ерліктері мен билеушілік шеберлігі туралы мәліметтер жиналған. Оның бірі ханның ерлігін мойындап, батырлығын паш етсе, енді бірі – Әбілқайырды Ресейге бодан болуға тікелей қатысы бар тұлға ретінде баға береді. Мұндай тұжырымға себеп болған – ханның Ресей императрицасы Анна Иоановнаға жолдаған хатының түпнұсқасы. Хаттың орысша аудармасы төмендегідей: «...Наше заявление Вашему величеству уральскому ештек-башкортами меж нами нет согласия. Теперь желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной дороге уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил посла к Вашему императорскому величию, мы, Абулхайр-хан, сорок санов казахов, Средней и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняем голову.

Ярлык: с Вашими слугами уральскими ештеками хотим достичь согласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии. Посланный посол Сеиткул во главе с Кутлуметом с товарищами». Қазақтың аса ірі тарихшысы Е.Бекмаханов қазақ елінің Ресейге бағыныштылығына өз бағасын бере келе, «XVIII ғасырдың бірінші ширегінде подданство сөзінің мағынасы қазіргіден бөлек, ол кезде «подданство» деген сөзді қамқорлық деп түсінген, яғни бұл сөзді өзіне қаратып алу немесе отарлау деп түсінбеу керек» деп жазды. Императрицаға жолданған осы тарихи хат туралы сол кездегі Ресей елшісі М.Тевкелев Сыртқы істер алқасына жазған хабарламасында Әбілқайырдың императрицаға хат жолдауының мәнін «хан Әбілхайыр Еділ



қалмақтарымен һәм башқұрттармен бейбіт болуға құзырлық жасауын, ал қонтайшыдан кек алуына ерікті болуын қалайды», – деп көрсеткен. Тарихи хаттың мақсаты тек қазақ-башқұрт достық қарым-қатынасын жөнге келтіру еді. Алайда 1738 жылдың ақпанында ген. Татищев Әбілқайырға хат жолдап, «Қазақтардың башқұрттардан кек алуына жағдай туды. Әрбір башқұрттың басын әкелген қазақ жігітіне 60–100 рубль ақша беремін» деп хабарласа да, Әбілқайыр бірде-бір қазақты башқұртты өлтіруге жібермеген. Керісінше, Әбілқайырдың бұрынғыдай башқұрттарға көмектескендігі проф. М.Б.Олкоттың еңбектерінен белгілі. «Іс жүзінде Әбілқайыр император әйелдің шын берілген қызметшісі болған жоқ; ол кей кездерде жоңғар билеушілерінің де көңілін жыққысы келмеді» деуінен Әбілқайыр саясатының ерекше мәмілегерлік тәсілі байқалады. 18 ғ-дың І-жартысында Әбілқайыр хан ұстанған сыртқы саясаттағы бағыты кейінгі қазақ елінің болашағын айқындап берді.

Әдеб.: Өтениязов С., Өбекең жазған тарихи тұлғалар. Таң шолпан журналы. 2009. №4. Б.49; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Спб., 1832. ч 2., Б.93; Исин А. Әбілқайыр хатын қалай оқыған дұрыс. Абай журналы. 2001. №2. Б.43; Бекмаханов Е. Приединение Казахстана к России. Москва, 1957,

Г.Шынтемірқызы

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫН ҚАБЫЛДАУЫ. Тәуелсіздік алудың арқасында қазақ елінің арғы-бергі тарихын соны құжаттар арқылы жаңа көзқарас тұрғысында, ұлттық рух негізінде сараптап қайта жазу мүмкіндігі пайда болды. Ұлт тарихының әлі де толық ашылмай жатқан ақтаңдақ, құпиялы беттерінің бірі – Қазақ елінің Ресей империясының бодандығына түсуі. Ұлы орыстық шовинизм тұрғысындағы патшалық Ресей тарихшыларының жазғандарын Кеңес тарихшылары дамытып, «Қазақ елі Ресейге өз еркімен қосылды» деген дәйексіз деректерді оқытып келді. Бұл қасаң тұжырымдаманы жан-жақты талдаған белгілі жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай өзінің «Бұзылған бесік!..» («Хан Кене» пьесасы негізінде 19–20 ғ. тарихи құжаттарын талдау) еңбегінде мұрағаттық тың деректерді пайдалана отырып, қазақ елінің отарлану тарихына жаңаша пікір білдіреді. 18 ғ-дың 30-жылдары шығыстан келген қасірет – Жоң-

ғар шапқыншылығының бетін қайтарып, жау қолында қалған жерлерді азат ете бастаған Қазақ хандығының Ресей бодандығына өз еркімен түсуге ешқандай мұқтажы жоқ еді. Бұл арада жекелеген тарихи тұлғалардың ел бостандығын өз басының мүддесіне құрбан етуі ащы да болса шындық екені көрінеді. Жеңімпаз елдің тарихты өз қалауы бойынша жазатынының бір дәлелі іспетті Ресейдің империялық мүддесі тұрғысында қалыптасқан «өз еркімен қосылу» деген тұжырымға қарсы пікірдегі акад. А.Панкратова сияқты зиялы қауым ішінде болған белгілі тарихшы Е.Бекмахановты қызыл империя қуғынға ұшыратты. А.Брискиннің «Қазақтар» (1931) деген кітапшасындағы «қазақтар бодандықты өз еркімен қабылдады» деген патша тарихшыларының ұстанымын әрі қарай өрістетуге үзілді-кесілді қарсы шығып, өтірікке балап, «ұлы державалық шовинистердің шығарған аңызы» деп баға берген, ұлттық тарихтың жаңа идеясын ең алдымен ұсынған белгілі ғалым С.Асфендияров та құрбан болды. Осылайша бұл тұжырымға қарсы болғандардың беті қайтқан соң кеңес заманында «өз еркімен қосылу» ұстанымы жаңа белеске көтеріліп, тіпті 1981 ж. Қазақстанда оның 250 жылдығы кең түрде атап өтілді. Т.Жұртбай Қазақ елінің бодандық қамытын кию мәселесіне келгенде, оның негізгі тамыры болып есептелетін Әбілқайыр ханның «қатын патша» Анна Иоановнаға жазған хаты мен қол қойған құжатына байланысты ел арасында екі ұдай пікір: ол – халық қамын ойлап бодандыққа мәжбүр болған қайраткер немесе жеке басы үшін ұлт мүддесін сатқан адам ретіндегі пікірлер қалыптасқанын айта келіп, осы күрделі тұлғаның бейнесін ашу үшін тарихи құжаттарды сөйлетеді. Әбілқайыр – әскери саясатты шешетін Билер кеңесі мен Хан кеңесінің бекітуімен қазақ әскерінің Бас қолбасшылығына сайланған, әскери дарыны арқылы Аңырақай шайқасында жеңіске жеткен тарихи тұлға. «Мұндай қолбасшының ұлы ханның тағынан дәметуі қалыпты жағдай болса да, Билер кеңесінің шешімімен оның бұл орынға өтпей қалуы ханның пендешілігін оятты» дейді зерттеуші Т.Жұртбай. Соғыс аяқталмай әскерін алып кетіп қалғанымен қоймай, Ресей патшалығының бодандық қымытын киюі Әбілқайыр тұлғасының тым қарама-қайшылықты екенін көр-



сетеді. «Қазақ елінің атынан кепілдік беріп, ант етуге қақы жоқ Әбілқайыр хан өзіне бағынышты Кіші жүз елінің билер кеңесі бекіткен соң ғана қол қоюға мүмкіндігі бар бодандық құжатын жасырын түрде жүзеге асырғаны анықталып отыр» деген автор, бұл сөзіне сол кездің өзінде-ақ Кіші жүз билері мен батырларының қарсы шығып, бас көтергенін дәлел қылады. «1730 жылы Әбілқайыр әуелі Уфаға, содан кейін Петербургке орыс бодандығын қабылдау туралы өтініш жасап, арнайы елшілік аттандырды. Ханның жасырын іс-әрекетінен хабарсыз халық патша билігі жіберген Тевкелевтің ордаға келіп орыс патшасына адал болуға ант беруді талап еткенініне қайран қалып... толқу басталды... олардың басына қауіп төнді. Дегенмен Тевкелев орыс бодандығын мойындаған ант алып үлгерді...» деп патша билігі жазған мұрағат құжатын келтіреді Т.Жұртбай. Тарихи дерек көздері қазақ даласына ұдайы көз қырын салып отырған сол кездегі Ресей мен Қытай сияқты алпауыт мемлекеттердің Қазақ хандығын бірден отарлап алуға мұршасы да, мүмкіндігі де жоқ екенін айғақтайды. Петр I патшаның құлағына жеткен «Әмудария жағалауы алтын құмға көміліп жатыр» деген сияқты қауесет 1714–20 жылдары сол жаққа бірнеше барлау экспедицияларын жіберумен тынды. 1722 ж. Парсы жорығына аттанған Петр I кейін қазақ халқына бодандық қамытын киізуге ерен еңбек сіңірген шоқынды, құпия істер жөніндегі аға тілмашы А.И.Тевкелевті (Құтлұғмұхамет – Мәмет Тәуекелов) ала кетіп, Қазақ ордасын қандай жолмен болсын Ресей империясының протекторатына алу туралы құжатқа қол қойдыруды тапсырған. Орынбор ген.-губернаторына жазған хатында Тевкелев осыны баяндай келе, Петр I-нің аузынан шыққан: «...қазақтар қыр жайлаған жеңілтек халық болса да, бұл орда Азияны мекендейтін барлық елдер мен олардың жерлеріне жол ашағын кілт пен қақпа» деген сөзді келтірген. Патшаның Қазақ ордасын жаулап алуға мұршасы жоқ екені, толық бодандық емес, тек протектораттық (немесе қамқорлық) ерекше құқықтар мен міндеттерге негізделген – оларды жаудан қорғау, ал орданың оларға белгілі бір қызметтер көрсетуімен шектелетінін айтқаны білінеді. Осыған орай 1730 жылғы Әбілқайырдың Анна Иоановна патшайымға жіберген ел-

шілігіне дейін Ресей империясының қазақ елін түпкілікті отарлау саясаты белгіленбеген. Осы кезде Құтлымбет Қоштаев бастаған Әбілқайыр елшілігі патшайымға сенімді қызмет етіп, башқұрттар сияқты адал болып, салық төлеп тұруға; бұл қызметі үшін Ресей тарапынан шапқыншылыққа ұшырамайтынына және сырттан жау келсе, патшайымның қорғауында болатынына сенім білдіріп; Ресейдің башқұрт, қалмақ тұтқындарын қайтарып, ол халықтармен тату тұруға және сауда керуендерінің еркін өткізіп тұруға сендіретін хатты тапсырды. Бұл осы мазмұнында мемлекет аралық ресми шаралар бойынша ешқандай заңды күші жоқ, екі ел арасындағы қатынастарды реттеуге арналған тілек хаты деңгейіндегі ғана құжат. Ал, елшілер арқылы ауызша жеткізген сәлемінде Әбілқайыр хан «Бұхар ханы Әбілфәйіз, Хиуа ханы Аббас хан маған бойсұнды, ...Хаджечниет дариясының бойындағы Ақбатыр да, ...Барак хан да, Тәшкен мен Түркістан да маған қарады, ...Үргенішке де менің пәрменім жүреді» дегенді айтқан. Ресей билігі осындай ресми негізсіз, заңдық құқы жоқ хатқа малданып, оған бодандықты қабылдау деп пәтуә беріп, Тевкелевке Әбілқайыр ханды қайтсе де сендіріп, алдап-арбап болса да оның қолы қойылып, таңбасы басылған дәрегейге (құжатқа) қол жеткізу жөнінде нұсқау береді. Тәуелсіздік үшін жоңғар басқыншыларымен арпалысып жатқан қазақ жұртының бостандық рухын, оның өз еркімен орыс бодандығын қабылдамайтынын жақсы білген Тевкелев, қазақ хандары арасындағы алауыздықты пайдаланып, тым болмаса протектораттыққа қол қойдыру үшін Әбілқайырмен астыртын әрекетке кірісті. Дәл сол кезде Әбілқайыр қазақ әскерінің бас қолбасшысы да емес, оның билігіне өзі ауызша айтқызыған жерлер мен елдер де қарамайтын, оның бодандықты қабылдауға жеке құқы да жоқ болатын. Алайда Тевкелевтің 1731 жылғы 26 тамызда Сыртқы істер кеңсесіне жіберген мәліметінде елші болып келген Сүйіндік батырдың міндеті Әбілқайыр ханның мөрі басылған екі бет қағазды тапсыру екені жазылған. «Оған Тевкелев мырза не жазса да Әбілқайыр хан қарсы болмайды», – деп түсіндірген Сүйіндік елші. «Ал ханның мөрі басылған ақ қағазға Ресей империясы не жазуды білетін. Осы қағаз қазақ елін патша бодандығы-



на түсіріп, құл етті. Сондықтан Қазақтың елі мен жерін Ресей империясының заңсыз отарлағаны туралы пікірді ашық және еш күмәнсіз айтуға осы деректің өзі жеткілікті», – дейді Т.Жұртбай.

Патша елшілігінің Әбілқайыр ордасына келуі мен бодандық құжатына қол қойдыруы да екі ел арасындағы елшілік жоралғысы, ресми іс-шаралар ауқымында емес, астыртын, елдің беделді адамдарынан жасырын жағдайда өткендігі Тевкелевтің жазбаларында көрініс тапқан. Әбілқайыр өз елшілері арқылы бүкіл хандар мен қазақ әскерінің атынан Ресей боданы боламын деп айтқаны жалғандыққа шығып, орыс елшілері мен ханның кездесуіне ел билері мен ақсақалдары кедергі болып қана қоймай, Тевкелевтің өз басына да қауіп төнген сәтте, бұлар жасырын кездесіп, мәмілеге келді. Ел арасында өте беделді Бөкенбай батырды сөзбен де, сый-сияпатпен де өз жақтарына тарта алған олар, батырды ортаға салып сөйлетіп, хан маңындағы бірнеше билерге де сый-сияпатын үлестіріп жүріп, бодандыққа өту туралы құжатқа қол қоюға көндірген. Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдауға соншама құштар болуын Т.Жұртбай Тевкелевтің жазбаларындағы: «...Көптеген кездесулерден соң мен Әбілқайыр ханның шынайы пиғылын анық аңғардым, оның өзі де өзгелердің келісімінсіз ресейлік бодандықты қабылдағысы келгендігінің сырын ашып берді. Біріншіден, мұның хандығының билігі әлсіз екен. Екіншіден, бұған хандық атадан мұра болып қалмаған. Ал ол, Әбілқайыр хан ұлы мәртебелі падашайымның арқасында билігі өктем хан болсам және хандық атадан балаға мирас болып қалса... деп үміттенеді екен» деген жолдармен дәлелдейді. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Ресейдің одақтастық туралы уәдесіне сенген Ұлы жүз бен Орта жүз хандары да Әбілқайырдың ығымен келісімшарт жасауға ыңғай білдірді. 1739 ж. Әбілмәмбет хан Орынборда протекторат туралы шартқа мөрін басты. Хан тағына отырған Абылай ғана көзі тірісінде Ресейге де, Қытайға да тікелей бодан болудан бойын аулақ салып, елін еркіндікте басқара алды. Абылай хан өмірден өткен соң барып Әбілқайыр ханның кезінде қол қойып жіберген жалған құжат іс жүзіне асып, қазақ халқы бірте-бірте Ресей патшалығының боданы болды. Қазақ халқының орыс бодандығына қар-

сы шыққан үлкенді-кішілі жүздеген ұлт-азаттық көтерілістері еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасты.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 16-т., А., Ел-шежіре, 2010.

Д.Наушабай

ӘДІЛОВ Ике (1881, Семей обл. Семей уезі Шаған болысы – 1938) – Кеңес өкіметінің саясатына қарсы күрескен қайраткер, қазақ байы. Мұсылманша, орысша оқыған. Шаған еліне болыс болған. Алаш қозғалысына белсене атсалысып, обл., уездік қазақ съездері-



И.Әділов

не қатысты. Семейде құрылған алаш әскеріне, Алашорда қажетіне қаржылай жәрдем көрсетті. Кеңес өкіметі тұсында жүргізілген әр түрлі саяси-экон. шараларға қарсылық көрсетіп, қарулы көтеріліс ұйымдастырған ел басшыларының бірі болды. 1928 ж. тәркілеу науқанында қарулы шайқасқа шықты. 1938 ж. Қытайда тұтқынға алынып, сол жылы Семейде атылды.

Б.Байғалиев

ӘЖІБАЙ Қарпықұлы (1791–1866) – би. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін қолдаушы және оған белсене қатысушы. Кенесары Орынбор және Батыс Сібір губернаторлықтарының жеріне (Ұлытау – Ырғыз – Торғай) тұрақтай алмай, оңт-ке қарай ойысқанда, Ресей үкіметінің қысымы мен қуғынына ұшыраған Ә-дың елі де Сарыарқадан Сыр бойының Қоқан хандығына қараған Шиелі қыстағының маңына көшіп барған. Ә-ды Қоқан ханы өз руының датқасы етіп бекіткен. Ә. датқа Арқадағы ағайындарымен қатынасын үзбей, белгілі би ретінде олардың дауларына араласып, рулар арасын ежелгі қазақ заңымен реттестіріп отырған. Омбы обл. мемл. архивінде сақталған құжаттарда 1862 ж. қазан айында Сарысу бойын жайлайтын Кіші

ӘЗБЕРГЕН



жүз рулары мен Ұлытаудың батыс бөктерін мекендеген қыпшақтардың арасындағы мал дауын шешуге Ә-дың ерекше ықпалы болғандығы атап көрсетілген.

Қ.Ахметов

ӘЗБЕРГЕН Мұңайтпасұлы (т.-ө.ж.б.) – би. Шекті тайпасының ішіндегі қабақ руының басшысы болған. Ресей отаршыларына қарсы шыққан Есет Көтібарұлы бастаған көте-

қорғағысы келді. 1918 ж. Ақмола обл. қазақ к-тінің мүшесі болып сайланды. Ә. – Сәкен Сейфуллинді Омбы концлагерінен құтқарушылардың бірі. Сол жылғы көктемде Колчак түрмесіне өзі де түсіп шығады. «Үш жүздің» басшылығы екі жікке: Көлбай Төгісовтың солшылдығын жақтағандар мен «Үш жүз» бен «Алаш» партиясын біріктіруге бағыт алғандар тобы бөлінгенде, Ә. «Үш



Әзберген Мұңайтпасұлы



М. Әйтпенев

ріліске Ә. руымен келіп қосылды. Көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң (1855), руын бастап Хиуа хандығының жеріне өтіп кетті. Ол мұнда да Хиуа бектерімен ұғыса алмады. Қоңыратқа келген орыс экспед-на қолғабыс көрсетті. Бұл еңбегін ескеріп, Ресей үкіметі кешірім жасағаннан кейін Үстірттегі Есет еліне көшіп келді (1859).

М.Әбдеиш

ӘЙТПЕНОВ Мұқан (т.-ө.ж.б.) – қоғам қайраткері, саясаткер, журналист. 1912–15 ж. «Айқапқа» жақын болып, оның беттерінде мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, жер мәселелері туралы мақалалар жариялады. 1917 ж. Ақпан төңкерісіне дейін Ақмола ген.-губернаторының тілмашы болды. 1917 ж. көктемде Омбы уездік қазақ к-тінің төрағасы. Сол жылдың күзінде Омбы жатақтарының жетекшісі ретінде уездік және болыстық қазақ комитеттерінің Ақмола облыстық к-тіне қарсы наразылық қозғалысын бастады. Қараша айында «Үш жүз» – қазақ социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі партияның алғашқы ОК-нің төрағасы болды. «Үш жүз» партиясының тізімі бойынша Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылды. Ол жаңа партияның бағдарламасын анықтап, түркі-татар федерациясын құруды мақсат етті. Пролетариат диктатурасын мойындамады, кедейді байдан ажыратпай, бүкіл қазақтың мүдделерін

жүзді» тастап «Алашқа» қосылды. 1918 ж. 16 маусымда «Алаш» партиясына мүше болып кірді. 1920 ж. «Кедей сөзі» газетінің редакторы болды.

Ж.Сүлеймен

ӘКПАР Есбосынұлы (1911, Қытай, Іле аймағы, Қас өз-нің бойы – 1944) – Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі, халық батыры. 1944 жылдың күзінде Патих, Ғани, Хамит, Сейітпен бірге Қытайдың Іле аймағында Гоминдан өкіметінің қыспағына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырған. 1944 ж. қазанда аудан орталығы Нылқы қалашығын азат ету жолындағы соғысқа басшылық етті, Құлжа қ-н алу жорығына қатысты. Қазан айының ортасында Уәйіс мазары деген жерде тосқауылда тұрған Гоминдан шеріктерімен айкаста Ә. ауыр жараланып, қайтыс болды. Ә. бастаған ұлт-азаттық күресі қанатын кең жайып, 1945 жылдың ақырында Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтары толық азат етілді. 1946 ж. Шығыс Түркістан үкіметінің жарлығымен Ә-ға «Халық қаһарманы» атағы берілді.

ӘЛЖАНОВ Отыншы (1873, бұрынғы Семей обл. Зайсан уезі Нарын болысы – 1918, Семей обл. Мақаншы кенті) – қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, ағартушы, фольклоршы. Әкесі Әлжан Сақауұлы дәулетті әрі ықпалды болыс болған. Ә. Зай-

сандағы орыс-қазақ уч-шесін (1887), Омбының қазақ-орыс гимназиясын (1890), Омбы мұғалімдер семинариясын (1894) үздік бітірген. Дала ген.-губ. кеңесінің іс жүргізушісі (1894–95), Ақмола обл. сотының тілмашы (1895–1907), Көкпекті қ-ндағы орыс-қазақ уч-шесінің меңгерушісі (1907–09) болды. 1907 ж. Петербургте өткен бұратана халықтардың оқу ісі мен мектептері туралы Ережені қайта қараған комиссияның жұмысына қазақ халқының өкілі ретінде қатысып, қазақ елінің оқу-ағарту ісінің күрделі мәселелері туралы баяндама жасаған. Дала өлкесіндегі миссионерлік бағыттағы оқу жүйесінің зардапты әрекеттерін әшкереледі. Осы жылдары ол Қошкө Кемеңгеровтың апасы Нұржамилаға үйленді. Қандастарының келімсектерден көріп отырған зорлық-зомбылықтарына араша түсті. Қазақ жеріне сұғанақтық жасағандардың жолсыз қылықтарын әшкерелеуі Ресей өкіметінің отарлау саясатына қарсылық деп танылып, Ә. 5 жылға Жетісу обл.-ның Лепсі уезіне жер аударылды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Ә. Жетісу обл.-ндағы алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі болды. Ол уезд, обл., жалпы қазақ съездеріне түгелдей қатысып, ІІ Жалпықазақ съезінде (Орынбор, 1917, 5–13.12) Алашорда үкіметіне мүше болып сайланды. Жетісуда құрылған Алаш әскерінің қолбасшысы болып, большевиктерге қарсы соғысты. Қызылдардың қолынан қаза тапты. Кеңес өкіметі оның ұрпақтарын қырғынға ұшыратты.

Б.Байғалиев

ӘЛІКЕ батыр (19 ғ.) – Кеңесары ханның қозғалысына қатысқан батыр, Базар батырдың туған бауыры. Руы – қуандық. Әкесі – Ес батыр. Ағыбай, Байтабын батырлар сияқты Базар батырмен бірге көтерілісшілердің жекелеген қолын бастап, ханның жауапты тапсырмаларын орындап тұрған. Зираты Қарағанды обл. Теңіз ауд. «Сарыөзен» а-ның батысындағы Тікенекті қорымында.

Ә.Дүйсенбек

ӘЛІКЕН, Ә л и а к б е р, Ш а л е к е н (т.ж.б. – 1859 жылдан кейін) – хан, Қарабас сұлтанның кіші ұлы, Көшек ханның шөбересі. Қоңыраттарға, Орта жүздің қыпшақ тайпасының бір бөлігіне, Ұлы жүздің сары үйсін тайпасының кейбір руларына билік жүргізген. Хан болып сайланғанға дейін де Түркістан қ. мен Қаратаудың оңт. етегінде кө-

шіп-қонып жүрген қоңыраттарды басқарған. Қоңыраттардың көпшілік рулары 18 ғ.-дың соңғы ширегінде Ә-нің әкесі Қарабасқа, 19 ғ.-дың алғашқы он жылында ағасы Тоған ханға қарады. Ә. оңтүстіктегі қазақтардың Қоқан езгісіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы барысында түрлі ру ақсақалдарының ұйғарымымен хан болды (1858, мамыр). Қоқандықтардың өктемдігіне наразы болған қазақтар Түркістан мен оның маңайындағы бекіністерге жиналып, Қоқанның Түркістан қ-ндағы Мырза–Нияз деген бегінің әкетілуін талап етті. Ә. бастаған қазақ жасақтары қаланы қоршауға алды. Түркістанды ала алмағанымен, қазақтар Сырдария бойында күресін жалғастыра берді. 1858 ж. тамыз айында 5 мың қарулы жасағымен Ә. Бұхар әмірі Насруллаға (1826–60) келіп, Оңт. Қазақстанды Қоқан үстемдігінен азат етуге көмек сұраған. Бірақ Ә-нің бұл әрекеті нәтиже бермеген. Халық қалауымен хан болып сайланған Ә-нің мұнан кейінгі тағдыры белгісіз.

ӘЛІМЖАНОВ Әнуар Тұрлыбекұлы (12.5.1930, Алматы обл. Сарқанд ауд. Қарлығаш а. – 9.11.1993, Алматы қ.) – жазушы, журналист. Лепсі пед. уч-шесін (1949), ҚазМУ-ды (1954) бітірген. «Алма-Атинская правда», «Литературная газета» (Ресейлік), «Ленинская



Ә.Әлімжанов

смена», «Правда» (Ресейлік) газеттерінде қызмет істеген. «Қазақфильм» студиясының, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы, Қазақстан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық Кеңесі төралқасының төрағасы болды. Ә. «Махамбеттің жебесі» (1969, 1972, 1987), «Жаушы» (1974) романдарына қазақ халқының азаттық жолындағы күресін арқау етті. Ол «Күнге бет алған керуен» повесі үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйл-н (1965), «Кө-



гiлдiр таулар» кiтабы үшiн Қазақстан Мемл. сыйл-н (1967), «Отырардан жеткен сый» және Үндiстан тақырыбына жазған басқа да шығармалары үшiн Джавахарлал Неру атынд. халықар. сыйл-н (1969) алды.

Д.Ысқақұлы

ӘЛІМҚҰЛ (т.ж.б. – 1865) – Қоқан хандығының билеушiсi. Шыққан тегi – қыпшақ. Ә. алғашында молла ретiнде аты шыққан. Кейiн Құдыяр хан Қоқан тағынан аласталып, орнына баласы Сейiт отырғанда Ә. аталық сайланды. Хандықта толық билiкке ие болғаннан кейiн Қашқарды бағындырды. Ресейдiң Орта Азия хандықтарын өзiне бағындыру әрекеттерiне қарсы болды. 1864 ж. көктемiнде Шымкенттi М.Г.Черняев әскерлерiнен қорғауда асқан ерлiк көрсеттi. Солтүстiктен төнген қауiпке тойтарыс беру мақсатында Бұхара, Хиуа хандықтары мен қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының бiрiккен одағын құруға талпынды. Осы жолда ол қазақ халқының ұлт-азаттық күресiн басып жаныштады. Ә. 1865 ж. мамырында Ташкенттi қорғау кезiнде ауыр жараланып, қаза болған.

Е.Қуандықов

ӘЛП Жанысбайұлы (т.ж.б. – 1933, Қытай, Шыңжаң өлкесi, Баркөл ауд.) – Шығыс Түркістандағы 1931–33 ж. көтерiлiс басшыларының бiрi. Көтерiлiсшiлер тәуелсiз Шығыс Түркістан респ-н орнатуды мақсат еттi. Ә. Шэн Ши Сай армиясымен соғыста қаза тауып, ауыл-аймағы қырғынға ұшырады. 1934 жылдан бастап Баркөл қазақтары шет елдерге ауа көштi. Бұл тауқыметтi көштiң басықасында оның ұлы Елiсхан болды. Ә. ұрпақтары қазiр Түркияда тұрады.

Т.Зәкенұлы

ӘМРИН Хабиболла (03.1900, Омбы обл. Москален ауд. Саға қазақ а. – 13.03.1938, Алматы обл. Жаңалық елдi мекенi) – қазақ зиялысы, саяси қуғын-сүргiн құрбаны. Орта мектептi бiтiргеннен кейiн Орынбор, Қызылорда қ-ларында, 1928–33 ж. Қазақ АКСР-i Жұмысшы-шаруа инспекциясында, кейiн Қазақ АКСР ОАК-де жауапты қызметтер атқарған. Мемл. аппаратты «жергiлiктендiру» науқанына белсеңдi қатынасып, қазақ кадрларының басқару органдарына тартылуына оң ықпал жасады. «Жергiлiктендiру туралы» (А.-М., 1934, орыс тiлiнде) деген ресми құжаттар жинағын бастырып шығарды. «Мекеменi қазақыландыру мәселесi» төңiрегiндегi өзiнiң ой-пiкiрлерiн баспа бетiнде жа-

риялады. Ә. 1937 ж. «Қарағанды iсi» бойынша «халық жауы» деген жасанды айыппен ұсталып, 1938 ж. 13 наурызда атылды. КСРО Жоғ. сотының 1959 ж. 15 мамырдағы шешiмiмен ақталды.

Б.Тәшенов

ӘНДЖАН КӨТЕРІЛІСІ (1898) – 19 ғ-дың аяғындағы Орта Азия халықтарының отаршылдық езгіге қарсы қарулы күресі. Ферғана өңірінде басталған Ә.к. Ош, Әндіжан, Маргелан өлкелерін қамтыды. Көтеріліс 1898 ж. 18 мамырда Әндіжан бекінісіндегі орыс гарнизонына тікелей шабуылмен басталды. Мәделі шаһ бастаған бұл әрекет сәтсіз аяқталса да, Ферғана және оған іргелес аудандарда (Наманган, Қоқан уездерінде) отаршылдық қысымға қарсы азаттық күресінің өршуіне ықпал етті. Әндіжан қ-ндағы гарнизонға қарсы қарулы күреске Маргелан, Ош, Әндіжан, Мыңтөбе, Құлын, Ассакин, Қаратепе-Чацкент, Қувын, Шарихан, Араван, Сегазын, Наукат, Ақбурын, Қуғарт, т.б. болыстардың еңбекші-диқандары белсене қатысты. Самарқанда, т.б. ірі қалалардағы мешіттерде көтерілісшілерге құран оқылды. Әндіжаннан жырақ жатқан Жизақ Бұхара және басқа өзбек қалаларының тұрғындары да көтерілісшілерге қолдау көрсетті. Сот істерінде Қазақстанның бірқатар уездері халқының көтеріліске ниеттестігі байқалғаны айтылады. Қазалы уезі тұрғындары қажет жағдайда қарулы көтерілісті қолдауға даяр екендіктері туралы Әндіжанға хабар жіберген. Ресей үкіметі көтерілісті күшпен басты. Өзбек, қазақ, қырғыз, т.б. ұлт өкілдері қатысқан жалпыхалықтық сипаттағы бұл көтерілістің басты себебі ресми патша сотының шешімінде айтылғандай, «мұсылман фанатизмі», «шетелдік дұшпандардың тіміскілеуі» емес, үсті-үстіне пайда табуға тырысқан отарлық езгінің шектен шығуы еді.

Ж.Қасымбаев

ӘСКЕРИ ГУБЕРНАТОР – Ресей империясында 1801 жылдан бастап кейбір шекаралық губернияларды басқару үшін тағайындалған әскери шені бар лауазым иесі. Ә. г. жергілікті жердегі азаматтық және әскери істі басқарды. 19 ғ-дың 60–80 жылдары Қазақстанда құрылған. Дала ген.-губернаторлығының құрамындағы Жетісу, Сырдария обл.-тарын, Орынбор ген.-губернаторлығының құрамындағы Орал, Торғай обл.-тарын Ә. г. басқарды. Олар қазақ жеріндегі импе-



риялық саясатты тікелей іске асырушы, шексіз билік иелері болды. Ресей мүддесін қорғай отырып, Қазақстанды отарлауды жүзеге асырды, халық наразылықтарын аяусыз басып-жаншыды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ә. г. қызметі жойылды.

Е.Қуандықов

ӘСКЕРИ–ДАЛАЛЫҚ СОТ – Ресей империясында мемлекеттік басқару тәртібіне қарсы шыққан немесе басқа да мемл. қылмыстар жасаған азаматтарды тергеусіз жазалау мақсатымен құрылған төтенше сот құрамы. Барлық жерде, оның ішінде Қазақстан аум.-да да таралды. 1906 ж. 19 тамызда Николай II-нің жарлығымен сотқа беру құқына ие ген.-губернатордың немесе әскери Бас қолбасшының бұйрығымен гарнизон бастығы тағайындайтын 5 офицерден тұрды. Сотқа тарту полиция ақпары бойынша 24 сағат ішінде жүзеге асырылды. Ә.-д. с-та істер 48 сағаттың ішінде куәлар мен қорғаушы, тіпті прокурор да қағыстырылмай, жабық қаралды. Айыпкерге көбіне өлім жазасы кесілді. Үкім шағым арқылы бұздыруға жатпай, бірден күшіне енді және 24 сағат ішінде шұғыл орындалады. Жарлық азаматтар үшін 1907 ж. 20 сәуірде өз-өзінен күшін жойды, ал оның әскери адамдарға қатысты бөлігі империя құлағанда сақталып қалды.

Е.Уәлиханов

ӘСКЕРИ-ТАРИХИ МҰРАҒАТ, Ресей Федерациясының әскери-тарихи мұрағаты – Ресейдегі 18 ғ-дан бастап қазіргі заманымызға дейінгі әскери-соғыс істеріне байланысты құжаттар сақталған тарихи-салалық мекеме. 1797 ж. құрылған. Мұрағатта Ресей және Кеңес армияларының орталық және жергілікті басқармалары мен мекемелерінің құжаттары, картогр. материалдары, сызбалары, жоспарлары жиналған. Онда Қазақстанға қатысты деректер қоры да мол. Қазақ хандығының әскерлері, қазақ жеріндегі Ресей бекіністері, 1773–75 ж. Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатынасқан қазақтар, 1812 ж. орыс–француз соғысында башқұрт қолының құрамында шайқасқан қазақ жауынгерлері туралы құнды деректер кездеседі. Ресей армиясы бас штабының Азия бөліміндегі құжаттар кешенінде Ресей империясының қазақ жерін басып алу барысы, 19 ғ-дағы қазақ халқының құрамы, кә-

сібі, орналасуы, Қазақстанның жер-су, қазба байлықтары жөнінде көп мәліметтер жинақталған. Шағын халықтардың Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күресі, оның ішінде қазақтардың ұлт-азаттық қозғалыстары туралы деректердің ерекше тарихи, ғыл.-танымдық маңызы зор. Ген. А.Куропаткиннің және т.б. орыс әскери қайраткерлерінің жеке қорларында 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне, майданның қара жұмысына алынған қазақтарға байланысты, ал Уақытша үкіметтің әскери комиссиялары басқармасы (1917) қорларында Алашорда әскері туралы деректер бар. Кеңес дәуіріндегі қазақ ұлттық әскери бөлімдерінің, Ұлы Отан соғысындағы (1941–45) қазақстандық құрамалардың, одан соңғы жылдардағы Қазақстан мен Орта Азиядағы әскери округтердің, әскери-оқу орындарының, т.б. мекемелердің құжаттары сақталған.

М.Қайырғалиев

ӘТІКЕЙ Қазақбайұлы (1869–1902) – Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күрескен батыр. Суан тайпасынан шыққан. Жетісу жеріне келімсектердің жаппай қоныстануына байланысты Көктал, Үсек, Тышқан, Бұрқан өз-дерінің бойындағы елде де дүрбелең басталды. Нұржекей батырмен бірге ел жігіттерінен жасақ құрып, ұзақ уақыт мұғыжарлардың Жаркент өңіріне келіп орын тебуіне қарулық қарсылық көрсетті. Ақырында Ресей әскерлері оны атып өлтірген. Қос батырдың ерлігін мадақтайтын «Әтікей–Нұржекей» дастаны бар. Дастан тұңғыш рет 1986 ж. «Мұра» журналының 3-санында (ҚХР) жарық көрді. Оны «Жалын» баспасы біршама толықтырып, жеке кітап етіп шығарды.(1993).

С.Дәуітов

ӘУЕЗОВ Мұхтар Омарханұлы (28.9.1897, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 27.6.1961, Мәскеу қ., Алматыда жерленген) – ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), филол. ғыл. докт., проф. (1946), Қазақстанның еңб. сін. ғыл. қайраткері (1957). Ә. 1915 ж. Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. Ә. Семей жастарының өкілі ретінде 1918 ж. 5–13 мамырда Омбы қ-нда өткен



Жалпы қазақ жастарының құрылтайына қатысып, оның орт. атқару к-тінің мүшесі болып сайланады. Құрылтайда Алашорда үкіметі мен алаш қозғалысының бағытын ұстанған «Жас азамат» атты Бүкілқазақтық жастар ұйымы құрылады. Алашорда үкіметінің қызметіне тыйым салынғаннан кейін Ә. астыртын ұйымның жұмысына араласады. Сол жылы сәуір айында Кеңес өкіметі Алашорда үкіметі қайраткерлерімен келіссөз жүргізіп, қазақ халқына автономия беруге келіскен болатын. Қазақ зиялылары кеңес қызметіне тартылды. 1919 ж. желтоқсанның 4-інде Семейде большевиктер билігі орнап, сол кезден бастап Ә. Семей губревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің қызметкері, 1920 ж. ақпаннан бөлім меңгерушісі



М. Әуезов

қызметін атқарады. «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады. Ол «Қазақ оқығандарына ашық хат» жазып, елдің мұң-мұқтажын жоқтайтын, ұлттың мүддесін қорғайтын, оқу-білім жүйесін құрып, оны жүзеге асыратын мамандардың жоқтығы – қазақтарды шовинистік кемсітушілікке бұрынғыдан да бетер ұшыратағынын, ұлтымыздың есесі кететінін түсіндіріп береді. Ә. жергілікті басқару, сот мекемелерін, ұсақ несие серіктестіктерін құрып, а.ш-н жандандыруға ұйытқы болады. Семей қ-нан мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашады. Қазақстандағы 1921–22 ж. ашаршылық тұсында қазақ қызметкерлерінің төтенше кеңесін шақыртып, онда большевиктердің қазақ ұлтының оқыған зиялыларын жазалау саясатын, қыр еліндегі ашаршылықты қолдан жасап, қасакана қиыншылыққа ұрындырып отырған Мәскеудің экон. қысымын қатты сынға алады. 1922 ж. 7 наурыз күні өзінің пікірлес досы, Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі С.Сәдуа-

қасов екеуі РК(б)П ОК-нің арнаулы өкілі В.Г. Юдовскийге қазақ ұлтына большевиктер тарапынан қолданылып отырған жазалау және шеттету саясатына қарсылық білдіріп, комитет алдына: ұлттық теңсіздік пен сауатсыздықты, аштықты жою, отарлаушылар тартып алған жерлерді қазақтарға қайтарып беру және оған өзінің ежелгі иелерін орналастыру, өндіріске, мемл. қызметке қазақтарды тарту, іс қағаздарын ана тілінде жүргізу және ана тілін мемл. тіл деп жариялау, ұлттық оқу-ағарту, ғылым, баспасөз саласына ерекше көңіл бөлу сияқты 8 түрлі мәселе қояды. Сол хаттың негізінде, 1922 ж. 11 және 20 наурызда РК(б)П Қазақ обкомының төралқа мәжілісінде Сәдуақасов пен Ә. ұсынған қазақтар арасында жүргізілуге тиісті жұмыс жоспары талқыланды. Мәжіліске қатысқандардың көпшілігі бұған қарсы шығып, ресми шешім қабылданбай қалды. Оның есесіне хат иелерін «ұлтшыл-алашордашыл» деп, оларды саяси сахнадан шеттету науқаны басталды. 1922 ж. жаз айында Ә. аштарға көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін Семейге өкіл болып келеді де, күзде Орынбордағы қызметіне бармай, Ташкент қ-ндағы Орта Азия мемл. ун-тіне тыңдаушы болып оқуға түседі, әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарының алқа мүшесі болып жұмысқа орналасады. 1923 ж. «еңбек тәртібін бұзғаны және ұлтшылдық әрекеті үшін» РК(б)П қатарынан шығарылады. Сол жылы маусым айында Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемл. ун-ті қоғамдық ғылымдар ф-тінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға ауысады. Қазақ АКСР-і Оқу-ағарту комиссариатының арнайы өкілдігімен 1924–25 ж. Семей қ-ндағы мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылды. 1925 ж. Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1927 ж. жазда Жетісу өңіріне ғыл.-шығарм. сапармен келіп, І. Жансүгіровпен бірге ел аралап, болашақ шығармаларына материал жинайды. Ленинградқа қайтып оралысымен, осы материалдар негізінде қыркүйек айында «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаятын, желтоқсан мен 1928 ж. қаңтар айында патшаның 1916 жылғы Маусым жарлығына байланысты туындаған Жетісудағы Қарқара көтерілісін өзек еткен «Қылы заман» романын, ақпан айында Ресей отаршылдығына қарсы және қазақ халқының



тәуелсіздігі жолында күрескен атакты хан туралы «Хан Кене» пьесасын жазады. 1929–30 ж. қазақ зиялыларын жазалау саясаты күшейіп, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Ж.Досмұхамедов, т.б. Алаш қозғалысының көсемдері түрмеге камалады. Тергеу ісі үш жылға созылады. 1930 ж. 16 қыркүйек күні Ә-те тұтқындалды. Тергеу екі жылға созылып, 1932 ж. сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылды. 1951–54 ж. Ә. саяси-идеол. тұрғыдан тағы да қыспаққа алынып, оны «ұлтшыл-алашордашыл» ретінде жаппай сынау науқаны басталды. Оған «қазақ фольклоры мен эпостарындағы Ресейге қарсы жазылған, байшылдықты, батырлықты, ұлттық тәуелсіздікті жырлаған дастандарды жарыққа шығарды; Кенесары–Наурызбай көтерілісін жақтап, ғыл. зерттеу жүргізді; ғылымға қарсы Абайдың ақындық мектебі деген бағыт қалыптастырды; «Абай» романында феодализмді мадақтады, Құнанбайды халықтың қайраткері етіп көрсетті; «алашордашыларды» шығармасында жағымды кейіпкер етіп бейнеледі; Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиеті тарихын бұрмалап жазды» деген айыптар тағылды. Мерзімді баспасөзде Ә. туралы сыңаржақ сындар мен оны «халық жауы» ретінде әшкере-релеген мақалалар басылды. Соған қарамастан, ол 1952 ж. Фрунзе (қазіргі Бішкек) қ-ндағы «Манас» жыры туралы конференцияда сөз сөйлеп, қырғыз халқының ұлы эпосын ақтап алуға зор үлес қосады. Өзі жазғандай, «басын қатерге тіге отырып, ел үшін тәуекелге барды». 1953 ж. сәуір айының соңында қамауға алыну қауіпі төнгенде, Мәскеуге жасырын аттанып кетуге мәжбүр болды. Онда А.Фадеев, К.Симонов, В.Кожевников, Н.Тихонов іспетті орыс жазушылары араша түсіп, Ә-ті жазықсыз жазадан аман алып қалады. Қазақстанға қайтып келудің қауіпті екенін біліп, Мәскеу мемл. ун-тінің проф. болып орналасады. Онда 1953–54 ж. «СССР халықтары әдебиетінің тарихы» деген арнайы курс бойынша дәріс береді. 1954 ж. Алматыға қайтып оралып, ақпан айының ортасында «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтайды.

*З.Ахметов, Ә.Нысанбаев,
Т.Жұртбаев, Т.Шаңбаев*

БАБАЖАНОВ Қарауылқожа (т.-ө.ж.б.) – Бөкей ордасының старшыны (19 ғ-дың 1-жартысы), ірі жер иесі, саудагер, Жәңгір ханның қайын атасы. Орынбор, Орал және Астрахан қ-ларындағы кәсіпкерлермен тығыз байланыс орнатып, Бөкей ордасында жәрмеңкелер өткізуді ұйымдастырып тұрған. Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генспен жақын қарым-қатынаста болған. Оның мәлімет беруі бойынша Генс қазақтарға қатысты бірқатар тарихи аңыздарды жазып алған. 1833 ж. Каспий т. маңындағы қазақтардың старшыны, ру басы болып тағайындалды. 1834 ж. Астраханда теңіз жағалауын қол астындағы халыққа жалға беру жөнінде князь Н.Б. Юсуповтың және графиня А.А. Безбородконың іс басқарушыларымен тәуелді шарт жасасты. Жалға берілген жер үшін алынатын алым-салықты жинауда бұқара халыққа зорлық-зомбылық көрсетті. Оның шабындық жерлерді тартып алуы халық наразылығын туғызды. Бұл Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің (1836–38) шығуына алып келді. Б. көтерілісті басуға белсене қатысты.

Әдеб.: Шахматов В.Ф., Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова, А.-А., 1946; Рязанов А.Ф., Восстание Исатая Тайманова (1836–1838), А.-А., 1991; Кенжеалиев И., Исатай-Махамбет. А., 1991.

С.Рүстемов

БАБАЖАНОВ Мұхамбет-Салық (1832, Батыс Қазақстан обл. Орда ауд. – 1871, сонда) – этнограф, қоғам қайраткері, ағартушы. Ордадағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алған (1841–45) соң, Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азиялық бөлімін бітірген (1851). 1852–55 ж. Орынбор шекаралық комиссиясының кеңсесінде қызмет етті. 1855 ж. Ішкі Орда қазақтарының толқуына қатысты деген желеумен қызметінен қуылып, 2 ай абақтыда отырды. 1855–61 ж. Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңес-

БАБАЛЫҚҰЛЫ



тің кеңесшісі болды. 1862 ж. қызметтен кетіп, 1866 жылға дейін мал ш-мен шұғылданды. 1866–71 ж. Ішкі Орданың Қамыс-Самар бөлімшесінің басшысы қызметін атқарды. Б. қазақтың салт-дәстүрлері, шаруашылығы, діни нанымы, аңшылық кәсібі жайында еңбектер жариялады. Халықтың көне тарихи мұраларын, аңыз-ертегілерін, өлең-жырларын, мақал-мәтелдерін жинап зерттеді. Ресей мұражайлары мен ғыл. мекемелеріне қазақ тарихы мен тұрмысына қатысты археол., этногр. жәдігерлер жіберді. 1861 ж.



М.-С.Бабажанов

Орыс геогр. қоғамының мүшесі болып сайланды. Этногр. бөлімінің жұмысына елеулі үлес қосқаны үшін 1862 ж. аталмыш қоғамның күміс медалімен марапатталды. Б. Ресей империясының қазақ елін отарлау саясатына наразылық танытқан мақалалар да жазды. 1860 ж. қазақ халқының уәкілдігі құрамында Санкт-Петербургке келіп, Орынбор ген.-губернаторы В.А.Перовскийдің үстінен патшаға шағым жасады. Б-тың ғылымға сіңірген еңбегі туралы Ш.Уәлиханов, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, В.В.Григорьев, П.И.Небольсин, А.Харузин, т.б. пікір білдірген. Белгісіз жағдайда қаза тапқан. Дәулеткерей оған «Салықолген» күйін арнаған.

Ж.Қасымбаев

БАБАЛЫҚҰЛЫ Жағда (1.11.1917, Қытай, Іле Қазақ автон.обл. Толы ауд. – 3.4.2010, Алматы обл., Ұзынағаш а.) – этнограф-ғалым. 1934–43 ж. Тарбағатай аймағының орт. Шәуешек қ-нда орта мектепті бітіріп, 1943 ж. Үрімші қ-ндағы «Шың-Жаң-Шөян» педин-тында оқыған. 1944–45 ж. ұлт-азаттық ұйымының жұмысына белсене қатысқаны үшін абақтыға қамалған. 1945–49 ж. Шығыс Түркістан респ-сының ұлт-азаттық әскерінің қатарында подполк. шеніне дейін әртүрлі дәрежелі қызметтер атқарып, Бас

штабтың саяси басқарма бастығының орынбасарына дейін көтерілген. Гоминьдан әскеріне қарсы 23 ұрысқа қатысып, үш рет жараланған. 1950–58 ж. Қытай халық азаттық армиясы әскери сот төрағасының орынбасары, Іле Қазақ автон. Тарбағатай аймағының әкімі, СҰАР өкіметінің саяси заң басқарма бастығының орынбасары, Іле Қазақ автон. обл-ның төрағасы болып істеді. Сол кездері жергілікті қазақтардың әлеум. және құқықтық мәселелерін шешу жолында табандылық танытып, біразының шешілуіне



Ж.Бабалықұлы

ықпал жасаған. Қытайдағы, Моңғолиядағы және Қазақстандағы қазақтардың басын қосу саясатын жүргізетін «ұлтшыл, оңшыл өте қауіпті адам» деген айып тағылып, 1958–61 ж. бостандықтан айырылып, еңбекпен түзеу лагерінде болды. 1961 ж. қыркүйекте бостандыққа шыққан соң Қазақстанға көшіп келді. Атажұртында «қытай жансызы» деп үнемі мемл. қауіпсіздік к-тінің бақылауында болған. 1963–83 ж. «Мәдениет және тұрмыс» журналында әдеби қызметкер болып, сол жерден зейнет демалысына шықты. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде үш күн тергеуде болып, біраз уақыт үй бақылауында ұсталған. Көтеріліс туралы ақиқатты жазып, мақалаларын Венгрия, Чехия, АҚШ-қа жіберіп, бүкіл әлемге жариялауды іске асырды. «Қырандар», «Саят», «Мал ауруларының сырлары», «Қамшыгерлік» деген кітаптары жарық көрген.

Д.Наушабай

БАБАС Сердәліұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. Кіші жүз алшынның шөмекей руынан шыққан Б. қазіргі Қызылорда обл-ның Қармақшы өңірінде өмір сүрген, сонда жерленген. Б-тың әкесі Сердәлі би болған. Б. жас кезінде малды айдап кеткен барымташыларды қуып барып, екеуін сойылмен ұрып құлатады. Со-



дан бастап Б. «бала батыр» атанып кетеді. Сыр қазағының азаттығы үшін аттанған «тоқым тыққан» Қыстаубай батырдың жасағында болған Б-қа қолбасы бата беріп, сарықасқа Тоғанас батырдың жасағына жібереді. Б. батыр Тоғанас сарбаздарымен бірге Кенесары ханның көтерілісіне қатысып, Созақ шайқасында ерлік көрсеткен. Кенесары хан бастаған әскер қырғыз еліне кеткен кезде, Б. Сыр бойына қайтқан.

Әдеб.: Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Атамұра, 1994; Дайрабай Т., Сырдың сырлы сыры, А., Арыс, 2005.

Б.Ахметбек

«БАЗАР БАТЫР» – дастан. Ауыз әдебиетін жинаушы Бәдел Тұрсынбаев 1935 ж. Шығыс Қазақстан обл. Күршім ауд. Батбақбұлақ а-ның тұрғыны Жангөдей қарттан жазып алған. Дастан үш тарауға бөлінген: 1-тарауда Базар батырдың Шыңжаң аймағындағы Алтай өлкесін қытай, қалмақ басқыншыларынан қорғау жолындағы, 2-тарауда оның басқаруындағы Алтай қазақтарының Данияр хан озбырлығына, 3-тарауда Базар батырдың Ресейдің отарлау саясатына қарсы күресі көркем баяндалады. Оқиға бас кейіпкерді патша жендеттерінің азаптап өлтіруімен аяқталады. Дастанның Жангөдей жырлаған толық нұсқасы Қазақстан ҰҒА-ның Орт. ғыл. кітапханасы қорында, басқа екі нұсқасы Әдебиет және өнер ин-тының Қолжазбалар және текстология орт-нда сақталған. Жангөдей нұсқасының сюжеті негізінде Б. Тұрсынбаев дастан жазып (1942), ол 1944 ж. жеке кітап болып басылды.

С.Қорабай

БАЗАР Есұлы (19 ғ.) – Кенесары ханның қозғалысына қатысқан батыр, ақын. Ақмола өңірінде дүниеге келіп, қазіргі Жамбыл обл. Мойынқұм ауд-нда қайтыс болған. Өліке батырмен бірге туған. Әкесі – Ес батыр, шешесі – Мамай батырдың қарындасы. Көтерілісшілердің жеке қолын бастап, ханның жауапты тапсырмаларын орындаған. Б. ақын айтты деген: «Тасыма, жігіт, тасыма! Күшігендей сақылдап, күлгенің не досыңа? Жақсылыққа қуанып, жамандыққа жасыма. Өле-өлгенше тұрмайды, Жақсылық пен жамандық, бір кісінің басында» деген өлең жолдары халық жадында сақталған. Зираты Қарағанды обл. Теңіз ауд. Сарыөзен а-ның батысындағы Тікенекті қорымында.

Әдеб.: Бекмаханов Е., XIX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы, А., 1949; Хан Кене, А., 1993.

Қ.Бигожұлы, Ә.Дүйсенбек

БАЙҒАРА Қожасұлы (1706 – 3.11.1731 ж.) – Ресей империясының отарлау саясатына қарсы күрескен батыр. Кіші жүздің жақайым берденқұл аталығынан тарайды. Қазіргі Қызылорда обл. Арал т-нің солт. бойында өмір сүрген. Әбілқайыр ханның Ресей қоластына ену туралы шешіміне Сырлыбай би, Сартай батыр, т.б. бастаған бірқатар ру басылары келіспей, хан ордасы мен Тевкелев бастаған ресей елшілігіне қарулы қарсылық көрсеткен. Хан ордасымен және елшілік әскерлерімен 1731 ж. 3 қарашада болған қақтығыс кезінде Б. Ырғыз өз-нің бойындағы Маңтөбе деген жерде оққа ұшқан. Батырдың бейігі Қызылорда обл-ның Арал қ-нан 120 шақырым қашықтықтағы Теректі қыстауында.

Әдеб.: Сыр елі: Қызылорда облысы энциклопедиясы, А., Атамұра, 2005; Әйтімов И., Байғара батыр, Толқын, 22.07.2004; Елеш А., Байғара батыр, Толқын, 17.09.2008.

Б.Ахметбек

БАЙҒУРИН (Байғарин, Байғораев) Әлжан Махмұтұлы (10.7.1896, Торғай обл. Қостанай уезі, Домбар болысы – 10.10.1938, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, ғалым, дәрігер, педагог. Қостанайдағы орыс-қазақ уч-щесін (1910) және реалдық уч-щені (1916) Орта Азия мемл. ун-тін (Ташкент, 1925) бітірген. 1917 жылдың көктем-жазында 1-дүниежүз. соғыс кезіндегі қара жұмысқа алынған қазақтар арасында, Минск түбіндегі Бұратаналар бөлімінде қызмет істеді. 1-жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесінің («Ислам кеңесі») мүшелігіне сайланды. Торғай қазақтарының 2-обл. (Ақтөбе, 1917, 20–25 тамыз) және Қостанай қазақтарының уездік (1918, 14–17 қазан) съездерін өткізуге белсене қатысты. 1920–22 ж. Мәскеу ун-тінің мед. және қоғамтану ф-ттерінде қатар оқып, 1922 ж. жазда Орта Азия ун-тіне (Ташкент) ауысты. 1922–25 ж. «Ақжол» газетінің бөлім меңгерушісі, 1925 – 29 ж. Қостанайда дәрігер, 1929 жылдан Қазақ АКСР-і Денсаулық сақтау халық комиссариатында қызмет атқарды. 1931–35 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мед. ин-тының аспиранты, 1935–37 ж. Алматы мед. ин-ты клиникасының дәрігері, кафедра меңгерушісі болып істеді. 1937 ж.

БАЙДІЛДИН



желтоқсанда тұтқындалып, саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болды. 1956 ж. 6 қарашада ақталды.

Ж.Сүлеймен

БАЙДІЛДИН Әбдірахман (1891, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Аққайың ауд. – 1931, Мәскеу қ.) – қоғам қайраткері. Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген (1917). «Бірлік» ұйымының мүшесі, әрі оның хатшысы болды. 1917 ж. Ақпан революциясынан соң Ақмола обл. Қазақ к-тін ұйымдастыруға атсалысты. 1919 ж. Алашорда делегациясымен бірге Уфа мен Самарада өткен кеңестік



Ә.Байділдин

билікке қарсы күштердің мәжілістеріне қатысады. 1920 ж. РК(б)П к-тінің мұсылмандар семинариясының төрағасы, 1921–22 ж. Орынборда Қазақ АКСР-і Жер комиссариатының алқа мүшесі, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, 1923 ж. Орал обл. партия к-тінің үгіт және насихат бөлімінің мүшесі, «Қызыл Ту» газетінің редакторы, 1923–25 ж. Мәскеуде Орт. баспаның қазақ секциясының қызметкері, 1925–26 ж. Қазақ өлкелік БК(б)П к-ті баспасөз бөлімінің меңгерушісі, 1926–28 ж. респ. оқу-ағарту қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, 1929 ж. ҚазМУ-дің оқытушысы. 1929 ж. басталған қуғын-сүргін кезінде қамалып, 1931 ж. ату жазасына кесілді.

М.Қойгелдиев

БАЙЗАҚ Мәмбетұлы, Байзақ датқа (1789, Тараз – 1864, Шымкент қ.) – Қазақстанның оңт. өңірінде Қоқан хандығына және Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы батыр. Тараз аймағында елді отырықшыландыруға көп күш жұмсаған. Руы – дулат. Б. туған өлкесі Қоқан хандығына да, Ресейге де қарамай тұрған тәуелсіз кезде ер жетіп, ел басшысы ретінде қалыптасқан. Оңт. өңірді Қоқан хандығы басып алғаннан кейін, ағасы Байтерекпен бір-

ге сұлтан Рүстем Асфендиярұлы бастаған көтеріліске (1821) қатысады. Көтерілісшілер қатты жазаланса да, Б. беделді адам ретінде, өз руластарына датқа болып тағайындалады. Б. датқа Қоқан отаршыларының айтқанына көнбей, қазақтардың мүддесін қорғай отырып, тәуелсіз саясат жүргізуге ұмтылады. Отаршыларға қарсы күресте Кенесары Қасымұлының сенімді серігі ретінде әйгілі болады. Оның сарбаздары Кенесары қолына қосылып, Қоқанның бірнеше бекінісін алды (1841), Созақ аймағын азат етуге қатысты. Қазақтар мен қырғыздардың Қоқан



Байзақ датқа

хандығына қарсы көтерілісіне басшылық жасады (1858). Патша ген-ы Колпаковскийдің әскеріне қарсы Алматыға жақын Ұзынағашта болған соғыс қимылдарына өз әскерімен келіп қатысқан. Әкесі Мәмбет пен Абылай ханның өсиетін ұстап, қазақтың «арқасын тамға, аузын нанға сүйеу» жолында өмір бойы еңбек етті. Жергілікті халықты егіншілік кәсіпке үйрету үшін кезінде 160 км канал қаздырған. Оның игілігін Әулиеата (қазіргі Тараз) төңірегіндегі халық күні бүгінге дейін көріп отыр. Б. датқа Қоқан хандығының әкімі Әлімқұлдың бұйрығымен зенбірек аузына байланып атылды. Оның бытшыты шыққан денесінен қалған екі саусағы Талас өзінің жағасындағы Сарыкемер а-ның маңына жерленді. Жамбыл обл-ның бір ауданы Б. есімімен аталады.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Казахстан в 20–40 годы 19 века, А.-А., 1992; Байзақ датқа (құраст. Б. Әбілдаұлы), А., 1995.

К.Нұрпейіс

БАЙЛАР МЕН КУЛАКТАРДЫ ТАП РЕТІНДЕ ЖОЮ – Кеңес өкіметінің ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру барысында меншік иелерін, ауқатты шаруалар қожалықтарын күшпен жою шаралары. 1929 ж.



20 ақпанда КСРО ОАК мен Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) «Еңбек туралы заңдар кодексін кулактар шаруашылықтарында қолдану тәртібі туралы», 21 мамырда «Еңбек туралы заңдар қолданылуға тиісті кулактар шаруашылықтарының белгілері туралы» қаулылар қабылдады. Қазақстанда ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеу 1928 жылдан жүзеге асырыла бастады. Осы құжаттар негізінде 1929 ж. 10 қазанда Қазақ АКСР-і ХКК қабылдаған қаулысы бойынша бай-кулактар қатарына жылдық табысы 300 сомнан асатындар, саудамен айналысатындар, диірмені барлар, т.б. жатқызылды. И.В. Сталин 1929 ж. 29 желтоқсанда өткен марксистік аграршылар конференциясында кулактарды тап жауы ретінде жоюды күн тәртібіне қойды. 1930 ж. 15 қаңтарда БК(б) П ОК В.М. Молотов басқарған арнайы комиссия құрды. Жергілікті жерлердің партия к-ті жанында «үштіктер» ұйымдастырылды. Қазақстандағы респ. «үштіктің» құрамына Ж. Құрамысов (төрағасы), А. Альшанский мен А. Асылбеков (мүшелері) енді. Ол 1930 ж. 23 қаңтардағы мәжілісінде Қазақстандағы 20 мыңға жуық байлар мен кулактар шаруашылықтарын тәркілеп, жаппай ұжымдастыру жүріп жатқан аудандардан көшіріп, өнеркәсіп құрылыстарынан, темір жолдардан шалғай жатқан аудандарға тарата коньсандыру туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, ол жерлерге сырттан жер аударылып әкелінетін 30 мыңдай кулактардың отбасыларын орналастыру көзделді. 1930 ж. 30 қаңтарда БК(б)П ОК бюросының «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулактар шаруашылықтарын жоюға байланысты шаралар туралы» қаулысы қабылданып, онда бай-кулактарды жою жолдары нақтыланды. Жергілікті жерлердегі өкімет орындарына «кулактарға қарсы күресте барлық қажетті шараларды қолдануға» рұқсат етілді. 1930 ж. 10 ақпанда Қазақ өлкелік партия к-тінің арнайы комиссиясы республикада бай-кулактары жойылуы тиіс 20 ауданды белгіледі. Науқанды жергілікті жерлерде жүзеге асыру ОГПУ органдарына жүктелді. Бай-кулактарға жазалар белгілеу Мәскеуде шешілді. КСРО Заң халық комиссариатының төрағасы Н. Янсеннің 1930 ж. 3 ақпандадағы нұсқауы бойынша «кулактардың контрреволюцияшыл белсенді тобы» тез арада қамауға алынып, олар «қастандық актілерін ұйымдастырушылар» ретінде ату жазасы-

на кесілетін болады. Жазалауға ұшыраған байлар мен кулактар Конституцияда белгіленген азаматтық құқықтарын пайдалану мүмкіндіктерінен айырылды. Кулактардың өз беттерінше басқа жаққа көшулеріне, мал-мүліктерін сатуларына тыйым салынды. Байлар мен кулактарды жоюды 4 айдың ішінде аяқтау міндеттелді. Оларды тәркілеу барысында көптеген заңсыздықтар орын алды. Кейбір жерлерде кулактар қатарына орташа шаруалар ғана емес, кедейлер де жатқызылды. Тіпті әскерилерді, агрономдарды, дәрігерлерді, мұғалімдерді кулақ ретінде қабылдап, қуғын-сүргінге ұшырату оқиғалары да кездесті. Науқанды жүзеге асыру барысында Кеңес өкіметіне қарсы насихат жүргізді деген бір адамға қатысты іс бойынша бірнеше адамды топтап соттау әдетке айналды. Контрреволюциялық топтар мен ұйымдар құрғаны жөнінде ешқандай мәліметтер болмаса да, олар РКФСР Қылмыс кодексінің 58-бабының 11-тармағымен айыпталып, ату жазасына кесілді. Қазақстанда 22 мың адам қамауға алынды. 1930 ж. 1 шілдеге дейін олардың 12 мыңы (кедейлер мен орташалар) түрмеден босатылды. 4 мыңдайы жер аударылды. Қазақстанда барлығы 54625 шаруашылық бай-кулаққа жатқызылып, тәркіленді. 1930 ж. қараша-желтоқсан айларында бай-кулактар, ауқатты шаруалар шаруашылықтарын қайта айқындау жұмысы қарқын алды. 1931 ж. 3–7 ақпан аралығында өткен Қазақ өлкелік партия к-ті мен Өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумы байлар мен кулактарға қарсы күресті онан әрі күшейте түсуді ұсынды. Нәтижесінде 1931 ж. Қазақстаннан тыс жерлерге 5500 шаруа бай-кулақ ретінде жер аударылды. Кеңес өкіметі жер аударуды 1932 ж. ғана тоқтатты. Б. мен к. т. р. ж. Қазақстан а.ш-на орасан зор апат әкелді. Шаруалардың ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, іскер бөлігі күшпен жойылды, мұның өзі, әсіресе, дәстүрлі мал ш-н күйзеліске ұшыратты.

Әдеб.: Қойгелдиев М., Омарбеков Т., Тарих тағылымы не дейді?, А., 1993; Омарбеков Т., Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық), А., 1994; соныкі, 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, А., 1997.

Т.Омарбеков

БАЙМҰРАТ Есенбайұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. 18 ғ-дың 1-жартысында өмір сүрген. Ел аузындағы «Електің басы – Есенбай» де-



ген қанатты сөздегі Есенбай – Б-тың әкесі. Б. батыр Әбілқайыр ханның Ресейге бодан болу ниетіне белсенді қарсылық көрсетіп, 1731 ж. қарашада жасағымен хан ордасын, А. Тевкелев басқарған Ресей елшілігі түскен үйді қоршап алады. Хан ауылынан жылқы айдап әкетеді. Тевкелев Б. батырмен оңаша кездесіп, оны көндіреді. Әбілқайыр ханның қайтыс болғанын естіген Б. 1748 ж. қазанда анасы Бопайға бара жатқан Нұралыға ерген 12 адамның бірі болып көңіл айтуға хан ордасына барады. Кейін Б. хан кеңесінің мүшесі болады. Оның есімі қазақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда асқан ерлік көрсеткен батыр, белгілі би ретінде ел есінде сақталған. *Әдеб.*: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Т.Дайрабай

БАЙМҰХАМЕДОВ Мұхамеджан (1811–19.4.1896) – Ресей армиясының генерал-майоры (1869), Әбілқайыр ханның шөбересі, генерал-майор Айшуақов Баймұхамедтің баласы, Ресейдің отарлау саясатын қолдаушы. Әкесінің жолын қуып, жергілікті әкімш. қызметте болған. Исатай Тайманұлы бастаған көтерілісті басуға араласып, хорунжий атағын алған (1839). 1841 ж. 28 ақпанда Кіші жүздің батыс бөлігіндегі 8-дуан басшысы болып тағайындалды. Қазақ даласында Ресей отаршылдығы тәртібінің орнығуына ат салысып, түгін салығын жинаумен, қолға түскен орыс тұтқындар мен қашқындарды босатумен, орыс көпестерінің керуендерін күзету ісін ұйымдастырумен шұғылданған. Маңғыстаудағы Ново-Петровск бекінісінің салынуына көмектескені үшін 1846 ж. 14 қарашада старшина атағына ие болды. 1846–47 ж. Кіші жүз қазақтары өкілдерінің қатарында Санкт-Петербургте император Николай I-нің қабылдауында болып, сол қалада ұлы князь, болашақ император Александр II-нің ординар ең міндетін атқарды. 1853 ж. Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийдің экспед-лық корпусы құрамында Ақмешітті алуға қатысқаны үшін подполк. шенін алды. Перовскийдің ұсынысымен, 1855 ж. 15 қарашада Кіші жүздің орт. бөлігіне аға сұлтан болып тағайындалды. 1855–56 ж. Есет Көгібарұлы қозғалысын басуға, орыс әскерлерінің 1865 ж. Ташкентті, 1873 ж. Хиуаны жаулап алу жорықтарына қатысты.

М.Әбдіров

«**БАЙСЕЙІТ БАТЫР**» – тарихи жыр. Халық ақыны С.Керімбекұлы жырлаған. Ел

аузындағы бұл жыр бұрын еш жерде жарияланбаған. Жырдың негізгі арқауы – қазақ пен қырғыз арасындағы жанжалды тоқтатып, ортақ жауға қарсы бірлесіп күресу. Басты кейіпкер Байсейіт батыр екі халықты татуластыруға бар күш-жігерін салып қазақ, қырғыз батырларын бітімге келтіреді. Жырда Байсейіттің қапылыста қаза табуы, қазақтың Сұраншты, Ағыбай, Сыздық, Сыпатай сынды батырларының қол жинап, жауға қарсы күш біріктіруі әсерлі баяндалады. Сонымен бірге тарихи деректердің жаңылыс берілуі де кездеседі. «Б. б.» жыры 1941 ж. жазылып алынған, өлең құрылысы толық 11 буынды кара өлең үлгісі. Жырдың Т.Байбағышев жырлаған нұсқасы да бар, бірақ онда тарихи шындық мүлдем бұрмаланған. Екі нұсқа да Қазақстан ҰҒА-ның Орт. ғыл. кітапхана қорында сақтаулы.

С.Қорабай

БАЙТАБЫН Дербасұлы (кейбір деректе Жоламанұлы) (т.ж.б. – 1838) – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан батыр, хан жасауылдарының қолбасы. Табын руынан шыққан. Кенесарының аса жауапты тапсырмаларын орындап отырған. Жасауыл бастығы ретінде қазақ рубасыларымен келіссөз жүргізіп, алым-салық жинаған. Жазалаушы отрядтармен болған қақтығыстарда ерлік көрсеткен. Б. 1838 ж. Наурызбай қолының құрамында, Теке өз-нің бойында көшіп-қонып жүрген жаппас руынан зекет жинауға барғанда, көтеріліске қосылмаған Жанғабыл бидің қарулы қарсылығына кездесіп, 37 адамы шығын болған. Б-ның іс-әрекеттері Н. Ахметбековтың «Жасауыл қырғыны» дастанында, І. Есенберлиннің «Хан Кене» романында суреттелген.

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ Ахмет, А х м е т Б а й т ұ р с ы н о в (15.1.1873, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Сарытүбек а. – 8.12. 1938, Алматы қ.) – қазақ халқының 20 ғ-дың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Б-ның саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға келеді. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы хұзырхаты (петициясы) авторларының бірі Б. болды. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Б. 1909 ж. 1 шілдеде гу-



бернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ПМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 ж. 19 ақпанда Б-ты қазақ обл-тарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Б. Орынборға 1910 ж. 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Б. өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Абылай хан жайында ел арасында тараған аңыз-әңгіме негізінде өзінің «Оқу құралында» (1928) «Бекболат би мен Абылай ханның түйісуі» деген қысқа әңгімесін жариялап, Абылайдың кемеңгерлігін ашып көрсетеді. Б. осымен қатар Мәскеу қ-нда «Кіндік» баспасынан шығарған «Жоқтауға» (1923)



А. Байтұрсынұлы

Абылайдың немерелері «Кенесары–Наурызбай» өлеңін де енгізген. Орынбор қ-нда 1913–18 ж. өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М. Дулатовпен бірігіп тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Б. 1916 ж. ақпанда Мемл. думадағы мұсылман фракциясының төрағасы Қ. Тевкелевтің арнайы шақыруымен фракцияның мәжілісіне қатысып, онда қазақтарға жеке мүфтилік ашу, қазақтарды атты әскер қатарына жазу, қоныс аударушылар толқынын азайту мәселелерін көтерді. Б-тың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Б-тың Бөкейханмен бірге ұлт-азаттық қозғалысының халық мойындаған жетекші дәрежесіне көтерілуі 1917 жылғы рев. өзгерістер тұсында анық байқалды. Б., Бөкейхан, Дулатов бастаған үштіктің ұйымдастырушылық қызметімен 1917 ж. «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі өмірге келді. Б. «Алаш» партиясының

бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Алашорда үкіметі құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Б-ты бекітті. 1919 ж. наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай обл. бөлімінің мүшесі болды. Б. 1919 ж. наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР ХКК мен Қазақ әскери-рев. к-ті төрағасының орынбасары болып сайланды. Б-тың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. 1920 ж. В.И. Ленинге Кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынаған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск обл-на қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ф.И. Голощекиннің тікелей нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 ж. 2 маусымда 43 алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО ХКК жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешімімен Б-қа «1921 ж. Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық пантүрікшілдік ұйымның басшысы Зәки Уәлидиден байланыста болды, 1927 ж. қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатынасты» деген айыптар тағылып, ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 ж. қаңтарда 10 жылға концлагерге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылысын деп ұйғарылды. 1933 ж. мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 ж. М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың көмегімен Б. мерзімінен бұрын босатылып, отбасымен Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарды. 1937 ж. 8 қазанда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда

БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ

атылды. Абақтыда отырған кезінде Б. тергеушілердің сауалына: «Менің идеалым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан, мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» деп жауап қайтарған еді (ҚР ҰҚК мұрағаты, 78754-іс, 6-т., 77–78-п.).

*С.Қирабаев, Р.Сыздықова,
М.Қойгелдиев*

БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ В.И.ЛЕНИН-ГЕ ХАТТАРЫ – Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халқының тағдыры, ұлттық автономия құру мәселелері туралы Ахмет Байтұрсынұлының 1920 ж. жолдаған хаттары. Бұл құжаттар қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл түркі жұртының, Шығыс әлемінің ортақ мақсат-мүдделерін жан-жақты, кең әрі терең жеткізген аса маңызды тарихи мұра болып табылады. 1920 ж. 17 мамырдағы хатында Байтұрсынұлы Қазақстандағы тұңғыш кеңестік өкімет органы – Қазақ ревкомының құрылғаннан бері 10 айлық қызметінің қорытындысын шығарып, Мәскеу мен қазақ халқының арасында өзара сенім болмағандығын, Ресей коммунистерінің оған алуан түрге боялған үстемдігін таңып отырғандығын, сан ғасырлар бойы отаршылардың өзгінде болып келген қазақтардың өзін-өзі билеуге ұмтылысын, Қазақстанды «халық толық сенетін қазақ зиялылары» басқаруға тиістігін жазды. «Ленин жолдастың ұлт және отар мәселелері туралы тезистеріне қосымша» деген атаумен белгілі хатты Байтұрсынұлы Ә. Ермековпен, Түркістан АКСР-і өкілдері Т. Рысқұлов пен Низаметдин Қожаев, Башқұртстанның басшылары Зәки Уәлиди Тоған және Харис Юмағұловпен бірігіп жазды (1920 ж. 16 маусым). Келесі күні, 17 маусымдағы хатында және жазылған мерзімі көрсетілмеген тағы бір хатында Байтұрсынұлы Ленин тезистеріне жеке өзінің сын-ескертпелері мен ұсыныстарын жолдады. Ресей революциясының жетекшісіне жөнелтілген хаттарының бәрінде де Байтұрсынұлы ұлт азаттығын көзdedі. «Бостандыққа жетудің жолын қазақ елі өзі тандауы керек, оған жетудің бар ауыртпалығы мен жауапкершілігін ұлт қайраткерлері көтеруге тиіс, Коминтерн мен Ресей коммунистерінің Шығысқа «көмегі» күшпен таңылмауы керек, оның орнына жанашыр қолдау көрсетілуі қажет» деп жаз-

ды ол. Байтұрсынұлының саяси көзқарасын айғақтайтын бұл құжаттарда Ленин мен лениншілердің тұрпайы отаршыл, орысшыл, тар ауқымды таптық көзқарастарына Алаш азаматының ұстанған жалпыадамзаттық құндылықтары қарсы қойылған.

Ж.Сүлеймен

БАЙЫРҒЫ ӘСКЕРИ РӘМІЗДЕР – әскери белгі ретінде қолданылған ертедегі рәміздер. Олар түрлі әскери мағыналар мен ұғымдарды білдірген. Б. э. р-ді: 1) киелі рәміздер; 2) әскери дәреже және лауазым белгілері; 3) түрлі айырым белгілері деп бөлуге болады. Ертеде әскер қосындары соғысқа өздері табынатын киелі бейнелерді әскери рәміздік белгі ретінде көтеріп шыққан. Олар ұрыста күш беріп, жеңіске жеткізеді, қауіп-қатерден қорғайды деп ырым еткен. Ондай бейнелер металдан соғылып, алыстан көріну үшін қанық түсті магадан тігілген әскери туға жапсырылып, оның жоғарғы жағына қасиетті аңның құйрығы байланып, тігінен не көлденеңінен ағаш сапқа бекітілген. Туда әскердің киесі, күші болады, тудың құлауы әскердің жеңілуі деп түсінгендіктен әрбір жауынгер, бүкіл әскер туды сақтауға, қорғауға міндетті болған. Әр әскер қосындарының туы өз түсімен ерекшеленген. Бүкіл әскерлік ту үлкен, үшбұрышты етіп жасалады. Ту алыстан айқын көріну үшін түсті маталар, кейде бір туда екі-үш түс бірдей қолданылған. Әр түс көшпелі халықтар мәдениетінде белгілі бір ұғымды білдіретін болған. Қазақтарда ақ түс тазалықтың, әділдіктің, қызыл түс ерліктің, жасыл түс жаңғырудың, өркендеудің нышаны болған. Жазбаша, ауызша әдеби деректерде Қаракерей Қабанбай батырдың ақ туы, Абылайдың жасыл туы болғаны айтылады. Бұрынғы кездері арнайы әскери киім болмағандықтан, өз әскерін жау әскерінен айыру үшін жауынгерлер дулығаға және найзаға түсті айырым белгі таққан. Оны жалау деп атаған. Мыс., Кенесары сарбаздары мұндай белгілерді киімнің жеңіне таққан. Жалаулы найза ұстаған қазақ жауынгерлерінің бейнесін тастағы суреттерден, 19 ғ-дағы өнер туындыларынан көруге болады. Айырым-белгі тағу дәстүрі Еуропа елдеріне де ауысып, қазір бұл белгі жауынгердің бас киіміндегі әскер түрін белгілейтін түсті жиекке айналып, осы күнге жетіп отыр. Әскери рәміздік белгі ретінде ең бірінші пайда болған байрақ қазір қолданыстан шыққан. Қасиетті әскери атрибут – жауынгерлік



ту осы заманғы армияға орнықты да, кейін пайда болған жалау әскери айырым-белгі ретінде ғана емес, әр түрлі ұйымдардың, мемлекеттердің, қоғамдардың айырым-белгісі ретінде кең қолданылатын рәмізге айналды.

Әдеб.: Рашид ад-Дин, Сборник летописей, т. 1, 2, М., 1952; Руденко С.И., Культура хуннов и Ноинулинские курганы, М. – Л., 1962; Мамаев К., Флаги рассказывают, Л., 1972; Бичурин Н.Я., Средняя Азия и Восточный Туркестан, А., 1997; Прошлое Казахстана в источниках и материалах, А., 1997; Қашқари М., Түрік тілінің сөздігі, 1-т., А., 1997.

Қ.Ахметжан

БАЛҒОЖА Жаңбыршыұлы (т.ж.б., Қостанай обл. Қостанай ауд. – 1860, сонда) – би, Ы.Алтынсариннің ағасы. Орта жүздегі қыпшақ тайпасының ұзын руынан. 1824 ж. хандық жойылып, Орынбор ген.-губернаторлығы үш аға сұлтандыққа бөлініп, әр аға сұлтандық дистанцияларға, дистанциялар бөлімшелерге бөлінген кезде Б. ұзынқыпшақ бөлімшесін басқарған. Б. 1839 ж. хорунжий, 1848 ж. жүзбасы, 1850 ж. старшина әскери лауазымын алған. Ресей өкіметі тарапынан «Ынталылығы үшін» («За усердие») деген алтын медальмен марапатталған. Сонымен бірге патша өкіметі оған аты жазылған екі тапанша мен қосауыз мылтықты сыйға тартқан. Б. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті басуға қатысты. Оның баласы Алтынсары 1844 ж. көтерілісшілер қолынан қаза тапты. Осыдан соң немересі Ыбырайды өз тәрбиесіне алды. Ы.Алтынсарин өзінің 1879 ж. жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» кітабына «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңді енгізген. Сол өлеңде айтылатын ақыл-өсиеттер – Б-ның сөздері.

Әдеб.: Алтынсарин Ы., Таңд. шығ., 3 т., А., 1943, 1953; Дербісалин Ә., Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы, А., 1965.

М.Қозыбаев

БАЛҚАШТАҒЫ БАС КӨТЕРУ. Алматы обл. Балқаш (бұрынғы Шоқпар) ауд.-ндағы шаруаларды жаппай ұжымдастыру халық арасында дүрбелең туғызды. Көтеріліс басталардан екі күн бұрын Өтеулиев Құрықбай дегеннің үйінде мәжіліс болған. Онда сөз сөйлеген Саурықбаев Тілеуқұл ауылға халық сотының көшпелі сессиясы келе жатқанын айтып, олардың мақсаты Балқаш және Шоқпар ауд.-дарындағы 14 байды басқа жаққа жер аудару екенін түсіндірген. Сөз

соңында ол халықты көтерілуге шақырған. Көтеріліске көрші № 3, 4, 6, 7, 10-ауылдарды тарту үшін оларға Тіленшиев Тәуірбай, Бәкиев Айбек, Болатов Ысқақ, Нұржанов Барлыбай тәрізді есімі елге белгілі шабармандар жіберген. Ауд. орт.-на басып кірердің алдында наразы халық, екі аудандағы ауылдардың өкілдері Нұрабаев Әбдібектің ауылына жиналып, бата алады. Көтеріліс басшылары: Саурықбаев Тілеуқұл, Нұрабаев Әбдібек, Нұрабаев Әбдірахман, Өтеулиев Құрықбай, Қармысов Көшербай, Тоғызбаев Қылышбай, Сәмбетов Естай, Асаубаев Әліпбай, Тәжібаев Сапарғали. Бұлардың төңірегіне топтасқан көтерілісшілер қатары 500 адамнан асып түседі. 1930 жылдың 3 сәуірінде ауд.-ға келген халық сотының көшпелі мәжілісі байларды жер аудару мәселесін талқылап жатқан кезде, кеңсе үйіне наразы халық басып кірді және кеңсе үкіметінің осындағы барлық уәкілдерін, оның ішінде ауылдық кеңестің төрағасы Асайқұловты, ауд. атқару к-тінің өкілі Тасымовты, халық соты Қорғамбаевты, тергеуші Құдайбердинді, милиционер Сәдуақасовты, мұғалімдер Нұрқайдаров пен Садықовты тұтқындап, қамап тастады. Соттың барлық іс-қағаздары өртелді. Ауд. орт.-на басып кірген көтерілісшілер ауд. партия к-тінің хатшысын, 2 нұсқаушысын ауд. атқару к-тінің төрағасын және оның орынбасарын, сондай-ақ «животновотсоюздың» 3 директорын, астық, ет даярлау науқанының 4 уәкілін тұтқындап, қол-аяқтарын байлап, өздерін сабап, жер үйлерге қамап тастаған. Көтерілісшілер қамалғандардың орнына жаңа басшылық тағайындады. Ауд. орт.-ндағы жиналыста Нұрабаев Әбдібек төрағасы болып саналатын, құрамында Бекқұлов Сәндібай, мен Иманбаев Қыпшақбай деген екі кедей бар жаңа атқарушы орган сайланды. Сондай-ақ құрамына 3 адам: Саурықбаев Тілеуқұл, Батырбеков Киікбай, Нұрабаев Әбдірахман кірген әскери кеңес те сайланды. Көтерілісшілер ауд.-дағы «Охотсоюздың» дүкенін тонап, ондағы қарулармен өздері қаруланып алды. Көтерілістің үшінші күні жаңа ауд. үкіметтің қызметіне бақылау орнату үшін 6 адамнан тұратын арнайы комиссия құрылды. Оның мүшелігіне: К.Жұлдызбаев, Н.Қалибеков, К.Бөлеков, О.Шорданов, Т.Мәтенев, Т.Тәйтелиев кірді. 7 сәуірде Нұрабаев Әбдібектің басшылығымен көтерілісшілер өздерінің кезекті жиналысында көтеріліске көр-



ші аудандарды да тарту туралы шешімге келді. Бірақ Гаммий және Тарутис дегендер бастаған жазалаушы отрядтың, сондай-ақ Қазақ АКСР ОАК-нің төрағасы Елтай Ерназаров бастаған мемл. комиссияның шұғыл келіп жетуі көтерілістің көрші аударға таралуына мүмкіндік бермеді. Жаксы қаруланған отрядқа қарсы тұра алмастарын білген көтерілісшілер бас сауғалап, өздерінің ауылдарына барып тығылды. Тек жалпы саны 90-ға тарта көтерілісшілер ғана Іле өз-ндегі Жел-Тораңғы аралына екі аптадай тығылып, қарсыласып жатып алды. Бірақ жүрдек екі катермен барған жазалаушылар 21 сәуірде оларды да тұтқындады. Сөйтіп, көтеріліс біржолата басылып тасталды. Көтеріліс басылған соң елден 24 аңшы мылттығы және 5 берданка мылтық жинап алынды. Кеңес үкіметі өздерінің жағынан кісі өлімі болмағанына қарамастан, басқаларға ескерту ретінде, көтеріліске белсенділік танытқандарды қатал жазалады. Жауапкершілікке бас-аяғы 57 адам тартылды. Олардың ішінен, Қазақстан ПП ОГПУ-ының Ерекше үштігінің 1930 жылғы 30 мамырдағы шешімімен 30 адам атылды. 20 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі әртүрлі мерзімдерге лагерьлерге айдалды, 2 адам 3 жыл мерзімге Қазақстанның басқа өңірлеріне жер аударылды. 5 адам алдын ала қамалу есебінен босатылды. Көтеріліске қатысқандардың әлеум. құрамы да әртүрлі. ОГПУ деректері бойынша, жазаланғандардың 31-і бай, 2-еуі молда, 11 орташа, 7 кедей қызметкер. Бірақ көтерілісті, негізінен байлар мен молдалар бастады дегенге басымдық берілген. Ұлттық зиялы қауым өкілдері, материалдық жағынан шіріген бай болмаса да, рухани жағынан өте бай адамдар ретінде қоғамға аса қауіпті саналды, олар ұжымдастыру науқанында тәркілеудің екінші тобына енгізілді. Осылайша, 1930 жылдары басталған байларды тап ретінде жою науқаны, 1918–20 жылдардан бастау алатын саяси қуғын-сүргінді одан әрі өршітті. Тәркілеуге тартылған адамдар 3 санатқа бөлінген еді: біріншісі концентрациялық лагерьлерге жабылды, екіншісі шалғай жерлерге жер аударылды, үшіншісі ауылдан тыс жерлерге жіберілді.

Ж.Боранбаев

БАЛУАНИЯЗ (1818, Маңғыстау түбегі – 1856, сонда) – батыр. Адай руынан шыққан. 1856 ж. жазда Хиуа әскерлерінің шапқыншылығына Б. қазақтың шағын жасағын

(60 шақты адамы бар) бастап қарсы шығады. Осы соғыста Б., інісі Балтеке бар бірнеше адам қаза табады. Батыр серіктерімен бірге қанды шайқас өткен Қараған Босаға деген жерде жерленген. Батырдың ерлігі жөнінде Қалнияз ақын «Балуанияз батыр» дастанында жырлаған. 1992 ж. батырдың бейітіне ескерткіш күмбез орнатылды (авторы К. Демесінұлы).

О.Тұржанова

БАЛУАН ШОЛАҚ, Нұрмағамбет Баймырзаұлы (1864, Ақмола обл. Енбекшілдер ауд. – 1919, Ақмола обл. Тасты өз. бойы) – атақты палуан, әнші, композитор, ақын. Әкесі Баймырза ағаш шебері болған. Б. Ш. ән-күйге жасынан құмар болып өседі. Жас кезінде оң қолының сауақтары үсіген ол, кейін күшқажыры толысып, палуандығы танылған кезде Б. Ш. атанды. Өзі ұстаз тұтқан Біржан



Балуан Шолақ

сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихатшысы болды. Олардың әнші-композиторлық дәстүрін берік ұстанып, кейін өзі де ән шығарады. Б.Ш. туралы көрнекті жазушы С.Мұқанов «Балуан Шолақ» кітабын жазып, онда балуанның 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ниеттес болғандығын келтіреді. Жазушы оның Амангелді Имановқа хат жазғанын да айтқан. Қаламгер Ә.Бүркітбаевтың «Қажымұқан» шығармасында осы дүрбелең кезінде Қажымұқанның Б.Ш-ты Орынборда атақты палуан И.Поддубныймен таныстыратыны айтылады. Елде жарты ай күрес көрігін қыздыр-



ған даңқты балуандар жиналған бес мың ақшаға біраз мылтық, оқ-дәрі сатып алып Б.Ш-қа тапсырады. Қаруларды арбаға тиеп, үстіне шөп, «Шапито» циркінің заттарын салып Б.Ш-ты Амангелді Имановтың сарбаздарына аттандырған. Бірқатар тарихшылар да Б.Ш-тың қазақ жеріне қоныстанушы қарашекпенділермен қақтығысы, орыс ұлықтарымен тіресуі 1916 жылғы Ақмола өңіріндегі Алексеевка, Салқынтау көтерілістеріне түрткі болғанын, оның ұлт-азаттық көтерілісінің басшылары Әбдіғаппар, Амангелді батырлармен хабарласқанын айтады. Балуан кейін белгісіз жағдайда қазаға ұшыраған. А.В. Затаевич ел арасындағы әншілерден Б. Ш-тың бірнеше әнін жазып алып, оларды «Қазақ халқының 1000 әні» мен «Қазақтың 500 ән-күйі» жинақтарына енгізді. Алматыдағы спорт сарайы Б. Ш. есімімен аталады. *Әдеб.*: Қазақ балуандары (дайынд. Қ.Рысбекұлы, Астана, Ер-Дәулет, 2006; Мұқанов С., Балуан Шолақ: Роман, А., 1982.

Д.Наушабай

БАПАН Тұраналыұлы (1755, Ақмола обл. Ерейментау – 1849, сонда) – би, шешен, ақын, рубасы. Қанжығалы Бөгембай батырдың не-



Біпан би ескерткіші

мересі. Әкесі Абылай хан ордасындағы медреседе оқыған, білімді би болған. Замандастарының (Байсерке) айтуынша, Б. би «өзгеше жаралған адам» аталып, парасаттылығымен жұртын аузына қаратқан. Елдіктің, ұлт бірлігінің жаршысы бола жүріп, ел арасындағы дау-дамайды дұрыс шеше білген ол екі жақты да әділдікпен бітістіріп отырған. Бір жылы Ташкент бегінің қолына түсіп қалған қандастарын тілінің өткірлігімен тұтқыннан азат етеді. Қоржынкөл өңірін орыстарға бермек болған Бат. Сібір ген.-губернаторының бұйрығына мойынсынбай, атамекенін сақтап қалады. Сарыарқада Б. бидің нақыл өлеңдері, толғау-жырлары, билік сөздері көп тараған. Оның өсиет-ғақлияларында байырғы бабалар сөздерімен үндестік сақталған. *Әдеб.*: Төрекұлов Н., Қазыбеков М., Қазақтың би-шешендері, А., 1993.

Ә.Бөгенбайтегі

«БАРАҚ БАТЫР» – тарихи дастан. Ел аузындағы аңыз, әңгімелер негізінде халық ақыны Т. Аманжолов жырлап шығарған дастан өмірде нақтылы болған, елін, жерін жат жерлік басқыншылардан қорғау жолында ерекше көзге түскен батыр Барақ Сатыбалдыұлының ерлігін баяндауға арналған. Дастанда Еділ қалмақтары Кіші жүз ауылдарын қырғынға ұшыратып, Алакөбік деген жау батыры жекпе-жекте қазақ батырларын бірінен соң бірін жеңіліске ұшыратқан қысталаң шақта ешкімге аты белгісіз он сегіз жастағы балаң жігіт Барақтың ата жауға қасқайып қарсы шығып, өректіген Алакөбікті жеңген көзсіз ерлігі тебіреніске толы жыр жолдары арқылы жан-жақты суреттеледі. Жыр Барақ батырдың осы жеңісімен көпшілікті соңына ерте алатын қаһарман екенін көрсетіп, оның есімі ел ұранына айналғандығын байқатады. Дастан сюжеті тартымды, тілі көркем, композициялық құрылымы шиеленіскен оқиғаларға толы. Халық арасына кең тараған бұл дастан нұсқасы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақтаулы.

С.Қорабай

БАРАҚ Сатыбалдыұлы (1743–1840) – атақты батыр әрі басқарушы би, Ресей империясының отарлауына қарсы азаттық күрес ұйымдастырушы, көзі тірісінде әулие атанған. Табын руының қарақойлы-лабақ бөлімінен тараған, ірі шөмішті тармағының басым бөлігін басқарған. Үстірт, Сам-Матай өңірлері мен Жем аралығын, Хиуаға жақын



жерлерде қоныстанған. Б. батыр өзі өмір сүрген кезеңде бүкіл Батыс Қазақстандағы ең атақты тұлғалардың бірінен саналған. 1761 ж. 18 жасында белгілі қалмақ билеушісі Алакөбікті жекпе-жекте өлтірген. 1783–97 ж. аралығында Сырым Датұлымен бірге Ресей тарапына қарсы азаттық күреске қатысқан, оның көсемдерінің бірі болған. 1785 ж. шамасында 2 мың сарбаздан тұратын жасақ басқарып, Сырым, Тіленші батырлармен бірге Сағыз өз-нің бойында орналасқан. Сол жылы маусым айында Б., Сырым және басқа да күрес көсемдері Жем бойында кеңес қылып, Ресей елді-мекендеріне шабуылдар жасау жоспары туралы хабармен әр руға жаушылар жіберіп, сарбаздар жинаған. Жалпы көтеріліс кезінде Б. батыр орыс шептеріне көп мәрте шабуылдар ұйымдастырған. 1785 ж. 1 мың адамдық қазақ жасағы Илецкая Защита (Түзтөбе) бекінісінен жоғары орналасқан бекетке шабуыл жасап, осы жерге көмекке келген майор Рештейнерді 30 адамымен, капрал Ивановты 20 адамымен бірге қолға түсірген. 1786 ж. Нұралы хан тақтан кетірілген соң, қыркүйек айында өткен бүкіл Кіші жүз құрылтайында Б. шөмішті табын руының басқарушысы (старшыны) болып сайланады. 1790 ж. шамасында Сырым бастаған көтеріліс ішінде екі ағым пайда болған кезде, Барақ қарулы күресті жалғастыру бағытын ұстанған Сырым тобын қолдаған. Деректерде Барақ өз ұлы Асау батырмен бірге Сырымның белсенді жақтастары қатарында аталады. 1791 ж. қазан айында Б., Сырым және басқа көсемдер Индер тауларының маңында бас қосып, ресейлік шептерге шабуыл жасауды жоспарлаған. Б. 1783–97 ж. көтерілістің негізгі жетекшілерінің бірі болды. Б. батыр жасы 80-нен асқан шағында да қоғамдық-саяси оқиғалардан тыс қалмаған, Ресейдің қазақ жеріне жаңа әскери шептер тұрғызуына ашық қарсы шыққан. 1822–26 ж. ол өзінің бұрынғы қарулас жолдасы Тіленшінің ұлы Жоламан бастаған көтерілісті қатты қолдаған, оның рухани дем берушісі болған. Кейбір мұрағат құжаттарына қарағанда, Жоламан өз күресін ең алғаш бастар алдында 1822 ж. көктем айларында Жем бойында болып, қарт Барақтан бата алған. 1822 ж. желтоқсан айында Жоламан бастаған бір топ билер мен батырлар Орынбор губернаторы Эссенге Елек бойындағы өз жерлерін қайтаруды сұрап

жолдаған хатқа Барақтың өзі алғашқы болып қолын қойса, ұлдары Асау және Қитар батырлар, көптеген немерелері Жоламанмен бірге орыс шебіне шабуылдар ұйымдастырған. Көзі тірісінде әулие саналған. Б. батыр туралы ресейлік мұрағаттарда деректер баршылық. Б. батыр туралы ел аузында көптеген әңгімелер, деректер сақталған және көркем «Барақ батыр» жыры жеткен. Оның қалмақтармен, түрікмендермен жүргізген соғыстары жөнінде біршама аңыз-әңгімелер, соның ішінде белгілі батыр Бекет әулиеммен бірге жүргізген іс-қимылдары туралы деректер бар. Қарт батыр жасы жүзге таяған шағында қайтыс болып, қазіргі Маңғыстау обл. Бейнеу ауд-ндағы Тұрыш елді мекеніне жақын жерде жерленген.

Дер.: Орынбор обл. мемл. мұрағаты, 5-қор, 1-т., 15, 30, 37-38 т.б. істер; Ресей имп. сыртқы саясат мұрағаты (АВПРИ), «Қырғыз-қайсақ істері» қоры, 1786, 7, 11-істер, 1792-1794, 5-іс; Материалы по истории КазССР. М.-Л., 1940. Т. 4.

Әдеб.: Вяткин М.П. Батыр Срым. М., 1947; Жетпісбай Н.Ы., Азаттық үшін күрескен әулеттер, А., 2013.

Н.Жемнісбай

БАРАҚ Солтыбайұлы (т.ж.б. – 1865) – сұлтан. Әбілпейіз сұлтанның ұрпағы. Аягөз қ. маңында дүниеге келген. Польша саяхатшысы А. Янушкевич өзінің жазбаларында Б-тың ақылды, қайсар мінезді, ел ішінде беделді екенін айта келіп, оны дала Геркулесіне теңейді. Б. Кеңесары көтерілісін басуға қатысқан. Б. сұлтанның Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд-на қарасты «Бірінші Май» а-ндағы зираты мемлекет қамқорлығына алынған.

Әдеб.: Янушкевич А., Дневники и письма из путешествия по казахским степям, А.-А., 1966.

Қ.Алтынбаев

БАРАҚ сұлтан (т.ж.б. – 1750) – қазақ сұлтаны. Шыңғыс ханның тұқымы, Жәдік әулетінен. Әкесі – Тұрсын хан. Ағасы – Күшік Орта жүздің ханы болған. Б. сұлтан алдымен Орта жүздің найман, қоңырат, қаракесек руларын, кейін Ұлы жүздің дулат тайпасының бір бөлігін билеген. 1720 ж. Жоңғар және Еділ қалмақтарына қарсы шайқастарда қолбасы болған. Оңт. Қазақстан мен Сыр өңіріндегі Иқан, Сауран, Отырар, Түркістан, Өгізтау, Созақ қ-ларына билік жүргізді. 18-ғ-дың 30-жылдарынан бастап Кіші жүз ханы Әбілқайырдың басты бақталасына ай-



налады. Шыққан тегі жағынан Әбілқайыр ханнан артықшылықтарын алға тартқан ол Шыңғыс хан ұрпақтары өкілдерінен жоғ. билікке өзін ғана лайықты деп санайды. Оның Әбілқайырмен тақ үшін таласын Орынбор ген.-губернаторы И.И. Неплюев Ресейдің отаршылдық мақсатына пайдаланды. Б. сұлтан екі жақты саясат жүргізді. Ол 1742 ж. қарашада өзінің Ресейге бодандығын мойындап ант бергенімен, Жоңғар хандарымен байланыс жасап, үлкен ұлы Сығай сұлтанды аманатқа береді. Әбілқайырдың ықпалын көре алмаған Б. сұлтан 1748 ж. 1 тамызда оны күші басым жасақтарының көмегімен өлтірді. Көптеген рубасылардың бұл оқиғаға теріс қарауы Б-ты билер сотына жүгінуге мәжбүр етеді. Өзіне тәуелді 3–4 адамнан тұратын билер соты Б. сұлтанды «ақтап шыққанымен», кейін Қазыбек би, Төле би, Абылай хан, т.б. Б-тың жазаға тартылуын талап еткен. Сол себепті ол жақтастарымен Түркістан өңіріне көшіп кетеді. Оның Әбілқайырдың ұлы Нұралы ханмен бітісуге деген ниеті нәтижесіз аяқталды. 1750 жылдың көктемінде, кейбір деректерге қарағанда, Әбілқайырдың кегін қайтарушылар Қарнақ қ-нда Б-ты және екі ұлы мен қызметшісін у беріп өлтірген.

Әдеб.: Вельяминов-Зернов В.В., Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абулхаир-хана (1748–1765), Уфа, 1853; Моисеев В.А., Джунгарское ханство и казахи. XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Ерофеева И.В., Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик, А., 1999.

И.Ерофеева

БАРЛЫБАЙ Тауасарұлы (шамамен 1753, Орт. Қазақстан, Ұлытау өңірі – 1822, Сыр бойы) – батыр. «Бағаналы Барлыбай», «Барлыбай сардар» есімімен ел жадында сақталған. Әкесі Тауасар – қалмақтармен шайқаста аты шыққан батыр, анасы Гүлсім башқұрт батыры Қарасақалдың қарындасы болған. Б. Түркістан түбіндегі Қарнақ медресесін, Үргеніш медресесін бітіріп, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгереді. 18 жасында қалмақтың белгілі батырларын жекпе-жекте жеңіп, елінің батасын алады. Осы тұстан бастап қартайғанша Кіші жүздің шөмекей руының әскербасы болады. Шөмекей жасағын бастап орыс, қалмақ, түрікмен, Қоқан, Хиуа әскерлеріне тойтарыс береді. Б. туралы Сегіз сері Шақшақұлы, Ахмет ишан

Оразайұлы (1861–1927) шежірелерінде айтылады. Сегіз сері «Барлыбай хан» атты тарихи дастан шығарған, оның ерліктерін Жанкісі (Жанқиса) Басыбайұлы (1772–1849), Әбутәліп (1788–1857), Балтекей Қорғанұлы (1830–1917), Қожабай Тоқсанбайұлы (1841–1919), Мұқан Балтекейұлы (1873–1918), Тайжан Қалмағанбетұлы (1877–1937), Шеген, Қанафия сынды ақын-жазушылар жырлаған.

Қ.Бижожаұлы

БАРМАҚ Мұхаммедқалиұлы (1703, Солт. Қазақстан обл. Целинный ауд. – ө. ж. б., Орынбор обл. Ақбұлақ ауд.) – батыр, қолбасы. Уақ руынан шыққан. Б. 1723–58 ж. Еділ-Жайыққа батыстан шабуылдаған қалмақ шапқыншылығына, Маңғыстауды басып алған түрікпендерге, шығыстан баса-көктеп қазақ жеріне ішкерілей енген жоңғар басқыншыларына қарсы күрестерде Кіші жүз жасағына Балта, Бөгенбай батырлармен бірге қолбасылық еткен. Әбілқайыр ханның Ресей империясының қол астына өту туралы шешіміне наразылық танытқан. Б-тың ерліктерін кезінде қазақ ақын-жыраулары жырга қосқан. Бізге жеткен «Бармақ батыр» кисасының алғашқы нұсқасын Дәстем сал Қарабасұлы жырлаған. Б. батырдың ұрпақтары Ресейдің Орынбор обл. Ақбұлақ ауд-нда, Ақтөбе қ. мен обл-нда өмір сүріп жатыр.

Қ.Бижожаұлы

БАРМАҚОВ Омар (т.ж.б., Қостанай обл. Батпаққара ауд. – 1930, Алматы қ.) – Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы Торғай обл-ның Батпаққара ауд-нда 1929 ж. болған көтеріліс басшысы. Б. 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысқа қатысып, оның Торғай ауд-ндағы басшысы Әбдіғапар Жанбосынұлының сенімді серіктерінің бірі ретінде танылған. Ол Батпаққара көтерілісі кезінде де белсенділік көрсетті. Көтерілісшілер жергілікті ауд. өкімет орындарын таратып жіберген соң, Б. хан болып сайланды. Ауданда сарбаздар жасақтауға әрекет жасап, көрші Наурызым, Торғай ауд-дарымен байланыс орнатты. Әскер күшімен көтеріліс басылған соң жауапқа тартылған 530 адамның қатарында ОГПУ «үштігінің» үкімімен Б. ату жазасына кесілді.

Әдеб.: Омарбеков Т., 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, А., 1997; Алдажұманов К., Крестьянское движение сопротивления. В кн.: Депортированные в Казахстан народы, А., 1998.

Қ.Алдажұманов



БАТПАҚҚАРА КӨТЕРІЛІСІ – Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылық саясатына қарсы 1929 ж. 1–9 қарашада болған Қостанай окр-нің Батпаққара ауд-н, ішінара Наурызым, Торғай ауд-ның кейбір ауылдарын камтыған халықтың наразылық қимылдары. Көтерілістің басталуына 1928 жылдың қыркүйек – қараша айларында жүргізілген кәмпескелеу науқаны себеп болды. Қазақ АКСР-і ОАК-нің шешімімен мұнда 16 бай қожалықтары тәркіленді. Осы науқан барысында байлардың отбасыларының, өлкеден шыққан алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері А.Байтұрсынұлының, М.Дулатовтың, М.Есболовтың, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Ә. Жанбосыновтың серіктері мен балаларының әділетсіз қуғындалып, абақтыға жабылуы жергілікті халықтың ашу-ызасын тудырды. Көтеріліс басталған кезде Батпаққараның өзінде ғана РКФСР «Қылмысты істер кодексінің» 58-бабы бойынша «контрреволюционерлер», «ұлтшылдар», «алашордашылар» деген айыптармен 50 адам тұтқында отырды. Көтерілісшілердің басты мақсаты – осы адамдарды қамаудан босату болды. Кеңес өкіметі органдарындағы басшы адамдардың озбырлығы, астық дайындау науқандарындағы жүгенсіздіктер, өкіметтің дінге теріс көзқарасы қалыптасқан ахуалды шиеленістіре түсті. Көтерілісшілер «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Алынып қойылған жерлер иелеріне қайтарылсын!», «Байлардың кәмпескеленген малдары өздеріне қайтарылсын!», «Хандық жасасын!» деген саяси ұрандар көтерді. 1929 ж. 2 қарашада наразылыққа қатысушылар Батпаққара ауд-ның орт-на басып кірді. Жасырынып үлгермеген аудан басшылары, жергілікті өкімет адамдары тұтқындалды. Жергілікті кеңес, партия, сот, милиция, кооператив, шаруашылық мекемелері орналасқан үйлер өргелді. Көтерілісті ұйымдастыру кезінде Абайділдә Бекжанов, Сейітбек Қалиев, Ахмедия Смағұлов, т.б. белсенділік танытты. Көтерілісшілер қатарында 5 ауылдық кеңес мүшесі, 3 коммунист, 12 комсомол, 2 «Қосшы» одағының төрағалары болды. Көтеріліс басшылары аудандағы барлық ауылдардың өкілдерімен жиналыс өткізіп, ауылдарда «ақсақалдар үштігін» құрды. Оларға әрбір ауылдан 50 жігіттен тұратын сарбаздар жасағын шығару жүктелді. Жалпы саны 1000 адамнан тұратын сарбаздар жасақтау

(800-і Батпаққара ауд-ның ауылдарынан, 200-і Наурызым ауд-ның ауылдарынан) көзделді. 300 адамның қатысуымен жергілікті мешітте Омар Бармақовты көтерілісшілер хан көтерді. Батпаққарадан кейін Наурызым ауд-ндағы елді мекендерді, ауылдарды қосып алып, онан соң Торғайға, Қостанайға шабуыл жасау жоспарланды. Алайда жалпы сандары 530 адамға ғана жеткен, өздері «Аңшылар одағы» дүкенінен алынған 75-ке жуық мылтықтармен қаруланған көтерілісшілердің мұндай кең көлемде әскери қимылдар ұйымдастыруға мүмкіндіктері болмады. Жазалаушы отрядтарға көтерілісшілер қарсылық көрсете алмады. Жазалаушы отряд 200-ге жуық көтерілісшілерді, оның ішінде Бармақовты да тұтқынға алды. ОГПУ «үштігі» Б. к-не байланысты 115 адамды ату жазасына, 170 адамды 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімде еңбекпен түзету лагеріне, 28 адамды Қазақстаннан тыс жерлерге 3 жыл мерзімге айдауға кесті, 17 адамды шартты түрде соттады.

Әдеб.: Омарбеков Т., Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929 – 31 жылдары болған халық наразылығы), А., 1994; соныкі, 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, А., 1997.

Т.Омарбеков

БАТЫР (парс. бәһадур – ержүрек, батыл, батыр) – әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Б. атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Б-ларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпелі халықтарда бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған, мемл. билікті қолына ұстаған қоғамдық топ – әскери ақсүйектер болды. Осы топта соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты. Б-лар көбіне осы әлеум. жіктің өкілдері арасынан шықты. Олардың бар өмірі елдің қонысын кеңейту, халықты жаудан қорғау жолындағы жорықтарда өткен. Ел үшін жанын қиған Б-лардың есімі ел ұранына айналған. Ата-бабаларынан бері қарай Б. атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандар қара Б. не қара берен Б., қауіп-қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам жеке Б. атанған. Қазақтың қаһармандық эпостарындағы



Алпамыс, Ер Тарғын, Қобыланды, Қамбар, т.б. – жауына жалғыз аттанған осындай Б-лар. Талай рет қақпа бұзып, жау қамалына ойран салған ерлерін қазақ «қамал бұзған қас батыр» деп мақтан еткен. Бағзы заманнан қазақтың көптеген Б-лары жеке басының ерлігімен қатар жыраулық қасиетімен де дараланған. Ақтамберді, Қазтуған, Марғасқа, Жиёмбет, Шалкиіз секілді от ауызды, орақ тілді ақындар – осындай Б-лар. Қазақ халқы Ресей империясының отарлауына қарсы ұлт-азаттық күрестерін бастаған, қостаған ержүрек батырлар ел аузында, жазба деректерде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұлықталып жеткізіліп келді.

Әдеб.: Байжанов Т., Қазақ тіліндегі әскери лексика, А., 1991; Ахметжан Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Т.Байжанов, Қ.Ахметжан

БАТЫРБЕК Рысбекұлы, Батырбек датқа, Батырбек қажы (1795, Жамбыл обл. Жуалы ауд. Күренбел а. маңындағы «Датқа саз» мекені – 1885, сонда) – белгілі тарихи тұлға. Ұлы жүз дулат ішіндегі сиқым тармағынан шыққан. Әкесі Рысбек батыр жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлігімен көзге түскен. Қыстауы, жаз жайлауы – Жуалыдағы Бөкей тауының етегінде қазір «Батырбек сазы» деп аталатын орманды алқап. Б. өз дәуірінде Жуалы, Оңт. Түлкібас, Сайрам аумағына, Шымкент төңірегіне билік жүргізген. Байзақ, Сапақ датқалармен сыйлас, дос болып, Қоқан хандығына қарсы күрес жүргізген, Кенесары бастаған көтеріліске қолдау көрсеткен. Сондай-ақ олар халықты бірлікке,

татулыққа үндеп, отырықшылыққа үйреткен, канал қаздырып, суландыру жүйесін енгізген. 1863 ж. Б-ке полк. М.Г. Черняев пен Шоқан Уәлиханов арнайы жолығып, Оңт. өңірді қокандықтардан азат ету жөнінде пікірлескен. Осы соғыс кезінде ол алдын ала қам жасап, халықты қырғыннан аман алып қалды. Б.Құнанбай Өскенбайұлы, Мұса Шорманов, Шыңғыс Уәлиханов, Аңдамас, Мырқы, Нұрпейіс, т.б. белгілі адамдармен таныс-біліс, құдандалы болған. Өзінің қыстауының жанынан үлкен мешіт салдырып, жанынан медресе тұрғызды. 1874 ж. Меккеге қажылыққа барып, Қасымбек датқа, Құнанбай, Аңдамас, Мырқы, Нұрпейістермен бірігіп, 3 тәккия (қонақ үй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдыртқан. Б-тің кіндігінен 11 ұл, 5 қыз тараған. Б-ті кезінде Шөже, Майлықожа, Мәделі ақындар мадақтап, жырға қосқан. Оның қайраткерлігі, ерлік істері жазушылар С.Бақбергеновтың «Алтын құс», Ә.Жылқышиевтың «Дауылдан кейінгі жорық», М.Қалдыбайұлының «Бәйдібек баба арманы», А.Өтеуліұлының «Сиқым шежіресі» атты кітаптарында айтылады. Денесі өзі салдырған мешітінің жанына қойылып, басына үлкен күмбез тұрғызылған.

БАТЫР Қайыпұлы (т. ж. б. – 1771) – сұлтан, Кіші жүздің бір бөлігінің ханы (15.10.1748–71). Жошыдан тараған Жәдік сұлтанның ұрпағы. Бұхарада оқып тәрбиеленген. 1728 ж. аз уақыт Хиуа тағында отырған. 1723–29 ж. қазақ-жоңғар соғыстарында шекті руының жасағын бастап, жеке басының батырлығы және қолбасшылық қабілетімен көзге түседі. 18 ғ-дың 20-жылдарының аяқ кезінен бастап Б. Әбілқайыр ханның басты бақталастарының біріне айналды. Барақ сұлтанмен келісімге келіп, Әбілқайырдың өліміне себепші болды. 1731 ж. желтоқсанда Б. Ресей бодандығын қабылдағанымен өзінің геосаяси мақсаттарын жүзеге асыруда жоңғарларға да иек сүйеуге тырысты. Әбілқайырдың қазасынан кейін, оның ұлы Нұралы ханның билігін мойындаудан бас тартты. 1748 ж. қазан айында әлімұлының шекті, шөмекей, бозғыл, қарасақал руларының басшылары Б. сұлтанды хан сайлайды. Бірақ Ресей өкіметі оны хан деп танымайды. 1750–60 ж. Б. Орта Азия жеріндегі хандармен бейбіт қарым-қатынас орнатады. Егде тартқан шағында Сырдарияның төменгі ағысындағы ордасында қайтыс болады.



Батырбек датқаның ескерткіші



Әдеб.: Аполлова М.Г., Присоединение Казахстана к России в 30–40 гг. XVIII в., А.-А., 1948; Материалы истории КССР, т. 2, ч. 2, М.–Л., 1956; Материалы по истории казахских ханств. XV–XVIII вв., А.-А., 1969; Левшин А.И., Описание киргиз-кайсацких орд и степей, 2-ое изд., А., 1996.

И.Ерофеева

БАТЫРЛЫҚ, қ а н а н д ы қ – дәстүрлі қазақ қоғамында болған ерекше әлеуметтік топ – батырларға тән қасиеттер мен өмір салты. Қазақ батырларының әлеум. ерекше топ ретінде өзіндік мұраты, қоғамдық қызметі, соған сай өздеріне тән салт-дәстүрі, басқа қоғамдық топтармен ара-қатынасын реттейтін этикасы, т.б. ерекшеліктері болған. 1) Олардың ең басты ерекшелігі – тек әскери кәсіппен айналысу болған. Батырлар елді басқыншылардан құтқаруды, тұтқында кеткен отандастарын азат етуді, жау қолынан қаза тапқан ата-баба кегін қайтаруды өмірлік мақсат тұтынған; 2) олар үшін әскери іс ата кәсіп саналған, әкеден балаға мұра болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан әскери кәсіппен айналысуға міндетті деп есептелінген. Батырлық жырлардағы Ер Қосай, Едіге, Ер Тарғын, 17–19 ғ-лардағы Райымбек, Бөгенбай, т.б., батырлар тұқым қуалаған батырлар болғандықтан, оларды «шынжырлы тұқым» деп атаған. Мұндай батырларды бала кезінен әскери өнерге баулып, 13–15 жасынан-ақ шайқастарға қатыстырған. Көшпелі түркі халықтарының жазба және ауыз әдебиетінің деректерінде шайқасқа алғаш қатысып, ерлік көрсеткен батырға лақап ат қойылатыны айтылады. «Қорқыт Ата» кітабында: «Ол кезде адам өлтіріп, қан төгілмей балаға лақап ат қойылмайтын еді» делінген. Ондағы «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жырда» Байбөрінің баласы он беске толғанда алғаш рет жаумен соғысып, қан төккеннен кейін той жасалып, осы тойға шақырылған Қорқыт Ата оған Бамсы-Байрақ деп ат қойғандығы айтылады. Ерасылдың Қабанбай, Дарабоз; Әбілмансұрдың Абылай; Еспембеттің Адақ аталуы, Ағыбай батырдың есіміне Ақжолтай атының қосылуы – сол көне дәстүрдің жалғасы. Әскери әулеттен болғандықтан батырлар алғашқы ерлік жолын көбіне соғыста өлген әкесінің, туысының кегін алудан бастаған. Оғыздың батырлық жырларындағы Секрек, қазақ жырларындағы Ер Қосай, Тұяқбай, Қабанбай батырлардың ерліктері әке кегін қайтарудан басталған.

Оғыз батыры Секрек, қазақ батыры Ер Қосай ата кегін қайтармайынша қалыңдығына үйленуден, жар төсегіне жатудан бас тартқан. Артында ұл болмаса, кек алу қызына да міндет болған. Батырлар ата кегін қууды кең ұғымда, жалпы халықтың, елдің кегін қуу мағынасында да түсінген; 3) әскери кәсіптің басты мақсаты елді сыртқы жаудан қорғау және ішкі тәртіпті сақтау болғандықтан, ел мен мемлекет билігі де солардың қолында болды. Басқа елдердегідей, көшпелі халықтарда да хандар, әміршілер, ел билеушілер батырлар әулетінен шыққан, осы қоғамдық топтың өкілі болған. Кейін хандық тақ бір әулеттің ұрпағына мұрагерлікке қалғанмен, бұл байланыс жойылған емес. Шыңғыс хан, Әмір Темір, Едіге, Мамай, Абылай, Кенесары, т.б. батыр болған және батырлар әулетінен шыққан. Олар өздерінің жұрттан аскан ерлігінің, Б-ғының арқасында билеушілік дәрежеге көтерілген. Тарихта ханның батыр, батырдың хан болуы жиі кездеседі. Көшпелілер ханда елдің құты болады деп, елдің амандығын ханмен байланыстырып, ерекше батыр адамды қадір тұтқан, хан көтерген. Өз билеушісіне сенімді бола білу – Б. қасиеттердің бірі. Айқас кезінде атынан айырылған Абылай ханға қаптаған жаудың қыспағында қалса да, түсе қалып, атын берген Жәнібек батыр сияқты сенімді серіктер қазақ тарихында көп кездеседі. Әйгілі батырлар ханына құлдық ұра бермей, қажет болғанда ханның қателігін бетіне айтып, дұрыс бағыттан адасса жолға салып, онымен терезесін тең ұстаған. Ақылды хандар батырлардың еңбегін бағалап, сыйлап, қажет болса көмек жасап отырған; 4) батырлар меншік иелері болған. Олардың меншігіне қалалар, елді мекендер, ұлыстар, аймақтар қараған. Бұл меншікке батырлар мұрагерлікпен не әскери қызметі нәтижесінде иелік еткен. Ер Тарғын ноғай елін қалмақтардан қорғап қалғаны үшін ноғайдың ханы Ханзададан бес жүз ауылды, Үш Тарғын деген тауды иелігіне алып хан болса, Әз Жәнібек хан көрсеткен ерлігі үшін Асанұлы Абат батырға Жем бойын берген, «тархан» дәрежесіне қоса Шақшақ Жәнібек батыр Торғай өңірін иелікке алған. Жаудан олжа түсіріп, әміршілерден сый-сыяпат көрген батырлардың бәрі бірдей байлық иесі болмағанын да айта кету керек. Олардың арасында да байы, орташа ауқаттысы, кедейі болды; 5) батырлардың өздеріне тән жауынгер-



лік этикасы, адамгершілік ережесі, діни ырымдары мен салттары болған. Қазақ батырлары алғашқы жорыққа аттанарда, Б. жолына түсерде әулиелерге сиынып, атақты батырлардан не әке-шешелерінен бата алып шыққан. Батырлардың, жалпы аруақты адамдардың киесіне сену халық жадында әлі күнге сақталып қалған.

Қ.Ахметжан

БАТЫРЛЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ РУХАНИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ.

Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеум.-саяси ұйымдасуының мәселелерін сөз еткенде оның өзіне тән ерекшеліктерін қарастыру қажет. Көшпелі халықтардың тарихи-мәдени дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты елдің қауіпсіздігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі көшпелі қоғамда да әскери іспен кәсіби тұрғыда айналысатын адамдардың пайда болуын, олардың осы қоғамдық функцияларды атқаруды өз міндетіне алу барысында жеке әлеум. жік ретінде қалыптасуына әкелді. Сондықтан, дәстүрлі қазақ қоғамына тән батырлар ин-тының қалыптасуының қайнар көздері байырғы замандардан бастау алады. Геродот және т.б. ежелгі авторлардың басым көпшілігі өз шығармаларында көшпелі халықтардың жауынгерлігі мен ержүректілігіне баса назар аударады. Батырлар ин-ты өзінің қалыптасу кезеңдерінде көшпелілер қоғамына тән басқа да әлеум. ин-ттармен бірге дамыды. Тіпті бір замандарда олар бірнеше әлеум.-қоғамдық қызметтерді бірдей атқара берді. Сондықтан, дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар әрі би, әрі жырау, елші, ру басшысы қызметін қоса атқаруымен ерекшеленді. Зерттеуші А.И.Першиц көшпелі халықтарға тайпа көсемдері негізінен әскери көсемдер болғандығын, ал В.Я.Владимирцев моңғол нояндары өз биліктеріне батыр ретінде қол жеткізгенін атап өтеді. Белгілі зерттеуші Е.Бекмаханов 13–14 ғ-лардағы батырлар мен 18–19 ғ-лардағы батырларды бірдей қарастыруға болмайтындығын атап көрсетті. Қазақ хандығының саяси құрылымының басты ерекшелігі оның ру-тайпалық құрылымымен тығыз байланысты. Қоғамдық-саяси өмірді генологиялық тұрғыдан реттеу жалпы көшпелілер қоғамына өте ерте кезден тән құбылыс. Белгілі бір өзіндік ерекшелігі бар ру-тайпалық қарым-қатынастар қазақ

қоғамында потестарлы билікті негіздеп берді. Тарихи қалыптасқан жағдай көшпелінің барлық өмірін әскерилендіруге әкеліп соқты. 17 ғ-дың аяғы – 18 ғ-дың басындағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері батырлар ин-тының ықпалының артуын туғызды. Осы кезеңнен бастап батырлар жеке әлеум.-саяси ин-т ретінде қалыптасты. Мұның өзі қазақ қоғамының әлеум. ұйымдасуынан келіп туындайтын саяси жүйесіндегі ерекшеліктерімен байланысты болды. Көшпелілер өміріндегі соғыстың орны мен жалпы өмірінің әскерилену ерекшелігі олардың психологиясы мен идеологиясына өз әсерін тигізді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың өздеріне тән ар-намыс кодексі, жауынгерлік этикасы мен дәстүрі қалыптасты. Олар ерлік пен ізгілікті мұрат тұтты. Батырдың басты міндеті елі мен жерін жаудан қорғау, сонымен қатар нағыз батыр жүрегі ізгілік пен мейірімге толы, достыққа адал, сертке берік, елге тұтқа әрі пана бола білетін тұлға болды. Сондықтан батырлардың рухани-моральдік бет-бейнесі мен негізгі қызметі халқымыздың этномәдени жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

М.Ногайбаева

БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАР, б а т ы р л а р ж ы р ы – ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне жанрлардың бірі. Қаһармандық эпос деп те аталады. Б. ж. халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеум. қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Ресейлік зерттеушілер (Б.А.Рыбаков, Р.С.Липец, т.б.) және кейбір қазақ ғалымдары (Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, т.б.) эпостық жырлардағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға сүйене отырып, жыр мен тарихтың жақындығын тілге тиек етсе, енді бір топ ғалымдар (В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов, т.б.) эпостың нақты тарихи оқиғаларға қатысы жанама түрде ғана көрінеді деген пікірді алға тартады. Соңғы кездері, эпостық жырларда тарихтың да, көркемдік шарттылықтың да белгілі бір дәрежеде орын алатынын, бұл екеуінің үнемі бірге әдіптеліп отыратынын негіздеген зерттеулер жарыққа шықты (В.П. Аникин, В.М.Гацак, Р.Бердібаев, Ш.Ыбраев,



т.б.). Қазақ эпосын пайда болған дәуіріне қарай топтастыру үлгісін Ш.Уәлиханов, Г.Н. Потанин, В.Радлов, Ә.Диваев, А.Байтұрсынұлы зерттеулерінің тәжірибесіне сүйеніп Марғұлан ұсынған болатын. Ол эпосты бес салаға бөлсе, кейіннен Қоңыратбаев эпосты он салаға бөледі. Б. ж-дың ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік дәстүрі бар. Оны жыр құрылымынан да, оқиғалардың орналасу ретінен де, кейіпкердің бастан-аяқ атқарған ісіндегі бірыңғай тектестіктен де көруге болады. Халық ұғымында жамандықты жақсылық, жауыздықты қайырымдылық, зорлықты әділдік жеңу – батырдың ерлігімен болатын іс. Ол кезең – айрықша қаһармандық дәуір, батырлар заманы. Қазақ халқының Б. ж-ы туралы алғаш зерттеулер жазып, жарыққа шығарған ғалымдар Уәлиханов, Радлов, Потанин, И.Н.Березин, Диваев, Т.Беляев, И.Мелиоранский, Г.Саблуков, Н.Н. Ильминский, Ж.Шайхисламов, т.б. болды. 20 ғ-да С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.С.Смирнова, т.б. ғалымдар қазақ эпосының халықтық сипаты, идеясы, көркемдігі туралы зерттеулер жазып, қазір көпшілікке таралып кеткен батырлық жырларды жариялады. 1950–60 ж. тұңғыш рет эпостың ғыл. мәтінін жариялау жұмысы жүзеге асты. 20 ғ-дың 60-жылдарынан бастап қазақ Б. ж-ын жаңа қырынан зерттеуге Қоңыратбаев, Бердібаев, Т. Сыдықов, С. Садырбаев, Қ. Сыдиықов, С.Қасқабасов, О. Нұрмағамбетов, Ш. Ыбыраев, т.б. ғалымдар үлкен үлес қосты.

Ш.Ыбыраев

БАТЫРХАН, Жанғазы Тюрин (т.-ө.ж.б.) – Хиуа хандығына қарсы 1855–56 жылдардағы қарақалпақтар көтерілісіне қатысқан қазақтардың басшысы. 1856 ж. көтерілісшілердің қолдауымен Қоңырат қ-ның билеушісі болды. Көтерілісті ұйымдастырған Ерназар Алагөз бимен бірге Зарлықты қарақалпақтардың ханы өтіп көтеруге қатысты. Сырдария өз. бойындағы қазақтарды қарақалпақтар көтерілісін қолдауға шақырып, Елекке сұлтанға хат жолдады. Хиуа ханы Сейд Мұхаммед қарақалпақтар көтерілісін басқаннан кейін Зарлық ханның інісі Серғазы бастаған топпен Сырдарияның оң жағалауына өтіп кетті. Одан кейінгі тағдыры белгісіз.

Әдеб.: Камалов С.К., Каракалпаки в XVIII–IX веках, Таш., 1968.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС – Он алтыншы жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігі. Бұрынғы Бөкей ордасын, Орал обл-н және Торғай обл-ның Ақтөбе, Ырғыз уездерін қамтыды. Бұл өңірде де көтеріліс 25 маусымдағы Ресей патшасы жарлығына наразылық, болыс басшыларына, тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасаушыларға қысым көрсету түрінде басталды. Бірақ қазақ зиялылары халықты қантөгістен, қарулы қақтығыстан сақтандыруға күш салды. Осы мақсатта Б. Қаратаев пен Ж. Сейдалин Ресей мемл. думасының төрағасына арнайы хат арқылы тыл жұмысына адам алуды 1917 жылдың 17 мамырына дейін тоқтата тұру керектігі жөнінде ұсыныс жасады. Қазақ зиялылары тыл жұмысына адам беруді жақтағанымен, кей жерлерде қуғын-сүргінге ұшырады. «Қазақтарды өкіметке бағынбауға шақырды» деген айыппен Бөкей ордасында Құлманов Бақтыгерей жер аударылды, ал Меңдешев Сейітқали 3 ай мерзімге абақтыға жабылды. Бөкей ордасында халық нарызылығының екпін алған жері Бірінші теңіз жағалауы окр. болды. Онда бір мыңнан астам көтерілісшілерге Исатай Тайманұлының немересі Өтепқали Дінбаянұлы жетекшілік етті. Шоқпармен, мылтықпен қаруланған көтерілісшілер жергілікті билік орындарынан тыл жұмысына алынатындардың тізімін тартып алып, өртеп жіберді. Окр. деңгейінен аспаған көтеріліс 30 тамызда жазалаушы әскер күшімен басылды. Көтерілісті ұйымдастырушылар ретінде Дінбаянұлы, Е. Нарынбаев, Қ. Дүтбаев, т.б. тұтқынға алынды. Орал обл-ның Ілбішін, Темір уездері көтерілісшілері батыл қимылдарға көшіп, жазалаушы әскерлермен қарулы қақтығысқа түсті. Ілбішін уезінің Соналы болысында Есенғали Дәуесұлы мен Бақи Жақайұлы бастаған 900-ге жуық көтерілісшілер күші басым жазалаушы әскермен ашық шайқасқа түсті. Ресей әскерінің қолына түскен көтеріліс жетекшілері Дәуесұлы мен Жақайұлы Калмыков түрмесіне жабылды. Темір уезі көтерілісшілері 29 тамызда «Ұрының қара суы» деген жерде 200 Ресей әскерімен шайқасты. Шайқаста көтеріліс жетекшісі Әкімбай (Қартқожа) қаза тапты. Ресей жазалаушылары қолға түскен көтерілісшілерді аяусыз жазалап отырды. Ілбішін уезінің Шиелі болысында 4 адам дарға асылды, Шыңғыр-



лау болысында 4 адам ату жазасына кесілді. Гурьев уезінде жұрттың біразы Хиуа хандығының жеріне үдере көшті. Ақтөбе уезінде халық наразылығы 18 шілдеде Әкімбет болысында басталды. Ақкемер ст. маңында бір мыңға жуық көтерілісшілер т. ж-ды бұзып, поездарға бөгет жасады; оларды Ақтөбеден жіберілген жазалаушы әскер қуып таратты. Ырғыз уезі көтерілісшілері Ресей әкіметін мойындаудан бас тартып, өз хандарын сайлады. Аманкөл болысында Әтіке Қаражанов, Тәуіп болысында Әйімбет Шобанов, Қызылжар болысында Айжаркын Қанаев, Бақсайыл болысында Жұмағазы Жүргенов, Талдық болысында Сиеспен Тілегенов, Белкопа болысында Көптілеу Қосқұлақов хан сайланды. 29 қараша күні Аманкөл, Тәуіп, Қызылжар болыстарының көтерілісшілері жазалаушы әскермен шайқасып, оның бетін қайтарды. Шайқас кезінде 1300-ге жуық көтерілісшілер қаза тапты. Желтоқсанда Тәуіп болысының ханы Шобанов қолға түсіп, тұтқындалды. Ырғыз уезінде көтеріліс Уақытша үкімет тұсында да өз жалғасын тапты. *Әдеб.*: Мендешев С., Мои личные воспоминания о мобилизации казахского населения на тыловые работы в империалистическую войну в 1916 году, К.-о., 1926; Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар жинағы, 1, 2-т., А., 1998.

С.Рүстемов

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРСЫЛАСУ КЕЗЕҢІ – 18 ғ-дың 40-ж. – 19 ғ. 40-ж. аралығында Ресей тарапына қарсы ұйымдастырылған іс-қимылдар кезеңі. Ол Ресей шебіне жасалған үздіксіз жортуылдар мен көтерілістер легінен тұрды.

18 ғ-дың 2-жартысы мен 19 ғ-дағы аса ірі әлеум.-саяси өзгерістер дәуірінде қазақ даласында жат ықпалға қарсы көптеген наразылық шаралары болып өтті. Бұл наразылықтар басы ең шағын қатардағы қарсылықтардан бастап ірі қарулы көтерілістерге дейін ұласып отырды. Көрсетілген кезеңде халық толқуларының басым бөлігі патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы бағытталды.

Қазақстанның азаттық күрестері тарихында көтерілістердің негізгі ошағы қазақтың батыс өңірлері болып табылды, отарлауға қарсы көптеген бас көтерулер осы аймақтарда орын алды. Ресми деректерге қарағанда, қазақтардың Е.Пугачев бастаған шаруалар

соғысына қатысуынан бастап, 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісіне дейін отарлауға қарсы күрес жалыны бір сәт те өшкен жоқ. Осы кезеңде (1773–1870) ұсақ толқуларды қоспағанда әрбір 10–15 жыл сайын кезекті көтеріліс тұтанып отырды. Бұлар: Пугачев соғысы (1773–75), «Көрінбес» қозғалысы (1775–76), Сырым Датұлы (1783–97), Жоламан Тіленшіұлы (үзілістерімен 1822–40), Исатай Тайманұлы (1836–38), Есет Көтібарұлы (үзілістерімен 1847–58) бастаған көтерілістер, Орал және Торғай облыстарындағы көтеріліс (1869), Маңғыстау көтерілісі (1870). 1805–16 ж. Батыс Қазақстанның біраз бөлігі сұлтан Қаратай Нұралыұлының патша үкіметіне қарсы күресі шеңберіне енді, алайда бұл қарсылықты азаттық күрестерге жатқызу қиын. 1827–35 ж. Ішкі Ордада Қайыпқали Есімұлы бастаған қарсылық жүрді, ол кейіннен Хиуаға шектес өңірлерде өз жалғасын тапты. 1838–41 ж. Қасым және Кенесары сұлтандар бастаған ірі көтеріліс ошағы Батыс Қазақстанға жақын Торғай және Ырғыз өңірлерінде шоғырланды, оған Кіші жүз рулары белсене қатысты.

Алайда Қазақстандағы Ресей ықпалына қарсы азаттық күрестер легі 18 ғ-дың 70–80 ж. емес, одан ертерек бастау алды. Іс жүзінде Ресей тарапына алғашқы қарсылықтар 1731 ж. оған ант берілгеннен кейін бірден басталды. Бірнеше жылдан соң ресейлік бодандықты алғаш қабылдаған Әбілқайырдың өзі 1738–40 жылдан бастап өзінің қазасына дейін 1748 жылғы губернатор Неплюев басқарған Орынбор әкімшіне қарсы ұзаққа созылған текетіресін бастады. Осы кезеңнен, 1738–40 жылдан бастап Батыс Қазақстанда отарлауға, жалпы Ресей ықпалына қарсылықтар жаппай бұқаралық мәнге ие болып, шекаралық орыс әскери шептеріне тікелей шабуылдар толқыны 1838–40 жылдарға дейін тоқталған жоқ. Қазақтардың 18 ғ-дың І-ширегіне дейін, яғни ант қабылдағанға дейінгі ресейлік елді мекендерге жорықтары мен шабуылдарын қоспағанда, аталған 1740–1840 ж. аралығында батыс өңірлерде ресейлік ықпалға қарсы наразылықтар шоғыры бір ғасыр бойы үзілген жоқ. Халық наразылықтары кей жылдары белгілі бір әлеум.-саяси себептерге байланысты ірі азаттық көтерілістерге айналса, олар тоқтаған соң қайтадан әдеттегі қарсылық қимылдарына жалғасып отырды.



1740–1840 жылдардағы қарсыласу кезеңінде күрес кимылдары жаппай және қарқынды түрге ие болды, ірі көтерілістер мен әскери шептерге тікелей шабуылдармен қоса жүрді. 19 ғ-дың 40-жылдарынан бастап қазақтардың ресейлік ықпалға бұрынғы қарсылықтары айтарлықтай төмендеді. Мұндай көрініс патша үкіметінің көтерілістерді аяусыз басуынан, дала түкпіріне тереңдеп еніп, әскери бекіністер орнатуынан және басқа да бірқатар себептерден туындады. Есет Көтібарұлы бастаған және 1869–70 жылдардағы көтерілістер бұрынғы азаттық күрестер дәстүрін жалғастырғанымен, ұзақтығына (алғашқысы) және кең таралуына (соңғысы) қарамастан, бірқатар себептерге байланысты енді Сырым, Жоламан, Кенесары кездеріндегідей бекініс-форпосттарға тікелей шабуылдармен көзге түсе алған жоқ.

Осылайша, қазақ халқының ресейлік ықпалға қарсы азаттық күресі 18 ғ-дың 40-ж. бастау алды. Жайықтан арғы оңт. өңірлерге, онымен бірге ортаазиялық аймақтарға да саяси ықпалын жүргізуге мүдделі Ресей үкіметі қазақ элитасынан 1731, 1738 және 1742 ж. ант қабылдағанына қарамастан, оңт. тараптарда үлкен қиындықтарға кез болды. Патша үкіметінің әзірге баяу кимылдарын бұл өңірлерде ең шешуші қарсылықтар күтіп тұрды. Сөз жүзіндегі бодандық бастапқы кезде қазақ қауымдарына, олардың емін-еркін көшіп-қонуларына тікелей кедергі етпесе де, дала өңірлерінде, әсіресе батыс аймақтарда сырт күштердің әсерлері бірте-бірте біліне бастаған еді. Бұл өңірлерде болып жатқан оқиғалар патша шенеуніктерінің мұқият бақылауында болды. Көрші ұлыстарды бір-біріне айдап салу және патша билігінің басқа да қитұрқы саясаттары жергілікті халықтың заңды ашу-ызасын туғызды.

1742 ж. Кіші жүз қазақтары өз қоныстарын тастап, Кубань жеріне біржолата кетуді ойлады. Мұндай әсіре шешімге жоңғарлардың сол жылы болған алапат шабуылы ғана емес, Орынбор басшылығының астыртын әрекеттері де себеп болды. 1742 ж. қазақ сұлтандары, билері мен батырлары Орынборда жаңа патшайым Елизаветаға ант қабылдады. Осы антқа қарамастан келесі, 1743 ж. Әбілқайыр 400 адамдық жасақпен Жайық қалашығы (Орал) мен Орынбор арасындағы орыстың бір елді мекеніне шабуыл жасап, 100-ге жуық адамын тұтқындаған.

Қазақтардың орыс шептеріне шабуылдар жасауына қалмақтармен арадағы қарым-қатынас, дәлірек айтқанда оған Орынбор әкімш-нің араласуы себеп болды. Шекара басшылығы қалмақтарды қазақ ұлыстарына үнемі бағыттап отырды, жаңа шабуылдарға итермеледі. Қалмақтардың бір жо-рығының өзінен қазақ ауылдары мыңдаған жылқыларынан айырылып отыратын. Қарым-та жорыққа шыққан қазақ сарбаздарын жайық қазақтары шепте ұстап қалып, қалмақтарға жібермейтін, бұл олардың заңды ашу-ызаларын туғызды. Қалмақтардың барымталарынан қазақ шаруашылығы үлкен күйзелістерге ұшырады. Ресей билігі қазақтарды әлсірету үшін олардың ұзақ уақыттан бергі одақтастары қарақалпақтармен де астыртын келіссөздер жүргізіп, оларды да өз қорғауына алатын ымыра танытты. Әбілқайырға шағын мөлшерде алым-салық беріп келген қарақалпақтар сол кезеңде өз бауырлары қазақтарға қарсы шығып, көршілес қазақ ауылдарына да шабуыл жасады. Қазақ билеушілерінің өз ту сыртындағы мұндай қитұрқы әрекеттерге реакциясы аса жылдам болды: 1744 жылдың басында Әбілқайыр хан, ұлдары Нұралы, Ералы, Айшуақ сұлтандар, Есет, Жәнібек батырлар және басқа да билер 11 мың әскермен қарақалпақтарға ірі жорық жасап, оларды түгелдей бағындырды, олардың бүкіл дерлік билерін ханымен қоса тұтқындады.

Патша әкімш-нің қазақтардың көрші халықтармен қарым-қатынастарына араласуы сол заманның мұрағат деректерінде анық көрініс тапты. Аталған жылдары қазақтың Асанқадыр есімді биі ресейлік елші капитан Гладышевқа «қалмақтардың орыс командирлерінің үйретуімен шабуыл жасайтынын, олардың шептен кедергісіз өткізілетінін, ал қазақтар арттарынан қуса, орыс қарауылдарының жібермейтінін, егер қалмақтар орыстар тарапынан тыйылмайтын болса, өздерінің Ресеймен де соғысатынын» айтқан: «...нижние калмыки воруют по науке российских командиров... которых к нам для воровства и пропускают. А как мы за ворами калмыками ездим в погоню, караулы не пропускают, от чего мы пришли в разорение. И ежели калмыки российскими командирами уняты не будут, то конечно у нас и с Россией без войны не будет». Осы деректе аталған би «өздерінің Ресеймен соғысуға былтыр оқталғандарын,



бірақ қарақалпақтардың бодандыққа өтуінен сақтанғандарын, алайда енді оларды бағындырғандарын, бұдан былай Ресеймен байланыстырмау үшін оларды аралдықтарға қуып тастауды ойлап отырғандарын» жеткізген: «...*Мы де намерены были и прошлого года воевать, только опасались, что каракалпаки пришли в подданство, однако, мы ныне каракалтаков присмирили, а впредь де намерены, чтоб их искоренить и прогнать в аралыцы, чтоб они с Россией советы не имели...*» [Мат. по ист. КазССР (1741–1751). 2-т. А., 1948. 85–86 бб.].

Үкіметке өз наразылығын атакты батыр Есет Көкіұлы да білдірген, оған даланың беделді тұлғасы ретінде астрахандық губернатор Тагицев патшайым жарлығымен өз елшісін жібергенде қарт батыр жарлықтың жартысын оқып, одан соң артына басып, қалған жартысын елшінің танауына тығып, оны қан-жоса еткен, орыстар мен қалмақтардың бірігіп қазақтарды құртуды ойлап отырғандарын айтқан. Вахмистр Ураков Есет батырдың «Ресей қалмақтарды тыя алмағанда, мені қалайша тыймақ» деген сөздерін де жазып алған. Қазақтардың шептерге шабуылы, олардың оңт. өңірлердегі әскери жеңістері Орынбор басшылығын қатты алаңдатты. Өлке басшысы ген. Неплюев 1744 ж. 14 қаңтарда Сенатқа өзінің «қосалқы жоспарын» ұсынды. Онда ол Кіші жүз бен Орта жүздің мылтықпен қаруланған 30 мың әскерді қиналмай шығара алатынын, садақты аз қолданатынын, аттан түсіп, карабиндерден жақсы ата алатындарын, ал оқ-дәрі жасау кез келгенінің дерлік қолынан келетінін мәлімдейді. Неплюев сонымен қатар қазақтардың бекініс құрып қорғана алатындарын, тіпті орлар қазып, ішіне көштері мен аттарын жинап, «қатты қорғана алатындарын» жеткізген. Ген. өз жоспарында қазақтарға қарсы әр жерден әрекет ету үшін әскерлерді бес жерден – Жайық қалашығынан, Орынбордан, Орскіден, Үй және Сібір шептерінен шоғырландыруды ұсынған. Бұлардың ішінен тек Орынбордың өзінде ғана үш тұрақты полктен бөлек, 1 мың дон казагы, 3 мың башқұрт, 500 мешеряк, 300 жасақтық татар, 500-ге дейін шоқынған қалмақтар және 3–4 мың қазан татарларын орналастыру көзделді. Ор шебіне 2 мың уфалық башқұрт, 500 мешеряк және 500 жайық казактары, Үй шебіне 1 мың оралдық башқұрт, қызметтік татарлар, 500 жайық ка-

зактары, 500 крепостнойлық казак, 300 ногайбак, красноуфимск казактарын және 3 рота әскер кою қарастырылды. Неплюевтің «қосалқы жоспары» Сенатта 1744 ж. 1 наурызда тындалып, мақұлданды. Осылайша, әскери қуатты Жайық қалашығы казак әскерін қоспағанда, Кіші жүз бен оған шектес Орта жүз қазақтарына қарсы 15 мың тұрақты әскерді даярлықта ұстау шешілді.

Мұндай көлемді жоспарлардың мақсаты сөз жүзінде шабуылдау емес қорғану әрекеті болып табылды. Себебі шабуылдау мақсатына Ресей үкіметі үшін басқа күштер – қалмақтар, башқұрттар, жоңғарлар, қарақалпақтар бар болатын, сол себепті әскерді сақтады, жоғарыдағы күштер тұрғанда әскерді шығындау қажетсіз әрі тиімсіз еді. Басты тетік – бұл жерде көшпелілерді бір-біріне қарсы айдап салу ғана қажет болды. Орт. биліктің басты мақсаттарының бірі жоғарыда аталған халықтардың қандайда болсын жағдайда бірігіп кетуіне жол бермеу болып табылды, олар біріккен жағдайда Ресейге қарсы шығулары мүмкін еді. Мыс., Неплюевтің жоспары мақұлданғаннан соң көп ұзамай 1744 ж. 24 сәуірде қалмақ билеушісі Дондық Дашыға жоғарыдан арнайы грамота даярланып, онда неғұрлым көп әскер жинап қазақтарға жорық жасау, түскен олжаны түгел өздеріне қалдыру туралы пәрмен берілді. Бұл грамота Петербургте жасалып, қалмақ билеушісінің өзіне емес, Неплюевке тапсырылды, ол оны қалмақтарға қажет болған жағдайда беруі қажет болған. Алайда өлке басшысы грамотаны беріп үлгермеген, жоңғарлардың орыс шептеріне шабуыл жасау ойы туралы сыбыстардың шығуына байланысты, жоспарланған қалмақтар мен қазақтардың қақтығысы тиімсіз деп табылып, енді Ресей Сыртқы Істер Алқасы қазақтарды жоңғарларға айдап салуға тырысады. Бұл идеяның авторы бұл жолы Неплюевтің өзі болған, ол жоңғарларға Әбілқайырды аттандыруды ұсынған.

18 ғ-дың 40–50-ж. қазақтардың қалмақтар мен орыс елді-мекендеріне қарсы іс-әрекеттері күшейе түсті. 1746 ж. ақпан айында 1500 адамдық қазақ жасағы Каспий теңізі мұзымен Гурьевтің төменгі жағынан өтіп, жайық казактарын да айналып өтіп, қалмақ ұлыстарына тұтқиылдан шабуыл жасады. Қазақ сарбаздары барлығы 638 адамды тұтқынға алды, олардың 461-әйел адам-



дар болған. Тұтқындардың арасында А.Ганюшкин, И.Веллугин сияқты белгілі орыс көпестері де болды. Бұл қалмақтардың оның алдында қазақтардан 3 мың жылқы әкеткен жорығына қарсы ұйымдастырылған болатын. Бұл тонаушылық жорық емес еді, бұл туралы Әбілқайырдың өзі де орыс патшайымы Елизаветаға жазған хатында «қалмақ билеушісі Дондық Дашының кінәлі екенін, себебі бүкіл зұлымдықтар содан болып отырғанын, бір емес, екі емес, өздерінен мың рет жылқыларын әкеткенін, ал жылқылар қазақтар үшін ең асыл қазына болып табылатынын, өз адамдары арттарынан қуып барса да қайтармағандарын, сондықтан шыдамдары таусылған халқының олардың ұлыстарын барып шабудан басқа амалы қалмағанын» көрсеткен.

Орыс шебіне көптеген шабуылдардың ұйымдастырушысы Әбілқайырдың өзі болып табылды. Ол өзіне Неплюев жіберген казак уряднигі Найденовты ашық түрде өз ұлыстарын көруге келген тыңшы деп атаса, 1746 ж. қыркүйек айында Неплюевтің өзіне ашу-ызаға толы белгілі хатын жолдады, онда «...менен ендігі ештеңе күтпеңдер, мен де сендерден ештеңе күтпеймін, кінә сендерден, бірақ мен бір Құдайға тапсырдым, енді өз шептеріңді өздерің күзетіңдер...» деген сөздер болатын. Бұл хатты алысымен Неплюев сол күні барлық бекіністер мен форпосттарға сақтық шараларын күшейтуді бұйырған ордерлер жөнелтеді. 1746 жылдың күзінде Әбілқайыр Ресей шекарасынан біржолата кетуді де ойлаған, бірақ оны бұл жолы билер мен халық қолдамаған.

1747 жылдың қысында алшын одағы мен табын, жағалбайлы руларынан 500 сарбаз Каспий мұзы арқылы тағы да қалмақтарға жорыққа шығады. Бұл жолы шекаралық бекіністер алдын ала хабарланып қойылған болатын. Неплюев шұғыл түрде қазақтарға қарсы атаман Сумкин бастаған екі зеңбіректі 1350 казак шығарып, оған қосымша 700 казак, одан бөлек Елек қалашығынан тағы 400 казак даярлайды. 600 казак қазақтарды айналып өтіп, олардың қайтар жолын кеседі. 500 казак сарбазына қарсы 3000-ға жуық тұрақты әскер шығарылған. Қалмақ ұлыстарын таппаған (олар алдын ала көшірілген) қазақтар кері қайтарда қазақтардың бір жасағымен шайқасқа түсіп, бірқатары қаза табады.

1747 ж. 15 мамырда Неплюев Кіші жүз қазақтарын «жуасытудың» келесі шараларын ұсынады. Онда «қазақтардың бодандыққа кіргелі олардан ешқандай пайда болмағанын» көрсете отырып (*«со вступления киргис-кайсака в подданстве всероссийской империи... никакой пользы интересам ее императорского величества от их киргис-кайсацкого подданства не было...»*) [Мат. по ист. 2-т. 184-б.], қалмақтарды, жайық казактарын, башқұрттарды, мешеряктарды және басқа да оралдық ұлыстардың барлығын қазақтарға қарсы айдап салу ұсынылған. Неплюев бүкіл «зұлымдықтардың» тек Кіші жүзден ғана келіп отырғанын, ал Барак, Ералы, Абылай сұлтандар, Әбілмәмбет хан басқарған Орта жүзден зиян жоқ екенін көрсеткен. Өлке басшысы бүкіл әскери күштерді тек Кіші жүзге қарсы бағыттауды, себебі қалмақтар мен жайық казактарының оларға күші келмейтінін мойындаған (*«...ониye поиски дозволить на одну Меньшую Орду... а калмыки и яицкие казаки одни управиться с ними не в состоянии...»*).

Неплюев Кіші жүзді жуасыту тәсілдері қатарында адамгершіліктен тыс әсіре қатыгез шараларды да ұсынды. Ол 1747 ж. тамыз айында бұрынғы «ұсыныстарынан» әлдеқайда алға кетіп, Сыртқы Істер Алқасын жайық казактарының күшімен олардың бірекі ұлысын бесіктегі кішкене сәбилеріне дейін тұтастай қырып тастауға рұқсат сұрады: *«...один или два улуса Малого жуза вырубить до самого младенца и тем их в страх привести...»*. Осындай шара арқылы ғана ол қазақтарды қорқытуға болатынын мәлімдеген. Дегенмен Сенат бұл ұсынысты қабылдамай, Кіші жүз казактарын қалмақ және башқұрт күшімен ауыздықтауды, яғни оларды айдап салуды, ал хан мен билерге бұл әрекетте ресейлік биліктің еш қатысы жоқ екенін айтуды ұсынды. Сол жылдың шілде айында Сенат №164 құпия бұйрық шығарып, онда барлық саудагерлерді қатаң айыппұлмен қорқыту арқылы Кіші жүз казактарына ешқандай қару түрлерін, оқ-дәрі, шақпақ пен қорғасын сатуға тыйым салды. Сенат қазақтарға тіпті қарапайым мыс пен темір сатуға тыйым салуды да ойластырған.

Патша үкіметі Кіші жүз казактарын ауыздықтау үшін кез келген қитұрқы әрекеттерге барды. Мыс., олармен қарым-қатынасты реттеу үшін арнайы жіберілген Тевкелев



Әбілқайырман онаша кездесу сәтінде достық ниет танытқан сыңайда қалмақтардың, еділ, дон, терек казактарының патшайымнан өздерін казактарға қарсы жіберуді сұрағандарын, алайда патшайым «өзіне тән мейірімділікпен кінәсіз казактардың қаны төгілмеуі үшін» бұған рұқсат етпегенін жеткізу қажет болған. Осы арқылы үкімет қарсылықтардың тыйылуы, көшпелілердің сөзсіз бағынуы туралы ишара танытқан. Егер қарсылықтар тыйылмаса, Кіші жүзге жоғарыда аталған казак әскерлеріне қоса жайық казактары мен қалмақ әскері, Орынбор тұрақты әскерлері, Сібір шебінің әскері барлығы атандырылатыны ескертілген.

18 ғ-дың 40-ж. Ресейге қарсы әрекеттер аманатта жатқан ұлын босатуды көздеген Әбілқайырдың есімімен байланысты болса, 1748 ж. ол қаза болғаннан кейін де орыс шебіне қарсылықтар жалғасты. Бастапқы кезде Нұралы ханның өзі де Ресей тарапына батыл қарсы шығып, империямен қарым-қатынасты үзу үшін Сыр бойына кетуді ойлаған. Өзінің бір сөзінде ол «орыстар қалмақтар мен башқұрттарға істегенін өздеріне де істегісі келетінін, бірақ өздерінің ондай езгіде өмір сүргенше өлуді артық көретіндерін» айтқан: «...*Русские хотят поступать с нами, как с калмыками и башкирами, но мы лучше согласимся умереть, чем жить под тяжким игом...*» [Витевский В.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край... Т. 1. Казань, 1897. С. 790]. Алайда бірқатар сыртқы тиімсіз жағдайлар әсерінен көп ұзамай Нұралының өзі патша үкіметінің қуыршақ ханына айналды.

Қазақтардың ресейлік шептерге шабуылдары тоқтамады. 1755–56 ж. орыс шебіне бірнеше ірі жортуылдар жасалды. Бұған жауап ретінде Ресей үкіметі теңдессіз қадамға барды – ірі әскери күштер тарту арқылы Кіші жүз қазақтарына қарсы үлкен соғысқа даярланды. Қазынадан осы үшін арнайы қаржы бөлініп, бұйрық арқылы шұғыл түрде қазақтың батыс далаларының толық картасы жасала бастады. Алайда арада Ресей мен Пруссия арасындағы жеті жылдық соғыс басталып кетіп, қазақтарға қарсы соғыс жоспары аяқсыз қалды. 1758 ж. Ресей мен Қытай арасында Орта жүз қазақтарының жері үшін тайталас қызған шақта орыс үкіметі қытайлықтарға қарсы Нұралы бастаған Кіші жүз қазақтарын да жіберуді жоспарлайды.

18 ғ-дың 50-жылдарының соңында қазақтың батыс далаларында орыс шекарасынан алысқа көшіп кету туралы пікірлер қайтадан пайда болды. Кейбір деректерге қарағанда, 1757 ж. Кіші жүз қазақтары Кубань өңіріне қайтадан адам жіберіп, көшіп-қонатын жер қарастырған. Өздеріне қолайлы жер көрген қазақ елшілеріне түрік сұлтанының келісімінсіз жер бөлінбейтіні туралы хабарланған. Қазақтар сұлтанға да елші жіберген, бірақ оның жай-жапсары айтылмайды. Басқа бір деректер бойынша, Кіші жүз қазақтары елшілерін Кубань ноғайларына жіберіп, Еділ бойы қалмақтарын бір уақытта екі жақтан шабуылдау үшін келіссөздерге жіберген. Аталған кезеңде Кіші жүз қазақтары іс жүзінде Ресеймен бүкіл байланысты үзу үшін алыс өңірлерден бірнеше рет қоныс іздегені тарихи шынайы факт болып табылады.

1759 ж. Орынбор өлкесінің жаңа губернаторы Давыдов тұсында қазақтарға Жайықтың оң жағына өтуге тыйым салынғанда, Кіші жүз қауымдары шығыстағы Жоңғария жеріне бір-жолата кетуді ойлаған. Бұл жоспарды жаңа басшымен келісе алмаған Нұралы ханның өзі де қолдаған. 1757 ж. Ералы сұлтан басқарған Кіші жүз жасақтары Жоңғария жеріндегі жорықта болып, олардан біраз жерлерді босатуға қатысқан болатын.

1765–66 ж. Кіші жүз жасақтары қалмақ ұлыстары мен орыс хуторларына дүркін-дүркін шабуылдар жасады. 1765 ж. қазақ даласына жазалаушы үлкен әскери команда жіберіліп, олар шеп бойында көшіп-қонған шабуылдарға қатысы жоқ көптеген ауылдарды аяусыз талқандады. Осындай шарадан соң Кіші жүз ауыл-аймақтары орыс шекарасынан мәңгіге кетуді тағы да ойлайды.

1773–75 ж. Пугачев бастаған соғыс кезінде қазақтардың орыс шебіне шабуылдары жаңа қарқынмен басталды. Пугачевтің бес айға созылған Орынборды қоршауы кезінде шептердің әлсірегенін пайдаланған жасақтар көптеген бекіністерді талқандап, Самара губерниясына дейін жетті. Қазақ жасақтары Еділдің оң жағына да өтіп, Царицынге (қазіргі Волгоград) қауіп төндіреді. Астрахан губернаторы Петербургтен шұғыл көмек сұрауға мәжбүр болады. Осындай әрекеттер нәтижесінде қазақтар барлығы 3 мыңға жуық адамды тұтқынға алып кетеді. Қазақтардың мұндай әрекеттері ұзақ жылдар бойы өзде-



рінің Жайықтың оң жағына өтуге тыйым салынуына, жалпы жайық әскерінің шектен шыққан зорлық-зомбылықтарына қарсы наразылықтан туындады. 1775 ж. қазақ даласына жазалаушы әскер жіберіліп, олар көптеген ауылдарды талқандай отырып, 300-ге жуық тұтқынды босатады.

1775–76 ж. шеп бойындағы Кіші жүз ауылдарында «Көрінбес-Көктемір» атанған Сапар Мәтенқызы бастаған қозғалыс кеңінен таралды. Оның қол астына жиналған 1500 сарбаз орыс шептерін шабуға әзір тұрды. Жалпы, Көктемір әрекеттері Орынбор өлкесін бір жылға жуық қауіпте ұстады. Ұзаққа созылған Сырым Датұлы және басқалары басқарған көтеріліс кезінде Ресей үкіметі қазақтардың талабымен Нұралыны хандықтан алуға мәжбүр болды. Бұл көтеріліс тұсында Кіші жүз қазақтары ұзақ жылдар орыс шептерін қауіпте ұстап, бірқатар бекіністерді өртеді, көптеген әскерлері мен офицерлерін де қолға түсірді.

Батыс Қазақстандағы Пугачев, Көктемір және Сырым Датұлы бастаған көтерілістер орын алған – 18 ғ-дың 70–90-жылдар кезеңі қазақ қауымдарының солт. көршілерімен қарым-қатынасында ең күрделі кезеңдердің бірі болып табылды. Көрсетілген жылдары орыс шебіне сандаған шабуылдар ұйымдастырылып, кез келген жорық адамдар мен мал-мүліктерді әкетумен ұласып отырды. Қарсылықтардың барлығы орыс үкіметінің өздерінің бұрынғы құқықтарын шектеуіне, ішкі істеріне араласуына, көрсеткен зорлық-зомбылықтарына байланысты наразылықтан туындады.

Батыс Қазақстандағы ұзақ жыл бойғы әлеум.-саяси дағдарыстарға, күйзелістерге Ресей саясаты кінәлі еді. Патша үкіметі ел басқаруға қабілетті адамдарды билікке жіберген жоқ. Елді біріктіріп, тыныштандыра алатын, елдің өзі қалаған билеушілерден Петербургтегі лауазымды тұлғалар шын мәнінде қауіптенді, билік орындарына қазақ даласының ішкі алауыздықтардан әлсіреп тұруы әлдеқайда тиімді болды. 1815 ж. шамасынан бастап Қайып хан әулетінен тарайтын Арынғазы сұлтан даладағы дау-дамайларды тыйып, бүкіл Кіші жүз бен оған шектес Орта жүз өңірінде тыныштық орнатқан болатын. Осы кезеңнен бастап қазақ билері мен батырлары оның қазақ даласына хан болып бекітілуін бірауыздан тілеп, Орынбор мен Петербургке осы туралы

өтініштерін қарша боратты. 1819 ж. Орынборға Кіші жүздің 400-ден астам белгілі билері мен старшындары, батырлары арнайы келіп, губернатор Эссенге Арынғазыны хан сайлау туралы өтініш-петиция тапсырды. Алайда патша үкіметі Арынғазы сұлтанды Петербургке шақырып алып, елге қайтармай ұстап қалды, кейіннен Калуга қ-на жер аударды. Елдегі алауыздықты тоқтатып, саяси біріктіре алатын адамдарды билікке жібермеу – орт. биліктің басты мақсаттарының бірі болып табылды. Арынғазының ел басқарған жағдайда қазақтарды біріктіріп кету мүмкіндігі, оған жол бермеу туралы бірқатар құжаттар ресейлік орт. мұрағаттарда сақталған.

Бүкіл ел қалаған адамның хандыққа жіберілмек түгіл, елге қайтарылмауы Ресей шебіне қарсы шабуылдардың келесі кезеңін бастады. 1822 ж. Жоламан Тіленшіұлы бастаған ірі азаттық күрес туындады. 1822 жылдың жазынан бастап оған дейінгі орыс шептеріне жасалатын бүкіл шағын жортуылдар мен жекелеген жорықтар, стихиялық ұсақ шабуылдар бір күшке біріктіріліп, мақсатты және жақсы ұйымдастырылған жоспарлы шабуылдарға айналды.

1822–26 ж. Ресей шебіне жүздеген шабуылдар жасалды, бірнеше жүздеген адамдар қолға түсірілді. Көтеріліс қазақ елі мен жерінің азаттығы, бір орталықтан басқарылатын әділ әрі мықты биліктің орнатылуы үшін жүргізілді. 1835–39 ж. қазақтың батыс далалары бұрынғыша қым-қуат әрекеттерге толы болды. Көптеген деректер бойынша, көрсетілген жылдары Кіші жүз ауыл-аймақтары арасында Ресей қол астынан біржола қол үзіп, оңт. өңірлерге, Хиуа хандығы иеліктеріне кету туралы үгіт-насихат жұмыстары айрықша жүрді. 1837 ж. мұндай ұрандарды таратумен әсіресе табын және тама руларының жаушылары қызу айналысқан. Олардың барлығы дерлік Жоламанның жақтастары болған. 1838 жылдың Ресей шебіне жақын көшіп-қонған көптеген қазақ ауылдары Хиуа иелігіне жақын жерлерге көшуді бастайды. 1838 ж. жазында Жоламан мен оның серіктері Елек пен Жайық аралығынан 500-ге жуық ауылды Қасым және Кенесары сұлтандар ордасына – Торғай және Бірғыз өңірлеріне алып кетеді. 1839 ж. ертеден шепке жақын Жайық бойында қоныстанып келген алаша, байбақты, тана,



маскар, қызылқұрт, ысық, шеркеш рулары да Ресей іргесінен кетуді шешеді. Олар да өз қоныстарын тастап, ауыл-аймақтарымен Қиыл өз-нің бойына дейін келген.

Осылайша, 18 ғ-дың 40-ж. басталған ресейлік ықпалға қарсы наразылықтар үздіксіз дерлік бір ғасырға созылды. Ұлт-азаттық көтерілістер бұл кезеңмен тоқталған жоқ, алайда аталған кезең азаттық үшін күрестің ең бір үздіксіз әрі жарқын белесті кезеңі ретінде қалды. Қазақ халқының одан кейінгі азаттық көтерілістері бұл дәстүрді жалғастырғанымен, 19 ғ-дың 40-жылдарынан бастап олардың ресейлік ықпалға қарсылықтары айтарлықтай төмендеді. Халық ұзақ уақыт бірте-бірте орыс билігіне бой үйрете бастады, мұның сол кезеңде жекелеген оң тұстары да болды, ең маңызды себептері қазақтардың орыс мемлекетінің әскери күш-қуатын іс жүзінде бағамдауы, онымен тайталасуға күштің тең емес екендігін түйсінуі, көптеген билер мен сұлтандар тобының орыс үкіметіне адал қызмет ете бастауы, олардың бірқатарының осы арқылы қазақ қоғамына пайда әкелуге тырысулары, тиімді сауда-саттық ісі және т.б. себептер болды.

Әдеб.: Жетписбай Н.Ы. О некоторых актуальных вопросах освободительных движений в Казахстане в XVIII–XIX вв. // «Отан тарихы». 2013. № 4.

Н.Жемісбай

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ – Орал қ-ндағы 1832 ж. негізі қаланған тарихи-мәдени мекеме. 1920 ж. қалалық реалды уч-ще мен казак-орыс әскерлері мұражайларының негізінде қайта құрылды. Мұражай залындағы археол. қазбалар кезінде табылған қыш құмыралар, ыдыстар, қола мен темірден соғылған жебе ұштары, еңбек құрал-жабдықтары өлкенің көне замандағы тарихы мен мәдениетінен мағлұмат берсе, 19 ғ. мен 20 ғ-дың бас кезінде қолданылған әшекей бұйымдар, үй жиһаздары, тұрмыстық заттар, ер-тұрмандар Батыс Қазақстан төңірегінде ғұмыр кешкен қазақ қолөнер шеберлерінің шеберліктерін танытады. Сондай-ақ, мұражайда 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың бас кезіндегі Орал қ-ндағы саяси, әлеуметтік оқиғалар, тарихи тұлғалар өмірі жайында баяндайтын құнды фотосуреттер, құжаттар, заттық деректер қойылған. Мұражайда жалпы саны 21930 жәдігер сақтаулы. Тұрақты және көшпелі көрмелер, обл. теледидар

және радиодан арнаулы хабарлар ұйымдас-тырылып тұрады.

Т.Ерсайынқызы

БАТЫС СІБІР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР-ЛЫҒЫ – Ресей империясының 1822–91 жылдардағы әкімш.-аум. бөлігі. Оның құрамына Тобыл, Томск губ-лары мен Омбы обл. енді. Орталығы алғашқыда Тобыл, 1839 жылдан Омбы қ. болды. Б. С. г-г-ның құрамына енген Омбы обл. қазақтарының Ақмола, Ақсуат, Аягөз, Баянауыл, Қарқаралы, Құсмұрын, Көкпекті, Көкшетау окр-тері «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» (1822) сәйкес басқарылды. Окр-тер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. 1868 ж. 21 қазанда бекітілген «Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлығының далалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша құрылған қазақ облыстарының ішінде Ақмола обл. мен Семей обл. Б. С. г-г-на қарады. Ақмола обл-на – Ақмола, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездері, ал Семей обл-на – Семей, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Қарқаралы және Өскемен уездері енді. Түркістан ген.-губернаторлығы құрамында болған Жетісу обл. 1883 ж. Б. С. г-г қарамағына берілді. 1891 ж. 21 наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» сәйкес Орынбор губ. мен Б. С. г-г-ның орнына орталығы Омбы болған Дала ген.-губ. құрылды.

Әдеб.: Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, А.-А., 1960; Жиренчин К.А., Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков, А., 1996.

С.Пустемов

БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСТЕРІ – 17 – 18 ғ-лардағы башқұрт халқының Ресей империясының отарлық езгісіне қарсы ұлт-азаттық қозғалыстары. Ресей бодандығына өткеннен кейін башқұрт жеріне орыс шаруалары келіп қоныстана бастады. Үкімет Уфа воеводасын құрып, башқұрттардың жерін тартып алу және зорлап шоқындыру саясатын жүргізді. Бұл жергілікті халықтың заңды наразылығын туғызып, ұлт-азаттық қозғалысы күшейді. 1662 жылғы көтеріліс қазіргі Башқортостан мен оған көршілес аймақтарды камтып, оған башқұрт ақсүйектері Ишмухамед, Сары Мерген, т.б. басшылық жасады. Көтерілістің ең күшейген кезі – 1662 жылдың жаз айлары болды. Олар Кунгур қ-н



басып алып, Долматов шіркеуін қоршауға алды, Уфа маңайындағы орыс тұрғындардың қоныстарын талқандады. Көтеріліс басшылары Ресей үкіметіне қарсы күресте қалмақ тайшыларымен одақтасуға тырысты, бірақ олар тарапынан қолдау таппады. Үкімет көтерілісті басу үшін үлкен әскери отряд жіберді және екінші жағынан башқұрт ақсүйектерімен келіссөз жүргізді. Келіссөз барысында Ресей жағы көтерілісшілердің көптеген талаптарын орындауға мәжбүр болды. Атап айтқанда Уфа воеводасы жойылып, башқұрт рулары қоныстанған жерлерді басып алуға тыйым салынды, бұрынғы жер дауларын шешуге және оған кінәлілерді жазалауға уәде берді. Сөйтіп, бір жағынан күш көрсету, екінші жағынан халықтың кейбір талаптарын орындау арқылы үкімет 1664 ж. жазда башқұрттарды тыныштандырды. 1681–83 жылғы көтеріліске Еділ мен Жайық бойындағы халықты зорлап шоқындырып жатыр деген сыбыс себепші болды. Ресей бекіністері салынып, жергілікті халықты зорлап шоқындыру башқұрттардың наразылығын күшейтті. Көтерілісті Сейіт Сафар есімді молда басқарғандықтан, Сейіт көтерілісі деп атады. Көтерілісшілер кәпірлерге қарсы «қасиетті соғыс» жариялады. Халық жасақтарының қозғалысы 1681 ж. Башқортостанның еуропалық бөлігін, ал 1682 ж. көктемде елдің барлық аймақтарын қамтыды. 1681 ж. мамыр айында көтерілісшілер 4–5 мың адамға жетіп, Уфаны қоршауға алды, елдің солт.-ндегі бірнеше бекіністі қиратты. Ресей үкіметі көтерілісшілерге қарсы П.В. Шереметьев және ағайынды Д.И. және П.И. Бяратинскийлер басқарған арнайы әскер жіберді. Олар Ресей патшасы атынан башқұрттарды зорлап шоқындыру тоқтатылады деп үндеу жариялады. Жазалаушы әскер көтерілісшілермен Жайықтың жоғ. жағында кездесіп, ұрыс салғанымен жеңіске жете алмады. 1683 ж. үкімет көтерілісшілерді жазалауға тағы да үлкен әскер жіберді, әрі көршілес қалмақ тайпаларын айдап салды. Көтеріліс күшпен басылып, үкімет башқұрттарға қарсы жазалау шараларын қолданды. 1705–11 жылдардағы башқұрт көтерілісіне Ресей үкіметінің Солт. соғыстың (1700–21) шығындарын жабу үшін башқұрт халқына салықтың жаңа түрлерін енгізуі әрі Ресей армиясының пайдасына арнайы жылқы салығын алуы себепші болды. Бұл көтерілістің көсемдері Алдар Исекеев

пен Қушек (Кусюм) Тюлекеев болды. Олар Ресей үстемдігінен құтылып, тәуелсіз башқұрт хандығын құруға ұмтылды. Көтеріліс көсемдері бұл мақсатқа жету үшін туысқан түркі халықтарымен, соның ішінде Түрік сұлтандығымен және Қырым хандығымен одақтасуға тырысты. Көтеріліс 1705 ж. елдің оңт. және солт.-батыс аймақтарында басталды. Үкіметтің жазалау шараларынан кейін көтеріліс біраз бәсеңдеді де, 1707–08 ж. бұрынғыдан да күшейді. Бұл жолы бүкіл башқұрт рулары көтеріліп, оларға көршілес Қазан татарлары да қосылды. Көтерілістің негізгі орталығы елдің батыс аудандары болды. Үкіметтің үздіксіз жүргізген жазалау шаралары нәтижесінде көтерілістің орталығы елдің батысынан шығысына ауысып, көтерілісшілер Сібір және Ноғай жолдарына өз бақылауларын орнатты. Үкімет көтерілісті басуға тек өз күштерінің жете қоймайтынын түсініп, башқұрттарға көршілес қалмақ руларын айдап салды. Сөйтіп қалмақтармен біріккен Ресей жасақтары 1710 ж. жазда көтерілісшілерге күйрете соққы берді. Бірақ көтеріліс 1711 ж. да жалғаса берді және үкімет башқұрттарды толық бағындыру үшін олардың кейбір талаптарын орындауға мәжбүр болды. Атап айтқанда кейбір салық түрлері жойылып, қалған салықтардың мөлшері азайтылды. 1735–40 ж. башқұрт көтерілістеріне патша үкіметінің башқұрт жеріне әскери қамалдар тұрғызуы себепші болды. 1735 ж. Уфадан шыққан жасақ Ор өз-нің бойында әскери бекініс орнатуға кірісті. Бұған қарсылық ретінде 1735–36 ж. елдің оңт.-батыс және оңт. аудандары көтеріліп, 1737–39 ж. елдің шығыс бөлігіне ауысты. Мұнда көтерілісшілер Сібір жолына өз бақылауларын орнатты. Көтерілісті ірі башқұрт ақсүйектері ахун Кильмяк Нурушев, Ақай Кусюмов, батырлар Юсуп Арыков пен Тюлькучура Алдағұлов, молдалар Бепеня Трупердин және Юлдаш Сюярымбетовтар басқарды. Көтерілісшілер бекіністер мен үкімет әскерлерін, орыс шаруалары қоныстанған қыстақтарды талқандады. Көтеріліс көсемдері Кіші жүз ханы Әбілқайырдың көмегіне сүйеніп, Ресей үкіметінен бөлініп шығуды армандады. Ресей өкіметі көтерілісті басуға арнайы әскер жіберді. Бірақ көтеріліс 1740 ж. Сібір жолы бойында қайтадан күшейіп кетті. Бұл жолы көтерілісшілерді өзін ханмын деп жариялаған Қарасақал (Минлигула Юлаев) бас-



қарғандықтан, көтеріліс Қарасақал көтерілісі деп аталды. Үкімет бұл көтерілісті асқан қаталдықпен басты. Көтеріліс басшылары өлім жазасына кесіліп, көтеріліске қатысушыларға көп мөлшерде айыппұл салынды. Көптеген көтерілісшілер қазақ жеріне өтіп кетті. 1755 жылғы Батырша көтерілісі ұлттық езгінің күшеюіне қарсылық ретінде басталды. Көтеріліс басшысы молда Абдолла Әлиев (лақап аты Батырша) барлық мұсылман халықтарын кәпірлерге қарсы «қасиетті соғыс» ашуға үндеу жолдады. Ол, әсіресе, қазақтармен одақтасуға үлкен мән берді. Көтеріліс 15 мамырда басталып, башқұрттар қатыгездігімен аты шыққан, кен орындарының басшысы Брагинді өлтірді. Көтерілісшілер болыс старшындарын өлтіріп, пошта бөлімшелерін талқандап, кен орындарына шабуыл жасады. Тамыз айында көтеріліске отырықшы болыстар тұрғындары қосылды. Көтерілісшілер қазақтармен қосылып, Жайық шебін талқандамақшы болды, бірақ үкімет шепті қорғауға 50 мың әскер алдырды. Үкімет көтерілісшілерге қарсы жазалаушы отряд жіберді. Ресей әкімшілігі, соның ішінде Орынбор губернаторы И.Неплюев көтерілісшілер арасында алауыздық туғызып, қазақтар мен башқұрттарды бір-біріне айдап салды. Мындаған көтерілісшілер тұтқындалып, дарға асылды, Сібірге жер аударылды. Бірақ халық қозғалысынан қаймыққан Ресей өкіметі башқұрттарды зорлап шоқындыруды тоқтатып, мешіттер салуға рұқсат етті, мұсылман дінбасыларына біршама жеңілдіктер жасады. Башқұрттар бұл жазалаулардан қатты әлсіреді. Дегенмен олар сәтті кезеңдерді пайдаланып, Ресей үстемдігінен құтылуға әрекеттенді. Башқұрттар Е.И. Пугачев бастаған шаруалар соғысына (1773–75) өте белсенділікпен араласты. Ресей үкіметі бұл көтерілістерді болдырмау үшін башқұрттарды мемлекетке бағындырудың басқа жолдарын іздеуге мәжбүр болды. Олардың құқығы қазақтармен теңестірілді. Жергілікті халықтан тұрақты әскер жасақталып, 12 кантонға бөлінді. Әр кантонды башқұрт шонжарлары басқарып, оларға офицер шені берілді. Кантондар бөлімшелер мен командаларға бөлініп, оларды башқұрт ақсақалдары (старшын) басқарды. Кантондарда башқұрт полктері жасақталып, әр полкте 1 молда ұсталды. 1812 ж. қарсаңында башқұрт полктерінің саны 30-ға жетті.

Әдеб.: Башкири в составе Российского государ-

ства в XVII – первой половине XVIII в., Свердловск, 1991; Башкирское национальное движение, Уфа, 1992; Акманов И.Г., Башкирские восстания в XVII – нач. XVIII вв., Уфа, 1993.

Е. Уәлиханов

БАЯНАУЛА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУЫ – 1824 жылдан бастау алады. Ресей империясының отарлау саясаты қазақтар тарапынан қарсылық тудырып, ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық күреске айналды. Ұлт-азаттық күреске Баянаула қазақтары да белсенді қатысқан. Жалпы, Баянаула рулары Саржан, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарына, тіпті 1836–38 ж. Бөкей ордасында орын алған соғысқа қатысуға ынталанып, одан кейін 1916 жылдары да отарлаушыларға қарсы күрес жүргізеді. Алғашқылардың бірі болып империяның отаршыл саясатымен күрескендердің арасында Қасым Абылайұлының балалары болды. Саржан төре бастаған ұлт-азаттық соғысқа белсенді қатысқандар Ғұбайдолла Уәлиханов, Едіге би балалары Шоң би, Торайғыр би және т.б. болған. 1822 ж. Уәли хан дүниеден озды. Сол уақыттан бастап орыс империясы Орта жүзді хандық билігінен айырды. Оның орнына дәстүрлі дала заңы бойынша үлкен баласы Ғұбайдолла хан тағына сайлануы тиісті еді. Бірақ М.Ж. Көпейұлы жазғандай, «Бұл кезде қазақ орысқа қарап қалған. Ғұбайдолланы заң-заңымызды бұздың, өзінді-өзің хан сайлап алғансың деп, сотқа тартып, қасына Шоң бидің інісі Торайғыр биді қосып, итжеккенге айдатты». Шоң би әуелгі бастан Ресей империясының қазақ жерін жаулап алуына қарсы болып, көптеген хаттарында патшалық Ресейдің әскери күштерін қазақ жерінен алып кетуін талап еткен. Осындай ойларын жүзеге асыру үшін Шоң би, өзінің інісімен бірлесіп ел арасында бірнеше жиын ұйымдастырып, Ғұбайдолла Уәлиханов, Саржан Қасымұлы сияқты тұлғалармен кездесулер өткізіп, Қытай империясы, Бұхар хандығымен келісім сөздер жүргізген. Мұрағат деректері бойынша, алғашқы бетте Ежен ханның адамдары Шоң биге жөнелтілгені айтылады. Сонымен бірге Шоң би мен Торайғыр би елді Бұхар хандығына қарай көшуге үгіттегені белгілі. Сақталған мәліметтер бойынша, 1825 жылдың қысында Қоянды тауларының маңындағы Едірей қуысында Шоң би мен Шама Абылайхановтың басшылықтарымен



Төртуыл болысының қазақтары мәжіліске жиналған. Мәжіліске жиналған себебін ру арасындағы даулы сұрақтарды шешуге арналған деп орыс әкімш-не сылтау жасаған. Соған қарамастан, орыс офицерлерінің баянаттары бойынша, ол жалған ақпарат екендігі белгілі болған. Бұл жиынға қатысатын адамдардың қатарында Саржан мен Құдайменді төрелер де болған. Шоң би жиынға шақырған болыс-сұлтандардың ішінде Шама Абылайханов, Саржан Қасымов, Ағатай Мамонов, інісі Торайғыр би сынды тұлғалар болған. Осы тізімде көрсетілген адамдардың арасынан, сотник Карбышев Торайғыр биді ерекше атап, басқаларға қарағанда Ресей үкіметіне қарсы тұрған би деп көрсеткен. Шақырылғандардың барлығы жиынға ел жақсыларын ертіп келген. Оқиға осылай дами бастаған уақытта, орыс офицерлері, олардың барлаушылары, күн сайын Шоң би маңайында кімдер жиналғанын, не болып жатқанын Ресей үкімет орындарына хабарлап отырған. 1824 жылдың жаз ортасында Торайғыр би Баянаула маңайына Қытай империясынан келген өкілдерді күтіп алып, Ғұбайдоллаға хабарлаған болатын. Бірақ Ғұбайдолла хан мен Торайғыр би тұтқынға алынып, Қытай делегациясы орыс-қазақ әскер күштерімен қайтарылады. Ғұбайдолла мен Торайғыр биді тұтқынға алған соң, қазақтар наразылығын білдіреді. Көп ұзамай екеуі де тұтқыннан босатылады. 1824–25 жылдың қысы қарсыз болғандығын пайдалана отырып, Сүйіндік елі қыс соңын күтпей, қыстауларынан дереу жиналып, өзендер бойымен көше бастайды. Орыс әскери штабы офицерлерінің баяндамалары бойынша, бұл істерді қазақтар Шоң би мен Торайғыр бидің ақыл-кеңесімен орындаған. Шоң бидің қазақ мемлекетінің сыртқы саясаты жөніндегі көзқарасының кейбір сәттері Саржан төре мен Ғұбайдолла Уәлихановтың пікірлерімен ұқсас болған. Әскери старшина Лукинның баянаты бойынша, Төртуыл мен Қозған болысы қандай бағытта жүруге дайындалып жатқанын білу үшін, ол Ғұбайдолланың ауылына өз адамдарын жіберген. Алайда Лукинның бұл жоспарынан нәтиже шықпай, Шоң би мен Саржанның Бұхар жеріне қарай көшуі жөнінде ешқандай мәлімет ала алмаған. Карбышев пен Бубенков бастаған әскери күштің араласуымен Шоң бидің барлық істері доғарылады. Осы оқиғалардың нәтижесінде Шоң би, Торайғыр

би, Саржан Қасымұлы Ресей империясының үкіметі алдында «бүлікшілік істерімен» танылады. Содан бастап Шоң Едігеұлы, Торайғыр Едігеұлы, Саржан Қасымұлы мен Ғұбайдолла Уәлиев Ресей отаршыл үкіметіне «сенімсіз» деп аталып, олардың шын мәнінде тек қана қазақ еліне қызмет жасайтындығы көрсетілген. Орыс офицерлері Ресей империясының әскери күштеріне ерекше қарсы болған адамдардың ішінде Торайғыр би мен Саржан сұлтанды көрсетіп жазған. Екеуі де империяның отаршылдық саясатына қарсы болып, өз еліне қызмет жасайды деп мұрағат құжаттарында көрсетілген. Бұдан соң Ресей үкіметі екеуін де сақтықпен «үлкен төбелес шығармай» тұтқынға алуға бұйрық береді. Торайғыр мен Ғұбайдолланы орыстар тұтқындаған соң, Шоң Баянаулада дуан басын салуға қарсылық іс-әрекеттерін доғаруға мәжбүр болады. Осы мезетте Ресей империясы отаршылдық саясатын Қазақстанда қарқынды түрде жүзеге асырып, әскерлерін көбейтіп, Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының ішкі істеріне толығымен араласып кетті. Ресей империясына қарсы 1836–38 ж. Кіші жүз бен Бөкей ордасында Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық соғыс орын алады. Баянауладан Тұрсынбай бидің баласы Байтен сал, оның жолдасы Сегіз сері, Тайкелтір Құттыбай баласы Жапар ақын үшеуі екі жүз жігітпен Батыс Бөкей ордасында болған Исатай, Махамбет көтерілісіне көмекке баруға аттанады. Олар барғанда Исатай қазаға ұшырап, Махамбет қуғын көріп, олар бастаған ұлт-азаттық соғыс орыс әскер күштерімен басылады да, қайтадан екі жүз жігітімен елге қайтқан. Бұл оқиға 1838 жылдың жаз айларында болады.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде ерекше орын алған Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысқа да Баянаула қазақтары белсенді түрде қатысады. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан тұлғалардың қатарында баянаулалық Сейтен және Тайжан Азнабаевтар, Таймас Бектасов, т.б. болады. Ш. Уәлихановтың жазуы бойынша, Сейтен Азнабаев ой-өрісі ауқымды адам болған, шаруашылықтарында 25000-ға жуық жылқы болған. Патша үкіметінің отарлау саясатының зиянын шегіп, қазақ жерін басып алып жатқанына наразылығын жасырмаған. Сейтен және Тайжан Азнабаевтар Баянауыл окр-ның қазақтарын ұлт-



азаттық қозғалысына қатысуға ұйымдастырып, алғашқылардың қатарында Қаржас болысымен Кенесарыға қосылады. Мұрағат деректеріне қарағанда, 1838 жылдың көктемінде Сейтен Кенесарының Ақмола округе келгендігі туралы хабар алысымен, қатысушылардың санын ұлғайту үшін алғашқылардың бірі болып, Кенесарыға қосылу мақсатымен көше бастаған. Кенесары Қараөткелге келді деген хабарды ести сала, Сейтен оған адамдарын жіберіп, Азнабай ауылына шақырады. Сейтен Кенесары бастап келген көшті төрт бие сойып күтіп алып, астарына сегіз ат мінгізеді. Одан соң Қараөткелде он төрт адам қалдырып, Кенесары өзі аттанып кеткен. Осы жерден Кенесары Қараман-Төртуыл болысын өзінің сарбаздары арқылы қозғалысқа қосылуға шақырады. Ақтау бекінісіне шабуыл жасап, жылқыларды айдап алып кетуге Сейтен Азнабаев белсене қатысады. Бұл шараға онымен бірге баянауалық Сандыбай Шегіров те қатысады. Сонымен қатар Сейтен сарбаздарымен ауылдарды аралап, қозғалысқа қатысуды үгіттейді. Алайда Сейтен Азнабаев Кенесарымен бірге отаршыларға қарсы көп уақыт күресе алмады. Патша оны тұтқындап, Омбы қ-на жеткізіп соттайды. Сейтен ұсталған соң патша үкіметі Баянаула округінің қазақтары енді қозғалысқа қатыспайды деген ойда болады. Бірақ Сейтеннің ісін басқалар жалғастырады. Сейтеннің інісі Тайжан отаршылармен болған қақтығыста қаза тауып, ал оның отбасы Туринск деген жерге айдалады. Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан Төртуыл болысының қазақтарын басқарған батырлардың қатарында баянауалық Таймас Бектасов деген батыр болады. Бұл қозғалыста Таймас маңызды орынға ие болып, әскери мәселелер бойынша Кенесарының кеңесшісі болады. Кенесары хан да Таймас батырға ыстық ықласымен қараған деп, сол кездегі ресми құжаттарда көрсетілген. Мұрағат деректеріне қарағанда, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысын Баянаула қазақтары қолдап, көпшілігі қатысып, кейін қайтадан қоныстарына қайтып келіп, көтеріліске тікелей қатыспай, жанама түрде көмек беріп тұрған. Себебі – орыс әскерлерінің Баянаулаға жақын орналасқандығы және көтерілісшілерге қарсы ұйымдастырылатын әскери шаралар қарапайым халыққа көп зиянын тигізетін болған. 19 ғ-дың екінші жарты-

сында Ресей империясы қазақ жерін толығымен отарлады. Қазақ елі қарудың күшімен тәуелсіздікке жете алмайтындығын түсініп, ағарту жолын таңдайды. Уақыт өтсе де, бабалары бастаған іс, 20 ғ-дың басында ұрпақтарының арасында жалғасын тауып жатты. Баянауладан шыққан көптеген азаматтар Ресейдің қалаларында білім алып, өз халқының пайдасына аянбастан еңбек етеді. Баянауалық Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қошке Кемеңгеров, Ахметолла Барлыбаев, Шайбай Айманов, Мұқыш және Арынғазы Боштаевтар, т.б. ұлт зиялыларымен бірге ел бостандығы үшін қызмет етеді. Мыс., Мұқыш Боштаев 1917 ж. Алашорданың бүкіл қазақтық халық кеңес өкілдері көмекшілерінің бірі болып сайланған. Ал Қошке Кемеңгеров пен Ахметолла Барлыбаев алаш қозғалысының белсенді мүшелері болып, жиындарына қатысып отырған. 1916 жылғы соғыста да Баянаула аймағында тәуелсіздікке деген серпіліс жасалып, Баширеден батыр бастаған сарбаздар Ақбел асуында патша үкіметінің әскерімен соғысуға аттанады.

Әдеб.: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Абылай хан қайтып келе ме? Иманғали Мәненұлы мұрасынан жазып алған Алтынбек Жұматұлы Құрманов; ҚР ОММ 338 қ. 1 т. Іс. 409. п.26; Мәшһүр Жүсіптің нағашы және қайын жұрты М.Ж. Көпейұлы. Иманғали Мәненұлы жазбасынан. Дерек беруші Алтынбек Құрманов; ҚР ОММ 374 қ. 1 т. 2960 іс. 2 б.; РФ ТООММ. Р 72 қ., 1 т., №3 іс. Протокол заседания Общекиргизского Съезда в Оренбурге 5-13 декабря 1917 года.

Е.Қасенов

БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ – Ресей үкіметінің Сарыарқада Батыс Сібір ген.-губернаторлығы құрамында ұйымдастырған алғашқы әкімшілік аймақтарының бірі. 1833 ж. 22 тамызда құрылғанда 80 мыңдай халқы, 16 мыңнан астам шаңырағы бар 14 болысты біріктірді. Бірінші аға сұлтаны – Шоң би Едігеұлы (айдабол руынан, 1833–36), орынбасары – Шорман би Күшікұлы, қазылары – Боштай Тұрсынбайұлы мен Бердәлі Қазанғапұлы болды. Мұнан кейін округті басқарған аға сұлтандар: Шорман Күшікұлы (қаржас, 1836–37), Маман Абылаев (төре, 1837 – 38), Бопы Тәтенұлы (төре, 1838–40), Боштай Тұрсынбайұлы (айдабол, 1840–41), Бердәлі Қазанғапұлы (бәсентиін, 1841–42), Қазанғап Сатыбалдыұлы (1843–48), Әли Көксалов (төре, 1848–51), Ханқожа

БӘЙЕКЕ



Тәтенұлы (төре, 1851–53), Мұса Шорманұлы (қаржас, 1853 – 68).

Дер.: ҚР ОМА, 338-к., 1-т., 162-іс, 140–50 п.

Қ.Исабай

БӘЙЕКЕ Жазыбайұлы (1820, Тарбағатай, Токта-Барлық тауы – 1890, Қытай, Іле аймағы, Текес ауд. Ешкілік тауы) – би, мәмілегер. Бала кезінде медреседе білім алған. 16 жасынан ел билеу ісіне араласып, шешендігімен, зеректігімен жұртқа танылған. 1845 ж. қызай руына би болып сайланды. Б. 1860–80 ж. қызайларды Тарбағатайдан Іле өңіріне көшіріп әкеліп қоныстандыруға басшылық етті. 1879 ж. Қытай мен Ресей казактары арасындағы қарым-қатынасты реттеу мақсатында өткен бірқатар жиындарға Қытайдағы казактардың өкілі ретінде қатысты. Б. би Цинь патшалығының ауыр езгісіне, ұлттар арасындағы теңсіздікке қарсылық білдіргені үшін Іле ген.-губернаторының бұйрығымен жазаланып, бір жылдан кейін қаза болды.

Н.Мұқаметқанұлы

БӘЙТІК Бәйімбетұлы (Бәйімбет) (шамамен 1762–1841) – батыр. Хиуа мен Қоқан хандықтарының жергілікті халыққа жасаған озбырлық әрекеттеріне қарсы тұрған. Кіші жүз шөмекейдің өтебай аталығынан. Атақты Келдібайұлы Келмембеттің шөпшегі болып келеді. Қазіргі Қызылорда обл., Жалағаш ауд. өмір сүрген. Қазактардың Жаңадария өз-нің бойына қоныстануына басшылық жасаған. Бәйтік батырдың өмір жолы мен жорықтары жайлы Балқы Базар, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары шығармаларында айтылады. Сыр елінің ақыны Сағынбай Тұрғанбайұлы «Шежіре өлеңі» атты еңбегінде: «Тойкожа руынан шықты Бәйтік, Атақты батыр даңқы жер жаратын. Атаңнан – Аққоян, Тоғанас, Бодаш батыр, Тәңірі берді оларға күш-қуатын. Жеңіске жетті қолы жорықтарда, Талқандап талай мәрте жау қанатын», – деп жырлаған. Батырдың бейіті Қызылорда обл., Қазалы манайында. Батырдың қалмақтар мен Хиуа, Қоқан басқыншыларына қарсы жорықтарында көтерген ақ туы баласы Тоғанас батырға ауысқан.

Б.Ахметбек

БӘЙТІК ОҚИҒАСЫ (1947) – Моңғолия мен Қытай мемлекеттерінің шекарасында, Шыңжаңдағы Бәйтік деген жерде болған қарулы қақтығыс. 1947 ж. сәуірде Үш аймақ ұлттық армиясының соққысынан Алтайдан

шегінген Оспан батыр жасақтары Бәйтік тауына жақын жердегі Шоқпартас өңіріне келіп орныққан еді. Осы жерден Оспан батыр жасақтары мамыр айында моңғол жеріне өтіп, олардың 8 әскерін тұтқындап әкетті. Бұл Б. о-ның шығуына түрткі болды. Моңғол Халық Республикасы Бәйтік тауында орналасқан қытай гарнизонынан тұтқындалған 8 адамды 48 сағаттың ішінде кері қайтаруды және Бәйтік тауы моңғол жері болып табылатындығын айтып, ол жердің босатылуын талап етті. Бұл талаптар орындалмаған соң 1947 ж. 5 маусымда моңғолдың бір батальон әскері Бәйтік тауындағы қытай гарнизонына шабуыл жасады. Оған қарсы тойтарыс беруге қытай әскерлерімен бірге Оспан батыр жасақтары да қатысты. Алғашқы күнгі шайқаста екі жақтан 30 адам қаза тапты. 26–27 маусымда моңғол әскерлері Бәйтіктегі қытай әскерлерінің қарсылығын басып, ол жерге толық иелік етті. Екі жақтың қарулы қақтығысы моңғол әскерлерінің 1948 ж. Бәйтік тауын тастап кетуінен кейін тоқтады.

Н.Мұқаметқанұлы

БӘЙІМБЕТОВ Жұмағазы (1874, Қызылорда обл. Қармақшы ауд. – 1931, Алматы қ.) – Қармақшы көтерілісі жетекшілерінің бірі. Бұхарадағы діни медреседе білім алған. 1930 ж. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты кезіндегі зорлық-зомбылығына қарсы Қармақшы ауд. шаруаларының ірі тобына басшылық жасады. Олар Жосалы ст-ның солт.-шығыс жағындағы Қарақұм деген жерде жиналған Қазалы, Арал, Теренөзек, Ырғыз ауд.-дары көтерілісшілеріне барып қосылды. Б. Орынбордан, Қызылордадан, Ташкенттен, Орскіден жіберілген жазалаушы отрядтарға қарсы күресте шебер ұйымдастырушы ретінде көзге түсті. Ә. Жангелдин бастаған үкіметтің арнайы комиссиясымен келіссөздер жүргізуге қатысып, ел ішіндегі саяси қуғын-сүргінді доғаруды, халықтың діни сенімін кәдірлеуді талап етті. Ол көтерілісшілердің Д. Қараев бастаған тобы кеңестік билікті мойындағанына қарамастан, шағын топпен қарулы қарсылықты жалғастыра берді. Б. 1930 ж. мамырдың соңында қолға түсіп, ОГПУ «үштігінің» 21 қарашадағы үкімімен ату жазасына кесілді.

Әдеб.: Алдажұманов К., Крестьянское движение сопротивления. В кн.: Депортированные в Казахстан народы, А., 1998.

Қ.Алдажұманов



БӘРІБАЕВ Жұбаныш (21.10. 1898, Жетісу губ. Верный уезі, Мойынқұм болысы Жыл-бұлақ а. – 15.3.1927, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. Верный ер балалар гимназиясын бітірген (1915). Он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты. 1918 ж. РК(б)П мүшесі, Нарын уездік (қазіргі Қырғыз Республикасында) әскери ревкомның төрағасы болды. 1919 ж. қызыл әскер қатарына алынып, Жетісуда ұлттық әскери бөлімдер ұйымдастыруға араласты, мұсылман коммунистерінің Жетісу обл. бюросы төралқасының хатшысы болып сайланды. 1920 ж. Піспек уездік (қазіргі Қырғыз Республикасында) атқару к-тінің төрағасы, Түркістан коммунистік партиясының обл. мұсылман бюросының осы уездегі өкілі, Түркістан ОАК Жетісу обл. қазақ және қырғыз босқындарын орналастыру жөніндегі ерекше комиссияның төрағасы. 1921–23 ж. Жетісу обл. РКП(б) к-тінің жауапты хатшысы және обл. атқару к-тінің төрағасы, 1924–26 ж. Жетісу обл. партия к-тінің 1-хатшысы қызметтерін атқарды.

Е.Қуандықов

БӘРІБАЕВ АУДАНЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛІС – 1930 ж. наурызда Алматы облысының солт.-батысында, Балқаш көліне іргелес, бұрынғы Бәрібаев, қазіргі Балқаш аудна қарасты Бақалы деген жерде болған шаруалар көтерілісі. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру, жаппай қуғын-сүргін саясаты мен ашаршылық қаупіне шыдамаған жергілікті шаруалар сол кездегі облыстың Ақсу, Алакөл, Сарқанд ауд-дарында көтеріліс басталғанын біліп, ұйымдасқан қарсылыққа шықты. Бақалы а. тұрғындары – Ахметжанов Құсмади, Ибрагимов Құрамыс, Сауқымбаев Жақыпбай 100-ден астам адамды ұйымдастырып, көрші ауылдарға үгітшілер жіберді. Көтерілісшілер 25 наурызда отрядқа бірігіп, Бақалы коммунасын басып алды, ауылдық кеңесті таратып жіберді. Елден күшпен жиналған 100 пұт астықты, 100 бас жылқыны, басқа да мал мен мүлікті жұртқа таратып берді. Алматы мен Семейден әскер күшін шақыртпау үшін көтерілісшілердің арнайы тобы Балқаш жағындағы телефон байланысының сымдарын үзіп, темір жол табанының алты буынын босатып, алып тастады. Мыңқұм деген жердегі 10-а-ды басып алды. Көтеріліс басшысы Қ. Ахметжанов Қытай шекарасынан өтіп кеткен босқындармен, Ақсу көтерілісшілерімен байланыс жасап,

бірлесе қимылдауға тырысты. Бірақ әскер күштері алдын-ала шекараны нығайтып, оған жол бермеді. Шекарашылар Қытай жағынан көмекке келмек болған қазақ отрядын қолға түсірді. Б. а. к. 1930 ж. сәуірдің бас кезінде ОГПУ-дің 50 адамдық қарулы жедел әскери отрядының күшімен басылды. Ауданға арнайы үкімет комиссиясы барып, жағдайды қалпына келтіру шараларын қарастырды. Көтеріліс басшылары Қ.Ахметжанов, Ж.Сауқымбаев аз топпен Қытайға өтіп кетуге әрекет жасап, бірақ қолға түсті. Б. а. к-іне белсенді қатынасқан 29 адам жауапқа тартылып, оның 12-сі ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 12 желтоқсандағы үкімімен атылып, 16 адам 3 жылдан 10 жылға дейін сотталды, 1 адам 3 жылға Сібірге жер аударылды.

Қ.Алдажұманов

БӘУБЕК батыр (т.-ө.ж.б.) – Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншылығына қарсы күрескен батыр. Орта жүз қыпшақтың шағыр аталығынан. Қазіргі Қызылорда обл. Шиелі ауд. өңірінде өмір сүрген. Датқалық атаққа қол жеткізген. Сыр бойының белгілі ақыны Мәнсүр Бекежанов (1875–1933) 1912 жылы Иманжүсіпке жазған хатында: «Үшінші, Баубек датқа болып еді, Белгілі Қыпшақтағы орын еді. Ақыл, қайрат үстіне бақ пен дәулет, Айрықша бір басына қонып еді», – деп жырғына қосқан. Қоқан басқыншылығы кезінде Түркістан бегі Ақмешітте қыпшақтардың батырларымен кеңес өткізеді. Бұған қыпшақтың шашты руынан Жаназар, Баубек, Баспақ деген батырлар қатысады. Кеңесте орыс әскеріне қарсы тұруға даярлық жасау керек деген пәтуа болады.

Әдеб. Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі. А., Ана тілі, 1994; Аяпұлы М., Қасымұлы Н., «Ата мекен» (Шиелі өңірінің шежіресі) А., Атамұра, 1998; Бесғасыр жырлайды: Мәнсүр Бекежанов шығармасы «Иманжүсіпке хат» 2-том. А., Жазушы баспасы, 1989; Өшімұлы Н., Сыр ғұламалары: Діни тарихи аңыздар. Шымкент, 2002.

Б.Ахметбек

БӘШЕРДЕН Бейсенұлы (1866 ж.ш. – 23.2. 1923) – 1916 жылғы ақ патшаның қазақтан солдат алу туралы әйгілі Маусым жарлығының қорлығына шыдамай, Баянаула өңіріне қарасты елдердің жігіттерін көтеріліске ертіп шыққан батыр, тарихқа енген «Алабас-Далба көтерілісінің» басшысы. Азан шақырып қойған аты – Наурызбай. Жаяу Мұсаның «Хаулау» әнінде: «Наурызбай екінші атың сен Бәшерден...», – деп айтылатын жол-



дар бар. Б-ның тұлғасы жазушы Зейтін Ақышұлының «Ақбел асуы» романында, Сабыр Шәріповтің «Алабас көтерілісі» әңгімесінде бейнеленген. Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы Дәрмен – Бәшерденнің прототипі. Б. шешен, тапқыр, өткір және батыр адам болған. Оның шығу тегі турасында Мәншүр Жүсіп: «Тәйкелтір Төлenniң Ақшоқысының күнгей жағы Қаратомар қырық үй мамыттардың қонысы болады, ел Бәшерденге қырық жігіт ерген соң айтады. Қаратомардағы түтін әрі барса жиырмадан аспайды. Мамыт айдабол Жанқозыдан тарайды, Жанқозыдан Лапақ, одан Мамыт туады. Мамыттан Батыр, Бейсен, одан Бәшерден туады. Мамыттар қырық үй, олар Құрттыда болған. Мамыттардың жүз он бес үйі Шідертінде болған, Далбада қырық үй мамыт болған екен. Бәшерден қырық жігіт ұстаған екен. Ескендір деген атқосшысы болып, атын жаратқан. Бәшерденнің өзі де атбегі болған», – дейді. Кеңестік дәуірде ұлтшылдарды дәріптеуді құптамаған. Бұл турасында А.Әділханұлы: «Кешегі сталиндік қанқұйлы заманда Бәшерденнің атын атау, оны көзі көргендерінің кезінде әңгімесін тыңдау мүмкін болмады. Өз басының амандығын ойлаған ақсақалдар, онымен атқа бірге мінген мүдделестері, оқиғаның басы-қасында болған куәгер замандастары ештеңе айтпай өтті. Әсіресе аузына ие бола алмай айтып қояды дейтін біздей, ауылдың әумедек ерке балаларының көзінше шешіліп әңгіме айтуға алысты байқайтын көреген ақсақалдар онша аңғалдық жасай қоймайтын. Соның өзінде де әрібері асыр салып жүрген біздердің оқта-текте құлағымызға болар-болмас тиіп қалғанын қазіргі күннің ой-деңгейі мен түйсігінен елеп көрсең, Бәшердендей адамдар басын бәйгеге тіккен, оқымай-ақ көкірегінің оялығы арқасында алыстан-ақ сезіне білген кезеңінің ерекше тұлғалары екенін байқаймыз», – деп жазды. Б. батырдың 1923 жылдың 23 ақпаны күні іңір арасында, өздерінің қысқы қонысынан бір шақырым жерде атып өлтіріп кеткен.

М.Алтысбес

«БЕЙБІТШІЛІК ШАРТЫНА ҚОЛ ҚОЮ» – 1945 ж. 17 қазанда Үш аймақ уәкілдері мен Қытай орталық үкіметі уәкілдерінің арасында болған келісім. Екі жақ арасында болған қаншама айтыс-тартыстардан соң Кеңес Одағының Үрімжідегі жаңа тағайын-

далған елшісі Савельевтің араласып, ымыраға келтіруі нәтижесінде екі жақ 11 тармақтан тұратын төмендегі құжатқа қол қояды. Құжатқа Орт. үкіметтің уәкілі ретінде Жаң Жыжұң, Халық өкілдері тарапынан Рақымжан Сабыр мен Әбілқайыр төре Ахметжан қол қойған. 1. Үкімет Шыңжаң халқына өздері сенетін жергілікті қайраткерлерді әкімш. мансапқа сайлау құқығын береді. Осы құқықты жүргізудің тәртіптері мынадай: оқиға шешілгеннен кейінгі үш ай ішінде аудандардағы халық аудандық кеңес мүшелерін сайлап, аудандық кеңес құрады; аудандық кеңес әкім сайлайды. Әкім орынбасарын және аудандық үкіметтің бөлім дәрежеден жоғары мансаптыларды тағайындайды. 2. Үкімет дінді кемсітуді жояды. Сондай-ақ халыққа дінге сенуге еркіндік береді. 3. Мемлекеттің әкімш. және заң органдарының құжаттарында қытайша мен ұйғырша тең қолданылады. Халықтың үкімет органдарына жазған хаттарында жеке өз ұлтының тіл-жазуын қолдануына жол беріледі. 4. Бастауыш және орта мектептерде өз ұлтының тілінде сабақ өтіледі. Бірақ орта мектептерде сөзсіз қытайша мен ұйғырша тең қолданылады. 5. Үкімет ұлттық мәдениет пен көркемөнерді еркін дамытуды белгілейді. 6. Үкімет баспасөз, жиналыс өткізу, сөз сөйлеу бостандығын белгілейді. 7. Үкімет халықтың іс жүзіндегі өндіргіш күшіне сай, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын көзде ұстай отырып, баж алуды белгілейді. 8. Үкімет саудагерлерге ел ішінде және халықар. еркін сауда жүргізу бостандығын береді. Алайда шетелдермен сауда жасайтын саудагерлер орталық үкімет пен шетел қол қойған сауда шарттарының белгілемелеріне бойсұнуы керек. 9. Шыңжаң өлкелік үкіметін құруды орт. белгілейді. Оның мүшелерінің саны 25 адам болады да, 10 мүшесін орт. тікелей белгілеп жібереді. Қалған 15 мүшесін халық уәкілдері көрсетіп, орталық тағайындайды. Орт. тікелей белгілеп жіберген 10 мүшенің ішінде төраға, бас хатшы, халықтық істер меңгермесінің меңгерушісі, қазына меңгермесінің меңгерушісі, қоғамдық бөлімнің бастығы, оқу-ағарту меңгермесінің орынбасар меңгерушісі, құрылыс меңгермесінің орынбасар меңгерушісі, денсаулық сақтау мекемесінің орынбасар бастығы және арнаулы екі мүше болады. 10. Ұлттық армия құруға жол беріледі. Мұның адамдарын ислам дінідегілермен толықтыру ұс-



таным етілуі тиіс. Бұл армия осындай істерге қатынасқан армиядан халықтық армияның шарттарына негізделе отырып қайта құрылады. Бұл армияның адам саны мен тұратын орны бөлек талқыланып, қосымша құжаттың екіншісі болып, қол қойылғаннан кейін күшіне енеді. Бұл армияның жаттығуы мен бұйрықтарында ұйғырша мен қазақша қолданылады. Шыңжаңда тұратын орт-тың армиясы бұл армиямен бір жерде тұрмайды. Өзара достық барыс-келісті сақтайды. Жаулық көзқараста болмайды. 11. Оқиға туылғаннан кейін екі жақ тұтқындалған қайраткерлерді оқиға шешілгеннен кейінгі 10 күн ішінде босатады, әрі алдағы жерде әрқандай себептермен жәбірлемеуге кепілдік етеді.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 12-т. Астана, «Ел-шежіре» 2008.

К.Қошым-Ноғай

БЕКБАУЫЛ Өтегенұлы (1788, Қызылорда обл. Арал ауд. – 1874 ж.ш., Хиуа) – би. Ел бірлігі мен татулығын сақтауға күш салған. Сондай-ақ ол өзінің ұлы – Құлбарак батырмен бірге Жанқожа бастаған Хиуа мен Қоқан хандықтарының езгісіне қарсы күреске және Ресей отаршылдығына қарсы көтеріліске қатысқан. Хиуа ханы алдына барып, елдің талап-тілегін жеткізген. Оны Хиуа ханы у бергізіп өлтірткен. Қызылорда облысының Арал ауд.-нда Б. атында елді мекен бар.

Т.Дайрабай

БЕКБОЛАТ Әшекеұлы (1848, кейбір деректер бойынша 1843, бұрынғы Жетісу обл. Жәйілміш болысына қарасты 11-а. – 9.9.1916, Алматы маңы, Боралдай) – Он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі. 1912 ж. тамыз айында Жәйілміш болысынан Б. пен Келебай Ниязбеков Меккеге қажылық сапарға бірге барады. 1916 ж. 7–8 шілдеде Б. Алматының батысындағы (шамамен 40 км) Үшқоңыр деген жерде Жәйілміш және онымен көршілес болыстар көтерілісшілерінің басын қосып, Ресей патшасының маусым жарлығын талқылайды. Жиында Б-тың ұсынысымен тыл жұмыстарына адам бермеу жөнінде шешім қабылданады. Осындай жиын 13 тамызда Верный уезінің Ошақты деген жерінде де өтеді. Тамыз айының ортасында Б. бастаған көтерілісшілер жақсы қаруланған жазалаушы отрядпен қақтығысады. Күші басым отрядқа төтеп бере алмаған көтерілісшілер Жасылкөл мен Құмбел асуы арқылы қырғыз жеріне шегініп, одан әрі Қытайға өт-

пек болады. Бірақ ел-жұртын қорғансыз қалдырмауға бел байлап, барлық кінәні өз мойнына алмақ болған Б. көтерілісшілерді таратып, өз еркімен жаудың қолына түседі. 1916 ж. 7 қыркүйекте Ресей армиясының Верный қалалық әскери гарнизонының соты Б-ты дарға асуға үкім шығарады. Б-тың 20-дан астам жақын серіктестері де сотқа тартылып, олардың 12-сі өлім жазасына кесіледі.

Әдеб.: Сапарғалиев Г., Карательная политика царизма в Казахстане, А.-А., 1966; Естаев Е., Өмір өткелдері, А., 1971; Қаһарлы 1916 жыл, 1, 2-томдар, А., 1998.

К.Нурпейіс

БЕКЕТ Серкебайұлы (1823 – 1856 ж.ш.) – Ресей отаршылдығына қарсы күрескен батыр. Өлім ішіндегі шектінің қарабас аталығынан. Б. жас кезінен алғыр, қайратты, шешен, өте сымбатты болған. Жігіттігін сал-серілікпен өткізген. Халық оны «Паң Бекет», «Сал Бекет», «Сал мойын Бекет» атап кеткен. Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтары көтерілісіне (1855–58) қатысқан батыр. Б. Кіші жүздің орта бөлігінің аға сұлтаны Арыстан Жантөриннің шерігіне 1855 ж. 7 шілдеде таңсәріде шабуыл жасап, оның қазақтардан, башқұрттардан, казактардан тұратын 500 әскерін талқандауда үлкен үлес қосады. Елінің еркіндігі үшін күресіп, Ресей отаршыларына қолдау көрсеткен Арыстан төрені өлтіруге қатысқан. Көтеріліс жеңіліс тапқан соң ел арасынан жаңадан жасақ жинап жүргенде қолға түсіп, Сібірге жер аударылады. Артынан анасы мен жары іздеп барып, солардың көмегімен түрмеден қашып шығады. Елге келген соң, жауларынан өш алады. Б. батырға байланысты ерлік пен елдікті, азаттық пен адалдықты өсиет ететін «Бекет батыр», «Ерназар – Бекет» атты дастандар жазылған.

Әдеб.: Қазақ ССР тарихы, А., 1957; Әуезов М., Әдебиет тарихы, Қызылорда, 1927; Диваев А., Киргизская былина о Бекет Батыре II Ученые записки им-го Казахского ун-та. Казань, 1897; Асанов Ж., «Бекет батыр» тарихи жыры және оның нұсқалары. Ақтөбе, 2013.

Г.Жорабаева, Ж.Асанов

«БЕКЕТ БАТЫР» – тарихи жыр. Қазақ халқының отаршылдық қысымға қарсы көтерілісі (1855 – 58) жырланған. Бұл жыр, әсіресе, Ақтөбе, Арал, Қазалы өңірінде және қарақалпақ халқының арасында кең тараған. Ғылымға әзірше 7 нұсқасы белгілі. Соның 2-еуі Қазан төңкерісіне дейін баспа бе-



тін көрген: (И.В. Аничков «Памятники киргизского народного творчества. Киргизская былина о героях Ирныазаре и Бекете» (Қазан, 1896, көлемі 68 жол; Ә. Диваев «Бекет батыр» Қазан, 1897, көлемі 600 жолдай). Аничков жариялаған нұсқаның жолма-жол аудармасын Т. Шоханова, әдеби өңдеуін А. Никольская жасап, оны тарихи поэма деп бағалаған. Қазақстан ҰҒА-ның Орт. ғыл. кітапханасы қорына халық мұрасын жинаушы М. Құсниұлы 1941 ж. 190 жолдай көлемде толғау түріндегі нұсқаны тапсырған. 1936 ж. тапсырылған нұсқаның (көлемі 300 жолдай) мазмұны мен оқиға желісі Аничков жариялаған нұсқаға ұқсас. Ал сол жылы А. Мыңбайұлы тапсырған нұсқа 350 жолдай, бұл алдыңғылардан едәуір өзгеше. Мұның шығарушысы мен жеткізушісі белгісіз. «Б. б.» кей ретте «Ерназар-Бекет» болып та кездеседі. «Б. б.» тарихи жыр аталғанмен, фольклорлық шығарманың синкреттілігін бойына сіңірген. Онда лиро-эпостың, балладаның, лирикалық және тұрмыс-салт өлеңдерінің нышандары да ұшырасады. Фольклорлық туынды үшін жыршылардың батырлар жырына еліктеушілік ықпалы қайшылық тудырмайды. 1922 ж. орыс актрисасы Анненкова-Бернард «Бекет» атты пьеса жазып, оны Орынбор губ. театр сахнасына қойған. Бекеттің анасының рөлін өзі ойнаған. Бұл пьеса жайлы «Еңбекші қазақ» газетінде пікір айтылған. 1942 ж. М.Әуезов осы жыр желісі негізінде 4 актілі драма жазды.

Р.Әлмұханова

БЕКЖАНОВ Абайділдә (1901, бұрынғы Торғай обл. Торғай уезі – 1931, Алматы қ.) – Батпаққара көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі. 1918 жылдан бастап Кеңес өкіметінің жергілікті билік орнында қызмет еткен. 1921 ж. Торғай уезінің 2-ауд-нда, кейін Наурызым ауд. милиция бөлімінің бастығы болды. 1928 ж. ауданда байлармен байланысы бар деген желеумен қызметтен алынып, партия қатарынан шығарылды. 1929 ж. күзде Кеңес өкіметінің аграрлық саясатынан, шаруаларға үстеме алым-салықтың үдеуінен, жаппай қуғын-сүргін шараларынан шыдамы таусылған халықты ұйымдастырып, көтерілісшілердің аудан орт. Батпаққараны алуына, онан соң Наурызым ауд-ның шаруаларын көтеруге көп күш салды. 1929 ж. қарашада Наурызым ауд. 2-а. тұрғындарын

бастап көтеріліске шықты. Жазалаушы отряд Батпаққараны босатып алған соң, көтеріліске қатысқандарды қудалау кезінде Б. 30 адаммен бой тасалап, жеке әрекет етті. Бірақ көп ұзамай қолға түсіп, ОГПУ «үштігінің» 1931 ж. 8 ақпанындағы үкімімен атылды.

Әдеб.: Алдажұманов К., Крестьянское движение сопротивления. В кн.: Депортированные в Казахстан народы, А., 1998.

Қ.Алдажұманов

БЕКМАХАНОВ Ермұқан (15.2.1915, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 6.5.1966, Алматы қ.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1946), проф. (1949), Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі (1962). Б. – Абылай ханнан тараған жетінші буын. Воронеж пед. ин-тын бітірген (1937). Пед. ғыл.-зерт. ин-тының (қазіргі Білім академиясының) ғыл. қызметкері, директоры (1937–40) болған. Соғыс жылдары Халық



Е.Бекмаханов

ағарту комиссариатының басқармасын басқарды, сонымен қатар Қазақстан КП ОК-нің лекторы (1941–46) болып қызмет істеді. 1945 ж. Тарих, археология және этнография ин-тының аға ғыл. қызметкері, директорының орынбасары, 1947–51 ж. Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) оқытушысы, профессоры, кафедра меңгерушісі болды. Алғаш рет 1944 ж. «Қазақ ССР тарихындағы» (А., 1943) Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы тараудың авторы ретінде әділетсіз сынға ұшырады. «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» атты кітабында (1947) Кеңесары Қасымұлының көтерілісін (1837 – 47) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси қуғын-сүргінге душар болды. 1952 ж. 25 жылға бас бостандығынан айырылып, жер аударылды. 1954 ж. ақталып шыққан соң, ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі



болып тағайындалды. Қазақстанның 18–19 ғ-лардағы саяси, әлеум.-экон. тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғыл. еңбектер жазды.

М.Қозыбаев

БЕКІНІСТІК ШЕП – Ресей өкіметінің өз үстемдігін нығайту мақсатында қазақ жерлерінде салған қамалды қорғаныстар жүйесі. 18 ғ-дың 30–40-жылдарында Қазақстанның батыс және солт. шекараларына алғашқы Б. ш-тер салына бастады. Верхне-Яицкіден (қазіргі Верхно-Уральск) Тобылдағы Звериноголовск қамалына дейін ұз. 770 км-ге жуық Уйск Б. ш-бі жасалды. Омбыны Семей және Өскеменмен жалғастыратын ұз. 930 км Ертіс Б. ш-бінің қабырғасы тұрғызылды. 1752–55 ж. Звериноголовск қамалы мен Ертіс аралығында ұз. 560 км-ден асатын жаңа Есіл Б. ш-бі салынды. Бұл Уйск және Ертіс Б. ш-терін бір-бірімен байланыстырды. 19 ғ-дың 2-жартысында Сырдария бойы мен Жетісу өңірінде де Б. ш-тер салынды. Гурьев, Орал, Орынбор, Троицк, Петропавл, Семей, т.б. қамалдар Б. ш-тер құрамына кірді.

БЕРЕН КЕЖІМ – ат сауытының бір түрі. Тері не мата астарға, жабуға жалпақ-жалпақ болат тақташаларды қайыспен не шегемен бекітіп жасалатын Б. к. аттың мойнын, кеудесін, сауырын, бүйірін жауып тұратын бірнеше бөліктерден құралады. Бұл сауыт бөліктері бір-біріне баумен, ілгекпен жалғанады. Хандар мен атақты батырлардың атына арналған Б. к-нің астына қалың матадан жабу салынып, етегі шашақпен әшекейленеді. Петроглифтерде осындай сауыт кигізілген ат үстіндегі батырлар бейнелерін кездестіруге болады.

Қ.Ахметжан


БЕСАТАР – конструктор С.И. Мосин (1849–1902) жүйесі бойынша жасалған (1891) 7,62 мм калибрлі винтовка. Оқсауытына 5 патрон салынатындықтан, Б. аталып кеткен. Оқ жүретін оқпанының ішкі қабырғасы бұрандалы-қазнақты бұл қару аз ғана өзгерістерге ұшырай отырып, Ресей және Кеңес армияларында 60 жылдан астам уақыт бойы қолданылды. Б-дың 1891–1930 ж. үлгісінің салмағы найзасымен 4,5 кг, минутына 10–12 оқ ата алады, нысаналық қашықтығы 2000 м. 1907 ж. Б. винтовканы негізге ала отырып, қарабин жасалды.

Б.Құрманалиев

БЕСЕУДІҢ ХАТЫ – қазақ зиялыларының БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге жолдаған хаты (1932 ж. 4 шілде). Бастапқыда И.В. Сталинге арналып жазылған. Б. х. республикадағы мал ш-ның күйрегендігі салдарынан елді алапат ашаршылық жайлағандығын айтып сақтандырған алғашқы дабылдардың бірі болды. Хатта қазақ ауылындағы әлеум. қайта құрулар бүкілхалықтық қасіретке айналып, барлық әлеум. топтарды – байларды, орташаларды, кедейлерді қамтығаны, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, алым-салық жинаудағы қиянаттар жұрттың жаппай аштық пен індетке, ауа көшуіне әкеліп соққандығы шыншылдықпен баяндалды. БК(б)П Қазақ өлкекомының а.ш-н басқару жөнінде жүргізген қатыгез саясаты сынға алынды. Бірақ құжатта жергілікті жерлерде жіберілген «асыра сілтеушіліктерге» солшыл коммунистер айыпты деп көрсетілді. Елді ауыр жағдайдан құтқарудың жолдары ұсынылды. Хаттың авторлары – жазушы Ғабит Мүсірепов (1902–1985), Қазақ мемл. баспасының менгерушісі Мансұр Ғатаулин (1903–1938), Алматы Комвузының басшы қызметкерлері Емберген Алтынбеков (1904–1954) пен Мұташ Дәулетқалиев (1904–1982), Қазақ АКСР Мемл. жоспарлау комиссиясының сектор бастығы Қадыр Қуанышев (1906 – ө.ж.б.) қуғынға ұшыратылды. Хаттың жазылуына Халком Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев түрткі болған. Б. х. қазақ зиялыларының тоталитарлық тәртіпке наразылығының бір көрінісі болып табылады.

Ж.Сүлеймен

БЕС ҚАРУ – қазақ батырлары қолданған жауынгерлік қарулардың жалпы атауы. Б. қ-ға соғыста кесу, шабу, түйреу, соғу, ату арқылы жауына жарақат салатын, өзіндік қолдану әдісі бар қылыш, айбалта, найза, шоқпар, жақ (садақ) сияқты қарулар жатады. Әр қарудың өзінің бірнеше түрлері, үлгілері бар. Мыс., кесу қаруына қылыш, семсер, сапы, т.б. үлгілері; шабу қаруына – айбалта, жауынгерлік балта, оның өзге де түрлері; түйреу қаруына – найза, сүңгі, жыда; соғу қаруына – шоқпар, күрзі, босмойын шоқпар, сылкетер, т.б.; ату қаруына – жақ, кейін шыққан мылтық түрлері жатқызылады. Бұрынғы кезде қарудың бір түрін пайдалануды өте шебер меңгерген жауынгерлерді



Бес қару: 1) қылыш, 2) айбалта, 3) найза, 4) шоқпар, 5) садақ

бір топқа біріктіріп, арнаулы садақшылар, найзагерлер, семсершілер қосындары бөлек-бөлек құрылып, оларды қажетіне қарай қолдану әдісі соғыс тактикасын анықтаған. Б. қ. әр түрлі әскери дәрежелерді белгілеуге де пайдаланылып, түрлі рәміздік рөлдер де атқарған. Мыс., жақ – ханның, патшаның рәмізі ретінде, найзаға тағылған байрақ, әскери ту – әскербасылық дәреже белгілері ретінде қолданылған. Б. қ. қасиетті, киелі саналып, оларды қастерлеу нәтижесінде көптеген әскери салт-дәстүрлер қалыптасты.

Қ.Ахметжан

БИНАЗАР (шамамен 1802, Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. – 1860, сонда) – батыр. Ұлы жүздің дулат тайпасының шымыр руынан. Қоқан хандығына қарсы күресте Сыпатай батырдың сенімді серігінің бірі болған. Жасы ұлғайған шағында Шү өз-не тоған салып, ауылын егіншілікпен айналысуға баулыған. Б. батырдың бейіті Хантауы қыратының «Сұңқар» деген шоқтығында орналасқан.

Ә.Хасенов

БОДАНДЫҚ (орыс. «подданство» – азаматтық) – еркінен айырылу, тәуелділік, кіріп-тарлық. Ерте дәуірлерде құқықтық категория ретінде қалыптасқан Б. атауы дәстүрлі қазақ ұғымында «отарлану», «өзге мемлекетке бағынышты болу» деген мағынаны білдірген. Адамзат қоғамының дамуы барысында Б. қарым-қатынастың сан алуан түрі пайда болды. Мыс., орта ғасырларда бір феодалдың (вассалдың) екіншісіне (сеньорға) жеке басының тәуелділігі «вассалдық

жүйе» деп аталды. Әсіресе, 8–9 ғ-ларда Бат. Еуропа елдеріндегі агр. қарым-қатынастардың күрт өзгерістерге толы даму қарқыны вассалдық жүйені әлеум. ин-т ретінде жетілдіре түсті. Жерге меншіктің иерархиялық сатыларында (король – ірі феодал – ұсақ феодалдар) пайда болып, кемелдене бастаған вассалдық жүйе кейін экон. қарым-қатынастан гөрі саяси, әсіресе, әскери одақ мазмұнын иеленді. Бат. Еуропа елдерінде жеке адамдардың арасында қалыптасқан вассалдық жүйе мемлекетаралық қарым-қатынас аясына да ене бастады. Вассалдық тәуелділіктің басты белгісі әскери көмек беру және алым-салық төлеу еді. Өндіргіш күштердің дамып, өнеркәсіптік нышандардың жетілуіне орай 19 ғ-да вассалитет мемл. аралық қарым-қатынастың пішімі ретіндегі мәнін өзгерте бастады. Оны империалистік мемл.-тер өздерінің отаршылдық саясатының мақсаттары үшін пайдалануға тырысты. Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен Орта жүздің біраз руларын билеген Сәмеке ханның Ресей бодандығын қабылдау актісі (1731 ж.) осы вассалдық қарым-қатынастың еуразиялық нұсқасы еді. 18 ғ-дың алғашқы жартысында Қазақ ордасының сыртқы-ішкі саяси жағдайы күрт шиеленісіп, не Ресей патшалығымен әскери одақ құрып, ел тұтастығын сақтап қалу, не шығыстан ентелей түскен Жоңғар хандығының шапқыншылығына ұшырап, тағы да тоз-тоз болу жолын таңдау тұрды. Қарамағындағы ұлысын жан-жақтан ентелеген сыртқы жаулардың езгісінен аман сақтап қалуды әрі ел ішіндегі билік аясын кеңейтудің қамын ойлаған Әбілқайыр хан Ресей Б-на кіруге ұмтылады. Ол кездегі қазақ билеушілерінің Б. туралы түсінігі қазіргі кезде «тәуелсіздіктен айырылу», «отарлану» мәнінде қолданылатын ұғымнан мүлдем басқаша еді. Олар Б. актісі арқылы Ресейдің әскери-саяси қолдауына ие болып, елдің ішкі дербестігін, сыртқы тәуелсіздігін сақтап қалуды көздеді. Бірақ, Қазан, Астрахан, Қырым хандықтарын күйретіп, Ноғайлы мен Сібір жұртын тоз-тоз қылған Ресей империясы қазақ даласына да метрополиялық үстемдік орнату мүмкіндігін барынша пайдаланып қалуға тырысты. Сөйтіп, Петр I тұсында мемл. сыртқы саясаттағы стратегиясы ретінде белгіленген жоспарды іске асыруға – Қазақстан арқылы Орта Азияға, Иран мен Ауғанстанға, Қытай



мен Үндістанға шығу әрекетіне жан-жақты әзірлікпен кірісті. Мәселен, Орынбор экспедициясының бастығы И. Кирилловқа берілген нұсқауларда Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясатының басты бағыттары – хандықтар иелігіндегі аумақты басып алу, әскери экспансияны өрістете отырып, халықты бір-біріне айдап салу арқылы қоғамды ішінен ыдырату мақсаты айқындалды. 1744 ж. 14 қаңтарда Орынбор өлкесінің алғашқы ген.-губернаторы И.И. Неплюевтің қазақ елін отарлау жөніндегі «қосымша жоспары» патша әкімш. тарапынан қолдау тауып, ұзақ уақыт бойы біртіндеп жүзеге асырылды. Шын мәнінде, бұл жоспар қазақ даласының шекарасына тұрақты әскери бөлімшелерді шоғырландырып, башқұрттарды қазақтарға қарсы қоюдың жобасы еді. Империяның бүкіл заң шығарушылық базасы екі елдің Б. қарым-қатынас жасау актісінде көзделген қарапайым шарттарды (мыс., ішкі басқару құрылымын сақтау, аумақтарға қол сұқпау, т.б.) өрескел бұза отырып, отаршылдық саясаттың жергілікті тіректері – ген.-губернаторлар мен әскери ген.-дың «ұлы орыстық» идеяға негізделген астамшыл ырқына қызмет етті. 1822 ж. Сібір ген.-губернаторы М.М. Сперанский мен оның көмекшісі Г.С. Батеньков әзірлеген «Сібір қазақтары туралы жарғы» 15 ғ-да негізі қаланған қазақ мемл.-тілігінің маңызды тірегі – хандық билікті жоюға бағытталды. 1867 ж. және 1868 ж. қабылданған «Уақытша ережелер» бойынша қазақ елінің дәстүрлі әкімш.-саяси құрылымының соңғы буыны – аға сұлтандар мен сұлтан-правительдер биліктен шеттетіліп, елді басқару тетігі жергілікті патша әкімш.-нің – әскери губернатордың құзырына берілді. «Орал, Торғай, Ақмола, және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша ереженің» 210-бабында «қазақтар жайлаған жерлердің барлығы мемлекеттік жер» деп жариялануы дәстүрлі ел билеу жүйесін жоғалтып, әкімш.-аумақтық тұтастығынан айырылған қазақ халқын отаршылық қыспаққа алуды, құнарлы жерлерін тартып алып, шөл-шөлейтті ендіктерге ығыстыру әрекетін заңдастырды. Бастапқыда әскери-саяси қолдау көрсетіп, мемл.-тілікті сақтап қалуға қамқорлық жасайды деген үмітпен Б-ына кірген Ресей патшалығының империялық жымысқы саясатына, қазақтың елі мен жерін отарлап, саяси

және рухани құлдыққа салу мақсатында жүргізген әкімш.-құқықтық реформаларына халық дүркін-дүркін наразылық білдіріп, қарсы тұрды. Сырым Датұлы, Есет Көгібарұлы, Исатай Тайманов, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Кенесары Қасымұлы, т.б. бастаған көтерілістер мемл. тәуелсіздігін қайтару жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа айналды. Патша өкіметі азаттық идеясын аяусыз жазалап, репрессиялық тәсілдермен тұншықтырып отырды (қ. *Қазақстанды Ресейдің отарлауы*). Кеңес өкіметінің тұсында отаршылдық саясат жалғаса берді. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор қ-нда Екінші Жалпықазақ съезінде Алашорда мемл.-тінің негізін қалау туралы арнаулы қаулы қабылданғанымен, «қызыл империя» қазақ халқының тарихи таңдауына – саяси-мемл. дербестікке жетуіне жол бермеді. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан ресми түрде мемл. тәуелсіздігін жариялап, азат ел ретінде әлемге танылып, өзге елдермен дербес дипломат., экон., т.б. қарым-қатынастар жасау мүмкіндігіне ие болды.

Әдеб.: Кенжалиев З., Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет, А., 1997; Бекмаханов Е., Присоединение Казахстана к России, М., 1957.

М.Ізімұлы

БОКИН Токаш (25.4.1890, бұрынғы Жетісу обл. Верный уезі, 6-ауыл – 19.9.1918, Алматы қ.) – Жетісудағы 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі. 1898–1906 ж. Верный



Т.Бокин

(қазіргі Алматы) қ-ндағы ер балалар гимназиясында білім алған. Одан соң 1914 жылға дейін Верный уезінің сот органдары мен қоныс аудару басқармасында тілмәш болған. 1914–16 ж. Санкт-Петербург қ-нда сот палатасында жұмыс істеген. Патша үкіме-

БОҚТЫ КӨТЕРІЛІСІ

тіне қарсы түрлі саяси ұйымдардың бағдарламаларымен танысады. 1916 ж. елге оралған Б. қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу ошағы жетекшілерінің бірі болды. 1917 ж. большевиктер басқарған саяси күштермен жақындасып, Жетісу облысында Кеңес өкіметін орнатуға ат салысты. Ол 1918 ж. 2–13 қаңтар аралығында Верный қ-нда өткен Кеңес өкіметін орнатуды жақтаған Жетісу обл. шаруалар депутаттарының 2-съезіне қатысты, одан соң Жетісу соғыс-рев. к-тінің мүшелігіне сайланды. Большевиктік өкіметтің жергілікті (болыстық, ауылдық, селолық) жүйесін құру ісіне қатысып, жергілікті әскери бөлімдерін жасақтап, оларды 1918 жылдың көктем және жаз айларында азық-түлікпен қамтамасыз етуге күш жұмсады. Өлкеде азамат соғысы етек алған кезде ол саяси күрестің құрбаны болды.

К.Нұрпейіс

БОҚТЫ КӨТЕРІЛІСІ – күштеп ұжымдастыру, байларды тәркілеу саясатының салдарынан аштыққа ұшыраған халық наразылығы. 20 ғ-дың 30-жылдарына қарай Қазақстанның қоғамдық өмірінде Кеңес өкіметі енгізген байларды кәмпескелеу, халықты отырықшылдандыру, ұжымдастыру саясаты белең алды. Осы саясат салдарынан елдің ғасырлар бойғы қалыптасқан тұрмыс ерекшеліктері, салт-дәстүрі, өмір сүрудің өзегі болған мал ш-на нұқсан келіп, елдің берекесі кетті. 1927 ж. қараша айында Қазақстанның VI партия конференциясы байларды тәркілеу мәселесін талқылап, ірі байларды мал-мүлкі мен жер-суынан айыруға, айдатып, жер аударуға жол ашты. Елге түрлі салықтар салынып, онсыз да күйі кеткен ауылдарды қатты күйзелтті. 1927–31 жылдардағы Кеңес өкіметінің сыңаржақ саясатынан туындаған орынсыз талап пен шексіз қиянатынан зардап шеккен халық барлық өңірлерде ірілі-ұсақты көтерілістерге, наразылықтарға шықты. Сол жылдары Кеңес саясатына қарсы 372 халық наразылығы болып, оған 80 мыңнан астам адам қатысқан деген деректер бар. Сондай көтерілістердің бірқатары 1930 жылдары Семей өңірінде орын алды. Олардың қатарында Өскемен және Зырян көтерілістері, Шұбартау, Абыралы, Шыңғыстау көтерілістері және тарихы әлі толық зерттелмеген Боқты көтерілісі бар. Бұл көтеріліс Қарқаралы-Балқантау өлкесіне жататын, бұрынғы Қарқаралы уезі, Ақсары болысына қарасты №1 ауылында

(1928 жылдан Қу ауд. №10 а.) болған. Жаппай ұжымдастыру кезінде осы аймақта «Кедей теңдік», «Жаңа жол» ұжымшарлары, ірі қара өсіретін «Скотовод» бөлімшесі ұжымдастырылған. Ол жер – «Майдан» қыстағы. Көтеріліске Қарқаралы ауд-мен көршілес Темірші болысының №14, 15 ауылдарынан (кейін Жөншілік, Ленин атынд. ұжымшарлар) шаруалар қосылған. Бәрінің наразылық себептері ортақ: еріксіз ұжымдастыру мен тәркілеу, салықтан қалған малды ортақтастыру, аты да (астық, ет, тұяқ салығы, сүйек, мүйіз т.б салықтар), саны да көп салықтардың елді күйзеліске ұшыратуы. Боқты тауының аймағында қоныстанған ауылдар халқының наразылығы айтыстартыспен басталып, соңы қарулы қақтығысқа ұласып, Кеңес өкіметінің тарихына «Боқты көтерілісі» деп енгізілген. Көтерілісті «Тасөткел» деген жердегі үлкен ауылдың ел ағалары, ағайынды Сәрік ұлдары Әбді, Әшкер және Мұқаш деген ақсақалдар мен азаматтары басқарған. Көтерілістің шығып кетуіне №15 ауылдың салықшылары тікелей себепші болған. «Тасөткелдегі» (№10 а.) Әбді мен Әшкер Сәрікұлдары ауылына салық төлетуге келген ауылдық кеңес төрағасы Масайын Әбілдин, хатшысы Жүніс Сүлейменов, салық жинаушы Кәріпбек Нарынбаев тобы азын-аулақ малымен күн көріп отырған а-дың әр шаңырағына 30 қадақтан «астық салығын» жүктеген. Егін салмайтын елге малынды сатып, астық қыл деген салық басшысы халыққа қыр көрсетіп, мылтық кезенген. Жағдай осылай ушығып кетіп, ауыл тұрғындары оларды қарусыздандырып, елден қуып шығады. Осы наразылық көтеріліске ұласып, көтерілісшілердің негізгі күші де, штабы да «Тасөткелде» орналасты. Елден біраз қару-жарақ жиналды. Оның көбі 1921 ж. Дутов армиясының есауылы Токарев бастаған отряды Қытайға қашып, Боқты тауының бауырымен Аяғөзге өтіп бара жатқанда Әбді, Әшкер а-ның азаматтары ебін тауып алып қалған ондаған винтовка, граната болған деген дерек бар. Екінші дерек бойынша: 1929 жылдың ақпан айында фельдшер Дүтбаев, Рязанцевтар Қарқаралы милициясына қару-жарақ, ауд-ға пошта әкеле жатқанда, көтерілісшілер шабуыл жасап, 4-5 винтовка, 1000-ға жуық патрон тартып алған. Көтерілісшілерге кеңес қызметінде жүргендердің ішінен ақыл-кеңесін, қол ұшын беріп, көмектесушілер де болған. Қу ауд. ке-



нес атқару к-тінің орынбасары болған Әміре Жақаманов деген азамат көтерілісшілерге басшылық, ұйымдастырушылық жасаған. №15 ауылының ұстасы Абылайдың Асқары деген шебер қару-жарақтар әзірлесе, кеңес тұтқынынан қашқан ақтың 1–2 солдатты атыс қаруларын қолдануға үйреткен. Ұйымдаса, топтаса келе Әбді мен Әшкердің отряды 150 адамға жетіп, маңайындағы ұжымшарға ұйымдасқан ауылдарды өздеріне қаратады. Көтерілісшілер үлкен күшке айналып бара жатқан соң Қу ауд. ішкі істер бөлімінің бастығы Хасен Рахымов, ОГПУ бастығы Несіпбай Тоқыровтардың шақыруымен Қарқаралы, Баянауыл ауд-дарынан 40–50 адамы бар отряд келген. Наурыздың 14-і күні ауд. орт. Егіндібұлақты алу үшін Әбді Сәрікұлы мен Мәкет Нұрсұлтанов бастаған 150 адамдық көтерілісші отряд жолға шығады. Олар Қу ауд-нда ұйымдастырылған 100 адамдық өкімет әскерімен Байқожа тауының сыртындағы «Саршоқы» деген жерде кездескен. Бірақ екі жақ соғысқа бармай, түнге қарай көтерілісшілер шегініп кеткен. Көтеріліс басшылары сабырға келіп, ағайынның өзара қырғынға ұшырауын тоқтатқан. Көтерілісшілер шағын шабуыл, қоқан-лоққы жасап, текетіреспен жүргенде Семейден жедел хабармен А.Чупиннің 2 пулеметі бар, қару-жарағы сайлы 22 солдаттан тұратын жазалаушы отряды жетіп үлгерген. Сол кезде Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау көтерілісшілерін асқан қатыгездікпен басқан әскери айла-тәсілі мол Чупиннің жасағына қарапайым ауыл шаруаларынан құралған, қару-жарағы да мардымсыз көтерілісшілер төтеп бере алмады. Жазалаушылар көтерілісшілердің ауылда қалған қарттары мен әйел-балаларын алдарына қалқан етіп айдап, шабуылға шыққан. Амалы таусылған көтерілісшілер қаруларын тастауға мәжбүр болған. Кеңес өкіметінің жергілікті билігі көтеріліске қатысушыларды аяусыз жазалады. 69 адам жауапқа тартылып, белсенді басшылары саналған 19 адам ату жазасына бұйырылды. Елдің жүрегін шайлықтыру үшін көтеріліске қатысқандардың көптеген отбасы мүшелерін «Астау тас» деген жерге апарып атып тастаған. Уақыт өткен сайын ел жадынан өшіп бара жатқан осындай көтерілістер, наразылықтар қазақ елінің азаттық жолындағы күрестерінің бір беті болып тарихта қалды.

Ә.Әбдіхалықұлы, Д.Наушабай

БОҚЫМАШ Шоланұлы (1875, Маңғыстау өңірі, Үстірт – 1931) – Адай көтерілісі басшыларының бірі. Орта шаруаның отбасында дүниеге келген. Кеңес өкіметі оны байлар қатарына қосып, 1920 жылдан бастап қуғынға салды. Тәркілеуге ұшыратты. 1930 жылдың аяғына дейін қазіргі Батыс Қазақстан обл. Жымпиты ауд. Жақсыбай деген жерде тұрған. Мұсылманша оқыған, елге абыройлы көшбасшы болды. 1931 ж. көктемінде Адай окр-нің теріскей бетінде жергілікті азаматтар бірнеше кеңес өткізіп, өкіметтің озбырлығына қарсылық көрсету керек деп шешеді. 1931 ж. наурыз айында Адай руының азаматтары Б-ты хан көтерді. Төрт кісіден тұратын хан кеңесінің мүшелері, ханның орынбасары (Қарамырза Ембергенұлы), әскербасылар (Рахмет Әминұлы, Маймай Салғараұлы, Өзбек Ертіреұлы, Қазақ Шиненұлы, Асан Шыңғалиұлы) тағайындалды. Қолға түскен Б., баласы Рахмет көтерілістің 15 басшысы қатарында атылды.

І.Сариев

БОПАЙ (т.-ө.ж.б.) – Кеңесары Қасымұлы көтерілісіне белсене қатысушылардың бірі, Кеңесарының қарындасы. Көкшетауда дүниеге келген. Қасым төренің Санжар, Есенкелді, Ағатай, Көшек, Кеңесары және Наурызбай атты 6 ұлының арасындағы жалғыз қызы. Деректерде Бопы болып та кездеседі. Б. бойжеткен шағында Әбілқайырдың Сәмеке деген ұлына ұзатылады. Жастайынан сұлулығымен, өжеттігімен көзге түскен. Өзінің күйеуі мен оның туыстары сұлтан Сартеке, Досан Әбілқайыровтарды көтеріліске қосылуға тартады. Олардан келісім ала алмаған соң, 1837 ж. өзінің 6 баласын ертіп, көтерілісшілерге қосылады. Б. 600 адамнан тұратын ерекше топты басқарды. Көтерілісшілердің бұл тобы Кеңесары әскерлерін жабдықтаумен шұғылданып, елден зерек, көтеріліске қосылмаған сұлтандардан мал-мүлік жинады. Б. қатысқан шайқастардың ішіндегі ең ірісі – 1838 ж. Батыс Сібір ген.-губернаторлығының терістік батыс аудандарына бағытталған Аманқарағай дуанына шабуылы. 1840 ж. Қасым төре, балалары Көшек, Б. қолдау іздеп, Хиуаға барар жолда (Созақ маңында) Ташкент бегінің қолына түсіп, Б. Әзірет бекінісіне қамауға алынады. Көшек Ташкентке жіберіледі. Тұтқында жүріп Б. Кеңесары әскерінің құрамындағы ұлы Нұрқанның Ақтөбе жасағының қолына тұтқынға түскенін естиді. Б. 1847 ж.

БОПАЙ



қырғыз манаптарына қарсы шабуылда Кенесарымен бірге болған. Дүние салған жері Ырғыз бойы. Ақтөбе обл. Әйтеке би ауд.-нда Б. атында ауыл бар. Зираты осы ауылдың тұсындағы төбешік басында орналасқан.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Қазақстан XIX ғ.-дың 20 – 40 жылдарында, А., 1994.

Е.Пірімбетова

БОПАЙ, Б ә т и м а (шамамен 1690 – 31.5.1780, Батыс Қазақстан обл. Елек өз. бойы) – ханым, Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан қайраткер, мәмілегер. Төре тұқымынан. Б. күйеуі Әбілқайырдың түпкі мақсаты Жайық казактарының, орыс бодандығындағы башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын тоқтату, жоңғарларды түпкілікті талқандау



Бопай ханым. Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж.

екендігін және бұл күрделі мәселелерді уақытша болса да, Ресей империясына бодан болу арқылы шешуге тырысқандығын терең ұғынған. Сондықтан да Әбілқайырдың осы бағыттағы саяси қадамдарына қолдау көрсеткен. Ол ханымның 1731 ж. 22 қарашада орыс патшайымы Анна Иоанновнаға, 1748 ж. 5 қазанда Елизавета Петровнаға, әр уақытта Орынбор әкімш.-нің басшыларына жазған хаттарынан айқын көрінеді. Күйеуінің қазасынан кейін де Б. өзінің ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайыр саясатының өз жалғасын табуы баласы Нұралының әке орнын басуына байланысты екендігін терең ұғынған Б. батыл әрі ойлап-пішілген қадамдар

жасайды. Орта жүз бен Кіші жүздің беделді билері мен батырларының Нұралыны хан көтеруге келісімін алғаннан кейін ғана, Б. патшайым Елизавета Петровнаға, келесі күні бригадалық ген. А.И. Тевкелев пен Орынбор губернаторы И. Неплюевке қисынды өтініш хаттар жолдайды. Осы хаттарды жеткізу үшін аталмыш екі жүздің 8 беделді биі Орынборға, одан кейін Санкт-Петербургке аттанады. Нұралыны «қырғыз-қайсақ ханы» етіп бекіту туралы Елизавета Петровнаның 1749 жылғы 2 мамырдағы жарлығы, онда Б. ханымның хатына да сілтеме жасалуы, канцлер А.П. Бестужев-Рюминнің Б-ға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауы ханым саясатының жеңісі еді. Б. Әбілқайыр әулетінің дәрежесі мен беделін көтеруге ұмтыла отырып, орынсыз қантөгістің болмауын, ел іргесінің сөгілмеуін қалады. Сол үшін де ол күйеуінің кегін алуға «аттандатпай», Барақ сұлтанды жазалауды орыс әкімш. арқылы заңдастырып алуға тырысты. Қоғам дамуының негізгі көзі тыныштық өмір екендігін, тірлігін ат үстінде өткізген халықтың болашағы бұлдырлығын ұғынған ханым орыс әкімш. Елек өз. бойында қала салдыртуға да үгіттейді. Қазақ-жоңғар қатынастарына тигізген әсері, Қайып хан мен Нұралы ханды бітістіруге бағытталған әрекеттері Б-дың ел бірлігін қамтамасыз етуге тырысқан мәмілегерлік ниетін аңғартады. Б. орыс-қазақ қатынастарындағы және сол кездегі қазақ қоғамындағы шешімін таппай жүрген кейбір мәселелерді талқылау үшін Орынбор әкімш.-нің басшыларымен кездесіп, келіссөз жүргізгісі келеді. 1740 ж. Санкт-Петербургке ресми сапармен барып, Анна Иоанновнаға жолығу ниеті де болған. Б-дың зеректігі мен тапқырлығы жөнінде ағылшын суретшісі Дж. Кэстльдің, Әбілқайыр ордасында болған орыс шенеуніктерінің жазбаларында біршама деректер келтіріледі. Тарихи құжаттармен жақсы таныс А.И. Левшин 19 ғ.-дың 30-жылдарында: «Бопай... өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің құрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті» деп жазды. Б. Елекке құятын Жосалы өз-нің жоғарғы жағындағы қорымда жерленген.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI – XVIII веках, А.-А., 1961; Кэстль Дж., 1736 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы, А., 1996.

К.Есмагамбетов



БОРАНБАЙ Жарылқасын (23.2.1947 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Бала Бөген мекені) – жазушы, журналист. Шымкент қ-ндағы М.Әуезов атынд. пед. ин-тының филология ф-тін бітірген. Мектеп-интернатта мұғалім, Оңт. Қазақстан обл. және Алматы қ-ндағы Орт. білім жетілдіру ин-тында әдіскер, кабинет меңгерушісі, Созақ ауд.



Ж.Боранбай

гізеді. Ресей шенеуніктерінің назарына ілініп, қуғын-сүргінге түседі. Б.С-тың өлең-толғаулары негізінен патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы бағытталған. «Күнде жасып жүргенше, көздегі шерлі жас кепсін, Құлдықпен өмір сүргенше, қанжығада бас кетсін» деп ұрандатты жауынгер ақын. Кеңес үкіметі кезінде «Қазақ халқының ұлы орыс



С.Боранбайұлы

«Молшылық үшін» газетінің бас редакторы, орта мектептердің директоры болып жұмыс істеген. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері. Жиырмадан астам жыр, тарихи-танымдық, шежірелік кітаптардың авторы. Ол жазған «Созақ көтерілісі» кітабы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Ұлт-азаттық қозғалысы» сериясының 21-томы болып жарық көрді. «Қазақ хандығы» Қорының төрағасы. Қазіргі кезде ол «Алаш» тарихи-зерттеу ортнда ғыл. қызметкер болып еңбек етеді.

БОРАНБАЙҰЛЫ Саршолоқ (1858–1929, Ақтөбе обл.) – 19 ғ-да Ақтөбе өңіріндегі ақындық дәстүрді жаңа сатыға көтерген ақпа ақын. Отарлық езгіге қарсы күрескен. Өз шығармаларында Исатай, Махамбет, Сырым, Көтібар, Есет, Ерназар, Бекет батырларды дәріптеген. 1905 жылғы Мырзағұл Шыманұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің ұраншысы болды. Ол көтерілісті кеңес үкіметі амалсыз мойындап, «Қазақ Кеңес энциклопедиясында»: «Мырзағұл Шыманұлы.... 1903 жылы Біршоғыр, Шалқар станциясында басталған шаруалар көтерілісін басқарды... Патша өкіметінің отарлық саясатына ашықтан-ашық қарсы шықты», – деп жазды. М.Шыманұлы Ресей түрмесінде өлгеннен кейін де, Б.С. отарлық езгі, құлдық бұғауға қарсы елін көтермек болып, әрекеттер жасайды, үгіт-насихат жұмысын жүр-

халқына қосылуына қарсы болған адам» деген атақ алған. Осыған байланысты батыр ақынның іс-әрекеті, шығармалары зерттелмей, жиналмай қалған.

Әдеб.: Дүйсенбаев Ә., Асанов Ж., Сарышолоқ шайыр, Ақтөбе, 1997; Асанов Ж., Сарышолоқтың ақындық шеберлігі, Жұлдыз, 1998, №8; Ақтөбе энциклопедиясы, 2001.

Ж.Асанов

«БОСҚЫН ҚЫРҒЫЗДАРҒА ЖӘРДЕМ КОМИТЕТІ» – «Қазақ» газетіндегі (№232) хабарлама (3 маусым 1917 ж.). Авторы – А.Найманқожа баласы. Мәтіні төмендегідей: «Былтырдан бері 10 болыс қырғыз, орыс жерінде орыстан, қытай жерінде таланып, Құлжа алабында топалаң тиген қойдай аштықтан қырылып жатқанын көріп, Құлжа исполнительный комитетінің председателі Ювашев мұсылманы бар қалаларға телеграмм соғып, білдіріп еді; мынадай жәрдемдер келді: Алматы қазақтарының комитетінен 10 000 сом, «Уақыт» басқармасынан 598 сом 22 тиын, Ырғыз уезі комитетінен 251 сом 65 тиын, Павлодар мұсылмандары комитетінен 275 сом, Ақтөбе мұсылмандары бюросынан 300 сом, Семей мұсылмандары комитетінен 1000 сом, Түркістаннан Нәсіровтан 100 сом, Омбы имамы Пономаревтан 117 сом, Троискіден Яушовтан 835 сом, Құлжа мұсылмандарынан 1240 сом, – бәрі 14716 сом. Мұндай жәрдемдер келген соң, председатель Ювашев Құлжа мұсылмандарын жиып, ертерек



ескермей, қараспай жатқандарын айтып, енді жәрдем көрсетпей отырсақ – бүтін Россия мұсылмандарының алдында ұятты болармыз деп, аш қырғыздарға азық беру комитетін ашалық деді. Жиылған жұрт сарты, ноғайы бар, даяр екендігін білдіріп, 38 кісі ағза сайлап, «босқын қырғыздарға жәрдем комитетін» ашты. Председателі Ювашев, қазнашы Фетчалилин, хатшы Сабиоров болды. Бұдан соң Құлжа мұсылмандарынан мына кісілер жәрдем берді: Хасен хажы Мұсабаев 1000 сом (бұл кісі қыс бойы бір мыңдай босқын қырғызды бағып шығыпты. Қала кісілерінің айтуынша, босқын қырғыздар үшін 35 мың сом ұстапты). Зәкіржан Алдияров 1000 сом, «Тяньшан» серіктігі Низамалдин 1000 сом, Мырзаид Қабылбаев 500 сом, Ювашевтар 400 сом, Масғұд Сабиоров 200 сом, Сағдадлин Хасенов, Хабдалхамид Барақов, Мұса Абулқасымов, Қожахмет Мұқтаров, Инғалжан ақун, Рузи Мұхамед Ахунбаев 100 сомнан, ...Құлжа мұсылмандары бұдан басқа да жәрдем жинап жатыр; Комитет аштыраарға тиісті жәрдемің беріп жатыр. Қытай, дүнгенге сатылып һәм тамақ үшін ықтиярсыз тұрған қырғыз қатын-қыздарын босатып жатыр. Текес жағындағы таланды, өлген, қалғанын, кімдер талағанын тексеріп, жазып алып қайтуға 4 кісі жіберілді: үшеуі ноғай-сарт, біреуі қазақ. Қырғыздардың орыс жеріне өткені де бар. Көбі Құлжа алабында. Анық есебі белгісіз. Комитет атынан келген жәрдемдерді, сол комитет алабында һәр кім жиып, комитет атынан жіберді ме екен ияки мұсылман комитетіне жиылған ақшадан жіберді ме екен? Хат арқылы білдірулерін өтінеміз. Телеграмм берілген һәр қаладан һәм берілмеген мұсылманы бар жерлерден «Жәрдем Комитеті» күтіп тұрады. Жәрдем жіберу үшін адрес: Кульджа, кит, влад., председателю Сиддыку Ювашеву. А.Найманқожа баласы».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2-том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.

БОСҚЫНШЫЛЫҚ – қалыптасқан саяси-әлеуметтік, экономикалық және табиғи-климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың ата қоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, ауа көшулері. Босқыншылық соғыс салдарынан да орын алады. Қазақ халқының тарихындағы осындай үлкен Б. 18 ғ-дың 20-жылдарында жоңғар қалмақтарының қазақ же-

ріне баса-көктеп кіруіне байланысты орын алғаны белгілі. Тарихшы А.И. Левшиннің мәліметтеріне қарағанда, осы зобалаң барысында Ұлы жүздің қырғыннан аман қалған қалдығы Орта жүздің біраз бөлігімен бірге Ходжентке қарай, Орта жүздің үлкен бөлігі – Самарқанға, аз бөлігі Хиуа мен Бұхараға босқын түрінде қаша көшкен. Бұл алапат оқиға ел аузында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Сауран айналған» деген атаумен белгілі. Үлкен Б. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын Ресей үкіметінің аяусыз басып-жаныштауы барысында да орын алды. М. Тынышбаев осы кезеңде Жетісу обл-ндағы екі ғана уездің өзінен «босқан қазақ 67 мың 650 жан, қырылғаны 35 мың 100 жан» болғаны туралы мәлімет береді. Босқындардың едәуір бөлігі Қытайға ауды. Қазақ зиялылары, Алаш қозғалысының қайраткерлері Ә. Бөкейханның, А. Байтұрсынұлының, М.Дулатовтың, М.Тынышбаевтың осы босқындарға көмек көрсету ісін белсенді ұйымдастырушылар болғаны тарихымыздан белгілі. Алайда Қытайға босқан қазақтарды өздерінің отанына қайтару тек Уақытша үкімет пен Кеңес билігі тұсында мүмкін болды. 1917 ж. 6 желтоқсанда «Қазақ» газетінде М. Тынышбаев жариялаған дерек бойынша осы босқындардың 95200 адамы қайтыс болған. Қазақ жеріндегі келесі бір үлкен Б. 1918–20 жылдардағы Азамат соғысы тұсында және 1921 ж. орын алды. Жұт, малдың көктайғақтан қырылуы, қыстың ерте түсуі, шөптің жетіспеуі тәрізді себептерге қосымша, большевиктердің қазақтар қолдарындағы малды Қызыл армия пайдасына жаппай тартып алулары, осындай жүгенсіздіктердің ақтар тарапынан да орын алулары қазақтарды жаппай Б-қа және қырғынға ұшыратты. Ресми мәліметтер бойынша, Қазақстандағы шаруашылықтар саны 1917–23 ж. 25,3%-ға, ал ауыл тұрғындарының саны 38%-ға кеміп кеткен. Б. ауыртпалығы халық санасында терең із қалдырды. М. Тынышбаев «Қайың сауған» деген ұғымды түсіндіре келіп, босқындардың қайың ағашының сөлімен қалай тамақтанып, күн көргендері туралы халық естелігін әңгімелейді. Ол 1918 ж. Б. кезінде босқындар корегіне айналған заттарды ата-бабалары жоңғар шапқыншылығы тұсында да пайдаланғанын, олардың арасында далалық картоп тәрізді «жаужұмыр», пиязға



ұқсайтын «алғыр», «kozyқұйрық» (саңырау-құлақ) тәрізді өсімдіктер кездесетінін айтқан болатын. Жан түршіктірер алапат Б. қазақ жерінде 1930–33 ж. көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру және күшпен ұжымдастыру барысында орын алды. Бұл кезеңде жаппай ашаршылықтан аман қалған босқындар санының өзі ғана 1 млн. 150 мың адамға жуық болды. Бұлардың ішінде Қытайға, Иранға, Ауғанстанға өтіп кеткен қазақ босқындары 100 мыңға жуық еді. Сонымен қатар көрші кеңестік республикаға 300 мыңнан астам босқындар бытырап кетті. Бұл жылдары Қазақстанның өз ішіндегі қонысынан ауа көшкен босқындардың қалың легі т.ж. ст-лары мен вокзалдарын қаумалап, үздіксіз орын ауыстырды. Босқындардың ауыр жағдайлары Т. Рысқұловтың, Л. Мирзоянның және т.б. кісілердің И. Сталинге жолдаған хаттарында нақты көрсетілген (қ. «Бесеудің хаты»). Б-тың кең өріс алуы Қазақстан басшылығын босқындарды орналастыру мәселесімен жүйелі де жоспарлы түрде айналысуға мәжбүр етті. 1932 ж. 31 наурызда өлкелік партия к-тінің бюросы «Қоныстарынан ауа көшкен кедейлер, орташалар қожалықтарын қайтаруды және Қазақстанның өз ішінде орналастыруды ұйымдастыру туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулы негізінде осы мәселе бойынша мемл. комиссия құрылды. Осындай комиссиялар обл. атқару к-ттері төрағаларының басшылығымен жергілікті жерлерде де құрылды. Бұл комиссиялар жіберген уәкілдер босқындарды елге қайтарумен және орналастырумен айналысты. Алғаш 30000 босқын шаруашылықтарына көмек беру көзделді. 1932 ж. 13 сәуірде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Басқа аудандардан Қазақстанға оралып жатқан қазақтар шаруашылықтарына көмек көрсету туралы» қаулы қабылдап, онда Қазақстанға 1 млн. пұт көлемінде азық-түлікті несиеге бөлу және 2 млн. сом қарыз беру туралы шешімге келді. Қазақстан үкіметі босқындар сандарын анық білмейтіндіктен, босқындардың біразы көмек ала алмады. Мыс., 1932 ж. 20 тамызда Қазақстанның 6 облысынан келіп түскен мәлімет бойынша осы мерзімге дейін 35000 босқын шаруашылықтарын орналастыру жоспарланған болса, ата мекенге қайтып оралғандар саны шын мәнінде 75670 босқын шаруашылығын құ-

рады. Л.Мирзоян 1933 ж. 29 наурызда И.Сталиннің және В.Молотовтың атына жолдаған хатында босқындар жағдайының ауырлай түскенін, олардың қозғалысымен Қазақстанның 71 ауданы қамтылғанын және жәрдем берілетін шаруашылықтар саны 150000-ға дейін көбейгендігін атап көрсетті. Ол орталықтан көмекке 1 млн. пұт тары бөлуді, шекара пункттерінде жәрмеңкелер ұйымдастыруды, Бат. Қытайдан мал сатып алуды, қазақтарға кеңшарлардан сиырларды көптеп сатуға рұқсат етуді өтінді. Бұл өтініш негізінен қабыл алынды. Қазақстан үкіметінің ресми мәліметі бойынша, 1934 жылдың 1 қаңтарында есепке алынған босқындар саны Қазақстаннан тыс жерлерден қайтып оралғандарды қосып есептегенде, 139,6 мың шаруашылық болып шықты. Бұл Қазақстандағы барлық шаруалар шаруашылықтарының 22%-на жуығы, ал қазақ шаруалары шаруашылықтарының барлығының 30–40%-ы еді. 1934 ж. 1 қазанға дейін Қазақстанда 138,6 мың босқын шаруашылықтары орналастырылды. Осылайша, босқындар мәселесі негізінен 1934 ж. шешілді. Алайда олардың шағын топтар түрінде Қазақстанға біртіндеп қайта оралулары 1937 жылға дейін байқалды.

Әдеб.: Қазақ қалай аштыққа ұшырады? (Қасіретті жылдар хаттары), А., 1991; Қойгелдиев М., Омарбеков Т., Тарих тағылымы не дейді?, А., 1992; Омарбеков Т., 20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті, А., 1997.

Т.Омарбеков

БОСТАНДЫҚ – елдің ішкі және сыртқы саясаты саласында әлеуметтік субъектілердің (жеке адамның, топтардың, қоғамдық-саяси ұйымдардың, т.б.) өз мақсаттары мен мүдделеріне орай әрекет жасау еркіндігі; құқықтық мүмкіндіктер аясы. Адамдардың қол жеткізген Б-тары тарихи дамудың нәтижесі болып саналады. Қоғамдық дамудың кейбір қайшылықтары мен кереғарлықтарына қарамастан, қайсыбір тарихи кезеңдерде жеке адам иеленетін Б-тар аясы кеңі түсетіні дәлелденген. Ал «саяси Б.» ұғымы азаматтардың саяси белсенділігін, саяси өмірге ұдайы қатысып, қоғамдық оқиғаларға, әлеумет үшін мәні зор шешімдер қабылдау процесіне тікелей ықпал етуге қабілеттілігін білдіреді. Оның іргелі қағидалары Адам құқыларының жалпыға бірдей декларациясында негізделген. Жалпы, саяси Б. негізде-



рі кез келген өркениетті елдің конституциясында, арнаулы заңдары мен құқықтық жосындарында бекітілуге тиіс. Мыс., ҚР Конституциясында азаматтардың мемл. органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауына және оларға сайлануына шек қойылмайды; сондай-ақ, сөз және шығарм. бостандығына кепілдік беріледі; цензураға тыйым салынып, еркін түрде ақпарат алу және тарату еркі берілген, әркімнің ар-ождан, бірлесу бостандықтарын иеленуге құқы бар. Осы орайда адамдар, әлеум. топтар мен жіктер өздерінің құқыларымен қатар жауапкершіліктерін де айқын ұғына отырып, саясат субъектісі ретінде көрінуге тиіс. «Саяси субъектілік», яки саясат субъектісі болуға қабілеттілік дегеніміздің өзі Б. мәселелерімен етене байланысты ұғым. Азаматтардың Б-тары аясы кең, құқықтық мүмкіндіктер өрісі неғұрлым биік болған сайын, елдің демокр. даму деңгейі соғұрлым жоғары бола түседі.

Д.Жамбылов

БОСТАНДЫҚ КӨТЕРІЛІСІ – Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы 1929 ж. 27–30 қыркүйекте Сырдария округінің Бостандық ауд-нда (қазір Өзбекстан аумағында) орын алған жергілікті халықтың наразылық қимылдары. Кеңес өкіметінің астық даярлау науқанында ауыр салықтар салуы, басшылардың зорлық-зомбылығы аудандағы қазақтардың, өзбектердің, қырғыздардың, т.б. ашу-ызасын тудырды. 1929 ж. 27 қыркүйекте Піскем а-нда ашынған халық ауылдық кеңес төрағасы Т.Дадабаевтың үйіне баса-көктеп кіріп, оны өлтіреді. Б. к-н ұйымдастыруда Т.Мұсабаев пен Ө.Майлыбаев белсенділік танытты. Олар 1929 ж. тамызда Шатқал алқабында жасырынып жүрген басмашылар тобының басшысы И.Чаныбековпен астыртын байланыс орнатады. Өз кезегінде Чаныбеков көтерілісшілерге қолдау көрсетті. Көтеріліске 500-дей адам қатысты. Әлеум. құрамы жөнінен бұлардың көбісі орташалар мен кедейлер болатын. Б. к-не аудандағы 19 елді мекеннің 12-сі қатысты. Көтерілісшілер аудан орталығы Ходжикентті қарсылықсыз алғанымен, жазалаушы отрядтың келе жатқанын естіп шегінуге мәжбүр болды. Олар Шымған демалыс үйін тонап, ондағы 27000 сом қаражатты бөлісіп алды. Жазалаушы отрядпен алғашқы қақтығыста көтерілісшілер жағынан 8 адам өліп, 20-ға тарта адам тұтқынға алынды. Бричмолла қыстағы тұбін-

де болған шайқаста көтерілісшілерге Чаныбековтің басмашылар тобы көмекке келді. Шайқас екі сағатқа созылды. Көтерілісшілерден 50-ге тарта адам қаза тапты. Аман қалған көтерілісшілер Чаныбековпен бірге Көксу бағытына қашып, жасырынды. Алайда көтеріліске қатысушылар ОГПУ-дің тынбай іздестіруінің нәтижесінде көп кешікпей түгелдей тұтқындалды. 1930 ж. 2 қаңтарда өткен БК(б)П Қазақ өлкелік партия к-тінің жабық бюро мәжілісінде Ф.И. Голощекин Б. к-не «бандиттік», «контрреволюциялық» деген сипаттама берді. Көтерілісшілер қатаң жазаланды. ОГПУ «үштігінің» шешімімен 1930–33 ж. көтеріліске қатысқан 2 адам ату жазасына кесілді, 36 адам 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагеріне жіберілді, 7 адам 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударылды.

Әдеб.: Омарбеков Т., Зобалаң, А., 1994; соныкі, 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, А., 1997.

Т.Омарбеков

БӨКЕЙ ОРДАСЫ – Ресей императорының рұқсатымен құрылып, 1801–45 ж. Еділ мен Жайық өз-дері аралығында болған қазақ хандығы. Ішкі орда немесе Бөкей хандығы деп те аталады. 18 ғ-дың соңына қарай Кіші жүзде Қаратай, Жантөре, т.б. сұлтандардың таққа таласып өзара қырғи-қабақ болуы және ұлттық езгінің күшейе түсуі халықтың тұрмыс-тіршілігін күйзелтті. Кіші жүз қазақтарының дені тіршілік етуге «жеңілдеу» басқа жерлерге көшуді көкседі. Сондай қолайлы жердің бірі – Жайық пен Еділ аралығындағы Нарын құмы болды. Бұл өңірді қалмақтар тастап кеткеннен кейін (1771) ешкім қоныстанбаған болатын. «Қалмақ аймағы» деп аталған осы жерге Кіші жүз қазақтары үлкен үміт артты. Мұны Бөкей сұлтан пайдаланып қалды. 1801 жылдың басында ол Нарынды тұрақты қоныс етіп бекітіп беру жөнінде Павел I-ден рұқсат сұрады. Павел I өзінің 1801 жылғы 11 наурыздағы жарлығымен Бөкей сұлтанның тілегін орындады. Ресей үкіметі бұдан ұтылған жоқ. Біріншіден, Кіші жүз екі иелікке бөлінді. Демек, ол саяси жағынан әлсіреді. Екіншіден, Еділ мен Жайық аралығындағы сауда жолдары қауіпсіздендірілді. Содан Ресей өкіметінің Қазақстанға ықпалы күшейе түсетін болды. 1806 ж. патша жарлығы негізінде Б. оның нақты шекарасы, сонымен қатар жәрмеңке орындары белгіленді. 1808 ж. шілде-



нің 17-і күні патша жарлығымен Б. о. Астрахан әскери губ-сы мен Орынбор шекаралық комиссиясына бағындырылды. Патша нұсқауында Б. о. Ресей империясына бағынады делінгенмен, Бөкей сұлтан Жайық пен Еділ аралығындағы жерде қазақ руларын өзі басқарды. Әуелде ордадағы үй саны 5 мыңдай болса, 1812 ж. 7500, 1819 ж. 8500, 1825 ж. 10490 үйге жетіп, халық саны 50 мыңнан асты. 1815 ж. Бөкей хан қайтыс болды. Жәңгір ер жеткенге дейін хандық уақытша Бөкейдің туысы Шығай сұлтанға көшті. 1823 ж. таққа Жәңгір отырды. Ол билікті нығайтуға тырысты. Басқару әкімш. өзгертілді. Орталықтан басқарылатын әкімш. (хан депутатында – 10, хан кеңесінде – 10, старшынесауылы – 14 адам болды, базар сұлтаны, арнаулы тергеуші, іс жүргізетін кеңес) құрылды. Әрбір ірі немесе бірнеше ұсақ рудың басына Жәңгір өз туыстарын, өзіне шын берілген сұлтандар мен билерді қойды. Ру ішіндегі аталарды старшындар басқарды. Тағайындалған ру басшылары мен старшындарды Орынбор шекаралық комиссиясы бекітті. Б. о-ның әкімш. орт. Орда қ. 1826 ж. салынды. Б. о-н жан-жағынан орыс әскерлерінің бекініс шептері қоршап жатты. Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда, мұнда тауарлы-ақша қатынасы басымырақ өркендеді. Б. о-нда егіншілік жанданды. 1840 ж. хан ордасында бастауыш орыс-қазақ мектебі ашылды. Б. о. жерінде 1836–37 ж. Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс болды. Көтеріліс хан ордасын шайқалтып тастады. 1845 ж. Жәңгір өлгеннен кейін хандық өкімет жойылды. Хандықтың орнына Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша кеңес құрылып, оған патша шенеуніктері басшылық етті.

Әдеб.: Шахматов В.Ф., Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова, А.-А., 1946; Зиманов С.З., Россия и Букеевское ханство, А.-А., 1982; Мәшімбаев С.М., Патшалық Ресейдің отарлау саясаты, А., 1994. Е. Пірімбетова,

Ш. Аманжолова

БӨКЕЙ ОРДАСЫНЫҢ МҰРАҒАТЫ – Қазақстандағы алғашқы мамандандырылған мұрағаттық мекемелердің бірі. Мұрағат тарихы 18 ғ-дың 90-жылдарынан басталады. Негізін салған Бөкей хан. Бұл мұрағат алғашында хандардың жанында болса, 1845 ж. Бөкейдің ұлы Жәңгір хан өлгеннен кейін, Бөкей ордасын басқарған уақытша кеңестің

қарамағына көшті. Оның құжаттары 1870 жылға дейін бірнеше рет реттеліп, құндылығы жағынан сарапталып, іріктелді. Жылдар өткен сайын мұрағатта Бөкей ордасын басқару, оның экон., мәдени өміріндегі маңызды жаңалықтар, қазақ халқының тарихына қатысты әр түрлі мәліметтер жинақталды. Мұрағат қорында Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысына, И.Тайманов бастаған көтеріліске байланысты материалдар молынан кездеседі. Азамат соғысы кезінде (1918–20) мұрағат талан-таражға түсіп, кейбір істер мен тізбелер жоғалды. Қаржының тапшылығы, құжаттарды сақтайтын арнайы ғимараттың болмауы, білікті мамандардың жетіспеуі салдарынан мұрағат дағдарысқа ұшырады. Бөкей губ. жойылғаннан кейін көне мұрағаттың тағдыры Орал губ. атқару к-тінің мәжілісінде (9.5.1925) қаралып, мұрағатқа жеке ғимарат берілді. 1927 ж. наурыз айында Б. о. м-ның құжаттар кешені Алматыға көшірілді де, қазіргі Қазақстан Орт. мемл. мұрағатының қарамағына алынып, күні бүгінге дейін осы мекемеде сақталып келеді. Б. о. м-ның кезінде Санкт-Петербург, Мәскеу, Астрахан, Орынбор, Қазан қ-ларындағы Ресей мұрағаттарына алынған кейбір маңызды құжаттары кері қайтарылмаған.

М.Қайырғалиев

БӨКЕЙХАН Әлихан Нұрмұхамедұлы (25.3.1866, бұрынғы Семей обл. Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-а. – 27.9.1937, Мәскеу қ.) – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Б. – Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед – Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен Б-ды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879–86 ж. Қарқаралы қ-ндағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886–90 ж. Омбыдағы тех. уч-шеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890–94 ж. Санкт-Петербургтегі Орман ин-тының экономика ф-тінде оқыды. Б. Ресей жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынды». Ол ин-тты бі-



тіргеннен кейін Омбыға барады. Онда орман ш. уч-щесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасты. Соц. бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, оның редакция алкасы құрамына енді. 1896–1903 ж. Щербина экспед. жұмысына қатысты. Б. сияқты қазақ зиялыларының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне 1-орыс революциясы ерекше ықпал етті. Студенттік және омбылық өмірінің алғашқы кезеңінде маркстік бағытта тұрған Б-ның саяси көзқарасы өзгерді. Ол қазақ даласын отарлау саясатына білек сыбана кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін



Ә.Бөкейхан

әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді, сонымен бірге орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы тұрған саяси күштерге сүйенуді алға тартты. Б. 1905 ж. қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде қазақ халқының тіл, сайлау, дін, т.б. бостандықтары мәселесін көтерді. Ол осы жылы «Халық бостандығы» (конституциялық-демократиялық) партиясының мүшелігіне, ал 1906 ж. оның ОК-сінің құрамына енді. Б. конституциялық-демократиялық партияның Қазақстанда бөлімшесін ашуға ынта білдірді. 1906 ж. маусымда Семейде өткен қазақ сайлаушыларының съезінде Б. «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасын қуаттап сөз сөйледі. Б. I-Мемл. думаға Семей обл. қазақтары атынан депутат болып сайланды. Бірақ ол I-Мемл. дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Б. Дума өз жұмысын бастаған кезде Дала ген.-губ-ның негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургке жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау

үшін Финляндияның Выборг қ-на жүріп кеткен екен. Б. да солардың артынан аттанып, Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 ж. Омбыда шығатын кадеттік «Голос степи», «Омиш» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 ж. Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. Сол жылы Самараға жер аударылып, 1909–17 ж. Дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істеді. 1912–17 ж. кадеттер партиясы ОК-нің мүшесі болды. 20 ғ-дың басындағы қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Б. зор еңбек сіңірді. 1914 ж. маусымда Мемл. думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен шақырылған Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты, мұсылман фракциясы бюросының тұрақты мүшесі болды. I-дүниежүз. соғыс жылдары майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. ел азаматтарына қажет түрлі көмек көрсету ісіне басшылық жасады. Осы мақсатта 1917 ж. 15 ақпанда Минскідегі земство және қала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімінің бастығы қызметін Б. атқарды. 1917 ж. 20 наурызда Уақытша үкіметтің Торғай обл. комиссары және Түркістан к-тінің мүшесі қызметіне тағайындалды. Б. ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыс басшысы дәрежесіне көтерілген алғашқы қазақ болатын. Ұлттық мемлекет құру Б-ның түпкі мақсаты болды. Ол Уақытша үкіметке, сондай-ақ, кадет партиясына үлкен үмітпен қарады. Бірақ оның бұл үмітінің негізсіз екендігіне көзі жетіп, кадет партиясынан шығады. Оның жетекшілігімен 1917 ж. шілдеде 1-жалпықазақ съезі өткізілді, сондай-ақ, «Алаш» партиясы құрылды. Б. 1917 жылдың күзі мен қысында мемл. бостандыққа жетудің түрлі жолдарын қарастырды. Г.Н. Потанин бастаған Сібір автономияшыларымен қатынас жасап, Сібір автономиясы құрыла қалған күнде Қазақстанның оның құрамына енуін жақтады. Міне, осындай жағдайда Б. мен А. Байтұрсынұлы бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы мен ұйымдастыруы бойынша 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орын-



бор қ-нда қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – кеңестік билікке қатынас жөнінде баяндаманы Б. жасады. Съезд қазақ облыстарын бүліншіліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт Кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылдады. 25 орыннан тұрған бұл үкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Б. сайланды. Азамат соғысы басталып кеткеннен кейінгі кезеңде Б. бастаған Алашорда өкіметі кеңес билігіне қарсы күресіп, ақ казактар мен патша генералдарының жағында болды. Большевиктер партиясы ұсынған бағдарламаны қазақ қоғамын үлкен апатқа ұрындыруы мүмкін деп бағалап, ал қазақ коммунистерін орталық биліктің қол шоқпары ретінде айыптады. 1918–19 ж. Алашорда жасақтары қызыл әскерге қарсы шайқастарға қатысты, кеңес билігін қолдаған казактарды жазалады. Кеңес өкіметі 1919–20 ж. алаш қозғалысына қатысқандарға жариялаған кешірімнен кейінгі уақытта да Б. өз ұстанымына сенімді күйде қалды. Кеңес билігі тұсында ол туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. 1920 ж. Қазақ АКСР-і Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 ж. ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты (Мәскеу қ.) жанындағы Орт. баспаның ғыл. қызметкері, 1926–27 ж. Ресей ҒА-ның ғыл. қызметкері болды. Сталин басқарған жоғ. билік рев-ға дейінгі қазақ зиялыларына, оның ішінде Б-қа сенімсіздік танытты, қоғамдық қызметін теріс бағалап, шектеп отырды. 1925 ж. Қазақстандағы саяси билікке Ф.Голощекин келгеннен кейін жүргізген оның қоныс аударушыларға кең жол ашу саясатына жол бермеу үшін қазақ қожалықтарына қажет жер нормасын анықтау мақсатында КСРО ҒА жанынан проф. С.П. Швецов бастаған экспедицияны құру ісіне белсене араласып, оның құрамына өзі де енеді. Қазақстанда қоныс аударушыларға жарарлық артық жер жоқ екендігін ғыл. тұрғыдан негіздеп берген бұл комиссияның жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары Голощекинге және орт. мекемелерге ұнай қойған жоқ. 1926 ж. Б-ды Мәскеуден бақылаушы орындардың рұқсатынсыз шығып кеткені үшін ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, кейін қайтарып, Бутырка абақтысына жабады. Келесі 1927 ж. одақтың Егіншілік комиссариатында ол проф. Швецов ұсынған жер нор-

масын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді әшкерелеп сынға алды. Б. 1927 жылдың 1 қазанынан бастап Мәскеуде, ОГПУ орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. Үкімет орындарының, жеке адамдардың оның Қазақстанда тұрып, қызмет істеуіне рұқсат сұрап орталыққа жасаған өтініштерінен нәтиже шықпады. 1937 ж. 27 қыркүйекте КСРО Жоғ. соты әскери алқасының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілген. 1989 ж. 14 мамырда КСРО Жоғ. сотының қаулысы бойынша, әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Б. қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, қысқасы, әлеум.-экон. жағдайын жан-жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі. «Киргизы» атты еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақта 1910 ж. Санкт-Петербургте басылып шықты. Бұл еңбекте қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген көзқарасын, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсеткен. Б. назарынан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі де тыс қалмаған. Оның бұл тақырыпта 1923 ж. Ташкентте «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты кітапшасы шыққан. *Әдеб.: Аманжолова Д., Казахский автономизм и Россия, М. 1994; Нурпейісов К., Алаш һәм алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995.*

М.Қойгелдиев

БӨКЕНБАЙ БАТЫРДАН ТАРАҒАН ТАРХАНДАР. Бөкенбай Қарабатырұлы (кейбір деректерде Қараұлы) – Кіші жүздің табын руынан, оның ішінде тарақты бөлімінің жиенбет атасынан тараған қазақ батыры. Шежірешілердің айтуынша, Бөкенбайдың әкесінің шын есімі Алдасүгір. Қарабатыр – лақап аты. Жазбаша деректерде Бөкенбай Қараұлы деп беріледі. Бөкенбай батыр Қарабатырұлы шежіреде 1681 ж. туылған деп көрсетіледі. Белгілі тарихшы Ә.Мұқтар Бөкенбай Қарабатырұлының туған жылына қатысты зерттеулер бойынша, тама Есеттің 1667 ж. туғандығы анықталғандығын ескеріп, Бөкенбай Қараұлының Есет Көкіұлына ағалығын және қайын ағалығын есепке алсақ, батырдың 1667 жылға дейін дүниеге келгендігін аңғаруға болады дейді. Орыс жазба деректері Бөкенбай батырдың туған жылын шамамен 18 ғ-дың үшінші ширегі деп көрсетеді.



Бөкенбай Қарабатырұлынан тараған ұрпақтарынан батырлық даңқымен қатар, тархандық атақты ұрпақтарына мұраға жалғаған атақты батыр Тіленші тархан балалары – Жоламан Тіленшіұлы мен Бостыбай Тіленшіұлдарының есімдері мұрағат құжаттарына да түскен. Сырым батыр Датұлының замандасы әрі азаттық үшін күрестегі жорықтас жолдасы Тіленші батыр Бөкенбайұлының туған жылы белгісіз. Белгілі зерттеуші Н.Бекмаханованың: «Патша үкіметінің шенеуніктері Нұралы ханды биліктен алып тастауға қорықты, тәуекел ете алмады, сондықтан XVIII ғасырдың 80-жылдарына дейін хандықты қолдады. Сырым батыр бастаған қозғалыстан кейін ғана хандықты жоюға шешім қабылдады. Кіші жүзде 1783 жылы губернатор О.Игельстром ұсынған дистанциялық реформасы Қазақстандағы патша үкіметінің заңдарын қазақ қоғамына енгізу шараларының ең алғашқы бастамасы болды», – деген пікірі патша үкіметінің дәстүрлі хандық билікті жоюдағы әрекеттерін жүзеге асыра алмауларына басты кедергі батырлар ин-ты болғандығын көрсетеді. Мұнан біз Сырым, Тіленші, т.б. қазақ батырларының патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асыруға барынша кедергі келтіргенін, отаршылдардың қазақ даласына ішкерілеп енулеріне мықты тосқауыл күш болғандығын көреміз. Патша үкіметі отаршылдық мақсаттарын жүзеге асыру үшін, Кіші жүзде 1787 жылдың 19 қарашасында бас старшындық қызметке жеті адамды бекітеді. Олар – әлімұлы руынан: Сартай би, Қаракөбек би Құшайбиұлы (Қосбайұлы), Мұратбек Айбашұлы; байұлы руынан: Сырым Датұлы, Қаратау би Ғұмырыұзақұлы; жетірудан: батыр Тіленші Бөкенбайұлы, Жанболат Қарабанұлы. Осы жетеудің ішіндегі Сырым мен Тіленшіге старшындық атақпен қоса ұрпақтарына мұраға кететін патша сарайының мөрі басылған тархандық грамота тапсырылған. Тіленші Бөкенбайұлы 1800 ж. ұлт азаттығы үшін күрестегі қанды қақтығыста қаза табады. Тіленшінің жолын одан ары қарай ұлы Жоламан тархан жалғастырады. 1841 жылғы қыркүйек айының басында Бұхар хандығымен келіскен хан Кенесарының Ташкентке бет алған әскері құрамында табын рулары да болды. Жоламан тархан бастаған табын ауылдарының Хиуа бағытына көш түзеулеріне түрткі болған себебін, Ә.Мұқтар: «Патша әскерлері Ке-

несарының соңына түсті. Жағдай оңалмаса, сұлтан Кенесары Бұхарға кетуге мәжбүр болатынын және патша үкіметі 1000 қазақты Кавказға жібермекші деген әңгімелердің тарауы түрткі болғанын көрсетеді». Патша үкіметі мұндай әңгімелерді әдейі тарапып, Жоламан тарханның ауылымен Хиуаға қарай көшуін қалады. Мұндағы көздеген мақсаты Жоламан тархан мен Кенесары хандардың патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттығы көтерілісінің шынайы мақсатын бұрмалау үшін, көтеріліс басшыларын қазақтарды Хиуаға бағындыру мақсатында патша үкіметімен соғысқан етіп көрсету болды. Жоламан тарханның 10 ұлы болған. 2 бауыры – Есенаман мен Әжібайда 9 ұл, ал Едіге бауырынан қалған 6 ұл болған. Бұлардың барлығы Жоламан тархан Тіленшіұлымен бірге көшіп-қонып жүрген. Жоламан тархан бастаған ұлт-азаттық көтерілісі (1823–48 ж.) сәтсіздікпен аяқталғанымен, Ресей патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы 18 ғ-дың 50-жылдарындағы тама Есет тарханның башқұрт бауырлармен бірге бастаған отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттығы күресінің және Сырым тархан Датұлы мен өз әкесі Тіленші тархан Бөкенбайұлы бастаған (1783–97 ж.) ұлт азаттық қозғалыстарының жалғасы болды.

Әдеб.: Қалдыбай Б. Тарақты табын шежіресі. Ақтөбе, 2009; История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. Сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев. А., Дайк-Пресс, 2007; Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. А., Атамұра – Қазақстан, 1993; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (Сборник документов и материалов). А.-А. АН Каз ССР, 1961; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Таш., 1925; Восторгов В.В, Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в). Изд-во Наука Казахской ССР Алма-Ата 1968; ҚР ОММ. 4-қор, 1-тізбе, 4901-іс; Сариева Р.Х. Мұрағат және тарих: (мақалалар, баяндамалар). А., Арыс, 2004.

Ө.Исенов

БӨЛЕКЕЕВ Сауқым (т.ж.б. – 1843/44) – сұлтан, Сырдарияның төм. ағысы бойындағы қазақтардың ханы (1837 – 38). Ералы ханның немересі, Бөлкейдің ұлы. Ағасы Бөлекеев Қасым өлгеннен кейін оның өшін алу үшін қоқандықтармен аяусыз күрес жүргізді. 1837 ж. Хиуа ханы Аллақұлдың қолдауымен Кіші жүздің шөмекей руы қазақтары-



ның ханы болып сайланды. Сондықтан Хиуа ханына қарсы келмеген. Қоқандықтардың Сырдария бойындағы камаалдарына жорықтар ұйымдастырып тұрды.

Әдеб.: Ерофеева И., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв. – Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования, А., 1997.

И.Ерофеева

БӨЛТІРІК Атығанұлы (1870, Алматы обл. Райымбек ауд. Қарабұлақ а. – 1928) – айтыс ақыны. Құланаяқ Құлмамбеттің шәкірті. Бала кезінде ауыл молдасынан дәріс алған. Жасынан ел аралап, өнер қуған. Жетісу өлкесіне айтыскер ақын ретінде танылған. Атақты Жамбыл, Майкөт ақындармен айтысының үзінділері ғана жеткен. 1916 жылғы Қарқара ұлт-азаттық көтерілісі жайлы «Ел жарыла көшкенде» атты дастаны «Жаңа мектеп» журналында (1926, №9 – 10), «16 жыл» (1936, 1940) кітаптарында басылды. Шығармаларының көбі хатқа түспеген. Кейбір айтыстары мен өлең-жырлары «Қазақ совет фольклоры» (1935), «Айтыс» (1 т., 1965), «Жамбыл» (1946) жинақтарында жарияланды. «Азамат болсаң» (1993), «Ел жарыла көшкенде» (1998) атты жеке жинақтары жарық көрді. Б. шығармаларының қолжазбалары Қазақстан Орт. ғыл. кітапханасының сирек қоры мен Әдебиет және өнер ин-ты Қолжазба орталығында сақтаулы.

Т.Әлібек

БУХГОЛЬЦ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ (1714–20), Солт.-шығыс Қазақстанның Ертіс өз. бойына Ресейдің әскери бекіністерін салу үшін ұйымдастырылған. Қазақ даласын отарлау мақсатында 1714 ж. 22 мамырда Петр I Шығысқа лейб-гвардия подполк. И.Д. Бухгольц басқарған арнаулы әскери экспедицияны аттандыру туралы жарлыққа қол қойды. Қарулы экспедицияның жасақталуына Бат. Сібірдің бірінші ген.-губернаторы князь М.П. Гагариннің «осы өлкеде құм-алтын шашылып жатыр» деген лақабы да түрткі болды. 70 зеңбірекпен жаракталған 3 мыңға жуық солдаты бар жасақ Тобыл қ-нан шығып, 1716 ж. Ертіс жағасында Омбы, Ямышев, 1717 ж. Железинск, 1718 ж. Семей, 1720 ж. Коряков (Павлодар), Өскемен бекіністерін салды. Соңынан Үлбі, Верблюжский, Черноречский, Осморожский, Семиарский, т.б. форпост-камаалдар орнатты. Жоңғарлармен арпалысып жатқан қазақтар Ресейдің бұл

басқыншылық әрекеттеріне қарсылық көрсете алмады. Аталмыш бекіністер кейін Ресейдің Сарыарқаны, Ертіс бойы мен Алтайды түгел басып алуына қолайлы жағдай туғызған Есіл, Кузнецк, Сібір, қазақтар «Қасірет белдеуі» деп атаған «Ащылыөзек», т.б. әскери шептердің құрылуына мүмкіндік берді.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Присоединение Казахстана к России, М., 1957; Касымбаев Ж., Экспедиция Бухгольца и создание прииртышских крепостей в начале XVIII в., Исторические науки, Вып. 1, А.-А., 1974.

Ж.Қасымбаев

БҰҒЫБАЙ (т.ж.б. – 1847) – батыр, қолбасы. Ұлы жүздегі шапырашты тайпасының ыстық руынан. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күреске белсенді түрде қатысып, ерлігімен көзге түскен. 1847 ж. жазда қырғыздарға жасалған жорық кезінде қоршауда қалып, ерлікпен қаза тапқан. Б-дың ерлігін Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» дастанында, Доскей ақын «Кенесары» дастанында жырга қосқан. М.Әуезовтің «Хан Кене» атты пьесасында Б. бейнесі негізгі кейіпкердің бірі ретінде берілген.

Әдеб.: Хан Кене (қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен хан-батырлар туралы тарихи толғамдар мен дастандар), А., 1993.

Қ.Бигожаұлы

БҰҚАРБАЙ Естекбайұлы (1822, Қызылорда обл. Жалағаш ауд. –1898 ж.ш., Қараөзен өз. бойы) – батыр, шешен. Кіші жүздегі табын руының теке аталығынан. Әуелде ру намысын қорғап батыр атанған. Кенесары Қасымұлына қосылғанға дейін Қоқан бек-



Бұқарбай батыр ескерткіші



терінің ықпалында болған. Б. Кенесары көтерілісіне алғашқылардың бірі болып қатысып, 1847 жылға дейін көрнекті батырлардың қатарында аталады. Ол 1838 ж. тамызда Ақмола бекінісін алуға қатысты. 1850 ж. Б-дың жасағы Қазалы, Арал, Қосқорған бекіністеріне шабуыл жасап, казак-орыстар мен қоқандықтарды жеңді. Орыс тіліндегі деректерге қарағанда, Б. осы шайқастардың бірінде ауыр жараланып еліне қайтып, бейбіт еңбекпен айналысады. Егіншілікпен айналысып, Сырдария сағасынан күні бүгінге дейін ұрпақтары пайдаланатын «Бұқарбай арығын» (ұз. 25–30 км) қаздырады. Өмірінің соңғы жылдарын ел ішінің тыныштығын сақтауға арнаған. Ол өзінің беделі мен ықпалын, шешендік қабілетін араздасқандарды табыстырып, дау-тартыстарды әділетті шешуге жұмсаған. Б. батырдың ерліктері ақын-жыраулардың мұраларында, тарихшы Е.Бекмахановтың зерттеулерінде, жазушы І.Есенберлиннің «Қаһар» романында, зерттеуші Қ.Бердәулетовтің «Бұқарбай батыр» кітабында көрініс тапқан.

Әдеб.: Бұқарбай батыр, А., 1992; Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова: Сб. документов, А., 1996.

Т.Дайрабай, Г.Жорабаева

БҰҚАТ Қанапияұлы (1897, Қытай, Шығыс Түркістанның Алтай аймағы – 1941, Үрімжі) – қоғам қайраткері. Шыңжаңдағы «Абакия» мектебін бітірген. 1933 ж. сәуірден бастап Сарсұмбе ауд-ның әкімі болған. Қытай билеушісі Уй Жыңго және Махын бастаған дүнген басқыншыларына қарсы күрес жүргізді. 1939 ж. 11 сәуірде Шэн Ши Сай өкіметі Б-ты тұтқынға алады. Бірақ көтерілісшілердің талабы бойынша, ол Алтай аймағының ген.-губернаторы болып тағайындалады. Алтай қазақтарының көтерілісінен кейін Б. қайта ұсталып, Үрімжідегі абақтыда азапталып өлтіріледі.

Ж.Сәмитұлы

БҰХАР ХАНДЫҒЫ – Орталық Азиядағы Шайбани хан негізін салған мемлекет (16 ғ-дың басы – 1920). 16 ғ-дың 2-жартысында хандықтың астанасы Самарқаннан Бұхара қ-на көшірілді. Б. х. деген ат осыған байланысты шыққан. Хандықта алғашында Шайбани әулеті (16 ғ-дың басынан 1598 жылға дейін), кейін Аштархан әулеті (1599–1740) және Маңғыт әулеті (1755–1920) билік жүр-

гізді. Шайбани әулеті билік еткен тұста Орталық Азиядағы саяси жағдайға байланысты Б. х-ның жер көлемі жиі өзгеріп тұрды. 1506–10 ж. Қазақ хандығына қарсы ұйымдастырған 4 жорығының алғашқылары табысты болғанымен, соңғысында Шайбани әскері Қасым ханнан ойсырай жеңілді. 1755 ж. ақсүйектер мен дін иелерінің қолдауына сүйенген маңғыт тайпасының жетекшісі Мұхаммед Рахым Б. х-ның тағына отырғаннан кейін мемлекеттің саяси-экон. жағдайы едәуір жақсара түсті. Ал әмір Хайдардың тұсында (1800 – 26) Хиуа, Қоқанмен соғыстар қайта жанданып, Бұхар әмірі қазақтар тарапынан қолдау күтті. Ресей отаршыларының қазақ даласына тереңдей енуі Бұхар әмірінің аландаушылығын туғызғанымен, Қоқан хандығымен жүргізіп жатқан соғысын тоқтатпады. Бұл соғысты Ресей отаршылдары өз мүддесіне пайдаланып, 1865 ж. Ташкентті, 1866 ж. Жизакты, Ходжентті басып алды. 1868 ж. Самарқан іргесінде Ресей армиясы әмір әскерлеріне қирата соққы берді. 1868 және 1873 ж. жасалған шарттарда Б. х. мен Ресей империясының арасындағы қарым-қатынас ережелері белгіленді. Б. х. Ресей протектораттығын қабылдауға мәжбүр етілді. Б. х. Ресей империясы қол астындағы мұсылмандардың 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басындағы рухани өмірінде елеулі рөл атқарды. Бұхара медреселерінде қазақ, татар, өзбек, башқұрт, қырғыз секілді түркі тілдес мұсылман халықтарының өкілдері діни білім алды. Б. х. Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің орнығуына барынша наразылық танытып, оған қарсы шыққан мұсылман зиялыларына қолдау көрсетті. 1920 ж. 2 қыркүйекте Қызыл Армия Бұхараны басып алды. Б. х-ның соңғы әмірі Сейіт Әлім хан Ауғанстанға барып паналады.

Әдеб.: Лагофетт Д.Н., Бухарское ханство под русским протекторатом, т. 1, 2, СПб., 1911; Ахмедов Б.А., Государство кочевых узбеков, М., 1965; История народов Узбекистана, т. 2, Таш., 1993.

А.Махаева

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ – Кеңес өкіметінің өз қарсыластарын қудалау, жазалау үшін құрған арнаулы органы. Оған Ф.Э.Дзержинский басшылық етті. Б. т. к. іс жүзінде полицияның әрі ішкі және сыртқы барлау ісін жүргізу міндетін атқарды. Қарулы Күштерді бақылап тұру үшін оның құрамында төтенше комиссия бөлімшелері



ашылды. Комиссия арнайы іріктелініп карамағына алынған 40 батальонға сүйене отырып, елде аяусыз қызыл террорды жүзеге асырды. «Үстем тап» өкілдерін қамайтын «еңбек мектебі» деп аталатын концлагерьлер ұйымдастырды. Оның 1920 жылдың 17 қаңтарына дейін ату жазасын қолдану құқы болды. 1922 ж. 6 ақпанда Бүкілресейлік ОАК Б. т. к-ны таратып, оның орнына Ішкі Істер Халкомының жанынан Мемл. саяси басқарма (ОГПУ) құруға шешім қабылдады.

Л.Динашева

БҮРКІТБАЙ Тұяқбайұлы (1906, Қытай, Алтай аймағы – 1944, Алтай, Сарсүмбе) – Шыңжаңдағы Алтай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысына (1940–44) қатысқан халық батыры. Б. өлкедегі Қытай үстемдігіне қарсы алғаш бас көтерген 40 жігіттің қатарында болды (1940, ақпан). 1943 ж. қыркүйекте көтеріліс басшыларының құпия хатын Төменгі Алтайдағы беделді азаматтарға алып бара жатқан жолда гоминьданшылардың қолына түсіп, кейін ату жазасына кесілді. Б-дың туған жерге, еркіндік пен теңдікке арналған «Ой, Ғайша» әні Алтай қазақтарының арасында кең таралған.

Т.Зәкенұлы

БІЛТЕЛІ МЫЛТЫҚ – білтемен от алатын мылтық атауы. Б. м. оқпан түбіндегі түтікшеге тамызық-дәрі салып, білтені шақпақпен тұтатып от алдыру жолымен атылады. Б.м. атауы арабтың «фатила» деген сөзіне байланысты шыққан. Мұндай мылтықтар ең алғаш шығыс елдері мен арабтарда пайда болды. 15 ғ-дың соңы 16 ғ-дың басында мылтыққа білте қыстыратын түтікше орнына серіппелі құлақша және оны қозғалысқа келтіретін шүріппе қондырылады. Бұл

от беру процесін біршама жеңілдетті. Шүріппелі мылтықтар әуелде Испанияда, содан соң Германия, Франция, Ресейде пайда болды. Мұны еуропалықтар мушкет деп атады. Оны бастапқы кезде мушкетерлер ғана қолданды. Ату сәтінде қатты тебетін болғандықтан, олар иықтарына былғарыдан мият (жастықша) байлап алатын болды. Бұлардың калибрі 20 мм шамасында, салмағы 8–10 кг болатын. Кезінде қазақтар арасына кең таралған бұл ауыр, ескі мылтық түрі туралы М.П. Вяткин былай дейді: «Қазақтар білтелі мылтық ұстаған. Мұндай мылтықты аттан түсіп, оның сирағын жерге тіреп барып атқан. Бұған сирақты көбінесе киіктің мүйізінен істеген» Шындығында, қазақтар да Б. м-ты жетілдіріп, атқан кезде тіреп қоятын жиналмалы ағаш сирақ қондырды. Жерге нық тұру және берік болу үшін оларды мүйізден не темірден жасады. Б. м-ты қолдануға қажетті оқшантай, дәрі салынатын құты – дөңдәу, шақпақ, т.б. кісе белдікке ілінеді. Б. м. 17 ғ-дың соңынан бастап алдымен Францияда, сонан соң өзге елдерде бірте-бірте қолданыстан шыға бастады. Қазақ жауынгерлері Б. м-ты 19 ғ-дың аяғына дейін пайдаланып, ұсталар оны одан әрі жетілдірді. Білте орнына мыс оталғыш (пистон) қыстырып, қарауыл темір орнатты. Жауынгер бабаларынан қалған Б. м-тарды кейбір ұрпақтары 20 ғ-дың 60-жылдарына дейін сақтап, кейін мұражайларға табыс еткен. *Әдеб.:* Вяткин М.П., Сырым батыр, А., 1961.

Қ.Ахметжан

«БІРЛІК ТУЫ» – алғашқы қазақ басылымдарының бірі. 1917 ж. 24 маусымнан 1918 ж. сәуір айының ортасына дейін Ташкент қ-нда аптасында 1 рет шығып тұрған. Негізін қалаушы әрі алғашқы редакторы – Мұстафа Шоқай. Газетті шығару ісіне Қ. Болғанбаев пен С. Қожанов тікелей атсалысты. Газет 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдай, сондай-ақ, ел ішіндегі әлеум.-экон. ахуал туралы хабарларды жариялап, елді бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы болды. Газет қазақтардан басқа, қырғыз, өзбек, татар, т.б. түркі халықтарының арасына кеңінен тарады. 1917 ж. тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыз съезі баспасөз туралы мәселе бойынша «жаңадан шыға бастаған «Бірлік туы» барша қазақ-қырғызға ортақ болсын» деген қаулы қабылдаған.



Білтелі мылтық



«Б. т.» Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметіне қолдау көрсетіп, бұл жөнінде «Түркістан автономиясы», «Бостандық һәм автономия», «Қоқан шаһарында болған жалпы мұсылман съезінің қаулылары», «Сырдария қазақ-қырғыз съезі» деген мақалалар жариялады. «Б. т.» кеңестік биліктің Түркістан өлкесінде орнығуына наразылық танытып, оның таптық негізді басшылыққа алған саясатын сынайтын «Кім дос, кім қас?», «Өзіміздің большевиксінгендерге», «Қазақ халқының дұшпандары», «Тұла бойы қан сасиды», «Қоқан қырғыны», «Мұстафа хаты», т.б. мақалалар жариялаған. Газет кеңес өкіметі тарапынан қысымшылық көріп, жабылды.

Л.Динашева

«БІРЛІК» ҰЙЫМЫ. Омбы қ-нда 1914 ж. ашылды. «Бірліктің» мақсаты оның бағдарламасында айтылған: қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлттық рухын ояту һәм ұлттықты сақтау, халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм үлкен кітаптар етіп бастыру, газет-журналдар шығару. Бастауыш, орта дәрежелі мектептерге оқулықтар жазу, мектепке түсемін деген шәкірттерге даярлайтын курстар ашу, мұқтаж шәкірттерге жәрдем көрсету, спектакль, концерт һәм басқа ойындар қойып, қазақтың ішінде театр саласын өркендету болды. Ұйымның саяси һәм шаруашылық туралы ұстаған жолы: кедейлерді байлардың, күштілердің зорлығынан құтқару, әйелге теңдік әперу. 1916 ж. «Б.» ұ. «Балапан» деген журнал шығарып тұрды. Қазақ жастарының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына отарлық езгінің күшті ықпал еткендігі, олардың қоғамдық ұйымға бірігуінің саяси мақсаты болғандығы жөнінде жастар қозғалысының рухани жетекшілерінің бірі Қошкелі Кеменгерұлы өзінің «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде былай дейді: «1913 жылдардан бастап орыс школдарындағы оқушы қазақ жастары топтана бастады, 1914 жылы Омбыда жасырын «Бірлік» ұйымы ашылды. Мұның мәдени мақсатының астары, көздеген нысанасы саясат екендігі, әлеумет наразылығы барлығы, 1916 ж. «Балапан» журналының алдында: «Балапан қанат қақты жас еді... амалсыз қақты... солтүстіктің суығына шыдай алмады... балапанды көріп: «қорама кір, қолыма тұр, қалған-құтқанды берермін» деп күледі солтүстіктің салқын жүрек, тас ба-

уыр адамы», – дегенінен көрінеді». Сөйтіп, қазақ жастары отарлық саясаттың шарықтау шегіне жетуіне байланысты азаттық үшін күрестің жаңа тәсілдерін қарастыра отырып, мәдени-ағартушылық ұйымдарға бірігуді көздеген. Бұл кезеңде тәуелсіздікке жетудің жолы бұрынғыдай қан төгісте емес, саяси күреске, әдіс-тәсілге келіп тірелгенін ұлт-зиялылары да, қазақ жастары да түсінген еді. «Б.» ұ. 1914–17 жылдардағы қызметіне байланысты мәліметтерді ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы өзінің «Мағжан және Сәкен» атты еңбегінде кеңінен келтірген. Ол бұл еңбегін сол кездегі Омбы семинариясының шәкірті, 1937 жылғы зұлматты зобалаңды басынан кешірген Тауған Арыстанбековтің естеліктеріне сүйене отырып, «Б.» ұ-на топтасқан қазақ жастарының қоғамдық қызметтерін баяндаған. Бұл деректер бойынша «Омбыдағы 100-ге тарта қазақ шәкірттерінің басын қосып ұйымдастырушылар Ш.Әлжанов пен Сәкен екен. Ұйым басшылығына да осы екеуі сайланыпты. «Әлжанов – председатель, Сәкен – орынбасар». «Бірлік» ұйымы алғаш құрылуында тек қана «әдеби ұйым» деп құлақтандырылған көрінеді. Бұған «әлеуметтік» немесе «саяси» деген атақты жалғастыруға осы кезде, әрине болмайды. Бірақ ұйымның негізгі мақсаты – әлеум. әрекеттер (оқушы жастарға қоғамшылдық тәрбие беру, ел арасында патша өкіметінің қысымына қарсы үгіт-насихат жүргізу сықылды) екенін «Бірліктің» әрбір мүшесі бірінші күннен-ақ жақсы білген. Сондықтан көп ұзамай «Бірліктің» ішінен екі жік шығады – «оңшылдар» және «солшылдар» топтары. «Оңшылдар» тобын Мағжан Жұмабаев (семинарист), Сейітовтер, ал «солшылдар» тобын Ш.Әлжанов пен Сәкен бастаған. Бұл екі топтың туу тарихы мынадай: Орынбордағы ұлтшылдар («Қазақ» газетіндегі) атынан М.Дулатов Мағжанға тіреп «Бірлікке» хат жазады. Хатында «Бірлік» жастарын ұлтшылдық жолға үгіттейді. Осы мәселені Мағжан «Бірліктің» жиналысына салып, Дулатовтың үндеуін қабыл алуға шақырады. Бұған Әлжанов пен Сәкен қарсы шығады, саяси жолдарын айтады. Айтыс үлкен болады, ақырында Сәкеннің ұсынысы бойынша бұл мәселе уақытша ашық түрде қалдырылады. Бұл ұсынысты кіргізгендегі Сәкеннің мақсаты кейіннен шәкірттерді үгіттеп, көпшілікті өз жағына аударып алу екен». Мұның

өзі ұйымның алғашқы уақытта тек мәдени-ағартушылық міндетін ғана жүзеге асыра алғандығын және сол кездің өзінде-ақ «Б.» ұ-на топтасқан қазақ жастарының арасында көзқарастарының әркелкі болғандығын көрсетеді. Сонымен бірге «Қазақ» төңірегіне жиналған ұлт-зиялылары «Б.» ұ-ның жастарын ұлт ісіне баулу мақсатында өз жастарына тартуға тырысқан. «Б.» ұ-ның саяси қызмет жолына түсуі 1917 жылғы қос революция және азаматтық қарсыласу кезеңінде ғана айқын байқалған болатын. 1916–17 оқу жылына келген шәкірттердің алдында «Б-тің» жеткешісін сайлау мәселесі тұрған еді. Мұның себептерінің бірі ұйымның ішіндегі басшыларының арасындағы бұрыннан келе жатқан пікір таластары болса, екіншіден Сәкен мен Шәймерденнің оқуларын тамамдап, ұйым ісіне араласпаулары болды. Оның үстіне 25 маусым жарлығына байланысты қазақ қауымының ішіндегі жағдай шиеленісіп тұрғандықтан, шәкірттердің ұйымына белгілі міндет-парыз артатындай болып көрінгені тағы бар. Осындай жағдайда тездетіп жиналыс шақырып, төраға сайлап алу қажеттігі өзінен-өзі туындады. Міне, осы тұста бұрынғы әңгіменің шет жағасын білетіндер «оңшылдар» мен «солшылдардың» екі орталығында бейтараптау жүрген Мұхтар Саматовты төрағалыққа сайлаған. «Б.» ұ-ның бағдарламасында көрсетілген мәселелер біртіндеп нақты өмірде жүзеге аса бастаған. Осыған сәйкес ұйым мүшелері орыс геогр. қоғамының ұйымдастыруымен жасақталған экспед-ға жазылып, шәкірттер жазғы демалыс кезінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен тарихи жәдігерлерді жинастыруға қатысқан. Олар өздеріне ешбір ақы талап етпестен, қаржы-қаражаттың өздерінің ұйымдарының қорына түсуі үшін аянбай еңбектенуге даяр еді. Сонымен, «Б.» ұ-ның құрылуы отарлық тәуелділікте болып келген қазақ халқының мәдени-ағартушылық, саяси-құқықтық еркіндіктерін түсіндіретін ұйымдарға деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін жасалған ұмтылыс еді. Қазақ жастарының алғаш рет қоғамдық ұйымдарға топтасуы жастардың оқып білім алуының арқасында болды. Алаш қайраткерлерінің қазақ жастарының оқуына мүдделі болып, саяси-рухани жағынан тәрбиелеуі және олардың ықпалы жастар ұйымдарының жұмысын жандандыруға үлкен демеу жасады.

Әдеб.: Сәдуақасов С., Жастарға жаңа жол, Таңдамалы, А., 2003. 2-т. 360 б.; Кеменгерұлы Қ., Таңдамалы, А., Өлке, 2002. 240 б.; Кәкішұлы Т., Мағжан және Сәкен: Ғылыми эссе: А., Қазақ университеті, 1999. 449 б.; Айбасов Е.Б., Один из первых, Документальная повесть. А., Издательство «Арыс», 2005. 96 стр.

Е.Хайдаров

1755–56 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСІ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ ҚАТЫНАСТАРЫ. Башқұртстандағы 1755–56 жылдардағы патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістен қазақ даласы да тысқары қалмады. 1755 ж. Батырша бастаған башқұрт халқының ең ірі ұлт-азаттық көтерілісінде 50000 шамасындай башқұрт көтерілісшілері Қазақстанға қарай көшті. Олардың көп бөлігі Кіші жүз жеріне орнықты. Көтерілісшілердің мақсаты қазақтармен бірге Ресей империясына қарсы күрес жүргізу болатын. Жетіру старшындары оларды қолдап, Кіші жүз жерінде патшаға қарсы күресу мақсатында қазақтар мен башқұрттардан құралған аралас жасақтар құрды. Бұл жөнінде губернаторға тез арада хабар жетіп, жазалаушы жасақ жібереді. Жазалаушы жасақ әскерилері жеткенше, 124 бурзяндық өздерінің бала-шағаларын алып, қазақ даласына қарай бас сауғалап қаша бастайды. 1755 жылдың 21 мамыры күні олар Жайық өз-нен өтіп, Қызыл бекінісі мен Березовски редуты аралығында, Жайық бойын жағалай салған әскери-инж. құрылыстарды басып өтеді. Бекіністер мен пункттер аралығының ара қашықтығы шамамен 20–25 шақырым болған. Өткелден өтіп алған башқұрттар, жолын бөгеп күш көрсетіп, кейін қайтармақ болған капитан Лядомскінің әскери жасағын талқандап, қазақ даласына қарай бет түзеді. Босып қашқан башқұрттар екі күннен кейін қазақ жеріне жетіп, екі топқа бөлінеді. Бір тобы Кіші жүздің жағалбайлы руының старшыны Сәрке батыр ауылын паналайды. Ал Қостанай бағытын бетке алған екінші тобы Орта жүздің уақ, керейлер мен қыпшақтар ұлысына 8 күн жүріп жетеді. Бурзян болысындағы көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі старшын Бекболат Арқаевтың қазақтармен келісімі болған. Қазақ ауылдарына келген башқұрттарды паналатқан қазақтар олардың елде қалған мал-мүліктерін алып қайтуға шешім қабылдаған және

1869–70-ЖЫЛДАРДАҒЫ

мал-мүліктерін жеткізіп алуына көмектескен. Осының барлығы қазақ-башқұрт арасында өзара келісілген байламдарының болғандығын дәлелдей түседі. Түбі бір туысқан түркі халқы башқұрттар мен қазақтарды бауырлас ұлттық туысқандықтан басқа, патша үкіметінің отаршылдық бұғауынан күш біріктіріп одақтасу арқылы ғана құтылуларына болатындығы туралы идея біріктірген болатын. Бұдан патша үкіметі қатты үрейленді. 1755 жылғы көтеріліс мұсылман халықтарының азаттық көтерілісі деңгейіне ұласып кетуінен қорыққан патша үкіметі тез арада көтерілісті басуды қолға алды. И.Неплюев қазақ-башқұрт халықтарының бірігуіне қалайда кедергі жасаудың амалын қарастырды. Сондықтан ол 29 мамырда Нұралы ханға өзі хат жолдауға мәжбүр болды. Ол ханға жолдаған хатында: «Бүлікшіл зиянкес қазақ ұлыстарындағы башқұрттарды тонап, тұтқын ретінде өзара бөліп алып ұстасын», – деп жазады. Осындай мазмұндағы хатын Неплюев Абылай сұлтанға да жолдайды. Нұралы ханға қайта-қайта жедел хат жолдап, әрбір хабаршы жіберген сайын хатпен бірге тарту-таралғы жасап отырған. Ханнан, қарауындағы адамдардың башқұрттармен бірлесіп бас көтеруге жол бермеуін сұрайды. 1756 жылдың тамыз айының ортасында Кіші жүздің Елек (Илецк) бекінісінде белгілі қазақ батыр-билері мен тархандарының жиналысы өтеді. Бұл бас қосуға Алланазар, Төлебай, Есет тархан, Күшқара, Жархан, Нұралы хан бауырлары екі сұлтан да қатысады. Мәслихатта қазақ ауылын паналап жүрген естектерді патша үкіметінің талабы бойынша кері қайтару мәселесі қаралады. Патша үкіметінің талабын орындап, олардың бірін де қалдырмай, түгелдей қайтарып беру туралы Неплюевтің қалаған шешімі жүзеге асады. Бірнеше күннен кейін алшындар Ералы сұлтан бастаған бурзяндық башқұрттарды паналатқан жағалбайлылар ауылына шабуыл жасаған. Неплюев қазақ-башқұрт қатынасын ендігі жерде оңалмастай жағдайға жеткізу мақсатын жүзеге асырып тынған. Көтерілісті басқан патша үкіметі, кейіннен 1757 ж. Башқұрт көтерілісін ұйымдастыруға қатысқандар мен күдіктілерді тауып, ұстап жазалауға бұйрық береді.

Әдеб.: Чулошников Л.П. Востание 1755 г. В Башкирии. М.-Л. Изд-во: АН СССР, 1940. 108 С.; Ас-

пендияров С. Қазақстан тарихының очерктері (Оқу құралы). А., Санат, 1994. 120 б.; Таймасов С. Башкирия-Казахские отношения (в период восстания 1755 года) Қазақ тарихы №3 2006. С. 31-36.; Исенов Ө.И. Тама Есет батыр (Опат болған жылы мен жұмбақ өлімі хақында). Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. №5-6. 2008; Исенов Ө.И. Тама Есет тарханды танып болдық па? Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. № 2. (119), 2013. 2 – 5-б.

Ө.Исенов

1869–70-ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ. Отаршыл Ресей үкіметінің әр түрлі әкімш.-саяси шаралары қазақ көшпелі қоғамының дәстүрлі құрылымын бұзды. Мұның өзі оның әлеум. организмінде үнемі дағдарыс құбылысын туғызып отырды. Бұл фактор өз кезегінде мақсат-мүдделері мен табиғи құқығы аяқ асты етілгендердің табанды қарсылығын тудырды. Қоғам дамуындағы тепе-теңдіктің бұзылуы сол қоғамның барлық әлеум. элементтерін азаттық күрес аясына тоғыстырды. 1869–70 жылдардағы қазақтардың тәуелсіздік үшін күресі орыс отаршылдығы өзімен бірге ала келген әлеум. өзгерістерге қарсы күрес ретінде көрінді. Дәстүрлі көшпелі қоғамның әлеум.-экон., мәдени құрылымына жаңа жүйенің күшпен таңылуы күрестің бағытын айқындады. Ғасырлар бойы қалыптасқан рулық басқарудың түсініксіз көп сатылы әкімш. билік иерархиясымен ауыстырылуы көтерілістің басты себебіне айналды. Мыс., «Московские ведомости» газетінің жексенбілік қосымшасы «Современная летопись» 1869 жылғы көтерілістің себептері жайында арнаулы мақала берді. Мақала авторы Л.Арасанский көтерілістің шығу себебін «қазақтардың мінез-құлқынан» іздеуді ұсынады. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі менталитет ұғымы төңірегіне жақын келді. Л.Арасанскийдің пайымдауларынан империялық пиғыл бел беріп қалатындығына қарамастан, кейбір назар аударатын тұстары да жоқ емес. Автор өз ойларын былайша тұжырымдайды: «Көшпенділік өмір қазақтардың өркениетке ұмтылуына кедергі болып отыр. Үнемі басқа жаққа ауып көшіп кету мүмкіндігі болғандықтан, қазақтар белгілі бір дәрежеде биліктен тәуелсіздік қалпын сақтап қалған. «Если же этого нельзя достигнуть переселением, то оно часто поднимают открытый бунт» деп атап көрсетеді. Жалпы,

Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөз беттерінде «қырғыз-қайсақтарды» отырықшылыққа көшіру арқылы орыстандыру мәселесі күн тәртібінде тұрғандығы байқалады. Оның бірден-бір жолы: көшпелі қоғамның тірегі рулық құрылымды бұзып, сол арқылы, олардың өздері айтқандай «азаматтық басқаруды» енгізу болды. Шынында да, «Уақытша ережені» енгізу арқылы жабайы көшпелілерді өркеніетке көшіреміз» деген желеудің түпкі астарында отарлық басқару жүйесінің қазақтарды орыстандыру арқылы менталитетінен айыруы жатыр. Ұлт-азаттық қозғалыстардың барысында отаршылдық үкімет жойып жіберген хандық билік қайта қалпына келтірілді. Ресей империясының 19 ғ-дың 20-жылдарындағы реформалары қазақ мемлекетілігін түпкілікті жоюды көздеді. Бұл өз кезегінде қазақ жерлерінің тұтастығын көздеген сұлтандар Саржан және Кенесары Қасымұлы бастаған кең ауқымды ұлт-азаттық қозғалыстарды тудырды. Көтеріліс барысындағы хан сайлау фактілері, хандық биліктің жаңғыруы, халық бұқарасының әлеум. санасының беріктігін аңғартады. Көтерілісшілер өзінің ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілік белгілерін қайта жаңғыртты. Жалпы, ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұны тереңірек. Ұлт-азаттық күрес қоғам өмірінің барлық салаларымен байланыста дамиды. Бұл байланыстылық тек саясат пен экономикадан ғана байқалып қоймай, қоғамның мәдени-рухани жағын да қамтыды. Сондықтан, ұлт-азаттық қозғалыс – бұл ұлттық, әлеум., экон., саяси, діни, рухани қайшылықтардың түйіні. 1868 жылғы «Уақытша ереженің» «Бұратаналықтардың рухани істерін басқару» деп аталатын үлкен бір тарауы патша үкіметінің жаңа заңды енгізудегі түпкі отарлық ниетін әшкерелейді. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі, мінез-құлқындағы осал жақтарды пайдалана отырып, империяны билеушілер қазақтың кең-байтақ жерін ғана иеленіп қойған жоқ, сонымен қатар, оның ақыл-ойы, санасына да үстемдік ете бастады. Осы мақсатта халық арасындағы ислам дінінің ықпалы, таралу деңгейі зерттелінді. Кезінде мұндай тапсырма Дала комиссиясына да берілген болатын. Осы жұмыстардың барысында қазақтардың өздерін мұсылманбыз деп атағанымен, жеке өмірінде, азаматтық ар-ожданлық қатынастарында шарият заңдарын көбіне басшы-

лыққа ала бермейтіндігі, қайта әдет, халықтық дәстүрлерге сүйенетіндігі мәлім болды. Қазақтар мұсылман дінімен терең уланбаған деген қорытынды жасалды. Дін мәселесіндегі сонау II Екатерина билеген кезеңнен бастау алып, Сперанский тұсында Орта жүзде сақталынып қалған исламды қолдау шаралары, сондай-ақ қазақтардың ар-ождан бостандығы 1867–68 жылдан бастап аяқ асты етілді. Алайда отаршыл үкіметтің шектеу шараларына қарамастан, Кіші жүзде 19 ғ-дың 60-жылдарында дін таратушы татарлардың ықпалы едәуір орнығып қалғандай еді. Қазақтарда «нағыз мұсылмандықтың» таралуын шектеу үшін ең алдымен татарлардың және т.б. бөтен жақтардан келетін молдалардың келуіне тыйым салу керек болды. Сондықтан «Далалық облыстарды басқару туралы Уақытша ережелерінде» Батыс Сібір мен Орынбор өлкесіндегі қазақтардың рухани істері Орынбор мұсылман қоғамының (муфтиатының) қарамағынан алынып, жалпы азаматтық басқармаға бағындырылды. Өз бетімен мешіттер салу мен мұсылман мектептерін ашуға тыйым салынды. Молдаларға халықтан зекет сияқты алым-салық түрлерін жинауға рұқсат етілмеді. «Ереженің» 230-бабында: «Орал мен Торғай облыстарында мешіт тұрғызу ішкі істер министрлігінің рұқсатымен жүзеге асырылды. Мешіттер мен мектептер (мұсылман мектептері) қоғамның өзінің қаражаты есебінен өмір сүреді» делінді. Аталмыш заңда молдалардың міндеттері айқындалмаған, басқару функциялары белгіленбеген. Молдалар халық сотының ісіне араласқаны үшін жауапқа тартылды және де, ең бастысы, әр болысқа бір ғана молда белгіленді. «Ереже» баптарына сәйкес, 1000-нан 2000 мыңға дейін адам тұратын тұтастай бір болысқа бір молдадан артық молданың тұруына, бір мешіттен артық мешіттің салынуына шектеулер қойылды. Молда мен мешіт сандарын қысқарту бір-бірінен қашықта орналасқан, бір болысқа қарасты ауылдағы қазақтардың діни мақсаттағы істерін жүзеге асыруға қиындықтар туғызды. Адамдар болыстағы жалғыз молда, жалғыз мешітті пайдалануға мәжбүр болды. Мұсылман дінбасыларының қызметін үнемі көрмеген, өздерінің діни талаптары мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмаған қазақтардың арасында ислам қағидаларының күнделікті өмірден біртіндеп

1869–70-ЖЫЛДАРДАҒЫ

ығыстырылатындығы мәлім еді. Шынында, мешіт жанындағы молдаға бару үшін, қазақтар бірнеше он немесе жүздеген шақырым жол жүруі керек болды. Дін саласындағы мұндай шектеулер болашақта ислам дінінің ықпалын әлсіретуді көздеді. Орнына христиандық діни нанымдардың орнығуына жағдай жасалды. Ресей мемлекетінің отаршылдық саясаты бойынша, белгілі бір дінді ұстанбаған халықты біртіндеп, басқа дінге көшіру және орыстандыру да оңай еді. «Ереже» мұсылман дін иелерінің құқына көптеген шектеулер қоюмен қатар, қазақтарды христиан дініне тарту үшін жеңілдіктер белгіледі. Реформада көрсетілген орыс қоныс аударушыларына беретін кейбір тегін жер үлесін, саудамен, қолөнермен айналысу сияқты жеңілдіктерін, тек христиан дінін қабылдаған қазақтар ғана пайдалана алды. «Ережеде» бұл шара көшпенділердің отырықшылық өмірге тезірек көшуін қамтамасыз етеді делінді. Патша үкіметі қазақтарды шоқындыруға көптеп тарту үшін, сот үкімімен айып жазасына кесілген қазақтар, христиан дінін қабылдаған жағдайда, айып жазасын орыс селоларында өтеуге рұқсат берілді. Күн көріс қамы үшін кейбір қазақтар қалалар мен орыс қоныстарына жұмысқа орналасып, шоқинуға мәжбүр болды. Олардың өз дінінен бас тартуына түрткі болған көп қазақтың басындағы мұқтаждық пен қайыршылық, кедей тұрмыс еді. Шоқынған қазақтар өзі тұрған жерінен кетіп, қалаған жерге тұруына рұқсат берілді. Сондықтан деректерден, көтеріліс басшылары қатарында дін басыларының да едәуір рөл атқарғандығын көруге болады. Қазақтардың дін мәселесіндегі істерін Орынбор мүфтиятының алынуы және т.б. шектеулердің қойылуы, қазақ даласында ислам дінін ығыстырып, христиан дінімен ауыстыру мақсатында істелініп отыр деп қабылданды. Сондықтан да осыған дейін өздерінің діншілдігімен аса көзге түсе қоймаған қазақ даласында патша үкіметінің орыстандыру саясатына қарсы реакция ретінде болашақтағы мұсылмандық, түрікшілдік қозғалыстардың алғашқы белгілері пайда болды. Тарихтағы көптеген соғыстардың бүркемесі дінге байланысты болып, әртүрлі себептер мен түрткілердің бір-бірімен астасып жататындығы белгілі. Көтерілістің басында батыр, рубасы, би-сұлтан-дармен қатар дін иелері де тұрды. Алайда,

Орта Азия мен Қазақстанда отаршылдыққа қарсы күрестің бір формасы ретінде көрінген «ғазават» соғысы Орта Азия хандықтарында айқын да күшті пәрменде көрінгенімен, қазақтардың азаттық үшін күресінің шешуші мотиві болды деп айтуға да болмайды. 1869 жылғы көтеріліске басшылық жасаған молдалар жайлы құжаттарда былайша көрсетіледі. Мәселен, бір ғана Торғай облысының Елек уезінде уезд бастығының хабарына қарағанда, «Ықылас Досұлы, Әлімжан, Жандәулет деген молдалар өз шәкірттерін ақпанның соңында Қобда мен Елекке аттандырған. Олардың «кәпірлерге» қарсы үгіт жүргізуі нәтижесінде, бұрынғы 30-дистанция қазақтарына басқа тағы да 57, 28, 29-дистанция қазақтары қосылып, 600–700 адамнан тұратын күшті топтарға біріккен. Ал Орал облысындағы көтеріліс басшыларының бірі С.Түркебайұлының басты кеңесшісі, Жарқамыс мешітінің молдасы Жүсіп Боданұлы (құжатта Будаков деп берілген), тағы да, сондай басшылардың бірі – Берген (кейбір оқулықтарда – Беркін) Оспановтың қасындағы Жалмағамбет Рысқұлұлы сияқты дін басылары болған. 1869 жылға дейін қазақтарға діни фанатизм жат болып, мыс., өзбектердегідей емес, дін мәселесінде салқын қандылықтарымен ерекшеленіп келсе, бұл заңның өмірге енгізілуі, бірден тұтанған отқа май құйғандай әсер етті. Оларды Ресейдің империялық пиғылына қарсы күрес сапына әкелді. 1868 жылғы «Ереже» бойынша қазақтардың рухани басқару ісіндегі үлкен төңкерістің жасалуы, оған қарсы басталған көтеріліске де өз ізін қалдырды. Басқа бірде-бір көтерілісте дін мәселесі осындай желеуге ие бола алған жоқ, жерлердің «вакуфка» берілуі деген құбылыстар да байқалмаған болатын. Бұл жерде діни фанатизмнің бой көтеруіне патша үкіметінің жарлығы түрткі болды, осы бағытта жүргізілген дін иелерінің таратқан үгіт-насихатының әсері елеулі еді. Алайда, көтерілісшілердің қатарының өсуіне ғана жағдай жасаған діни мотивтер мәселесі, тек «газават» соғысына шақырған үндеу күйінде қалып қойды. Орынбор әкімш. көтерілісшілер арасына іссапарға аттандырған Т. Сейдалыұлының пайымдауынша, көтеріліске байланысты қазақтарды үш категорияға бөлуге болады екен. Біріншіден, олардың көпшілігін кедей «бұзақылар» тобы құраса, екінші категорияға жа-



татын «барымташылар» (орысша–конак-рады) оларды үнемі қолдап отырған. Т. Сейдалұлы үшінші топқа, кедей «бұзақылардың» күштеуімен көтеріліс қатарына келген, бірақ бейбіт мақсатты көздеушілерді қосады. Қазан төңкерісіне дейін көтерілісті зерттеген тарихшы Н. Середа да көтерілістің қозғаушы күші мен сипаты жайлы осындай пікірді ұстанды. Ол: «Жыртқыш топтардың (Хищнические шайки) қолдарына қару алып, ескі тәртіптерін сақтап қалу үшін күресі» деп жазды. Орынбор ген.-губернаторы 1869 ж. 12 сәуірде ішкі істер министріне: «Орал мен Торғай облысы шектесетін жерлердегі Қобда, Елек өзендері бойларында, кейбір қолда бар мәліметтерге қарағанда, ...кедей, өнегесіз қара тобырдан (түпнұсқада: «шайка из нищей и безнравственной черни» делінген) құралғандар әскери отрядқа шабуыл жасаған. Оған Ханғали Арасланов (дұрысы – Арысланұлы), Ықылас Досұлы молда басшылық жасаған. Жалпы алғанда, көтерілісшілер арасында ауқатты қазақтар аз», – деп көрсетті. Мұның өзі патша шенеуніктері атап өткендей, «қоғамдық тәртіпті бұзушылардың қатарында ізгі ниетті адамдардың» болмауы, көтерілістің шынайы халықтық сипатын көрсетеді. Көп жағдайларда көтеріліс басында «қара сүйекке» жататын әлеум. топ – билер тұрды. Торғай обл.-ның әскери губернаторы Л. Баллюзек Орынбор өлкесінің бастығы Крыжановскийге 1871 ж. 24 тамыздағы қатынас қағазында: «Шекті руы қабақ бөлімінің биі Әзберген Мұнайтпасұлы далада заңға қарсы бағытталған үгіт жүргізді», – деп жазды. Патша үкіметінің қазақтарды басқаруда рулық-тайпалық құрылымды аяқ асты етуі, «әр рудың өз ішінен патша үкіметі алдында олардың талап-тілегі мен мұң-мұқтажын, басқаша айтқанда, ру мүшелерінің құқын қорғайтын басшыларын сайлауға итермеледі». Ендеше көшпелі қоғамның бірлігі саналатын ру және оның мүддесін қорғайтын рулық идеологияның алатын орнын елемеуге болмайды. Алайда бұл құбылысты көтерілістің жеңілуін әр рудың бір-біріне деген алауыздығынан деп түсіндірген бір жақты болар еді. Шын мәнінде әр ру аяқ асты болған құқын қалпына келтіруге ұмтылды, сөйтіп, барлығы біріге келе, бүкіл біртұтас ұлттық мүддені құрай отырып, ортақ мүдде жолында күресті. Демек, ұлт пен оны құрай-

тын ру мүдделерін қарама-қарсы қоюға болмайды. Керісінше, бірін-бірі толықтыра түседі. Дәл сол кезде қалыптасқан жағдай үшін ұлт-азаттық күрестің дамуының басқа баламасының болуы да мүмкін емес. Әр рудың өзінің құқын қорғайтын басшы сайлауына патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатынан туындайтын жер дауы мәселесі де түрткі болды. Жайылымдардың қысқаруы ру аралық қақтығыстарды өршіте түсті. Бұл рулардың «бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып» қимылдауына кедергі болды. Сонау бұрынғы тарихымыздан белгілі, әкімш. бөліске негізделген қазақтың ру, жүздік құрылымы қиратылды. Енді би, сұлтан сияқты дәстүрлі саяси билік институттары жойылып, іргелі мемл. дәстүрден қол үзді. 1867–68 ж. әкімш.-сот реформалары осыған дейін сақталып келген кейбір қазақ мемлекеттілігінің соңғы белгілерін жойды. Осындай әдеттегі жүйенің орнына мүлдем басқа, ген.-губернаторлық, обл., болыстық, уездік сияқты, т.б. әкімш. басқару түрлері енгізілді. Бұл қазақ қоғамын дағдарысқа тіреп, жан-жақты дамуына кері әсерін тигізді. Сонымен қатар, қазақтың өмір-салтының түп-тамырына балта шабумен бірдей еді. Патша үкіметінің осындай реформалары көшпелі қоғамға үлкен соққы болып тиді. Сондықтан қазақтар Ресейдің отарлық саясатына, патшалық құрылысқа қарсы ашық күреске шықты.

Әдеб.: Арасанский Л. Причины волнений в киргизских степях.//Современная летопись. 1869. №22,15 июня; Биржевые ведомости.1869. №104; Уәлиханов Ш.Таңдамалы.1985,148-б.; Гейнс А. К. Дневник. 1865 г. Путешествие по киргизским степям. с.212; КРОММ-Ы, 25-к., 1-т., 438-іс.; Рукопись Б.Каратаева. с.22; Орынбор ОММ-ы,6-к.,10-т.,8239-іс,80-б.; ООМА, 6-к, 10-т.,8239-іс., 86-б.; Середа Н. А. Из историй волнений в Оренбургском крае.//Русская мысль.1891. 8-кітап.14-б.

Е.Қалиева

1869 ЖЫЛЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА БОЛҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ, қазақ даласын басқару жөніндегі Жаңа Ережеге қарсы бағытталды. Ол бұрыннан қалыптасқан басқару жүйесінің өзгертілуіне, жалпы, отарлаудың күшеюіне қарсы наразылықтан туындады. Тарихи әдебиеттерде, оқулықтарда жай ғана «1869–70 жылдары Батыс Қазақстанда болған көтеріліс» немесе «Орал және Торғай облыстарындағы көтеріліс» ретінде қысқа ғана баяндалып өтетін бұл ха-



лық толқулары Отан тарихында көп зерттелмеген маңызды оқиғалардың бірін құрайды. Қазақ даласын басқару туралы Уақытша ереженің енгізілуіне қарсы басталған бұл көтерілістің алғашқы жалыны Ұлы Қобда, Елек бойларында тұтанып, көп ұзамай қаулаған өрт тәрізді бүкіл даланы жарып өтіп, Жем, Сағыз, Үстірт өңірлеріне дейін тарайды, үлкен аумақты қамтыды. Солтінде Ресей шекарасынан басталған толқу оңт-те Хиуа иелігіне дейін жетіп, 1870 ж. Маңғыстау көтерілісіне ұласты. Толқулар кезінде мыңдаған шаңырақтан тұратын қалың ел Ресей билігін мойындамай, онымен бүкіл қарым-қатынасты ұзу және жат ықпалдан тыс біртұтастық үшін өз жерлерінен ауа көшіп, Хиуа жеріне қоныс аударды. Сол себепті бұл күрес ел жадында «Ел ауа» көтерілісі, ал 1869 жыл «Ауа жыл» ретінде сақталды. Көтеріліс жетекшілері – ишан Ықылас Досұлы, Ханғали (Қаналы) Арыстанұлы, Сейіл Түркебайұлы, Саттық Тайұлы, Дәуіт Асауұлы, Беркін Оспанұлы, Мәмбетәлі Аймағамбетұлы, Құсбай Айбасұлы, т.б. болды. Ұлы Қобда бойындағы көтеріліс қимылдарында жергілікті билер Мұнайтпас Бөтенбекұлы мен оның ұлдары, Айжарық Бекбауұлы, Жақсыбай Жылгелдіұлы және басқалары жетекшілік етті. 19 ғ-дың екінші жартысында Ресей империясының дала халықтарын бірте-бірте отарлау саясаты өзінің келесі сатыларына өте бастаған еді. Орынбор және Сібір ген.-губернаторлықтарына бөлінген қазақ даласы басқарылу жағынан біртекті емес болды, ал ортаазиялық мемлекеттерге шектес оңт. қазақ қауымдарына Ресей ықпалы аса таралған да жоқ болатын. Осындай себептерге байланысты империя бүкіл қазақ даласындағы басқару жүйесін өзгертіп, оны ішкі ресейлік басқару тәртіптерімен теңестіруді, осы арқылы басқару және салық жинау істерін қолайлы етуді көздеді. Ресей үкіметі айрықша комиссия құрып, көшпелі халықтарды басқарудың жаңа жобасын даярлауға кірісті. 1868 жылдың күзінде Комиссия бірнеше жылға созылған өз жұмысын аяқтап, 21 қазан күні Орынбор, Сібір казактары жерінен Орал, Торғай, Ақмола және Семей обл-тарын жасақтау жөнінде император бекіткен жарғы шығарды. Жаңа Ереженің жобаларын 1869 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асыру көзделеді. Оның алдында, 1867 ж. 11 шілдеде Сырдария және

Жетісу обл-тарын уақытша басқару туралы ереже бекітілген болатын. Бұл патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлаудағы келесі, аса маңызды қадамдарының бірі болып табылды. Жаңа Ереже бойынша, қазақ даласы осы облыстар мен уездерге, болыстар мен әкімш. ауылдарға бөлінуі тиіс болды. Қазақтың батыс өлкесі қараған Орынбор аумағынан Орал және Торғай обл-тарын жасақтау көзделді. Орал обл. төрт уезден – Орал, Гурьев, Калмыков және Жем (Ембі) уездерінен, ал Торғай обл. – Елек (Ақтөбе), Қостанай, Ырғыз және Торғай уездерінен тұрды. Облыстарды әскери губернатор, уездерді уезд бастықтары басқаратын болды, бұлардың барлығы басқа ұлт өкілдерінен бекітілді. Жаңа Ереже бойынша қазақтар уезд бастықтарының кіші көмекшісі қызметіне жіберіле алды, дегенмен жергілікті ұлт өкілдері негізінен әкімш. бөліністің төменгі сатысын құрайтын болыс басқарушысы (болыс) қызметтеріне қойылды. Үш жыл мерзімге сайланатын болыс басқарушысынан бөлек, қазақтар сондай мерзімге әр ауылдың соттық билері және ауыл старшындары (ауылнай) қызметтеріне сайланды. Әр болысқа діни істерді атқаратын бір молда ұстау құқы берілді. Ережеге сай қазақтар әскери рекруттан босатылды. Жаңа Ереже бойынша, әрбір қазақ отбасынан жылына 3 сом мөлшерінде түгін салығы жиналатын болды. Болыстағы түгін санын болыстық жиындарда болыстық сайлаушылар әр 3 жыл сайын есептеп отырды. Қазақтар мекендеген жерлер Жаңа Ереже бойынша, мемл. меншік болып есептелді және қазақтарға пайдалануға ғана берілді. Христиан дінін қабылдаған қазақтарға орыс елді мекендеріне келіп тұру құқығы берілді. Жаңа Ереже қазақтардың құқықтарын бұрынғыға қарағанда әлдеқайда шектеді. Әсіресе халықты ғасырлар бойы басқарып келген төре-сұлтандардың билігі құлдырады. Ережені жасақтауда дала халықтарынан өкілдер қатыстырылған жоқ, жоба Петербургте жасалып, сол жерде қабылданды. Ереже ел арасында үлкен дүрбелең туғызды. Халық ішінде толқулар көбейіп, оның арты үлкен көтеріліске ұласты. Бұл толқулар ең алғаш Қобда өңірінде тұтанып, қазақтың бүкіл батыс далаларын лаулаған оттай шарпып өткен ұлы науқан болып табылды. Жем-Сағыз өңірлері де көтеріліс алғаш тұтанған аумақтар қатарына жатты. 1869 жыл-



дың қаңтарынан бастап қазақ даласына арнайы Ұйымдастыру комиссиялары шығарылып, ауыл-аймақтардан болыстар жасақтала бастады. Бастапқы кезде бұл шара кедергісіз өтіп, болашақ Елек (Ақтөбе) уезінен ешқандай қарсылықсыз бес болыс – Тұзтөбе, Бөрті, Теректі, Аралтөбе, Ойсылқара болыстары, Орал уезі аумағынан да бірнеше болыс жасақталды. Бірақ комиссиялар Ұлы Қобда өз-нің бойында отырған табын ауылдарында үлкен қарсылықтарға кез болды. Жергілікті халық болашақ уезде үкімет комиссияларын қабылдамай, қарулы қарсылық көрсетті. Ел арасында «Жаңа низам» деп аталған жаңа басқару жүйесі туралы алып қашпа сыбыстар көп тараған болатын. Олардың дені ереже енгізілген жағдайда қазақтарды «түгелдей христиан дініне өткізіп, әскерге алатыны», жерден айыратындығы туралы мағынада болған. Мұндай сыбыстар ел ішінде үлкен қобалжу туғызды, халықты әсіресе орыс дініне күштеп өткізу жөніндегі хабар қатты аландатты. Мұндай хабарларды әсіресе жаңа жүйе бойынша өздерінің бұрынғы басқару дәрежелерінен айырылатын сұлтандар таратты. Ел арасына жаңа жүйенің зияндығы туралы хабарды алғашқылардың бірі болып таратушылар қатарында бұрынғы Арынғазы сұлтанның ұлдары ағайынды Аймағамбет пен Мұхамеджан (Мұхаммед-Қазы) және соңғысының ұлы Есен (Мұхаммед Құсайын) сұлтандар болған [Орынбор обл. мемл. мұрағаты (ООММ), 6-қор, 10-т., 8320-іс, 18-п.]. Ағайынды сұлтандар комиссиялар шығардан бұрын 1868 жылдың желтоқсан айында Қобда жеріндегі жергілікті билерге, соның ішінде Мұңайтпас Бөтенбекұлына, Саттық Тайұлына, Сүлеймен Төребайұлына, Ермек Қостанұлына, Рысалы Бекенұлына, т.б. көптеген беделді деген адамдарға, Ереже қабылданған жағдайда қазақтардың діні мен тұрмысына көптеген зиян келетіндігі туралы хабарлар таратқан. Халықты әскерге алу мен діннен бөлек, бұрынғы сұлтандардың орнына оларды енді орыс шенеуніктерінің басқаратындығы да қатты наразы еткен еді. 1869 ж. қаңтардың шамамен 12–15-і аралығында жергілікті билердің бірі Мұңайтпас Бөтенбекұлы өз қыстауында – Ұлы Қобда бойындағы Бесқопа жазығында алыс-жақын жерлердегі Табын мен Таманың билері мен белгілі ақсақалдарын шақырып, үлкен кеңес ұйымдастырады. Мұ-

ңайтпас би сол тұста қажылыққа бірнеше рет барған діни қайраткер болатын, осы дін мәселесі оны да қатты аландатып, өз ауылында кеңес ұйымдастыруды шешкен. Мұрағат құжаттарына қарағанда, аталмыш кеңеске Саттық Тайұлы, Тұрым Торғайұлы, Айжарық Бекбауұлы, Ермек Қостанұлы, Жақсыбай Жылгелдіұлы, Рысалы Бекенұлы, Меңдәлі Бәйтерекұлы, Құндырау Тышқанбайұлы сияқты жылқышы табын руының билері мен белгілі адамдары, олардан бөлек Қадырбек, Қожамберді, Әшібек, Бөрге бөлімдерінің, тама ауылдарының билері, молдалар, барлығы 500-ге жуық адам қатысқан [ООММ, 6-қор, 10-т., 8273-іс, 2-п.]. Екі күнге созылған бұл жиын Жаңа Ережені талқылауға, оны қабылдау не қабылдамау жөнінде шешім шығаруға арналады. Кеңес кезінде пікірлер екіге бөлінеді, біреулері ережені қабылдауды жөн көрсе, басқа біреулері қабылдамауды ұсынады. Ақырында кеңеске қатысушылар ережені қабылдамауды ұйғарып, бүкіл ел-жұрт болып қыстауларын тастап, даланың оңт. түкпірлеріне – Сам-Матай, Үстірт өңірлеріне қоныс аудару туралы шешім қабылдайды. Алайда, қыс ішінде көшу қиындығына байланысты, бұл шешімді қоя тұрып, өз жерлерінде қалып, ген.-губернаторға Жаңа Ереже жөніндегі әңгімелердің анық-қанықтығын сұрап хат жазуды ұйғарады. Орынбор әкімш. елді тыныштандыру үшін ел арасында белгілі адам, бұрынғы аға сұлтан Мұхамеджан Баймағамбетұлын Қобда бойына аттандырады. Аға сұлтан өзімен жолыққан ел ақсақалдарына ереженің мазмұнын түсіндіріп, басу айтқан соң, халық арасында біршама тыныштық орнайды. Бірақ бұл дауыл алдындағы уақытша ғана саябырсу еді, аға сұлтан келіп кеткеннен кейін көп ұзамай ел іші тағы, бұл жолы бұрынғыдан да бетер бүлінеді. Бұған себепкер Қобда-Елек бойындағы белгілі молда әрі ишан Ықылас Досұлы есімді адам болған. Ол Уфаға барып, ондағы бас мүфти Сәлімгерей Тевкелевпен жолығып келген беті еді, келе салысымен ол Елек пен Қобда арасындағы ауылдарға жаушыларын жіберіп, Тамды өз. бойындағы өз ауылына тағы бір кеңеске шақырады. Деректерге қарағанда, осы кеңеске Мұңайтпас би 50 адаммен аттанған және өз кезегінде басқа да адамдарды кеңеске қатысуға шақырған. Осы жиында Ықылас Досұлы өзінің мүфтимен кездескенін,



оның сөздерінен секем алғанын, Жаңа Ереженің қазақтарды шынымен православие дініне қаратуынан күмәнданатындығын хабарлайды. Ықылас Досұлы бірден ортаға қарулы жігіттерден жасақ шығарып, орыс үкіметіне қарсы тұруға үндеген. Ишанның сөздері ауыл-аймақтарға тез тарап, ел іші одан бетер дүрбелеңге толады, ереже туралы қауесеттер ауыл-ауылға жаңа қарқынмен қаулай жөнеледі. Әрқайсысы 600–700 адамнан тұратын қарулы жасақтар шығарылып, ауылдар арасына жаңа тәртіпке бағынбауға үндеулер таратады. Осы кезең көтерілістің басталуы болатын. Ықылас Досұлы оның негізгі рухани көсемдерінің біріне айналады, Саттық Тайұлы, Жақсыбай Жылгелдіұлы, Әлімжан Сарымолдаұлы, Жандәулет Жанаманұлы және т.б. Ықыластың үндеулерін халыққа таратушылар болады. Үндеулердің дені бүкіл қандастарын «Алла мен дін үшін» қасиетті соғысқа шақыру болған. Ықыластың өзі – ишан, Әлімжан мен Жандәулет екеуі де молда болатын. Мұңайтпас, Тұрым және басқа көпшілік билер де кем дегенде қажы атағы бар дін жолындағы адамдар болған. Бұл – көтерілістің Қобда өңіріндегі қыза бастаған тұсы болатын. Сонымен қатар толқулар жалыны көрші өңірлерді де шарпып, көтеріліс кең қанат жая бастайды. Ықылас Досұлы мен оның серіктері алыс-жақын маңдағы бүкіл қазақ ауылдарына үндеулер таратып, ережеге қарсы күреске шақырады. Деректерге қарағанда, көтеріліс қарсаңында, 1869 жылдың қаңтар айында, Мұңайтпас би Үстірт, Хиуа өңірлерінде қыстайтын шөмішті табын руына, ал би Тұрым Тортайұлы шекті руына жаушылар арқылы хат жіберіп, Жаңа Ереже туралы хабарлаған, көтеріліске шақырған [ООММ, 6-қор, 10-т., 8239-іс, 551-п.]. Хаттардың бәрі қасиетті діндері мен Алла жолында соғысуға шақыру мазмұнында болған. 1869 жылдың қаңтар айының басында шөмішті табын және шекті-қабақ руларының белгілі билері мен батырлары Жәнібек Барақұлы, Алдаш Байғанаұлы, Әзберген Мұңайтпасұлы және Есет Көгібарұлының ұлы Назар бастаған делегация Хиуа ханына келіп, қазақтардың Жаңа Ережені қабылдаудан бас тартып, орыс үкіметіне қарсы шыққандарын айтып, көмекке әскер сұраған болатын. Қарсылықтар салдарынан болыстар жасақтауға шығарылған комиссиялардың жұмыстары үлкен сәтсіздіктерге ұшырайды.

Елек (Ақтөбе) уезінің болыстарын жасақтауға шыққан болашақ уезд бастығы Плотников басқарған комиссияны Табынтал өз-нің бойында жергілікті табын және тама руларының адамдары қоршап алып, комиссияға сенбейтіндерін, жаңа тәртіпті қабылдауға ниеттерінің жоқтығын айтады. Орыс әкімдерімен келіссөз кезінде жиналған топ 100-ден аса қарулы адамдарды құраған және әңгіме кезінде олардың тарапынан комиссияға қожан-лоқы да жасалған. Қарулы жігіттерден сескенген ұйымдастырушылар Орынборға қайта оралады [ООММ, 6-қор, 10-т., 8320-іс, 20-п.]. Іс жүзінде оқиға болған жердегі қарулы адамдар көрсетілген мөлшерден әлдеқайда көп болған және олар комиссияға ашық қарсылық көрсеткен. Табынталдағы қарсылықты негізгі ұйымдастырушы жасы сол тұста 80-нен асқан би Саттық Тайұлы болған. Ол 1822–26 ж. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліске де белсене қатысып, жасақ басқарған болатын. Орал уезі ұйымдастыру комиссиясының жұмыстары да сәтсіздікке ұшырайды. Құрамына уезд бастығы подполк. Черноморсковтан бөлек, оның кіші көмекшісі Шолақ Айбасұлы, бұрынғы Орта бөлік аға сұлтанының көмекшісі Қаналы Арыстанұлы сұлтан, жергілікті бірнеше билер енген комиссия бастапқыда жұмыстарын сәтті бастап, бес болыс жасақтап үлгергенімен, алғашқы қиындыққа тағы да Ұлы Қобда бойында тап болды. Комиссия өз құрамындағы билерді Қобданың төм. жақтарында қыстайтын жергілікті ақсақалдар Құлмағамбет, Сапақ, Жапар ауылдарына Жаңа Ереже туралы хат салынған конвертпен алдын ала аттандырады. Құлмағамбет Қитарұлы бидің ауылындағы мешітке бұл хат көпшіліктің алдында оқылып, одан соң бүкіл елдің көз алдында қанжармен кескіленіп тасталады. Хатты оқыған Құлмағамбет би мен қасындағы молда, жиналған халық бірауыздан мұндай хаттарды қабылдамайтындарын, үндеуге риза еместерін және жаушыларды әрі қарай жібермейтіндіктерін жариялайды. Олар өз ақсақалдарының Қобданың оң жағындағы кеңеске кеткендерін және олардың өздері келмейінше ешқандай комиссияны жібермеуді, қаруланып дайын отыруды тапсырып кеткендерін жеткізген. Мешітке жиналған адамдардың барлығы қарулы, аттары ерттеулі, сақадай-сай болған. Бұл оқиға 1869 жылдың 11 қаңтары күні Жиренқопа



маңында орын алған. Комиссия мүшелері басқа хатты апаруға жүргелі оқталғанда, қарулы топ олардың жолын кескен, егер тыңдамаса, олардың өлтіріліп, суға тасталатындарын айтып ескерткен. Үкімет жаушылары Сапақ, Жапар ауылдарында да осындай жағдайға душар болады, ол ауылдарда да бұларды қарулы жасақтар қарсы алып, күшпен кері қайтарады, тіпті бір адамын жаралайды. Көтеріліс жалыны тек Елек бойын ғана емес, басқа өңірлерді де шарпыған еді. Гурьев уезінің болыстарын жасақтауға шыққан капитан Тверитинов бастаған комиссия жұмысы да сәтсіздікке ұшырайды. Жем өз-нің бойында Таз руынан үш ауыл ұйымдастырған топ Жем және Сағыз өңірлеріндегі ысық, шеркеш, адай ауылдарының билеріне Ереже туралы түсіндіргенімен, көп ұзамай 400 адамдық қарулы топтың шабуылына ұшырайды. Алғашқы соққыны мылтықтардан оқ атып тойтарған комиссия, келесі шабуылды күтпей, 23 қаңтар күні түн ішінде Гурьевке оралуға мәжбүр болады. Елек пен Қобда арасында әрқайсысы 600–700 сарбаздан тұратын қарулы топтар ауыл-ауылдарды аралап, халықты өздеріне күшпен қаратуға тырысады. Жаңа тәртіпті қабылдамай, өздерімен қосылуға шақырады. Жаңа үлгіні қабылдап қойған немесе оған іш тартқан ауылдарды шауып, малдарын айдап әкетеді, арада біраз қақтығыстар орын алады. Ел арасында барымталар көбейеді. Жаңа отаршылдық тәртіпке бағынбау үшін өз жерлерін тастап, Үстірт өңіріне кетуді ұйғарған көтерілісшілер ережені алдында қабылдаған қандастарын да өздерімен кетуге үгіттейді, қарсы болған жағдайда малдарын барымталайды. Осындай жаппай үркіншілік кезеңде патша үкіметі тарапынан жазалаушы әскер шығару күн тәртібінде тұрады. Сұлтан Қаналы Арыстанұлы Елек-Қобда өңіріндегі көтерілісшілердің бас көсеміне айналады. Оның толқуларға қосылуы қызық жағдайда орын алды, ол бастапқыда жаңа жүйе бойынша қызметтердің бірінен үміткер болып, тіпті өз өтінішімен үкімет комиссиясы құрамына енген болатын. Комиссия жұмысы кезінде орын алған өзіне деген сенімсіздіктер салдарынан ол біржолата көтерілісшілер жағына өтеді. Мұндай жағдайға бұрыннан ел басқарып келген төре-сұлтан табы мен ел ішінен шыққан беделді тұлғалар арасындағы белгілі бір бақталастық, бәсекелестіктер де әсер еткен

еді. Көтеріліс Торғай обл-нда, бұрынғы 28, 29, 30 және 57-дистанциялар аумақтарында кең қанат жаяды. Алғашқы үшеуі ағайынды Арынғазыұлы сұлтандар басқарған дистанциялар болатын. Сонымен қатар Орал обл-ндағы кете, алаша, байбақты, т.б. рулар да көтеріліске белсене араласты. Кіші жүздің ірі адай, шекті рулары да болып жатқан оқиғаларды жіті бақылауда болатын, олар кез келген уақытта көтеріліске араласып кетуі мүмкін еді. Сондықтан да Орынбор өлкесінің әкімш. және Орал, Торғай обл-тарының басшылығы алдында көтерілісті кең етек алдырмай, оның алдын алу міндеті тұрды. 1869 жылдың наурыз айында көтеріліс қазақтың бүкіл батыс далаларына тарады. Орал обл-ның Гурьев, Қалмыков, Торғай обл-ның Ырғыз уездерінің болыстарын жасақтауда патша үкіметі үлкен қиындықтарға кез болды. Гурьев уезінің бастығы капитан Тверитинов, Ырғыз уезінің бастығы подполк. Вогак жергілікті жерде болыстарды ұйымдастыруда қарулы қарсылықтарға тап болды. Толқуларға алаша, байбақты, ысық, адай, шеркеш, таз, кете, т.б. рулар қызу араласты. Байұлы рулары – Беркін Оспанұлын, соның ішінде алаша руы – Сейіл Түркебайұлын, ал шеркеш руы – Құсбай Айбасұлын, кете руы – Мәмбетәлі Аймағамбетұлын өздеріне көтеріліс ханы (көсемі) етіп сайлады. Табын руы – Қаналы Арыстанұлын сайлаған болатын. Үкімет тарапынан толқулардың кең етек жаюын болдырмау үшін жазалаушы әскер шығару қажеттілігі туындады. Осы мақсатта 1869 жылдың көктем айларында Орал және Торғай обл-тарына командирлер Штемпель, Юрковский, Комаровский, Новокрещенов, Веревкин, Борх, Круторожин, т.б. басқарған бірнеше әскери команда шығарылады. Орынбор және орал казактарынан тұратын бұл әскери жасақтар барлығы 3000-нан астам әскер мен бірнеше ондаған зеңбіректерден тұрды. Жазалаушы әскер әртүрлі бекіністерден әртүрлі уақыттарда шығарылған. 1869 ж. ақпан айының соңында Орынбордан подполк. Новокрещенов бастаған 200 казак пен он зеңбірекшіден тұратын жасаққа 18 наурыз күні Айжарық Бекбауұлы, Әлімжан Сарымолдаұлы, Мұңайтпас пен Ермекұлдары бастаған 700 сарбаз шабуыл ұйымдастырады. Ұрыс кезінде 20-дан аса сарбаз қаза тауып, олардың арасында Айжарықтың өзі де ауыр жараланып, сарбаздарының қолында қаза



болады. Осы сәтсіз шабуылдан соң Елек-Қобда өңіріндегі мыңдаған шаңырақ Үстірт өңіріне жылжып, Хиуа хандығы иеліктеріне бет алады. 1869 ж. мамыр айының басында шығарылған подполк. Штемпель басқарған жазалаушы отряд Жамансай к-нің тұсында 20 мың сарбаздың шабуылына ұшырайды. Казак жасағы бір апта бойы көтерілісшілерден қорғануға мәжбүр болады, соңында азық-түлігі таусылған әскер Калмыков бекінісіне шегінеді. 25 маусымда бұл жасақ подполк. Рукин отрядымен қосылады, Орал обл-ның әскери губернаторы ген. Веревкиннің өзі де арнайы жасақпен шығады. 1500 адамнан асатын, зеңбіректі жазалаушы әскерлердің қосылуы, оқиғаларға губернатордың өзінің араласуы көтерілісшілерге үлкен әсер етеді. Жем өз. бойынан губернатор жаңа бекіністің, Жем постының (бекетінің) негізін қалайды. Граф Борх бастаған жасақ Ақтөбе бекінісінің негізін қалаған болатын. Жазалаушы әскердің шешуші қимылдары көтерілістің ыдырауына ықпал ете бастайды. Мамыр айының басында Илецк бекінісінен (Тұзтөбе) шығарылған подполк. Круторожин басқарған отряд Елек пен Қобда арасындағы көтерілісшілерді жазалауға шығарылады, бұл әскер Қаналы Арыстанұлының отбасы мен анасы Орын ханымды қолға түсіреді. Полк. Комаровский бастаған жасақ шілде айының соңында Аты Жаксы өз-нің бойында Беркін Оспанұлы (Сырым батырдың немересі) қол астына жиналған байбақты, алаша, ысық руларының 1 мыңға жуық шаңырағын талқандайды. Тамыз айының соңында Новокрещенов отрядымен қосылған олар Ақжарлы Бөкенбай бойында көтерілісшілердің басқа да ауылдарын талқандайды. 300 адамдық шағын жасақ Үстірт өңіріне де жіберіледі. Осындай шаралардан соң көптеген ауыл-аймақтар Жаңа Ережені қабылдауға ниет білдіріп, жаңа болыстар жасақтала бастайды. Көтерілісші ауылдардың бір тобы 1869 ж. шілде айының басында-ақ Жем бойында жүрген губернатор Веревкинге Ережені қабылдау жөнінде өтінген болатын. 1869 ж. көтеріліс тек қазақтың батыс далаларында орын алды. Толкулар Орал обл-н түгел, Торғай обл-ның Елек және Ырғыз уездерін қамтыды. Осы обл-тың Қостанай мен Торғай уездерінде, ашылуы тиіс Ақмола, Семей обл-тарында Жаңа Ережеге ешқандай қарсылық көрсетілмей, болыстар

мен ауылдар жасақталды. Торғай уезінде, керісінше, жергілікті беделді адамдар обл. губернаторы Баллюзекке алғыс хаттар жазып, онда өздеріне дін мен көшіп-конуда үлкен еркіндіктер мен құқықтар бергені, әскерден босатқаны үшін патшаға зор алғыстарын білдірді. Олардың бірінде Жаңа Ереже шыққан күн олар үшін «тек қуанышты ғана емес, сонымен бірге бақытты күн болды... үкіметтің бізге қамқорлығы ата-аналарының балаларына деген қамқорлығындай», – деп көрсетілген [ҚР ОММ, 25-қор, 1-т., 319-іс, 166-167 пп.]. Мұндай жағдайдың бірқатар себептері болды. Үстірт өңірі де көтерілістің негізгі ошақтарының біріне айналған болатын. Жаңа Ережені қабылдамауды ұйғарған ауыл-аймақтар 1869 ж. сәуір айында біртіндеп өз мекендерін тастап, даланың оңт. өңірлеріне қоныс аударуды бастайды. Қобда-Елек бойларынан оңт. аймақтарға қарай мыңдаған шаңырақ қозғалады. Деректерге қарағанда, Ықылас Досұлы 600-ге жуық үймен, Мұнайтпас Бөтенбекұлы 500 үймен, Сагтық Тайұлы 300 үйді бастап көшкен [ОММ, 6-қор, 10-т., 8320-іс, 21-п.]. Бұл ұлы көшке әсіресе көтерілісшілердің Новокрещенов әскеріне жасаған сәтсіз шабуылы әсер еткен. Оның алдында да өз орындарынан қозғалуға дайын отырған ел-жұрт, аталған оқиғадан соң ауа көшуді түпкілікті шешкен. 1869 ж. көтерілістің халық жадында «Ел ауа» көтерілісі ретінде сақталуы, ал аталған жылды «ауа жыл» деп атау себебі осы көшке байланысты еді. Тек осы өңірлерден ғана емес, жалпы қазақтың батыс далаларынан Жем, одан әрі Үстірт, Хиуа иеліктеріне шамамен 8 мыңдай түтін қоныс аударған. Елек-Қобда бойынан көшкен ауылдар Жем өз-нен әрі қарай өтіп, жаз айларын Сам-Матай өңірінде өткізген. Қыркүйек айында олар Хиуа жеріне өтіп, Әмудария бойына, Қоңырат маңына орналасады. Осы өңірлерде Аққары, Қараұмбет деп аталатын жерлерде қыстайды. Қоңырат маңында қыстаған ауыл-аймақтардағы ең құрметті деген адамдардан 150 адамдық үлкен делегация Хиуа ханымен жолығады. Хан бұларды жақсы қарсы алып, оларға Әмудария бойынан қыстайтын жерлер бергізеді, біраз адамдарға сыйлықтармен қоса, атақ-дәрежелер таратады. Қазақ ауылдары Хиуа иелігінде ешқандай алым-салық төлемейді. Қазақ даласында Ресей үкіметіне қарсы орын алған кез келген оқи-



ғаға бей-жай қарамайтын Хиуа хандығы осы жолы да шет қалмаған болатын. Бұған орыс үкіметіне қарсылықтар кезінде үнемі хиуалықтардан пана іздейтін қазақтардың өздері себеп беретін. Оның алдында, 1869 ж. қаңтар айында Мұңайтпас пен Тұрым билер оңт-тегі шөмішті табын және шекті руларына жаушылар арқылы хат жолдап, үкіметке қарсы көтеріліске қосылуға шақырғаны айтылды. Сол қаңтар айының басында Жәнібек Барақұлы мен Алдаш Байғанаұлы бастаған шөмішті табын руының бірнеше өкілі және шекті-қабак бөлімінің белгілі биі Әзберген Мұңайтпасұлы мен Есет батырдың ұлы Назар бастаған адамдар Хиуа ханына келіп, қазақтардың Жаңа Ережені қабылдағылары келмей, орыс үкіметіне қарсы шыққандарын айтып, көмекке әскер сұрайды. Хан бұған келісім беріп, сәуір айының ортасында түрікмендерден, карақалпақтардан, сарттар мен өзбектерден тұратын 6 мың адамдық әскер жасақтайды. Бұл жасақ ресейлік әскери бекіністерді талқандап, қазақтарды өз қарауларына алып, оларға салынатын зекет мөлшерін анықтауы қажет болатын. Хиуа ханы Есет Көтібарұлының көтеріліске байланысты екі ойлы болып отырғанын естіп, оған хат та жолдаған. Алайда, Күтек есімді әскербасы басқарған хиуалық жасаққа қазақтар қосыла қоймайды, оған көмекке тек жақын ағайынды Жәнібек Барақұлы мен Дәуіт Асауұлы бастаған шөмішті табынның 200 сарбазы ғана қосылады. Қазақтардың көмегімен Жем постын алуы тиіс Күтек, аталған пост маңында бір айдай тұрып, мамыр айының соңында Қоңыратқа оралады. Ол кеткен соң Әзберген Хиуа ханына келіп әскербасын батылсыздығы үшін айыптайды, сонымен қатар өзіне қазақтарды қарату үшін аз мөлшерде әскер сұрайды. 1869 жылдың соңында Дәуіт Асауұлының үлкен ұлы Алданазар, Қаналы Арыстанұлы, Әзберген Мұңайтпасұлы, алаша және байбақты руларының көтеріліс көсемдері Есет Торғайұлы мен Беркін Оспанұлы, т.б., барлығы 20 адам, Хиуа ханына ақ киіздерден, түйелерден және арғымақтардан тұратын сыйлықты тарту етіп, өздерін қол астына алуын, көшіп-қонатын жерлер беруін және үш жыл уақытқа дейін зекеттен бостауын сұрайды. Бұл Хиуа иелігіне мыңдаған шаңырақтың қоныс аударып келген кезі болатын. Хан бұл елшілікті жылы қарсы алып, өз тарапынан да сый-

құрмет көрсетеді. Ол хандық иелігіне көшіп келушілерге жер беруге даяр болған, ал кейін қайтам деушілерге қысым жасалмағандығы айтылған. Қазақтар арасынан Әзберген би хан тарапынан бұрын да сенім мен құрметке ие болған болатын. Хан оған бірнеше мың танап жер де сыйлаған. Аталған кездесуден соң хан Үрге деп аталатын жерден хандықтың солт.-батыс шекараларын қорғау мақсатында жаңа бекініс салу туралы шешім қабылдайды. Сол тұста Хиуа жерінде қайраткерлік қылып, Ресеймен қатысты әлеум.-саяси оқиғаларға байланысты Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан да өте үлкен рөл атқарған еді. Сыздық сұлтанды хан да, оның қол астындағы түрікмендер де, өзбектер де, барлығы ерекше құрметтеген. Үрге бекінісін тұрғызу үшін хан 7 мың әскер аттандырып, оларды жеті саркердан басқарады, үшеуі – көтеріліс көсемдері, ал қалғандары аталмаған. Бұл 7 мың әскерді жоғарыдан Алдаберген марем ханға жақын адам басқарған, әскерлер жаңа бекініске Хиуа мен Қоңыраттан азық-түлік тасумен айналысқан. Хиуа өңіріне ауа көшкен ауылдар 1870 жылдың көктемінде өз отандарына оралуды ойластыра бастайды. Мұның басты себебі – Жаңа Ереже туралы сыбыстардың көпшілігінің ойдан шығарылғаны аян болса, екіншіден, Орынбор әкімш. ауа көшушілерге қайта оралған жағдайда кешірім беріліп, қайта оралмаса, олардың жерлерінің басқару бөлімдеріне берілетіні туралы жариялайды. Бұл үндеу көтерілісші ауылдарға үлкен әсер етеді, мұның үстіне Хиуа жері де олардың малдары үшін қолайсыз болған болатын. Бұл көтерілістің толық ыдырай бастағанынан хабар беретін. Көтеріліс көсемдерінің көпшілігінің тағдыры қасіретті аяқталды. Ишан Ықылас Досұлы өз отбасымен 1874 жылға дейін Қоңырат пен Хиуа арасындағы Хожейлі қаласында өмір кешіп, сол жылы қараша айында өзіне патша үкіметінен кешірім берілуін өтінген. Туған жеріне қайтуды ойлаған қарт ишанға кешірім берілмей, керісінше, оны ұстап жазалау жөнінде жарлық шығарылады. Орынбор және Түркістан ген.-губернаторларының бірігіп іздестіруі кезінде, Ықылас Досұлы жақын туыстарымен бірге Түркия иелігіне өтіп кетеді. Түрік үкіметі оларға Дамаск түбінен жер беріп орналастырған. Шет жерде жүргеніне қарамастан, ишан мен оның туыстары, ұрпақтары



20 ғ-дың басына дейін қазақ даласынан Меккеге қажылыққа сапар шеккен қандастарымен араласып тұрған. Өз діндерін сақтау үшін күрескен Ықылас Досұлының одан кейінгі тағдыры белгісіз. Көтерілістің негізгі жетекшілерінің бірі болған Қаналы Арыстанұлы да толқулар басылған соң Хиуа иелігінде қалып, біршама уақыт Ходжент бекінісі бегінің көмекшісі қызметін атқарған. Батыс өлкелердегі көтеріліс аяқталған соң басталған тергеу жұмыстары қазақтарды жаңа заңға қарсы көтерген Қаналы деген шешімге келеді. Осыған сай Орал обл-ның әскери губернаторы Веревкин оны негізгі бүлікші ретінде бүкіл құқығынан, шенінен, сұлтандық атағынан, марапаттарынан айырып, оны мәңгіге мемлекет тарапына жолатпауға, ал ұсталған жағдайда 15 жылға каторгалық жұмыстарға жіберу туралы қаулы шығарады. 1873 ж. Ресейдің Хиуаға жорығы кезінде, Веревкин Хиуа жерінен қайтпай жүрген көтерілісшілер мен оның көсемдеріне кешірім беру туралы прокламация таратады. Бұл кешірім, орыс әскерінің офицері бола тұра патшаға қарсы шыққандығы үшін ісі Әскери Далалық сотқа берілуі тиіс Қаналыға қолданылмайтын. Бірақ орыс жасағына көрсеткен көмегі үшін, орыс офицерлерінің, әсіресе полк. Скобелевтің кепілдік етуімен, Қаналы Арыстанұлына кешірім беріледі. Көтерілістің негізгі көсемдерінің бірі болған Сейіл Түркебайұлы да көтерілістен соң баласы Амандық екеуі ұсталып, Орал қ-ндағы абақтыға жабылған. Сейіл осы абақтыда қаза болады. Қобда өңіріндегі белгілі би әрі қажы Мұнайтпас Бөтенбекұлы көтерілістен соң көп ұзамай соңғы үшінші рет қажылыққа сапар шеккен. Ол ел-жұртымен қоштасып, өз туған өңіріне қайта оралмайтынын, ел басына, ұрпақтарына қиын-қыстау күндер туатынын болжап кеткен. Оның бір ұлы Шекмағамбет көтерілістің басқа жетекшісі Жақсыбай Жылгелдіұлымен бірге 1870 ж. сәуір айында Ақтөбе бекінісінде ұсталып, бірнеше ай қамауда болады. Ол тамыз айында босатылғанымен, 1871 ж. 43 жасында қайтыс болған, құлпытасы – өз ата қонысы Қобда-Бескопа өңіріндегі белгілі Байтақ қорымында. Жақсыбай Жылгелдіұлы көтеріліс кезіндегі көптеген дау-дамайлар мен барымталарға кінәлі деп табылып, 1871 ж. Архангельск губ-на жер аударылады. 1875 ж. ол Ішкі істер мин-нің шешімімен Архангельск

губ-нан қазіргі Украина жеріндегі Екатеринослав губ-ның Верхнеднепровск қ-на ауыстырылады. Ол жазасын өтеу кезінде, өзінің денсаулығына байланысты туған еліне, тым болмағанда Орынбор губ-на жіберілуін бірнеше рет өтінген, бірақ жауапсыз қалдырылған. Жылгелдіұлы 1876 ж. 2 қыркүйекте Верхнеднепровск қ-нда 54 жасында қайтыс болған. 1869 ж. Батыс Қазақстанда болған көтеріліс Отан тарихындағы маңызды оқиғалардың бірін құрады. Біршама стихиялық түрде өрбігеніне қарамастан, бұл күрес Ресей империясының қазақ даласын отарлаудағы соңғы әрі шешуші қадамдарының біріне жасалған үлкен қарсылығы болып табылды. Оның басталуына алғашында көптеген алып қашпа сыбыстар әсер етті, жеке-леген сұлтандар тарапынан да арандату әрекеттері байқалды. Бірақ, бұл көтеріліс бос жерде пайда бола салған науқан емес еді, оның алғышарттары болды. Сол тұста патша үкіметінің қазақ даласындағы ықпалы жыл санап күшеюде болатын, бұл ел жақсыларының назарынан тыс қалған жоқ. Жаңа Ереже туралы сыбыстар таралмағанның өзінде, Ресей үкіметінің қазақтарға қатысты жасаған кез келген қадамына көздері ашық ел қайраткерлері, дәстүрлі дін өкілдері сезікпен қарайтын. Көтеріліске басқа діннің таралуы туралы әңгімелер ерекше әсер етті. Сондықтан оның алдыңғы көтерілістерге қарағанда діни сипаты басым болды. Көтерілісті ірі дін өкілдері мен қажылар, оқыған молда-ишандар басқарды. Ел бірлігі мен атабаба діндерінің сақталуын ойлаған олар өз ауыл-аймақтары мен ұрпақтарын жат ықпалдан аман сақтау үшін жан қияр әрекеттерге барды, алыс өңірге қоныс аударды. Бұл амалсыздан болса да, ұрпақтарының қамы үшін жасалған қадам болып табылды. Көтеріліс жеңіліске ұшырады, бірақ осының өзі патша үкіметінің реформасына едәуір үлкен тосқауыл болды. Реформа Батыс Қазақстанның біраз өңірінде көтеріліс салдарынан кеш енгізілді. 1869 жылғы көтеріліс болыстарды жасақтауды ұзақ айларға тежеді. Бұл іс жүзінде әкімш. отарлауға қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс болып табылатын. Қарсылыққа қарамастан, Жаңа Ереже енгізілді және қазақ тарихында үлкен бір отарлау кезеңін дүниеге әкелді.

Н.Жемісбай



1916 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАР МЕН ДЕРЕКТЕР – «Ел-шежіре» баспасынан 2007 ж. жарық көрген «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» көптомдығының 2-томында жарияланған. Патша үкіметінің қазақтан майданның қара жұмысына солдат алу туралы Маусым жарлығына наразылық ретінде 1916 ж. шілде айында басталған толқулар тамызда бүкіл қазақ даласын қамтыған қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілістің тамызда ең өршіген, аяғы қанды қырғын мен жат елге босуға айналған ауданы Жетісу өңірі болды. Патша үкіметі көтерілісті басуға 8750 штыктан тұратын 95 рота, 3900 қылыштан тұратын 24 жүздік, 16 зеңбірек пен 47 пулемет жіберді. Ген. Куропаткин губернатор Фольбаумға жолдаған жеделхатында Жетісудағы қазақтар мен қырғыздардың қарсылығын басуға жіберген күштерді тізіп, соңында «Черняев, Романовский, Кауфман, Скобелев Сырдария, Самарқан және Ферғана облыстарын бұдан аз күшпен жаулап алған», – деп көрсетті. Патша әскері мен переселендердің жасаған ойраны Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684-і жараланды, 1105 тұтқынға алынды. Көтерілістің басшыларының бірі Бекболат Әшекейұлы қыркүйектің 9-ы күні дарға асылды. Жетісу обл-ның жергілікті халқының төрттен бір бөлігі яғни шамамен 300000 адам Қытай жеріне қуып тасталынды. М. Тынышбаевтың есебі бойынша, Жетісу обл-на қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Пржевал уездеріндегі 44 болыс елде тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтіні Қытай асты. Аталмыш көптомдықтың 2-томында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың себеп-салдары мен маңызын тура да дәл түсінуге көмектесетін құжаттық материалдар берілген. Басым бөлігі бұрын 1916 жылғы көтеріліске арналған түрлі құжаттар жинағына енген бұл материалдар ресми билік пен оның саясатын жүргізушілердің көзқарасы мен іс-әрекетін ешқандай да бұрмалаусыз сол күйінде көрсете алған. Әскери губернатордың есептері, агентуралық баяндаулар, тергеу материалдары, жазалау орындары даярлаған көтеріліс басшылары мен оған қатысқан кісілердің тізімдері және бас-

қа материалдар жинаққа енген құжаттардың бұл тақырыпты неғұрлым тереңірек түсінуге мүмкіндік туғызды. Кеңестік тарихнама бұл кезеңнің оқиғаларын қуәландыратын материалдарды оқырман қауымға партиялық-таптық және ұлыдержавалық ұстаным тұрғысынан сұрыптап жеткізуге күш салды. Анығырақ айтқанда, бұл әдіс таптық ұрандарды жамылғы ұстаған жаңаотаршылдық идеологияның өзі-тін. Жинақта осы талапқа сәйкес келмегендіктен де түрлі құжаттық жинақтарға енгізілмеген материалдарға орын берілген. Жинаққа енген 1916–20 ж. құжаттары мен материалдар Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресей мемл. мұрағаттарынан алынған. Сондай-ақ, сол кезеңдегі газет материалдарының көпшілігі қазақ тілінде араб қарпімен жазылған мақалалар болып табылады. Араб қарпіндегі мәтіндерді М. Қойгелдиев пен Ш. Тілеубаев қазіргі қазақ әліпбиіне ауыстыруды жүзеге асырды. Құжат екі тілде дайындалған жағдайда, оның екі мәтіні де берілген.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2-том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ. Қазақстанның барлық аумағын шарпыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс еліміздің саяси және рухани өмірінде өшпестей із қалдырды. Қазақ жұрты патша жарлығына бірлесе қарсы шығып, еркіндігі, бостандығы жолында күресті. Көтерілістің шығуына қазақ жеріндегі патша өкіметінің отарлауы мен орыстандыру саясатының күшеюі себепкер болды. Патша әкімш. ежелгі қазақ жерін күшпен тартып алып, келімсек орыс шаруаларына берді, салық мөлшерін шамадан тыс көбейтіп, қарапайым халыққа озбырлық көрсетті. 1916 жылдың 25 маусымындағы патшаның Қазақстан мен Орта Азия елдері, ішінара Сібірдегі «бұратана» халықтардың 19 бен 43 жас аралығындағы ер-азаматтарын 1-дүниежүз. соғыстың тылдағы қара жұмысына алу туралы жарлығы іштегі қайнаған ыза-кектің сыртқа жалын болып атылуына себеп болды. Патша жарлығын жергілікті жердегі билік өкілдері құптады және оны жүзеге асыруға кірісті. Осы жағдайға байланысты ұлт камын жеген қазақ зиялылары екіге бөлінді. Оның бірі патша жарлығына батыл қарсы шығуды талап етсе, екіншісі, қан төгіске әкелуі мүмкін деген жорамалмен мойынсұ-

1916 ЖЫЛҒЫ ЖЕТИСУ

нуға шақырды. Сөйтіп, ел арасында Т.Рысқұлов, Ә. Жангелдин, С. Мендешев сияқты көтеріліске шығуға шақырған топтың ба, әлде қарусыз елді қырып алмай тыныштық сақтап, жарлықты орындауға үндеген Ә.Бөкейхан бастаған саяси топтың сөзіне құлақ асу қажет пе деген екіұшты ой халқықты тығырыққа тіреді. Осы кезеңде ғасырларға созылған азаптан құтылудың уақыты жеткендігін дәлелдей сөйлеген азаматтардың сөзі өтімді болды. Оның үстіне патшаның «қазақтан соғысқа солдат алынбайды» деген уәдесінің жел сөзге айналуы күллі қазақты ашындырмай қоймады. 1916 жылдың басында-ақ Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары қазақтан солдат алмау мәселесін Мемл. Думадағы мұсылман фракциясы арқылы өткізбекке талпынған еді. Өкініштісі сол, бұл мәселеде олардың ұсынысы ескерусіз қалды. Патша жарлығы М.Дулатов айтқандай қара халықты сендей соқты, естерінен айырды. Жалғыз баласын қан майданға жіберуге қорыққан ата-ана патшаға қалтықсыз қызмет етіп, қара тізімді құрастырып жатқан атқамінерлерге бар-жоғын шашты, ел ішін парақорлық жайлады. Осындай келеңсіздіктерден, әділетсіздіктерден елдің дүрліге көтерілетінін сезген ұлт зиялылары олардың босқа қырылып, халықтың күйзелетінін ескертіп, сабырға шақырғандығы «Қазақ» газетінің 1916 жылдың 8 шілдесіндегі 188-санында жарияланған «Орынбор, 8 июль» деген мақалада айқын көрінді. Бұдан кейінгі «Қазақтың» 11 тамыздағы нөмірінде Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Дулатовтардың тағы да елге бұл бұйрықты еш қарсылықсыз орындауды үндеген хаты жарияланды. Олар қазақтың басында екі ауыртпалықтың барлығын, бірі – майданға барса шаруашылыққа кемшілік келтіріліп, бейнетке ұшырайтындығы, екіншісі, бармаймын деп қарсылық кылса, елде бүліншілік басталатынын айқын айтты. Осыдан ауыр болса да бірінші жолды таңдаудың тиістілігін дәлелдеп бақты. Ұлт зиялылары халықтың бостан-босқа қырылатындығын түсінді. Олар ел арасына алашшыл азаматтардың барып, «жұмысқа барыңдар» деп үгіт жүргізіп жүргендігін газетке жариялаған «Қазақ жұртына» деген мақалаларында келтіре отырып, патша жарлығы орындалмаса, мұның арты жақсылыққа апармайтынын баса айтты. Көтерілістің тарихтан орын алғандығын қазақ зиялыларының

бірі, «Алаш» партиясының көсемі Бөкейхан мен зерттеуші А.Шестаков жазған мақалада: «1916 жылы патша сансыз жігіттерді соғыста өлтірді, қолы, аяғы жоқ, ақылдан адасқан, мешел де мүгедек қылды. Елдің шаруасы ойрандалды, соғыста ерлер өліп, елде шаруа күйзелді, жетім бала, жесір қатын, шал-кемпір көзінің жасы көл болып, жұртта қалған ботадай боздады. Ет, нан, өзге (азық) марттағыдай тапшыланды, жұттағыдай жоғалды» дей келе, осы жайттар халықты үкіметке қарсы шығуға алып келгендігін жазған болатын. Қазақ зиялыларының бірі Дулатов көтеріліске бір жылға толмай жатып оның тарихта ерекше із қалдырғандығын «Қазақ» газетіне жариялаған «Тарихи жыл» деген мақаласында нақты көрсетті. Ел басына қара түнек орнап, 25-інші маусым жарлығы елді олжалау, ескі кекті қоздырып, партиялықты қолға алып, өтірік шағым айтып, бірін-бірі жаптыру, шаптыру, тінттіру сияқты фактілерге орын бергендігін келтіреді. Ол «халықтың берекесін қашырған атқа мінерлер мен қалада орысша оқығандар» деп ашық жазды. Қазақ халқының бүліншілікке ұшырауының басты себебін надандыққа жатқызды. Көтеріліс басылып, оған қатысқандардың көбі ұсталды. Қашқандары Қытай асты. Қалғандарының көпшілігі өлім жазасына кесіліп, дарға асылды. Алашшыл ұлт зиялылары ел басына түскен қиыншылықтан қашпады. Керісінше, қолдарынан келген көмектерін аямады. Істі болғандарды қорғайды, қара жұмысқа кеткендерге демеу болды. Минскіде құрылған соғысқа барған қазақтар ұйымына басшылық жасады. Қара жұмыстағы қазақ жігіттерінің қасына барып бас-көз болды, бағыт-бағдар сілтеді. Олардың сол жердегі тұрмыстық дәрежелерін патша үкіметіне хабарлап, ас-судың, киім, жуыну мәселесінің жақсаруына себепші болды. Ақпан төңкерісінен кейін алаш қайраткерлері майдандағы қазақтардың елге аман-есен оралуына, сондай-ақ, із-түзсіз жоғалып кеткен немесе оқыстан жау оғынан қаза тапқандардың тізімін құруға, бұл жайында олардың отбасына хабарлауға күш салды. Дегенмен кеңестік жүйенің берік орнауы мен қарапайым халықтың үкіметке деген сенімінің күшеюі алашордашылардың сол кездегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты ұстанымына, олардың әрекеттеріне деген күдікті күшейтті. Әрине, бұған сол кездегі



өкіметтің ықпалы қатты әсер еткені айдан анық. Алаш зиялылары өздеріне төніп келе жатқан қауіп-қатерге қарамастан, ел үшін жанымен қызмет етіп жүргендерін сөз жүзінде емес, істерімен дәлелдеп берді. Олар, біріншіден, қоғамдық-саяси қызметке етене араласуымен көрінсе, екіншіден, өздерінің ұстанымдарынан айныған жоқ. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1916 жылғы көтеріліс барысын зерттеу мәселесі қолға алынды. Қазақстанды зерттейтін қоғам бастапқы кезде көтеріліс барысы жайында мағлұматтарды, деректерді жинаумен айналысты. 1920 жылдың басында мерзімді баспасөз беттерінде бұл көтерілістің маңыздылығын талқыға салған мақалалар жарияланып, оның шығу себептерін нақтылауға тырысса, одан кейінгі жылдарда жарық көрген материалдарда оған баға беріле бастады. 1926 жылдың шілде айында бүкіл Қазақстан болып, 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығын тойлауға арнайы шешім қабылдағаннан кейін осы көтеріліске мерзімді басылым беттерінде Ә.Бөкейхан, Дулатов, Рысқұлов, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, Мендешев, т.б. ұлт зиялыларының баға берген мақалалары мен осы көтеріліске қатысқандардың естеліктері БК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) обл-тық к-ті мен Орт. Атқару к-тінің органы – «Еңбекші қазақ» газеті мен Ақмола губ-лық партия к-ті мен атқару к-тінің органы болған «Бостандық туы» газетінде, РК(б)П-ның Қазақ обл. к-тінің органы – «Қызыл Қазақстан» журналында, т.б. газет-журналдарда жариялана бастады. «Еңбекші қазақ» газетіне 1916 жылғы көтеріліске баға берген алаш қайраткері Дулатовтың «Он алтының ойраны» атты мақаласы басылды. Іле-шала С.Мұқановтың «1916 жылдың ұраны» мақаласы жарияланып, ол көтеріліс мәселесіне өзіндік тұжырым жасады. Оның ойынша, біріншіден, көтеріліске түрткі болған ірі оқиғаларға белгілі бір партия көсемдік қылды, ал көтерілісшілер сол партияның бастауымен әдіс етті. Екіншіден, бассыз, нұсқаусыз тұрмыстың еріксіз шығарған қаулысы. Ол 19–20 ғ-ларда Еуропада, Ресейдегі ірі оқиғалардың көпшілігі саяси партиялардың сілтеуімен болған деген тоқтам жасап, 1916 жылғы қазақ даласында болған көтерілістің бұл оқиғалардан өзгешелігін атады. Оған себеп болған жайтты: «1916 жылы көтеріліс жасаған қазақ еліне «көсембіз» деп жүргендер түзу бағыт сілтей алмай, на-

дан жұрт тәсілсіз күрес ашты» деп көрсете келе, бұған Дулатовтың осы санда басылып отырған «1916 жылы» деген мақаласын дәлелге алады. Мұқановтың ойынша, бұл кездерде қазақ жұртында саяси сауаттылық болған жоқ, ол тек Ақпан төңкерісінен кейін ғана туындаған. Оған себеп қазақ зиялыларының аздығы және олардың қазақ жұртын патшаға қарсы шықпауға үгіттегендігі. Бұл жерде автор Дулатовтың мақаласындағы «Бұл кезде қазақ елін патша үкіметіне қарсы үндеуге болмады, патша үкіметінен қорықтық, газетімізде («Қазақ» газетінде) қазақты жігіт беруге үндедік, «ол заманмен бұл заман бірдей емес еді» деген сөзін сынға алып, оны басын қорғағаннан жазғандық дей келе, сол кездегі қазақ зиялыларының алға қойған міндетін талдауға тырысты. Оларды «ұлтшылдар» деп айыптап, өз бастарын қорғады, ал Кеңес өкіметі орнағаннан кейін тағы да жауапты жұмыстарды басшылыққа алды дейді. Осы жерде автор қазақ зиялыларының әрекеттері мен коммунистік партия мүшелерінің жүргізген әрекеттерін салыстырады. Мұқанов қазақ зиялыларының 1916 жылғы әрекеттеріне өкпелеуге болмайтындығын айта келе, оны былайша түсіндіреді: «...қазақтың ұлтшылдарына да өкпелеуге болмайды. Себебі коммунист партиясы мен ұлтшылдардың ұстаған жолы бір емес. Ұлтшылдарды коммунист партиясы байшылдар деп баға бермеді. 1916 жылдың оқиғасы қазақтың кедей жағына болмаса, бай жағына онша зиян келтіре алған жоқ. Қайта қазақтың атқа мінерлері, болыс, биі, ауылнайлары, байлары пайда қылды. Тегін кісі алды, пара жеді. Ұлтшылдар өз басын ақтағысы келгенмен, олар 16-жылда коммунистердің «сендер байшыл партиясындар» деген сөзін дұрысқа шығарды». Ол ұлтшыл қазақ зиялылары «жалпы қазаққа жандары ашыса, алдымен сені солдаттан қалдырамын десе, кедейдің жалғыз атын алған қуларға, сен үшін мен ақша берейін, маған пәлен жыл ақысыз жұмыс қыл деп кедейді сорлатқан байларға қарсы күрес ашу, қазақ үшін атылу, шабылуға разы болу, газеттің патшаға қарсы сөз жазғаны үшін жабылғанына шыдау, үндеулер тарату керек еді» дей отырып, мұны олардың істемегендігіне қынжылады. Ол «1916 жылдың ұраны алдымен ұлт қозғалысы болып басталды да, артынан тапшылыққа айналды, бірақ бастаушысы болмағандық-

1916 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСУ

тан, мақсатын аяғына дейін жеткізе алмады» деген тұжырым жасады. Қазақ зиялылары 1916 ж. халық арасына барып, оларға дұрыс жолды таңдауды насихаттады. «Еңбекші қазақ» газетінің 166-санында жариялаған естелігінде Н.Манаев 25 маусым жарлығына байланысты «адам жинау» мәселесі бойынша Ақтөбеде болған съезд барысына Дулатов пен Е.Омаров та қатысып, Дулатов «қарсыласпай, жұмысқа бару» керектігін сөйлегендердің бірі болғандығын келтірді. Съезде қабылданған қаулы бойынша арнайы комиссия құрылып, үкіметтен жігіт орнына мал алуды немесе уақытша тоқтата тұруды, сонымен қатар үйдегі жалғыз баланы, оқудағы жастарды, байлардың малшыларын, жалшыларын алмауды талап етті. Алайда губернатордың орынбасары «жігіт сөзсіз алынатындығын» айтып, патша жарлығын мүлтіксіз орындауға шақырған. Жұрт басқы кезде дағдарып қалса да, кейінірек жеті адамнан тұратын комиссия құрып, өздерінің алдындағы шешімдерін сұрамаққа бекінеді. Комиссияның мүшелігіне Дулатов сайланған. Бірақ губернатордың орынбасары оны «саяси сенімсіз адам» деп, үйіне кіргізбей қояды. Ал кеңесте қабылданған шешімге «болмайды» деп жауап қайтарды. 1916 жылғы көтеріліс мәселесін көтеріп, оның әділ бағалануын қолдағандардың бірі – сол кезде Қазақстан сауда комиссары болған А.Кенжин «1916 жыл» атты мақаласында 1-дүниежүз. соғыс тек Ресей мемлекетіне ғана ауырлық әкелмей, оның қол астындағы «бұратана» атанған елдерге де зиянын тигізгендігін айта отырып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің не себепті болғандығын ашып бермекке тырысты. Ол мақаласының бастапқы кезде патша үкіметі «бұратаналардан солдат алмаймыз» деп шешім қабылдауы, бұратана халықтарды менсінбеушіліктен, тең көрмегендіктен, егер солдат ала қалса, олардың қатарға қосылып кетуіне күмәндануынан, ал екіншіден, бұратаналарға қару-жарақ беруден қорқуынан болды деген тұжырым жасаған. 1916 ж. бұратана халықтан қара жұмысқа алу заң жүзімен жүргізілмей, алауыздыққа жол беріліп, патша жарлығымен алынған жігіттерді майданға апару барысында дұрыс ұйымдастырушылық болмай, оларды қойша пойызға тиеп, кейбіреулері жарты жолда адасып, жолдастарынан айырылып, тіл білмеуінен түрлі жағдайларға тап болғандығын келтірген. Кенжин осындай

келеңсіз жайттарды болдырмау үшін қазақ жігіттеріне бас-көз болуға тілек білдірген қазақтың оқыған алашшыл азаматтары өздері тіленіп, майданға аттанып, жол сілтеуші, бастаушы болғандығын айта келе, мұндай адамдардың қатарына Темір уезінен Исламғали Құрманұлын атайды. Алайда осы жерде автор кейбіреулер жол басшы болуға пайда табу үшін барған деп жазады. Кенжин Кеңес үкіметі кезінде қуғындала бастаған Алашорда мүшелерінің 1916–17 жылдарда ел арасында болып, қол ұшын созғандардың бірі екендігін дәлелді фактілермен келтірді. Өз кезегінде Дулатов қазақ зиялыларының неліктен қазақтарға патшаның қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы шықпай, олардың айтқандарына көну керектігі турасында айтуларының себебін түсіндіруге тырысты. Ұлт азаматтары елден әскер алмаудың амалын издестіріп, неше түрлі сылтаулармен уақытты соза беруге тырысқандығын да жасырмады. Дулатов көрсеткендей, қарапайым қазақ зиялы азаматтардың сөзін дұрыс түсінбей, патша жарлығын жариялаушыларға қарсы шығып, тіпті қырға келген орыс тілмаштарын өлтіріп, жағдайды ушықтырып жатты. Елде ауыл қазақтары атқа мініп, патша жарлығын орындамақ болған би-болыстарға, шенеуніктерге, жергілікті үкімет билігіне қарсы бас көтеріп, орыс әскерлерімен жиі-жиі қақтығысты. Патша үкіметі қазақ даласына жазалаушы отрядтарды да аямай төгіп, бейқам жатқан ауылдарды қанға бояды. Көтеріліске қатысты дегендерді ұстап алып, аяусыз жазалады. Дулатов газет арқылы «он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейде ұлы төңкеріс болмаса не болар еді» деген қорқыныштың болғандығын да жасырмайды. «Ауыл» газетіне жариялаған мақаласында ол Торғай қазақтарының көтеріліске қатысу барысына тоқталады. Торғайға қарасты Қараторғай болысы қазақтарының көтерілуінің бірден-бір себебі патша жіберген шенеунік пен қазақтардың өзара түсініспеушілігі екендігін айқындайды. Ашынған халықтың болыстардың қолдарындағы тізімді тартып алып, өздерін соққыға жығуы орын алғандығын, көтеріліске басшы болған Әбдіғаппар мен оның соңынан ерген қазақтардың патша үкіметінің әскерлеріне қарсы шығуға бел байласқандығын, сөйтіп, үкімет әскерлері мен қазақтар арасында кескілескен ұрыстардың болғандығын да келтіреді. Патша әскерлері-

нің жүрген жерлеріне зорлық-зомбылық етіп, әйелдерді жәбірлегендігі, 60-тан аса адам «елге жел берушілер» есебінде тұтқындалғандығын, олардың әбден қорлық көргендігін де ашып берді. 1931 ж. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа 15 жыл толуына орай жарияланған материалдарда оған түрлі бағалар берілді. «Яш Түркістан» журналына жариялаған мақаласында М. Шокай «1916 жылғы қозғалыс – жалпы алғанда ұлттық қозғалыс» деп бағалап, көтеріліске байланысты Түркістанда жарық көрген большевиктік баспасөзде жарияланған кейбір пікірлерге қарсы шықты. Оның бірі көтерілісті таптық күрес деп бағалауына байланысты туындады. Ол Миклашевский, Федоров, Кузьмин, Меницкий, Галузо, Сафаров сияқты зерттеушілердің еңбектеріндегі 1916 жылғы көтерілісті бұрмалап, таптық сипат беруіне сын айтады. Шокай 1916 жылғы көтерілістің жалпы алғанда ұлттық қозғалыс екенін, онда таптық күрестің елесі болмағандығын айтып, бұл көтерілісті патшалық отаршылдық саясатқа қарсы бағытталған қозғалыс ретінде бағалады. Рысқұлов қозғалыстың Ресейге және орысшылдыққа қарсы жалпы халықтық сипатта өрістегендігін баса көрсетіп, «16-шы жылғы көтеріліс Ресейге, орыстыққа қарсы ұлттық қозғалыс еді» дегендердің бәрі «ұлтшыл», «шовинист» деп қараланғандығын да келтіреді. Ғалым К. Есмағамбетов жазғандай, Шокай бірінші болып ұлт-азаттық көтерілістері мен Ресейдегі революциялық үрдістің біртұтастығы туралы лениндік тұжырымдаманың негізсіздігін көрсетті. Жалпы, 1916 жылғы көтеріліс Қазақстан мен Орта Азия халықтарының ұлттық сана-сезімінің оянуына әсер еткенін алаш зиялылары ұлттың тағдыры, ұлттың мүддесі үшін құрбандыққа дайын болғандығын олардың жоғарыда айтылған әрекеттері айғақтайды деп тұжырымдауға болады.

Әдеб.: Орынбор, 8 июль, «Қазақ», 1916, 8 июль, №188; Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар мен материалдар жинағы, А., 1998. Т.2.; Қазақ, 1917, 8 январь, №212; Сәбит. 1916-ншы жылдың ұраны, Еңбекші қазақ, 1926, №145, 8 июль; Кенжин А. 1916 жыл, Еңбекші қазақ, 1926, №218 (655), 4 октябрь; «Еңбекші қазақ» 1926. № 145; 1926. № 145; Торғайлық (Дулатов М.), 1916 жылы Торғай қазағының көтерілісі, «Ауыл» 1926, № 277, 278; Шокай М., Таңдамалы, А., 1998. Т.1. 216-217-бб; Есмағамбетов К., Әлем таныған тұлға, А., 2008.

С. Смағұлова

«1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ОН ЖЫЛДЫҒЫНА» – мақала. Авторы – Әлихан Бөкейхан, А.Шестаков (1926 ж. жазылған). Мақаланың қысқартылған нұсқасы төмендегідей: «Қазақ-қырғыз баласын майданға ал деп жарлық шыққалы 25-інші июньде он жыл толады. Патша қол астындағы құлақ кесті құл елді қысырақтай матап, мұрнын тескен тайлақтай байлап, қойдай айдап, неміс пен түрікке қарсы соғысқа апарды. Патша түріктен жер тартып алып, неміске қымбатқа бидай сатып, орыстың ақсүйек төрелерінің пайдасын көздеген болды. Соғыс осымен шықты. 1916 жылы патша сансыз жігітті соғыста өлтірді, қолы, аяғы жоқ, ақылдан адасқан мешел де мүгедек қылды; елдің шаруасы ойрандалды, соғыста ерлер өліп, елде шаруа күйзелді, жетім бала, жесір қатын, шал-кемпір көзінен жасы көл болып, жұртта қалған ботадай боздады. ...Майдандағы шексіз жерде шабылмаған ел, талқандалмаған қора-қопсы қалмады, елі жетім де, жесір де, қайыршы да болды. Жүз мың босқын қорғалауға бұта да таппай, ішуге суын, жеуге дәм таппай, құтырған иттей сандалды. Патша соғысының қарғыс атқан күні туды. Қазақ-қырғыздың малын темір жолдың арбасына тиеп, судай ағызып тасиды да жатады. ...Алаштың баласына қанқұйлы жау болған патшаның қызметшісі төрелер параны жағып та, тұрып та алған. Алаштың жайында қара топырақ, қау жер болса, аққан өзен, шалқар көл, тұщы құдық, мөлдір субұлақ, жайлы жазық, тоғайлы орман болса, майлы ет біздің орыстың сыбағасы деп отаршыл орысқа тартып әперген. Кірін жуып, кіндік кескен жерінен, неше жүз жыл атабабасы қойған ұлтынан, Сарыарқаның тұщы су, кербетеге тауынан құлан, киік жайлаған шөлге, ащы су, сорға қазақ-қырғызды қуған. Тоған қазып байлаған суды, алма баққан бақты, жоңышқа еккен жайды, салулы қораны, егісті ішкі Ресейден келген орысқа тартып алып берген. Ресейде жердің бәрі байлардың, алпауыттардың қолында болған. Жерсіз мұжық алпауыттардың қолындағы жерді тартып алмақ болып неше қабат бас көтерген. Алпауыттың өзін айдап, өлтіріп, жерін тартып алып, отарын жағып жібере бастаған. Міне, осы қауіп-қатерден байларды, алпауыттарды сақтап алып қалмақшы болған патша өкіметі ішкі Ресейдегі мұжықты қазақ-қырғыз жеріне қойдай айдаған. Соғысқа

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС

дейін орыстың егіншісі қазақ-қырғыздардың жерінен таңдап 25 миллион десятина жер алған. 1913-інші жылы жалғыз Жетісудан егінші орыс 4 миллион десятина жер алған. Бақ та, жоңышқа да, өзен де, тоған да, жайлау да осы алған жердің ішінде кеткен. Келімсек орысты қазақ-қырғыздың мойнына артып берген. Алаштың баласы иттей өліп, шөлде қалған. Жерім кетті деп арыз қылса, Дала уолаятының жанаралы Шмит «сен итерді шөлге қуам» деген. Ұлт кеңесінде мүше, ақсүйек екінші Марков деген «қазақ-қырғыз Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің елі, бұларға Америкада қызыл терілерге қылғандай қылса да обал жоқ» деп шыққан. ...Сонда патшаның 1916-ншы жылы 25-інші июньде жарлығы шыққан. Түстікте Хантәңірде, Арқадан Тобылға дейін, батыста Астраханнан, шығыста Алтайға дейін өрт үйінен шыққандай алаштың ұлы козғалады. Ерлері ұйқы да жоқ, дамыл да көрмей қала барып, дала барып тоқым кеппей жортады. Кей ел Сарыарқаны тастап аумақ та болады. Қарқаралы уезінде Бақанастан Қожағелді Керей Қытайдағы Абақ Керейге барам деп ауады. Текеде, Қостанайда, Атбасарда, Қарқаралыда ел болыстарын сабайды, жарады, өлтіреді. Патшаның жарлығын болыстардан көреді: елді орысқа жердей сатқан сендер, – дейді. Қазақ-қырғызбен бірге өзбек, түрікпен, тәжіктер де бас көтереді. Астрахан губернесіндегі қалмақ пен түстік Кавказдағы қайсыбір майда ұлттар да көтеріліске қосылады. Өкімет те қарап жатпады. Қазақ патшаға қарсы атқа мінді деп әуез шығарып әскер алып, елді басып алам деп Сарыарқада, Ақмолада, Семейде, Текеде, Торғайда, Жетісуда жанаралдар, әскер басы төрелер шығады. Қарусыз елді қойдай айдап, жердей таптап, жаудай тонайды. Жарасына пышақ та тиген қазақ-қырғыз атқа мінеді. Патша әскері немістен көрі қарусыз қазақ-қырғызбен соғысқанды сүйеді. ...Келімсектер патша әскеріне қосылады, қазақты бірге шабысады, қазақ та келімсекке өштеседі, малын қуып алады, өзін де бұта түбінде бауыздап кетеді. Келімсектер пішеніне, егініне әскер ертіп баратын болады. Патшаның әскері Ақмолада 42, Баянауылда 20, Атбасарда 100 қазақты атып өлтіреді. Өзін өлтіріп, малын қазынаға алады. Тарбағатай, Алтай Найманы көрші Қытайға ауады. Ауған елді бөгеуге әскер шығады. Ел мұнымен соғыса кетеді. Патшаның әскерімен әдейі-

леп соғысқан Түркістандағы қырғыз болады. Қырғыздар патшаның әскері қолданған жолды, көпірді, телеграфты талқандайды. Аттанып келіп келімсектердің қаласын шабады. Ұсталар жиылып қару-жарақ соғады. Қарақолға баратын телеграфты тілсіз қылып, Белебот қаласының орыстарын бауыздайды. Зағордағы прістабты маялайды, ол ерткен бар әскерді жерлейді. Ағыста Жәреңт уезіндегі Қарқара мен Оқұт арасындағы бар келімсектердің бар қаласын шауып, өртеп, адамдарын қырып, әйелін ат көтіне салады. Қырғыз Қарақолды қамайды, патшаның әскері азар-азар өлдім-талдым деп күшке қорғап қалады. ...Қазақ-қырғыздың патша үкіметіне қарсы соғысы жерін тартып алғаннан, қара жұмысқа аламынан шығады. Патша үшін, орыстың ақсүйегі, төресі үшін қазақ-қырғыз бір тамшы қанын да қиғысы келмейді, жерін алған, өзін соғысқа айдаған. Патшаны иттің етінен қазақ-қырғыз жек көреді, бүйтіп қор болғанша, өзінің жағасынан алып өлейік дейді. Қазақ-қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе, келешекте қандай ел екенін білдіреді. Қазақ-қырғыз, өзбек, тәжік өзге елдің патша үкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады... Қазақ-қырғыздың көтерілісі қалың елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана дария толқиды. Қалың елді қарғыс атқан билесе, қанды саясат қолданса, бұған қарсы ел де толқиды. Бұл сықылды козғалысты қорлықтағы өзге жұрттар құлағына сырға қылып таққаны оң болды. Жер үстінде бай мен жарлы табының тартысы күн санап өрттей дулап келеді. Өрт қиырға жайылып барады. 1916-ыншы жылғы қазақ-қырғыздың көтерілісі осындай өрттің тамызғысы болып шығады. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды!»

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық көтерілісі. 3-том. – Астана: Ел-шежіре, 2007.

«1916 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ – ҰЛТ КӨТЕРІЛІСІ» – мақала. Авторы – Темірбек Жүргенұлы. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 30 қыркүйек пен 1 қазандағы сандарында жарық көрген. Мақаланың сәл қысқартылған мәтіні төмендегідей: «1916 жылғы қазақ көтерілісі, дұрысында ауылдың қалаға қарсы көтерілісі еді. Ауыл қала-



ға қарсы неге көтерілді? Оның себебін іздегенде қазақ қалаларының салынуы тарихына көз жіберу керек. Еуропа қалалары қалай салынды? Шаруа түрі өзгерген сайын ел руру болып отырудан қалып, кәсіп, шаруа жөнінен біріге бастады. Әуелі жұрт жерге отырысты. Әр жерге басы ауысқандар сауда шаруашылығы басқан сайын көгендесіп бөлек-бөлек поселка болды. Осы ретпен Еуропа, оның ішінде ішкі Ресей қалалары орысының айдауымен, шаруа түрінің өзгеруімен өзінен-өзі құрылды. Әр қазақ даласындағы қалалар жоғарғы үкіметтің бұйрығымен салынды. Қазақ даласын алып, патша үкіметі Орта Азия Сібірге ұмтылғанында қазақ даласының әр жеріне қорғандар салынды. Сонан барып қала болып кетті. Мұның нәтижесінде патша үкіметі қазақтың қоғам тұрмысына зорлап, қазақтың шаруа түріне, тұрмысына үйлеспейтін саясаттық кіргізді. Қоғам тұрмысы өзгергенде көшпелі ел әуелі отырықшылыққа айналды, жерге орналасып бөлек-бөлек қоғам болды. Жерге орналасқан соң әр шаруаның өзіне мүлкі болды. Арада сату, алым-берім басталды. Алым-берім сауда басталған соң әр шаруа не өндірсе де көп өндіруге тырысады. Бұлай еткен соң енбекті өнімді бөлу болады. Біреу артық, біреу кем өндіріп, ел бай-жарлыққа бөлінеді. Мұнан кейін жерді қоғаммен пайдалану поселке-поселкеге бөлінеді. Мұнан кейін ел арасында қол өнері тарайды. Өнершілер бір жерге жиналып, Еуропаның осы күнгі қалаларына негіз салған. Завод, фабрика салынып, сауда күшейген сайын, қала өзінен-өзі ұлғая берген. Ірі капитал кәсібі қаншама нешеме ғасырлар бойына осы күнгі қалаларды жетістірген. Өйткені кәсіп сауда қалаға жиылмай капитал кәсібі күшеймейді. Мәдениетті елдердің бәрінде де қала осылай бірте-бірте тұрмыстың айдауымен, шаруа тұрмысының өзгеруімен құралған. ...Қазақ даласында қалалар салына басталған кезінде қазақ елінің қалпы қандай еді? Қала салынар кезіндегі қазақ тұрмысының құрылысы жарыққа шығып, шаруа, қала, ауылға бөлінген қоғам құрылысына ұқсамайтын өзгеше болды. ...Орысқа бағынған кезде қазақ ру-рудан құрылған ел еді. Ру-руды хан, ақсақал биледі. Ел көшіп жүріп мал баққан қазақ тұрмысының ол кездегі тұрмысы міне осы. Қазақтың шаруашылығына сауда капиталы араласып, шаруа түріне өзгеріс кіргізгеннен кейін қазақтан жаңалық сүйерлер, шынжыр

балақ әкімдер, саудагерлер, байлар, атқамінерлер шықты. Бірақ Ресей отаршылығы тұсында қазақ шаруасының кәсіп түрімен пайдалану ретінде өзгермеген соң ел арасында рушылдық жойылмады. Өйткені қай қоғамның болса да негізгі кәсіп түрімен пайдалану реті болатын... Ауыл шаруасы өз бетімен жөн таба алмай, капитал шаруасына өз бетімен төтеп бере алмай, бірте-бірте құруға бет алған. Отарлаудың қай жұмысы, қандай саясаты болса да осы қалада тарап тұрған. Кімдердің озбырлығы, ауыл шаруасының өмір сүруі, қазақтың жақсы жерін отарлау, қаланың қазақ ауылына істегені міне осы. Осы жұмыстарды күштеп орындап, қазақ даласын күшпен отарлау үшін патша үкіметі бастап қазақ даласына қазіргі қалалардың негізін қорғандар салынған. Осы жоғарыда айтылған ауылдың қалаға, орыстың отарына, мәдениетіне наразылығы күшейе-күшейе, жалпы көтеріліске айналды. Елдің бойын кернеген ашу, наразылығы, 1916 жылғы қазақ көтерілісі – ұлт (бөлек ел) көтерілісі еді. Өйткені жоғарыда айтылған наразылықты тудырған үкімет озбырлығы, капитал құлдығы бүкіл қазақ еліне батты, бүкіл қазақ елі зорлық көрді. Әрине, үкімет озбырлығы, капитал ауырмалығы әсіресе азуға батыңқырады. Осы күйінде қазақ даласына Еуропаның отаршылық саясаты келіп жетті. Елдің отаршылыққа айналып тұрған жерінің кәсібіне қарай түрлі бөлінуіне елдің егіншіге, өнершіге бөлінуі шарт болса, ол кезде қазақта мұның бірі де жоқ еді. Патша өкіметі тек қазақты өзіне қаратып қана қоймай, Орта Азияны алмақ болды. Ол Қытайға ықпалын жүргізіп, шығысқа ағылшынмен таласпақ болды. Қазақ елін өзіне қаратқанда соғыс-бекіну саясатын осы мақсатына бейімдеп жүргізді. Сондықтан қазақ даласының шет-шетіне Қытайға, Орта Азияға қарай әскердің жүретін жолына қорғандар салынды. Қазақ даласындағы қазіргі қалалар – сол қазақ даласына қазақ елің қыспаққа қысуға, Шығыс елдерін отарлауға салған қорғандар. Сондықтан қазақ даласындағы қалалар тұрмыстың айдауымен, шаруа түрінің өзгеруімен салынбай, отаршылықтың арқасында өкімет бұйрығымен салынды. Осы қалалар арқылы патша өкіметі қазақ даласын өзіне бағындырды. Қазақ даласын облыстыққа да осылай бөлді».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық көтерілісі. 3-том. – Астана: Ел-шежіре, 2007.



1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ.

Бірінші дүниежүз. соғыс Түркістандағы және Ресейдің басқа да ұлттық шет аймақтарындағы әлеум.-экон. және қоғамдық-саяси жағдайды бұрынғыдан гөрі барынша ушықтыра түсті. Жергілікті орындарда шенеуніктік озбырлық күшейді. Сырдария және Жетісу обл.-тарында қазақтардан жерді жаппай тартып алу жалғаса берді. Бір ғана Жетісу обл.-нда соғыстың алғашқы үш жылында 1800 мың десятина ең жақсы құнарлы жайылымдар мен егістіктер тартып алынды. Бұл жерлердің нағыз қожайындары – қазақтар шаруашылық жүргізуге жарамдылығы аз немесе мүлдем жарамсыз жерлерге, шөл және жартылай шөлейт аудандарға күштеп көшірілді. Бірнеше жылдардан соң осы қалыптасқан жағдайға баға бере отырып, көрнекті мемлекет қайраткері Т.Рысқұлов былай деп атап өтті: Түркістан мен Қазақстанда патша әкімшілігі үстемдік құрған дәуір ішінде «қоныс аударған орыс шаруалары мен казачествосы өз шаруашылығын көбіне жыртқыштықпен жүргізді, олардың байлықтары негізінен қазақ батырақтары мен тұрғындарын қанаудан жиналды». Рысқұловтың пікірінше, Ресей империясының отарлық саясаты түптің түбінде қазақ халқының кедейленуіне әкеліп, қазақтар мен түркістандықтардың 1916 жылғы жалпыхалықтық көтерілісіне негізгі себеп болды. 1916 жылғы көтеріліс аймақтағы жергілікті халықтардың отаршыл зомбылығына қарсы ұлт-азаттық күресінің айқын көрінісі болды. Қазақтар мен қырғыздар көп тұратын аудандардағы көтеріліс себептеріне талдау жасай отырып, ресейлік авторлардың бірі былай деп атап өтеді: «...көтеріліс жоғарыдан бастап бүкіл әкімшіліктің (Ташкент және Жетісу) қырғыз халқын қуып тастап, жерді үкіметтің әрмен қарай отарлауы үшін тазалауға бағытталған арандатушылық жұмысының нәтижесі болды. Жөнсіз және арандатушы бұйрықтар, әкімшілік шенеуніктерінің жалған түсіндірмелері, орыс қоныс аударушыларын айдап салуы, олардан жасақтар ұйымдастыруы, жаппай адам өлтіру мен тәртіпсіздіктердің жазаланбауы – мұның барлығы көтерілісті арандатуға бағытталды. Бұл көтеріліс қырғыздарды жаппай «жойып жіберуге» негіз болар еді. Әскери отрядтар мен шаруа жасақтарының қарулы және ұйымдастырылған

полицейлердің әрекеті арқылы өлкенің әкімшілігі толқу аудандарын шебер кеңейте білді, қырғыз халқын келіп жатқан әскерлер көзіне барынша дұшпан етіп көрсете білді». Келесі бір орыс зерттеушісі көтеріліс жергілікті тұрғындарды «жаппай жойып жіберу» үшін әдейі арандатылды деген пікірмен келіспестен, былай деп мойындады: «Бұл отарланған халықтың империалистерге қарсы күресі болды. Бұратана халық оған (көтеріліске) өлкенің бүкіл қанаушы жүйесі арқылы дайын болды». Өлкенің жергілікті халықтарының әлеум.-эконом., саяси және азаматтық құқықтарын таптау, олардың ұлттық мүдделерін бұрмалау Ташкент әкімшінің түрлі нұсқау және директиваларымен көтермеленіп отырылды. Мәселен, 1911 ж. 31 қазанда таратылған Түркістан ген.-губернаторының директивасында облыстардың әскери губернаторлары мен уездердің бастықтарына мынадай тапсырма берілген: «Жергілікті ұлт өкілдеріне қаттылық таныту қажет, ал өмірдің барлық саласында негізгі орындар орыстар мен орыс мүддесі иеленуге тиіс». «Орыс мүддесін» қорғау Түркістан өлкесі мұсылмандарының тағдырына қайғылы әсер етті. Ресейдің бірінші дүниежүз. соғысқа араласуымен, Түркістанда өнеркәсіп пен армия үшін шикізат, азық-түлік және отын дайындау бойынша көптеген өкілетті адамдар өз қызметін бастап кетті. 1914–16 ж. аралығында Түркістаннан 41 млн. пұт мақта, 3 млн. пұттан аса мақта майы, 200 мың пұт күнжара, кептірілген жемістер, миллиондаған қой және басқа да мал әкетілді. Көрнекті қазақ қайраткері С.Асфендияров соғыс жылдарында әскери ведомство жергілікті халықтан (көбіне қазақтардан) арзандатылған және әділетсіз бағамен көп мөлшерде жылқы, түйе, ірі қара мал мен қой сатып алып, жергілікті халықты мейлінше тонағанын дәлелдеп жазған болатын. Бағасы 150–200 рубльдік жылқы үшін қазына 30–50 рубль, 10–12 рубльдік қойға 4 рубль төледі. Табиғат пен адам ресурстарын жыртқыштықпен қанаудың күшейіп, салық салу және баға саясаты арқылы халықты жасырын тонау ұлғая түсті. Инфляция шарықтай берді. 1916 ж. 1915 жылға қарағанда бүкіл Түркістан бойынша дән бағасы 300%-ға, күріш пен қант – 250%-ға дейін, нан – 4 есе, киім мен аяқ-киім – 200–350%-ға дейін көтерілді. Империялық салық стратегиясын іске асыру сал-



дарынан түрлі міндеткерліктер мен салықтар саны күрт ұлғайды. Мәселен, ауыл тұрғындарынан алынатын салық көлемі 66%-ға дейін көтерілді. Мақтаға арнайы әскери салық енгізілді. Малшылардан алынатын салық екі есеге ұлғайтылды. Түркістан халқы сондай-ақ жолдар мен ирригациялық құрылыстарды дұрыс жағдайда ұстауға арнайы салық төледі. Салықтардан басқа «ерікті жинақтар» енгізілді, оның есебінен майдан қажеттілігі үшін қосымша ақша жиналды. Халықтан азық-түлік, киім, еңбек құралдары, мал, жылқы және т.б. бұйымдар алынды. Осы кезеңде Ташкент отарлау әкімшінің Түркістан мұсылмандарын өкіметке қарсы идеологиялық күреске бастап шыға алатын әлеум. күш ретінде ислам дінбасыларына деген қатынасы едәуір қатая түсті. Дінбасы өкілдері отарлау әкімшінің тұрақты қадағалауында болды. Вақфтық жерлердің қысқаруы мұсылман дінбасыларының ашық наразылығын тудырды. Император Николай II-нің 1916 жылғы 25 маусымдағы «Империяның бұратана халықтарының ер адамдарын соғысушы армия жеріндегі қорғаныс құрылыстары мен әскери байланыстарды орнату, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс жұмысына қажетті кез келген өзге де жұмыстар үшін реквизициялау туралы» жарлығы түркістандықтардың төзімін тауысты. Бұл жарлық көтеріліске себеп болды. Осы жарлық бойынша тыл жұмыстарына 19–43 жас аралығындағы «бұратана» халықтың ер адамдарын тарту қажет болды. 1916 жылғы 29 маусымда Ташкентте үкімет жеделхаты қабылданады. Мұнда Ташкент әкімші. қара жұмысқа 250 мың адам жөнелту керектігі нақты көрсетілді. 1916 ж. 2–3 шілдеде Ташкентте ген.-м. М. Ерофеевтің басшылығымен (Түркістан ген.-губернаторы міндетін атқарушы) обл. губернаторлар және отарлық әкімшінің шенеуніктерінің қатысуымен жиналыс өткізілді. Мұнда обл.-тар бойынша жұмысшылардың наряды белгіленді. Халықты тыл жұмыстарына жөнелту шаралары әзірленді. Астық өсірегін және мал ш.-мен айналысатын ауд.-дардан гөрі мақталы ауд.-дардан жұмысшыларды аз алу қарастырылды. Өйткені Ташкент пен Орт. өкімет майдан қажеттілігі үшін мақта өндірісін дамытуға аса мүдделі болды. 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықтың көптеген ережелерін жергілікті халыққа қосымша ретте түсінді-

ру қажет болды. Өйткені олар ұлттық баспасөзден «тыл» немесе «қара жұмыста» немен айналысатындығы туралы толық мәлімет ала алмады. Біршама кейін осыған байланысты М. Тынышбаев былай деп атап өтті: «Тәжірибелі солдаттар қазақтарға «окоп» дегеннің не екендігін түсіндірген кезде мобилизация (реквизиция) қаруланбаған адамдарды қырып-жоюға әкеледі деген ой халықты аландатты. Бұл жағдай өз кезегінде қазақтардың патша жарлығына деген дұшпандық ниетін тудырды..., ешкім де халыққа мезгілінде жұмысшыларды қара жұмысқа алу себебін түсіндіріп бере алмады. Оның орнына жергілікті өкімет осы жарлықты асығыс әрі кейбір жерлерде қатаң шаралар арқылы орындай бастады. Бір мезгілдегі асығыс мобилизация халықты есеңгіретіп жіберді, сонымен қатар шақыру барысында зұлымдықтар да орын алды. Орыс әкімшілігіндегі кейбір адамдардың аяусыз шаралары мен қателіктері, болыстардың жемқорлығы шегінен шықты. Осындай әдіс-тәсілдердің халыққа тікелей әсер етуінен толқу күшейе бастады». Қарапайым адамдардың наразылығы мен қарсылығы жергілікті билікті мұсылман қауымын әлеум.-мүлтік белгісі бойынша бөлуге итермеледі. Жарлыққа арналған толықтырулар мен түсініктемелерге сәйкес болыстар мен олардың жігіттері (қарулы күзет), жергілікті тұрғындардан алынған төмен шенді полицейлер, имамдар, молдалар мен мударистер, үкімет мекемелерінің шенеуніктері, «құрметті азамат» құқығын пайдаланушы адамдар және халықтың кейбір дәулетті санаттары қара жұмысқа алынбады. Сондай-ақ, Ташкент отарлау әкімші. кез келген «бұратана» өзінің орнына жұмысқа басқа адамды жалдай алады деген нұсқау берді. Мұны ауқатты адамдар пайдаланып қалды. Түркістан және қазақ зиялыларының көптеген өкілдері (У.Асадуллаходжаев, М.Бехбуди, Тынышбаев, Рысқұлов және т.б.) патша жарлығына бірден қарсы шықты. Өз кезегінде, Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов сияқты басқа да қазақ либерал-демократтары және «Қазақ» газетінің маңына топтасқан адамдар патша әкімші-н мобилизациямен асықпау қажеттігіне көздерін жеткізгісі келді. Жергілікті орындарда дайындық жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті. Алайда, мұның барлығы күтілген нәтиже берген жоқ. 1916 ж. мау-



сымның басында Түркістан мен Қазақстанның көптеген елді мекендерінде қарулы көтеріліс басталды, оған аймақтағы жергілікті халықтың барлық әлеум. топтарының өкілдері қатысты. Түркістан жадидтері мен қазақ прогресшілдерінің белгілі бір бөлігі көтерілісшілерге қолдау көрсетіп, өздері оған қатысты. Мәселен, көтерілістің бастапқы кезеңінде (тамыздың алғашқы күндерінде) Әулиеата уезінде Ташкент мұғалімдер ин-тындағы оқуын тастап келген Рысқұлов көтерілісшілердің жетекшілерінің біріне айналады. Рысқұловтың көтерілісшілердің қызметін алдын ала ұйымдастыру мен үйлестіру туралы ұсыныстары көтеріліс басшылары тарапынан қолдау тапты. Көтерілістің басталуы мен барысы Ресейдің мазасын алды. Мұның өзі Санкт-Петербургте осы тақырыпта арнайы мәжілістер мен жиналыстар өткізуге себеп болды. Өйткені Ресей фабриканттары мен өнеркәсіпшілерінің осы аймақта өз мүдделері болатын. Ресей капиталының өкілдері өлке экономикасына салған қаржы салымдарынан қауіптен отырып, «бүлікшілдермен келісудің қажеті жоқ, кез келген құралмен қысқа мерзімде көтерілісті басу қажет» деген ұсыныс айтты. Осы күндері Ресей үшін Мәскеу қоғамынан Түркістан ген.-губернаторы Куропаткинге келесі мазмұнда хат жөнелтілді: «Түркістанда көтеріліс кезінде жергілікті халық қолынан орыс әкімшілігінің өкілдері қаза болды. Қоғамның бас кеңесі ол жақта әрмен қарай ресейліктердің жағдайын сақтау мен нығайтудың маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтеді. Сондықтан көтеріліске қатысушылар мен олардың жанашырларына біздер өте қатаң шаралар қолдануды сұраймыз. Олардың жерін тартып алып, ал өздерін Сібірдің әлдеқайда қиыр тұсына айдап жіберу қажет. Жерді ерлік танытқан солдаттарға және көбіне казактарға тарату керек». Мұндай ұсыныстарды іске асыру мәселесі ұзақ күттірген жоқ. Жетісу казактары қазақ халқына қарсы жазалау шараларымен ерекше көзге түсті, казактарды ұрып-соғып, жерлері мен мүлкін тартып алды. Наразылық пен бағынбау белгісінде көптеген қазақ рулары Қытай шекарасына қарай көшуін жеделдетті. Қытайға қарай үдере көшу патша жарлығы шыққан алғашқы күндерден-ақ басталған болатын. Ұлттық зиялы қауым қарапайым адамдардың мүддесін қорғау үшін мүмкін

болған нәрсенің барлығын істеді. Мәселен, бірқатар зиялылар тарапынан «бұратана комитеттері» құрылды. Олардың қызметін жергілікті полициялық жасауыл қадағалады. Бұл к-ттер мобилизацияланғандардың тізімінің дұрыс құрылуына жауап берді және өз туыс-жақындарына пошта жөнелтілімдерін қадағалады. Ұлт зиялылары мобилизацияланғандардың және тағдыр тәлкегінде қалған олардың отбасыларының жағдайын жеңілдетуге тырысып, оларға материалдық көмек пен моральдық қолдау көрсетті. Түркістаннан – М.Шоқай және У.Асадуллаходжаев сияқты прогресшіл зиялы қауым өкілдеріне, олардың Мемл. Думаға жолдаған үндеуіне орай 1916 жылғы оқиғалар Ресейде кең саяси резонанс алды. Оларды мұсылман фракциясының мүшелері Ю.Джафаров, К.Тевкелев қолдап, өз тараптарынан Мемл. Думаға мобилизацияланғандар мен олардың отбасыларының құқығын қорғау туралы хат жолдады. Осы негізде Думада депутаттардың сұраныстарын зерттеу үшін арнайы комиссия құрылды, оның құрамына А.Ф. Керенский («Еңбекшіл» фракциясы), Тевкелев, Ю.Джафаров (Мұсылман фракциясы) кірді. 1916 ж. тамыздың ортасында, көтеріліс қатаң басып-жаншылған кезде, Ташкентке осы комиссияның мүшелері Керенский мен Тевкелев келіп жетті. Оларды жергілікті прогресшілдер М.Шоқай мен Ш.Мұхамедияров алып жүрді. IV Мемл. Дума депутаттары Түркістанның ірі қ-ларында болып (Ташкентте, Самарқандта, Жизақта, Әндіжанда және Қоқанда), көтеріліске қатысушылар арасында сұрау жүргізіп, түсініктер алды. Дума комиссиясы 1916 жылдың 2 қыркүйегіне дейін жұмыс істеді. Түркістан және Далалық өлкеде орын алған оқиғалар туралы жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Мемл. Думаның IV шақырылымының V сессиясында (1916 жылғы 13–15 желтоқсан) екі отырыс болды. Бұл отырыстарда депутаттар үкіметтің саясаты мен жергілікті әкімш-тің іс-әрекетін қатаң сынға алды, сондай-ақ жемқорлық, озбырлық және әділетсіздік фактілерін жария етті. Депутаттардың бірі былай деп ерекше атап өтті: «...егер үкімет пен жергілікті әкімш. саясатын түбірімен жұлып алмаса, егер өлкені басқаша басқару қамтамасыз етілмесе және әділеттілік салтанат құрмаса, онда әрмен қарай бұдан да қауіпті көтерілістер болуы



мүмкін». Арнайы комиссияның қорытындылары мен билікті сөккен депутаттардың сөздеріне қарамай, көтеріліске қатысушыларға қатысты жазалау шаралары барлық жерлерде жалғаса берді. Ұлттық қозғалыс қайғылы әрі ашы, тарихи маңызды сабақ аласа да, бірақ ол жергілікті (оның ішінде қазақ) ұлттық зиялы қауымы мен саяси элитасына қалыптасқан жағдайда терең ойластырылған іс-әрекет бағдарламасын жасау, бостандық пен әділеттілік үшін халық қозғалысын біріктіру және басқаруға қабілетті сапалық тұрғыдан жаңа ұйымдарды құру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Әдеб.: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). А. Атамұра, 2002. Т.3. 766 б; Казахи о русских до 1917 г. Оксфорд, 1985. 92 с; Бройдо Г. Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году. Новый Восток. М., 1924. Кн. 6. С. 434; Шестаков А.В. Восстание в Средней Азии в 1916 году (к десятилетию событий). М.: Изд. Коммунистической академии, 1926. Т. 2. 291 с; Исмаилова Ж.Х. Национально-освободительное движение в Туркестане в начале XX века/ автореф. ... канд. ист. наук. Таш., 2002. С. 22; Асфендияров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 г. в Казахстане. М. – А. 1936. С. 75; Чарнев З.У. Усиление колониальной политики и национального гнета и их последствия в Туркестане в начале XX века. (на примере мобилизации на тыловые работы): автореф. ... докт. ист. наук. Таш., 1999. С. 33; Тынышпаев М. История казахского народа. А. 1999. 279 с; Котюкова Т.В. Туркестан и Государственная Дума Российской империи: аспекты взаимодействия. Таш., 2003.

Г.Отарбаева

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕРІ, көтеріліс кезеңінде елдің Қытай асып көшуінің кейбір белгісіз тұстарын ашады. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына халық қарсылығы Қазақстанның барлық дерлік аймағында бой көтерді. Бүкіл қазақ даласын шарпыған ұлт-азаттық көтерілісті патша әскерлері қарудың күшімен аяусыз басып-жаншыды. Қанды қырғынға ұшыраған шекара аймақтарының тұрғындары шетелдерге ауып, босып кетті. Әсіресе мұндай ахуал Семей обл-ының Зайсан уезінде кең етек алды. Жергілікті халықтың бас көтере бастауы уезд әкімш-н қатты алаңдатып, ол жөнінде жеделхат арқылы обл. губернаторына мәлімдеп отырды. Уездік әкімш. өкіл-

дері елдегі жағдайға ықпал етіп, солдатқа шақырудың себебін арнайы түсіндіру мақсатында болыстарға шықты. Шілденің 10-ында уездік 2-інші шаруалар телімінің бастығы Кистьяковский Көкпекті қ-на сол маңдағы бес болыстың басшылары мен беделді адамдарын жинап, патша жарлығын түсіндіріп, оларға бұл жарлықты өз ауылдарына жеткізуді міндеттеді. Алайда болыстар мен ықпалды адамдар ол міндетті орындаудан бас тартты. Ал, Кистьяковскийдің жарлықты өз болыстарына тарату жөнінде ұсынған қағазына ешбір болыс басшысы қол қоймайды. Халықтың мұндай сесі мен толқуынан қаймыққан Кистьяковский болыс бастықтары мен құрметті адамдарға, оларды басқа уақытқа шақыратынын хабарлайды. Елге ықпалды Закария Есеналин деген адам қазақтарды тыл жұмысына бармауға, 12 болыс елге беделді болыс Мірсәлім Бектенов халықты үкіметке бағынбауға шақырды. Мірсәлімнің мұндай әрекеті уездік әкімш-ті қатты тіксінтті. Әкімш. Мірсәлімді тұтқындау үшін елге казак отрядын шығарды. Отряд болысты ұстай алмаған соң, көшкен елге қырғидай тиіп, Қытайға өту қамындағы Мірсәлімнің ізіне түседі. Казак отряды Мірсәлім жасағын тамыздың 6-7-сінде Баспан биігінде қуып жетеді. Мірсәлім жасағы отрядты қоршамақ болып әрекет жасағанымен, жақсы қаруланған жүздік оқтың астына алады. Шиті мылтықтармен қаруланған Мірсәлім жасағы айтарлықтай қарсылық көрсете алмай жеңіледі де, қалған адамдарымен шекара арқылы Қытайға өтіп кетеді. Жасақ басшылары қиын жағдайда қалып, өздеріне қараған елдің тұтастығын сақтау мәселесі тығырыққа тірелді. Бұдан шығу жолын олар шекара арқылы Қытай асу деп білді. Сөйтіп, осыған тоқтаған сардарлар қол астындағы жұртын қамдай бастады. 1916 ж. тамыздың 14-інде Баспанбазар болысының қазақтары Тарбағатай арқылы Қытай жеріне өтуге бел байлайды. Алайда олар шекарада казак отрядтарының қарсылығына тап болады. Екі жақтың қақтығысында қазақтар біраз шығынға ұшырайды. Әйтсе де қазақтар өлгендері мен жараланғандарын өздерімен бірге алып, шет жерге өтіп кетеді. Қытай жеріне өтуге әрекет еткен іргелес Қалжыр болысының қазақтары да шекарада казак отрядымен қақтығысып, қазақтар жағынан бір адам оққа ұшып, біразы жараланады. Қазақтар



өлген адамдарды алып, Луговой кентінің маңынан Қытайға өтіп кетеді. Шын мәнінде шекарадан өткен қазақтарға қарауылдағы казак жүздіктері айтарлықтай тойтарыс бере алмады. Мұның басты себебі – біріншіден, шекараның 500 шақырымға созылған ауқымдылығы, екіншіден, әскер күшінің аздығы еді. Жүздеген шақырымға созылған шекараны күзетуге бөлінген небары 150 казактың тұс-тұстан өткен қазақтарға тосқауыл болуы ешбір ақылға сыймайтын. Сондықтан шекарадағы болар-болмас әскери күшке казактар қарсылық көрсетіп өте берген. Мәселен, Луговой арқылы өткен Қалжыр болысы қазақтарына бар болғаны 8 казак шыққан, тіпті казак жүздіктері шекарадан өтіп кеткен қазақтарды қуып жеткенмен де, қарсылықтың күштілігінен оларды қайтара алмаған. Олардың шет жерге өтуіне өлке басшысының тыл жұмысына алуды кейінге қалдырған қосымша жарлығы да ықпал ете алмады. Шақыруды кейінге қалдырған мерзім – 15 қыркүйек таяған сайын уезд әкімшінің мазасы кетті. Өйткені, уезде патша жарлығына орай қалыптасқан көңіл күй сол қалпы еді. Ал, шақыруды қалай болғанда іске асыру жүктелді. Босқындардың окр. бойынша сәтті жылжыуына Қытай қазақтарының көмегі де аз болмаған. Ал бұларға тосқауыл қоюға шекарада уездің күші жетпеді. Омбы әскери окр. штабының бастығы Таубе құпия қызмет директорына жолдаған жеделхатында казак жерінің шекара аймақтарынан Қытайға өтіп жатқан қазақтарды тоқтататын жергілікті күштің жоқтығына өкіне келе, отбасы, мал-мүлкімен қашып жатқан «бұратаналарды» ұстау үшін шекараны жауып, барлық тиісті шараны қолдану қажеттігіне тоқталды. Қазақ халқының осы босуы Ресей мен Қытай мемлекеттерін қаты аландатып, мемлекетаралық мәселеге айналды. Бұл мәселеде екі мемлекеттің дипломаттары шұғыл шаралар қабылдау үшін келіссөздер, өзара хат-хабар алмасып, сұрау салуға кірісті. Шәуешек консулы шекаралық уездің бастықтарынан шекарадан өткендерге және әлі өтіп үлгермегендерді өткізбеу үшін қандай шара қолданатындарын сұрап, осыған орай шешім қабылдауды өтініп, жеделхат жолдайды. Бұл сұраудан кейін облыстық губернатор жергілікті шенеуніктерді жинап, кеңес өткізіп, Қытай жеріне қашқан казактар мен басқа да ұлттарды қайтару үшін

Құлжаға толық жарактанған 700 аттылы әскер жіберді. Бірақ бұл әрекеттен де ештеңе шықпады. Босқын қазақтар мәселесі екі мемлекеттің жоғ. деңгейдегі басшыларының келіссөз жүргізуіне де әкелді. Келіссөзге патшалық Ресей жағынан Омбы әскери окр. штабының бастығы Таубе, ал Қытай жағынан сыртқы істер министрі қызметін атқарушы Чэнэ-Цзин-Тао қатысты. Келіссөзде негізінен босқындардың алдағы күн көрісінің қалай болатындығын және Қытай өкіметі қашып келгендерге қару қолдануға тура келсе, құрбан болғандар үшін кім кінәлі болмақ деген сауалдар қозғалды. Таубе бірінші мәселе бойынша, «шекарадан заңсыз қашқан адамдарды аштан қалдыру жарамас» дегенмен, Ресей бодандарын (қазақтарды) тамақтандыруға жұмсалған шығындарды өтеу жөнінде нақты уәде бермейді. «Егер Қытай жағы бодандарын тамақтандыру үшін жұмсаған шығындарын есептеп ұсынып жатса, өкімет оны төлеуден қашпас» деп уәж айтады. Ал екінші мәселе жөнінде Шәуешектегі консул арқылы 1 қыркүйекте «егер орыс бодандарын елден шығару үшін күш қолданылса, Қытай өкіметіне кінә тағылатыны және ондай қантөгістен аулақ болуды жөн санайтыны» жөнінде жеделхат жолдады. Таубенің осы жазғандарына орай, Қытай өкілі Чэнэ-Цзин-Тао қашқындарды күштеп шығаруда күш қолданбаудың және қарулы казактардың қарсылық көрсетпеуінің мүмкін еместігін айтады. Патшалық Ресей Қытаймен арадағы келіссөзден соң және құзырлы органдардың өзара жазысқан жазбаларынан кейін тиісті іс-қимылдарға кіріседі. Өкіметтің арнаулы өкілдері Қытай елінің шекаралас әкімші-тері мен консулдарына ресми түрде қатаң шаралар қолдануды сұрайды. Осы мақсатта құпия қызмет директоры Құдашев Қытай елшілігіне 7 қыркүйекте жолдаған жеделхатында Синцзян губернаторынан жауап алады. Губернатор өзінің жауап хатында соңғы күндері Қытай шекарасына мұсылман сарттар мен казактардың топтасып өтулерінің байқалғанын, ал үгіт-насихат жүргізген Қытай бодандарының болмағандығын айтады. Жеделхатта сондай-ақ, Құлжадағы орыс консулдығының өзіне бірнеше мәрте жазбаша хабарласып, Қытай өкіметінен босқын орыс бодандарын өткізбеуде қатаң шара және бүлікшіл орыс бодандарына қарсы әскери күш қолдануды өтінгенін ха-



барлайды. Губернатор жауап хатында өз тарапынан барлық Моңғол және Қытай старшиналары арқылы босқындардың шекарадан өтуіне тыйым салынғандығын, осындай шара Іле және Қашқардағы ішкі істер министрінің арнайы өкіліне де қолданылып, Ресейге өтетін күзет қағазын берудің мүлдем тоқтамағандығын баяндайды. Жоғарыдағыдай мазмұндағы жеделхатты өлкелік ген.-губернатор Сухомолинов Моңғол өкіметіне де жолдайды. Онда Моңғол үкіметіне егер қазақтардың қандайда бір өтуі байқалса, өздері қажет деп тапқан шараны қолдануға шақырады. Патша өкіметі шекара арқылы Қытай жеріне өткендерді қайтару үшін қосымша әскери күштерді бөліп, оларды қазақтардың жылжыған бағытына жіберді. Осындай күштердің бірі қыркүйек айының соңында Шарасумға жөнелтілді. Көп ұзамай шарасумдық жүздіктің бір бөлігі өз бағытын Шіңгілге бұрады. 28 қыркүйекте отряд жолай Булантохай деген жерде бас сауғалаған қазақтарды қуып жетеді. Казак жүздігінің командирі қазақтарды қоршап, оқ жаудыруға бұйырады. Осы қақтығыста қазақтардың 2 адамы оққа ұшып, 6-ауы жарақат алады. Мұнан соң қазақтар өз еріктерімен беріліп, отряд командирінің бұйрығына мойынсұнады. Қолға түскен 152 түтін, яғни 700-дей адам (әйел-баласымен), 6 мыңдай қой, 600 ат, 600 ірі қара, 200 түйені отряд Зайсанға айдады. Осы қолға түскендердің Зайсанға қалай жеткізілгенін отряд командирі Богданович былайша баяндайды: «Қолға түскен адамдарды малдарын алдына салып, саппен айдаған отрядты жолай кездескен қазақтар алыстан бақылады. Жергілікті торғауыттар қазақтардың табынына әлсін-әлсін шабуылдап, көптеген малдарын айдап кетіп отырды. Ұрланған малдарын қайтаруға әрекет жасау жөнінде окр. басшысына жазбаша түрде хабарланды. Ал қазақтардан тартып алынған 800 бас малы шекараға келген соң қайтарылды. Бізге белгілі мәлімет бойынша, қытайлық Алтайда біздің бодандарымыз жоқ. Олар не кері қайтты, болмаса Қытайға ішкерілей өтіп, жергілікті бодандармен араласып кетті. Қолға түскендердің ішінде қытай бодандығындағы 8 түтін малдарымен бірге Қытай өкіметіне қайтарылды» деп жазды. Бұл деректермен Қытай асқан барлық қандастарымыздың тағдырларын толық саралау мүмкін болмаса да, осы құжаттардың

өзінен-ақ жат елге ауа көшкен бауырларымыздың қандай күй кешкенін аңғаруымызға болады. Мұрағат құжаттарынан халқымыздың Ресей империясының отарлық саясатына қарсы көтерілісін, шарасыздықтан бас сауғалаған тағдырын, азаттық үшін арпалысқан күресін көреміз.

Дер.: РФ ОМТМ (РФ орт. мемл. тарихи мұрағаты), 1292-кор, 1-тізбе, 1993-іс, 258-парақ; 7786-іс, 116-117 п; сонда, 89-п.; 235-п.

Е.Ермұқанов

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС: ТАРИХНАМАСЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ. Қазақ халқының арғы-бергі тарихында бостандықты көкसेген 300-ге жуық үлкенді-кішілі ұлт-азаттық көтеріліс болған. Солардың қай-қайсысы болсын адамдарды қамтуына, көлемі мен күрес аумағына қарамастан, ұлттық сананы оятып, елдік намысты қайрауға зор күш-жігер берді, түптің түбінде тұтас халық болып ұйымдаса білудің тарихи мәнін мейлінше айқындай түсті. Азаттық жолындағы қанды күресте басын өлімге байлап, кеудесін оққа тосқан адамдардың ерліктері және соған сәйкес айбынды тұлғалары ұрпақтан ұрпаққа аңыз боп тарап, олар өз дәуірінде ұлттық намыстың тірегіне айналды. Сондықтан да ұлт азаттығы жолындағы күреске қатысқан азаматтардың ел мақтанышы және биік құрметке ие екенін әділеттілік тұрғысында да, тарихи мәнінде де толық тиянақтауға міндеттіміз. Қазақтың ұлт-азаттық көтерілістерінің ішінде 1916 жылғы патшалық отарлау, озбырлық саясатынан туындаған 25 маусымдағы құзырлы жарлығына қарсы шыққан көтерілістің тарихтан алатын орны үлкен. Көтерілістің негізгі себебі ұлттық және әлеум. езгінің халықтың кегін қайнататын деңгейге жетуінен болды. Отаршылдық болмысқа, туған елдің талануына, кіндік қаны тамған жерден айырылуға шыдамаған халық бұқарасы патша үкіметіне қарсы жаппай күреске шықты. Қазақтан қара жұмысқа алу – көтеріліске желеу болған негізгі себепші фактор еді. Ресми мәліметтер бойынша, 1913 жылы отарлау пиғылымен Жетісудағы жергілікті халықтардың 4.192.620 десятина шұрайлы жері тартып алынған. Ресей әкімшінің сол тұстағы өз дәйектеріне қарағанда, Жетісу губ-нда егістік жерлерді жалпы халықтың пайдалану үлесі түтінге шаққанда мынадай мөлшерде болды: казак-орыстар –



61 деседен, орыс мұжықтары – 9,9 деседен, ұйғыр мен дүнгендер – 3,8 деседен, ал қазақ өз жерінің 1,4 десесін ғана пайдаланады. 1916 жылдың қарсаңындағы қазақтың хал-ахуалы осындай болды. Қазақ шаруалары егін салатын жерінен, азын-аулақ малын өріске шығаратын жайылымнан, шөп оратын шабындығынан айырылып, құр қол қалды, шөлді аймаққа, қияндағы құмды жерге ығысуға мәжбүр болды. Мұндай зорлық-зомбылыққа тек топтасып, бірігіп барып, қаруланып қарсы шығудан басқа жол қалған жоқ еді. Теңсіздік, кемсітушілік, адам құқын басып-жаншу кең өріс алып, қарапайым қазақтың тұйыққа тірелген кезінде одан шығатын мүмкіндікті іздеу ел бастаған көсемдер мен батырлардың еншісіне бұйырып, тағдырына жазылады. 1916 жылғы Қазақстандағы көтеріліс туралы алғашқы еңбектер 1924 жылдан бастап-ақ жарық көре бастады. «Жаңа шығыс» журналында Т.Рысқұловтың «Шығысты азат ету күресі тарихынан» атты шағын мақаласы жарияланды. Рысқұлов қозғалыстың сипатына өз көзқарастарын «1916 жылғы Түркістандағы жергілікті халықтың көтерілісі» атты мақаласында жан-жақты ашып, көтерілістің мәнін айта отырып, ол патшалық орт. жүйеге күшті соққы болғанын атап көрсетеді. 20 ғ-да 1916 жылғы ұлт-азаттық күрес тарихының деректемелік базасы кеңейді: КСРО ҒА-ның Тарих институты, Бас тарих мұрағат басқармасы, Орта Азия мен Қазақстанның ғылым академиялары аймақтағы 1916 жылғы көтеріліс туралы құжаттарды қорытатын жинақтар шығарды. Құжаттардың көпшілігі бірінші рет жарияланды, бірақ олардың құрамына бұрын белгілі материалдар да енгізілді. Жинақ материалдарын мұқият және жан-жақты зерделеу проблеманың фактографиялық негізін әлдеқайда кеңейте түсті, патша өкіметіне қарсы ұзаққа созылған, табанды және жанқиярлық күреске Орта Азия мен Қазақстан халықтарының зор үлес қосқанын дәлелдейді деп пайымдауға мүмкіндік береді. 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына арналған «Қаһарлы 1916 жыл» құжаттар мен материалдар жинағына бұрын белгілі деректерге қоса, идеол. ойлау бойынша жариялауға тыйым салынып келген жаңа құжаттар енгізілді. «Бұрынғы басылымдармен салыстырғанда, –

деп атап көрсетеді оның құрастырушылары, – оқиғалардың географиялық ауқымы кеңейтілді, Қытайдағы босқын қазақтардың жағдайын және өкімет орындарының оларды қайтару жөніндегі әрекеттерін ашып көрсететін құжаттар топтамасы, сондай-ақ майданға жақын өңірдегі тыл жұмысшыларының жағдайы, олардың қорғаныс жұмыстарына пайдаланылуы туралы материалдар жарияланып отыр». Түп негізіне қазақ зиялыларының өкілдері белсене қатысқан құжаттардың жариялануы екі томның елеулі жетістігіне айналды және бұл деректемелер Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Дулатовтың, М.Тынышбаевтың, т.б. тұлғалардың 1916 жылғы оқиғаларға көзқарастарының мәні мен мазмұнын көрсетеді. Жинақ мақсаты – Қазақстандағы 1916 жылғы оқиғаны, жалпы ұлттық майданның құрылу барысын ғана емес, сонымен қатар оған деген қазақ қоғамындағы әр түрлі топтардың қатынасын, Орта Азия және Қазақстандағы патшалық отарлау саясатының ұлттаралық аспектісін, Ресей либералды-демокр. зиялыларының патшалық отарлау саясатына ұстанымын, қорғаныс жұмыстарына жұмылдыру механизмін, патшалық жазалау саясатын, әр түрлі әлеум. топ өкілдерінің ұлт-азаттық қозғалыстың себептері мен динамикасына көзқарасын жалпы және жан-жақты ашу болып табылады. Сөйтіп, зерттеушілер 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялыларының көзқарастарын ғана емес, сонымен қатар қазақтардың патша өкіметіне қарсы ұлт-азаттық күресінің ең жоғары өрлеу жылдарындағы практикалық қызметінің толық көрінісін де бейнелейтін деректемелерге қол жеткізді. Кітапта Торғай обл-ндағы көтеріліс көсемдерінің бірі Әбдіғапар Жанбосынов пен Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов бастаған қазақ зиялыларының көзқарасы, іс-әрекеттері жөнінде жаңа деректер бар. Алаш қозғалысы қайраткерлері арасынан жалғыз өзі ғана шет елге ауып, онда өзінің пікірін еркін айтуға мүмкіндік алған Мұстафа Шоқай бұл мәселеге әлдеқайда тереңдеп батыл бара алды. Ол өзінің 1916 жылдың 15 жылдығына байланысты жазған «1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі» деп аталатын еңбегінде осы қозғалысқа үлкен мән беріп, былай деген еді: «1916 жылғы көтерілістер, «Қоқан автономиясы»



және басмашылар әрекеттерімен қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады». Ол: «1916 жылғы көтерілістің баса көңіл аударатын ең бір маңызды тұстары қайсылар?» деген сұраққа: «1916 жылғы қозғалыс жалпы алғанда ұлттық қозғалыс еді деп жауап беруге болады. Онда таптық күрестің елесі де жоқ еді!» деп жазады. Олардың бұл жөнінде білдірген пікірлері ұлттық басылымдар «Айқап» журналы мен «Қазак» газетінде жарияланған. Алаш қозғалысының жетекшісі Бөкейханның «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» атты еңбегінде патша өкіметінің қазақ даласындағы отарлық саясатының өркениеттік мәні бар деген еуроцентристік пікірдің негізсіз екендігі әшкереленіп, ресейлік қоныс аударушылардың өлкені иеленіп алғаннан соң жергілікті халықтың өміріне соншалықты терең мәдени өзгерістер енгізе алмағандығы дәлелді көрсетілген. Тынышбаевтың 1906 ж. «Русский Туркестан» газетінде жарияланған «Киргизы и освободительное движение» атты мақаласында отарлық билік орындарының, біріншіден, қазақтарды тәуелсіз ұлт ретінде жойып, бүтін өлкені орыстандырып жіберуі, екіншіден, түрлі әкімш. шаралар, нұсқаулар және ережелер арқылы қазақтарды құқысыз, заңнан тыс тобырға айналдыруы, үшіншіден, оларды өздерінің атамекен жерінен айырып, нәрсіз шөлге ысырып, өлім құшағына айдауды көздегені ашық сынға алынған болатын. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1920–30-жылдары Түркістан өлкесіндегі патша өкіметінің отарлық саясатына және оның жергілікті билік орындарының қызметіне Г.Сафаров, Рысқұлов, С.Муравейский, П.Галузо, В.Лаврентьев еңбектерінде баға берілді. Бұл авторлардың барлығы дерлік патша өкіметінің отарлық саясатының жергілікті халықтың шаруашылығына, мәдени өміріне тигізген кері әсерлерін баса көрсетіп, отарлық билік орындарының құрылымы мен қызметіне шолу жасаған. Сафаров қоныс аударған орыс шаруалары жергілікті отарлық билік орындарының сенімді тірегіне айналды, жергілікті халықты тонау ісінде отарлық аппаратпен бір пиғылда болды деген тұжырымға келеді. Мұндай пікір Галузо тарапынан да айтылды. Ол отарлық

билікті «түземдіктерді билеу аппараты» және «орыстық әскери-шенеуніктік аппарат» деп екіге бөліп қарастырып, отарлық саясат шет аймақтарға зор қасірет алып келді деген пікірге тоқтайды. Отарлық билік жүйесінің қазақ даласына енгізілуі зор қасірет ала келгендігін С.Асфендияров пен Ғ.Тоғжанов та өз еңбектерінде негіздей түскен болатын. Бірақ патша өкіметінің отарлық саясатына қатысты мұндай пікір көп ұзамай кеңестік тарих ғылымында өзгеріске түсе бастаған еді. Кеңестер Одағында тоталит. жүйенің орнығып, нығая түсуімен бір мезгілде кеңестік тарих ғылымы да саясаттанып, орыс емес халықтардың Ресей империясы құрамына ену үрдісі жаңа рең ала бастады. Осы арнада 1951 ж. «Вопросы истории» журналында М.В. Нечкина мен А.В. Якуниннің мақалалары жарық көріп, онда «патша өкіметінің отарлық саясатына қарамастан, орыс емес халықтардың Ресейге қосылуы прогрессивті құбылыс болды» деген пікірді негіздеу көзделді. Бұл ғалымдардың пікірінше, патша өкіметінің отарлық саясаты империя құрамына енген халықтарға «зор қасірет» емес, керісінше оларға «болар-болмас қасірет», ал түптеп келгенде «бақыт әкелген» болып шықты. 1916 жылғы көтеріліс шетелдік тарихшылардың назарын бәрінен де көп аударды. М. Э. Чаплика 1918 ж. Оксфордта жарияланған «Орта Азия түріктері» деген кітабында былай деп жазған: «Самарқан облысындағы Жызакта және Жетісуда мейлінше кескілескен қақтығыстар болды. Соның салдарынан жергілікті әкімшілік байырғы халықтың барлық жері мен мүлкін тәркіледі, әскер жасындағы барлық еркектер мобилизацияланып, ал қалған тұрғындар (20 мыңдай), негізінен әйелдерді аштан қыру үшін шөл далаға айдалды». Қазіргі тарихшылар Р. Пирс, Дж. Уилер, Л. Крадер, А. Спектор, С. Зенковски еңбектерінде көтеріліс тарихы тарихнамадағы белгілі «исламның христиан дініне қарсы», «орманның далаға қарсы», «көшпелілердің отырықшылыққа қарсы күресі» тұжырымдамасы тұрғысынан баяндалған. Америкалық тарихшы Эдвард Деннис Соколдың «Орыстық Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс» деген еңбегі шетелдік тарихнамада елеулі құбылыс болды. Автордың пікірінше, «әр түрлі екі мәдениет, көшпелі және отырықшы халық тоғысуы-



ның сәтсіздікке ұшырағанын көтеріліс айнадағыдай көрсетті... ол көшпелі қоғамның өз бостандығына және тіршілік етуінің өзіне қол сұққан отырықшы халықтың басып кіруіне қайтарған қарымтасы болды. Бұл қыр көрсетуге әрқайсысы өзінше, өздерінің дәстүрлері мен тарихына сәйкес жауап қайтарды». Э. Сокол экон. факторларға «бірінші дәрежелі мән» беріп, көтерілістің тікелей себептері «орыс қоныс аударушыларының көшпелілер жеріне ұдайы басып кіруі» деп біледі. Еңбекке жазған пікірінде А. Парк былай деп атап өткен: «дәстүрлі деректемелерді пайдалану зерттеуді тереңдете түсіп, ...ол кезде Орта Азия халықтарының орыс үстемдігіне қарсы тұрудың жалпы ұстанымдарын әзірлеуге де, орыстарға қарсы пиғылды жұмылдыра алатын көшбасшы шығаруға да шамасы болмағаны неліктен екеніне автордың берген бағасына иланымдылық берер еді». Шетелдік ғалымдардың зерттеулері халықтың ұлт-азаттық күресіне маркстіл тарихшылардың таптық көзқарасының негізі жоқ екенін көрсетеді, атап айтқанда, мұны қоныс аударушылардың патшалық жазалаушы әскерлермен бірге қазақ көтерілісшілеріне, сондай-ақ 1917 ж. өз жеріне қайтып оралған босқындарға қарсы шыққаны дәлелдейді. Неміс тарихшысы А. Каппелер 1916 жылғы көтерілістің негізгі себебі патша өкіметінің отаршылдық үстемдігі, оның Қазақстандағы жер мәселесінде түгелімен славян қоныстанушыларының мүдделерін көздеп жүргізілген саясаты деп санайды. Каппелердің есептеулері бойынша, көтеріліс барысында 100 мыңнан астам қазақтар мен қырғыздар қаза тауып, көптеген адамдар Шығыс Түркістанға эмиграцияға кетуге мәжбүр болған.

Әдеб.: Рысқұлов Т. «Шығысты азат ету күресі тарихынан» Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. Сб. документов. М., 1960; Шоқай М. Таңдамалы. - А. Қайнар, 1998; Байтұрсынов А. Тағы да жер жайында. Айқап, 1911, № 4; Соныкі. Көшпелі хәм отырықшы норма, Қазақ, 1913. № 20; Дулатов М. Жер мәселесі, Айқап, 1911, № 6; Сералин М.С. Біздің бұрынғы хәм қазіргі халіміз, Айқап, 1911, № 10; Бөкейхан Ә. Таңдамалы. А. 1995; Тынышпаев М.. Киргизы и освободительное движение. Русский Туркестан. 1906, 1 января; Сафаров Г., Колониальная революция (Опыт Туркестана). М.: Госиздат, 1921; Муравейский С., Очерки по истории революционного движения в

Средней Азии. Ташкент, 1926; Галузо П.Г. Туркестан - колония (Очерки истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии). 2-изд. Ташкент: Госиздат, 1929; Асфендияров С. История Казахстана. А. 1998; Тоғжанов Г. Казахский колониальный аул. М., 1934; Сокол Э.Д. Орыстық Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс. Балтимор.

Г.Отарбаева

1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ АҚИҚАТЫ. Тарихымызда бұрынсоңды болған 300-ден аса ұлт-азаттық көтерілістерін еске алсақ, 1986 жылдың жастары сол күрестердің ең соңғы нүктесін қойды. Ішкі істер министрлігінің анықтамасы бойынша, Алматыда «18–25 желтоқсан аралығында 8 мыңдай адам қамауға алынды» деген көрсеткіш берілген. Шындығында бұл ресми тіркелгендері ғана. Ал, Парламенттік комиссия жинақтаған деректерге жүгінсек, сол үш күнде алаңға шыққандардың саны 60 мыңнан асып жығылады. Оның 8000-ы уақытша қамауға алынды, 99-ы ауыр қылмыскер ретінде сотталды, 200-дей адам (15 күннен 2 айға дейін) абақтыға жабылды. 1500 адам әкімш.-тәртіптік жазаға тартылды. Ұсталған желтоқсандықтардың әрқайсысына автомашиналарды өртеп, милиционерлер мен солдаттарды жаралады деген айыптар тағылды. Алматыдағы емханалар мен ауруханалар ауыр жаралыларға толып кетті. Жарақат алғандарға дәрігерлік жәрдем көрсетілген жоқ. Жастардың қарсылығын басу тек жазалау тұрғысынан ғана жүргізілді. Көтеріліс басталған күні-ақ Мәскеуден шұғыл ұшып келген КСРО ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, ген.-полк. Б.Елисов, Бас прокурордың орынбасары О.Сорока, МҚК (КГБ) төрағасының орынбасары Ф.Бобков бастаған штабтың іс-әрекеті жазалау шараларының қатаң жүргізілуіне ұласты. Қазақстаннан бұл штабқа Г.Колбин, ОК-нің 2-хатшысы О.Мирошхин, Ішкі істер министрі Г.Князев, МҚК төрағасы В.Мирошник енгізілді. Қалаға кіреберіс тоғыз жолдың торабы толық бекітілді. Кірген-шыққан көліктер жаппай тексеруге ұшырады. Бұл, бір сөзбен айтқанда, әскери-коменданттық тәртіп еді. Күштің теңсіздігі, солдаттардың сапер күрегі, бронемашиналар жастардың үнін осылай тұншықтырды. Бұл мақсатқа арнайы терроршыларға қарсы күрес дайындығынан өткізілген 7618 солдат, 15 БТР, 20 өрт сөндіргіш машина қолданылды. Бұдан басқа Алматы қ-ның 70-разъезінде арнайы танк



полкінің құрамы әскери әзірлікте тұрды. Билікке келген алғашқы күндерінен-ақ күтпеген қатты қарсылықтан есеңгіреп қалған Колбин қатты үрейленіп, Орта Азия әскери округінің қолбасшысы В.Н.Лобовтан қосымша әскер енгізуді талап етті. Бірақ, ол «қарусыз халыққа оқ атуға болмайтынын» айтып, бірден қарсылық танытты. Бұдан соң, Колбин КСРО Қорғаныс министріне тікелей шығып, қосымша әскер жіберуін өтінді. Арада бір тәулікке жетер-жетпес аралықта Фрунзе, Ташкент, Свердловск, Новосибирск қалаларынан ерекше жағдайда соғысуға дағдыланған 1724 баскесер тағы келіп жетті. Комиссия жинақтаған мәлімет бойынша, сол күні алаңдағы әскердің жалпы саны 8000-ға жетіп жығылды. Қазақстандағы жағдайға басшылықты КСРО Ішкі істер әскері қолбасшысының бірінші орынбасары ген.-л. В.С.Дубиняк тікелей қадағалап отырды. Бұған қоса көшедегі бүлікті басу үшін 10 мыңнан астам жұмысшы жасақтары шығарылды. Қаладағы зауыт, фабрикалардағы жұмысшылардың дені орыс ұлтының өкілдері болғандықтан, жасақшылар да негізінен солардан құралды. Алматы электр техникасы 3-тының бұрынғы директоры Еркін Қадыржановтың: «17 желтоқсанда мен Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мещеряковтан зауыттан жасақшыларды жинап, жаңа алаңға апару туралы шұғыл бұйрық алдым. Менің қарсылығымға қарамастан, оларға арматурадан арнайы кесілген темір кесінділері таратылды», – деген сөзі партия көсемдері мен әскери басшылықтың қаншалықты асыра сілтеушілікке барғанын көрсетеді. Алматылық әріптестерінің дүбіріне алыс аймақтардағы, ірі қалалардағы жастар да үн қосты. Мәселен, Қарағанды ун-ті мен Дәрігерлер ин-ты, Шығыс Қазақстан Көлік жолдары ин-ты, пед. техникумы, Алматы обл. Шамалған су ш. техникумы, Жезқазған пед. ин-ты мен Қарағанды политех. ин-тының бөлімшесі, Талдықорған пед. ин-ты, Көкшетау а.ш. ин-ты, Есеп-бухгалтерлік техникумы, №1-кәсіптік-тех. уч-щесі, Павлодардағы бухгалтерлік-экон. техникумы, Целиноград инж.-құрылыс ин-ты, т.б. жерлердегі оқу орындарының студенттері алматылық жастарды қолдап көшеге шықты. Алаңда соққы алып, жарақаттанса да, онысын жасырып, ауылына қашып барғандар да бірқатар. Тіпті, хабарсыз кеткендер де аз емес. Мыс., Абай атынд. пед. ин-ттың студенті Ба-

қытгүл Мырзагазинаның қос бүйрегі зақымдалып, Торғайдағы еліне барған соң, көп ұзамай қайтыс болды. Ішіне оқ тиіп жараланған Әділ Молдыбаев, сапер күрегінен жарақат алған Нұрсұлу Ерғалиева, Халуат Қожалиев, Ыдырысхан Тілешов, Ләззат Елекова, Мұхамед Мұратовтардың кейінгі тағдырын ешкім білмейді. Сол күндері алаңнан тыс аймақтарда көзге көрінбейтін құйын жүріп жатты. Партия ұйымдарында, еңбек ұжымдарында адам шыдатпас психол. ауыр көңіл күй орнады. Орт. аппараттағы барлық офицерлер құрамынан төмендегідей екі сұраққа жазбаша жауап беру талап етілген: «16–18 желтоқсан күндері сіз қайда және қандай тосын оқиғалар мен жағдайлардың куәсі болдыңыз? Оқиғаға Сіздің қатысыңыз бен көзқарасыңыз қандай?». Анду мен домалақ арыз ұйымдастыру, «тырнақ астынан кір іздеу», аяқтан шалу адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізді. Жүйкесін әлсіретті. Баласы үшін әкесі, қызы үшін анасы күйді. 1987 жылдың қаңтарында, яғни, бір айда Алматыда 2300 адамға «ішкілікке салынды» деген сылтаумен ақшалай айып төлеттірді, оның ішінде, 150 адам күшпен емдеу орнына жіберілді. Горбачев пен Орт. к-ттің алдында ақталу үшін жергілікті белсенділер қазақ астанасындағы мыңдаған бейкүнә жандарды осылайша «маскүнемдер» мен «нашақорлар» деп масқаралады. Ал, Парламент комиссиясы сол күндері наркодиспансер мен айықтырғыштарға ешқандай студенттің түспегенін анықтады. Сөйте тұра, бір ғана Алматының өзінде маскүнемдермен күрес жөніндегі 128 жедел топ айналысты. Желтоқсаннан кейінгі дүрбелеңде обл. партия к-ттерінің 64 хатшысы, қалалық және ауд. партия к-ттерінің 630 хатшысы, бастауыш партия ұйымдарының 1836 мүшесі алмастырылды; кеңестік-шаруашылық басшы органдарындағы кадрлар құрамы түгелдей жанартылды. Республика жоғары оқу орындарының 12 ректоры ОК қысымымен қызметінен алынды. Ішкі істер мин. жүйесінен бір жылда 1200 қызметкер қуылды. Жалпы жиынтығы 33 мың адам оқудан, жұмыстан қуылып, қудаланды. Колбин келген соң, қазақ баспасөзінде жарық көрген барлық материалдар Орт. К-ттің, МҚК-нің арнайы назарында болды. Мемл. қауіпсіздік к-тінде «Қазақтың буржуазиялық ұлтшылдары» деген құпия бағдарлама жасалып, тыңшылық жұмыстар жүргізілді. «Қо-

БІРІМЖАНОВ



ныр», «Пантюркизм», «Номад» деген атпен бірқатар құпия қылмыстық істер қозғалды. Көптеген ақын-жазушылардың шығармалары ұлтшылдықты насихаттаған дүниелер деп бағаланды. Осы жазалау науқанын Мәскеудің нұсқауымен Республика прокурорының орынбасары А.Мызников, Тергеу бөлімінің бастығы В.Волтунов, МҚК төрағасы В.Миросник тікелей қадағалап отырды. Ал, жинақталған мәліметтерді Г.Колбинге, одан әрі М.Горбачевке жеткізу міндеті ОК әкімш. бөлімінің меңгерушісі В.Ефимовке жүктелді. Ішкі істер мин-інің анықтамасында алаңда ұсталғандардың арасында 26 орыс, 18 ұйғыр, 10 татар, 7 қырғыз, 4 өзбек, 4 кәріс және бірнеше қарақалпақ, грузин, шешен, грек, украин, башқұрт ұлтының өкілдері болғаны көрсетілген. Алайда, Орт. К-тің қағаз нұсқауымен олардың басым көпшілігі сол күні-ақ қамаудан шұғыл босатылып жіберілді. Осыдан кейін-ақ, көтерілісшілердің құрамы кілең қазақтар болып шыға келді. Сөйтіп, қазақтың ұлтшылдығына шынымен сеніп қалған өзге ұлт өкілдері қазақтарға секемдене қараған күндер болды. Оған СОКП ОК-нің «қазақ ұлтшылдығы» жөніндегі қабылдаған қаулысы қосылып, «жығылған үстіне жұдырық» болды. Қырғи-қабақтық ахуалдың ушығып кету қаупі туды. Мыңдаған адамның және тұтас бір елдің тағдырын түбегейлі өзгерткен Желтоқсан көтерілісі аса ауқымды, күрделі тақырып екені даусыз. Сондай-ақ, жергілікті құқық сақтау органдарындағы Желтоқсанға қатысты құжаттардың асығыстықпен жойылуына байланысты, көптеген азаматтар желтоқсанда зардап шеккендерін дәлелдей алмауда. Дүрбелеңге толы сол күндері қысқа мерзімге абақтыға қамалып, жапа шеккендердің саны 33 мыңға жетіп артылады. 1991 жылы 12 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17–18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығы шықты. Соның нәтижесінде, сотталған 103 адамның 92-сі толықтай ақталды. Осы орайда Тәуелсіздігіміздің тұнық бастауында тұрған Ұлы Желтоқсан тақырыбын әлі де тиянақтап, жүйелі оқытатын мемл. оқу бағдарламасы жасалуы тиіс деп санаймын. Бұл тақырыпты кешенді түрде зерттеп, саяси тұрғыдан бағалау, тарихи тұрғыдан таразылау, ғыл. тұрғыдан сараптау – үкімет тарапы-

нан қолға алынуы тиісті маңызды жұмыстар. Өйткені, Желтоқсан ең алдымен – еліміздің тарихы.

Қ.-М.Тәбеев

БІРІМЖАНОВ Ахмет Қорғанбекұлы (1871, Торғай обл. Торғай уезі – 5.1.1927, Ресей, Санкт-Петербург) – қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, Шақшақ Жәнібектің ұрпағы. Орынбор гимназиясын (1891), Қазан ун-тінің заң ф-тін (1899) алтын медальмен бітірген. 1899 жылдан бастап Орынбор және Троицк округтік, Ақтөбе, Торғай, Бұзылық уездік соттарында қызмет істеді.



А.Бірімжанов

1906 және 1907 жылдары Ресейдің 1- және 2-Мемл. думаларына Торғай обл. қазақтарының атынан депутат болып сайланды. Думада ол мұсылман фракциясының белсенді мүшесі болды. Фракция төрағасының орынбасары болған ол ұлт аймақтары мен қазақ халқының мүдделерін қорғады. 1917 ж. көктемнен Уақытша өкіметтің Қостанай уездік комиссары болды. 2-Бүкілқазақ съезінде Б. Алашорданың Ұлт Кеңесінің құрамына сайланды. Сол жылғы желтоқсанда ол «Алаш» партиясының Торғай обл. к-тінің 14 мүшесінің бірі болды. 1918–20 ж. Семейде заң кеңесшісі, 1920–26 ж. Орынбор мен Қызылордада Қазақ АКСР-і Ішкі істер, Заң халкоматында, Жоғ. Сот Төралқасында кеңесші, алқа мүшесі, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Санкт-Петербургтегі Волков зиратында жерленген.

*С.Өзбекұлы, М.Әбдеш,
Ш.Аманжолова*

БІРІМЖАНОВ Ғазымбек (1896, Ақтөбе обл. Торғай уезі, Тосын болысы – 19.3.1938, Мәскеу қ.) – қоғам қайраткері, қаламгер. Орынбордағы реалды уч-шені, кейін Орта Азия мемл. ун-тінің дәрігерлік ф-тін бітірген. Алашорда атынан Колчак үкіметімен



келіссөз жүргізуге қатысып, Алашорданың Башқұрт үкіметі жанындағы уәкілі қызметін атқарған. 1921–22 ж. «Ақ жол» газетінде редактор болды. Мақалаларын «Шеген» (би болған бабасының есімі) деген бүркеншік атпен жазды. 1922 ж. күзде Т. Рысқұловтың қол-дауымен Б. бір топ Түркістан жастарымен бірге Германияға оқуға барады. 1928 ж. Берлин ун-тінің а. ш. ф-тін бітірді. Сол жылы Мәскеуге оралған кезінде Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы бастаған Алашорда қайраткерлерімен бірге тұтқындалып, Карелиядағы Медвежогорск қ-на 10 жылға жер аударылды. Тұтқында жүрген оларды Кеңес өкіметі Ақ теңіз – Балтық каналының құрылысына жұмысқа салды. Б. 1937 ж. қайтадан саяси қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді. 1988 ж. 4 қарашада ақталды.

Әдеб.: Аманжолова Д., Казахский автономизм и Россия, М., 1994; Қожакеев Т., Сара сөздің сардарлары, А., 1995.

Ш. Аманжолова

БІРІМЖАНОВ Қорғанбек (1859, Торғай обл. Торғай уезі, Бестоғай а. – 1919, сонда) – Орта жүзге белгілі билердің бірі. Шақшақ Жәнібектің ұрпағы, Шеген бидің немересі. Орынбор бекінісіндегі мектепте оқыған. 1877 ж. Торғай губ. қазақтарының құрамында Петербург қ-нда болып, 1873 және 1877 ж. күміс медальмен, 1880 ж. Қызыл Крест қоғамының белгісімен марапатталған. Б. халық ауыз әдебиетінің білгірі, шешен де болған. 1919 ж. сәуірде Торғай обл-ның әскери комиссары Амангелді Имановты «Алаш» басшыларымен татуластыруға қатысқан.

БІРІНШІ ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗІ – 1917 ж. 21–26 шілде аралығында Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан 20-дан астам қазақ өкілдерінің қатысуымен Орынбор қ-нда өткен съезд. Ол Х. Досмұхамедовтің төрағалығымен, А. Байтұрсынұлының, Ә. Көтібаровтың, М. Дулатовтың, А. Сейітовтың хатшылығымен өтті. Б. ж. с-нің күн тәртібіне сол тарихи кезеңдегі елдің әлеум.-экон. және қоғамдық-саяси өміріне қатысты төмендегідей 14 мәселе қойылды: 1. Мемл. құрылыс. 2. Қазақ автономиясы. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земство. 6. Оқу мәселесі. 7. Сот мәселесі. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі. 10. Бүкілресейлік құрылтай жиналысы. 11. Бүкілресейлік мұ-

сылмандар кеңесі. 12. Қазақ саяси партиясы. 13. Жетісу оқиғасы. 14. Киевте өтетін Бүкілресейлік федералистер съезіне және Санкт-Петербургтегі оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу. Съезд қабылданған қаулы бойынша Ресей «демократиялық федеративтік республика болып, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» болды. Делегаттар жер туралы мәселені аса ұқыптылықпен талқылап, 14 тармақтан тұратын шешім қабылдады. Онда: «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орналасып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін» деп көрсетіліп, бұрын қазақтардың пайдасынан алынып қойған жерлерді кері қайтару талап етілді. Делегаттар «жер туралы қазақ өз алдына заң жобасын жасасын» деген ұсыныс білдіріп, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының болашақ депутаттарына жиналыста бұл мәселе туралы «басқа партиялармен келісуді» тапсырды. Б. ж. с. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы туралы мәселені талқылап, оған депутаттыққа кандидат етіп 81 адамнан тұратын тізімді бекітті. Олардың ішінде Ә. Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, Ж. Ақпаев, А. Тұрлыбаев, А. Сейітов, Дулатов, А. Бірімжанов, С. Қадырбаев, Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, Ы. Жайнақов, С. Аманжолов, М. Шоқай, Ә. Кенесарин, Қ. Қожықов, Ғ. Оразаев, Б. Құлманов, У. Танашев секілді белгілі қазақ зиялылары болды. Сондай-ақ, депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылғандардың арасында Г. Н. Потанин, В. Чайкин, Т. Нарботабеков, Ә. Диваев сияқты басқа ұлт өкілдері де бар еді. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне съезд шешімімен Ақмоладан Тұрлыбаев, Семейден Ә. Сәтбаев, Торғайдан Ә. Байғарин, Оралдан Досмұхамедов, Бөкей ордасынан Танашев, Жетісудан Б. Мәметов, Сырдариядан Шоқай, Ферғанадан Оразаев сайланды. Б. ж. с. қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуы тиіс деп есептеп, бұл партия бағдарламасының жобасын Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Съездің шешімі бойынша, құрылатын партия парламенттік негізде демокр. ұстанымдарды басшылыққа алған, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауды мақсат тұтқан саяси партия болуы тиіс еді. Съезд жұмысы барысында бір топ делегат партия құру ісі-



не байланысты сөйлеген Бөкейханнан ресейлік кадет партиясына қатынасын ашық мәлімдеуді талап етті. Соған байланысты болашақ партия басшысы кадет партиясынан шығатынын мәлімдеді. Жиын өз қаулыларында «осы күнгі тұрақты әскер орнына халық 18 милициясы құрылсын» деп, ұлттық әскер жасақтауды, «көшпелі елдерде де отырықшылардікі секілді тоқтаусыз болыстық земство ашылсын» деп, земстволық басқару жүйесінің қазақ тұрмысына бейімделген түрін ұйымдастыруды, «қазақтың народный сотын» жойып, оның орнына «қазақ тұрмысына лайық сот – айрықша сот» құруды жақтап шықты. Съездің оқу-ағарту ісі, әйел теңдігі және дін мәселелері бойынша қабылданған шешімдері қазақ зиялыларының бұл қоғамдық мәселелерді түсініп, шешуде өз заманындағы қоғамдық ойдың алдыңғы қатарында тұрғандығын айғақтайды. Оқу-ағарту ісіне байланысты «бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деп көрсетіп, ал әйел теңдігі жөнінде «әйелдер саяси құқықта ерлермен тең, ерге шығу еркі әйелдің өзінде болсын, қалыңмал жойылсын, 16-ға толмаған қызға құда түсу болмасын, неке қиярда әйел мен еркекті беттестіріп, ризалықтары ескеріліп отырсын» деп қаулы етті. Съезд Жетісу обл-нда туындап отырған жағдайды талқылап, Ресей ішкі істер министрі атына: «Жетісудағы қазақ-қырғызды атып-жаншып жатқан мұжықтардың және соғыстан қайтқан солдаттың қолынан қару-жарағын жиып алып, халықты тыныштандырсаңыз екен», – деген мазмұндағы жеделхат жолдады. Сонымен бірге Жетісу обл-ндағы ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға «алаш баласының жәрдем беруін» өтініп үндеу тастады. Киев қ-нда тамыз айында өтуі тиіс федералистер съезіне Бөкейханды, Досмұхамедовті және Танашевты жіберу жөнінде шешім қабылданды. Санкт-Петербургтегі оқу комиссиясына С.Кенжеұлы баратын болып белгіленді. Съездің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қабылданған қарарлар кейінірек, 1917 ж. 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасында басшылыққа алынды.

М.Қойгелдиев



ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР – 1) патшалық Ресейдегі жергілікті жоғары әкімшілік лауазым. 1719 ж. енгізілген. Бастапқы кезде құрметті атақ ретінде қолданылды. 1775 жылғы губ. реформаға сәйкес жергілікті әкімш. жұмыс Г.-г-ға тапсырылды. Ол бірнеше губ.-дан тұратын генерал-губернаторлықты басқарды. 1782 жылғы патша жарлығы бойынша Г.-г. жергілікті әкімш. жұмысқа және полицияға басшылық етті, сот үкімін бұзуға, оны жүзеге асырмай тастауға еркі болды, соғыс округінің қолбасшысы қызметін қоса атқарды. Патша өкіметінің отаршылық саясатын жүзеге асыруда шет аймақтардағы Г.-г-лар (Қазақстан, Орта Азия, Кавказ елдерінде, т.б.) маңызды рөл атқарды. 1917 жылғы Ақпан революциясы нәтижесінде патша өкіметі құлағаннан кейін Г.-г. қызметін Уақытша үкімет тағайындаған комиссарлар, кей жерлерде бірнеше адамнан тұратын к-т (мыс., Түркістан к-ті) атқарды; 2) Ұлыбритания, Франция, т.б. елдерде губернаторға қарағанда жоғары қызмет; 3) ағылшын доминиондарындағы жоғары билікті иемденуші. *Әдеб.*: Блинов И.А., Губернаторы, СПб., 1905; Ерочкин Н.П., Очерки истории государственных учреждений дореволюционной России, М., 1960; Жиренчин К.А., Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков, А., 1996.

М.Жолсейітова

ГОЛОЩЕКИН Филипп Исаевич, Шая Ицкович (нағыз есімі – Исай Исаакович) (9.3.1876, Ресей, Витебск губ. Невель қ. – 28.10.1941, КСРО, Куйбышев обл. Барбош п.) – кеңестік партия қайраткері, Қазақстан өлкелік партия к-тінің 1-хатшысы (1925–1933). 1917 ж. Қазан төңкерісі кезеңінде Петроград рев. соғыс к-тінің мүшесі болды. Г. 1918 жылдың 16–17 шілде күндері Екатеринбургте Ресейдің тақтан тайдырылған императоры Николай II және оның отбасын ату жазасын ұйымдастырушылардың бірі. Азамат



соғысы жылдарында әртүрлі саяси қызметтер атқарып, БОАК және РКФСР ХКК-нің Түркістан істері жөніндегі комиссиясының мүшесі болды. 1922–1925 ж. Кострома губ. атқару к-ті мен РК(б)П Самара губ. к-тінің төрағасы, 1925–1933 ж. БК(б)П Қазақстан өлкелік к-тінің 1-хатшысы болып істеді. Г. Қазақстанға келісімен «қазақ ауылы үшін – кіші Қазан төңкерісі» ұранын көтеріп, осы саясатты жүзеге асыруда ірі қателіктер жіберді. Байлар мен орта шаруалардың мал-мүліктерін тәркілеу, оларды соттау мен жер аудару, елді мәжбүрлеп отырықшыландыру, орталықтандырылған ш-ды жедел ұжымдастыру саясаты жаппай ашаршылыққа әкелді. Аштықтан 2,5 млн. (кей деректер бойынша 3–3,5 млн.) қазақ қырылды. Қолдан жасалған аштық нәубетіне ұшыраған халық Кеңес өкіметі қолдаған Г-нің солақай саясатына қарсы елдің әр аймағында көтерілістерге шықты. Үлкенді-кішілі ондаған көтерілістерді Кеңес өкіметінің жазалаушы әскері аяусыз басып жаншыды. Елдің көп бөлігі (1,5 млн.) Қытайға, Ресейге, Түрікменстанға, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Иранға, т.б. өңірлерге босып кетті. Г-нің бастамасымен 1926 жылдан бастап ішкі Ресейден орыстарды Қазақстанға көшіру етек алды. Ұлтаралық қатынастар нашарлады, бұрыннан пайдаланылып келген араб әліпбиі өзгертіліп, латын алфавиті енгізілді. 1929 жылдан бастап ұлт зиялыларын, алаш қайраткерлерін жаппай жазалау саясаты күшейді. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, т.б. саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Г. ұлттық пиғылдағы С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов, т.б. саяси қайраткерлермен күресіп, өз дегеніне жетті. Қазақ ұлтынан мемл. қызметке жұмысқа алу төмендеді. Осының бәрі аштықтан күйзелген, ұлттық құндылықтары аяқасты болған қазақ халқының орталық билікке, оның өкіліне деген наразылығын күшейтті. Асыра сілтеу шектен шығып, жағдай ушыға берген соң Мәскеудегі кеңес билігі Г-ді орнынан алды. Г. 1939 ж. тұтқындалып, Кеңес үкіметінің басшыларына қарсы террорлық қастандықтар ұйымдастырмақ болды, т.б. деген саяси айыптауларға моральдық азғындауына байланысты (КСРО бұрынғы ІХК-ы Н.Ежовтың 1939 ж. 24 сәуірде тергеуде берген жауаптары) бап та қосылып, 1941 ж. бір топ әскерилермен бірге атылды.

Д.Наушабай

ГУБЕРНАТОР (лат. gubernator – басқарушы, әкім) – кейбір шет елдердің (АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Ресей, т.б.) әкімш.-аум. бөлігіндегі атқарушы өкіметті басқаратын жоғары лауазымды адам. Ресей империясы 1917 ж. Ақпан төңкерісіне дейін өзінің отар аймақтарына кіретін елдерді (оның ішінде Қазақстанды да) әскери Г-лар арқылы басқарды.

ГУБЕРНИЯ – Ресейде 1708–1929 ж. қолданылған негізгі әкімш.-аум. бөлік. Г-лар уездерге бөлінді. 19 ғ-да әкімш.-аум. бөліністер 2 топқа жіктелді: Ресейдің еуропалық аймағында Г-лық бөліністер сақталды да, ұлт аймақтарында (Остзей өлкесінен басқа жерлерде) ген.-губернаторлық бөлініс қолданылды. Қазақстанның әкімш.-аум. құрылымы Ресей империясының әскери-стратег., саяси мүдделеріне сәйкес аумақтық және әлеум.-экон. тұрғыдан өте тұрпайы бөлініске ұшырады. Отаршылдық саясат Қазақстан жерін бөлшектеу арқылы қазақ халқының ұлттық бірігуіне жол бермеу, ұлт-азаттық қозғалыстарды, әсіресе, ұлттық мемлекеттіліктің құрылуын болдырмау мақсатына бағытталды. Қазақстанда ген.-губернаторлықтарға бағындырылған Семей, Жетісу, Сырдария, Ақмола, Орал, Торғай обл-тары құрылды. Бөкей ордасының жері Астрахан Г-сына, Маңғыстау түбегі мен оған жанысып жатқан Арал және Атырау теңіздерінің аралығындағы жерлер Закаспий обл-на қаратылды. Патшалық Ресей кезеңіндегі Қазақстан жерінде ұйымдастырушылық орталық дәрежесіндегі бірде-бір Г-лық қала болмады. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкімет Г-лық мекемелерді бұрынғысынша қалдырып, губернаторлардың орнына Г-лық комиссарларды, уездерде уездік комиссарларды тағайындады. Кеңестік билік орнаған алғашқы жылдарда Г-лық бөліктер сақталып, бұрынғы Г-лық басқару аппараты таратылды. Жалпы Ресейдегі Г-лық басқару аппараты 20 ғ-дың алғашқы ширегіне дейін сақталды. 1920 ж. облыс атауы Г. болып өзгертілді. КСРО-да жүргізілген аудандастыру шараларына байланысты 1923–29 ж. Г-ның орнына өлкелер мен облыстар, кейіннен округтер құрылды. 1928 ж. жазда Қазақстанда әкімш.-аум. аудандастыру жүргізіліп, губ-лар, уездер, обл-тар таратылды. Олардың орнына 13 округ, 193 аудан құрылды.

ГУЛАГ



ГУЛАГ (Главное управление исправительно-трудовых лагерей, трудовых поселений и мест заключений), Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының Бас басқармасы – КСРО-да 1934–56 ж. айыпталушылардың жазасын өтеу орындарына басшылық еткен Ішкі істер халық комиссариатының (1946 жылдан Ішкі істер мин.) бөлімі. Қарамағында 53 лагерь болды. Оның 20-дан астамы Қазақстан жерінде орналасты. Олардың ішінде Карлаг пен Степлаг ең ірі лагерьлер қатарында болды. АЛЖИР Карлагтың 26-бөлімшесі ретінде ашылды. 1939 ж. Г. лагерьлерінде өз жазасын өтеушілер 1 млн. 317 мың 195 адамды құраған. Осы адамдардың 17 мыңы қазақтар, ал қалғандары 100-ден ас-



ГУЛАГ

там ұлттардың өкілдері болған. Бұлардың басым көпшілігі «халық жаулары» саналып, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар еді. 1956 жылға дейін Г. лагерьлерінде 22 млн-ға жуық адам өз «жазасын» өтеген. Лагерьлерде адам құқықтары аяқ асты етілді. Тәртіпті бұзушылар қатаң жазаланып отырды. Г. тұтқындары тегін жұмысшы күші ретінде солт. өңірлерді, Сібірді, Қиыр Шығысты игеруге пайдаланылды. 1941–45 ж. олардың күшімен 640 з-т жұмыс істеді, 842 аэродром, 8 мың км автомоб. жолы, көптеген домна, мартен пештері, т.б. салынды. Тұтқындар соғыстан кейін атом, сутегі бомбаларын шығаруға және оларды сынайтын орындарды жасауға қатыстырылды.

Әдеб.: Волкогонов Д.А., Триумф и трагедия, т. 1–2, Барнаул, 1990; Тасымбеков А., Жан дауысы. АЛЖИР архипелагы, А., 1994; Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д., Карлаг, Караганда, 1997.

М.Жолсейітова



ФАББАСОВ Халел (Халиулла) Ахметжанұлы (1888, Семей обл. Семей уезі, Шаған болысы – 1931, Мәскеу қ.) – алаш қозғалысының қайраткері. 1898–1909 ж. Семейде орыс-қазақ мектептерінде, гимназияда оқыған, Сейтен болысында мұғалім болған. 1910 ж. Мәскеу ун-тінің заң ф-тіне түсіп, 1911 ж. студенттер ереуіліне қатысқаны үшін оқудан шығарылған. Осы жылы Мәскеу ун-тінің физика-математика ф-тіне оқуға түсіп, оны 1915 ж. алтын медальмен бітірген. 1915–17 ж. Орт. ұсақ несие басқармасының Семей қ-ндағы бөлімшесінде есепші, Мемл.



Х.Фаббасов

банктің Семей бөлімшесінде инспектор болып қызмет атқарған. 1917 ж. Семей обл. Қазақ к-ті төрағасының орынбасары, обл. земство басқармасының мүшесі, «Сарыарқа» газетінің редакторы (1917–19) болды. Семей обл. қазақ съездерін өткізуді ұйымдастыруға белсене қатысты. 1-жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына мүшелікке кандидат ретінде ұсынылды. 1917 жылдың қазан айынан бастап «Алаш» партиясының Семей обл. к-тінің төрағасы қызметін атқарды. 2-жалпықазақ съезінде Алаш милициясын құру жайында баяндама жасады. Алашорда үкіметі құрамына сайланды. 1918 ж. 20 наурызда Алашорда үкіметінің тапсыруымен телеграф арқылы И.В. Сталинмен



сөйлесіп, кеңес үкіметімен келіссөз жүргізіп, ұлттарға өзін-өзі билеу құқығын беруді талап етті. Кеңес өкіметі тұсында білімін, қайрат-жігерін қазақ халқының мүддесіне жұмсады. 1924–25 ж. Алаш (Жаңа Семей) ауд. а. ш. одағында қызмет атқара жүріп, қоғамдық-мәдени шараларға қызу араласты. 1924 ж. 29 желтоқсанда география қоғамының ұйымдастыруымен өткен Абайды еске алу кешінде «Абайдың өмірбаяны» деген тақырыпта баяндама жасады. 1926 ж. ақпанда Қазақ АКСР Жоспарлау комиссариатына қызметке шақырылды. Онда Төралқа мүшесі, сектор меңгерушісі, ғыл. қызметкер болып қызмет істеді. 1930 ж. «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқынға алынып, ОГПУ «үштігінің» 1931 жылғы сәуірдегі шешімімен өлім жазасына кесілді. Мәскеу түрмесінде атылды. 1988 ж. ақталған. *Әдеб.*: Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919–1920). Сб. документов, А., 1993; Аманжолова Д.А., Казахский автономизм и Россия, М., 1994; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Нұрпейісов К., Алаш хәм Алашорда, А., 1995.

С.Рустемов

«ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІ, «Медресе ғалия» – Башқортостанның Уфа қ-нда 1872 ж. ашылған мұсылмандық жоғары діни оқу орны. «Ғ.» м. Еділ бойы, Орт. Азия, Қазақстан аумағына жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогресшіл бағыттағы білім ұясы болған. Онда дін сабақтарымен қатар араб, парсы, түрік тілдері, исламдық құқық (шариғат), шығыстану тарихы, арифметика, ал 20 ғ-дың 10-жылдарынан бастап төте оқу үлгісі бойынша химия, физика, математика, география, т.б. жаратылыстану ғылымдары, сондай-ақ орыс тілі мен әдебиеті де оқытылған. 19 ғ-дың соңы мен

20 ғ-дың басында «Ғ.» м-нде көптеген қазақ жастары оқыды. Олардың ішінде М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев, Қ.Оразбаев, И.Тасболатов, Ш.Назаров, Ғ.Қамзин, М.Оразбаев, Б.Серкебаев, т.б. барлығы 50-ден астам белгілі қазақ азаматтары болған. Мұнда қазақ қыздары да оқыған. Медреседі жалпы саны 500-ден астам шәкірт оқыды. 1911 ж. «Ғ.» м-ндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық кітап жарық көрді. Медреседі оқыған қазақ жастары 1913–14 ж. «Садақ» атты қолжазба журнал шығарып тұрды. Оның (шығарушылардың) бірі – Б.Майлин. Осы жастар тобы барлығы 1400 сомның қазақ кітаптарын жарыққа шығарды. «Ғ.» м-нде оқып шыққан қазақ жастары жер-жерде мұғалім болып, халықты сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосты.

ҒАНИ БАТЫР, Әбуғани (1902, Қытай, Іле аймағы, Нылқы ауд. Қарабақ қыстағы – 1984, Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Ж.Қайыпов а.) – Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі, халық батыры. Гоминьдан өкіметінің езгісіне қарсы шыққаны үшін 1941 ж. Үрімжі абақтысына қамалған. 1944 ж. қамаудан қашып шығып, Іле аймағының Нылқы ауд-нда Әкбар Есбосынұлымен бірге Гоминьдан өкіметінің қыспағына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырды. Азаттық күресінің барысында партизан отрядын басқарды. Ғ. б. Нылқы ауд-н, Құлжа қ-н, Бұратала, Іле аймақтарын жаудан азат етуге белсене қатысты. Шығыс Түркістан Халық Республикасының үкіметі оның ерлігін жоғары бағалап, «Халық қаһарманы» деген құрметті атақ берді, бірнеше орден-медальдармен марапаттады. Ғ. б. кейін Қазақстанға келіп қоныстанды.

К.Толыбаев

ҒАНИ Саржанұлы (1930 ж.т., Қытай, Тарбағатай аймағы Толы ауд.) – Қытайда тұратын қазақ диаспорасы арасынан шыққан қаламгер. 1945–48 ж. Үш аймақ төңкерісіне қатысып, әскерде болған. 1948–56 ж. Толы ауд-нда оқытушы қызметін атқарды. 1956 жылдан «Шыңжаң» газетінің қазақ тіліндегі басылымында тілші, редактор. Жазушының «Көресі» атты романының негізіне Қытайдағы мәдениет төңкерісі жылдарындағы оқиғалар алынаса, «Қайтауыл» романында Қытай қазақтарының көшіп-қонудан оты-



«Ғалия» медресесі



рықшылыққа бет алған өмірі суреттелді. «Сонар» өлеңдер жинағына әр жылдағы жырлары топтастырылған.

Қ.Ғабитханұлы

ҒАФУР Қалбыұлы (1827, Маңғыстау өңірі – 1880, Түрікменстан) – би, шешендік сөз өнерінің көрнекті өкілі, мәмілегер, Маңғыстау көтерілісі басшыларының бірі. 1866–67 ж. Төменгі адай дистанциясын басқарып, адайлардың Хиуа хандығымен бейбіт қатар өмір сүріп, сауда-саттық жасап тұруы жайында келіссөздер жүргізді. 1870 ж. Маңғыстау көтерілісіне қатысып, патша өкіметімен күресте Хиуа ханының көмегіне арқа сүйеуге тырысты. Бірақ Хиуа хандығы әскери көмек көрсетпеді. Көтеріліс жеңіліс тапқан кезде Ғ. көтерілістің басқа басшыларымен бірге Хиуа хандығы жеріне қоныс аударды. 1873 ж. Хиуа хандығын патша өкіметі жаулап алған соң, Ғ. көтерілісшілермен бірге қаруын тастауға мәжбүр болды. Патша өкіметі Ғ-дың адай руының беделді биі екенін ескеріп, халықты өзіне қарсы қойып алмау үшін оған кешірім жасады. Көтерілістен кейін Ғ. болыстыққа сайланды. Ел ішінде имандылықты уағыздап, мешіттер салуға басшылық етті. Каспий т-нен қазақтардың орыстармен бірдей құқықта балық аулауына жол берілу керектігін жергілікті өкімет орындарынан талап етіп, орындаттырды. Маңғыстаудағы атамекені Қарашажыда Ғ-дың зиратының басына 1999 ж. ұрпақтары кесене тұрғызған.

Ә.Спан

ҒҰБАЙДОЛЛА Уәлиұлы (1778, Көкшетау өңірі – ө.ж.б., сонда) – хан, Көкшетау сыртқы округінің аға сұлтаны (1824–39), Абылай ханның немересі, Уәли ханның үлкен ұлы. 1819 ж. Уәли хан дүние салғаннан кейін Ғ. өзінің әкесінің орнына Орта жүзге хан сайланады. Бұл шешімді бекіту үшін Ғ. Ресей патшасы Александр I-ге Болат атты баласын, Қытай императоры Ежен ханға Жантөре есімді інісін жібереді. Ресей үкіметі Ғ-ны хан етіп бекітпейді. 1823 ж. қытайлықтар Ғ-ны хан деп таниды. 1822 жылғы Ресей империясының «Сібір қазақтары туралы» Жарғысына сәйкес хандық билік жойылғаннан кейін, Ғ. 1824 ж. 29 сәуірде Көкшетау сыртқы округінің аға сұлтаны болып тағайындалды. Оған алтын медаль, подполковник шені берілген. Ғ. бәрінен де бас тартып, туысы Қасым сұлтанның баласы Саржанмен бірі-

гіп, Ресей империясының отарлау саясатына қарсылық көрсетті. 1824 ж. Қытаймен байланыс орнатуға әрекеттеніп жүргенде, сотник М.Карбышевтің отряды оны Баянауылда 90-ға жуық сұлтан-билермен бірге тұтқынға алады. Тұтқыннан Шоң және Шорман билердің Батыс-Сібір ген.-губернаторына өтініш хат жолдауымен босатылады. 1839 ж. қайта тұтқындалып, Сібірге, Томск губ-на (Березовқаға) жер аударылды. Оны айдаудан босатуды Ресей өкіметінен Кенесары Қасымұлы 1841 ж. талап еткен. Ғ. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрес басылғаннан кейін, 1847 жылдың қыркүйегінде елге қайтарылды.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч., Родословное древо Валихана, Собр. соч., т. 3, А.-А., 1964; Казахско-русские отношения в XVIII – XIX вв., А.-А., 1964; Қасымбаев Ж., Кенесары хан, А., 1993.

С.Өтенияз, Қ.Исабай

ҒҰМАР ҚАРАШ (1875, Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. – 12.4.1921, сонда) – ақын, қоғам қайраткері. Жастайынан жетім қалған ол ауыл молдасынан сауат ашып, кейін өзі де ауылында бала оқытты. 1911–13 ж. «Қазақстан» газетінің жұмысына ат салысқан. Сол жылдары Орынбор қ-нда Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен, ел аузынан жинаған әдеби мұраларды құрастырып, «Шайыр», «Көксілдер» атты екі жинақ жариялайды. 1911–18 ж. Ғ. Қ-тың бес поэзиялық, үш зерттеу кітабы жарық көрген. Ғ. Қ. шығармаларында заман, дін-шариғат, табиғат, махаббат, т.б. мәселелер туралы толғанады, патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екі жүзділігін сынап, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Өз тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттайды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін ұйымдасқан «Алаш» партиясына, Алашорда үкіметіне үлкен үмітпен қарап, «Алаштың азаматтарына» атты арман мен үмітке толы өлеңдерін жариялады. 1917 ж. мамырда Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне, сол жылы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен 2-жалпы-қазақ съезіне қатысып, баяндама жасайды. Қазақтың тұңғыш пед. журналы «Мұғалімге» басшылық етеді. 1921 ж. 12 сәуірде Құнаншапқан деген жерде қарақшылар қолынан қаза тапты.

Қ.Сыдықыұлы



ДАБЫЛ, әскери істе – 1) әскери бөлімшенің (бөлімнің, құраманың) белгіленген мерзімде толық жауынгерлік дайындықта болуы және алдын ала жоспарланған шепке орналасуы үшін ракета, сирена, горн, т.б. арқылы берілетін шартты белгі. 2) Жергілікті халықты әуе шабуылынан, атом, хим. қарулар қаупінен немесе т.б. қауіп-қатерлерден сақтандыру хабары. 3) Белгілі бір тәртіптің күшке енгендігін көрсету үшін берілетін шартты белгі немесе белгілер жүйесі. Соғыс, табиғат апаттары, т.б. туралы хабарлар (ескертулер), радио, теледидар, сирена, т.б. тәсілдер арқылы беріледі. Қауіп мерзімі біткен кезде оны білдіріп те белгі береді.

К.Аманжолов

ДАБЫЛ – қазақ халқының ұрмалы саз аспабы. Д. әу баста дыбыс беру құралы түрінде пайда болған. Ол ертеде жаугершілікте, жорықта, аңшылықта пайдаланылған. Адамдар Д. соғу арқылы жыртқыш аңдардың, сырттан келген жаудың хабарын білдіріп, кейін муз. аспап ретінде көне күйлер мен би қимылдарына ырғақтық әуез тудыру үшін қолданылды. Д-дың шанағы тал, қайың, тораңғы секілді ағаштардан дөңгелек шеңбер түрінде иіліп, оған тері қапталып жасалады. Алып жүруге ыңғайлы болу үшін қайыс бау немесе ағаш тұтқа бекітіледі. Д. арнайы қол шокпармен ұрып ойналады. Д-дың екі түрлі үлгісі сақталған. Оның бірі – көне аспаптар ансамблі үшін қолданылатын шағын түрі, екіншісі – үлкен жорық Д-ы. Д-дың Қазақстаннан табылған көне нұсқалары қазіргі кезде Санкт-Петербургтің, Семей мен Омбының, Астрахан мен Алматының мұражайларында сақтаулы.

З.Сыпатайқызы, Т.Жаубасова

ДАЛА ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ – Ресей империясының 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың алғашқы ширегінде болған әкімшілік аймағы. 1882 ж. 18 мамырда құрылған. Орт. –

Омбы қ. болды. Д. г-г-на Ақмола, Семей, Жетісу обл-тары қарады. 1891 ж. 25 наурыздағы «Дала ережесі» бойынша оған Орал, Торғай обл-тары қосылды. Д. г-г. шығысында Қытаймен, оңт-нде Түркістан ген.-губернаторлығының Ферғана және Сырдария обл-тарымен, батысында Бөкей ордасы мен Самар губ-сындағы Орал казак әскерлерінің жерімен, солт-нде Самара, Орынбор, Тобыл, Томск губ-ларымен шектесті. 1897 ж. Жетісу обл. Д. г-г-нан Түркістан ген.-губернаторлығы құрамына енді. Д. г-г-ның тұңғыш ген.-губернаторы болып ген.-л. Г.А. Колпаковский тағайындалды. Д. г-г. патша өкіметі құлатылғаннан кейін таратылды (1917).

К.Исабай

ДАЛА ӨЛКЕСІНІҢ МҰРАЖАЙЫ – ғылыми-мәдени мекеме. 1971 ж. А.Иманов пен Ә.Жангелдиннің Торғай обл. тарихи-өлкетану мұражайы ретінде ашылған. Алғашында Арқалық тарихи-өлкетану мұражайы болып ашылып, 1998 жылдың басынан Д. ө. м. деп аталған. Оның құрылуына және мұражай ғимаратының салынуына қоғам және мәдениет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ықпал етті. Мұражайда өлке табиғаты мен кен байлықтарына, археологиясы мен тарихына, экономикасы мен мәдениетіне байланысты 50 мыңға тарта жәдігер жинақталған (1997). Мұражай Амангелді Иманов пен Әбдіғапар Жанбосынұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі тарихына қатысты материалдарға бай. Мұнда көтерілістің туу себептерін, аймақта таралуын баяндайтын материалдар, Амангелді батырдың үй-іші тұтынған заттар, Торғай жеріне келіп қонған ғарышкерлер мен еңбек ерлерінің табыстарын, торғайлықтардың мәдени өмірін, оқу-ағарту ісінің даму жолын көрсететін экспонаттар бар. Бұл кешен 1982 жылдан мемлекет қорғауында.

Т.Рсаев

«**ДАЛА УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ**» – 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін Омбы қ-нда қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет. Оның жарыққа шығуы 1882 ж. құрамына Ақмола, Семей және Жетісу обл-тары кірген Дала ген.-губернаторлығының құрылуымен байланысты болды. Газеттің басты мақсаты жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру болған. Қазақшасының редакторлары – Ешмұхамед



Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазин. Газеттің биресми бөлімінде Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов туралы деректер басылған. Абай, М.Ж. Көпеев, Шәкерім, Ә.Бөкейхан, А.Құрманбаев, О.Әлжанов, С.Шорманов, М.Жанайдаров, Қ.Жапанов, Б.Сыртанов, Ж.Ақбаев, Ж.Айманов, Ә.Айтбакин, т.б. өткен ғасыр соңындағы қазақ өмірін терең білетін адамдардың шығармалары, хаттары, мақалалары басылып тұрған. Оларда бұдан бір ғасыр бұрынғы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірі бейнеленіп, әлеум. жағдайы, экономикасы, шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрі, т.б. туралы мол мәліметтер берілген. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, орыстың белгілі ақын-жазушыларының кейбір шығармаларынан аудармалар жарияланған. «Д. у. г.» аптасына бір рет, алдымен жұма сайын, кейіннен жексенбі сайын шығып тұрған. Таралымының аздығына қарамастан, газет Қазақстанның қазіргі аумағына түгел дерлік тараған. Ү.Субханбердинаның құрастыруымен «Д. у. г-нің» материалдар жинағы 1989–92 ж. 4 кітап болып басылып шықты. Ү.Субханбердина 1996 ж. «Д. у. г-нің» 5-кітабын, мазмұндалған библиогр. көрсеткішін жарыққа шығарды. *Әдеб.*: Субханбердина Ү., Дала уалаятының газеті. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш, А., 1996, 216-б.

Қ.Атабаев

ДАУЫЛПАЗ – қазақ халқының ұрып ойналатын көне саз аспабы. Ертеректе бұл аспап соғыс құралы ретінде айбар беріп, қыр көрсету үшін қолданылған. Оны жорықтарда әскер басылар мен жеке батырлар ұстайтын болған. Бертін келе Д-ды аңшылық пен құсбегілікте қолданғаны туралы мәліметтер



Дауылпаз

бар. Қазір Д-дың екі түрі белгілі. Оның бірі – этногр. сипаттамасы бойынша қалпына келтірілген түрі. Екіншісі – үлкен оркестрлер үшін жетілдіріліп жасалған үлгісі. Жетілдірілген Д-дың жан-жағында терісін босатып не керіп тұратын, дыбысын жоғарылату немесе төмендету үшін жасалған арнаулы құлақтары бар. Көне Д-да бұл бөлшектер болмаған. Аспаптың осы екі түрлі үлгі-нұсқасы да қазір халық ансамблі, оркестрлерде қолданылып жүр.

Әдеб.: Сарыбаев Б., Қазақтың музыкалық аспаптары, А., 1981.

З.Сыпатайқызы

ДАУЫМШАР Құттықадамұлы (1770–1810) – Ресей отаршылдығына қарсы күресте, қазақ жерінің тұтастығын сақтауда көрсеткен ерлігімен, табандылығымен танылған батыр. Кіші жүз құрамындағы адай тайпасынан шыққан. Әкесі Құттықадам Тікенекұлы (1705–98) қалмақтармен шайқасқа қатысқан. Орт. Үстіртте, Білеулі керуен сарайынан оңт.-шығысқа қарай 25 шақырым жерде жерленген. Д. батыр жөнінде нақты деректер аз. Х.Досмұхамедов өз еңбегінде оны Атағозы, Сүлейінқара, Өтен, Нарынбай, Құлбарақ, Жапарберді, Мыңбай, т.б. атақты батырлармен тең қояды. Халық арасында Д. батыр туралы Жемнің сол жақ жағалауында зерттеу жұмыстарын жүргізген экспедициялық отрядпен (кейбір мәліметтерде орыстар, енді бірінде ағылшындар) болған ұрыста қаза тапты деген аңыз бар.

Әдеб.: Аджигалиев С.И., Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм), А., 1994; Досмұхамедұлы Х., Исатай – Махамбет, А., 1996.

С.Әжіғалиев

ДӘЛЕЛХАН Жанымханұлы, Жаналтай (1922, Қытай, Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағы – 17.12.2012, Стамбұл қ.) – шет елдердегі қазақ диаспорасының белгілі өкілі. Әкесі Жанымхан Тілеубердіұлы абақ керейдің іргелі бір руының биі (тәйжісі) болған, кейін өкімет ісіне араласып, өлкенің қаржы министрі қызметін атқарған. Д. әскери курстан өтіп, Гоминьдан армиясының полк. дәрежелі офицері болып шығады. Шығыс Түркістан Халық Республикасы құрылған алғашқы жылдары (1945–47) өлкелік құрылтайдың осы аймақтағы өкілі міндетін атқарады. 1947 ж. Шығыс Түркістаннан қол үзіп, Үрімжідегі Гоминьдан армиясында кеңесші болады.



ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ

1949 ж. өлкеге Қытай коммунистері армиясы енген кезде, оған қарсы Оспан Исламұлы, Қалибек Райымбекұлы бастаған саяси-әскери қимылдарға қатысады. 1951 ж. Д. өз руластарын бастап Үндістанға өтіп, онда 1960 жылға дейін тұрады. Д. Түркиядағы қазақ



Д.Жанымханұлы

босқындарының 30-дан астам баласын Тайваньда оқытып, Үндістан, Пәкстан, Ауғанстан, Ирандағы қандастарымызға қамқорлық көмек көрсетеді. Д. 1969 ж. Түркияға келіп, Стамбұлда қазақ кентін салу, мешіт-медресе ашу, босқындар қауымдастығын құру, т.б. игі істерге басшылық етеді. 1992 ж. Алматыда өткен Дүние жүзі қазақтары құрылтайына қатысып, қауымдастықтың алқа мүшесі болып сайланды. Д. қажының «Қилы заман, қиын күндер» аталатын кітабы жарық көрді (А., 2000).

У.Қыдырханұлы

ДӘЛЕЛХАН Сүгірбайұлы (1904 ж.т., Қытай, Алтай аймағы, Сарысүмбе ауд. Көксу қонысы – 1949) – Қытайдың Шыңжаң өлкесінде болған ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткері, ген.-майор. 1933 жылғы Қытай қазақтарының көтерілісіне белсене қатынасқан. Өлкедегі ел басшыларын жаппай тұтқынға алып жатқан кезде Д. 1941 ж. Қазақстанға өтіп кетті. Кейін аймаққа қайта оралып (1944), Гоминьдан үкіметіне қарсы Үш аймақ көтерілісі басшыларының бірі болды. 1945 ж. Алтай аймағы Гоминьдан үкіметі ықпалынан азат етілгеннен кейін, Алтай аймағы ген.-губернаторының бірінші орынбасары әрі аймақтың әскери округтің қолбасшысы болып тағайындалды. Іле, Тарбағатай аймақтары да азат етіліп, үш аймақтың негізінде Шығыс Түркістан Халық Республикасы құрылған кезде (1946) Д. үкімет мүшесі және Шығыс Түркістан ұлттық армиясы қолбасшысының бірінші орынбаса-

ры, кейін (1946) Алтай аймағының ген.-губернаторы болды және денсаулық сақтау министрі қызметін қоса атқарды. Ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқаны үшін Д-ға «Алтын жұлдыз» ордені тапсырылды, «Халық қаһарманы» деген құрметті атақ



Д.Сүгірбайұлы

және ген.-м. әскери шені берілді. Д. Шығыс Түркістан Республикасының өзге де басшыларымен бірге белгісіз жағдайда ұшақ апатынан қайтыс болды.

Әдеб.: Шыңжаңның тарихи материалдары, Ү., 1994; Үш аймақ төңкерісіндегі ірі істер, Ү., 1995.

У.Қыдырханұлы

ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ Мұташ (1904–1982) – қоғам қайраткері, 20 ғ-дың 30-жылдарының басындағы ашаршылықтың қазақ халқына әкелген зардабын жеңілдету үшін тәуекелге бел буып, батыл әрекетке барған бесеудің хаты авторларының бірі. Мәскеу халық ша-



М.Дәулетқалиев

руашылығы ин-тын бітірген (1930). 1921–37 ж. әртүрлі жауапты қызметтерде болды. Д. 1938 ж. саяси қуғынға ұшырап, 1944 ж. қамаудан босатылды (1956 ж. ақталды). 1944 ж. Талдықорған обл.-ндағы Қарабұлақ қант з-тының директоры болды. 1946–60 ж. Өзбекстанда жұмыс істеді. Кейін Қазақстанда бірқатар басшы қызметтер атқарды.

ДӘУІТБАЙ



ДӘУІТ Асауұлы (1787–1874) – белгілі батыр әрі би, Ресей империясының отарлауына қарсы азаттық күрес ұйымдастырушы, әулие атанған. Барақ батырдың немересі. Д.А. да әкесі мен атасы сияқты Кіші жүздегі аса танымал жандардың бірі, өз ғұмырында үш көтеріліске қатысып, оның екеуінде жетекшілік еткен. 1822–35 ж. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліске қатысқан, орыс шептеріне бірқатар жорықтар ұйымдастырған. 1855–56 ж. Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліске де белсене қатысып, оның басшыларының біріне айналған. 1855 ж. шілде айында табын, адай және таз руларынан тұратын 1 мың сарбазбен Орынбор қазақтары батыс бөлігінің аға сұлтаны М. Тәукеұлының ордасын шабуға аттанған. Дегенмен, бұл жорық сәтсіз аяқталған, шабуыл туралы естіген аға сұлтан қамданып үлгерген. 1855 ж. қазан айында аға сұлтан М. Тәукеұлы, әскери старшина Серов басқарған казак әскері Д. батырдың ауылына басып кіріп, оның әйелі Қалыны, ұлы Бекназарды, қызы Тәтішті және 80 жастағы жақын туысы Майдос Айтқазыұлын тұтқындап алып кетеді. Орынбор әкімш. егер Д-тің өзі келмесе ұлы мен туысының өлім жазасына кесілетінін, әйелі мен қызының мәңгі қамауда қалатынын жариялаған. Өлке басшылығы Д.А-ның дала төсіндегі үлкен беделін ескеріп, оның үкімет тарапына берілуін, ант қабылдауын мақсат еткен. 1856 ж. мамыр айында Орынбор әкімш. Д-ті өздеріне алдыруға адамдар жібереді. Жақын адамдары қамауда жатқан ол үкімет тарапына баруға мәжбүр болады. Бір топ билерімен келген Д-ті Орынбор губернаторы Перовский арнайы қабылдап, бұдан былай үкіметке қарсы шықпауға ант қабылдата отырып, кешірім береді, туыстарын босатады. Орынборда Д. губернатор тарапынан шөмішті табын руының қарақойлы тармағына басқарушы ретінде бекітіледі. 1869 ж. Батыс Қазақстанда болған көтеріліс кезінде жасы 80-нен асқан Д.А. бұл күрестің де негізгі көсемдерінің біріне айналады. Әулие атанған қарт батырдың осы күреске қатысуының өзі көтерілісшілерге рух берген, есімі олар үшін байрақ есебінде болған. Ол өз бауырларымен, ұлдарымен, көптеген жақын туыстарымен бірге көтеріліс қимылдарына белсене араласқан. 1869 жылдың күзінде қатаң жазалау салдарынан басқа өңірлерде көтеріліс тоқтай

бастаған кезде, Д. бастаған қауымдар жаппай Хиуа жеріне өте бастаған. Қауымдарын тыныштықта, бірлікте ұстауды ойлаған қарт би 1869 жылдың күзінде үкімет орындарына хат жолдап, өздерін Торғай облысына қаратуды өтінген. Д.А. қазіргі Өзбекстан аумағында, Қарақалпақстан жерінде Қоңырат ауд-на қарасты Хорезм қақпасы деген жерде жерленген.

Дер.: ҚР ОММ, 4-қор, 1-т., 2567, 2792, 4478, 4479, 5144 т.б. істер; Орынбор обл. мемл. мұрағаты, 6-қор, 10-т., 6800, 7800, 8239 т.б. істер.

Н.Жемнісбай

ДӘУІТБАЙ Жәнібекұлы (1712–83) – батыр, рубасы, би, тархан. Д. батырдың әкесі шақшақ Жәнібек Қошқарұлы қазақ-жоңғар соғысында аты шыққан батыр, би, тархан болған. Д-ға әскери алқа жарлығымен 1759 ж. тархан атағы берілген. Орыс шаруаларының 1773–75 жылдардағы Е. Пугачев бастаған соғысына қазақтар да қатысты. Белгілі тарихшы Н.Бекмаханованың көрсетуінше, бұл көтеріліске Орта жүз қазақтарымен бірге Тобыл өз-нің бойын жайлаған Кіші жүздің жеке рулары – тілеу, тама, рамадан, жағалбайлылар да қатысқан. Қазақ жасақтарының басында негізінен белгілі ру басшылары және қарапайым халық өкілдері де болды. Құлсары тархан ауылының қазақтары Пугачев отрядына қосылмай, Құдайменді сұлтан мен Дәуітбай тархан және Алшыбай старшындар жасағына қосылған. 1773 ж. Құдайменді мен Тайыр сұлтандар және старшындар Д. тархан мен Алшыбайлар Завируевск форпосты маңындағы Озерной бекінісіне мылтық, қылыш, садақ, қанжарлармен қаруланған 200 адаммен шабуыл жасап, бекіністегі адамдарды тұтқынға алып, малдарын айдап алған. Оларға қарсы капитан Пучков бастаған 14 дала әскерилер жасағын және капитан Лилигреинов бастаған әскерді жібереді. Қазақ жасақтары соңдарына түскен әскерден қазақтардың дайындаған маяларына от қойып, құтылып кеткен. Пугачев Д. тарханмен келіссөздер жүргізген, өзінің полк-тері Усман Ертагулов, Чагира Иликманов және Суюргул Яманачевтерге Д. тархан мен Абылай сұлтанға елшілер жіберуді ұйымдастыруларын тапсырған. 20 башқұрттан құралған Пугачев елшілері Д. тарханмен кездесіп, линиялық бекіністерді талқандауды тапсырған. Пугачев жасақтары мен Д. тархан жа-



сақтары жоспарлы түрде ұрыс қимылдарын ойдағыдай жүргізген. Сарытоғай өз-нің жағасында Пугачев жіберген башқұрт Уап пен Шүкір Уразовтар бастаған елшілері мен 30 қазақ старшыны бас қосқан кеңес өтеді. Кеңесте Д. тархан мен Ембетем бастаған старшындар Пугачев әскерімен бірлесіп қимыл жасау жоспарларын талқыға салып, келіседі. Пугачев жасақтары 1774 ж. қазақ шекарасынан кеткеннен кейін, уақытша тыныштықты бұзып, Құдайменді және Тайыр сұлтандардан басқа Сарыжетім Шақшақ болысының старшыны Құлсары тархан, сондай-ақ Итега, Алшыбай, Д. тархандар өздеріне қарасты Қыпшақ және Қарауыл болыстығының адамдарын бастап патша бекіністері мен форпосттарына шабуыл жасайды. Д. батыр Абылай ханмен бірге талай жорықтарға қатысып, қазақ мемлекеттігін сақтауға атсалысқан, хан тірегі болып, ел мүдесі үшін әр уақытта хан туының астынан табылған.

Әдеб.: Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. М.: Изд-во АН СССР, 1957. 342 с.; Бекмаханова Н. Легенда о Невидимке (Участие казахов в Крестьянской войне под руководством Пугачева в 1773-1775 годах). А.-А.: Казахстан, 1968. 190 с.; Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы): (Сборник документов и материалов). А.-А.: Наука, 1964. 575 с.; Исенов Ө., Арғын Дәуітбай тархан (1712-1783): «Алдамжар оқулары – 2012» Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының материалдары. Қостанай: академик З. Алдамжар атындағы ҚӘТУ, 2012, 267 б. (94-101 бб).

Ө.Исенов

«ДВИЖЕНИЕ «НЕВИДИМКИ» – 20 ғ-дағы аса ірі тарихшы М.Вяткиннің 1941 ж. «Огиз. Госполиздат» баспасынан орыс тілінде жарық көрген «Очерки по истории Казахской ССР» атты тарихи очерктер жинағының жеке тарауы. Материалдың қысқартылған мәтіні төмендегідей: «Последним отголоском движения Пугачева в Казахстане было движение так называемой «Невидимки». Первые сведения о «Невидимке» относятся к сентябрю 1775 г. Среди родов Табын и Тама, кочевавших по реке Хобде и находившихся во владении Дос-Али-султана, появился человек. В народе ходили о нем фантастические слухи. Агитация «Невидимки» была связана о ожиданием нового появления «государя». Пока же «государь» не поя-

вился, «Невидимка» призывала, как это следует из донесений оренбургскому губернатору, итти воевать на русский и башкирский улусы. В агитации «Невидимки» совершенно ясно проявилась та незаконченность и нечеткость целей движения казахов в годы движения Пугачева, которая отмечалась выше: нужно итти против русских и башкир, и в то же время пробиваются проблески сознания, что не во всех русских зло, что зло в императрице и ее Генералах, что новый государь – речь шла о Пугачеве – принесет облегчение участи казахов, – во имя его и поднималось восстание. Агитация «Невидимки», как выяснили агенты царского правительства, исходила не от старшин, а от одной женщины, принадлежавшей к «простому народу», что и делает ценным изучение движения, связанного с именем «Невидимки». Ее агитация показывает, какими мыслями и надеждами питалось движение широких масс в Казахстане в 70-х годах XVIII в. Практически эта агитация привела к организации на Хобде отрядов казахов, численностью 1500–2000 человек, которые возобновили нападения на пограничную линию и башкирские улусы. Подъем народного движения оживил и движение султана Сеид-Али. В декабре 1775 г. вокруг него группировались многочисленные отряды родов Шекты, Шомекей, Байбакты, Табын и Тама. Значит, зимой 1775 г. движение вышло за районы Хобды и Илека, где кочевали табынцы и таминцы. В феврале следующего года Нур-Али должен был послать своего сына Ишима и верного ему старшину, батыра Срыма, в различные казахские роды, чтобы предотвратить распространение влияния «Невидимки». Последние сведения о «Невидимке» относятся к июлю 1776 г. Дос-Али к этому времени всячески отгораживался от «Невидимки» и принимал энергичные меры к прекращению набегов на линию и возвращению из Орды русских пленных. Хан послал отряды, чтобы убить «Невидимку», а юрту ее сжечь. Но это сделать не удалось: «Невидимка» со всем аулом откочевала к югу, на реку Киил. После этого сведений о ней не поступало. Движение в Орде и нападения на линию и башкир, вызванные агитацией «Невидимки», были последним отголоском движения Пугачева в Казахских Ордах».

ДЕМЕЖАН



Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 5-том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.

ДЕМЕЖАН Кешубайұлы (1860, Қытай, Шыңжаң өлкесі, Тарбағатай аймағы – 1906, Шәуешек қ.) – Қытайдағы қазақ диаспорасы арасынан шыққан қоғам қайраткері. 1884 ж. Шәуешек хаттамасы бойынша Ресей мен Қытай империясы өзара шекара бөліскенде жергілікті әкімш. атынан аймақ шекарасын белгілеу ісіне қатысқан. 1895 ж. төртуыл руының екінші үкірдайы болып сайланады. Д. ел ішінде мешіт, медресе, мектеп салу, жергілікті халықтың егіншілікпен айналысу ісін ұйымдастырады. Абдыра, Қараүнгір өз-дерінен тоған шығарту жөнінде жоғарғы ұлықтың рұқсатын алуға күш салады. Бірақ оның бұл игілікті ісіне халдайлар (ішкі өлкеден шекара күзетіне келген сібе-солаң жұртының атамандары) қарсылық білдіреді. Абдыра аңғарында өткен кезекті су таласы кезінде Д. қазақтан қол жинап, халдайлардың бетін қайтарады. Д-ды жалған айыппен қамауға алып, 1906 ж. жазда Шәуешек қ-нда дарға асып өлтіреді. Д. – жазушы Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романының басты кейіпкері.

Қ.Күдерин

ДЕРБЕСТІК – жеке тұлғаның, халықтың, ұлттың, т.б. әлеум. ортаның ешкімге тәуелсіз болмысы, бітімі, ұстанымы. Д. ұғымы жеке тұлғаға қатысты оның субъектілігін, кісілік қасиетін көрсетеді, кемелділік деңгейіне көтерілгенін байқатады. Көп ішінде солардың бірі ретінде өмір сүру, әрине, жеңіл, жеке жауапкершілігі аз болады. Кеңес дәуірінде де адамның көпшілдігі, ұжымшылдығы жоғары бағаланды. Көптің пікірі қашан да дұрыс деп есептелді. Көптің сүйенері – қоғамда үстемдік құратын идеология мен психология, көп жағдайда нақты мәселенің мәнісін байыптап жатпайды. Д. ұғымы халыққа, ұлтқа, мемлекетке, т.б. әлеум. ортаға қатысты сол әлеум. қауымдастықтың ешкімге тәуелсіздігін, өзгелермен қарым-қатынаста, өз мүддесінен туындайтын немесе жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау принципіне негізделген саясат ұстанатынын білдіреді.

Т.Рысқалиев

ДЕРБІСӘЛІ Қиғылықұлы (18–19 ғ.) – белгілі батыр, 1822–26 ж. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілісті ұйымдастырушы-

лардың бірі, кейіннен әулие атанған. Аққете руынан тарайды. Ойыл, Қиыл өз-дерінің бойларын жайлаған. Д. – 19 ғ-дың алғашқы жартысындағы Кіші жүздегі танымал тұлғалардың бірі. 1822–26 ж. көтерілістің алғашқы кезеңінде өз жасағымен шепке бірнеше рет қауіп төндірген. Сол себепті 1822 ж. желтоқсанның басында Орынбор Шекара комиссиясы губернатордың жарлығымен Орал әскери кеңсесіне шепке шабуыл жасап жүрген бүлікшілерді ұстау жөнінде құпия бұйрық шығаруын талап еткенде, алдымен ұсталуы тиіс адамдардың ішінде Д-нің де аты аталады. Д. 1822 ж. желтоқсан айының соңында Жоламан бастаған бір топ би, батырлармен бірге Жайық пен Елек арасындағы жерлерді қайтару және Ресейде ұсталып отырған Арынғазы сұлтан мен Жүсіп Сырымұлын босатуды сұраған хатқа мөрін басқан. Бұл хатқа Кіші жүздегі белгілі қайраткерлер, Жоламан бастаған көтерілістің басқа көсемдері адай Сүйінқара батыр, шөмішті табын Барақ пен Асау, Байғана батырлар да қосылған. 1823 ж. маусым айында Д. өзінің 300 сарбазымен қазақ жеріне жіберілген полк. Милорадовичтің әскеріне қарсы шабуылға қатысып, мұрағат деректеріне қарағанда, олжаға 17 тұтқын мен 70 жылқы түскен. 1823 жылдың қыркүйегінде Жоламан бастаған топ Жайық-Елек аралығын, Орал жақтағы Нарын құмы мен Өзен, Самар өздері бойларына қойылған қарауылдарды алып тастау туралы хат жолдағанда Д. де осы хатқа мөрін басқан, бұл өтінішке шекті руының белгілі тұлғалары – Көтібар мен Арыстан батырлар да қосылған. 1826 жылғы бір деректе оның Сүйінқара, Барақ және Байғана батырлармен бірге 2000-нан астам қолмен Ойыл, Қалдығайты, Бұлдырты бойларында тұрғаны айтылған. Д. дүниеден озған соң оның есімі ел жадында әулие есебінде сақталған. Қазіргі Ақтөбе обл. Қобда ауданының Өтек а-нан 20 шақырым жердегі Суықбұлақта жерленген батырдың қабірін халық қасиетті санайды.

Дер.: ҚР ОММ, 4-қор, 1-т., 1820-іс; ООММ, 6-қор, 10-т., 2781, 3232, 3321 істер; Материалы по истории Казахской ССР. Т. 4. М.-Л., 1940.

Н.Жетпісбай

ДОҒАЛ ШАЙҚАСЫ, Д о ғ а л - Ү р п е к с о ғ ы с ы – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі Торғай көтерілісшілерінің



Ресей үкіметінің жазалаушы отрядына қарсы соңғы соғысы. Шайқас 1917 ж. 22–23 ақпан күндері Доғал қопасы мен Үрпек қонысы аралығында болған. Бұл кезеңде көтерілісшілердің негізгі күші Торғай қ-нан 150 шақырым қашықтықтағы Батпаққара елді мекенінің маңындағы Жалдама, Торғай өз-дерінің бойына орналасқан еді. Ал екінші бөлігі Торғай қ-нан 140 шақырым жердегі Жыланшық өз-нің бойына, үшіншісі қаладан 80 шақырым қашықтықтағы Перовск жолының бойында топтастырылған. Сөйтіп, Перовск – Ақмола аймағының аум. 150 шақырымдық жерін қамтыған. Торғайдағы көтерілісті біржолата басу мақсатымен арнайы ұйымдастырылған ген.-л Лаврентьев басқарған жазалаушы отряд құрамындағы полк, Тургенев басқарған 13-орынборлық казак полкі Торғай – Жыланшық өз-дерінің бойындағы көтерілісшілерді жоюды мақсат етті. Полк құрамында 6 казак жүздігі, 1 атты багарея взводы, 1 жаяу әскер батареясы взводы, 6 пулемет, 4 зеңбірек болды. Бұл қарулы полк 18 ақпанда Қарақоға болысының 6-а-н, 21 ақпанда Құмкешуді басып алып, Батпаққараға жетті. 22 ақпанда Доғал аңғарында көтерілісшілерге қарсы соғыс басталды. Амангелді Иманов бастаған көтерілісшілер Тургеневтің осы қарулы полкіне 20 мың сарбазбен қарсы тұрды. Олардың қатарында білтелі мылтық, бердеңкелермен қаруланған 171 мерген болды, қалғандары айбалта, қылыш, найза, шоқпар ұстаған атты сарбаздар еді. Шайқас қарсаңында өткізілген соғыс кеңесінің ұйғаруы бойынша, қолына қару ұстамаған ел түгел дерлік қырдағы қопаларға көшірілді. Арнайы соғыс жоспарына сай Жалдама, Сымтас өздері бойын – Қараторғай, Көртоғай, Сарыторғай болыстарының, Сарықопа, Мұқырды – Сарықопа, 1-Науырзым, 11-Науырзым болыстарының, Қарасу, Доғал, Сорбұлақты – Қараторғай, Қайдауыл, Аққұм болыстарының сарбаздары мен Көкшетау, Әулиеата, Түркістан, Ақтөбе, Байқоңыр, Қарсақпай, Атбасар, Жаңақала, Ақмешіттен келген көтерілісшілер қорғауға тиісті болды. Сорқұдық, Кемер, Тоқанай бойын – Қарақоға, Тосын, Шұбалақ болыстарының сарбаздары қорғады. Күші басым жазалаушылар отрядына қарсы екі күнге созылған ауыр айқаста Амангелді батырдың қолбасшылық қабілеті

айрықша көрінді. Дұшпан шебіне оқыстан шабуыл жасау, күтпеген жерден тосқауыл қою, жазалаушыларды оппа қарға, жылымға түсіріп, тез шегініп кету сияқты тапқыр айла-әрекеттер жасап бақты. Ақыры 23 ақпан күні ымырт үйіріле екі жақтан да атыс тоқтатылды. 24–25 ақпанда Тургенев полкі өлгендер мен жаралы жауынгерлерін 45 шанаға тиеп, Торғайға шегініп кетті. Д. ш. Торғай көтерілісшілерінің ұйымдық жағынан бекіп, соғыс шеберлігін меңгерген қарулы күшке айналғанын, сарбаздардың бостандық жолындағы күрестегі табандылығы мен жеңіске деген жігерін танытты. Көп ұзамай Ресейде Ақпан төңкерісі жүзеге асырылды да, Торғайдағы жазалаушы отрядтардың шапқыншылықтары тоқтатылды. Сөйтіп, Торғай көтерілісшілері өздерінің алға қойған мақсатын орындап шықты. Қазір Д. ш. болған жерлерге ескерткіш тақталар орнатылған.

Әдеб.: Мұхаметжанов З., Торғай комиссарлары, А., 1974; Амангелді Иманов. Мақалалар, документтер, материалдар, А., 1975.

Т.Рсаев

ДОСАН Тәжіұлы (1835, Маңғыстаудағы Бозашы түбегінің Жиделі деген жері – 11.2. 1876, Форт-Шевченко қ.) – халық батыры, Маңғыстау көтерілісі басшыларының бірі. Д. Ресей үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесін» әділетсіздік деп бағалап, халықты көтеріліске шығуға үндейді. Онымен бірге Иса Тіленбаев, Алғи Жәлімбетов, Тілеуберген Орақов, Шүрен Иманов, Дихан Өтепов, Сүгір Шабаевтар халықты көтеріліске бастап шығады. Д. бастаған 400 сарбаз Үшауыз деген жерде Маңғыстау приставы подполк. Рукиннің жазалаушы отрядын тас-талқан етіп жеңеді. 1870 ж. сәуірде Д. сарбаздары Фортты қоршап алып, ондағы армян базарын талқандады, саудагерлер мен өндіріс иелерін тұтқындады, Николаевск ст-н өртеп, армян слободкасы мен Қарағантүптегі маякті қиратты. Кавказдан жіберілген жазалаушы отрядпен Д. сарбаздары кескілескен шайқас жүргізе отырып, Хиуа хандығына өтіп кетеді. 1873 ж. Хиуа хандығын бағындыруға жіберілген Ресей әскерлеріне Қоңырат, Хожелі, Қарабайлы аймағында Д. тұтқиылдан шабуыл жасауды ұйымдастырып отырған. 1873 жылдың күзінде Д. жасағы Үстіртке қоныс аударды. 1874 ж. Ресей үкіметінің Аничкин бастаған іздеуші жасағы Сам құ-

ДОСАН БАТЫР



мында отырған Д. ауылын қапыда қоршап алып, жаралы Д. батырды қолға түсіреді. Д. Форт түрмесінде 2 жылдан кейін қаза тапты. Д. батырдың сүйегін туған жері Бозашыға Жанғабыл (халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлының әкесі) бастаған бір топ азаматтар жеткізген. Мүрдесі сондағы Қаратөбе зиратына қойылған. Д. батырдың ерлігін Ақтабан, Бала Ораз, Қашаған, Қалнияз, Сәттіғұл ақындар жырға қосқан.

З.Дүкенбаева

«ДОСАН БАТЫР» – тарихи жыр. Ресей үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесіне» байланысты жүргізілген реформасының қысымына қарсы Маңғыстау түбегі қазақтарының Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбаев бастаған наразылық көтерілісін халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлы арнайы дастан етіп жырлаған. Бұл шығарма халық арасына кең таралып, отарлаушылық езгіге қарсы бас көтерудің тарихи шындығын көрсеткен көркем шежіреге айналған. Сәттіғұл жырының Орт. ғыл. кітапхана қорында үш түрлі нұсқасы сақталған. Мазмұны мен көркемдігі жағынан толығырақ нұсқасын латын әрпімен жаздырып, 1939 ж. Сәттіғұл ақын өзі тапсырған да, екіншісін 1941 ж. К. Нұрғазиев, үшіншісін 1947 ж. И.Ұйықбаев сынды ауыз әдебиетін жинаушылар жіберген.

С.Қорабай

ДОСБОЛ Қорлыбайұлы (1800, Қарағанды обл. Ұлытау ауд. – 1890, Қызылорда обл. Шиелі ауд.) – би, қоғам қайраткері. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасынан шыққан. Д. би ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен, ел мен елді бітістіріп, әділдігімен, тапқырлығымен, шешендігімен халық арасында зор беделге ие болған адам. Д. би ел тынышын кетіріп, қанау-тонау саясатын жүргізген Қоқан бектерін ашық сынап, жолыққанда сөзбен түйреп отырған екен. Содан қуғынға ұшырап, екі-үш жыл Арқаға барып паналаған. Д. би ағайын арасындағы араздықтың ел берекесін кетіретінін айтып, Әжібай би мен Торғай датқаны бір ауыз сөзбен татуластырыпты. Д. бидің талай айтыс-тартыстарда (найман Көкшолақ бимен, Арқадағы Нұржанмен, т.б. шешендік, билік сөз таластары) айтқан ұтымды жауаптары, нақыл сөздері мақал-мәтел іспеттес болып, халық арасына кең тараған. Бейіті Оқшы ата қорымында.

Әдеб.: Адамбаев Б., Шешендік сөздер, А., 1967; Жармұхамедұлы М., Шешендік өнер, А., 1998.

М.Жармұхамедұлы

ДОСЖАНОВ Омар, Сібір-Омар (1857, Торғай обл. Қостанай уезі Дамбар болысы – 1918, Қостанай қ.) – қоғам қайраткері. Троицкідегі орыс-қазақ бастауыш мектебін бітіргеннен кейін жергілікті болыстарға хатшы, тілмаш болған. Сауатты, өткір мінезді Д. осы кезеңде патша әкімдерінің зорлық-зомбылығына батыл қарсы шықты. 1872 ж. Орынборда ағарту мектебімен бірге заң курсы



О.Досжанов

бітіреді де, Ташкентке келіп, банкіге қызметке орналасады. Саяси сенімсіздігі үшін Д-ты Ташкенттегі Ресей әкімш. 25 жылға Сібірге жер аударады. 1896 ж. мерзімі бітсе де, саяси сезікті адам ретінде елге қайтуға рұқсат берілмей, Қорған қ-на келіп, жаңа салынып жатқан Сібір темір жолында жұмыс істейді. Төрт-бес жылдан кейін ғана Д-тың туыстары оның елге қайтуына рұқсат алады. Елге келген соң ол «Сібір-Омар» аталады. 1911 ж. социал-демократ деген саяси айып тағылып, сотқа тартылады. 1912 ж. «Русь императорына тіл тигізгені үшін» Қостанай түрмесіне қамалады да, көп ұзамай босанып шығады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне Д. белсене қатысады. 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға ат салысады. 1918 ж. қаңтарда Қостанай уездік кеңесі атқару к-тінің мүшесі және әскери-рев. трибуналдың төрағасы болып сайланған. 1918 жылдың жазында кеңестік билікке қарсы күрескен ақ гвардияшылардың қолынан қаза табады. Қостанай обл-нда Д-тың атында мектеп, көшелер бар. Ақын Қ.Тоғызбаков оның өмірі туралы «Сібір-Омар» атты поэма жазды.

Г.Өскембаева



ДОСКЕЙ Әлімбайұлы (1850, Ақмола өңірі – 21.9.1946, Қарағанды қ.) – халық ақыны, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1939). Д. он бес жасынан бастап Біржан, Ақан сері, Шөже, Орынбай, Кемпірбайлармен жүздесіп, өзінің өнерін ұштай түседі, ел аралап, ақындығын танытады. Ақан серімен, Ажармен айтысқа түседі. Д-дің «Кенесары» дастаны 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде елді рухтандыру, жігерлендіру мақсатында туған. Дастанның арқауы – тарихи шындық. Д-дің бұдан басқа «Жетім ұл мен

лыстық, жалпықазақ съездерін өткізуге белсене араласты. Орал обл. қазақ к-тінің төрағасы болды. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланды. Уақытша үкіметтің Құрылтай жиналысы туралы заң жобасын дайындайтын мемл. кеңестің мүшесі болды. 1917 ж. желтоқсанда өткен 2-жалпықазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметінің құрамына сайланды. 1918–19 ж. Батыс Алашорда бөлімше-



Д.Әлімбайұлы



Ж.Досмұхамедов

жебір уәзір», «Қажымұқан», «Қара сиыр» дастандары бар. Оның шығармалары 1937–65 ж. жарық көрген халық ақындары жинақтарының көпшілігіне енген. Д-дің танымал шығармаларының бірі – «Сенде туып, сенде өтсем» дастаны. Мұнда ақын Абай мен Ақан серіні, Шортанбай мен Шөжені, Қажымұқан мен Балуан Шолақты тілге тиек етіп, қазіргі өнер саңлақтарын солардың ұрпақтары деп мақтаныш сезіммен жырлайды. Д-дің «Қос бармақ», «Жалтарма», «Қоңыр толғау» әндері ел ішінде кеңінен тараған. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Шығ.: Толғау, А., 1941; Кенші жыры, А., 1986.

М.Әбуов

ДОСМҰХАМЕДОВ Жанша (Жаһанша) (1886, Батыс Қазақстан обл. – 1932) – алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. 1912 ж. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітіріп, Томск округтік сотында 1917 жылдың ақпанына дейін қызмет істеді. Он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсында басқа да алаш зиялыларымен қатар мәселенің бейбіт жолмен шешілуін жақтап, халықты көтеріліске шықпауға шақырды. Ресейдегі Ақпан төңкерісінен (ақпан, 1917) кейін болған қоғамдық-саяси өзгерістер кезінде об-

сіне басшылық жасады. 1918 ж. наурызда Х.Досмұхамедовпен бірге Алашорда үкіметі атынан Кеңес үкіметінің басшылары В.И. Ленинмен және И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізді. 1922–25 ж. «Талап» мәдениет көркейту қауымының мүшесі болды. Ұлттық мәдениетті көркейтуге, ғылым-білімнің дамуына үлкен үлес қосты. Д-ке осы қауымның төрағасы Х.Досмұхамедов Түркістан заң шығару халық комиссариатының өтініші бойынша, азаматтық және қылмыстық кодексті қазақ тіліне аударуды тапсырған. Бұл аударма 1000 данамен жарық көріп, оған М.Дулатов сыни пікір жазған. Д. 20 ғ-дың 30-жылдары Кеңес өкіметі ұйымдастырған саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Ш.Тілеубаев

ДОСМҰХАМЕДОВ Халел (24.04.1883, Атырау обл. Қызылқоға ауд. Тайсойған құмы – 19.08.1939, Алматы қ.) – алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. 1902 ж. Орал әскери-реалдық уч-шесінің даярлық сыныбын үздік бітіріп, 1903 ж. Санкт-Петербург императорлық әскери-мед. академиясына түскен. Д-тің студенттік өмірі империяның саяси толқуларға толы кезеңі-

ДУБЕК



мен тұстас келіп, оның саяси білімін жетілдіріп, қалыптасуына әсер етті. Ол осы жылдары ел ішінде үгіт-насихат жүргізіп, жергілікті «Фикр» (Пікір), «Уральский листок» газеттеріне мақалалар жазып, болып жатқан саяси толқулардың мән-жайын халыққа түсіндіріп отырды. 1917 жылғы Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында облыстық, жалпықазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге ат салысты. 1917 ж. желтоқсанда 2-жалпықазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметі – Ұлт Кеңесі құрамына сайланды. Алаш қайраткерлерімен бірге бірінші кезекте халықты бүліншіліктен қорғайтын ұлттық әскер – халық милициясын жасақтауға, «Алаш» қорын құруға, елден алым-салық, қаражат жинау ісіне күш салды. Большевиктердің үстемдігі нығайған тұста, 1918 ж. наурыз айында Ж.Досмұхамедовпен бірге Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинмен, Ұлт істері жөніндегі халық ко-



Ж.Досмұхамедов

миссары И.В. Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізеді. Большевиктер Кеңес өкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етсе, олар Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік, сот жүргізу, өз әскері болу), қазақтар шоғырланған жерлерді түгел қазақтарға қайтару, әр жерде кеңес органдары тұтқындаған алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды қудалауды тоқтату, қаржылай көмек беру сияқты маңызды мәселелерді өткеріп қоя білді. 1918 ж. 18–21 мамырда Жымпиты қ-нда өткен Орал өңірі қазақтарының 4-съезінде Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-аумақтық құрылым – «Ойыл уәлаяты уақытша үкіметін» жариялауға қатысты. Сол жылы қыркүйек айының ортасында Кеңес өкі-

метіне қарсы күштердің Уфа директориясын жариялау мәжілісіне жиналған Алашорда қайраткерлері бұл құрылымды қолдап, оған «Алашорданың батыс бөлімшесі» деген ат берді. Осы кезеңде Д. Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алуға, Ұлттық банк, баспахана ашуға, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңірді. «Кенесарының соңғы күндері», «Исатай – Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) жинақтарын шығарды. 1930 ж. 15 қыркүйекте Кеңес өкіметінің саяси қуғын-сүргін науқанында тұтқындалып, 1932 ж. 20 сәуірде ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қ-на 5 жылға жер аударылды. Онда жүріп дәрігерлік мамандығы бойынша кәсіби қызметтер істеді. Соңғы бір жыл кесімді мерзімі бітсе де елге оралмады. 1938 ж. 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, Мәскеуге, кейін Алматыға әкелінді. 1939 ж. 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. 1939 ж. 19 тамызда түрме ауруханасында қайтыс болды. 1958 ж. 11 ақпанда ақталды. Қазір туған жері Атырау обл. Миялы кентінде оған ескерткіш қойылған. Атырау ун-тіне, Алматы және Атырау қ-ларындағы бір-бір көшеге Д. есімі берілген.

Әдеб.: Аманжолова Д., Партия Алаш: история и историография, Семипалатинск, 1993; Аманжолова Д., Казахский автономизм и Россия, М., 1994; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995.

Ш.Тілеубаев

ДУБЕК (шын есімі Иүсіпбек) Нұртазаұлы Шалғынбаев (1920, Қытай, Тарбағатай аймағы, Шағантоғай ауд. Барлық тауы – 1947, Шәуешек қ.) – Шыңжаңдағы қазақ зиялыларының өкілі, ағартушы, журналист. Әкесі Нұртаза Шағантоғайда үкірдай болған. Д. сауатын қытай мектебінде ашқан. Ол кезде қытайлардың қол астында қызмет еткен, оқыған қазақтарға қытайша ат қойылатын болғандықтан, Иүсіпбек Д. аталып кеткен. Д. Үрімжідегі моңғол-қазақ интернатының тіл және әдебиет ф-тінде оқып жүріп, аударма жұмысымен шұғылданады («Қыз Жібек» операсын қытай тіліне аударған, 1939). Үрімжіде Шэн Ши Сай билігіне қарсы қазақ жастарының астыртын ұйымын құрады. Бірақ көп ұзамай бұл ұйым жабылып, Д. қамауға



алынады (1940). 1942 ж. абақтыдан босап, Тарбағатайға оралады. У Жұң Шын билігі тұсында Гоминьдан партиясының Тарбағатай аймақтық к-тінде үгіт бөлімінің бастығы міндетін атқарды (1945). Кеңес Одағының Шәуешектегі консулының орынбасары Зейнуллинмен бірге ұлт-азаттық ұйымының бағдарламасын жасап, ұйымды қайта құрады. Шәуешектегі қазақ-қырғыз ұйымымен бірлесе отырып, «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Шұға», «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», өзі жазған «Қасқырбай» пьесасын сахнаға шығарады. Д-тің бірқатар мақалалары қытай және қазақ тілдерінде жарық көрген.

Ж. Самитұлы

ДУЛАТОВ Міржақып (21.11. 1885, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Қызбел ағырабы – 5.10.1935, Ресей, Карелия, Беломор-Балтық каналы, Сосновец бекеті) – алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург,



М. Дулатов

журналист, 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Д. ауыл молдасынан хат танып, кейін Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алады (1902), ауылда бала оқытады. 1904 ж. Омбы қ-на қоныс аударып, осында А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханмен танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қ-ларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесу, саяси қозғалыстарға араласу Д-тың саяси-әлеум. көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Д. 1905 ж. 17 қазанда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы құзырхатын дайындаушылардың бірі болды. 1906 ж. Д. Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барады. Түрлі сипатты

жиындар мен саяси күштер ұйымдастырған көше шерулеріне, ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз адамдар тізіміне ілікті. 1907 ж. Санкт-Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде Д-тың «Жастарға» деген өлеңі басылды. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж. Қазан қ-ндағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ оқырмандары үшін бұл кітаптың әсері үлкен болды. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленді. Қазақ басылымдарына, әсіресе, «Айқап» журналына үзбей мақала жазып тұрады. Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көру ниетімен қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей обл-на қарай саяхатқа шыққан Д. құпия полиция тыңшыларының қатты андуымен 1911 ж. маусым айының 7-сі күні Семей қ-на келгенде тұтқындалып, 19 ай қамауда отырады. Д. 1913–18 ж. «Қазақ» газетінің бас редакторы Байтұрсынұлының орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болды. 1917 ж. 25 ақпанында Ә. Бөкейханның ұсынуымен Торғай губернаторы М. Эверсман Д-қа және дәрігер Ә. Алдияровқа арнайы куәлік беріп, оларды Минск маңы мен Баранович қ-нда тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жібереді. Д. Минскіде Бөкейхан ұйымдастырған «Еркін Дала» (1917) атты саяси үйірменің ісін жандандырып, қазақ жастарының саяси көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Д. 1916 жылғы оқиғалардың зардабынан қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында, Семей қ-нда қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырды. Осы жылдары алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласады. Д. алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1917 ж. Орынборда өткен 1- және 2-жалпықазақ съезіне белсене қатысып, «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған. 1918–20 ж. Ташкент қ-нда Түркістан Республикасының «Ақ жол» газетінде қызмет атқарды. 1922 ж. алаш қозғалысына қатысқаны үшін қамауға алынып, Орынборға жөнелтіледі де, сонда қамаудан босатылды. 1922 ж. 9 наурызда Семей қ-нда қазақ зиялылары бас қосып,



ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды елге шығарып, шаруасы күйлі азаматтардан жылу ретінде мал жию керек деген байламға тоқтайды. Осы іске басшылық жасаған Д. пен Ж.Аймауытов екі-үш айда 15 мың бас ірі қара жиып, ашыққан ауылдарға жібереді. 1922–26 ж. Орынбор, Қызылжар, Семей қалаларында әртүрлі қызметтер істеді. 1928 ж. желтоқсанда қамауға алынып, 1930 ж. ату жазасына кесілді, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырды. Беломор-Балтық каналының құрылысы бойында Сосновск ст-ндағы лагерьде «жазасын» өтейді. 1935 ж. 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болды. Сүйегі 1992 ж. 1–18 қыркүйек аралығында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленді. Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал-мүлкінен, дәулетінен айырыла бастаған халқының мұң-зары, ауыр тұрмысы Д-ты саяси күрес жолына шығарды. Ол «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси-әлеум. мәселелерді көтерді. Зәбір, зорлық көрген қарапайым адам құқы мен отарлық езгі тепкісіндегі қазақ елі туралы тынбай жазды, барлық шығармаларында зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндеді. Д. 1916 ж. маусым жарлығынан соң Ресей үкіметі мен қазақ халқы бетпе-бет келген қиын күндерде де аса күрделі саяси мәселелердің ушығып кетпеуі үшін күресті.

Шығармалары, А., 1991; Оян, қазақ!, А., 1991; Шығармалары, 1–2-т., А., 1997.

З.Бисенғалин, С.Иманбаева

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ – халықаралық қоғамдық ұйым. 1992 ж. қыркүйекте өткен Дүние жүзі қазақтарының I-құрылтайында құрылды. Қауымдастық Төралқасының Төрағасы – ҚР Президенті Н.Назарбаев. Төрағаның алғашқы I-орынбасары – жазушы Қ.Найманбаев болды. Қауымдастықтың негізгі мақсаты – республикадан тысқары, шет елдерде жүрген қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыс орнату, мәдени және білім беру мәселелері жөнінен жәрдемдесу. Сондай-ақ, қауымдастық тарихи отанына көшіп келген оралмандарға әлеум. қамқорлық жасап, қайырымдылық шараларын ұйымдастырады. Шет елдердегі қазақтардың мәдени орталықтары

мен тығыз байланыс орнатып, бірлескен бағдарламаларды жүзеге асырып келеді. Қауымдастықтың Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Оңт. Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарында бөлімшелері бар. Ұйым қазақ диаспорасының жағдайын тиісті деңгейде зерттеп, Қазақстанның билік орындарына нақты ұсыныстар түсіреді. Сондай жұмыстар нәтижесінде 1996 ж. Қазақстанда «Шетелдік отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

С.Балғабаяев

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ – Алматы қ-нда 1992 ж. 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында дүние жүзі қазақтары өкілдерінің қатысуымен өткен құрылтай. Құрылтай қарсаңында қазақ ұлтының саны 10 млн. 537 мыңға жеткен. Д. ж. қ. қ-на ТМД елдерінен 350 адам және көптеген шет елдерден делегаттар қатынасты. Құрылтайға қатысушылар Түркістан, Жезқазған, Ұлытау сияқты еліміздің ежелгі саяси-әлеум., мәдени орталықтарында болып, ата жұртымен қауышты. Құрылтай жұмысын 200-ден астам журналистер, 50-ден аса телерадиокомпаниялар насихаттауға ат салысты. Д. ж. қ. қ-на қатысушылар Қазақстан халқына және дүние жүзінің басқа да халықтарына, мемлекеттеріне, олардың үкіметтеріне Үндеу қабылдады. Құрылтай күндері «Қазақтар: кеше, бүгін және ертең» деген тақырыпта ғыл. конференция болып өтті. Конференцияда ҚР Президенті Н.Назарбаев «Құшағымыз бауырларға айқара ашық» деген тақырыпта баяндама жасады. Қазақ халқының тағдыры, ата-баба мұрасы, тілі, бүкіл дүние жүзіндегі қазақтарды біртұтас ұлттық мемлекетіне біріктірудің құқықтық негіздері, т.б. мәселелер жөнінде баяндамалар тыңдалды. Конференцияда Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, оның Төрағасы болып Н.Назарбаев, Төрағаның I-орынбасарлығына жазушы, қоғам қайраткері Қ.Найманбаев сайланды. Қауымдастыққа ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, дүние жүзі қазақтарының әлеум.-экон., мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі мәселелерді шешу міндеттері жүктелді.

Әдеб.: Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. Құраст. Б. Сапаралин, А., 1993.

М.Қозыбаев



ЕКАТЕРИНА II (21.04.1729 – 6.11.1796) – Ресей империясының билеушісі (1762–96). Е. II-нің таққа отырғаны туралы Кіші жүз ханы Нұралы мен оның інілері Ералы, Айшуақ сұлтандарға және Орта жүз сұлтаны Абылайға грамота жіберілген. 1773–75 ж. Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі асқан қаталдықпен басып жаншылды. Жаңа көтерілістерді болдырмау үшін үкімет 1775 ж. басқару реформасын жүргізіп, губ. әкімш. басқару жүйесін жетілдірді. Патша саясатына наразыларды бақылап отыру үшін арнайы мемл. тыңшылар кеңсесі құрылды. 1775 ж. шығарылған Ереже бойынша қазақтарды бақылау Сібір және Уфа ген.-губернаторларына тапсырылды. Қазақтармен тікелей қарым-қатынас жасау Орынбор обер-комендантына, кейіннен осы мақсатта арнайы құрылған Орынбор шекара комиссиясына жүктелді. Бұл кезде Кіші жүзде хандық билік әлсіреп, саяси және ру таласы күшейіп кетті. Осыны шебер пайдаланған Ресей үкіметі Кіші жүзге біртіндеп ену саясатын қолданып, өзен бойларына жаңа бекіністер салды. Бекіністерді күзетуші Жайық казактары Кіші жүз руларына жиі-жиі күш көрсетіп отырды. Мұндай қысымға қарсы Кіші жүзде Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысы болды (1783–97). Көтеріліс патша үкіметіне ғана емес, Нұралы ханға да қарсы бағытталды. Кіші жүзде хан үкіметін жою үшін осы оқиғаны пайдаланған Е. II көтеріліс басшыларымен келісе отырып, 1886 ж. маусымда Нұралыны хандықтан айырған үкімге қол қойды. Бірақ үкіметтің Кіші жүзді тікелей басқаруға тырысқан әрекеті сәтсіздікке ұшырап, көтеріліс әрі қарай күшейді. Сондықтан патша хандық жүйені қалпына келтіріп, 1791 ж. Ералыны хан етіп бекітті. Орта жүз бен Ұлы жүзде бұл кезеңде саяси жағдай біршама тұрақты еді. Абылай хан ешкімге бағынбай, дербес саясат ұстанды.

1781 ж. Абылай хан қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Уәли хан сайланды. Е. II оған өздерінің Уәлиді Орта жүздің ханы деп бекітетіні жөнінде грамота мен арнайы сыйлық жіберді.

С.Мәшімбаев

ЕКІНШІ ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗИ – қазақ зиялыларының Алашорда үкіметін құрған құрылтайы. Съезд 1917 ж. 5–13 желтоқсан аралығында Орынбор қ-нда өтті. Ұйымдас-тыру к-ті тарапынан әр уезден, әр облыстық қазақ к-ттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақыру қағаздары жіберіліп, «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен әртүрлі ұйымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезге барлығы 200-ден астам өкіл қатысты. Съездің төралқасына Б.Құлманов (төраға), Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, Ә.Кенесарин, Ғ.Қарашев сайланды. Съездің күн тәртібіне Сібір, Түркістан автономиясы һәм оңт.-шығыс одақ туралы, Қазақ автономиясы, милиция, Ұлт Кеңесі, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, мүфтилік мәселесі, халық соты, ауылды басқару, азық-түлік, т.б. мәселелер енгізіліп, маңызы зор шешімдер қабылданды. Съезд Қазақ автономиясы мен милиция туралы Х.Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз билігін өз қолына алады» деген қаулы шығарды. Алайда, Алаш автономиясын жариялау мәселесі бойынша делегаттардың пікірінде келіспеушілік байқалды. Ресми жариялауды жақтаушылар: Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, А.Кенжин, У.Танашев, Ғ.Қарашев, С.Досжанұлы және т.б. барлығы – 33 адам; ресми жариялауды тоқтата тұралық деушілер: Бөкейхан, М.Дулатов, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, О.Алмасов, Х.Ғаббасов және т.б. барлығы – 42 адам, қалыс қалғандар – А.Шегірұлы, М.Шоқайұлы, Қ.Кенесарыұлы болды. Нәтижесінде, «ресми жариялауды съезд атынан сайланған қазақ-қырғыз ісін басқарушы 15 кісіге тапсыралық. Олар біздің Уақытша үкіметіміз (Алашорда) болсын» деген тоқтамға келді. Съезд Сырдария обл. қазақтарының Түркістан автономиясына қосылу-қосылмау мәселесін талқылау мақсатында осы облыс қазақтарының съезін шақыруды қажет деп тауып, өз араларынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатовты өкілдер ретінде жіберу туралы шешім қабылдады. Қазақ зиялылары Алаш автономиясын



аяғынан тік тұрғызу үшін және большевиктермен күресу мақсатында ұлттық әскер құру және кеңестерге қарсы әр түрлі саяси күштермен одақтасу ісіне үлкен мән берді. Съезд бұл мәселені жан-жақты талқылап, қазақ милициясының әр облыс, уезд орт-тарындағы саны, оларға әскер ғылымын үйрету және қажетті заттармен (қару-жарак, қаржы, көлік және т.б.) қамтамасыз ету тәртібін анықтап, «26 500 адам тіркелген халықтық милиция құрылуы қажет» деген қаулы қабылдады. Бұл идеяны Алашорда үкіметінің мүшесі Ж.Ақбаев ұсынды. Әскер құру ісіне қажетті қаражатты 6 облыстың қазақтары есебінен алатын болды.

Әдеб.: Аманжолова Д.А., Казахский автономизм и Россия, М., 1994; Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Құл-Мұхаммед М., Алаш ардагері Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары, А., 1996.

ЕКІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА – Ресей империясындағы мемлекеттік басқарудың 2-рет сайланған конституциялық-монархиялық бағыттағы заң шығарушы жоғары өкілетті органы. 1907 ж. 20 ақпаннан 3 маусымға дейін жұмыс жасаған 103 күн ішінде 2 рет сессия ашып, 53 мәжіліс өткізді. Думаға сайлау 1905 ж. 11 желтоқсандағы сайлау заңы бойынша жүргізілді. Қазақ халқынан депутаттыққа Орал обл-нан Б.Қаратаев, Ақмола обл-нан Ш.Қосшығұлов, Торғай обл-нан А.Бірімжанов, Семей обл-нан Т.Нұреке-нов, Жетісу обл-нан М.Тынышбаев, Сырдария обл-нан Т.Алдабергенов (кейбір зерттеу-лерде У.Аллабергенов), Астрахан губ-нан Б.Құлманов сайланды. Е. м. д-ның мұсылман фракциясына 36 депутат енді. Бұл фракция «мұсылман фракциясы» және «мұсылман қызмет фракциясы» болып екі топқа бөлінеді. 1907 жылдың 21 сәуірінен мұсылман депутаттары «Дума» газетін шығарып, думада қаралып жатқан мәселелерді жариялап тұрды. Е. м. д. таратылғанша бұл газеттің 6 саны шықты. Мұсылман фракциясы Ресейдің шет аймағындағы отарлау саясатын әшкерелеп, парламенттік жолмен күрес жүргізді. Қазақ депутаттары Нұреке-нов, Алдабергенов, Қосшығұлов, Құлманов, Бірімжанов мұсылман фракциясының құрамына, Тынышбаев конституциялық-демократиялық фракция құрамына кірді. Қаратаев алғашқы кезде тіркеу тізімі бойынша кадет партиясының құрамына, кейін партиялық фрак-

ция мен топтарды толықтай құрған кезде мұсылман фракциясының тізіміне енгізілді. «Ресей мұсылмандар одағының» бағдарламасы негізінде жасалған мұсылман фракциясының бағдарламасын әзірлеуге Бірімжанов қатысты. Ресей мұсылмандар одағының ОК мұсылман фракциясымен тығыз байланыста болып, біріккен мәжілістер өткізіп отырды. Үкіметтің аграрлық және отаршыл саясатын сынға алған Е. м. д. депутаттары құрамы жағынан да, күн тәртібіне қойылған талқылау жағынан да Бірінші мемлекеттік думадан гөрі солшыл болып шықты. Дума жұмысы барысында Бірімжанов Далалық сот және Жергілікті сот комиссиясының құрамында, Тынышбаев пен Қаратаев агр. комиссияның құрамында болды. Қаратаев агр. заң жобасын жасауға қатысты. Думаның 39-пленарлық отырысында қазақ өлкесіндегі жер саясатына байланысты Егіншілік пен жерге орналастыру ісінің бас басқармасының бастығы князь Васильченко мен Мин. Кеңесінің төрағасы Столыпіннің қазақ жеріне қатысты жүргізіп отырған қанаушылық, озбырлық істерін дәлелді фактілер келтіре отырып сынға алып, «қоныстандыру» саясаты қазақ шаруашылығын күйзеліске ұшыратпай ма деген сауалын дума депутаттарына қойды. Бірімжанов пен Қосшығұлов мұсылмандардың оқу ісі туралы заң жобасын әзірлеуге қатысты. Е. м. д. 1907 ж. 3 маусымда Николай II-нің жарлығымен таратылды.

Әдеб.: Государственная Дума. Второй созыв. Стенографические отчеты, 1907 г.; Сессия вторая, СПб., т. 1, 1907; Список членов Думы по партийным группировкам, Л. – М., 1907.

С. Смағұлова

ЕЛТІЗЕР Қуатұлы (1803–70) – батыр, шектінің қабақ руының жангелді атасынан шыққан. Жәлімбет дейтін тетелес інісі екеуінің батыр аты қатар шығып, ел жадында олардың биік тұлғасы біріктіріліп, «Көкжалдар» деген атақ алған. Есет Көтібарұлы бастаған 1847–58 жылдардағы көтерілістерде қол бастаған. Е. туралы Көтібарұлынан: «Көкжалдар жауға шапқанда алдымда, шегінгенде артымда, қалқаным еді», – деген сөз қалған. Е-дің бейіті Жем бойындағы Батпақкөл, Сарыкөл деген жерде, Жәлімбеттің бейіті Ақтөбе обл. Шалқар ауд-ның Қосқақтан Аяққұмға барар жолындағы биік төбенің басында. Шалқар қ-ндағы көшелерге екеуінің де есімдері берілген.

Әдеб.: Құрманалин С. 1847-1858 ж. Есет Көтібар-



ұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Орал, 1999 ж. Оралмағамбетов Ж., Есмағанбетов М. «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі», А, 2001 ж.

С.Тәшімбаева

ЕЛУБАСЫ – ауыл басшысы. Ресей империясының «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ережесі» (1867) мен «Далалық облыстарды басқару туралы уақытша ережесіне» (1868) сәйкес қазақ ауылдарында әрбір елу үйден бір сайлаушы бөлініп, болыстық съездерде болыс басқарушысын және олардың орынбасарларын сайлайтын болған. Осындай бір ауылдың, яғни шамамен елу үйдің басшысын Е. деп атаған. Бұл лауазым кейін қазақ арасына кең тараған «ауылнай» лауазымымен шендес қызмет болған.

«**ЕЛІМ-АЙ**» – жоңғар шапқыншылығының ауыр кезеңіндегі (1723 – 25) қазақ халқының басына төнген қауіп-қатер, азап-қиыншылықты, босқан елдің мұң-зарын толғайтын тарихи сазды өлең. Ол соңғы кездерге дейін «халық өлеңі» деп танылып келді. Кейінгі зерттеулерде оның нақты авторын анықтауға талпыныстар жасалуда. Сондай болжамдардың бірінде өлеңнің авторы – әйгілі Қожаберген жырау Толыбайұлы делінеді. Ол – аты аңызға айналған Толыбай сыншының баласы. «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңін ең алғаш рет баспасөзде жариялаған – белгілі тарихшы, қоғам қайраткері М.Тынышбаев. Бұл асыл жырды кейінірек А.Байтұрсынұлы, Ж.Досқараев, Ә.Кекілбаев пен М.Мағауиндер де жариялады. Фольклортанушы М.Оразаев тапсырған бір нұсқаны әдебиет зерттеушісі Ы.Дүйсенбаев зерттеді. Осы тарихи өлең туралы С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Н.С. Смирнова, Б.Уақатов, Г.Тұрсыновалар мақалалар жазды.

Әдеб.: Тынышбаев М., Ақтабан шұбырынды (Великие бедствия и великие победы казахов), Таш., 1927; Дүйсенбаев Ы., Қаратаудың басынан көш келеді жыры хақында, Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері, А., 1976.

М.Жармұхамедұлы

ЕЛІСХАН Әліпұлы (1909, Қытай, Шыңжаң, Алтай аймағы – 1943, Үндістан, Пешавар штаты, Шатрал деген жерде) – Шыңжаң қазақтарының ұлт-азаттық күресі басшыларының бірі. 1930–53 ж. Шыңжаңнан шет елдерге ауа көшкен қазақ босқындарының басшысы. Әкесі Әліп Жәмібайұлы 1931 ж. Шыңжаң өлкесінің Құмыл аймағын-

да жергілікті әкімші-тің империялық өктемдігіне қарсы Қожанияз, Әйімбет бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа ат-көлік, азық-түлікпен көмек көрсетеді. Жергілікті әкімшіліктің бұйрығына бағынбай, салық төлеуден бас тартып, елін алып қашып жүрген Әліптің соңына түскен империя армиясы қару-жарақсыз 400-ден астам адамды қырып, Әліпті өлтіреді. Бұл кезде Моңғолияға ауған ауылдарды құтқару қамымен жүрген Е. енді Қытай империясы өктемдігіне қарсы табанды күрес жүргізуге бекініп, қарулы топ құрады. Діні мұсылман дүнгендер аяушылық етер деген үмітпен елді Гансу, Синхай өлкелерінің иен даласына көшіреді. 1938 ж. бұл өлкедегі босқындар саны 20 мыңнан асты. Бірақ өлке әміршісі ген. Мабуфаң 1932 ж. Алтай халқынан жеген соққысының кегін босқындардан қайтарып, 1000-ға жуық адамды қырып, бесіктегі қырық баланы найзаға шанышты. Осы айуандық әрекеттен соң Е., Зәйіп, Хамза бастаған көш Тибет асып, Үндістанға өтуді көздейді. өкшелеген жаумен арпалыса жүріп, таңғұттардың тосқауылын бұзып, Гималай асып, оба мен ыс ауруларын бастан өткізіп, 1941 ж. үш мың қазақты Үндістанға жеткізеді. Е. 1943 ж. Үндістандағы босқындар лагерінде дүние салады. Осы босқын елдің жұрнағындай 1800 адам 1953 ж. Түркияға барып тұрақтады. Бүгінде олардың саны 20 мыңға жеткен.

У.Қыдырханұлы

ЕРӘЛІ, Ермұхамедәлі (т.ж.б. – 26.6.1794) – Кіші жүз ханы (1791–94), Әбілқайыр ханның баласы. Е. жастайынан әкесімен бірге хан кеңестеріне қатысып, әкімш. істерге ерте араласады. 1733 ж. қаңтар айында Әбілқайыр ханның Ресей империясына жіберген елшілігін басқарған. Е. Әбілқайырдың аманаты ретінде ағасы Ниязсұлтанмен бірге Санкт-Петербургте қалады. Олар бірте-бірте Ресей империясының отарлау саясатының шын сырын таниды. Елге қайтуға асығып, Е. әкесінен аманаттыққа басқа бір баласын жіберуді өтінеді. Әбілқайыр 1738 ж. Санкт-Петербургке үшінші ұлы Қожахметті жібереді. Е. Ниязсұлтанмен бірге Орынборға жетіп, сол жерде біраз кідіріп, әкесіне хабарламай, жасырын жағдайда өзі басқаратын керей, уак, тарақты руларынан қарулы күш жасақтап, Сырдың арғы бетіне, Қызылқұм жағына билік жүргізіп жатқан хиуалықтарға шабуыл жасайды. Оларды қарақалпақтар



конысына дейін ығыстырады. Бұдан соң Ені 1740 ж. Орта жүздің түстігін алып жатқан Сырдың екі жақ өңіріне хан көтереді. Ол 1787 ж. ағасы Нұралы ханның Уфаға жер аударылуына және туысы Айшуақ сұлтанды патша әкімшілігінің Орал қ-нда ұстап, Кіші жүзге қайтармауына байланысты Ресей империясының саясатына қарсы наразы топтардың қозғалысына басшылық етеді. Алайда Е. елдің жағдайына қатысты мәселелерді дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ол бастаған халық қозғалысын оңай баса алмайтындығын түсінген Орынбор ген.-губернаторы А.А.Пеутлинг 1790 ж. қайтыс болған Нұралының орнына Кіші жүз ханы етіп Ені сайлауды ұйғарады. 1791 ж. 4 қыркүйекте Орск қ. түбінде зеңбіректерден отшашу беріліп, Е. Кіші жүз ханы болып сайланады. Хан болып сайланғаннан кейін де ол өз ордасын Сыр бойындағы бұрынғы орнынан көшірген жоқ.

Әдеб.: Левшин А.И., Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей, СПб., 1832; Касымбаев Ж., Государственные деятели Казахских ханств (XVIII в.), А., 1999.

И.Шамшатұлы

ЕРМЕКОВ Әлімхан Әбуұлы (1891, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. – 22.6.1970, Қарағанды қ.) – қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысы жетекшілерінің бірі, математик, ұстаз, ғалым. 1921 ж.



Ә.Ермеков

Томск технол. ин-тын бітірген. 1919–20 ж. Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-рев. к-ттің мүшесі әрі алқа төрағасы, Семей губревкомының мүшесі болған. Қазақ жерлерін Қазақ АКСР-і шеңберінде тұтас дерлік топтастыруда ерекше рөл атқарған. 1926–35 ж. ғыл.-педагогтік қызметте болды. Е. қазақ зиялыларының қатарынан тұңғыш рет математика саласынан проф. ата-

ғына ие болған (1935). 1939 ж. 28 ақпанда «Халық жауы» деген жаламен Е. 10 жылға бас бостандығынан айрылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерьлерінің біріне айдалады. Өзінің халық жауы емес екендігін дәлелдеу жолындағы күресінің нәтижесінде ол 1947 жылдың басында тұтқыннан мерзімінен бұрын босанып шықты. Көп уақыт өтпей Е. жалған жаламен түрмеге қайта жабылды. «Жылымық» кезеңінде 1955 ж. 7 наурызда КСРО Бас прокурорының қаулысымен түрмеден мерзімінен бұрын босатылып, 1957 ж. 26 қарашада толық ақталды.

К.Нұрпейіс

ЕРНАЗАР Кенжалыұлы (1825–56) – Кіші жүз батыры. 1841 ж. Есет Көтібарұлы бастаған шектілер жасағының құрамында патшалық Ресейдің Ақбұлақтағы әскери бекінісін, Ембі әскери қарауылдығын талқандауға қатысқан. 1843–45 ж. Хиуа хандығының Кіші жүз аймағының оңт-ндегі шекті, табын, тама, шөмекей елдерінен алым-салық жинау жорықтарына қарсы күрескен. 1847–56 ж. Көтібарұлы көтерілісіне белсене қатысып, 1855 ж. патшалық Ресей қолшоқпары сұлтан Арыстан Жантөринді өлтірушілердің бірі болған. Бекет батыр екеуін Орынбордағы патша әкімш. қолға түсіреді. Қазақ елін зерттеушілердің бірі И.В.Аничков бір еңбегінде: «Ерназар және Бекет сұлтан – правитель Арыстанды өлтіруге қатысқаны үшін 12 ай бойы Орынбор түрмесінде отырып, Сібірге айдалды», – деп көрсетеді. Бұл 1856 ж. болатын. Оның кейінгі өмірі белгісіз. Е-ға қатысты «Ерназар – Бекет» тарихи дастаны бар. *Әдеб.:* Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1960; Құрманалин С., 1847-1858 ж. Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, Орал, 1999; Асанов Ж., «Бекет батыр» тарихи жыры және оның нұсқалары. «Ақтөбе» газеті, 12 қыркүйек 2013 ж.

Ж.Асанов

ЕСБОСЫН Жәментікұлы (1876, Қытай, Шыңжаң өлкесі, Іле аймағы, Нылқы ауд. – 1928) – Қытай қазақтарының ұлт-азаттық күресіне қатысқан батыр. Е-ның бесінші атасы Есенгелді – жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқасқан Қабанбай батыр мен Абылай ханның жақын серіктерінің бірі. Ол ішкі Қытайдағы Чинихай төңкерісінің дүмпуімен Іле аймағында 1912 ж. етек алған көтеріліске қатысқан Е. жергілікті Яң Зиңшин әкімшілігінің қыспағына қарсы сарбаздар жинап, елді ұлт-азаттық көтеріліске шақыр-

ды. Қытай үкіметі Е-ды қамауға алып, кейін дарға асады.

Қ.Толыбаев

ЕСЕНБЕРЛИН Ілияс (10.1. 1915, Ақмола обл. Атбасар қ. – 5.10.1983, Алматы қ.) – жазушы, Қазақ тау-кен және металлургия институтын бітірген (1940). 2-дүниежүз. соғысына қатысқан. 1942 жылдан бастап әр түрлі жауапты қызметтер атқарды. Жазушы 20 ғ-дың 60-жылдары проза жанрына қалам тарта бастады. Қазақ әдебиетінде роман жанрын дамытуға, әсіресе, тарихи тақырыпты игеруге елеулі үлес қосты. «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1971), «Жанталас» (1973) романдары, «Көшпенділер» (1976) мен «Алтын Орда» (1982, 1983) трилогиялары жарияланды. Тарихи тақырыпқа арналған «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогияларында қазақ халқының басынан өткен елеулі тарихи кезеңдер камтылады. Трилогияда 15–19 ғ-лардағы қазақ халқының өмірі тарихи нақтылықпен әрі үлкен суреткерлік шеберлікпен көрсетілген. Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресін, Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісін алғаш рет ұлттық көзқарас тұрғысынан шынайы суреттеген «Қаһар» романы ұлттық сананы оятып, қоғамда рухани қозғалыс тудырған, әдебиеттегі елеулі құбылыс болды. Е-нің шығармалары көптеген шет ел тілдеріне аударылып жарияланды. Қазақ КСР Мемл. сыйл. лауреаты (1968).



І.Есенберлин

КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Атбасар қ-ндағы, Алматыдағы мектептерге, көшелерге Е-нің есімі берілген.

Т.Жұртбай

ЕСЕНЕЙ Естемесұлы (1798, Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. – 1870/71, сонда) – аға сұлтан, би. Орта жүз құрамындағы керей тайпасынан шыққан. Жастайынан ел ісіне

араласып, шешендігімен, әділдігімен көзге түскен Е-ді Батыс Сібір губ-ның басқармасы керей-сыбан ауылдарының биі, старшина етіп тағайындайды. Е. 1832 ж. 10 желтоқсанда керей болысының старшындары Т.Барлыбаев және Қ.Мамашевтармен бірге Батыс Сібір губ-ның басқармасына арызхат жолдайды. Бұл хатта шептік казак-орыстардың керей болысы қазақтарына жасаған қысымшылығы халықтың наразылығын туғызып отырғаны айтылып, мұндай істерге тыйым салынуын және казактарға қалааралық базарлар мен жәрмеңкелерде еркін саудасаттық жүргізуге рұқсат беруін талап етті. 1834 ж. Аманқарағай дуанына қазы болып сайланған Е., көп ұзамай «тынышсыз мінезі» үшін бұл қызметінен босатылды (1836). 1842 ж. 18 тамызда ол керей-сыбан болысына болыс болып сайланып, 10 жылға жуық уақыт қызмет атқарады. 1852 ж. шілдеде Е. Құсмұрын дуанының аға сұлтаны болып сайланды. 1859 ж. 12 мамырда Құсмұрын дуаны таратылып, Атбасар дуанының құрылуына байланысты Е. Сібір қазақтары обл. басқармасының кеңесшісі болып тағайындалды.

Қ.Бигежаұлы, А.Әткелтіров,

К.Базарбаев

ЕСЕНЖАНОВ Хамза Ихсанұлы (25.12. 1908, Батыс Қазақстан обл. Ақжайық ауд. – 5.12.1974, Алматы қ.) – жазушы. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын



Х.Есенжанов

(1928), ҚазҰПУ-ды (бұрынғы ҚазПИ) бітірген (1933), Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) мемл. өнертану институтының аспирантурасында оқыған (1934 – 36). Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жауапты хатшысы (1932–33), КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде әдебиет пен фольклор секторының меңгерушісі (1936–37) қызметтерін атқарған. 1937 жылдан Қазақ мемл. фи-



лармониясының, кейін Қазақ опера және балет театрының директоры қызметін атқарды. 1938 ж. жалған саяси айып тағылып, 20 жылға жуық уақыт сталиндік қуғын-сүргіннің зардабын тартты. Елге оралған соң, 1956 жылдан өнімді шығарм. еңбек жолын бастады. Жазушының басты шығармасы – «Ақ Жайық» трилогиясы (1-кіт., 1957; 2-кіт., 1959; 3-кіт., 1965) Батыс Қазақстандағы тұтас бір кезеңнің оқиғаларына арналған. Автор отарлық езгіні киналған халық бостандығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің жиынтық бейнелерін жасаумен қатар, нақты тарихта болған адамдардың өмір жолын шебер суреттеді. 1963 ж. трилогияның заңды жалғасы болып табылатын «Көп жыл өткен соң», ал 1970 ж. «Ағайынды Жүнісовтер» романдарын жазды. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1967).

Е.Есенжанов

«ЕСЕП» ПАРТИЯСЫ – Кеңес өкіметінің солақай ұлт саясатына қарсылық. Ұлт мәселесіне келгенде Кеңес өкіметі қатал тәртіп орнағып, «түрі бөлек – тілегі бір, тілі бір» Кеңес азаматын қалыптастыруды мақсат еткенімен, ел қамын жеген алаш азаматтарының әділетсіз қоғамға қарсылығы еш уақытта тоқтаған жоқ. Оқыған кейбір жастар азаттықты аңсап, өз замандастарының ұлттық санасын оятуға ұмтылып келді, наразылықтарын әр жерде, әр уақытта білдіріп отырды. Олар қазақ халқының тілі, діні, салт-дәстүрі үшін күресіп, бостандықты армандады. Сондай азаматтардың бірі – ақын Бүркіт Ысқақов жас кезінде-ақ Кеңес өкіметінің ұлтқа істеп отырған қиянатын аңғарып, саяси көзқарасы ерте қалыптасып, жетілді. 1940 ж. Қарағандыдағы екі жылдық мұғалімдер ин-ына оқуға түскен Ысқақов осында қазақ әдебиетінің мұғалімі Айтбай Нәрешев басшылық еткен «Жас қалам» деп аталатын үйірмеге белсене қатысты, көмекшісі болды. Нәрешев үйірмеде оқып, талдайтын кітаптарды өзі әкеліп отыратын. Оқыған кітаптарды, талдаған тақырыптарды Ысқақов өз қатарластарына айтып жеткізетін. Оларға «Алаш» партиясы, алаш қайраткерлері жайлы айтып, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың өлеңдерімен, шығармаларымен таныстырған. Алаш көсемдерінің өмір тарихын, шығармалары, ел азаттығы үшін күрестері жайлы біл-

ген жастар ерекше рухтанып, елдің бостандығы үшін күресуге бел буады. Ысқақов ұлттық «Алаш» партиясы жайлы айтып жүріп, соның идеялық жалғасы ретінде «Елін сүйеген ерлер партиясын» (ЕСЕП) құруды ұсынды. «ЕСЕП» партиясының сол кездегі мүшелері – студенттер: Бүркіт Ысқақов (басшысы), Махмет Теміров (орынбасары), Елеш Бимағанбетов, Дәкен Шалабеков, Аманжол Дүйсенбаев, Әшім Сүлейменов, Жанайдар Әубәкіров болды. Оларға ауылда тұратын Рақыш Бұйрабеков, Кәмәли Рахметов, Қажыкен Тінтаев, Аққошқар Мұқанов, Байдалы Боқаев, Ақаш Мұқанов, Балапан Сәкібаев, Орынбай Сауқанов, Сайдали Кенжеба-



Махмет Теміров пен Бүркіт Ысқақовтың жас кездері

ев (кейіннен Мақуов) Дәулетбек Әкімбеков, Қыздарбек Әкімбеков қосылды. «ЕСЕП» партиясы құпия түрде жұмыс жүргізсе де тілектестері көбейе берді. Партия қатары тарих факультетінің студенттері: Нүркенов, Қайлеш Сейітов, Мұқаш Аманбаев, Хайриден Әубәкіров, Жаппар Өмірбеков, Оңайбек Құдышұлы, Орынбай Айтмағанбетов сынды азаматармен толықты. 1942 ж. қараша айында Ысқақов майданға аттанды. «ЕСЕП»-тің басқа мүшелері де әскерге алынып, майданға, тыл жұмыстарына жөнелтілді. Бірақ ұйымның алғашқы мүшелері тарап кеткенмен, «ЕСЕП» идеясын насихаттау соғыстың қызу жүріп жатқан кезінде де әрі қарай жал-



ғаса берген. 1944 ж. қауіпсіздік органдары Қарағандыда алдымен Зейнолла Әбділдин, Бейсембай Жақсылықов, Асығат Рүстемов және Жаппар Өмірбеков сияқты бір топ жастарды Кеңес өкіметіне қарсы саяси пікірлері үшін қамауға алды. Оларға «ЕСЕП» деген Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымға қатысты деген айып тағылды. Ұйымдастырушысы ретінде Ысқақов аталды. Өмірбековті бір жыл бойы түрмеде ұстаса, Жақсылықовты он жылға соттап жіберді. 1950 жылдың желтоқсанында «Правда» газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якуниннің Е.Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабын сынаған



К.Жүнісовтың кеңес түрмесіндегі кезі (Поцма кенті, 1964 ж.)

«Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаласы жарияланды. Онда Кенесары хан көтерілісі феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың көрінісі делінді. Оның ешқандай бұқаралық сипаты болған жоқ деген тұжырым айтылды. Бекмахановты «ескілікті, қазақтың хандық дәуірін аңсаған ұлтшыл» деп айыптады. «Лениншіл жас» газетінде жауапты хатшы болып істейтін Ысқақов пен Теміров Кенесары қазақты отаршылдық бұғауынан құтқаруға ұмтылған қаһарман деп дәлелдеп, «Правда» газетіне жіберу және Алматыдағы беделді газеттерде жариялау үшін мақала дайындады. 1951 ж. 18 қаңтарда ол екеуі тұтқындалып, сол жылдың 14-15 маусымында Қазақ КСР Жоғарғы соты РКФСР Қылмыстық істер кодексі 58-бабының 19-11-тармақтары бойынша Ысқақов, Теміров, Нәрешевті 25 жылға соттау, қосымша 5 жыл азаматтық құқықтан айыру туралы үкім шығарды. Оларды Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйым құрған, ұйымның мақсаты Орта Азия республикалары мен Қазақстанды КСРО

құрамынан бөліп, Түркияның қолдауымен буржуазиялық ұлттық мемлекет құру болған, Кеңес қоғамына қарсы үгіт-насихат жүргізген, тыйым салынған әдеби кітаптарды көпшілікке таратып отырған деп айыптады. Сол жылы Рамазан Нәрешевті, Мұстахым Азанбаевты, Жекен Қалиевті 10 жылға, Адырбек Аманқұловты 8 жылға соттады. 1956 ж. ақпан айында СОКП-ның ХХ-съезі жеке басқа табынушылық және оның зардаптары туралы мәселе қарады. Съезд Сталин мен оның сойылын соғушылардың жазықсыз мыңдаған адамдарды қырып-жойғандығын, қуғын-сүргінге ұшыратқандығын айыптады. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ жазықсыз жапа шеккендерді әр жерде ерекше комиссия құрып, босата бастады. Ысқақов пен Теміров ауыр жұмыс атқаратын әртүрлі лагерьлерде, түрмелерде алты жылдай азап шегіп, 1956 жылдың тамызында елге оралды. «ЕСЕП»-тің идеясын жалғастырушылар мұнымен тоқтап, тоқырап қалмаған. Азаттық идеясын үгіттеуді ұлтжанды студенттер әрі қарай жалғастыра берген. 1960 жылдан бастап Орт. Қазақстандағы жоғары оқу орындарында «ЕСЕП» (қосалқы аты «Жас қазақ») атты жасырын ұйым құрылған. Бұл күресті жүргізген Кәмел Жүнісов пен Зейнолла Игіліков Аюлы тауының үңгірінде жазу машинасымен үнпарақтар жазып, «Жас Алаш», «Жас Қазақ» деген бүркеншік атпен таратқан. Бұлар үнпарақтарда Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған сынаржақ ұлт саясаты қазақ сияқты ұлттар мен ұлыстардың тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін жойып жіберуге бағытталғанын түсіндірген. Кеңестік билік ұлттық іскер кадрларға үнемі қысым көрсетіп, оларды жауапты лауазымды қызметтерден шеттететіні, ондай қызметтерге үнемі орыс коммунистерін ғана тағайындап отырғанын, қазақ мектептері жабылып, барлық мектептерде оқу орыс тілінде жүргізіліп отырғанын айтқан. Қазақ жастарының ұлттық намысын ояту мақсатында үндеу парақтары басқа қалалардағы жоғары оқу орындарына да жіберілген. 1962 ж. Қауіпсіздік органдары Жүнісов пен Игіліковтың жасырын істерін анықтап, «қылмыстарын» мойындатып, соттады. Олар Ресейдің Орал тауындағы саяси тұтқындар лагеріне 4 жыл «жазасын» өтеп қайтты. «Біз саяси лагерде отырдық, ол жақта кілең саяси жоғары білім-



ді адамдар еді. Сол лагерьде 33 жыл отырған Құнанбай Бейсенов деген қазақ ақсақал болды. «Құба белдер» деген романының 3-ші кітабында, біздің ұйымның мүшесі болған Рымқұл Сүлейменовтың «Жан айқайы» деген кітабында, менен сұхбат алып, жазып шыққан Жанболат Аупбаевтың да материалдарында осы жылдардың біраз шындығы айтылған. Лагерьге бізден бір жылдан кейін Махмет Құлмағамбетовты әкелді. Өте өткір және білімді азамат еді, мамандығы бойынша философ-экономист болатын. Түрікменстанның Чарджоу университетінде сабақ беріп жүргенде сотталыпты. Ол біз құсап, жасырын ұйым құрмаған, лекция кезінде ой-пікірін ашық айтып, Кеңес саясатына көзқарасын білдіріп жүрген» деп жазады Жүнісов. Бұлардан кейін «ЕСЕП» партиясына тілектес болып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргіздіңдер деп Кәрім Сауғабаев пен Мақсым Омарбековті жазалаған. Ел қамын ойлаған хандар мен батырлардың, билердің ондаған жылдар бойғы бостандық жолындағы қозғалыстары, ұлт-азаттық күрестері, Алашорда үкіметін құруға ұласты. Тәуелсіздік мұраты Кеңес заманында «ЕСЕП», Мәскеудегі «Жас тұлпар», Павлодардағы «Жас ұлан», Хасен Қожа-Ахмет құрмақ болған «Жас қазақ», т.б. секілді күрес түрінде жалғаса келе, әйгілі Желтоқсан көтерілісінде көрініс тапты.

Әдеб.: Темірұлы М., «ЕСЕП» партиясы, Егемен Қазақстан, 7.10.2012; Темірұлы М., Елім деп еңіреп туған ер еді, Орталық Қазақстан, 6.11.2004; Смайыл Е., Алаш идеясы және «ЕСЕП» партиясы, Егемен Қазақстан, Абай.kz, шілде, 2009.

Д.Наушабай

ЕСЕТ Көкіұлы (1667–1757) – жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы соғыста аты шыққан батыр, рубасы, би. Патша үкіметі тарапынан бірінші болып, 1742 жылдың 30 тамызында Жәнібек батыр Қошқарұлына берілген тархандық атақ – ұрпақтарына мұраға кететін түрі. Ал екінші тархандық грамота 1743 ж. 3 шілдеде тама Е-ке берілді. Тархандық грамотаның бұл түрінде тархандық атақ тарханның ұрпақтарына мұраға жүрмейтіні жазылған. 1710–49 ж. Әбілқайыр хан тұсында Кіші жүздің 30 мың әскери күшінің жетіру түменіне қолбасшылық жасады. 1722 ж. Жетірудің аға биі болып сайланды. 1722–49 ж. аралығында мемл. қайраткер, қолбасшы сая-

саткер және мәмілегер ретінде танылды. 1750–57 ж. аралығы – Е-тің патша өкіметінің отарлық басқыншылық саясатына қарсы ұлт-азаттық үшін күрескен кезеңі. Мұрағат деректері бойынша, қазақ-орыс арасындағы шекара барымтасына байланысты туындаған мәселелердің оң шешімін тауып отырғаны – Е-тің тархандық грамотаның күшін орыс-қазақ қатынастарына тиімді пайдаланғандығын айғақтайды. Е.К. 1757 ж. патша үкіметінің жалдаған жансызының қолынан қаза тапқан.

Ө.Исенов

ЕСЕТ Көтібарұлы (1807, Жем өз-нің бойы – 1888) – батыр, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы. 1838 ж. Жоламан батырмен бірге көтеріліске шығып, Елек қорғанына шабуыл жасады. 1847–78 ж. Жанқожа



Есет Көтібарұлы

батырмен бірге Қокан, Хиуа хандықтарына қарсы шықты. 1847–58 ж. Е. Арал т-нің батыс жағалауын, Үлкен және Кіші Борсық құмдары мен Мұғалжар тауларын, Жем, Сағыз, Ырғыз, Елек, Ойыл, Қиыл өз-дерінің бойын жайлаған қазақтардың Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтерілісіне басшылық жасады. 19 ғ-дың 40–50-жылдарындағы Е. бастаған ұлт-азаттық көтерілісі, негізінен, ұсақ қимыл-әрекеттермен сипатталады. Олар шекараға жақын орналасқан Ресей бекеттеріне шабуыл жасап отырды. 1853–54 ж. Е. басшылығымен қарулы көтеріліске шыққан Кіші жүз қазақтары



ның шекаралық әкімш-пен қақтығыстары болды. 1853 ж. мамырда осы көтерілісті басуға сұлтан Арыстан Жантөрин, екі казак отряды мен 200 жігітті бастап сұлтан Таукин, Орал бекінісінен майор Михайлов пен 600 жігітті бастаған сұлтан Е.Қасымов аттанды. Патша әкімш-нің бұл жоспарынан хабардар болған Е. шекті ауылдарын Үстіртке жіберіп, өзі 800 жігітпен жазалаушы отрядтарды күтіп қалды. Жақсы қаруланған жазалаушы отрядтардың көтерілісшілерге қарсы бұл жорықтары нәтижесіз болды. Орынбор ген.-губернаторының нұсқауымен көтерілісті басу келесі көктемге қалдырылды. 1854 ж. көктемде көтерілісшілердің саны 1500-ге жетті. Олар Ресей үкіметінің алдына: казак қауымынан түйе жинауды тоқтату, түтін салығын жою, казак даласына әскери жазалау отрядтарын жіберуді тоқтату, жайылымдық жерге еркіндік беріп, Жем, Мұғалжар, Елек, Қобда, Жайық өз-дерінің бойларына көшіп-қонуға мүмкіндік жасау туралы талаптарын қойды. Көтерілісті басуға 1854 ж. көктемде барон Врангель бастаған жазалаушы отряд жіберілді. Бұл отрядпен қарсыласу киын екендігін түсінген Е. енді олармен келіссөздер жүргізіп, өзінің айыбын өтеу үшін ген.-губернаторға баратынын мәлімдеді. Бірақ кейіннен төңірегіне сенімді адамдар жинап, ұрысқа дайындала бастады. Көтерілісшілер орыс-казак әскерлеріне далада тұтқиылдан шабуылдар жасау, олардың аттарын айдап әкету, әскери бекіністер мен әскери шептерге шабуыл жасау әрекеттерін жалғастырды. 1854 ж. 21 тамызда іштерінде Е-тің туған інілері Сатай мен Матай бар 60 адамдық топ Орал бекінісіне шабуыл жасайды. 1855 ж. жазда Көкпекті тоғайы деген жерде Ерназар Кенжалин жетекшілік еткен көтерілісшілердің бір тобы Орал бекінісіне келе жатқан 11 адамдық Ткачев бастаған казактарға шабуыл жасап, 6 адамын өлтіріп, қалғандарын қолға түсіреді, ал Ткачевтің өзі әзер қашып құтылды. 1855 ж. маусымда Орынбор ген.-губернаторы Кіші жүздің бір топ билеуші сұлтандарына (А.Жантөрин, т.б.) көтерілісті басып, Е-ті қолға түсіруге қатаң тапсырма берді. Маусымның аяғында тапсырманы орындау үшін 900 адамдық отрядпен, өзіне бекітілген екі зеңбірегі бар казак жүздігі және дистанция бастықтарымен Жантөрин жорыққа аттанып, Ор бекінісінен 140 шақы-

рым жер шамасындағы Елек өз-нің жоғ. сағасындағы Суыксу шатқалына келіп бекінеді. Сұлтан ордасы мен көтерілісшілер арасында бірнеше күн бойы келіссөздер жүргізіліп, екі жақ нақты бір шешімге келе алмайды. 1855 ж. 8 шілдеде көтерілісшілер сұлтан ордасын тұтқиылдан шабуылдап, Жантөрин бастаған он шақты би-старшындарын өлтіріп, казак әскери отрядын талқандайды. Бұл оқиғаға мазасызданған Орынбор әкімш. көтерілісшілерді басуға тағы да жазалаушы отрядтар жіберді, олар казак ауылдарын қырғынға ұшыратты. 1856 ж. 27 қыркүйекте әскери дала сотының үкімімен Ақтыбай Есмамбетов, Құлшық Қарин және Ерубай Айнақұловтар атылды. 1857 ж. наурызда Ерназар Кенжалин, Бекет Серкебаев, т.б. 18 адам Сібірге жер аударылды. 1858 ж. қыркүйекте Бородин басқарған жазалаушы отряд көтерілісті біржолата басты. Е. көтерілістен бас тартқан соң, оған кешірім жарияланды. Е. 1859 ж. тамызда бір топ сұлтан, билермен бірге Санкт-Петербургке жіберіліп, 24 тамызда патша Александр II-нің қабылдауында болды. 1861 ж. қабақ руының басқарушысы болып тағайындалды. 1869 ж. Ырғыз уезі бастығының кіші көмекшісі болып бекітілді. 1873 ж. Хиуа жорығына қатысқаны үшін патшадан алтын медаль алды. 1879 ж. ол қызметтен босатылды. Е. батыр 1888 ж. қартайған шағында дүние салды. Төрт күмбезді мазары Ақтөбе обл. Шаққар ауд.-ндағы Шолақжиде деген жерде.

Әдеб.: Иванин М.И., Описание зимнего похода в Хиву 1839 – 1840 гг., СПб., 1854; Стариков Ф., Историко-статистический очерк Оренбургского казачьего войска, Оренбург, 1891; Материалы по историко-статистическому описанию Оренбургского казачьего войска, в. 1, Оренбург, 1903; Аничков И., Жанкожа Нұрмұхамедұлы, А., 1991.

Қ.Алдажұманов

ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ БАСТАҒАН КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ – 19 ғ-дағы Қазақстандағы ірі тарихи оқиға. Есет батыр бастаған көтерілістің алғышарттары, себептері Ресейдің отарлық саясатынан туындады. Кіші жүздің 19 ғ-дың бірінші жартысындағы бүкіл хал-ахуалын талдағанда оның империялық отарлық езгімен тығыз байланыстылығы көрінеді. Патша өкіметінің бұл кезеңдегі Кіші жүздегі әскери-отарлық езгісі казактар құқықтары-



ның шектелуі мен олардың саяси-әлеум. жағынан каналуы және патшалық Ресейдің бұл өңірді экон. тұрғыда жаулап алуы бір-бірімен астасып, қазақ халқының өмір сүруіне аса қауіп төндірді. Патшалық Ресейдің қазақ елін тәуелсіздіктен айыруда жүргізген алғашқы бастама бағыты – гарнизондарды қаптап отырып, тізілте және жекелеген бекіністерге салуды жеделдетуден және осы бекіністерге жапсарластыра қазақтардың елді мекендерін орнатудан көрінген әскери тұрғыда бекініп алу бағыты еді. 19 ғ-дың бірінші жартысында Кіші жүздің Ресеймен шекарасында салынған және 40–50-жылдарда өлкеде ішкерілей орналасқан бекініс, қамалдар қазақ даласы мен Орта Азияға жіберілетін түрлі экспед-лар мен жазалаушы казак отрядының жасақталуына үлкен тірек болды. Казак-орыс әскері Кіші жүз ішінде жазықсыз ауылдарға барып ұрынып, зорлық-зомбылық, түрлі сылтауларды желеу етіп дүние-мүлік, малды тартып әкететін. Мәселен, 1836 ж. ген.-губернатор В. Перовскийдің нұсқауымен 550 казак құпия дайындалып, губернатордың көмекшілері полк-тер Данилевский, Мансуровтардың бастауымен Бозашы мен Қайдақтағы Адай ауылдарына «қарақшыларды жазалаймыз» деген сылтаумен шабуыл жасап, бейбіт елді үш апта бойы талап, сұрапыл шапқын ұйымдастырады. Соның салдарынан қазақ ауылдары 7000 қой, 1000-ға тарта түйе және тағы басқа малдары мен дүние-мүліктерінен айырылады. 19 ғ-дың екінші ширегінде қазақ еліндегі дәстүрлі билер ин-тының дағдарысқа тірелуі азаттық қозғалысының негізгі себептерінің бірі болып табылады. 1824 жылдан бастап қазақ еліндегі билер сайланбалы болды. Сондықтан бұрынғыдай ел арасынан шыққан халық таңдаулары емес, тек байлардың ғана бидің қызметіне қолы жетті. Сондай-ақ 19 ғ-дың бірінші жартысында отаршыл сипаттағы саяси-әлеум. езгінің салдарынан үлкен күйзеліске ұшыраған қазақ руларының тұрмыс жағдайлары нашарлап қана қоймай, жұртты құбыжық етіп көрсету, халық мүдделерін қорғаушы белгілі ру басыларына «қарақшы», «бүлікші» деген айдар тағып, қоғамдық өмірден аластау осы кезеңнен басталды. Бұл саясат орыс қоғамында белгілі рөл атқарған ықпалды билеушілердің тарапынан жүзеге асырылып отырды. Кіші жүз

қазақтары 19 ғ-дың 20-жылдарында Табын руы мекендеген Елек өз. ауданынан айырылса, 40-жылдардың ортасында Жем өз-нің оң жағына өтуге тыйым салынды. Өткен ғасырдың екінші ширегінде Елек бойындағы шұрайлы қоныстар үшін Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс өз кезегінде Кенесары хан бастаған қазақ халқының азаттық қозғалысына барып қосылды. Алайда Кенесары көтерілісі Кіші жүздегі қимылдарында бірқатар нәтижелерге жеткенімен де, Елек ауд-н мекендеген қазақтар үшін 19 ғ-дың екінші ширегінде жер мәселесінің шешілуінде оң өзгерістер болмай, ол Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісте де басты мәселенің біріне айналды. Үдей түскен жерді күшпен тартып алушылықтың салдарынан қазақтар кейде тіпті мал жаюға келмейтін жарамсыз шөл-шөлейтті, тұзды-сорлы, сазды жерлерге ығыстырылып тасталды. Аса ірі рулардың ғасырлар бойы қалыптасқан, көктеуден жайлауға, күзеуден қыстауға қоныс аударатын дәстүрлі бағдарлары бұзылды. Бұл жағдай, біріншіден, қазақтардың ру-руға бөлініп, жақсы жер үшін қырқысуына әкеліп соқты, екіншіден, бір рудың ішіндегі жанжалды күшейтті. Үшіншіден, осы негізде қазақ көшпенділерінің ерекше туысқандық психологиясына нұқсан келіп, олардың берік одағы бірте-бірте ыдырай бастады, қазақ қоғамында таптық жіктелу күшейіп кетті, төртіншіден, жайылым тапшылығынан, дәстүрлі мал ш-н ойдағыдай дамыту мүмкін болмағандықтан, халық жұт секілді табиғи апаттарға қарсы тұра алмай, қайыршылыққа ұшырады. Жайылым, суат, орман, қыстауға қолайлы өңір мәселесі қазақтар үшін көкейкесті, шешілмес іс болып, олардың шаруашылық, тұрмыс жағдайын күйзеліске әкелді. Мұнымен шектелмей, Орынбор және Орал казак әскерлерінің басшылары қазақтарға егін салуға, үй салуға, ағаш кесуге, балық аулауға, сордан тұз алуға, шөп шабуға да тыйым салды. 19 ғ-дың бірінші жартысында Қазақстанның батыс өңірінде қалыптасқан патша үкіметінің саясаты осылайша бейбіт халықты отарлық бұғауға салып, езіп-жаншу сипатында болды. Бұл саясат қазақтардың қалыпты шаруашылығы мен тұрмысына елеулі өзгерістер енгізді және аса ірі әлеум.-экон. салдарларға соқтырады. Көтібарұлы бастаған көтерілістің хронол. шеңбе-



рі құжаттарда 1847–58 жылдарды камтығанымен, бұл көтерілістің тарихи алғышарттары немесе отарлық үкіметтің жазалаушы отрядтарымен алғашқы әскери қақтығыстар 19 ғ-дың 20-жылдарының аяғында 30-жылдардың өн бойында да өтті. 19 ғ-дың ортасында Кіші жүздегі ең белгілі, әрі беделді батырлардың бірі Көтібарұлы еді. Ол өз кезегінде патша үкіметіне де, тіпті дала аймағында бекітілген билеуші сұлтандарға да бағынбай, тәуелсіз тұлға болды. Есетті мейлінше қолдаған руларға шекті, табын, адай, қаракесек, төртқара, қарасақал, кете, тама т.б. жатады. Есет ұйымдастырған әскердің ішінде Кіші жүздің есімдері дүйім жұртқа әйгілі, неғұрлым беделді батырлары болған. Олар: Бекет Серкебайұлы, Ерназар Кенжалыұлы, Өзберген Мұңайтпасұлы, Қарақұл Қонақбайұлы, Мәуміт Сейітпенбетұлы, Дәуіт Асауұлы, Алдаш Байғанаұлы, Мамай Достанұлы, Ақтан Ақайұлы, Байқазак Жолдасбайұлы, Елтізер Қуатұлы, Жәлімбет Қуатұлы, Бөкенбай Тілегенұлы. Аталған батырлардың бәрі Есетті көтерілістің соңына дейін қолдады. Көтерілістің 1847–53 ж. аралығындағы алғашқы кезеңінде батыр Есет Көтібарұлы айналасына Кіші жүздегі әлім, жетіру, байұлы тайпаларының бірсыпыра руларын топтастырып, күш жинай бастады. Осы кезде ел кішкене шекті қауымын бастаған батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлымен және шөмішті табынның биі Дәуіт Асауұлымен қоян-қолтық араласып, бір бағыт ұстады. Патша үкіметінің саясатына қарсылық ретінде Ресейдің түкпірінен Орта Азия хандықтарына жөнелтілген сауда керуендерін шауып алу, Хиуа хандығымен бірлесіп орыс-казак әскери отрядтарына қарсы шығу, бекіністі шептерге шабуыл жасау қимылдарын көрсетеді. Кіші жүз аумағында Кенесары көтерілісшілерінен әзер құтылған Орынбор үкіметіне бұдан кейін 1847 ж. іле-шала Көтібарұлы бастаған қарулы қозғалыспен күрес жүргізу оңайға соққан жоқ еді. Оның үстіне қуатты күшпен басталған Есет көтерілісі ерекше сипат алып үлгерді, яғни Жайық пен Арал т-нің аралығын жайлаған қалың ел бір мезгілде қозғалысқа қосылмаса да, олардың арасында наразылық шегіне жете шиеленісіп тұрған болатын. Екіншіден, Кіші жүз аумағына тұс-тұстан қаптай енген Хиуа әскері де патша әкімш-н үрейлендіріп

жібереді. Ресей империясының отарлық езгісіне қарсы Есет батыр туын көтерген ұлт-азаттық көтерілісі мен Хиуа хандығының өзара одақтасып кетуінен қауіптенген патша өкіметі екі жаққа да тиімді шарттармен көтерілісші қазақтардың талаптарын орындады. Нәтижесінде, Кіші жүз рулары жер мәселесінде аз да болса жетістіктерге қол жеткізіп, сауда-сағтық жайын барынша өрістетеді. Алайда Шығысқа қарай жедел жылжуды, сөйтіп, Қазақстан мен Орта Азияны шапшаң түрде жаулап отарлауды өздерінің басты мақсаты етіп қойған патша өкіметі қазақ даласындағы жергілікті ұлт тұлғаларымен санасқысы келген жоқ. Ал отаршыл озбырлыққа қарсы халық күресін өз өмірлерінің өзегі етіп алған Есет сияқты белгілі батырлар болса, патша әскерлеріне тосқауыл болып қала берді. 19 ғ-дың 50-жылдарының басында Орынбор өлкесіне ген.-губернатор болып қайта оралған В.А.Перовский және оның 1853 жылғы екінші Хиуа жорығы көтерілістің жаңа күшпен өршуіне түрткі болды. Патша әкімш-нің бұл әрекетіне қарсы шыққан қазақтар және оларды бастаған Есет осыған орай Орынбор Шекара Комиссиясына және Кіші жүздің Батыс бөлігінің билеуші сұлтаны Мұхамбетқали Тәукинге былай деп хат жазады: «Билеуші сұлтан Арыстан Жантөрин қазақтарға күшпен қиянат жасап, 4000 түйені қомымен, азық-түлік, киім-кешегімен, 700-800 түйешімен беруді талап етуде. Бұл – зорлық және заңсыз. Халық ауыр салықтар және түйелерін беруден әбден титықтады. Қазақ қауымы түйе, адам беруден бас тартады». Осы кезеңде Көтібарұлының маңына 2000-нан астам сарбаз топтасады. Патша әкімш-нің алдына қазақ қауымынан түйе жинауды тоқтату, орыс-казак әскери отрядтарын далаға жібермеу, түтін салығын жою, шаруаларға жайылымдық жерге еркіндік беру, Жем, Мұғалжар, Елек, Қобда, Жайық бойларына көшіп-қонуға ерік беру талаптарын қояды. Есеттің хатын алған соң Орынбор ген.-губернаторы Перовский мен Шекара Комиссиясының төрағасы В. Григорьев Есетті ұстау және ол бастаған «бүлікті» түпкілікті талқандау жөнінде шешім қабылдайды. Осыған сәйкес дала аймағына төрт отряд ұйымдастырылып жіберіледі. Олар: бірінші, билеуші сұлтан Жантөринге екі зеңбірегі бар



200 атты казактар және 200-дей ел казактарымен Жем өз-нің бас жағынан шығу тапсырылады; екінші, билеуші сұлтан Тәукинге 200 орыс-казактар отрядын және оған қарасты жергілікті халықтан құралған 500-дей жасақтарды басқартып, Ойыл, Темір беткейінен Жемді орта тұсынан кесіп өтіп, қозғалысты қысымға алу міндеттеледі; үшінші, Орал бекінісінен м. Михайловтың 300 адамдық қолы аттанып, оған сұлтан Елікей Қасымов бастаған 600 адамдық отряд Арал бекінісінен шығып қосылады. Мұрағат деректеріне қарағанда, бұл жазалаушылар қатарында соншалықты күш болса да, 1853 жылғы көтерілісшілерді қуғындауынан еш нәтиже шығара алмаған. Есеттің өзі түгіл, оның ауылының қайда жүргенін білмеген бұл жазалаушы патша отрядтары далада төрт ай бойы босқа сенделген. Сам, Асмантай-Матай құмдарына, одан әрідегі шөл даланы кесіп өтіп үдере көшкен елге жете алмайтындықтарына көздері жеткен жазалаушы қосындар қыркүйек айының аяғында қуғындауды тоқтатқан. Патша отрядтары Есетті бетпелет шайқасқа тарта алмады. Есет өзінің жігіттерімен кең далада әдіс-амал қолданып, қиыннан жол тауып, дұшпанның күшін әлсіретті. Сөйтіп, оларды күз басталысымен әскери қимылдарын тоқтатып, қырдан кетуге мәжбүр етіп отырды. Бірақ ызаланған жазалаушы отрядтар көтерілісшілерді талқандай алмаса да, көшпелі қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратып кетті. Мұрағат деректерінде 1853–54 ж. кішігірім топтарға біріккен көтерілісшілердің патша үкіметіне тиіп-қашып жүргізген қарулы күрестері бір сәт те толастамағаны туралы айтылады. 1847 ж. Райым бекінісі және одан кейін Арал бекінісінің салынып, Ақмешіт қ-ның патша үкіметі қолына берілуі жағдайында орыс әскерлерінің тылында жүріп ойдағыдай күрес жүргізудің мүмкін еместігін жеткілікті түсінсе де, көтеріліс басшысы Есет Көтібарұлы партизандық қимылдарын тоқтатқан жоқ. Көтерілісшілер мен отаршыл үкімет арасындағы әскери қақтығыстардың ерекше көрініс тапқан тұсы – 1855 жылғы оқиғалар болды. Әсіресе, көтерілісшілердің билеуші сұлтанды өлтіруі Орынбор әкімш. мен Есеттің арақатынасының шегіне жете шиеленіскендігін көрсетіп берді. Бұл жөнінде Перовский Соғыс министрі, граф К. Нессельроде-

ге жазған хатында былай дейді: «... бізге белгілі болғандай, Көтібаров сұлтан-правительді құрбан ету арқылы өзінің үкіметке «адалдығын» «сенімділігін», мүмкіндігін көрсетті». Патша үкіметі Есет көтерілісін басып-жаншуда жазалаушы отрядтарды үсті-үстіне жіберді, олардың қазақ даласындағы қимыл-әрекеттері көтерілісті басу емес, қарапайым бейбіт өмір сүріп отырған жазықсыз ауылдарды қырып-жою сипатында болды. Әсіресе, подполк-тер Кузминскийдің, Дерышевтің, м. Михайловтың көрсеткен айуандықтарынан елде орын алған зобалаң мұрағат деректері негізінде жан-жақты дәлелденеді. Сөйтіп, 1856 жылға қарай көтерілістің екінші кезеңі аяқталмағанымен де, Көтібарұлы бастаған Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы Кіші жүз казактарының азаттық қозғалысы аса қиын жағдайда жалғаса береді.

Әдеб.: Бабажанов С., Этнографиялық мақалалар, А., 1993; Әлімгереев Ө. Мақа әкім. (Ганюшкино селосы, Атырау обл.). Г., 1992; Асфендияров С. Д., История Казахстана (с древнейших времен). Т. 1. А., 1936 (Екінші басылымы – 1993. 304 б.); соныкі. Қазақстан тарихының очерктері. А., 1994. 120 б.; К вопросу о крестьянских войнах в Казахстане // Вопросы истории. 1945. №3-4; Зевелев А. И., Абдуллаев Ш. Дискуссии о характере национальных движений в Средней Азии и Казахстане в колониальный период / Вопросы истории. 1951. №9. С. 173-177; Бекмаханов Е. Ішкі Орда шаруаларының 1836-1837 жылдардағы көтерілісі // Коммунизм заңы, 1956. 9 мамыр.

К.Әлібеков, Ж.Таңатаров
ЕСЕТ Қараұлы (1779, Атырау обл. Қызылқоға ауд. Қарабау а. – 1869, Атырау обл. Махамбет ауд. Малайсары алқабы) – жырау. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының беріш руынан шыққан. Исатай мен Махамбет бастаған Кіші жүз казактарының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Көтеріліс басылғаннан кейін Ресей әкімш. тарапынан қуғын көріп, біраз жыл Маңғыстау, Хорезм жағында болады. Одан Жайық бойына оралып, тоқсанға келіп дүние салған. Махамбет, Абыл ақындармен достық байланыста болған. Е-тен Мұрат Мөңкеұлы, т.б. көптеген ақындар өнеге алған. 1908 ж. Қазанда басылған М.Бекмұхамбетұлының «Жақсы үгіт» жинағында Е-тің «Тауға біткен қайыңның»



деп басталатын қартайған шағында айтқан толғауы жарық көрді.

Қ. Сыдиықұлы

ЕСПОЛОВ Мырзағазы (1896, Қостанай маңы – 1936) – алаш қозғалысының қайраткері, журналист. «Айқап» журналына, «Қазақ» газетіне ауыл жағдайы, жер мәселесі, ұлт-азаттық қозғалысы туралы мақалалар жазып тұрған. Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығынан кейін Батыс майданы өкілдері бөлімінің жұмысына белсене араласқан. Ақпан төңкерісінен кейін қазақ к-терін құруға, жалпықазақ съездерін шақыруға қатысқан. 1917 ж. желтоқсанда құрылған Алашорда үкіметінің әскери бөлімінде қызмет атқарып, Алаш милициясын жасақтауға көп еңбек сіңірді. 1920 жылдан халық ағарту саласында еңбек етіп, Ташкенттегі Қазақ пед. ин-тында оқытушылық қызмет атқарды. Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің зардабын тартып, 1929 ж. тұтқынға алынды да, 1930 ж. сәуірде 10 жылға Соловецк лагеріне айдалды. 1936 ж. лагерьде жүріп қайтыс болған.

Әдеб.: Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995.

Қ. Алдажұманов

ЕСІМҚАН Иманбайұлы (1906, Қытай, Алтай аймағы, Көктоғай ауд. – 1941, Үрімжі қ.) – Қытай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі. 1938 ж. Шыңжаң ген.-губернаторы Шэн Ши Сай шекарадағы қазақ, моңғол, қырғыздар арасында ұлт-азаттық көтерілістің етек алуынан қауіптеніп, «мылтық жинау» деген науқан ұйымдастырады. Осы сылтаумен ол Алтай, Тарбағатай, Іле, Үрімжі, Баркөл, Құмыл аудндағы беделді азаматтарды, дінбасыларын, зиялыларды жаппай тұтқынға алады. Бұған наразылық ретінде 1940 ж. 1 ақпан күні Е. 20 шақты адаммен Сартерек а-ндағы Оқан зәңгінің үйіне түскен Көктоғай ауд-ның әкімі, мылтық жинау комиссиясының төрағасы Шүй Ыр Лиң мен оның адамдарын қапыда қолға түсіріп, жазалайды. Іле-шала 400 адаммен Көктоғай қалашығына шабуыл жасап, ондағы қарулы әскер күшіне төтеп бере алмай, Шіңгіл ауд-на кейін шегінеді. Е. онда шақабай руының үкірдайы Ырысқанмен күш біріктіріп, Шіңгіл өз. бойындағы Қарағаш деген жерде Жәнібектің ақ туын

алып, көтеріліске аттанады. Шэн Ши Сай әкімшілігі көтерілісшілерге қарсы Үрімжіден Яң Де Шаң дивизиясын, Құмылдан Юан Юанович Семенов батальонын жібереді. Е. жасағы Бәйтік, Қаптық тауына жеткенде Моңғолия қызыл әскерлерінің шабуылына ұшырайды. Е. отряды Алтай тауына шегініп, Шэн Ши Сай әкімшілігімен бейбіт шарт жасасуға мәжбүр болады. Бірақ әкімшілік тарапынан шарттағы талаптар орындалмай, Е. жасағы 1941 ж. қайтадан қарулы көтеріліске шығады. Көтерілісшілер жеңіліс тауып, Шэн Ши Сай жендеттері Е. бастаған 14 адамды Үрімжі абақтысында қинап өлтіреді.

Ж. Самитұлы

ЕСІМОВ Қайыпқали (1789 – шамамен 1857) – Бөкей ордасының сұлтаны, Кіші жүз ханы (1830–50). Есімнің Қарақошақ ханымнан туған үшінші ұлы. 1837–38 ж. Бөкей ордасындағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақтардың көтерілісші отрядына қолдау көрсетеді. 1838 ж. көтеріліс талқандалғаннан кейін Хиуаға қашады. 1840 ж. Хиуаның жаңа ханы Рахымқұлдан «батыс қазақтарының ханы» лауазымын қайтадан алып, оның көмегімен Кіші жүздің ықпалды руларының старшындарын Жайық маңынан Хиуа шекарасына көшіріп алып, Хиуа ханының бодандығын қабылдамақ болады. Оның бұл мақсаты айтарлықтай нәтижелі болмайды. 1855 ж. Хиуа ханы Мұхаммед Амин Е-ті өзінің «үмітін ақтамағаны» үшін хандық лауазымы мен дүние-мүлкінен айырып, Хиуа шенеуніктерінің қатаң бақылауында қамауда ұстайды. Е. Хиуада қайтыс болып, сонда жерленген. Екінші ұлы Қожамжар мен үлкен ұлы Бекжанның балалары 1844 ж. Ресей әкімшінің рұқсатымен Жайық өңіріне қайтып оралады.

Әдеб.: Рязанов А.Ф., Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797–1838), Кзыл-Орда, 1926; Шахматов В.Ф., Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова, А.-А., 1947; Казахско-русские отношения в XVII – XIX вв.: Сб. документов и материалов, А.-А., 1964; Народно-освободительное движение казахов в 1836 – 1838 годах: Документы, материалы, статьи, А., 1992; Ерофеева И.В., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – сер. XIX вв. // Культура и история народов Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования, А., 1997.

И. Ерофеева



ЖАЙНАҚОВ Ыбырайым (т.ж.б., Жетісу обл. Верный уезі – ө.ж.б.) – алаш қозғалысының қайраткері. Верный ерлер гимназиясын бітірген. Жетісу обл. басқармасында тілмаштық қызмет атқарған. 1911 ж. 21 қазанда Ж-тың бастамасымен Жетісу обл-ның болыстары және құрметті ақсақалдарының кеңесі өтіп, онда обл. әкімш. пен қоныстандыру басқармаларының іс-әрекеттері жөнінде және саяси іздестіру бөлімдерінің облыстағы көшпелі халықтың ісіне араласпауы туралы Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургтегі Мемл. дума мүшелеріне өтініш айтып, өкілдер жіберу мәселесі шешілді. Нәтижесінде көрнекті казак зиялыларының бірі Барлыбек Сырттанов Санкт-Петербургке барып, Мемл. думаның Мұсылман фракциясы мүшелеріне Жетісудағы жергілікті халықтың өтініш-тілектерін білдіріп қайтты. Ж. Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің даярлануына және өтуіне ат салысты. Ол Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты 14 шілдеде Верный (қазіргі Алматы) қ-нда Үлкен Алматы болыстығына қарасты жергілікті халық өкілдерінің мәжілісін ұйымдастырушылардың бірі болып, халықтың көтеріліске шығып босқа қырылмауын, мәселенің бейбіт түрде шешілуін түсіндірді. Ж. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерге белсене араласты. 1917 ж. шілде, тамыз айларында Ә.Бөкейхан, М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедовтермен бірге Ж. Челябинск қ-нда өткен Сібір үкіметі мен Құрылтай жиналысының мүшелері к-тінің мәжілісіне қатысты. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысынан кейін босқыншылыққа ұшырап, Қытайға ауған Жетісудың жергілікті казак және қырғыз халықтарын Отанына қайтару, оларға көмек көрсету, ашаршылыққа тап болған Жетісудың жергілікті халықтарын азық-түлікпен кам-

тамасыз ету, қоныс аударушылар мен жергілікті халықтың ара-қатынасын реттеу ісіне казак және қырғыз зиялыларымен бірге ат салысты. Большевиктер билік басына келіп, елдегі қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты Ж. Жетісудағы алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерімен бірге Қытайға қоныс аударып, сол жақтан большевиктерге қарсы қарулы қарсылық ұйымдастыру әрекеттерін қолдады. Ж-тың қайтыс болған жері белгісіз.

Ш.Тілеубаев

ЖАЙЫҚ ШЕБІ – Ресей империясының казак даласын отарлау үшін 1591 ж. Жайық казак әскерін жасақтауымен бірге құрылған әскери бекініс шебі. Жайық казак әскерлерінің этн. құрамы әр түрлі болды. Алғашқыда (17 ғ.) Еділден, Доннан, Теректен және баска да батыс өңірлерден қашқан шаруалар Жайық бойына қоныстанды. Олардың құрамында христиан дінін қабылдаған қалмақтар, башқұрттар, сонымен қатар түркі, моңғол, парсы тілдес халықтардың да өкілдері болды. Біртіндеп Ж. ш. бекіністерінде қоныс тепкен казактар Ресей мемлекетінің қарулы қолшоқпарына айналды, жаулап алу соғыстарына: 1629 ж. Қырым жорығына, 1677 ж. Чичиринге, 1687 ж. башқұрттарға қарсы, 1684–85 ж. тағы да Қырым хандығына қарсы, 1695–96 ж. Азов жорығына белсене қатысты. 18 ғ-да Ж. ш. бойында қоныстанған қарулы казактар Ресей мемлекетінің сойылын соғушы жазалаушы күшке айналды. 1708 ж. башқұрт халқының көтерілісін басуға, 1711 ж. Кубань ноғайларына, 1714–16 ж. И. Бухгольцтың, 1717 ж. князь Бекович – Черкасскийдің жорықтарына ат салысты. 1742 ж. патшайым Елизавета Петровнаың қазақтардың Жайықтың оң жағына көшіп-қонуына, мал жаюына тыйым салуы Ж. ш. казактарына қолайлы болды. Жүздеген жерсізденген казак жанұялары осы өзеннің екі жағына бұрынғыдан да топтаса қоныстанып, жергілікті қазақтарды ығыстыра бастады. 1783–97 ж. Сырым Датұлы бастаған көтерілісті басуда Ж. ш. казактары басты рөл атқарды. 1811 ж. 11 наурыздағы император Павел I жарлығынан кейін Ж. ш. казактарының казактарға қысымы күшейді. Жайықтың бойындағы Магнитная, Сахарная, Мергеновская, Жайық қалашықтары қазақтардың өзеннің оң жағына өтуіне тосқауыл болды. 1833 ж. патша



өкіметі арнайы құрған казактар мен казактардың арасындағы шиеленісті шешетін комиссия ешқандай нәтиже бермеді. 1868 ж. 21 қазандағы Далалық обл-тарды басқаратын «Уақытша ереже» Ж. ш-нің казактарды отарлауына кең жол ашты. Жайық казак әскері Онт. Қазақстанды, Жетісуды жаулап алуға белсене қатысты. 1905–07 ж. Жайық казактары патша үкіметіне қарсы саяси көтерілістерді басып жаншыды. Кеңес үкіметі тұсында Жайық казак әскері таратылды.

Әдеб.: Абдиров М., История казачества Казахстана, А., 1996; Касымбаев Ж., Государственные деятели казахских ханств XVIII в., т. I, А., 1999.

Ж.Қасымбаев

ЖАҚАП батыр (т.-ө.ж.б.) – Қоқан хандығының озбырлығына қарсы күрескен батыр, қыпшақ тайпасының байсары атасынан шыққан. 19 ғ-да қазіргі Қызылорда обл-ның Шиелі ауд-нда өмір сүрген. 19 ғ-дың 1-жартысында Қоқан хандығы Жанакорған, Шиелі ауд. жерлерін басып алды. Қоқан бегі Сыр бойында алым-салығын күшейтіп жібереді. Сонда Сыр бойы қазақтарының арасында бұл алым-салыққа айрықша қарсы болғанды қыпшақтың байсарысы және көзей рулары еді. Бұл оқиғаны естіген Қоқанның бегі Түркістан шаһарынан қарсылықты басуға 500 әскер жібереді. Ж. батыр бастаған жігіттер дұшпанмен соғысуға шешім қабылдайды. Ұрыс басталады. Ту ұстаған қоқандықты Жаназар бағырдың жігіттері өлтіріп, туды құлатады. Қоқандықтар кейін шегінуге мәжбүр болады. Сыр сүлейлерінің бірі Мәнсүр Бекежанов (1875–1933) 1912 ж. Иманжүсіпке жазған хатында: «Бар еді Өтеп, Жақап – жақыныңнан, Ермек, Түйме, Кеңбай бар ата ұлынан. Жаназар – Шағыр Қыпшақ бір жүзбасы, Қазақтың найза ұстаған батырынан», – деп жырлаған.

Әдеб.: Байділдаев М., Мағауин М., Бес ғасыр жырлайды, 2 т. А., Жазушы, 1989; Ысмайыл М., Шаштылар, Шежіре, А., Қайнар, 2002.

Б.Ахметбек

ЖАҚИЯ Исатайұлы (1811 – ө.ж.б.) – батыр. 1836–38 ж. Бөкей ордасындағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлының баласы. Әкесі басшылық жасаған көтеріліске қатысып, өзінің батырлығымен, тапқырлығымен көзге түскен. Соңына ерген сарбаздарымен арнайы тапсырмаларды орындауда шеберлік танытқан. Махамбет Өтемісұлы өлеңіндегі: «Баласы Исатай-

дың Жақия-ды, Жақия жауды көрсе ақияды» деген жолдар оның осы ер мінезінен туындаса керек. Көтерілістің орта кезінде (24.12.1837) Жайықтың шығыс бетінде қапыда жау қолына түскен Ж-ны орыстың әскери соты 250 солдат арасынан 3 рет өткізіп дүре соқтырады да, шалажансар батырды Финляндияға жер аударды. Ж-ның одан кейінгі тағдыры туралы дерек жоқ.

ЖАҚСЫБАЙ Жылгелдіұлы (1822 – 2.9.1876, қазіргі Ресей, Екатеринослав губ. Верхноднепрвск қ.) – 1869 ж. Батыс Қазақстанда болған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Жылқышы табын руынан тарайды. Ж. 1869 ж. қыс айларында Бескопа және Тамды бойларында өткен кеңестерге қатысқан. Ықылас Досұлы, Саттық Тайұлы, т.б. адамдармен бірге халықты көтеріліске үгіттеген. Сол жылы орын алған барымталар мен қақтығыстардың бәріне дерлік қатысқан. 1869 жылдың 20 тамыз күні Орынборға келіп, ген.-губернатордың қатысуымен тергеуге жауап беріп, босатылған. 1870 ж. көктем айларында болған тергеу комиссиясы жұмыстарының нәтижесінде Ж. көптеген даудайлар мен барымталарға кінәлі деп табылып, оған басқалармен бірге үлкен айып салынды. Бұған наразылық білдірген ол айыпты төлеуден бас тартып, өз жақтасы Шекмағамбет Мұңайтпасұлымен бірге билердің төтенше съезінің шешімдерін жоққа шығарып, халықты оған көнбеуге шақырады. 1870 ж. 17 сәуір күні Елек (Ақтөбе) уезінің бастығы штабс-капитан Шлиттер өзінің шақыруымен Ақтөбе бекінісіне өз уәждерін айтуға келген Ж. мен Шекмағамбет Мұңайтпасұлын қамауға алып, тергеу аяқталғанға дейін деген желеумен гарнизон түрмесіне жабады. Орынбор ген.-губернаторы Баллюзектің өзі Ж-дың ісіне ерекше көңіл бөліп, егер ол көтеріліс кезіндегі әрекеттері үшін тергеу нәтижесінде ақталар болса да, оны аса зиянды адам ретінде облыстан тысқары аймаққа жер аударатынын ашық білдіреді. Ол 1871 ж. алдымен Уфа губ-на жер аударылады, сол жылдың 7 қараша күні Архангельск губ-на жіберіледі. 1875 ж. Ж. Екатеринослав губ-ның Верхноднепровск қ-на жер аударылып, сонда қайтыс болған. Бұл туралы Екатеринослав губернаторы Торғай губернаторына мәлімдеген.

Дер.: КРОММ, 4-қор, 1-т., 4499-іс, 25-қор, 1-т., 1883, 2591 істер; ООММ, 6-қор, 10-т., 8273, 18-т., 665-іс.

Н.Жемісбай

ЖАҚЫП



ЖАҚЫП Батыұлы (1850, Қара Ертістің жоғ. алқабы – 1943, сонда) – би, қоғам қайраткері. Атасы Топан, әкесі Бапы Шығыс Түркістандағы абақ керейдің (оның ішінде барқы руының) беделді билері болған. Ел ісіне ерте араласқан Ж. 1913 ж. әкесі қайтыс болған соң билік тізгінін өз қолына алады. 20 ғ-дың басында Қытайдың Цин империясы мен Ресейдің екі жақты қысымына қарсы батыл қимылдар танытып, 1921 ж. Ресейден қашып барған ақ гвардия ген. Бакичтің лаңына тойтарыс беруге, «Батыста мұсылман мемлекетін құрамын» деген желеумен келген дүнген ген. Махиыңның армиясын 1932 ж. Алтайдан қууға қатысады. Ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешуде әділдігімен көзге түскен Ж. би туралы «сөздің нарқы білмейді, барқы (руы) біледі» деген сөз қалған. Еженхан тарапынан Ж. биге берілген гауһар жиекті құлпытас мөрі елдің ішінде ғана емес, сыртқы қатынастардағы құжаттарда да қолданылған.

У.Қыдырханұлы

ЖАҚЫП Бауыржан Өміржанұлы (1.5.1963 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Аққора а.) – ақын, филол. ғыл. докт. (2004), проф. (2007), ҚР Мәдениет қайраткері (2006), Қазақстан Журналистика академиясының акад. (2006), ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғыл. академиясының корр. мүшесі (2007),



Б.Жақып

Халықар. Ш. Айтматов академиясының акад. (2011), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2012). ҚазМУ-дың журналистика ф-тін (1985, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын Қазақ телевизиясының Әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясында бастады. «Жалын» баспасында редактор қызметін атқарды. ҚазМУ-да стажер-зерттеуші (1986–88), ассистент (1988–91), оқытушы, аға оқытушы (1991–94), деканның орынбасары, кафедра меңге-

рушісі (1995–2001, 2008–09), журналистика ф-тінің деканы (2001–09) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС-нің Бас директоры. Семей мемл. ун-тінің құрметті проф. (2009). «Қаныш Сәтбаев» (2011) және «Абылай хан» (2013) тұлғалық энциклопедияларының Бас редакторы. 1980 жылдан респ. баспасөз бетінде өлеңдері жарияланып келеді. «Жұлдызды шақ» (1987), «Көзімнің нұры» (1990), «Айдындағы аспан» (1996), «Ақ лак» (1997), «Қолтанба» (2001), «Уақыт ұршығы» (2004), «Қызыл қайын» (2008), «Абайдың Қасқабұлағы» (2012), «Еліккөрген» (2013), т.б. жыр жинақтары және «Мұхтар Әуезов – публицист» (1997), «Ұлы суреткер ұлағаты» (1998), «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» (2004), «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007) атты ғыл. монографиялары жарық көрген. Ж-тың қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері тақырыбына арналған «Абыралы көтерілісі» атты лирикалық дастаны, «Сеңкібай қажы», «Кемелбай бағыр», «Тамыздың жиырма тоғызы», «Домбыра», «Тәуелсіз Қазақстаным» атты сюжетті балладалары және толғаулары бар. Бірқатар өлеңдері «Екі мың жылдық дала жыры» атты антологиялық таңдаулы жырлар кітабына (2000) енді. «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасындағы публицистика жанрының қалыптасуы, дамуы, теор. және шығарм. мәселелері. Өзінің ғыл. зерттеулерінде алаш қозғалысы туралы еңбектердің әдеби-публицистикалық сипатына кең тоқталған. Ж. – 200-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Жігер» фестивалінің (1984), Қазақстан Жазушылар (1990), Қазақстан Журналистер (1998) одақтары және ҚР «Дарын» мемл. жастар (1999) сыйлықтарының және II Бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивалінің (2004, Баку қ.) лауреаты, Шыңғыс Айтматовқа арналған бүкіл түркі дүниесі ақындарының 15-фестивалі (2007, Түркия, Елазығ қ.) мен Македонияда (2007, Скопье, Струга қ-лары), Қазақстанда (2011, Өскемен қ., «Шығыс шынары») өткен халықар. жыр мүшайраларының жеңімпазы. «Құрмет» орденімен (2012), «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісімен (2013) марапатталған.

Ш ы ғ.: Мұхтар Әуезов – публицист, А., 1997; Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жол-



дары, А., 2004; Публицистикалық шығармашылық негіздері, А., 2007.

Ф.Жандыбаев

ЖАЛАҢҚАТ САУЫТ – ертеректе батырлар киген сауыттың бір түрі. Қалың металдан тұтастай соғылып, екі бөліктен (кеуделік пен арқалық) тұрады. Жеңсіз кеудеше пішіндес, белден сәл ғана түсетін қысқа болады. Екі бөлігі бір-біріне бүйірінен топсалар арқылы, иық тұсынан бау, ілгек арқылы бекітіледі. Кейде белінен белбеумен буылады. Қалың теріден де сомдап жасалуы мүмкін. Ондай жағдайда арқа, кеуде тұстарына қосымша болат айналар, мойын мен белге келетін тұстарына темір таспалар жапсырылады.

Әдеб.: Ахметжанов К., Жараған темір кигендер, А., 1996.

К.Ахметжан

ЖАЛАУ, й а л а у – түркі халықтарының өз әскерін жау әскерінен ажырату үшін жауынгерлердің найзасына, дулығасына матадан қиып таққан арнайы белгісі. Бұл дәстүр кейіннен түркілерден орыстарға, онан әрі Еуропаға ауысып, олар Ж-ды жетілдіріп, әскер түрін ажырататын түсті жиекке (погондағы, жеңдегі түсті жапсырма) айналдырып, осы күнге жеткізді. Қазақ тілінде «жалаулы найза» сөзі жорықтың, соғыстың рәмізі болған. Алыстан жақсы көріну үшін Ж. түстері ашық қызыл, көк, сары, жасыл, ақ болып келеді. Кейде қазақтар мұндай түстегі шүберектерді жеңге де таққан. Мыс., Кенесары әскерінде мұндай айырым белгілерін (қызыл матадан тігіліп, үш қатар бау түрінде болған) жауынгерлер кеудесіне, иығына таққан. Бір елдің әскерін басқалардан ажырату үшін қолданылған Ж. кейіннен мемлекеттік белгіге айналып, Мемлекеттік Ту пайда болды.

Әдеб.: Ахметжанов К., Жараған темір кигендер, А., 1996.

ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ СЪЕЗІНІҢ ҚАУЛЫЛАРЫ. 1917 ж. 21-26 шілдеде Орынборда өткен съезд төмендегідей қаулы қабылдады: «Сиезде бүкіл Россия мемлекетіне қараған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстары мен Бөкей Ордасының қазақтарының өкілдері болды. Сиездің президиумына кіргендер: Х.Досмұхамедов (председатель), А.Байтұрсынов, Ә.Көтібаров (орынбасарлары), Асылбек Сейітов, М.Дулатов (секретарлар). Сиез қараған мәселелер: Мемлекет түрі қандай болу; Қазақ өз тізгі-

нін өзі алу (автономия); Жер; Әскерлік; Земство; Оқу; Дін; Сот; Әйел; Учредительное собрание сайлауы кезінде жүргізетін әдіс; Қазақтан баратын депутаттар; Шорай-Ислам; Қазақтың сиез партиясын жасау; Жетісу облысындағы оқиғалар; Киевте болатын жалпы Россия федерацияларының (өз жұмысына келгенде бөлініп, мемлекет жұмысына келгенде бірігетіндер) сиезі мен Петроградтағы жалпы жұрт оқуы комиссиясына кіру.

1. Мемлекет түрі

Алдымыздағы құрылатын мемлекет түрі одақтасқан жалпы халық билейтін, хакімдерін халық сайлап, халық алдында жауапты болатын мемлекет түрі болсын.

Демократическая, федеративная, парламентарная республика, автономия қазаққа рулық, жерлік, облыстық автономия берілсін.

2. Жер мәселесі

Қазақ халқы түпкілікті етіп жер алып, орныққанша қазақ жерінен жер алу тоқталсын. Қазақ облыстарына жарамды жердің кемдігінен аксүйектерге (дворяндарға) мал өсіруге, сауда-кәсіп қылуға, орыс ауруы ішетін қымыз дайындауға, сопыханаға алынған мұжық келіп орнамаған оброчный статьяға кесілген, басында қазынаға алып, үлгілі шаруа жүргізем деген жай адамдарға берілген, күзетші (ғаскер) пайдасына алынғанмен, әскер кетіп, яки азғантай ғана қалса да, қайтпай тұрған жерлер түгел қазаққа қайтарылсын. Қазынаның ерекше билігіне дача етіліп алынған қазақтың шабындықтары қайтсын. Кесіліп бос тұрған жерге мұжықты жазып орнату тоқталсын деп дереу Уақытша хукіметтен сұралсын. Отырған мұжықтардың саны арнаулы санға толмаса, артық жер қазаққа қайтсын.

Мұжықтар орнаған жерде қыстауы бар өлкеге көшпеген қазақтың қыстаулық жері өзіне тисін, орналасатын мұжыққа жер жетпейтін болса, қайтадан бөліс жүргізіліп, басқа кесілген жерден жер берілсін.

Қазынаның ерекше билеуіне алынған дачалар (ағаштар) бүкіл мемлекетке пайда келтірмейтін болса, земство қарауына алынсын. Жер мәселесі туралы қазақ өз алдына программа (жоспар) түзсін. Жер мәселесі туралы Учредительное собраниеде қай партияға қосылуды қазақ депутаттары өздері білсін. Қазақ жер алып орнығарда тұтынатын норма (мөлшер) жер ыңғайына қарап жасаған Щербинаның малға һәм малмен егіп араласқан шаруаға деген нормасы болсын.



Бөкей Ордасының қазақтары отырған жерінен қолындағы қазақ облыстары алған мөлшерімен жер алсын. Түркістан қазағына жерден басқа жеткілікті су берілсін.

Қазақтың жер иеленуі жеке меншіктемелі болмай, жалпы иелену (община) болсын (Ферғананың екі өкілі жерді жеке иелену жолына дауыс берген, өйткені олардың жері арық қазып, ағаш-бақ өсіріп, көп еңбек меңгеріп тастаған жер).

Община неғұрлым кіші болғаны тәуір хәм құрамының қандай болуын жер-жердегі жерге орналастырушы мекемелер болсын.

3. Әскерлік

Учредительное собраниеде қазақ депутаттары мемлекеттен дайым әскер болмай, халықтың өзі сайлап бақылаушы (народная милиция) қоюға дауыс берсін.

4. Земство

Көшпейтін елдерге уолостной земство қазір кіргізілсін. Көшетін елдерге кіргізу ретін областной земский собрание білсін. Көшпелі елдер деп бір уезден екінші уезге баратын елдер айтылсын.

Уолостной земскелік ағзалардың сайлауымен уездік земство сайлауы бір-ақ рет болсын, екі кезде істелмесін. Уолостной земствоның управасына бестен артық ағза сайланбасын. Қазақтың уездной хәм областной земствосы олармен бірге болсын. Сайлау ретін көрсету, ұғындырып басшылық қылу үшін областной комитеттер ел-елге білетін кісі (инструктор) шығарсын.

5. Оқу

Бала қалмай жалпы оқу міндет. Алғашқы екі жылда бала ана тілімен оқысын. Қазақ тілінде шығатын кітаптар А.Байтұрсынов емлесімен басылсын.

6. Дін мәселесі

Ақмола, Жетісу, Семей, Орал, Торғай, Закаспий (Маңғышлақ уезі) облыстары уақытша Орынбор муфтилігіне қосылсын. Духовное собраниеге қандай мәселелерді беру тиістігін жалпы қазақ сиезінің комиссиясы айырсын. Духовное собраниеде қазақ бөлімі болсын.

Қазаққа қатысты барша жұмыс муфти алдында қазақ бөлімінде қосылып қарасын. Ортақ мәселелерді муфти алдында қазақпен ноғай қазылары ортақ қосылып қарасын. Маңғышлақтан басқа әр облыстан бір қазы сайлансын. Қазақ бөліміндегі жұмыстар таза қазақ тілінде жазылсын.

Қазақ бөлімінде 5 қажы, бір секретарь болсын. Бұлардың әрқайсысы жылына 4800 сом

ақы алсын. Кеңсе расходына 10 мың сом берілсін.

Әр облыстан жылына қажыға 4800 сом, секретарьға 1000 сом, кеңсеге 2000 сом, барлығы 7000 сом жиылып берілсін.

Секретарьді қазақ қажыларының жалпы жиналысы сайласын. Қажыдан төменгі рухани адамдар тұрған жерінен ақы алсын. Ақы мөлшерін жергілікті областной сиездер кессін.

Дін туралы жалпы қазақ сиезінің жасаған қаулысын областной комитеттер орындасын.

7. Білік

Народный сот жоғалсын. Жаңадан халыққа жайлы сот жасауға білгіш адамдардан областной сот комиссиясы ашылсын. Областной комиссиялардың жасаған жобаларын қорыту үшін жалпы қазақтың сот комиссиясы ашылсын.

Бұл комиссия әр облыстан бір-бірден областной сот ағзалары ортасынан сайлап шығарған адамдардан құралсын.

Жалпы қазақтың сот комиссиясы Учредительное собрание, яки Гос. Дума қай жерде болса сол жерге жиылсын хәм 1 февральға дейін сот жобасын жасап бітірсін. Жасаған жобаны жалпы қазақтың сот комиссиясымен қазақ депутаттары қосылып қарастырып, заң шығаратын орындарға табыс етілсін.

8. Әйел мәселесі

Еркектердің әйелдермен саяси құқықтары тең болсын. Қалыңмал беру жоғалсын. 16 жасқа толмаған қызға құда түсу қалсын.

16 жасқа толмаған қызға, 18 жасқа толмаған ұлға молда некесін қимасын. Некесі қиыларда қыз бен күйеу көзбе-көз отырып, екеуінің ризалығы сұралсын, иә қабыл деген сөз қылсын.

Жесір қатын сүйгеніне тисін. Екінші қатын алуға бұрынғы қатын көнгені шарт. Егер бастапқы қатыны көнбесе, аламын деп, ертемін деп, екінші қатын тұрса, ол уақытта бастапқы қатын шығып, хәм байға тигенше бұрынғы байы асырап сақтасын.

Жеті атадан әрі болмаса, бері туыскандар қыз алысып беріспесін.

9. Жетісу оқиғалары

Сиез атынан соғыс хәм Ішкі Іс Министрлігіне телеграм барып, үйіне қайтқан солдаттардың хәм мұжықтардың қару-жарақтары тартып алынып, зорлығына тыю салынып хәм шапқан қазақ-қырғыздарға жәрдем берілу. // «Сарыарқа». 1917 ж. №9».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 4 том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.



ЖАМАНМҰРЫНОВ Тел (1888, Ақтөбе обл. Ырғыз ауд. – 25.02.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері. Мәскеудегі Петров-Разумов (кейін Тимирязев) атынд. академияны бітірген. 1916 ж. желтоқсаннан 1-дүниежүз. соғыс майданына қара жұмысқа алынған қазақтарға (Минск маңы) көмек көрсетушілердің қатарында болды. 1917 ж. «Еркін дала» (Орынбор) ұйымын ұйымдастыруға қатысқан. 1-жалпықазақ съезінде (Орынбор, 1917 ж. 21 шілде) Торғай обл-нан «Алаш»



Т.Жаманмұрынов

партиясының өкілі ретінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылды. Торғай обл. қазақтарының 2-съезінде (Ақтөбе, 1917 ж. 20–25 тамыз) хатшы болды. Кеңестер кезінде Қазақ КСР Жер халкоматының жерге орналастыру бөлімінің қызметкері, бастығы қызметтерін атқарды. 1927 ж. Түркісіб темір жолын жобалауға қатысты. 1930 ж. жалған жаламен сотқа тартылды. 1933–34 ж. аштықтан шет жерлерге көшіп кетушілерді елге қайтару ісімен белсене айналысты. Ақтөбе обл. атқару к-тінің төрағасының орынбасары болды. 1937 ж. мамырда жалған саяси жаламен тұтқындалып, түрмеде қаза тапты. КСРО Жоғ. сотының алқасы 1958 ж. 4 наурызда ақтады.

Ж.Сүлеймен

ЖАМБЫЛ Жабаев (28.2. 1846, Жамбыл тауының етегінде – 22.6.1945, Алматы қ.) – «Жыр алыбы» атанған атақты ақын, жыршы. Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр алыбынан тәлім-тәрбие алған Ж. Жетісу ақындық мектебінің ауқымында қалып қоймай, күллі халық поэзиясын меңгеріп, Асан Қайғы, Бұқар жырау, Шөже, Шернияз, Шортанбай, Дулат, Нысанбай, т.б. ақындарды үлгі тұтқан. Көрші қырғыз манасшыларымен дос болып, Тоқтоғұл, Мұраталы, Әлімқұл, Балық, Тыныбек, Қатаған сияқты дүлдүлдермен өнер сайысы-

на түскен. Ақын өткен екі ғасырдың куәсі болды, қайшылыққа толы екі түрлі қоғамда ғұмыр кешті. Ж-дың шығарм. өмірі басталған 19 ғ-дың 70-жылдары қазақ халқы үшін өте ауыр кезең болды. Бұл кезде қазақ елін түгел жаулап алған Ресей империясы оны басқарудың жаңа әдісіне көшкен. 1868 жылғы «Жаңа мизам» негізінде қазақ даласы ішкі Ресейдегідей әкімш. бөлініске түсіп, басқару жүйесі отаршылдық сипатқа көшірілді. Соның салдарынан елдің арасына Ре-



Жамбыл

сей мемлекетінің бюрократтық аппараты тудырған көптеген келенсіз құбылыстар мен іс-әрекеттер жайылды. Ұлыққа жағымпаздық, болыстыққа талас, ағайынға жала жабу, арыз жазу, алдау, өтірік айту, барымта сияқты жағымсыз қылықтар мен жаман істер көбейді. Осының бәрі халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-салтын бұзды, елге іріткі салды, адамдардың санасы мен мінез-құлқын өзгертті. Жерден, малдан айырылған жұрттың тұрмысы жүдеп, рухы түсіп, ел күйзеліске ұшырады. 20 ғ-дың 20-жылдарындағы ақ пен қызылдың соғысы, атамандар мен комиссарлардың ылаңы, кәмпескелеу мен ұжымдастыру сияқты оқиғалар да халықтың болмысына теріс әсерін тигізді. Осылардың куәгері болған Ж. замана шындықты айтып, елдің күйінішін ащы дауыспен жырлады, сынады. «Менің өмірім» атты естелігінде Ж. былай дейді: «Ел жүдеген үстіне жүдей берді, ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлыбына еміренген маядай, батырларды жырла дейтін болды. Мен де жұрттың тілегіне сәйкес «Өтеген ба-



тыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы батыр», «Алатай-Жапарқұлдың» жырларын айтатын болдым. Ел естігенде ыңыранып жылайтын. Осындай елді жарыққа шығаратын батырлар да туар-ау әлі, десетін». 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысына Ж. ақын белсене қатынасты. Патша жарлығына қарсы көтерілген халық бұқарасының қалың ортасында жүрді. Хатқа түскен «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» деген өлең-толғауларында ақын Құлансаз, Қарабастау жайлауындағы, Қарғалы, Самсы, Ұзынағаш және Шейінпенде болған қақтығыстарды жырға қосты. Ж. көтерілісшілерді өлең-жырымен жігерлендірді, оның үгітшілік қимыл-әрекетін патша әкімдері жазаламақ болды, бірақ халық Ж-ды қорғап қалып отырған. Қарт ақын 1934 ж. респ. өнер шеберлерінің тұңғыш слетінде, 1936 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіде жырдан шашу шашты. Қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін Ж. КСРО-ның бірнеше ордендерімен марапатталды. 1941 ж. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты атанды. Ж-дың есімі Қазақстанның бір обл-ына, бірнеше ауд-ға, бірқатар елді мекендерге, т.б. берілген.

М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов

ЖАНАЗАР Досканаұлы (1818/22–1881/85 ж.) – ел азаттығы үшін күрескен батыр, Орта жүз қыпшақ тайпасының шағыр ата-сынан шыққан. Қазіргі Қызылорда обл. Шиелі, Сырдария өңірінде өмір сүрген. Сыр бойы қазақтарының Қоқан басқыншыларына қарсы көтерілісінде Ж. батыр қыпшақ тайпасы әскерінің жүзбасы санатында талай мәрте Жөлек, Жаңақорған, Созақ бекіністерін қоршауға, шабуға қатысқан. Бұл өлкеге Ресей отарлаушылары табан басқанда Ж. батыр діні, тілі бір қоқандықтар жағына шығып, ресейліктерге қарсы ұрыстарға белсене кіріскен. Ж. батырдың аз уақыт Кенесары қозғалысына қатысқаны да белгілі. Ж. батырдың бейіті қазіргі Қызылорда обл. Шиелі ауд. Сұлутөбе бекетінен Дәлкен-Сырық деген жерге қарай 25 шақырым қашықтықта тұр. 1999 ж. қараша айында Шиелі жерін жайлаған батырдың ұрпақтары бабасына сәулетті ескерткіш орнатты.

Әдеб.: Ж.Бейсенбайұлы Қазақ шежіресі. А., Ана тілі, 1994; «Шаштылар» шежіресі А., Қайнар, 2002; М.Үмбетов «Жаназар батыр», Сыр бойы, 1999; Б. Қалымбет. Жаназар батыр, Жас Түркістан. 3/2002; Ш.Әшімұлы, Сыр ғұламалары, Діни тарихи аңыздар. Шымкент, 2002; М. Аяпұлы Н.Қасым-

ұлы «Атамекен» А., Атамұра, 1998; К.Бердәулетов «Бұқарбай батыр» А., Қазақ университеті, 1992; А. Жанаев. Бұқарбай батыр. Қызылорда, «Компас-Қызылорда», 2007.

Б.Ахметбек

ЖАНАЙДАР Орынбайұлы (шамамен 1818, Ұлытау өңірі – 19 ғ-дың 70-жылдары) – батыр, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі. 1837 ж. Ақмола дуанына қарайтын арғын тайпасының қуандық, сүйіндік, төртуыл, қойлыбай, қалқаман, темеш, тінәлі руларының жасақшыларын бастап Кенесары әскеріне келіп қосылды. Кенесары Ақмола бекінісіне шабуыл жасар алдында Ж-ды бас етіп бекіністі барлауға шолғыншылар жіберді. Шабуыл



Жанайдар Орынбайұлы (сол жақтан бірінші)

кезінде ерлігімен, мергендігімен көзге түскен Ж. ханның сенімді серігі, қол бастаушы батырларының біріне айналды. Ж. өзінің бауырлары Жанатай, Бектұрған, Өтебайлармен бірге Кенесарыға еріп, он жыл бойы азаттық жолындағы шайқастың бел ортасында жүрген. Кенесары мен Наурызбайдан айырылып, көтеріліс тығырыққа тірелген тұста Ж. амалсыздан ат басын Арқадағы еліне бұрады. Ұлытаудағы ата қонысын бағаналы найман елінен қайтаруды талап етіп, Санкт-Петербургке барады. Көтеріліске қатысқанына Ресей патшасы кешірім жасағаннан кейін Ж. Терісаққан өз. бойы мен Арғанаты тауының етегіне қоныстанады. Қажылық сапардан қайтып келе жатып жолда қайтыс болған. Ж-ды «Баласы Орынбайдың Жанайдар-ды, Адасқан жөнге салған талайларды», «Төртуылда Жанайдар жиһан асқан ер еді» деп ақын-жыраулар жырға қосқан.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Қазақстан в 20–40-е годы XX века, А., 1992; Хан Кене, А., 1993; Национально-



освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова, А., 1996.

С.Омарбекұлы

ЖАНАЙДАРОВ Сейілбек Мейрамұлы (1884, Ақмола обл. Атбасар уезі Терісаққан болысы – 1929, Алматы қ.) – алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. 1913 ж. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітіргеннен кейін Ресейдің Витебск губ-нда қаржы саласының тексерушісі болып қызмет атқарды. М.Дулатов, М.Шоқай, А.Бірімжановтармен бірге Ресейдегі Ақпан, Қазан төңкерістері қарсаңында қазақ даласында етек алған ұлттық-демокр. қозғалысқа белсене араласқан. 1916 ж. елге оралып, майдан жұмысына алынған қазақ жастарына көмек көрсету ісіне ат салысты. 1917 ж. шілдеде Орынборда өткен 1-жалпықазақ съезіне Ақмола обл-нан делегат болып қатысты. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбордағы 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметі мүшелігіне сайланды. 1918 ж. Ә.Бөкейханның жарлығымен Ақмола обл-ның соты болып тағайындалды. Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін Орынбордағы респ. Қаржы халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, халық комиссары болып қызмет істеген. Ел астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілгенде Қазақстанның а.ш. банкі басқарды.

Әдеб.: Алашорда, А., 1992; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Ахмедов Ғ., Алаш алаш болғанда, А., 1996.

С.Омарбекұлы

ЖАНАЛЫ Игібайұлы (18–19 ғ.) – батыр, Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Ұлы Қобда бойларында өмір сүрген. Жылқышы табын руынан тарайды. Ж. 1822–26 ж. және 1835–40 ж. аралығында Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістің негізгі тұлғаларының бірі болды. Ж-ның және оған туыстар болып келетін Құттыбас батырдың есімдері сол кезеңдегі мұрағат құжаттарында, орыс шебіне жасалған кез келген шабуылдар құжаттарында көптеп ұшырасады. Ж. батыр жеке жортуылдарға сардарлық ету арқылы кейіннен көтерілістің бас қолбасшылығына дейін көтерілген. Ж. 1822–23 ж. аралығында қазақ жеріне салынған Ново-Илецкая шебінің барлық алты форпостына жасалған шабуылдарға, сандаған пикеттер мен карауылдарға, орыс елді мекендеріне жорықтарға қатысқан, олардың көпшілігін тікелей басқарған. 1822 ж. желтоқсан айының соңында Жоламан бастаған

бір топ адам Орынбор губернаторы Эссенге хат жазып, онда ресейліктердің бұрынғы уағдаластықты бұзып, Електің бойын алып қойғанын, қазақтарды өз жерлерінен айырғанын айтып, Жайыққа дейінгі аумақты қайтаруды сұраған хатқа көптеген билер және батырлармен бірге Ж. да қол қойған. 1822 ж. 5 желтоқсанда Орынбор Шекара Комиссиясы әскери губернатордың жарлығына сай, Орал әскери кеңсесіне шепке шабуыл жасап жүрген бүлікшілерді ұстау жөнінде құпия бұйрық беруін сұрайды. Мұнда алдымен ұсталуы тиіс адамдар ішінде Ж. батыр да болған. 1823 ж. маусым айында Ж. Шыңғырлау бойында қазақ даласына жіберілген полк. Милорадовичтің әскеріне шабуылға қатысқан. Ж. Жоламанның жақын серігі, ол бастаған көтерілістің негізгі қолдаушысы болса да, көптеген жағдайда өз пікірін батыл білдіріп отырған, көтерілісті басқаруға тең дәрежеде араласқан. 1823 ж. шілде айында казактар есаул Подуров пен прапорщик Медведев Жоламанның қолына түсіп, кепілдікте ұсталғанда, Орынбордан губернатордың арнайы хатымен келіссөзге келген ірі делегациямен кездесулер барысында, Ж. орыс тұтқындардың босатылуына үзілді-кесілді қарсы шыққан. Деректерге қарағанда, Ж. бастаған топ орыс тұтқындарын Хиуа ханына мылтықтарға айырбастамақ болған. Бұл кезде көтерілісшілер Хиуа ханына хат дайындап, онда Ресейге қарсы одақтасуға ниет білдірген болатын. Кіші жүздегі хандық билік жойылған соң, 1825 ж. көктем және күз айларында Қаратай сұлтан үкіметтің 500 казак әскерімен және өз жасағымен, табын ауылдарын, сонымен қатар Ж. ауылдарын да аяусыз талқандайды, оның ру аталығынан арасында жас сәбилері мен әйел адамдарын тұтқындап, ер адамдардың көпшілігін Сібірге жер аудартады. 1826–28 ж. шамасында көтеріліс біршама саябырсыған тұста, Ж. Хиуа хандығы аумағында болып, көптеген саяси оқиғаларға қатысқан. Ж. 1835–40 ж. көтерілістің келесі кезеңінде де белсенді әрекеттерімен көзге түскен. Ол Жоламанмен бірге Торғай, Ырғыз далаларында Қасым және Кенесары сұлтандармен бірігіп, отарлыққа қарсы күрестің келесі кезеңін бастаған. Мұрағат деректеріне қарағанда, 1838 ж. маусымда қазақтардың табын, тама, қыпшақ руларынан тұратын 2000 адамдық жасағын Жоламан мен Ж. батырлар басқарған. Бұл жасақ Елек және Қаратоғай бойларында тұрған.



Олар басқа қолбасшылармен бірге Орынбор шебіне жақын орналасқан бүкіл қазақ қауымдарын Ресейден алыс жерлерге – Торғай бойларына алып кетіп, Кенесарымен қосылуды ойлаған. Жоламан мен Ж. 1838 ж. 3000 адамдық қолмен орыс шебіне жақын табын, тама, жағалбайлы, шекті, төртқара, т.б. руларды көшіруге кіріскен. Ж. мен Құттыбас батырлар Орынбор әкімш. тарапынан ең басты «қарақшылар» саналып, оларға ерекше іздеу салынған. Шерғазы хан да бұл екеуінен қатты қауіптеніп, олардың үстінен Орынбор әкімш-не үнемі шағымданған. Батыр Ақтөбе обл. Қобда ауд. аумағындағы Байтақ қорымында жерленген.

Дер.: ҚР ОММ, 4-қор, 1-т., 1805, 1809, 1820, 4200, 4890 т.б. істер; ООММ, 6-қор, 10-т., 2781, 3188, 3232 істер. Материалы по истории Казахской ССР. Т. 4. М.-Л., 1940.

Н.Жетпісбай

«ЖАНАР» – 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Семей қ-нда құрылған қазақ жастарының ұйымы. Оның белсенді мүшелері қатарында Ж.Аймауытов пен М.Әуезов болды. «Ж.» ұйымы сол тарихи кезеңде қалыптасқан ахуалға сай қазақ жастарының саяси белсенділігін көтеруді мақсат етті. Ұйым мүшелері «Алаш» партиясына қолдау көрсетіп, халық арасында оның бағдарламасын насихаттады. 1918 ж. 5 наурызда «Ж.» ұйымы Семей обл. қазақ к-тімен бірлесе отырып, Жетісу және Сырдария обл-тарының аштыққа ұшыраған қазақтарына жәрдем ұйымдастыратын арнайы к-т құрды. К-ттің төрағасы М.Дулатов, орынбасары Ж.Аймауытов, хатшысы М.Әуезов, қазынашысы Ғ.Есіргенов болды («Абай», 1918, №3, 4-бет). Бұл к-ттің жарғысы «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналында жарияланды. 1918 ж. 5–13 мамырда Омбы қ-нда өткен Жалпықазақ жастарының құрылтайына «Ж.» ұйымы атынан М.Әуезов қатысты.

С.Рүстемов

ЖАНГЕЛДИН Әліби Тоғжанұлы (1884, Қостанай обл. Амангелді ауд. – 14.8.1953, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. Торғай, Қостанайдағы уч-шелерде оқыған. 1903 ж. Орынбордағы діни уч-шені бітіріп, Қазандағы мұғалімдер семинариясында екі жыл оқыған соң, 1905 жылғы революцияға қатысты деген айыппен оқудан шығарылады. Сол жылы Мәскеудегі діни академияға оқуға түсіп, 1906 ж. «сенімсіз студент» деп танылып, академиядан қуылған. 1909–12 ж. шет

ел халықтарының тұрмыс-салтымен танысуды (кейбір деректерде діни уағыздарды насихаттауды) мақсат еткен Ж. Еуропа, Африка, Таяу Шығыс, Азия елдерін жаяу аралап, 1913 ж. Жапония арқылы қайтып оралды. 1915 ж. Ресей коммунистік партиясының қатарына өтіп, Қырымда астыртын рев. қызмет атқарды. Ж. Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы Торғай қазақ-



Ә.Жангелдин

тарының көтерілісін қолдап, Торғай қ-н қоршауға қатысты. 1917 жылғы Ресейдегі төңкерістен кейін РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің шешімімен Торғай обл-ның төтенше соғыс комиссары болып тағайындалды. Қазақстанда Кеңес өкіметін қалпына келтіру мақсатымен қару-жарак, азық-түлік, әскери көмек беру туралы шешімге байланысты Ж. Далалық өлкенің төтенше комиссары болып тағайындалды да, өлкеде алғашқы ұлттық әскери отрядтар құрып, ақ гвардияшыларға қарсы күресті. Қазақ АКСР ОАК төрағасының орынбасары және Қазақстан Қамсыздандыру халық комиссары болды. Қостанай обл-ның бір ауданына, елді мекендер мен мектептерге Ж. есімі берілген, ескерткіштер орнатылған.

Әдеб.: Алиби Джангельдин: Документы и материалы, А.-А., 1961; Әсіпов С., Әліби Жангелдин, А., 1990.

Т.Рсаев

ЖАНДОСОВ Ораз Қықымұлы (1889, Алматы обл. Қарасай ауд. Қаскелең қ. – 1938) – мемлекет қайраткері. 1918 ж. Верный (қазіргі Алматы қ.) ерлер гимназиясын бітірген. Қазақстанда кеңестік билік орнағаннан кейін Жетісудың ұлт істері жөніндегі обл. бөлімін басқарды. 1919–21 ж. Түркістан КП мұсылман коммунистері секциясы обл. бюросының төрағасы болды, Жетісу обл. рев.-әскери к-тін және обл. «Қосшы» одағын



басқарды. 1921–28 ж. кеңестік саяси қызметтер атқарды, Мәскеудегі Тимирязев атынд. а. ш. академиясында оқыды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының 10 жылдығына орай, 1926 ж. Жетісудағы Қарқара көтерілісіне қатысқандарды мәңгі есте қалдыру мақсатында көтерілісшілер жиынын өткізген, кейін «Ереуілтөбе» атанып кеткен жерге ескерткіш орнатпақ болып, тас үйіп белгі



О. Жандосов

қалдыруға Ыдырыс Көшкінов, т.б. азаматтармен бірге қолдау көрсетіп, ат салысады. 1928–37 ж. Қазақ АКСР ағарту халкомы, Қазақ а. ш. ин-тының директоры, Алматы обл. атқару к-тінің төрағасы сияқты лауазымды қызметтер атқарды. 1937 ж. тамызда партиядан шығарылады да, жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 ж. наурызда атылды. Елімізде Ж-тың есімі елді мекендерге беріліп, Алматы қ-нда оған ескерткіш орнатылған.

Әдеб.: Ураз Жандосов: Документы и публицистика (1918 – 1937), А., 1999.

К. Нұрпейісов, Ш. Тілеубаев

ЖАНКІСІ Басыбайұлы (1772, Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Қарағандысай бойы – 1849, Сыр бойы) – ақын, би. Найман тайпасының бағаналы тармағынан шыққан. Басыбай аңшының шаңырағында дүниеге келген. Кейбір аңыз әңгімелерде Ж-нің шын аты – Жанқиса және ол Қоқан хандығы әскерлерімен қақтығыста қаза болған делінеді. Жанқисаның жанама аты Ж. екенін Е. Бекмаханов та атап көрсеткен. Ж. шығармаларының көпшілігі сақталмаған. «Мақпал – Сегіз» дастанының үзіндісі, «Қоқан ханына айтқаны», «Қожыққа айтқаны» толғаулары ғана жеткен. Ж-нің «Қоқан ханына айтқаны» толғауы «Ай, заман-ай, заман-ай» жинағына кірген. Осы толғауында Ж. Қоқан ханын, оның салықшы бектерінің әділетсіздігін өткір сы-

наған. Кейін оларға қарсы ашық күреске шыққан. Ж-нің «Қоқан ханына айтқаны» толғауы 1830 ж. орыс тіліне аударылып, «Песня о временах владычества кокандцев» деген атпен «Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи» жинағында жарық көрген (1885, Орынбор). Кейбір шығармалары Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

Қ. Биғожаұлы

ЖАНҚОЖА Нұрмұхамедұлы (1774, Қызылорда обл. Қазалы ауд. Арықбұлақ а. – 1860, Қызылқұм) – батыр, Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы. 19 ғ-дың 20-жылдарынан бастап Сыр бойы мен Арал т-нің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтары 1830–40 ж. жергілікті халыққа өктемдігін одан әрі күшейтті. Хиуа хандығы



Жанқожа Нұрмұхамедұлы

Жанадария, Куандария, Қызылқұмнан өтіп, Қосқорған, Арал т-не дейінгі аралықтағы Сыр бойындағы қазақтарға шапқыншылықтар жасап, малдарын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Қоқандықтар шекара бекітіп, әкімш. құрып, 1817 жылдан бастап салына бастаған бекіністерінен әркез жасақтар шығарып, бейбіт елді шауып, алым-салық жинап тұрды. Ж. бозбала кезінде Кіші жүз құрамындағы әлімұлы тайпасының жергілікті рулары хан сайлап алған Қылышбай Жұмағұлұлы (1729–89) бастаған жорықта бір әділетсіздігі үшін ханның өзіне қол жұмсайды. Ж. 17 жасында бейқам жатқан қазақ ауылын шауып кеткен барымташыларға қарсы аттанған қолмен барып, олардың басшысы қарақалпақ батыры Тықыны жекпе-жекте өлтіреді. Ж. ел-



ден қол жинап, Созаққа жорыққа аттанып, жолда Жаңақорған, Жөлек бекіністеріндегі қоқандықтарды қуады. 1830 жылдың күзінде Созақ бекінісін қоршауға алып, көмекке келген қоқандық Таған палуанды жекпе-жекте қолға түсіреді. Кейбір деректерге қарағанда, Ж. Қоқан хандығының Шымқорған, Қосқорған, Күмісқорған тәрізді бекіністерін де талқандайды. Хиуа хандығы Аллақұл ханның тұсында 1835 ж. Қуаңдарияның батысындағы Құртөбе деген жерге бекініс салып, онда 200 әскер ұстайды. Ж-ға арқа сүйеп, алым-салық төлеуден бас тартып, Хиуа бегі Бабажанның озбырлығына көнбей жүрген Сырдың төм. сағасындағы қазақтарды тәртіпке келтіру үшін түрікмен Аймахамед палуанды жасақтарымен жібереді. 1836 ж. Ақирек деген жерде Аймахамед палуанды Ж. жекпе-жекте өлтіреді. Ж. бұдан кейін де Сыр бойындағы қазақтарды хиуалықтардың езгісінен құтқару үшін, олардың бекіністеріне жиі-жиі шабуыл жасап отырды. Ж. батыр Кенесары ханмен қарым-қатынаста болған. 1841–42 ж. ханның сыр бойындағы қалаларды қоқандықтардан азат ету күресіне қолдау көрсетіп, сарбаздарымен шайқастарға қатысады. 1845 жылдың көктемінде Хиуа хандығы Сыр бойындағы қираған бекіністерін қалпына келтіру үшін 200 жасақ аттандырды. Ж-ның жігіттері бұлармен ұрыс салып, кері қайтарады. 1847 ж. көктемде Хиуа бегі Уайыс-Нияздың әскері Атанбас, Ақирек, Қамыстыбасты жайлап отырған қазақтарға шабуыл жасап, 1400 үйді ойрандап, тонап кетеді. Осы жылдың тамыз айында Хиуа бегі Қожанияз бастап, қазақ сұлтандары Жанғазы Шерғазиев пен Елікей (Ермұхамед) Қасымов қосыла шапқыншылар қазақ ауылдарын тағы да тонауға ұшыратады. Тонауға ұшыраған елін қорғауға Ж. 700 сарбазбен қарсы шығады. Құрамында екі мың әскері бар хиуалықтар Жаңақала бекінісінің төңірегіне шоғырланды. Ж-ға Ресейдің Райым бекінісінің бастығы Ерофеев бастаған отряд көмекке келіп, хиуалықтарды бірге талқандайды. 1847 ж. Райымға келіп, бекініс сала бастаған Ресей әскерлеріне Ж. қарсылық көрсетпеді. Сол кездегі Орынбор ген.-губернаторы В. Обручевпен жолығып сөйлескен Ж. онымен орыс әскері жергілікті халықтың тыныштығын бұзбайтындығына және хиуалықтардың шапқыншылығынан қорғайтындығына келіседі. Бірақ кейін іс жүзінде керісінше болады. Патша шенеу-

ніктері мен әскерлері ауық-ауық елдің тыныштығын бұзып, бұл кезде егде тартып отырған Ж-ға да маза бермейді. Ж. көтеріліске шығуға мәжбүр болады. 1856 ж. желтоқсанның соңғы күндерінде көтерілісшілер Қазалыны қоршауға алды. Қаратөбе маңындағы Л.Булатовтың отрядына бірнеше рет шабуыл жасады. Көтерілістің бас кезінде Ж-ның 1500-ден аса сарбазы болса, 1857 ж. қаңтарда олардың саны 5000-ға жетті. Жағдай Орынбор ген.-губернаторы В.Перовскийді қатты алаңдатты. Ол ген.-м. Фитингофт бастаған 300 атты казак, 320 жаяу әскер, 1 зеңбірек, т.б. қаруларымен қоса сұлтан Елікей Қасымов бастаған бірнеше жүз қазақ жасағы бар жазалау отрядын аттандырады. Екі жақ Арықбалықтың тұсында кездесіп, бірнеше дүркін шайқасты. Жақсы қаруланған жазалаушы отрядқа көтерілісшілер қарсы тұра алмай, шегінуге мәжбүр болды. Екі күн бойы ізіне түскен жазалаушы отрядтың көзіне көрінбей, көтерілісшілер Қызылқұмға ойысып кетті. Жазалаушы отряд жолда кездескен қазақ ауылдарын шауып, тонаушылыққа ұшыратты. Фитингофт бастаған жазалаушы отряд ақпан – наурыз айларында көтерілісші халыққа қарсы тағы бірнеше рет жорыққа шығып, қазақ ауылдарына адам айтқысыз жауыздықтар жасады. Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін Қызылқұмда жалғыз үй отырған қарт Ж. батырды Елікей Қасымовтың жасағы өлтіріп (бір деректерде жасақтағы Байқадамұлы Ақсақал атқан делінеді) кетеді. Батырдың бейіті Қызылорда обл. Қазалы ауд. Кәукей а-нан 150 шақырым жерде тұр.

Әдеб.: Аничков И.В., Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы, А., 1991; Оспанов Ә., Жанқожа батыр – аңыз бен ақиқат, 1-кіт., А., 1992; Сыр өңірі тарихы, А., 1998.

М.Қаназ

«ЖАНҚОЖА БАТЫР» – 19 ғ-дың орта шеніндегі Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан отаршылдығына қарсы күресін суреттейтін жыр. Айтушысы – Мысабай (Мұсабай) жырау, ол Қазалы маңындағы Қаракөл елді мекенінде тұрған. Санкт-Петербург ун-ті шығыстану ф-тінің түлегі, Сырдария губ-ның әр түрлі аймақтарында сот қызметін атқарған И.В.Аничков жырды 1893 ж. қағазға түсіріп, кейіннен «Қазан ун-нің археология, тарих, этнография қоғамының хабаршысында» (1894, XII т., 3-бөлім) жариялаған. Шығармада Сырдың төм. ағысындағы қа-



зақтардың Хиуа хандығына, әсіресе, Бабажан сартқа қарсы күресі жырланады. Жанрлық тұрғыдан келгенде бұл тарихи жыр. Онда Кенесары, Төлек, Арынғазы, Есет, Бекет, Бабажан, т.б. тарихи тұлғалар мен Үргеніш, Бұхара, Райым секілді жер-су атаулары көптеп кездеседі. Жекелеген ру аттары да көрініп тапқан. «Ж. б.» жырының көлемі шағын, 161 жол. Тілі көркем. Мысабай жыраудан жазылған осы жыр үлгісін С.Сейфуллин «Жаңа әдебиет» журналының 1926 жылғы 5-санында араб әрпімен жариялаған. «Жанқожа жайлы өлең» деп аталған жырдың осы үлгісі Т.Қоңыратбаевтың «Ертедегі ескерткіштер» (1996) атты зерттеуінде қайта басылған. Қазақстанның Орт. ғыл. кітапханасында «Ж. б.» жырының бірнеше үлгісі сақталған. *Әдеб.*: «Жаңа әдебиет», 1926, №5; Қазақ әдебиетінің тарихы, А., 1960, 1-т., 1-кіт., 600–621-б.; Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы, А., 1981, 3-т., 91–94-б.; Қоңыратбаев Т., Ертедегі ескерткіштер, А., 1996, 53–57-б.

М.Қаназ, Т.Қоңыратбай

ЖАНСҮГІРОВ Ілияс (14.5. 1894, Алматы обл. Ақсу ауд. – 1938) – ақын. Алғашында өз әкесінен, кейін ауыл молдаларынан сауат ашқан. Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепті бітіреді. 1919 ж. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түсіп, оны



І.Жансүгіров

бітірген соң ауылында мұғалім болды, кейін «Тілші» газетінде қызмет атқарды. 1922 ж. Верныйдағы (Алматыдағы) Қазақ ағарту ин-тының меңгерушілігіне тағайындалды. 1925 ж. Мәскеудегі Журналистика ин-тына оқуға түсіп, оны 1928 ж. бітіріп шыққан соң, «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке жіберілді. Ж. шығарм. жұмыспен қатар Қазақстан Жазушылар одағын ұйымдастыру ісіне де белсене қатысқан. 1934 ж. өткен 1-съезде Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы

төрағасы болып сайланды. 1937 ж. жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 ж. ату жазасына кесілген. 1958 ж. ақталды. Ж. өлең жазуды 1912 ж. бастаған. 1928 ж. «Сағанақ» атты тұңғыш жинағы басылып шықты. Оның «Жолдастар» романында (1935) 1-дүниежүз. соғыс кезіндегі қазақ аулының әлеум. жағдайы, өмір қайшылықтары, 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан, Қазан төңкерістері халық өмірі аясында көркем бейнеленеді. Ж. драматургия жанрында да жемісті еңбек етіп, «Кек», (1931), «Түркісіб», «Исатай–Махамбет» (1936), т.б. пьесалар жазды. Жазылып, сахнада қойылып үлгермеген «Исатай – Махамбет» пьесасы тарихи тақырыпты қозғаған. Елімізде бірнеше мектеп, көше, аудан, шаруашылыққа, Талдықорған қ-ндағы Жетісу мемл. ун-тіне оның есімі берілген. Сол қалада ақынның өмірі мен шығарм-на арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді. *Әдеб.*: Жиреншин А., Ілияс Джансугуров. (Библ. очерк), А.-А., 1958; Қаратаев М., Ілияс Жансүгіров, А., 1961; Дүйсенов М., Ілияс Жансүгіров, А., 1965.

Т.Әбдірахманқызы

ЖАНТАЙЛАҚ (т.ж.б. – 9.1931, Қытай, Шіңгіл ауд.) – Қытайдағы жергілікті әкімші-тің қазақ ауылдарына жасаған империялық өктемдігіне қарсы шыққан күрескер. 1928 ж. жазда Алтай аймағының губернаторы болып тағайындалған Ви Жыңго Алтай қазақтарына әскери қысым көрсетіп, ауыр салық салады. Бұған Ж., Зұха бастаған қарулы топ қарсы шығады. Бұл топ басшыларының соңына түскен губернатор Ви Жыңго 1930 ж. Мадарың дейтін жендетін жіберіп, Зұханы өлтірті. 1931 ж. қыркүйекте «Жантайлақ биыл жайлаудан ерте түсті. Базарқұл елін бастап, Моңғолияға көшіп кетпекші» деген жалған жаламен Шіңгіл ауд-ның Бұлғын деген жерінде отырған Ж-ты да өлтірті. Ж. жазықсыз жазаланғаннан кейін Зәйіп тәйжі бастаған мыңнан астам қазақ отбасы Шіңгілден Боғда өңіріне үдере көшті.

Ж.Самитұлы

ЖАНТӨРЕ Айшуақұлы (1759 – 2.11.1809) – мемлекет қайраткері, дипломат, Кіші жүз ханы (1805–1809). Ресейдің қазақ жеріне ықпалын тежеу саясатын ұстанды. Ж. бес жылға жуық хандық билігі тұсында Кіші жүз арқылы өтетін Ресей мен Хиуа, Бұхар хандықтары арасындағы транзиттік керуен саудасының қазақтар үшін пайдалы екенін түсініп, оны қолдады. Керуендерді тонауға қатысқан ру басыларын, старшындарды



жазаға тартты. Ж. хандық соттың, кеңестің құқықтық жағдайын қалпына келтіруге, өзінің туған інілері Шерғазы, Баймұхамед, Арыстан және басқа беделді сұлтандарға арқа сүйеп, хандық билікті күшейтуге тырысты. Ж-нің беделінің күшеюінен сескенген Ресей үкіметі өлкені отарлауды жеделдету мақсатында әр түрлі әскери-саяси шаралар арқылы Ж-нің билігін шектеуге тырысып бақты. 1806 ж. 31 мамырда император Александр I «Кіші жүздегі хандық кеңестің ережелері» атты жаңа заң қабылдады. Осы заң сот, әкімш. басқару жүйесінде ханның құқықтарын бірқатар шектеді. Орынбордың әскери губернаторы князь Г.С. Волконский Ж. жөнінде екі ұшты саясат жүргізді. Бір жағынан, халық өкілдері сайлаған ханмен санаспауға баға алмай, оның саясатына қолдау көрсеткен болды. Екінші жағынан, Ж-нің күш алып кетуінен сескеніп, оның қарсыластары – сұлтандар Қаратайды, Орманды ханға қарсы жасырын айтақтап отырды. 1807 ж. Кіші жүзді бұрын болып көрмеген табиғи апат – жұт жайлады. Жасөспірімдерді өлім апатынан сақтау үшін Ж. бірқатар шараларды іске асырды. Хан бұл арада осалдық та көрсетті. Көптеген қазақ балалары Ресейде христиан дініне жазылды, Хиуа мен Бұхар әмірліктерінде өзбектермен араласып, ұлттық нышандарын жоғалтты. Ханның жаулары осы ахуалды өздерінің ықпалын күшейту үшін ұтымды пайдаланып кетті. 1808 жылдың соңына қарай Ж-нің жағдайы қиындады. Кіші жүз шын мәнінде бұрынғы тұтастығынан айырылды. Бірте-бірте билігі әлсіреген Ж. Ресей үкіметінен қолдау табу мақсатымен Жайық шебіне жақындап қоныстанды. 1809 ж. 2 қарашада Қаратай сұлтан 200 жігітпен кенеттен хан ауылына шабуыл жасап, ауыр жарақат алған Ж. қаза тапты.

Әдеб.: Мейер Л., Киргизы Оренбургского ведомства, СПб., 1865; Крафт И.И., Из киргизской старины, Оренбург, 1900; Терентьев М.А., История завоевания Средней Азии, т. 1, СПб., 1906.

Ж.Қасымбаев

ЖАНТӨРИН Арыстан (т.ж.б. – 8.7.1855, Елек өз-нің бойы, Суыксу деген жер) – Ресейдің отаршылдық саясатына көмектескен сұлтан. Кіші жүзде хандық билік жойылып (1824), Кіші жүз жері үш аум. аймаққа (Батыс, Орт., Шығыс) бөлінгеннен кейін Ж. 1841–55 ж. Орт. аймақты биледі. 1836–38 жылғы Кіші жүз қазақтары ұлт-азаттық кө-

терілісі жетекшілерінің бірі Махамбет Өтемісұлы 1841 ж. ақталғаннан кейін Ж-нің бакылауында болады. Ж. Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісін басуға да қатысқан. 1853 ж. көтерілісті басуға жазалаушы отрядты бастап шығады. 1855 ж. маусымда үлкен жазалаушы отрядты басқарған Ж. көтерілісшілерге қарсы тағы да аттанды. Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісшілермен Ж-нің жазалаушы отряды Елек өз. бойында, Суыксу деген жерде кездеседі. Есет Ж-ге елшілер жіберіп, кері қайтуы туралы ұсыныс жасайды. Арадағы келіссөз нәтижесіз болған соң, көтерілісшілер таңсәриде күтпеген жерден Ж-нің қосынына шабуыл жасап, сұлтанды бірнеше серіктерімен қоса өлтірді.

ЖАНТӨРИН Сәлімгерей Сейітханұлы (1864, бұрынғы Уфа губ. Стерлитамак уезі – 1920, сонда) – қоғам қайраткері, 20 ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі. Орынбор гимназиясында орта білім алып, Мәскеу ун-тінің физика-матем. ф-тін және Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін (1889) бітірген. 1905 жылдан бастап патша өкіметіне



С.Жантөрин

оппозицияда болған саяси күштердің қызметіне араласқан. «Автономияшылар одағын» құруға тікелей атсалысып, 1905 ж. 19 қарашада өткен автономияшылар съезіне қатысты. Кадеттер партиясына («Халық бостандығы») мүшелікке өтті. Бірінші орыс рев. жылдары бүкілресейлік мұсылмандар съезін өткізуді ұйымдастырушылардың бірі болды. Бүкілресейлік мұсылмандардың үшінші съезінде «Ресей мұсылмандары одағы» («Иттифақ ул-муслимин») ұйымының ОК құрамына сайланды. Бірінші Мемл. думаның мүшесі болды. Онда мұсылман фракциясының құрамына кірді. Выборг үндеуіне қол қоюшылардың қатарында болды. Сол үшін патша өкіметі тарапынан айыпталып, 3



ай абақтыда отырды. Ж. өз қаражаты есебінен «Ғалия» медресесіне жәрдем ретінде қаржы бөлді, түрлі оқу орындарында оқитын қазақ жастарына көмек көрсетіп тұрды. 1911 ж. түркі тілдеріне енген араб-парсы сөздері жайлы кітап шығарды. 1916 ж. Мемл. думадағы мұсылман фракциясының жанындағы бюрода қызмет етті. Онда ана тілінде оқыту мәселесіне көп көңіл бөліп, ол жөнінде мұсылман фракциясына нақтылы ұсыныстар жасады. М.Шоқай, С.Мақсұдов, А.Салихов секілді қайраткерлермен бірге майданның жұмысына Түркістан өлкесі мен Қазақстаннан алынған адамдардың хал-ахуалы жайлы мәліметтер жинастырып, оларды мұсылман фракциясына жеткізіп тұрды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі нәтижесінде патша өкіметі құлатылғаннан кейін қалыптасқан жағдайға сай империядағы түркі тілдес мұсылман халықтарының саяси іс-әрекеттерін бір ізге түсіріп, үйлестіріп отыру үшін Бүкілресейлік мұсылман съезін өткізу керектігін жақтады. Осы жылы Уфа губ-нан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Еділ-Орал автономиясының Ұлттық жиналысына (Миллят Меджлиси) депутат болып сайланды. Алашорда үкіметіне қолдау танытып, оның жетекшілерімен тығыз қарым-қатынаста болды.

Әдеб.: Туктаров Ф., Беренче, икенче вэ өченче Думадеги меселман депутатлар һәм аларның қилган эшларе, Қ., 1913; Бигиев М., Ислахат эсасларе, Қ., 1917; Политическая жизнь русских мусульман до февральской революции, Оксфорд, 1985; Шоқай М., Таңдамалы, 2-т., А., 1999.

С.Рустемов

ЖАНЫМХАН Тілеубайұлы (1888, Қытай, Алтай аймағы – 1951) – Қытайда тұратын қазақтар арасынан шыққан қоғам қайраткері. Әкесі абақ керейдің шақабай руының тәйжесі болған. Ж. 23 жасында әке орнын басып, ел басқару ісіне араласады. 1937 ж. қажылық парызын өтеп қайтқан. Ел ішінде мешіт, медресе салдырып, оқу-ағарту ісіне ат салысқан. Ж. 20 ғ. басында Алтай аймағындағы халықты Қытай мен Ресей империяларының екі жақты қысымынан азат ету жолындағы күреске араласты. 1930–40 жылдардағы аймақтағы ұлт-азаттық қозғалыстар тұсында Гоминьдан әкімші. Ж-ды халық өкілі ретінде өз тарапында ұстауға тырысады. Ж. алғашында Алтай аймағы үкіметінің орынбасары, кейін өлкелік үкімет

құрамында қазына министрі қызметін атқарды. Ж. Оспан батыр Исламұлымен бірлесіп ел арасында мұсылман дінін тұншықтырмақ болған коммунизм идеяларына қарсы шығады. Ел еркіндігін, дінді насихаттайтын «Алтай» журналын шығаруға қатысты. 1950 ж. Шығыс Түркістанда коммунистік билік орнағанда Ж. ұлт-азаттық күреске қатысушылардың бір тобын бастап шет елге қашып бара жатқан жолда ұсталады. 1951 ж. Оспан батырмен бірге атылды. Ж-ның артында қалған балалары – Дәлелхан мен Мәжит Үндістан арқылы Түркияға барып тұрақтайды.

У.Қыдырханұлы

ЖАҢАБАЙ Құдайбергенұлы (1865, Жетісу обл. Жаркент уезі, Қырғызсай а. – 12.5.1916, Қырғызстан, Қарақол) – 1916 жылғы Қарқара көтерілісі басшыларының бірі, би, шешен. Анасы Балдай ел арасында белгілі шипагер болған. Ж. Жаркент медресесін бітірген. Сондағы Уәли бай Юлдшев деген саудагердің қолында қызмет ете жүріп, онымен бірге көп жерлерді (Мәскеу, Санкт-Петербург, Бейжің, Омбы, Ташкент т.б.) аралайды. Араб, орыс, қытай, моңғол тілдерін меңгерген. Жаркент мешітін салуға үлес қосқан. 1893 ж. Тоғызбұлақта (қазіргі Ұйғыр ауд-нда) казак-орыс мектебін ашты. Жамбыл, Токтоғұлмен етене араласып, Тұтқа, Көгілдір, Шынар, Жәміха ақындармен сөз жарыстырып, шешендігімен көзге түскен. 1913 ж. Романов әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуына арналған Санкт-Петербургтегі салтанатқа Жетісу өкілдерімен бірге барып, Николай II-нің қабылдауында болды. 1916 жылғы Жетісу өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалысқа белсене қатысып, өзінің қоңырбөрік руының жігіттерін қаруландырып, Қарқара көтерілісшілері қатарына қосқан. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін, Ж. Қарақол (Қырғызстан) абақтысына қамалып, сонда серіктерімен бірге атылған. Алматы обл. Шонжы а-ндағы қазақ орта мектебіне, орт. көшеге Ж. есімі беріліп, ескерткіш орнатылған. *Әдеб.:* Әуезов М., Қилы заман, Қ.-о., 1928; Жұртбаев Т., Бейуақ, А., 1990; Кожухметов К., Историческое значение великого восстания 1916 г. в Казахстане и Средней Азии, «Вестник КазГУ, Серия Востоковедение», 1997, №2.

Қ.Қожа-Ахмет

ЖАҢАҚАЛА – Хиуа хандығының қазақ даласына өз ықпалын нығайту мақсатымен 19 ғ-да салған бекінісі. Сырдария өз-нің сол



жағасына, Райым бекінісінен (қазіргі Қазалы қ.) 70 шақырымдай жерде орналасқан. 1842 ж. қиратылған «Бабажан қорғанының» орнын 1845 ж. хиуалықтар қайтадан қалпына келтіріп, сол жылдан «Жаңақала» (Жаңқала) деп аталған. Ресей өкіметі 1847 ж. Райым бекінісін қайта салғаннан кейін хиуалықтар бұл қорғанды тастап кеткен. 1963 ж. Қаракөл кеңшарының орталығына айналды. Кейін мұнда шаруа қожалықтары ұйымдастырылды. Ж. бекінісі маңында Сырлытам, Әлібек, Торыбай, Түйебай, Ақмырза, Тоғанас, Жандыарал, Қосқала, Қарак, Кекірелі Шірік-Рабат, Мырзағали мешіті сияқты тарихи ескерткіштер бар.

Т.Дайрабай

ЖАҢАӨЗЕН ОҚИҒАСЫ – 1989 ж. маусым айында Маңғыстау обл. Жаңаөзен қ-нда болған жергілікті халықтың бас көтеруі. Бұл әлеум. кикілжіңнің шығуына басқа республикалардан келіп жұмыс істейтіндердің жергілікті халықтың дәстүрлерімен, мүддесімен санаспай, дөрекілік көрсетуі себеп болды. Дүмпу жергілікті тұрғындар мен Кавказдан қоныс аударғандар арасындағы кикілжіңнен басталып, арты қақтығысқа ұласты. Қақтығыс құқық қорғау органдарының араласуымен басылды. Сырттан келгендердің көпшілігі қаладан кетуге мәжбүр болды. Бұл оқиғаның астарында жылдар бойы қордаланып, дұрыс шешімін таппаған тұрғын үй, мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі кезек, жастар арасындағы жұмыссыздық сияқты әлеум. мәселелер, сондай-ақ, мұнай мен газ өндірісін Мәскеудегі орт-тан басқаратын одақтық мин-тердің, әміршіл-әкімшіл жүйенің жергілікті тұрғындар арасынан кадрлар даярламай, жұмыс күштерін республикадан тыс жерлерден әкеліп, жергілікті халықтың мүддесін ескермей жүргізген сыңаржақ саясаты жатты.

М.Райымбекова

ЖАРҚЫНБАЙ батыр (т.-ө.ж.б.) – ел азаттығы үшін күрескен батыр. Кіші жүз алшын тайпасының төртқара руынан шыққан Ж. батыр 19 ғ-да өмір сүріп, Жанқожа батырдың көтерілісіне белсене қатысқандардың бірі. 1841 ж. Жанқожа батырмен бірге Созақ шаһары үшін болған шайқасқа қатысқан. Сауран бекінісін алғанда ол Бердібай батырмен бірге терістік қақпадан 70 жігітпен шабуыл жасаған. Ж. батырдың жерленген жері, ұрпақтары жөнінде дерек жоқ.

Әдеб.: Т. Дайрабаев, «Тоғанас батыр» А., 1992.

Б.Ахметбек

«**ЖАС АЗАМАТ**» – 1918 ж. 5–13 мамыр аралығында Омбы қ-нда өткен жалпықазақ жастарының съезінде құрылған ұйым. «Ж. а.» ұйымы барлық қазақ жастарын біріктіріп, ұлт мүддесін қорғауды мақсат етіп қойды. Ұйымның басқармасы осы съезде сайланды. Төрағалыққа – М.Мырзаұлы, басқарма мүшелігіне – С.Садуақасов, М.Сейітов, Г.Досымбекова, Ә.Байділдин бекітілді. Ұйымның органы – «Жас азамат» газетінің жауапты шығарушысы болып Қ.Кемеңгерұлы тағайындалды. «Ж. а.» ұйымы қазақ жастарын Алаш автономиясын қолдауға, кеңестік биліктің орнауына қарсылық танытуға шақырды. Әдеб.: Садуақасов С., Избранное, А., 1994; Қамзабекұлы Д., Смағұл Садуақасұлы, А., 1996.

С.Рүстемов

«**ЖАС АЗАМАТ**» – қазақ жастарының саяси-қоғамдық, экономикалық газеті. Іс жүзінде қазақ жастарының «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы мен барша алаш жастарының ұйытқысы болған «Жас азамат» ұйымының органы болды. 1918 жылдың 30 шілдесінен 1919 жылдың ақпан айына дейін барлығы 22 саны жарық көрді. Қызылжар қ-нда араб әрпімен басылды. Жауапты шығарушылары – Қ.Кемеңгерұлы, Б.Малдыбайұлы, бастырушысы – «Алаш серіктігі». Газеттің негізгі саяси бағыты оның 1-санында жарияланған бас мақалада айқын көрсетілді. Ол – «ұлт бостандығы, ұлт теңдігі, елдік пен ұлттың тұтастығын сақтау». Бас мақалада: «Жастар!.. Алда жүрген, алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алыңыздар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар!.. Жасасын Алаш Орда! Жасасын Алаштың көшбасылары! Жасасын Алаштың жаужүрек ұлтшыл жастары!» деген ашық ұран тасталды. Газет мақалаларының авторлары көрсетілмеді, жекелеген авторлардың бүркеншік аттары ғана аталған. Негізінен, Ресейдегі саяси жағдай, жер мәселесі, Алашорда үкіметі мен уақытша үкімет қызметі елдегі шаруашылық жайлары, мәдени хабарлар, өлең, фельетондар жарияланып тұрған. Газет Кеңес өкіметі орнаған соң жабылды.

Т.Рсаев

ЖАСАҚ – 1) тайпа көсемінің, ханның, князьдің, корольдің төңірегінде топтасқан жауынгерлердің жалпы атауы. Алғашқы мемл. бірлестіктер пайда болған кезеңнен бастап әр түрлі аймақтарда осындай жауынгерлер тобы құрала бастаған. Ж. мүшелері үздіксіз



жүргізілген соғыстардың нәтижесінде бірте-бірте байып, тайпаның, мемлекеттің әскери-аксүйек топтарына, ірі жер иелеріне айналды. Оқпен атылатын қарулар пайда болып, тұрақты әскер (рекрут, ұлан, т.б.) жасақтала бастағаннан кейін бірте-бірте жойылып кетті; 2) басқа елге жорық жасар алдында, тайпаға не ұлтқа сырттан қатер төнген кезде, сондай-ақ, қоғамдағы әлеум. өзгерістер тұсында халық арасынан өз еркімен жиналып, басқыншыларға не әлеум. әділетсіздікке қарсы көтерілген қарулы қол. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде халық Ж-тарға біріккен; 3) жеңілген елден заттай алынатын алым-салық. 4) КСРО-да қоғамдық тәртіп ережелерін бұзушылармен күресу үшін мемл. органдарға көмектесу мақсатында құрылған ерікті ұйымды «Халық жасақтары» деп атаған.

ЖАСАҚШЫ – жасақ құрамындағы жауынгер. Ежелгі түркі мемлекеттерінде басқа елге жорық жасар алдында астында аты, қолында қаруы бар ер жігіт жасаққа қатысуға ерікті болған. Бірақ жасақ заңы бойынша ол қашан жаудан олжа (ат-тон, қару-жарақ) түсіргенше санда бар, санатта жоқ болып есептелген. Жаудан түскен олжадан үлес алуға құқы болмаған. Бір жауын өлтіргеннен кейін ғана барып санатқа ілінген. Кейін жасақтың басқа түрлерінің мүшелерін де Ж. деп атайтын болған.

ЖАСАУЫЛ – 1) ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі әскербасының қасындағы шабарманы. Ол жорық кезінде әскерді қару-жарақпен, азық-түлікпен, мініс аттарымен қамтамасыз ету, тексеру, бақылау істерімен шұғылданған. Қала қорғанының қақпасын мезгіл-мезгіл ашып-жабатын күзет әскерлерін де Ж. деп атаған; 2) Ж. сөзі 1576 жылдан казак-орыс әскерлерінде әскери атақ, шен ретінде «есауыл» деп қолданылған. Бұл шен 1775 ж. обер-офицер, 1798–1800 ж. атты әскер ротмистрі атағына теңгерілді. 1917 жылдан кейін шен ретінде жойылды.

«ЖАС ТҰЛПАР» – Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастарының бейресми қоғамдық ұйымы. 1963 ж. 7 қарашада Мәскеу қ-ндағы қазақ студент жастарының жиналысында ұйым ретінде рәсімделіп, «Ж. т.» атына ие болды. Ұйымдастырушылары: Ломоносов атынд. Мәскеу мемл. ун-ті жанындағы Шығыс тілдері ин-тының студенті Мұрат Әуезов, Мәскеу энергет. ин-тының студенті Алтай Қадыржанов, Мәскеу мемл. халықар. қатынас-

тар ин-тының студенті Болатхан Тайжанов болды. «Ж. т-дың» алғашқы белсенді мүшелері: М.Тәтімов, С.Байкенов, Қ.Тілеуханов, М.Гильманов, Б.Хисаров, С.Ақатаев, М.Айтхожин, С.Тыныштығұлова, А. және К.Таужанов, А.Сартбаев, т.б. Өз отанының отарлық жағдайын түсінген ұйымдастырушы топтың қазақ қоғамын тәуелсіздікке даярлауды мақсат етіп, саналылықпен жасаған әрекеттері ұлттық-мәдени өрлеу түрінде пайда болды. Ұйымның оқу-білім, мәдени ойын-сауық, лекторлық секторлары сияқты құрылымдары болды. Оқу-білім секторы қазақ студент жастарын өз қамқорлығына алып, олармен тікелей жұмыс жүргізсе, мәдени ойын-сауық секторы Мәскеудің түрлі оқу орындарында оқитын қазақ жастары арасында футболдан жарыстар, туристік жорықтар, мәдени шаралар ұйымдастырды. Лекторлық сектор қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, әлеум., демогр. жағдайлары жөнінде материалдар әзірлеп, жиналыстар өткізді. Осы мақсатпен олар Омбы обл-ның қазақтар тұратын аудандарын, Жамбыл, Оңт. Қазақстан, Қызылорда, Целиноград (қазіргі Ақмола обл.) обл-тарының түкпіріндегі ауылдарын аралап шықты. Ұйымның мәдени шаралары қазақ эстрадасының тууына және қалыптасуына әсер етіп, «Гүлдер», «Айгүл», «Алатау», «Ұлытау», т.б. ансамбльдер құрылды. Бұл ансамбльдердің ұйымдастырушылары – «Ж. т.» ұйымының мүшелері С.Елеусізов пен М.Балтабаев болды. «Ж. т.» ұйымының мәскеулік мүшелерінің тікелей қатысуымен Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург), Киев, Одесса, Рига, Харьков, Павлодар, Қарағанды, Целиноград (қазіргі Астана), Семей, Шымкент, Алматы қ-ларында ұйымның бөлімдері құрылды. Олар Ленинградта «Арай», Қарағандыда «Жас қазақ», Павлодарда «Тың тұлпары», Семейде «Тайшұбар» деп аталды. «Ж. т-дың» ленинградтық бөлімінде С.Құспанов, М.Сембин, Б.Тұрсынов, Е.Садықов, М.Тұманов, А.Сәтпаев, т.б. белсенді жұмыс атқарды. 1966 ж. 5 – 6 ақпанда Алматы қ-нда «Ж. т-дың» барлық бөлімдерінің өкілдері қатысқан слеті өтті. Кіріспе баяндаманы М.Әуезов жасады. Слеттен соң Қазақстан КП ОК-де «ұлтшылдықпен» күрес туралы мәселе көтеріліп, құқық қорғау органдары «Ж. т.» ұйымының мүшелерін қудалай бастады. Алматыда «Ж. т-лықтар» Н.Тілендиев («Жас тұлпардың» әнұранын жазған), Б.Сарыбаев, С.Айтбаев,



М.Мақатаев, А.Сүлейменов, Ә.Әлімжанов, М.Қисаметдинов, А.Медоев, республикамызға жиі келіп тұрған Иштван Коңыр Мандоки сияқты әдебиет пен өнер қайраткерлері тарапынан қолдау тапты. Оқуларын аяқтап, еліне оралған «Ж. т.» ұйымының мүшелері бұрынғыша кездесіп, қоғамдық-саяси қызметін жалғастырды. 1970 ж. Алматы қ-ның көшелерінде поэзия күнін, 1971 ж. ақын Махамбет Өтемісұлын еске алу кешін өткізді. «Ж. т-лықтар» Азия және Африка елдері жазушыларының халықар. конференциясын өткізуге, «Семей – Невада» антиядролық қозғалысының құрылуына да белсене қатысты. *Әдеб.*: История Казахстана. Очерк, А., 1993; Шукуров Ш., Шукуров Р., Центральная Азия (опыт истории духа), М., 1996; «Жас тұлпардың» дүбірі, «Парасат», 2000, №5.

Қ.Жорабеков

ЖӘКІБАЕВ Азамат (1.11.1959, Алматы қ. – 1984, Талғар қ.) – Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйеге, коммунистік диктатураға қарсы шыққан еліміздің ұлтжанды азаматтарының бірі, белгілі театр және кино артисі Қасым Жәкібаевтың ұлы. 1978 ж. 20 қаңтарда 18 жастағы бозбала Алматы қ-нда Кеңес үкіметіне қарсы ұнпарақтар таратқан. «Жойылсын кеңес үкіметі!», «Азаттық, теңдік жасасын!» және т.б. ұрандар жазылған ұнпарақтарды тарату үстінде Мемл. қауіпсіздік к-тінің қызметкерлеріне ұсталып, тергеу изоляторына қамалды. Мемлекетке қауіпті деген айып тағылды. Сол жылы сәуір айында өткен сот үкімімен сап-сау Ж-ты психикалық ауытқушылығы бар деп Алматы обл. Талғар қ-ның жындыханасына күштеп жақтырды. Оны дәрі-дәрмекпен улап, ақыры өлтіріп тынған. ҚР Жоғ. соты Ж-ты 1993 ж. 1 қарашада ақтады.

Д.Наушабай

ЖӘМЕҢКЕ Мәмбетұлы (1838, Жетісу обл. Жаркент уезі – 10.8.1916, Қырғызстан, Қарақол қ.) – батыр, Жетісудағы 1916 жылғы *Қарқара көтерілісі* жетекшілерінің бірі. Жастайынан өткірлігімен, шешендігімен көзге түсіп, 18 жасынан билікке араласып, әділдігімен елге танылған. Ж. Қарқара қазақтары мен Ыстықкөл қырғыздарының ақылгөй ағасы атанған. Туысқан екі елдің достығы мен бейбітшілігін сақтап, нығайтуға көп еңбек сіңірген. 1909 ж. Нарынқолда қазақ балалары үшін орысша-қазақша оқитын мектеп ашуға ат салысты. Патша үкіметінің 1916 ж. 25 маусымдағы жарлығына орай

туындаған жағдайға байланысты Нарынқол-Шарын өңіріндегі албан тайпасының 16 болысының өкілдері Қарқара жәрмеңкесінің шығыс жағындағы төбенің үстіне жиналып мәжіліс өткізді. Мәжілісті Ж. бастап ашып, ол патшаның жарлығына қарсы шығып: «... бізден бала сұрайды. Қара жұмыс істеміз деп жақақтады. Қолдан шыққан соң соғысқа айдап салмай не қылады. ... патшаның жарлығын орындамаймыз!» – деп сөз сөйледі. Осы мәжілістен кейін халық бұқарасы патша үкіметінің билік орындарына бағынудан бас тартты. 11 шілде күні Қарқара жәрмеңкесінде жиналған халықтың алдында Ж. Нарынқол – Шарын бөлімшесінің бастығы Подворковке қазақ халқы ресми түрде патша жарлығын орындамайтынын мәлімдеді. Ж-ге Ұзақ Саурықұлы, Жанабай Құдайбергенұлы, т.б. ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушылар қолдау көрсетті. 22 шілде күні бөлімше бастығы Подворков Ж. мен Ұзақ Саурықұлын, 10 күннен кейін жәрмеңкедегі жиында белсенділік көрсеткен бір топ адамды тұтқынға алып, Қарақол түрмесіне айдатады. Түрмеге түскеннен кейін уезд бастығы полк. Иванов олардан патша жарлығын орындауды талап етеді, Ж. бастаған қозғалыс жетекшілері бұл шарттан бас тартты. Патша жеңдеттері 9 тамыз күні Ж-нің тамағына у қосып береді де, 10 тамыз күні Ж. қайтыс болды. Ұзақ Саурықұлы қайтыс болған Ж-ні құшақтап отырып: «Жан жолдасым Жәмеңке» деп басталатын жоқтау айтқан. Марқұмның денесі Ыстықкөл аймағындағы Қарақол-Ата деген жерге жерленген. *Әдеб.*: Әуезов М., Қилы заман, Қ.-о., 1928; Жұртбаев Т., Бейуақ, А., 1990; Қарқара айбаты: (Құжаттар мен материалдар жинағы), А., 1991; Тәнекеев С., 1916. Ереуілтөбе әсерлері, А., 1994.

Ш.Тілеубаев

ЖӘНІБЕК ХАН, Әбу Сайд (15 ғ-дың басы – 1470) – Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі, Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның кіші ұлы. 1457–58 ж. туысы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. Керей ханнан соң 1465/66 жылдан 1470 жылдардың басына дейін Қазақ хандығының екінші ханы болды. Тарихи жазба деректерде Ж. х. есімі «Хандар шежіресінде» Қазақ хандығының құрылуына байланысты кездеседі. 1428 ж. әкесі Барақ хан (Ақ Орда ханы) өлген соң, Дешті Қыпшақтағы саяси билік Әбілхайыр ханға өтті. 1457 ж. жаздың соңында Әбілхайыр хан



Сығанак түбінде қалмақтардан жеңілгеннен кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандар қарамағындағы ұлысымен Моғолстанға көшеді. Көшуге тарихи аңыз бойынша, Қобыланды батыр мен Ақжол би арасындағы дау-жанжал себеп болған. Жазба деректер мәліметі бойынша Керей мен Жәнібектің қалмақтарға қарсы әскер жию туралы Әбілхайыр ханның жарлығына құлақ аспауы және екі сұлтанға хан тарапынан қауіп-қатердің төнуі – олардың өз ұлыстарымен бірге көшпелі өзбектер мемлекетінен кетуге мәжбүр етеді. 1457 ж. күз айының соңында көшіп келген екі сұлтан ұлыстары Шудың төм. бойында қыстап шығып, 1458 жылдың ерте көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. 1465/66 жылы Керей хан қайтыс болғаннан кейін

ғының билігі орнады. Ж. х. 15 ғ-дың 70-жылдары ішінде қайтыс болған.

Әдеб.: «Тауарих-и гузида-йи нусрат нама», Бинаи, «Шайбанинама», Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII вв., А.-А., 1969; Әбілғазы, Түрік шежіресі, А., 1993; Қадырғали Жалайыр, Түрік шежіресі, А., 1997; Мырза Мұхамед Хайдар Дулати, Тарих-и Рашиди, А., 1999.

Б.Кәрібаев

ЖӘҢГІР (1801 – 9.6.1845) – Бөкей ордасының ханы (1821/23–45), Бөкей ханның баласы. Бөкей қайтыс болғаннан кейін (1815) хан тағы мұрагерлік жолмен Ж-ге берілген. Алайда Ж. жас болғандықтан, ол ержеткенге дейін ордадағы билік Бөкей ханның інісі Шығай сұлтанға тапсырылады. Ж. 1823 жылға дейін Астрахан губернаторы Андреевский-



Жәнібек хан



Жәңгір хан

Жәнібек хандық билікке келеді. Бұрындық ханның билік құрған жылдарын есептегенде, Қазақ хандығының билігі осы кезден бастап Ж. х-ның ұрпақтарына толық көшеді. 1469 жылға дейін Қазақ хандығының халқы Әбілхайыр ханның қарсыластары есебінен өсе түседі. 1463 ж. Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан соң, көшпелі өзбектер мемлекетіне Сібірден – Ибақ хан, Алтын Ордадан – Ахмет хан, Ноғай ордасынан – Мұса мен Жанбыршы билер, Хорезмнен – Береке сұлтан, ал Қазақ хандығынан Ж. х. қарсы шығады. 1470 жылдың басында Шайх-Хайдар хан өлтірілген соң, көшпелі өзбектер мемлекеті толығымен күйреп, Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде Ж. х. басқарған Қазақ ханды-

дің үйінде тәрбиеленіп, еуропаша білім алды, хандықты әкімш. жағынан басқару әдісін үйренді. Ж. орыс, татар, неміс тілдерін білген. Ж. билік еткен тұста Бөкей ордасында сауда жәрмеңкесі (хан жәрмеңкесі) ұйымдастырылып (1832), дәрігерлік бөлімше, 1838 ж. дәріхана, мұрағат ашылды, хандықтың алғашқы картасы жасалды. 1841 ж. Ж. хан өз қаражатына мектеп ашып, онда М.-С.Бабаянов, М.Бекмұхамедов, К.Шығаяев, т.б. білім алған. Ж. сол жылы Қазан ун-тінің жанындағы ғыл. кеңеске мүше болып сайланып, 1843 ж. ген.-м. атағын алады. 1844 ж. Қазанда Ж-дің «Мұхтасар әл-фикғайат» аталатын еңбегі жарық көрді. Ж. асыл тұқымды жылқы өсірумен, қазақ шежіресін

ЖӘУКЕ



жинаумен шұғылданды. Ж. хан тұсында Бөкей ордасында басқарудың жаңа жүйесі енгізіліп, билер басқарған 12 әкімші орталыққа бөлінді. Билер мен хан өкілдері кеңесі, тархандар институты қайта құрылды. Бірақ Бөкей ордасында қалыптасқан күрделі экон. және саяси жағдай Исатай Тайманұлы пен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліске себеп болды (1836–37). Ж. Ресей әскерінің күшімен көтерілісті басуға басшылық етіп, жеңілген көтерілісшілер жазаланды. Ж. хан кенеттен белгісіз жағдайда қайтыс болған соң, Бөкей ордасындағы хандық билік жойылып, басқару жүйесі қайта құрылды. Ж. ханның өлімінен соң көп ұзамай ханның 3 әйелі, балалары Сақыпкерей, Сейіткерей, Ибрагим Исмаил, Ғайшы, т.б. туған-туыстары қаза табады.

Әдеб.: Зиманов С., Россия и Букеевское ханство, А.-А., 1982.

Ш.Аманжолова, С.Әжіғалиев

ЖӘУКЕ Назарғұлұлы (1822, Қостанай обл. Амангелді ауд. Ақшығанақ қонысы – 1904, сонда) – Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күрескен батыр. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының төлек руынан шыққан. Ол Ресей империясының отар-

шылдық саясаты мен озбырлығына қарсы қазақ ханы Кенесары Қасымұлының көтерілісіне 1838 жылдан кейін қосылған. Бұл кезде хан қолы Торғай, Ырғыз өңіріне қарай ығысқан. Кенесары сарбаздарының отаршылдармен Өлкейек өз. бойындағы, Толыбай, Балапан мекендеріндегі қақтығыстарында, Ресей үкіметінің жандайшабы Ахмет Жантөрин отрядына қарсы 1844 жылғы соғыста, Екатеринбург ст-на шабуыл кезінде ерекше көзге түскен. Халық қамын ойлаған батыр қара қылды қақ жарған әділдігімен, ақыл-парасатымен де ел құрметіне бөленген. Ақын Н.Ахметбековтің «Қарға» дастанында Ж. батырдың көркем тұлғасы сенімді өрнектелген.

Әдеб.: Кенжалин Ж., Жәуке батыр, А., 1994.

Т.Рсаев

ЖЕБЕ – 1) садақ оғының ұшы. Кейде оқтың өзін де Ж. деп атайды. Ж-ні алғашында тас-тан, сүйектен, кейін қола мен темірден жасаған. Темірден жасалынған Ж-лер 19 ғ-дың ортасына дейін қолданылды. Түркі халықтарында Ж-лердің «қозыжауырын», «сауыт-бұзар», «үш қырлы», «доғал оқ» деген түрлері бар. Жасалған темірлеріне қарай «сұр жебе», «көк жебе», сабының ұзындығына қа-



Жәуке батыр ескерткіші



Жебе

рай «сай кез оқ», «кез оқ» «он екі тұтам», сабының ағашына байланысты «ку жебе», «қайың оқ», «тобылғы сапты оқ» деген атаулары бар; 2) найзаның ұшы; 3) жаудың жолына құрылатын тікенек темір.

Әдеб.: Ахметжанов Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Қ.Ахметжан

ЖЕКЕ АУЫЗ, б і р а у ы з, к а н д ы а у ы з, ж е з д і а у ы з – шиті мылтықтың бір түрі. Ертректе қазақ ұсталары қолдан соққан. Бір ғана оқпен атылады және оғын оқпанының аузынан салады. Ж. а. – құндақ, оқпан, шүрпі, шаппа, сирақ секілді бөліктерден тұрған.

ЖЕКПЕ-ЖЕК – 1) жеке батырлар шайқасы. Ежелгі және орта ғасырларда, сондай-ақ қазақ-жонғар соғысында, ұрыс алдында қарсыластар шеп құрып тұрып, екі жақтан ортаға бір-бірден батыр шығарған. Шарт бойынша олар ағы-жөндерін сұрасып, қалай соғысу тәсіліне (атыспақ, алысбақ, жұлысбақ, қылыштасу, найзаласу, т.б.) алдын ала келісіп алған және кімнің батыры жеңілсе, соның әскері тізе бүгетін болған. Ж.-ж. шайқастары қазақ халқының қаһармандық эпостарында («Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», т.б.) зор шабытпен жырланған; 2) адамның күшін, шеберлігін, әдіс-айласын сынайтын бәсеке. Көптеген халықтардың ұлттық ойындарында кездеседі. Ж.-ж. қазіргі спорт жарыстарында (күрестің барлық түрі, бокс) межелі салмақ категориясы бойынша (семсерлесуден басқасы) өткізіледі.

ЖЕЛТОҚСАН, декабрь (лат. december, deset – он) – күнтізбелік жылдың 12-айы (31 тәул.), қыстың 1-айы. Бұл термин «жел» және «тоқсан» сөздерінен құралған. Ж. кейде тоқсан деп те аталады. Қазақ халқының ХХ ғасырдағы соңғы ұлт-азаттық көтерілісі (1986 ж.) «Желтоқсан көтерілісі» деген атпен тарихта қалды.

«**ЖЕЛТОҚСАН**» – қоғамдық-саяси ұйым. 1989 жылдың жазында құрылған. Ұйымның мақсаты 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды ақтау, көтеріліске әділ саяси баға беру болды. Ұйым өкілдері 1989 жылдың 16 желтоқсанында Алматыдағы 4 жоғары оқу орнында, одан соң 12 қаңтарда Алматы мақта-мата комб-ның мәдениет сарайында жұртшылықпен кездесулер өткізді. 1990 ж. 10 қаңтарда ұйым өкілдері Қазақстан Компартиясы Орг. к-тінің 1-хатшысы Н.Назарбаевтың қабылдауында болды. Осыдан соң «Ж.» ұйымы ашық түрде жұмыс істей бастады. 1990 ж. қаңтарда өткен жиналыста ұйым төрағасы болып Х. Қожа-Ахмет сайланды. 1990 ж. 29–30 маусым аралығында Қазақстанның 6 облысы мен Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан қоғамдық ұйымдарының 80 өкілі қатысқан съезде

«Ж.» ұлттық-демокр. партия болып жарияланды. Сол жылы күзден «Желтоқсан» газеті шығарылды (1990–95 ж. аралығында газеттің 16 саны жарық көрді). 1991 ж. 29 қаңтарда Алматыда «Ж.» партиясының 2-съезі өтті. 1992 ж. 27 қазанда «Ж.» адам құқығы мен бостандығын қорғау к-ті болып қайта тіркеуден өтті. 1994 ж. «Ж.» к-ті жабылып, «Ж.» саяси ұйым ретінде өз жұмысын тоқтатты.

Х.Қожа-Ахмет

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ – 1986 ж. 17–19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық қимылдары. Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов обл. партия к-тінің 1-хатшысы Г.В. Колбинді Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1-хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. 17 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 8-де қаладағы Л.И. Брежнев атынд. алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті. Бірақ көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқ асты етіліп, «бұ-



Желтоқсан көтерілісінен көрініс

зақыларды» күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді. КСРО ПМ-нің №0385 бұйрығы негізінде дайындалған «Құйын – 86» операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды. 18 желтоқсан күні алаңға қайта жиналмақ болған көтерілісшілерге қарсы әскер күші қолданылды. Көтерілісшілердің қалған топтарын ығыстыру үшін жедел отряд, милиция мен жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала көшелеріне аттанды-



рылды. Осы әскери күштер 19 желтоқсан күні қаланың әр тұсында қайтадан шеруге шықпақ болған 6 топты басып, таратты. Алаңдағы көтерілісшілер таратылған соң ішкі істер бөлімдеріне 2401 адам жеткізілген (Алматы түрмесіне сыймағандықтан, қала сыртына апарып тасталғандарды қосып есептегенде барлығы 8,5 мың адам ұсталған). Ж. к. құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдікүлов, Л.Асанова сынды

нәбілов), «Желтоқсан құрбандарын жоқтау», «Ер намысы – ел намысы» жинақтары, К.Тәбейдің «Мұзда жанған алау», Т.Бейісқұловтың «Желтоқсан ызғары» кітаптары мен «Желтоқсан» (бас редакторы Х.Қожа-Ахмет) газеті жарық көрді, «Аллажар» (1991, реж. Қ.Әбе-нов), «Қызғыш құс» (1991, Т.Теменов) кинофильмдері түсірілді.

Х.Қожа-Ахмет

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗАЛАНҒАНДАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІ. 1986 ж.

17–19 желтоқсан күндері қазақтың көптеген студент-жұмысшы жастары Алматыдағы Л.Брежнев атынд. алаңға (қазіргі Республика алаңы) шығып, Қазақстан КП ОК 1-ші хатшылығына Г.Колбиннің тағайындалуына наразылық білдірді. Қалалықтарды Кеңестік ұлт саясатын бұрмалаушыларға қарсы осы шараға қатысуға шақырған жүздеген үгітшілер бірнеше көшелермен жүріп өтті. Ол өз нәтижесін берді. 18 желтоқсанда алаңға 20 мыңдай адам жиналды. Оларға қарсы Одақтың қалаларынан арнаулы жазалаушы әскерлер шұғыл жеткізілді. Дайындықтан өткен әскер саперлік күрекпен, резенке таяқтармен, т.б. құралдармен жабдықталды. Жастарды тарату үшін өрт сөндіретін машиналармен қақаған аязда жиналғандарға су шашып, оларды ашындырды. Соның салдарынан «Әр ұлтқа – өз басшысы» ұранын көтерген бейбіт шеру күштік құрылымдармен қақтығысқа барып, соңы екі жақтың майданына ұласты. Шерушілерді елдің басқа қалаларының (Өскемен, Павлодар, Қарағанды, Семей, Талдықорған, Жезқазған, т.б.) жастары да қолдады. Тарихқа «Желтоқсан көтерілісі» деген атпен енген бұл жаппай ұлттық наразылық әскери күшпен басып жанышталды. Көптеген қазақ жастары алаңда соққыға жығылып, ауыр жарақаттар алды. Олардың бір бөлігін ұрып-соғып, қаланың сыртына апарып тастады. Жүздеген студенттер мен жұмысшылар тергеуге алынып, көпшілігі әртүрлі мерзімге жазаға кесілді. Біразы қашып кетіп, ауылдарында ауруға шалдықты, өлім құшты. Олардың санын ешкім нақты айта алмайды. Алғашында олар заң орындарының қудалауынан қорқып айтпады. Қазір де айтпай, жасырын қалғандар, ақталғандар да жеткілікті. Талай жастар оқудан шығарылып, жұмыстан қуылды. Алматының Республикалық мұрағатынан мына төмендегі адамдардың сотталғаны туралы деректер



Желтоқсан көтерілісіне қойылған ескерткіш

ержүрек қазақ жастары бар. Желтоқсанның 19–23 аралығында халықтың наразылық шерулері мен митингілер Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Қарағанды, Арқалық, Павлодар, Жамбыл, Талғар, Сарқант, т.б. қ-лары мен Сарыөзек, Шамалған, Шелек елді мекендерінде жалғасты. Ж. к-не КОКП ОК-нің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Ж. к. туралы шындық қалпына келтіріліп, бұл жөнінде «Желтоқсан. 1986. Алматы.» (құраст. Т.Өтегенов, Т.Зей-

алынды. Жазаға ұшыраған осы ұлтжанды азаматтардың қолда бар қысқаша деректері (туған жерлерінің атаулары мұрағат құжаттары бойынша қалдырылды) мынандай:

1. Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы – 1966 жылы 13 наурызда Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. Құмөзен а-нда туған, Алматы Сәулет-құрылыс ин-тының І-ші курс студенті болды. Ату жазасына кесілген. Кейін 20 жылға түрмемен ауыстырылды. Семейдегі түрмеде қаза тапты.

2. Ташенов Түгелбай Тұржанұлы – 1961 ж. Қарақалпақ АКСР-і Қоңырат қ-да туған. Құрылыс-монтаждау басқармасында (ҚМБ-37) ағаш шебері болып еңбек етті. Құрылыс техникумының 3-курста оқыды. 15 жылға сотталды.

3. Көпесбаев Ертай Тәңірбергенұлы – 1960 ж. туған, 4 жылға сотталды.

4. Тайжұмаев Жамбылбек Қожамқиярұлы – 1962 ж. Жамбыл обл. Жамбыл а-нда туған. 15 жылға сотталды.

5. Күзембаев Қайырғелді Қалияқпарұлы – 1959 ж. Көкшетау обл. Еңбекші ауд. Степняк қ-да туған. 13 жылға сотталды. Осы бесеуіне 10 том іс арналыпты.

6. Сәбитова Жансая Әлкейқызы – Алматыдағы орта мектептің физика пәнінің оқытушысы. 5 жылға сотталған. Соттың үкімінде ол туралы: «Сабитова Ж.А. пошла против государства, против власти, против русского народа. Согласно показаний Сабитовой Ж.А., которые она ни разу не меняла, она действительно вечером 18 декабря 1986 года готовила плакаты» деп жазылып, Жансаяның соттағы мына батыл сөздері тіркеліпті: «Я не отрицала и не отрицаю, что изготовила листовки и плакаты. Мотивы для таких действий были таковы: 1. Неправильно решенный национальный вопрос, послуживший предпосылкой для сталкивания вполне дружественных народов; 2. Идентичность негативных явлений по всему Союзу и непонятно почему поставили в пример Казахстан – Россия; 3. Очевидная односторонность в оценке, происходящих событий, данная в официальном совещании по радио 18 декабря 1986 года после 20-00 часов, в частности обвинение молодежи, самой безвинной части советского общества, которую увещали теоретически честными, справедливыми, гуманными и всеми другими высокими моральными принципами, а на практике показывали примеры совершенно противопо-

ложные и опять оказались виновными меньше всех виноватые. Мне становится ясным теперь, что многие в том числе и я, не имея возможности высказать свое мнение по происходящим событиям оказались на скамье подсудимых. Этот факт находится в глубоком противоречии с теоретическими концепциями наших законодательных органов – не создавать условий для выступлений, когда же это будет на практике».

7. Уақов Аркен Батталұлы – Мәскеудің ин-тын, геология барлау ин-тының аспирантурасын 1965–66 ж. оқып бітіріп, техника ғыл. канд. атағын қорғады. 1966 жылдан Қазақ политехникалық ин-тында, Қазақ МУ-да, Алматы Сәулет-құрылыс ин-тында ұстаздық қызмет еткен. 1975 жылдан Торғай геология барлау экспед-ның бас инженері болды. Екі ірі монография жазып, бұрғылау ісіне жаңалық енгізген. Ол сотта 4 мәселемен жауапқа тартылды. Әртүрлі сылтаумен өз басын, «Желтоқсан көтерілісінің қозғаушы күші, ұйымдастырушысы» деп Мәскеуден арнаулы МҚК қызметкерлері келіп 2 жыл бойына істі тексерді. Оның бұрынғы істеген жерлеріндегі әріптестерінен, тіпті Одақтың әр түкпіріне кетіп қалғандардан да жауап алынды. Шовенистік көзқарастағылар тергеуде оны қаралап көрсетті. «Студенттерді ұлтқа бөлді, қазақ балаларына ерекше құрмет көрсетті, орыстарды кудалады, «сабақты қазақша жүргізу керек» деді, – деп те айыптады. Уақовқа тағылған айыптар мыналар: «1. Обвинение в организации массовых беспорядков. «В приговоре указывается, что Уваков будучи недовольный решением V Пленума ЦК Компартии Казахстана движимый националистическими чувствами, прибыв на дежурство в ночь с 17 на 18 декабря 1986 года после 12 часов ночи в общежитие №1 (ААСИ) в присутствии преподавателей Адилова М.Ж., Касымбаева М.И., Парамзина А.М., студентов Оспанова Е., Амиржанова Б.К. и Ахимова О.Х. клеветнически описывая события, происходящие на площади им.Брежнева, разжигая националистические настроения, при этом Уваков упрекал присутствующих в том, что они не вышли на площадь и не присоединились к студентам. 2. Обвинение в нарушении национального равноправия. Указанное обвинение по приговору суда заключается в следующем: «При приеме экзаменов у студентки Смирновой, которая изменила свою фамилию Ерма-



гамбетова на Смирнову, подчеркивал национальную исключительность казахского народа, нанес ей оскорбления, говоря, что русские заполонили весь Казахстан, вас русских надо гнать из республики...». 3. Обвинение в получении взятки. Суд признал установленным получение взятки от г.Афонина в виде кафельной плитки, стоимостью 208 руб.50 коп. Уваков заявляет, что кафельную плиту он купил у неизвестного гражданина. Афонин по поводу передачи кафельной плитки дает противоречивые показания, неожиданно Афонин изменил свои первоначальные показания». Уақов 7 жылға сотталып, оның екі жылын Магаданда өтеді. Оның ісінің сәтті аяқталуына қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың еңбегі зор болды.

8. Салихова Нағима Асқарқызы – 1962 ж. 23 шілде Семей обл. Көкпекті ауд. Құмған а-нда туған, компартия мүшесі болған. Алматы басқимдер ф-касында (АБФ) бухгалтер-оператор болып еңбек етті. 1986 жылдың 19 желтоқсанында тұтқындалып, 3 жылға сотталған. Тергеу ісіндегі Н.Салихованың көтеріліс күндеріндегі әрекеті былай хатталған: «Подсудимая Салихова Н.А. узнала 17 декабря 1986 года на работе и посетив общежитие женского педагогического института о происходящих в городе массовых беспорядках прибыла, с проживающей с ней в одной комнате в общежитии Алма-Атинской фабрики головных уборов Калимовой А.Г. 10 часам в сказанное выше общежитие, из националистических побуждений в целях продолжения массовых беспорядков и вовлечения в них работников фабрики, являясь членом партии и пользуясь связями и с этим определенным авторитетом, собрала группу работниц и сказала: «На площади представители власти избивают студентов», возбуждая националистические чувства призывала их к неподчинению органам гос.власти и администрации фабрики не выходить на работу, а идти на площадь. Второй эпизод: В решениях суда: ...Лично ее Председатель профкома Кучина вытасила из толпы, она обратилась к ней со словами: «Нагима, ты же коммунистка, что ты делаешь». Она пыталась удержать ее, но та ее не послушалась и присоединилась к толпе, которая уже сорвала замок на двери. Вместе с ними направилась на площадь, но в пути следования их разогнали. Она в суде заявила: «Кто дал право избивать студентов! И я и они выразили

свое мнение. За что судить будете?!». Қазақтың қайсар қызының алаңдағы, сот алдындағы өжет, батыл әрекеті тарихи құжатқа осылай тіркелді.

9. Бисембаев Ерлан Берманұлы – 1964 ж. Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Ленинск совхозында туған. 7 жылға сотталып, соңынан 2 жылға ауыстырылды. Соттың шешімінде 17 желтоқсан күні Алматы мал дәрігерлік ин-тының студенттерімен алаңға келген ол туралы істе: «...В пути следования Бисембаев, находясь во главе колонны выкрикивал вместе с толпой националистические лозунги, длительное время нес в руках лозунги, содержание которых призывало к соблюдению равноправия всех граждан, независимо от национальности, утверждая, что это равноправие в Казахстане не соблюдается. В лозунге слова В.И.Ленина: «Ни одной привилегии ни одной нации, ни одному языку» – деп жазылған.

10. Тілегенов Жармұхамет Қажымұхамбетұлы – 1954 ж. 3 тамызда Қостанай обл. Орджоникидзе а-нда туған. Алматы Мемл. театр ин-тының 4 курсына оқыған. 5 жылға сотталған. Соттың шешімінде: «17 и 18 декабря 1986 года в г.Алма-Ате на площади им.Брежневa принимал активное участие в массовых беспорядках, а в 10-11 часов 18 декабря 1986 года на пересечении улиц Фурманова и Сатпаева собралась значительная толпа вооруженная палками и продолжала бесчинствовать. Тлегенов Ж.Х. выступил в роли организатора и подстрекателя массовых беспорядков» деп көрсетілген.

11. Сарсембекова Раиса Мырзабекқызы – 1963 ж. 23 желтоқсанда Павлодар обл. Екібастұз қ-нда туды. Қарағандыдағы жүк тасымалдайтын көлік басқармасында бухгалтер-ревизор болып еңбек еткен. 2 жылға сотталған. Соттың шешімінде былай депті: «Сарсембаева Раиса Мурзабековна, казашка по национальности, узнав из опубликованного в печати сообщения о состоявшемся 16 декабря 1986 года в г.Алма-Ате V Пленуме ЦК Компартии Казахстана, который избрал Первым Секретарем ЦК Компартии Республики русского по национальности, а также узнав о националистических выступлениях некоторой части студенческой молодежи в городах Алма-Ате и Караганде против принятого Пленумом решения, организовала 19 декабря в 23-00 часа 30 минут в комнате отдыха общежития Карагандинской обувной



фабрики и перед собравшимися высказала свое недовольство избранием на пост Первого Секретаря – Колбина. Сарсембаева с целью возбуждения национальной вражды и резни, стала пропагандировать якобы имеющее место принижения русскими – казахской национальности и культуры. Агитировала собравшихся не выходить на работу и выступить в поддержку студентов...»

12. Әлиева Раушан Қинаятқызы – 1964 ж. 8 қарашада Қарағанды обл-ның Ақтас а-нда туған. Қарағанды ун-тінің денешынықтыру факультетінің 5-ші курс студенті. Оқудан шығарып тастаған. Соттың шешімінде: «Алиева с целью возбуждения национальной розни стала пропагандировать якобы имеющее место принижения русскими национального достоинства казахов и агитировал их выйти 20 декабря 1986 года к зданию Карагандинского обкома. Говорила о том, что каждая нация имеет право устраивать свою жизнь, так как сами этого захочет» делінген. Қарағанды обл-тық сотының ұйғарымымен 1 жылға бас еркінен айрылды.

13. Нүкенов Аманкелді Теміршатұлы – 1964 ж. 21 наурызда Павлодар обл. Железинск ауд-ның Захаровка а-нда туған. Целиноградтың а.ш. ин-тының 2 курсынан оқудан шығарылды. Жатақхана студентінің төрағасы болған. Соттың ұйғарымында: «... В результате работниками милиции задержаны и доставлены в Ленинский РОВД г. Целинограда более 170 человек. Из них 46 студентов сельскохозяйственного института, 16 студентов автотехникума и т.д. Нукенов ходил по институтам, техникумам агитировал студентов выходит на площадь возле Обкома партии. Нукенов А.Т. в результате принятых руководством сельхозинститута мер, из общегития выпущен не был. Целиноградский областной суд (Коллегия по уголовным делам) приговорил: Нукенова Амангельды Темиржановича – признать виновным и подвергнуть к лишению свободы по ст.170-3 УК Казахской ССР к 3 годам с содержанием в исправительной трудовой колонии общего режима» деп жазылған.

14. Иманбаев Ермек Қаштайұлы – 1966 ж. 2 қарашада Алматы обл. Талғар ауд. Калинин а-нда туған. АКТУ (СПТУ) – 4-тің оқушысы. 3 жылға сотталды.

15. Айтмырзаев Құрманғазы – 1964 ж. 7 қаңтарда Қарақалпақ АКСР-і Ташауыз ауд. Тельман а-нда туған. 4 жылға сотталды.

16. Иманғабыев Бактыбек Жұмабекұлы – 1965 ж. 10 наурызда Жамбыл обл. Қордай ауд. Қызылсай а-нда туған. АКТУ-дың оқушысы. 3 жыл 6 айға сотталды.

17. Сейтінбетов Усіпхан Әбдікәрімұлы – 1965 ж. 5 наурызда Шымкент обл. Келес ауд. Чапаев а-нда туған. Қазақ театр ин-тының 4 курсы студенті. 3 жылға сотталды.

18. Капетов Амантай Дүйсенұлы – 1963 ж. 28 қаңтарда Шымкент обл. Кентау қ-нда туған. Қазақ театр ин-тының студенті. 3 жылға сотталды.

19. Қасенбаев Мейрамғазы Жаппарұлы – 1962 ж. 7 қарашада Семей обл. Шар қ-нда туған. 2 жылға сотталды. Соңғы бесеу ұлтшылдықты дәріптеген 6 ұнқағазды (лозунг) жазған.

20. Сағынаев Асқар Шаяхметұлы – 1966 ж. 24 наурызда туған. Целиноград педагогика ин-тында оқыды. Целиноград обл-тық соты 1987 ж. 16 ақпанда шизофрения ауруынан еріксіз түрде емдеуге жіберілсін деген ұйғарым шығарыпты

21. Саркенова Анар Жеңісханқызы – 1968 ж. 11 қазанда Шығыс Қазақстан обл. Қатонқарағай ауд. Медведка а-нда туған. Талдықорғанда заң техникумында оқып жүрген 18 жастағы жас қызды 1 жыл 6 айға соттаған.

22. Қожахметов Хасен Кәрімжанұлы – 1949 ж. 9 тамызда Талдықорған обл. Бөрлітөбе ауд-нда туған. Қазақ теледидары мен радио к-тінде музыка бағдарламасының редакторы болып қызмет атқарған. Кеңес билігінің солақай ұлт саясатына қарсы болып, ой-пікірін ашық білдірген оны 1977 ж. 2 жылға, 1978 ж. шартты түрде 7 айға соттаған. Желтоқсан көтерілісіне байланысты оған сомынандай үкім шығарған: «Суд установил: Подсудимый Кожаметов Х.К. являлся одним из организаторов подстрекателей и активным участником массовых беспорядков, происходящих 18 декабря 1986 года на улицах г.Алматы при следующих обстоятельствах. Приговорил: Кожаметова Х.К. признать виновным в совершении преступлений, предусмотренных ст.ст.65 и 60 УК Каз.ССР и назначить по ст.60 УК Каз.ССР 2 года лишения свободы. В соответствии со ст.37 УК Каз.ССР окончательно отбытие определить путем поглащения менее строгого наказания более строгим – 4 года лишения свободы с отбыванием наказания в ИПК строгого режима.



23. Қуандықов Ермұхамет Әбдікәрімұлы – 1963 ж. 17 қаңтарда Шымкент обл. Түркістан ауд. Жданов ұжымшарында туған. ҚазМУ-дың 3- курс студенті. 5 жылға сотталған.
24. Бекбосынов Аскарбай Әбілдаұлы – 1966 ж. Қызылорда обл. Арал ауд. Қойбашы а-нда туған. Алматы құрылыс техникумында оқыған. 2 жылға сотталды.
25. Абылқайрова Гүлнар Бердіқожақызы – 1964 ж. 12 ақпанда Алматы обл. Кеген ауд. Сумбе а-нда туған. Алматы баскиімдер ф-каның (АБФ) тігіншісі. 13 жылға сотталды.
26. Паникова Гүлбира Төлебайқызы – 1966 ж. 2 маусымда Шығыс Қазақстан обл. Үлкен Нарын ауд. Ново-Березовка а-нда туған. Аталған фабрикада (АБФ) істеді. 12 жылға сотталған.
27. Шимаева Ғалимат Әбенқызы – 1964 ж. 24 қыркүйекте Алматы обл. Жамбыл ауд. туған. Аталған фабрикада (АБФ) тігінші болып еңбек етті. 12 жылға сотталды.
28. Рахымжанова Гүлмира Алпысханқызы – 1966 ж. 18 шілдеде Семей обл. Жарма ауд. Георгиевка а-нда туған. Осы фабрикада (АБФ) тігінші болды. 2 жылға сотталды.
29. Лепесбаева Гүлнар Сабырғалиқызы – 1964 ж. 29 наурызда Алматы обл. Балхаш ауд. Қараой а-нда туған. Осы фабрикада (ФБФ) тігінші болды. 1 жылға сотталған.
30. Мошанло Рустем Ибраимұлы – 1966 ж. Талдықорған обл. Кербұлақ ауд. Сарыбұлақ а-нда туған. Талдықорған пед. ин-тының музыка пәні факультетінің 2 курсында оқыды. 2 жылға сотталған.
31. Махметов Айтқұл Абушахманұлы – 1962 ж. 6 мамырда туды. Алматыда обл-тық баспаханада істеген. 2 жылға сотталған.
32. Музафаров Алик Құндақбайұлы – 1956 жылы 1 қаңтарда Гурьев обл. Қызылқоға ауд. Сағыз а-нда туған. «Алма-Атапром-строй» ҚМБ–13-те тасқалаушы болып істеді. 4 жылға сотталды.
33. Байғандиев Тілен – 1964 ж. Қарақалпақ АССР-і Ходжайлы ауд-нда туған. Алматыда №1 автопаркте жүргізуші болған. 6 жылға сотталды.
34. Жалабеков Ержан Абдрахманұлы – 1959 ж. Алматы обл. Нарынқол ауд. Теке а-нда туған. №1 автопаркте автослесарь болып еңбек етті. 5 жылға сотталған.
35. Арынғазиев Болат Төреғазыұлы – 1958 ж. 28 желтоқсанда Орал обл. Шыңғырлау ауд-нда туған. Алға қаласында жастар спорт мектебінде сабақ берген. 2 жыл 6 айға сотталған.
36. Төлеуов Болат Қойшыбайұлы – 1956 ж. 14 ақпанда Ақтөбе обл. Мұғаджар ауд. туған. Алға жастар спорт мектебінде жаттықтырушы болған. 2 жыл 6 айға сотталған.
37. Тайбөкенов Берік Қотырбайұлы – 1959 ж. 27 ақпанда Ақтөбе обл. Алға қ-нда туды. Дене шынықтыру бөлімінің басшысы болып еңбек етті. 2 жылға сотталды.
- Бұл үшеуінің «кылмысы» туралы Ақтөбе обл-тық соты ісінде былай жазылған: «... Около полуночи, 25 декабря, вступив в преступный сговор между собой, решили совершать действия, направленные на возбуждение национальной вражды. С этой целью, взяв банки с масляной краской зеленого цвета, которую вынес из дома Арынғазиев Б.Т. Төлеуов Б., при участии Арынғазиева Б. и Тайбукенова Б. учинил надпись националистического характера на стенах зданий спорт-комплекса и на заборе тубдиспансера по ул. Спортивной в форме г.Алги, в частности на стене здания большого спортивного зала они написали в форме лозунга: «Долой Колбина!!!», «Казахи – мы унижены!».
38. Шоқанов Ғани Кадуович – 1950 ж. Талдықорған обл. Гвардейский ауд. Колмогоровка а-нда туған. Бір жылға шартты түрде кесілген.
39. Дәулетов Жәніс Садықұлы – 1959 ж. Алматы обл. Еңбекші ауд. Қаракемер а-нда туған. 4 жылға сотталды.
40. Халмұратов Құрбанбай Хайруллаұлы – 1963 ж. 4 наурызда Қарақалпақ АССР-і Ходжеминск ауд. Ахунбабаев ұжымшарында туған. Алматы қ. соты 5 жылға соттады. Қарағанды обл. Абай қ-лық соты жартысын қыскартты.
41. Арымбеков Жақас Қуатбекұлы – 1961 ж. 5 тамызда Жамбыл обл. Сарысу ауд. Комсомол а-нда туған. Алматы «Поршень» заво-дында токарь болып еңбек етті. 5 жылға сотталды.
42. Әуезов Жәлел Әуезұлы – 1966 ж. 5 маусымда Жезқазған обл. Ақтоғай ауд. Қызыларай а-ында туған. Алматы малдәрігерлік ин-тының студенті. 5 жылға сотталды.
43. Жуандықов Болат Жүсіпұлы – 1965 ж. 27 мамырда Семей обл. Жарма ауд. Жалғызтөбе а-нда туған. 5 жылға сотталды.
44. Құдайбергенов Расилхан Омарұлы – 1964 ж. 5 сәуірде Жамбыл обл. Сарысу ауд. Комсомол а-нда туған. Алматы кинотехнику-мының 3 курс студенті. 5 жылға сотталды.



45. Ермеков Тоқтар Тиышқұлұлы – 1960 ж. 16 қарашада Қарағанды қ-нда туған. Алматы театр ин-тының 4 курс студенті. 5 жылға сотталған.
46. Есбосынов Аманша Әсетұлы – 1962 ж. 21 қазанда Қарақалпақ АССР-і Қоңырат ауд-нда туған. 3 жыл 6 айға сотталды.
47. Айтжанова Жанат Жаукенқызы – 1966 ж. 28 қазанда Алматы обл. Ұйғыр ауд. Шарын а-нда туған. Талдықорған пед. ин-тының 3 курс студенті. 1 жыл 6 айға сотталды.
48. Шынықұлова Ләйла Бекенқызы – 1968 ж. 1 желтоқсанда Алматы обл. Жамбыл ауд. Үңгіртас а-нда туды. 1 жылға сотталды.
49. Қайранбеков Бауыржан Икташевич – 1965 ж. 9 тамызда Талдықорған обл. Алакөл ауд. Қазақстан а-нда туған. Алматы Сәулет-құрылыс ин-тында оқыған. 3 жыл 6 айға сотталды.
50. Отарбаев Кенжебай – 1964 ж. 19 маусымда Алматы обл. Жамбыл ауд. Калинин ұжымшарында туған. Алматыдағы ҚМБ–11-де дәнекерлеуші. 4 жылғы сотталған.
51. Еспенбетова Қаншайым Мұқатқызы – 1958 ж. Талдықорған обл. Андреев ауд. Держинский а-нда туған. 3 жыл 6 айға сотталған.
52. Қарымғазина Гүлжан Ғазизовна – 1969 ж. 25 наурызда Шығыс Қазақстан обл. Куршім ауд-нда туған. Өскемен кооп.техникумының 3 курс студенті. 2 жылға сотталған.
53. Рамазанов Амандық Сәбитұлы – 1963 ж. Гурьев обл. Теңіз ауд. Ганюшкино а-нда туған. Алматыдағы Киров зауытында істеген. Сотталған.
54. Аймаханов Құттыбек Әуелбекұлы – 1962 ж. 1 қаңтарда Шымкент обл. Алғабас а-нда туған. ҚМБ–11-де істеген. 5 жылға сотталып, 3 жылға түсірген.
55. Мүлкібаев Өткірхан Қошқарұлы – 1969 ж. 10 қаңтарда Шымкентте туған. 3 жылға сотталып, 2 жылға түсірген.
56. Декелбаев Ерлан Абдурашитұлы – 1962 ж. 19 қазанда Семей обл. Жарма ауд. Бөке кенішінде туған. Радиотехник дүкенінде инженер болып істеді. 6 жылға сотталған.
57. Қамбаров Қалдыбек Бүркітбайұлы – 1963 ж. 31 наурызда Жамбыл обл. Шу ауд. Алға а-нда туған. Алматы малдәрігерлік ин-тының 5 курс студенті. 3 жылға сотталды.
58. Әбдіреев Еламан Кеңесұлы – 1963 ж. 5 желтоқсанда Қызылорда обл. Арал ауд. Сайғұнды а-нда туған. Алматы құрылыс техникумының 3 курс студенті. 3 жылға сотталды.
59. Рамазанов Асқар Райымбекұлы – 1964 ж. 21 наурызда Шығыс Қазақстан обл. Қатонқарағай ауд. Қабырға а-нда туған. 5 жылға сотталған.
60. Байболов Дүйсебек – 1962 ж. Жезқазған обл. Ұлытау ауд-нда туған. Алматы электротехникумының 2 курс студенті. 2 жылға сотталды.
61. Мергенова Бақшы – 1962 ж. 11 қарашада Солт. Қазақстан обл. Октябрь ауд. Афанасьевка а-нда туған. 2 топтағы мүгедек. 2 жылға сотталып, кейіннен 3 жыл шартты мерзімге ауыстырыпты.
62. Ақтанов Ербол Сәркенұлы – 1962 ж. 1 маусымда Шығыс Қазақстан обл. Зайсан ауд. Даирова а-нда туған. Өскеменнің пед. ин-тының 3 курс студенті 1 жыл 6 айға сотталды.
63. Рузиев Абайдулла Абдуллаевич – 1964 ж. Алматы обл. Ұйғыр ауд-нда туған. Киров зауытында үйренуші болып жүрді. 5 жылға сотталған.
64. Мусина Мәншук Жақатқызы – 1967 ж. туған. Талдықорған заң техникумында 3 курста оқыған. 1 жыл 6 айға сотталды.
65. Шекербеков Мұратбек Жандарбекұлы – 1969 ж. Жезқазғанда туған. Никольск қаласында №67 шахтада істеді. 2 жылға сотталған.
66. Рамазанова Гауһар Рахымбекқызы – 1967 ж. 17 тамызда Шығыс Қазақстан обл. Қатонқарағай ауд. Қабырға а-нда туған. Алматыда Гагарин атынд. тігін фабрикасында тігінші болып істеді. 1 жылға сотталды.
67. Рахметов Құрманғазы Әбденұлы – 1965 ж. 22 қаңтарда Семей обл. Мақаншы ауд-нда туған. 7 жылға сотталған.
68. Жолболдин Берікқали Елемесұлы – 1962 ж. 12 ақпанда Шығыс Қазақстан обл. Куршім ауд. Буденовка а-нда туған. Алматы Халық ш. ин-тының 2 курсында оқыды. 3 жылға сотталған.
69. Иманбаев Қаипқан Сұлтанұлы – 1950 ж. 22 мамырда ҚХР-да туған. «Поршень» заводында темір жонушы болып еңбек етті. 3 жылға сотталды.
70. Молдабаев Әділ Әбдетұлы – 1965 ж. Шымкент обл. Бөген ауд-нда туған. «Дорводзеленстрой»да бетон құюшы болып істеді. 3 жылға сотталған.
71. Жұмажанов Ерікжан Досайұлы – 1964 ж. Семей обл. Аягөз ауд. Таңсық а-нда туған. Қазақ, а.ш. ин-тында 2 курс студенті. 3 жылға сотталған.

ЖЕТПІСБАЙ



72. Асылбаев Молдағали Молдаханұлы. 10 жылға сотталған, кейін 5 жылға түсірген.

73. Налыбаев Аманжол – 1943 ж. 10 мамырда Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Бесарық а-нда туған. 5 жылға сотталған. Мына адамдардың ісі Астанадағы Республикалық мұрағатта сақтаулы:

74. Қасенов Рүстембек Қазырбекұлы – 1964 ж. 26 ақпанда Павлодар обл. Май ауд. Киров кеңшарында туған. Алматы үй құрылысы комбинатында слесарь болып істеген. 2 жылға сотталған.

75. Ысмағұлов Орал Әлманұлы – 1962 ж. 20 қыркүйекте Көкшетау обл. Ленинград ауд. Восход селосында туған. ҚазМУ-дың тарих факультетінің 4 курсына оқыған. 3 жылға сотталды.

76. Тәkenov Қанат Жеңісұлы – 1969 ж. 5 маусымда Целиноград обл. Қорғалжын ауд. Арықты кеңшарында туған. 2 жылға сотталған.

77. Шабаров Алтай Қонысбекұлы – 1960 ж. 12 желтоқсанда Шымкент обл. Бөген ауд. Ермоловка а-нда туған. Алматы үй құрылысы комбинатында істеген. 3 жылға сотталған.

78. Есімбаев Қадыр Сейітқанұлы – 1965 ж. 9 ақпанда Семей обл. Мақаншы ауд. Мирное а-нда туған. Алматы үй құрылысы комбинатында еңбек еткен. 3 жылға сотталды.

79. Есіркепов Уызбек Шақарұлы – 1964 ж. 15 мамырда Шымкент обл. Ленгір ауд. Совет а-нда туған. Алматы а.ш. ин-тының 1 курсына оқыған. 5 жылға сотталды.

80. Есжанов Тынышбек Қарлыбайұлы – 1964 ж. 17 желтоқсанда Шымкент обл. Келес ауд. Ақтөбе а-нда туған. Алматы а.ш. ин-тының 1 курсына оқыған. 5 жылға сотталды.

81. Оразбаев Думан Тишанұлы – 1969 ж. 26 қарашада Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Бесоба а-нда туған. Алматы а.ш. ин-тының 1 курсына оқыған. 3 жылға сотталды.

82. Еркімбаева Әлия Төреханқызы – 1969 ж. 25 ақпанда Шымкент обл. Кентау қ-ның Байжан кентінде туған. 1 жыл алты айға сотталған.

83. Досанова Жанат Әбдірахманқызы – 1969 ж. 12 мамырда Қарағанды қ-да туған. 1 жыл алты айға сотталды.

84. Мусина Гүлден Қанапияқызы – 1969 ж. 1 тамызда Целиноград обл. Қорғалжын ауд. Кеңбидайық а-нда туған. 1 жыл алты айға сотталған.

85. Әбдіқадыров Берікбол Нүсіпұлы – 1963 ж. 13 желтоқсанда Алматы обл. Нарынқол ауд. Сарыжал а-нда туған. 2 топтағы мүгедек.

Алаңға 150-200 адамды бастап барған. 2 жылға шартты түрде сотталған.

86. Бейсембекова Ержан Мамырханұлы – 1963 ж. 19 желтоқсанда Алматы обл. Жамбыл ауд. Самсы а-нда туған. Алматы а.ш. ин-тының 3 курсына оқыған. 4 жылға сотталды.

87. Таубаев Бактығали Артықбайұлы – 1962 ж. 17 шілдеде Қарақалпақ АКСР-інде туған. 4 жылға сотталды.

88. Егзекев Арыстан Қазымбекұлы – 1969 ж. 4 қыркүйекте Торғай обл. Есіл қ-нда туған. Алматы үй құрылысы комбинатында жұмыс істеген. 4 жылға сотталды.

89. Шыныбаев Нұрман – 1965 ж. 22 қаңтарда Алматы обл. Кеген ауд. Бөлексаз а-нда туған. Алматы политехникумының 3 курсына оқыды. 8 жылға сотталған.

90. Қарабаев Шора Халықұлы – 1951 ж. 3 қаңтарда Жамбыл обл. Мерке ауд. Красный Октябрь а-нда туған. 6 жылға сотталды.

91. Шаймерденов Ерік Тұрлығазыұлы – 1968 ж. туған. Алматы мал-дәрігерлік ин-тының 3 курсына оқыды. 3 жылға сотталды.

Сотталған азаматтардың саны бұдан да көп болуы мүмкін. Бұлардың әкімшіл-әміршіл жүйенің солақай саясаты салдарынан жазықсыздан жапа шегіп, қапасақа қамалуы зор қиянат болды. Олардың жас өмірлеріне балта шабылды, көбі ерте солды. 1990 ж. Қазақ КСР-і Қаржы мин. жасаған тұңғыш «Салық туралы» заңды депутаттар Жоғ. Кеңестің сессиясында қарады. Заң қабылданған соң, Елбасы Н.Назарбаев сессия депутаттары мен үкімет мүшелерін қалдырып, «Желтоқсан оқиғасы» жайлы мәселені талқылады. КСРО халық депутаты М.Шаханов Желтоқсан қозғалысы туралы баяндама жасады. Кейбір шовенист шенеуніктердің қарсылығына қарамастан осы сессияда қазақ депутаттар бір ауыздан Шахановты жақтап, Желтоқсан көтерілісін зерттеу, тексеру үшін арнайы комиссия құрды. Жазықсыз сотталған ұлтжанды азаматтардың ақталып шығуына сол комиссия көп еңбек сіңірді. Осы дүбірлі оқиғаға ел Президенті Назарбаевтың 1991 жылғы 1 желтоқсандағы «1986 жылғы 17–18 желтоқсан оқиғасына қатынасқандары үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» жарлығы нүкте қойды. Жоғарыдағы сотталғандар толығымен ақталды.

Б.Нәсенов

ЖЕТПІСБАЙ Нұржан Ықсанұлы (12.09.1976 ж.т., Ақтөбе обл. Қобда ауд. Жарық а.) – тарихшы, 1996–2002 ж. аралығында Әл



Фараби ат. ҚазҰУ-ді археология мамандығы бойынша үздік бітірген. Тарих магистрі. 2002–09 ж. Қазақстан ҰҒА Ә.Х. Марғұлан атынд. Археология ин-тында жетекші инженер, кіші ғыл. қызметкер болды. 1997–2008 ж. республика аумақтарында әртүрлі археологиялық қазба жұмыстарына қатысқан. Қазақстанның ежелгі көшпелілері өнері мәселесімен айналысқан, осы тақырыптағы бірқатар жарияланымдар авторы. 2009 жылдан бері Қазақстан ҰҒА Ш.Ш. Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-тының ғыл. қызметкері. Ж. жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеумен айналысуда. Негізгі зерттеу нысандары – XVIII–XIX ғ-дағы Батыс Қазақстанның әлеуметтік-саяси тарихы, Қобда-Елек өңірінің тарихы, осы өңірлерде болған азаттық күрестер, жергілікті рулар шежіресі. Тарих және археология тақырыптары бойынша 70-ке жуық ғылыми мақалалары мен жарияланымдары, азаттық күрестер тақырыбына арналған бір ғылыми еңбегі жарық көрген.

ЖЕТІ ЖАРҒЫ – Тәуке хан (1678–1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы. 17 ғ-дағы кейбір хан, сұлтандардың өз иеліктеріндегі ұлыстарды жеке-дара билеуге ұмтылуы Қазақ хандығының тұтастығына қауіп тудыруына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Күлтөбенің басында «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. Ж. ж-ға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды. Ж. ж-ның

көптеген жол-жобалары мен қағидалары 20 ғ-дың басына дейін қолданылып келді. (Мыс., бұл қағидаларға Абай да үлкен мән бергені және кезінде өзі жасаған заң жобасында ескергені белгілі.) Ж. ж. қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден, канатты сөздерден құралған. Бұл жүйені мазмұндық-кезеңдік жағынан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделген және Тәуке ханның өз дәуіріне, саясатына сай енгізілген өзгерістер деп үшке бөлуге болады. Ж. ж-ның толық нұсқасы сақталмаған. Кейбір үзінділері К.Шүкірәлиевтің (1804), Я.Гавердовскийдің (1806), А.Левшиннің (1832) жазбаларында кезігеді. Олардан басқа Н.Гродеков, Л.Словохотов, А.Чулошников тәрізді орыс ғалымдарының зерттеулері мен айтқан ой-пікірлері шежіреші Ә.Қайнарбайұлынан алынған нұсқаға жақын келеді. Аталған нұсқада Ж. ж-ның аталуы Тәуке хан енгізген жеті өзгеріске байланысты деген тұжырым жасалынған. Осы өзгерістермен қатар жер дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдет-ғұрып заңдары Ж. ж-да көрініс тапты.

Н.Өсерұлы

ЖЕТІСУ АЙМАҒЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҚАРҚАРА КӨТЕРІЛІСІНІҢ ДЕРЕКТЕРІ. Патша өкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы Қазақстанның, Орта Азияның және ішінара Сібірдің 19 жастан 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер азаматтарын тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салу, т.б.) алу жөніндегі жарлығы ұлт-азаттық көтерілістің басталуына негізгі себеп болды. Патша жарлығы бойынша Қазақ өлкесінен 400 мың адам, ал соның ішінде Жетісу обл-нан 87 мың қазақ жастары майданның қара жұмысына алынатын болды. Қазақстанның барлық аймақтарында шілде айынан бастап наразылық стихиялы түрде басталды. Стихиялық қозғалыс біртіндеп ұйымдасқан сипат алып, Жетісуда, Торғай аймақтарында қарулы көтеріліске ұласты. 1916 жылғы көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттық бағытта болды. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші ұлттық шаруалар мен жұмысшы-



лар өкілдері еді. Жетісуда көтеріліс тарихын: 1) шілде – стихиялық наразылық көріністер, 2) тамыз – оның қарулы көтеріліске ұласуы, 3) қыркүйек-қазан – көтерілістің біртіндеп бәсеңдеуі және жеңіліс табуы деген кезеңге бөлуге болады. Жетісуда ұлт-азаттық көтерілістер Жаркент уезіне қарасты Қызылбөрік, Сөгеті, Шелек, Меркі болыстарында, Қарқара және Асы жайлауларында, Нарын-қол-Шарын бөлімшесінде (аудан), Верный уезіндегі Қорам, Ұзынағаш, Ботбай, Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты, Тайторы, Жайылмыс болыстарында, сол кезде Жетісу облысына қараған Лепсі және Қапал уезінің кейбір болыстарында (Мақаншы-Садыр, Мәмбет-Қысқаш, т.б.) жалғасын тапты. Жетісудағы көтерілісті тоқтату үшін Түркістан өлкесінің басқа аймақтарынан артиллерия, пулеметтермен жасақталған жазалаушы әскери бөлімдер жіберілді. Атап айтқанда, Жетісуға арнаулы үш әскери жасақ, жеті атқыштар ротасы, казак-орыс әскерлерінің бес жүздігі, майдандағы армиядан екі батарея, екі пулемет командасы және екі атты әскер полкі әкелінген. Жетісудағы көтерілісті басып-жаншу үшін патша өкіметі құрамында 14 батальон, 33 жүздік, 42 зеңбірек және 97 пулемет командасы біртұтас жазалау экспедициясы жабдықтады. 1916 жылғы Жетісуда болған ірі көтерілістің бірі Қарқара аймағында болды. Жаз айларында албан тайпасы осы жерде мекендеп тұратын еді. 1916 ж. 4 шілдеде патша жарлығын орындау үшін пристав Подварков Қарқара жәрмеңкесінде болыстарды жинап, үш күннің ішінде тыл жұмысына баратын 19 жастан 43 жас аралығындағы азаматтардың тізімін беруге бұйрық береді. Болыстар тізім жасайды. Осыған байланысты 6 шілдеде Ақбейіт тауының шығыс жағындағы 16 болысқа қарасты ауыл өкілдері бас қосады. Осы бас қосуда Жәмеңке Мәмбетұлы: «Қарқара елі 1864 жылы Ресейге өз еркімен қосылды. Ресейге бағынғанда қазақтан солдат алмаймыз, малына салық салмаймыз деген антқа ақ патша қол қойып, мөр басқан. Жасалған антқа келісіп жұрт билеушілері де қол қойған. Қарқара қазақтары патша өкіметіне берген сертті бұлжытпай орындап отырды. Бұл жөнінде бізге тағатын кінә жоқ. Балалар қырылғанша, кәрілердің өлгені жақсы, ақ патшаның жарлығын орындамаймыз!» деп ұран тастады. Оны Ұ. Саурықов, С. Қанаев, Қ. Шорманов, Қ. Құдай-

бергенов, Қ. Шотаманов және жиналысқа басқа да қатысушылар қолдады. Нәтижесінде армияның тыл жұмысына бірде-бір адам берілмесін деген шешімге келеді. Содан соң Ж. Мәмбетов, Ұ. Саурықов, С. Қанаев, Қ. Шорманов ақ патша жарлығын орындамауға жауап ретінде күреске басшылық етеді. Осы кезде мыңдаған салт атты қазақ жасағы пристав Подварковты және урядник Плотниковты айнала қоршап, қамшы үйіргендіктен, сол күні үрейі ұшқан Подварков бүлікшілерді күшпен басу үшін тездетіп әскер жіберіңіз деп, Жетісу облысы әскери губернаторы Фольбаумға жеделхат жолдаған. Ал Фольбаум Жетісу округінің қолбасшысы ген.-губернатор Куропаткинге Жетісу облысындағы көшіп келуші 210 орыс селоларының тұрғындарын қаруландыру жөнінде ұсыныс жасайды. Куропаткин Фольбаумның ұсынысы бойынша Ташкенттен екі мың мылтықты Верный қ-на жібереді. 1916 ж. 11 шілдеде Ұзақ, Жәмеңке, Жаңабай, Серікбай, Әубәкір, Қазыбек, т.б. «Ереуіл Төбеге» келіп, ту тігеді. Осы аймақтардан 1000-нан астам атты қазақ жиналады. Көтерілісшілер Әубәкірді басшы етіп, «Ақжелке»-Плотниковқа: «Бала бермейміз, бұрынғыдай салық алсын» деген тұжырымдамамен үш елші жіберді. Бірақ «Ақжелке»: «менен де жоғары ояз, ген.-губернатор бар, солар шешеді» дейді. Жиналған ауыл азаматтары ауылдарына қайтады да, Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай, Әубәкір, т.б. көтеріліс басшылары Жаңабай ауылына барып түнімен ақылдасады. Осы дайындықты Плотниковтың тыңшылалары естіп, түгелдей жеткізеді. Сондықтан Плотников губернатордан әскери көмек сұрайды. Ал Жетісу губернаторы Плотниковқа: «Бүлікті тез басу үшін бір болыс елдің әлденеше жүз адамын бірден қырып салып, үлгі көрсет», – деп бұйрық берді. Бұл хабар көтеріліс басшыларына жетіп, көтерілісшілер қорғану үшін ауыл-ауылдан қылыш, найза, пышақ, айбалта, шиті мылтық, т.б. қару-жарақ жинап, дайындыққа кіріседі. Әйелдер көтерілісшілерге киім, тамағын дайындады. Осы кезде патша жендеттері ауыл кедейлерін жазықсыз атып, қамап, елді тонай бастады. 11 шілдеде Плотников пристав урядник Эрискин деген жендеттің қасына жиырма солдат қосып беріп, түнде ел ұйқыда жатқанда Монай-Мұқан дегеннің ауылын шапқызып, 200-дей жылқыны айдап әкетеді. Жолда



оянған елдің еркектері қуып жетіп, атыс басталады. Мылтық оғынан 20 қазақ жігіті оққа ұшады. 20 шілдеде Кравченко бастаған он жендет Жансейіт деген қазақтың ауылын шауып, елу шақты қазақ қаза болды. Осы, тағы басқа оқиғалардан кейін албан ауылдары түгелімен дүрлігеді. 1916 ж. 21 шілдеде Қарқара жәрмеңкесінде 12 пулемет, 4 зеңбірекпен төрт жағынан қоршауға алған патша жендеттері 2000 атты қазақ көтерілісшілерін қырғынға ұшыратады. Бұдан кейін тағы да бес жүз қазақ көтерілісшісі қаза табады. Бұл қырғын оқиға Жаркенттен – Қарқараға, Қарқарадан – Қарақолға, Шелек, Талғар, Алматыға жетіп, көтерілістің барысы кең қанат жайғанынан сескенген губернатор көтерілістің басшыларын қамауға бұйрық береді. Нәтижесінде, 22 шілдеде құрамында 16 көтеріліс басшылары бар: Саурықов, Мәмбетов, Құдайбергенов, Шорманов, Ә.Сұлтанбеков, Б.Розыханов, Қ. Әділбеков, К.Қаңтаров, С.Арғынов, Ү.Ыстыбаев, Қ.Тоқтамысов, Б.Сұлтанқұлов, Қ.Шотаманов, Ж.Отыншиев, Ж.Бектенов, Т.Жансеркеев қамауға алынып, Қарқара түрмесіне жабылады. Осыдан соң оларды Қарақолға (Пржевальск қ-на) бес солдатпен түрмеге айдап апарып, тергеусіз, сотсыз 1916 ж. 12 тамызда патша жендеттері атып тастайды. Сол қырғыннан жарадар болып тек Ә.Сұлтанбеков қашып шығады. Қарқара көтерілісінің шешуші кезеңі 1916 жылдың тамыз-қыркүйек айларында өтті. Көтеріліске бес мыңнан астам атты адам қатысты. Көтеріліске Монай-Мұқан Ыбрай басшылық етеді. Көтерілістің барысында қазақтарға Қарқара аймағында мекен еткен қырғыз, ұйғыр, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, дүнген, т.б. ұлт өкілдері де қосылып, патша жендеттеріне қарсы шығады. Көтерілісшілер арасынан Әубәкір, Саламат, Шұлғаубай, Мұса, Мұстафа, Жәйшібек, Нұр, Ыбрай, Жансейіт сияқты батырлар, мергендер ерлік көрсетеді. «Ақжелке» пристав 4 арбаға пулемет қойып, түн жамылып қашып кетеді. Тамыз айының аяғында көтерілісшілер өз штабын Қарқара жәрмеңкесінде құрады. Содан соң Қарқара, Қарақол, Ыстықкөл аймағы, Сүмбе, Үлкен-Ақсу, Кетмен, Қалжат, Шарын а-дары көтерілісшілер қарамағына өтеді. Қарқара жәрмеңкесі шабуылына тікелей қатысқан 23 жастағы Әубәкір Жүнісов: «Көтеріліске өзім қатынастым. Қарқара жәрмеңкесіне шабуыл жасаған кезде көте-

рілісшілердің ішінде жалшы-малайлықта жүрген орыс, татар, өзбек, дүнген, тәжіктер де болды. Олардың арасынан өзім жақсы білетіндер: орыс кедейі Қара Сергей, татар Ғабдрахман, өзбек Тәшкенбай болды. Сонымен қатар, көтеріліске ер азаматтар мен бірге қару ұстанған орыс қыздары Анастасия, Дария, қазақ қыз-келіншектері Балдай, Жәмилия, Шайнек, Ажар, Маржанкыз, ұйғыр қыздары Нұрбан, Шахарбану, т.б. табандылық таныта білді», – деп есіне алады. Орыс қызы Анастасия 21 шілде күні пристав Плотников кеңсесінде жасырын түрде көтеріліс басшыларын қамауға шешім қабылданғаны жөніндегі мәліметті Монай-Мұқанға жеткізеді. Орыс қызының бұл үлкен көмегі көтеріліске қатысқан көптеген азаматтардың аман қалуына септігін тигізген. 22 шілдеде Саурықов, Мәмбетов, Құдайбергеновтер тобы ұсталғанда, С.Қанаев, А.Қойшыбаев, Ә.Байсүгіров және Айтбай тобы аман қалған. Бірақ олар да көп кешікпей ұсталып, атылған. Патша өкіметі Қарқара көтерілісін басып жаншу үшін арнайы полктер жіберді. Атап айтқанда, 8750 адамнан құралған 35 рота, 3900 жендеттен құралған 24 жүздік, 16 зеңбірек, 47 пулемет жіберіледі. Соғыс өнеріне жетік, жақсы қаруланған солдаттардан қорғану мақсатында көтерілісшілер жергілікті аймақты жақсы білгендіктен, тау-тас, қыраттарды бекініс жасады. 1916 ж. қазан айында Қарқара көтерілісі қарулы күшпен тоқтатылды. 1926 ж. Қарқара көтерілісінің 10 жылдығына байланысты Жандосов Ораз Қарқара жәрмеңкесіне Қалдыбаев, Көшкінов, Байпақов, т.б. көтеріліс басшыларымен келіп, 1916 жылғы оқиғадан мәлімет жинаған. Қарқара жәрмеңкесіне 20 үй тіктіріп, қырғын, қорлық көріп келген халықтың көңілін көтеру үшін той жасаған. Сонда Қарқара жәрмеңкесінің күншығыс жағындағы төбенің үстіне сол тойға жиналған адамдарға Қарқараның тасынан кісі басына екіден-үштен алдырып, сол төбеге үйген. Сол төбенің атын «Ереуіл Төбе» деп атаған. Қарқара көтеріліснің үлкен тармақтары Сүмбе, Үлкен Ақсу, Қалжат, Кетпен, Үлкен Дихан, Шарын, т.б. а-дарда 1917 жылдың ақпан айына дейін жалғасқан. Мыс., Үлкен Ақсудағы көтерілісті Тоханияз Ғожамниязов деген ұйғыр жігіті басқарған. Ол 14 тамызда 1916 ж. болыс кеңсесіне басып кіріп, қара жұмысқа кететін кедей ұйғырлардың тізімін болыстан тартып алып,



тізімді жыртып, болыс кеңсесін өртеп жіберді. Оны ұстап 10 серігімен бірге Қарқара түрмесіне қамаған. Түрмеде ол Қарқара көтерілісшілерінің басшылары Қанаев, Байсүгіров, Қойшыбековтермен бірге отырған. Оларды Жаркент түрмесіне апара жатып, жолда Ақшоқы деген жерге жақын, Қайқы жендеттері 11 ұйғыр, 3 казакты атып өлтірген. Осы атыс кезінде Қойшыбаев деген казак жараланып, Мансур Ақун Насыров деген ұйғыр жігіті тірі қалған. Жалпы, Түркістан өлкесі бойынша 1917 жылдың 1 ақпанына дейінгі мәліметтерге қарағанда мыңдаған көтерілісшілер сотқа тартылып, 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129 адам түрмеге жабылған. Қатал қуғын-сүргінге ұшыраған 300 мыңнан астам адам атамекендерін тастап, көшуге мәжбүр болды. Жетісуда казак пен қырғыздардың 100-ге жуық елді мекені патша жазалаушыларының шабуылына ұшыраған. Соның салдарынан 373 үй өртеніп талқандалған, 1905 адам оққа ұшып, 684 адам жараланған, 1105 адам тұтқынға түсіп немесе із-түссіз жоғалып кеткен. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс отаршылдыққа қарсы сипатта болды. Қазақтардың ата қоныстарына Ресей мұжықтарын қоныстандыру арқылы орыс-украин пост-лері мен казак ст-лары пайда болды. Осыған қарсылық ретінде Жетісуда қоныстанушылардың 94 селосы көтерілісшілердің шабуылына ұшырады. Ұлтаралық қақтығыстарының салдарынан орыстар мен украиндардан жүздеген адам өліп, жараланды. Жазалау отрядтары 171 адамынан айырылды. Орыс шаруаларының демократияшыл бөлігі көтерілісшілерге жанашырлықпен қарады. Жетісу өлкесіндегі Бүрген с-нда тұратын Демко деген орыс кедейі Қарқара көтерілісшілерінің белсенді үш ағайындылары Қанаевтар мен Айдосовты жазалаушылардан үйіне жасырған. Ал Павел Аркадьев жендеттерден Д. Жайнақовты жасырып қалған. Қарқара көтерілісін бастаушыларының бірі ұлты орыс Е. Е. Куреев болса, кәсіпкердің қызы С.А.Вербицкая көтерілісшілер жағында белсенділік көрсетті. 1917 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша, Қарқара көтерілісінің зардабын көрген 237 мыңнан астам халықты жазалаушылар Қытайға бастырып жіберген. Патша өкіметінің қатаң жазалау шаралары салдарынан, патша әкімші-

нің өз есептеулері бойынша Жетісу губ. 53 мың шаруашылыққа (Бағыс Қытайға қашып кеткендерді қосқанда 30 пайыз) кеміген. Жаркент уезінің халқы көтеріліске дейін 17712 түтіні бар 20 болыс болса, 1916 жылдың күзінде Қытайға 12612 түгін кетуге мәжбүр болды. Мұхамеджан Тынышбайұлы «Қазақ» газетінің 1917 ж. желтоқсанның 6-сында шыққан мақаласында Жетісу бойынша 44 болыста 47 мың 759 түгін болғанын, сонан қашқаны 40 мың 250 түгін екенін, босқындардан тең жартысына таяу адам қырылғанын көрсеткен. Қалған 37355 казак отбасылары Жетісу аймағындағы құнарсыз таулы жерлерге немесе Балқаш маңайындағы шөл далаға қуылды. Көтеріліс жасаған аудандарда малдың орта есеппен 1/3 бөлігінен аспайтыны ғана қалған. Осы қанды оқиғалардың куәгерлері болған албан тайпасынан шыққан Көдек Маралбайұлы, Бөлтірік Атыханұлы, Әбен Атамқұлұлы сынды ақындардың өлең-жырларында сол кездің тарихи шындығы суреттелген. Осы ұлттық қасіретті суреттеген өлең-жырлардың біразын 20 ғ-дың 20-жылдарында көтеріліс болған Жетісу аймақтарын әдейі аралаған Ілияс Жансүгіров хатқа түсірген. Оның қолжазбасы Мемл. мұрағатта сақталуда. Зерттеушінің шығарм. мұрасындағы «Жаркент уезінде» деген бөлімінде сол Қарқара оқиғасы да баяндалған. Есімдері аталған ақындар 1916 жылғы көтерілістің куәгерлері ғана емес, оған тікелей қатысқан, сол үшін патшалық билік жүйесі тарапынан кезінде қуғын-сүргін көрген жандар еді. Бөлтірік Атыханұлы 1928 ж. өмірден озса, Көдек Маралбайұлы 1930 жылдары Кеңес өкіметіне сенімсіз адам саналып, көптеген қиыншылықты бастан кешкен. Ол кезінде 1916 жылғы көтеріліске арнап дастан шығарған. Ақын-жыршы Әбен Атамқұлұлы Қарқара көтерілісі жөнінде былай дейді: «16-ншы жылында, Мекалай жарлық шығарды, «Солдатқа бала бер» деген. Жәмеңке, Ұзақ, Жаңабай, Беруге бала көнбеген. Әбдіқалық, Серікбай, Сыбанқұл, Құрман ер деген. ... Сол сабаздар түрмеден, Үйіне аман келмеген...». Ауқымдылығы мен қатысушыларды қамтуы және зардаптары жағынан алғанда, Қарқара көтерілісі патша отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күрестің ірі ошақтарының бірі болып табылады. Көтерілістің жеңілу себебі: күрестің бытараңқылығы, күрес ошақтарының бір-бірімен байланысының жоқты-



ғы, ұйымшылдықтың жеткілікті болмауы, жергілікті тұрғындардың арасындағы түсініспеушілік қайшылықтардың болуы және қару-жарақтың жетіспеушілігі болды. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанына қарамастан, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы маңызды беттердің бірі болып қалды.

Әдеб.: КРОМА, 427 қор, 1-тізбе, 14-іс, 5-п.; КРОМА, 427 қор, 1-тізбе, 154-іс, 3-п.; Казахстанская правда, 28 декабря 1989 г.; Журнал «Айқап», 1914 жыл, №17; Қозыбаев М., Жауды шаптым ту байлап. А., 1994, 150-б.; Антология педагогической мысли Казахстана. А., 1995, 201-202-б.; КРОМА, 44 қор, 2-тізбе, 16424-іс, 86-п.; Қарқара айбаты. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 1991, 110 бет; КРОМА, 927-қор, 1-тізбе, 162-іс, 7-парақ; Журнал «Борьба классов» Рысқұлов Т., «Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс» атты мақаласы 1936 жыл. 1-15 беттер; Рысқұлов Т., Таңдамалы еңбектер. А., 1984, 241-бет; Қарқара айбаты. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 1991, 169-170-беттер.

Т.Медеруов

«ЖЕТІСУ БОСҚЫНДАРЫ ТУРАЛЫ» – 1916 ж. 16 қыркүйекте «Қазақ» газетіне (№197) шыққан хабарлама. Толық мәтіні төмендегідей: «Босқан елдің тапқаны Қапал уезіндегі бір топ ел не үшін екені белгісіз жұрт жерін тастап, малдарын айдап, тауға қарап босып кетіп еді. Бұлар Қытай шекарасын басып өтіп бара жатқанда қарсыларынан мал жоғалтқан қалмақтар кез келіп, мал айдап бара жатқан ұрыны көрдіңдер ме деп сұраған. Қазақтар көрмедік, сонау белді асып кетіп барады деп жауап қайтарған. Қалмақтар тағы кудалап қоймай, енді өздеріне жол болсын деген. Қазақтар сізге қоңсы қонғалы келеміз деген. Қалмақтар қазақтардың бұл сөзінің мағынасын түсінбей, сезіктеніп, біздің малымызды осылар өзі ұрлаған шығар деп, тінтіп, бұлардан жаңа сойылған малдың терісін тауып алған. Сонан соң, қазақтарды малдарымен қуалап, айдап отырып қалың қалмақтың ортасына апарып, малдарын талауға салып, өздеріне ит көрмеген қорлықты көрсетіп сабап қоя береді. Соңғы кезде басқармаға келген хаттардың сөзіне қарағанда босқын қазақтар кейіс, бейнет көріп, ат арытып, тон тозғызып, қайтып үйлерін тауып жатыр дейді. Қытайға жақын қазақтардың босқыннан тапқаны анау. «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» деген осы. Қашқан жігіт

уыстан шығып қайда барады? Жер аударуды қалады. Министрлер бірнеше рет жиылып кеңескеннен кейін зәбірлі кісілерді жер аударудан тиген пайда болмады. Бүлік шығып отырған соң, көп талқыға салып ойлап, ең соңында жер аударуды жоғалтуға қаулы қылысты. Каторгада болған кісілерді жер аудармай, полиция қарамағына тапсырады. Отанға қиямет қылған кісілерді крепостка жабады. Не болмаса Ростовский исправительный бөлімге береді. ТҰРЛЫЖАН»

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2-том. – Астана. «Ел-шежіре», 2007.

ЖЕТІСУДАҒЫ КӨТЕРІЛІС – 1916 жылғы Ресей патшасының Маусым жарлығына орай Жетісу жерінде болған халықтық толқу. Ж. к-ке осы аймақтағы 102 болыста тұратын қазақтар, әр жерде қырғыз, дүнген өкілдері қатысты. Оның ірі ошақтары Асыдағы қызылбөрік, Үшқоңырдағы жайылмыс, Қастек-Самсыдағы ботбай, Тайторы болыстарында болды. Көтерілісті қазақ демокр. интеллигенцияның өкілі Тоқаш Бокин ұйымдастырды. Жер-жердегі топтарды Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Нұқа Сатыбеков, Доқожа Қашағанов, Әли Нұрғожаев, Сатай Көбегенов, Жақабай Құдайбергенов, Байхан Қазыбеков, Сатай Қарашаев, Боранбай Жантелеев, Әлиасқар Сырабаев, Серғазы Күшіков, Сейдахмет Ысқақов, Иса Сексенбаев сияқты халық ұлдары басқарды. Солардың ішінде Бекболат Әшекеев айрықша көзге түсіп, аңызға айналған ерлік істер жасады. 7 шілдеде Маусым жарлығына орай Үшқоңырда Жайылмыс қазақтарының съезі болды. 8 – 10 шілдеде Үлкен Сазда Қарғалы, Бидайлы, Күрті, Ұзынағаш болыстарының 5 мыңнан астам қазақтары «Патшаға солдат бермейміз, бірігіп соғыс ашамыз» деген тұжырымға келеді. Патша жарлығына қарулы қарсылық шілде – тамыз айларында бұқаралық сипат алды. Тамыздың 10–11 күндері көтерілісті басуға Верный уезінің подполк. Базилевский бастаған жазалаушы отряд жіберіледі. Жазалаушылардың құрамында 35 рога жаяу әскер, 2 жүздік атты әскер, 240 атты барлаушылар, 16 зеңбірек, 47 пулемет, бірнеше майданнан қайтарылған әскери бөлімшелер, жергілікті казак күштері болған. Алғашқы қақтығыста көтерілісшілер тарапынан 43 адам оққа ұшады. Тамызда Верный (қазіргі Алматы қ.) мен Пішпек арасындағы байланыстарды көтерілісшілер

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ

үзіп тастады. Бұл кезде Жаркент пен Лепсі уездерінде де көтеріліс ұлғая түсті. Сонымен қатар ірі көтерілістердің бірі Қарқара жайлауында жүріп жатты. Оны Ұзақ Саурықұлы, Жәменке Мәмбетұлы, Серікбай Қанайұлы басқарды. Жазалаушы отрядтың қорғанысына қарамастан олар 15 тамызда Қарқараны басып алды. Көтерілісшілер қыркүйектің басына дейін жәрменкені өз қолдарында ұстап тұрды. Қазанның бас кезінде көтеріліс бақайшағына дейін қаруланған жазалаушы отрядқа төтеп бере алмай, жеңіліс тапты. Көтеріліс болған аймақтар тартып алынып, құнарлы жерлерге казак-орыстарды қоныстандырды. Верный гарнизонының әскери дала соты 14 тамызда Үлкен Алматы болысының қазағы Байбосын Тамабаевты дарға асып өлтіруге шешім шығарды. Оның бір топ үзеңгілес серігі – Есбол Шойынқұлақов, Тойбай Қойбағаров, Жұмаділ Ақыпжанов, Ерали Сабақов, Сапарбай Итібаев, Қозыбай Құзырбаев, Сүлеймен Тәселов және Шамалған болысының қазағы Бүрей Бектасовтар 3 жылға түзеу лагеріне айдалды. Тамыз–қыркүйек айларында Асы, Самса, Отар өңірлерінде Әшекеев, Сатыбеков, Қарашевтар бастаған көтерілісшілер жазалаушы отрядтармен жан алысып, жан берісіп жатты. Алайда арадағы күштердің тең болмауы себепті көтеріліс жеңіліс тауып, оған қатысушылар қудалауға ұшырады. Көтеріліс басшысы Әшекеев Верный әскери сотының шешімі бойынша 9 қыркүйекте Боралдай деген жерде дарға асылды.

Т.Көлбаев

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ, 1917 ж. 12–14 сәуір аралығында обл. казак к-тінің ұйымдастыруымен Верный қ-нда өтті. Съезге Верный, Жаркент, Лепсі, Қапал, Пішпек, Пржевальск уездерінен 81 өкіл қатысты. Съездің төралқасы құрамына Ы.Жайнақов (төраға), Ұ.Ордабаев пен А.Құдайбергенов (төраға орынбасарлары), Қ.Шегіров пен Н.Жақыпбаев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібіне соғысқа көзқарас, Уақытша үкіметке көзқарас, азық-түлік, жер-су мәселесі, рухани-діни іс, сот, оқу-ағарту, мал ш., орыстар мен казактардың ара қатынасын реттеу және 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыстан соң ауған босқындарды Қытайдан қайтару сияқты 17 мәселе қойылып, нақты шешімдер қабылданды. Соғыс мәселесінде – «оны жеңіске жеткенше жалғасты-

ру», Уақытша үкіметке бағынып, оған жан-жақты қолдау көрсету, дін ісінде – «далалық Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына ортақ» ерекше діни жиналыс құрып, оны «Қазақстан» деп атау, басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде міндетті түрде екі комиссардан – бірі орыс, екіншісі мұсылман тағайындау, жер мәселесінде «облыс шеттен қоныс аударушылар үшін мүлде жабық деп саналсын» делініп, Қытайға ауған босқындарды мүмкіндігінше қауіпсіз жерлерге орналастыру, қарулы қақтығыстарды болдырмау үшін бұл мәселені Уақытша үкіметтің Түркістан к-тінің бақылауына беру болды. Съезд делегаттары назарынан жалпықазақ және бүкілресейлік мұсылмандар съезі мен Құрылтай жиналысына дайындық мәселелері сырт қалды. Ж. о. к. с-не мал ш., отырықшылыққа көшу сияқты жекелеген, нақты экон. мәселелерге көбірек көңіл бөлінді. Большевиктер билік басына келгеннен кейін саяси ахуалдың күрт өзгеруіне орай Жетісу обл-нда 1918 жылдың қаңтар, мамыр және тамыз айларында тағы да бірқатар казак съездері шақырылып, онда обл-та басқару органдарын құру, ұлттық әскер жасақтау, оларды қажетті заттармен қамтамасыз ету және т.б. кезек күтірмес мәселелер талқыланды. 1918 жылдың 10–31 тамыз аралығында өткен съезде обл. казак к-тінің құрамы қайта сайланып, оған М.Тынышбаев енгізілді. Мүшелері: Ы.Жайнақов (төраға), С.Сабатаев, Т.Дүйсебаев Н.Жақыпбаев, Б.Мәметов, Б.Сүлеев, И.Тергеусізов болды.

Әдеб.: Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Махаева А., Қазақ комитеттері, А., 1995.

К.Лиясова

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ – 1867 ж. 11 шілдеде құрылған Түркістан ген.-губернаторлығының құрамындағы әкімш. аймақ. Ген.-губернаторлыққа Ж. о-нан басқа Сырдария обл. да кірді. Бұл облыстардың шекарасы Құрағаты мен Шу өз-дері бойымен өтті. Ж. оның құрамында бұрынғы Сергиополь (аз бөлігі Семей обл-нда қалды), Қапал, Алағай округтері мен Түркістан обл-ның бір бөлігі (Құрағаты өз-нің оң жақ жағалауымен) есебінен казактар тұратын Сергиополь (1875 жылдан Лепсі), Қапал, Верный уездері, қырғыздар тұратын Ыстықкөл (кейін Қаракол), Тоқмақ (кейін Пішпек) уездері құрылды. Ж. о. 1882 жылға дейін Түркістан ген.-гу-



бернаторлығының құрамында болып, сол жылы Ақмола, Семей обл-тарымен бірге жаңадан ұйымдасқан Дала ген.-губернаторлығының құрамына кірді. 1897 ж. қайтадан Түркістан ген.-губернаторлығына енді. Ж. о. 1917 жылға дейін 1891 жылғы «Дала ережесі» бойынша басқарылды.

«ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БОСҚЫН ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ЖАЙЫ» – Мұхаметжан Тынышбаевтың халыққа жолдаған хабарламасы, 1917 ж. 9 желтоқсанда жазылып, «Қазақ» газетінде (№254) жарияланған. Мәтіні төмендегідей: ««Қазақтың» 237-нші нөмірінде Қытайға босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетіліп еді. Енді бұл туралы анығырақ есеп-қисап көрсетпекшіміз. Бұл төменгі көрсетілген есеп шын мөлшерінен аз болмаса, көп емес. Піспек, Пржевал уездерінен қашқанның бәрі қырғыз; Жаркент, Алматы уездерінен қашқанның бәрі қазақ (үйсіннің албаны). Жоғарғы 44 болыс елде барлығы 47 мың 759 түгін бар, сонан қашқаны 40 мың 250 түгін, қырылғаны 95 мың 200 жан болады. Бұл есепке қарағанда бұл елдердің босқандарынан жартыға таяу адамы қырылған. Қатты жәбір көріп, құруға жақындаған елдер жоғарғы есепке кіреді. Олардан гөрі тәуірірек деп есепке қоспағанымыз: Піспек үйезінен 1) Жаныс, Чеміч елінің қазағы. Бұлар ағұста Сарыбағыш, Атеке қырғыздарына қарай ауып, солармен бірге қашып, Қошқар қоқтысында шабыншылыққа ұшырап, екі жағынан келген екі отряд мылтықтың астына алып, сонан соң тау айналып Мерке (Әулиеата үйезі) қашып, ноябрьде өз еліне жеткен. Қашқандар малдан жұрдай айрылып, кемпір-шал, жас баласының жартысын жоғалтқан; 2) Токпақ пен Шөпектің ортасындағы қырғыздар хәм тау учаскесіндегі 10 болыс қырғыз. Бұлардың 3-тен бірі қашып, жарым-жартысы Қытай шекарасына жетпей қайтқан, жарым-жартысы Ферғанадан күншығыс жақта Қытай жерінде Күнгежде отырып, қыстай көктемге шейін қайта тасынып, жеріне келді. Бұлардың арасында көктемде егін салғандары да бар, өзгелермен салыстырғанда бұлар аман дерлік; 3) Ақсу учаскесінде ағұс айында бір күнде 700-600 қырғыз қырылған (бұл туралы бұрынғы пристав болған Грибановскийдің ісі сотта); 4) Пржевал үйезінен – Маринка поселкесіндегі дүнген хәм бөлек

болыс (500 шамалы үй) сарт-қалмақ деген ел. Бұлар үлкен қиыншылыққа түсіп қырылған, бұл күнде Қытай жерінде отыр; 5) Нарын учаскесіндегі 5 болыс қырғыз. Бұлардың арасынан 500–400 түгін қашқан, көбі жазғытұрым келіп, көп елдің арасына тарап кіріп кетті; 6) Алмалы үйезінен ботпай, Күнбатыс Қастек хәм өзге елдерден 80–50 үйдей қашқан, көбі қайтып келді; 7) Лепсі үйезінен – Қарақол, Еміл хәм өзге елдерден бірен-саран қашқандар. Бұлар малдарын тауысып, бірсыпыра қиыншылық көріп келді, бірақ бастары аман десті. Мұхаметжан **ТЫНЫШБАЕВ**».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2-том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.

ЖОЛАМАН Тіленшіұлы (18 ғ. 70 ж. – шамамен 1846) – атақты батыр әрі би, тархан, Жетіру одағының басқарушы биі, үзілістермен 1822–40 ж. аралығында Ресей империясының отарлауына қарсы ірі азаттық күресті ұйымдастырушы. Елек, Шыңғырлау бойларында мекендеген. Табын руының Жиём-



Жоламан Тіленшіұлы

бет бөлімінен. Ж. ертеден ел басқарып келген билеуші әулеттен шыққан, арғы атасы Қарабатыр (Бисембі), атасы Бөкенбай 18 ғ-дағы қазақ-жоңғар соғыстары кезінде қазақ әскерінің Бас қолбасшысы болған. Әкесі Тіленші – атақты батыр, Жетіру одағын басқарған. 1822 ж. Ж. Елек өз. бойында Ново-Илецкая әскери шебінің тұрғызылуына, қазақ жерлерінің тартып алынуына наразылық ретінде Ресейге қарсы қарулы күрес ұйым-



дастырған. Ресейге ашық соғыс жариялаған. 1822–26 ж. көтеріліс аясында ресейлік шептерге жүздеген шабуылдар ұйымдастырылған, олардың көпшілігін Жоламан мен оның серіктері тікелей басқарған. Күрес қимылдарынан бөлек, Жоламан мен оның жақтастары Орынбор әкімші. мен Орал казак әскері басшылығына бірнеше хаттар жолдап, казак жеріне салынған бекіністерді алып тастауды, өз жерлерін қайтаруды және Арыңғазы сұлтанның елге қайтарылуын талап еткен. Ж. басқарған көтерілісті басу үшін Ресей үкіметі ірі жазалау шараларын қолданған, оларды полк. Берг, атаман Назаров сияқты орыс-француз, орыс-түрік соғыстарынан өткен тәжірибелі қолбасшылар басқарған. 1823–25 ж. жойқын жазалау шараларынан соң көтеріліс қимылдары уақытша тоқырауға ұшырап, Ж. өз ауылдарымен оңт. аймақтарға, Үстірт өңіріне кетуге мәжбүр болады. 1830-жылдар шамасында ол аталған өңірлерде бірқатар оқиғаларға араласады, көтерілістің басқа көсемдері Асау Барақұлы, Сүйінқара Үргенішбайұлы батырлармен бірге әрекет етеді. 1833 ж. Асау батырмен бірге қол жинап, Ресей шебіне қауіп төндіреді. 1835 ж. қазақ жерінен Новая линия әскери шебінің құрылуына байланысты жасы 70-ке жақындаған Ж. қайтадан атқа қонып, өз қарулы күресін жалғастырады. 1837 ж. Торғай және Ырғыз далаларында Ресейге қарсы күресіп жүрген Қасым және Кенесары сұлтандармен кездесіп, келесі 1838 ж. өз серіктерімен Кіші жүздің 500 ауылын бастап, аталған сұлтандарға қосылады. 1837–40 ж. Ж. Қасым және Кенесарымен бірге көптеген жорықтарға, іс-қимылдарға қатысады. Аталған сұлтандармен бірге өз ауылдарымен жазалау шараларына душар болады. 1840 ж. өзінің қарт жолдасы Қасым сұлтанның Ташкенттегі қазасынан соң жасы келген Ж. белсенді іс-әрекеттерін тоқтатады. Шамамен 1842 ж. Ресейден кешірім өтінбей, Бұхара иелігіне біржолата өтіп, сол өңірде мәңгі тұрақтайды. 1846 ж. шамасында сол Бұхара өңірінде қайтыс болады. Бүгінде жерленген жері белгісіз. Ж. – бүкіл саналы ғұмырын елінің азаттығы үшін күреске арнаған қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Көптеген мұрағат деректеріне қарағанда, ол ержүрек батырлығына қоса, аса парасатты, қайырымды, елге өте сыйлы адам болған. Ол ұйымдастырған көтеріліс қазақ даласын

дағы отарлауға қарсы бағытталған ең ірі күрестердің бірінен саналды (қ.: *Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс*). Әдеб.: Жетпісбай Н., Азаттық үшін күрескен әулеттер, А., 2013.

Н.Жетпісбай

ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС – қазақ жерінде болған ең ірі және ұзаққа созылған күрестердің бірі. Ол 1822 ж. басталып, үзілістерімен 1840 жылға дейін созылды. Көтеріліс Ресей империясының отарлау саясатына қарсы бағытталды, сипаты жағынан отарлауға қарсы азаттық соғыс болып табылды. Күрес қимылдары Батыс Қазақстан аумақтарын кеңінен қамтыды, 1822–26 ж. солт.-нде Елек, Ұлы Қобда, Шыңғырлау бойларынан оңт.-ге – Жем, Сағыз, Ойыл, Темір, Солт. Үстірт өңірлеріне дейін тарады. Күрестің соңғы кезеңінде, 1837–40 ж. аралығында, көтеріліс Кенесары Қасымұлының күрес ошағымен бірігіп, Торғай және Ырғыз өңірлеріне ойысты. Көтерілістің басталуының алғышарттары 19 ғ-дың алғашқы ширегінде Батыс Қазақстанда орын алған бірқатар әлеум.-саяси жағдайлар болып табылады. Көрсетілген кезеңде Ресей империясы қазақ даласына қатысты отарлау шараларын жалғастырып, ол жедел қарқынға ие болды. Отарлық қысымның күшеюі мен орыс үкіметіне ғана арқа сүйеген әлсіз қуыршақ хандардың билігіне қазақ қауымдары арасында наразылық күшейді. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістің туындауына Ресей үкіметінің Жайық пен Елек өзінің аралығындағы жерлерді Илецк тұз басқармасына беріп, оны қорғау желеуімен Ново-Илецкая шебі деп аталатын жаңа әскери бекіністер шебін құруы тікелей себеп болды. Електің оң жағынан әскери форпосттар салынып, Елек пен Жайық аралығына қазақтардың қоныстануына тыйым салынды, осы аралықтағы қазақтардың ең қолайлы жайылым жерлері күшпен тартып алынды. Бұған қоса, қазақтарға жалпы Елек өзінің бойына 15 верст (16 км) жерге дейін жақын келуге де тыйым салынды. Аталған өңірлерді бұрыннан мекендеп келген қазақ қауымдары өзен-көлдерге, орман-тоғайларға, жайылымдарға бай өз төл қоныстарынан амалсыз ығысуға мәжбүр болды. Бұл патша үкіметінің қазақ даласын отарлаудағы, соның ішінде қазақ жерін тартып алуғағы ең



үлкен шараларының бірі болып табылған еді. Аталған жерлерді ежелден табын руының бөлімдері жайлайтын, өз жерлерінің тартып алынуына қарсы олар қарулы күреске шығады. Көтерілістің негізгі ұйымдастырушысы атақты батыр әрі би Жоламан Тіленшіұлы болды. Ол 18 ғ-дың I-жартысындағы қазақ даласындағы белгілі қайраткер, атақты қолбасшы Бөкенбай батырдың немересі, Тіленші батырдың ұлы болатын. 1822–26 ж. Жоламанмен бірге бұл көтеріліске тең дәрежеде Кіші жүздің белгілі тұлғалары, атақты батырлар (билер) – Асау Барақұлы (табын), Жаналы Игібайұлы (табын), Құттыбас Төлепұлы (табын), Сүйінқара Үргенішбайұлы (адай), Дербісәлі Қиғылықұлы (кете) жетекшілік етті. Бұлардан бөлек шабуылдарды басқарған жеке-леген сардарлар да көп болды. Мұрағат деректерінде мұндай сардарлар арасында батырлар – Түктібай Байлыұлы, Түркебай Байқонысұлы, Бүркітбай батыр, Байғана Көнейұлы, Арал Жәнібекұлы, Ақыл Қабылұлы, Айдос Сағырұлы, Бабыш Дауылұлы, Қитар Барақұлы, Дәуіт Асауұлы, Шындауыл Қитарұлы, Қадырқұл Асауұлы, Едіге Тіленшіұлы, т.б. есімдері аталады. Көтерілістің үлкен себептерінің тағы бірі – бүкіл Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігінің сүйікті билеушісіне айналған, дала өңірлерінде алауыздықтарды тыйып, әділдік пен темірдей тәртіп орнатқан Арынғазы Әбілғазыұлы сұлтанның себепсіз Ресейде ұсталуы еді. Ел басқаруға бірден-бір қабілетті, халық қалауынан шыққан адамның билікке жіберілмеуі, тіпті оның елге қайтарылмауы халықтың заңды наразылығын туғызды. Көтеріліс ұйымдасқан түрде 1822 жылдың көктем-жаз айларында басталғанымен, оған даярлық алдын ала мұқият жүргізілген. Мұрағат құжаттарына қарағанда, күресті басқарған Жоламан мен оның сенімді серіктері – билер мен батырлар көптеген кеңестер өткізіп, өздерінің әр қадамдарын ортақ ақылдасып шешіп отырған. Олар мәселені бейбіт жолмен шешуге де мән берген, Орынбор әкімшіне өз талаптарын білдірген хаттарын жолдаған. Өз өтініштері жауапсыз қалдырылған соң ғана көтерілісшілер орыс шептеріне жасалатын шабуылдарды мұқият жоспарлап, оларға жан-жақты даярланған. 1822 ж. 5 қаңтарда Орынбор әкімшінің тапсыруымен Шерғазы хан табын руының ауылдарына

бірнеше сұлтандар мен билерден тұратын делегация аттандырады. Бұл топ алдыңғы жылдары орыс шептерінен әкетілген тұтқындар мен жылқыларды қайтару жөнінде келіссөздер жүргізулері керек болған. Делегация Қалдығайты, Бұлдірті, Қобда, Ойыл мен Қиыл өз-дерінің салаларында отырған аталған ру ауылдарында үлкен наразылықтарға тап болады. Жергілікті ру өкілдері хан жіберген сұлтандар мен билерді тындаудан бас тартып, оларды жек көрініш сезімімен «азаттықты сатқандар», «орысқа сатылушылар» деп атаған. Олар Ресейдің өздерінен Електі алып қойғаны мен шепке жақындауға тыйым салғандығы үшін, кек ретінде жаз шыға салысымен, бүкіл орыс шептерінің бойын шабуылдауға, бекіністерді өртеуге, тұтқындар алуға кірісетіндерін ашық айтқан. Келтірілген оқиғалар, орыс үкіметіне наразылықтардың әбден күшейіп, соған дейін стихиялық түрде өрбіген шепке жеке-жеке жорықтардың енді бір күшке бірігіп, ұйымдасқан түрде болатындығынан анық хабар береді. Бұл көтерілістің басталу немесе дайындық кезеңі болатын. Күреске даярланған ру бөлімдері сол тұста 2000-ға жуық шаңырақтан тұрған және Қалдығайты, Бұлдырты, Ойыл, Қиыл өз-дері аралығын, Қобданың жоғ. тұстарын мекендеген. 1822 жылдың көктемінде аталған ру бөлімдері Илецкая Защита (Тұзтөбе) бекінісіне қарсы, Ұлы Қобда салалары – Ешкіқырған, Үшқатты, Батпақты, Шолаққайың, Тұманшы, Сауқайың, Қуағаш, Терісаққан, Қарағанды өз-дерінің бойларында және Қиыл, Бабатай, Қараоба өңірлерінде көшіп-қонған. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс Ресей билігіне қарсы бағытталған азаттық соғыс болып табылды. Қазақ сарбаздары өз әрекеттерін Ресейге қарсы ашық соғыс деп жариялады. Көтерілістің алғашқы кезеңінде (1822–26) Ресей шептеріне жүздеген шабуылдар ұйымдастырылды. 1822 ж. Ново-Илецкая (Жана Елек) шебінде құрылған алты форпосттың барлығы бірдей Жоламан бастаған қазақ сарбаздарының шабуылына ұшырады. Қазақ жасақтары үлкен топтарға бірігіп, әскери күштер шоғырланған бекіністерге тікелей шабуылдар ұйымдастырды. 1822 ж. 31 шілде күні қазақ сарбаздарының аз адамдық бір тобы Изобильный форпостына шабуыл жасаса, сол күні көтерілісшілердің басқа үлкен тобы Линецкий форпостына шабуыл жа-



сайды. Бұл шабуылдарды Құттыбас пен Жаналы батырлар ұйымдастырған. Тамыз айының басында Жоламанның өзі, Құттыбас, Жаналы, Түркебай, Түктібай батырлар бастаған 300 сарбаз Елек өз-нің оң жағында орналасқан Землемерный пикетіне шабуыл жасап, 2 казак пен 4 башқұртты қолға түсіреді. Осы жасақ пен басқа да топтар Жіңішке өз-нің бойында бірігіп, Буранный форпостына шабуыл жасауды жоспарлайды. 1822 ж. 29 тамыз күні 500 сарбаз үш топқа бөлініп, қойылған қарауыл пикеттерінен өтіп, Ветлянский форпостына шабуыл жасайды. Мұрағат деректеріне қарағанда, шабуылды ұйымдастырған сарбаздар 5 бірдей ту ұстаған, түгел қаруланған және форпосты қатты айқаймен, шыңғыра ұрандатып, оқ ата шабуылдаған. Форпосты өртеуге тырысқан оларға ондағы қазақтар мылтықтардан оқ атып, тойтарыс берген, сонымен қатар көрші Мертвецкий және Изобильный форпостарынан шұғыл түрде көмек шақырған. Шабуыл кезінде сарбаздар Ветлянский форпостының басшысы хорунжий Печенкинге орыстарды «өз Електерінен кетіретіндерін, ал форпосты күл-талқан етіп өртейтіндерін» айтып қорқытқан. Бұл жөнінде Ново-Илецкая шебінің командирі есаул Аржанухиннің Орынбор Шекара Комиссиясына 5 қыркүйекте жолдаған баянатында айтылған. Ветлянский форпостына шабуылдан кейін көп ұзамай, 4 қыркүйек күні көтерілісшілердің 100 адамдық жасағы өз жерлеріне салынған Ново-Илецкая шебінің келесі форпосты Сухореченскийге шабуыл жасап, үш казак пен алты башқұртты тұтқындаған. Бұл шабуылды Жоламан, Жаналы, Құттыбас, Қитар, Түктібай, Түркебай, Жантай, т.б. батырлар басқарған. 1822 ж. 9 қазан күні таңертең 250 адамдық жасақ аталған Буранный форпостына шабуыл жасап, қазақтар қорғанысына тап болады. Оларға Елек бойынан қосымша тағы 250 сарбаз қосылып, шабуыл қайта жалғасады. Сарбаздарға қарсы қарулы казак жүздігі шығарылады. Шайқас кезінде сарбаздар 5 казакты өлтіріп, екеуін жаралайды, өздерінен болған шығын туралы ақпар жоқ. Осы шабуылда көтерілісшілер көп мөлшердегі астық пен шөп қорларын өртеп кетеді. Бұл туралы форпост басшысы сотник Свиридов император Александрдың өзіне өтініш жазып, шабуылды ұйымдастырған адамдарды іздестіріп қолға түсіру жөнінде

жарлық беруін сұраған. Шабуылды ұйымдастырғандар табынның бөлімдері және тама, ақсете, кердері (бөлімдері көрсетілмеген) руларының адамдары болған. 1822 ж. тамыз айының соңында Ресей шептеріне шабуыл жасаумен тұрақты айналысқан сарбаздар саны 1 мың адамнан асса, қазан айының басында 2 мыңға, қарашаның соңында 3 мың адамға жеткен. Есаул Аржанухиннің мәліметі бойынша, қазақ сарбаздары мылтықтармен, найза-кылыштармен қаруланған, сауыт-саймандары болған және жорықтарға үнемі 2–3 қосарлы жарау аттармен шығып отырған. Шабуылдар легі басталған тұста көтерілісшілер өз ауыл-аймақтарын шептен қашығырақ Ойыл, Қиыл, Сағыз өздерінің бойларына жіберген. Бірқатар ауылдар Шыңғырлау, Қобда бойларында да қалған, дегенмен көтерілістің алғашқы кезеңінде оның негізгі тылы әрі плацдармы Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз өңірлері болып табылған. Жоламан бастаған сарбаздар Елек бойына шабуылдар жасап, адамдарды тұтқындай отырып, Ресейден қазақтарға тиесілі жерлерді қайтаруды және Арынғазы сұлтанды босатуды талап еткен. Егер талаптары орындалмаса, орыс шептеріне бұдан да көп жасақпен басып кіретіндерін мәлімдеген. Қазақтарды ашу-ызаға булықтырған тағы бір мәселе – бұрын өздері емін-еркін өтіп жүрген шеп бойындағы айырбас сауда жолдарының қазақтар үшін жабылып, тек Илецкая Защита (Тұзтөбе) іргесінде ғана бір өткелдің қалдырылуы еді. Бұл шара қазақтар үшін өте ауыр тиген. Осындай қысымдарға қарамастан, шабуылдар кезінде де қазақтар мәселені қантөгіссіз бейбіт жолмен шешуге тырысқан. Орынбор кеденінің Сыртқы сауда департаментіне жолдаған мәлімдемесінде, Жоламан бастаған сарбаздар тобының алдымен арнайы жаушы жіберіп, жоғарыдағы өз талаптарын білдіріп алатындарын және егер «орыстардан қысым көрмесе, ешқашан да оларға зиян жасамайтындарын» айтатындарын келтірген. Бұл Жоламан бастаған шабуылдардың, жалпы азаттық қозғалыстың анархиядан тыс, біртұтас елдікті мақсат тұтқан, әділетті сипатын көрсетеді. Кіші жүз ханы Шерғазы Жоламан бастаған көтерілісшілерден қатты қауіптенген. Сарбаздар орыс үкіметінің ықпалынан шыға алмайтын Шерғазы хан ауылдарын да шаппақ болған, олар ханға үкіметтің саясатын жүр-



гізгені үшін өшіккен. 1822 ж. қазан айында ғана Шерғазы хан Орынбор губернаторы Эссенге үш хат жолдап, өз ауылдарымен Жайықтың арғы бетіне өтіп қыстауға рұқсат сұрауға мәжбүр болған. Ол көтерілісшілердің саны 3 мың адамға жеткенін, үкімет қару күшімен шара қолданбаса, өзінің күші келмейтінін мойындаған. Жоламан бастаған көтеріліс ауқымынан Петербургтегі үкімет орындары да қауіптенген. Азиялық к-ттің іс басқарушысы К. Родофиникин 1822 ж. қарашаның басында губернатор Эссенге «құпия» айдарымен жіберген қатынасында «Кіші қырғыз-қайсақ Ордасында қазіргі қалыптасқан жағдай Сыртқы істер министрлігінің айрықша назар аударып отырған нысаны» болып табылатындығын, онда болып жатқан тәртіпсіздіктер к-т тарапынан арнайы қаралатынын айтқан. Қазақтардың орыс шебіне шабуылдары келесі 1823 ж. да жалғасқан. Сол жылы ақпан-наурыз айларында Жоламан, Асау, Сүйінқара батырлар даладағы қазақ ауылдарын өздеріне қосылуға шақырып, жаушылар жіберген. Осы шақырулардың нәтижесінде көтерілісшілерге қосымша 2000-ға жуық адам келіп қосылған. Бұлардың барлығы орыс шептеріне шабуыл жасауға дайын болған. Ал Шерғазы хан болса, өлке әкімш-не Құттыбас, Жаналы батырлардың сарбаздарымен Сағыз бойында екенін, егер патша оларды жоюға шара қолданбаса, өзінің қолынан ештеңе келмейтінін тағы да мойындаған. Жоламан бастаған көтерілісті басуға 1823 ж. мамыр айында үкімет тарапынан үлкен жазалау әскері шығарылады. Оны Орынбор губернаторы Эссеннің жеке өтінішімен 1812 ж. орыс-француз соғысына қатысқан тәжірибелі командир, полк. Берг басқарады. Ол осы шара үшін Санкт-Петербургтен арнайы алдырылған. Берг әскері жеке үш жасаққа бөлініп, олар әртүрлі санаттағы 218 офицермен қоса барлығы 2382 адамнан, 8 зеңбіректен тұрған. Бұл жалпы қазақ даласына шығарылған ең үлкен әскери командалардың бірі болып табылады. Осындай мұздай қаруланған қаһарлы әскерге көтерілісшілер тайсалмай қарсы тұрып, жасақтардың үшеуі де сарбаздардың шабуылдарына ұшырайды. Бергтің өзі басқарған жасақ жан-жағынан қаумалаған қазақ сарбаздары арасынан асқан қиындықтармен жылжыса, полк. Циолковский жасағы да осындай күй кешіп, қа-

зақтардың басқа тобымен шайқасқа түседі. Осы шайқаста қазақ жасағы жан аямай соғысып, бірде-бірі тірілей берілмеген. Бергтің өзі жорық күнделігінде осы шайқастан соң 79 сарбаздың денесі санап алынғанын, олардың ешқайсысын қолға түсіруге мүмкін болмағанын, себебі олардың тірілей қолға түсуден сақтанып, соңғы демдері біткенше өлермендікпен соғысқандарын жазған. Полк. Милорадович басқарған 408 адамнан тұратын үшінші жасақты Жоламанның өзі Домалақ, Рабай, Әбіт, Әжібай есімді бауырларымен, Жаналы, Құттыбас, Қитар, Дербісәлі, т.б. қолбасшылар бастаған 1 мың сарбаз қоршап алып, жан-жағынан өрт жіберіп жүргізбей қояды, 24 адамын тұтқындап, екеуін өлтіреді. 13–14 маусым күндері қазақ жасағы ашық шабуылға көшеді. Осындай шабуылдардың нәтижесінде бұл команда шегініп, Елек бойына кері қайтуға мәжбүр болады. Қазақ даласына шығарылған үкімет әскерінің көтерілісшілерден жеңіліс тауып, көздеген мақсатына жете алмай, шығындармен кері қайтуы бұрын-соңды кездеспеген оқиға болып табылады. Берг экспед. қазақ даласын қанға бөктіріп, үлкен дүрбелең туғызды. Тек көтерілісші ауылдар ғана емес, әскерден үрейленген жүздеген бейбіт ауылдар басқа өңірлерге кетуге мәжбүр болды. Берг пен Циолковский жасақтары қосылған соң көтерілісші ауылдар шегініп, біріккен жасақ олардың соңынан 170 верст (182 км) бойы қуғанымен, жете алмайды. Бергтің өзі көтерілісшілердің 160 шақырым сусыз шөлді кесіп өтіп, Жемнен Мұғалжар тауларына, одан әрі Қарақұм арқылы Хиуаға өту туралы жанкешті ойларына қайран қалып, кері оралуға шешім қабылдаған. Жазалау әскері сапынан 31 адам қаза тауып, 17 адам жараланған, бұл экспед. үкімет қазынасына 26 650 рубльге түскен. Оның қорытындылары император І Александрға баяндалған. Қазақтардан 100-ге жуық сарбаз қаза болады. Жазалау шараларына қарамастан, көтеріліс қимылдары тоқтамайды. Шепке шабуылдар қайта жанданып, көптеген тұтқындар, соның ішінде 1823 жылдың шілде айында есаул Подуров пен прапорщик Медведев көтерілісшілердің қолына түседі. Көтерілісті басу үшін тағы да үлкен жазалау экспед-н шығару қажеттілігі туындайды. Алдыңғы жазалау шарасынан үш айдан соң, 1823 ж. қазан айында Орал казак әскерінің атаманы полк.



Назаров Орынбор губернаторы Эссенге жолдаған баяндама хатында «негізгі бүлікші» Жоламан Тіленшіұлына қарсы далаға тағы да жазалаушы команда шығару қажеттігін көрсетеді. Сол жылдың желтоқсан айында губернатор Эссен де Ресей Сыртқы істер министрі граф Нессельродеге «құпия» айдарымен мәлімдеме жасап, Жоламан бастаған көтерілісшілерді тағы жазалау жөнінде сұрайды: «...Вообще своевольству киргизов в степях нет границ... Требования их как о возвращении Илека, так и по другим предметам уже известны вашему сиятельству из переписки Юламана Тлянчина... Дерзость, с которою они разглашают по Орде, что за неудовлетворение сих требований ведут войну против России, заслуживает примерного наказания...». 1824 ж. ақпан айында Жоламан бастаған көтерілісті басуға екінші ірі экспед. шығарылады. Оны орыс-түрік және орыс-француз соғыстарынан өткен тәжірибелі қолбасшы, Орал казак әскерінің атаманы полк. Назаров басқарады. Оның құрамында 3 штаб-офицер, 29 обер-офицер, 1000 казак, басқа да шендермен бірге барлығы 1076 адам, 4 жеңіл зеңбірек болған. Бұл жасақ Ойыл өз-нің бойына дейін жетіп, көптеген ауылдарды талқандайды, көтерілісшілердің шағын топтарымен соғысады, бірақ Сағыз бен Жем өз-дерінің бойына қоныс аударған көтерілісші ауылдарды қолға түсіре алмайды. Жоламан бастаған азаттық күрес 1825 ж. үлкен жазалауларға душар болып, уақытша тоқырауға ұшырайды. 1824 ж. Кіші жүздегі хандық билік жойылған соң Орынбор қазақтары Батыс бөлігінің аға сұлтандығына сайланған Қаратай Нұралыұлы көтерілісті басуға айрықша кіріседі. Бұл оның көтерілісті басу желеуімен жасалған табын руына қарсы ғаламат қуғын-сүргіндік шаралары болып табылды, кезінде аталған ру хандыққа таласқан Қаратайды қолдамай, қарулы қарсылық көрсеткен болатын. 1825 ж. наурыз айында Қаратай сұлтан жасырын түрде 500 казак әскерімен Бұлдырты мен Шилі, Тамды өз-дерінің бойында қаперсіз отырған табын ауылдарын тұтқиылдан шауып, 195 адамын өлтіріп, басым бөлігі әйелдер мен кішкене балалардан тұратын 125 адамды тұтқынға алады. Ер адамдардың ішінен 20-ға жуық адам, олардың ішінде алтауы Жоламанның туысы, Сібірге, Иркутск губ-на жер аударылады. Екі айға

жуық созылған Берг экспед-ның өзі осында адамның көзін жоя алмаған болатын. Қазан айында Қаратай өз қол астындағы 1300 адаммен және 100 казакпен көтерілісші ауылдарға қарсы тағы аттанады. Бұл жолы кездескен шағын ауылдар оларға қатты қарсылық көрсетіп, қазанның 8-і күні Ұлы Қобдаға құятын Тұманшы өз-нің бойында болған шайқаста аға сұлтан жасағы олардың 43 адамын өлтіріп, 37 адамын тұтқынға алады. Кей мәліметтерге қарағанда, қаза тапқандар саны әлдеқайда көп болған. Жазалау шараларына қарамастан, қарулы казак жасақтары Ресей шебіне қауіп туғызуын тоқтатпаған. 1826 ж. жаз айларында адай Сүйінқара, кете Дербісәлі және табын Асау мен Байғана батырлар бастаған 2 мыңнан астам казак қолы Ойыл, Қалдығайты, Бүлдірті бойларында жиналған. Олардың арасында тама, кердері, ысық, шеркеш руларының да адамдары болған. 1826 ж. шілде айында табын Байғана, Түктібай, Ақыл батырлар, қаракете Бүркітбай батыр, Сүйінқара батырдың ұлы, кете Тастемір бидің ұлы, т.б. бастаған 500 сарбаз Новоилецк форпостына қарай жорыққа шығып, Шыңғырлау өз-нің бойында орыс әскерімен кездесіп, осы шайқаста Байғана батырдың өзі бір топ сарбаздарымен қаза табады. Кіші жүздің көптеген белгілі батырлары мен басқа да көсемдері басқарған жасақтың жеңіліс табуы сол төңіректегі бүкіл казак сахарасына қатты әсер етеді. Ресейдің әскери тұрғыдан үстемдігі туралы пікірлер көбейеді. Мұрағат деректерінде бұл жасақтан бөлек, Бала Қобда өз-нің бойында бекінген 600 сарбаздан тұрған жеке жылқышы табын жасағы туралы мәліметтер бар. Оған қарсы 1826 ж. 26 маусымда әскери старшина Меркулев басқарған зеңбіректері бар 400 казак әскері мен Батыс бөлік аға сұлтанының міндетін атқарушы Шыңғали Орманұлының 2000 адамдық жасағы шығарылған. Бала Қобда бойында бекінген көтерілісшілер үкімет әскеріне мылтықтардан оқ жаудырып қарсылық көрсеткен. 1827–28 ж. көтеріліс жетекшілері Үстірт, Хиуа өңірлерінде болып, бірқатар әрекеттер жасаған. Хандықтан алынған Шерғазы Ресей ықпалынан кетіп, Хиуа ханының араласуымен 1827 ж. хан сайланған. Дегенмен, бұл жылдар туралы ресми деректер аз. 1833 ж. Жоламан мен Асау батырлар тағы да сарбаз жинап, шепке қауіп төндірген. Оған



қарсы аға сұлтан Баймағамбет Айшуақұлы басқарған 4 мың адам шығарылған.

Жоламанның қайраткерлігінің келесі кезені әсіресе 1835 жылдан бастап айқын көрінеді. Ол 1835 ж. Орск мен Троицк арасынан Жаңа шептің салынуына байланысты Ресеймен тағы күреске шығады. Бірақ осы жылдар туралы да деректер тым аз. 1837 ж. Жоламан Тіленшіұлы өз жақтастарымен, ауыл-аймақтарымен Торғай бойына кетіп, Қасым және Кенесары сұлтандарға қосылады. Осы кезеңде Жоламан мен Жаналы батырлар сарбаз жинап, оларға жоғарыдан басшылық еткен, бұлардан бөлек мұрағат деректері бойынша, сарбаздарға бұл жылдары табын руынан Тұрым, Тоқпан, Елшібек, Саттық, Төребек, Байдос, Сопак, Мұқан сияқты сардарлар да басшылық жасаған. Дәл сол кезеңде ауыл-аймақтар арасында жұртты Ресей қол астынан кетіп, Хиуаға қарай қоныс аударуға үгіттеушілер өте көп болған. 1837 ж. жаз айларында осындай үгіттермен әсіресе табын және тама руларының жаушылары қызу айналысқан. Мұрағат құжаттарының бірінде Ресейге қарсы үндеулерді таратумен айналысқан 40-тан аса адамның тізімі сақталған, олар негізінен аталған екі ру адамдарынан тұрады. 1838 жылдың көктемінде шепке жақын манда көшіп-қонған ауыл-аймақтар да Хиуа иелігіне көшуді ойлаған. Орта бөліктің аға сұлтаны Жүсіп Нұралыұлы сол жылдың 26 наурызында Шекара Комиссиясына жолдаған баянатында Елек бойындағы қазақ ауылдарының күн жылысымен «Ресейге тәуелді әрі бағынышты болмас үшін» Хиуа шекараларына көшуге дайын отырғанын хабарлаған. 1838 ж. маусым айында Жоламан бастаған үлкен жасақ Жайық-Елек өңіріне қайта оралып, осы жерде қалып қойған қазақ қауымдарын өздерімен бірге Торғай, Ырғыз далаларына әкетуге кіріседі. Деректерге қарағанда, бұл жасақ табын, тама және қыпшақ руларынан құралған 3000 сарбаздан тұрған, оны Жоламан, Жаналы, Тұрым, Тоқпан және басқалар басқарған. Олар Жайық-Елек бойларында өздеріне қосылмаған табын, тама ауылдарын, шекті руының назар бөлімін, жағалбайлы, төртқара, жаппас руларының бірқатар ауылдарын Ресей ықпалынан әкетуге бел шеше кіріседі. 1838 ж. маусым айында осындай әрекеттер нәтижесінде, Жоламан мен оның серіктері Кіші жүздің 500-ге жуық ауы-

лын бастап Торғай, Ырғыз, Сыр бойындағы Қаракұм өңірлеріне – Қасым және Кенесары ордасына әкеліп қосады. Ресей шебінен алыс орналасқан Ырғыз бен Торғай аралығында үкіметке қарсы күштер шоғырланып, аталған жерлер олардың тоғысқан, күш біріктірген мекендеріне, қозғалыстың негізгі ордасына айналады. Өлке әкімші. көшіп кеткен елді қайтаруға шұғыл әрекеттер жасайды. Орынбор губернаторы Перовский көшкен ауылдарды қайтарып, Жоламанды талқандау үшін үш ірі жасақ аттандырған. Солардың бірі полк. Мансуров бастаған 800 адамдық отряд Ор түбінде қалған төртқара руынан 70 адамды өлтіріп, 7500-ге жуық ұсақ малын, 600-ден астам ірі қаралары мен түйелерін қолға түсіреді, бірақ Ырғызға дейін барғанымен, ешқандай ауылды кездестірмейді. 750 әскермен Орынбордан шыққан подполк. Подуров та көтерілісші ауылдарды таба алмай, кері қайтады.

1838 жылдың күзінде Торғайдың жоғ. жағында Орта жүздің белгілі сұлтаны Қасым Абылайұлы мен Ұлытау, Кішітау өңірлерінде оның ұлы атақты Кенесары қыпшақ пен арғынның 4 мың шаңырағымен қоныстанып отырған болатын. Жоламан өз ауылдарымен олардың арасына, Торғайдан төмен Қаракұм өңіріне орналасады, ауылдардың бір бөлігі Торғайдың жоғ. тұсына Қасым сұлтан көшіне жақын жайғасады. 1835–47 ж. аралығында Абылайдың ұлдары Қасым мен Саржан, немересі Кенесары сұлтандардың отарлауға қарсы үлкен қозғалыс ұйымдастырғаны белгілі, осы ұлы науқанға алғашқылардың бірі болып Жоламан Тіленшіұлы үн қосқан еді. Осы кезеңде көптеген шен алып үлгерген қазақтың беделді билері мен сұлтандары Кенесарыны қолдаудан қорқып, бірқатары керісінше оған қарсы шыққан болатын. Жеке екі өңірдегі көтеріліс көсемдерінің бір жерден табылуы, немесе екі көтеріліс ошағының бір жерге жұмылып бірігуі Отан тарихында алғаш рет іске асқан көрініс болып табылды. Жоламан көптеген ауылдармен Торғай өңіріне келгеннен кейін де, келер 1839 жылдың көктемінде орыс шебіне қайта оралып, бүкіл Жаңа шеп бойын өртеуге бекінген. Бұл туралы Жоламан ауылынан тұтқыннан қашып шыққан қазақ Иван Силин мәлімдеген. Кенесары қосынында Жоламан мен оның сарбаздары бірнеше әскери іс-қимылдарға қатысады. 1838 ж.



желтоқсан айында Жоламанның өзі шекті, төртқара және табын сарбаздарымен бірге ұзын қыпшақ руының белгілі басқарушы биі Балғожа Жаңбыршыұлының ауылдарына шабуыл жасайды, Аманқарағай окр-не қарасты арғын руының ауылдарына да шабуыл жасалады. 1839 жылдың наурыз айында көтерілісшілерге қарсы 2000-ға жуық адамнан тұратын әскери старшина Лебедевтің жазалаушы әскері шығарылып, бұл жасақ Қасымның туған інісі Абдолла сұлтанның ауылдарын шауып, 50 адамды өлтіреді, сұлтанның өзін тұтқындап әкетеді. Кенесары мен Жоламан Абдолла сұлтанды азат ету үшін орыс әскерінің соңына түскенімен, жете алмайды. Орынбор губернаторы Перовский Ресей Әскери министрі граф Чернышевке жолдаған баянатында және өз кезегінде министрдің император І Николайға берген мәлідемесінде екі сардардың қосылып, шепке қауіп төндіруде екені хабарланған: «...По тем же сведениям из которого извлечено это донесение Кенесары отправил аулы свои к Аксакал-Барби и на Сыр-Дарью, а сам соединяя с мятежником из киргизов Оренбургского ведомства Батырем Юламаном и имея при себе значительное скопище угрожает нападениями на мирных киргиз и на линию; шайка эта как полагают приблизилась к центру Новой линии верст на 200...». 1839 ж. жаз айларында әртүрлі әлеум.-саяси себептермен Жоламанның Торғай өңірлеріндегі ордасы да ыдырай бастайды. Мұрағат құжаттарына қарағанда, сол кезеңде оның қол астындағы табын мен тама ауылдары аса көп мөлшерде Ор өз-нің жоғ. тұсы мен Жем бойына қайта орала бастаған. Жоламанның өзі аз мөлшердегі ауылдармен Қасым сұлтанмен бірге көшіп-қонады. 1840 ж. маусым айында Қасымды Ташкент әміршісі алдаумен шақырып, көптеген жақын туыстарымен бірге өлтірген оқиғадан соң, жасы ұлғайған Жоламан көтеріліс қимылдарынан біртіндеп шыға бастайды. Жоламан аталған оқиға орын алған тұста Бұхара иелігінде болатын, өзінің осы қарт жолдасының қазасынан соң ол Бұхара өңірінде тұрақтап, бірнеше жылдан соң сол өңірде қайтыс болады. Бірақ ол Кенесарымен, жалпы қазақ даласымен байланысын үзбеген, бірқатар маңызды шараларға қатысып отырған. 1845 ж. Кенесары Кішітау өңірінен Алатауға қоныс аударар

алдында, егер ол жерде қалу мүмкін болмаса, «табын Жоламан салған жолмен Бұхара асып кететіндігін» мәлімдеген, бұл оның өзінің қарулас жолдасы туралы бір сәт те ұмытпағанын көрсетеді.

Жоламан бастаған көтеріліс үлкен аумақты қамтыды, негізінен екі-үш ру өкілдері қатысқанына қарамастан, өте ауқымды болды. 1822–26 ж. Елек, Қобда, Шыңғырлау, т.б. солт. өңірлерден бастап, Жем, Сағыз, Ойыл, Темір және ішінара Солт. Үстіртке дейінгі аралықты қамтыса, 1837–40 ж. Ырғыз, Торғай, Қарақұм өңірлеріне де тарады. Осы соңғы кезеңде көтеріліске алдыңғы табын, тама, кете руларынан басқа шөмекей, төртқара, шекті және қыпшақ руларының бөлімдері де қосылды. 1838–40 жылдардағы көтеріліс ауқымын төмендегі мәліметтер де көрсетеді. 1837 жылдан бастап, Ресей үкіметі Кіші жүз қазақтарына тұңғыш рет түтін салығын енгізген болатын. Мыс., 1838–40 ж. салық 10–13 мың шаңырақтан жиналса, 1841–43 ж. сәйкесінше 40 мың, 50 мың және 60 мыңнан астам шаңырақтан жиналған. 1822–26 ж. көтеріліс аясында Ресей шептеріне ірілі-ұсақты жүздеген шабуылдар ұйымдастырылды, шекарада орналасқан орыс форпосттары мен редуттары, хуторлары қазақтардың үздіксіз шабуылдарынан көз аспады. Осы шабуылдарда шеп бойынан жүздеген тұтқындар алынды. Кейбір мәліметтер бойынша 1818–29 ж. барлығы 443 адам тұтқынға алынған. Қазақ даласындағы ешбір көтерілісте мұндай мөлшерде тұтқын алынбаған болатын. Жоламан бастаған күрес ел мен жердің азаттығы үшін, қазақ халқының біртұтастығы үшін ұйымдастырылды. Көтеріліс өз сипаты жағынан ұлт-азаттық күрес болып табылды, ол мақсатсыз, жүйесіз әрекеттерден тұрған жоқ, шабуылдар нақты мақсаттармен, жоспармен жүргізілді. Көтеріліс жетекшілері Ресей үкіметіне өздерінің нақты талаптарын қойды, шепке зиян жасау, бекіністерді өртеу арқылы көтерілісшілер отарлаушы үкіметті Елек бойларынан кегіруге тырысты. Бұл орындалуы қиын шаруа болатын. Зеңбіректермен қаруланған жазалаушы әскермен көтерілісшілер бетпе-бет шайқаса алған жоқ, бұл мүмкін емес те еді. Көтерілісті басуға мыңдаған адамнан тұратын үлкен командалардың шығарылуы, оларды тәжірибелі командирлердің басқаруы, Ресей



үкіметінің Жоламан бастаған қозғалыстан шындап қауіптенгенін көрсетеді. Жоламан бастаған күрес жеңіліске ұшырағанымен, ол үзілістермен біршама ұзақ жылдарға созылып, көтерілісті басуға жіберілген бірнеше ірі жазалау шаралары, тұтқындарды босатуға бағытталған әрекеттер, т.б. іс-шаралар үкіметке үлкен күшке, ірі материалдық шығындарға түсті. Қозғалыс Ресей империясының оңт-ке қарай жылжуын, Орта Азия халықтарын басып алу әрекетін көп жылдарға тежеді. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс 19 ғ-дың I-жартысында тек Батыс Қазақстандағы ғана емес, бүкіл қазақ даласындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Қазақ тарихында елеулі орын алса да, бұл күрес көпке дейін Отан тарихында өзінің лайықты бағасын алмай келді. Көтерілістің көсемі Жоламан мен оның қасына ерген батырлардың сінірген еңбектері, олардың рөлдері, маңызы зерттелген жоқ. Өз ұлтының азаттығы үшін ұзақ жылдар бойы жан аямай арпалысқан қазақтың қайсар ұлының жерленген жері әлі белгісіз.

Дер.: ҚР ОММ, 4-қор, 1-тізбе, №№ 1856, 1804, 1805, 1806, 1808, 1820, 1826, 1835, 1838, 4696, 4698, 4700, 4830, 1272, 1294, 1296, 1326, 1341, 1976, 1989, 1992, 3331, 3339, 4200, 4304, 4890 және т.б. істер; Орынбор обл. мемл. мұрағаты, 6-қор, 10-тізбе, № 2781, 3232, 3040а, 2423, 3188, 3321, 3328, 2810, 4857, 5241 және т.б. істер; Ресей мемл. әскери-тарихи мұрағаты, 846-қор, 16-тізбе, 769, 1161 және т.б. істер; Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828). Т. 4. М.-Л., 1940.

Н.Жетпісбай

ЖОЛ БАРЛАУЫ, әскери істе – ұрыс жүріп жатқан аудандағы немесе жаудың тұрғынындағы жолдардың жай-күйін білу және жаңа жол тораптарын табу үшін жүргізілетін барлау түрі. Ж. б. кезінде табиғи бөгеттердің бар-жоғы, олардың өзгешелігі, паналау мүмкіндігі анықталады.

ЖОЛЫМ ҮЙ – киіз үйдің бір түрі. Ұзақ сапар немесе жорық кезінде тігіледі. Ж. ү. тез тігуге қолайлы, киіз үйден жеңіл, кішірек келеді. Онда уық пен шаңырақ қана болады. Шаңыраққа уық шаншып, үстіне туырлық жабады. Ал Орынбор қазақтар тұрмысында пайдаланылған Ж. ү. ұш қанаттан аспайды, оның керегесі сирек орнатылады, түзу уықтары шаңыраққа шаншылмай, басы түйістірі-

ліп байланады да, үстіне туырлық жабылады. **ЖОРЫҚ**, ж о р т у ы л – 1) әскери бөлімдер мен құрамалардың белгілі бір бағытты бетке алып, көлікпен немесе жаяу ұйымдасқан түрде саппен қозғалуы. Бейбіт уақытта жауынгерлік даярлық жүргізу мақсатымен, соғыс кезінде әскери тапсырманы орындау үшін ұйымдастырылады. Жағдайға байланысты майданнан тылға қарай немесе майдан бойлай жүргізіледі. Ж. шеру тізбегінен тұрады және алдағы ұрыс қимылдарына сай әскерлердің тез арада алғы шепке жетуін қамтамасыз етеді; 2) әскери құрамалардың алыс өңірге жасаған шабуылдары да Ж. деп аталады. Мыс., Жебе мен Сүбедей жасағының Кавказ бен Еділ бойына Ж-ғы, т.б.

К.Аманжолов

ЖОРЫҚ БЕЛБЕУІ – дәстүрлі қазақ қоғамында жауынгерге арнап жасалатын белбеу, белдік. Ж.б. жібектен, жүннен тоқылған маталардан және былғары, қайыстан жасалған. Оны қоламен, мыспен, жезбен, алтынмен, күміспен оймыштап, әдемі доғабастармен, салпыншақтармен, бастырмалармен ажарлайтын болған. Ж. б-не қынапты семсер немесе қылыш, қынды пышақ, оқ-дәрі, білте салатын, сіріден, былғарыдан жасалған құты, қалталар байланған.

ЖҰБАЕВ Сыдық (1886, Бөкей ордасы, Бесқыз а. – 1930, Маңғыстау, Форт-Шевченко) – қоғам қайраткері. Ганюшкинодағы орыс-қазақ уч-шесінің үш сыныбын бітірген (1904). 1917 жылға дейін Маңғыстаудағы 2-Бозашы болысында тілмаш болған. Кеңес дәуірінде әр түрлі жауапты қызметтер атқарған. 1928 жылдан бастап Адай окр-ндегі шаруаларға қарсы жүргізілген солақай саясатқа, күштеп жаппай ұжымдастыру науқандарына халық наразылығын ұйымдастырушылардың бірі ретінде саяси қуғынға ұшыраған. 1929 ж. тұтқынға алынып, 1930 ж. 9 қазанда ОГПУ үштігінің үкімімен ату жазасына кесілген. 1962 ж. 8 ақпанда ақталған. *Әдеб.:* Омаров М., Расстрелянная степь, А., 1994; Азалы кітап. Маңғыстау облысы, А., 1998.

Қ.Алдажұманов

ЖҰМАБАЕВ Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы (25.6. 1893, Солт. Қазақстан обл., қазіргі Мағжан Жұмабаев ауд., Сасықкөл жағасы – 19.3.1938, Алматы қ.) – алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті



өкілі. Ж. ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–10 ж. Қызылжардағы медреседе, 1910–13 ж. Уфа қ-ндағы «Ғалия» медресесінде білім алды. 1913–16 ж. Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. «Бірлік» ұйымы жұмысына белсене араласып, «Балапан» қолжазба журналын шығаруға қатысады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетінде өз өлеңдерін жариялайды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге



М.Жұмабаев

белсене араласып, Ақмола обл. қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола обл. қазақ к-ті құрамына сайланды. Мәскеу қ-нда өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. «Алаш» партиясының Ақмола обл. к-тінің мүшесі болды. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. 1918–29 ж. оқу-ағарту саласында, баспасөзде қызмет істеді. 1929 ж. Ж. «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесілді. 1936 ж. М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. 1937 ж. наурызда Ж. Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 ж. қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді. 1960 ж. Түркістан әскери окр. әскери трибуналының алқасы шешімімен Ж. толығымен, біржола ақталды. Алматы және Петропавл қ-ларында бір-бір көшеге Ж. есімі берілді. Петропавл қ-нда және ақынның туған ауылында ескерткіш қойылған. Солт. Қазақстан обл-ның бұрынғы Булаев ауд. енді Мағжан Жұмабаев ауд. (2000) болып аталды.

Ш.Елеуқенов, С.Рүстемов

ЖҰМАҒАЗЫ молда Бәйімбетұлы (1874/90 – 1931) – Қарақұм көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, атақты Алтын Сәлтеке батыр Мәметекұлының ұрпағы. Бұхарадағы діни медреседе білім алған. 1930 ж. наурыз айының ортасында Қармақшы ауд-на қарасты «Қарабөгет» деген жерде №1 а. тұрғындарының жиыны өткен. Олардың көбісі алтын руынан болған. Жиналған жұрттың алдында Ж. сөз сөйлеген. Онда ол: «Бұл үстіміздегі жыл қазақтарға өте ауыр болды. Тіпті орташалар мен кедейлерді байлардан ажыратпай, аса ауыр салық салды. Енді, міне, колхоз ұйымдастырып, оған біздерді күштеп мүше етіп, малымызды және дүниемүлкімізді тартып алмақшы. 1928 жылы байларды тәркілеген кезде, біз өкіметке ешқандай кедергі жасағанымыз жоқ. Ендігі жерде түгелдей барлығымызды тәркілегісі келеді. Біздерді ислам дінінен бас тартуға итермелейді. Ауданнан келген уәкілдердің діни жолмен жүруге қарсы екенін, олардың мешіттерді жаптырғанын өз көздеріңізбен көрдіңіздер. Мұндай өкіметтен не күтуге болады? Ертең барлығымыз бірігіп, Қарақұмға көшуіміз керек. Сол жерде біз Кеңес өкіметінен қорғанамыз...» – деген. Жиналғандар жергілікті үкімет пен уәкілдерден Қарақұмға қаша көшу туралы шешімге келді. Іле-шала аталған ауылдардан 700-дей қожалықтар жаппай көшті. Жол-жөнекей, ауа көшуге кедергі жасамақ болған жергілікті кеңес-партия қызметкерлері табанда тұтқындалды. 17 наурызда көтерілісшілер Ж-ны өз орталарынан хан етіп сайлады. Оған кеңесшілер болып Әлмағамбетов Ысқақ, Күздікбаев Сағит, Омарбаев Оразбай, Байбақтин Беріш, Қыпшақбаев Мешітбай, Қожамжаров Бұқарбай, Тәженов Жанұзақ бекітілді. Көтерілісшілер қатары күн санап өсті. Оларға біртіндеп Талқанбаев Баймағамбет, Тыныштықов Кенжебай, Ахметов Тілеуғали бастаған көтерілісшілердің жаңа топтары барып қосылды. «Босағалы» деген жерде Бұқарбай деген кісі бастаған 50 қарулы, ал жалпы саны 150-дей шаруалар көтерілісшілер қатарларын толықтырды. Ж-ның тобы орналасқан жерден шамамен 25 шақырымдай қашықтықта Тұздақ Қараүңгір деп аталатын жерде көтерілісшілердің тағы бір үлкен шоғыры – өз орталарынан хан етіп сайлаған Лаубаев Пірмағамбет және ағайынды Нұрхан мен Жұмаш Қараевтар басқарған ұзын

саны 2000-дай адамдар топтасқан еді. ОГПУ мәліметтеріне қарағанда, олардың 300-дейінің қарулары болған. Лаубаев Пірмағамбет – Сыр бойының әйгілі батыры шөмекей Қашқынбай Кемелұлының немересі. Пірмағамбеттің атасы «Жолбарыс батыр» атанған Қашқынбай батыр, Хиуа, Қоқан хандықтарының озбырлығына қарсы шыққан айтулы ер. ОГПУ деректерінде Қарақұмдағы көтерілісшілердің жалпы саны 5000 адамға жеткен. Іздеріне түскен жазалаушылардан құтылу үшін көтерілісшілер өздері орналасқан жерге апаратын жол бойындағы құдықтарды құмға толтырып тастаған, із жасыруға тырысқан. Ж. Орынбордан, Қызылордадан, Ташкенттен, Орскіден жіберілген жазалаушы отрядтарға қарсы күресте шебер ұйымдастырушы ретінде көзге түсті. Қуғыншы қызыл әскерлердің Қармақшыдан және Ырғыздан шыққан отрядтары 7 сәуірде көтерілісшілер жасырынған жерге таяу келіп, қанды шайқас болды. Ұрыс кезінде көтерілісшілерден 35 адам өліп, 23-і жарақаттанған. Ал қызыл әскерлерден 40 адам өліп, олар кейін шегінуге мәжбүр болған. 1930 жылы 13 сәуірде Аралға келген әскери окр. комиссия Қарақұмға үкімет комиссиясын жіберуді ұсынды. Нәтижесінде Қазақ ОАК төрағасының орынбасары Әліби Жангелдин, жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Ғабит Мүсірепов, т.б. бар мемл. комиссия Қарақұмға аттанды. Бірнеше күнге созылған келіссөзден кейін, олар қаруы бар көтерілісшілердің қаруын тапсыруға көндірді. Көтеріліс жағынан келіссөзге қармақшылық Ж., т.б. қатысты. Олар үкімет алдына 7 шарт қойды. Талаптардың ішінде, әсіресе, Ж. бастаған діндарлар Қазақстанда дінге бостандық беруді және осында дін басқармасын ұйымдастыруға мүмкіндік жасауды, онан соң осы мақсатты жүзеге асыру үшін өздерінің Уфа қ-на барып қайтуларына рұқсат етуді өтінген. Үкімет комиссиясы бұған да рұқсат берді. Ж., Ақмолдин Оспан, Ахметов Тілеуғали құрамына енген діндарлар делегациясы Қызылорда окр. атқару к-тінің төрағасы Жүнісов қол қойған заңды куәлік алды. Бірақ мемл. комиссия берген бұл уәделердің бәрін голошекиншілер көп кешікпей-ақ, көтерілісшілер қаруларын тапсырып, тараған соң-ақ аяқ асты етті. 30 мамырда Ж. өзінің 8 кеңесшісімен бірге тұтқынға алынды. 1930 ж. Қарақұмда болған халық көте-

рілісіне басшылық еткен Ж. тергеуге берген жауабында Қарақұмда болған көтеріліс туралы былай дейді: «Ақпан айында ауылда жаппай конфискелеу мен еріксіз коллективтендіру басталды. Конфискелеуге байлармен қатар орташаларды, тіпті кедейлерді де жатқызды. Оның үстіне ауылдың үштігі намаз, ораза және басқа да діни жораларды ұстауға тыйым салды. Осының барлығы ауыл тұрғындарының арасында наразылық тудырып, аяқ астынан толқулар болып, ол көтеріліске айналды». Ж. және басқаларының «кылмыстық іс-әрекеттері» объективті түрде дәлелденбесе де, халықтың үрейін ұшыру үшін 1930 ж. 15 шілдеде Қазақстандағы ОГПУ үштігі шешімімен олар түгелдей ату жазасына кесілген. Тек Ж. жөнінде үкім белгісіз себептермен бір жылға дейін орындалмаған. 1931 ж. сәуір айының 16-сы күні Ж. Алматы қ-нда жазалау органы жендеттерінің қолынан қаза табады. Ж. тұтқындалғаннан соң бір жарым айдай уақыт өтісімен, табын, қыпшақ, алтын, шөмекей руларының өкілдері жиналып, алтын руынан шыққан Жұбанов Көпжанды (дұрысы Қожбан) хан етіп сайлайды. Сарманқожа деген жерге бекінген көтерілісшілер саны 1930 жылдың шілде айында 400 шаруашылықтан 1000 адамға дейін өсті.

Б.Ахметбек

ЖҰМАДІЛОВ Қабдеш (24.4.1936 ж.т., Қытай, Шыңжаң өлкесі Тарбағатай аймағы, Шәуешек ауд.) – Қазақстанның халық жазушысы (1998). Шәуешек гимназиясын бітірген соң, жолдамамен Қазақ мемл. ун-тіне



Қ.Жұмаділов

оқуға түскен (1956). 1958 ж. Қытай үкіметі органдары оны кері шақыртып алады. Сол кездегі Қытайдағы саяси науқандарға байланысты Ж-ке «ұлтшыл» деген айып тағылып, саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Бақты ше-



карасын бұзып өткен қазақ жастарымен бірге Ж. Қазақстанға біржола оралады (1962). Ж-тің алғашқы өлеңдері 1954 жылдан жариялана бастады. Содан бері бір өлеңдер жинағы, көптеген роман, хикаяттар, әңгіме, мақалалар жинақтары жарық көрді. «Соңғы көш» дилогиясында Қытайдағы қазақтардың бастан кешкен азапты ауыр тірлігі мен азаттық жолындағы күресі көркем бейнеленсе, «Тағдыр» романында 19 ғ-дағы екі империя арасындағы шекара бөлісі, амалсыз екіге жарылып, телімге түскен қазақ ұлтының ауыр тағдыры көрсетілген.

Т.Шаңбай

ЖҰМЫР (19 ғ.) – Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан батыр. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының байбақты руынан шыққан. Махамбет Өтемісұлының үзеңгілес серігі болған. Махамбет Ж. батырға арнап «Жұмыр – Қылыш» күйін шығарған. Зираты қазіргі Батыс Қазақстан обл-ндағы Қалдығайты а-ның маңында.

Ғ.Қырықбаев

ЖҮЗБАСЫ, ж ү з б е г і – түркі халықтарында орта ғасырларда қолданылған әскери лауазым; жасақтағы жүз сарбаздың басшысы. Соғыс кезінде әрбір шаңырақтан 1 жауынгер алынатын болғандықтан бейбіт уақытта Ж. жүз үйді басқарған. Осы себептен кейіннен (19 ғ-дың ортасы) Ж. лауазымы әкімш. сипатқа ие болып, оған жүз үй немесе жүз жауынгер шығара алатындай мөлшердегі халық бағынған. Бұл лауазым түркілерден славяндарға ауысып, 16 ғ-дан бастап казак-орыс жасақтарында да Ж. (сотник) шені болып, ол тек 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін жойылған.

ЖҮЗДІК – Түркі қағанаты кезінен орныққан әскери бөлімше атауы. Түркілер әскерінің құрылымы ондық, Ж., мыңдық, он мыңдық (Шыңғыс хан заманынан бастап – түмен), яғни он оқ жүйесінен тұрған. Жасақтың ең аз тобы – ондық. Бұлар үнемі алдыңғы шепте барлаушылық қызмет атқарған. Ал Ж-тер белгілі аумақты, ұрымтал жерді, елді мекенді қорғаған. Ондаған Ж. мыңдық деп, ал бірнеше мыңдық қосын аталған. Ал бірнеше қосыннан қол құралған. Ж – осы қалың қолдың тірегі саналатын негізгі әскери бөлімше. Алтын Орда кезеңінде Ж. әскери бөлімше бірлігі ретінде түркілерден Русь князьдігіне ауысты. Осы жүйе Қазақ

хандығы жасақтарының құрылымының да негізіне алынған. 16–18 ғ-ларда Украинада әкімш.-терр. әскери бөлік те Ж. деп аталды. Казак-орыс атты әскерлері де Ж-ке бөлінді.

Қ.Толыбаев

ЖҮНДІБАЕВ Әбдіхамит (Ғабділхамит) (29.3.1893, Ақтөбе обл., Қобда ауд., Талсай а. – 1924, сонда) – алаш қозғалысының қайраткері, Алашорданың Торғай тобының белсенді мүшесі, журналист, публицист, аудармашы. Орынбордағы уездік орыс-қазақ мектебін (1906), Орынбор екі жылдық қазақ (қырғыз) мұғалімдер уч-шесін (1909) бітірген. Ақтөбе уезінде ауыл мұғалімі болып қызмет еткен. Осы кезден бастап саяси өмірге белсене араласып, Орынборда шыға бастаған «Қазақ» газетінде Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы мақалалар жариялайды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін жалпықазақ съездерін шақыруға белсене қатысқан. Сол тұста «Алаш» партиясын құру туралы бағдарламаға Ә.Бөкейхан және басқалармен бірге қол қойған жеті саяси қайраткердің бірі. Азамат соғысы жылдары Ж. Алашорданың Торғай тобында М.Дулатов, М.Есполов, А.Кенжин, С.Қаратілеуов және т.б. бірге саяси қызмет атқарған. Алаш милициясын жасақтауға қатысқан. Кеңес өкіметі орнаған соң, баспасөз саласында қызмет еткен. Қоғамдық-саяси әдебиеттерді қазақ тіліне аударуға ат салысқан. 1924 ж. ауыр науқастан қайтыс болды. Туған ауылы Талсайдың маңындағы Бұлақ деген қыстауға жерленген.

Әдеб.: Нұрпейісов К., Алаш Һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995.

Қ.Алдажұманов

ЖҮНІСҚАН Бүркітбайұлы (1896, Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. Белтерек а. – 1926, сонда) – ақын, Көкбай Жанатайұлының туған жиені, Әріп, Уәйіс, Иманбазар, Көкбай, т.б. ақындардан үлгі алып өседі. Есімі айтыс арқылы белгілі болған. «Қайран елім» өлеңі он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде жазылған.

С.Қорабай

ЖҮНІСОВ Әубәкір (12.06.1886, Алматы обл. Кеген ауд. Суықтоғай а. – 12.02.1939) – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысушы. 1908 ж. Жаркентте а.ш. мектебін бітірген. 1916 ж. Қарқарадағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін тұтқындалып, өлім жазасына кесіледі, бірақ бұл



жаза ауыстырылып, майданның алдыңғы шебіне жіберіледі. 1917 ж. Ақпан көтерілісінен кейін Жаркент қ-нда босқындарға жәрдем көрсету жөніндегі Түркістан комиссиясында істейді. 1919 жылдан Жаркент уездік-қалалық милиция бастығының орынбасары қызметін атқарып, 1921 ж. атаман Дутовты жою әрекетіне белсене қатысады. 1922–24 ж. Түзкен болысында (қазіргі Кеген ауд.) халық сотында судья қызметін атқарады. 1924 жылдан Алматы Облсотының мүшесі, Обладвокатура алқасының төрағасы болып жұмыс атқарған. Ж. сталиндік қудалаудың құрбаны болып, 1937 ж. қамалып, 1939 ж. ату жазасына ұшырайды. 1957 ж. ақталды.

ЖҮНІСТЕГІ Кәмел (27.1.1939 ж.т., Қарағанды обл., Шет өңірінде, Ақсу-Аюлы а.) – жазушы, кеңес заманында ұлт қамын көздеген партия құрған. 1959 ж. Шет ауд-дық комсомол к-тінің бөлім меңгерушісі болды. 1960 ж. Қарағанды пед. ин-тутының тарих факультетіне оқуға түскен. 1962 ж. қазақ



К.Жүністеги

жастарының астыртын «Елін сүйген ерлер партиясын» (ЕСЕП) ұйымдастырушылары ретінде жерлес досы, ақын Зейнолла Игілікұлы екеуіне саяси айып тағылып, Сібірдегі лагерьде «жазасын» өтеген. Айдаудан оралған соң, пед. и-туттағы оқуын сырттай бітірді. 1966–1984 ж. аудан орт-ғындағы М.Горький атынд. мектепте тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1984–89 ж. оқу бөлімінде әдіскер, 1989–92 ж. аудандық мұражай директоры, 1992–2005 ж. Шет ауд-дық «Заман» газетінде редактор болып қызмет атқарған. Ж. Қазақстан Жазушылар Одағының басқарма мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің, С.Сейфуллин атынд. сыйлықтың иегері. Жазушы «Дос көңілі», «Көне хикая», «Көксеу», «Көксең-

гірдің тасында», «Соңғы Абыз», «Ұлы пайғамбар және ұрпақтары», т.б. кітаптарының, «Құба белдер» трилогиясының, «Тар заман» спектакілінің авторы. «Бір ауыз сөз», «Шортанбай жырау», «Қай заман», «Хазірет Әлі», «Меруерт қайнар» зерттеу кітаптарын құрастырған. Ж-ның «Арқа самалы», «Аяулым», «Домбыра», «Туған жер», «Жаз келді», «Жас алаш маршы» әндері ел арасында танымал болды. Өлкетанушы ретінде Шет өңіріне әділдігімен аты шыққан Бәйсейіт би, Жанқұтты шешен, Дүйсенбай, Қара билердің, елін қорғаған Жидебай, Сеңкібай, Жарылғап, Ағабай, Дәріпсалы, Сазанбай батырлардың, Шортанбай жырау, Диа қажы, Қақпан ақын, Төлеубек, Хасен, т.б. ақындардың шығарм-н зерттеп, республикадағы БАҚ-тарда жариялады. Қыздарбек, Әбди, Сембек күйшілердің, Абылай ханның күйін зерттеуде көп еңбек еткен. Өлке тарихын зерттеу, насихаттау барысында Ж. бастама-сымен «Зұлмат жылдары», «Кенесары жұртында», «Тасқа тұнған құпия», «Дойыбы тас», «Қыздарбек күйші», «Шортанбай жырау», «Жәкен ақын» бейнетаспалары жазылып, деректі телефильмдер дүниеге келді. Ж. Кенесары ханның патша әскерлерімен соғыс алдында салдырған қамалының қалдығын тауып, сол жөнінде газет-журналдарға ғыл. мақалалар жариялады.

Әдеб.: Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық, А., «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл; Якия Э., Қаламгер Кәмел Жүністеги – елеусіздеу қазақ диссиденті, «ЕСЕП» партиясын құрушы, Азаттық Радиосы, 11.3.2009.

Д.Наушабай

ЖҮСІПБЕК Шайхысыламулы, Жүсіпбек кожа (1857, Қаратау өңірі, Қожатағай қонысы – 1937, Шыңжаң өлкесі Құлжа обл. Қызылкүре ауд. Төрткүл а.) – ақын, жыршы, ауыз әдебиетін жинаушы. Қазақ халқының ұлт-азатық көтерілісі туралы «Кенесары – Наурызбай» (1903), т.б. эпостық жырлар алғаш Ж-тің жинауымен кітап болып жарық көрген. Он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жеңіліс тапқан соң Ж. шекарадан өтіп, өмірінің ақырына дейін Қытайдағы қазақ ауылдары арасында ағартушылық, емшілік іспен шұғылданады. Ақынның жырлары мен дастандары Орт. ғыл. кітапхана мен Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Т.Қоңыратбай

ЖҮСІП



ЖҮСІП Құланұлы (т.-ө.ж.б.) – би. Кіші жүз құрамындағы әлімұлы тайпасының назар руын басқарған. Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліске қатысқаны үшін қуғын-сүргінге ұшыраған Тінәлі Тайсойғанұлы, Сарт Еділұлы, т.б. сарбаздарға қол ұшын беріп, қамқорлық көрсеткен. Ж. би көтерілісшілерге көмекке Үшбөкенбай а-нан 500-ге жуық сарбаз жиып берген. Көтеріліс туралы құжаттарда оның ағасы Медет би Құланұлы, баласы Шымбай Жүсіпұлы туралы деректер кездеседі.

Әдеб.: Әнес Сарай, Исатай – Махамбет, А., 1997. «**ЖІГЕР» ҰЙЫМЫ** – Бөкей Ордасында Ақпан революциясының нәтижесінде құрылған жастар ұйымы. Ұйымға топтасқан жастардың мақсаты барлық талапты жастарды осы ұйымның қағарына тарту, ағартушылық жұмыстарын күшейту, Орынбордағы ұйымдармен байланыс орнату және барлық зиялы қауымды бір мақсатқа жұмылдыра отырып, көпшілік халықты Алашорданың туы астына біріктіру болған. Осы мақсаттарын толық жүзеге асыру үшін «Ж.» ұ-ның өзге өңірлерде отау бөлімшелері ашылған. Бөкейлік жастар ұлт зиялыларымен бірге Бөкей Ордасында Уақытша үкіметтің басқару құрылымдарын орнатуға белсене араласқан. Бұл істе Алашшыл бағыттағы «Ж.» ұ. бөкейлік жастардың мәдени-ағартушылық, қоғамдық-саяси қызметтеріне жетекшілік жасап отырған. «Ж.» ұ. өзінің алдына қойған мәдени-ағартушылық мақсаттарын айқындап, саяси мәселелер төңірегінде бейтараптығын мәлімдеген. Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкіметке қолдау көрсету мақсатында Алаштық бағытты ұстанған «Ж.» ұ. билік басына солшыл большевиктік фракция келгеннен кейін, социалистік қоғамның талаптілектеріне сай келмейтіндіктен, жергілікті кеңестік билік органдары оны жабу жөнінде үкім шығарған.

Әдеб. мен дер.: Зиманов С.З., Даулетова С.О., Исмагулов М.Ш. Казахский отдел народного комиссариата по делам национальностей РСФСР. А.-А. Наука, 1975, с. 217-218.; Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917-1920 жж). II-бөлім. Бөкей облысы. – Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2001, 96 б.; ҚРПМ. 811-кор, 7-тізбе, 63-іс, 198 п, 21-22 пп.

Е.Хайдаров



ЗАЙСАН ПРИСТАВЫ – Ресей империясы сол кездегі Семей облысы аумағында Зайсан, Күршім, Бұқтырма өлкелерінің қазақтарын басқару үшін 1868 ж. құрған пристав. Алғашында З. п-ның жері Зайсан к-нің екі жағындағы солт. және оңт. бөліктерге бөлінді. 1870 ж. 1 қаңтарда Семей обл-ның шекаралық межесі өзгертіліп, соған сәйкес З. п-ның жаңа шекарасы белгіленді. Осы шекара бойынша З. п-ның құрамына 2 станица, 4 кент, 14 болыс, 104 ауыл, 20974 үй кірді. Басқару орт. – Зайсан кенті болды. З. п. тұрғындарының саны 1891 ж. 109387 адамға жеткен (104811 қазақ, 1478 орыс-қазақ). Олар, негізінен, мал ш-мен және егіншілікпен шұғылданған. 1895 ж. 25 наурызда Ресей империясының «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай обл-тарын басқару ережесіне» сәйкес З. п. Зайсан уезі болып қайта құрылды.

Ә.Қорғанбаева

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ – қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927) М.Әуезов енгізген термин, тар заманда ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұн-зармен жырлаған ақындар шоғыры. З. з. а. шоғырының белгілі өкілдері: Дулат Бабағайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан, т.б. Әуезов З. з. а. дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбетпен аяқтайды. З. з. а. тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі З. з. а-н тарих сахнасына шығарған. З. з. а. халқының жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үн-



дейді. Ресей империясы отарлаушыларының озбырлығы мен сұрқия саясаты З. з. а-ның өлең-жырларында жан-жақты суреттеледі. Қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, діннен аулақтату сықылды империялық пиғылдың жүзеге асуына қарсыласу қозғалысы З. з. а-ның қайраткерлік поэзиясын өмірге әкелді. Бұрынғы жыраулар поэзиясымен үндесіп жататын өршіл рух, әсіресе, Мұрат Мөңкеұлының жырларынан айқын байқалады. З. з. а. шығармаларындағы ұлттық болмысты, қазақы қадырқасиетті сақтап қалуға үндеген ой-пікірлер жанайқаймен, шарасыздықпен, соңғы төзімді сарқа айтылғандығымен ерекшеленеді. Мұндай өлеңдерден бодандықтың бұғауына бас игісі келмеген ұлт қайраткерлерінің өршіл үні де, сары уайымға салыну, қайғы-мұңға берілу сарыны да байқалады. Бұл кезең ақындары келер күннен үміт жоқтығына налиды, тығырықтан шығатын жол таппай қиналады. Олар елдің басына түскен нәубетті ақырзаманның келгені деп ұғады. Бұл жердегі ақырзаман – ғаламдық апат, жанды-жансыздың тып-типыл болуы турасындағы емес, отаршылдықтың шеңгеліне мықтап түскен ұлттың күйреуі сипатындағы ақырзаман. Халықты қан қақсатқан зобалаңның себебін З. з. а-ның бірі адам қолымен жасалған зұлымдықтан, екіншілері діннің бұзылғандығынан деп топшылайды. Әсіресе, Шортанбай ақын дінді таяныш қылады. З. з. а-ның көпшілігіне тән ерекшелік – келешекті көрегендікпен болжап, алдағы уақыттағы ел сипатының өзгерісін қолмен ұстап, көзбен көрпегендей бейнелеп айтуы. Мұндай болжам өлеңдер З. з. а. шығармашылығының бастапқы кезеңінде, яғни отарлаушылардың ойранынан бұрынырақ айтылғандығымен құнды. Бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарасақ, олардың ойлаған қауіпі расқа айналғанына куә боламыз. Бұл ақындардың ішінде өлең-жырдың бар қуатын пайдаланып, ата-баба дәстүрімен астарлай айтып, батыс пен шығыстан келетін кесепатты бірдей болжап бергені – Дулат Бабатайұлы. З. з. а-ның қайраткерлік биікке көтерілуі отаршылдықтың белең алуынан басталады. Жыр жүйріктерінің бар құдіреті, бар қабілеті ел-жұртының санасын оятуға жұмсалды. Олар қауіп-қатерді, зорлық-зобалаңды алдын-ала ескертті, зардаптарын күн ілгері тайға таңба басқандай етіп айтып берді. Елдің берекетін кетірген отарлаушылардың құбыжық кейпіндегі бейнесін жасады. Солардың ойранына жол ашқан өз

халқының кейбір жандайшаптарын аяусыз сынға алды, кей тұста ел бірлігінің кемістігін де түйреп өтті. Дулат Бабатайұлы қазақ халқының дәстүрлі жыр үлгісін түр жағынан өзгертіп, өлеңді көркемдеп кестелеудің жаңа үлгісін жасады. Аталған ақындардың қай-қайсысы да ұлттық поэзиямызды мазмұн жағынан байытуға үлес қосты. Кеңестік идеология үстемдік еткен кезеңде З. з. а-ның шығармаларын насихаттауға тыйым салынды. Олар барлық оқулықтардан алынып тасталды. Соған қарамастан З. з. а. шығарм. әр жылдарда зерттеу нысанасына айналды. Қазақ әдебиетінің тарихын оқып-үйренуге арналған ғыл. жинақтарда олардың кейбір өлең-толғаулары арагидік жарық көрген тұстары да болды. Мыс., 1978 ж. Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) басылып шыққан «Поэты Казахстана» жинағында (құрастырған М.Мағауин) З. з. а-ның отаршылыққа қарсы жазылған бірқатар өлеңдері орыс тілінде жарық көрді. 20 ғ-дың соңынан бастап зар заманның тарихи сипаты, З. з. а. шоғырының белгілі өкілдері, әдеби ағым ретіндегі ерекшеліктері, көркемдік кестелері туралы бірқатар еңбектер жазылды. З. з. а. шығарм. – жаңалығы мол, өзгеше дәстүрі бар күрделі құбылыс ретінде әдебиеттану ғылымының тұрақты зерттеу нысанасы болып қала бермек.

Әдеб.: Мұқанов С., XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер, А., 1942; Әдеби мұра және оны зерттеу, А., 1961; Дүйсенбаев Ы., Ғасырлар сыры, 1970; Поэты Казахстана, Л., 1978; Өмірәлиев Қ., Қазақ поэзиясының жанры мен стилі, А., 1983; Әуезов М., Әдебиет тарихы, А., 1991; Досмұхамедұлы Х., Аламан, А., 1991; Сүйіншәлиев Х., XIX ғасыр әдебиеті, А., 1991; Кәкішев Т., Санадағы жаралар, А., 1992.

Б. Омарұлы

ЗЕМСТВО – Ресей империясында 1864 жылғы реформаға сәйкес құрылған жергілікті өзін өзі басқару органы. Бастапқы кезде З. Ресейдің еур. бөлігіндегі кейбір губ-ларға ғана енгізілді. Ресей үкіметі З-ға уездегі не губ. шеңберіндегі шаруашылық мәселелерімен айналысуға ғана құқық берді. З. басқармаларын губернатор бекітті. Олар губернатордың әкімш. бақылауында болды, өз құқықтарын ашық қорғауға тырысқан кейбір З-ларды үкімет органдары таратып жіберіп отырды. 1867–68 ж. және 1886–91 ж. қазақ өлкелерін басқару туралы ережелер бойынша қазақтар З. салығын өтегенімен, Түркістан мен Дала өлкесінде З. мекемелері ашылма-



ды. Сондықтан Қазақстанда 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыс бағдарламаларында өлкеде 3. мекемелерін құру басты мәселенің бірі ретінде қойылды. Әйгілі Қарқаралы құзырхатында Ресей үкіметінен қазақ даласына ішкі өлкелерден қоныс аудару саясатын доғару, қазақтарды Орынбор діни басқармасы құрамына алу, т.б. мәселелермен қатар өлкеде 3. мекемелерін құру да талап етілген еді. Сондай-ақ, 1905 ж. құрылған Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының бағдарламасында қазақ жеріне 3. мекемелерін құру қажеттігі аталып көрсетілді. Ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлері Қазақстанда 3. мекемелерінің құрылуы, біріншіден, қазақтарды Ресей азаматтары ретінде құқықтық жағынан қорғауға мүмкіндік береді, екіншіден, халыққа білім беруде, денсаулығын сақтауда және шаруашылығын жүргізуде тиімді, үшіншіден, қазақтардың қоғамдық өмірін жандандыра түсіп, өзін-өзі басқаруға әзірлейді деп ұқты. Қазақ жерінде 3. мекемелері патша өкіметі құлағаннан кейін, Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 17 маусымдағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында земство мекемелерін ашу туралы» қаулысына сәйкес құрылды. Осыған орай Бірінші жалпықазақ съезі 3. мәселесін күн тәртібіне қойып, қазақтардың 3. мекемелерін құруға белсенді түрде ат салысуына ерекше мән берді. Қазақ к-ттері 3-ның тек қазаққа ғана емес, өлкедегі орыстарға да ортақ екенін ескеріп, әрі олардың қазақтың жайбасарлығын пайдаланып кетпес үшін 3. басқармаларына мүшелікке кімді сайлау керектігі жөнінде нұсқау беріп отырды. Қазақ жерінде алғашқы 3. мекемесі 1917 ж. 16 қазанда Торғай уезінде ашылды. Оның басқармасының төрағасы болып А.Бірімжанов сайланды. Обл. деңгейдегі 3. басқармалары Қазақстанда 1918 ж. қаңтардан бастап құрылды. 1918 ж. 17 қаңтарда ашылған Семей обл. 3. басқармасының төрағасы Р.Мәрсекөв болды. Орал обл. 3. басқармасының төрағасы болып Х.Досмұхамедов сайланды. Қазақ жерінде обл. және уездік деңгейде ашылған 3. мекемелері халықтың шаруашылығын реттеуде, оқу ісін жолға қоюда елеулі жұмыстар атқарды. Мұғалімдер даярлайтын курстар, бастауыш мектептер ашты, оқушы жастарға стипендия тағайындады. Семей обл. 3. басқармасы тағайындаған стипендияны сол кезде Семей мұғалімдер семинариясында оқыған

Ж.Аймауытов пен М.Әуезов те алып тұрған. 1918 ж. Семей обл. 3. басқармасы оқушы қазақ жастарына 110 стипендия тағайындап, оған 25 300 сом қаржы бөлген. Қазақ жерінде енді қанат жайып, күш ала бастаған 3. мекемелерінің күш алуына большевиктердің өкімет басына келуі мүмкіндік бермеді. Мыс., Торғай обл-ның Шаруа, жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі 1918 жылдың қаңтарында 3. басқармалары жойылсын деп жариялады. Бірақ 3. мекемелері Азамат соғысы жағдайында саяси күштердің өзгеруіне байланысты бірде жабылып, қайта ашылып жүріп, 1919 жылдың соңына дейін қызметін жалғастырды.

Әдеб.: Веселовский Б.Б., Земство и земская реформа, СПб., 1918; Герасименко Г.А., Земское самоуправление в России, М., 1990.

Р.Төлеубекова

ЗИМАНОВ Салық (19.2.1921, Атырау к., – 4.11.2011, Алматы к.) – қоғам қайраткері, заң ғыл. докт. (1961), проф. (1963), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1971). Бүкілодақтық заң ин-тын бітірген (1948). 2-дүниежүз. соғысқа бастан-аяқ қатысқан. 1948 жылдан әртүрлі ғыл. мекемелерде жауапты қызмет-



С. Зиманов

тер атқарды. 1999 жылдан Қазақстан ҰҒА Төралқасының мүшесі, ҚР Жоғ. Кеңесіне халық депутаты (1990–95) болып сайланды. Білікті заңгер маман ретінде егемендік, тәуелсіздік жолын таңдаған Қазақстанның халықар. қарым-қатынастарын заңдастырып, қазақ тіліне мемл. мәртебе беру, президенттік басқару ин-тын енгізу, құқықтық-демокр. реформаларды жүргізу ісіне, т.б. белсене араласты. 3-тың ғыл.-зерттеу еңбектері, негізінен, мемл. және құқық тарихы мен теориясына, Қазақстан мен Орт. Азияның басқа да аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан Респуб-

ликасының мемл. тәуелсіздігі сияқты өзекті мәселелерге арналған.

Н.Өсерұлы

ЗҰҚА Сәбитұлы (1867, Зайсан к-нің маңы – 1928, Қытай, Көктоғай қонысы) – Қытайда тұратын қазақтар арасынан шыққан қоғам қайраткері, батыр. Әкесі Сәбит Қазан мен Бұхарада білім алған оқымысты адам болған. 3. 1883 жылдан бастап Сауырдағы Жәнісхан төренің ауылында екі жыл ауыл мектебінде мұғалім болады, кейін Өр Алтайға, Қара Ертіс бойына қоныс аударады. 1904–05 ж. Меккеге қажылыққа барып қайтады. Алтайдағы қытай ұлықтары мен кейбір билерден қысым көрген адамдар 3-дан пана іздеп, оның маңына топтасады. Мұны Алтайды билеген Мәми бейсі жергілікті әкімш. үстемдігіне қарсы пайдалануды көздеп, 3-ға әскери жасақ құруға көмектеседі. 1921 ж. Кеңес өкіметінің қызыл әскерлерінен жеңіліп, Қытай асқан ақ гвардия ген-ы Бакич бастаған топ Ертіс бойына жетіп, ондағы халыққа лаң салған кезде 3. жасағы Бакич әскерін Өрмегейті асуынан асырып, Моңғолияға дейін ығыстырып тастайды. Кейін осы қарулы жасақ Сарсүмбе мен Өр Алтай арасында жергілікті әкімш-тің қарулы жасақтарына қар-



З.Сәбитұлы

сы тұрып, жергілікті қазақтарды қытай ұлықтарының қыспағынан қорғауға күш салды. 1928 ж. күзде жергілікті әкімш. өкілдері 200 әскермен түн ортасында 3. ауылына басып кіреді. Қытай әскерлерінің қолынан қапыда 3. батыр мен оның серіктерінен 28 адам қаза табады. Қытай ұлығы «өкіметке қарсы шыққандардың көретіні осы» деп жергілікті қазақтарды үрейлендіру мақсатымен Сарсүмбе қ-ндағы көпірге 3. батырдың басын іліп қояды. Батырдың ерлігін құрметтейтін халық кейін оны Белқұдыққа жерлеп, басын үлкен қорған тұрғызды.

Ж.Самитұлы



ИГЕЛЬСТРОМ Осип Андреевич, Отто барон (1737–1812) – патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау әкімшілігінің өкілі, ген.-губернатор. Ген.-поручик, барон, кейін жаяу әскер ген-ы болған. 1784–92 ж. Сібір және Уфа губ. ген.-губернаторы, 1796–98 ж. Орынбор әскери губернаторы болған. 1-орыс-түрік соғысына, Швециямен соғысқа қатысқан. 1792, 1793 ж. Ресей губ-ларында бірқатар әкімш. басқару қызметтерін атқарған. Кейін Ресейдің Польшада орналасқан әскерлеріне басшылыққа тағайындалған. Негізгі қызметі Орынбор өлкесін және Кіші жүз қазақтарын басқаруды реформалау ісімен тығыз байланысты болған. И. – Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басып жаншушылардың бірі. Оның қазақ өлкесін басқаруының алғашқы кезеңінен-ақ Кіші жүз билеушісі Нұралы ханмен арадағы қатынасы шиеленіскен болатын. Ол Нұралы ханның халық алдында беделін түсіруге тырысып бақты, Екатерина II-нің қолдауына арқа сүйеп, Кіші жүздегі хан тұқымымен күрес жүргізді. Кейін Нұралы ханның билік басынан кетуіне де, Уфаға жер аударылуына да И. себепші болған. Казак әскерлерін Айшуақ ханға қарсы пайдаланған. Кіші жүзде Ресейдің отаршыл саясатын жүзеге асыру, хандық билікті жою мақсатында жүргізген Игельстром реформасы сәтсіз аяқталды. 19 ғ-дың басынан И. саяси аренадан кетті.

Әдеб.: Қасымбаев Ж., Айшуақ хан (1719–1810), А., 2001.

Ж.Қасымбаев

ИГЕЛЬСТРОМ РЕФОРМАСЫ (1786) – Кіші жүзді басқарудың 1786 ж. Екатерина II қуаттаған жобасы. 1775 жылғы реформаға сәйкес О.А. Игельстром далалық жерлерді жалпыимпериялық негізде басқару мақсатында, Кіші жүзде хандық басқару жүйесін жоюды көздеген жоба ұсынып, патшайымның мақұлдауынан соң ол «И.Р.» деп атал-



ды. Бұл жоба бойынша негізгі билік шекаралық комиссияның орнын басатын шекаралық сотқа берілуі тиіс болды. Оның құрамына патша шенеуніктері мен басқа да жергілікті қауым өкілдері кірді. Орынбор губ. басқару кеңсесінің бақылауында болатын жаңа әкімшілік органдар – расправалар құрудағы Ресей өкіметінің мақсаты ең алдымен сұлтандарды басқару ісінен шеттету болды. Расправаларды алғаш құрған кезде көптеген беделді старшындар оның құрамына енуден бас тартты. Сондықтан патша әкімш. енді «бас старшын» деген атақ енгізді. Дегенмен расправалардың Кіші жүзді басқару ісіне араласуына сұлтандар қарсылық білдірді. Ресей үкіметінің Кіші жүзде расправалар құру жолымен хандық билікті жою жөніндегі шаралары нәтижелі болмады. И. р-ның сәтсіздікке ұшырауының басты себебі – дәстүрлі басқару түрін жоюдың алғышарты қалыптасуында болатын. Расправалардың басқару ісіне араласуына Кіші және Орта жүздердегі ықпалды сұлтандар қарсы шықты, олар Кіші жүздегі хандық билікті қалпына келтіруге ұмтылды. 1789 жылғы Француз революциясынан шошынған патша үкіметі И. р. туғызған наразылықтардың монархиялық басқару негізін шайқалтуы ықтималдығын ойлап, И. р-н аяғына жеткізуден бас тартты.

Ж.Қасымбаев

ИЛЬМИНСКИЙ Николай Иванович (8.5.1822, Ресей, Пенза – 27.12.1891, Қазан қ.) – орыс педагогі, миссионер. Пенза діни семинариясын (1842), Қазан діни академиясын (1846) бітірген. 1854–58 ж. Қазан діни ака-



Н.И.Ильминский

демиясында шығыс тілдерінен сабақ берді. 1858–61 ж. Орынбор шекаралық комиссиясында аудармашы болды. Қазақ тілінің фонетикасы мен граммат. құрылысы жөнінде сөздік құрастырған. Басқа да түркі тілдерін

зерттеумен қатар ауыз әдебиеті нұсқаларын жинастырумен де («Ер Тарғын», Қазан, 1862; «Қисса Рабғузи», Қазан, 1859), этногр., тарих мәселелерімен де шұғылданды (мыс., «Бабыр сұлтанның жазбалары», 1857). Патшалық Ресей үкіметі Еділ, Орал, Сібір аймақтарындағы «бұратана» халықтарға оқу-ағарту ісін жүргізуде И-дің «педагогикалық жүйесін» қолданды. Осыған орай мектепте оқитудың білімдік мәнінен гөрі діни-насихаттық жағы басым болды. Осындай кемшіліктерге қарамастан И. отар халықтардың білім беру ісін дамытуға елеулі үлес қосты. Араб әліпбиі орнына орыс графикасына негізделген әліпби ұсынды. Ағартушы ғалым Ы.Алтынсаринмен қызметтес болып, ол туралы естелік жазды.

Б.Әбілқасымұлы

ИМАН Дулатұлы (1780, Торғай уезі, Дулаттың Қызыл жары – 1847, Қырғызстан, Кекілік тауы, Майтөбе мекені) – Ресей отаршыларына қарсы көтеріліс батыры, Амангелді Имановтың атасы. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасы ұзын руының бегімбет атасынан. Арғы атасы Қақай, өз әкесі Дулат жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлік көрсеткен батырлар болған. Торғай, Жыланшық өзендерінің аңғарын жайлаған. Ахмет сұлтан Жантөрин 1838 ж. ауылын шапқаннан кейін қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымұлының Ресейдің отарлау саясатына қарсы он жылға созылған қарулы көтерілісіне келіп қосылған. Ол Кенесары жасағының белді ұйтқысы, әскербасыларының бірі болды. И. батырдың ақыл-парасатын, адалдығы мен әділдігін, өткірлігі мен табандылығын жоғары бағалаған Кенесары оны Ағыбай батыр, Шокпар шешен, Сайдақ қожа, інісі Наурызбаймен бірге хан кеңесінің мүшесі еткен. И-ның жасақ алдындағы беделін құрметтеп, есімін атамай, «Айеке, Көсем көк, Бозжорға» деп атаған. Осы атақтарына сай И. батыр да ханға берген сертіне адал, дұшпанына қатал бола білген, қашан да хан жасағының ынтымағы мен бірлігін сақтауға күш салған. И. батыр көтерілісшілердің Ақмола приказына, Көк-алажар камалына, Айдарлы, Байтоқ қоныстарына шабуылдары, Ұлытау, Торғай, Ырғыз далаларындағы ұрыстары кезінде ерекше ерлік көрсеткен. 1847 ж. бірқатар қазақ батырлары аттарының басын кері бұрғанда берген антынан таймай, ханмен бірге қырғыз манабы Орманға қарсы Кекілік тауының шығыс беткейіндегі шайқаста, қазіргі Тоқ-



мақ қ-ның маңындағы Майтөбе деген жерде қолға түсіп, қаза тапқан. Осы соғыста И. батырмен бірге оның туған бауырлары Тауық, Кейкі, Қарауыл және үлкен ұлы Бердәлі де мерт болған. 2000 ж. қыркүйекте Қостанай обл-ның Амангелді ауд-ның орт-нда И. батырға ескерткіш орнатылды.

Т.Рсаев

ИМПЕРИЯ (лат. imperium – билік, үстемдік) – 1) император басқарған монархиялық мемл. құрылымының түрі; 2) жер жүзінің әр түрлі бөліктерінде кең-байтақ аумақтарды басып алған ірі отаршыл мемл. Мұндай И. отар елдерге қарағанда метрополияның, орталықтың, билеуші ұлттың ерекше артық жағдайларда болуымен сипатталады. Бағынышты аймақта ұлы державалық, шовинистік саясат жүргізеді. Мыс., бұрынғы Британия, Франция, Ресей, Кеңес империялары.

Д.Жамбылов

ИСА Тергеусізұлы (1896, Алматы обл. Іле ауд. Қарасу а. – 1940, Қытай, Үрімжі қ.) – алаш қозғалысының қайраткері, ағартушы. Алматы қ-нда татар мектебінде оқыған. Орыс гимназиясын бітіргеннен кейін сот мекемесінде аудармашы болып қызмет істеді. 1917 ж. М.Тынышбаев, Ы.Жайнақовпен бірге «Алаш» партиясының Жетісудағы ұйымында ұлт мүддесі үшін күресіп, күш-қайратын жұмсаған. 20 ғ-дың 20-жылдары Алаш қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз қамауға алынып жатқан кезде, Жайнақов екеуі амалсыздан бас сауғалап Құлжа қ-на барып тұрады. Мұнда да ел ісіне араласып, ағартушылық, адвокаттық жұмыстармен шұғылданды. 1933 ж. сәуір айында Шыңжаңда болған төңкерістен кейін Іле аймағында құрылған қазақ-қырғыз ағарту ұйымының шаруашылық ісін И. басқарады. Осы ұйымның жинаған қаржысына Іле аймағында мектептер салынып, мұғалімдер даярлайтын курстар ашылды. Оқу-ағарту ісі, мәдени шаралар қолға алынып, бірқатар игі істер атқарылды. Осы кезде Шыңжаңда зиялылар жалған жаламен ұсталып, қуғынға ұшырай бастайды. Бұл зобалаңға И. да ұшырап, 1939 ж. қамауға алынды. Абақты азабын басынан кешіріп, өткір сөзді өлеңдерімен танылған Таңжарық ақын И-ны 1940 ж. Үрімжіде дарға асылды деп жазады.

Қ.Толыбаев

ИСАТАЙ Тайманұлы (1791 – 12.7.1838) – Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған азаттық көтерілістің (1836–37) басшысы. Кіші жүз құрамындағы байұлы

тайпасының беріш руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Бөкей хан И-ға ықыласты болып, оны 21 жасында Жайықтағы беріш руына старшын етіп тағайындайды. 1814 ж. 25 қарашада Орынбор губернаторы Р.С. Волконский осы ұсынысты және Бөкей қағазға түсірген қонысын (Кокарев пен Кулпин қорғандарының аралығы) бекітіп берді. Бөкей қайтыс болып, ел билігі оның інісі Сығай Нұралыұлына тигенде И-мен жеке бас араздығы туып, екі арада барымта, ауылды шауып кету оқиғалары орын алады. 1817 ж. Орынбор шекара комиссиясы старшын Өте-



Исатай Тайманұлы

міс Құлманиязұлын шаптың деп И-ды Сарайшық қамалының түрмесіне жапты. Елжұрты 20 мың сом ақша жинап беріп, И-ды босатып алды. 1823 ж. Сығай сұлтан тама руының 2 адамын өлтірдің деген желеумен екінші рет түрмеге қаматтырды. Бірақ бұл істе айғақ-дәлелдері жоқ болып, И-ды босатуға мәжбүр болады. Жәңгір хан таққа отырған соң И-дың жағдайы жақсарды. 1826 ж. Жәңгір хан И-дың бұрынғы қонысында қала беретінін мақұлдап, қуаттау қағазын береді. Жәңгір ханның тапсыруымен 1826 ж. 29 қарашасында Санкт-Петербургтен қайтып келе жатқан Бұхар елшісін Сарайшық бекінісінде қарсы алып, Астраханға жеткізіп салады. 1927–29 жылдар аралығында И. Бөкей ордасы өмірінде айрықша белсенділік көрсетеді. Ол Жәңгір ханның беделін асырып, билігін нығайтуға көп күш салды. Жәңгір ханға қарсы Қайыпқали Есімов сұлтан



көтерілісті бастап, Бөкей ордасын дүрліктіргенде, И.хан жасағында жүрді. Көтерілісті басу үшін қырға шыққан Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генстің қауіпсіздігін сақтап, жолбасшы болды. Кейбір старшындарды ханмен мәмілеге келтіру үшін өткізілген Ұялы съезінде Жәңгірге адалдыққа ант етті. Генс оған Бөкей ордасына сіңірген еңбегі үшін Орынбор шекара комиссиясының мадақ грамотасын табыс етті. 1933 ж. Жәңгір хан Каспий жағалауындағы руларды екіге бөліп, бір жағын қайын атасы, ірі жер иеленуші әрі саудагер Қарауылқожа Бабажановқа басқартып қойғаны халықты ашындыра түсті. И. бастаған 8 старшын басқарушының жолсыздықтарын жіпке тізіп, ханға арыз жолдайды. Бірақ оған еш тыйым салынбайды. 1934 жылдың маусымында Жәңгірдің хандық құрғанына 10 жыл толып, той жасалды. Той соны «би сайлау съезіне» ұласады. Осы жиында Жәңгір мен И. арасына сызат түсіп, би сайлауында қарсы шығып, қатты-қатты сөз айтқан батырға Жәңгір хан 60 атан айып тарттырып, әрі біржола ықтыру үшін оны ата қонысынан да айырды. Сонда да И. Қарауылқожаның озбыр билігіне тыйым салуды ханнан батыл талап етіп, хат жазды. Бірақ ханнан ешбір дұрыс жауап болмайды. Керісінше, И-дың өзін кінәлағандай болады. Бұған қасарысқан И. және оны қолдаған кейбір ру старшындары Қарауылқожаға бағынудан бас тартып, ешбір жылу жинап бермейді. Ақыры И. басшылығымен бұқара халық қолына қару алып, ханға қарсы көтеріліске шықты. И. 1878 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ өз-нің бойында болған шайқаста қаза тапты.

Әдеб.: Русско-казахские отношения, т. 2, А.-А., 1967; Кенжалиев И., Исатай Тайманұлы, А., 1972; Сарай Ә., Исатай – Махамбет, А., 1997.

«ИСАТАЙ – МАХАМБЕТ» – тарихи дастан. Алғаш рет 1924 ж. Ташкенттен шыққан «Сәуле» журналында басылған. Көлемі 3000 жол. Авторы – белгілі ақын Ығылман Шөреков. Екі бөлімнен тұратын шығармада 1836–1837 ж. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық көтерілісі суреттеледі. Көтеріліске басшы болған Исатай, Махамбет, Үбі, Қалдыбай, Таңатар, т.б. батырлар бейнесі «ел үшін ереуіл атқа ер салған» азаматтар ретінде бейнеленеді. «И. – М.» дастанында кездесетін жер-су, ру мен адам аттарының тарихи негізі бар. Дастанда батырлардың іс-әрекеттері, жорық жол-

дары, көтерілістің сәтсіз аяқталу себептері көрсетіледі. Ақын Исатайға мінездеме беріп, оны халық жокшысы, әділдік үшін алысқан батыр ретінде суреттейді. Махамбет жалынды ақын ғана емес, Исатайдың сенімді серігі, қиын-қыстау шақта үнемі оның қасында болады. Дастанда Жәңгір хан, Баймағамбет, Қайболды, Шыман, т.б. кейіпкерлер оқиға үстінде өздерінің іс-әрекеттерімен даралана түседі. Дастанда ел өмірі әлеум. тұрғыдан кең ауқымда көрсетілген. «И. – М.» дастаны – 19 ғ-дағы қазақ халқының азаттық күресі тарихын шынайы бейнелеген көркем шығарма.

3. Сейітжанұлы

ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕБЕПТЕРІ. Ұлттық өрлеу үдерісі тек қазақ тарихына қызығушылықтың артуынан ғана емес, салт пен дәстүрдің жандануынан да көрінеді. Қазақтар бұрынғы дәстүрін, өмір салтын табандылықпен сақтап қалды. Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысушылар бұрынғы дәстүрдің сақталуын, сол арқылы халықтың ұлттық ұйымдасуы мен өзіндік шаруашылық жүргізу тәсілін одан әрі жалғастыруды қалады. Арысы Кіші жүз, берісі Еділ мен Жайық арасын мекендеген қара халықты екі бірдей езгі зар илетті. Ауыр алым-салық ауыртпалығы ел ішін бұзды. Шаруа біткен ата-баба қонысына, кір жуып, кіндік кескен жеріне енді салық төлейтін болды. Байтақ қоныстағы шүйгін жайылымдар мен шырайлы шабындықтар билік иелеріне бөлініп берілді. Кедей-кембағал, жарлы-жақыбайлар ата қонысынан ауып, қуғын-сүргінге ұшырады. Алым-салық, зорлық-зомбылық, жер дауы, жесір дауы елді бірте-бірте титықтатып бара жатты. Осыншама қиынатқа, қайғы-мұңға шыдамаған, ыза-кегі қайнаған халық атқа қонды. 1836 жылдың көктемінде Атырау беріштері бастаған осы оқиға бара-бара зорайып, байтақ Нарындағы он екі ата байұлына жайылды. Мұның арты Қиялымоладағы, Теректікүмдағы, Тастөбедегі атышулы қанды майданға барып ұласты. Бұл азаттық қозғалыстың басшылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы еді. Исатай-Махамбет көтерілісінде қоғамдағы әлеум. теңдік, бостандық мәселесінің қойылуы тұңғыш рет терең мән-мағынаға ие болды. 19 ғ-дың басында қазақтардың аграрлық қатынастарында қауымдық иеліктен жеке меншікке көшудің өтпелі формалары



қалыптаса бастады. Бұл кезде Батыс Қазақстан жерінде, оның ішінде Бөкей ордасында қалыптасқан экон., саяси-әлеум. жағдай Қазақстанның басқа аймақтарынан ерекше болатын. Қазақстан тарихында бір емес, бірнеше мәрте «өтпелі кезеңдер» болған. Міне, сол «өтпелі кезеңдердің» алғашқысын 19 ғ-дың 20 – 40-жылдары бөкейлік қазақтар өз бастарынан кешіруге мәжбүр болды. Ал осы «өтпелі дәуір» бөкейліктерге әкелген негізгі өзгерістер: жерге жеке меншіктің енгізілуі және қоғам өмірінен ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесінің ығыстырылып, оның орнына жаңа отарлық үстемдікке бейімделген басқару жүйесінің енгізілуі еді. 19 ғ-дың 20–30-жылдарына шейін жалпы Қазақстан сияқты Кіші жүз жерінде де жер иелігін қазақ қоғамы қауымдық (көбінде рулық) меншік негізінде игеріп келді. Қоғамда үлес салмағы онша жоғары болмаған байлар тобы да қабылданған бұл тәртіпті белгілі дәрежеде мойындап сақтауға мәжбүр болды. Зерттеуші-ғалым Ж.Қасымбаев Ішкі ордада жер қорын рулық негізде игеру Бөкей хан және Шығай сұлтанның тұсында да қатаң сақталды деген тұжырымға келеді. Бұл жер игеру жүйесі қоғамның басым көпшілігін құраған орташаларды да, кедейлерді де белгілі дәрежеде қанағаттандырып келді. Патшалық биліктің сеніміне кірген Жәңгір хан қазақ қоғамындағы бұрыннан қалыптасқан жер иелену дәстүрін тоқтатты, ол жайылымға жарамды 6 500 000 десятина жердің 400 000 десятина ең құнарлы бөлігін өзі иемденіп, империяның ең ірі помещиктері қатарына қосылды. 1830–45 ж. аралығында ол жеке тұлғаларға жерді меншіктену құқын беретін 1517 грамота үлестірген болатын. Зерттеуші И. Кенжалиев Жәңгір хан өзінен артылған «...жерді ең алдымен сұлтандарға (400–300 мың десятинадан), онан кейін жоғалар мен молдаларға, билерге, сосын жағынған байларға берді. Мысалы, сұлтан Мендікерей Бөкеевтің 400 мың десятина, Балқы би Құдайбергеновтің 300 мың десятина жері болды. Ал Шыңғали мен Мүшеғали Ормановтарға байбақты руының 700 мың десятина жерін тартып әперді», – деп жазады. Осындай талан-таражға Исатай мен Махамбет ауылдары қауымдық негізде иемденіп келген жерлер де түсті. Мәселен, Исатай елінің 25 жылға жуық жайлап келген Қиғаш, Күйген атты өз-дер өңіріндегі құтты мекендері Жәңгір хан «реформасы» нә-

тижесінде хан адамдарының иелігіне өтті. Бұл келтірілген фактілер Жәңгір хан жүргізген реформалық шаралардың ең негізгі көріністерінің бірі – жерге жекеменшік тәртібін енгізу болғандығын аңғартса керек. Зерттеуші Ж. Қасымбаев ханның мұндай әрекетке бару себебін орыс помещиктері мен орыс-казактардың Орда жеріне тереңдеп еніп, оның жарамды бөлігін қомағайлықпен игере бастауымен байланыстырады. Жәңгір хан ел өмірі үшін негізгі бұл мәселеде өзін, М.П.Вяткин айтқандай, «орыстың помещик-крепостнигі» дәрежесінде көрсетті. Хан жүргізген осы жер реформасынан кейін, былайғы халықтың үлесіне аксүйектерден артылған құнарсыз жердің үштен бір бөлігі ғана тиді. Патша үкіметінің Сібір және Орынбор ведомствосы үшін қабылдаған «Устав»-Ережелері экстенсивті шаруашылық жүргізуге көшудің өтпелі формаларын күштеп енгізді. Шаруалар бұқарасы мен көптеген ауыл старшындарының хан саясаты мен басқаруына наразылығының тез өрістеуіне Жәңгірдің 1833 ж. қайын атасы Қарауылқожа Бабажановты Каспий жағалауларын өздеріне қоныс еткен ру бөлімшелеріне билеуші етіп тағайындауы себеп болды... Халықтың орныққан көзқарасы бойынша, шыққан тегі қожа болғандықтан, оның қазақ руларын басқаруға құқы жоқ еді. Жәңгір хан Бабажановты тағайындау туралы шешім қабылдау қарсаңында да, одан кейін де ханға жолданған топтың өтініштері мен ескертулеріне назар аудармады. Ханның бұл әрекетін жергілікті жерлерде көпшілік жұрт өздерінің мүдделері мен ауыл қауымдарының еркін мүлдем елемегендік және өздеріне қыр көрсетушілік деп санады. Ашынған халық бұқарасы ханға қарсы ашық қозғалыс бастады. Осы келтірілген дерек-мысалдар көп нәрседен хабар беріп, көтеріліс себептері қатарында қоғамдағы қалыптасқан дәстүрдің бұзылуы неге әкеп соғатынын көрсетеді. Қорыта айтқанда, 19 ғ-дың 20 – 40-жылдары Бөкей Ордасында жер мәселесіне байланысты қалыптасқан жағдайдан мынадай бұрынсоңды болмаған қайшылық байқалады. Бір жағынан, жерге жеке меншікті қалыптастыруға бағытталған Жәңгір хан реформасы қазақ қоғамында жаңа таптық, яғни нарықтық қатынасқа бет түзеген жекеменшік жер иеленушілер табының түзілуіне қажет алғышарттарға жол ашты. Екінші жағынан, бұл



ашық және зорлық әдістер арқылы жүргізілген шара бұрын жерге жекеменшік тәртібінің не екендігінен хабарсыз еркін рулық қауым мүшелерінің мүддесіне қайшы келді. Көне замандардан бері қалыптасып қалған негізгі құқықтарына қауіп төнгендігін байқаған еркін қауым мүшелері «қара қазан, сары бала» қамы үшін атқа қонуға мәжбүр болды. 1836–38 жылдардағы Бөкей ордасындағы көтеріліс Кіші және Орта жүздің Ресей патшалығына қарауы негізінен аяқталған кезде басталды және Бөкей ордасында қалыптасқан экон., саяси-әлеум. жағдай Қазақстанның басқа аймақтарынан ерекше болатын. Әлем тарихында, әсіресе Еуропада әлеум., таптық қайшылықтардың шиеленісе түсуімен тұспа-тұс келген 19 ғ-да Қазақстандағы қазақ шаруаларының күресінің жалғасуы және бостандық үшін күрес аренасына жаңа әлеум. топтардың шығуы саяси күрестегі соны кезең болды. 19–20 ғ-лардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың бәріне дерлік тән сипат – Ресей әкімшінің Қазақстанда жүргізген түрлі реформаларының жоғарыдан зорлықпен танылып, олардың қазақ қоғамының ішкі ерекшеліктері мен сұраныстарына үйлеспейтіндігіне қарсылық көрсету болды. Басқаша айтқанда, Исатай Тайманұлы бастаған және басқа да азаттық қозғалыстардың аса зор маңызы олардың жер және билік мәселесімен қатар ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман сұранысына сай етіп бейімдеу мәселесін қоюында еді. Бұл – азаттық қозғалыстарды зерттеу ісінде осы уақытқа дейін көп көзге түсіп, тілге тиек бола бермеген мәселелердің бірі. 1836–38 ж. Бөкей ордасында халық трагедиясына ұласқан әлеум. шиеленіс – патшалық биліктің тікелей қолдауына сүйеніп, Жәңгір хан жүргізген әлеум. тұрғыдан әлсіз реформалық шаралардың салдары. Егер Кенесары хан көтерілісі халық үшін ұлттық еркіндік – бостандық екенін танытса, Исатай мен Махамбет көтерілісі – қоғамдық әділетсіздікке, өктемдікке қарсы берілген соққы.

Әдеб.: Қойгелдиев М., Саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғ.) А., 2004. 119-135-б.; Уалиханов Е., Методология исследования причинных связей национально-освободительных движений в Казахстане в первой половине XIX в. Отан тарихы. 2003.- №1.; Қазақстан тарихы. 5 томдық. 3-т. А., 2003. 300-б.; Қазақ ССР тарихы. 5 томдық. Т. III. 5,6,7.тарау.; Боранғалиұлы Т., Мәңгілік Махамбет. Егеменді Қазақстан. 2002. 12 шілде; Әбу-

талиев Н., Махамбеттің сарбазы Ер Қалдыбай. Түркістан. 2003. 3-көкең.; Касымбаев Ж., Проблемы истории национально-освободительного движения в Казахстане в XVIII - нач. XX вв.: теоретико-методологические аспекты. Отан тарихы. 2003.- №1.

Ф.Қайырханова

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1836–38) – Бөкей ордасында Жәңгір хан мен отаршыл Ресей үстемдігіне қарсы болған ұлт-азаттық көтеріліс. И. Т. б. к. Исатай Тайманұлының Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанов қиянатына қарсы шығып, 1834 жылғы би, старшын сайлауында ханмен кетісуінен, ата қонысынан айрылуынан кейін басталған. 1936 ж. 17 наурызда Қарауылқожа хан бұйрығы бойынша, 500-дей қолмен Исатайды ұстауға шықты. Исатай 200 қолмен оған қарсы аттанды. Бетпе-бет келгенде бес адам (Исатай



М.Қалимов. «Исатай мен Махамбет көтерілісі»

Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Үбі Үсін, Есенәлі Боранбайұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы) ұран салып, қарсыластарын жекпе-жекке шақырды. Олардың батылдығынан сескенген Қарауылқожа кейін қайтуға мәжбүр болды. Исатай 1836 ж. шілдеде 17 адаммен ел талабын ханға білдіруге бара жатқанда оған жол-жөнекей 100 шақты адам келіп қосылды. Исатай 1837 ж. 11 шілдеде Орынбор ген.-губернаторы В.А. Перовскийге, 1837 ж. 2 қарашада ханға жазған шағым хаттарында халыққа жасалған қиянаттарды атап көрсетті. Оған біраз рулардың адамдары (600) қол қойды. Тексеру жүргізілгенімен Исатайдың талаптары ескерусіз қалды. Бұрын да үміттері шамалы патша әкімшіне сенімдері біржола жоғалды. И. Т. б. к-тің қимылы шұғыл өзгеріп, дауды заң жолынан гөрі енді жаңадан халық жасақшыларын жинап, көтерілістің күшімен шешпек болды. 1836 ж. қазанда қыстауға Каспий т. жағалауына құлаған Иса-



тай жасағы бар-жоғы бір айдың ішінде екі-үш есе көбейіп, ордалы жұртқа айналды (20 ауыл). Олар енді Қарауылқожадан рұқсат сұрамай, өздерінің қыстауына қолайлы жерлерді күшпен тартып ала бастады. 1837 жылдың 16 қыркүйегінде Исатай батыр екі жүз адамдық жасақпен Қарауылқожаның ауылын шапты. 1837 жылдың 26 мамырында Теректі мекеніндегі Балқы бидің, кейінірек байбақты руының билеушісі Шөкі Нұралыхановтың және басқа да ондаған ел билеушілердің ауылдары тып-типыл таланып, олжаланды. Бұл хабарды естіген Орынбор ген.-губернаторы Перовский Ордаға Покатилов бастаған Жайық казактары отрядын Исатайды тұтқындап, Орынборға алып келуге жібереді. Бірақ Покатилов Исатайды таба алмайды, себебі орыс отрядының ізін бақылаған халық Исатайды жауға бермейді. Сөйтіп Покатилов жорығы сәтсіздікке ұшырап, кейін қайтады. 1837 жылдың қазан айында Исатай Тайманұлы 3500-дей қолмен хан ордасына 12 шақырым таяп келіп орналасады. Ордаға бірден шабуыл жасамай, ханмен хат алмасып, екі жұмаға жуық өздерінің талаптарының орындалуын күтеді. Осы кезде Жәңгір хан уақытты ұту үшін Исатаймен келіссөз жүргізе отырып, Орынбордан көмек сұрайды. 1837 ж. 15 қарашада Геке басқарған 1200-дей патша әскері И. Т. б. к-ті басып тастады. Осы соғыста Исатайдың баласы әйелімен бірге қаза тапты. Күші басым жау қолына төтеп бере алмай, Махамбет Өтемісұлы және т.б. сенімді 40 жолдасымен түн жамылып, қарулы тосқауылды бұзып, Жайықтан өтіп кетті. Исатайдың жұбайы төрт ұлымен Баймұхаммед Айшуақұлы сұлтанның қолына түседі. Кіші жүз даласында Исатайдың халықты қанауға қарсы қозғалысы – ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты. Ресей империясының қазақ жерлерін иемденіп алғанын көрген Исатай озбырлықтың қай жақтан болып отырғанын түсінді. Адай руының сұлтаны, Кіші жүздің батыс жағындағы руларға хан болуды көздеп, Хиуа ханының көмегін күтіп жүрген Қайыпқали Есімов төрені уақытша қолдап, өзінің қолын нығайтып, жауды женудің жолын қарастыру үшін келісімге келеді. И. Т. б. к. әуел бастан-ақ хандық құрылымға емес, хан әділетсіздігіне қарсы күресті. Исатай қазақ өмірінде хандықтан басқа құрылымды көрген жоқ, ол хандықты төңкеріп тастағанда елдің ертеңгі күні не болатынын жақсы білді. Ресей әкімшілігіне бағынбасқа жол жоқ-

ты. Ал оның сорақылығы ханнан асып түспесе, әсте кем емес-ті. Бір жағынан елдің осындай жағдайға душар болуы оған мұрындық болып отырған сұлтандардың сатқындығынан еді. Оларға халық емес, билік керек екеніне бұқараның көзі жетті. 1838 ж. Исатай Баймұхаммед сұлтанның ордасына шабуыл жасамақшы болды. Осы шайқаста Ақбұлақ өз-нің бойында жаудың қоршауында қалып, қаза тапты (1838 ж. 12 шілде). И. Т. б. к. жеңіліске ұшырап, түпкі ой-мақсаттарына жетпесе де, халықтың сана-сезімінің оянуына үлкен әсер етті.

Әдеб.: Мәшімбаев С., Патшалық Ресейдің отарлық саясаты, А., 1994.

ИСМАТУЛЛАЕВ Әбдужәлел, Әбдужәлел Мақсым (1879, Қарақалпақстан, Шымбай ауд. 3-а. – 1930) – 20 ғ-дың 20-жылдарының соңында сол кезде Қазақстан құрамында болған Қарақалпақстан жері Тақтакөпірде тоталитарлық биліктің зорлық-зомбылығына қарсы көтерілісті ұйымдастырушы. И. жергілікті молда отбасында тәрбиеленген, Меккеге қажылыққа барған. 1920 ж. БК(б)П Шымбай ауд. партия к-тінің қызметкері, 1922–23 ж. Қарақалпақ автон. обл. ОАК-нің төрағасы болған. 1929 ж. 26 қыркүйекте Андаөткел деген жерде көп адам жиналып, И-ты өз орталарынан хан сайлап, оған нөкербасылыққа Барлықбай Нұрымовты тағайындады. И. осы шағын топты басқарып, 27 қыркүйекте ауд. орталығына басып кірді. 4- және 7-қазанда көтерілісшілердің үш тобы талқандалған соң, И-қа Шымбай қ-нда астыртын әрекет жасаған контрреволюциялық ұйымды ұйымдастырушы ретінде және башмашылар қозғалысының басшысы – Жунайд ханмен байланыс орнатып, әскери көмегіне сүйенгісі келді деген айыптар тағылды. И., сондай-ақ, туған бауыры Әбдікәрім екеуі мешіт ашып, 1928 жылға дейін сонда діни оқулар ұйымдастырғаны үшін де кінәланды. 1929 ж. желтоқсанда тұтқындалды. Қазақстандағы ОГПУ-дің 1930 ж. 10 қазандағы шешімі бойынша, Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске қатысқаны үшін ату жазасына кесілген. 1992 ж. 6 қаңтарда ақталды.

Әдеб.: Омарбеков Т., Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929–31 жылдары болған халық наразылығы), А., 1994; сонікі, 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. А., 1997; Алманиязов Т.К., «Контрреволюция» в Казахстане: Шимбайский вариант, А., 1999.

Т.Омарбеков



КАЗАКТАР, казак-орыстар, казачество – 18 ғасырдан 1917 жылға дейін Ресей империясында болған әскери әлеуметтік топ. 14–17 ғ-ларда Еділ-Жайық, Дон, Солт. Кавказ далаларында жалданып жұмыс істеген, шекаралық аудандарда әскери қызмет (полиция және күзетші казактар) атқарған ерікті адамдар. «Казак» сөзі түркі тілінен шыққан, өз ортасынан бөлінген қашқын, ерікті адам деген ұғымды білдіреді. 14–15 ғ-ларда Алтын Орда ыдырағаннан кейін бөлініп шыққан ұлыстар өзара үздіксіз соғыс жүргізді. Осы соғыстардан жекелеген адамдар Дон, Еділ-Жайық өзендері бойындағы далаларға қашып барып, топтасып өмір сүре бастады. Алғашқы К-тар осы адамдар болатын. Олар негізінен түркі тектес тайпалардан шыққандар еді. 15–16 ғ-ларда Шығыс Еуропада бір орталыққа бағынған Ресей және Поляк-Литва мемлекеттері құрылып, әлеум. езгі қатты күшейді. Крепостнойлық (басыбайлы) тәуелділіктен қашқан орыс-украин шаруалары жаппай жоғарыдағы Қиян Далаға қаша бастады. Қашқындардың көбейгені сонша, олар енді өздерінің әскери ұйымдарын құруға кірісті. Сөйтіп, 16 ғ-дың бас кезінде Дон, Еділ, Днепр (черкестер), Гребен, Жайық К-тары құрылды. 16 ғ-дың ортасында Запорожье және Терек К-тары пайда болды. К-тардың бір бөлігі Ресей және Польша-Литва мемлекеттеріне қалалар мен шекарадағы күзет бекеттерін қорғауға жалданды. Ресей мемлекетіне қызметке тұрғандар есебінен 16 ғ-дың 2-жартысында Сібір К-тары жасақталды. Украин К-тары 17 ғ-дың бас кезінен бастап Польша үкіметі мен католик шіркеуі езгісіне қарсы бас көтерді. Көтеріліс 1648–54 ж. Б.Хмельницкий тұсында қатты күшейді. 18 ғ-дың орта тұсында Украинаның К-тар билеген шығыс бөлігі Ресейге қосылды. К-тардың негізгі кәсібі аң аулау, балық аулау, мал ш. болды. Егіншілік

оларда кейін, шамамен 17 ғ-дың 2-жартысында қолға алынды. 16–17 ғ-ларда К-дың негізгі табыс көзі жорықтар кезінде тонаудан түскен табыстар мен үкіметтің шекара күзеті үшін беретін жалақылары болды. 16 ғ-дың аяқ кезінен бастап күшейіп алған Ресей империясы К-тарды ауыздықтау орнына, оларды жаңа жерлерді жаулап алу үшін пайдалана бастады. Патша өкіметі К-тарды жалдау арқылы өздеріне оңт-те Қиян Даланы (Дикое поле) және шығыста Сібірді толығымен бағындырды. 17 ғ-да Ресей империясы Сібір мен Қиыр шығысты одан әрі игеру үшін К-дан С.И. Дежнев, В.Д. Полярков, Е.П. Хабаров, т.б. басқарған арнайы экспедициялар ұйымдастырды. Бірте-бірте 18 ғ-дан бастап К. Ресейдегі айрықша әскери құрылымға айналды. 19 ғ-дың бас кезінен бастап К-дың жоғарғы тобы (старейшина – ақсақалдар) дворяндармен теңестірілді. 16–17 ғ-ларда К-дың әскери-әкімш., сот, сыртқы саясат жүйелері біршама тәуелсіз саясат жүргізді (рада, круг, т.б.). Бірақ, 18 ғ-дан бастап патша үкіметі оларды орталыққа толық бағындырды. 17–18 ғ-ларда К-дың орталыққа бағынғысы келмеген бөліктері аса ірі көтерілістер (С.Разин, К.Булавин, Е.Пугачев көтерілістері, т.б.) ұйымдастырды. 18 ғ-дың бас кезінен бастап К. әскерлері құрылды. Е.Пугачев көтерілісі талқандалғаннан кейін Жайық К-ның атауы Орал К-ы деп өзгертілді, Запорожье К. қауымдастығы жойылды, барлық К. әскерлері Ресейдің әскери мекемелеріне бағындырылды. 1827 жылдан бастап бүкіл К. әскерлерінің атаманы болып тақ мұрагері тағайындалды. 20 ғ-дың бас кезінде Ресейде 11 казак әскерлері болды (Дон, Кубань, Терек, Астрахан, Орал, Оренбург, Жетісу, Сібір, Забайкал, Амур, Уссурий). 1917 ж. Енисей казак әскерлері құрылды. К. әскерлері Ресейдің Бас штабына бағындырылды. Әрбір К. әскерлерінің өз наказной (тағайындалған) атаманы болды. Станицалар мен хуторлардағы атамандар жиналыстарда (сход) сайланды. 18-ге толған әрбір казак 20 жыл әскери қызмет атқаруға әрі ол өз бөліміне әскери формасымен, қару-жарағымен, мініс атымен келуге міндетті болды. К. Ресейдің барлық соғыстарына белсене араласты және бейбіт уақытта полицейлік қызмет атқарды. Олар шет аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалыстарын басу кезінде ерекше қатыгездіктерімен көзге түсті. Қазан төңкерісінен кейін К-тар Кеңес



үкіметіне қатты қарсылық көрсетті. Ақ гвардияшылар әскерлері (Л.Корнилов, А.Колчак, А.Деникин, т.б.), негізінен, К-дан жасақталды. Дегенмен Қызыл Армия қатарында болған К. да көп болды. (С.Буденный, Б.Думенко, Ф.Миронов, т.б.) 1920 ж. 25 наурызда Кеңес үкіметі К-дың әскери құрылымдар құруына тыйым салды. К. Ресейдің Қазақстанды отарлауында шешуші рөл атқарды. Патша өкіметі қазақ жерін толығымен бағындырып ұстау үшін оның батыс, солт., оңт. шығыс шекараларында төрт К. әскерлерін ұстады. Олар: 1591 ж. құрылған Жайық (Орал), 1734 ж. құрылған Орынбор, 1808 ж. құрылған Сібір, 1867 ж. құрылған Жетісу К. әскерлері еді. Жайық (Орал) К. әскері 16 ғ-дың аяғында патша үкіметінің Еділ К-тарын талқандап, қуғындауы салдарынан құрылды. Олар 1580 ж. бұрынғы Алтын орданың, одан Ноғай ордасының астанасы Сарайшық қ-н талқандады, осы өңірлерге орныға бастады. Михаил Романов билік еткен кезден бастап (1613–45), Жайық К-ы Ресей патшасына бағынып, одан жалақы алып тұрды және Кубань мен Қырымға, Хиуа мен Қазақ хандығына жиі-жиі жорық жасап тұрды, башқұрттардың, қалмақтардың, ноғайлардың көтерілістерін басуға белсене араласты. 19 ғ-да Жайық К-ы Кіші жүздегі көтерілістерді басуда шешуші рөл атқарды. 1917 ж. оның құрамында 174 мыңға жуық әскер болды және оларға Жайық бойындағы аса құнарлы 6,4 млн. десятина жер тиесілі болды. Орынбор К. әскерлері Қазақстанның Ресейге қосыла бастауына байланысты құрылды. 19 ғ-дың 2-жартысында Орынбор К-ының саны 158 мың адамға жетіп, олар Ресейдің Қазақстан мен Орта Азияны басып алуына үлкен еңбек сіңірді. Сібір әскерлері 16 ғ-дың аяғында Ермактың Көшім хандығын талқандауына байланысты пайда болды. 17–18 ғ-ларда К. Сібірде көптеген бекініс-қамалдар тұрғызып, ішкі өлкелерді бағындыруға кірісті. 1808 ж. Ертіс өз. бойындағы К-дан Сібір әскерлері құрылып, Оңт. Қазақстан мен Солт. Қырғызстанға арнайы экспедициялар жібере бастады. 19 ғ-дың 60-жылдары Сібір әскерлері 12 атты әскер полкі, 3 жаяу әскер батальоны және құрамында 3 батареясы бар атты-артиллерия бригадасынан тұрды. 1867 ж. Сібір әскерлері құрамынан Жетісу К. әскерлері бөлініп шықты. Бұл әскер Қытаймен арадағы шекараны күзетті және Орта Азияға жасалған барлық

жорықтарға қатынасып отырды. 20 ғ-дың бас кезінде оның құрамында 36 мыңнан аса жауынгер болды. Жалпы Қазақ жерінде К-ға патша үкіметі аса құнарлы өңірлерден 10 млн-нан аса десятина жер бөліп берді. К. әскерлері Исатай Тайманұлы бастаған (1836–38), Кенесары Қасымұлы бастаған (1837–47), Сырым Датұлы бастаған (1783–97) көтерілістерді және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін басу кезінде империя сойылын соққан қатыгездіктерімен ерекше көзге түсті. Азамат соғысы жылдарында (1918–20) Қазақстандағы К. әскерлері ақ гвардияшылар жағында шайқасып (атамандар Дутов, Анненков, Толстов, т.б.), жергілікті халықты қанға бөктіріп, 1920–22 ж. Қазақ жеріндегі кеңестік органдар үкіметі К. әскерлерін жою үшін кейбір шараларды жүзеге асыруға кірісті. 1921 ж. 4 ақпанда Түркістан Республикасы, Жетісу обл. рев. кеңесі К. әскерін жойып, 1 млн. десятинадан аса жерді қазақ еңбекшілеріне қайтаруға шешім қабылдады. 1921 ж. 19 сәуірде Қазақ АКСР-і ОАК Сібір және Орал К. әскерлерінің жерлерін қазақ еңбекшілеріне қайтарып беруге шешім шығарды. КСРО-ның ыдырауы қарсаңында (1980) К-дың дәстүрлерін, мәдениеті мен тұрмысын жаңғырту жұмыстары басталды. Қазақстанда К-тардың мәдени ұйымдары (әскери құрылымдар жасақтауға тыйым салынған) пайда болды.

М.Әбдіров

КАРЕЛИН Григорий Силыч (1801, Ресей, бұрынғы Петербург губ. – 29.12.1872, Атырау қ.) – орыс ғалымы, саяхатшы. Санкт-Петербургтегі 1-кадет корпусын бітіргеннен кейін (1817), Ресей империясы армиясының Орынбор гарнизонына жіберілген. Мұнда Қазақстан мен Орта Азияны зерттеуші ғалымдармен танысып, Каспий маңы мен Орынбор өлкесін зерттеумен шұғылданды. 1826–27 ж. Эверсманмен бірге Ішкі (Бөкей) Ордада болып, Жәңгір ханмен танысты. Бөкей ордасының тұңғыш топогр. картасын жасады. Бірнеше жыл (1832, 1834, 1836 ж.) бойы порт құрылысын салу мақсатында Каспийдің шығыс жағалауында зерттеулер жүргізді. Қайдақ соры жағасынан бекініс салуға орын белгіледі. Кейін 1834 ж. онда Александровск форты салынды. 1840–45 ж. Мәскеу натуралистері қоғамының тапсырмасымен К. Шығыс Қазақстанға саяхат жасады. Семей, Ертіс, Алтай, Тарбағатай, Нарым, Жетісу Алатауын аралады. Осындай «зерттеу» экс-



пед-ларының мәліметтері бойынша Ресей патшалығы Қазақ даласын отарлаудың тірегі болған камал-қорғандарды салды.

Ж.Шалғынбай, Ә.Бірмағамбетов

КАТОРГА (грек. katergon – галера; итал. galera – құлдар, соғыс тұтқындары және жазаға тартылғандар ескекші болатын көне әскери кеме), каторгалық жұмыстар – қылмыскерлерді ауыр қара жұмысқа салып жазалаудың айрықша түрі. К-да басбұзарлық және саяси қылмыстар жасағандарды бас бостандығынан айыру ерекше қатаң режимде, ауыр қол жұмыстарына жегумен бірге жүргізіледі. «К». термині әуелде орта ғасырларда, тұтқынға түскендерге галера (кеме) ескегін естіруге байланысты пайда болды. Ресей империясында 1691 ж. кейбір қылмыс түрі үшін кесілген өлім жазасын ауыр жұмыстар істеуге айдау мен алмастыру жайында патша жарлығы шықты. К-ға кесілгендер еңбегі қалалар, порттар, каналдар, жолдар, кеніштер, зауыттар салуға пайдаланыла бастады. 1765 ж. дворяндар басыбайлы шаруаларын К-ға айдау құқына ие болды. 19 ғ-да қазақ жеріндегі Ресей империясы әкімдері де өздеріне ұнамағандарды К-лық жазаға әкімш. жолмен кесіп жібере беретін болды. Қазақ халқының жадында бұл жаза түрі итжеккен, қатырға ұғымдары түрінде сақталған. 20 ғ-дың басында Ресей империясында – Шлиссельбург, Нерчинск, Александр централы; Елек, Тобыл, Харьков губ-ларында – Новоборисоглеб және Новобелгород; Семей губ-нда – Өскемен; Иркут губ-нда – Усть-Кут тұз з-ты, Николай темір жасау з-ты, т.б. К-лық жаза орындары болды. К. 1917 жылғы наурызда жойылды. Кеңес өкіметі кезінде тұтқындар еңбегін ауыр жұмыстарда пайдалану үшін айрықша лагерьлер жүйесі құрылды; қ. ГУЛАГ.

КАУФМАН Константин Петрович (19.2.1818 – 4.5.1882, Ташкент) – орыс инженер-генералы (1874), Түркістан ген.-губернаторы (1867 жылдан). 1844–56 ж. Кавказда әскери қызметте болып, Қырым соғысына (1853–56) қатысқан. 1867 ж. Түркістан ген.-губернаторы болып тағайындалған. 1868 ж. Бұхараға, Самарқанға, 1873 ж. Хиуаға қарсы соғыс қимылдарын, 1874 ж. Қоқан көтерілісін басып-жаншуды басқарды. Түркістан округінде шексіз билікке ие болған К. Орта Азияны отарлау саясатын дәйектілікпен жүргізді. К. 1876 ж. 21 ақпанда ішкі істер министріне жазған хатында Қазаннан жарық көрген мұ-

сылман басылымдарының бағасы арзан болғандықтан, өлкедегі отырықшы тұрғындар ішінде ғана емес, көшпелі қазақ халқының арасында да таралып жатқанына назар аударды. Осыған байланысты Баспа ісі жөніндегі бас басқарма тарапынан мұсылман басылымдарының санын шектеу және олардың өңірде таралуына жол бермейтін шаралар қолданылуы жөнінде ұсыныс айтты.

Ж.Шалғынбай

КӘМПЕСКЕЛЕУ (лат. confiscatio – дүниемүлікті қазынаға тартып алу) – тәркілеу, мүлікті иесінің ықтиярынсыз қазынаға тегін алу, жеке адамдардың, әр түрлі ұйымдардың, қауымдастықтардың меншіктерін мәжбүр ету жолымен, қайтарылмайтын етіп заңға сүйеніп тартып алу. Әр түрлі әлеум. төңкеріс кезінде белгілі бір әлеум. топтың мүддесі үшін жерді, мүлікті, малды тартып алу үшін жүргізіледі. КСРО-да Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жеке меншік иелерін жою және большевиктік тәртіпке қарсы әлеум.-саяси топтарды қоғамдық өмірден мүлдем ығыстыру үшін К. ісі қолданылған. Орталық биліктің мақұлдауымен Қазақ АКСР ОАК 1928 ж. 27 тамызда ірі байлардың шаруашылықтарын К. туралы заң қабылдады. Бұл заң сол жылдың қыркүйек және қараша айларында зорлық-зомбылықпен жүзеге асырылды. Қазақстан үкіметінің ресми дерегі бойынша, осы науқан барысында 696 шаруашылық тәркіленген. Шын мәнінде, кәмпескеленген шаруашылықтар сандары мыңнан асып кетті. К. туралы заңға сәйкес көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400, жартылай көшпелі аудандарда 300 және отырықшы аудандарда 150 бас малдары барлар кәмпескеленулері керек еді. Алайда ауқатты шаруалардың көпшілігінде мұндай көлемде мал басының болмауына байланысты бірнеше туыстас қожалықтар бір шаруашылық ретінде күшпен біріктіріліп тәркіленді. К. барысында байлардан тартып алынған 145 мың бас мал (ірі қараға шаққанда) жарлы-жақыбайлар шаруашылықтарын материалдық тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да көтеруге қолдау көрсете алмады. Керісінше, К. табиғи ортаға бейімделген дәстүрлі мал шаруашылығының дамуын тежеп, оны қатты күйзеліске ұшыратты. Алайда Кеңес өкіметі Қазақстандағы ірі байларды К. саясатының сәтсіздіктерінен дұрыс қорытынды жасай алмады. К. науқанында қолданылған зорлық-зомбылық әдістері, күштеу саясаты, одан ке-



йінгі шаруашылықтық-саяси науқандарға – күшпен ұжымдастыру, кулактарды тап ретінде жою, көшпелілерді зорлап отырықшыландыру шаралары кезінде одан әрі қатыгездік сипат алды. Мұның өзі халықтың кеңестік саясатқа қарсы стихиялық көтерілістерін туғызды. Кеңес өкіметі органдарының науқаншыл саясаты қазақ халқының елеулі бөлігінің ата қонысын тастап, шет елдерге үдере көшуіне әкеліп соқтырды. Дәстүрлі көшпелі қоғам заңдылықтарын ескермей, шаруашылықтарды ұрдажық оजारлықпен күштеп ұжымдастыру қазақ даласындағы мал санының жүздеген есе азаюына алып келді. Мұның соңы қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болмаған 1930–32 жылдардағы нәубетке соқтырды; қ. *Ашаршылық*.

Әдеб.: Омарбеков Т., 20–30-жылдардағы Қазақстан кәсіреті, А., 1997; Қозыбақова Ф., Қазақ байларын тәркілеу тарихынан, А., 1998.

Т.Омарбеков

КӘРІБАЙ Тұңғатарұлы (1861, Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. Қарғыба өз. сағасы – 1931, сонда, Ақсуат кенті) – ақын. Жас күнінен өлеңдер шығарып, «бала ақын» атанған. 1910 ж. Алакөл маңындағы Көктұма деген жерде Әсет ақынмен айтысып, атағы елге жайылды. К-дың көптеген өлең-жырлары ел қорғау тарихынан сыр шертіп, халық батырларын дәріптейді. 1931 ж. аштық кезінде Қытай жеріне көшіп бара жатқанда ГПУ қызметкерлерінің қолынан қаза табады. К-дың Әсетпен айтысы «Айтыс» жинағында (1964, 1-т.) және Әсет Найманбаевтың «Шығармалар» жинағында (1988), 1931 ж. ашаршылыққа ұшыраған халық күйзелісін жырлаған өлеңі Ә.Сәдуақасұлының «Тарихыңды танып біл» кітабында (1996) жарияланды.

КӘРІМ Жәленұлы (1888, бұрынғы Орал губ. Жымпиты уезі Байқұтты болысы №4 а. – ө. ж. б.) – қоғам қайраткері, Алашорданың батыс бөлімшесі жетекшілерінің бірі, әдіскер математик. Воронеж а.ш. ин-тында оқыған. 1916–17 ж. 1-дүниежүз. соғыс майдандарындағы қорғаныс шептерін салуға алынған қазақ жұмыскерлері ішінде Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлерімен бірге қызмет атқарды. 1917 ж. Жымпиты уездік атқару к-тінің төрағасы болып қызмет істеді. Облыстық земство басқармасының мүшесі болды. 1918 ж. 18–21 мамырда Жымпитыда өткен Орал өңірі қазақтарының 4-съезі төралқасына сайланды. 1918 ж. наурыз – сәуірде Алашорданың батыс бөлімшесінің Ж.Досмұ-

хамедов басқарған делегациясы құрамында Мәскеуде Кеңес өкіметі басшыларымен Қазақ автономиясын құру жөніндегі келіссөзге қатысқан. Алашорда таратылғаннан кейін, 1920 ж. маусым – қазан айларында Орынборда Қырғыз (Қазақ) ревкомның хатшысы болды. Осы жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту ин-тына оқытушылыққа шақыртылды. 1929 ж. 8 қаңтарында Гурьев (қазіргі Атырау) қ-нда тұтқындалып, «Алаш ісі» бойынша 5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Б.Қосанов

КЕЗУІЛШІ ТОП – ежелгі түркі тайпалары әскерлерінің алдыңғы тобы. Жорық алдында жол барлау міндетін атқарған.

КЕЙКІ (Нұрмағамбет) Көкембайұлы (1871, Қостанай обл. Амангелді ауд. Байтума қопасы – 22.4.1923, сонда, Жалаулы) – мерген, 1916 жылғы Торғай көтерілісінің батыры. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасының құланқыпшақ руынан шыққан. Тұрмыс тапшылығын ерте көрген К. Жыланшық болысының алпауыты Р.Шашамбайұлының малын қорып, дұшпандарына аттандыратын жігіті болған. Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерінен-ақ белсене араласып, оның негізгі қару-



Кейкі батыр ескерткіші

КЕМЕҢГЕРОВ



лы күші – мергендер жасағын басқарды, көтеріліс штабының ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрды. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қ-н қоршау кезінде және жазалаушы отрядқа қарсы соңғы ұрыс – Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті. 1919 ж. 18 мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін К. қудалауға ұшырап, Ұлытау, Қызылқұмға бой тасалауға мәжбүр болды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толас-тамады. Ақыры, 1923 жылдың көктемінде комиссар Александр Токаревті атып кеткен К-ні 22 сәуірде қызыл әскерлер айуандықпен өлтірді. Олар мергеннің екі қолы мен басын кесіп алып, басын бір ай бойы Торғай қ-ның орт. алаңына сырыққа шаншып қойды. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға, ал 1926 ж., республика астанасы Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт-Петербургқа алып кеткен. Ол қазір Санкт-Петербургтегі антропол. қордың кунсткамерасында сақтаулы. К. мергеннің ұрпақтары Қостанай обл-ның Амангелді ауд-ндағы Ақтас, Тасты елді мекендерінде тұрады. 1996 ж. батырдың 125 жасқа толуына байланысты ас беріліп, ескерткіш орнатылды. Жазушы А.Нұрмановтың «Құланның ажалы» романындағы Құлан, Ғ.Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасындағы Кете батырлардың көркем тұлғалары осы К. мерген өмірінен сомдалған.

Т.Рсаев

КЕМЕҢГЕРОВ Қошмұхамбет (Қошке) Дүйсебайұлы (15.7.1896, Ақмола обл. Омбы уезі Беке бол. Қаражас а. – 21.11.1937, Омбы қ.) – алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. К. алғаш Белгібай молдадан дәріс алып, мұсылманша сауат ашқан. 1913 ж. Омбы а. ш. уч-шесіне оқуға түседі. Осында жүріп қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы «Бірлікке» (1914–1918) мүше болып кірді. Оның үні «Балапан» қолжазба журналының (1916–1918) редакторы болды. 1917 ж. сәуірде Омбыдағы Ақмола обл. қазақ атқару к-тінің тапсырмасымен Д.Әділов екеуі Ақмолаға келді, мұнда С.Сейфуллинмен бірлесіп, Қазақ к-тін, «Жас қазақ» ұйымын құруға ат салысады. Осы жылы тамызда Ақмола обл. халық санағын жүргізуге, күз-қыс айларында осы облыста Алашорда к-тін ашуға қатысады. 1918 ж. «Бірлік» ұйымы идеялық көзқарас тұрғысынан екі

жарылып, «Жас азамат» ұйымы құрылғанда, К. оның мүшесі және ұйым аттас «Жас азамат» газетінің редакторы болып сайланды. 1918–30 ж. бірнеше оқу орындарында білім алып, оқу-ағартушылық салада еңбек етті. Ташкентте К. «Ақ жол» газетінде, «Сана» журналында қызмет істеді. 1930 ж. К. ОАМУ-дің (САГУ) аспиранты болып жүрген жерінен, М.Әуезовпен бірге, қуғын-сүргіннің ұлт қайраткерлеріне бағытталған алғашқы



Қ.Кемеңгеров

толқынында тұтқындалды. Екі жыл Алматы абақтысында отырды. 1932 ж. НКВД-ның арнайы саяси тұтқындарды ұстайтын жері – Украинаның Валуйкиіне жер аударылды. Бұдан К. 1935 ж. босанып, Омбының Шарбақкөлінде ауд. ауруханада дәрігер болып қызмет істеді. 1937 ж. 7 тамызда қайта ұсталып, 21 қарашада Омбы қ-нда атылды. К. 1957 ж. 17 тамызда Сібір әскери округы әскери трибуналының қаулысымен ресми ақталды. Қаламгер құрметіне Баянауылда мектеп, Астанада көше аты берілді. К-тың ұрпақтары Омбыда, Алматыда, Астанада тұрады.

Д.Қамзабекұлы

КЕМПІРБАЕВ Ысқақ (1899, Семей обл. Абыралы ауд. 2-а. – 16.11.1931, Семей қ.) – Шығыс Қазақстан обл. Абыралы өңірінде 1931 ж. ақпанда болған шаруалар көтерілісінің басшысы. Орта шаруа отбасында дүниеге келген. Семей қ-нда бай орыстарға жалшы болған. 1918 ж. Семейдегі Алаш әскери жасағына өз еркімен жазылып, қатардағы жауынгер ретінде қызмет еткен. Кеңес өкіметі жылдарында К. Абыралы ауд. дайындау мекемесінің 2-, 4-а-дарындағы агент қызметін атқарды. Шаруа қожалықтарын жаппай ұжымдастыру жылдарындағы зорлық-зомбылыққа К. үнемі наразылық білдіріп отырды. Елдің бар малы тәркіленіп, халық ашаршылыққа душар болғанда өкіметтің Абыралы ауд-на



түсірген ет тапсыру жоспарына наразы болған аудан шаруалары жаппай толқып, оның арты 1931 ж. ақпанда көтеріліске ұласады. Абыралы ауд-ның Томар, Аққора (қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. «Еңбек», «Прогресс» а.), Жорға, т.б. жерлерінде 300-ден астам шаруа көтеріліске шығады. Көтеріліс басшысы К. үкімет алдына зорлық-зомбылықты тоқтату, елден тартып алынған малды қайтару, етке тапсырылған мал өтем-ақысын төлеу талаптарын қояды. 1931 ж. 15 ақпанда көтерілісті басуға келген ауд. ОГПУ бастығы А.Жамалетдинов, оның орынбасары А.Кайгородцев пен аудандағы өзге де басшы қызметкерлерден тұратын 20 адамдық қарулы отрядты көтерілісшілер қоршап алып, ұзақ ағыстан соң бәрін қолға түсіреді. Тұтқындалған отряд ішінде Алматыдан ауданға арнайы уәкіл ретінде келген Қазақ АКСР ХКК-нің іс басқарушысы А.Масанов болды. К. оны қолхат алып босатып, сол арқылы өз талаптарын үкімет алдына қайта жеткізеді. Алайда, Семейден, Қарқаралыдан тұрақты әскер бөлімдері келіп, көтерілісшілер жеңіліске ұшырады. Ұрыста 185 адамынан айырылған К. ақыры бір аптадай ізіне түскен ОГПУ отрядымен соңғы оғы біткенше ағысып, қолға түседі. 1931 ж. қарашада көтеріліс басшысы К. серіктерімен бірге ОГПУ үштігінің үкімі бойынша Семей түрмесінде атылды.

Әдеб.: Алдажұманов К., Крестьянское движение сопротивления // Депортированные в Казахстан народы: история и судьбы, А., 1998.

Қ.Алдажұманов

КЕНБАЙ Жантоқайұлы (19 ғ., т.ө.ж.б.) – Қоқан хандығының озбырлықтарына қарсы көтеріліске қатысқан батыр. Орта жүз қыпшақтың көбес аталығынан. Қазіргі Қызылорда обл., Шиелі ауд. өңірінде өмір сүрген. К. б-ды Сыр сүлейі Мәнсүр Бекежанов (1875-1933) 1912 жылы Иманжүсіпке жазған хатында: «Бар еді Өтеп, Жақап – жақыныңнан, Ермек, Түйме, Кенбай бар ата ұлынан. Жаназар – Шағыр Қыпшақ бір жүзбасы, Қазақтың найза ұстаған батырынан», – деп атап өтеді.

Б.Ахметбек

КЕНЕСАРИН Әзімхан Ахметұлы (1878, Шымкент қ. – 29.10.1937) – алаш қозғалысының қайраткері. Кенесары Қасымұлының немересі. 1897 ж. Шымкентте қ-лық уч-щені бітіріп, Әулиеата уезінің басқармасында хатшы болып қызмет етті. 1905 ж. Әулиеата уез-

зі қазақтары атынан Ресей империясы Минлер Кеңесінің төрағасы С.Ю.Витте атына құзырхат жазуға қатысты. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан жағдайға сай Әулиеата уезі қазақтарының саяси белсенділігін арттыру жолында қоғамдық өмірге қызу араласты. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында құрылған Әулиеата уездік Ұлттық кеңесіне төрағалық етті. Бірінші жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрыл-



Ә.Кенесарин

тай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Әулиеата уезінен сайлауға түсті. Оның ұйымдастыруымен 1917 ж. 12 қарашада Әулиеата уезі қазақтарының съезі болып өтті. 1917 ж. желтоқсанның 5–13 аралығында өткен екінші жалпықазақ съезіне Сырдария обл. қазақтары атынан қатысып, онда съезд төрағасының орынбасары болды. Түркістан (Қоқан) автономиясын кеңес өкіметінің әскери күшпен талқандауына наразылық білдірді. 1930 ж. Кеңес өкіметі тарапынан «ұлтшыл» деп айыпталып, тұтқынға алынды. Одан көп ұзамай босатылды. 1937 ж. тамызда қайтадан тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1956 ж. Түркістан әскери окр. трибуналының шешімі бойынша К. есімі ақталды.

С.Рүстемов

КЕНЕСАРЫ Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жотасының оңт. алабындағы Кекілік-Сенгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–47 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841–47). К. Шыңғыс ханның 27-нші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Абылайдың қалмақ қонтайшысы Қалдан Сереннің қызынан дүниеге келген баласы Қасым сұлтанның

КЕНЕСАРЫ



бәйбішесі Айкүмістен К. (алты ағайынды – Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай, Бопай), екінші әйелінен Наурызбай туған. К. өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы-қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленді. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеттігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айналдасына ерте мойындатқан. К-ның саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланыста болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан Қазақ хандығын күллі Азия елдері мен жерлеріне бастар қақпа деп есептегендіктен, оны Ресейге қосып алу қажеттігіне ерекше мән берді. Қазақ хандығы аумағын империяға күштеп қосу оны отарлаумен қатар жүрді. Ресей отаршылдығының ерекшелігі – «орыс солдаттарының соңынан орыс мұжығы ілесіп отыратындығында, сөйтіп, жаулап алған жерін орыс жеріне айналдырып жіберуге тырысатынында» (М.Шоқай) еді. Атасы Абылай хан заманынан бері үдей түскен бұл үрдіс жас сұлтан К. санасына ұлт тәуелсіздігіне төнген қауіпті терең түйсінтті. Патша үкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Сол мақсатта қазақ даласына орыс шаруалары ағылып келіп қоныстана бастады. Абылай ханнан кейін орнына билікке келген Уәли хан (1781–1821) патша әкімшілігінің Көкшетау алқабында қала құрылысын бастауына келісім берді. Уәли өлгеннен кейін хан сайланған баласы Ғұбайдолланы Ресей үкіметі бекітпей тастады және Орта жүзде хандық билікті жойды. Қарсылық көрсеткен Ғұбайдолланы тұтқындап, Сібірге жер аударды. Осыған байланысты К. Ресей мен Абылай хан арасында жасалған жазбаша келісімшарттың бұзылғанына наразылық білдірді. Оның: «Алла қостаса, қазақтардың басын біріктіреміз де, қайтадан Абылай хан тұсындағыдай дәрежеге жетеміз» деген пікірі әкесі Қасым сұлтанның, бауырларының, көптеген қазақ батырларының тарапынан қолдау тапты.

К. қазақ халқының дербестігін қалпына келтіру жолындағы ұзақ та ауыр күресін (қ. *Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы*) бастады. Абылай хан ұрпақтары К-ға дейін де ұлт-азаттық көтерілісіне шыққан болатын. Олар Ресейге қарсы Қоқан ханымен одақтаса отырып күреспек болған еді, бірақ үміттері ақталмады. Керісінше, 1836 ж. Қоқан билеушісінің нұсқауымен К-ның ағасы Саржан өлтірілді. 1840 ж. әкесі Қасым төре қаза тапты. К. Абылай хан тұсындағы Қазақ ханды-



Кенесары Қасымұлы

ғының аумақтық тұтастығын қалпына келтіруді, Ресей құрамына кірмеген аймақтардың тәуелсіздігін сақтауды көздеді. Отаршылдарға қарсы соғысты бастамас бұрын К. бірнеше рет дипломатиялық қадамдар жасап: Николай I патшаға, Орынбор ген.-губернаторлары В.А. Перовскийге, В.А. Обручевке, Сібір ген.-губернаторы П.Д. Горчаковқа хат жолдады. Ақылды саясатшы және әскери қолбасшы ретінде К. жаудың мықты қарулы күші бар екендігін жақсы түсінді, сол себепті соғысқа мұқият даярланды. Бұл оның қазақтың Үш Жүзін бір мақсат жолына біріктіру саясатынан, қару-жарақ соғуды, соның ішінде зеңбірек құюды жүзеге асыру үшін орыс және өзге ел шеберлерін тартуынан көрінеді. Қазақ ақсүйектері екі жарылып, бір тобын көтерілісті қолдаушылар құраса, екінші жағы оған қарсылар болды. Соған қарамастан, К-ның қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. Оның ішінде



КЕНЕСАРЫ

Орта жүз руларынан басқа, Кіші жүз бен Ұлы жүз руларының сарбаздары болды. К-ның жауға қарсы жорығында Ағыбай батыр, Иман Дулатұлы, Басығара, Аңғал, Жанайдар Орынбайұлы, Жеке, Сұраншы Ақынбайұлы, Байсейіт, Жоламан Тіленшіұлы, Бұқарбай Естекбайұлы, Мыңжасар және т.б. батырлар аянбай шайқасты. Әскери қимылдар 1838 ж. Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан басталды. Көтерілісшілер қамалдарды өртеп жіберді. К. соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жүз жеріне қарай кеңейтті. 1841 ж. қыркүйекте К. Үш Жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы К-ның әскері Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 ж. Ресей үкіметі К-ға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. К-ның әскері Ресей армиясы мен солардың жағындағы қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңді. Алайда, әскери қуаты әлдеқайда басым жау К. сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттық үшін шайқаста К. қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда, патша әкімдерімен кұпия байланыста тұрған манаптар оған мойынсұнбады. К. бағынудан бас тартқан қырғыздарға шабуыл жасады. Жасағына кейін қосылған рубасыларының опасыздығынан К. әскері жеңіліс тауып, хан мен інісі Наурызбай дұшпандарының қолына түсіп, айуандықпен өлтірілді. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімш-не жіберді. Князь Горчаков К-ның басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық берді. К. қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқарып, басын біріктіру, азаттық пен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскери қолбасшы ретінде ел есінде қалды. Оның дипломатиялық және саяси белсенділігі, Ресей үкіметінің әскери-әкімш. орталықтары мен сол тұста көптеп құрылып жатқан бекіністерін жою жөніндегі шешімдері және нақты әскери қимылдары сол кезгі тарихи құжаттар мен зерттеулерде көрініс тапты. Саяси ахуал оған қарулы күрестен басқа таңдау қалдырмағаны анық. Оның әкімш. және сот реформаларын жүргізгені, биліктің орталықтандырылуын күшейтуге тырысқаны, өз армиясын заман талабына сай қайта құрғаны, артиллерияны қолданып, әскери

тактиканы дамытқаны, қатал тәртіпке бағынған, ұтқыр тәсілдермен әрекет ететін әскер құра білгені әділ бағасын алуда. К-ның өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» дастаны (19 ғ.) 1875 ж. сұлтан Жантөриннің тәржімасымен «Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарияланды. 20 ғ-дың 30-жылдары М.Әуезов «Хан Кене» пьесасын (сахнаға бірер қойылуынан кейін ты-



У.Жұбаниязов. Кенесары.

йым салынған), 60-жылдары И.Есенберлин «Қаһар» романын жазды. Алғашқы зерттеулер ішінде «Қазақ сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» деген тақырыппен Н.Серданың 1870 ж. «Вестник Европы» журналының бірнеше нөміріне бастырған кітабының дерек көзі ретіндегі маңызы зор. 1888 ж. Ташкентте «Кенесары мен Садық» деген атпен шыққан К-ның баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болып табылады. Кеңес өкіметі тұсында К-ның күрес жолына іргелі ғыл. зерттеу арнаған тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов («ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан», М., 1947) саяси қуғын-сүргінге ұшырады. К. тұлғасына жаңаша қарап, оның шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін ғана қолға алынды. Ж.Қасымбаев сияқты тарихшылар өз зерттеулерін жариялады. 2002 ж. К-ның туғанына 200 жыл толуына орай халықар. ғыл. конференция өтті. Астана қ-нда К-ға ескерткіш қойылған және онда оның есімімен аталатын көше бар.

Б.Орынбекұлы

КЕНЕСАРЫ



КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ (1837–47) – Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық күрес. Патша үкіметінің 1822–24 ж. Орта жүз бен Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ ұлтының дәстүрлі басқару және құқық жүйесін жойып, орнына округтік және шекаралық ресейлік басқару мекемелерін ашты. Ресей билеушілері қазақтың ең шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, т.б. жерлеріне өз әскери бекіністерін сала бастады. Қазақ халқының қарулы қарсылығына бір ғана әкімш. басқару жүйесіндегі отаршыл өкімет жасаған өзгерістер себеп болып қойған жоқ, оған Солт., Шығыс Қазақстанда суы мен жайылымы мол Ертіс, Есіл өз-дерінің бойындағы жерді біртіндеп орыс-казак шаруаларының өз иелігіне бөліп алуы, алым-салықтың өсуі де қатты қозғау салды. Ресей империясының саясатына қарсы алғашында Абылай хан ұрпақтары Ғұбайдолла сұлтан, кейін Қасым төренің ұлы Саржан сұлтан көтеріліске шыққан болатын. Бірақ олардың Ресейге қарсы күресінде одақтас болған Қоқан хандығы сатқындық жасап, Саржан мен Қасым төре қаза тапты. Осындай тарихи кезеңде сұлтан, (1841 жылдан хан) Кенесары Қасымұлы Үш Жүзді де толық қамти отырып, қазақ елінің Абылай хан тұсындағы аумақтық тұтастығын, дербестігін қалпына келтіру мақсатын алдына қойды. Кенесары қарулы көтерілісін бастамас бұрын Ресей империясының билеушілеріне (Николай I патшаға, Орынбор ген.-губернаторлары В.А. Перовскийге, В.А. Обручевке, Сібір ген.-губернаторы П.Д. Горчаковқа) әлденеше рет хат жазып, тиісті талаптар қойды. Ресей үкіметі «бөліп ал да, билей бер» саясатын ұстанды, қазақтың би-болыстарын шен беру тәсілі арқылы бір-біріне айдап салып, қарсы қойды. Сондықтан да К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. к-не көптеген аға сұлтандар, би-болыстар толық тірек бола алмады. 1837 ж. Кенесары қолы Ақмола бекінісіне шабуыл жасап, орыс-казак әскерлерін талқандады, қамалды өртеп жіберді. 1839–40 ж. көтерілісшілер Есіл өз. бойындағы бекіністерге жиі шабуыл жасап, Жарғалаң өз. бойында бекініс тұрғызу жөнінде шешімнің қабылдануына түрткі болды. Кенесары келесі жорығын Торғай өңірі

арқылы Кіші жүз жеріне жасады. 1841 ж. қыркүйекте Үш Жүз өкілдерінің мақұлдауымен Кенесары қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылдың жазында Қоқан хандығына қарсы соғыста оны ойсырата жеңіп, Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын қайтарып алды. Батыс Сібір ген.-губернаторы Перовскийдің орнына Обручев келген соң, 1843 ж. К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. к-не қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырылды. 1843–44 ж. Ресей әскерінің қолбасшылары Лебедев, Жантөрин, Дуниковский әскерлерімен шайқаста Кенесары жасағы әртүрлі айла-тәсілді мол пайдаланып, үнемі үстем түсіп отырды. 1844 ж. шілдеде Ресей жағында соғысушы Кіші жүз сұлтандарының біріккен күшін Кенесары әскері бірнеше рет ойсырата жеңді. Осы жылдың тамыз айында Наурызбай, Ағыбай батырлар бастаған



Кенесары ескерткіші

қол Екатерина қамалын тас-талқан етті. 1845 ж. Кенесары әскері шегінуге мәжбүр болды. Орынбор ген.-губернаторы Обручев солт.-батыс өлкеде қосымша бірнеше бекіністер салу арқылы Кенесарының басты күштерін ығыстыра бастады. Қазақтардың мейлінше жиі көшіп-қонатын жерлерінде Қарабұтақ, Ырғыз, Торғай, Арал (Райым) бекіністерінің тұрғызылуы көтерілісшілермен күресу мақсатын көздеген еді. 1846 ж. қуаты әлдеқайда басым Ресей әскерінен ығысқан Кенесары қолы Сарыарқаны тастап, Шу өз. бойына ойысады. Кенесарының ойы Абылай ханның тікелей тұқымдары билеген Ұлы жүзге барып, патша үкіметіне және Қоқан ханына қарсы күресте қолдау табу еді. Патша үкіметі де Кенесарының басты күштерінің Жетісуға бет алғанынан хабардар бола отырып, 19 ғ-дың 20–40-жыл-



дарда Ресей билігін мойындаған Сүйек Абылайұлы сияқты империяның осы өлкедегі тілектестеріне сүйенуге тырысты. Жетісу жерінде Кенесары Абылай тұқымдарынан қолдау таппады. Дегенмен Кенесарыға Байзақ Мәмбетұлы, Белқожа би, Медеу би, Құдайберген датқа (Қ.Байетұлы), Сыпатай батыр және Ұлы жүздің басқа да ру басшылары тарту-таралғыларымен келіп, бағынатындықтарын білдірді. Қырғыздардың Жанғараш, Жантай, Тыналы, Төрегелді секілді басшыларына елшілер жіберіп, патша өкіметіне бірлесе күресу керектігі жөнінде ұсыныс жасалды. Бірақ қырғыз билеушілері Ресей империясы билігін мойындауға ыңғай берді, ал ол қазақ ханының ашулы ерегісін туғызды. Сол себепті қырғыздарға қарсы шабуыл жасалды. Кенесары хан әскеріне кейін қосылған кейбір рубасылары соңғы сәтте өз әскерін алып кетіп, опасыздық жасады. Ақырғы қанды шайқас Кекілік-Сенгір тауының етегіндегі Майтөбе деген жерде өтті. Осында Кенесарыны Ресей отаршылдарына арқа сүйеген қырғыз манаптары қапылыста қолға түсіріп, азаптап өлтірді. К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. к. Ресейдің қырғыз жерін де, Қоқан хандығын да жаулап алуын біраз уақытқа кейін шегерді.

Әдеб.: Б е к м а х а н о в Е., Казахстан в 20–40-е годы XIX в., А.-А., 1947; Я н у ш к е в и ч А., Дневники и письма из путешествия по казахским степям, А.-А., 1966; К е н е с а р и н А., Султан Кенесары и Сыздық, А.-А., 1992; Қ а с ы м б а е в Ж., Кенесары хан, А., 1993.

Ж.Қасымбаев

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСТІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресін Кенесары жасөспірім кезінен бастаған еді. Әкесі Қасым сұлтан өзінің атамекені Көкшетауда алғашқы Ресей бекіністерін салуға батыл түрде қарсы шыққан болатын. Ген. Капцевичке жазған хатында Қасым приказды жойып, орыс әскерінің қазақ даласынан кетуін талап еткен еді. Бұл талапқа жауап ретінде патша үкіметі далаға жаңа отрядтарды толтырып, ұзындығы 300 шақырымды құрайтын пикеттердің ақмолалық линиясымен байланысатын Ақтау бекінісін салуға кіріседі. Сол кезде Қасым сұлтан мен оның ұлдары Саржан, Есенгелді және Кенесары, 40 мың отбасымен бірге, туған жері Көкшетауды тастап, Қоқан хандығының аумағына кетіп қалады. Қасым бастаған Орта

жүз қазақтарының жаппай көшіп кетуі, олардың Ресей отаршыларымен келіспес жаушылықта екендіктерін көрсетті. Халықтың еркіндік сүйгіш рухы бостандық пен тәуелсіздіктен айырылуға көнгісі келмеді. Кенесары Қасымұлының көтерілісі 19 ғ-дың 30–40-жылдарында бүкіл Қазақстанды қамтыды. Ұлы, Орта және Кіші жүз қазақтары бұл көтеріліске белсене қатысты. Көтерілістің әр кезеңдерінде сұлтанды қыпшақ, төртқара, жағалбайлы, шекті, алшын, керей, жаппас, бағаналы, табын, тама, арғын және басқа ірі рулар қолдап отырды. Он жылға созылған көтерілістің басты қозғаушы күші қазақ шаруалары еді. Кеулей бастаған отарлық езгі жағдайында бұқара көтеріліс арқылы өздерінің әлеум. қайшылықтарын шешуге тырысты. Үш Жүздің қазақтарының осы саяси арпалысқа қатысуы, қозғалыстың басты мақсаттарына ұлт-азаттық сипат берді. Кенесарыны ең алдымен қызу қолдағандар: інісі Наурызбай төре, қырындасы Бопай ханым, т.б. жақын-туыстары еді. Көтеріліске қатысқан белгілі Шыңғыс ұрпақтарының ішінде Көкшетау өңірінен сұлтандар: Шеген, Қанқожа Уәлиұлы, Таны Тортайұлы; Ақмола окр-нен: Күшік, Жадай, Жанай Айшуақұлдары болды. Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл окр-терінде, кейіннен патша үкіметінің сот-жазалау мекемелерінің жинаған мәліметтеріне қарағанда, көтеріліске 80-нен астам сұлтан, би, старшындар қатысқан. Кенесары әскерінің жеке жасақтарын басқарғандар арасынан қазақтың Үш Жүзінің де белгілі батырларын кездестіреміз: Ағыбай, Иман (Амангелді Имановтың атасы), Жоламан Тіленшіұлы, Бұхарбай, Бұғыбай, Аңғал, Жеке, Байсейіт, Сұраншы бағырлар және т.б. Қоқан, Хиуа бектерінің, қырғыз манаптарының, орыс помещиктерінің озбырлығынан қашқан езілген топ өкілдері көтерілістен пана іздеді, өздерінің саяси-әлеум. талаптарының орындалуы үшін арпалысты. Кенесарының жасағы 1837 ж. Ақтау бекінісінің маңында Петропавлдан Ташкентке қарай бара жатқан сауда керуеніне ілесіп келе жатқан казак хорунжийі Рыбинге шабуыл жасады. Қарулы қақтығыстың нәтижесінде хорунжий Рыбин, 3 урядник өлтіріліп, 21 казак ауыр жарақат алды. Кенесары қару-жарақтар мен басқа да олжаларға ие болды. 1837 ж. желтоқсан айындағы әкімш. өкілінің құжатында: «Қасым Абылайхановтың елірген ордасын түбімен жою үшін басқар-



маның шешімімен (қазынадан қандай шығын қажет болса да) қатаң шаралар қолдану. Әйтпесе Қасымның үрім-бұтағы біздің үкіметке қарсы қисынсыздықтарды, әсіресе, орыстарға бағынғаннан кейін өздерінің оған дейінгі бостандықтарынан айырылғандығы туралы ойларды біздің алаңғасар қырғыздардың көкі-регіне ұялатып, олардың көңілдерін бұзуы мүмкін» деп көрсетілді. Бұл хабарламада қасымовтар тегіне «елірген» деген анықтама берілген, сонымен қатар олардың ауызбіршілігі мен саяси бағыттылығы аталып көрсетілген. Ресей билігі Кенесарының, оның әкесі мен аға-інілерінің қайраттылығы мен жігерлілігін назардан тыс қалдырмаған. Кенесары Қасымұлы 1837 жылғы желтоқсанда Николай I патшаға жазған хатында атасы Абылай хан заманында екі ел арасында орын алған бейбіт қатынасқа және шекара есебінде қабылданған межеге қайта оралуға шақырады. «... Сіздің арғы бабаларыңыз, ал бізде менің атам Абылай патшалық құрған уақытта, – деп жазады Кенесары император Николай I патшаға, – халық бейбіт және тыныш жағдайда өмір сүрді, оны ешкім бұзған емес. Екі жақ та өзара сауда жасады; біздің жұртымызға ешқандай да салық салынған жоқ. Ал одан кейінгі мезгілде бәрі өзгерді, біздің халқымыздан салық жинала бастады, оған басқа да түрлі таршылықтар жасалынды. Бұрынғы бейбіт келісімді бұзып, Сіздің төменгі қарауыңыздағы басшыларыңыз бүкіл қазақ халқы Ресей бодандығына қарады деп жалған көрсетті, соның салдарынан менің Абылай атама қарасты жерлерде сегіз дуан орнады. Бұл біздің халқымыз үшін өте қайғылы жағдай, әсіресе, оған салықтың салынуы өкінішті-ақ. Сондықтан да біздің бүтін қазақ халқымыз таршылық көрмей, тыныш рақатты өмір сүрсе екен деп, ұлы мәртебелім, Сізге өтініш айтуға өзімді бақытты санап, біздің халқымызды сол бұрынғы күйінде қалдырып, даламызда орналасқан сегіз округтік дуандар мен өзге де мекемелеріңізді жоюыңызды сұраймын», – деп жазды. 1838 жылдың 26 мамыры күні Кенесары Қасымұлының Ақмола приказы үшін болған шайқасы ерекше болды. Ақмола приказы жақсы бекітілген аудан болатын. Айналасында терең шұңқырлар қазылған еді. Жақын маңының бәрі баррикадалап тасталған. Ақмола приказы аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендиннің әскерімен және әскери старшина Карбышев басқарған камал гарни-

зонымен күзетілетін. Кенесары шабуылды таңсәріде бастады. Қазақ атқыштары қамалды жебенің ұшына қарамай жағылған, тез тұтанатын шүберектер байлап атқылады. Камалдың көп жерлерінен өрт шықты. Гарнизонның бір бөлігі өртті сөндірумен айналысқан кезінде, Басығара батыр басқарған Кенесары жасақтарының бірі, оқ жауып тұрғанына қарамастан, қарсыласының тегеурінін тойтарып, қалаға басып кірді. Камалды алу барысында Басығара батырдың өзі қаза тапты. Оның отряды жау күшінің екпініне шыдамай шегіне бастаған, бірақ Кенесары өз әскеріне Басығараның денесін жау қолында қалдырмауға және бір табан да шегінбеуге бұйрық берді. Кенесарының бұйрығымен қанаттанған Ағыбай, Иман және Наурызбайдың жасақтары қарсыластарының тегеурінін сындырып, бекініске қайтадан басып кірді. Камалдың ішінде нағыз көше ұрысы басталып, ол қараңғы түскенге дейін табан тірескен күреске айналды. Түн ішінде әскери старшина Карбышев пен Қоңырқұлжа азғана әскерімен камалдан қашып шыға алды. Ертеңіне таңертең қирандыға айналған камал өртеніп жатты. Кенесары мол олжалар мен көп тұтқындарға ие болды. 1838 жылдың маусым айында Кенесары отрядтары орыс патшалығының тыңшысы болып алған жеккөрінішті аға сұлтандардың, оның ішінде Ақмола приказының аға сұлтаны Қ. Құдаймендиннің де ауылдарын шапты. Кенесарының қарындасы Бопай басқарған жасақ Көкшетау приказындағы Уәли ханның кіші әйелі Айғанымның ауылына шабуыл жасады. Осы уақыттарда отарлаушыларға қарсы Кіші және Орта жүздердегі көтерілістердің маңызы зор болғанына қарамастан, олар ортақ басшылыққа немесе бір ортақ байланыспаған, бөлек-бөлек болып қала берді. Көтерілістің қарқындылығы сондай, тіпті патша үкіметіне берілген жеке қазақ сұлтандары да малын және өз бастарын аман сақтау үшін алғашында көтеріліске қосылды. Солардың ішінде Баянауыл окр-нің ірі өкілі Мұса Шорманұлы, сұлтандар Бабатай, Елемес Жайнақұлы, т.б. кейіннен жазалаушылар жағына шығып кетті. 1838 жылдың жазы мен күзінде Орта жүз қазақтарының негізгі бөлігі Кенесары туы астына шоғырланды. Осы жылдың күзінен қозғалыс Кіші жүзді де шарпыды. Ырғыз және Торғай өз-дері бойын қоныстанған қазақтар көтеріліске зор ынтамен қосылды. Көп кешікпей би Жоламан Тіленші-



ұлы өз жақтастарымен азаттық үшін күрестің қатарын толықтырды. 1841 жылдың қыркүйегінде әкесі Қасымға үш алаштың басын қосып, ұлан-асыр ас беріп, сол астың соңында бірауыздан үш Жүздің ханы болып сайланған Кенесары қазақ мемлекеттілігін қайта қалпына келтіруді ойлады. Хан болып сайланған сол 1841 жылы-ақ Кенесары Сыр бойындағы қоқандықтардан азат етуге қосындарын жібере бастаған болатын. Соғыс ашқан мезгіл де қолайлы болды. Сол кезде Қоқан мен Бұхар хандықтары арасында қиян-кескі соғыс жүріп жатқан. Кенесары Қоқанға қарсы Бұхардың одақтасы болып соғыс ашты. Өзін дарынды дипломат ретінде тағы да көрсете отырып, Кенесары Бұхармен жасасқан одақтастықтан, оның Қоқан хандығымен соғыста ғана қолдауына ие болып қоймай, Ресеймен де соғыс жалғаса қалған жағдайда Бұхардың көмегіне сүйене алатын болды. Кенесарының жасағы 4 мың адам болатын батырлар мен төлеңгіттерден тұрды. Сонымен қатар, оның әскерінің құрамына өз сарбаздарымен халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедов те кірген еді. Жауға қарай бара жатқан кезде оларға Ақмешіттің, Жүлектің және Түркістанның маңындағы қазақтар да келіп қосылды. Кенесары соғыс қимылдарын бірден екі қаланы, Созақ пен Ташкентті қоршауға алудан бастады. Негізгі күш Созаққа бағытталды, өйткені ол 5 мың жасағы қорғап тұрған бекінген қамал болатын. Созақ үшін болған қиян-кескі шайқас 12 күнге созылды. Нәтижесінде Созақ қамалы алынып, қиратылып тасталды. Сонан соң Сауран қамалы алынды. Кенесарының бөлек бір алдыңғы қатарлы жасағы Қоқанның қол астындағы Хазірет (Түркістан) қ-ның жанына келіп те қалған еді. Созақтың алынуы қоқандықтарға қатты соққы болып тиіп, қазақ халық бұқарасының арасында беделін таудай өсірген Кенесарының ірі жеңісі болып табылды. Бұл жеңіс, Кенесарының байырғы қазақ жерлерін сыртқы жаулардан тазарта алатынына олардың көзін жеткізді. Қоқан хандығы ірі жеңіліс тапқан соң, Кенесарымен әскери одақ құрмаққа ұсыныс айтты. Кенесары мұндай одақ құрудан бас тартып, қазақтарға тиесілі жерлерді қайтып беруді талап етті. Оның орнына Кенесары Хиуамен дипломатиялық келіссөздерге кірісті, мақсат – Хиуа мен Қоқан арасындағы алауыздықты одан әрі ушықтыра түсіп, сөйтіп, оларды өзара қырқыстарында әлсірету болатын. Батыс Сібір ген.-

губернаторы П.Д. Горчаков, Кенесарының Қоқан хандығына жасаған шабуылын және оның бүткілқазақтық хан болып сайланғанын естіген бойда, бұл туралы бірден В.А. Перовскийге жеткізді. Перовский оның хабарламасына сене қоймай, бұл туралы Кенесарының өзінен сұрап көрмекші болды. Перовскийдің күмәнін туғызбауға тырысқан Кенесары дипломатиялық тұрғыдан, хан болып сайланғаны жоқ, ал Ташкент пен Созаққа шабуыл жасаған себебім, орынборлық ведомствоға қарасты қазақтарды құтқармашы болдым деп жауап бере салды. Кенесарының жауабына қанағаттанған Перовский, Горчаковтың кейінгі хабарламаларына мән беруді қойды. Патша билігінің өкілдеріне жазған өз хаттарында Кенесары, өзінің әкесі іспетті, қазақ жеріне бекіністер салуға батылдықпен қарсы шықты. «Ата-бабамыздан мұраға қалған – Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обағай, Тобыл, Құсмұрын, Оқиян, Тоқзақ, Жайыққа дейінгі жерлер осы патшаның кезінде бізден тартып алынып, бекіністер салынған. Енді, күнделікті біздің жерлерімізді басып ала отырып, бекіністер салады да, тұрғындардың наразылықтарын күшейте түседі. Бұл біздің болашағымыз үшін ғана емес, бүгінгіміз үшін де қауіпті», – деп жазған еді ол бір хатында. Тағы бір хатында, 1825 жылдан 1840 жылға дейінгі кезеңде орыс отрядтары және сұлтандар тарапынан болған ірі тонаушылықтарды тізбектей келе, Кенесары, күш көрсетудің, тонаудың, қыздарды алып кетудің, балаларды сатудың 15 оқиғасын көрсетіп берген. «Сонымен, – деп жазды Кенесары патшалық билікке, – отрядтардың көптеген бастықтары, сұлтан-басқармашы Жамантай Бөкеев сияқтылар, қарақшы майорлармен біріге отырып, көптеген ауылдарды кінәсіз тас-талқан етіп шауып кетіп отырды. 1825 жылдан 1840 жылға дейін олар біздің ауылдарды 15 рет тонаған. Сондықтан да біз, қазақтар, мұндай қысымшылыққа, тонаушылыққа және адам өлтіруге шыдамай, белгісіз бағытқа көшіп кетуімізге тура келді. Дегенмен де олар бізге бұл жерде де тыныштық бермеді. Сондықтан да мен, Кенесары Қасымов, қаруланып, ұлы күрестің басында болып, көтеріліске шықтым». 1842 ж. Перовскийдің орнына Орынбор өлкесіне губернатор болып тағайындалған ген. В.А.Обручев қарулы қолмен көтерілісті қанға бояуды ойластырды. Екінші жағынан, Батыс Сібір ген.-

КЕНЕСАРЫ



губернаторы, князь Горчаков та Сібір жағынан қысымды күшейтті. 1842 ж. қазақ даласына Сібір әскери шебінен жіберілген Сотников тобы Кенесары жасақтарына қарсы шабуылды бастады. Кейіннен құрамы күшейтілген Батыс Сібір жазалау отряды Ақсақал төбе маңында 1000 түйе, 3000 жылқы, 10 000 қойды айдап әкетіп, 100 адамды өлтірді. Осы жағдай Батыс Сібір ген.-губернаторының билігіндегі қазақ ауылдарының күштерін біріктіруіне түрткі болды. 1843 жылғы маусым айында І Николай патша войсковой старшина Лебедев бастаған 300 казак отрядын көтерілісті жаншуға жіберуге келісімін берді. Ал 1843 жылдың тамыз айында Кенесарыға қарсы билеуші сұлтан Ахмет Жантөрин, сұлтан Баймағамбет Айшуақов, полк. Геке және Бизановтар басқарған бесмыңдық екінші топ ұйымдастырылды. Сондай-ақ Омбы және Қарқаралы маңында жазалаушылардың бесмыңдық тағы бір тобы жасақталды. Тамыз айының алғашқы күні Орынбордан аттанған топ пен Кенесары сарбаздарының арасында кескілескен шайқас өтті. Екі жағына да құрбандық әкелген әскери қырық нақты нәтиже бермей, көтерілісшілер кейін шегінді. Сөйтіп, 1843 ж. тамыз айының 17-сі күні Орынбор жағынан қимылға кіріскен полк. Бизановтың қарулы тобы көтерілісшілерге қарсы ешқандай тойтарыс бере алмай, Ор бекінісіне қайтып оралды. Кенесары әскерінің 1844 жылғы шілде айының 20-сынан 21-іне қараған түнінде болған шайқасы жеңіспен аяқталды: түнгі қақтығыста көтерілісшілер сұлтан-билеуші А.Жантөриннің отрядын қоршап, оған соққы берді, жазалаушы әскери топпен бірігіп Кенесарыға қарсы тұрған қазақ феодалдарынан 44 сұлтан ұрыс даласында мерт болды. Көтерілісшілер қимылдарының қарқынды болғаны соншалық, ұрыс болған жерге жақын келген полк. Дуниковский әскери тобының сұлтан Жантөринге көмекке келуге батылы жетпеді. Жантөрин Тобыл өз-не қарай жедел шегінуге мәжбүр болды. Кенесарыға қарсы күресте дәрменсіздік көрсеткені үшін войсковой старшина Лебедев Орынборға шақыртылып, орнынан тайдырылып, сотқа тартылды. 1844 жылдың жазы бойы Кенесарының шабуылдары үздіксіз жалғаса берді. 14 тамызда Наурызбай мен Ағыбай батырлар басқарған сарбаздар тікелей шабуылмен Екатеринбург қамалын басып алды, сөйтіп, олар 100 шақты солдаттарды тұтқынға алып, сонымен

қатар 18 мылтық, 2 пистолет, 18 қылыш, 27 найзаны қолға түсіреді. Кенесарының көтерілісін басып-жаныштауға белсенді әрекет жасаған Орынбор Шекаралық комиссиясының төрағасы М.В. Ладыженский Шығыс, Батыс, Орта Орда бөліктерінің аға сұлтандары Ахмет Жантөринге, Айшуақовқа және Арслан Жантөринге жолдаған алғашқы бұйрықтары мен нұсқауларында-ақ Кенесары қосындарына барып қайтатын тыңшылар санын көбейтуді талап етті. 1844 жылдың 25 қыркүйегінде жазылған осындай құжатта: «Қазірдің өзінде аға сұлтан Арслан Жантөриннен мәліметтер келіп түскені, енді Ахмет Жантөриннен күтіп отырғаны» туралы айтылып, Кенесары ауылдарына таяу маңдарда көшіп-қонып жүрген қазақтардан, болмаса оның сенімді адамдарынан шынайы мәліметтер жинап, құпия түрде Шекара комиссиясының төрағасына хабарлап отырудың қажеттілігі көрсетіліпті. Мұндай жұмыстар үшін аға сұлтандарға «құрметті марапаттар», ал «жансыздарға» ақшалай сыйлық беруге уәде етіледі. Осы нұсқауға сәйкес аға сұлтандар барлау жүргізуге лайықты деген адамдарды іріктеп алып, Кенесары жасақтары орналасқан жерлерге жіберіп жатты. Оларға ешбір күдік тудырмайтындай желеулермен көтерілісшілер қосындарына еніп, мына жайттарды анықтау жүктеледі: 1) Кенесары ауылдарындағы үй саны қанша? 2) Ауылдары бір жерде ме, әлде әр жерде ме? Қонған орындары қайда? 3) Кенесарының үй-жайы, дүние-мүлкі қай ауылдарында, оларды бір жерде ұстай ма, әлде бөлектеп пе? Кімдер күзетеді? 4) Кенесарының өзі қай жерде және оған жақын жүрген сұлтандар мен құрметті кісілер кімдер? Қасында қанша адам бар? Барымтаға жіберілгендері бар ма? Болса, қанша кісі, қай жаққа жөнелтілді, кім бастап кетті? 5) Кенесарының шептерге, әскери отрядтарға, орыс бодандығына өткен қазақтарға қарсы қандай қимыл-әрекет жасау ниеттері бар? 6) Ол Сібір және Орынбор отрядтарының шыққаны туралы біле ме? Оған қарсы қандай әрекет жасамақшы? 7) Сұлтандар мен старшындардан шеп маңына шабуыл жасауға, барымтаға кімдерді қолайлайды, кімдерді көбірек жұмсайды? Олардың арасынан ең сенімді кісілері кімдер? Шеп тұрғындары мен «қырғыздардан» барымталап алған мал-мүліктері қайда және олар қандай мөлшерде? 9) Тұтқындар қайда және қалай ұсталады, оларды қашырып жіберуге



қандай мүмкіндіктер бар? 10) Кенесарының аға сұлтандарға және Ордадағы өзге де әкімшілік шен иелері мен құрметті кісілеріне пікірі қандай? 11) Осындай кісілермен астыртын байланыстары бар ма? Орыс бодандығына өткен, әкімшілікке жақын «қырғыздар» арасынан шепте және Орынбордың ішінде болып жатқан жайттарды жасырын жеткізіп тұратын кісілері бар ма? 12) Кенесарының өзі қай жерді қыстамақ? Қыстауда үй-орманымен бола ма, жоқ салт басы ма? 13) Оның мініс аттары, әсіресе, ұрысқа даярланған көліктерінің күйі қалай? 14) Оқ-дәрі мен мылтықты қайдан және қандай бағаға алады? Барлаушылар, әсіресе, Мыңбай мен Үмбет нұсқауда көрсетілген он төрт бап бойынша толық мәліметтер жеткізеді. Соңғылары Кенесары ауылы Қарақұмның «Қарасүңгір-Тұздақ» аталатын құдығында, оның отбасы, дүние-мүлкі, өзі де осында, Ордасы ауылдың нақ ортасында, жанында жүргендер Шоқпыт, Құдайменде, Ержан және Наурызбай сұлтандар, Жеке, Жанайдар, Сүтен және Шоқпар батырлар бар деп хабарлайды. Осындай мәліметтер негізінде Орынборда Кенесары жасақтарының іс-қимылы, бір жерден екінші жерге қозғалуы, әскери қарымы қалт жібермей қадағаланады. Аға сұлтандар Кенесары мен Орынбор әкімші. арасындағы қатынастарды ушықтыруға, сөйтіп, Кенесарымен келіссөз жүргізуге мүмкіндік бермеуге барынша күш салады. Б. Айшуақов, әсіресе, Кенесарының Орта Азия хандықтарымен байланысы барлығы туралы хабарды тікелей Ладыженскийге жеткізіп, көтерілісті күшпен басу керектігіне ақыл-кеңес береді. Оның жоғарыда айтылған Жұмыр Ізмұхамедұлы деген тыңшысы қару-жараққа айырбастау үшін 1100 кой айдатқанын және оған қоса Кенесарының Хиуа ханына 30 жорға, 2 тұтқын орысты бір өкілімен бірге жібергенін, ханнан «орыстарға қарсы тұру үшін» деп екі зеңбірек, екі жүз шамал (мылтық) сұратқанын естиді. Көтерілістің одан әрі өршуінен қорыққан орынборлық және сібірлік губернаторлықтар Дуниковскийдің, Жемчужниковтың және Жантөріннің отрядтарына қосымша полк. Ковелевскийдің отрядын да жібермекші болып шешті. Осы уақытта Кенесары, өз әскерімен Мұғалжар тауларында бекініп алып, Орынбор губернаторлығымен соғыс тұтқындарын айырбастау бойынша келіссөздер жүргізіп жатқан болатын. Суы жоқ дала мен құмдардың арасында аса ауыр қиыншылық-

тар көріп, Кенесарыға қарсы күресте ешқандай нәтижеге жете алмаған орыс отрядтары, Орынбор мен Омбы жаққа қарай кейін қайтуға мәжбүр болды. 1844 жылдың қараша айында ген. Обручев қынжылыспен әскери министрге: «Кенесары Қасымов сұлтанның шайқаларына қарсы орынборлық және сібірлік басшылар тарапынан жасалатын жыл сайынғы шаралар, қойған мақсаттарға жете алар емес... Өзін ханмын деп айтып, ол бейбіт қырғыздарды тонаумен айналысып, оларға зекет салығын салады, олардың кейбіреулерін өзіне қосып алып, қырғыз руларына біздің үкіметке бағынбау туралы үндеулер жариялайды, соның салдарынан көптеген қырғыздар оның жағына шығып кетті», – деп жеткізді. Осы деректерді Баймұхамед сұлтан Орынбор Шекаралық комиссиясына жеткізіп, Кенесарының сөздеріне де, елшілеріне де сенбеге үгіттейді. Отаршыларды Кенесарының Орта Азия хандықтарымен қатынасы барлығы аса абыржытты. Патша өкіметі барлау мен тыңшылық қызметті өрістеті отырып, 1845 жылдан бастап көтерілісті тезірек жаншу қамына көшеді. 1844 жылғы күрес нәтижелері көтерілісшілердің рухын көтерді, Кенесары туы астына жаңа қазақ ауылдарының тездеп шоғырлануына түрткі болды. Осы жағдай Орынбор әкімші-н Кенесарымен келіссөз жүргізуді бастауға мәжбүр етті. Көтеріліс басшысы да патша үкіметімен арадағы тартысты өзара келіссөз арқылы шешу жағында еді. 1838 ж. желтоқсан айында Ақбұлақ окр. приказы төңірегінде Кенесары Қасымұлынан Батыс Сібір ген.-губернаторы князь Горчаковқа және І Николай патшаға арналған хаттарды тапсыруға хан жіберген бес өкіл – Тобылды Токтыұлы, Жүніс Жанкүшікұлы, Малберді Қонысбайұлы, Қосымбай Қазанғапұлы, Майтөк Дөненұлы тұтқынға алынып, жазаға тартылды. Кенесарының сенімді өкілдері арқылы қойған талабы — қазақ жеріндегі окр. приказды жою, Абылай хан заманындағы қазақ жерінің дербестігін қалпына келтіру, жергілікті тұрғындардан алым-салық жинауды тоқтату еді. Күрестің екінші кезеңінде ол бұрынғы талаптарын біршама жұмсартты. Патшалы Ресеймен қарулы қақтығыстың ауырлығын сезген сұлтан бүкіл қазақ жерін отарлаудан азат етудің қиындығын түсінді. Кенесарының ендігі талабы әлі де әскери бекіністің қармағына іліне қоймаған Ақтау, Есіл-Нұрадандан кейінгі өңірді патша үкіметі билігінен босату еді.



Осындай жағдайда, арадағы қайшылықтарды келіссөз арқылы шешуге Кенесары барынша мән берді. Қалыптасқан жағдайларға байланысты, Кенесары орыс патшалығымен жаңадан жақындасуға шешім қабылдады. Сол уақыттарда патша үкіметі де Кенесарыны қарудың күшімен жеңудің аса қиын екендігіне көзі жетіп, келіссөздерге баруға дайын еді. Кенесары бейбіт келіссөздерді, патшалық отарлаушылардың қазақтардан тартып алған жерлерін қайтарып, өзінің туысқандарын тұтқыннан босатып алу үшін пайдаланып қалмақшы болды. Сонымен қатар, Қоқанмен соғыс та аяқталмай, екі майданда соғысуға Кенесарыда мүмкіндік болмады. Орынборда жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде 1845 жылдың қаңтарында Сыртқы істер министрлігінен Кенесарының барлық туысқандары, оның ішінде сүйікті әйелі Күнімжанның да қайтарылуына рұқсат алынды, ал басқа мәселелерді шешу үшін Долгов бастаған елшілік жасақталды. Басқа бір елшіліктің басшылығына бас штабтың поручигі Герн қойылып, оған көтеріліске шыққан қазақтардың көшінің орт. болып табылатын – Ырғыз бен Торғай өз-дерінде екі бекініс орнататын жерлерді анықтауға құпия тапсырма берілді. Кенесары аса күмәнданбас үшін, үкімет сұлтанға оның тұтқындағы әйелін Герннің өзі апарып беруге ресми тапсырма берді. Елшіліктің құрамына көшпелі қазақтардың этнографиясы мен ауруларын зерттеу үшін деген сылтаумен доктор Майдель де енгізілді. Қырық бес күн бойы жол жүре отырып, Долговтың елшілігі Кенесарының ордасына 1845 жылдың сәуір айының басында келді. Бірнеше күн өткен соң Герн де келіп жетті. Бірақ Долгов әкелген хаттардан Кенесары патшалық үкіметтің онымен шын жүректен ынтымақта болғысы келмейтініне, елшілікті жіберу уақытша ғана шара екендігіне тағы да көз жеткізді. Сондықтан да Кенесары патшаның елшісімен кездесуден қашақтап, екі ай бойы елшілікті далада алып жүріп, күнде-күнде көшіп-қону арқылы оларды да «көшіп» жүруге мәжбүрледі. Елшіліктің үздіксіз көшуді тоқтатуға деген талабына Кенесары, көшіп-қонуға малды жайып отыруға байланысты мәжбүрміз деп жауап берді. Аса сақ Кенесары патша елшілерін оларды басқа біреулермен кездесуден аулақтатып, сыртқы әлемнен алдын ала бөліп тастады. Кенесарының ордасында бір айдан астам уақыт болып және Кенеса-

рымен келісімге келуге болмайтынына әбден көзі жеткен Долгов Ресейге қарай кейін қайтуға мәжбүр болды. Долговтың кетері алдында Кенесары оған орынборлық әскери губернаторының атына егжей-тегжейлі жазылған хат тапсырды, онда ол патшалық Ресеймен, ежелгі қазақ жерінде салынған барлық әскери бекіністер бұзылмайынша және сол жерлер қазақтарға қайтарылып берілмейінше ынтымақтаса алмайтындығын тіке мәлімдеген еді. Кенесары сонымен қатар патшалық жазалаушы отрядтар тарапынан қазақ ауылдарына байланысты жасалынатын күш көрсету мен тонаушылықты да тоқтатуды талап етті. 1845 жылдың жазында көтерілісшілердің мақсаттарынан таймайтынына көзі жеткен патша үкіметі қазақ жерін бекіністер арқылы отарлауды жалғастырды. Ұлытау, Ырғыз және Торғай өз-дері бойында жылдам тұрғызылған бекіністер осы бағыттың бір көрінісі болды. Бұл бекіністердің салынуына Кенесарының қарсылығын патша үкіметі тыңдағысы келмеді. Осы өңірді тастап кетудің алдында Кенесары алыстағы адай руының биі, старшындарына, Бұхар әмірлігіне жіберген сенімді адамдары арқылы тұрақты қоныстануға жер бөліп беруді өтінген. Кенесары қалыптасқан жағдайды талқылау үшін белгілі қазақ руларының, батырларының, сұлтандарының қатысуымен кеңес өткізді. Көтерілістің қалыптасқан жағдайдағы жоспары, тіпті көрші мемлекеттерден, соның ішінен, Қытайдан көмек сұрау мәселелері де талқыланды. Осы кеңесте патша үкіметі қимылының күшеюі салдарынан Сарыарқадан оңт. аудандарға ығысу туралы шешім қабылдануы көтерілістің кейінгі тағдырына да әсер етпей қоймады. Туған жерін тастап кету қазақтар үшін ерекше ауыр болды. Қарсыластарының ауылдарымен қақтығыстары жиілей түсті. Жер ала алмаған, тыныштық пен тұрақты пана іздеген, алым-салықтан бас көтере алмаған қазақ руларының тарапынан қарсылық күшейе бастады. Кенесарының Сарыарқадан Ұлы жүзге бет алуының бір себебі – Қоқан хандығының езгісіндегі қазақ руларының дербестік алуына көмек көрсетіп, өзіне тірек жасау еді. Кенесары ұйымдастырған мемл. тәртіпке негізделген көшпелі қауым және оның басты әлеум. тірегі ақсүйектер бүкіл қазақ жерін азаттыққа жеткізуге тырысты. Кенесарының арқа сүйеген тобы – би, старшындар және көпшілігі ауқатты топ-



тан шыққан батырлар болатын. Ол құрған хандықтың әскери тірегі де осы батырлардың соңынан ерген сарбаздар еді. Көшпенді феодалдық мемлекеттің құрылысында жалпы Қазақстандағы хандық биліктен бірқатар өзіндік ерекшеліктері болды. Хандық кеңестің құрамы Кенесарының жақын туыстарынан, би, батыр және сұлтандардан тұрды. Әбілқайыр хан кезіндегі ақсақалдар кеңесінен бір өзгешелігі – биліктің тізгіні Кенесарының өз қолында болды. Хандық кеңеске, негізінде, азаттық күрестің мақсаттарына терең берілген, ұрыста ерлік немесе дипломатиялық қасиеттерін көрсете білген өкілдер кірді. Көшпенді өмір мен жазалаушы күштердің тұрақты қысымы жағдайында хандықты басқаруды жолға қою қиын еді. 1841 ж. тамыз айында хандық билікті қалпына келтірген Кенесары қазақ қауымында белгілі билер сотын жойып, оның орнына хандық сотты кіргізді. Арнайы топ қаржы мәселесімен айналысты. Сауда керуендерінен жиналатын баж салығы мен алым-салықты ретке келтірді. Кенесары ауылдарының оңт-ке қоныс аударуы Қоқан хандығымен қақтығысқа әкелетіні көрініп-ақ тұрды. 1845 жылдың қазан және қараша айларында көтерілісшілердің Созақ, Жүлек, Жаңақорған бекіністерін алуы, Кенесары күшінің екінші бөлігінің Түркістан, Ташкентке бет бұруы Қоқан билеушілерінің үрейін ұшырды. Бұхар мен Қоқан хандықтарының көтеріліске қарсы күресу жөніндегі келісімдері Кенесарының жағдайын қиындатты. 1846 жылдың басында Кенесары ханның қолы Жетісуға өтті. Ондағы мақсаты, А. Кенесарыұлының көрсетуінше, атасы Абылаймен бейбіт келісім түзген Қытайға жақын көшіп келіп, қазақ, қырғыздың басын қосып, Шуды қыстап, Үшарматыны жайлап, Қытаймен де тату тұрып, қоқандықтардан әкесі мен ағаларының құнын талап ету еді. Жетісуға жеткен Кенесары ханды орыс отаршылдығына қарсы күрескер ретінде Ұлы жүз қазақтары жылы қарсы алды. Ұлы жүздің ботбай Тойшыбек, оның ұлы Байсейіт, шапырашты Саурық, Сұраншы, Бұғыбай, жаныс Шаншар, албан Атамқұл сияқты батырлары Кенесары қолын бастаған Орта жүз бен Кіші жүздің батырларымен тізе қосты. Кенесарымен бірге Жетісуға Қасым ұрпақтарынан ханның інісі Наурызбай, қарындасы Бопай Қасымқызы, Ержан, Құдайменді Саржанұлдары, Жаһангер Есенгелдіұлы сияқты төрелер және шұ-

быртпалы Ағыбай, табын Бұқарбай, қыпшақ Иман, оның үлкен ұлы Берделі, Иман батырдың бауырлары қыпшақ Тауық, Кейкі, Қараяул, арғын Әліке, Базар Есбатырұлдары, тама Танаш, Құрман секілді Үш Жүзге танымал батырлар келді. Кенесары хан бұларға қырғыз батырларын қосып, Арқаға аттанып, жаудың алдын тоссам деп ойлады. Балқаш к. мен Іле бойына бет алған Кенесары әскерін Жетісу бойындағы қазақтардың бәрі бірдей қабылдай алмады. Абылайдың баласы Сүйік сұлтанның жақтастары Ресей билігін мойындаса, үйсін, дулат рулары көтерілісшілерді жақтады. Кенесарының белгілі старшындар Құнанбай Өскенбайұлы, Аягөз окрнің аға сұлтаны Барақ Солтыбайұлы, тағы басқа соңынан ермеген белді тұлғалардың ауылдарын ойрандауы – Жетісудағы белді рулардың Ресейден көмек сұрауына себеп болды. Кенесары «қамауда» жатқанда 1846 ж. Аягөзден Кенесарыға қарсы патша үкіметі әскер жібереді. Әскердің бастығы Нюхалов деген жасауыл болды. Кенесары «қамауды» тастап, Шуға қарай өрлейді. Нюхалов Қызылағашта жатып, қырғыздың манаптарына хат жазады: 1. Бұғы руынан Боранбай Баймұратұлына; 2. Сарбағышты билеп тұрған Орман Ниязбекұлына; 3. Солты руын билеп тұрған манабы Жанғараш Есқожаұлына. Ол хат «Кенесарыға көнбездер, Кенесарыны жойындар. Кенесары – сендердің де, патша үкіметінің де дұшпаны. Патша үкіметі сіздерге жәрдемдесетін болады» деген мазмұнда болатын. 1846 ж. Шекаралық комиссиясының төрағасы ген.-майор Н.Ф.Вишневскийдің Жетісу мен Орта жүзге әскери сапарының мақсаты, бір жағынан, Ресей билігін мойындаған ру басшыларымен кездесу болса, екінші жағынан, Кенесарымен күреске Жетісу қазақтарын тартып, көтерілісшілерді әлсірету еді. Күші басым патшаның жазалау отрядтарына тікелей қарсылық көрсете алмай, Кенесары өз ауылдарымен Іле өз-нің сол жағына шығып, Шу өз. мен Алатау төңірегіне жақындады. Ұлы жүздің батырлары Тойшыбек, Саурық, Сұраншы, Байзақ датқа, Медеу би Кенесарыны, оның Қоқан бектеріне қарсы күресін барынша қолдады. Қырғыздардың бір бөлігі де Қоқан ханының тепкісінде еді. Алайда Ресей мен Қоқан бектерінің арасында екі жүзді саясат ұстаған беделді қырғыз манаптары Кенесарының Қоқан хандығына қарсы бірігіп күресу жөніндегі ұсынысын жауапсыз қалдыр-



ды. Патша үкіметінің өкілдері қырғыздар мен Алатау өңіріндегі қазақтарды бір-біріне айдап салды, олардың арасындағы жер мәселесіндегі, басқа да ескі алауыздықтарды мейлінше өршітті. Осындай жағдайда 1847 жылдың басында Кенесары қырғыз жеріне басып кірді. Кенесары ханның қырғыз жасағымен соңғы шайқасы 1847 ж. 17–25 сәуір аралығында Токмақтың шығыс жағындағы Кекілік Сеңгір тауының бөктеріндегі Шу өзені 1-2 шақырымдай жердегі Майтөбе деген таулы үстірттің іргесінде болды. Қырғыз жасағын Орман, Жантай, Жаңғараш манаптар басқарды. Шешуші шайқас алдында Кенесары әскеріне кейін қосылған Сыпатай батыр бастаған қосын кетіп қалды. Қырғыз манаптарының әскерімен шайқаста Кенесары қолы жеңіліс тапты. Қырғыздардың қолына 1000-нан аса қазақтар тұтқынға қолға түсті. Олардың 32-сі төре тұқымы еді. Кенесары хан мен Наурызбай төрені сарыбағыштың тынайының қырғыздары Дайырбек, Жалбай, Қалша Атамбековтер қолға түсірген. Наурызбай мен Кенесары Кекілік Сеңгір тауының етегіндегі Алмалы сай ішінде ұсталған. Б. Солтоноев Кенесары ханның басын Тастанбектің болат қылышымен алған Орманбек, Суанбек батырлардың інісі Тайсары деген кісі деп көрсетеді және сүйегі Қызылсу мен Самсының (Шамшының) ортасындағы Борлы (Борду) деген сайдың орта тұсындағы төбеге көмілген дейді. Кенесары ханның сенімді серіктерінің бірі Наурызбай төренің де тағдыры қайғылы аяқталды. Оның басын Төлебай деген жігіт қылышпен шауып, өлтірген, сүйегі Самсының (Шамшының) күншығыс жағына қойылған. Кенесары мен Наурызбайдан басқа 19 сұлтан, сондай-ақ көптеген билер мен қарапайым адамдар қаза тапты. Олардың арасында Кенесарының жақын туыстары Құдайменде төре, Ержан төре бар болатын. Орыс ген. Вишневский өздерінің Жетісудағы саясатының жемісін ортағы басшыларға көрсету, әрі Кенесарының өлгеніне көз жеткізу үшін қырғыздардан Кенесарының басын Қапалға әкелуді талап етеді. Жантай манап Қалығұл Әлібеков бастаған адамдарына Кенесары ханның басын орыс шенеунігінің қолына апарып тапсыруды бұйырады. Қалығұл Әлібеков ханның басын Қапалдағы ген-ға жеткізгені үшін күміс медальмен марапатталды. Ал ханның басын алған Қ. Тастанбеков алтын медальға ие бол-

ды. Орман ханға бірден орыс армиясының полк. шені берілді.

Р.Оразов

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМУЛЫ КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІ Е.БЕКМАХАНОВ. Абылай хан дүниеден өткеннен кейін Ресей империясының отарлаушылары қазақ жеріне ене бастады. Кіші жүздегі Нұралы хан, Орта жүздегі Уәли хандардың билігі әлсіз болды. Патша өкіметінің қитұрқы саясатының салдарынан олардың өздері де хандық тізгінінен айырылып қалды. Үлкен рулардың старшындары хандарды мойындамай, әрқайсысы өз жерлеріне дербес қожалық жүргізе бастады. Ел арасында барымташылықты өрбітіп, халықтың берекесін алды. Патша билігі қазақ жеріндегі беделді деген старшын-билерді бір-бірлер сатып алып отырды. Барлау жұмыстарын күшейтіп, старшындарға көмек жасауды сылтауратып қамалдар салды. Осылайша зорлықпен қазақ жерін басып алып, қазақ хандығын жойды. Хандықты жойып, басқарудың жаңа түрін өмірге енгізгеніне Қазақ халқы қарсы шықты. Ғұбайдолла Уалиханов, Саржан Қасымов, Сартай Шыңғысов, Кенесары Қасымовтар ұлт бостандығы үшін қарулы көтеріліс бастады. Патша өкіметі жаңа жүйені қолдамағандарды тәртіпке шақыру ниетімен қазақ ауылдарына шабуыл жасап, оларды жазалауға көшті. Үгіт жолымен көндіре алмай оларға күш көрсете бастады. Осы кезде Абылай ханның немересі Саржан сұлтан әр жерде халықты отаршыл өкіметке қарсы қойып, олардың әскерімен қақтығыстар ұйымдастырды. Ең үлкен қарсылықты Қасым сұлтан бастады. Ол 1824 ж. Қызылжардан 10 мың отбасын (40–60 мыңдай адам) өзімен бірге Ташкент пен Түркістан аралығындағы бейтарап жерге көшіріп әкетті. Жол бойы оларға көптеген ауылдар қосылды. Қасым сұлтан патша өкіметін жақтаған сұлтан-старшындарға үгіт жұмыстарын жүргізді. Көнбегендеріне күште көрсетті. Әкесі, ағалары халықты патша өкіметіне қарсы көтерген кезде жас Кенесары да жасақтар құрып, соғысқа кірісті. Мұны Алматы, Омбы, Мәскеу мұрағаттарында жатқан хаттар дәлелдейді. Алматы мұрағатындағы Кенесарының Орынбордың шекаралық жазалау комиссиясының басқарушысы, ген.-м. Генске жазған хатына, 1880 ж. әскери-оқу мекемесіне арналған журналға жарияланған Смирновтың «Кенесары сұлтан және Садықов» атты мақаласындағы дерек-



терге, т.б. сүйеніп Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісіне 1823 жылдан бастап араласқанын көруге болады. Жаңа ғана басталған көтеріліс бірден бүкіл халықтық сипат ала қойған жоқ. Бұл күрес халықты соңына ерту сол кезден басталып бірнеше жыл бойына жүргізілді. Ақыры 1837 ж. күшейіп, кемеліне келген үлкен көтеріліске ұласты. Кенесары өзінің ұзақ жылдар бойы патша өкіметіне қарсы күресу себебін Орынбор ген.-м. Генске жазған төмендегі хаттарында білдірген: «1825 ж. Есіл, Нұраны жайлап жүрген уақыттарда ешнәрсе ойларымызда жоқ еді. Ұлы Император ағзам құзырына атамыз Абылай хан ант етіп һәм біздер де атамыздың жолы бойынша Русия жұртына қарадық деп жатқан заманымызда Қарқаралыдан, қазы сұлтан Жамантай Бөкейұлы бізді ешбір кінәсіз сыртымыздан дуанбасы Иван Семенович Карбышев дегенге дұшпан ғып көрсетіпті. Иван Семенович өштікпен өзі бас болып 300 орыс, 100 қазақ – Қаракесек руының қырғызы Жапалақты жолбасшы етіп сұлтан Саржан Қасымұлының ауылын және Алтай, Тоқа, Тымаш (Темеш болар – Б.Н.) деген елді шапты. 64 кісіні өлтіріп, қанша малды алып кеткенінде есеп жоқ. Қалғандары эзер қашып құтылды. 1827 ж. Көкшетаудан 200 орыс, бастығы Имантаудағы Меңіреу майор, әліке шұбыртпалы деген елді шапты. «Терісаққанда» 58 кісіні өлтіріп кетті. Алған малдарының есебі жоқ. 1830 ж. «Қара өткелден» 100 орыс «Қарағаш» деген жерде 120 кісіні өлтірді. Қалғаны қашып құтылған. 1831 ж. Көкшетаудан 500 орыс (бастығы подполковник Алексей Максимович) тағы да Саржан сұлтанның ауылын, алтай, төке, таракты, қаракесек, алшын, жағалбайлыны шапты. 400 кісіні өлтіріп, Саржан сұлтанның бір баласын алып кетті. 1832 ж. Көкшетаудан 250 орыс (бастығы Кулаков Петр Николаевич деген) Есенкелді, Көшек Қасымұлыларын ұстап алып, Ұзын, Торы, Жанайдар ауылдарын шапты. Торғайдың «Құм кешуінде» 60 кісіні өлтіріп кетті. 1836 ж. Ақтаудан 400 орыс аттанып (бастығы Тентек майор) алшын, жағалбайлы, тоқа, темеш атты елді шапты. Бұлауты – Сарысудан 250 адамды өлтіріп кетті. 1837 ж. Ақтаудан 500 орыс шығып (бастығы тағы да Тентек майор) Ұлытаудан бастап соңымыздан қуып ешнәрсе ала алмай қайтты. 1838 ж. «Қара өткелден» 300 орыс, 100 қазақ (Қоңырқұлжа Сұлтан Құдаймендіұлы бастаған), бастықтары бір

майор сұлтан, Көшек Қасымұлының ауылын, Алтай Садалы Бидің елін шапты. 21 қыз, 8 қатын, 25 ер адамды өлтіріп кетті. 81 адамды Жыланшықтың бойы Иірқұм, Аққұмнан ұстап алып кетті. 1838 ж. Жарғайыңнан 500 орыс Саржан сұлтанның, Алтай, Қарпык, Темеш ауылдарын шауып 400 кісіні өлтіріп, Баян би бастаған 100 кісіні Торғайдың бойынан. Жалдаманың «Қара обасынан» алып кетті. Сол жылы Жарғайыңнан 400 орыс, Көкшетаудан 300 орыс қуандық, сүйіндік елін Байғара Тайырұлы, Жалай Айшуақұлы сұлтандардың ауылдарын шауып 400 адамды өлтірді. 1840 ж. Алтай, Қанжығалы, Қозған, Қақсал, Қалмаққырған, Қыпшақ, Ұзын, Тары т.б. жерлерді шауып (1000 адам), 75 адамды өлтірді» деп жазған. Бұл жоғарыдағы аталғандар Ресей отаршылары жауыздығының толық мәліметі емес. Дәл осындай қайғылы оқиғалар қазақ жерінің көпшілігіне орын алды. Мұрағаттағы деректерге сүйенсек, патша қолшоқпарлары 25 жылдың ішінде ең аз дегенде 50 мыңдай жазықсыз, қарусыз бейбіт жандарды қырғынға ұшыратқанын көруге болады. Қазақ жеріндегі отаршылардың қатігез шараларын жасыра алмай Ресей империясының Әскери министрі Чернышев мынадай хат жазды (2 шілде 1839 ж.): «Оберъ-квартирмейстеру Отдельнаго Сибирского корпуса полковнику Горчакову. Усатривая изъ последнего донесенія Вашего Высоблагородія от 20 июня №126, что 13-го числа при нападения на аулы достигнутые Вами около брода Тайпака, все безъ изъятія были истреблены и былъ известень, что всякая излишняя жестокость противна воли Государя Императора. Прошу Васъ на будущее время въ подобныхъ случаяхъ избегать по мере возможности кровопролитія, оказывая особенно пощадуду детямъ, женщинам и старикамъ. Министръ». Тағы бір хатта: «От чиновника Министерства Иностранныхъ дел Коллежского советника Ларіонова. Управляющему Арғынского рода – Джугары Чиклинскимъ племенем, старшин Чигену Мусину (Шақшақ Жәнібектің немересі. Б.Н.) и прочихъ почетныхъ биямъ. Въ мае месяце сибирскимъ отрядомъ разбито 17 ауловъ киргизовъ Табынского рода веденія Бія Байкадама на Каркуме, около речки Каргалы, причемъ перебито много киргизов, детей и женщинъ и разграблень у нихъ весь скоть и имущества. После того въ скоромъ времени опять разбито 30 ауловъ киргизовъ Чумекейского рода приверженныхъ Бію



Сарману кочеваших на Каракуме, где также били людей безошадно... Генераль-лейтенантъ Князь Горчаков». Осындай жауыздықтарға Кенесары бастаған көтерілісшілер қарсы тұрып, 1823 жылдан бастап күш ала берді. Отаршылар әскері патшаға қызмет еткен сұлтандардың көмектерімен жаңа тәртіпке қарсы шыққандарды аяусыз жазалады. Сол себепті Қасым мен оның ұлдары және басқа да сұлтандар үлкен соғыстарға бел шешіп кірісті. Жеке әскер корпустарының көтерілісшілерге қарсы тұруға шамалары келмеген соң ген.-губернатор Соғыс министріне хабарлауға мәжбүр болды. Император көтерілістің көлемін байқап және бірнеше жылға созылғанынан қауіптеніп, оны тез арада басуды талап етеді. Енді көтерілісті басып-жаншу үшін Ресей императорының өзі Әскери министр Чернышевке тапсырма берді. Омбы мұрағатынан алған хатта былай делінген: «Предписание командиру отдельного Сибирского корпуса от Военного Министра Чернышева по поводу совместных действий отрядов войск Оренбургского и Сибирского корпусов против султана Касыма Аблаева 27 декабря 1838 г. Господину Командиру Отдельного Сибирского корпуса. ...О настоящем положеніи киргизской степи и о необходимости содействия Оренбургского военного Губернатора. Для наказания приграничных племень кочующихъ около брода Тайпакъ и его Величество Высочайше поручить мне соизволилъ объяснитъ по всему предмету с находящихъ ныне здесь, Генераль-Адъютантомъ Перовским о действияхъ нужныхъ обузданию киргизъ Оренбургского ведомства находящихся в связи с возмутителемъ Кенесарою. Генерал-Адъютантъ Перовский, признавая совершенно пользу, предлагаемыхъ Вашимъ Сиятельствомъ, совокупныхъ действий войскъ обоихъ корпусовъ на бродъ Тайпакъ замечилъ, однако же что по взаимному разстоянію Петропавловска и Верхне-Уральска сборныхъ пунктовъ войскъ Сибирского и Оренбургского корпусовъ и отдаленности отъ границъ нашихъ на 1500 верстъ. Означенного брода нетъ почти никакой возможности согласовать движение обоихъ отрядовъ. Высочайше повелить соизволилъ: ограничиться со стороны Оренбургского отправления въ глубь степи въ Апреле наступающаго года легкаго отряда и не вменяя ему въ обязанность дойти до брода Тайпакъ. Подпись: Военный Министръ – Генерал-Адью-

тантъ Чернышев». Кенесары туралы мұрағаттан көшіріп алынған құжаттарда 1822–37 жылдардың өзінде 20-дан артық қамалдар салынғаны жазылған. Қасым, Саржан, Кенесары сұлтандардың әскері 1823 жылдан бастап Ресей шептерінің мазасын ала берген соң Сібір мен Орынбор корпустарының 1500 шақырымдық арақашықтықтарында бірнеше қамал салынды. 14 жылдың ішінде қазақтың барлық түкпір-түкпірінде Кенесарының барлаушылары халықты көтере білді. Орынбор ген.-губернаторы К.К.Краф «Қырғыздың бұрынғы заманынан» атты кітабында (1845 ж.) мынадай дерек келтіреді: «...Въ виду всего этого Правительство вынуждено было принять наконецъ более решительныя меры къ обузданию мятежниковъ и для достижения этого остановилось на мысли о более прочномъ утверждении влияния русской власти в Киргизской степи. Для осуществленія этого могли, независимо производства особыми партиями слепки и изслѣдованія степи, Государю Императору благоугодно было повелеть:

1. Въ Киргизской степи Оренбургскаго ведомства постоянно занять два передовыхъ пункта: один на реке Иргизь, между урочищами Аирь-Кизиль, и Кара-Куга, а другой на реке Тургае, между песками Тусумь и верхнемъ бродомъ Тайпакомъ, такъ какъ со стороны Сибирской линіи заняты горы Улугаускя.
2. Во всехъ пунктахъ возвести укрепления и водворить собственно подвижныя резервы.
3. Предприятіе это совершить въ текущемъ году».

Міне, осылайша императордың талабымен қорғандар салынған. Кеңес заманында Ресей профессоры С.Бахрушин, тарихшы А.Якунин дегендер Кенесарыны жауыз ретінде көрсетуге тырысып, оған әртүрлі зорлықшыл істерді таңды. Алайда олардың айтқандары ешқандай құжаттармен дәлелденбеген. Егер Кенесары да соғыс барысында шектен тыс қатыгездігімен көрінсе, оны Ресей офицерлерінің ген.-губернаторларға, патша кеңесіне жазған баяндамалары мен хаттарында міндетті түрде көрсеткен болар еді. Кенесары ханның сарбаздарының тарапынан өздеріне бұрын қысымшылық жасаған старшындардан, сұлтандардан кек алу үшін (Кенесарының рұқсатынсыз) олардың ауылдарына шабуыл жасап, малдарын айдап кеткені, қақтығыс кезінде адамдар шығындарының болғаны анық. Сол себепті кейбір ру-



лар, ауылдар Кенесарының отрядына қарсылық жасап, оның айтқанына көнбегендері де бар. Қарапайым халықтың көпшілігі Кенесарыны қолдады. Ал билікке таласы бар сұлтан Жантөриндер, басқа өлкелердегі, мәселен, Баянауыл окр. приказдың аға сұлтаны Боштай Тұрсынбаев, Аягөз окр. аға сұлтаны Бөлек Шанхаев сияқты кейбір сұлтандар, аға сұлтандар қарсылық көрсетті. Атақты Қазыбек би атамыздың ұрпақтары Алшынбай, Қазанғап (Тәттімбеттің әкесі) тағы басқалар Кенесарыны қолдап, оларға мініс, сойыс жылқыларын беріп, көмектесіп тұрған. Олардан сезіктенген Омбының губернаторы жазсыз жіберіп тексерген. Омбы мешітінің ахуны болған осы Шариф Абрахимов деген адамның полк. Ладыженскийге жазған құпия жазбасында Баянауыл, Қарқаралы, Ақмола окр. билеушілерінің, би Берді Тіленшиннің іс-әрекеттері, олардың Кенесары көтерілісіне қатыстары жайлы мәліметтер берілген. Осы деректерден атақты Қаздауысты Қазыбек би ұрпағы Берді бидің Кенесары көтерілісін қолдағаны анықталды. Кенесары қазақтың патшаға қараған сұлтан билеушілерін өз жағына тартуға көп әрекеттенді. Оларға шабармандарын жіберіп: «Маған қарсы шықпандар. Мен қазақ хандығын қалпына келтіру үшін күресудемін» деген. Алайда Ресей патшасына ант беріп, қолдарындағы азын-аулақ билік пен дүниеге алданған сұлтандар бұл шақыруларға құлақ аспады, кейбірі ханның өзіне қарсы соғысты. Осы алауыздық, ұлт бостандығы, жер мен ел тұтастығы туралы пікірлердің қайшылығы Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің жеңіліске ұшырауын тездетті. Кенесары өкіметі заманында Мәскеуде отырған шовенистік пиғылдағы тарихшы ғалымдар мен оларға жағымпаздық жасаған еліміздегі тарихшылар Кенесарыны тек өз қара басының қамын ойлаған адам ретінде көрсетіп келді. Кенесары жеке басының қамы үшін билікті қалаған болса, отаршыл патша өкіметіне жан-тәнімен қызмет етіп, басқа сұлтандар сияқты өз өңірінде тыныш, бакуатты өмір кешуі керек еді. Осыны ашық айтып жазған белгілі тарихшы Е.Бекмаханов «қырағы» аңдуға ұшырады, ақыры жазаланып тынды. Тарихшының жары Халима Бекмаханова «Егемен Қазақстан» газетінде (15 ақпан 2013 ж.) былай деп жазады: «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында» монографиясы 1847 жылдың жазында жеке кі-

тап болып шығысымен-ақ дұшпандары Ермұқанға қарсы өре түрегеліп, оны тағы да Кенесары ханды асыра дәріптеді деп сынады, ұлтшыл деп айыптады. ...Ғалымға қарсы сөйлеушілер Кенесары бастаған қозғалыс ұлт-азаттық деуге жағбайды, қалың бұқара оған қосылмаған, ол зиянды, кертартпа қозғалыс деп көрсетті. Ермұқан өз қарсыластарының сөздерін зейін қоя тындап, қорытынды сөзінде С.Толыбековке, Х.Айдароваға, Т.Шойынбаевқа дәлелді түрде тойтарыс берді. 1950 жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетінде жарық көрген мақала «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деп аталады. Авторлары Т.Шойынбаев, Х.Айдарова және А.Якунин. ...Мақаланы талқылағаннан кейін Ермұқанды партия қатарынан шығарды, барлық ғылыми дәрежелері мен атақтарынан айырды...». «Правда» газетінде шыққан сол мақала кесірінен 1952 ж. 4 желтоқсанда Ермұқан Бекмахановты 25 жылға соттап, Иркутскіден әрі Бодайбо атты қалаға жер аударды. Қазақ жерінің тұтастығы мен елінің бостандығы үшін арпалысқан Кенесары хан мен оның бастаған көтерілісін ақтап алу жолында күрескен Бекмаханов та отарлаушы биліктің қысымына ұшырап, зардабын тартты.

Б.Нәсенов

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тәуелсіздікке дейінгі қатпарлы тарихы – тарихи шындық және әділдік тұрғысынан толық зерттелмеген ерекше тақырып. Қай халықтың болмасын ұлт-азаттық күресі саяси және әлеум. феномен болып табылады, сондықтан да бұл тақырыпты зерттеу үнемі саясаттану мүмкіндігімен үндесіп жатады, сол сияқты зерттеу бағытын идеологиялау мүмкіндігі де бар. Осы мәселені зерделеуге ұмтылғандар не ресми тұжырымдаманы жақтаушы, не оның қарсыласы болып шығады. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу тарихында екеуі де орын алған. Тарихи ғылымда қазақтардың ұлт-азаттық күресі тарихын зерттеумен тең келетін тақырып жоқ. Бұл жерде әсіресе алыпсатарлық әдіс, идеологиялық апофеоз, саяси көзбояушылық және конъюктурашылық орын алған. Тақырыпты ғыл. тұрғыда зерделеу – сындарлы шешімдерден гөрі «ұлтшылдарды» және «халық жауларын» іздеуге ауысып отырды. Бұл көбінесе Қазақстандағы ұлт-



азаттық күрестің кейінгі кезеңдерге дейін Ресейдегі шаруалар қозғалысымен байланыстылығымен түсіндіріледі. Сөйтіп, бұл мәселе Ресей империясының халықтарының күресінің бір бөлігі ретінде қаралды. Бүгінгі зерттеушілер арасында қазақ халқы өзінің тәуелсіздігі үшін ұлт-азаттық күрес барысында бостандық туын 400 реттен астам көтерген деген пікір қалыптасқан. Олардың көбі зерттелу деңгейінде. Тек Кенесары Қасымұлының халықтық соғысы ғана біршама зерттелген. Қазақ халқының тарихы мен оның өткенін жазуда жасандылық көп, сондықтан тарих жаңа ойлау тұрғысынан зерттеуді талап етеді, ел тарихын жаңаша ой зердесінен өткізуді міндеттейді. Қазақстан тарихы патшалық Ресейге қосылу кезеңінен бастап ресейлік көзқарас тұрғысынан жазылғандықтан, қолда бар тарихты ерекше зерделеу қажет. Қазақстанды отарлау кезеңі – Қазақ хандығы өмірінің барлық саласындағы саяси, әлеум.-экон. күрт өзгерістермен сипатталады. 19 ғ-да халық патшалық Ресейдің отарында болды, өзінің тәуелсіздігін жоғалтты және тек Ресей тарапынан ғана емес, қазақтардың тарихи жерлерін иеленуге ұмтылған Орта Азия хандықтарынан да қысым көрді. Осының бәрі – тәуелсіздіктен айырылу, Ресей әкімшінің қазақ қоғамының ішкі өміріне араласуы қазақ халқының санасына, тұрмысына әсер етті және патшалық отарлық саясатқа қарсы көптеген халықтық қозғалыстарға әкеп соқты. Кенесары Қасымұлы бастаған 10 жылға созылған ұлт-азаттық күрес 19 ғ-дағы ең елеулісі болды. Мұны Кенесары ханның қазақтар арасындағы зор беделімен, оның бойындағы қолбасшыға тән өжеттілік, ақылдылық, мәмілегерлік қасиеттермен түсіндіруге болады. Ел арасында оның беделі өте зор болды және оның соңынан көптеген қазақ рулары еріп, оны Үш Жүздің ханы етіп сайлады. Бірнеше жыл бойы патша өкіметі көтерілісті баса алмады, сондықтан оны Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихының феномені деп атауға болады. Бұл көтеріліс көп жылдар бойы бір ғана бағытта – феодалдық-монархиялық қозғалыс ретінде ғана қарастырылды, ал Кенесары Қасымұлының ұлттық мүддесі оның жеке басынкі болып саналып, оның билікке ұмтылуымен түсіндірілді. Сонымен бірге қозғалыстың себептері, оның сипаты, қозғаушы күштері субъективтік тұрғыдан ғана қарастырылды, ал кейде мүлде жасандыландырылды. Кене-

сары хан қозғалысына қатысты еңбектерді зерттеу барысында, әсіресе патша заманындағы әскерлер жазған жазбаларды зерттеуде, Кенесары ханның жеке басы мен сол кезеңнің оқиғаларын сипаттаудағы субъективтік көзқарастың себебін анықтау үшін материалдарға сын көзбен қарау керек. Негізінен бұл еңбектер патша әкімш. қызметкерлерімен, яғни үкімет мүддесін қорғаушы және саяси бағыт ұстанушы орыс тарихшыларынікі, сондықтан олар Кенесарының көтерілісін тек Ресей империясына кесірін тигізіп қоймай, қазақтардың өздеріне де пайдасыз болды деп сипаттап, ал самодержавие қазақ халқы үшін биліктің ең қолайлы түрі деп жазып қалдырған. Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесімен шұғылданған зерттеушілер қазақтарды жоңғарлар жаулап алу қаупінен құтқару алдындағы тарихи шешім таңдауда «азырақ зиян» тұжырымдамасын дәлелдегісі келеді. Бұл көзқарас Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасы тарихын зерттеушілер еңбегінде ұзақ жылдар бойы орын алды. Сонымен бірге Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы заңды тарихи құбылыс деген пікір де орын алған. Сондықтан жалпы ұлт-азаттық қозғалыстар, сонымен бірге Кенесары көтерілісі де халықтық деп қаралмай, бір адамның билікке ұмтылуы деп саналды. Кенесарының саяси бағдарламасы болған жоқ және халықтың көтерілісі стихиялық деп есептелді. Кенесары хан болса қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіруге ұмтылды және осы идея оған барлық қазақ жүздерін біріктіруге ықпал етті. Дала тәртібі бойынша бұл мемлекеттілік үшін халыққа бірегей хан қажет еді, сондықтан хан болып Кенесары сайланды. Кеңес дәуірінің тарихшылары Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісін өз еңбектерінде патша өкіметінің отарлық саясатын сынау барысында Кенесары қозғалыс прогрессивтік көтеріліс ретінде, сонымен қатар соңғы кезеңнің феодалдық монархиялық қозғалысы деп те сипаттады. Қозғалыстың негізгі себебі қазақтардың тәуелсіздікке ұмтылуы емес, жер мәселесі болып саналды. Көтерілістің себептері: оның өтуі, бұқараның әр түрлі тобының қатысуы, көтерілістің жеңіліске ұшырауы туралы әр түрлі тұжырымдамалар қарастырылып, олар кеңес цензурасы шеңберінде жасалынды. Кенесары Қасымұлының феноменін зерттеу және қазақ халқының 1837–47 ж. аралығын қамтыған ұлт-азаттық көтерілісін зерттеуде отандық және



шетелдік тарихтанушылардың қол жеткізген табыстарымен қатар, болашақ ұрпақ үлесіне қалатын ғыл. тұрғыдан зерттейтін мәселелер әлі де болса баршылық. Олардың ішінде ең маңыздысы деп мыналарды ерекше атауға болады: қазақтардың Ресейдің, Англияның, Орта Азия хандарының, Қытайдың сыртқы саясатына қарсы тұруының жалпы шеңберіндегі Кенесары Қасымұлы қозғалысының орны; көтеріліс кезеңіндегі әскери ұйымдастыру аспектісі; Кенесары ханның жеке басын сипаттаудағы қарама-қайшылық және оның нақты әлеум. саяси бейнесін жасау мәселесі; Қазақстан ғалымдарының К.Қасымұлы қозғалысын зерттеудегі кезек күттірмейтін мәселелерінің біріккен анықтамасы; К.Қасымұлы қозғалысы туралы мұрағаттық деректерді іздестіру және қазақ еліне қайтару проблемасы; Қазақ халқының 1837–47 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісінің материалдары мен құжаттарының көп томдық жинағын шығару үшін біріккен Қазақстан – Ресей жобасын жасау мәселесі; аталған негізде «К.Қасымұлы бастаған 1837–47 жылдардағы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының тарихи қорытындысы» жұмысын шығару. Шетел тарихнамасында да бірталай деректер бар. Бұл мәселені зерттеудің келешегі күннен-күнге ұлғайып, кеңейе түспек.

Әдеб.: Потто В.А. О степных походах, Военный вестник. 1873., №1-4; Красовский Н. Область сибирских киргизов – СПб, 1868г; Бекмаханов Е., Қазақстан XIX ғ. 20-40 жылдарында. А., 1992.

Ж.Құсайынова

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ МЕН ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚР ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТТАҒЫ ҚҰЖАТТАР. Сол замандағы жазылған хаттар мен өзге де құжаттарды Орт. мемл. мұрағаттан жинап, Астана қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрген «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көп томдықтың 9-томына жариялаған. Сондай тізімдердің бірқатары төмендегідей болып келеді. 1. Шығыс Орынбор бөлігін басқарушы Ахмет сұлтан Жантөриннің Орынбор әскери губернаторына 1883 ж. 4, 26 қаңтарда жолдаған мәліметтері. 2. Шекара комиссиясының 1884 ж. 22 қаңтарда ген.-лейт. Толмачевқа жазған мәлімдемесі. 3. Көшек сұлтан Қасымовтың Батыс Сібір ген.-губернаторы князь Горчаповқа хаты. 4. Сібір Қырғыз шекара бастығының міндетін атқарушыға Саржан Қасымовтың әйелі Қарақастың 1849 ж. 28 тамызда

жазған хаты. 5. Полк. Спиридовтың 1850 ж. 23 ақпанда Сібір Қырғыз шекара бастығының міндетін атқарушыға жазған хаты. 6. Ген. Яковлевтің 1851 ж. 24 наурызда Сібір корпусы әскери министрінің штаб бастығына жазған хаты. 7. Ген. Яковлевтің 1851 ж. 16 мамырда Сібір корпусы әскери министрінің штаб бастығына жазған хаты. 8. Ген.-лейт. Гасфордтың 1851 ж. 1 тамызда Сібір корпусы әскери министрінің қолбасшысына жазған хаты. 9. Ген.-м. Ладженскийдің 1853 ж. 27 маусымда Орынбор ген.-губернаторына жазған хаты. 10. Жафар Кенесариннің Көшек сұлтан және Бопай мен Күнім ханшайымдарға 1853 ж. 29 шілдеде жазған хаты. 11. Ген. Гасфордтың Сібір корпусы әскери мин. басшысына 1854 ж. 3 шілдеде жазған хаты. 12. Сібір және Орынбор корпустарының басшыларына ген. Гасфордтың 1854 ж. 20 қазанда жазған хаты. 13. Орта Азия хандықтарының жағдайы жайында ген.-лейт. Дебудың 1862 ж. 22 шілдеде жазған жазбалары. 14. Орынбор корпусы әскери мин. басшысына адъютант Безактың 1864 ж. 20 шілдеде жазған хаты. 15. Сібір корпусының бастығына 1864 ж. 25 қыркүйекте ген.-м. Черняевтің жазған хаты. 16. Әскери министр ген.-м. Коревусқа 1864 ж. 23 қазанда подполк. Жемчужниковтің жазған хаты. 17. Полк. Троицкийдің Орта Азия шекараларында орын алған оқиғалар мен іс-әрекеттер туралы 1866 жылғы 1 желтоқсаннан 1867 жылғы 15 қаңтарға дейінгі аралықта толтырған журналы.

К.Қошым-Ногай

«КЕНЕСАРЫНЫ ҚЫРҒЫЗ МАНАПТАРЫНЫҢ ТҮТҚЫНҒА АЛУЫ ЖӘНЕ ӨЛТІРУІ» – аңыз әңгіме. Осы аңыздар мынадай үш түйінге келіп тіреледі: 1. Тұтқын Кенесары қазақтармен соғыста күйеуі мен ұлынан айырылған қырғыз әйелінің қолынан қаза табады. Аңыз осы оқиғаға орай Кенесарының аузымен: «Қас батырдың ажалы қас әйелден» деген сөз айтқызады. 2. Қарапайым қырғыздар оның абырой-атағына басы отырып, босатып жібермек болғандықтан, манаптар тұтқындағы Кенесарыны жасырын өлтіреді. 3. Кенесарыны халықтың алдында жазаға тартады. Келтірілген барлық пікірлердің әртектілігіне қарамастан, бұлардың барлығына ортақ бір ой бар. Кенесарының қазасы барлық жерде ерлік үлгісі ретінде әспеттеледі.

С.Ғұсман



КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫНЫҢ ГЕНС-КЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ – Орынбор генерал-майоры Генске Кенесары өзінің не үшін көтеріліске шыққандығын дәлелдеу мақсатында жазған хаты (Алматы қ. Орт. мұрағат, 4-қор, 1-тізбе, 1996-іс). Хат орыс және татар тілдерінде жазылған. Жазбадағы көтеріліске себеп болған жағдайлар нақты деректермен былайша келтіріледі: «Ұлы Император ағзам құзырына ағамыз Абылай хан ант етіп һәм біздер де ағамыздың жолы бойынша Ресей жұртына қарадық деп жатқан заманымызда Қарқаралыдан қазы сұлтан Жамантай Бөкейұлы бізді ешбір кінәсіз сыртымыздан дуанбасы Иван Семенович Карбышев дегенге дұшпан ғып көрсетіпті. 1825 ж. Иван Семенович өштікпен өзі бас болып 300 орыс, 400 қазақ сарбазымен Қаракесек руының қазағы Жапалақты жолбасшы етіп, сұлтан Саржан Қасымұлының ауылын және Алтай, Тоқа, Тымаш деген елді мекендерді шауып кеткен. 64 кісінің өлімі бар. Қолды қылған малдың есебі жоқ. 1827 ж. Көкшетаудағы Имантаудан Меңіреу майор бастаған 200 орыс солдатты әліке шұбыртпалы деген елді шапты. Терісаққанда 58 адамды өлтіріп кеткен. Алған малдарының есебі жоқ. 1830 ж. Қараөткелден шыққан 100 орыс Қарағаш деген жерде 120 кісіні өлтірді. 1831 ж. Көкшетаудан 500 орыс (бастығы подполковник Алексей Максимович) тағы да Саржан сұлтанның ауылын, Алтай, Төке, Таракты, Қаракесек, Алшын, Жағалбайлыны шапты. 400 кісіні өлтіріп, Саржан сұлтанның бір баласын алып кетті. 1832 ж. Көкшетаудан 250 орыс (бастығы Кулаков Петр Николаевич) Есенкелді, Көшек Қасымұлыларын ұстап алып, Ұзын, Торы, Жанайдар ауылдарын шапты. Торғайдың Құм кешуінде 60 кісіні өлтіріп кетті. 1836 ж. Ақтаудан 400 орыс аттанып (бастығы Тентек майор), Алшын, Жағалбайлы, Тоқа, Темеш атты елдерді шапты. Бұлауы – Сарысудан 250 адамды өлтіріп кетті. 1837 ж. Ақтаудан 500 орыс шығып (бастығы тағы да Тентек майор), Ұлытаудан бастап соңымыздан қуып, ешнәрсе ала алмай қайтты. 1838 ж. Қараөткелден 300 орыс, 100 қазақ (Бір майор бастаған жандарында Қоңырқұлжа Сұлтан Құдаймендіұлы бар) Көшек Қасымұлының ауылын, Алтай Сайдалы Бидің елін шауып, 21 қыз, 8 қатын, 25 ер адамды өлтіріп кетті. Жыланшықтың бойындағы Иірқұм, Аққұманан 81 адамды ұстап алып кетті. 1838 ж. Жарқайыңнан 500 орыс Саржан сұлтан, Ал-

тай, Қарпық, Темеш ауылдарын шауып, 400 кісіні өлтіріп, Торғайдың бойындағы Жалдаманың Қараобасынан Баян би бастаған 100 кісіні алып кетті. Сол жылы тағы да Жарқайыңнан 400 орыс, Көкшетаудан 300 орыс Қуандық, Сүйіндік елін, Байғара Тайырұлы, Жалай Айшуақұлы сұлтандардың ауылдарын шауып, 400 адамды өлтірді. 1840 ж. Алтай, Қанжығалы, Қозған, Қақсал, Қалмакқырған, Қыпшақ, Ұзын, Тары т.б. жерлерді шауып (1000 адам) 75 адамды өлтірді». Хатта келтірілген Ресей жендеттерінің бұл деректері толық мәлімет емес. Дәл осындай қайғылы күйлер қазақ жерінің өзге де көптеген жерлерінде орын алып жатты.

К.Қошым-Ноғай

КЕНЕСАРЫ ХАН БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ Е.БЕКМАХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ. Қазақстан тарихын ұлттық тұрғыда жазушылардың көш бастаушысы атақты ғалым Е.Бекмаханов 19 ғ-дың 20–40-жылдарындағы еліміздегі тарихи оқиғаларды зерттеушілік талантымен әділ түрде көрсете алды. 19 ғ-да отаршылдық езгіге хан Кене қарсы тұрса, 20 ғ-дың ортасында Бекмаханов Кенесарының ұлт-азаттық күресін айқын дәлелдеп, кеңестік идеологияның қыспағын табандылықпен жеңе білді. 1943 ж. Алматыда орыс тілінде «Қазақ ССР тарихы. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейін» атты кітап жарыққа шықты. Еңбек сол кездегі КСРО құрамына енген одақтық республикалар тарихы бойынша тұңғыш ғыл. монография болды. Осы еңбектің бір тарауы «Кенесары басқарған қазақ халқының азаттық күресі» деп аталынған. Абылай ханның жетінші ұрпағы, тарихшы ғалым Бекмаханов тоталитарлық жүйе тұсында 1947 ж. жарық көрген «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарында» деген еңбегі үшін қудаланды. «Қазақ ССР тарихы» еңбегінің 1837–47 жылдардағы көтеріліске арналған 19-тарауы сыналды. Еңбектің екінші томында Бекмаханов 1837–47 жылғы көтерілісті патша өкіметіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс деп көрсетті. 1950 жылғы 26 желтоқсандағы «Правда» газетінде «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақала жарияланып, кітап пен оның авторы қатал сынға ұшырады. 1951 жылғы 10 сәуірде Қазақстан КП ОК осы мақалаға байланысты қаулы алып, оны дұрыс деп бағалады. Белгілі кеңес тарихшылары Л.В.



Вахрушин, Н.М. Дружинин, А.П. Кучкин, М.Панкратова, тарих ин-тының тұңғыш директоры Р.В.Юшков және басқа қайраткерлер «күйе жағылған автор» ретінде оны ақтап алуға бар күшін салды. Тарихшы Кучкин: «Бұл жерде Бекмахановтың ғылыми және саяси беделіне нұқсан келтіру мақсаты көрініп тұр» деп атап көрсетіп, ғалымға тағылған айыптың негізсіздігін дәлелдесе, Дружинин де өз естеліктерінде: «Екінші дүниежүзілік соғыстағы одақтастардың КСРО-ға қарсы «қырғи-қабақ соғысы» асқынған сайын феодалдық отаршылдыққа қарсы көтеріліске баға беру де өзгерді», – деді. Осы кезде Кенесары, Шәміл т.б. бастаған халық қозғалыстарының сипаты да жаңаша түрде бағалана бастады. 1940 жылдың екінші жартысы мен 1950 жылдың басында КСРО-дағы саяси қуғын-сүргіннің үшінші толқынының (бірінші және екінші толқындар 1920–38 жылдар болғаны белгілі) Қазақстандағы басты құрбаны Бекмаханов болды. «Халық жауы» ретінде 25 жылға сотталған себебі жайлы ғалымның өзі былай дейді: «...өткенімізді зерделеуде ұстазым Анна Михайловна Панкратоваға шексіз ризамын. Ол кісі: «Патша үкіметінің отаршылдық саясатын, басқа ұлттардың Ресейге қосылу үрдісін, сол кезең шындығына сай әділ бағалау керек» деп кеңес берген еді. Содан мен шамам жеткенше ізденіп, патшалық Ресейдің отарлау саясатының қанқұйлы, зұлым саясат екеніне көзім әбден жетті. Оны әшкерелеу үшін отаршылдыққа қарсы шынайы бұқаралық сипат алып, ұзаққа созылған тегеурінді қозғалыстың бірі – Кенесары көтерілісіне ерекше көңіл бөлгенім рас. Шындыққа жүгінсек, Кенесары көтерілісінің басты қозғаушы күші халқымыздың ар-намысын отаршылдар табанына таптатау үшін ерікті ел болу идеясы ғой. Осы идеяны ашып көрсеткенім үшін «халық жауы» атанып, жазықсыздан жиырма бес жылға сотталып кете бардым». Тарихшы ғалым Бекмахановтың айтуынша, Кенесары көтерілісшілердің көсемі ретінде тарих сахнасына 1837 ж. шығады. Патша әкімдері мен жергілікті алпауыттардың рақымсыз қанауына шыдамай ішқұса болып жүрген халық Кенесары ханның туының астына жинала бастады. Кенесары қазақ жерлерінің тартып алынуына күйініп қана қойған жоқ, атамекенді қайтару үшін де халықты батыл күреске шақырды. Қоқан ханы-

мен де тынымсыз күрес жүргізе отырып, Кенесары хан олардың шеңгеліндегі Ұлы жүз руларын азат етуді көздеді. 1841 ж. Кенесарыны Үш Жүздің көптеген рулары ақ киізге көтеріп хан сайлағаннан кейінгі мемлекеттегі жағдайды Бекмаханов жан-жақты талдап көрсетті: ру басыларының, жеке-жеке феодалдық алым-салығын Кенесары тұңғыш рет мемл. салықпен ауыстырды. Барлық жиналған қаржы соғыс жағдайындағы мемлекетті ұстап тұруға жұмсалды; бұрынғы ақсақалдар кеңесін хандық кеңесі ауыстырды. Бұл бір орт-қа бағынуды күшейте түсті; Кенесары хан қол астындағы рулардың бір-бірінің малын барымталауына, тонап алуына тосқауыл қойды; рулық бытыраңқылықты жоюға ұмтылды, рулық араздықты қоздыруға бағытталған әрекеттерге тыйым салды; халықтың Абылай хан заманынан келе жатқан отырықшы кәсіпке ауысып, егін салу идеясын іске асырмақ болды. Кенесары хан алғаш әскери істі жүйелі түрде үйретуді қолға қойды. Әскерлерінің бір бөлігі тұрақты түрде әскери өнерге үйретілді. Көтерілісшілерге әскери істі көтеріліске қосылған қашқын орыс солдаттары мен башқұрттар үйретті. Ханның бұйрығын тиісті дәрежеде орындамағандарға «шік» деп аталатын ерекше жаза қолданған. Кінәлі адамның басына қылышпен, не пышақпен кесіп белгі салынған, яғни «шік» деп аталған жаза алғандар хан кешіргенше айыпты деп саналған. Кенесары хан армиясында әскери құпия өте қатаң сақталды. Дарынды қолбасшы ретінде Кенесары хан соғыс барысында дұшпанды алдау әдіс-амалын да кеңінен пайдаланды. Дақпыртшылар Кенесары көтерілісшілері туралы жалған лақап таратып, оларды жалған бағытқа жіберіп отырды. К.Қасымұлы бастаған 1837–47 ж. Ұлт-азаттық көтерілісінің тарихи маңызы туралы өзі де зұлымдық пен сатқындықтың құрбаны болған Бекмаханов: «Кенесары көтерілісі – қазақ халқының өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында жан қиюға әзірленген, жауға тойтарыс берерлік қуатты күші бар екенін дәлелдеді» деп атап көрсеткен.

Әдеб.: Бекмұхамедова-Бекмаханова Х.А. Е.Бекмаханов туралы естеліктер, А. Азимур, 2005; Абуев К.К. Кокчетай: исторические очерки. Көкшетау, Полиграфия, 1997; Бекмаханов Е., Восстание хана Кенесары, А., Ғылым, 1992.

К.Ахатаева

КЕНЕСАРЫ



КЕНЕСАРЫ ҮНГІРІ, Көкшетау үңгірі, Көкше өңіріндегі Бурабай к-нен оңт.-батыста 0,5 км жерде, Ақмола обл.-ның Щучье ауд. жерінде орналасқан. Үңгір Көкшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған және ол аласа шоқының үстінде жатыр. Үңгірге кіре берістегі қуыстың биікт. 3 м-дей. Ол екі бөліктен тұрады. Оларды бір-бірімен тар қуыс жалғастырады. Екінші бөліктен сыртқа шығатын ауыз бар. Негізгі үңгір дөңгелек пішінді диам. 5–6 м, биікт. 1–3 м. К. ү. Қазіргі кезде Бурабай курортындағы туристер көп баратын орындардың бірі. **«КЕНЕСАРЫ ХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 18 ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ»** – ғыл.-практ. конференция. Кенесары Қасымовтың туғанына 190 жыл толуына арналып, Көкшетау қ-нда 1992 жылдың 13 маусымында өткен. Конференцияда Қазақстанның көрнекті ғалымдарының баяндамалары тыңдалды. Конференция материалдары «Абылай хан. Кенесары» жинағына (А., «Ғылым», 1993 ж.) енді.

Е.Ерназаров

«КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАСЫ» («Ханның басы қанша тұрады?») – хикаят. Авторы – Қабдеш Жұмаділов. «Таңшолпан» журналының 2013 жылғы №2 санында жарияланған. Хикаятта Абылай ханның Ресей мен Қытай патшалығы арасындағы оңтайлы дипломат. саясатының маңызы айтыла келіп, Абылай өлгеннен кейін ғана Орынбор мен орыс әкімдері «кең тыныс алғаны» жөнінде баяндалған. Абылайдан кейін оның басқа балалары мен немерелері Ресей ырқына біртіндеп бас ие бастағаны, тек Абылайдың қалмақ әйелінен туған ұлы Қасым төре әулеті (Кенесары, Наурызбай, т.б.) ғана патша отаршылдарымен өмірінің соңына дейін күресіп өткені сөз болады. Осы мәселелерді тарихи деректер негізінде әңгімелей келіп, автор Кенесары мен Наурызбайды қырғыздардың қалай өлтіргенін осы оқиғаларды тірі куәлардың аузынан жазып алған қырғыз тарихшысы Б.Солтанаевтың 19 ғ-да жазып қалдырған еңбегінен келтірілген үзінділермен дәлелдеп көрсетеді. Хикаят соңында автор Эрмитажда тұрған Кенесары ханның басы соңғы жылдары ұшты-күйді жоғалғанын айта келіп, оның себептеріне өзінше жорамал жасайды. Бірақ ханның басы табыларына сенім білдіреді.

Ғ.Серғазыұлы

«КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ЕЛШІСІ» – деректі әңгіме. Авторы – Т.Абылайханов. «Алдаспан» журналының 2002 жылғы №11–12-сандарында жарық көрген. Автор шығармасына Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық күрестің басшысы Кенесары хан өмірінің бір үзегін арқау етіп алған. Әңгімеде Ресей патшалығының отарлау саясаты көркем тілмен шынайы суреттеледі. Атасы Абылай ханның жолын қуып, ел тәуелсіздігін көксеріп, ұлт-азаттық күреске шыққан хан Кененің әңгімеде соғыс тактикасы әсерлі баяндалады.

К.Қошым-Нозай

КЕНЕСАРЫ ХАН ҰРПАҚТАРЫ – Кенесары хан әулетінің шежіресі. Кенесары ханның бәйбішесі Күнімжан ханымнан (арғын руының қызы) үш ұл туды: Жапар, Тайшық, Ахмет. Екінші әйелі Жаңыл ханымнан бес ұл туды: Құмар (кейбір деректерде Омар), Әбубәкір, Құсман (Осман), Сыдық, Жақшы (Жегей) (бұл мәліметтер Әзімхан Кенесариннің отбасылық архивінен алынған). Кенесарының үлкен ұлы Жапар Ресей империясы әскерлерімен болған соғыста тұтқынға түсіп, көп жыл айдауда болды. Ақырында Бекет батырмен бірге тұтқыннан қашып келеді. Денсаулығы нашарлағандықтан көп кешікпей қайтыс болды. Кенесарының ұлы Сыдық (кейде Сыздық) сұлтан (1839–1910) әке жолын қуып, Ресей империясына қарсы күресті. Тайшық пен Ахмет сұлтандар амалсыз патша үкіметіне барып қызметке тұрады. Қоқандықтармен болған бір соғыста Тайшық сұлтан қатты жарақаттанып, қайтыс болды. Ахмет сұлтан алғашында Шу бойындағы қазақ, қырғыз елдерін Қоқан шапқыншылығынан қорғады. Шымкент уезі ашылған соң Ахмет сұлтан онда уезд басшысының үшінші жәрдемшісі болып тағайындалып, осы жұмыста 20 жыл істейді. Қазақ руларымен патша әкімш. арасындағы қатынастарды реттеп тұрды. Ахмет сұлтан 46 жасында қайтыс болды. Ахмет сұлтанның ұлдары Смайыл, Ыбырай, Мұқан, Әзімжан, Шірінхан. Ахмет сұлтанның ұлдарының ішінде ең белгілісі Әзімхан Кенесарин (1878–37) «Алаш» партиясын құрушылардың қатарында болған, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1996 ж. толығымен ақталды. Әзімханның ұлдары: Натай, Мұхамедхан, Мадияр, Тәуке, қыздары: Хамида, Напуса, Аян, Баян. КСРО-ға еңбек сіңірген геолог, геол.-минерал ғыл. докт., гидрогеолог, Өзбекстан ҒА-ның корр. мүшесі Натай Әзімханұлы Кене-



сарин кезінде бабасының атын алып жүргені үшін қуғындалып, Қазақстаннан қоныс аударуға мәжбүр болған. Кеңесарының Әбу-бәкір атты ұлының шөбересі, ұстаз әрі домбырашы, өнер қайраткері Файзолла Үрімзов пен жиендері арасынан Кеңес Одағының Батыры А.Г.Моисеевский сынды генерал шықты.

Н.Кеңесарина

«**КЕҢЖЕБЕК ОҚИҒАСЫ**» (1932) – қытай қазақтарының бір тобы басынан кешірген қанды қырғын. Алтай аймағының Шіңгіл ауданна келген Қытай ұлығы Ма Дарын Моңғолияға барып мал сатып әкелгендердің мал-мүлкін қазынаға жидырып, өздерін түрмеге қамаған. «Өкімет салығын төлемей, қарсыласты» деген желеумен кейбір азаматтардың басын кесіп, төбеге, ағаш басына ілдірді. Халық бірігіп Шіңгіл ауданының әкімшіне шабуыл жасады, ондағы қару-жарақтарды тартып әкетті. Ма Дарын Тұрпанға қашты. Ол жақтан қалың қол жинап, қайтып келе жатқан Ма Дарынның көрінен шошынған 600 үй 1932 ж. қазан айында Моңғолияның Бұлғын деген жеріне қашып өтті. 1933 ж. көктемде Моңғолия өкіметі оларды Қалқа өңіріне қарай әкетпек болып, Кеңжебек деген полк-ті 40 солдатпен шығарды. Олар елді жарты айда Ұландабадан асырып, Көкбешір деген жерге жеткізді. Моңғолия өкіметінің де, оның қызыл офицері Кеңжебектің де қатыгез жау екеніне көзі жеткен ел оны тұтқындап, Алтайға қарай қайта көшеді. Моңғолия әскерлері көшкен елді өкшелей қуып, атыс, адам шығыны болады. Осы кезде ашынған біреу байлаулы Кеңжебекті өлтіреді. Қалың ел күн-түн демей үдере көшіп, атамендеріне оралды. Моңғолия өкіметі Кеңжебекті іздестіреді. Істің мән-жайын білген соң жіберген қалың әскер Шағанғол өз-нің бойында отырған қазақтарды қырып салды. Сосын елді әскери ұшақпен бомбылап, қанды қырғын жасады. Осы оқиға «Кеңжебек оқиғасы» немесе «Жалғыз аэроплан қырғыны» деп аталып кеткен.

Ж.Самитұлы

КЕҢЖИН Аспандияр (1887, Атырау қ. – 26.2.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері. Орынбор мұғалімдер мектебін бітірген (1906). Ақпан төңкерісіне дейін (1917) оқытушы болып жұмыс істеді. «Оңтүстік-Шығыс республикасы» деп аталған қазақ ұлттық мемлекеттігін құру жоспарын жасады. Ресейдің І-Мемл. думасына отаршылдық саясатты

айыптаған бірнеше хат жолдады. Осындай демокр. көзқарастары үшін полицияның бақылауына алынды. 1917 жылдың көктем-жазында Торғай обл. комиссары болып тағайындалған Ә.Бөкейханның орнына Бүкілресейлік земство одағының бұратана халықтар бөлімін басқарды. «Қазақ» газетінің тілшісі болды. 1917–19 ж. «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі жұмысына белсене атсалысты. Темір уезі земство басқармасының төрағасы, Алашорданың Торғайдағы әскери кеңесінің мүшесі болды. Бірінші Жалпықазақ съезі К-ді Бүкілресейлік оқу комиссиясына қазақ халқының өкілі, екінші жалпықазақ съезі Алашорданың Ұлт кеңесіне кандидат етіп сайлады. К. Орал обл. қазақтарының Қаратөбе съезінде (1918 ж., қаңтар) «Ақ жол» атты партия құрушылардың бірі болды. Алашорданың дипломатиялық қызметін атқарып, актермен (Колчак), қызылдармен (Ә.Жангелдин) келіссөз жүргізді. 1920 ж. (15 қазанда) құрылған Қазақ өлкесін зерттеу қоғамын ұйымдастыруға қатысты. 1920 ж. РК (б)П мүшелігіне кіріп, оның Қазақ өлкелік к-тінің үгіт-насихат бөлімі менгерушісінің орынбасары, Қазақ АКСР-нің ХАК (1921–22), сауда комиссары, Қызылорданы республика астанасына айналдыру жөніндегі үкіметтік комиссияның төрағасы («Кенжин комиссиясы», 1926), т.б. қызметтер атқарды. Саяси қуғын-сүргінге ерте ұшырап, үш рет (1921, 1932, 1936 ж.) партия қатарынан шығарылды. «Халық жауы» ретінде айыпталып қаза тапты.

Ж.Сүлеймен

КЕҢЕС ОДАҒЫ, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, КСРО – бұрынғы Ресей империясы аумағының шегінде 1922–91 ж. болған мемлекет атауы. 1917 жылғы Қазан төңкерісі нәтижесінде коммунистер (большевиктер) мемл. билікті өз қолдарына алған соң, бұрынғы Ресей империясы құрамындағы неғұрлым дамыған ұлттық құрылымдар (Польша, Финляндия, Балтық теңізі жағалауы елдері) дербес мемлекет болып бөлініп шықты. 1918 ж. қаңтарда өткен Жұмысшы, солдат және шаруа кеңестерінің біріккен съезінде «Еңбекші және қаналған халықтардың декларациясы» жарияланды. Езілген ұлттарға өз республикаларын құруға мүмкіндік берілді. 1918 ж. 30 сәуірде Түркістан АКСР-і, 1920 ж. 26 сәуірде Хорезм ХКР-і, 1920 ж. 8 қазанда Бұхар ХКР-і, 1920 ж. 4 қазанда Қазақ АКСР-і құрылды. Қызыл Армия-



ның Кавказға жорығы нәтижесінде ондағы ұлттық үкіметтер құлатылып, Әзербайжан КСР-і (28.04.1920), Армян КСР-і (29.11.1920), Грузин КСР-і (25.02.1921) жарияланды. 1922 ж. 13 желтоқсанда Кеңестердің 1-Закавказье съезінде осы үш республика біртұтас Закавказье Соц. Федеративті Кеңес Республикасы (ЗСФКР) түріне айналдырылды. РКФСР, УКСР, БКСР, ЗСФКР Кеңестерінің кезекті съездері одаққа бірігуді жақтап дауыс берді. Осыны негізге ала отырып, 1922 ж. 30 желтоқсанда шақырылған аталған төрт республика кеңестері өкілдерінің 1-съезі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (КСРО немесе Кеңес Одағы) құру жөнінде Декларация қабылдады. 1924 ж. 31 қаңтарда 2-Кеңестер съезі КСРО-ның алғашқы Конституциясын бекітті. В.И. Ленин қайтыс болғаннан кейін, К. О-нда билік үшін талас-тартыс басталды. Бұл күресте И.В. Сталин жеңіске жетті де, елде өзінің авторитарлық жеке билігін орната бастады. 1925 ж. Өзбек КСР-і, Түрікмен КСР-і құрылды. 20 ғ-дың 20-жылдарының ортасынан бастап К. О. жаңа экон. саясаттан бас тартып, елді күшпен индустриализациялау және а. ш-н күшпен ұжымдастыру саясатын жүргізді. Коммунистік партия мемл. билікті толық қолына алды. Елде қатты орталықтандырылған әрі милитаризацияланған тоталитарлық режим орнады. Бұл жүйе елді жедел түрде модернизациялауға және басқа мемлекеттердегі рев. қозғалыстарды қолдауға қызмет етті. А. ш-нда шаруаларды зорлықпен ұжымдастыру және ұсақ меншік иелерін (кулактарды, орта шаруаларды, ауыл байларын, т.б.) тәркілеу халықты ашаршылыққа ұшыратты. Зорлықпен отырықшыландырылған қазақ шаруалары айрықша қатты зардап шекті. Бұл халықтың жаппай наразылығын туғызып, жер-жерде шаруалар көтерілістері басталды. Бірақ оларды үкімет әскерлері күшпен басып тастады. 1934 жылдың соңында КСРО бойынша саяси қуғын-сүргін басталды. Көптеген партия, мемлекет, қоғам, әскери, мәдениет қайраткерлері атылып кетті, миллиондаған тұтқындарды тегін жұмыс істету үшін еңбек лагерлері құрылды (қ. *ГУЛАГ*). 1936 ж. 5 желтоқсанда КСРО-ның екінші Конституциясы қабылданып, бұрынғы ЗКФСР-дан бөлінген Әзербайжан КСР-і, Армения КСР-і, Грузия КСР-і, РКФСР-ден бөлінген Қазақ КСР-і, Қырғыз КСР-і құрылып, К. О-ндағы одақтас республикалар са-

ны көбейді. 1940 ж. Молдовия КСР-і, Латвия КСР-і, Литва КСР-і, Эстония КСР-і құрылып, К. О-н құрайтын одақтас республикалар саны 15-ке жетті. 1941 ж. жазда кеңес-герман соғысы басталды. Соғыс кезінде тұтас халықтар (балкарлар, шешендер, қалмақтар, қырым татарлары, карашайлар, месхет түріктері, немістер, т.б.) Қазақстанға, Орта Азияға, Сібірге жер аударылды. Соғыс аяқталғаннан кейін КСРО-ға Оңт. Сахалин, Куриль аралдары, Петсамо (Печенга) ауданы, Клайпеда, Кенигсберг (Калининград), т.б. аумақтар қосылды. 1953 ж. көктемде Сталин қайтыс болып, үкімет билігі үшін тартыс қайта басталды. Үкімет басына келген Н.С. Хрущев партияның 20-съезінде (1956) Сталиннің жеке басына табынудың зардаптары жөнінде баяндама жасады. Саяси қуғын-сүргін құрбандары ақтала бастады. Қазақстан мен Батыс Сібірде тың және тынайған жерді игеру қолға алынды. Бірақ бұл жұмыстардың барлығы тоталитарлық жүйе тәртібімен жүргізілгендіктен, ішкі қайшылықтары көп болды. Орыстандыру саясатының күшеюіне қарсылық ретінде ұлт республикаларында наразылықтар бой көрсетті. 1964 ж. Хрущев орнынан түсіріліп, билікке Л.И. Брежнев келді. Жаңа үкімет басшысы жүргізген реформалар ақырына дейін жеткізілмей, сәтсіздікке ұшырады. Экономика экстенсивті жолмен дамыды, елді милитаризациялау әрі қарай жалғасты. Көрші социалистік елдерде реформа жасау әрекеттері – Венгрия (1956) мен Чехословакияға (1968) қарулы әскер кіргізу арқылы басып тасталды. 1979 ж. Ауғанстанға К. О. әскерлері кіргізілді. Жанталаса қарулану одан әрі шегіне жетті. 1980 жылдың бас кезінде К. О. экон. тоқырауға ұшырады. 1985 ж. билікке М.С. Горбачев келуімен бірге елде саяси-экон. реформалар басталды. Кеңес жүйесін реформалауға тырысу КСРО-ны дағдарысты жағдайға алып келді. Халықтың саяси белсенділігі бірден көтеріліп, ұлттық партиялар мен қозғалыстар пайда болды. Қазақстанда (қ. *Желтоқсан көтерілісі*), Балтық теңізі жағалауы елдерінде, Кавказ республикаларында халықтың жаппай бас көтерулері болып өтті. Экономика тұралап қалды, шахтерлердің, кеншілердің, мұғалімдер мен студенттердің, дәрігерлердің үкіметтің саясатына қарсы ереуілдері басталды. Кертартпа күштердің 1991 ж. тамызда мемл. төңкеріс жасау әрекеттері сәт-

сiздiкке ұшырады. К. О-ның бұдан әрi өмiр сүрүi мүмкiн болмай қалды. 1991 ж. желтоқсанда Минск қ-нда КСРО-ның бастапқы құрылтайшылары болған одақтас республикалар Беларусь, Ресей, Украина басшылары өздерiнiң КСРО-ны тарататындықтарын жариялады. Сөйтiп, КСРО өзiнiң өмiр сүрүiн тоқтатты. 1991 ж. 21 желтоқсанда бұрынғы КСРО республикалары Армения, Өзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрiкменстан, Өзбекстан, Украина өздерiнiң Тәуелсiз мемлекеттер Достастығын құратындықтары жөнiндегi декларацияға Алматы қ-нда қол қойды.

К. Аманжолов

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ШЫҢЖАҢ ОҚИҒАЛАРЫНА АРАЛАСУЫ (1921, 1934, 1937–49 ж.) – Кеңес Одағының Қытай мемлекеті аумағындағы Шыңжаң өлкесіндегі оқиғаларға қатысты жүргізген дипломатиялық, саяси және әскери іс-шаралары. 18 ғ-дың 2-жартысынан бастап Қытай мемлекетінің иелігі саналған бұл өлке Синьхай төңкерісінен кейін (1911) орт-тан бөлініп қалған-ды. Осындай жағдайда Ұлыбритания, АҚШ, Жапония үкіметтері бұл аймақты Орта Азиядағы кеңестік насихатпен күрес жүргізетін плацдармға айналдыруды көздеді. Екінші жағынан, Қызыл Армиядан қашып, Шыңжаңға бас сауғалаған ақ гвардияшылар кеңес билігіндегі Қазақстан мен Қырғызстан шекарасына үнемі шабуыл жасап тұрды. Ресейдің Құлжа мен Қашқардағы бұрынғы консулдары Люба мен Успенский ағылшын үкіметінің көмегімен ақ гвардияшылардың Кеңес үкіметіне, ең алдымен, Қазақстанға жиі-жиі шабуылын ұйымдастырды. Бұл кезде өлкеде 50 мыңға жуық орыс әскері бар еді (ген. Бакич әскерлері Шәуешек қ. маңында орналасты, атаман Анненков Құлжаның маңайында және Боратала өз. бойында бекіді, атаман Дутов әскерлері Сүйдін қ-на орналасты). 1921 ж. Жетісудағы кеңес-қытай шекарасындағы жағдай қатты шиеленісті. Саны өскен ақ гвардияшылар Шыңжаңның ішкі істеріне араласа бастады. Ақырында Үрімшідегі Қытай әкімш. оларға қарсы Кеңес үкіметінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Кеңес үкіметі алдымен атаман Дутовтың көзін жою жөнінде шешім қабылдап, ол 1921 ж. ақпанда Сүйдінде атып өлтірілді. 1921 ж. сәуірде Бақтыда екі ел өкілдері келіссөз жүргізіп, ақтар мен азаматтық қашқындарды кері қайтару жө-

нінде келісімге келді. 1921 ж. Түркістан майданы басшылығы Шыңжаң әкімш-мен келісе отырып, Тарбағатай аймағына Қызыл Армия бөлімдерін кіргізді. Қыркүйектің аяғында аймақты ақтардан тазартқан Қызыл Армия бөлімдері елдеріне қайтып келді. Бұл кезеңде Кеңес үкіметі Шыңжаңды басып алу саясатын ұстанған жоқ. Ол үшін ең бастысы ақ гвардияшылардың қалдықтарын жою және шекарада тыныштық орнату болды. 1920–30 ж. Шыңжаңдағы мұсылман халықтары жиі-жиі қытай әкімшілігіне қарсы бас көтере бастады. 1931 ж. Құмыл қ-нда Чан Кайши өкіметіне қарсы ұйғырлар мен дүнгендер көтерілісі болды. Көтерілісті ұйғыр халқынан шыққан Қожа Нияз басқарды. Жеңіске жеткен көтерілісшілер 1933 ж. 10 шілдеде азат етілген аудандарда Шығыс Түркістан республикасын жариялады. 1932 ж. Ганьсуден (Ішкі Қытай) шыққан дүнген мұсылмандарының көсемі Ма Чжуньин әскерлері Шыңжаңға басып кірді. Оны жергілікті ұйғырлар қолдады. Шыңжаңдағы қытай әкімшілігінің оларға қарсы тұратындай күші болмады. Чан Кайшиге көмектесу үшін Кеңес үкіметі Шыңжаңда жергілікті орыстардан әскери бөлімдер құрған болатын. Үрімжіде орналасқан осы әскер 1932 ж. 12 сәуірде КСРО-ның үнсіз мақұлдауымен жергілікті қытай әкімшілігін биліктен тайдырып, орнына Шэн Шицайды шақырды. Ол гоминдандық әскери топтың аса көрнекті өкілі еді, бірақ Чан Кайшимен қарым-қатынаста жақсы емес болатын. Шэн Шицай қалыптасқан жағдайды ескере отырып, КСРО-дан әскери көмек сұрады. И.Сталин ол өтінішті қабыл алып, 1933 ж. аяғында жасырын түрде Қытайдың Іле аймағына Қызыл Армия бөлімдері енгізілді. Алдымен бұрынғы қытай әкімш. әскерлерінің қалдықтарын талқандаған олар шығысқа қарай шегінген дүнген көтерілісшілерін (Ма Чжуньин) өкшелей қуып, Үрімжіні қауіптен құтқарды. Осыған қарамастан өлкенің әр түкпіріндегі мұсылман халықтарының көтерілістері басылған жоқ. 1937 ж. Қашқар мен Құмыл жақтан көтерілген көтерілісшілер Үрімжіге шабуыл жасады. Қытай үкіметі Кеңес Одағынан тағы да әскери көмек сұрады. 1937 ж. қыркүйекте Қызыл Армия бөлімдері «Қырғыз ұлттық армиясы» деген атпен шекарадан өтіп, Қашқар қ-ндағы көтерілісшілерді талқандады. Осылайша КСРО тағы да Қытайдың Шыңжаңдағы би-



лігінің сақталуына көмектесті. Кеңес Одағы Шыңжаң мұсылмандарының Қытайға қарсы күресі кеңес билігіндегі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының қолдауына ие болуы мүмкін деген қауіптен сақтанды. Солт. Шығыс Қытайдағы 3 провинцияны басып алған Жапония орталыққа бағынғысы келмеген саяси күштерге арқа сүйеп, Қытай аумағында тәуелсіз мұсылман мемлекетін құруға ұмтылды. Жапондар мен ағылшындардың Шыңжаңда жергілікті саяси күштердің көмегімен Түркістан Республикасын құру идеясы Қытай мен КСРО-ға бірдей ұнамады. Жапония Шыңжаңға орнығу арқылы Қиыр Шығыста ғана емес, Орта Азияға да ықпал етуді көздейді. Бұл жағдай КСРО басшыларының Шыңжаңды ерекше назарда ұстауына алып келді. Ішкі Қытайдан алыста орналасуы және жолдардың тым нашарлығынан ішкі провинциялармен ешқандай байланыс болмауы салдарынан 1940 жылдың бас кезінде Шыңжаң саяси-экон. жағынан КСРО-ға толық тәуелді болды. Тіпті 1941 ж. Шэн Шицай Кеңес үкіметінен өлкені одақтас республика ретінде КСРО құрамына қабылдауды ұсынды. Бірақ ішкі-сыртқы жағдайларға байланысты, Кеңес Одағы басшылары ол ұсынысты қабылдамады. 1941 ж. халықар. жағдай қатты өзгерді. Қытай басшылығы Кеңес Одағы Германияға төтеп бере алмайды деп есептеді. Чан Кайши Шыңжаңда өз билігін орнату үшін әскери қысым жасауға көшті. Ол Ганьсу провинциясындағы дүнген ген-дарын талқандап, өлкеге Ганьсу жақтан қауіп төндірді және Шыңжаңдағы көтеріліске шыққан қазақтармен байланыс орнатты. Осындай жағдайда Шэн Шицай Чан Кайшимен тіл табысуға тырысты және КСРО-ға іш тартқан адамдарды қатаң жазалауға көшті. 1943 ж. КСРО-ның Шыңжаңдағы ықпалы қатты шектелді. Бірақ Кеңес үкіметі өлкедегі геосаяси мүддесін қорғау үшін жаңа әрекеттерге көшті. 1943 ж. өлкеге Чан Кайши әскерлерінің кіргізілуіне байланысты қазақтар орналасқан Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарындағы көтеріліске (қ. *Үш аймақ көтерілісі*) қатты қолдау көрсетті. Кеңес әскерлерінің тікелей көмегімен үш аймақ толық азат етіліп, қолға түскен қару-жарақ «ұлттық армияға» берілді. 1944 ж. 15 қарашада көтерілісшілер Қытайдан тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасын құрды. Шығыс Түркістан басшылары КСРО-

мен достық қатынаста болды. Бірақ билікке діни қайраткер Әлихан төре келуімен бірге, екі ара суи бастады. Әлихан төре Қытай басшылығына, әсіресе, Қытай Компартиясына ғана емес, КСРО-ға да қарсы болды. Қытай Компартиясының билікке келуіне күш салған Кеңес үкіметі онымен достықты сақтап қалу мақсатымен, Қытайдың тұтастығын жақтауға көшті. Сөйтіп, кеңестік билеушілер 1940 жылдың 2-жартысынан бастап, Қытай коммунистерімен бірлесе отырып, Шыңжаңның Қытайдың құрамында сақталуына көмектесті. 1949 ж. күзде Қытай Компартиясы КСРО-дан Шыңжаңға Қытай Халық Республикасының (ҚХР) Азаттық Армиясын кіргізуіне көмектесуін өтінді. Кеңес үкіметі қытай әскерін ұшақтар арқылы өлкеге жеткізуге жәрдемдесті. Шыңжаңның үш аймағындағы көтеріліс кезінде орналастырылған әскери арсеналдар да ҚХР-ға берілді. Осылайша, Кеңес Одағының тікелей араласуымен Шыңжаң өлкесі ҚХР құрамына енгізілді.

Н.Алдабек

КЕҢЕС ӨКІМЕТІ, кеңестер билігі – бұрынғы Ресей империясында (1917 жылдың 1 қыркүйегінен Ресей Республикасы) Уақытша үкімет қарулы күшпен құлатылған Қазан төңкерісінен кейін орнатылған билік жүйесінің атауы; кейде «К. ө.» ұғымы Кеңес Одағындағы жалпы билік жүйесінің атауы ретінде де қолданылады. 1917 ж. 3–24 маусымда Санкт-Петербургте Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің бірінші бүкілресейлік съезі өтті. 1917 ж. 25 қазандағы (7 қараша) Қазан төңкерісін жүзеге асырған қарулы көтерілісті большевиктер Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің екінші бүкілресейлік съезінің ашылуына орайластырды. Съезд БРОАК-тің (ВЦИК) жаңа құрамын 106 адамнан (оның 62-сі большевик) сайлап, елді басқару үшін К. ө-нің үкіметін – В.И. Ленин бастаған, құрамына тек большевиктер кірген Халық Комиссарлары Кеңесін (Жұмысшы-шаруа кеңестік үкіметін) құрды. Жұмысшы, солдат және шаруа кеңестерінің атқарушы органдары (совдеп) бұрынғы Ресей империясы құрамында бодандықта болған ұлттардың империя тағы құлағаннан кейін құрған ұлттық мемл. бірлестіктеріне дұшпандықпен қарады. Мыс., олар 1917 ж. 12 (25) желтоқсанда Қазақстанда құрылған Алаш автономиясы мен оның үкіметі – «Алашорда» Ұлт кеңесін




КЕРЕЙ ХАН

танудан бас тартты. Кеңестік биліктің Ташкенттегі өкілдері 1917 ж. 29 қарашада (12 желтоқсан) құрылған Түркістан автономиясының Қоқандағы Кеңесі мен Үкіметін 1918 ж. 19–22 ақпанда қарулы күшпен талқандады. Бұл оқиғалар елдің одан әрі екі жарылып, Азамат соғысының шиеленісе түсуіне апарып соқты. К. ө. Азамат соғысында жеңіске жетті. Елде жеке-дара партиялық диктатура орнату бағдары айқындала бастады. 1924 ж. 27 қазанда Түркістан АКСР-і таратылып, қазақ облыстары Қазақ АКСР-іне қосылды. Ол 1936 ж. Қазақ КСР-іне айналды. Алайда орталық К. ө. (қ. *Кеңес Одағы*) одақтас республикаларға дербес билік жүргізу мүмкіндігін берген жоқ. 1936 жылғы КСРО Конституциясына сәйкес, кеңестер съезінің орнына халық тікелей сайлайтын Еңбекшілер депутаттары кеңестерінің біртұтас жүйесі белгіленді. 1977 жылғы КСРО Конституциясы бойынша, Еңбекшілер депутаттары кеңестерінің жүйесі Халық депутаттары кеңестері болып өзгертілді. Кеңестерге депутаттар сайлау формальді сипат алды. К. ө. бір партиялы тоталитарлық жүйенің көз алдайтын демократиялық фасады рөлін ғана атқарды. Бір партияның билігіндегі әкімшіл-әміршіл жүйемен сіңісіп кеткендіктен, К. ө. терең дағдарысқа ұшырады. Жүргізілген реформалар (жаңа экон. саясатты аяғына жеткізбей тұжыру, жеделдетіп индустрияландыру мен күштеп ұжымдастыруды өткізу, тың және тыңайған жерлерді игеру науқанын жүргізу, қайта құру, т.б.) елді уақытша табыстарға жеткізгенімен, негізінен, экон. және әлеум. қайшылықтарды тереңдете түсті, ұлт мәселесінің шешімін тосқан түйінді тұстарын елеусіз қалдырды. 1980 жылдары жариялылық, жеделдету, қайта құру саясатын жүргізе бастау – партиялық диктатура мен оған тығыз байлаулы кеңестік жүйені тоқырауға ұшыратты. Мұның соңы 1986 ж. сол кездегі Қазақстан астанасы Алматыда Желтоқсан көтерілісінің тууына, ақырында 1991 ж. КСРО-ның ыдырауына байланысты, орталық К. ө-нің құлауына алып келді. К.ө. тарих сахнасынан кетті.

Б.Орынбекұлы

КЕРЕЙ ХАН, К и р а й, Г и р е й (т.ж.б. – 15 ғ-дың 70-жылдарының бас кезі) – Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы екі тарихи тұлғаның бірі, алғашқы қазақ ханы. Ақ Орда ханы Орыстың (Өріс) ұрпағы. Орыс хан-

нан Тоқтақия, одан Болат, одан К. х. тараған. «Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегі бойынша, К. х. – Болаттың жалғыз баласы. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде К. х. туысы Жәнібек ханмен бірге 15 ғ-дың 50-жылдарының аяғында Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет атала бастайды. Онда К. х. мен Жәнібек ханның Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу бойы мен Қозыбасы өңірі аралығына келіп қоныстанғаны туралы баяндалады. Бұл аймақ – сол жылдардағы Моғолстан билеушісі Есенбұға хан мен оның туған



Керей хан

ағасы Жүніс хан иеліктерінің арасы болды. Соңғы жылдары ғыл. айналымға енгізілген аңыз мәліметтері бойынша, К. х. мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді. К. х. мен Жәнібек ханның бөлінуімен Көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау процесі басталады. Әбілхайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары К. х. мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді. К. х. тұсында негізі қаланған Қазақ-Моғолстан қатынасы 16 ғ-дың 30-жылдарына дейін достық, бейбіт сипатта болады. Әбілхайыр хан К. х. мен Жәнібек хан ықпалының күшейте бастағанынан қауіптеніп, оларды дер кезінде талқандау мақсатымен 1468/69 ж. жорық ұйымдастырады. Жорық кезінде Әбіл-

КЕРЕЙ ХҰЗЫРХАТЫ

хайыр хан ауырып, қайтыс болады да, әскері кейін оралады. К. х. есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472–73 ж., Жүніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Соған қарағанда К. х. 1470 жылдың бас кезінде қайтыс болған. Аңыз бойынша, К. х. Қазақ хандығын 10 жылдай билеген және Хан тауы етегінде жерленген. К. х-ның қандай жағдайда, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ. К. х-ның үш баласы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі. Олардың ішінде 30 жылдан астам Қазақ хандығын билеген Бұрындық ханнан соң тақ билігі түпкілікті түрде Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өтеді. К. х-ның қалған екі ұлы жөнінде деректер кездеспейді.

Әдеб.: Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII вв. Сост.: Ибрагимов С.К., Мингулов Н.Н., Пищулина К.А., Юдин В.П., А.-А., 1969; Мирза Мухаммед Хайдар, «Тарих-и Рашиди», Введ., пер. с персидск. Урунбаева А., Джалиловой Р.П., Епифановой Л.М. Таш., 1996; Султанов Т.И., Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. А., 2001; Елеуұлы М., Шу өңірі: аңыз бен тарих// «ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы». №3.

Б.Кәрібаев

КЕРЕЙ ХҰЗЫРХАТЫ – Ресей империясы кезінде Ақмола обл., Ақмола уезі Ереймен, Қаржынкөл болыстарын қоныстанған керей тайпасы қазақтарының 1905 ж. Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасына жолдаған хұзырхаты (петициясы). ҚР-ның Орт. мемл. мұрағатында үш хұзырхат сақтаулы. Үшеуі де 1905 жылдың маусым айында жазылған. 13 мыңдай адам қол қойған. К. х-нда Ресей патшалығының бодандығына өткеннен кейін қазақ халқының шұрайлы жерлері мен су көздерін орыс шаруаларына бөліп беріліп, ал талшығы жоқ тақыр жерлерге қуылып, тіршілігі малға қараған жергілікті халық қатты қиналуда екенін айтады. Бұдан әрі қазақтардың діни мұқтаждықтарының өтелуіне, қазақ жастарының оқу-білім алуына еркіндік беріп, кең жол ашуды, сот және тергеушілердің қазақ тілін білуі керек және дала сотына жергілікті халықтан да ақылдас серік (присяжный) сайлаған жөн деп сұрайды. Ресей Думасына қазақ халқының мүддесі мен құқын қорғау үшін қазақтан сайланған депутаттар қатысуы қажет деген талап-тілектер де бар.

1914 ж. Санкт-Петербургте өткен Ресей мұсылмандарының съезінде осы хұзырхатта жазылған мәселелердің қайта сөз болуына қарағанда К. х. көтерген мәселелер аяқсыз қалса керек. К. х. 20 ғ. басындағы Қазақстандағы саяси ахуалды, өмір тынысын айқын сипаттайды.

Қ.Исабай

КЕРЕНСКИЙ Александр Федорович [22.4 (4.5.) 1881, Ресей, Симбирск қ. – 11.6.1970, АҚШ, Нью-Йорк] – Ресейдің саяси қайраткері. Бала кезінде әкесі Түркістанда қызмет атқарып, ол Ташкент гимназиясында оқыған. 1904 ж. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітіргеннен кейін адвокат болып жұмыс істеді. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкіметте 8 (21) шілдеден министр-төраға, 30 тамыздан (12 қыркүйек) – Жоғ. бас қолбасшы қызметтерін атқарды. Қазан төңкерісінен кейін 1918 ж. Францияға қоныс аударды. 1940 жылдан өмірінің соңына дейін АҚШ-та тұрды. Уақытша үкіметтің Түркістан к-ті мүшелерімен (М.Шоқай, Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев, т.б.) қызмет бабында араласып тұрды. Шет елде Шоқаймен, Зәки Уалиди Тоғанмен жақын қарымқатынаста болды. К. туралы Шоқайдың сыни-талдамалы мақаласы бар.

КЕТЕБАЙ Жолайұлы (1730/40–1813) – қазақ елінің азаттығы үшін күрескен батыр, би. К.б-дің жеке мөрі (1794 ж. жасалған) Ресейдің Орынбор шебі мен Бұхар хандығы арасындағы сауда-саттық пен дипломат. қарым-қатынастың қауіпсіздігіне сенімді кепіл болған. Қазір бұл мөр ҚР Орт. Мемл. мұражайында сақтаулы. Ор бекінісінен Бұхараға дейін жеткізетін 4 бағыттың біреуін К. би басқаратын Шөмекей-Сөйін руы қадағалағанын Ресей деректері растап отыр. Кеңестік кезеңде Қазақстан тарихына қатысты жарық көрген еңбектерде: «...1793 жылы Шөмекей руының 4 бөлігінде 6 мың шаңырақ бар, Бұхараны базарлап, сауда-саттық етеді. Басшылары – Кетебай би, Қорен батыр, Айтілес би, Жәрімбет би...» немесе Орынбордың ген.-губернаторы Г.С.Волконскийге 1803 ж. түскен «Шөмекей-Келдібай руының белді би-батыры Кетебайдың, Қазалы және Ырғыз аудандарының ақсақалдарының айтуы бойынша, ұрпағы отызға жетеді» деген деректер бар. 1803 ж. Ресей патшасы сауда-саттық қарым-қатынасын бір ізге түсіру мақсатында Бұхар хандығына Я.П.Гавердов-



ский бастаған дипломат. миссия жібереді. Сол жылы 23 шілдеде Орынбордан шығып, 6 қыркүйекте Арал маңына жеткен елшілікке Батыр ханның немересі Әбілғазы Қайыпұлы (1789–1815 ж. Кіші жүздің бірқатар руларының ханы) шабуыл жасап, адамдарын тұтқынға алады. К. би өзіне хабар тиісімен, Әбілғазының қолындағы тұтқындарды дереу босаттырып, 14 қыркүйекте кері қайтарады. Темір сұлтан (Әбілқайыр ханның немересі), Бүркітбай би бастаған қазақ жасақтарының 1810 ж. қазан айында Жаңадарияның сол жақ бетіндегі Хиуа хандығының аумағында болып келген мекенді босатып, түпкілікті қайтаруға үлес қосқандардың қатарында К. би де бар. Қызылорда қ-ның Арай тұрғын ауд-нан К. би Жолайұлына көше аты берілген.

Әдеб.: Дайрабай Т., Жолай Кетебайдан Аман, Алмаска дейін..., Түркістан. 2008, 25 желтоқсан; Омаров К., Халқына қалқан болған ер қайыспас, Сыр бойы. 2009. № 61. 31 наурыз; Дайрабай Т., Ахметов М., Билер сөзі – киелі, А., Атамұра, 2012. 207 б.; Қызылорда қаласының көшелеріне жаңадан атау беру туралы, Ақмешіт ақшамы. 2009. 30 желтоқсан.

Қ. Омаров

КЕШУБАЕВ Нарынбай (т.-ө. ж. б.) – Кіші жүз шаруалары көтерілісінің (1836–37) белсенді қатысушысы. Бөкей ордасындағы беріш руынан шыққан. Бөкей ордасындағы билеушілер озбырлығына және патша үкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы күресті. К. 1836 ж. 23 қазанда Махамбет Өтемісұлы, т.б-мен бірге старшындар Ж.Бояров пен Қ.Өтеповті тұтқындап, жылқысымен қоса көтерілісшілерге айдап алып келген. К. 1837 ж. 17 ақпанда Қарауылқожаның 300 қойын айдап әкелген Исатайдың 36 сарбазының бірі.

КИРИЛЛОВ Иван Кириллович (1689 – 14. 4. 1737) – Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымы, Ресей империясының мемлекет қайраткері. 1734–37 ж. Орынбор өлкесіне келген экспед-ға жетекшілік етті. 1734 ж. Ресей үкіметіне берген «Қырғыз-қайсақ және қарақалпақ ордалары туралы түсіндірмесінде» қарақалпақтардың 1733 ж. Ресейге тәуелділігін мойындағаны, ал Қазақ хандығы хандарының империя құрамына кіруге өтініш білдіргені туралы жазған. Осыған орай К. Ресейдің шығыс «шетіне» қосып алу мақсатымен Ор өз. бойында қала салу жобасын ұсынды. К. Орынбордан басқа Арал т-не порт

салы, «жан-жаққа шашырап кеткен Бұхар иеліктерін» бағындыру туралы ұсыныс білдірді. 1784 ж. 1 мамырда граф А.П. Бестужев-Рюминнің қолдауымен бұл жобаны Ресей патшасы бекітіп, оны орындау К. пен полк. Тевкелевке жүктелді. 1735 ж. тамызда К. Ор өз. бойына жетіп, Орынбор қ-ның негізін қалауға қатысты.

Ж. Шалғынбай

КОЛЬБИН Геннадий Васильевич (7.5.1927, Свердлов обл. Нижний Тагил қ. – 19.1.1998, Мәскеу қ.) – саяси қайраткер. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы (1986–89). Нижний Тагил Тау металлург. техникумын (1947), Урал политех. ин-тын (1955) бітірген. 1947–54 ж. және 1957–58 ж. Нижний Тагилдегі қорғаныс кәсіпорнында қызмет етті. 1959–83 ж. Нижний Тагилде, Свердловск обл. партия к-тінде, Грузия КП ОК-де қызметтер атқарды. 1983–86 ж. Ульяновск обл. партия к-тінің 1-хатшысы болып істеді. Мәскеудегі тоқырауға ұшыраған Кеңестік орталық билік ұлт саясатында өрескел қателікке жол беріп, 1986 ж. желтоқсанда Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшы Д.А.Қонаевтың орнына К-ді тағайындады. Қазақ халқының пікірі, талабы ескерілмей, әкімшіл-әміршіл жүйенің республика басшылығына елдің ішкі жағдайынан, жергілікті ұлттың ахуалынан хабарсыз адамды әкелуі қазақтардың намысын жанып, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне әкеп соқтырды. Оның билігі кезіндегі қазақ халқына жасалған саяси қысым ұлттық сананы жаңғыртып, елдің рухын оятты. 1989 ж. Жаңаөзен қ-да әлеуметтік толқулар белең алды. Қазақтар республикадағы жетекші ұлтқа айнала бастады. К. жергілікті халықтың саяси белсенділігін төмендету үшін жазалау шараларын (қылмыстық, әкімш. жауапкершілікке тарту, жұмыстан, оқудан шығару, т.б.) күшейтті. Бірақ бұл шаралар еш нәтиже бермеді. Қазақстандағы саяси жағдайдың одан әрі ушығуынан қауіптенген КОКП ОК К-ді Мәскеуге алдыртып, орнына Қазақ КСР-і Мин. Каб-нің төрағасы Н. Назарбаевты қоюға мәжбүр болды.

Әдеб.: Аяганов Б., Государство Казахстан: эволюция общественных систем, А., 1993; Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности), А., 1998; Ғали Ә., Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның бірінші басшылары, Астана, 2001.

Ә.Ғали, Д.Наушабай



КОЛПАКОВСКИЙ Герасим Алексеевич (4. 3.1819, Украина, Харьков губ. – 23.4.1896, Ресей, Санкт-Петербург қ.) – Ресей империясының генералы, Батыс Сібір, Түркістан және Дала өлкелерінің әскери-әкімш. басшысы, Орта Азия мен Қазақстанда Ресей империясының отаршылдық саясатын белсене жүзеге асырушы. 1855–58 ж. Березовск әскери окр-нің (аумағы қазіргі Ақмола, Семей обл-тарын, Алтайды қамтыған) бастығы, 1858 ж. К. Алатау окр-нің бастығы және Батыс Сібір бас губернаторының ұлы жүздегі (соңынан Жетісу обл-ндағы) өкілі (приставы) болды. Верный бекінісіне 4 шілдеде келген. 1860 ж. күзде орыстарды Жетісуға қоныстандырмау үшін шабуылдап келген Қоқан хандығының 10 мың сарбазы бар әскерін Ұзынағашта қарсы алып, 21 қазанда Қарақастек өз. бойындағы шайқаста жеңген. Сол шайқаста оның 1 мыңдай ғана әскері қатарында Әли, Тезек төрелер мен Сұраншы батыр бастаған қазақ жүздігі де болған. 1862 ж. Шу өз. алқабына жасалған экспед-ны басқарды, 23–24 қазанда Пішпекті (Бішкек) алды. Сол жылы оған ген.-м. атағы берілді. 1865 ж. Семей обл-ның әскери губернаторы, 1867 ж. Жетісу обл-ның әскери губернаторы, әскер қолбасы, жаңадан құрылған Жетісу казак әскерінің тағайындалған атаманы болған. 1882 ж. Дала өлкесіне (Бұған Батыс Сібір, Сарыарқа мен Жетісу өлкелері кірген) ген.-губернатор және Омбы әскери окр. әскерінің қолбасшысы, Сібір казак әскерінің атаманы болып тағайындалды.

Б.Арыстан

КОЛЧАК Александр Васильевич (17.11. 1874, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 7.2.1920, Иркутск қ.) – ресейлік әскери қолбасшы. Арғы тегі түрік болып келетін теңіз офицерінің отбасында дүниеге келген. 1904–05 ж. орыс-жапон соғысына, гидролог ретінде 1900–03 және 1908–11 ж. полярлық экспедларға қатысқан. 1914–18 ж. 1-дүниежүз. соғысқа қатысты. 1916 ж. шілдеден Қара т. флотының қолбасшысы болды. 1918 ж. 18 қарашада төңкеріс жасап, К. өзін «Ресей мемлекетінің жоғарғы билеушісі» деп жариялады. К. 1918–19 ж. өз билігін Оралда, Сібірде, Қиыр Шығыс пен Солт.-шығыс Қазақстанда орнатып, қатал жазалау шараларын жүргізді. К. түрмесінде отырғандардың арасында Омбыдағы қазақ азаматтарының «Үш жүз» партиясы басшылары К.Тоғысов,

Ә.Шаймерденов және Ақмоладағы Кеңес үкіметінде қызмет жасаған С.Сейфуллин, А.Асылбеков, Б.Серікбаев, т.б. болды. К-қа алғашында Алашорда үкіметі қолдау көрсетті. Бірақ ол тек бұрынғы Ресей империясы мүддесін ғана ойлап, Қазақ халқының автономия түріндегі ұлттық мемлекеттігін мойындаудан бас тартқаннан кейін, алаштықтар Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізе бастады. 1919 ж. 15 қарашада К. үкіметінің астанасы Омбыны қызылдар басып алғаннан кейін ол Қиыр Шығысқа қарай қашты. 1920 ж. 21 қаңтарда большевиктердің қолына түсіп, 7 ақпанда атылды да, денесі өзенге тасталды.

С.Тортаев

КӨБЕКОВ Ысқақ (1892, Семей обл. Ақсуат ауд. – 1918) – қоғам қайраткері. Алғашында Көкпекті ауд-ндағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқыған. Прогрессшіл-демокр. бағыттағы адамдармен араласқаны үшін оқудан шығарылған. Кейін Омбыда оқып, дәрігер мамандығын алып шығады. Омбыда К.Төгісов, М.Әйтпеновтермен бірігіп «Қазақ еңбекшілерінің одағын» құрды. Одақ мүшелерімен Зайсан қ-нда аймақтық съезд өткізуге ат салысып, съезде хатшылық міндетін атқарды. 1917 ж. күзде құрылған «Үш жүз» партиясы орт. к-тінің хатшысы болды. Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Петропавл уездік кеңесінің құрамына сайланды. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы кездері осы уезде, Омбыда қызметтер атқарды. 1918 ж. наурыз айында тұтқынға алынып, ақ гвардияшылардың қолынан қаза тапты.

Әдеб.: Сейфуллин С., Тар жол, тайғақ кешу, А., 1977; Алтынбаев Қ., Жұмахан Е., Ақсуат, А., 1998.

С.Смағұлова

КӨБЕШ Айтбайұлы (т.ж.б. – 1890, Моңғолия, Қобда өңірі) – батыр. Әйгілі керей Жәнібек батырдың ұрпағы. Орта жүз керей ішінде жәнтекей руынан шыққан. Ол Қытайдағы Цинь үкіметі мен қазақ руларына шапқыншылық жасаған дүңгендерге қарсы бірнеше рет қол бастап, ел намысын қорғаған. Ру, тайпааралық қақтығыстарды бейбіт түрде шешкен. 1868 ж. алғашқылардың бірі болып інісі Елешпен бірге руластарын бастап Моңғолияға (Қобдаға) көшті. Осы жылдары қытайлар мен қазақтар арасындағы болған шайқаста К-тің ұлы Қарымбек қаза болды. Тағы бір ұлы Асылбек пен немересі Жантайлақ Қытай үкіметі тарапынан өлім жазасына кесілген. Алтай, Қобда өңірлерін-



де К-тің ерлік істері аңызға айналған. Жазушы С.Мағауия «Көбеш батыр» атты роман жазды. Ұрпақтары Қытайда, Моңғолияда және Қазақстанда өмір сүріп жатыр.

З.Қинаятұлы

КӨДЕК (Әбдірахым) Маралбайұлы (1888, Алматы обл. Райымбек ауд. Сарыбастау а. – 1937, Шыңжаң өлкесі, Іле қазақ автономиялы обл. Текес ауд. «Мыс» мекені) – ақын. Ауыл имамы Мұқай молдадан оқып сауатын ашқан. 1916 ж. Қарқара көтерілісінде сарбаздар қатарында жүріп, «Он алтыншы жыл туралы» дастанын шығарды. 1918–20 ж. қызыл әскерлер жағында Азамат соғысына қатысты. Хиуа, Қоқан қ-ларын шабуылдағанда екі рет ауыр жарақат алып, әскери комиссияның шешімімен ауылына қайтарылады. Қайтар жолда Жамбылмен жүздеседі. 1920–32 ж. Қосшы одағында, болыстық комитетте хатшы болып қызмет атқарады. Азамат соғысы кезінде өткерген оқиғалары негізінде «Бастан кешкендер» атты дастан жазды. «Шетел тыңшысы» деген жаламен соңына түскен шолақ белсенділердің зардабынан жат өлкеге қоныс аударуға мәжбүр болды.

Т.Әлібек

КӨЗЕ САУЫТ – дәстүрлі қазақ қоғамында батырлар киген сауыттың бір түрі, садақ, найза, қылыш өтпейтін киім. К. с., көбінесе, бас киім, қалқан, кеудеге қақтаған шар айна, білекке, тізеге жабатын қыш қорыштар түрінде жасалады. Кейде темір шығыршықтардан үзбеленген көк сауытты да К. с. деп атаған.

КӨКБАЙ Жанатайұлы (1861, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Шыңғыстау бөктері Тақыр а. – 1925, сонда) – ақын, ағартушы, Абайдың әрі шәкірті, әрі інісі. Абайдың «Жаз», «Күлембайға» деген өлеңдері тұңғыш К. қолымен 1888–89 ж. «Дала уалаяты газетінде» жарияланды. К. он-он бес жасынан айналасына өткір тілді, өжет, суырып салма ақын ретінде таныла бастайды. К-дың Әріп, Кемпірбай, Жүнісхан, Жидебай, Саржан, Міржақыптармен айтыс, сөз қағысулары сақталған, әсіресе, нағашылы-жиенді Әріппен сөз сайыстары кең тараған. К-дың «Сабалақ», «Құлынды», «Қандыжап», «Ғәділ патша киссасы», «Арон Рашид киссасы» дастандары белгілі. «Сабалақ» дастанын мезгілі, мазмұны, кейіпкерлеріне қарай үш дәуірдің адамдары туралы жазылған үш бөлімді же-

ке жырлар ретінде қарастыруға болады. Абайдың ақыл-кеңесімен дастанның алғашқы бөлімі Абылай ханға арналған «Сабалақ» жыры болса, екінші бөлімі – Абылайдың бір



К.Жанатайұлы

топ ұрпақтарына арналған «Төрт төре» жыры, үшіншісі Кенесары ханның інісі Наурызбай батыр жайында жазылған «Наурызбай – Фатима» атты ғашықтық жыр. К-дың ақындық дарынына М.Әуезов жоғары баға берген.

Ж.Әубәкір

КӨКЕБАЕВ Мұстафа (1888, бұрынғы Бөкей ордасы – 1964, Шымкент қ.) – қоғам қайраткері. Орда 4 сыныптық мектебін (1907), Астрахан гимназиясын бітіріп, Омбы мал дәрігерлік уч-щесінде оқыған (1910). 1910–17 ж. Астраханда мал дәрігері болып жұмыс істеді. «Айқап» журналына тұрақты мақала жазып, 1911–13 ж. «Қазақстан» газетін шығару, оны тарату ісіне белсене қатысты. Ш.Бөкеев, Е.Бұйрин, С.Нұралыханов, Ғ.Қараш, Г.Мұсағалиевтармен жақын араласты. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін Астрахан түрмесіне қамауға алынған С.Меңдешев, Н.Зәлиев пен Ө.Исатаевтарға материалдық жағынан жәрдем берді. 1918 жылға дейін «Алаш» партиясының белсенді мүшесі болды. 1918 ж. Қызыл Армияның жергілікті бөлімшелерін құру жөніндегі комиссия құрамында жұмыс істеді. Бөкей губ. атқару к-тінің президиум мүшесі, оның жауапты хатшысы, РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Бөкей бөлімшесінің меңгерушісі болды.

Ш.Аманжолова

КӨКЕН Назарұлы (т.-ө.ж.б. 19 ғ.) – Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы күрескен батыр. Орта жүз қоңыраттың қараша аталығынан. Қазіргі Қызылорда обл., Жаңақорған өңірінде өмір сүрген. Қоқан

КӨКПЕКТИ



хандығының озбырлығына қарсы Түркістан маңындағы көтеріліске К. жасағымен қатысып, ерлігімен аты шыққан. Сонымен қатар К. батыр Кенесары ханның Созақ қорғанын алу шайқасына өзінің інілері – Жақсылық, Санбай, Қонысұлы Тәукебай батырды, өзінің ұлы Бекжігіт батырды жібереді. Атақты Молда Мұса ақын: «Халқына ұран болды Көкен бабан, Сөзімде менің айтқан бар ма жалған?», – деп жырына қосқан. Қызылорда обл. Жаңақорған ауд.-дағы бұрынғы «Қыраш» а-на Көкен батыр есімі берілген.

Әдеб: Шалысбайұлы Н., «Ата – бабаның ауызша шежіресі» А, Жазушы баспасы, 2000; Қазақ әдебиеті № 25, 18.06.99.

Б.Ахметбек

КӨКПЕКТИ ОКРУГІ – Ресей империясының 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғысы» бойынша 1844 ж. құрылған округ. К. о-нде 1851 ж. 15 болыс (106 ауыл, 15019 үй) болды. Округті аға сұлтан басқарды. 1868 жылғы «Уақытша ережеге» сәйкес К. о. Семей уезіне қосылды.

КӨКТОҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ – Алтай аймағы қазақтарының Қытай билеушілеріне қарсы 20 ғ-дың 30–40-жылдарындағы қарулы көтерілісі. Шыңжаң өлкесінің ген.-губернаторы Шың Шысай өз үстемдігін бекемдеу үшін ел ішіндегі көзі ашық, оқыған азаматтарға, дін басыларына құрық салды. 1938 ж. қыркүйекте Алтай аймағының Көктоғай ауданындағы қарақас руының тәйжісі Қалел Нұртазаұлын, аймақтық өкіметтің бас хатшысы Мөңкей Мәмиұлын тұтқындады. Желтоқсан айында дінбасы Ақыт қажыны тұтқындап, кітаптарын тәркіледі. 1939 ж. қыркүйекте «Қазақ, қырғыз құрылтайын ашамыз» деген сылтаумен Алтай аймағынан 50-ге тарта адамды Үрімжіге шақырып апарып, қамады. Халық қолындағы қару-жарақты өкіметке алу үшін аймақ, аудандарға құрал жию комиссиясын жіберді. Сарсүмбе қ-на 700 адамды шақыртып, ел ішіндегі қаруды түгел тапсыруға шақырды. Бас тартқандарды қамауға алып, қинап мойындатты. Көктоғай ауд.-ның әкімі Шүй Ерлин аудан халқына қысым көрсетті. 60 адамды қамау туралы шешім шығарды. 1940 ж. ақпан айының бірінші жұлдызында Айтуған үкірдайы Есімхан Иманбайұлы бастаған Айтеке би, Сайып Қалелұлы қатарлы 30-дай жігіт бір түннің ішінде Шүй өкімін қасындағы 7 адамымен қоса өлтіріп, қарулы көтеріліске аттанды.

К. к-не Ырысхан Ноғайбайұлы бастаған Шіңгіл ауд. тұрғындары қосылды. Екі ауданның 1000-ға жуық азаматы Қараағаштағы Көксеген а-нда бас қосып, ант ішісті. Шың Шысай өкіметі көтерілісшілерді жаныштау үшін Сарсүмбе дивизиясының үстіне Үрімжіден тағы бір дивизия әскер, 3 ұшақ, 3 бронды машина, бір зеңбірек батареясын және Кеңес Одағының Құмылдағы атты әскер полкінен бір батальон солдат жіберді. Алғашқы ұрыс Шіңгілдің Үшкыз, Күмістің құйғаны деген жерлерде болды. Кеңес батальонының командирі Ақтеке бидің сойлынан мерт болып, көтерілісшілер жеңіске жетті, көп қару-жарақты олжалады. Елді паналатуға Моңғолия өкіметінен баспана сұралды. Алайда моңғол әскерлері Бұлғын деген жерге көшіп барған бала-шағаны оқпен қарсы алды. Көтерілген ел-жұрт Бәйтк, Қаптық тауына барып, жан сауғалады. Бұл жерден маусым айында қайтып, Арал жайлауындағы елге барып қосылды. Жаз бойы Қытай өкіметінің бірнеше дивизия әскеріне бірнеше рет күйрете сокқы берді. Қыркүйек айында өкімет делегация жіберіп, көтерілісшілерді бейбіт келісім жасауға шақырды. Көтерілісшілер мынадай 7 түрлі шарт қойды: дін бостандығы, тұтқындарды босату, сақшы бастықтарын қазақтан қою, өкіметтің тыңшы ұстамауы, аудандарда әскер тұрғызбау, өкімет жұмысына қазақтарды мольнан қатыстыру, алым-салықты жеңілдету. Бұл келісімге 1940 ж. 18 қазанда қол қойылды. Бірақ өкімет бұл келісімді орындамады. 1941 жылдың басында «алтын қазушы» атын жамылған қытай әскерлерінің саны 1100-ге жетті. Тұтқындағылар қайтарылмады. Маусым айында қарақас руының басшысы Қалел Нұртазаұлы және оның ұлы Рақат бастаған ел тағы да көтеріліске шықты. Көтерілісшілер тағы да басымдылық танытты. Бірақ қазан айында Алтай тауына қар жауып кетті де, он мыңдаған көтерілісшілерді артынан қар мен мұз, алдынан жау қысты. Көтерілісшілер ақыры амалсыз қаруларын тапсырды. Өкімет көтеріліс басшыларынан «Қалел Нұртазаұлы бастаған 16 адамды Үрімжіде келісімге қол қояды» деген сылтаумен алып кетті де, сол бойы абақтыда өлтірді. Оспан Сіләмұлы қаруын тапсырмай, Құбының құмына қашып кеткен болатын. Кейін өкіметтен қорлық-зорлық көргендер соның төңірегіне ұйысты. 1943 жылдың маусым айын-

да олардың саны 400 адамға, қару-жарағы 150-ге жетті. Тамыз, қыркүйек айларында оларға Моңғолия және Кеңес Одағы көмек беретіндіктерін білдірді. Қазан, қараша айында Моңғолия өкіметі оларға Үшқыз, Майқантас өңірінен қоныс берді. 1944 ж. 23 ақпанда Моңғолияның премьер-министрі маршал Чойбалсан барып кездесті. 1943 жылдан Алтай баурайындағы көтерілісшілер қосынының күші Шыңжаң өлкелік, Қытай орталық армиясының бірнеше жүз мың жауынгерін ұстап тұрды. 1945 ж. 6 қыркүйекте Қытай билеушілері Алтай аймағынан қуып шығарылды. Кеңес өкіметі 1944 ж. қарашадан Құлжа қ-нда Шығыс Түркістан Республикасын құруға кіріскен. Алайда ұзамай оны коммунистік Қытайға қосуды мақұл көрді. Қан төгіп жүріп алған жеңістің большевиктердің шылауына түсіп кеткеніне көтерілісшілер наразы болды. 1946 ж. жазда көтеріліс басшысы Оспан Сіләмұлы Алтай аймағының қуыршақ ген.-губернаторлығынан бастартып, жаңа жасақ дайындады. Кеңес Одағы көтерілісшілерді жаныштау үшін ген. Полинов, Ф.Лескин басқарған он мыңдаған солдатты Шығыс Түркістан формасын кигізіп, шекарадан өткізді. 1948 ж. қыркүйек айында Оспан батырға кездескен америкалық профессор А.Док Барнеттің айтуынша: «ол кезде Оспан батырдың қасында 15 мың қазақ түркісі бар еді...». 1949 ж. қыркүйек айынан бастап Алтай көтерілісшілерінің алдынан тағы бір алып күш Қытай Қызыл Армиясы шықты. Сөйтіп, Алтай көтерілісшілері Қытай билеушілеріне, Кеңестік Ресей мен коммунистік Қытайға қарсы 12 жыл соғысты. 1951 ж. ақпанда Қытай Қызыл Армиясы К. к-н біржолата басты.

Ж. Самитұлы

КӨКШЕТАУ СЫРТҚЫ ОКРУГІ – Ресей империясының 1822 ж. 22 шілдедегі «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» бойынша 1824 ж. 29 сәуірде құрылған. Округті алғашқы аға сұлтан болып Уәлиханұлы Ғұбайдолла (Абайдiлдe), қазылары атығай руынан Зiлғара Байтоқаұлы және керей руынан Мүсет Жәнібекұлы сайланды. 1857 ж. К. с. о-нде 16 болыс (майлыбалта атығай, атығай бағыш, құдайбердi атығай, құрсары керей, туадан керей, балтыкөш керей, есенбақты керей, уақ керей, есенәлі керей, жаулыбай қарауыл, уақ, самай керей, қанжығалы, құлтай қыпшақ, күрлеуiт қыпшақ, бай қырғыз),

144 ауыл, 8778 үй болды. Патша үкіметінің 1868 ж. 21 қазандағы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережесіне» сәйкес К. с. о. уезд болып, Ақмола обл-ның құрамына енді.

Қ.Исабай

КӨН САДАҚ – көн теріден жасалған садаққап. Оған жақ керілген күйінде беліне дейін кіргізіліп салынатындықтан, керулі тұрған садақтың жарты пішінін қайталайды. Белге қорамсақпен бірге арнаулы садақбау арқылы тағылады. К. с-ты ою-өрнекпен бедерлеп, сүйек, металл (алтын, күміс, жез) жапсырмалармен көркемдейді.

Қ.Ахметжан

КӨПЖАСАРОВ Ескендір (1884, Орал обл. Орал уезі Жиренқопа болысында (қазіргі Ақтөбе облысы Қобда ауданының аумағы – ө.ж.б.) – Алаш қайраткері, Түркістан (Қоқан) үкіметінің төрағасы Мұстафа Шоқайдың көмекшісі әрі хатшысы. 1884 ж. Ескендір XX ғ. басында Жанша Досмұхамедұлымен бірге Орал реальдық училищесінде оқыған. Оның 1917 жылға дейін қандай қызметтерде болғаны белгісіз. Бір деректер бойынша Петербург университетінде білімін жалғастырған делінеді. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен соң ол әкесі Исаның жолын қуып саяси оқиғаларға белсене араласқан. Батыс Алаш Орда милициясының офицері, Ойылдағы юнкерлер мектебінің командирі болған. Сонымен қатар, К. бір уақыт Батыс Алаш Орда үкіметі әскери-далалық сотының төрағасы қызметін де атқарған. 1918 ж. шамасында Ескендір батыс өңірлерден Ташкентке кеткен. Осы шаһарда ол Түркістан үкіметінің төрағасы, барша түрік-мұсылман дүниесіне белгілі ірі саяси тұлға Мұстафа Шоқайдың хатшысы болып қызмет етеді. Оның нақты қандай себептерге байланысты оңт-ке кеткендігі, Қоқан үкіметіндегі қызметі туралы мағлұматтар өте аз. К. елде Алаш, Түркістан үкіметтері құлап, біржолата кеңестер үкіметі орнағаннан кейін Ташкенттегі герман-ауған сауда компаниясында қызмет етіп, шетелге эмиграцияға кеткен Мұстафамен астыртын хат арқылы байланысып, оған елдегі маңызды оқиғаларды, өзгерістерді хабарлап отырған. М. Шоқай Кавказда жүрген шағында (1920) біраз хабарлар жіберіп тұрса, кеңестер үкіметі әбден орнығып, күшейген 1930 ж. да Парижге құпия түрде оған хат жіберудің амалын тапқан. Осы соңғы хатын-



да елден хат жіберудің қиындап кеткендігін айта келіп: «...Аса құрметті Мұстафа аға! Қазіргі уақыттағы жағдай тұрандыққа лайықты жұмыс жасау түгілі, біреумен өз ойыңмен бөлісіп кеңесуге де мүмкіндік бермейді. Көп жылдар бойы Отанымыздың игілігін бәрінен қымбат көретін үйірмеден қол үзіп қалдым, енді қалай, кіммен байланысатынымды білмеймін. Сіздің Түркістанға шексіз сүйіспеншілігіңіз және ол үшін қанша құрбандыққа барғаныңызды жақсы білетін мені де есіңізге алыңыз», – деп жазған [Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. «Егемен Қазақстан», 2008 ж. 14 қазан]. Сонымен қатар, ол М. Тынышбаевтың Қазақстанға кеткенін, егер теміржол инженері деген мамандығы болмағанда оның да шеттетіліп қаларын, Қоқан үкіметінде қызметтес болған кейбір өзбек қайраткерлері жөнінде, жалпы Ташкентте мұсылман зиялыларының жаппай ұсталып жатқандығын айтқан. М. Шоқай К. сияқты сенімді серіктерінің арқасында шетелде жүріп Қазақстанның тұрмыс-тіршілігімен, қоғамдық-саяси өмірімен жақсы таныс болған. Мұны ОГПУ-дың құпия қызмет орындары да жақсы білген, «Мұстафа мен Қазақстан арасында байланыс» бұрыннан бар екенін мойындап, шұғыл іздестіру жұмыстарын жүргізген. Қазақ Орт. Атқару к-нің төрағасы С. Меңдешевтің өзі Қазақ АКСР-і бойынша ОГПУ-дің өкілетті өкілі Каширинге жолдаған жеке хатында Шоқайға Түркістаннан ақпараттар түсіп отыратынын, соған қарағанда ол жақта оның бұрынғы Қоқан үкіметінен қалған адамдарының әрекет етіп отырғанын мәлімдеп, оларды шұғыл түрде анықтауды тапсырған. Осыны анықтау бағытында жұмыс істеген ОГПУ-дың Шығыс бөлімшесі арнайы қызметкерлерінің бірі Шоқайдың елден хабар-ошар алып тұратын 2–3 адамның ішінде К-ты да атап, оны М. Шоқайдың бұрынғы хатшысы, қазір Түркістан республикасы Наркомсобезі коллегиясының мүшесі деп көрсеткен. Хаттарына қарағанда, К. өзінің жан-тәнімен берілген ғұмырлық ісі – қазақ елінің азаттығы жолындағы күрестен ажырап, көңілі қаламаған бөтен, жат жүйеде жүргеніне көңілі жабырқап, іштей буырқанатынын білдірген. Сонымен қатар өзін «тұрандық» атауы назар аудартады. К. өз туған жері Қобдаға шамамен 1932–33 ж. оралған. Оған ОГПУ тарапынан тұтқындалу қаупі себеп болуы мүм-

кін. Дегенмен, Ақтөбе жерінде де ол 1934 ж. қуғынға ұшырап, сотталып, ОГПУ үштігінің шешімімен 5 жыл еңбекпен түзеу лагеріне айдалған. Орган мәліметі бойынша ол тұтқындалар тұста аудандық дайындау кеңсесінің қызметкері болып істеген. 1989 ж. 21 сәуірде облыстық прокуратура ақтаған. К-тың одан кейінгі тағдыры туралы мүлдем дерек жоқ. Қашан қайтыс болып, қай жерде жерленгені белгісіз. Шежірелік деректер бойынша одан ұрпақ қалмаған, дегенмен туыстарының айтуынша Ташкент жақта жүргенде бір қазақ не өзбек қызына үйленгені туралы мәлімет бар. Кейбір ауызекі деректер оның ағайындарын жинап «мен бұл елде тұра алмаймын, мен ағылшынға кеттім. Елім аман болыңдар» деген сөздер айтып, елімен қоштасқаны туралы сыр шертеді. 1930 ж. К-тар әулеті қатты қудаланған, аман қалғандары 1937 ж. шамасында Арал арқылы Өзбекстанға қашып, үлкендердің аманатымен туған жерлері Қобдаға тек 1961 ж. ғана оралған. К. – Алаш тарихындағы ең қастерлі де, ең жұмбақ тұлғалардың бірі болып қалуда.

Әдеб. ҚР ОММ, 1227-қор, 1-т., 7-іс; Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. – Алматы, 2009; Жетпісбай Н. Қобдалық Алаш қайраткерлері. «Қазақстан мұрағаттары». 2009. № 3.

Н.Жемнісбай

КӨПЖАСАРОВ Иса (1851–1925/1930 ж. аралығы) – Алаш қайраткері, оның Батыс бөлімі жетекшілерінің бірі, Батыс Алаш Орда үкіметінің қаржы министрі. Патшалық дәуірде Орал уезі бастығының кіші көмекшісі қызметін атқарған, ұзақ жылдар болыс басқарған. 1863–64 ж. Орынбор Шекара комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыған. Ел арасында К-нің Петербург ун-тінің заң факультетінде оқығандығы туралы әңгімелер де сақталған, бірақ нақты деректер жоқ. К. патшалық дәуірде шағын кеңсе жұмысынан бастап, Орал уезі бастығының көмекшісі қызметіне дейін көтерілген. Бұл қазақтарға сол заманда берілген ең жоғарғы лауазым болатын. Асқан дәулетті адамға айналған, патшалық дәуірде Ресей мемл-нің далалықтарға арналған бүкіл алтын және күміс орден-медальдарының барлығымен дерлік марапатталған. Уездік қызметтен соң ұзақ жылдар бойы Қобда өңіріндегі Жиренкопа болысын басқарған. Жергілікті өңірде «40 жыл болыс



болған Иса» туралы әңгімелер осы күнге дейін сақталған. К. 1913 ж. Романовтар әулетінің Ресей тағына отырған 300 жылдық салтанатына қатысып, патша тарапынан тағы бір алтын медаль алған. Патшалық дәуірде қазақ арасынан тек ерекше қызмет көрсеткен адамдарға ғана берілетін жоғарғы атақтардың бірі – үрім-бұтағына дейін жалғасатын құрметті азамат (потомственный почетный гражданин) атағына ие болған. Империя тұсында ақ патшаға адал қызмет етіп, шен-шекпен, сый-марапаттарға ие болса да К. ел көсемдерінің бірі ретінде тұтас халық мүддесін ешқашан жадынан шығармаған. Қазақ балаларын оқытуға ерекше көңіл бөлген. Өз жерлерестерін оқыту мақсатында өз қаржысына Қобда бойында он екі бөлмелі мектеп үйін салдырған. Оның ғимараты өртеніп кеткен соң (оны балаларының орысша оқуына қарсы болған ағайындары өртеген), Жиренқопа болысынан бір кластық орыс-қазақ болыстық мектебін ашқызып, өзі ұзақ жылдар оның құрметті қамқоршысы (почетный блюститель) болған. Халықты отырықшылыққа көшіруге ат салысқан, өзенге бөгет салдырып, суармалы тары, тұңғыш рет картоп отырғызған, көрші орыс поселкесінен өз қаржысына диірмен салдыртқан. Ол басқарған Жиренқопа болысы жері құнарлы, өзен-көлге бай әрі орыс шебіне жақын мекен болатын. Ресей қоныс аудару мекемелерінің назары осы болыстың жайлы жеріне ерекше түскен, сонда К. қазақтарды өз жерінен қозғамай, орыс қоныс аударушыларын шөлейттеу аймақтарға орналастыруға тырысқан. К-нің қайраткерлігінің, елге қызметінің келесі кезеңі 1917 жылдан кейін басталады. Ол сол жылғы Ақпан төңкерісінен соң орын алған саяси оқиғаларға белсене араласады. 1917 ж. көкек айында Оралда өткен Орал облыстық I-қазақ съезіне қатысады. Съезді Жанша Досмұхаммедов, Ғұбайдолла Әлібеков сияқты белгілі Алаш қайраткерлері басқарған болатын. Оның одан кейінгі Орал облысының Ойылда және Қаратөбеде өткізілген екінші және үшінші съездеріне қатысқандығы талас тудырмайды, бірақ бұл жиындардың құжаттары сақталмаған. Бұл кезеңдерде Жанша және Халел Досмұхаммедовтар, Ғ. Әлібеков бастаған батыс алаштықтар жеке ұлттық қазақ автономиясын жариялау жолында жүрген болатын. 1918 жылдың 18 мамырында Жымпитыда

Досмұхаммедовтардың басқаруымен Орал облысы қазақтарының тарихи IV съезі басталады. 450-ге тарта делегат қатысқан осы съезде Досмұхаммедовтар Орал облысынан айрықша «Ойыл уәлайаты» деп аталатын уақытша үкімет жасақтайды. К. осы үкімет құрамына Ж. және Х. Досмұхаммедовтардан соң үшінші болып енеді. Бұлардан бөлек үкімет құрамына Жанқожа Мергенов, хазірет Сағидолла Ізтілеуұлы, Салық Омаров енген болатын. 1918 ж. қыркүйек айында Ойыл уәлайаты таратылып, орнына Алаш автономиясының Батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше (Батыс Алаш Орда) құрылған кезде, оның үкіметі құрамына да К. Досмұхаммедовтардан кейін үшінші болып енеді. Жаңадан құрылған Батыс Алаш Орда үкіметінің құрамына К. қаржы министрі болып тағайындалады. Ұлттық Алаш милициясын (әскерін) жасақтауға көп еңбек сіңіреді, оның пайдасына өз дәулетінен 100 ат береді. Сол тұста Ойылда Алаш Орданың батыс бөлімшесі Бірінші қазақ атты әскер юнкерлік мектебін жасақтайды. Ондағы қазақ әскерінің саны 2 мың адамнан асқан, оның қарулануына Самара комитетінен 2 мың винтовка, 58 пулемет, 2 зеңбірек және 2 автомобиль алынған. Мектеп құру мен бөлімдер жасақтаудан бөлек, қосымша тағы 2 мың жігіт өз еріктерімен әскер қатарына шақырылған. 1918 жылғы жаздың соңында екінші полкті жасақтау басталған. Батыс бөлімше өз әскери құрамдарын дивизияға дейін жеткізуге ұмтылған. Осы жұмыстардың атқарылуына К. көп қажыр жұмсаған, ауылдарды аралап, елден қаржы жинаған. Осы әскери жасақтар жөнінде Ж. Досмұхаммедов пен К. Колчакқа 1919 ж. 7 маусымда жазған хаттарында баяндаған. 1919 ж. К. Колчакпен жеке кездесіп, онымен Алаш Орда үкіметін мойындау жөнінде келіссөздер жүргізген. 1920 ж. шамасында ол денсаулығына байланысты қоғамдық қызметтерден кеткен. Шамамен 1920 жылдың аяғына қарай жасы 70-тен асқан шағында қайтыс болған. Моласы қазіргі Қобда ауылынан қашық емес. Иса базы деген жерде, құлпытасы ысырылып, орны егістікке жырттылып кеткен. Бүкіл дүние-мүлкі тәркіленіп, ұрпақтары аяусыз қудаланған. XX ғ-дың алғашқы ширегіндегі қазақтың көрнекті саяси қайраткерінің бірі болған К-тың ұлы Ескендір Көпжасаров та белгілі Алаш Орда қайраткері бол-



ған, басқа ұлы Ахмет те орысша білім алған, патшалық дәуірде уезд кеңесінде аудармашылық қызмет атқарған.

Дер. мен әдеб.: ҚР ОММ, 4-қор, I-т., 3776-іс; 1227-қор, I-т., 7-іс; Айтиев А. Из истории общественно-политического движения Уральской области // «Степные зори». Книга 1. Оренбург, 1923; Д. Аманжолова. Казахский автономизм и Россия. Москва, 1994; Жетпісбай Н.Ы. Қобдалық Алаш қайраткерлері. // «Қазақстан мұрағаттары» 2009. № 3. 1,2 б.т.

Н.Жемісбай

«КӨРІНБЕС-КӨКТЕМІР» ҚОЗҒАЛЫСЫ – 1775–76 ж. Батыс Қазақстанда патша үкіметіне қарсы бағытталған қарсылық қозғалысы. 1775 ж. Е.Пугачев бастаған көтеріліс күшпен басылған соң, сол жылдың күзінде Ұлы Қобда өз-нің бойларын жайлаған табын, тама рулары ауылдары ішінде «Көктемір», «Көрінбес» немесе әулие деген атпен бір адам пайда болады. Бұл Сапар Мәтенқызы есімді 22 жасар қазақ әйелі екен. Ол халықты күресті тоқтатпауға шақырып, әртүрлі жолдармен үгіт жүргізеді. Сапар туралы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол жай адамдарға тән емес, сырттан берілген бір тылсым күшке ие болған-мыс. Бұл әйел осы күштердің қолдауымен халықты жаңа көтеріліске үндейді, Пугачевтің қайта оралатынына сендіреді. Ел арасына мұндай хабарлар тез тарап, еңсесі түскен халықтың көңілінде бұл үндеулер үміт отын қайта тұтатады. Халық «Көрінбесті» әулие тұтып, соңынан ереді, айтқандарын бұлжытпай орындайды. Көрінбейтін әулиенің үгіт-насихаттарымен оның ауылында қаруланған 1500 адамдық жасақ та жиналады. Белгілі бір себептермен Көрінбес қозғалысын Досалы сұлтан мен оның ұлы Сейдалы сұлтандар қолдайды. 1775 ж. күзде Досалы сұлтанның ұлысынан табын Қалыбай батыр, тама Қадыр, Садыр батырлар, жағалбайлы Тотай батыр және шекті, шөмекей, байбақты руларының жасақтары, барлығы 400 адам Сейдалы сұлтанның бастауымен башқұрттарға жорық жасап, олардың екі ауылын талқандап, 33 адамын тұтқынға алады. Башқұрттар Пугачев бастаған көтерілісті басу кезінде үкімет әскерінің құрамында болып, көптеген қазақ ауылдарын аяусыз жазалауға қатысқан болатын. Қазақ жасағының әрекеті осыған жауап ретінде жасалғанымен, бұл жерде Көктемір үндеулерінің де тікелей қатысы болған еді. Қазақ сарбаздары тұтқындарды

далалық бір жерге апарып жауап алады, сонда ең басты сауалдары Пугачевтің қай жерде екенін білу болған. Ешқандай мәлімет ала алмаған Сейдалы олардың бір биіне бүкіл башқұрттар мен олардың басшыларына таратуды жүктеп, екі хат тапсырған. Бұл хаттар орыс әскерінің қолына түсіп, көп ұзамай Орынбор губернаторы Рейнсдорптың құзырына дейін жетеді. Хаттарда мұсылман бола тұра башқұрттардың қазақ ауылдарын талқандауға қатысуына қатты наразылықпен қатар, олардың «жаңа патшадан» (Пугачев) күдер үзгендері қатаң сыналған. Оларда сонымен қатар, мұсылман балаларының «жаңа әмірші» келгенге дейін өзара келісімге келіп, Ресейге қарсы соғысуға шақырған үндеулермен қатар, бұлай болмаған жағдайда олардың жазаланатыны туралы да қатаң ескертілген: «...от враждующих на нас россиян... вам и нам добра быть не может. А лучше, ежели бы мы обе стороны, будучи мусульмане, утвердятся между собою согласиём и миром, и пойти совою до прибытия нового государя на Россию воевати...» Осы жорықтан соң да қазақтар орыс шептеріне бірнеше рет шабуыл жасайды. Аталған шабуылдар мен үндеулер Орынбор өлкесі әкімш-н біраз әбігерге түсірді. Пугачев көтерілісі әбден басылған соң бір жылдай уақыттан кейін (қазақ даласында ол 1774 жылдың күзінде басылған болатын) қазақтардың көтерілуге қайта үндеу таратуы неліктен еді? Пугачевті жақтаған Досалы сұлтан көтеріліс басылған соң губернатордан өзіне кешірім өтініп, өлке басшысы тарапынан кешірім алған болатын. Ресей Сыртқы істер алқасына жолдаған мәлімдемесінде Рейнсдорп осы туралы айта келіп, сұлтанды «халқының тұрақсыз күйін» ескере отырып кешіргенін, алайда оның ұлы мәртебелі патшайымның «аналық» мейірімділігін ұмытып, «зұлымдыққа» ұмтылғанын, өзінің де, ұлдарының да «өзін патша жариялаушы (самозванец) зұлымға» әуес екендерін жазады. Іс жүзінде, жоғарыдағы әрекеттер «Көрінбес-Көктемір» атанған жұмбақ жанның үндеулерімен жасалған болатын. Бұл туралы қазақтар қолынан қашып шыққан бір тұтқын адам олардың Досалы сұлтанның ұлыстарында пайда болған бір «көрінбейтін әулиенің» айтуымен шептерге шабуыл жасап жүргенін айтқан. Бұл мәліметке өлке басшылығы онша сене қоймаған болатын, алайда көп ұза-



май бұдан да сенімдірек басқа хабар алынды. 1776 ж. ақпан айында қазақ даласына қолға түскен өз туыстарын босатуға келген Мәметей Нұрымбетов есімді башқұрт биі де осы туралы растап, тіпті өзінің әулиенің киіз үйінде де болғанын хабарлайды. Ол Сейдалы сұлтанмен бірге Қобданың жоғ. жақтарында көшіп жүрген Көрінбестің де үйінде болғанын, оларға бір жас қазақ келіншегінің ас-ауқат беріп, қонақ еткенін мәлімдеген. Осы әйел адам кездесу кезінде әулиенмен байланысқа түсіп, Мәметейдің тұтқындағы қызы мен келінін босаттырған. Бұл кездесу башқұрт биінің хабарлауына қарағанда, біршама түсініксіз жұмбақ жағдайларда өткен, ел аузындағы Көктемір бұлардың көзіне көрінбей, үй ішінен аталған әйел арқылы тілдескен. Осындай хабарлардан соң губернатор Рейнсдорп Кіші жүз ханы Нұралыға хат жолдап, немере інісі Досалы сұлтанға ықпал етуді, оның өзін де, ұлын да үкіметке қарсы әрекеттерден тыюды талап етеді. Өлке басшысы ордада көрнекті лауазымы бар сұлтандардың жоғарыдағы ырымдарға сенуі, ондайларға жол беруі ұят нәрсе деп көрсетеді. Сонымен бірге губернатор тікелей Досалы сұлтанның өзіне де осындай мазмұндағы хат жолдайды. Нұралы хан Көрінбес туралы мән-жайды білу үшін ұлы Есім сұлтан мен ел ішінде беделі зор Сырым батырды аттандырған. Олар халық арасына ешқандай да «көрінбеске» сенбеуді, ол туралы қасиетті Құранда да, пайғамбарлардың әңгімесінде де жазылмағанын айтулары тиіс болған. Дегенмен, бұл адамдар ханға Көктемір туралы жаңа хабарлар ала келеді. Нұралы губернатор Рейнсдорпқа осы жөнінде бірнеше мәлімдеме жасайды. Осы жазбаларда Көрінбес атанған жанның адамша сөйлейтіндігі, ауыл-аймақта тұрақты тұрмайтыны, кейде екі-үш тәулікке дейін белгісіз жаққа жоғалып кететіні, оралған кезде сиырларша өкіретіні, басқа да сипаттары келтірілген: «...Но его де никто кроме одной женки, при нем пребывающей, видеть не может. Она рассказывает, что будто бы его видит о четырех ногах; на каждой ноге сапоги. Оказует себя бусым быком: голова человеческая, роги бычьи, на голове шапка, а спина железная...». Осындай хабарлардан соң, Орынбор губернаторы Рейнсдорп елді дүрліктірген осы жұмбақ жанға енді өзі де назар аударып, ол туралы шынайы мәліметтер әкелу үшін ар-

найы тыңшыларын жібереді. Ұлты татар бұл екі адам 1776 ж. 5 наурызда саудагерлер кейпінде Ұлы Қобда бойындағы Досалы а-на келіп түскен. Оларды өз ұлдары Сейдалы, Мырзалы, Тұрдалы және басқа да билермен бірге күтіп алған Досалы сұлтан өзінің Ресейге адал екенін, бірақ халық арасында өзін тыңдамайтын адамдардың көп екенін жеткізген. Губернатор тыңшылары өз өтініштерімен Көрінбес а-на апарылады, оларға алдымен мұның қауіпті екені ескертілген. Бұл адамдар да аталған ауылда біршама түсініксіз жағдайларға душар болады, ауылға 2-3 шақырым қалғанда адам үніне ұқсамайтын ерекше дауыс естиді, сонан соң өздері іздеген үйге келіп түседі. Ол оқшау орналасқан, төбесінде айшығы бар мешіт тәрізді үй болған. Оларды бір жас әйел ас-ауқатпен қарсы алады, ол әулиенің бұлардың келе жатқанын, түр-түстерін алдын ала білгенін және бөтен адамдардың келуіне риза еместігін жеткізген. Тыңшылар ауылда болған кезде тағы да адамға тән емес дыбыстарды естиді. Осы «Көрінбес әулиенмен» тілдескен келіншек бір мезетте бұлардың өз халқын әбден күйзелтіп, енді қазақтарды құртуға келген адамдар екенін айтып, келушілерді өлтіруге бұйырады. Тыңшылар өздерін сүйрей жөнелген халыққа жалынып-жалбарынып, қолдарындағы бар асыл заттарын беріп, эзер жан сақтайды. Біраз уақыттан соң губернатор адамдары Көрінбес әулиенің үйінің алдына әкелініп кешірілуі сұралған, үй ішінен шыққан дауыс олардың кері қайтпай, осы қазақ ауылдарында қалулары керектігін, оларға Қобда бойынан жер берілетінін, тіпті қазақ қыздарына үйленуге болатынын айтқан. Бұған қоса көп ұзамай «жаңа патша» Пугачевтің қайта оралатыны айтылған. Дегенмен, Ғұбайдолла Адғамов және Райымқұл Ыбраев есімді бұл татар тыңшылары босатылады, олар Досалы сұлтан а-на келіп, барлауларын жалғастыра береді. Тыңшылар көптеген адамдардан сұрастыру арқылы «Көрінбес-Көктемір» атымен елді отаршылыққа қарсы күреске шақырып жүрген табын руынан шыққан 22 жасар Сапар Мәтенқызы есімді әйел адам екенін анықтайды. Халықтың айтуынша, ол жастайынан белгілі бір қасиеттерге ие болған, Жанболат есімді күйеуі қалмақтармен соғыста өлген. Ол ел арасына Пугачевтің тірі екенін, оның орнына басқа біреудің өлті-



рілгендігін, «жаңа патшаның» 20–30 мыңдаған қазақ, башқұрт, т.б. халықтардың әскерімен қазақ даласына келе жатқандығын айтумен болған. Көктемір-Сапар 2 мың үйлі шаңырақпен Қобданың жоғ. жағында мекендеген. Өзіне келген меймандарды, соның ішінде губернатордың тыңшыларын да жаюлы дастарқанмен қарсы алып отырған. Алайда, олардың келуінің ішкі себептерін де бірден біліп жүрген. Бір жылға жуық уақытқа созылған Көрінбес қозғалысы 1776 жылдың жазында тоқтаған. Сапарды қолдаған Досалы, Сейдалы сұлтандардың көтерілісті қолдауда өз ішкі есептері бар болатын. Нұралы хан мен Досалы арасында бақталастық болған еді. Пугачев алдыңғы жолдауларының бірінде ханды дарға асып, орнына Досалыны қоюға уәде еткен болатын. Осындай жайттар оларды үкіметке қарсы әрекеттерге қосылуға ықпал етті. Кейіннен өлке әкімш. де әкелі-балалы сұлтандарды жазамен қорқытады, губернатор Рейнсдорп бір хатында Сейдалының қолға түссе қатаң жазаланып қана қоймай, жер аударылатынын ескерткен болатын. Сондықтан бұл адамдар қозғалыстың соңғы кезінде, керісінше, Көрінбесті айыптай бастаған. Досалы сұлтан губернаторға жазған бір хатында ұлы Сейдалының өзінен кешірім сұрап, бұдан былай көтерілісшілерге қосылмай, патшайымға адал қызмет етуге ант еткенін жазып, Қалыбай, Қадыр, Садыр, Жанболат, Тотай батырларды енді «қарақшы» ретінде көрсеткен. Сейдалы сұлтанның кейіннен бір мезеттерде Сырым Датұлы бастаған көтерілісті қолдағаны белгілі. Сапар 1775 жылдың қыркүйегінен келер жылдың көктеміне дейін Пугачевтің келетініне елді сендіріп келгенімен, оның орындалмауы халықтың көтеріліске деген ынта-жігерінің азаюына әсер етеді. Бұларға қоса, қозғалысқа басынан қарсы болған Нұралы ханның әрекеті де оның тарауына себеп болды. Ол губернатордан әскер шығарып, бүлікші ауылдарды жазалауды қайтақайта сұраған. Осындай әрекеттердің салдарынан Көрінбес а-дары 1776 жылдың жазында Қобда бойынан Қиыл өз-нің бойына көшеді де, қозғалыс осымен тоқтайды. Мәтенқызының бұдан кейінгі тағдыры туралы ешқандай мәлімет жоқ. Зерттеушілер оған жекелеген парақтар арнағанымен, азаттықты аңсаған батыр қыз бейнесі жұртшылыққа әлі де белгісіз. Ол бастаған қозғалыс өзінің

идеясы мен мазмұны жағынан Отан тарихындағы шешімі табылмаған ең жұмбақ әрекет болып қала берді.

Әдеб.: Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты (РФ). 3-қор, 1-тізбе, № 152 және басқа істер; Рязанов А.Ф., Отголоски Пугачевского восстания на Урале, в Киргиз-кайсацкой Малой Орде и в Поволжье // Труды общества изучения Казакстана. Том 6. Оренбург, 1925; Бекмаханова Н.Е., Легенда о Невидимке. А.-А., 1968.

Н.Жемнісбай

КӨСЕМ – 1) шағын қауымдастықтың, тайпаның немесе үлкен саяси жүйедегі әулеттің басшысы. 2) деспоттық, тирандық және абс. түрдегі авторитарлық басқару жүйелерінің басшысы. Топтасып өмір сүрген тайпалық бірлестіктерде ең мықты, беделді, дәулетті жетекші К. атанған. Қоғамдағы әр түрлі әлеум. топ өкілдерін, бұқараны ұйымдастыру қабілетін әбден меңгерген жалпы жұртты соңына ерте алатын топ бастаушы К. атағына ие болған. Белгілі бір партияның жетекшісін де К. деп атайды. Қазақтың дәстүрлі қоғамы мен мәдениетінде К. – ел ішінде аса құрметті, беделді, халық қамы үшін күресуші қайраткерге сырттай берілетін атақ. Қазақтың билері, ру, тайпа басшылары мен батырлары да К. мәртебесіне ие болған. Олар халықтың мұң-мұқтажын көксеп, қоғамның көкейінде жүрген мақсат-мүдделерге ел ішіндегі күрделі мәселелерді шешуге қызмет еткен. Халық арасында өзінің ерекше қабілетімен, дарындылығымен, көпшілік сүйіспеншілігіне бөленген тұлға ғана К. саналған. Қазақтың ұлттық мемлекеттілігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілері, 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басындағы алаш қайраткерлері «Ұлт көсемдері» атанған.

А.Қалибасұлы

КӨТЕРІЛІС – бұқара халықтың немесе әлеуметтік-саяси топтардың билік жүйесінің саяси, экономикалық саясатына қарсы наразылығының бір түрі. К. шеруге шығу, толқу, жаппай бағынбау сияқты саяси наразылық сипатында өтеді. Ол наразылық білдірудің жоғары шегі бола тұра, қирату, тонау сияқты ұйымдаспаған әрекеттермен қатар, ұйымдасқан әскери К-ке ұласуы да мүмкін. К-ке шыққандар көп жағдайда билік басындағы топты саяси сахнадан кетіруді мақсат етеді. К. ұйымдасқан түрде жүргізілетін болса ғана нәтижелі аяқталып, төң-



керіске ұласады. Төңкерістің нәтижесінде билікке жаңа саяси топ келеді немесе белгілі бір келісімдер арқылы екі жақтың өкілдерінен тұратын жаңа үкімет құрылады. Кейбір кезеңдерде К-тің нәтижесінде билікке келген топ саяси реформалар арқылы елді біртіндеп жаңа саяси жүйеге ауыстыруы мүмкін. Қазақ сахарасында Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан дәстүрлі мемлекеттілік (хандық) жойылғаннан кейін К-тер екі түрлі сипат пен бағыт алды. Алғашқысына патшалық Ресейдің Қазақ хандығын әлсіретуіне және жоюына қарсы, кейінгісіне қазақ шаруаларының феодал және отаршылдық езгіге қарсы бағытталған азаттық жолындағы К-тер жатады.

Ш.Әмірбеков, Г.Сабденова

КӨТІБАР Бәсенұлы (1757 ж.ш.–1833) – белгілі Бәсен батырдың алты баласының бірі, әлім, шектіден шыққан батыр, қабақ руының қарабас аталығынан. Ол жас кезінде-ақ 1775 ж. шамасында шектілер мен түрікмендер арасындағы ұрыста батырлығымен көзге түскен. Кейінгі өмірі негізінен патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы күреспен өткен. 1780–85 ж. шағын топпен Гурьев қалашығына, Оралға қарай таратылған Жайық казактарының бекіністеріне әлденеше рет шабуылдар жасаған. 1783–97 ж. Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған халық азаттық қозғалысқа өзі және тумалары Арыстан батыр, Достан би, Қаражігіт Бектауұлы, Қайдауыл, Өтегұл бастаған 800 адамдық жасақты қосқан. К. 1798–1816 ж. шекті тайпасындағы қабақ руының старшинасы болды. Осы кезеңде 12 рет Ресейдің Хиуа, Бұхар, Қоқан хандықтарына бара жатқан және олардың Ресейге келе жатқан 2,7 млн. сомдық тауарлары бар 24 керуенді тонап, түсірген олжаларын шектілерге таратып берген. Бұл қимылдар да Ресейдің отарлық саясатына қарсы күрестің бір түрі еді. 1816 жылдан бастап Көтібар және оның шектілік ортасы Шерғазы хан мен Арынғазы арасындағы хандыққа талас дүрбелеңіне қатысты. К. әуелі Шерғазыны қолдағанмен, кейін Арынғазы жағына шықты. Ол сонымен қатар Хиуа хандығы мен түрікмендердің шекті, шөмекей, табын, тама, адай жерлеріне 1787–1819 ж. жасаған озбырлық шапқыншылықтарына қарсы күресті. Алайда 1816–20 ж. орыс әскері мен казактардың Көтібар еліне қанды жорықтарының салдарынан Көтібар, До-

стан, Арыстан батырлар Хиуа хандығының қол астында болуын мойындайтындығы туралы ант беруге мәжбүр болды. Бұл ант баянды болған жоқ. Себебі 1820–22 ж. Хиуа хандығы Кіші жүздің онт. елдеріне түрлі алым-салықтар (ұшыр, зекет, т.б.) жинауды көбейту, шекті, кішкене шекті, табын ауылдарын шауып, адамдарын құлдыққа, күндікке және малдарын айдап кетуі Хиуамен қатынасты үзуге әкеліп соқты. 19 ғ-дың басында башқұрттардың қазақ жеріне, соның ішінде шектілер жеріне еніп, олжа табу, жайылымдықты кеңейту үшін жасаған жорықтарына қарсы Көтібар, Арыстан, Қайдауыл батырлар 5 рет тойтарыс берген. К. 1833 ж. басшылық әкімшінің жағалбайлы-шектегі арасында араңдату саясатының құрбаны болып, қыркүйектің 23-күні қаза болды. К.Б. қазіргі Мұғалжар ауд. Есенбай сайының бойындағы Көктөбе шоқысының басына жерленген. Оның кесенесі 1836 ж. салынған. 2000 жылдың тамызында кесене қайтадан салынды.

Әдеб: Төлепбергени Т., «Қарабас батырдың ұрпақтары». Ақтөбе, 2006 ж.; Байдосов З., «Үш ғасыр перзенттері». Ақтөбе, 1997; Көтібар батыр – тарихи тұлға: (Көтібар батырға арналған ғылыми-практикалық конференцияда жасалған баяндама). Ақтөбе, 8 қыркүйек, 2000 ж.

С.Тәшімбаева

«КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ЖЕРГЕ ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ» – 1924 ж. 17 сәуірдегі Бүкілресейлік ОАК мен РКФСР ХК Кеңесінің көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшылана бастаған қазақ шаруаларын жерге орналастыру тәртібін дәйектеп көрсеткен құжаты. «Ереже» бойынша қазақтың көшпелі және жартылай көшпелі шаруаларын жерге жаппай орналастыру, оларға жайылым, малға қажетті шөп болмай қалған жағдайда пайдаланатын сақтық пішен жер телімдерін беру, отырықшыландыруды мемлекет есебінен жүргізу көзделді. Отырықшыланатын қожалықтар үшін 10 жылдық мерзімге несие беру, оларды бес жылға дейін салықтың барлық түрлерінен босату, оларға тұқым, құрал-сайман және мал ш. құрылыстары мен мекенжай салуға қажетті құрылыс материалдарын тегін беру ескерілді. Алайда, «Ереже» шарттары бұрмаланып, іс жүзінде дұрыс орындалмады. Керісінше, 1925 ж. ауыл ішіне таптық сына қағу, ауылда «Кіші Қазан»



төңкерісін жасау науқандарына бағдар алынды. Байларды кәмпескелеу, кедей-кепшікті ұжымдық шаруашылыққа күштеп енгізу жүргізілді. Бұл саяси науқандардың мәжбүр ету сипаты басым еді. Қазақстандағы кеңестік озбырлыққа қарсылық білдірген халық қозғалыстары аяусыз басып-жаншылды. Ел-жұрттың шынайы мүддесіне жауап бермейтін осынау үдірістер қазак халқының 1931–33 жылдары алапат ашаршылыққа ұшырауына апарып соқтырды. Қазақстандағы бұрмалаулар мен асыра сілтеулерді жоюға бағытталған саяси-әлеум., экон. шаралар барысында көшпелі қазақ халқы жерге отырықшыланып, кеңестік тұрпаттағы жаңа қазақ ауылдары пайда болды. Ереже осы ауыртпашылығы көп болған даму жолының бастауында тұрған кұжат еді.

Б.Орынбекұлы

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ӘСКЕРИ

ӨНЕРІ – сак, ғұн, түркі, түркі-моңғол, қазақ, т.б. халықтардың ежелден келе жатқан әскери тәсілдерінің жиынтығы. Көшпелілер қоғамындағы мифтік түсінік бойынша, хан әлем кіндігі саналып, оған бағынған рутайпалар оң қанат пен сол қанатқа бөлінген. Мыс., Түрік қағандығының әскері оң қанат (телес) пен сол қанатты (тардуш) құраған. Шыңғыс хан әскерлері де жоңғарлар (сол қанат) мен барұнғарлардан (оң қанат) тұрған. Шыңғыс хан империясынан бөлініп шыққан Жошы ұлысында (Алтын Орда) халықтың оң және сол қанаттарға бөлінуі сақталып қалды. Ұрыс алдында сап түзеуді қазақтар шеп құру деп атаған. Шеп құрғанда әскер оң және сол қанатқа бөлінген. Олардың алдында жаудың бағытын барлайтын қарауыл топ жүріп отырды. Әскердің арт жағында орналасқан ханды хан жасағы қорғады. Хан жасағын тосқауылшы бөлік деп атады. Ең артта әскердің қосалқы аттары, құрал-жабдықтар тиелген арбалар, малшы, қызметшілер, яғни әскердің шаруашылық бөлігі немесе салықшы тобы еріп жүрген. Көшпелілер әскерінің сандық құрылымы ондық жүйеге негізделген. Әскердің ең төм. бөлігі ондық, олардан жүздік, мыңдық, түмен құралған. Он түмен әскерді «ту» (лек) деп атаған. Әскердің ондық жүйесі түркі халықтарында ежелгі заманнан 19 ғ-ға дейін сақталып келді. Мыңбасылар мен түменбасылар түркіше бек, моңғолша – ноян, арабша – әмір деп аталып, әкімш. билікке де

(уәлаят, ұлыс басшылары) тағайындалған. Көшпелілер ерте заманнан бастап әскерлерін қолданатын қару түріне қарай бөлген. Әр қару түрінен тұтас мыңдық, түмендер құралған. Көшпелілердің соғыс тактикасында алыстан атысу ерекше рөл атқарғандықтан әскердің маңызды бөлігі садақшылар саналған. Садақшылардың ішіндегі ең мергендерінен «мергендер тобы» құрылған. Оларға жаудың қолбасыларын, басты батырларын жою жүктелді. Көшпелі халықтардың әскері тек қару түріне ғана емес, жарак түріне қарай да бөлінеді. Мыс., өзі де, аты да сауыт киіп, бес қаруын асынған ауыр атты әскер көшпелілерде өте ерте заманнан (сарматтарда, массагеттерде) белгілі. Бірақ жауынгерлер ат үстінде ғана емес, жаяу соғысу әдістеріне де машықтандырылған. Елді жау шапқан кезде тұрақты кәсіби әскерлермен бірге халық жасақтары да құрылған. Жорыққа шыққан кезде ұрысты алдын ала болжайтын көріпкелдер, жауырыншылар, құмалақшылар ұстаған. Шеру кезінде әскердің жауынгерлік рухын көтеру үшін керней, сырнай, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл ойнайтын музыканттар тобы да болған. Шайқас басталарда олар бас қолбасшының маңында, ал шеру кезінде қосынның алдында жүрген. Көшпелілердің шекара қорғайтын, қала күзететін, елшілік, жаушылық қызметтерді атқаратын тұрақты әскері болған. Майдан алдында атақты жауынгерлердің жекпе-жегін өткізу – ерте замандағы барлық халықтардың әскери күштеріне ортақ дәстүр. Батырлар жекпе-жегін өткізу қазақтарда 19 ғ-ға дейін сақталып келді. Жекпе-жекке шығу батырлардың жауынгерлік борышы еді. Жеңген батыр қарсыласының атын, қару-жарағын олжалаған. Батыры өлген жақ оның денесін жауға бермеуге тырысып, «сүйекке шапқан», яғни батырдың денесін бермей алып қалу ерлікке саналған. Жорыққа шыққанда көшпелілер әскерді бірнеше топқа бөліп, алдын ала белгіленген жерде тосыннан жиналған. Бұл көп әскердің қалай, қайдан келгенін байқатпай, жау жағын қапыда қалдыру айласы еді. 1838 ж. Кенесары Ақмола бекінісін аларда осы әдісті қолданған. Айқас кезінде жау жағы басым бола бастаса – көшпелілер әскері, жан-жаққа шашыла шегініп, белгіленген жерде жиналып, кенеттен шабуылды қайта бастаған. Тактик. мақсатқа қарай әскер санын көп етіп көрсе-



КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ

ту үшін аттарға киіндірілген қуыршақтар да отырғызылған. Ашық далада жау әскерімен кездескенде соғысты, әдетте, жеңіл қаруланған садақшылар бастаған. Алыстан атыс жүргізу арқылы олар дұшпан жауынгерлерін, аттарын шығынға ұшыратуға, шебін бұзуға, сөйтіп қоян-қолтық айқасты жеңілдетуге тырысқан. Мұндай әдісті моңғолдар «тулучма», казактар «толғама» деп атаған. Осыдан кейін айқасқа шайқастың тағдырын шешетін ауыр қарулылар, қылышкерлер, айбалташылар, шоқпаршылар бірнеше қосынға бөлініп кезек-кезегімен кіргізілген. Шегінуді олар жаудың әскер шебін бұзып, қозғалтуға мәжбүр ету үшін немесе жауды бекінген қамалынан шығару үшін, соңынан ілестіріп, жасырын тұрған негізгі күштің үстінен түсіру немесе қайта шабуылға шығу мақсатында қатарын жинап алу үшін қолданған. Соғыс кезінде барлау жұмыстарына көп көңіл бөлінген. Жолдарға күзетші қойылып, алдын ала шолғыншылар жіберілген. Төбелердің үстіне орналасқан қарауылдар жау жақындағанда «ұран-оттар» жағып хабар беріп отырған. Көшпелілердің садақ ату шеберлігі отырықшы халықтарды қатты таңдандырған. Гректер, парсылар өз балаларын садақ атуға үйрету үшін сақтарға жіберіп отырған. Қытай тарихшылары: «Ғұндардың ойынға жараған баласы садақпен ұсақ аң, құс атып жаттығады», – деп жазады. Араб тарихшылары: «Түркілер садақты атпен шауып келе жатып алға да, артқа да, оңға да, солға да, жоғары да, төмен де ата береді. Араб-харидтер бір оқты садағына салғанша, олар он оқты атып үлгереді. Түркінің 4 көзі бар – екеуі алдында, екеуі артында», – деген мағлұмат береді. Қазақ батырлары да «оғын жүзктің көзінен өткізетін», «құралайды көзге атқан» садақкерлер болған. Найза қолданудың да көптеген түрлері, тәсілдері бар. «Шаншу» – жоғарыдан төмен найза салу, «түйреу» – найзаны алға қарай сұғу, «Найза тіреу» – қолды қозғалтпай аттың күшін пайдалану. Қазақ батырлары жекпе-жекте мұндай тәсілдерді жиі қолданған. Ал жалпылама шайқастарда Олжабай батыр, Наурызбай батыр (Кенесарының інісі), т.б. қарсыласының денесіне найза тигізбей, киімінен іліп алып аттан түсіру тәсілін жиі қолданған. Қылыш, семсер қолданудың «бауырын жаза шабу», «қиялай тарту», т.б. түрлері бар. Салмағы ауыр шоқпар, гүрзілермен айқасу

үлкен күш, әдіс-айла керек еткен. Ауыр болғандықтан шоқпарды көбіне айналдырып, үйіріп ұрған. Өйткені, шоқпарды жоғарыдан төмен сілтегеннен кейін, қайта көтеру қиын болатын. Айбалта 18 ғ-дан бастап қолданыстан шықты. Ерте заманда көшпелілер тосын жау шабуылынан қорғану үшін арбаларды бір-біріне тіркеп, дөңгелете бекініс жасаған. Жаугершілік уақытта қазақ ауылдары да осылай «алқақотан отырған». Соғыс кезінде көшпелілердің әскери лагерлері осы әдіспен құрылып, кейде сыртынан топырақ үйіліп, бекініс жасалған. Қорғанудың тағы бір түрі табиғи бекіністерді (тау қойнаулары, үңгірлер, шатқалдар, т.б.) пайдалану. 1643 ж. Андасай бойында жоңғар әскеріне қарсы Жәңгір хан осы әдісті қолданған. Бұдан басқа тастан, балшықтан тұрақты соғылған, сыртынан ор қазылып, су жіберілген бекініс, қамалдар да болған. Көшпелілердің соғыс тәжірибесінде қамал алудың көптеген әдіс-тәсілдері бар. Соның бірі қамалға өрт қою. Ол үшін жебелердің ұшына майлы шүберек байлап, оны тұтатып атқан. Ақмола бекінісін алу кезінде Кенесары сарбаздары осындай отты жебелерді пайдаланған. Тас қамалды алу үшін жер астынан үңгір жол қазу да көшпелілерде жиі қолданылған. Қамал шетіндегі орларға топырақ салынған қаптар тастап, ішке кіретін жол салған, қамал қабырғаларына шығу үшін арқан сатылар жасалған. Ашық майданда шайқасудан гөрі қамал бұзу күрделі болғандықтан, қамал алу және оған алғашқы болып кіру батырлар үшін аса мәртебе, құрметті дәреже саналған. Шаған бойындағы шайқаста жау қамалын бұзғаны үшін Қабанбай батыр «Дарабоз» атанған, ал Көкалажар қамалын алғаны үшін Иман батырды Кенесары «Аяке» деп атаған. К. д. ә. ө. өте күрделі өнер. Оны дамытуға көшпелі халықтардың бәрі де үлес қосты. Соның ішінде қазақ халқын құраған ру-тайпалар осы өнерді жетік меңгерген.

Әдеб.: Толыбеков С.Е., Кочевое общество казахов в XVIII – начале XX века. Степи Евразии в эпоху средневековья, М., 1981; Военное дело древних племен Сибири и Центральной Азии, Новосиб., 1981; Худяков Ю.С., Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии, Новосиб., 1986; Хара-Даван Э., Чингис хан как полководец и его наследие, А., 1992; Ахметжанов Қ.С., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Қ.Ахметжан, Е.Жақытов



КӨШІМБЕК Балықұлы (1850, Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Терісбұтақ а. – 1925, Қостанай обл. Амангелді ауд. Обалы копасы) – би. Кенесары Қасымұлы бастаған 1837–47 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісі қаһармандарының бірі – Иман батырдың немересі. Әкесі Балық арнайы үй салдырып, бала оқытқан. К. ауыл молдасынан сауатын ашқан. Ұзақ жылдар бойы Жыланшық, Қара Торғай, Қайдауыл болыстарының үкімет тағайындаған ресми биі қызметін атқарды. Амангелді Имановты ағалық қамқорлығына алып, оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына үлкен ықпал еткен. 1916 ж. Торғай өлкесінің халқы патша үкіметінің озбырлық жарлығына қарсы қолдарына қару алғанда К. көтерілісшілерден өзін оқшаулау ұстаған. К. жас ұрпақ тәрбиесіне, білім алуына көп еңбек сіңірген. 19 ғ-дың 90-жылдарының ақырында арнайы бастауыш мектеп ашып, онда орысша-қазақша сабақ беретін мұғалім ұстаған. К. би айтыпты деген шешендік сөздер ел арасында көп сақталған. К. бидің мәйіті өз өсиеті бойынша бұрын қорымы жоқ Обалы копасының терістік беткейіне қойылып, басына күйдірілген кірпіштен күмбезді мазар орнатылған. Күмбезді 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің сарбазы Баязит ұста Төлегенұлы салған. Күмбезді тарихи және мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қамқорлығына алынған. К. тұлғасы жазушы Б.Имановтың «Амангелді» романында сәтті бейнеленген.

Әдеб.: Иманов Б., Амангелді, Қостанай, 2003.

Т.Рсаев

КРАУСС Алексис (19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың басы) – Қазақстанды зерттеуші ағылшын тарихшысы. К-тың «Россия в Азии» деп аталатын көлемді еңбегі Шығыстағы, соның ішінде Қазақстан мен Орт. Азиядағы Ресейдің отарлау саясатын зерттеуге арналған. Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатына сын-пікірлерін білдірген К. бұл еңбегінде Қазақстанның климатына, тұрғындарының санына, қалаларына геогр. сипаттама жасай келе, қазақтардың Үш Жүзге бөлінуі, әдет-ғұрпына, шаруашылығына қатысты этногр. мағлұматтар берген.

Ж.Шалғынбай

КРАФТ Иван Иванович (1861–1914) – зерттеуші. Қазақстан туралы материалдар жинаған. «Торғай облыстық хабарларының» бас редакторы, Торғай обл. басқармасының бас

кеңесшісі болған. «Торғай облысындағы басқару, шаруашылық, сот және халық ағарту мәселелері» деп аталатын жинақты (1894) дайындауға қатысты. К. құрастырған «Далалы облыстардағы киргиздар (қазақтар) туралы заңдар жинағының» бірінші бөліміне «Киргиздардың (қазақтардың) орыс бодандығын қабылдауы» деген әдеби деректер бойынша жазылған тарихи очеркі кіретін болса, екінші бөлімі «Далалы облыстарды басқару туралы ережелен» тұрады. Үшінші бөлімінде Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай обл-ндағы қазақтарға қатысты 1731 жылдан 1898 жылдың 2-жартысы аралығында шыққан грамоталар, жарлықтар, заңдар тізімі көрсетіліп, олардың қысқартылған түрі берілген. К-тың өзі өндеген кітаптың бұл соңғы бөлімі қазақ халқының тарихын зерттеуде құнды дерек көзі болып табылады. К. «Ертеректегі киргиздарға (қазақтарға)» қатысты еңбегінде (1900) қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, саяси тарихы, сондай-ақ, Торғай обл-ндағы Торғай, Ырғыз сияқты қалалар тарихы, сұлтандар, тархандар мен билерге қатысты маңызды мағлұматтар беріліп, қазақ даласындағы құлдықты жою туралы сөз қозғалады. К. өзінің «Киргиздардың (қазақтардың) орыс бодандығын қабылдауы туралы» мақаласында қазақтардың шығу тегі туралы баяндай келе Үш Жүзге бөлінуі, ондағы рулардың, тайпалардың аттары аталып, 1731–1865 ж. қазақтардың Ресеймен қарым-қатынасы туралы мағлұматтар берген.

Әдеб.: Потанин Г., Памяти И.И. Крафта //Жизнь, СПб., 1914, №273.

Ж.Шалғынбай

КУЛАГИНО – камал, 18 ғ-дың бас кезінде Жайық өз-нің оң жағасында салынған. Алғашында Кулагинское деп аталды. Орынбор губернаторы Неплюевтің жоспары бойынша орыс үкіметі Орал мен Каспий маңындағы өздері жаулап алған жерлерді сақтап қалу үшін 1743 ж. төм. Жайық бекініс шебін салу туралы шешім қабылдаған кезде К. елді мекені бекіністер қатарына жатқызылды. Бекініс тұрғындары – казак-орыстар күзет қызметін атқаруға міндетті және Ресей мемлекетінің шекарасын көшпелі халықтың шабуылынан қорғауға тиісті болды.

КҮСЕПҒАЛИ (т.ж.б. – 1872/73) – Кіші жүз сұлтаны, Әбілқайыр әулетінен. Орман сұлтанның баласы, Нұралы ханның немере-



сі. К. 1838 ж. балалары Ахметше, Әділгерей, Шәңгерей, Сәлімгерей, Жүсіптермен бірге Жайық өз-нің солт. жағалауында Ресей үкіметіне қарсы Қайыпқали Есімов бастаған ұлт-азаттық күресіне қатысты. К. сұлтан Ресейдің отарлау саясатына наразылық білдіріп, 1868–70 ж. қазақ даласында реформалар жүргізуге қарсы Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне, 1869 ж. күзде Жем өз. бойындағы подполк. Новокрещенов пен фон Штемпельдің тұрақты әскерлерімен болған шайқасқа қатысты. Калмыков уезі бастығының көмекшісі қызметіндегі Сырым батырдың немересі Омар Қазиевтің араласуымен К. сұлтан, оның балалары және немере інілері Қуат пен Шора Сүгірәлиевтер, олармен бірге көтеріліске қатысқан бірнеше адам тұтқындалды. К. балаларымен бірге алғашында бір жарым жыл Орал түрмесінде жатып, кейін әскери комиссияның шешімімен Екатеринославск губ.-сындағы Старосербск деген жерге айдауға жіберілді. К. жолда қайтыс болып, денесі Ростов қ-ндағы бейіттің мұсылмандар жерленетін жағына қойылды. Баласы Ахметше және Қуат, Шора Сүгірәлиевтер Старосербскіде айдауда жүріп қаза тапты. К. сұлтан ұрпақтарының ішіндегі тірі қалғандары Самара губ.-сындағы Жаңаөзен уезінде қалып қойып, тек өмірінің ақырына қарай туған жері – Тайпаққа оралуға рұқсат алды.

Ш.Аманжолова

КҮСЕПҚАЛИЕВ Дәулетше (Дәулетшаһ) (23.8.1874, Орал обл. Калмыков уезі, 2-Өлеңті болысы – 1944) – алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, алашорда қайраткері. Тегі – төре, Нұралы хан тұқымы. К. болыстық орыс-қазақ мектебін және Орынбор гимназиясын тәмамдаған. Императорлық Мәскеу ун-тінің медицина ф-тіне түсіп, оны 1900 ж. үздік бітірді. Қазақстанның батысында дәрігер болып, халық арасындағы жұқпалы дертпен күресті жүргізді, ауруханалар ұйымдастырды. 1917 ж. жылы сәуірде өткен 1-Орал обл. қазақ съезінде Орал обл. қазақ к-тінің мүшесі болып сайланды. 1917 ж. желтоқсанда өткен 2-Жалпықазақ съезінің делегаты. К. Алаш автономиясын шұғыл жариялауды талап етіп дауыс берді. 1918–19 ж. Алашорда үкіметінің Ойыл уәлаятындағы кеңесінің мүшесі болды. Алашорда таратылған соң оның жауапты қызметкерлері қатарында Орынборға ауысты. 1928 ж. күзде «жартылай фео-

дал» әрі бұрынғы Алашорда қайраткері деген айыппен Жетісуға жер аударылды. Алматы, Оңт. Қазақстан, Семей обл.-тарында дәрігерлік қызметтерде болды.

М.Тәж-Мұрат, М.Әбдеи

КІШІ ЖҮЗДЕ ШЕКАРАЛЫҚ БАСҚАРУДЫ ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРУМЕН АУЫСТЫРУ – Ресей отарлық әкімшілік саясатын жетілдіре түсу мақсатында жасалған шара. Негізгі мақсаты – қазақ жеріне казактарды орналастыру, Орта Азияда сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Орынбор казактарын басқару сыртқы істер министрлігі жанындағы Азия департаментіне, Орынбор ген.-губернаторының құрамында жаңадан ашылған Орынбор шекара комиссиясына жүктелді. 1844 ж. Ресей патшасы қазақ даласында сот реформасын жүргізіліп, жазалаушы полицейлік мекемелер енгізілді. Орынбор казактарын басқару туралы 1844 ж. бес жыл мерзімге жасалған ереже ешқандай өзгеріссіз 1868 жылға дейін күшінде болды.

С.Мәшімбаев

КІШІ ЖҮЗДІ БАСҚАРУДЫҢ ДИСТАНЦИЯЛЫҚ (БЕКІНІСАРАЛЫҚ) ЖҮЙЕСІ – шекара маңындағы казактарды басқаруға бағытталған шара. Жайық казактарын басқару ісіндегі дистанциялық жүйе тәжірибесіне (1824–31) сүйенген патша үкіметі бұл шараны Кіші жүзге 1831 ж. енгізеді. Негізгі мақсаты қазақ даласындағы билікті казак-орыстардың қолына көшіру. Бекінісаралық басқару әкімш. казактар арасында тәртіпсіздікті болдырмау, ауылдардағы жағдайды шекара комиссиясына жедел жеткізіп тұруға міндетті болды. 1831–68 ж. арасында Кіші жүз даласында шекара маңынан 31 дистанция ашылған. Олар реттік нөмірмен белгіленіп, әрбір дистанция ауылдарға бөлінді. Дистанцияларға 400–1500 шаңырақ кірген. Мыс., 33-дистанцияда – 324 шаңырақ, 49-дистанцияда – 1547 шаңырақ болған. Олар рулық туыстық жағынан емес, жер жағдайына қарай құрылған жүйе. Патша үкіметіне казактардың жеріне біртіндеп еруге, бекіністер салуға, казак-орыстарды осында орналастыруға және қазақ даласын отарлауға қолайлы жағдай туғызды.

Әдеб.: Мәшімбаев С., Патшалық Ресейдің отарлық саясаты, А., 1994.

С.Мәшімбаев



ҚАБАН батыр (т.-ө.ж.б.) – батыр. Кіші жүздің табын руының тоқберлі атасынан шыққан. Қызылорда обл-ның Жалағаш өңірінде 19 ғ-да өмір сүрген. Қ. 1829 жылдың шілде айында Бұқарбай, Байқадам батырлармен бірге Мысық бидің рухани жетекшілігімен Хиуаның Күмісқорған бекінісін алуға қатысты. Қ. батыр 19 ғ-дың 30–40 ж. қазақ даласында жүріп жатқан Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, ерлік көрсеткен. Сыр сүлейі Нысанбай жырау: «...Атақты ердің бірі едің, Иісің шыққан жұпардай. Аянбай бүгін іс көрсет, Табыннан Қабан, Бұқарбай» деп жырлаған. Қ. батыр Қызылорда обл-ндағы Қарақұм даласында дүние салған.

Әдеб.: Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Атамұра. 1994; Бердәулетов К., Бұқарбай батыр, А., Қазақ университеті, 1992; Жанаев А., Бұқарбай батыр, Қызылорда, Компас, 2007.

Б.Ахметбек

ҚАБЫЛ Ақбайұлы (1883, Қытай, Сауыр тауы – 1953, сонда Сарысүмбе өңірі) – би, тәйжі. Керей тайпасының меркіт руынан шыққан. Мұсылманша оқып сауат ашқан. Кейін Қазан, Уфа қ-ларында шыққан кітаптармен танысып, білімін өз бетінше толықтырған. 1933 ж. өзі оқыған Жәке медресесін қайта салдырып, жанынан жаңаша оқытатын үш сыныптық мектеп аштырған. Шәкірттерге арнап Қазақстандағы Зайсан қ-нан 3000 дана оқулық алдыртқан. Бұл мектеп 1944 жылға дейін Алтай аймағындағы негізгі білім ордасы болып, 200-ге тарта шәкірт тәрбиелеп шығарды. 1944 ж. жазда Оспан батыр көтерілісі кезінде қытай әскерлерінен қашқан Жеменей ауд-ның тұрғындарымен бірге Қазақстанның Зайсан өңіріне келіп қыстады. Сол жылы күзде Қазақстанның сауда халық комиссары Ілияс Омаров Қ-дан Алтайда тұратын қазақ рулары жөнінде көптеген деректер жазып алған. Бұл жазбалардың бір бө-

лігі М.Әуезовтің мұрағатында сақтаулы. Қ. өлеңдері, билік сөздері ел аузында көп сақталған.

ҚАЖЫҒҰМАР Шабданұлы (1924, Шығыс Қазақстан обл. Таңсық а. – 15.2.2011, ҚХР, Шәуешек қ.) – жазушы. 30-жылдардағы ашаршылықта ата-анасымен бірге Қазақстаннан Шыңжаңның (Қытай) Дөрбілжін ауд-на ауып барған. Кейін жергілікті халықтардың мәдени ағарту көтерілісі кезінде Дөрбілжіндегі «Қазақ-қырғыз ұйымына» басшы болды. Алашшыл азамат Мырзасадық Құрманқажыұлының (1942 ж. Шыңжаң үкіметі қамауға алып, тірідей көмген) тәрбиесін көрген. 1944 ж. Үрімшіде оқып жүрген кезінде Шығыс Түркістан көтерілісіне байла-



Қ.Шабданұлы

нысты бірнеше рет түрмеге жабылды. 1958 ж. «оңшыл, ұлтшыл» деген саяси айыппен 20 жылға сотталған (1978 ж. мерзімін өтеп, әрі ақталып түрмеден босаған). 1986 ж. ұлттық дербестікті көздейтін «Үміт» атты партия құрды. Одан кейін «Кеңестік Қазақстанның астыртын ұйымдарымен байланыс жасады» деген айыппен 15 жылға үшінші рет сотталды. 2000 ж. түрмеден шыққанымен, үй тұтқынына алынды. Қ-дың «Сол үшін» деген алғашқы өлеңі 1943 ж. «Малшы» газетінде жарық көрген. 1953 ж. Қытай қазақтарының әдеби журналын алғаш шығарушылардың бірі. Оның есімі жұртшылыққа «Бақыт жолында» атты повесі (1956) арқылы танылды. 1958 ж. сотталуына осы повестегі ашық ойлары себепші болды. Түрме өмірінен жазған «Өгейлер» деген романы «Тарбағатай» журналында жарық көрді (1985). Басқа да шығармалары 1978–86 ж. мерзімді басылымдарда жиі жарияланды. «Қылмыс» атты көп томдық романының әр тарауы «Құдіретті тергеушім, өтірік айтсам тас төбемнен ұрыңыз!» – деп басталатын Биғабыл ат-



ты кейіпкерінің бірінші жақты баяндауымен өрбиді. Тілі уытты саяси мысқылға толы. Шығарманың арқауы – қазақ даласына Кеңес өкіметінің орнауымен басталады да, 30–40 ж. Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысына ұласады.

А.Ахметбекұлы, Е.Зейтханұлы

ҚАЗАҚ – Қазақстан Республикасының жергілікті халқының атауы. Екі жүз жылдай уақыт бойы зерттеушілер «қазақ» терминінің шығу төркінін түсіндіруге және оның семантикасын ашуға әрекет жасауда. Алайда, Қ. сөзін түсіндіретін түпкілікті пікір қалыптаса қойған жоқ. Қ. сөзіне үндес терминдер Қазақстаннан шалғай аймақтардан да кездескен. Ғалымдар Византия императоры Константин Багрянородныйдың (10 ғ-дың орта шені) Кавказдың солт.-батысында жатқан «Казахия елі» деп айтқан мәліметтерін келтіреді (Н.М. Карамзин, А.Вамбери, т.б.). В.Минорский Константин Багрянородный хабарын түсіндіре келе, Касахия деп касогтар айтылатынын дәлелдеді. Қазахия және Қ. халқы атауына зерттеушілер мұсылман дүниесінің жазба деректемелерін де тартты. Мыс., араб тарихшысы Әбу-л-Хасан Әли әл-Масудидің «Өсиет және қайта қарау кітабы» деген шығармасында Кубань өз. маңындағы кавказ халықтары мен тайпаларының атаулары арасында кашак этн. қауымы – эл-касакия жазылған. Неміс шығыстанушысы И.Маркварт бұл екі терминнің бір ғана этнос – касогтардың атауын беретіндігін анықтады. «Повесть временных лет» шығармасында Святослав (965) пен Мстиславтың (1022) касогтармен жүргізген соғыстары туралы мәліметтер бар. Касог термині алғаш 8 ғ-дың аяғы – 9 ғ-дың басында монах Епифанийдің шығармасында ауызға алынады. Касогтар тілі, шыққан тегі, тұрмыс жағдайы және дене тұрпатының ерекшеліктері жағынан қазақтардан және олардың түркі тілдес ата-бабаларынан айырмашылығы күшті. Енисейден табылған 8 ғ-дағы ертедегі түркі ескерткішінен В.В. Радлов «қазғақым оғлым» (менің асырап алған ұлдарым) деген тіркесті оқыған. Сыртқы ұқсастығы жағынан ғана емес, сонымен қатар «қазғақ» және «қазақ» терминдері мәндерінің жақындығы негізінде В.П.Юдин «қазғақым» ұғымындағы «ғ» дыбысының 7–8 ғ-ларда түріктердің ауызекі сөзінде қолданылуы әбден мүмкін, ал кейініректе түсіп қалуы ықтимал деген пайымдау айтты. Бұл көзқарас түркі тілде-

рінің тарихи фонет. заңдылықтарымен үйлеспейтіндіктен, мамандар тарапынан қолдау таппады. Негізінен, ұсынылатын болжамдардың көп жағдайларында салыстыруға келмейтін атаулар салыстырылды. Сонан соң, этнонимдер нақты – тарихи көзқарастардың бүкіл жиынтығында емес, қайта оқшау алып қарастырылды. Соның ішінде этн. құбылыстардың өзі – этностағы уақыт жағынан өзгерістер ескерілмеді. Әдетте, этнонимнің пайда болуы халықтың құрылу уақытымен сәйкес келе бермейді (мыс., қырғыз этнонимі мен қырғыз халқын, түрікмен этнонимі мен түрікмен халқын, русьтер мен орыстарды, т.б. салыстырыңыз). Зерттеу жұмыстарында этноним мен этностың нақты-тарихи жағдайлардағы арақатынасы мәселелерін талдап шешу қажеттігін түсіну барлық уақытта бірдей бола бермейді. Ал, белгілі бір этноним этностың (тайпаның, тайпалар одағының, халықтың, ұлттың) әр түрлі жай-күйін білдіре алады. «Қазақ» сөзінің өзі қыпшақтар мекендейтін аймақта пайда болған деп санауға барлық негіз бар. Бірқатар түркітанушылардың пікірінше, ол бастапқыда Шығыс Дешті Қыпшақта таралған. А.Н. Самойлович уақыты жағынан оны 11 ғ-ға жатқызады. 1245 ж. мамлюктер билеген Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі. Бұл семантика «қазақ» терминіне әлеум. мағына берілген және өз руынан, тайпасынан, мемлекетінен бөлініп шығып, тіршілік құралдарын соғыс істеріне қатысу арқылы тапқан адамдарды білдірген деп санауға мүмкіндік берді және ол қазақшалаңдыру ин-тымен байланыстырылды. «Қазақ» ұғымының пайда болу уақыты 13 ғ-дан ертерек кезге жатады, бұл жөнінде жанама мәліметтер болғанымен, алайда жазбаша ескерткіштерде хронологияны нақтылайтын ешқандай да тікелей деректер жоқ. Қ-қа айналу ин-т ретінде ауқымды, сатылы сипатта болды. Ол түркі тайпалары арасында да, араб шығысының (су'луқ), Шығыс Еуропаның (норвег викингілері), Русь (бродник) және т.б. қоғамдарында да орын алды. Әрбір жағдайда осы әлеум. құбылыстың мәні бірдей болғанымен, терминолог. өзіндік ерекшелігі байқалып отырды. Қ-қа айналу ин-тының сипаттамасы мен жұмыс істеу уақыты Әбу Бәкр Ахмед әл-Хамдани деген араб географының «Китаб ах-



бар әл-Бұлдан» («Өзге елдер туралы әңгімелер кітабы») шығармасында оғыз ханзадасы Балқиқ ибн Жабғудың әңгімесін келтіреді. Автор «қазақ» терминінің синонимі ретінде арабтың «су'лұқ» сөзін алса керек. «Салақа» деген атпен әрекет жасайтындар бәдәуилерде тайпада өзіне орын таба алмаған, сондықтан топтар құрып, талап-тонау арқылы бақытын іздеуге аттанған кедей және алғыр адамдарды білдірген. Терминдер айырмашылықтарына қарамастан, екі түрлі көшпелі қоғамдардағы Қ-қа айналу ин-тының мазмұны жағынан сәйкес келуі аңғарылады. Бірақ, автор арабтың «су'лық» терминінің оғыз синонимін келтірмейді. Оғыздарда мұндай ұғым сол кездің өзінде-ақ қыпшақтар ортасы қабылдап алған «қазақ» термині болуы мүмкін. 13 ғ-да хорасан түрікмендері арасында антропоним құрамында «қазақ» термині ұшырасады. «Данишкеде-и Мақкул у Манкул» кітапханасы қолжазбасы бірінің колофондағы белгіде былай деп жазылған: «Бұл қолжазбаны Біләл ибн Жабрайыл бин Мұхаммед Әли ат-Туркмани әл-Қазақи сатып алған, Хижраның 660 жылы» (1262). Бұл тікелей жеке есімдегі әл-қазақи сөзін, этн. тегін (түрікменнің) көрсететін басқа нисбамен қосарластыра ұштастырылған нисба ретінде қабылдаған жөн. Әл-қазақ терминінің түрікмен этнонимімен ұштастырылуы бұл ұғымның әдеттегідей әлеум. сипаты болмай, қайта этн. сарыны болған деп санауға мүмкіндік береді. З.У. Тоғанның пікірінше, мұнда хорасан түрікмендері қоғамындағы қыпшақ Қ-тарының өкілі айтылып отыр. Рашид ад-Дин Раб-и-Рашидидің хорезм-хорасан жазбасына жататын «Вақфнаме» деген жазбаша құжатында сөзсіз этн. сипаты бар «қазахлу», «қазахлар» атауының кездесуіне қарағанда, бұл аймақта Қ-тар айтарлықтай топ болған. Баяндалған материалдар 9–10 ғ-ларда Шығыс Дешті Қыпшақ қоғамында «қазақ» атауымен әлеум., ал 11–12 ғ-ларда этн.-әлеум. топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда, бұдан моңғол шапқыншылығынан бұрынғы уақытта Қ. этносының қалыптасуы туралы, оның бер жағында қазақ халқының құрылуы жөнінде тұжырым жасауға болмайды. 11–12 ғ-ларда Қыпшақ хандығында этн. процестердің даму барысында Қ. халқының этн. ұйытқысы қалыптасады. Моңғолдардың жаулап алуы қыпшақ тайпалары

ның едәуір топтарын Дешті Қыпшақ шегіне бытыратып жіберді. Қыпшақтардың орын ауыстыруы Қ. терминінің орын алуына және оның әмбебап мәнге ие болуына себепші болды. «Қазақ» сөзі тұтас алғанда алуан түрлі еріктілерді айту үшін қолданылады. Қ. сөзі – ерікті, кезбе, дала рыцары (Ш.Уәлиханов, М.Қозыбаев, т.б.) секілді мән-мағынаға ие. Мұсылман деректемелерінде түркі халықтарында Қ-қа айналу – қазақшылық ин-тының кең таралғаны атап өтілген. 14 ғ-дың басында байырғы дәстүрлер жаңғыру барысында қыпшақ тайпасы ұйытқы болған жергілікті этн. негізде алғашқы ірі мемлекет Ақ Орда құрылды. Оның этн. құрамы жағынан негізінен Қ. халқы болса да, атау ретінде деректемелерде кейінірек жазылып, анықталды. 15 ғ-дың екінші жартысында Қ. халқы құрылған соң, халықтың этногенез үрдісінің күрделі ерекшелігінің бірі болып табылатын «қазақ» атауы этн. маңызға ие болды. Керей хан мен Жәнібек хан 1457–69 ж. аралығында өздеріне қарасты тайпалармен Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Шу өңіріне көшіп барып, жеке Қазақ хандығын құрды. Мұндағы түркі тілдес тайпалар тарихи деректерде алғашқыда «өзбек-қазақ», кейінірек «қазақ» атауымен түпкілікті атала бастады. Орыс империясында казактар аталатын әскери әлеум. топ қалыптасуына байланысты, 17 ғ-дан 20 ғ-дың 30-жылдарына дейін орыс әдебиеттерінде қайсақ, қырғыз, қырғыз-қайсақ, қазақ-қырғыз, киргиз-қазақ деп қасақана бұрмаланып қолданылып, халықтың тарихи атауы аталмай келді. Бұрмалау 1925 ж. Қазақстан Кеңестерінің 5-съезінде түзетілді. 1936 ж. Қазақстанның әкімш.-шаруашылық өзгерістеріне байланысты Қ. сөзі ресми түрде белгіленді.

Әдеб.: Карамзин Н.М., История государства Российского, СПб., т. 5, 1817; Козин С.А., Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г., т. I, М. – Л., 1941; Владимирцов Б.Я., Общественный строй монголов, Л., 1934; Ибрагимов С.К., Еще раз о термине «казах». Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана, А., 1960; Кляшторный С.К., Султанов Т.И., Казахстан. Летопись трех тысячелетий, А., 1992; Қазақстан тарихы, т. 2, А., 1998.

Б.Көмеков

«ҚАЗАҚ» – газет. 1913–18 ж. Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. Басылымның алғашқы нөмірі 1913 ж. 2 ақпанда жарық



көрдi. 1915 жылға дейiн аптасына бiр рет, одан кейiн екi рет шыққан. Бастырушысы – «Азамат» серiктiгi. Газетке қаржылай көмектескендердiң көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмiрi жарық көрген. Газет рәмiздiк-бейне ретiнде киiз үйдi ұсынды. Бұл – қазақ ұлтты деген ұғымды бередi. Оның түндiгi батыстан ашылып, есiгiне «Қазақ» деп жазылды. Мұны түсiндiрген ұлт зиялылары «қазақ iшiне Еуропа ғылым-өнерi таралсын, «Қазақ» газетi қазақ жұртына әрi мәдениет есiгi, әрi сырт жұрт жағынан күзетшiсi болсын» деп жазды. «Қазақ» газетiн шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – А.Байтұрсынұлы, оның өкiлеттi өкiлi М.Дулатов болды. 1918 ж. газеттi Жанұзақ Жәнибекұлы басқарды. Басылымға Ә.Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышбайұлы, Ш.Кұдайбердiұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тiлеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б. қазақтың зиялы азаматтары ат салысып, мақалаларын жариялап тұрған. XX ғасыр басында аталған газет оқығандардың, дiндарлардың, шәкiрттердiң, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Бұдан кейiн пайда болған барша елшiл газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенiнен шықты. Араға 88 жыл салып барып, аталмыш басылымның атын алған бүгiнгi «Қазақ» газетi 2006 жылдан берi қарай үзiлiссiз шығып келедi. Бас редакторы – жазушы Қоғабай Сәрсеке. Бұл жалпы ұлттық басылымның мақсаты – ұлттық мiнездiң, тiлдiң, дiннiң, рухтың өсiп-жетiлуiне, өркендей беруiне үлес қосу.

К.Қошым-Ноғай

ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕСТIК СОЦИАЛИСТIК РЕСПУБЛИКАСЫ (Қазақ АКСР) – 1920–36 жылдарғы кеңестiк автономиялық мемлекеттiк құрылым. 1919 ж. 10 шiлдеде В.И. Ленин «Қырғыз (қазақ) өлкесiн басқару жөнiндегi революциялық комитет құру туралы» декретке қол қойды. Ревком құрамына С.С. Пестковский, Б.Қаратаев, Ә.Жангелдiн, А.Байтұрсынұлы, С.Меңдешов, Ә.Әйтиев, т.б. ендi. 1920 ж. 30 тамызда Бүкiлресейлiк ОАК пен РКФСР ХКК құрамында «Автономиялық Қырғыз (қазақ) Кеңестiк Социалистiк Республикасын құру туралы»

декрет қабылданды. Қазақ АКСР құрамына Ақмола, Семей, Торғай, Орал обл-тары және Каспий обл. мен Астрахан губ-ның қазақтар тұратын аудандары ендi. Астанасы Орынбор қ. болып белгiлендi. 1920 ж. 4–12 қазанда Орынборда Қазақ АКСР Кеңестерiнiң Құрылтай съезi өттi. Оған 273 делегат қатысты. Съезде Қазақ АКСР-дiң ОАК сайланып, ХКК құрылды. 1921 ж. соғыс коммунизми саясатының орнына жаңа экон. саясат енгiзiлдi. 1921–22 ж. жер-су реформалары жүргiзiлiп, 470 мың га-дан аса жер қазақ шаруаларына қайтарылды. Кеңестiк Орта Азия республикаларын ұлттық-межелену нәтижесiнде Жетiсу және Сырдария обл-тарының қазақ аудандары Қазақ АКСР-не қосылды. Патша әкiмш. енгiзген «киргиз» деген атау 1925 ж. сәуiрде жойылып, қазақтар өзiнiң тарихи атын қайтарып алды. Ел астанасы Орынбордан Қызылордаға көшiрiлiп, Орынбор губ. РКФСР-ге өттi. Жаңа әкiмш. бөлiк бойынша Қазақ АКСР құрамына Ақмола, Ақтөбе, Жетiсу, Семей, Орал обл-тары және респ. үкiметке тiкелей бағынатын Қостанай окр. мен Адай уезi, Қарақалпақ автон. облысы кiрдi. 1928 ж. Қосшы одақтары нығайтылып, 300-ден астам ұжымшар (колхоз), 5 кеңшар (совхоз) ұйымдастырылды, губерниялар мен уездер таратылып, округтер мен аудандар құрылды. 1929 ж. 13 округ (Адай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Гурьев (қазiргi Атырау), Қарқаралы, Қызылорда, Қостанай, Кереку (қазiргi Павлодар), Қызылжар (қазiргi Солт. Қазақстан обл.), Семей, Сырдария, Орал) құрылды. 1929 ж. мамырда ел астанасы Алматыға көшiрiлдi. 1929 ж. жаппай ұжымшарға бiрiгу қозғалысы басталды. Ол байлар мен қулақтарды тап ретiнде жою, кеңестiк озбырлыққа қарсы көтерiлiстердi қарулы күшпен басу және көшпелi халықты отырықшыландыру науқандарымен қатар жүргiзiлдi. 1928–37 ж. республикада 1–2 бесжылдық жоспарлары бойынша 200-ге жуық iрi өндiрiс орындары салына бастады. Қарағанды және Алтайдағы кен орындары тез дамыды. Жедел түрде Түрксiб т. ж. iске қосылды. 1932 ж. бұрынғы округтер таратылып, орнына 6 облыс (Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Оңт. Қазақстан, Шығыс Қазақстан) құрылды. 1936 ж. КСРО-ның жаңа конституциясы бойынша Қазақ АКСР-i одақтас республикаға айналды.

Е.Жақытов



ҚАЗАҚ АУЫЛЫН КЕҢЕСТЕНДІРУ – Қазан төңкерісінен кейін қазақ ауылдарында жүргізілген саяси-әлеуметтік шара. Ол жергілікті жерлердегі қазақ ауылдарында коммунистік билік орнатуды мақсат етті. Қазақ ауылдарын басқару кеңестері құрылып, билікке қазақ кедейлері тартылды, ескі тәртіп тұсында оқығандар, ауыл байлары мен орташалары биліктен шеттетілді. Бұл үрдіс Қазақстанда Кеңес өкіметі орнасымен-ақ, барлық аудандарда жаппай жүргізіле бастады. Қ. а. к. аса ауыр жағдайда өтті. Азамат соғысы жылдарында әскери коммунизм саясатына қарсы жергілікті жерлерде жиі-жиі бас көтерулер болып тұрды. Осыған байланысты Кеңес мүшелері айрықша жасақтарға (ЧОН) тартылды. Жаңа экон. саясатының енгізілуіне байланысты 1922 жылға қарай көтерілістер басылды. 1921 ж. қазанда өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық 2-съезінде ауылдағы кеңестер мәселесі қаралды. Жергілікті кеңестер 20-жылдардың бас кезінде Жетісу мен Сырдария обл-тарындағы, Орал мен Семей губ-ларындағы жер-су реформаларына белсене араласты. 20-жылдардың 2-жартысында республикада саяси жағдай күрт өзгерді. Ауылдық кеңестер 1926–27 ж. егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу ісіне, 1928 ж. ірі байлардың дүние мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару науқанына белсене араласты. Қазақ ауылдары өз ішінде жікке бөлініп, байлар мен кедейлер арасында бітіспес күрес басталды. Тап күресі шиелінісіп, байлар мен олардың жақтастарының өз ортасынан шеттетілуімен, саяси қуғын-сүргінге ұшыратылып, жер аударылуымен аяқталды, қ. *Кәмпескелеу*.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА АҒА СҰЛТАНДАР САЙЛАУ ТӘРТІБІ – патша үкіметі жүргізген саяси-әкімшілік шара. Ол Қазақ елінің мемлекеттілігін біржолата жоюды мақсат етті. Абылайдың ұлы, Орта жүз ханы Уәли қайтыс болғаннан кейін (1819) Ресей үкіметі жаңа хан сайлатпай, қазақ даласында хандық басқару жүйесін жоюды көздеді. Мемл. кеңес мүшесі М.М. Сперанский жасаған «Сібір қазақтары туралы жарғы» бойынша Орта жүз бен Ұлы жүз жерлерінің Ресейге қараған бөлігі Сібір қазақтары облысы атанып, басқару орт. 1839 жылға дейін Тобыл қ-нда, ал 1839 ж. Омбыда орналасып, жаңадан құрылған Батыс Сібір ген.-губернаторлығы құрамына қосылды. Сөйтіп, қазақ еліне бас-

қарудың ресейлік жүйесі енгізілді. Жарғы бойынша Орта жүз Көкшетау (1824), Қарқаралы (1824), Аягөз (Сергиополь (1831), Атбасар (1848), т.б. окр-терге (дуан) бөлінді. Окр-терді әр үш жыл сайын сайланып отыратын аға сұлтан мен оның орынбасары және 2 қазы басқарды. Аға сұлтандар мен оның орынбасарлары алғашында тек төрелерден сайланғанмен, келе-келе Шоң, Шорман, Құнанбай секілді әйгілі билерден де тағайындалды. Әр окр. 15–20 болыстан, болыстар 10–12 ауылдан тұрды. Әрбір 50–70 үй бір ауыл болып белгіленді. 1824 ж. Кіші жүзде де хандық билік жойылып, орнына әкімш. 3 бөлік құрылды. Бұларды сұлтан-әкімдер басқарды. 1831 ж. Кіші жүзде дистанциялық басқару енгізіліп, Батыс бөлік 8, Орт. бөлік 20, Шығыс бөлік 28 дистанциядан тұрды. 1867–68 ж. Уақытша ереже бойынша дуандар таратылып, орнына облыстар құрылды.

Қ.Исабай

ҚАЗАҚ ДЕРБЕС АТТЫ ӘСКЕР БРИГАДАСЫ – Жетісуда құрылған әскери бөлім. Түркістан майданы басшыларының шешімімен 1920 ж. 5 ақпанда қазақ жігіттерінен құрылды. Бригада жауынгерлері 1920 ж. көктемде Солт. Жетісу майданына жіберіліп, ақ гвардия атамандары Анненков пен Дутов әскерлеріне қарсы соғысты. Солт. Жетісу майданы жойылып, ақ гвардияшылар Қытай шекарасынан асып кеткеннен кейін бригада таратылды.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ – Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар. Қ. д. сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орт. Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі бүкіл дүние жүзіне тараған. Қазақстанмен іргелес шет жұртта қалың шоғыр күйінде қалған және шалғай аймақтарда шашырап жүрген Қ. д-ның жалпы саны 5 млн-нан асады. Шет елде болса да, өз ата мекендерінде тұрып жатқан ирредент Қ. д-ның, яғни Қазақстанмен іргелес, шектес, түрлі тарихи кезеңдерде одан зорлық-зомбылықпен тартып алынған, қилы замандардағы түрлі саяси айла-шарғы, белден басқан қиянат салдарынан Ресейге, Қытайға, Өзбекстанға қосылып кеткен ата мекендерде тұратын қазақтардың ұзын саны 5 млн-ға жуық. Ал шалғай жерлердегі бытыраңқы диаспора 0,5 млн. адам. Қ. д. шоғырлы диаспораға жатпайды. Батыс Еуропаның реципиент-елдеріндегі жә-



не АҚШ-тағы этн. қазақтар топтасып тұрмайды. Бірақ Шығыс елдерін (Түркия, Иран, Ауғанстан) мекендеуші қазақтар анағұрлым шоғырланып мекендеген. Бұған олардың бірлесіп тұру тілегі ғана емес, сонымен бірге реципиент-елдің олар жөнінде жүргізген саясаты да ықпал еткен. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігінен қанға сіңген тамаша бейімделгіштік, жерсінгіштік, алғырлық қабілет-қасиеттерінің арқасында Қ. д. жартылай этн., мультимәдени, мульти-діни құрылымды елдерде жергілікті тіршілікке бейімделіп кете алды. Өздері тұрып жатқан аймақтарда этн. азшылық болғандықтан, сол елдің саяси құрылымында Қ. д-ның айтарлықтай салмағы жоқ. Қ. д-ның қалыптасып, дамуына қатысты саяси себептер: 18 ғ-дағы жоңғар-қазақ соғыстары, қазақтардың Ресей үстемдігіне қарсы 18–19 ғ-лардағы ұлт-азаттық көтерілістері мен соғыстары, патшалық билік барысында Қазақстанда Столыпіннің агр. саясаты, Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, елде кеңес өкіметінің орнауы және азамат соғысы, ұжымдастыру кезеңінде қазақтарға қатысты жүргізілген геноцидтік саясат, Шығыс Түркістандағы (Шыңжаңдағы) қазақтардың қытай өкімет орындарына қарсы ұлт-азаттық күресі, 2-дүниежүз. соғыс; экон. себептер: Ресейге қосылғаннан кейін және кеңестік ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда шаруашылық жүргізудің дәстүрлі көшпелі жүйесінің күйреуі, 1960–90 ж. Батыс Еуропа мен Америка елдеріне еңбек көші-қоны, кеңестік жүйе күйрегеннен кейін нарықтық қатынастарға көшу жағдайындағы өтпелі кезеңде Қазақстан экономикасында орын алған уақытша тұрақсыздық; діни себептер: патшалық және кеңестік билік кезеңдерінде мұсылмандардың тәуап ететін қасиетті жерлері болып саналатын Мекке мен Мәдинаға діндарлардың хажылық сапармен баруының қиындауы, әсіресе, кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңдерінде дін басыларының: имам, қожа, молда, ишандардың, тақуа діндарлардың қуғынға ұшыратылуы, дін жолын ұстаушылардың, тіпті дінге сенушілердің қыспаққа алынуы. Қ. д-ның ата жұрттан ығысып сыртқа ауа бастаған тарихи ұзақ ағыны «ақтабан шұбырынды» кезіндегі жаугершілік-шапқыншылықтан басталды. 1723 ж. солт.-шығыстан баса-көктеп кірген жоңғар

шапқыншылығынан шегінген бейбіт көшпенді шұбырындылар оңт.-батысқа қарай ауып, қазіргі Орта Азия жеріне тереңдей енуге мәжбүр болды. Шапқыншылықтан қатты күйзелген қазақтың шашырап және өзара араласып кеткен ру-тайпалары Ташкент маңында жасанды құрамалар түрінде қайта құрылып, сол аймақтарда қалып қойған. Бүгінде құрамалар қазақ-өзбек арасында қалған ирредент-маргиналдар болып саналады. Олардың өмір тіршілігі аз зерттелген. Тамды аймағында, Мырзашөлде, Шыршық бойында қазақтар ежелден-ақ тұрып келген. Қ. д-ның әрі қарай кең жайылуына отаршылдық тікелей әсер етті. Алдымен, Еділ мен Жайықтың жағасынан, кейін Есіл мен Тобылдың бойынан және Ертіс өңірінен зорлықпен қуылып, сарытабан сүргін болған көшпенді қазақ тайпалары солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай жөңкіле көшкен. Отаршылдық тудырған үркіншілік кезеңі шамамен 1650 жылдан 1916 жылға дейін жалғасып келді. Қытай мен Моңғолияға қарай қазақ жұртының үркіншілігі, әсіресе, азамат соғысы жылдары кең өріс алды. Саясаттан бейтарап момын халық шетке қарай ақ гвардияшылар келгенде бір ығысса, қызыл әскерлер келгенде тағы жөңкілді. Алты жылға созылған (1916–21) ұлт-азаттық көтерілісі мен азамат соғысы жылдарында ата мекенінен 200 мың адам көшіп кеткен. Ал кеңестік дәуірдегі әміршілдіктен туған асыра сілтеу жылдары (1930–34) 1,9 млн. қазақ шет жұртқа үдере көшті. Ирандағы қазақтар қазіргі Маңғыстаудан ауып келсе, Моңғолиядағы қазақтардың соңғы көші Сібірге барып паналағандар. Қазақстанның солт.-нде қызылтабан болған қазақ жұрты екінші рет бас сауғалап Қытайға бет алған. Қызыл қырғыннан қашқан қазақтардың ұрпақтары сондай-ақ Қарақалпақстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстанға, Иран мен Ауғанстанға ауып барған. Қазақстан дүниежүз. қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болып отырған қазіргі жағдайда Қ. д-ның, ҚР мен біздің отандастарымыз мекендейтін елдердің өзара қатынастары мен байланыс мәселелері мемлекетаралық деңгейде өткір қойылып отыр. Қ. д. біздің мемлекетіміздің қазақтар тұратын елдермен сыртқы саясатының маңызды бөлігіне айналды. Қазақстанда «Халықтың көші-қоны туралы заң» (1999) қабылданып, шет аймақтардағы қандастары-



мыздың ата жұртына – тарихи Отанына көшіп келу үрдісін реттеу ісі қолға алынды. Оралмандарды атажұртқа көшіріп әкеліп, жаңа жағдайға жерсіндіру, оларға әлеум.-саяси жағдай жасап, қоғамдық, экон., әлеум. өмірге тарту мәселелерін ұйымдастыру мақсатында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Көші-қон және демография жөніндегі агенттік сияқты мемл. және беймемл. мекемелер құрылған.

М.Тәтімов, Г.Меңдіқұлова

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БАТЫРЛАРЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ ҚАУЫМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚУАТЫ. Батырлар және олардың атқарған қызметі қазақ көшпелі қоғамында ертеден бастап айрықша маңызды болды. Батырлар ин-ты мәселесін арнайы ұстаным ретінде зерттеуге бірнеше негіз бар. Біріншіден, батырлар ин-ты тарихи ұзақ уақытты қамтиды. Екіншіден, батырлар қоғамда маңызды саяси, әлеум., экон. рөл атқарды. Үшіншіден, батырлар қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен сақталуына қызмет етті. Ерте орта ғасырларда көбінесе ертегі мен жырлардағы аңыздық батырларды көрсек, кейінгі орта ғасырларда, жаңа заман тарихы тұсында, әсіресе, 18 ғ-да нақты тарихи тұлғалармен кезігеміз. Батырлар ин-ты елдегі тарихи жағдайларға байланысты қазақ дәстүрлі қоғамында аса маңызды қызмет атқара бастайды. Елдің саяси құрылымын, ел азаттығын сақтап қалу мүддесі батырларды бір мақсатқа жұмылдырды. Батыр атағын ақсүйек және қарасүйек өкілдері де қоғамдық дәрежесіне карамастан бірдей иелене алатын, әрі батырлар 17–18 ғ-лардағы сыртқы фактордың күштілігінен, қоғамдық қатынастарда басымдылыққа ие болды. 18 ғ-дың I-жартысындағы аласапыран кезеңде ел тәуелсіздігі жолындағы күресінде көптеген батырлар тарихта өз іздерін қалдырды. Олардың қатарында өмірі мен жасаған істері толықтай зерттелініп, ұрпаққа мәлім болғандары да, әлі де белгісіз есімдер қатарында қалып қойып жатқандары да бар. Сондай ерлердің арқасында қазақ халқы, «түгін тартса, майы шығатын» кең-байтақ Отанына ие болып, жерінің бір адымын жауға бермей, сақтай алған. Жерін, елін қорғауда ұлы күрестер жүргізген, ерлік даңқы елге жайылған батырларды, ұлы қайраткерлерді шығарған. Жаугершілік замандағы батырлар қара күшке ғана сүйенбей, небір әскери әдіс-тә-

сілдердің де білгірі болған. Ортағасырлық Еуропа саяхатшыларының кітаптарында шығыстық салтаттылардың суды бөгетсінбейтіні егжей-тегжейлі сипатталған. Жауынгерлерімен бірлесе жасанды өткел тұрғызып, дұшпанды тұтқиылдан басқан батырлардың аты аталады. Байырғы заманнан белгілі батырлар ин-тының қазақ даласында шарықтау шыңына жеткен, аса пәрменді әлеум.-саяси күшке айналып, барлық мәнді белгілері мен қасиеті жарқырай ашылған тұсы 15–18 ғ-лар. Осы кезеңдегі ішкі және сыртқы факторлар қазақ қоғамындағы батырлардың саяси, әлеум. мәртебесінің күшеюіне ықпал жасады. Сондықтан да ел басына күн туған сәтте саяси басымдылық батырлар қолына өтті. Батырлар қазақ билеушілері мен көрші елдердің әміршілері арасындағы қарымқатынастарды шешуде дипломат рөлін де атқарды. Ел аузындағы әңгімелер, дастандар, жыраулардың мәтінінде батырлардың толық тарихи миссия атқарған кезеңі ретінде 18–19 ғ-лар атап көрсетіледі. Бұл – жоңғарлардың жойқын шапқыншылығына ұшыраған қазақтардың жер бетінен жоғалуға шақ қалған, Қабанбай, Бөгембай, Райымбек, Есет, Алтай, Әжібай, Алыбай, Арыстанбай, Жездібай секілді батырлар мен ақыл-ой иелерінің қайратымен бас біріктіріп, қатерлі дұшпанды кері қуған, Ресей мен Қытай империяларының Қазақстанға сұғына кіруіне барынша қарсыласқан жылдар. Батырдың батырлығы жаулаумен емес, елін, жерін дұшпаннан қорғаумен, азаттық үшін күресумен паш етілген. Даланың ауыз әдеби мұралары мен батырлық жырларында қай батыр қандай тұғырға лайық екені анық сипатталған. Мәселен, Бұқардың, Тәтіғараның, Үмбетейдің мұрасында жекелеген шайқастардың ғана емес, қазақ-жоңғар соғысының барысын өзгертіп, нәтижесін анықтауға үлес қосқан қолбасшылар ретінде Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек, т.б. есімдері айтылады. Бұлар қазақ-жоңғар соғысының барысында батырлықтың бар сатысынан өтіп, кейін мемлекет қайраткері ретінде көзге түсті. Олар, сонымен қатар, Әбілқайыр мен Абылайдай қаһарлы билеушінің ақылмандары, стратегиялық шешімге ықпал етушілері, сұхбаттастары болды. Екіншіден, ұлы батырлар санатына қосылған тұлғаның өзгеше әлеум.-кәсіби болмысын айғақтайтын деректер аз емес. Үшіншіден, нақты ахуалға қарай ұлы батырдың



өкілеттігі мен атақ-даңқы хандікінен де биік тұрған немесе ханның атағын билеушілік қабілет-қарымынан гөрі ұрыс даласындағы қолбасшылық таланты шығарған. Тарихшы К. Есмағамбетов: «Батырлар институты – қазақ мемлекеттілігімен бірге жасасып, қалыптасқан, күрделі эволюциялық даму жолын бастан кешірген ерекше құбылыс. Ол – халықтың қорғаны, айбары мен ар-ұяты. Қазақ халқында бағырдың туы астында табыла білу – әрбір қазақ жігітінің ар-намысын қозғайтын ежелден келе жатқан дәстүр», – дейді. Батырларды қазақ халқының ұлы перзентіне айналдырған күдірет – олардың бар тағдырының азаттық үшін күреске, төл мемлекеті мен ұрпақтарының болашағын аяқбай қорғауға арналғандығында. Олардың саналы өмірі ұлт мүддесіне, ұлтты қалтқысыз сүйеге бағышталды, осынысымен туған халқының мәңгі махаббатына бөленді. *Әдеб.*: Назарбаев Н., Тарих толқынында, А., Атамұра, 1999; Қайырғалиева Г., Қазақ қоғамындағы батырлар институты және Бөкенбай батыр әулеті. «Ш Махамбет оқулары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Орал., 2010; Есмағамбетов К., Батырлар тарихы-рухани байлығымыз, Қазақ тарихы., 2007, №4; Шалекенов У. «Азаттықтың қадірін білген елміз», Қазақ тарихы, 1996, №6; Дәуітбекова М., Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты, Қазақ тарихы., №6, 2009;

С.Есқалиев

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ, Қ а з а қ и н т е л л и г е н ц и я с ы, Дәстүрлі қазақ қоғамында алғашқы зиялы қауым өкілдері ақын-жыраулар, шешен-билер, абыздар, т.б. болды. Олар өз кезеңінде ел билеушілерге сенімді кеңесшілер бола білді. Асан Қайғыдан Бұқар жырауға, онан Абайға дейінгі қазақ ойшылдары мен ақындары қазақ қоғамының ақыл-ойының негізін қалады. 19 ғ-ға дейін қазақ қоғамындағы білім беретін мекеме – діни медреселер болды. Онда діни сабақтармен қатар аздап ислам философиясы, астрономия, тарих, тіл, медицина, математикадан да мағлұматтар берілді. Оқу мерзімі 3–4 жылға созылды. Кейбір діни қайраткерлер Бұхара, Стамбұл, т.б. қалаларға барып білім алды. 1786 ж. Омбыда Азия мектебі, 1789 ж. Орынборда үкіметтік мектеп ашылды. 19 ғ-да олар кадет корпустарына айналды. Тұңғыш қазақ мектебі 1841 ж. Бөкей ордасында ашылып, онда орыс тілі,

шығыс тілдері, математика, география, ислам діні оқытылды. 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ халқы толығымен Ресей отарына айналды. Патша өкіметі жергілікті тұрғындарды басқаруға өздеріне көмекші мамандарды даярлау мақсатында жер-жерде «орыс-түзем» мектептерін аша бастады. Осы орыс және мұсылман мектептерінің түлектері арасынан алғашқы Қ. и. өкілдері: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, М.-С. Бабажанов, Қ. Халиди, М. Шорманов, Ш. Құдайбердіұлы, т.б. шықты. Олар қоғам жаңалықтарын қабылдай отырып, отаршылдыққа, рулық-патриархалды артта қалушылыққа бағыт түрде қарсы болды. Қазақ қоғамын зерттеп, оған озық идеяларды енгізуге тырысты. 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ баспасөзі пайда болды. Тұңғыш қазақ газеті – «Түркістан уәлаяты» газеті 1870 ж. 28 наурызда дүниеге келді. Петербургте, Казанда, Орынборда, Ташкентте, Семейде қазақ кітаптары басылып шыға бастады. 1911 ж. алғашқы қазақ журналы «Айқапты» шығару қолға алынды. Ол «Қазақ» (1913 – 18) газетімен бірге қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін жаза бастады. Ішкі Ресейдегі демокр. ой-пікірлердің әсерімен 20 ғ-дың бас кезінен бастап Қ. и-ның екінші буыны (Ә. Бөкейхан, Б. Қаратаев, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақбаев, т.б.) өздерінің саяси бағыттарын айқын танытты. 1905 ж. қазанда олар Орал қ-нда 5 қазақ облысы делегаттары съезін өткізіп, ұлттық мүддені көздейтін партия құруды қарастырды. Онда кадет партиясының бағдарламасы мақұлданды, оған қоса қазақ жерін тұрғылықты халықтың меншігі ретінде тану, орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтату, қазақ тілін басқа тілдермен теңестіру, ұлттық мектептер ашу, дін еркіндігін жариялау, мешіттер салу, т.б. талаптар қойылды. Қ. и-ның беделі өсті, олардың арасынан I-Мемл. думаға 4-депутат, II-Мемл. думаға 5 депутат сайланды. Ол депутаттар кадет және мұсылман фракцияларына кіріп, қазақ халқының мүддесін қорғады. 1917 жылғы төңкеріске дейін толық емес мәлімет бойынша Қазақстанда 3 мың мұғалім, 590 а. ш. маманы, 244 дәрігер, 393 орта дәрежелі мед. қызметкерлері, т.б. болды. Азамат соғысы жылдарында олардың саны азайып кетті. Мыс., 1919 ж. бүкіл Қазақстанда бар болғаны 33 дәрігер және бірнеше роталық фельдшер ғана қалды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін



ескі интеллигенцияны пайдалану барысы, оның социализм жағына өтуі ұзаққа созылды. Бүкілодақтық ОАК 1919 ж. 4 сәуірде «Алаш» партиясының және Алашорда үкіметінің жетекшілеріне кешірім жариялады. Ескі интеллигенцияның өз мамандықтары бойынша жұмысқа қайта кірісуі ұзақ уақыт бойы аңсаған бейбітшіліктің орнауына, жаңа экон. саясаттың енгізілуіне, екі соғыстың салдарын ойдағыдай жеңуге игі ықпал жасады. Өлкелік партия ұйымының басшылығына 1925 ж. Қазақстанға арнаулы нұсқаулар алып келген Ф.И. Голощекин саяси қуғын-сүргінді тіпті асқытып жіберді. Өйткені оның дем берушісі де, қолдаушысы да большевизм көсемдері еді. Бұған И.В. Сталиннің БК(б)П Қазақ өлкелік к-ті бюро мүшелеріне 1925 ж. 29 мамырда жолдаған хаты толық дәлел болады. Хатта: «Менің жақында «Ақжол» журналымен танысуыма мүмкіндік туды. Осыған байланысты мен ақгвардияшылар баспасөзіндегі Шоқаевтың мақалаларын еске түсірдім де, осы мақалалар мен «Ақжол» журналының рухани «бірлігін» көргенімде төбе шашым тік тұрды... Советтер елінде мұндай сынға жол берілмеуі керек. Дереву шара қолданылсын! Мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдандағы күреске араласуына біржолата қарсымын» делінген. Осы талапқа орай 1926 ж. БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің III пленумында басшылық қызметтердегі қазақ коммунистері дөрекі сынға алынды. Кешікпей бұл сын жалпы қазақ зиялы қауымына қарсы ашықтан-ашық қудалау мен айыптауға ұласты. 20–30 ж. жоғары мектептің сан жағынан өсуі мамандар қатарының толығы мен қазақ зиялыларының қалыптасуына шешуші ықпалын тигізе алмады. Өйткені, біріншіден, Қазақстанның жоғары оқу орындары мен техникумдары әлі шағын болатын, екіншіден, мамандарға сұраныс оларды даярлап шығару мүмкіндігінен көп артық еді. Соның салдарынан мамандар істейтін қызметке жұмысшылар мен шаруалар ұсынылды. Олар үшін көптеген қысқа мерзімді курстар ашылды. Жұмысшылар мен шаруаларды жаппай ой еңбегі саласына көшіру Қ. з. қ-ның сан жағынан өсуіне алып келді. 1926–39 ж. Қазақстанда ой еңбегімен шұғылданып отырғандардың саны 7,9 есе, 54 мыңнан 429,8 мың адамға дейін өсті. Алайда бұл респуб-

ликада оның өз интеллигенциясы қалыптасты деген сөз емес еді. Олардың едәуір бөлігінің тиісті білімі болмады. Маман қазақтардың үлес саны аз болды. 1939 ж. қазақтардың арасында интеллигенттердің саны 8%-ға ғана жетті. Әсіресе ауылдық-селолық жерлерде маман кадрлар жетіспеді. Ой еңбегі қызметкерлерінің арасында әйелдер мүлде аз еді. 1937–38 жылдардағы нәубет Қ.з.қ-ның қалыптасуына ауыр зардабын тигізді. Соғыстың кейінгі кезеңде маман кадрларды даярлауға жоғары және орта арнаулы оқу орындары шешуші үлес қосты. Тек 1945–57 ж. ғана Қазақстанның жоғары оқу орындары 43,5 мың маман даярлады, олардың 16,5 мыңы қазақтар болды. Көптеген жас мамандар одақтас республикаларда білім алды. 1960–77 ж. аралығында Қазақстанның халық ш-нда жұмыс істейтін жоғары және орта арнаулы білімі бар маман қазақтардың қатары 5 есе дерлік (65,3 мыңнан 315,7 мыңға дейін) өсті. 60 – 70-жылдары қазақтың ұлттық интеллигенциясы толық қалыптасты (1959 ж. 16% болса, 1970 ж. 25,1%-ға жетті). 70-ж. республикадағы ой еңбегі қызметкерлерінің құрамында қазақтар 30%-ға дейін өсті. 1985 ж. сәуір пленумынан кейін КСРО-да қайта құру басталды. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі қоғамдық сананың оянуына үлкен әсер етті. 80-жылдардың аяқ кезінен бастап Қ. и. өзінің саяси қызметін жандандырды. Қуғын-сүргінге ұшыраған зиялы қауым өкілдері ақтала бастады. Тарихтағы «ақтаңдақтарды» зерттеп, насихаттау («Әділет» тарихи-ағарту қоғамы) қолға алынды. Қазақ тілін қайта түлету көкейтесті мәселеге («Қазақ тілі» халықар. қоғамы) айналды. Қ. з. қ. экология мәселелерімен («Семей-Невада», «Арал мен Балқашты қорғау», т.б. қоғамдар) белсенді түрде айналысты. 1991 ж. желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ақын-жазушылардың, ғалымдардың талабымен қазақ тілі конституциялық мәртебе алып, мемл. тіл деп жарияланды. Қазақтардың дүниежүз. құрылтайының шақырылуы республиканың мәдени өміріндегі аса ірі оқиға болды. Шет елдердегі белгілі қазақ ақын-жазушылары, ғалымдар, суретшілер, саясаткерлер, іс адамдары, т.б. өз атажұртымен тығыз байланыс орната бастады.

М.Қойгелдиев

**ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ҮШІН КҮРЕСІ.**

Патша өкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты 20 ғ-дың басында бұрынғысынан да күшейе түсті. Отаршылдардың бұратана халықтарға байланысты жүргізген шовинистік саясаты, соған орай еңбекшілер жағдайының, әсіресе жер мәселесі бойынша ауырлауы, қарапайым халықтың құқығының болмауы, езілуі, басқарудың ұйымдастырылу сипатының халыққа қарсы болуы және т.б. қазақ елінің сол кездегі зиялы қауымының наразылығын тудырды. Бұл туралы М. Дулатов «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында: «Ресейге тәуелді қазақ халқының ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады. Чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып алып, ойына не келсе соны істейді. Енді олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға ауыз салуда. Жер ауып келген мыңдаған мұжықтар қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда», – деп жазды. Ресейдің мұндай отаршылдық саясатына шыдамаған 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялылары оған қарсы күреске шықты. Соның жарқын бір белгісі – 1905 ж. Орал қ-нда Ә. Бөкейхан, Дулатов, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалиев, Б. Сыртанов сияқты қазақ интеллигенциясы өкілдерінің «бес облыстық делегаттар съезі» аталған бас қосуда жасаған «Қазақ конституциялық демократиялық» партиясын құру жөніндегі әрекеті. 1907 ж. наурызда Петербургте Ш. Қосшығұлов пен А. Ибрагимовтардың басшылығымен қазақ тілінде тұңғыш бейресми «Серке» газетінің бірінші және соңғы саны шықты. Кейінірек «Қазақстан», «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналы және т.б. басылымдар жарық көрді. 1917 жылдың ақпанында Ресейде буржуаз.-демокр. революция жеңіске жетіп, патшалық билік құлады. Енді саяси партиялар құруға мүмкіндік туып, митингілер, шерулер ұйымдастыру, сөз, баспаөз және т.б. бостандықтарға жол ашылды. Осыған орай Бөкейхан: «Жаңарған Ресейдің азат азаматтары – казактарға» деген үндеуінде «жаңа құрылысты және үкіметті қолдау үшін ұйымдасу қажет. Жаңа құрылысты қолдаған барлық ұлттармен бірігіп жұмыс істеу керек, біздің ұранымыз – демократиялық республика және мал шаруашылығынан әрі егіншіліктен кім табыс алып жатса – жер сонікі», –

деді. Сол дәуірдегі уақыттың өзі қазақ қоғамы алдына қойған ең маңызды мәселе Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының қоғамдық күрестегі негізгі мақсаты – елдің азаттығын қорғап қалу, сол үшін ұлттық мемлекет құру еді. Бөкейханның қазақ еліне автономия берілу мәселесін қойып, мұны орыстың конституциялық-демокр. партиясы қолдайды деген үміті ақталмады. Уақытша үкімет ұлттық-мемл. құрылыс, жер, дін сияқты негізгі саяси-әлеум. мәселелерді түбегейлі шешпей, бұрынғы патша үкіметінің саясатын одан әрі жүргізе берді. Сондықтан, Бөкейхан кадет партиясынан қол үзіп, ұлттық-саяси партия ұйымдастыруға кірісті. Бұл Бөкейханның «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген ашық хатында «Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық. Мен сонан соң «Алаш» партиясын ашуға кірістім», – дейді. Осыдан кейін қазақтан шыққан тоғыз өкілге бас болып Бөкейхан Томск қ-нда өткен Сібір автономистерінің съезіне қатысады. Съезде ұлт зиялылары және қазақ халқының арманы орындалғандай болып, болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясын құру шешіледі. Ұлттық мемлекет құру Бөкейхан пен бурж.-демокр. бағыттағы интеллигенция өкілдерінің түпкі мақсаты болды. 1917 ж. 5 наурызда Уақытша үкімет жергілікті органдарын құру қаулысын шығарды. Осыған орай 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында обл. және уездік қазақ съездері өтіп, ұлттық к-ттер жүйесі құрыла бастады. Бұл съездерде қаралған мәселелер демокр. сипат алып, ел өмірінде үлкен тарихи кезең болды. Тарихшы А.К. Богачев: «Бұл съездер халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің көрінісі болды және сонымен бірге халықтың өзін-өзі басқару, ұлттық өкімет құру, отарлау саясатының тоқтатылуы, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру т.б. үміттерінің көрінісі болды», – деп жазды. Осы жылы Торғай обл. казактары өкілдерінің съезі болып, онда: «Бүкіл қазақ халқын біріктіру, оның мұқтаждарын анықтап, шешу үшін жалпы қазақ съезі шақырылсын. Бұл үшін ерекше ұйымдастыру бюросы құрылсын» деген шешім қабылданды. Съезд бюро құру туралы қаулы алды. Оның басшысы болып Бөкейхан мен Байтұрсынұлы бекіді. Бұл бюро 1917 ж.



24 маусым күнгі «Қазақ» газетінде съездің күн тәртібіне қойылатын мәселелер жөнінде өз көзқарастарын жазып, ел талқысына салды. Съезде қаралатын басты мәселе – мемл. дербестік мәселесі болды. Бюро мүшелері болашақ ұлттық автономия қандай болмақ, оның мазмұны мен мәні неде, қазаққа тиімдісі мемл. автономия ма, әлде уәлаяттық автономия ма? Бұл екеуінің арасындағы айырмашылық: мемл. автономия болса – өз думасы болмақ, өзіне керек заңдарды сол думада шығармақ, ақшасын өзі жасамақ, бүкіл шаруашылық ісі, темір жол, пошта, телеграф сияқты істерінің бәрі өзінде болмақ. Өз алдына әскер ұстамақ. Бір сөзбен айтқанда, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Тек шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемл. автономияда уәкілі ғана тұрмақ. Уәлаяттық автономия болса – оның өз алдына ақшасы, темір жолы, пошта, телеграф, әскері болмайды, жалпы мемл. думаға уәкілдерін жібереді. Өз думасы сол жалпы мемл. думада шыққан заңға қайшы келместей заңдарды шығаруға ықтиярлы болады. Жер-судың билігі жалпы мемл. қолында болады деп бюро мүшелері автономияға түсінік берді. Бірінші Бүкілқазақ съезі 1917 ж. шілденің 21–26-сында Орынбор қ-нда өтті. Съезде ең өзекті деген мәселелер қаралды. Ең бастысы ұлттық саяси «Алаш» партиясы құрылды. Мемлекетті билеу түрі бойынша съезде Байтұрсынұлы мен Дулатов «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін» құрғанды жөн көрді. Ал, Бөкейхан «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-аумақтық автономиясын құруды дұрыс санады. «Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федерациялық республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Үкімет басында учредительное собрание мен Дума қалауынша сайланған президент болу». Сөйтіп, Бөкейхан ұсынған автономия бурж.-демокр. республика болды. Съезде бұл мәселе бойынша ұлттық мемлекеті құруға дайындық жүргізу туралы қаулы қабылданды. Бірақ, бүкіл империя көлемінде жағдайдың шиеленісуі, уақытша үкіметтің қолынан біртіндеп саяси биліктің кете бастауы, ел ішінде келенсіз оқиғаларға алып келді. 1917 ж. 25 қазанда (7 қараша) Ре-

сейде Қазан революциясы жеңіске жетіп, большевиктер үкімет басына келді. Ресей, сонымен бірге Қазақстан бурж.-демокр. революцияның мектебінен толық өте алмады. Үкімет басына келген большевиктер басқа партиялармен және ағымдармен ортақ мәмілеге келмеді. Бөкейхан өзінің «Жалпы Сібір съезі» мақаласында оны «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкімет» деп сипаттады. Большевиктер партиясы Қазақстанда «жолына көлденең тұрған» ұлт-азаттық қозғалыс интеллигенциясын ығыстырып, еңбекші бұқараның таптық сезіміне ойнау арқылы оны өз жағына қаратып бақты. Осындай жағдайда Бөкейхан бастаған алаш қайраткерлері ұлттық мемл. құру ісіне бір-жолға кіріседі. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 14 қарашадағы санында елде қалыптасқан төтенше саяси жағдайға байланысты 5 желтоқсанда Орынбор қ-нда «Қазақ-қырғыз болып бас қосып бір жалпы съезд өткізіп, онда «анархиядан» өзін қорғау үшін қазақ-қырғыз айрықша милициясын жасау» керектігі айтылды. Ал газеттің 26 қараша күнгі санында осыған қосымша съезде негізгі мәселе ретінде Ұлт Кеңесін құру туралы мәселені қарау ұсынылды. 1917 жылдың 26 қараша күні Қоқанда мұсылмандардың төтенше съезі Түркістан (Қоқан) автономиясы құрылғанын жариялайды. Оның төрағасы болып М.Шоқай сайланады. Ол Қазақ автономиясының жеке құрылуына қарсы болып, Түркістанмен қосылуын жақтады. Ал, Бөкейхан: «Орта Азия болып (өзбек және басқалармен) бірігуге болмайды, оларда ескішілдік (консерватизм), діншілдік, дін жолынан айырылмаушылық (религиозный фанатизм) күшті, оларды ишан, қожа-молда билеп келе жатқан халық, шариғат жолынан тез арада арылмайтын халық, шаруа түрі бізден басқа, мәдениет жолында бізден де төмен, сондықтан екі соқыр қол ұстасып күн көре алмаймыз», – деді. Сонымен, Түркістан үкіметі мен Алашорда басшылары азаттық жолындағы күресте түрлі бағыт ұстады. Алаш басшылары ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ, саяси тұрақсыздық жағдайында тек біртұтас мемл. құрылым ғана қазақ елін бостандық жолына алып шығады деп түсінді. Қазақ мемлекеттігі туралы мәселені қараған жалпы қазақ-қырғыз съезі 1917 ж. 5 желтоқсанда Орынборда ашылды. Оған Қазақстанның барлық облысынан, Алтай губ. мен Самар-



қанд қазақтарынан және Қырғызстаннан – 82 өкіл қатысты. Онда: Сібір, Түркістан автономиясы және Оңт.-шығыс одағы туралы; Қазақ-қырғыз автономиясы; Милиция туралы; Ұлт кеңесі; Ұлт қазынасы; Мұфтилік мәселесі; Халық соты; Ауылдық басқару және азық-түлік мәселелері қаралды. Съездің күн тәртібінде негізгі ұлттық автономия мәселесі болды. Осы мәселе бойынша Бөкейхан баяндамасы тыңдалып, қазақ автономиясын, милиция және ұлт кеңесін құру істері бойынша бес адамнан тұратын комиссия сайлап, Комиссия атынан сөйлеген Х.Ғаббасовтың сөзін негізге алып, съезд: «Автономия туралы Халелдің баяндамасын тексеріп, қазанның аяғында Уақытша үкіметтің түскенін, Россия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын және бүлікшілік біздің қазақ-қырғыздардың басына келуі мүмкін» деп, мынадай қаулы қабылдады: 1.Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария обл-тары, Ферғана, Самарқан обл-тарындағы және Алтай губерндағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға; 2.Қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын; 3.Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерінде санына қарай орын алады; 4.Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қ. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алды. Ұлттық-аумақтық мемлекеттіктің іргетасы қаланысымен, съезде Алаш автономиясының Алашорда аталған Ұлт кеңесінің құрамы сайланып, Алаш үкіметі – Алашорданың төрағасы болып Бөкейхан тағайындалды. Алаш автономиясының үкіметі – Уақытша ұлттық Кеңес құрамына: У.Танашев (Бөкей ордасынан), Х.Досмұхамедов (Орал обл-нан), А.Тұрлыбаев (Ақмола обл-нан), Ғаббасов (Семей обл-нан), Шоқай (Сырдария обл-нан), С.Аманжолов (Жетісу обл-нан) және т.б. сайланды. Обл-тардан тысқары, халыққа кеңінен танымал Бөкей-

хан, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Б.Құлманов, Ж.Ақбаев, Б.Мамытов, О.Әлжанов сайланды. Қазақстанда Алаш автономиясының құрылуы үлкен саяси-тарихи оқиға болды. Кезінде съезд делегаты Ә.Ермеков: «Желтоқсанның 12-сі күні, түс ауа, сағат 3-те Алаш автономиясы дүниеге келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қонсы қонып, шашылып жүрген қазақ-қырғыз жұрты өз алдына ауыл болды», – деп жазды. Бөкейхан бастаған ұлттық зиялы қауым өкілдері құрған «Алашорда» нағыз демокр. құрылым болды. Ол өзінің артына мынадай өшпес мұра қалдырды: 1. Ұлттық мемлекеттік туралы идеяның дүниеге келуі; 2. Президенттік басқару жүйесі; 3. Демокр., құқықты, зайырлы қоғам орнату; 4. Діннің мемлекеттен бөлінуі; 5. Ұлттық қарулы күштің құрылуы және ұлтаралық келісім. Ұлттық зиялы қауым өкілдері нақ осы күйдегі ұлттық мемлекетті орнатқылары келді. Бірақ Кеңес дәуірінде оған «бурж.-ұлтшыл автон.» деген баға берілді. Ал, ақиқатына келгенде Алаш автономиясы бағдарламасында Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мүддесі қарастырылды. Қазақтың автон. ұлттық-демокр. Алаш мемлекеттігінің Алашорда үкіметі азамат соғысы жағдайында 1917 жылдың желтоқсанынан 1919 жылдың желтоқсанына дейін екі жыл өмір сүрді. Ал заңды түрде өзінің өмір сүруін Омбы қ-ндағы Уақытша Бүкіл-ресейлік үкіметтің Жарлығы бойынша тоқтатты. Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру және қазақ халқының еркіндігі мен бостандығы үшін күрескен Алаштың абзал азаматтары қызыл империяның қолынан қаза тапты. *Әдеб.*: Ахметов З., Алаш туын қолға алған. Қазақ әдебиеті, 13 қаңтар 1995 ж; Қойгелдиев М., Әлихан Бөкейханов, Шығармалар, А. 1994; Жамбылов Д., Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. А. 2001; Бөкейханов Ә., Алаш партиясы программасының жобасы, Шығармалар, А., 1994; Қойгелдиев М., Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. А. 1997; Алаш автономиясы туралы ақиқат. Инфо-Цес, 13 декабрь 2002 года.

А.Ибраева

ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ (Қазақ КСР-і) – 1936–91 ж. КСРО құрамында болған одақтас республика. 1936 ж. жаңадан қабылданған КСРО Конституциясына сәйкес РКФСР құрамынан шы-



ғып, жеке одақтас республикаға айналды (қ. Қазақ АКСР-і). 1937 ж. наурызда респ. Кеңестерінің төтенше 10-съезі өтіп, Қазақ КСР-інің конституциясы қабылданды. Елдің мемл. өкіметі – Жоғ. Кеңес пен республика үкіметі – ХКК құрылды. Республиканың әнұраны, елтаңбасы, мемл. туы бекітілді. Бұрынғы 6 облысқа қосымша жаңадан Қостанай, Солт. Қазақстан (1936), Гурьев, Қызылорда, Павлодар (1938), Жамбыл, Семей, Ақмола (1939) обл-тары қосылды. 1937–38 ж. елде жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны жүргізілді (қ. Саяси қуғын-сүргін). 2-дүниежүз. соғыс жылдарында (1941–45) Қазақстанда ондаған әскери құрамалар жасақталып, 1 млн-нан астам адам соғысқа қағысты. Соғыс жылдары Қазақстан өнеркәсібі КСРО-ның батыс аудандарынан көшіріліп әкелінген кәсіпорындардың есебінен едәуір ұлғайды. 142 кәсіпорын қысқа мерзім ішінде іске қосылды. Кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметкерлерінен басқа 1 млн-нан астам адам Қазақ КСР-на орналастырылды. Олардың ішінде депортацияға ұшыраған халықтар да болды. Қазақстан а. ш. майдан мен тылды азық-түлікпен қамтамасыз етті. 1944 ж. жаңадан Көкшетау, Талдықорған облыстары ашылды. Республика соғыс кезінде жаудан босатылған 12 қала мен 45 ауданды өз қамқорлығына алып, оларға арнаулы мамандар аттандырып, құрал-саймандар, азық-түлік, киім-кешек тиелген эшелондар жөнелтті. 40–50 ж. бас кезінде кеңестік цензура қоғамның дамуын қатаң бақылауға алды. Орталықта «Ленинград ісі», «Дәрігерлер ісі», Қазақстанда қолдан жасалған «Бекмаханов ісі» бойынша бір топ жетекші ғалымдар судаланды. 1954 ж. орт-тың шешімімен тың және тыңайған жерлерді игеру басталды. Егістік көлемі 27 млн. га-дан асып, 1950 жылмен салыстырғанда 2,5 есе артты. Тың жерлерді игеруден қазақ халқы экон., әлеум., мәдени зардаптар да шекті. Есепсіз көп жыртудың салдарынан жер эрозиясы пайда болды, мал жайылымына пайдаланылатын жерлер тарылды. РКФСР, Украина, Белорусь, т.б. республикалардан тың игеруге 640 мың адам келді. Жергілікті халықтың үлес салм. 29%-ға дейін азайды. Қазақ ауылдары шалғайда оқшауланып, мектептері жабылып қалды. 60-жылдардан бастап экономикаға ғыл.-тех. прогрестік жетістіктері кең көлемде енгізіле бастады. Бірақ, экономика өндіріс алаңдарын

кеңейту, жаңа шикізат көздерін пайдалану, кадрлар санын көбейту есебінен дамып, өнеркәсіптің шығарушы және өңдеуші салалары арасында сәйкессіздік ұлғая түсті. 1970 ж. республикада әкімш. өзгерістер болып, жаңадан Торғай, Маңғышлақ, Жезқазған обл-тары құрылып, облыстар саны 19-ға жетті. 70–80 ж. Қазақстан агр.-өнеркәсіпті республикаға айналды. Экономиканың жалпы көрсеткіші жағынан республика одақта 3-орынға (РКСФР мен УКСР-дан кейін) көтерілді. Дегенмен, КСРО-ны құрайтын, толық тең құқылы 15 республиканың қатарында саналғанымен, Қазақ КСР-і үкіметінің билігі шектеулі болды. Көптеген аса маңызды өндіріс орындары Мәскеуге тікелей бағынды. Ел басшылары шетке тікелей өзі шыға алмады. Қарулы күштер орталықтың қолында болды. Кеңес қоғамында кеңінен орын алған келеңсіз құбылыстар (теңгермешілік, көз бояушылық, жеке адамдарды көтермелеу, т.б.) Қазақстанда да кеңінен орын алды. 1986 ж. 16 желтоқсанда КОКП ОК-і Қазақстанды ұзақ жылдар басқарған Д.А.Қонаевты орнынан алып, орнына республикада бұрын болмаған Г.В. Колбин жіберді. Қордаланған ұлт мәселелері (тіл, салт-дәстүр, тарих, руханият, т.б.) шегіне жетіп, асқынып кетуі Алматыда студент-жұмысшы жастардың Желтоқсан көтерілісіне осы оқиғаны себепкер етті (қ. Желтоқсан көтерілісі). 1991 ж. КСРО тарайды да, Қазақстан тәуелсіз республикаға айналды.

К. Аманжолов

«ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ» – Қазақстанның мемлекеттік егемендігін жариялаған тарихи құжат. 1990 ж. 25 қазанда Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің қаулысымен қабылданған. Декларация республика егемендігінің заң жүзінде бекітілуін негіздеді. Онда Егеменді Республикалар одағына республиканың тең құқықты шарттық негізде кіруі ниеті мен одан шығуы құқын сақтауы қуатталды (1-бап), сондай-ақ, алғаш рет мынадай мемл.-құқықтық нормалар белгіленді: Республиканың одақтың құзырына ерікті түрде берген мәселелерінен басқа өзінің конституциясы мен заңдарының Қазақ КСР-і аумағындағы үстемдігі туралы және одақтың жоғары органдарының Республиканың егеменді құқықтары мен конституциясын бұ-



затын заңдары мен басқа да актілерінің күшін өз аумағында тоқтатуға республиканың құқығы туралы (8-бап); Қазақ КСР-нің егемендік негізін құрайтын айрықша меншігі, атап айтқанда жер мен жер қойнауына, суға, әуе кеңістігіне, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, басқа да табиғат қорларына, халықтың мәдени және тарихи құндылықтарына, бүкіл экон. және ғыл.-тех. әлуетіне – өзінің аумағындағы барлық ұлттық байлықтарға меншігі туралы (9-бап); Қазақ КСР-інің жалпы одақтық мүлікке, соның ішінде алмас, валюта қорлары мен алтынның сақтаулы қорларына республиканың қосқан салымына сәйкес ондағы өз үлесіне құқы туралы (10-бап); Қазақ КСР-інің халықар. қатынастарда дербес субъект ретінде әрекет ету, сыртқы саясатты өз мүдделері тұрғысынан айқындау құқы туралы (14-бап); биліктерді бөлісу қағидасы туралы (7-бап); республика аумағында ядролық қарудың сынақтарын өткізуге, жаппай қырып-жоятын қарудың басқа да түрлерін сынайтын полигондардың салынуы мен жұмыс істеуіне тыйым салу туралы (11-бап). Қазақстандағы демокр. құқықтық, әлеум.-экон. және мәдени өзгерістер туралы негізгі идеяларын жинақтаған декларация одақтық шартты жасасу, Қазақ КСР-інің жаңа конституциясын әзірлеу, республиканың егеменді мемлекет ретіндегі мәртебесін іске асыратын заңдық актілер үшін негіз қалады.

С.Рахымжанұлы

ҚАЗАҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ – саяси-қоғамдық ұйым. 1905 ж. 6 тамыздағы Мемл. Дума құру жөніндегі патша манифесінен кейін қазақ зиялылары депутаттыққа өз өкілдерін өткізу үшін Ресейдегі Конституциялық-демокр. партияның (кадеттердің) қолдауына сүйеніп, осы үлгіде жалпыұлттық партия құруды көздеді. 1905 жылдың аяғында Орал қ-нда өткен 5 қазақ облысы өкілдерінің съезі Қ. к.-д. п-н құру жөнінде шешім қабылдады. 1906 ж. 10 маусымда Семейде тағы да басқосу болып, өздерінің кадеттерге қосылатындығы жөнінде қаулы алды. Партия жетек. Ә.Бөкейхан кадет партиясы ОК-нің мүшесі болды. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін кадеттер Уақытша үкіметте жетекші рөл атқарды. 1917 ж. шілдеде өткен I-жалпықазақ съезінен кейін Ә.Бөкейхан кадет партиясынан шығып, тәуелсіз «Алаш партиясын» құруға кірісті.

ҚАЗАҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ. Тамыры тереңнен тартылған қазақ тарихының аса маңызды салаларының бірін ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, оның ішінде қазақ көтерілістері тарихы құрайды. Бодандық жылдары қазақтар өздерінің азаттығы жолында жүргізген күресін бірде-бір күн тоқтатқан жоқ. Дәлірек айтқанда, 1731 жылдың қазанында Ресеймен келісімшартқа қол қоюға қарсы наразылық білдіруден басталған күрес, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне ұласып, 1991 жылдың желтоқсанында Қазақстанның толық тәуелсіздік алуымен аяқталды. Бұл – қазақтардың бодандыққа ешуақытта көнбеген, бостандық үшін үздіксіз күрес жүргізе білген халық екендігінің айқын дәлелі. Қазақтардың ұлт-азаттығы жолында жүргізген күресі әр түрлі кезеңде әр алуан формада көрініс тапты. Ол бірде қарулы қақтығыс ретінде көрінсе, бірде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының заман талабына сай жүргізген алаш қозғалысы ретінде тарихтан өз орнын алды. Ұлт-азаттығы жолында жүргізілген қозғалыстың шарықтау шегі бүкіл қазақ даласын қамтыған Кенесары ханның Ресей мемлекетімен соғысы болса, ең бәсеңдеген кезі өткен ғасырдың 60–80-жылдары танымал актер Қасым Жәкібаевтың баласы Азамат Жәкібаев пен Хасен Қожа-Ахмет сияқты ұлтжанды азаматтардың жеке-дара жүргізген күрестері болды. Ұлт-азаттық қозғалысы тарихында, оның ең жоғ. формасы ретінде, қазақ көтерілістерінің алар орны ерекше. Қазақ көтерілістерінің тарихы біршама еңбектерде айтылды да. Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Исатай-Махамбет бастаған көтерілістер мен 1916 жылғы көтеріліс тарихы туралы зерттеулер жарық көрді. Бірақ олар деректанулық, яғни ғыл. негізде зерттелуі керек. Сонда ғана қазақ көтерілістерінің ішкі мән-мағынасын, маңызы мен мазмұнын ашып көрсетуге болады. Мыс., көтерілістер тарихын деректану арқылы қалай зерттеуге болатындығын қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғыл. докт., проф. Ермұқан Бекмахановтың еңбегінен көруге болады. Ол өзінің «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында» атты әйгілі моногр. зерттеуінің кіріспе бөлімінде жұмысты даярлау барысында пайдаланған деректерге кәсіби дәрежеде деректанулық талдау



жасап, ондағы мәліметтердің шынайылық деңгейін анықтаудың тамаша үлгісін көрсетті. Кәсіпқой тарихшы ретінде ұлттық жәдігерлеріміздің түрлік ерекшеліктерінен шыға отырып, Бекмаханов деректанулық сынның әр түрлі тәсілдерін пайдалана білді. Біріншіден, деректанулық талдау жиналған деректерді сыныптаудан басталады, Бекмаханов деректерді олардың формасына қарай: әдеби деректер, мұрағат деректері және фольклорлық деректер деп үлкен үш типке бөлген. Екіншіден, мұрағат деректерінің ішінде қазақтың би-сұлтанларынан арнайы жазылып алынған жазбалардың ғыл. маңызының үлкен екендігін дәлелдеп, ол жазбалардағы ақпараттардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуына әсер ететін факторларды атап көрсеткен. Мыс., мұрағат деректерінің ішінде қазақтардың шаруашылық құрылымын және әлеум. қатынастарын зерттеуде 19 ғ-дың 40-жылдарындағы Орынбор әскери губернаторы Обручевтің тапсыруымен қазақтың би-сұлтанларынан арнайы жазылып алынған жазбалардың ғыл. маңызының үлкен екендігін айта келе, Бекмаханов «... бұл материалдар қазақтардың әдеттегі құқығының білгірі болып саналатын сол қазақтардың өздерінің айтуымен жазылғандықтан, оларда хабарланатын фактілердің айна-қатесіз дұрыстығына шек келтірмейсің. Сонымен қатар, өздерінің айтуымен жазылған жазбалардың бәрін сұлтандар мен билер оқып шыққан, сонан кейін мұның дұрыс-бұрыстығына қатаң жауапкершілікті мойындарына алып, осы жазбалардың астына қолдарын қойған», – деп, бұл жазбалардағы ақпараттардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуына әсер ететін факторларды атап көрсетеді. Үшіншіден, ол материалдарды ғыл. мақсатта пайдалану үшін олардың пайда болу жағдайына, деректің субъективті факторларына көңіл аударудың қажеттілігін ескерткен. Мыс., бұл материалдарды ғыл. тұрғыда пайдалану үшін «... әдеттегі құқық жазбаларына айрықша сыни көзбен қарау керек. Мұнда, ең алдымен, бұл жазбаны қашан, кім және кімнен естіп жазғанын анықтау өте маңызды. Қазақ сұлтандарының, билері мен ақсақалдарының өздері жинаған жазбалары анағұрлым дұрыс болып табылады» деп, зерттеушілерге деректің пайда болуының субъективті факторларына да көңіл аударудың қажеттілігін ескерттеді. Төртінші-

ден, мұрағат деректердің бір бөлігін құрайтын ресми құжаттардың пайда болуының объективтілігі Ресей самодержавиясының Қазақстанды отарлау саясаты екендігін дәлелдеп, олардың деректік маңызын көрсеткен. Өргүрлі мұрағаттарда сақталған деректердің бір бөлігі ресми құжаттардан тұратындығын, олардың деректік маңызын, қашан, қалай дүниеге келгендігін, кімдердің не мақсатпен жазғандығын айта келе, ғалым: «Ресми сипаттағы бұл хат жазысулар Қазақстан туралы және Ресей самодержавиясының отарлау саясатының мақсаттары жөнінде әрқашан объективті түсінік бере бермейді. Сөйтсе де бұларда патшаның отарлау саясатының шын сипатын суреттейтін құпия құжаттар жиі ұшырасады... Ресми хат жазысуларда патша отаршыларының қазақтарға көзқарасын көрсететін көптеген деректер бар» деп, өз пікірін нақты мысалдар келтіру арқылы дәлелдейді. Бесіншіден, мұрағат құжаттарының үлкен бір тобы қазақтардың дала билеушілерінің патшаға жазған хаттарынан тұратындығын, олардың деректік орны мен маңызын және ерекшелігін көрсеткен. Мыс., қазақ шонжарларының хаттары, біріншіден, қазақ және татар тілдерінде жазылған, екіншіден, хаттар орыс тіліне аударылған, үшіншіден, көбінесе мүлде қате аударылған. Сондықтан бұл құжаттардың ведомстволық аудармаларын пайдаланған кезімізде біз оларды түпнұсқаларымен салыстырып шықтық дейді. Мұның бәрі Бекмахановтың өзінің зерттеу жұмысының барысында деректану ғылымының тәсілдерін тиімді пайдалана білген кәсіпқой тарихшы екендігін көрсетеді. Алайда, Бекмаханов бастап берген бұл үрдіс өз жалғасын таба алған жоқ. Көп ұзамай-ақ Бекмаханов ұлтшыл ретінде қуғындалып, сотталды. Тарихты деректанусыз-ақ жазу ісі қалыптасып, кең етек жайды. Осылай Қазақстанның тарих ғылымы да, кәсіпқой қазақ тарихшылары да өздерінің ең басты құралдарының бірі деректанудан, яғни ұлттық төл деректерімізбен ғыл. негізде жұмыс істей білуге көмектесетін зерттеу әдісінен айырылды. Ал ол, өз кезегінде тарихымызды зерттеу ісінің эмпирикалық деңгейде қалып қоюына алып келді. Қандайда болсын, ғыл.-зерттеу жұмыстарының тәжірибелік-эмпирикалық және ғыл.-теориялық деңгейлерден тұратындығы белгілі. Тәжірибелік-эмпирикалық деңгейде нақты фактілік



материалдардың қорлануы арқылы ғыл.-теориялық зерттеу жұмыстарының негізі қалыптасады. Тарихи танымның тәжірибелік-эмпирикалық деңгейі деректердің сыртқы қасиеттерін сипаттауға мүмкіндік берсе, тарихи танымның ғыл.-теориялық деңгейі олардың ішкі мәнін ашуға, яғни олардан ғыл. деңгейі жоғары мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Қазақ көтерілістеріне қатысты деректерді өңдеуден, яғни деректанулық талдаудан өткізу арқылы оларда сақталған мәліметтердің шынайылық деңгейі мен ғыл. құндылықтарын анықтап, айналымға тарту үшін бірімен-бірі тығыз байланысты, бірінен-бірі туындайтын және белгілі бір реттілікпен іске асырылатын жүйелі деректанулық іс-шаралар атқарылуы тиіс. Олар: жиналған деректерді тілдік, мазмұндық, хронолог., тақырыптық, т.б. ұстанымдарға сай сыныптау; мұралардың деректік ерекшеліктері мен маңызын, пайда болу объективтілігін және субъективтілік деңгейін, сақталу формалары мен түпнұсқалық дәрежесін, т.б. анықтау; объективтілік, тарихилық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, мұраларды кешенді зерттеу, олардың әлеум. табиғаты мен пайда болған уақытын анықтау, яғни тарихымыздың дерек көздері ретінде деректердің пайда болуын сынау. Осындай және т. б. деректанулық іс-шаралар атқару арқылы деректерде сақталынған мәліметтердің шынайылық деңгейі мен ғыл. құндылығын анықтау, яғни деректің ішкі мәнін ашу. Содан кейін ғана оларды қазақ көтерілістері тарихын жазуға пайдалануға болады.

Жалпы, қазақ тарихының да, оның ішінде қазақ көтерілістері тарихының да маңызды дерек көздерінің бірі – қазақ шежіресі. Өйткені шежіре – сөздің тікелей мағынасында қазақ тарихының тұнып тұрған дерек көзі. Дегенмен шежірелік деректер бар да, сол шежірелік деректерді ғыл. айналымға тарта білу, яғни пайдалана білу бар. Дәлірек айтқанда, шежірені тарихымыздың дерек көзі ретінде қарастырып, шежірелік деректерді сыни талдаудан өткізу арқылы олардан шынайылық деңгейі жоғары мәлімет ала білу мен оларды ғыл. еңбектерде пайдалана білу бар. Ал шежірені тарихымыздың дерек көзі ретінде қарастырып, шежірелік деректерді пайдалануға жарамды ете білуге мүмкіндік беретін ғылым – шежіретану деп аталады. Шежіретану – шежірені тарихи дерек көзі

ретінде сыни талдаудан өткізу арқылы, ондағы мәліметтердің шынайылық деңгейі мен ғыл. құндылығын анықтап, шынайы «Қазақ тарихын» жазу ісіне пайдалана білуге мүмкіндік беретін ғылым. Атап айтқанда, шежіретану – шежіренің қазақ тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктерін, басқа да дерек көздері арасында алар орнын, оның пайда болуының объективті алғышарттары мен субъективтілігін, яғни әлеум. табиғатын, өмір сүру формаларын, мәліметтердің шежіреге ену және сақталу жолдарын, ондағы мәліметтердің шынайылық және толықтық деңгейі мен ғыл. маңызын анықтауға және «өңдеуге», яғни шежіретанулық талдаудан өткен мәліметтерді ғыл. еңбектерде пайдалануға мүмкіндік беретін ұлттық деректану мектебінің маңызды саласы. Шежіретанусыз толыққанды Қазақстан тарих ғылымы туралы сөз етуге де болмайды. Мыс., орыс халқының тарихын жылнамалық деректерсіз жазу немесе Ресей тарих ғылымын жылнаматанусыз көзге елестету мүмкін емес. Өйткені, жылнама славян халықтарының, кем дегенде, сегіз ғасырлық тарихының басты дерек көзі болып табылса, жылнаматану – сол дерек көзін славян халықтары тарихын жазуға пайдалана білуге мүмкіндік беріп отырған ғылым болып табылады. Сондықтан да орыс ғалымдары 18 ғ-дан бастап, тек жылнамаларды іздеп табу, жинау және жариялау ісімен ғана емес, сонымен қатар, жылнамаларды ғыл. негізде тани білу ісімен де, яғни жылнаматанумен де үздіксіз айналысып келеді. Ал бізде шежіре бар да, күні бүгінге дейін сол шежірелерді дерек көздері ретінде тани білуге мүмкіндік беретін шежіретану жоқ. Басқаша айтқанда, ұлтымыз өз қолымен жасап, ұрпақтан-ұрпаққа қастерлеп жеткізген, бірнеше ғасырлық тарихымыздың дерек көзі бар да, сол дерек көздерін шынайы тарихымызды ғыл. негізде жазуда пайдалана білуге көмектесетін ғылым да жоқ, сол ғылымды меңгерген ғалымдар да жоқ. Ұлтымыздың ғыл. негізде жазылған жүйелі жазба тарихын күні бүгінге дейін көре алмай, өзінің аса маңызды танымдық әлеуетінен айырылып отырғандығы – соның салдары. Өз кезегінде, шежіретану деректану ғылымының негізінде ғана қалыптасуы мүмкін. Жалпы алғанда, деректану ғылымынсыз толыққанды тарих ғылымының болмайтындығы, ал, он-



сыз, ешбір халықтың теориялық деңгейдегі ғыл. тарихының жазылмайтындығы қандай заңдылық болса, шежіретанусыз толыққанды Қазақстан тарих ғылымының болмайтындығы да, онсыз шынайы, теориялық деңгейдегі қазақ көтерілістері тарихының жазылмайтындығы да сондай заңдылық.

Әдеб.: Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. А., 1994.

Қ.Атабаев

ҚАЗАҚ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕКШЕ КОМИССИЯ

– Түркістан мен Қазақстанды әкімш. жағынан басқару жөніндегі реформаларды жасап, бекіткен комиссия. Патша үкіметі өз билігін нығайту мақсатымен жаңа ереженің жобасын жасауға Ішкі істер министрлігінің, Соғыс министрлігінің және жергілікті ген.-губернаторлығы өкілдерінен арнаулы комиссия құрды. Комиссия жинаған мәліметтер негізінде далалық облыстарды басқару жөніндегі реформа жобасы жасалып, Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлығының қарауына берілді. 1864 ж. реформаның жобасы жасалып жатқан кезде Ш.Ш. Уәлиханов «Сібір үкімет орындарына қарайтын қазақтардағы сот реформасы туралы жазба» деген еңбегінде қазақ арасындағы сот тәртібі мәселелері жөнінде пікір айтқан. Жобаны талқылауға орыстың қоғам қайраткері, тарихшы А.И. Левшин де қатысқан. 1867 ж. наурызда реформа жобасын түпкілікті жасау үшін соғыс министрі Д.А. Милютин басқарған ерекше к-т құрылды. Бұл к-т жобаның негізінде 1867 ж. 11 шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже» жариялап, бұл облыстарды жаңадан құрылған Түркістан ген.-губернаторлығының (1867) құрамына берді. 1868 ж. 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже» бекітілді.

«**ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАТЫНАСТАРЫ**», «Казахско-русские отношения в 16–18 вв.» – екі томдық құжаттар жинағы. 1961–64 ж. орыс тілінде жарық көрген. 1-томға (1961), 16 ғ-дың аяқ кезінен 1738 жылға дейінгі кезенді қамтитын, әр түрлі мұрағаттардан алынған 276 құжат енгізілген. Алғашқы құжаттар 16 ғ-дың аяқ кезіндегі қазақ ханы Тәуекел мен Московия билеушілері арасындағы келісімдер, I Петр патша тұсындағы «Қ.-о. қ.» жөнінде сөз болған. Оның ішінде Қайып

хан мен Петр әкімш. арасында жазысқан хат алмасулар кіргізілген. Көптеген құжаттарда 1731 жылға дейінгі «Қ.-о. қ.», атап айтқанда: қазақ-жонғар соғыстары, «Ақтабан шұбырынды» кезеңі, қазақтардың Орта Азия елдеріне көшкен кездегі аса қиын жағдайы және кейбір саяси қайраткерлер жөнінде деректер берілген. А.И. Тевкелевтің жүргізген күнделік-журналынан үзінділер: орыс бодандығына Әбілқайыр ханның, Жәнібек, Бөкенбай, Есет, т.б. батырлардың көзқарастары, Орта жүз қазақтарының, соның ішінде Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның Ресей бодандығына өту себептері, қазақ халқының саяси, әскери, шаруашылық жағдайлары айтылады. Кейбір құжаттарда сол кезеңдердегі қазақ билеушілерінің көршілес мемлекеттермен байланысы, сауда қатынастары, қалалар мен елді мекендер көрсетілген. 18 ғ-да қайраткерлердің саяси қызметі жан-жақты ашылады. Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Абылай, Нұралы хандар, Барак, Батыр, Ерәлі, Әбілпейіз сұлтан, Жәнібек, Есет, Қабанбай, Бөгембай, т.б. батырлар, Қазыбек, Төле, т.б. билер, Ресей елінен I Петр, Анна Иоановна, Елизавета, Екатерина II, Орынбор мен Сібір губернаторлары, елшілер, аудармашылар, т.б. қайраткерлердің «Қ.-о. қ-на» сіңірген еңбектері жайлы кең мағлұматтар береді. Жинақтың 2-томына (1964) Ресей империясы құрамындағы Қазақстан жөніндегі 359 құжат жинақталған. Онда Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қазақтардың қатысуы, Кіші жүз саяси қайраткерлерінің Ресеймен байланысы, Сырым, Исатай-Махамбет, Есет, Жанқожа, Кенесары бастаған көтерілістер қамтылады. Көптеген құжаттар Абылай ханның Ресеймен, көрші мемлекеттермен байланысына арналған. Бұған қоса Ұлы жүз қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, қазақ ауылындағы жер, қаржы, салық жүйелері, өндіріс орындары, т.б. экон. мәселелер жөнінде дерек береді. Оларды жинақтауды Орт. мемл. мұрағат пен Ш.Ш. Уәлиханов атынд. тарих және этнол. ин-ты мамандары атқарған. Жинақ материалдары белгілі бір идеол. мақсатпен сұрыпталған.

«**ҚАЗАҚ СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ**» (ҚСЭ) – қазақ елінің көп салалы әмбебап тұңғыш энциклопедиялық басылымы. Қазақстан КП ОК мен Қазақ КСР Мин. Кеңесінің 1967 жылғы 13 қыркүйектегі қаулысымен ұйымдастырылған Қазақ совет энциклопе-



диясы Бас редакциясы шығарған. Бас редакторы – акад. М.К. Қаратаев. 1972–78 ж. аралығында бұл күрделі еңбектің 12 кітабы жарық көрді. Қосымша 13-том әліппелік пәндік-есім көрсеткішіне арналған (1982). Тұңғыш әмбебап энциклопедияда қазақ халқының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи даму жолын, Қазақ КСР-інің құрылу және тарихи қалыптасу кезеңдерін, экономика, ғылым, мәдениет пен әдебиет саласындағы табыстарын, туысқан халықтардың, соц. елдердің достығы мен ынтымағын көрсететін материалдар мен құнды деректер жинақталған. Қазақ жерінің жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі, табиғи байлықтары кең қамтылған. Республиканың өндіріс орындары, кеніштер, қала-селолар, оқу ордалары мен мәдени мекемелер, ұжымдық, кеңестік шаруашылықтар тарихы мен соңғы жетістіктері туралы мол мағлұматтар бар. Халықтың ардақты ұлдары, батырлары мен ғалымдары, өнер қайраткерлері жайында әмірбаяндық деректер келтірілген. «ҚСЭ» әмбебап анықтамалық болғандықтан да адамзат қоғамындағы елеулі құбылыстар мен оқиғаларға, елдер мен ұлыстар, тайпалар тарихына, партиялар мен одақтар, ілімдер мен саяси ағымдар мәніне, шетелдік саяси қайраткерлер мен ғылым мен мәдениеттің аса көрнекті өкілдері өмірлеріне байланысты мол мағлұматтар берген. Сондай-ақ энциклопедияға 19–20 ғасырларда қазақ даласында болған Сырым Датұлы, Исатай Тайманов, Амангелді Имановтар бастаған, т.б. ұлт-азаттық қозғалыстары туралы мақалалар енген. Бұл күрделі еңбекті әзірлеуге республика ғана емес Мәскеу, Ленинград, Киев, одақтас республикалар ғалымдары мен зиялы қауымы, ғылым мен мәдениет орталықтары кеңінен тартылған. Көрнекті ғылым қайраткерлері – академиктер: У.М. Ахметсафин, О.А. Байқоңыров, С.Б. Бәйішев, С.Б. Бейсембаев, Т.Б. Дарқанбаев, О.А. Жәутіков, Ә.Х. Марғұлан, т.б. ғалымдар мақалалар жазған. Энциклопедияның 8 мыңнан астам авторының ішінде 313 ғылым докторы, 4 мың ғылым кандидаты бар. Жалпы есептегенде «ҚСЭ-ның» 12 томына 48931 мақала енгізілген. Энциклопедия түрлі түсті карталармен, диаграмма-кестелермен, сызбалармен жабдықталып, портреттермен және фотосуреттермен көркемделген.

Т.Рсаев

«ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ», «Материалы по истории Казахской ССР» (1775–1825) – құжаттар жинағы. 1940 ж. шығарылған. Кітапта Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі, Орынбор губернаторы О.А. Игельстромның жүргізген реформалары, Кіші жүздегі отарлық езгі мен оған қарсы ұлт-азаттық қозғалыстары, шаруашылықтың жай-күйі, Бөкей ордасының құрылуы, т.б. мәселелер қамтылған. Бұл құжаттарды белгілі ғалым М.П. Вяткин Қазақстан тарихы жөніндегі еңбегінде кеңінен пайдаланған. Жинақта С.Датұлы басқарған көтерілістің қозғаушы күштері мен себептері, көтеріліс басшыларының Нұралы, Ералы, т.б. Кіші жүз билеушілерімен қарым-қатынасы туралы құжаттар берілген. Көптеген құжат патша үкіметінің отарлау саясатын айқындай түседі. Кіші жүздегі хандық жүйені жоюға тырысу, экон., шаруашылық, т.б. мәселелерді көрсетуге арналған. Бұлардан қазақ қоғамының отаршылдыққа қарсы қозғалысының үздіксіз жүріп отырғанына көз жеткізуге болады.

Е.Уәлиханов

ҚАЗАҚСТАН, Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы – Еуразия құрлығының орт. бөлігінде орналасқан мемлекет. Батыстан шығысқа 3000 км-ге, солт-тен оңт-ке 1600 км-ге созылған. Коңыржай белдеудің негізінен орт. және оңт. ендіктерін, ал қиыр оңт-нде субтропикке өтпелі белдеуді қамтиды. Солт-нде Ресей Федерациясымен (ұз. 6467 км), оңт-нде Түрікменстан (380 км), Өзбекстан (2300 км) және Қырғыз (980 км) республикаларымен, шығысында Қытаймен (1460 км) шектеседі, батысында Каспий т. (600 км) орналасқан. Жер аум. 2724,9 мың км². Халқының саны – 17,098 млн. (2013 ж. есеп бойынша). Оның 10,5 млн. немесе 63%-ы қазақтар. Мемл. тілі – қазақ тілі. Ұлттық валютасы – теңге. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың ең жоғ. өкілді органы – Парламент. Парламент тұрақты жұмыс істейтін екі палатадан: Сенат пен Мәжілістен тұрады. Қазіргі Қазақстан жерін ежелгі адамзат баласы бұдан 1 млн-дай жыл бұрын мекен еткен. Б.з.б. 6–3 ғ-да Қазақстан жерінде өмір сүрген сақ тайпаларының алыс-жақын елдермен саяси қарым-қатынастарға түскенін жазба және археол. деректемелерден көруге болады. Олардың



ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БӨЛІНІС

ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ
 Темір жолдар
 Республикалық мәңдегі автомобиль жолдары (көрсетілген емелдер аумағындағы күре жолдар)

Ескертпе: Теңіздер мен көлдердің жағалақ сызығы 2008 жылғы жағдайы бойынша көрсетілген.

- АКМОЛА ОБЛЫСЫ**
 орталығы - Қызылту қ.
- 6 Аюл а-ны Арал қ.
 - 14 Аршалы а-ны Аршалы а.
 - 12 Астрахан а-ны Астрахан а.
 - 11 Атбасар а-ны Атбасар қ.
 - 5 Бұланды а-ны Маанас қ.
 - 15 Егізқалпа а-ны Егізқалпа а.
 - 3 Ербасқандар а-ны Степек қ.
 - 7 Ерейіентау а-ны Ерейіентау қ.
 - 8 Есін а-ны Есін қ.
 - 9 Жарлы а-ны Жарлы а.
 - 13 Жергілікті а-ны Державск қ.
 - 1 Зеренді а-ны Зеренді а.
 - 17 Қорғалмын а-ны Қорғалмын а.
 - 4 Сандықтау а-ны Волчанск а.
 - 16 Шемонайка а-ны Шемонайка с.
 - 10 Шортанды а-ны Шортанды а.
 - 2 Бұрбай а-ны Шүткеш қ.

- АКТӨБЕ ОБЛЫСЫ**
 орталығы - Ақтөбе қ.
- 6 Өлгенкөл а-ны Қоңыраулы с.о.с.
 - 4 Алға а-ны Алға қ.
 - 11 Байғанин а-ны Құрылжамкелді а.
 - 3 Құрбан а-ны Құрбан а.
 - 2 Құрғалты а-ны Меркек а.
 - 9 Мұғалдар а-ны Қандытағас а.
 - 7 Осака а-ны Шұбардидік а.
 - 8 Төлеп а-ны Хромытау а-ны
 - 5 Хромытау а-ны Хромытау қ.
 - 12 Шыршақ а-ны Шыршақ а.
 - 10 Шығар а-ны Шығар а.
 - 1 Ақтөбе қ.с. Ақтөбе қ.

- АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ**
 орталығы - Талдықорған қ.
- 4 Аяу а-ны Жансүгіров а.
 - 1 Алакей а-ны Уақарал қ.
 - 2 Балқаш а-ны Балқаш а.
 - 12 Еңбекшіқазақ а-ны Есін қ.
 - 6 Екелді а-ны Құрағұлға қ.
 - 10 Жамбыл а-ны Уақанға а.
 - 11 Іле а-ны Феликс Ватер қ.
 - 3 Қаратал а-ны Қоркөнен қ.
 - 5 Қызылжар а-ны Қызылжар қ.
 - 7 Көксу а-ны Сырбаев а.
 - 8 Қарғалы а-ны Батыл Бег а.
 - 9 Панфилов а-ны Жарент қ.
 - 16 Райшыбек а-ны Кеген а.
 - 5 Сарыарқа а-ны Сарыарқа қ.
 - 14 Талғар а-ны Талғар қ.
 - 13 Ұлыр а-ны Шоқы а.
 - 1 Қызылтай қ.с. Қызылтай қ.

- АТЫРАУ ОБЛЫСЫ**
 орталығы - Атырау қ.
- 7 Жамбыл а-ны Құрғары қ.
 - 1 Исатай а-ны Исатай а.
 - 4 Құрманғазы а-ны Құрманғазы с.
 - 2 Қызылқола а-ны Мейла а.
 - 6 Мадаг а-ны Мадаг қ.
 - 5 Махамбет а-ны Махамбет а.
 - 1 Атырау қ.с. Атырау қ.
 - 8 Абай а-ны Қырағұл а.
 - 12 Ақса а-ны Ақса қ.
 - 1 Бесордай а-ны Бесордай а.
 - 2 Бородүтқиса а-ны Бородүтқиса с.

- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БӨЛІНІСІ**
- 8 Глубокое а-ны Глубокое с.
 - 9 Жарқал а-ны Георгиевка с.
 - 14 Зайсан а-ны Зайсан қ.
 - 5 Зырян а-ны Зырянск қ.
 - 7 Күлшарырай а-ны Успен Марин а.
 - 10 Көккөкті а-ны Көккөкті а.
 - 11 Құршай а-ны Құршай а.
 - 13 Тарбағатай а-ны Ақсуат а.
 - 6 Улан а-ны Молодой с.
 - 15 Ұрқар а-ны Ұрқар а.
 - 3 Шемонайка а-ны Шемонайка с.
 - 1 Риддер қ.с. Риддер қ.
 - 11 Семей қ.с. Семей қ.
 - 8 Оскемен қ.с. Оскемен қ.
 - 5 Байзақ а-ны Сарыкөл а.
 - 9 Жамбыл а-ны Асы а.
 - 10 Жуалы а-ны Б. Моңғұлды а.
 - 8 Қырдый а-ны Қырдый а.
 - 7 Мары а-ны Мары а.
 - 2 Мойнақды а-ны Мойнақды а.
 - 1 Сарысу а-ны Сарысу а.
 - 4 Талас а-ны Талас а.
 - 6 Тұрар Рысқұлов а-ны Тұрар Рысқұлов а.
 - 3 Шу а-ны Шу а.
 - 8 Ақжайық а-ны Ақжайық а.
 - 11 Бөкейорда а-ны Бөкейорда а.
 - 4 Бөрлі а-ны Бөрлі а.
 - 12 Жарқал а-ны Жарқал а.
 - 10 Жанбек а-ны Жанбек а.
 - 1 Зеленов а-ны Зеленов а.
 - 7 Қаттал а-ны Қаттал а.
 - 9 Құрағтепе а-ны Құрағтепе а.
 - 6 Сыралы а-ны Сыралы а.



ҚАЗАҚСТАН



ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ САНЫ БОЙЫНША

- 1 000 000 тұрғынан астам
- тұрғындары 500 000-нан 1 000 000-ға дейін
- тұрғындары 100 000-нан 500 000-ға дейін
- тұрғындары 50 000-нан 100 000-ға дейін
- тұрғындары 10 000-нан 50 000-ға дейін
- тұрғындары 10 000-нан азды

МЕКЕНІН ТҮІП ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК МӘНІ БОЙЫНША БӨЛІНСІ

- АСТАНА** Мемлекеттердің астаналары
- АЛМАТЫ** Респубикалық бағылатыны қала
- КАРАҒАНДИ** 1-қатардағы облыстар мен аймақтқ билеуші органдары (жергілес мемлекеттік ауқымдағы)
- ҚАПШАҒАЙ** Облыстық бағылатыны қала
- ХРСТИАУ** Архидіоқс бағылатыны қала (жергілес мемлекеттер ауқымдағы - басқа қалалар)
- Жәнісқұров** Кентер
- Боранқит** Ауылдар, селолар


ЛІК-АУМАҚТЫҚ БӨЛІНСІ

1 Күрдіт а.и.	2 Тасқала а.	3 Февродова к.	4 Шығырлы а.	5 Орал қ.	6 Абай а.	7 Ақсай а.	8 Бұрш-Жарлу а.	9 Жәнісқұров а.	10 Қарағанды а.	11 Қарағанды а.	12 Қарағанды к.	13 Жәнісқұров к.	14 Жәнісқұров к.	15 Жәнісқұров к.	16 Жәнісқұров к.	17 Жәнісқұров к.	18 Жәнісқұров к.	19 Жәнісқұров к.	20 Жәнісқұров к.
1 Күрдіт а.и.	2 Тасқала а.	3 Февродова к.	4 Шығырлы а.	5 Орал қ.	6 Абай а.	7 Ақсай а.	8 Бұрш-Жарлу а.	9 Жәнісқұров а.	10 Қарағанды а.	11 Қарағанды а.	12 Қарағанды к.	13 Жәнісқұров к.	14 Жәнісқұров к.	15 Жәнісқұров к.	16 Жәнісқұров к.	17 Жәнісқұров к.	18 Жәнісқұров к.	19 Жәнісқұров к.	20 Жәнісқұров к.
1 Күрдіт а.и.	2 Тасқала а.	3 Февродова к.	4 Шығырлы а.	5 Орал қ.	6 Абай а.	7 Ақсай а.	8 Бұрш-Жарлу а.	9 Жәнісқұров а.	10 Қарағанды а.	11 Қарағанды а.	12 Қарағанды к.	13 Жәнісқұров к.	14 Жәнісқұров к.	15 Жәнісқұров к.	16 Жәнісқұров к.	17 Жәнісқұров к.	18 Жәнісқұров к.	19 Жәнісқұров к.	20 Жәнісқұров к.



шығысында әр түрлі тайпаларды біріктірген ғұндар тұрды. Зерттеушілер ғұндарды түріктердің арғы ата-бабалары деп есептейді. Бұл бірлестікті Модэ басқарған кезде ғұндар б.з.б. 206 ж. Қытайға, б.з.б. 201 ж. Алтай тайпаларына сәтті жорықтар жасады. Ғұндардың батысқа жорығы «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болды. Жетісуда ежелгі тиграхауда сақтарының жерін мұра етіп алған усундер (үйсіндер) ортаазиялық тайпалар еді. Қаңлы (кангюй, канцзюй) мемлекеті жазба деректемелерде б.з.б. 2 ғ-да айтыла бастайды. Қазақстан жері 6 ғ-да билеушілері ашин руынан шыққан Түрік қағандығының билігінде болды. Бұл мемлекет 603 ж. Батыс және Шығыс болып екіге бөлінді. Батыс Түрік қағандығы «ежелгі усун жерлеріне» ірге тепті. 704 ж. Жетісуда Түргеш қағандығы (704–756) орнады. 756 ж. қарлұқ тайпалары саяси үстемдікке қол жеткізді. 9 ғ-дың басында оғыз жабғылары қарлұқтармен және кимақтармен одақтасып, печенег-кангар бірлестігін жеңді де Сырдарияның төм. ағысы мен Арал өңірінде Оғыз мемлекетін (9–11 ғ-дың басы) құрды. 11 ғ-дың орта тұсында қыпшақ тайпалары Еділден өтіп, еуропа халықтарымен қарым-қатынас жасай бастады. 13 ғ-дағы 1219–24 ж. Қазақстан жері толығымен Шыңғыс хан империясының құрамына енді. 13 ғ-дың орта кезі мен 15 ғ-дың 1-ширегінде Алтын Ордаға тәуелді Шығыс Дешті Қыпшақ жеріндегі Ақ Орда мемлекеті Өріс хан (Ұрұс хан, Орыс хан) тұсында дербес хандыққа айналды. Ақ Орда – Қазақстанда жергілікті тайпалардың (қыпшақ, қоңырат, үйсін, керей, найман, қарлұқ, т.б.) негізінде құрылған алғашқы мемлекет болды. 15 ғ-дың 2-жартысында халықтың бір бөлігі Шайбанилер әулетінен бөлініп, Жетісудың батыс өңіріне (1456) көшіп келді. Оны Керей мен Жәнібек сұлтандар басқарды. Осы оқиға дербес қазақ мемлекетінің негізін қалады. Қазақтың алғашқы ханы Керей (1458–73), одан кейін Жәнібек (1473–80) болды. 16–17 ғ-ларда қазақ хандығы нығайып, шекарасы едәуір ұлғайды. Өз тұсында «жерді біріктіру» үрдісін жедел жүзеге асырып, көзге түскен хандардың бірі Жәнібек ұлы Қасым еді. Қасым ханның (1511–23) тұсында қазақ хандығының саяси және экон. жағдайы нығая түсті. Ол билік құрған жылдары қазақ халқының қазіргі мекен-тұрағы қалыптасты. Бірсыпыра

қалалар қосылды, солт-те Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлауы Ұлытаудан асты. Оңт.-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өңірлері) қарады. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібірмен сауда және елшілік байланыс жасалды. Орыс мемлекетімен байланыс орнады. Мәскеудің Ұлы князі III Василий (1505–33) билік құрған кездегі Мәскеу мемлекеті, Батыс Еуропа Қазақ хандығын осы кезде танып білді. «Қасым ханның қасқа жолы» деген әдет-ғұрып ережелері негізінде қазақ заңдары жасалды. Дегенмен,



Түрік қағандығы әскерлері

Қасым хан тұсында Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған мемл. деңгейіне көтеріле алмады. 1538–80 ж. Қасым ханның баласы Хақназар (Ақназар) хандықты біріктіруге әрекет етті. Бір орт-қа бағынған Жоңғар хандығы 1635 ж. Оңт. Сібір мен Шығыс Түркістанды толық бағындырып, Қазақ хандығының ең басты жауына айналды. Тәуке хан (1680–1718) тұсында «Жеті жарғы» заңдар жинағы құрастырылды. 1723 ж. ерте көктемде жоңғарлар қазақ жеріне жойқын шапқыншылық жасап, Ұлы жүзді қырып-жойып, Орта жүз, Кіші жүз жерлеріне жетті. Халық бұл кезеңді «Ақтабан шұбырынды,



Алқакөл сұлама» деп атады. «Елім-ай» деген қасіретті ән осы кезден қалған. Халық бірігудің қажеттігін түсінді. 1726 ж. Ордабасы құрылтайында қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып Әбілқайыр хан сайланды. 1730 ж. көктемде Балқаш к. маңында ірі шайқас өтті. Бөгембай, Қабанбай, Наурызбай сияқты батырлар бастаған қазақ жасақтары жоңғарларға шешуші соққы берді. Бұл жер кейін «Аңырақай» деп аталып кетті. Ресей патшалығы мен Қазақ хандығының жақындасу қажеттігі жоңғарлар шапқыншылығынан да туындады. Еділ өз. бойындағы қалмақтар, башқұрттар, казактар да маза бермеді. Осындай күрделі мәселелерді Ресеймен одақтасу арқылы шешуге болатын еді. Ал қазақ даласы Ресей үшін Шығыс мемлекеттерімен жалғастыратын көпір іспетті болатын. Орта Азия елдеріне, Қытайға жол ашатын қақпа деп білген Петр I (1682–1725) қазақ жеріне бірнеше экспедиция жіберді. 1718 ж. Семей қамалының, 1720 ж. Өскемен бекінісінің негізі қаланды. 1730 ж. 8 қыркүйекте Уфаға Әбілқайыр ханның Сейіткүл Қойдағұлов пен Құлымбет Қоштаев бастаған елшілігі келді. 1731 ж. 19 ақпанда Ресей патшайымы Анна Иоановна Әбілқайыр ханға грамота жіберді. 1731 ж. 30 сәуірде Кіші жүзге орыс тілмашы, елші А.И.Тевкелев бастаған елшілік келді. Олармен бірге Санкт-Петербургке жіберілген қазақ елшілері де оралды. 1731 ж. 10 қазанда өткен қазақ құрылтайында Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы шешім қабылданды. 1731 ж. 15 желтоқсанда Орта жүз ханы Сәмеке Ресейге қосылу туралы ұсыныс жасады. Ол ұсыныс 1734 жылдан кейін жүзеге асырыла бастады. Ал Солт.-шығыс және Орт. Қазақстанның негізгі аймақтарын Ресей өз құрамына тек 19 ғ-дың 20–40-жылдары әскери-саяси күш қолданып қосты. Жоңғарияда 1745 ж. Қалдан Серен өлгеннен кейін, оның мұрагерлері арасында таққа талас басталды. Абылай хан осы сәтті пайдаланып, қазақ жерін азат етуге кірісті. Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент қ-лары Әбілмәмбет ханның қарамағына өтті. Абылай бастаған қазақ жасақтары 1750 ж. жауға жоңғар қақпасы маңында күйрете соққы берді. 1755 ж. жоңғарлар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп кетті. 1755–58 ж. Қытай әскерлері жоңғар билеушілері арасындағы тақ таласын пайдалана отырып, оларды мүлдем жойып жіберді. 1758 ж. Жоңғар мемлекеті

құлады. Цинь империясының батыс шекарасы қазақ жерімен шектесті. Қытайлар казактарға дүркін-дүркін шабуыл жасап, тыным бермеді. Абылай келісімге келу туралы Пекинге елшілер жіберді. Сөйтіп, Қытаймен сауда, экон. қатынас орнай бастады. 1771 ж. Әбілмәмбет хан өлгеннен кейін, Түркістанда Абылай Үш Жүздің ханы (бас хан) болып сайланды. Отарлық билікке қарсы қазақ халқының алғашқы көтерілісі Ресейге алдымен бағынған Кіші жүз жерінде басталды. Сырым Датұлы бастаған (1783–97), Исатай Тайманұлы бастаған (1836–38), Есет Көтібарұлы бастаған (1853–58) шаруалар көтерілістері қазақ халқының бостандық сүйгіш рухының биік екенін көрсетті. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» далалық аудандарды басқарудың құрылымын өзгертті. Елді басқарудың округтік жүйесі енгізілді. Қарқаралы (бұрынғы Бөкей ханның иелігіндегі) және Көкшетау (Уәли ханның иелігіндегі) окр-терін құрып, Орта жүз бен Ұлы жүздің рулары мекендеген аймақтардың түйіскен жеріндегі жайылымдарды тартып ала бастады. 19 ғ-дың 30-жылдарында отаршылдық саясатқа қарсы Абылайдың кіші ұлы Қасым төре бас көтерді. Қоқан хандығына арқа сүйемек оймен, 40 мың үймен Қоқан хандығының қол астына көшіп барды. Оның қоқандықтардан күткен үміті ақталмады. Ұлдары Саржан, Есенгелді, кейінірек өзі мерт болды. 19 ғ-дың алғашқы ширегінде патша үкіметі Қазақстанға әкімш.-саяси өзгерістер енгізуге кірісті. Отарлық езгінің күшеюі, шұрайлы жерлерді тартып алып, бекіністер салу Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын (1837–47) тудырды. 1838 жылдың көктемінен бастап Кенесары жасақтары патша әскеріне қарсы жоспарлы күрес жүргізді. Ақмола қ-н қиратты, Қоңырқұлжа ауылын шапты. 1840 ж. күзде Ырғыз бен Торғай маңында патша әскерімен қарулы қақтығыс басталды. 1841 ж. қыркүйекте Үш Жүз өкілдері Кенесарыны хан етіп сайлады. Кенесары ел билеу тәртібін өзгертті. Алым-салық реформасы іске асырылды. Егіншілікті дамытуға, көрші елдермен сауда-саттық жасалып, керуеннен салық алынатын болды. Хан кеңесі құрылды. Жасақтар жүздіктерге, мыңдықтарға бөлінді. Кенесары орыс үкіметімен тату көршілік қарым-қатынас орнатуға тырысты. 1841–42 ж. Кенесары жасақтары



қокандықтарға қарсы соғыс жүргізді. Созақ, Сауранды алды. Хиуа, Қокан хандары Сырдың төм. ағысы бойындағы, Ырғыз, Торғай, Ембі өз-нің бойындағы қазақтарды билеуге тырысты. Сыр қазақтары Хиуа, Қокан езгісіне қарсы көтерілді. Оны әлім руынан шыққан Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарды. 1854 ж. Верный (Алматы) бекінісі салынғаннан кейін, Батыс Сібірден Жетісуға казак орыс әскерлері мен орыс шаруалары қоныс аудара бастады. 19 ғ-дың 60 жылдарында Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісі аяқталды. 1867 ж. Түркістан ген.-губернаторлығына бағынатын Жетісу және Сырдария обл-тары, ал 1868 ж. Орынбор ген.-губернаторлығына қарасты Орал мен Торғай, Батыс Сібір ген.-губернаторлығына қарайтын Ақмола және Семей обл-тары құрылды. Обл-тар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Әкімш. бөліктер аум. ұстаным бойынша ұйымдастырылды. 1916 жылғы көтерілістің басталуына патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы майдандағы қара жұмысқа Қазақ және Түркістан өлкелерінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43 жас аралығындағы ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы түрткі болды. 1917 ж. патшаны тақтан құлатқаннан кейін 21–28 шілдеде Орынборда 1-Бүкілқазақ съезі өтті. Съезде қазақтың ұлттық саяси ұйымы – «Алаш» партиясы құрылды. 1917 ж. 25 қаңда Қазан революциясы болды. Қазақ қоғамы Орынборда (1917 ж. 5–13 желтоқсанда) 2-Бүкілқазақ съезін өткізді. Онда Алашорда өкіметі құрылды. 1918–20 ж. Қазақстанды азамат соғысы шарпыды. 1920 ж. 30 тамызда Бүкілресейлік ОАК мен РКФСР-дің құрамында «Автономиялы Киргиз (қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декрет қабылданды. 1925 ж. Түркістан АКСР-інің таратылуына байланысты Жетісу және Сырдария обл-тары Қазақ АКСР-іне қосылды. Жергілікті халықтың «Қазақ» атауы қалпына келтірілді. Отырықшыландыру ісі күштеп ұжымдастырумен астасты, соның салдарынан шаруалар мал өрісінен, су мен жайылым ауыстыру мүмкіндігінен айрылды. Мұның бәрі ашаршылыққа, мал ш-ның құлдырауына әкеліп соқтырды, егіс көлемі төмендеді. Халық наразылығы күшейді. 1929–31 ж. Қазақстанда 372 көтеріліс болып өтті. Шет елдерге (Қытайға, Моңғолияға, Иранға, Ауғанстанға) жаппай ауа көшу басталды. Қазақ жері саяси тұтқындар лагеріне айнал-

дырылды. Олардың ең ірісі Қарағанды лагері болды. 1937 жылдың күзінде Қазақстанға Қиыр Шығыстан 100 мың кәріс, 1934–44 ж. күрд, түрік, иран, азербайжандар, шешен-ингуштар жер аударылып, қоныс тепті. 1941 ж. 22 маусымда Германия КСРО-ға соғыс ашты. Қазақстан алғашқы күндерінен-ақ соғыс арсеналына айналды. Соғыс жылдары Қазақстан 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясын, 7 атқыштар бригадасын жасақтады. Соғыстағы ерліктері үшін 499 қазақстандық (96-сы қазақ) жауынгерлер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. 410 мыңға тарта қазақстандық соғыстан оралмады. 1946 ж. 1 маусымда Қазақстан ҒА ұйымдастырылып, оның тұңғыш президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды. 1948 ж. үш облыстың (Семей, Павлодар, Қарағанды) түйіскен жеріне ядр. сынақ полигоны салынды. 1949 ж. 29-тамызда Семей полигонында тұңғыш рет ядр. сынақ жасалды. Қорғаныс мин-нің өз мәліметі бойынша 1949 жылдан 1963 жылға дейінгі аралықта полигонда қуаты бірнеше тоннадан 100 килотоннаға дейін жететін 113 жарылыс ауада жасалған. 1986 ж. 16 желтоқсанда Орт. үкіметтің жергілікті халықтың ар-намысын аяққа басқан озбырлық шешіміне қарсы студенттер мен жұмысшы жастар наразылық шеруге шықты. Жастардың Алматыдағы бұл ереуілін үкімет қарулы күшпен таратты. КОКП ОК-нің қаулысымен желтоқсан көтерілісіне «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. 1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына келтірілді. 1991 ж. 1 желтоқсанда болған бүкілхалықтық сайлауда Н.Ә.Назарбаев тұңғыш Президент болып сайланды. 1992 ж. 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып қабылданды. 1993 ж. қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды. Осы жылы 15 қарашада Қазақстанның тұңғыш валютасы айналымға түсті; оның жүз теңгелігінде Абылай ханның портреті бейнеленді. Осыдан кейін Қазақстанның сыртқы елдермен қатынасы (республиканы жүзден аса ел таныды) күшейді. 1995 ж. 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. 1998 ж. 6 шілде күні Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қ-на көшіріліп, ол Астана қ. деп аталды.



ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҚ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА – 1917–20 ж. аралығында болған саяси-әлеуметтік оқиғалар. 1917 ж. ақпанда Петроградта жұмысшылар мен солдаттардың көтерілісінен кейін монархия құлап, республика орнады да, қоғамдық-саяси жағдай түбірімен өзгерді (қ. *Ақпан революциясы*). Уақытша үкімет қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларға кешірім жариялады, оларды жазалау тоқтатылды. Сондай-ақ, көтерілісті жазалаушыларға да кешірім жасалды. Қоғамда азаматтық келісім орнатуға жағдай туғызылып, кең көлемде саяси бостандықтар берілді (сөз, баспасөз бостандығы, саяси партиялар құру, т.б.). Ә.Бөкейхан жетекшілік еткен интеллигенция өкілдері Уақытша үкімет құрамында жауапты қызметтер атқарып, ұлттық-демократ. «Алаш» партиясын құруға кірісті. Көп кешікпей Уақытша үкіметтің жер-жердегі органдарымен қатар жұмысшы, солдат және шаруа кеңестері құрылды. Петроградта және Ресейдің орт. аудандарында қосөкімет орнады, ал Қазақстан көпөкіметтілік жағдайында қалды. Өйткені 1917 ж. наурыз-маусым айларында Қазақстанда билікке уақытша үкіметтің жергілікті органдары, кеңестер, жергілікті Алаш партиясын құрушылар, Жетісу, Орал, Орынбор, Сібір казак әскерлерінің билеуші органдары, т.б. таласты. Саяси күштер топтала бастады. Атап айтқанда оңшылдарға негізгі мүшелері кадет партиясынан құралған Уақытша үкіметтің жергілікті к-ттері, казачество билеушілері жатты. Аралық (центристік) лагерьді қолдаушылар эсерлер болды. Солшылдарға большевиктер мен солшыл эсерлердің ықпалындағы жергілікті кеңестер жатты. Оларға майданның қара жұмысынан қайтқан қазақ жігіттері мен майдангерлер қосылды. Жер-жерлерде жұмысшылар мен оқушы жастардың қоғамдық-саяси ұйымдары құрылып, саяси мәселелерге араласа бастады. Мыс., Верныйда «Мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы», Омбыда «Бірлік», Петропавлда «Талап», Семейде «Жанар», Меркеде «Қазақ жастарының революциялық одағы», т.б. құрылды. 1917 ж. 4–5 шілдеде Петроградта Уақытша үкімет большевиктер ұйымдастырған ереуілді қарудың күшімен басты. В.И. Ленин мен оның серіктерін тұтқындауға бұйрық берілді. 1917 ж. 11 шілдеде қосөкіметті-

лік жойылып, ресми билік түгелдей Уақытша үкіметке көшті. Алаш басшылары саяси жағдайдың күрт өзгеруіне байланысты 21–26 шілдеде Орынборда бірінші жалпықазақ съезін шақырды. Съезде Алаш партиясы дербес саяси ұйым ретінде қайта құрылды. 1917 жылғы тамыз – қыркүйек айларында Орт. Ресейде Корнилов бүлігінің талқандалуы монархияшыл күштерді әлсіретті. Уақытша үкімет пәрменді әрекет жасай алмай, беделінен айырылып қалды. Бүлікті басуда белсенділік көрсеткен большевиктер еңбекшілердің қолдауына сүйенді. Осы кезде өзін Қазақ Социалистік партиясы деп атаған «Үш жүз» партиясы құрылды. Оның көсемі К.Тоғысов, белсенділері Ш.Әлжанов, Ә.Досов,



Орынбор өңіріндегі қазақ ауылы. Лапланттың гравюрасы

М.Әйпенев, т.б. болды. Көп ұзамай олар «Алаш» партиясының басты сынаушыларына айналып, большевиктер жағына шықты. 1917 ж. 24–25 қазанда (6–7 қараша) Петроградта большевиктер төңкеріс жасап, Уақытша үкіметті құлатты. Іле-шала Ресейдің орт. облыстарында да Кеңес өкіметі орнады. Қазақстанда бұл процесс 4 айға (1917 ж. аяғы – 1918 ж. наурыз) созылды. Жаңа өкімет қалаларда, темір жол бекеттерінде және ірі-ірі елді мекендерде ғана жеңіске жетті. Ал қазақ ауылдарында кеңестер билігі тек 20-жылдардың бас кезінде ғана орнады. Осы кезде 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынборда екінші жалпықазақ съезі өтті. Съезде Ресей федерациясы құрамына кіретін Алаш автономиясы (қазақ мемлекеттігі) жарияланып, басқарушы Ұлт кеңесі – Алаш Орда сайланды, халықтық милиция жасақтау қажеттігі айтылды. Алаш Орданың төрағасы болып Ә.Бөкейхан сайланды. Саяси биліктен айырылғаннан кейін революцияға қарсы топтар қарулы қарсылық көрсете бастады.



Кеңес өкіметін құлату үшін 1918 ж. жазда ақ гвардияшылар шет елдердің (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Жапония, т.б.) көмегімен кең көлемде Азамат соғысын бастады. Олар Ақмола, Петропавл, Қостанай, Семей, т.б. қалаларды басып алып, кеңес өкіметін құлатты. Көп ұзамай Жетісу және Сырдария обл-тарының көпшілік бөлігі, Бөкей Орда-сының бір бөлігі және Торғай обл-ның кейбір аудандарынан басқа жерлердің бәрінде кеңес өкіметі құлады. Алаш Орда үкіметі 1918 жылдың жазынан бастап Кеңес өкіметіне ашық қарсы шығып, Орынбордағы атаман Дутовпен, Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен одақтасты. Ақ гвардияшылар басып алған аудандарда кеңес өкіметін қолдаушылар партизан қозғалысына көшті. Партизан қозғалысының негізгі орталықтары Торғай обл-ның Қостанай уезі, Ақмола және Жетісу, Семей обл-тарының жекелеген өңірлері (Черкасск қорғанысы, Тарбағатай мен Алтайдың «тау қырандары», т.б.) болды. Қазақстандағы 1918 – 20 ж. қарулы қарама-қарсылық Ресейде орын алған Азамат соғысының құрамдас бөлігі болды. 1919 жылдың жазында Қызыл Армияның шығыс майданда Колчак армиясын талқандауы Батыс, Солт.-Шығыс, Солт. Қазақстан мен Жетісудың ақ гвардияшылардан азат етілуіне ықпал етті. 1919 жылдың аяғында Қазақстанның негізгі аумағы ақ гвардияшылардан азат етілді. 1920 ж. наурызда ең соңғы майдан – Солт. Жетісу азат етілді. Ақ гвардияшылардан босатылған аудандарда Кеңес өкіметі қалпына келтірілді. 1919 ж. 10 шілдеде РКФСР ХКК декретімен Қазақ Революциялық Комитеті (Казревком) құрылды. Ол Қазақстандағы Әскери-азаматтық басқаруды өз қолына шоғырландырды. 1920 ж. 4–12 қазанда Орынборда Қазақстан кеңестерінің Құрылтай съезі өтіп, Қазақ АКСР-нің Декларациясын қабылдады. Декларация РКФСР құрамына кіретін Қазақ АКСР-нің құрылғанын жариялады.

К.Нұрпейіс

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1867–68 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕФОРМАЛАР – Ресей патшалық өкіметі жүргізген әкімшілік-басқару шаралары. Түркістан және Дала өлкелерін басқару үшін тәжірибе ретінде жүргізілген бұл реформалар Уақытша ереже деп аталды. Ресей өнеркәсібі үшін Қазақстан бай шикізат көзі және тауар өткізетін рынок болды. Қазақстанның байлығын Ресейге толық тәуел-

ді ету үшін патша үкіметі Қазақстандағы өзінің өкімет билігін нығайтуды көздеді. Осыған байланысты қазақ даласында жүргізілген әкімш.-басқару реформалары сот, оқу-ағарту, алым-салық, жер, т.б. мәселелерді қамтыды. 19 ғ-дың 60-жылдарына дейін Қазақстанда ел басқарудың бірыңғай жүйесі болмады. Осыған сәйкес 1867 ж. Жетісу, Сырдария обл-тары жаңадан құрылған Түркістан ген.-губернаторының қарауына берілді. 1868 ж. Орынбор ген.-губернаторлығына қарайтын Орал, Торғай обл-тары, Батыс Сібір (Дала) ген.-губернаторлығына қарайтын Ақмола, Семей обл-тары құрылды. Облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Әкімш. бөліністер аумақтық принцип бойынша жүзеге асырылды. Қазақстандағы сот билігі жаңадан құрылған әскери-соттық комиссияларға, уездік судьяларға, уезд бастықтарына, обл. басқармаларға, көшпелі халық ішінде билер сотына, оңт-тегі отырықшы халық ішінде қазы сотына бөлінді. Қазақстандағы барлық жер мемлекет меншігі болып жарияланды. Патшаның хан тұқымдары мен ру ақсүйектеріне сыйлаған жерлері жеке меншік болып танылды. Жерді мемлекет меншігі деп жариялау оны керегінде қазақ халқынан тартып алуға «занды» негіз болды. Адамдардың тұрмыстық жағдайы ескерілмей, салық жинаудың тепе-теңдік жүйесі енгізілді. Жаңа әкімш. бөліктер жайылымдардың ғасырлар бойы қалыптасқан тәртібіне сай келмеді. Бір рудың жайлауы мен қыстауы көбінесе екі бөлікке бөлініп қалды. Осыған байланысты реформаға қарсы 1868 ж. Торғай және Орал облыстары, 1869 ж. Маңғыстау қазақтары көтеріліс жасады. Бірақ, бұл көтерілістер күшпен басылды. 1867–68 жылдардағы реформалар оқу-ағарту, мед. көмек, дін мәселелерін де қамтыды. Бұл реформалар тәжірибе жасау мақсатында екі жылға уақытша енгізілген болатын. Алайда, ол жиырма жылдан астам уақытқа созылып, 1886 ж. 2 маусымда Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже, ал 1891 ж. 21 наурызда Ақмола, Семей, Орал және Торғай обл-тарын басқару жөніндегі Ереже (Дала ережесі) қабылданды.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰРЫЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚЫЗЫЛ АРМИЯ БӨЛІМДЕРІ – 1918–20 жылдары Кеңестік Ресейде орын алған Азамат соғысы жылдарында ұйымдастырыл-



ған ұлттық әскери құрамалар. 1919 жылдың бас кезінен жасақтала бастады. Ордада құрылған қазақ атты әскер полкінің құрамында 6 эскадрон, пулеметшілер командасы, кіші командирлер даярлайтын мектеп болды. Полк негізінен Қызыл Армия қатарына өз еркімен келген қазақ жігіттерінен жасақталды. Полкті ұйымдастырушы және оның тұңғыш командирі Мұхамедияр Тұнғашин, комиссары Бисен Жәнікешов болды. Жас командирлер арасынан Хамит Чурин, Шәкір Жексембаев, Жұмағали Сәрсенов, Ғұсман Әзірбаев, т.б. ерекше көзге түсті. 1919–20 ж. Қазақстанның басқа жерлерінде де (Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу) ұлттық бөлімдер құрылды. Атап айтқанда, 1919 ж. қыркүйекте Дала өлкесінің әскери комиссары Ә.Жангелдиннің басшылығымен Қостанай, Торғай уездері қазақтарынан қазақ атты әскер полкі жасақталды. Сондай-ақ, осы мезгілде Шығыс майданы Көкшетау әскерлер тобы құрамында Ақмола, Семей обл-тары қазақтарынан да әскери бөлім құрылды. Екі полк те Солт.-шығыс Қазақстанды ақтардан азат етуге белсене араласты. Жетісу, Сырдария, Орал обл-тарында да ұлттық әскери бөлімшелер (эскадрон, отряд, т.б.) құрылып, кеңес үкіметін құруға белсене араласты, дегенмен, азамат соғысы аяқталысымен бұл әскери бөлімдер таратылды. Астананың Қызылордаға көшіп келуіне байланысты, 1926 ж. қалада дербес қазақ атты әскер дивизионы құрылды. Осы дивизион негізінде 1930 ж. Алматыда 48-қазақ атты әскер полкі жасақталды. Осы полк қазақ жастарын әскери өнерге үйрету, қазақ офицерлерін дайындау ісінде үлкен рөл атқарды. Полк командирі – Т.Әлиев, комиссары – Н.Мусин, эскадрон командирлері – А.Ақаев, С.Жұмабаев, О.Сүлейменов, С.Смағұлов, К.Мұсабаев, саяси қызметкерлер – Ә.Баймолдин, Ә.Бекбаев, Ә.Жетпісбаев, А.Мақатов, штаб офицерлері – К.Әбенев, О.Саурықов, т.б. болды. Осы полкте қызмет атқарған қазақ жастары арасынан кейіннен көптеген әскери қызметкерлер (ген.-л. Ш.Қабылбаев, полк. Ж.Тілеумағамбетов), ғалымдар мен қоғам қайраткерлері (акад. С.Бәйішов, проф. Қ.Макиров, т.б.) шықты. 1938 ж. КСРО Қорғаныс комиссариатының бұйрығы бойынша полк таратылып, басқа әскери құрамаларға қосылды.

Әдеб.: Покровский С.Н., Разгром иностранных военных интервентов и внутренней контрреволю-

ции в Казахстане, А.-А., 1962; Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане. Документы и материалы, т. 2, А.-А., 1964; Тасболатов А., Аманжолов К., Военная история Казахстана: очерки, А., 1998.

К.Аманжолов

ҚАЗАҚСТАНДЫ РЕСЕЙДІҢ ОТАРЛАУЫ – 1731 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресейге қосылуынан басталды. Бұл үрдіс 130 жылдан аса уақытқа созылып, 19 ғ-дың 60-жылдарының ортасына қарай толық жүзеге асырылды. 1731–1860 ж. Қазақстан Ресейге, көбіне сөз жүзінде ғана бағынып, іс жүзінде ру, тайпа билеушілері дербес саясат жүргізді. Патша өкіметі халық көтерілістерін аяусыз басып отырғанымен, елдің ішкі істеріне (сот жүйесіне, ру аралық мәселелерге) араласпады. Ел ішіндегі беделді адамдарға, ру басыларына жалақы тағайындап, әртүрлі атақтар беріп, екінші жағынан әкімш. реформалар жасап, көнбегендерін жазалау арқылы өз билігін күшейтті. Мыс., 1822 ж. Орта жүзде, 1824 ж. Кіші жүзде хандық басқару жойылды, қарсы шыққандар күшпен талқандалды (*қ. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы*). 19 ғ-дың ортасына қарай Батыс, Солт.-шығыс, Орт. Қазақстан Ресейге толық бағынды. Оңт., Оңт.-шығыс Қазақстан Қоқан, Хиуа хандықтарына қарады. Олар жергілікті қазақтарға салықты үсті-үстіне көбейтті. Көтеріліске шыққан халық Ресей өкіметінен көмек сұрады. Бұған қоса осы кезде Орта Азияны отарлау жөнінде Ресей мен Ұлыбритания елдері арасында бәсеке күшейе бастады. Үндістан арқылы Ауғанстан мен Иранға орныққан ағылшындар Қоқан, Бұхар, Хиуа хандықтарын Ресейге айдап салып, оларға өз ықпалын жүргізуге тырысты. Қоқан, Хиуа хандықтарының езгісіне қарсы көтеріліске шыққан қазақтарға көмек беруді желеу етіп Ресей өкіметі оңт. бағытта ел ішіне ене түсті. 1854 ж. Верный (Алматы) бекінісі салынды. 1862–64 ж. орыс әскерлері Әулиеата, Шымкент, Түркістан қ-ларын басып алды. Оңт. Қазақстанды бағындырғаннан кейін Қ. Р. о. толық іске асты. 1867–68 жылғы Ресей үкіметінің «Уақытша Ережесі» бойынша әкімш. және сот жүйелері толығымен Ресей өкіметінің қолына көшіп, қазақ жері облыстарға бөлінді.

К.Аманжолов



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ МЕН МАТЕРИАЛДАРДА», «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» – отан тарихы бойынша ғыл. жүйеленген құжаттар жинағы. Қазақ өлкелік баспасынан орыс тілінде жарық көрген (екі томдық). Оның 1-кітабы 1935 ж. проф. С.Асфендияров пен проф. П.А. Кунтениң, 2-томы Асфендияровтың редакциялауымен 1936 ж. жарияланды. 3-кітабы саяси қуғын-сүргінге байланысты аяқталмай, қолжазба күйінде қалды. Жинақтар 1997–98 ж. «Қазақстан» баспасынан қайта басылып шықты. Жауапты шығарушы – Н.Оразбек. Қазақ елі туралы антик. авторлардың жазғандары, Қытай шежірелерінен деректер келтірілген еңбектің алғашқы томы б.з.б. 5 ғ-дан б.з. 18 ғ-ға дейінгі кезеңді қамтыған. Екінші томда Қазақстан тарихының Ресей империясы құрамындағы кезеңіне (19 ғ.) қатысты маңызды құжаттар жинақталған.

Қ.Тулақбаева

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ҚҰРЫЛЫСЫ ТАРИХЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ» – құжаттар жинағы. 1960 ж. Қазақ КСР ҒА-ның «Ғылым» баспасынан орыс тілінде 1-томы ғана жарық көрген. Құрастырушы М.Г. Масевич, жауапты редакторы С.З. Зиманов. Жинақ Ресей империясының сыртқы саясатына қатысты Қазақстан, Өзбекстан Орт. Мемл. мұрағаттары мен Мәскеу, Омбы обл. мұрағаттарының құжаттары негізінде құрастырылған. Оған Қазақстанның Ресейге қосылуынан бастап Қазан төңкерісіне дейінгі уақытты қамтитын 137 құжат енген. Кітапқа Қазақстанның сол кезеңдегі мемл. басқару жүйесі және сот құрылымдарына байланысты патша өкіметінің бұйрықтары, заңдары, реформалары және Ресей империясының заңдарының толық жинағы енгізілген. Мәліметтердің көпшілігі Кіші және Орта жүздегі патшалық Ресейдің әкімш.-аумақтық басқару жүйесін орнатуы жөнінде баяндайды. Қосымшасында құжаттарды пайдаланудағы көмекші түсіндірмелер көрсетілген.

Ж.Қасымбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ, гимн – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздерінің бірі. ҚР М. ә. – татулық-достықтың киелі бесігі Отанды сүюге, тарихи оқиғалардың тезінен өтіп шыңдалған қаһарман халқымызды ерлікке, елдікке, бір-

лікке үндейтін асқақ әуенді ұран, сазды жыр; Мемл. Ту мен Мемл. Елтаңбаның поэтик.-муз. баламасы. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституц. заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Әнұран салтанатты рәсімдерде, мемл. органдар өткізетін өзге де шараларға байланысты: ҚР-дың Мемл. туын көтеру, жаңадан сайланған ҚР Президентінің салтанатты ант беруі, ҚР Палаталары депутаттарының сессияларын ашу және жабу кезінде, елге ресми сапармен келген шет елдік жоғары мәртебелі қонақтарды (мемлекет, үкімет басшыларын) күтіп алу

1. Ал - тың күн ас - па - ны, Ал - тың дән да - ла -
2. Үр - пақ - ка жол аш - кан, Кең - бай - тақ же - рім -
сы, Ер - лік - тің да - ста - ны, Е - лі - ме қа - ра -
бар. Бір - лі - ті жа - рас - кан, Та - уел - сіз е - - лім -
шы! Е - жел - ден ер - де - ген, Дән - қы - мыз шық - ты
бар. Қар - сы ал - ған уа - қыт - ты, Мән - гі - лік до - сың -
той, На - мы - сын бер - ме - ген, Қа - за - ғым мық - ты той!
дай. Біз - дің ел ба - қыт - ты, Біз - дің ел о - - сын - дай!
CHORUS
Ме - нің е - лім, ме - нің е - лім, Гү - лің бо - лып
е - - ті - ле - мің, Жы - рың бо - лып тө - ті - ле мің, е - лім!
Ту - ған же - рім ме - нің - Қа - зақ - с - та - ным!

Қазақстан Республикасының Әнұраны

және шығарып салу рәсімдерінде, т.б. жағдайларда орындалады. Мемл. әнұранды жазу үшін шығарм. байқау жарияланды, оған Қазақстан ақындары мен композиторлары қатысты. Мемл. рәміздер жөніндегі үкімет комиссиясының шешімімен ақындар: М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж.Дәрібаева шығарған өлең сөзі бекітілді. Сазы ретінде кеңестік дәуірде М.Төлебаев, Е.Брусилковский, Л.Хамиди жазған бұрынғы мемл. әнұран сазы алынды. 2006 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік нышандар туралы» Жарлыққа түзетулер енгізілді. Еліміздің жаңа әнұраны болып «Менің Қазақстаным» қабылданды.



Әуенін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жүмекен Нәжімеденов жазған. Қазақстан әнұранының сөзін уақыт өлшемімен үндестірген бірлескен автор – Елбасы Н.Назарбаев. Парламент палаталарының депутаттары бірауыздан осы идеяны қолдады. Бұдан кейін жаңа әнұран 2006 жылғы 7 қаңтардағы «Конституциялық заң күшіне ие «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Елбасы қол қойған № 112-III ҚРЗ Қазақстан Республикасының конституциялық заңымен бекітілді. 2006 жылдың 10 қаңтары – ресми жариялау күні – тарихқа еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде жазылды. Муз.-поэзиялық нышанның алғашқы ресми орындалуы «Ақ Орда» Президент сарайында Астанада еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ресми инаугурациясы кезінде болды.

К.Халиқов, К.Қошым-Ноғай

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ, Г е р б – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституц. заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемл. елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы су-

реті іспетті, Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қ. р. м. е-ның авторлары – Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов.

К.Халиқов

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ» – Қазақстанның Мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған конституциялық заң. 1991 ж. 16 желтоқсанда қабылданған. Заң, 18-бабына сәйкес, Қазақ КСР-інің Мемл. егемендігі туралы декларациямен қатар Республиканың жаңа Конституциясын әзірлеу үшін негіз қалады. ҚР Жоғ. Кеңесінің осы конституц. заңды күшіне енгізу тәртібі туралы қаулысына сәйкес, заң жарияланған сәттен бастап күшіне енгізілді, сондай-ақ, ҚР-дың тиісті заңдық және нормативтік актілері қабылданғанға дейін республиканың аумағында осы заңға, ҚР-дың өзге де заңдары мен нормативтік актілеріне қайшы келмейтін жағдайда КСРО заңдарының нормалары және халықар. құқықтың КСРО мойындаған нормалары қолданылатындығы көзделді. Заң ҚР-дың тәуелсіз мемл. ретіндегі, дүниежүз. қоғамдастықтың мүшесі ретіндегі негіздерін, халық пен азамат қатынастарын, мемл. билік органдарын, экон. негіздерді және республиканың мемл. егемендігін қорғауды айқындап берді.

С.Рахымжанұлы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституц. заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Мемл. ту көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған



Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

ҚАЗАҚСТАН



қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста – ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. ҚР мемл. туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк ас-

публика көлеміндегі құжаттар қорында Сібір қазақтарының шекара басқармасының, Орынбор қазақтарының обл. басқармасы, округтік приказдар, ішкі қырғыз ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңес, Дала ген.-губернаторлығы кеңсесінің, Семей, Торғай, Жетісу обл., уездік басқармалар мен сот-полиция, мәдени-ағарту органдарының құжаттар кешені сақталған. 1733 жылдағы Қазақстанның Қытаймен және кейініректе



Қазақстан Республикасының Туы

пан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн – уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс – бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұланайтақ кеңістікте қалықтаған қыран ҚР-ның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді.

К.Халиқов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫ (ҚРОММ) – ғылыми-анықтамалық мәдени мекеме. 1921 ж. қыркүйек айында Орынбор өлкелік мұрағатының негізінде құрылған. ҚРОММ 1925 ж. Орынбордан Қызылордаға, 1929 ж. Қызылордадан Алматыға көшірілді. 1931 ж. ҚРОММ – Қазақ АКСР Тарихи және Қазан төңкерісі мұрағаттарына бөлінді. 1957 ж. бұл екі мұрағат пен 1943 ж. құрылған Кинобейнедыбыс құжаттары орт. мемл. мұрағаты Қазақ КСР ОММ деген атпен біріктірілді. 1974 ж. ақпан айында ҚРОММ-нан Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық құжаттамаларының орталық мемл. мұрағаты мен Қазақстан Республикасының орталық мемл. кинобейнедыбыс жазбалары мұрағаты бөлініп шықты. 1917 жылға дейінгі Қазақстан тарихы бойынша рес-



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағатының ғимараты

Ресей, Бұхар, Хиуа, т.б. мемлекеттермен жасасқан сауда қатынасы мен дипломат. байланыстарындағы маңызды мәселелерді қамтитын құжаттар бар. Қазақ халқының 18–19 ғ-лардағы Қайыпқали Есімов, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарына байланысты құжаттар мол жинақталған. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы орыс-қазақ мектептерінің, мұсылман медреселерінің ашылуы туралы және тау-кен өндірісінің дамуы, пайдалы қазба кен орындарын зерттеу ісі, қайта қоныстану сияқты отарлау саясатын сипаттайтын құжаттар сақталған. Уақытша үкіметтің жергілікті мекемелеріне арналған қорда олардың Жетісу, Сырдария, Торғай, Ақмола, Орал облыртарындағы өрескел әрекеттері көрініс тапқан. ҚРОММ-да 1917 жылға дейінгі Қазақстан тарихына байланысты 200 мыңнан астам іс қағаздары бар. Кеңес дәуірінің құжаттары негізінен респ. деңгейдегі мекемелердің 1920 жылдан бергі қорларында жинақталған. Мұнда алаш зиялыларына және экономика, жер мәселесін реттеу, мәдениет, ғылым мен денсаулық ісінің дамуы, т.б. мәселелерге байланысты маңызды құжаттар шо-

ғырланған. ҚРОММ-ның тағы да бір негізгі құжат көздері жеке адамдардың мұрағаты болып табылады. Олар негізінен мәдениет, әдебиет, өнер мен ғылым қайраткерлерінің қорлары. Мыс., С.Мұқановтың, І.Жансүгіровтің, Б.Момышұлының, Қ.Сәтбаевтың, М.Төлебаевтың, т.б. қорлары. Мұрағаттың ғыл.-анықтамалық кітапханасында 40 мыңға жуық әдебиет, 1917 жылдан кейінгі уақыттағы газет-журнал тігінділері, араб графикасымен шығарылған 20-жылдардағы газеттер сақталған.

А.Әбішев

«ҚАЗАҚСТАН» ҰЛТТЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ – мазмұны мен пішіні жағынан бірегей 10 томдық басылым. «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы осы көп томдықты 1998 жылдан бастап қолға алған. 1998 – 2002 ж. шыққан 1-, 2-, 3- және 4-томдықтарға филос. ғыл. докт., проф., ҚР ҰҒА-ның акад. Ә.Нысанбаев, 2003–2007 ж. шыққан 5-, 6-, 7-, 8-, 9-, 10-томдарға тарих ғыл. докт., проф. Б.Аяған Бас редактор болды. Алматы қ-нда жарық көрген Ұлттық энциклопедияның 1-томы 25000 дана, 2–8-томдары 20000 дана, 9-, 10-томдары 10000 дана. Көп томдықтың әрқайсысы 700 беттен астам көлемді құрайды. «Қ». Ұ. Э-ның 10 томында әліпбидің «А» әрпінен бастап, «Я» әрпінің аралығындағы әріптерге қатысты энциклопедиялық мағлұматтар берілген. Басылымды елімізге белгілі ғалымдардың қатысуымен «Қазақ энциклопедиясының» мамандары даярлаған. Томдықтарды қолына алған әрбір оқырманға өздерін қызықтырған тақырыптар бойынша мағлұматтар алуына мүмкіндік мол. Сонымен қатар көп томдыққа 1731 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдаған шақтан бергі ел ішінде орын алған Сырым Датұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Кенесары Қасымұлы, Исатай мен Махамбет және т.б. ұлт-азаттық көтерілістер, Кеңес өкіметі кезіндегі ұжымдас-тыру, ашаршылық жылдарындағы ел аумағында болған бас көтерулер мен толқулар, кешегі 1986 жылғы желтоқсандағы көтеріліске дейін толықтай енгізілген, мол, тың мағлұматтар топтастырылып, жан-жақты қамтылған.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚТАРҒА – ЖАҢАРҒАН РЕСЕЙ-ДІҢ ЕРІКТІ АЗАМАТТАРЫНА» – Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейін жазылған үндеу-мәлімдеме. Оған Ә.Бөкейхан, М.Ду-

латов, М.Есболов, Н.Төреқұлов, Т.Жаманмұрынов, т.б. 15 зиялы қауым өкілі қол қойған. Үндеу ұлттық-демокр. қозғалыс басшыларының саяси бағдарламасы сипатында болды. Қол қоюшылар ақпан төңкерісі жеңіске жеткен кезде Ә.Бөкейханмен бірге Белоруссияның Минск қ-нда болған еді. Олар бұл жаққа Батыс майданның тыл жұмыстарына алынған (1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына сәйкес) қазақ жігіттерінің жағдайын білу және оларға көмек көрсету үшін барған болатын. Ол «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 233-санында жарияланды, орыс тіліне аударылған нұсқасы сол жылғы «Бюллетень Семипалатинского областного исполнительного комитета» басылымының 17 наурыздағы санында жарық көрді. Үндеу 25 адрес бойынша, атап айтқанда М.Тынышбаевқа (Шымкент), А.Тұрлыбаевқа (Омбы), Ә.Сәтбаевқа (Павлодар), Р.Мәрсеков пен Т.Ибрагимовқа (Семей), С.Жылқыайдаровқа (Атбасар), Қ.Қожықовқа (Өндіжан), Х.Досмұхамедовке (Ойыл), Т.Шонановқа (Ырғыз), Б.Қаралдин мен О.Алмасовқа (Торғай), т.б. жіберілді. Үндеу авторлары 1917 жылғы Ақпан революциясының жеңісін барлық Ресей халықтары үшін «бостандық пен теңдіктің күні туғаны» деп бағалап, қазақтарды «жаңа қоғам, жаңа үкіметті қолдау үшін ұйымдасуға» шақырды. Сонымен қатар, үндеуде қазақтар Құрылтай жиналысы сайлауына дайындалып, оған лайықты кандидаттарды белгілеу қажеттігі айтылды. Осыған орай үндеу авторлары отандастарын «қазақшыл айтыстар мен отбасының ұрыс-керісін тастауға» шақырып, халықтың «ұраны – бірлік пен әділеттік» болуы керектігін баса көрсетті. Үндеуде ерекше мән берілген мәселе жерге байланысты болды. «Жер мәселесін тез арада талқылаңыздар», – делінді үндеуде: ... жерді одан мал шаруашылығы мен егіншілік арқылы табыс алатындарға беру (қажет)...». Үндеу авторларының алдағы атқарар негізгі үш басты мақсат-міндеттерді анықтағандығын аңғаруға болады: 1) Саяси әрекетте бірінші орында жалшыресейлік мәселелер, әсіресе өкімет туралы және мемл. құрылыс мәселелері тұру керек («жаңа үкіметті қолдау» және «демократиялық республика» ұранын жүзеге асыру); 2) Көшпелі және отырықшы халықтардың мүдделерін есепке ала отырып, агр. мәселелердің жиынтығын кешіктірмей сая-



си күрестің күн тәртібіне қою; 3) Құрылтай жиналысына тиянақты дайындықтар жүргізу, бұрынғы жасқаншақтық пен бас изеушіліктен құтылу жолында халықтың бірлігін нығайту қажеттігі (бұрынғы айтыс-керістерді ұмыту, «құдайдан басқадан қорықпау»). Үндеу авторларының біразы көп кешікпей Петроградта өткен жалпыресейлік мұсылмандар мәжілісіне қатысты. Оған қатысқан Қазақстан делегациясының басым көпшілігі Ақпан төңкерісінен кейінгі қалыптасқан жағдайды халыққа түсіндіру үшін елге қайтты. Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай облыстық комиссары лауазымына тағайындалды.

К.Нұрпейіс

ҚАЗАҚТАРДЫҢ 1812–1814 ЖЫЛДАРЫ ОРЫС-ФРАНЦУЗ СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ, 1812 ж. маусым айында Француз императоры Наполеон армиясының орыс шекарасын бұзып кіруімен орыс-француз соғысы басталды. Бұл соғысқа орыстардан басқа Ресей империясын мекендеген украин, беларусь, татар, кавказ халықтарының өкілдері, т.б. қатысты. Соның ішінде қазақтар орыс емес ұлттардан құралған әскери құрамаларға енгізіліп, башқұрт, қалмақ және басқа халықтар өкілдерімен бірге Наполеонға қарсы соғысқа қатысқан. 1812 ж. қазан – қараша айларында ауылдарда армия үшін азық-түлік, көлік, соғыс қажеттерін жинау басталды. Жүздеген қазақ жігіттері халық жасақтары мен тұрақты әскери бөлімдер қатарына тіркелуге ерік білдірді. Соғыс қарсаңында Қазақстанның әкімш.-аумақтық бір бөлігі – Орынбор губерниясында 40 атты әскер полкі құрылды. Оның ішінде 28 башқұрт, 5 орынборлық, 2-тептяр полкі, т.б. бар еді. Қазақтар сан жағынан Орынбор полктерінде, әсіресе, Орал казактарының әскери топтарында көп болды. Өскемен, Оба және Крутоберезов болыстарында бірнеше әскери бөлімдер ұйымдастырылды. Қазақ жігіттері орыс әскерлері сапында соғыстың әуелгі кезінен бастап шет ел жорықтарына дейін қатысты. Соғыс қарсаңында олар Ертіс әскери шебінде, Бұқтырмадан Омбы бекіністеріне дейін орналасты. Ертіс шебінің полктері 1812 жылғы қыркүйек айында Бородино түбіндегі қанды шайқасқа қатысты. 1812 жылғы 27 шілде күні Малаево Болото және Левия деревнялары түбінде болған ұрыстарда қатардағы жауынгер қазақтар Мұрат Құлшоранов, Еріш Азаматов айрықша көзге түсті,

оларға хорунжий атағы берілді. Рамоново деген жерде болған шайқаста атты әскер жауынгер Боранбай Шуашбаев, жасауыл Ықсан Әубәкіров ерлікпен шайқасты. Вязьма түбінде болған ұрыста ерлік көрсеткен 1-тептяр полкінің жасауылы Сағит Хамитұлы 3-дәрежелі Қасиетті Анна орденімен марапатталды. Башқұрт полкі құрамындағы Орынбай Жанжігітов Георгий кресінің толық иегері атанса, ақын қазақ Аман Байбатыров күміс медальмен марапатталды. ҚР-ның Орт. мұрағатында Мұхамет Әбдірахманов деген ақмолалық қазақтың 1814 ж. «Парижді алғаны үшін» медалімен марапатталғаны жайлы құжат бар. Башқұрт-қазақ әскери бөлімшелері құрамында Наполеон басқыншылығына қарсы негізгі шайқастарға қатысқан қазақтар Ресей мемлекетінің жеңісіне үлкен үлес қосты.

Қ.Исабай

ҚАЗАҚТАРДЫҢ 19-ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ОРНАЛАСУЫ, 19 ғ-дың 60-жылдарының орта шенінен бастап Ресей империясының үкіметі қазақ даласын түпкілікті билеу мақсатында бірқатар реформалар жүргізді. Ұлыстарды бөлшектенді, оларды губ-ларға, окр-терге бөлді. 1868 жылғы «Ереже» бойынша Қазақстан жері үш ген.-губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлықтарына бөлінді. Орынбор ген.-губернаторлығына Орал және Торғай обл-тары, Бат. Сібір ген.-губернаторлығына Ақмола және Семей обл-тары, Түркістан ген.-губернаторлығына Жетісу мен Сырдария обл-тары кірді. Бұрынғы Бөкей ордасының жері 1872 ж. Астрахан губ-сына қосылды. Маңғыстау приставтығы 1870 ж. Кавказ әскери окр-нің қарауына берілді, ал кейініректе Закаспий обл-на енді. Уезд бастықтарын ген.-губернаторлар тағайындап отырды. Бұл лауазымға облыстардың әскери губернаторларының ұсынуы бойынша офицерлер бекітілді. Әрбір уезд рулық негіз емес, аймақтық белгілері бойынша құрылған болыстардан тұрды. Ауылдар 100–200 шаңырақтан құралды. Ал болыстар 1000 шаңырақтан қамтылды. 1867 ж. заң барлық жерді мемл. меншігі деп жариялап, қауымдарға пайдалануға ғана берді. Жер мәселесін бұлайша шешу қазақ жерлерін «заңды» жолмен одан әрі орыс мемлекетінің иелігіне айналдыруға заң жүзінде негіз жасады. 1886 ж. 2 маусымда «Түркістан өлкесін

басқару туралы ереже», 1891 ж. 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданды. Түркістан өлкесі жерінің құрамына Ферғана, Самарқанд және Сырдария обл-тары кірді. Сырдария обл. Әмудария бөлімінен және Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата және Ташкент уездерінен құралды. Ал Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлықтарының орнына орт. Омбы болған Дала ген.-губернаторлығы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу обл-тары кірді. 1897 ж. Жетісу обл. қайтадан Түркістан ген.-губернаторлығының қарауына берілді. Ресей үкіметінің отарына айналған қазақтар оған ақшалай алым-салық төледі. Олардың мөлшері әр түрлі болып өзгеріп отырды. Мыс., 1884 жылғы «Ереже» бойынша ол 4 сомға жетті. 19 ғ-дың 2-жартысында Кіші жүз қазақтары арасында көшіп-қонатын жер үшін Ресей үкіметіне қарсы наразылықтар күшейді. Елдегі агр. дағдарысқа байланысты Ресей үкіметі 1889 ж. орыс шаруаларын Ресейден Қазақстанға көшіріп қоныстандырудың тәртібі мен жайлары жөнінде заң шығарды. Бұл Ресей шаруаларының қазақ жеріне ағылып келуіне жол ашты. Ресейден қоныс аударушылар санының көбеюіне байланысты қазақ жерлерін басып алу кең көлемде етек алды. Қазақтарды тонауды Ресей үкіметі «қоныстанушы», «жер қоры» деп аталатын желі бойынша жүргізді. Бұл қорды жасау үшін жергілікті халықтың жайлы қоныстары тартып алынып, жергілікті тұрғындарды шөл және шөлейт аудандарға күштеп көшіру жиіледі. Бір ғана Жетісуда 30 мыңнан астам отырықшылық ошағы талқандалды. Қазақстанда шаруаларды қоныстандыру алдымен Ақмола, одан соң Жетісу, Семей, Орал, Торғай обл-тарында жүргізілді. Тек 1885 жылдан 1893 жылға дейін Ақмола обл-ның жергілікті халқынан 251 779 десятина жер тартып алынып, 10940 халқы бар 24 жаңа село пайда болды. Семей обл-нда бұл кезде қазақ шаруаларынан 33064 десятина егістік жер тартып алынды. 1884–91 ж. мұнда 3324 отбасы қоныстанды. Ресей үкіметінің әскери-әкімш. отарлау саясаты қазақтың елдік этн. ұйтқысын ірітіп, Қазақстанның а. ш-ның дамуына айтарлықтай кері әсерін тигізді.

Е. Уәлиханов

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ПУГАЧЕВ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСКЕ ҚАТЫСУЫ. Е. Пугачев бастаған көтеріліс 1773–75 ж. болды. Оның негізгі таралу аймақтары – Орынбор өлкесі, Оңт. Орал өңірі, Орта және Төм. Еділ бойы. Ұйымдастырушылары – Жайық казак әскері, олардан бөлек бұл көтеріліске Орал өңірі, Еділ-Жайық аралығындағы башқұрттар, казактар, татарлар, чуваштар, т.б. қатысты. Көтеріліс кеңес дәуірінде Пугачев бастаған шаруалар соғысы ретінде аталды. Көтерілістің негізгі себебі – аталған өңірлерде, Жайық казак әскері сапында орын алған күрделі әлеум.-саяси қарама-қайшылықтар болып табылды. Пугачев бастаған көтеріліс Кіші жүз бен оған шектес Орта жүз қазақтарының сол тұстағы әлеум.-саяси өмірінде үлкен оқиға болып табылды. Қазақ қауымдары бұл көтеріліске ерекше мән берді. Олар 18 ғ-дың жетпісінші жылдары Ресей империясының отарлау саясатының күшеюі, Кіші жүздегі хандық биліктің әлсіздігі, т.б. салдарынан өздерінің көптеген бұрынғы құқықтарынан шектелген болатын. Қазақтар осы көтеріліс арқылы өздерінің әлеум. мәселелерін шешуге ұмтылды. Алайда қазақтарды бұл көтеріліс қимылдарына тікелей қатысты, белсенді араласты деп есептеуге болмайды, олар Пугачев жасақтарының ішкі Ресей аумағындағы әрекеттеріне үлкен топтармен қатысқан жоқ. Қазақ жасақтары Пугачев көтерілісі кезінде басым түрде өздеріне жақын аймақтарда – шеп бойындағы бекіністер мен форпосттарды шабуға араласты. Деректерде көтеріліс кезіндегі біршама адамдардың аты аталады. Пугачев көтерілісі кезіндегі қимылдарға белсене қатысқан тұлғалар – әкелі-балалы Досалы және Сейдалы сұлтандар, табын Қалыбай батыр, тама Қадыр, Садыр батырлар, жағалбайлы Тотай батыр, байбақты, шекті, шөмекей, т.б. рулардың батырлары, Орта жүзден – шақшақ арғын Дәуітбай тархан, Құлсары батыр, Тайыр сұлтан, Кенжеғара би, т.б. болды. Көтеріліс бүкіл Ресейде етек алып кетуі мүмкін болған. Крепостнойлық бұғауда жатқан қара халық өздерін азат етуші III Петрдің келуін әртүрлі аймақтарда – Донда, Алтайда, Орал өңірінде асыға күткен. Отарлаудың қамытына алғаш душар болған башқұрт қауымдары көтерілісті айрықша қолдаса, отарлық бұғау тарылып келе жатқан қазақтар үшін де бұл науқан маңызды болып табылған. Қазақ



даласындағы жағдайлардан жақсы хабардар Пугачев олардың өзін қолдайтынына сенімді болған. Көтеріліс басталар алдында Пугачевтің өзі Нұралы хан адамдарымен кездесіп, қазақтардың өз жағында соғысуын сұраған. Ол 1773 ж. қыркүйек айында қазақтарға арналған манифесін жариялап, оларға жер-су, қоғалдарды, азық-түлік, т.б. беруге уәде етеді. Кіші жүз ханы Нұралы өзін III Петр деп жариялаған бүлікшінің билігін мойындайтынын айтып хат жазғанымен, іс жүзінде оны ашық қолдауға батылы бармай, көтерілістің аяқ алысын күтеді. Нұралы хан 1773 ж. 20 қыркүйекте 1000 адамдық жасақпен Жайық қалашығын алуға әрекет жасап жатқан Пугачевтің қосынына келіп, хат табыстағанымен, оған қосылмай, қайтадан өз ордасына оралады. Қазақ билеушілері арасынан көтерілісті Бұлқайыр сұлтанның ұлы Досалы сұлтан қатты қолдайды. Ол Пугачевті жаңа патша деп мойындап, өзінің ұлы Сейдалы сұлтанды өз адамдарымен бірге оның қасына жіберген. Досалы сұлтанның үш ұлы да көтерілісшілер жағында болған. 1773 ж. қазан айында Сейдалы сұлтан 200 адаммен Жайық қалашығына келеді. Осы аталған сұлтандардың қол астындағы адамдар Кулагин, Татишев бекіністерін алуға қатысады. Кейбір деректер бойынша, жекелеген қазақ жасақтары бес айға созылған Орынборды қоршауға да қатысқан. Кіші жүз қазақтарының көтерілісті қолдауда өз ішкі есептері де болған еді. 1759 жылдан бастап Жайықтың арғы оң жағына өтуге тыйым салынуы, үкімет тарапынан болған басқа да қатаң шектеулер мен шаралар олар үшін ауыр болды. Орынбор әкімшінің арандауымен, қалмақтар мен башқұрттар тарапынан болған шабуылдар салдарынан, қазақ шаруашылықтары үлкен күйзелістерге ұшырайды. Қазақтар жасақтарға бірігіп, наразылық ретінде орыс шептеріне, әсіресе қалмақ ұлыстарына шабуылдар да ұйымдастырады. 1765–66 ж. патша үкіметі әскер шығарып, Кіші жүз қазақтарын қатты жазалауға ұшыратып, көптеген ауылдарды талқандайды. Пугачев көтерілісі кезінде патша үкіметінің бұрынғы өктем шараларын еске түсірген Кіші жүз қазақтары, 1773–74 ж. көтерілісті пайдаланып, көптеген орыс бекіністерін шабуылдап, адамдарын тұтқынға алады. 1773 жылдың күзінде Орынбордың оңт. жағындағы Красногорская, Ильинская, Губерлин-

ская сияқты бекіністерді өз бақылауында ұстайды. Сол жылдың қараша айында 200 адамдық қазақ жасағы Елек қалашығына (Илецкий городок) жойқын шабуыл жасап, осында орналасқан тұрақты әскер қаланы эзер ұстап қалады. Осы шайқастың куәсі болған казак Иван Петров пен жергілікті тұрғындардың кейіннен мәлімдеуінше, бұл жасақтың орналасып, ту тіккен жері Қобда өз-нің бойы болған. Бұл жердегі қауымдар Досалы сұлтан басқаруына кіретін табын және тама ауылдары болатын. Қазақтардың шабуылдарынан үрейленген Нұралы ордасымен Тұзтөбенің (Илецкая Защита) іргесіне көшіп барып, үкіметтен көмек сұрауға мәжбүр болады. Пугачевтің бес айға созылған Орынборды қоршауы кезінде шептердің ашық қалғанын пайдаланған қазақ жасақтары орыс жеріне ішкері өтіп, Самара губ-ның Новоузенский, Қазан уездеріне дейін жетіп, тіпті Еділдің оң жағына да шығып кетеді. 1773 ж. желтоқсан айында көп санды қазақ жасақтары Черный Яр түбіне келіп, Царицын (қазіргі Волгоград) қ-на қауіп төндіреді. Астрахан губернаторы Кречетников осы туралы Петербургке хабарлап, қаланы қорғау үшін 1000 дон казагын шақыруға мәжбүр болады. Сол өңірлердегі елді мекендерді шапқан қазақтар мал-мүліктерді қоспағанда 3000-ға жуық адамды тұтқындап алып кетеді. Олардың соңынан қуғынға әскер де шығарылып, қазақ ауылдарының ақ-қарасын айырмай талқандайды. Жазалаушылар 300-ге жуық тұтқынды босатып алуға қол жеткізген. Дегенмен, біраз жыл бойы Жайықтың арғы бетіне шыға алмаған қазақтар, көтеріліс кезінде өзеннің оң жағына жаппай өтеді. Халық дүрмегімен Нұралы да өз ауылдарымен арғы бетке өтуге мәжбүр болады. Пугачев көтеріліске Орта жүздің билеушілерін де тартқан, оларға, соның ішінде Абылай ханның жеке өзіне екі хат жолдаған. Орта жүз жасақтары да көтерілістен тыс қалмай, өздеріне шектес бірқатар әскери бекіністерді қирағады. Кіші жүз бен Орта жүз жасақтары Губерлинская бекінісін талқандап, Орск бекінісін бес күн бойы қоршауға алады. Бұл қоршау үкімет әскері келген соң ғана алынады. 1774 ж. маусым айында Орта жүз жасақтары Алабұға рудутын талқандап, оның құрамын толық қолға түсіреді. Тамыз айында Тайыр сұлтан, Кенжеғара старшын бастаған қазақ жасақтары Троицк, Пресне-



горьковская бекіністеріне шабуылдар жасайды. 1774 ж. сәуір айында Орынбор губернаторы Рейнсдорп Нұралы, Абылай хандарға, Айшуақ, Досалы сұлтандарға хат жолдап, Пугачев жасақтары қазақ далаларына шегінген жағдайда шаралар қолдануды, даяр болуды сұрайды. Жекелеген көтерілісші топтарды қолға түсіру сұралады. Көптеген көтерілістерді жазалау кезінде қазақ даласы көтерілісшілер үшін тыл болып саналатын. 1775 ж. Қазан түбіндегі жеңілістен соң Пугачев көтерілісі бәсеңсіп, ыдырай бастайды. Сол жылы ақпан айында қазақ далаларына жазалаушы әскер жіберіліп, көптеген ауылдар талан-таражға ұшырайды. Жазалаушы әскердің жойқын бет алысынан үрейленген қазақ ұлыстары отбасылары мен мүліктерін аман сақтау үшін оңт-тегі шөлейт аймақтарға қашып, қалың қар мен жайылымның жоқтығынан малдары қырылып, өздері де үлкен шығындарға ұшырайды. Көтеріліс Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары арасында үлкен із қалдырды. Көтеріліс нәтижесінде қазақтар ол басылғаннан кейін де бірқатар жылдар бойы Жайықтың арғы бетіне өтуге мүмкіндік алды. Көтеріліс мүлдем тоқтаған соң да оның әсері қазақ жерінде көпке дейін сақталды. 1775–76 ж. болған Көрінбес қозғалысы Пугачев көтерілісінің жалғасы есебінде болды.

Н.Жемісбай

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ» – журнал. Қазақ халқының төл тарихына арналған ғылыми-әдістемелік, педагогикалық басылым. Бұл педагогикалық әдістемелік журнал 1993 ж. шілдеден «Қазақстан мектебі» журналына қосымша ретінде шыға бастады. Басылым алғашқы санынан бастап «Ата қазақтың арғы тарихы» бөлімін ашып, қазақтың арғы-бергі тарихын, оның атауының шығу тегін, жазу-сызуының пайда болған уақытына қатысты материалдарды жүйелі жариялап келеді. «Отан қорғаудағы ұлы шайқастар» бөлімінде жоңғар-қазақ шайқастары, Шыңғыс хан басқыншылығының қыр-сыры баяндалса, «Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілістер» бөлімінде отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері, оның көріністері, жетекшілері жөнінде мағлұматтар берілді. «Қазақ халқы Қазан төңкерісінен кейін» бөлімінде ұлтымыздың Кеңес империясы тұсындағы саяси өмір тынысы, экономикасы, мәдениеті көрініс тапқан. «Оқу-ағар-

ту ісі, оқулық және оқу құралдары» бөлімінде орта, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тарихын оқыту тұжырымдамалары, әдіс-тәсілі, оқулықтары талқыланады. «Қазіргі заман: тарих және қоғам» бөлімінде қазақ халқының тәуелсіздігі, саяси, экономикалық жаңаша бітім-пішіні көрсетіледі. Кезеңді өзгерістер, қоғамдық даму барысында журнал «Тарих және тарихи тұлғалар», «Сәулет өнері, кесенелер», «Қазақ калаларының тарихы», «Шет ел ғалымдары қазақтар туралы» сияқты жаңа айдарлар ашты. Қазақ тарихына қатысты Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкерім, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан пікірлерімен таныстырды. Журнал 2003 ж. дербес басылымға айналды. Ғылыми-әдістемеліктің қазіргі кездегі Бас редакторы – Әбділдабек Салықбай.

К.Қошым-Ноғай

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖАСАУ ӨНЕРІ – қазақтың ұлттық қол өнерінің бір саласы. Бұл өнер саласында ғасырлар бойы көптеген технол. әдістер мен тәсілдер дамып, мол тәжірибе жинақталып, сапалы қару-жарақ заттарын жасауда қойылатын талаптарға сәйкес қажетті материалдар түрлері сұрыпталған. Қазақ шеберлерінің қару-жарақ жасауға қолданған материалдары – мал ш-нан алынатын өнімдер және Қазақстан аумағында өндірілетін шикізаттар мен табиғи материалдар болған. Олар – тері, сүйек, мүйіз, тарамыс, қара және түсті металдар – темір, шойын, болат, алтын, күміс, қорғасын, мыс және оның қорытпалары, асыл тастар. Жауынгерлік қару-жарақтарға қойылатын талаптарға байланысты бұл табиғи және өндіріс материалдары физ. қасиеттері мен оларды өңдеу технологиясына сәйкес қарулардың бөліктерін жасауға пайдаланылды. Материалдың физ. қасиеттерін жетік білу арқылы оларды өңдеудің көптеген тәсілдерін тауып, оларды жетік игеру қазақ қарушыларына әскери тәжірибе талаптарын толық қанағаттандыратын, жақсы деңгейде жасалған жауынгерлік қару-жарақ заттарын жасауға мүмкіндік берді. Дәстүрлі қару-жарақ жасау технологиясының негізгі үш кезеңі бар: 1) қару-жарақ бөліктерін дайындау; 2) дайын болған қару-жарақ бөліктерін өңдеу; 3) қару-жарақтың бөліктерін беріктеу; 4) қару-жарақты әшекейлеу. Бұл әр технол. кезеңнің өзіндік бірнеше әдіс-тәсілдері болды. Қару-жарақ бөліктерін да-



йындау әдістеріне соғу, құю, қалыптау сияқты технол. әдістер жатады. Құйылып, соғылып жасалған қару-жарақтың негізгі бөліктері суару, шындау, таптау, қайрау, егеу тәсілдерімен өңделді. Қарудың кейбір бөліктері берік болуы үшін әр түрлі материалдармен қынау, буу, орау, қаптау тәсілдерімен беріктеліп, дымқылдан, кебуден сақтау үшін сырлау, бояу, майға суару тәсілдері арқылы қорғау жабындарымен қапталады. Қару-жарақ заттары қолданылуына, оны қолданытын адамның әлеум. дәрежесіне, эстет. талғамына сәйкес әр түрлі әдістермен көркемделіп, әшекейленді. Қару-жарақты көркемдеудің негізгі әдістері: алтынмен, күміспен қақтау, булау (жалату) әдістері, баспалау тәсілі, сірке салу, қарала жүргізу, көгілдір тыныке жүргізу, асыл тастан көз салу. Кейде маржан, меруерттерден де көздер салынды. Теріден жасалған қару-жарақ заттары бедерлі ою-өрнекпен әшекейленді. Қару-жарақ, негізінен, ою-өрнек арқылы әшекейлендірілді. Дәстүрлі қару-жарақта қолданылатын ою-өрнектер бірнеше қызмет атқарды. Бірінші – магиялық қызметі, қарудың сес арттырып, иесін қарсыласының қаруынан қорғау. Екінші – коммуникациялық қызметі, жауынгердің әлеуметтік статусының айыру белгісі, жалпы этноайыру белгісі болуы. Үшінші – эстет. қызметі, әсемдік қару-жараққа көркемдік сипат беру. Әскери қарулардың соғыс сипатының өзгеруіне байланысты дәстүрлі қару-жарақ қолданыстан шықты да, оған сұраныстың жоғалуымен бірге, қазақтың бұл дәстүрлі өнері дамымай қалды, оның бүгінге тек жұрнағы ғана жетіп отыр.

Әдеб.: Маргулан А.Х., Казахское народное прикладное искусство. В 3-х томах, А.-А., 1987–1994; Арғынбаев Х., Қазақ халқының қол өнері, А., 1987; Қасиманов С., Қазақ халқының қол өнері, А., 1995; Ахметжан Қ.С., Қазақтардың дәстүрлі қару-жарақ жасауда қолданған материалдары мен технологиялары, А., 2003.

Қ.Ахметжан

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ – соғыс құралдары мен киім-кешектері. Көшпелілік өмір салтын 20 ғ-дың басына дейін сақтап келген қазақтарда қару-жарақтың өзіндік этник. сипаты қалыптасты. Қ. д. қ.-ж. ат үстінде соғыс жүргізуге сәйкестендіріліп жасалған, олар шұғыл қимылға ыңғайлы, жеңілдігімен ерекшеленді. Ол

қазақ халқын құраған ру-тайпалардың әскери өнері негізінде қалыптасты және тарихи себептерден көрші халықтардың ықпалымен жетілдіріліп отырды. Қару-жарақтар екі үлкен топқа бөлінген: 1) шабуыл құралдары – қару; 2) қорғаныс жабдықтары – жарақ. Шабуыл қаруларына ер қаруы саналатын бес қару жатады. Оған қоса қосалқы қарулар: қанжар, пышақ, селебе кіреді. Қорғаныс жарақтарына денеге киіліп кеудені қорғайтын сауыттар, шарайна, дулыға, қолаяқты қорғайтын қосымша жарақтар (жеңсе, балтырлық, т.б.) жатады.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч., Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи. Собр. соч., т. 1, А.-А., 1972; Кушқумбаев С.К., Военное дело казахов в XVII – XVIII вв., А., 2001.

Қ.Ахметжан

«ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ» – 21 томдық кітап. Астана қ-ндағы «Елшежіре» баспасынан 2008 ж. жарық көрді. Бас редакторы – Д. Әшімханұлы. Әр томы 3000 данамен шыққан. Басылымды ҚР Мәдениет және ақпарат мин-нің «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Қазақстан тарихшыларының қауымдастығы шығарған. 1-томның көлемі 344 б. Көп томдықтың бұл 1-кітабына 20 ғ. басындағы белгілі орыс тарихшысы А.Ф. Рязановтың 1926 ж. Қызылорда қ-нда жарық көрген «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа» деген тарихи очерктер жинағы енгізілген. Көлемі 352 б-ті құрайтын 2-томға 1916 жылғы Жетісу обл-ндағы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты құжаттар мен деректер, естеліктер жинақталған. Кітаптан көтеріліс барысындағы патша өкіметі жазалаушы әскерлерінің озбырлығы, қазақ-қырғыздардың үдере көшіп, Қытай асуы, ондағы ауыр тағдырлары туралы мағлұмат алуға болады. 3-томның көлемі 352 б. Бұл жинаққа Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты әскери губернаторлардың баяндамалары мен Патшалық Ресей тұсындағы Мемл. Думада 1916 жылғы көтерілістің мәселелері талқыланған материалдары, сондай-ақ Қашқардағы орыс елшілігінің мәліметтері, Түркістан ген.-губернаторлығына қарасты облыстағы көтерілісті басып-жаныштауға қатысты құжаттар берілген. 352 беттен тұратын 4-томға 1917–19 ж. өткен қазақ съездерінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелерін,

оларды шешудегі зиялы қауымның ұстанымдары мен қазақ қоғамын реформалау жолындағы еңбегін, сондай-ақ өзге ұлт өкілдерімен арақатынасын жан-жақты ашып көрсететін құжаттар мен материалдар жинақталған. 5-томның көлемі 344 б. Оған белгілі тарихшы М.Вяткиннің 1941 ж. «Огиз политиздаттан» жарық көрген «Очерки по истории Казахской ССР» атты тарихи очерктер жинағы берілген. 344 беттен тұратын 6-томға зерттеуші ғалым П.Г. Галузоның 1933–35 ж. жарық көрген «Туркестан – колония» және «Троцкистско-колонизаторская концепция истории Туркестана – колония» атты еңбектері берілген. Көп томдықтың 368 беттен тұратын 8-томы «Түркістан және түрікшілдік төңірегінде», «Түркістан уәлаяты», «Түркістан мұхтарияты», «Түркістан кеңестер билігінде», «Эмиграцияда жалғасқан күрес», «Түркістан туралы жыр-толғаулар» атты тараулардан тұрады. Бұл томда М.Шоқайдың «Түркістандағы ұлт-азаттық күрес» атты мақаласы, сонымен қатар сол замандардағы зиялы қауымның ұлттық мәселелерді қозғаған мақалалары мен өлеңдері берілген. 9-томның көлемі 336 б. Аталмыш том «Центральный государственный архив Республики Казахстан» (ЦГА РК), «Зарубежные архивы. Центральный государственный архив Республики Узбекистан» (ЦГА РУ) атты тарауларға бөлінген. Тараулардың аталымына сәйкес томдықта мұрағат қорынан алынған құжаттар жинақталған. 10-томның көлемі 302 бетті құрайды. Ол «Ертеде Түркістанды Тұран дескен», «Түркияда Түркістан туралы зерттеулер», «Түркістанның тәуелсіздігі жолында», «Шығыс Түркістан» атты тараулардан тұрады. Кітапта Асқар Татанайұлының «Алтай төңкерісі» және басқа да көптеген тарихшылардың зерттеу еңбектері топтастырылған. 11-томның көлемі 312 б. Мұнда Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты мұрағат құжаттары мен зерттеуші тарихшылардың мақалалары берілген. Көлемі 336 беттен тұратын 12-томда 1940–49 ж. Шығыс Түркістанда болған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы жайында тарихшылардың зерттеу материалдары жинақталған. 13-томның көлемі 350 б. Аталмыш томға Шығыс Түркістандағы тарихи қозғалыстар, оның ішінде «Үш аймақ көтерілісі» аталып кеткен оқиғаға қатысты зерттеу еңбектер топтастырыл-

ған. 14-томның көлемі 360 б. Жинаққа А.Татанайдың «Алтай төңкерісі», Феихан Сүгірбаевтің «Алтай арпалыстары» және басқа да азаматтардың жазбалары мен күнделіктері берілген. 15-томның көлемі 336 б. Кітапқа Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы дін мәселесіне (19 ғ-дың екінші жартысы – 20 ғ-дың бас кезі) байланысты, қазақ халқы рухани отарлау мақсатында жүргізілген миссионерлік іс-әрекеттер, өзге дінге күштеп тарту және оған жергілікті халықтың наразылықтары жайында мағлұмат беретін мұрағаттық құжаттар енгізілген. 16-томның көлемі 374 б. «Теріс тербету», «Тең тербету» атты екі бөлімнен тұратын кітапта қазақ елінің ұлт-азаттық, рухани бостандық, бас еркіндігі жолындағы күресі мен оған қарсы қолданылған отарлау, жазалау, қысым көрсету, зиялылардың тұқымын үзу саясаты құрбандарының қасиетті де қасіретті тағдыры мұрағат деректері арқылы көрсетіледі. М.Әуезовтің «Хан Кене» тарихи пьесасындағы ашы шындықтар мұрағат деректерімен салыстырыла отырып, ой елегінен өткізіледі. 17-томның көлемі 320 б. Бұл томға азаттық, тәуелсіздік туралы жыр-толғаулар мен дастандар жинақталған. Сонау Бұқар жыраудан бастап, кешегі Сарышолақ, Мәделі, Қубала шығармалары бар. 18-томның көлемі 492 б. Томдыққа белгілі тарихшы ғалым Ермұқан Бекмахановтың 1947 ж. баспа бетін көрген «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарында» атты кітабы 1994 ж. Ә.Төкеновтің жетекшілігімен «Санат» баспасынан жарық көрген нұсқасы негізінде енгізілген. Еңбекте Кенесары Қасымұлының 1835–45 ж. жүргізген ұлт-азаттық күресі кеңінен камтылады. 19-томның көлемі 512 б. Екі бөлімнен тұратын бұл кітаптың бірінші бөліміне 1929–31 ж. орын алған «Адай көтерілісіне» қатысты мұрағаттық құжаттар топтастырылған. Екінші бөлімге Маңғыстау аймағында орын алған осынау тарихи оқиғаның куәгерлері айтқан естеліктер мен құжаттарды негізге ала отырып ой елегінен өткізген Ізтұрған Сариевтің еңбектері берілген. 20-томның көлемі 616 б. Бұл томдыққа 1986 жылғы желтоқсанда елімізде орын алған тарихи оқиғаға қатысты құжаттар топтастырылған. Жинақ үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөліміне мемл., партиялық, құқық қорғау органдарының ресми құжаттары берілсе, екінші бөлімге Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі



Төралқасы комиссиясының аталмыш оқиғаның туу себептерін зерттеген материалдары топтастырылған. 21-томның көлемі 336 б. Бұл кітапқа жазушы Жарылқасын Боранбайдың толықтай «Созақ көтерілісіне» арналған еңбектері енгізілген. Өз еңбегінде автор Созақ көтерілісінің қыр-сырын ашып көрсетуге тырысады.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ҚОРҒАУШЫЛАР ОДАҒЫ» – Батыс Қазақстан облысының Жалпақтал ауылында (бұрынғы Фурманов с.) антикөшпенді мақсатта құрылған жастардың астыртын саяси ұйымы. Арасында Орал пед. ин-тының 6 студенті бар бұл жастар ұйымының құрамында 14 азамат болған. Мұрағат деректері бойынша ұйым 1941 жылғы қыркүйек айында Фурманов а-ында құрылған. Оған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» атауы да осы кезде берілген. Ұйым Қазақстанды Кеңес Одағынан бөлек шығарып, саяси тәуелсіз, экон. жағынан дербес ұлттық-соц. мемлекет етіп құруды мақсат еткен. Ғұбайдолла (Ғұбаш) Әнесовтың (Ғұбайдолла Әнесұлы Көшекөв) маңына топтасқан жастардың кездесулерінде компартияның саясаты, әсіресе ұлт мәселесі жөніндегі бағыты сыналып, ұйымның болашақ іс-әрекеттері айқындала бастайды. Батыс Қазақстан обл-тық ҰҚК мұрағатындағы тергеу хаттамасында Әнесов былай деп жауап берген: «Мұнан әрі біз (Әнесов пен Шорабаев) Қазақстан экономикасын Кеңес үкіметінен бөліп алу жағын ашықтан-ашық қарастыра бастадық. Қазақ халқы, оның тілі мен мәдениеті өркендемейді, қазақтар ұлт ретінде дамымайды, керісінше жойыла береді деп тұжырымдап, Қазақстанның КСРО-дан бөлінуіне бағытталған Кеңес үкіметіне қарсы ұйымдасқан белсенді күрес жүргізуді қажет деп шештік. Осы кезден бастап өзімнің Кеңес үкіметіне қарсы көзқарастарымды бөлісіп, идеялық жағынан ұлтшылдық көзқараста жүрген студенттерді белсенді үгіттеуім басталды». Алдымен ұйымға жаңа мүшелер табу, әрі оларды тарту өте өзекті мәселе болған. Қылышынан қан тамған қызыл империяға қарсы көзсіз ерлікке барған Әнесов бастаған ұлтжанды азаматтар қатарына Сейітқали Бажекенов, Сатқали Молдағалиев, Ғұмар Тұрымов, Сайдолла Шорабаев, Мұхамбетжан Нұралин, Иғали Мұхамбетқалиев, Мәззап Әлиев, Мәннап Ахметов,

Қамал Мақұлбаев, Сүндетқали Қаражанов, Өтеген Аманов, Қайырғали Сапаралин, Иманғали Насыров қосылды. Ұйымға пікірлестерді, жақтастарды топтастырған Әнесов алда тұрған міндеттерді шешу жолында нақты іс-әрекетке кірісе бастады. «ҚХҚО» ұйымына қатысушылардың жасырын жиындарын өткізу күн тәртібіне қойылды. Оның алғашқы отырысы жайлы НКВД тергеушілерінің сұрағына Әнесов: «1941 жылдың қыркүйегінің алғашқы күндерінде аудандық емханада болды», – деп жауап берген. Бұл мерзімді Бажекенов (1999 ж. дүние салған) те



Жалпақталдағы «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы мүшелеріне қойылған ескерткіш тақта

өз сөзімен бекіткен. Жасырын жиынға Әнесов, Бажекенов, Тұрымов, Әлиев, Мұхамбетқалиев қатысқан. Жиналыста қарулы көтерілісті ұйымдастыру жайы сөз болған. Ұйым мүшелері Ахметов пен Сапаралин және т.б. әскерге аттанатын күні, шақыру қағазына ие болған 150-дей жігітті қарулы көтеріліске жұмылдыру жоспарларын талқылаған. Әскери комиссариат әскерге шақырылғандарды Александров Гай ст-на дейін шығарып салатындығын білген олар, жалпы жағдайды талдай келе әскерге шақырылғандарды аудан орталығын басып алуға пайдаланбақ-



шы болып ұйғарады. Олар әскерге аттанғандарды «Красный партизан» кеңшары тұсында салт атпен қуып жетіп, жоспарларын қарулы жолмен жүзеге асырмақшы болып келіседі. Бір сағаттай уақытқа созылған жиналыста осындай мәселелер жоспарланады. Алайда, әскерге аттанушылардың күні өзгергендіктен, көтеріліс жасау мәселесі аяқсыз қалған. «ҚХҚО» жұмысын жандандыруға серпін беру үшін 1941 жылғы қыркүйек айының екінші жартысында Әнесов ұйым мүшелері Молдағалиевке, Бажекеновке және Тұрымовқа қазақ халқына үндеу жолдау қажеттігін айтады. Ортақ пікірге келген олар үнпарақты жазып, оны Молдағалиев, Бажекенов, Әлиев және Әнесов ауыл сыртындағы иесіз жер үйде талқылайды. Үнпарақ жобасы талқыланып, қабылданады. Оның мазмұны мынадай: «Ардақты туыстар! Қазақтар! Жолдастар! Қазақ халқын қорғаушылар ұйымы сіздерге өздеріңізге белгілі төменгілерді ескертеді. Қазақ халқы ғасырлар бойы өз елі үшін, бас бостандығы, мәдениеті, тілі үшін езуші үстем ұлттармен күресіп келеді. Ол шегінуді білмейді. Оны Сырым, Кеңесары, Наурызбай, Жанқожа, Исатай, Махамбет, Амангелді, Бекболат сияқты батырлар, қазақтың Отанына шын берілген ұлдары бастады, бастайды да. Олар қазақтың елдігін қорғау үшін жанын беріп отыр және береді де. Қазақ халқын бағындырып отырған Ресей патшасы революция дүмпуіне шыдамай құлады. Революцияға қазақтың алдыңғы қатарлы ұлдары қатысты, қазақ даласында да революция жеңді. Сөйтіп алған үкіметіміз қазақ халқының қалың бұқарасының мақсатынан шықпай отыр. Қазақ құл есебінде, мәдениет, оқу, искусство дегеннен артта, тілі Сталиннің ұсақ ұлттарды орыстандыру саясатымен орыс тіліне ауып барады. Шыны сол – киер киім, ішер тамақ жоқ. Оны тек құралды күшпен алуға болады. Конституциядан ешқандай рақым күтуге болмайды. Халықтың ұлттық қозғалысынан қорқып Сталин басқарған үкімет халықтың инициативасы мен мүддесін мобилизациямен үркітіп, соғыспен жоймақшы. Гурьев, Батыс Қазақстан облыстарында хал осылай. Ал, біздің алдымыздағы мәселе не ел болу үшін күресу, не құл болу. Ұлттар теңдігі жасасын! Қазақ халқы жасасын!». Ұйымның екінші жиналысы 1941 жылғы қараша айында Молдағалиевтің сарайында болған. Бұл жиналысқа Әнесов, Бажекенов,

Молдағалиев, Әлиев және Ғабиден Құлбасов қатысқан. Әнесов өз жігіттеріне Оралдан келген Құлбасовты таныстырып, оны жақсы қызметкер ретінде мадақтаған. Сол күнгі жиналыста ішкі тәртіп, мүшелік билеттерді басу, ұйымның мүшелік жарнасы және Молдағалиевті қазынашы етіп сайлау мәселелері қаралды. Осы істерден кейін Әнесов компартия мен Кеңес үкіметінің жекелеген басшыларына хат жазу жайын ойлай бастайды. Бұл жөнінде әуелі Молдағалиевпен, кейін Бажекенов және Тұрымовтармен ақылдасады. 1941 жылдың қарашасында Әнесов пен Молдағалиев үш хат жазады. Біріншісі – КСРО ХКК-нің төрағасы И.Сталинге, екінші хат – КСРО Жоғ. Кеңесі Президиумының төрағасы М.Калининге, үшіншісі – Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Президиумының төрағасы Ә.Қазақбаевтың атына жазылды. Алғашқы екі хатты Молдағалиев жазса, соңғы хатты Әнесов қазақ тілінде жазған. Молдағалиевтің айтуынша, Әнесов екеуі бұл хаттарды ұйымның басқа мүшелерімен ақылдаспастан, өзара шешкен. Олар хаттың жазылған уақытын саяси жағынан тиімді болады деген есеппен Қазан төңкерісінің мерекесі – 1941 ж. 7 қарашада, яғни, «Қазан төңкерісінің 24 жылдығы күні жазылды» деп белгілеген. Бұл хаттар оларды көп ұзамай тұтқындауға себепші болған. Хаттың мәтіні: «КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы М.И. Калинин жолдасқа қазақ халқынан достық сөлем! Біз «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының мүшелері қазақ халқының атынан осы хатты жолдай отырып, мынадай талап-тілектерімізді білдіреміз: Қазақ халқы КСРО Конституциясына сәйкесті дербес Қазақ мемлекеті болып бөлінгісі келеді. Оның себебі, орыстандыру саясатына байланысты қазақ тілі, қазақ халқының мәдениеті мен халықтың құқығы аяққа басылды. Қазақтар қазір құл сияқты тұрып жатыр. Күнітүні жұмыс жасайды. Өнімді аз алады. Оны да мемлекетке береді. Киінуге түк қалмайды. Қазақ халқының орыстардан бөлінуін сұраймыз. Егер бұл талаптарымыз орындалмаса, халық отанның дербестігін амалсыздан қолына мылтық алып қорғауға шығады. Жауапты осы жылдың 1 желтоқсаны күні «Правда» газеті мен радиодан күтеміз. ГАКСИМ. 7/11-41 жыл». Бұл хат қазір Батыс Қазақстан обл-тық ҰҚК басқармасының мұрағатында сақтаулы. «ГАКСИМ» деген қол Ғұбаш Әнесұлы Көшекөв, Сағали Иманға-

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ

лиұлы Молдағалиев деген аты-жөндердің басқы әріптері. Қалған екі хатқа олар лақап атпен қол қойған. Қазақстанның КСРО-дан бейбіт жолмен бөлінуі туралы сөз болуы мүмкін еместігін жақсы білсе де, хаттарды тиісті мекен-жайларға салып жіберген. Бұл жердегі олардың ұстанған мақсаты – қазақ халқын қарулы көтеріліске шақыруға себеп тауып, әуелі Қазақстанды бейбіт жолмен бөлінуін қалағандықтарын, сол үшін хат жазғандықтарын, бірақ Кеңес үкіметі оған ешқандай жауап бермегендіктен, қарулы күрес әдісіне баруға мәжбүр болғандығын дәлелдеу болатын. Тергеу кезінде Әнесов НКВД тергеушілеріне осылай жауап берген. 1941 ж. 21 желтоқсанда НКВД «ҚХҚО» мүшелерінің бәрін тұтқындады. Ұйым мүшелерінің ішінен ең бірінші Молдағалиев тұтқынға алынады. Ұйымның іс-әрекеттерін жасырын аңдыған НКВД облыстық әскери комиссариатпен келісіп, жалпақталдық жастарды соғысқа алуға әдейі асықпайды. Әбден іздерін аңдып, қолға түсіреді. Олардың арасына енген Құлбасов жалған атпен жүрген НКВД-ның өз адамы болып шыққан. Құлбасовпен Орал қ-нда танысқан Әнесов аңғалдықпен оған сеніп қалған. ҰҚК Батыс Қазақстан обл-тық басқармасының мұрағатындағы тергеу жауаптарында ұйым мүшелері оны білімі төмен, тәртібі нашар студент деп сипаттаған. Жергілікті НКВД органдарының айрықша кеңесі («үштіктің») шешімімен Әнесов (Көшекөв) 1943 жылы 19 жасында Орал қ-ндағы түрмеде атылған. Бажекенов, Молдағалиев, Тұрымов – 10 жылға, Шорабаев, Нұралин, Мұхамбетқалиев – 8 жылға, Әлиев, Ахметов, Мақұлбаев, Қаражанов, Аманов, Сапаралин, Насыров – 5 жылға сотталған. Бұл азаматтардың кейбіреулері айдауда жүріп қаза тапты. Олар Сібірде, Карлаг пен Колымада азап шекті. Жазаларын өтегеннен кейін де ұйым мүшелерін қайтадан Қиыр Шығысқа жер аударып жіберді. Кеңес үкіметі оларды ғұмыр бойы саяси сенімсіз ретінде бақылауда ұстады. Тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана саяси әрекеттері үшін жазаланған 14 боздақтың азаматтық құқығы қалпына келтірілді. ҚР Бас прокуратурасы 1993 жылдың 26 ақпанында арнайы шешім шығарып, «Қазақ халқын қорғаушылар одағының» барлық мүшелері толық ақталды.

А.Шахин, Ж.Жақсығалиев

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ-ҚОЛ-БАСШЫЛЫҚ ӨНЕРІ. 15 ғ-дың ортасында тарих тәріне ұлттық сипатымен көтерілген қазақ халқы, оның мемлекеті – Қазақ хандығы үш жарым ғасыр бойы Еуразияның орт. бөлігі мен Орт. Азияның этносаяси тарихында ерекше рөл атқарды. Құрылған кезінен бастап Қазақ хандығының өзінің ішкі-сыртқы қарым-қатынастарындағы белсенді жүргізген саясатының бірі – қазақ халқының этник. аумағын қалыптастыру жолындағы күресі болды. 16 ғ-дың соңғы жылдарына таман бұл күрес толығымен жеңіспен аяқталды да, одан кейінгі кезеңдегі басты міндеттердің бірі – осы орасан зор аумақты сыртқы жаулардан қорғау болып саналды. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының көрнекті зерттеушісі Т.И.Сұлтанов өз еңбектерінің бірінде қазақ қоғамындағы хандардың мәртебесіне кең тоқтала келе, олардың құқықтары мен міндеттерінің ең бастыларын былайша көрсетеді: «Хан билеуші әулеттің басшысы және барлық қазақ руларының билеушісі ретінде бүкіл хандықтың жер аумағын, барлық ұлыстардың жерлерін басқаруға құқылы болды, оның осы құқығынан туындайтын басты міндет, ол – елді сыртқы жаулардан қорғау ісі болды», сондай-ақ «хан соғыс жариялауға және бейбіт келісімдер жасауға құқылы болды, оның осы құқығынан туындайтын міндетке бүкіл әскерге бас қолбасшылық жасау жатты». Міне, осындай өте жауапты құқықтар мен міндеттер болашақ хандардың алдында тұрғандықтан, билеуші әулеттің әрбір жас өкілдерін бала кезінен бастап әскери-соғыс істеріне тәрбиелеу мемл. маңызды іс болып саналған. Соған байланысты ресми хан өзінің ұлдары мен немерелерінің осы бағыттағы тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, тәрбиешіге мемл. маңызы бар лауазым бергізеді де, ол адамды арнайы жарлығымен тағайындап отырған. Ортағасырлық жазба деректерде бұл лауазымды – атеке, аталық, атабек деп атағаны белгілі. Осындай адамдарды қазақ хандары да өз ұрпақтарын тәрбиелеуде пайдаланып отырған. Соның нәтижесінде 15–18 ғ-ларда Қазақ хандығын билеген Бұрындық, Қасым, Хакназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке секілді атақты хандар мемлекетті ғана басқарып қоймай, сонымен бірге қазақ жерінің тұтастығын қалыптастыру мен қорғау жолындағы күрестерде бүкіл әскерге

өздері қолбасшылық жасайды да, талай жеңістерге қол жеткізеді. Кейбір хандар бірнеше жеңістерден соң өздерінің ресми атының жанына батыр немесе баһадүр атағын иеленеді. Дерек мәліметтерінде 1510 ж. Қасым ханның Ұлытау маңында Мауереннахрдағы шайбанилық әулеттің негізін салушы Мұхаммед Шайбани ханның әскерін тас-талқан етіп жеңгендігі, 1643 ж. Жәңгір ханның Орбұлақ шайқасында өте аз санды әскерімен жоңғар контайшысының қыруар әскерін тоқтатқандығы туралы баяндалады. Егерде Жәңгір ханның жеңісі жөнінде тарихи әдебиеттерде 18 ғ-дан бері айтылып келе жатса, ал Қасым ханның жеңісі туралы зерттеулерде қарастырылмаған. Сол себепті де Қасым ханның әскери-қолбасшылық өнерінің қырларын білудің маңызы зор. Қасым хан 1445 жылдар шамасында Жәнібек сұлтанның отбасында дүниеге келеді. Сол дәуірдегі дәстүрге сай ол балалық шағында аталықтың тәрбиесінде болады да, әскери, мемл. істерге баулынады. Мұхаммед Шайбани хан 1505–10 ж. аралығында қалың қолмен қазақтарға қарсы төрт рет жойқын жорықтар ұйымдастырады. Бұл жорықтардың алғашқы үшеуінде Сыр бойындағы Қасымның туған інілерінің ұлыстары тоналады. Ресми хан ретінде Бұрындық Мауереннахр билеушісінің мұндай жорықтарына қарсы ешқандай іс-әрекет қолданбайды. Ал төртінші жорық тікелей Қасым сұлтанның ұлысына бағытталады. Міне, осы жерде Қасымның әскери-қолбасшылық өнері айқын көрінеді. Дерек мәліметінде Қасым ханның бұл жағдайды барлаушылары арқылы білгені, Мойынсыз Хасан атты қазақ батырының аз әскермен жау әскерін үрейлендіріп, қарсыластар әскері арасында дүрлігушілік тудырғаны, Қасым хан әскерінің тосқауылда болып, мауереннахрлық әскерлерді тас-талқан етіп жеңгені, қарсыластардың көп шығынға ұшырағаны және Шайбани ханның ең сенімді әмірлерінің ұрыстарда қаза тапқаны баяндалады. Сөйтіп, автор Шайбани ханның осы төртінші жорығын былайша қорытындылайды: «Бір сөзбен айтқанда, Шахбахт хан өте ірі жеңіліске ұшырады, осыдан кейін оның аспандаған билігінде құлдырау басталды». Көп ұзамай, 1510 жылдың күз айының соңғы күндері Мұхаммед Шайбани хан Мерв қ. түбінде Иран билеушісі Исмаил шахтың қолынан қаза табады. Мұхаммед

Шайбани ханның бар атақ-абыройын шашып, беделін түсірген, керісінше, Қасым ханның атақ-абыройын асқақтатқан, шайқастағы Қасым хан қолданған әскери әдіс-тәсілдер мынадай еді: Біріншіден, қан майданда талай рет бетпе-бет соғысқан Қасым хан Мұхаммед Шайбани ханның соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын жақсы білетін, соған байланысты ол қарсыласының соңғы жорығы өз ордасына бағытталатынын алдын ала біліп, ұлысын Ұлытау маңына көшіреді. Ондағы ойы – ұлысын жау соққысына кенеттен ұшыратпау болатын. Оның бұл стратегиялық тәсілінің өте дұрыс болғандығын кейінгі оқиғалар дәлелдеп берді. Екіншіден, жау әскері қазақ жеріне енгеннен бастап олардың әрбір қимылын хабаршылар арқылы Қасым хан біліп отырады. Бұл оның әскери барлау мен хабар жеткізу ісін жақсы ұйымдастыра білгенін көрсетеді. Үшіншіден, аз санды әскермен көп санды жауды жеңу үшін дұрыс тактиkanı қолдануы. Уақытша шегіну арқылы ол өз ұлысын жау қолына берсе де, оларды сырттай бақылап, жау әскерінің бейқамдығын туғызды. Дерек мәліметі жау әскерінің бейқам болғандығы сондай, күзет қоюды қаперіне алмағанын баяндайды. Төртіншіден, Қасым хан қарсылас арасында үрей туғызу әдісін қолдану арқылы жау әскерінің соғысқа дайындалуына мүмкіндік бергізбеді және «қазақтар орасан көп әскермен таяп қалды» деген жалған ақпарат тарату арқылы мауереннахрлықтар арасында берекетсіздік туғызды. Бесіншіден, Қасым хан өзінің негізгі күшін тосқауылға қойып, қашқан жаудың қақ маңдайынан соққы береді. Мұндай соққыны күтпеген жау әскерінің қарсылық көрсетуге шамасы болмай, аман қалғандарының қашуға ғана дәрмені жетеді. Алтыншыдан, бүкіл соғыс барысындағы шешуші ұрыс Мұхаммед Шайбани хан басқарған топпен өтеді. Алғашқы ұрыстардан соң әбден үрейленіп, берекесі шыққан жау әскерінің қалдықтары Шайбани ханға келіп қосылады. Бірақ жалпы үрей басылмай жатып-ақ, Қасым ханның өзі басшылық еткен қазақ әскерлері Сыр бойында келесі соққыны береді. Нәтижесінде, Абдаллах Балхидың жазғанындай, Мұхаммед Шайбани хан ірі жеңіліске ұшырайды. Осылайша, қазақ жерін жаулауға келген қарсылас жақтың әскеріне Қасым хан қолданған шебер әскери стратегия мен тактиканың, кер-



мет қолбасшылық өнердің арқасында тойтарыс беріп қана қоймай, оларды тас-талқан етіп жеңеді. 1643 жылғы Орбұлақ шайқасында да Жәңгір хан өте аз санды әскермен тиімді қолданылған әскери тактика арқасында жоңғар әскерлеріне тойтарыс берді.

Б.Кәрібаев

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – қазақ халқының мемлекеттік құрылымы (шамамен 1456–1847). Астаналары әр түрлі кезеңдерде Сарайшық, Сығанақ, Түркістан, Созақ, т.б. қ-лар болды. 14–15 ғ-ларда Алтын Орда әлсірегеннен кейін, Дешті Қыпшақта Ақ Орда (кейіннен Әбілхайыр хандығы немесе көшпелі өзбектер мемлекеті), Ноғай ордасы бөлініп шығып, өз мемлекеттерін құрды. Жетісуда Шағатай ұрпақтары билік жүргізген Моғолстан хандығы өмір сүрді. Жаңадан құрылған ұлыстар өз ішінде билікке таласты, бір-бірімен керуен жолдары мен жайылымдық жерлер үшін үздіксіз соғыс жүргізді. Қазақстанның оңт-нде жер өңдеудің қайта қалпына келуі, қалалар өркендеп, онда қолөнердің қайта жандануы көшпелі, жартылай көшпелі Орт. Қазақстан даласы мен Жетісудың, Оңт. Қазақстанның отырықшы дикандарымен шаруашылық байланысының дамуы – бұл кезеңнің этн. бірлесу бағытына, тілі, діні, рухани мәдениеті, шығу тегі бір этн. топтардың бауырласуына, ақыры қазақ халқының құрылуына ықпал етті. 15 ғ-дың орта шенінде тұрақты біртұтас мемлекеттің қажеттілігі айқын сезілді. Осындай мемлекет қана Қазақстанды мекендеген ұлыстар жерінің, шаруашылығының біртұтастығын сақтай алатын. Мұндай жағдайға ең әуелі қазақтың қалың бұқарасы – көшпелі малшылар мен оңт. өңірін мекендеген дихандар мүдделі болды. Мұның екеуі де өнімді еңбектен қол үздірген өзара қырқысқан қақтығыс пен соғыстардан қатты жапа шекті. Оларды қорғайтын күшті мемлекет қажет болды. 15 ғ-дың 50–60-жылдарында орт. және оңт. Қазақстанды мекендеген қазақтың кейбір ру-тайпаларының (Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегінде 200 мыңдай адам) Әбілхайыр қол астынан бөлініп, бат. Жетісуға қоныс аударуы осындай мемлекеттің – Қ. х-ның құрылуына тікелей ұйтқы болды. Әбілхайырдың қарсыластарын Орыс ханның шөбересі, Ақ Орданың билеушісі Барақ ханның баласы Жәнібек пен оның туысы Керей сұлтандар бастап келді. Олар Моғолстан ханы Есенбұ-

ғамен одақ құрды. 1462 ж. Есенбұға дүние салғаннан кейін Моғолстандағы билік дағдарысы қазақ сұлтандарына өздері иемденіп отырған Жетісу жерінде жеке саяси бірлестік құруға жағдай туғызды. Қазақ хандарының ешкімге тәуелсіз билік құра бастаған кезеңін «Тарих-и Рашидидің» авторы Мұхаммед Хайдар Дулати 1465–66 жылдар деп жазған. Қ. х. алғаш батыс Жетісуда (Шу, Талас ойпаты) құрылды. Жошы әулетінен шыққан сұлтандардың шығыс Дешті Қыпшақты билеу жолындағы күресі 1468 ж. Әбілхайыр хан өлгеннен кейін қайтадан өршіді. Оған жергілікті халық пен ауып келушілерден едәуір әскери күш жинаған және Жетісуда берік тылы бар Керей мен Жәнібек те қосылды. 15 ғ-дың ақырында Керей хан мен Жәнібек хан, кейін Бұрындық хан және Қасым хан (16 ғ. басы) қазақ ру-тайпалары мекендеген Сарысу, Сырдария, Арал маңы, Қаратау етегінің едәуір бөлігінде үстемдігін орнатты. Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбанимен Сырдария бойындағы Сығанақ, Сауран, Отырар, Ясы (Түркістан) қ-лары үшін кескілескен ұрыстар болды. Алғашқы қазақ хандары Дешті Қыпшақтағы өкімет билігіне таласушы барлық хандарды бірте-бірте жеңіп, өз иеліктерін ұлғайтты. Ақырында Созақ, Сауран, Сығанақ қ-ларын Қ. х-на қосып, Мұхаммед Шайбаниды Мауераннахрға кетуге мәжбүр етті. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының саяси, экон. жағдайы нығая түсті. Қасым мен оның бауырлары Жаныш пен Таныш шекаралас қалаларды қорғап, 1503–10 ж. Мұхаммед Шайбанидің бірнеше тонаушылық шапқыншылығын тойтарды. Қасым сол аймақтағы саяси жағдайды жіті бағдарлады, моғол ханы Сұлтан Саидпен достық қатынас орнатып, ноғай (маңғыт) тайпаларын өз жағына қаратты. Ол ірі аксүйектердің қарсылығын әлсіретіп, әскери күштерді нығайтты, өз билігіндегі жерлерді ұлғайтты. «Тарих-и Рашиди», «Шайбанинама», т.б. деректемелерде Қасым хан тұсында хандық қазақтардың этн. аумағының негізгі аймақтарын біріктіргені айтылған. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа дейін, оңт.-батыста Сырдарияның оң жағалауына, Аралдан Маңғыстауға дейінгі жерлерді алып жатты, оңт.-те хандыққа Сырдария бойындағы бірсыпыра қалалар қосылды. Жайлау-қоныстары солт.-те Ұлытаудан асты, оңт.-шығыста оған Жетісудың көп



бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өзендерінің алаптары) бағынды. Қасым ханға қараған халық 1 млн. адамға жетті. Алғашқы қазақ хандарының іс-әрекеттері рубасылар мен ақсүйектер тарапынан қолдау тапты. Олар ру ақсүйектерінің көмегімен Қ. х-н әрі қарай күшейтті. Бұған қоса оңт. Қазақстан тұрғындары шығыс Дешті Қыпшақ және Жетісу жерлерімен экон. және мәдени даму дәстүрлері жағынан ғана емес, этногенетик. туыстығымен, ортақ этносаяси тағдырларымен де байланысты болды. Дегенмен, қазақтардың этн. аумағын біріктіру қарапайым халықты сұрапыл ауыртпалыққа ұшыратқан көрші мемлекеттер арасындағы ұзаққа созылған соғыстар барысында жүзеге асты. Қазақ билеушілерінің жеңіске жетуі әділдік еді. Сөйтіп, 15 ғ-дың аяғында Қазақстан аумағының басым бөлігінде өмір сүретін этн. топтардың бір мемлекетке бірігуі басталды. Әбілхайыр хандығы, Моғолстан, т.б-ларға қарағанда Қ. х-ның өте кең де берік этн. базасы болды. Бірігу 16 ғ-да әрі қарай жалғасып, күрделі жолмен, көбіне өздері бодан болып келген мемлекеттердің билеушілерімен қактығыс жағдайында өтті. 16 ғ-дың алғашқы ширегінде қазақтар Ресей мен Батыс Еуропаға белгілі болды. 16 ғ-дың 2-жартысында Хақназар (Ақназар) хан мен Тәуекел хан тұсында Қ. х. қайта өрлеген. Хақназар Жайықтың сол жағалауын қосып алып, ноғай ұлыстарының бір бөлігіне билік жүргізді. Оның тұсында Жетісу мен Тянь-Шаньды басып алуды көздеген моғол ханы Абд-ар Рашид пен ойраттарға (қалмақтарға) тойтарыс берілді. Сібір ханы Көшімнің қастық әрекетіне қарсы өзбек ханы Абдолламен одақ құрып, бұрын қолынан шығып қалған Сауран мен Түркістан қ-ларын қайтарып алды. 1573 ж. орыстың бірінші патшасы Иван Грозный Хақназар ханға Т.Чебуков бастаған елшілік жіберді. Қазан мен Астрахан хандықтарын қосып алғаннан кейін Еділ бойына толық өз бақылауын орнатқан Ресей Ноғай (Маңғыт) ордасы мен Сібір хандығын бағындыруға кірісті. 16 ғ-дың екінші жартысында орт. Қазақстан мен Сырдарияның төм. ағысына қарақалпақтар көшіп келді. 1580 жылдан кейінгі деректерде Шығай қазақ ханы деп аталады. 1582 ж. (кейбір деректерде 1586) Шығай хан өліп, орнына баласы Тәуекел хан болды. Тәуекел Сыр бойындағы қалалар үшін күрес бастады. 1586 жылдан бастап ол Таш-

кентке, тіпті Самарқанд сияқты орт. қалаларға қауіп төндірді. 1594 ж. Тәуекел хан тұтқынындағы інісі Ораз-Мұхаммедті елге қайтару (ол 1580 ж. Көшім ханмен соғысып жүргенде тұтқынға түскен болатын) әрі Абдолла мен Көшім хандарға қарсы соғыс одағын құру және «отты қару» сұрау мақсатымен Ресей патшасы Федор Ивановичке Құл-Мұхаммед бастаған елшілік жіберді. 1595 ж. наурызда Тәуекел ханға В.Степанов бастаған елшілік келді. Өзара тартыстың бәсеңдеуі, ішкі саяси өмірдің, мал және егін ш-тарының нығаюы Орта Азия, Сібір, Ресеймен сауда қатынасын дамытуға көмектесті. 16 ғ-дың соңында Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына шығу жолындағы күресін әрі қарай жалғастырды. 1598 ж. ол Орта Азияға жаңа жорық жасап, аз уақыт ішінде Түркістанды, Ташкентті, Ферғананы, Ахсиді, Өндіжанды, Самарқандты алды. Бірақ Бұхараны қоршау кезінде қатты жараланып, Ташкентке шегінді. Тәуекел хан мен оның інісі Есім сұлтанның Мауераннахрға жасаған жорығының нәтижесінде Түркістан, Ташкент, Ферғана қазақ хандығының құрамына қосылды. Шайбани әулеті жойылып, орнына билікке басқа әулет (Аштархан әулеті) келді. Бұл Қ. х-ның экон. жағынан күшеюіне және Орта Азиядағы мемлекет шекарасының тұрақтануына аса күшті ықпал етті. 1598 ж. Бұхарармен жасасқан шарт бойынша Сырдарияның орта бойындағы барлық қалалармен бірге Ташкент те Қ. х-на қарады. 17 ғ-дағы Қ. х-ның ішкі саяси жағдайында билеушілердің өзара тартыстары күшейе түсті. Тәуекел хан қаза тапқаннан кейін билік Есім ханның (1598 – 1628(45) қолына көшті, Ташкентте Хақназардың немере інісі Тұрсын Мұхаммед өзін хан жариялады. Үш Жүздің әр қайсысында бірте-бірте дербес хандар пайда болды. Қ. х-ның сыртқы саясаты, әсіресе, оңт., оңт.-шығыс шекарасындағы жағдай шиеленісе түсті. Бұхараның ханы Иманқұл, т.б. Ташкент пен Түркістан қ-ларын қайтарып алуға тырысты. Ойраттардың қазақ жеріне жорығы жиіледі. Билеушілер (Есім хан мен Тұрсын Мұхаммед) арасындағы араздық салдары соғысқа ұласты. Ташкент төңірегінде болған шайқаста 1628 ж. Тұрсын хан мерт болды. Тұрсын ханмен бірге оны қолдаған қатаған тайпасы да қырылды. Ташкент пен Өндіжан аймағын Абылай сұлтан биледі. Есім хан қайтыс болған соң билікке Жәңгір хан

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ



(Салқам Жәңгір) келді. Жәңгір хан Бұхара хандығымен тығыз байланыс орнатты. 17 ғ-дың 1-жартысындағы жоңғар шапқыншылықтары қазақтардың, қырғыздардың, ноғайлардың, башқұрттардың, карақалпақтардың қалыптасқан шаруашылық ауд-дарын қатты күйзеліске ұшыратты. Жоңғарлармен соғыстың негізгі ауыртпашылығы Қ. х-ның мойнына түсті. 1643–47 ж. қазақ-жоңғар соғысы басталды. Екі жақ арасындағы негізгі шайқас Орбұлақ түбінде болды. Самарқанд билеушісі Жалаңтөс баһадүрдің көмегімен Жәңгір хан Батыр қоңтайшының әскерін жеңді (қ. *Орбұлақ шайқасы*). Қ. х-ның билігі 1680 ж. Жәңгірдің ұлы Тәукеге көшті. Тәуке хан өкіметтің беделін көтеруге және оған Үш Жүздің руларын бағындыруға бағытталған шаралар қолданды. «Жеті жарғы» деген атпен белгілі әдеттегі құқық нормаларының жинағы құрастырылып, мемл. құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Үш Жүздің басын біріктіруде билер кеңесі шешуші рөл атқарды. Қ. х. Орта Азия елдерімен берік одақ құрды, нәтижесінде Сырдарияның бойында Тәуке ханның билігі нық орнады. Түркістан қ-н астана етті. Тәуке Ресей мемлекетімен қарым-қатынасты нығайту бағытын жалғастырды. Ол 1686–93 ж. Ресейге бес елшілік жіберді. Екі ел арасында сауда байланыстары нығайды. Оның есесіне қазақ-жоңғар қатынастары қатты шиеленісті. Жоңғарлар маңызды сауда жолдары өтетін оңт. Қазақстанды басып алуға ұмтылды. 1711–12, 1714, 1717 ж. жоңғар-қазақ соғыстары толастама-

ды. 1715 (1718) ж. Тәуке хан қайтыс болып, орнына отырған інісі Қайып хан қайтыс болған соң, 1718 ж. Тәукенің ұлы Болат билікке келді. Осындай жағдайда 1723 ж. жоңғарлар 70 мың әскермен қазақ жеріне басып кірді. Бүкіл оңт. өңірден айрылған қазақтар Бұхарға, Жем мен Жайыққа, Сыр бойына, Арқаға босып кетті. Оларды Орта Азия хандықтары, Еділ қалмақтары мен башқұрттар да қырғынға ұшыратты. 1726 ж. Ордабасыда өткен құрылтайда қазақ батырлары мен билері бас қосып, елді басқыншылардан азат ету мәселесін талқылады. Мемлекеттің әскерін басқару бас қолбасшы болып сайланған Әбілқайыр ханға жүктелді. Әбілқайыр ханның басшылығымен 1728 ж. Бұланты шайқасында, 1729(30) ж. Аңырақай шайқасында жоңғарларға соққы берілді. Бірақ жеңіс баянды етілмеді, билеушілер бас хан құзырына мойынсұнбай, Қ. х-ның бірлігіне нұқсан келді. Әбілқайыр хан, Сәмеке хан, Жолбарыс хан иеліктері дербес басқарылды. Кіші жүз билеушілері Әбілқайыр ханның басшылығымен 1726 және 1730 ж. 2 рет Ресейге елшілік аттандырып, өздерін бодандыққа алып, қорғауын өтінді. 1731 ж. 18 ақпанда император әйел Анна Иоановна Кіші жүзді Ресей бодандығына алатындығы жөнінде грамотаға қол қойып, тиісті келісімшарт жасатып алып келуге Сыртқы істер алқасының тілмәші А.И. Тевкелев бастаған елшілікті жіберді. 1731 ж. 10 қазанда Кіші жүз билеушілері Ресейге ант берді. Бірақ жағдай күрделі күйінде қалып, жоңғарлардың ша-



Қазақ хандығы



буылы тоқтамады. Осыған байланысты Орта және Ұлы жүз билеушілері де Әбілқайыр хан арқылы орыс патшасына өтініш білдіре бастады. Жаңадан қосылған жерлерге билігін нығайту үшін Ресей үкіметі 1734 ж. Орынбор экспедициясын ұйымдастырды. Осы кезде Абылай сұлтан өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен ерекше көзге түсті. Ол қазақ руларын өз төңірегіне біріктірі, ата жауға тегеурінді соққылар берді. 50-жылдары Жоңғар хандығы жойылды. Қ. х-на Цин (Қытай) үкіметі тарапынан тікелей қауіп төнді. Ресей Ертіс өз. бойындағы қамалдарын күшейтіп, 1756 ж. қазақтардың Жайық өз-нен өтуіне тыйым салды. Осындай жағдайда қазақ халқы Абылай сұлтанның айналасына топтасып, біртұтас Қ. х. қайтадан қалпына келтірілді. 1771 ж. Үш Жүздің билері мен батырлары жиылып, Абылайды хан көтерді. Бірақ 1781 ж. Абылай қайтыс болғаннан кейін Қ. х. тағы да орт. биліктен айырылды. Абылайдың орнына хан болған Уәли тек Орта жүзге ғана билік жүргізді. Ол Ресей бодандығын толық мойындады. Бірақ, Қытай және Орта Азия мемлекеттерімен тығыз байланыс орнатты. Ресей үкіметі Қ. х-н жоюды көздеді. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс нәтижесінде Кіші жүзде хандық билікті жоюды көздеген Орынбор губернаторы барон О.А. Игельстромның реформасы сәтсіздікке ұшырады. 1821 ж. Арғынғазы, 1824 ж. Шерғазы хан орнынан түсірілді де, Кіші жүзде дәстүрлі мемлекеттілік жойылды. 1824 ж. «Орынбор қырғыздары (қазақтары)» жөніндегі жарғы бойынша хандық билік Ресейдің әкімш. жүйесімен алмастырылды. Орта жүзде Уәли ханның Ресей мен Қытай арасында бұлтақтау саясатын ұстануы патша үкіметіне ұнамады. 1819 ж. Уәли хан қайтыс болғаннан кейін Ресей ешкімді хан етіп бекітпеді. 1822 ж. «Сібір қазақтары (қырғыздары) жөніндегі Жарғыға» сәйкес Орта жүз бен Ұлы жүздің Ресейге қараған бөлігі «Сібір қазақтары» деп аталып, хандық билік жойылды. Бірақ Қ. х-ның жойылуын жергілікті халық қабылдамады. Сондықтан, отаршылдыққа қарсы жиі-жиі бас көтерулер болды. Әсіресе, 1837–47 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс бүкіл елді қамтыды. Көтерілісшілер арасында Үш Жүздің де өкілдері болды. Олар 1841 ж. Кенесарының Қазақ ордасының ханы етіп сайлады. Кенесары хан

бір жағынан Ресей бекіністеріне шабуыл жасаса, екінші жағынан оңт-те Қоқан хандығымен де соғысты. Бірақ күш тең болмады да, 1847 ж. Кенесары хан қырғыз жерінде қазаға ұшырады. Кенесары өлімінен кейін Қ. х. бір-жолата жойылып, толық Ресей империясының бодандығына қарады.

Әдеб.: Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений), А.-А., 1969; Абусейтова М.Х., Казахское ханство во второй половине XVI века, А.-А., 1985; Моисеев В.А., Джунгарское ханство и казахи XVII – XVIII вв., А.-А., 1991; Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2–3-т., А., 1998–2003; Сұлтанов Т., Қазақ хандығының тарихы, А., 2003.

К.Пищулина

ҚАЗАЛЫ УЕЗІ – әкімшілік аудан. 1868 ж. құрылып, Сырдария обл-ның құрамына кірген Уезге Арал, Қазалы, Қармақшы аймағы бағындырылған. 1868 жылдан бастап Қазалы халқы татарлармен көбейе түсті. 1910 ж. 1800 адам (Орал казактары мен Бұхардан шыққан еврейлердің 25 отбасы) есепте тұрды. Сарттар мен тәжіктер де тұрды. 1897 ж. халқының саны 140 598-ге, 1908 ж. 188 400-ге жетті. Қаланың 1907 жылғы жер көл. 16222 десятина, мал басынан: мүйізді ірі қара – 76 мың, түйе – 145 мың, қой-ешкі – 874 мың, егістік көл. 22 мың десятина болды. Онда бидай, зығыр, жоңышқа және бақша дақылдары егілген. Балық аулау кәсіпшілігінің негізгі орт. Арал т. болды. 1905 ж. Қазалыда т. ж. депосы ашылды. 1913 ж. уезде кәсіпорындар саны 78-ге жетті. 1890 ж. мұнда 57 мұсылман мектебі, қалалық уч-щелер (4), әйелдердің екі сыныптық приход уч-щесі жұмыс істеді. Алғашқы мұсылман мешітін 1872 ж. бұхарлық діншіл Әлімбаев салдырған. Қазалыда барлығы 5 мешіт болды. 1928 ж. уездік басқару жүйесі таратылып, Қазалы және уезд құрамында болып келген Арал мен Қармақшы да дербес аудандарға айналды.

ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ, Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісі – 1917 ж. 25 қазанда (7 қараша) Петроградта болған ірі әлеуметтік-саяси, тарихи оқиға. Көтеріліс В.И. Ленин басқарған большевиктер партиясының жетекшілігімен жүзеге асырылды. Оған Петроград жұмысшылары, қала гарнизонының солдаттары мен Балтық флоты магистраттары-



ның өкілдері қатынасты. Көтеріліс жеңіске жеткен күні кешкісін Петроградта ашылған Кеңестердің Бүкілресейлік ІІ съезі Уақытша үкіметтің құлатылғандығын және бүкіл елдегі өкімет билігі Кеңестердің қолына көшкендігін жариялап, Бітім және Жер туралы декреттерді қабылдады. Алғашқысында 1914 ж. басталған І-дүниежүз. соғысқа қатысушы елдердің үкіметтері мен халықтарына аннексиясыз және контрибуциясыз демокр. бітім жасау ұсынылса, Жер туралы декретте жерге жеке меншік жойылып, ол жалпы халықтық мемл. меншік болып жарияланды. Съезде Ленин басқарған және жұмысшы-шаруа үкіметі аталған Ресей ХКК құрылды. Сонымен қатар Кеңестердің Бүкілресейлік ОАК-нің (БОАК) жаңа, большевиктендірілген құрамы сайланды. Съезд Лениннің «жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға» арналған үндеуін қабылдап, ол арқылы халықты барлық жерде жаппай Кеңес өкіметін орнатуға шақырды. Кеңес үкіметі көп ұлтты Ресей еңбекшілерін өз жағына тартуда айтарлықтай насихатшылдық рөл атқарған екі саяси құжат жариялады. Біріншісі 2 (15) қарашада жарияланған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы», екіншісі 20 қарашадағы (3 желтоқсан) «Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» деген үндеу болды. Бұл құжаттарда Ресейді мекендеген халықтардың теңдігі, олардың өздерінің мемл. құрылысын өздері шешуге құқылы екендігі айтылып, ұлттық және этн. топтардың еркін дамуына, бұрынғы езілген ұлттардың өздерін-өздері билейтіндігіне кепілдік беріледі делінді. Мұның үстіне Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы «Зауыттар мен фабрикалар – жұмысшыларға!», «Жер – шаруаларға!», «Теңдік – бұрынғы езілген ұлттарға!» деген ұрандарды үзбей қайталаумен болды. Осы уәделер мен ұрандарға әуел баста бұқараның айтарлықтай бөлігі, ең алдымен, қоғамның жаппай кедейленген мүшелері сенді, сондықтан олардың өкілдері Кеңес өкіметін орнату үшін күреске қатысты. Петроградтан кейін 1917 ж. қарашаның басында Кеңес өкіметі Мәскеуде, елдің өнеркәсіпті орт. аудандарында жеңіске жетті, көп кешікпей бұл жағдай мемлекеттің ұлт аймақтарын, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы ұзаққа созылды.

Бұл кезде Кеңес өкіметі негізінен алғанда қалалар мен өлкенің басқа да ірі елді мекендерінде орнады. Ал ауылдар мен селолардың басым көпшілігінде Кеңес өкіметінің орнауы азамат соғысы басталғанға дейін, тіпті одан кейінгі жылдарға дейін жалғасты. Бұл өлкенің әлеум.-экон. артта қалуынан, жергілікті жұмысшы табы мен большевиктік ұйымдардың сан жағынан аз әрі әлсіз болуынан, ұлтаралық қатынастардың күрделілігінен шиеленісе түсті. Мұның үстіне ұлттық-демокр. Алаш қозғалысының жетекшілері Қ. т. мен Кеңес өкіметінің идеяларын қабылдамады. Ал Қазақстанда орналасқан Орал, Жетісу, Батыс Сібір және Орынбор казак әскерлерінің әскери үкіметтері Кеңес өкіметінің орнауына қарулы қарсылық көрсетті. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуіне негізінен славян текті халықтардың (ең алдымен, орыстар мен украиндардың) өкілдерін біріктірген жергілікті гарнизонның солдаттары мен жұмысшы-солдат және шаруалар кеңестеріне топтасқан қоғамның кедейленген мүшелерінің өкілдері барынша атсалысты. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату ісіне Ә.Жангелдин, С.Сейфуллин, К.Сүтішев, А.Асылбеков, Ә.Майкөтов, И.Дубынин, К.Шугаев, Я.Ушанов, А.Иманов, С.Цвиллинг, Т.Рысқұлов, Т.Бокин, П.Виноградов, Л.Емелев, Т.Өтепов, А.Розыбакиев, т.б. неғұрлым белсене қатысты. Қ. т. кеңестік тарихына да, Кеңес Одағы Коммунистік партиясының құжаттарында күллі адамзат тарихына түбірлі өзгеріс енгізген, жаңа заманды – капитализмнен социализмге өту дәуірін ашқан 20-дың басты оқиғасы деп дәріптеліп келді. Шын мәнінде Қ. т. көп ұлтты Ресейдің, оның құрамына енген көптеген елдер мен халықтардың табиғи, эвол. даму жолын күштеп революцияшыл қайта өзгерістер үрдісіне түсірді. 74 жыл өмір сүрген Кеңес Одағында ел өмірінің барлық салалары (экономика мен саясат, мәдениет пен руханият) сталиндік нұсқада, әміршілдік мәндегі тәжірибелер жасау алаңына айналды. Олардың барлығы да Қ. т., социализм идеяларын жүзеге асыру үшін жүзеге асырылды деп түсіндірілді. «Түбегейлі өзгерістер» жасау тәжірибесінің зиянды салдарлары аз болмады. Олардың қатарына а. ш-н күштеп ұжымдастыру мен көшпенділердің зорлап отырықшыландырылуы нәтижесінде елді жайлаған ашаршы-



лық салдарынан сан мыңдаған адамдардың қырылуы мен басқа елдерге ауа көшшін, көптеген мемл., қоғам, мәдениет, ғылым қайраткерлерінің әміршілдік жүйе ұйымдастырған саяси қуғын-сүргіннің құрбандарына айналуын, демогр. саясат пен мәдени-рухани салада орын алған келеңсіздіктерді жатқызуға болады. Солай болса да, Қ. т-нен кейінгі 74 жыл ішінде Республиканың материалдық өндіріс жүйесі түбегейлі жаңарды, халықтың білім деңгейі өсті, сапалы ғылым жүйесі қалыптасты, адамдар арасындағы қарым-қатынастар жақсарды.

Қ.Нұрпейіс

ҚАЗЫБЕК Шорманұлы (1864, Жетісу обл. Жаркент уезі, Байынқол болысы – 8.8.1916, Қырғызстан, Қарақол қ.) – Қарқара көтерілісі басшыларының бірі. Қ. ел жұртқа әділдігімен белгілі, сыйлы кісі болған. Әкесі Шорман, атасы Есенғұл да белгілі адамдар. 1916 ж. шілде айының бас кезінде Қарқара – Кеген – Нарынқол өңірлерін мекендеген елдерді Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Ә.Сұлтанбеков, Т.Жансеркеев, К.Қаңтаров сынды беделді адамдармен бірге «маусым жарлығына» қарсы шығуға үндеді. Ол Ереуілтөбеде болған көп адам қатысқан мәжілісте патша жарлығын орындауға үзілді-кесілді қарсы шықты. Осы жиыннан кейін Қарқара көтерілісі басталды. Көп кешікпей патша жазалаушылары Ереуілтөбеде болғандарды түгелімен тұтқындап, Қарақол (Пржевальск) қ. түрмесіне жапты. 8 тамызда Қ. бір топ көтеріліс басшыларымен бірге атылды.

Қ.Нұрпейіс

ҚАЙДАУЫЛ Едігеұлы (1766, Ақтөбе обл. Шалқар ауд. – 1839) – батыр. Көтібар, Арыстан батырлар мен Дастан бидің замандасы. Руы – шекті ішіндегі қырғыз тармағынан. 1787 ж. түрікмендер шапқыншылығының кезінде Қ. 250-дей жасағымен жауға қарсы аттанып, жекпе-жек шайқаста түрікмендердің жеті батырын жеңген. 1789 ж. шектілердің башқұрттарға қарсы жорығында Назар батырды қолға түсіріп, барымталаған малжандарын қайырған. 1783–97 ж. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысып, патша үкіметінің жергілікті халықты шұрайлы жерлерден ығыстыруына қарсы күресті. Шектілердің құрамындағы топты басқарып Гурьев (қазіргі Атырау) пен Жайық қалашықтары арасындағы әскери

бекіністерге шабуылдар жасады. 1816–25 ж. арасындағы Арынғазы хан мен Шерғазы хан арасындағы саяси күресте Арынғазыны қолдаған. 1820–31 ж. Ақбұлақ (Шошқакөл), Жем бекеттеріне, Қалмыков әскери бекінісіне бірнеше рет шабуыл жасаған. Қ. 1839 ж. орыс казактары мен башқұрттардан құралған патша әкімшінің әскері «қазақ даласында тәртіп орнатамыз» деген желеумен ауылдарды шапқан шайқаста қаза тапқан. Қ.-дың кесенесі Орынбор – Ташкент т. ж.-ның бойындағы Сленей ст-на жақын, Қауылжыр өз-нен өтетін «Қайдауыл» көпірі маңында, Шалқар қ.-ның батысында 35 км жерде орналасқан. N65 т.ж. бекеті «Қайдауыл бекеті» деп аталып келді. *Әдеб.*: ҚР ОММ. 4 қор, I тіркеу, 131, 160, 1899 істер. З.Б. Байдосов, «Қазан жүрек Қайдауыл», Ақтөбе, 1996; Үш ғасыр перзенттері, Ақтөбе, 1997.

З.Байдосов

ҚАЙҚЫ ҚЫЛЫШ – қару. Басының қайкылығына орай бірнеше түрге бөлінеді: 1) қайкылығы аз жатаған қылыш; 2) қайкылығы орташа қылыш; 3) бастары өте қайқы қылыш немесе кескір қылыш. Жалпы қылыш басы неғұрлым қайқы болса, оның кескіштік қасиеті күшті болады; *қ. Қылыш.*

Қ.Ахметжан

«ҚАЙЫП-ҒАЛИ СҰЛТАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ СИПАТЫ» – 20 ғ. басындағы белгілі орыс тарихшысы А.Ф.Рязановтың 1926 ж. Қызылорда қ-нда орыс тілінде жарық көрген «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа» атты тарихи очерктер жинағының жеке тарауы. 2007 ж. «Ел-шежіре» баспасынан шыққан. Мұнда автор 1837–38 ж. хан Жәңгірге қарсы және Кіші ордада хандық билікті қалпына келтіру жолында Исатай Тайманұлымен бірігіп күреске шыққан Қайып-Ғали Есімов бастаған көтеріліске жалпы сипаттама бере келіп, көтерілістің жеңілу себептерін төмендегідей түсіндіреді. «...Восстание султана Каип-Галия Ишимова, как и все восстания султанов, прежде всего преследовало личные и династические цели. Султан Каип-Галий управлял многочисленным и богатым алачинским родом, кочевья которого находились около Камыш Самарских озер и по берегу Каспийского моря. Положение родоначальника, подчиненного хану, неудовлетворяло честолюбивого султана, который будучи сыном хана Малой орды, мечтал о самостоятельной хан-



ской власти. В Букеевской орде прочно утвердились династия Букей хана, почему рассчитывать на ханскую власть Каип-Галию было невозможно. Он мог достигнуть ханской власти только за Уралом. Для достижения своих честолюбивых планов султан решил уйти с народом за Урал и там добиться избрания в ханы. ...Народное недовольство в Букеевской орде не улеглось после неудачного восстания султана Каип-Галия. Политические и экономические и социальные причины, вызвавшие это восстание, продолжали оставаться на лицо. Борьба привилегированных сословий и «черного» народа – классовая борьба, продолжала обостряться. Через 10 лет в 1836 в орде вспыхнуло новое восстание. На этот раз во главе восставших стал не султан, а представитель «черной кости» старшина Исатай Тайманов. В конце января м-ца 1838 г. Исатай соединился с султаном Каип-Галием Ишимовым. ...В 1837–38 г. Малая Казакская (Казахская – ред.) орда снова находилась на пороге большего восстания. Из Восточной части орды в Западную ее часть уже проникали первые слухи об успешном выступлении султана Кенисары Касимова. Против Верхне-уральской линии началось восстание Джагалбайлинского рода под предводительством батыря Джуламана Тляншина. Это были первые вести о грандиозном национальном восстании казакского (казахского – ред.) народа, которое было вызвано колонизаторской политикой царского правительства и отчуждением огромной территории киргизской (казахской – ред.) степи под застройку новой линии между г.г. Троицком и Орском. Восстание в Восточной части орды нашло себе отражение в далеких степях Западной части, где снова выступил султан Каип-Галий Ишимов, вдохновенный батырем Исатаем Таймановым и его пылким сподвижником и другом Мухамедом (Махамбет – ред.) Утемесовым. В июне м-це на линии стало известно, что в мае в аулы Назаровского отд. прибыл султан Каип-Галий Ишимов с партией казаков (казахов – ред.) Чумичли-Табынского рода в 1000 человек. Он провозгласил себя «ханом западных киргиз» и разослал по сей орде грамоты, в которых требовал повиновения себе всех родов Байулы, уплаты зякета поставки по 100 вооруженных всадников от каждого рода для борьбы с Россией. ...Для ликвида-

ции восстания Джуламана, Каип-Галия, Исатая Тайманова генерал Перовский решил двинуть в степь значительные военные отряды под командою полковник Мансурова, Подурова и Геке. Первые два из них выступили против батыря Джуламана, а полковник Геке против султана Каип-Галия и Исатая Тайманова. Султан Каип-Галий Ишимов, после поражения своего отрядом полковника Геке, удалился в Хиву и до ноября м-ца 1838 г. о нем не поступало на линию никаких известий. В ноябре этого года начальник Н.-Александровского укрепления донес, что султан Каип-Галий возвратился из Хивы в сопровождении старшины Эрниаза Майрам, двух чиновников хивинского хана и 60 каракалпаков в кочевья Адаевского рода. Он собрал к себе 15 старшин разных отделений Адаевского рода. Старшина Эрниаз объявил им, что султан Каип-Галий назначается «ханом западных киргиз», почему адаевцы должны ему повиноваться и беспрекословно исполнять все его повеления. ... В 1848 г., когда хивинский хан решил скрыть построенные русским правительством в степи военные укрепления, султан Каип-Галий снова выступил со своими воззваниями к киргизскому народу, призывая его «стать на защиту мусульманства и присоединиться к падишаху правоверных хивинскому хану». Называл себя «обиженным ханом западных киргиз», Каип-Галий снова грозил «потоптать неповинующихся копытами лошадей». Это новое выступление султана уже не имело никакого успеха. Политическая карьера султана была закончена навсегда и ему уже не суждено было больше стать во главе народа».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 1-том. Астана: «Ел-шежіре», 2007.

А.Ибраева

ҚАЛИБЕК Рақымбекұлы (1908, Қытай, Жайыр тауы – 16.11.1985, Түркия, Салихлы к.) – Шыңжаң қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі. 1933 ж. Қызыл өзен деген жерде қазақ ұлтшылдарының құпия ұйымын құруға қатысқан. Осы саяси қызметі үшін 1 млн. Қытай ақшасы көлемінде үкіметке айып төлеп, кейін 18 ай түрмеге жабылды. 1940–46 ж. Манас аймағына келіп, халықты көтеріліске шақырды, өз жасағымен Қытай әскерлеріне шабуыл жасап, Сауан ауд-н азат етті де, 1946 ж. сол ауданның әкімі болып тағайындалды. Сол



жылы Шығыс Түркістан үкіметі «Халық қарманы» атағын берді. Шығыс Түркістан коммунистердің қуыршақ үкіметі екендігіне көзі жеткен Қ. оған бағынудан бас тартып, 1947 ж. Сауан халқын бастап, Еренкабырға тауына көшті. Қазан айында үкімет әскерлерінен қорғану үшін 600 адамдық жасақ құрды. Үрімжідегі қаржы министрі Жанымхан арқылы Чан Кайчи үкіметімен тіл табысып, 8-қазақ атты әскер полкін ұйымдастырды. Бірақ Кеңес Одағының көмегіне сүйенген Шығыс Түркістан үкіметі әскерлеріне төтеп бере алмай, Наншан тауына шегінді. Осы жерде ұйғырлармен, дүнген ген-мен, Үрімжідегі АҚШ консулы Пакстонмен және Алтайдағы Оспан батырмен байланыс орнатты. 1951 ж. 1 ақпанда Қытай коммунистерінің тұтқиыл шабуылынан шегінген ол 200 отбасыны бастап Такламакан шөлін кесіп өтіп, Тибет пен Гималай арқылы 1952 жылдың аяғында Үндістанның Кашмир аймағына келді. Осындағы АҚШ елшілігі арқылы БҰҰ-мен байланыс орнатып, Түркияға баруға рұқсат алған соң, 200 түгіннен қалған 124 адамды 1954 ж. 29 шілдеде Стамбұл қ-на бастап келді.

Ж. Саматұлы

ҚАЛҚАН – қорғаныс құралы. Дөңгелек, төрт бұрышты, жүрекше, астауша, т.б. түрлері болған. Соғысты негізінен ат үстінде жүргізгендіктен көшпелілерде шағын, жеңіл, дөңгелек Қ-дар жақсы дамыған. Жасалу әдістеріне және материалдарына қарай 4 түрге бөлуге болады: 1) талдан өріліп жасалып, терімен қапталған Қ-дар өте ертеде пайда болған; 2) жалпақ не жіңішке ағаш тақтайшаларды көлденең ағашпен бекітіп, сыртынан немесе астарынан терімен қап-

талған Қ-дар. Беріктігін арттыру үшін ортасына және қолға ұстайтын қайыс баулары бекітілген жерлеріне металл күмбезшелер орнатылған. Бұл Қ-дар көбіне дөңгелек түрде жалпақша болып келеді; 3) тұтастай теріден, кейде бірнеше қабат теріден жасалған, беттері металл күмбезшелермен күшейтілген Қ-дар. Пішіні дөңес болып келеді, орта ғасырларда кеңінен қолданылған. Қазақ батырлары осы Қ-дарды көп қолданғандықтан, еліміздің мұражайларында көптеп кездеседі; 4) тұтастай болат темірден соғылған Қ-дар. Пішіні дөңгелек, дөңес келеді. Беті оюланып, алтынмен әшекейленеді, Құран аяттары жазылады. Қолға жұмсақ тию үшін киізбен астарланған. Билеушілер мен әскербасылар арнайы Қ. соқтырып, беттеріне алтын жалатып, асыл тастар орнаттырған. Оны «тілле Қ.» деп атаған. Көшпелілер Қ-ды ердің қасына іліп, не қанжығаға байлап жүрген. Кейде арнайы қайыс баулармен иыққа асқан. Ұрыс кезінде шегінген жағдайда, артқа бұрылып садақ тартатын сарбаздар Қ-ды басынан асыра арқасына асынған. Ал бетпепет шайқаста батырлар Қ-ды қолға ұстап соғысқан. Сол үшін жасалған 2 қайыс баудың біреуін білекке іліп, екіншісін қолға ұстаған.

Қ. Ахметжан, Ш. Картаева

ҚАЛМАТАЕВ Мұрат Дүйсенбіұлы (8.9.1936 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. Мариновка а.) – әскери және саяси қайраткер, генерал-майор, журналист. Әкесі Дүйсенбі Омбыдағы кадет корпусында оқып, әскери



М. Қалматаев



Қазақ батырының қалқаны мен дулығасы. Тараз, 18 ғ.

фельдшер мамандығын алған соң Жарма, Көкпекті ауд-дарында жұкпалы аурулардан жаппай емдеу ісін ұйымдастырған. Суы мен батпағының емдік қасиеті күшті көлді тауып, сол «Дүйсенбі көлі» қазіргі уақытта да халық емдеу ісіне пайдаланылып келеді. Қ. 1959 ж. ҚазМУ (қазіргі ҚазҰУ), 1967 ж. Ал-



маты Жоғ. партия мектебін бітірген. 1959–65 ж. Семей обл. Көкпекті ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы, осындағы ауд. «Жұлдыз» газетінің редакторы болды. 1967–83 ж. әртүрлі кеңестік қызметтер атқарған. 1983 ж. респ. ПМ-нің жаңадан ұйымдастырылған саяси бөлімінің бастығы болып тағайындалып, 1986 жылғы қарашада генерал-майор атағы берілді. Қ-тың азаматтық тұлғасы осы жылғы желтоқсан айында Кеңес Одағының әміршіл-әкімшіл басқару жүйесін, отаршыл империяның шаңырағын шайқалтқан Желтоқсан көтерілісі кезінде айқын көрінді. Ол көтерілісші жастар жағына ашық пейіл танытып, жазалаушы отрядтардың қимылдарын тежеуге, жарақат алған қыздар мен жігіттерге мед. көмек ұйымдастыруға барынша күш салды. Республика Бас прокуратура, Қазақстан КП ОК-нің 2-хатшысына кіріп, алаңда «заңсыздыққа жол беріліп жатқанын» айтып, бұл тағылықты тоқтатуды талап етті. Әділдік жолындағы осы заңды әрекеттері үшін «өз қызметіне лайықсыз адам» ретінде дереу Ауғанстан соғысына жөнелтілді. Қ. 1988–89 ж. Ауғанстан соғысында бірнеше жауапты операцияларға қатысып, басшылық етті. Майданнан аман-есен елге оралып, Семей обл. Ішкі істер басқармасын басқарды (1989–94). 1995 ж. ҚР ПМ-нің кеңесшісі болып тағайындалды. Қ. 12-13 сайланған Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланып, Құқықтық реформа және заңдылық жөніндегі к-ттің төрағасы болды. ПМ-нің еңб. сің. қызметкері, «Құрмет белгісі», «Қызыл Жұлдыз», «Халықтар достығы», «Отан күзетінде» ордендерімен, т.б. марапатталған.

Әдеб.: Оңғарбаев Б., Генерал Қалматаев, А., 1995; Кенжегулова Н.С., Дорогу осилит идущий, А., 2000.

Т.Рсаев

ҚАЛМЕНОВ Алпысбай (1869, Ақтөбе обл. Темір ауд. – 1937) – қоғам қайраткері, алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, қаржыгер. Орынбор гимназиясын, кейін ун-т бітірген. Бөкей Ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңесте лауазымды кеңесші қызметінде болған. 1906 ж. 27 сәуірде ашылған I-Мемл. Думаға Орал обл-нан депутат болып сайланған. Онда еңбекшілдер (трудовиктер) тобында болған. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Оралда, Орынборда, Жымпитыда өткен Қазақ съездеріне белсене араласып, Ала-

шорда үкіметінің жергілікті бөлімшелерін құруға белсене араласты. Ж.Досмұхамедұлы және Х.Досмұхамедұлымен бірге Батыс Алашордасы жетекшілерінің біріне айналды. Кейін Мәскеу және Киев қ-ларындағы Кеңес өкіметі банкілерінде қазынашылық қызмет атқарған. Әйгілі «тридцатка» ақшасына, 3 сомдық пен 1 сомдыққа қол қойған. 1937 ж. саяси қуғын-сүргін барысында қазаға ұшырады.

Н.Асқаров

ҚАЛНИЯЗ Шопықұлы (1816, Маңғыстау, Сам құмы – 1902, Тәжікстан, Гиссар алқабы) – жырау. Қ. өз дәуіріндегі Хиуа хандары басқыншылығына қарсы күрескен Балунияз бен Қармыс, Төлеп пен Амантұрлы, Қожалақ пен Қарағұл, Сүгір мен Тұрмамбет, Балта мен Дәуіт сияқты батырлар бастаған жорықтардың көбіне қатысып, сарбаздарды өлең, толғауларымен жігерлендірген. Патша үкіметінің «Уақытша ережесіне» (1868) наразылық білдірген Маңғыстау қазақтарының бірқатар ауылдарымен бірге Қ. да Хорезм өңіріне кеткен. Мұнда да көп тұрақтамай, 1870–80 ж. аралығында тәжік жеріне өтіп, одан көшіп Ауғанстанның Гөрібаглан деген жеріне барған. Бірақ, жергілікті ауған әкімдерінің қысымына көне алмай, қайтадан тәжік жеріне көшіп келген. Балалары қайтадан Теректі тауындағы елге қосылған. Қ-дың «Ер Қармыс» жыры, «Жаскілеңмен айтысы», «Көтібар бөтен кісім бе?», «Сүгір батырға айтқаны», «Батырда Балунияз, Қармысы бар» аталатын өлең, толғаулары, «Амантұрлы батыр қазасын естіртуі», «Қожалық батырға айтқаны», «Ер Көней», «Билерге», «Қара бір сөзге келгенде» жырлары халық тағдыры, елді, жерді сақтау сияқты өз дәуірінің ең көкейтесті мәселесіне арналған. Сондай-ақ, Қ. айтулы әнші, күйші де болған. «Қалнияздың жорық күйін», «Қалнияздың жыр күйін» қазақ өнерпаздары жиі орындайды. Қ. «Қырымның қырық батырын» жатқа айтушылардың бірі.

Қ.Сыдықұлы

ҚАМШЫ – көлік айдауға арналған құрал. Қ. ер-тұрман құрамына кіреді. Ш.Уәлиханов Қ-ны қару-жарақтар қатарына да қосады. Қару есебінде жасалатын Қ. сабы салмақты, өрімі жуан әрі ұзын, кейде өрімге темірден өзек салынады. Бұлар – дырау, дойыр, бұзау тіс Қ. деп аталады. Жасалуына және қолданылуына қарай оның: қайыс, ат, түйе, арба, соқа Қ., т.б. түрлері бар. Ат Қ-ның өзі:



салт, ат соғар, ат жүргіш, шыбыртқы болып бөлінеді. Қ. сап, алақан және өрім деген бөліктерден тұрады. Олардың әрқайсысы жеке-жеке дайындалып біріктіріледі. Сабы тобылғыдан, ырғайдан, тауешкі, ақбөкен мүйіздерінен немесе елік сирағынан жасалады. Кейде Қ. сабы түгелдей былғарымен қапталып, күміспен әшекейленген. Мұны көбіне әйелдерге арнап жасаған. Ерлер Қ-сының сабына темірден бауыр салынып, қайыс таспамен не жезбен орайды. Оны «сарала камшы» деп атаған. Қ. алақаны қалың былғарыдан екі қабат болып жасалады. Ол сап пен



Қамшы

өрім арасындағы дәнекер. Екеуін бір-бірімен қосып тұрады. Таспаның өрілген санына қарай: төрт таспа, бес таспа, алты таспа, сегіз өрім, қырық өрім, он екі таспа Қ. болып бөлінеді. Екі таспадан ширатылғанын – еспе, бір таспадан, қайыстан жасалғанын – сапалық деп атайды. Халық шеберлері Қ. сабына асыл тастар бекітілген күміс құймалар орнатқан. Қ-ның дәстүрлі қазақ тұрмысындағы аясы кең. Қазақ емшілері, бақсылары Қ-ны жын-шайтан қуу үшін де қолданған. Ұл баланы алғаш ашамайға отырғызғанда, сүндет той жасағанда оған арнап бала Қ. жасатқан. Қыз ұзатқанда ер-тұрман дайындатса, оған міндетті түрде Қ. қосқан. Қ-ны тек жоғарыға: кереге басына іліп қою – оның халық арасындағы қадір-қасиетін білдіреді.

Т.Картаева

ҚАНАЙ (т.-ө.ж.б.) – би, Қоқан хандығына барған елші. Қ. бидің шыққан тегі, өскен ортасы туралы деректер сақталмаған. 1858 ж. Қоқан билеушілерінің езгісіне қарсы шыққан қазақ, қырғыздар көтерілісі бүкіл Оңт. Қазақстанға тарап, көтерілісшілер Созақ,

Мерке бекіністері мен Шолаққорғанды басып алды. Халық қозғалысының өршуі қаңтөгісті көбейтеді деп қауіптенген қазақ ақсүйектері 1858 ж. шілдеде Қоқан ханы Хұдиярға Қ. бастаған бір топ қазақ биін келіссөз жүргізуге елші етіп жіберген. Қазақ елшілері Қоқан ханымен келісімге келіп, бірқатар жеңілдіктер алды. Ташкент басқарушысы Мырзахметтің орнына ханның інісі Мұрат аталық тағайындалды.

ҚАНАЛЫ (ХАНҒАЛИ) Арыстанұлы (1832 – ө.ж.б.) – қазақ сұлтаны, есаул, 1869 жылғы Батыс Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі. Қонысы Елек, Тұзтөбе бойларында болған. Шыққан тегі төре, Әбілқайыр ханның 4-інші ұрпағы. Ресми тарихта Ханғали есімімен белгілі, ел арасында Қ. аталған. Қ. 1855–57 ж. аралығында Орынбор өлкесі қазақтарының Орта бөлік аумағына қарасты 57-дистанцияны басқарған. Қ. сұлтан 1869 жылғы көтерілістің бас көсемдерінің бірі болды. Оның аталған көтеріліске қосылу тарихы қарама-қайшылыққа толы. Патша офицері болған Қ. сұлтан алғашында Орал уезінің болыстарын ұйымдастырумен айналысқан подполк. Черноморсковқа өз қызметін ұсынған. Уезд аумағында болыстар жасақтаумен жүрген уезд бастығы оны қызметке алғанымен, кейіннен елді үкіметке қарсы үгіттеді деген айыппен қамауға алмақ болған. Осыдан соң Қ. сұлтан біржолата көтерілісшілер жағына шығып, Қобда-Елек бойы көтерілісшілерінің көсеміне айналады. Жергілікті жылқышы табын бөлімі Қ. сұлтанды өздерінің көтеріліс ханы етіп сайлайды. Сонымен қатар, Қ. көтеріліс жетекшілерінің бірі Саттық Тайұлының күйеу баласы. Қ. соңынан қарулы жасақтарды ертіп, Жаңа Ереженің енгізілуіне үлкен қарсылықтар ұйымдастырады. Оның қол астындағы сарбаздар жаңа тәртіпті қабылдаған ауылдарды да шапқан. Дегенмен, Қ. сұлтан өз жасақтарын орынсыз барымтадан, әсіресе орыс қоныстарына шабуыл жасаудан тыйып отырған. 1869 жылдың көктеміне қарай Қ. сұлтан Хиуа ханымен байланысқа түсіп, белгілі билер Жәнібек Барақұлы, Алдаш Байғанаұлы, шекті руынан би Әзберген Мұңайтпасұлы, Есет Көтібарұлының ұлы Назармен бірге ханмен жолығып, қазақ халқының орыс тәртібін қабылдағысы келмейтіндігін, сол үшін соғысып жүргендерін айтады. Қ. бастаған бұл топ Хиуа ханынан орыс үкіметімен со-



ғысуға әскер сұрайды, үлкен қол берілсе, бүкіл бекіністермен қатар Орынборды да алуға болатынын жеткізген. Сонымен қатар, Хиуа жерінен қазақтарға көшіп-қонатын жер сұрап, үш жылға дейін алым-салықтан босатуды сұраған. Хан көтерілісті қолдауға 7 мың әскер бөліп, Қ-ға саркердан (мыңбасы) атағын береді. 1869 ж. мамыр айының басында Қобда мен Елек арасындағы бүлікші топтарды таратуға Тұзтөбе бекінісінен шығарылған подполк. Круторожиннің екі жүздік әскері Қ-ның анасы Орын ханымды қолға түсіреді. Орынбор әкімш. одан ұлын үкіметке қарсы әрекеттерінен қайтаруды сұрайды. Анасымен кездескен сұлтан біршама уақытқа дейін өзінің үкіметке қарсы әрекеттерін тоқтатады. Дегенмен, Қ. көп ұзамай күресті жалғастырады. Оған қарасты сарбаздар мамыр айында Ақтөбе уезінің көптеген ауылдарын шапқан болатын. Өзіне келіссөзге келген көтерілістің келесі көсемі Дәуіт Асауұлының ұлдарымен бірге басшылықпен кездесу үшін Ақтөбеге бет алған Қ. өздеріне қарсы әскер шыққанын естіп, кері оралған. Осыдан соң ол күресті қайта жалғастырып, Қара Бөкенбай өз-нің бойына көшіп, одан әрі қайтадан Хиуаға қоныс аударған. Қ. Хиуа жерінде біршама уақыт Ходжент бекінісі бегінің көмекшісі қызметін атқарады. Сонымен қатар, ол Хиуа иелігінде жүрген шекті және табын руларының ханы болып бекітілген. 1870 ж. хан бұйрығымен Қ. хандық шекарасын күзету желеуімен 700 адаммен Шың маңындағы Арыс деп аталатын жерге жіберіледі. Осы жерде қарақалпақ билеушісі Арсы Аталықтың қол астында болады. Мұндағы әскердің бір тобы Шағырай түбінде түйелерден тұратын орыс көліктеріне шабуыл жасап, адамдарын тұтқындайды. 1871 ж. Хиуа ханына орыс тұтқындарын босату туралы кеңес бергені үшін Қ. қазақтардың ханы қызметінен алынып, Хожейлі қ-нда бақылауда ұсталады. Батыс Қазақстандағы көтеріліс басылған соң басталған тергеу жұмыстары қазақтарды жаңа заңға қарсы көтерген Қ. деген шешімге келеді. Осыған сай Орал обл-ның әскери губернаторы Веревкин оны негізгі бүлікші ретінде бүкіл құқығынан, шенінен, сұлтандық атағынан, марапаттарынан айырып, оны мәңгіге мемлекет тарапына жолатпауға, ал ұсталған жағдайда 15 жылға қаторгалық жұмыстарға

жіберу туралы қаулы шығарады. 1873 ж. Ресейдің Хиуаға жорығы басталған тұста оны басқарған ген.-лейт. Веревкин Хиуа жерінен қайтпай жүрген көтерілісшілер мен оның көсемдеріне кешірім туралы прокламация таратады. Бұл кешірім, орыс әскерінің офицері бола тұра патшаға қарсы шыққандығы үшін ісі Әскери Далалық сотқа берілуі тиіс Қ-ға қолданылмайтын. Хиуаның Ресеймен соғысуға дәрменсіздігіне көздері жеткен көтерілістің бұрынғы көсемдері ген-ға өз еріктерімен келіп, патша атынан кешірім алады. Аталған адамдармен бірге ген. құзырына келген Қ-ға Хиуа жорығындағы орыс офицерлерінің кепілдік етуімен кешірім беріледі. Ол осы жорық кезінде орыс әскерін суы мол құдықтар арқылы, түрікмендер шабуылынан қауіпсіз жерлерден алып өтіп, үлкен қызмет көрсетеді. Оның қызметіне риза болған патша үкіметі Хиуа алынған соң Қ-ға кешірім береді. Басқа бір дерек бойынша, Қ. сұлтанды Веревкиннен Есет Көтібарұлының өзі кепіліне алып, кешірім беруге ат салысқан. Қ. өз қонысы – Ақтөбе уезі, Тұзтөбе болысына оралып, қалған ғұмырын осы жерде өткізген.

Дер.: ҚР ОММ, 25-қор, 1-т., 1827-іс. ООММ, 6-қор, 10-т., 8239-іс, 15-т., 1290-іс.

Қолжазб.: Сербаринов Г., Киргизские волнения в 1869 г. Қолжазба (жылы көрсетілмеген); Қаратаев Б.Б., Обзор материалов по истории колонизации Казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 – и в начале 1870 гг. Қолжазба (жылы көрсетілмеген).

Н.Жемнісбай

ҚАПАЛ УЕЗИ – әкімшілік аудан. 1869 ж. құрылып, Жетісу обл-ның құрамына кірген. Жер көл. 74100 км². Оңт.-шығыстағы аздаған бөлігін Жоңғар Алатауының қыраттары алып жатты. Солт.-батыстағы үлкен бөлігі Балқаш к-не дейін жеткен. Уезд халқының саны 180 мың, оның 158 мыңы – қазақтар болды (1897). Тұрғындары негізінен мал, егін ш-тарымен айналысты, бал арасын өсіріп, кірешілікті кәсіп етті. Қ. у. орталығының ірге тасы 1847 ж. қаланған Қапал қ. болды.

ҚАРАБАЕВ Әлжан (1874, қазіргі Қостанай обл. Амангелді ауд. Жыланшық өз-нің бойы – 1960, сонда) – 1916 жылғы Торғай көтерілісінің батыры, мыңбасы. Ұзын қыпшаққа кіретін алты рулар бірлестігінің нән-жіл атасынан шыққан. Торғай қазақтары-

ның Ресей патшасының 1916 ж. маусым жарлығына қарсы басталған ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастыруға белсене қатысып, Қайдауыл болысы сарбаздарын басқарған. Көтеріліс басшысы Амангелді Имановтың ең сенімді серіктерінің бірі болған. Көтеріліске алғаш 500 сарбазбен келіп қосылған. Торғай қ-на шабуыл кезінде, полк. Тургенев бастаған жазалаушы отрядқа қарсы Күйік қопасындағы, Доғал-Үрпектегі шайқастарда Қ. бастаған мыңдық ерекше ерлік көрсетті. Қазан төңкерісінен кейін Қайдауыл болыстық кеңесінің төрағасы (1918–20) болды, Торғай кеңестерінің 1-съезіне делегат болып қатынасты. Кейін әр түрлі басшы шаруашылық жұмыстарын атқарған.

Т.Рсаев

ҚАРАБҰТАҚ БЕКІНІСІ – бекініс-қамал. 1848 (1847) ж. мамыр айында салынған. Ақтөбе обл-ндағы Ырғыз өз-нің Қарабұтаққа құяр сағасында орналасқан. Патша өкіметі Арал т-не қарай жылжу ниетімен Орск қ. мен Райым бекінісінің аралығында салған. Мұнда оның ірге тасын қалаған орыс гидрографы А.И. Бутаков экспедициясымен бірге келген шағын гарнизон орналасты. Бірнеше жылдан кейін осы бекіністің үстімен Орск – Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) жолы өтетін болды. 19 ғ-дың соңында Қ. б. Ырғыз уезінің сауда-саттық жүргізетін қалашығына айналды. Қ. б-нде уч-ще, аурухана, тұрғын үйлер салынды.

ҚАРАЖІГІТ Молда Бектауұлы (шамамен 1752, Ақтөбе обл. Шалқар ауд. – 1835) – би. Ол 1762–68 ж. Шалқар өңіріне белгілі Қазақай ахунның мұсылмандық мектебінде оқыған, 1775 ж. Бұқара медресесін бітірген. Туған ауылына оралып, мұсылмандық мектеп ашқан, бала оқытқан. 1777–78 ж. Қазан қ-нда ислам дінін уағыздау тәжірибесін байытумен шұғылданған. Қ. 1785 ж. Орынбор ген.-губернаторының шешімімен Кіші жүздегі үш бөліктің бірі алты әлім дуанының хатшы-іс жүргізушісі болған, әрі мұсылман мектебінде бала оқытуды жалғастырған. 1788 ж. 22 қыркүйекте Ресей патшайымы Екатерина II жарлығымен Орынбор мүфтилігі құрылғанда, Қ. Мұхаметжан Құсайыновтан кейінгі екінші мүфтилік дәрежесіне бекітілді. Бірақ, Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске белсене қатысқаны үшін, ол екінші мүфтиліктен боса-

тылады. Қ. 1788–93 ж. қозғалысқа тікелей қатысып, байұлы, әлімұлы, жетіру тайпаларына, ру басыларына жазған үндеу хаттарында халықты Сырым батыр жағына шығуға шақырған. Қ. Арынғазы Әбілғазыұлы және Шерғазы Айшуақұлы арасындағы саяси тартыс кезінде Арынғазыны қолдаған.

Әдеб.: Байдосов З.Б., Үш ғасыр перзенттері, Ақтөбе, 1997.

З.Байдосов

«ҚАРАҚАС–КЕНЕСАРЫ» – тарихи жыр. Бұл патшалық Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы отаршылдығына қарсы 1837–47 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына арналған халықтық шығарма. Шығарманың идеясы да қазақтың және түркі-мұсылман халықтарының тәуелсіздігі мен азаттығын аңсау, сол жолда қызмет еткен азаматтардың ерлік істерін дәріптеу арқылы жас ұрпақты отаншыл, елшіл дәстүрде тәрбиелеуді мақсат тұтқан. Жырдың авторы белгісіз, ол бұрынғы Шығыс Түркістан, қазіргі Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар арасында ауызша таралған нұсқадан жазылып, 1984 ж. Бейжіңде шыққан «Қазақ қиссалары» атты әдеби жинақта (4-том. «Ұлттар» баспасы, 85 – 110-б.) алғаш рет жарық көрген. Шығарманы жазып алып бастырған – Іле аймағы қазақ ағарту орт-ның қызметкері Исахан Рақымжанұлы. Жыр 2006 ж. Мемл. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Бабалар сөзі» сериясымен алғаш рет Қазақстанда басылды. 482 жолдан тұратын шағын шығарма 10–11 буынды қараөлең ұйқасымен жазылған. Жырдың оқиғасы тартымды, тартысты құрылған, кейіпкер образдары шебер сомдалған, таза әдеби-көркем кестелі тілмен, халық аңыз-әңгімелерінің негізінде 20 ғасырдың басында, немесе 2-жартысында қайта жырланған. Жыр сюжетіне Қасым сұлтанның төрт баласының және кіші әйелінің орыс саясатымен келіспей, ел-жұртымен Арқадан Қоқан хандығына қоныс аударуы арқау болған. Шығарма, біріншісінде – Абылай ұрпақтарының орыс өкіметінің басқыншылығына төзбей, көршілес елге қоныс аударуы кезінде Саржан мен Есенгелдінің жергілікті жұрт өкілдері мен Ташкен шаһарбасы Бектербектің құрбаны болуы, екіншісінде – Қасымның тоқалы Қарақастың ақылдылығы мен өжеттігі арқасында жас Наурызбай мен



Кенесарының Бектербектің қанды торынан аман-есен бостандыққа шығуы, Кенесарының ағаларының өлімі үшін шаһарбегінен кек қайтарып, елін аман сақтап, Арқаға көшіруі секілді екі негізгі оқиғадан құралған. Жырда тарихи тұлға Абылайдың образы осы күрескерлік әрекеттердің идеялық ұйтқысы ретінде көрініс тапқан. Ол жыр кіріспесінде, жыршының атынан, замана талқысына түскен Құбайдолланың (тарихта Ғұбайдолла, Абайділла), баласы Қасымның және оның балалары Саржан, Есенгелді, Наурызбай, Кенесарының іс-әрекетінің рухтандырушысы ретінде көрінеді. Бұл болашақ ұлы тұлға Кенесарының күрескерлік жолының басы деген емеурін шығармада көрініс береді.

ҚАРАҚҰМ КӨТЕРІЛІСІ (1930) – әміршілдік жүйеге қарсы бағытталған қозғалыс. Бұл көтеріліске Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Аламесек, т. б. ауд-дардың жеке-жеке топ болып, шаруа жайымен көшіп қонып жүрген шаруалары қатысты. Көршілес Ырғыз, Арал, Қарсақпай ауд-дарының бірқатар ауылдары да осы бас көтеруге қосылды. Жаңа өкіметтің қысымына шыдамай, Қарақұмды паналаған ауылдар қолдарына қару алып, қорғануға мәжбүр болды. Көтерілісшілердің үлкен бір тобын дін басы Ж.Бәйімбетов басқарды. Қуғыншы қызыл әскерлердің Қармақшыдан және Ырғыздан шыққан отрядтары 7 сәуірде көтерілісшілер жасырынған жерге таяу келіп, қанды шайқас болды. Ұрыс кезінде көтерілісшілерден 35 адам өліп, 23-і жарاقاتтанған. Ал қызыл әскерлерден 40 адам өліп, олар кейін шегінуге мәжбүр болған. 1930 ж. 13 сәуірде Аралға келген әскери округтік комиссия Қарақұмға үкімет комиссиясын жіберуді ұсынды. Нәтижесінде Қазақ АКСР-і ОАК төрағасының орынбасары Әліби Жангелдин, жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Ғабит Мүсірепов, т.б. бар мемл. комиссия Қарақұмға аттанды. Бірнеше күнге созылған келіссөзден кейін, олар қаруы бар көтерілісшілердің қаруын тапсыруға көндірді. Көтерілісшілер жағынан келіссөзге қармақшылық Бәйімбетов, т.б. қатысты. Олар үкімет алдына 7 шарт қойды. Мемл. комиссияның шешіміне қарамастан, Қазақстан К(б)П Өлкелік к-тінің 1-хатшысы Голощекиннің тапсырмасымен, келіссөзге қатынасқан Бәйімбетов, Ы.Әлмағамбетов, Б.Байбахтин, М.Қыпшақбаев, С.Қуандықбаев, Ө.Өмірбаев, Б.Талқанбаев, Т.Ахметов Ал-

матыға әкелініп, абақтыға жабылды. 1930 ж. 15 шілдеде Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқармасының (ОГПУ) үштігімен олар түгелдей ату жазасына кесілді. Осыдан кейін Қарақұмдағы шаруалар қайтадан бас көтеріп, өздеріне Қ.Жұбановты хан етіп сайлаған. Сонымен, тамыз-желтоқсан айларында болған қарулы қақтығыстан кейін көтеріліске қатысты деген айыппен қолға түскен 586 адамның 210-ы кедейлер мен орташалар ретінде босатылды, 6 адамның ісі ОГПУ-дің Қарсақпай ауд. бөліміне жан-жақты тексеруге жіберілді. ОГПУ-дің Ерекше үштігінің шешімімен 175 адам ату жазасына кесілді. 172 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагеріне жіберілді. 6 адам Қазақстанның өзге аймақтарына жер аударылды. Шығыс Сібірге 5 жылға 1 адам, еңбекпен түзету лагеріне 3 жылға 9 адам айдалды. Көтеріліске қатысушылардан 37 адам қаза тауып, 6 қызыл әскер, 3 саяси қызметкер, 3 коммунар өлген. *Әдеб.*: Омарбеков Т., Қазақстанның 20–30 жылдар қасіреті, А., 1996.

Т.Омарбеков

ҚАРАЛДИН Байқадам (18.12. 1877, Қостанай обл. Амангелді ауд. Байқадам а.) – 30. 5.1930, Семей қ.) – қоғам және мемл. қайраткері. Қ. 1891 ж. Торғай орыс-қазақ екі жылдық уч-щесін бітіргеннен кейін әкімшілік қызметтерде болды. Қ. 1909–10 ж. Торғай және Сырдария обл-тарының қыстақтары



Б.Қаралдин

зерттеуге белсене араласып, Страховск бөгенін салуды басқарды. 1916 жылғы Торғай көтерілісінің қарсаңында уезд бастығы Гарфпен губернатор Эверсманға патша жарлығына наразы халықтың талаптарын түсіндіруге күш салды. 1916 жылғы 8 желтоқсанда Қ. бірқатар көтеріліс басшыларымен бірге патша өкіметіне опасыздық жасағаны үшін



өлім жазасына кесілді. Оның бұл жазадан құтылуына Ресейдегі Ақпан төңкерісі себеп болды. Қ. Қазан төңкерісінен кейін Торғай уездік халық комиссары болып, бұл қызметін 1918 жылғы мамыр айына дейін атқарды. Уезде Кеңес өкіметі қалпына келтірілген соң Торғай уездік атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. Бір жылдан кейін Ә.Жангелдин, А.Байтұрсынұлымен бірге Мәскеуге барып, үкімет басшыларымен болған Алаш-орда мәселелері бойынша келісімге қатысты. 1919 ж. тамызда жаңадан ұйымдастырылған Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-рев. к-ттің хатшысы болып тағайындалды. КСРО-да бай-кулактардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны басталғанда Қ. де заңсыз айыпқа тартылды. Өзін жазықсыз жападан арашалап алу үшін Қызылордаға барған Қ. дереу тұтқындалып, кешікпей Семейде атылды. КСРО Жоғ. соты алқасының 1960 жылғы 18 ақпандағы шешімімен толық ақталды. Қазір Қостанай обл. Амангелді ауданының бір елді мекені Қ. есімімен аталады.

Т.Рсаев

ҚАРАНОҒАЙ-ШАЛА ОҚИҒАСЫ – 1922 жылдың соңында Шу бойында болған озбырлық. Халық арасында Байсейіт-Мұқыш әңгімесі деп те айтылады. Қазақ халқының екі кеңестік автономияға бөлініп, терістігі – Қазақ АКСР-іне, оңт. – Түркістан АКСР-іне қарап тұрған кезеңде Шу өзінің алқабын қыстап, Сарыарқаны жайлайтын бірнеше көшпелі болыс 1922 ж. күзде әкімш. жағынан Түркістан Республикасының қарамағына өтуге тырысты. Олардың тілектерін нақтылап, ауыл-ауылдарда жиындарын өткізіп, тиісті қарарлар шығарып әкелу ісін Сырдария обл. атқару к-ті Д.Әділовке тапсырды (оны ел ішінде Мұқыш атаған). 1918 ж. С.Сейфуллин, Байсейіт Әділовпен қатар алғашқы Ақмола совдепіне енген Ғалым Әбубәкіров деген большевик 1922 жылдың күзінде көрші Қарқаралы уезімен екі арадағы барымташылыққа байланысты туған дауларды реттейтін комиссияның Ақмола жағынан тағайындалған төрағасы ретінде іссапарға шығады да, оны тиянақтамай, қарамағындағы 8 милиционерімен бірге салық жинау желеуімен Ақтау, Ортау болыстарын аралайды. Милиция қатарын ел ішіндегі ұрылармен толықтырған Әбубәкіров (Қараноғай) Шу өңірінде зорлық-зомбылығын үдетеді. Халықты талан-таражға тү-

сіріп, қыз-келіншектерді қорлау, адамдардың ар-намысын аяққа таптау бейбастақтықтарына жол берген бұл өкімет өкілінің қылықтары елдің ашу-ызасын тудырды. Жергілікті халық Д.Әділов пен оның ел ішіндегі беделді ағасы Б.Әділовтен араша сұрайды. Байсейіт Қараноғайды тұтқындастып, Мұқыш бұзақыларды өлім жазасына кескен халық үкімінің орындалуын ұйымдастырады. Байсейіт пен Мұқыш ерлігі аңызға айналып, халық арасында жыр туды. Алайда 1923 ж. Қазатком (Орынбор) жеделхат арқылы Түркаткомнан (Ташкент) Әділовтерді ұстап беруді сұрайды. 1924 ж. Қазақ АКСР Бас милиция басқармасы (Орынбор) «Әділовтердің салық жинауға кедергі келтіргені», яғни Қ.-Ш. о. жайында материал жинады. 1927 ж. Б.Әділов тұтқынға алынып, ұзамай кепілдікке шығарылды. 1928 ж. өткізілген тәркілеу науқанына байланысты Қ.-Ш. о-на жаңа саяси мән берілді. 1928 ж. желтоқсанда, «тәркілеуге қарсылық білдірген» Әділовтерді тұтқынға алу үшін ГПУ-дің қарулы жасағы жұмсалды. Б.Әділов оққа ұшып, Д.Әділов тұтқындалды. Содан әйгілі «Алаш ісі» қозғалды. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, т.б. алаш зиялылары қызметінің «контрреволюциялық» сипатын қоюлата түсу мақсатында іске қиыстырылған «Әділовтің бандасы» деп аталатын жасанды саяси қылмыстық топты ойлап табуға 1922 жылғы Қ.-Ш. о. қолайлы сылтау болды. Оқиғаға қатысқан Байсейіт-Мұқыш серіктері (барлығы 16 адам) түгел қамалып, Мәскеуде тергелді. 1930 ж. Д.Әділов (Аймауытов, А.Юсупов, Ә.Байділдинмен бірге) атылды, өзгелері әр түрлі мерзімге жазаланды. Бұлардың бәрі де 1988 ж. 4 қарашада Қазақ КСР Жоғ. Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы ұйғарымымен ақталды. *Әдеб.:* Қарабура. Ғылыми-танымдық жинақ, А., 1997.

Б.Орынбекұлы

ҚАРАТАЕВ Бақытжан Бейсәліұлы (10.5.1863, Орал обл. Қаратөбе ауд. Ақбақай а. – 26.8.1934, Ақтөбе к.) – көрнекті заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, демократ. Орынбор гимназиясын үздік бітіріп, Императорлық Санкт-Петербург ун-нің заң ф-тін кіші алтын медальмен тамамдаған (1890). 1891 ж. сот тергеушісі лауазымына тағайындалып, Кутаисиге жіберілді. 1897 ж. Орал обл-нда адвокат болып істеді. 1907–

ҚАРАТАЙ



16 ж. ағартушылық жұмыстармен айналысты. «Қазақстан» газетін, «Айқап» журналын шығаруға атсалысқан. Қ-тың сол тұстағы көзқарасы алғашқы қазақ саяси партиясын ұйыстыру жиналысында кадеттер бағдарламасын қазақ мүддесіне орайластырып, ішінара түзетіп қабылдауынан көрініс тапты. Қазақ кадеттері бағдарламасында дала өлкесіндегі «жер-су қазақ халқының меншігі болып табылады» деп тұжырымдалды. Алайда қазақтардың мұндай дербестікке жетуді саяси мақсат етіп қоюы кадеттердің орт. к-тіне ұнай қоймады. Елдегі нақты саяси ахуалды талдай отырып қорытқан ойын 1907 ж. ақпан айының алғашқы күндері



Б.Қаратаев

баспасөз бетінде тұжырымдады. «Орал» газетінде «Россия халқына ашық хат», «Оренбургский край» газетінде «Орыс азаматтарына» деп аталған үндеу-мақалаларында жұртшылыққа отаршыл патшалықтың үкіметінен зәбір, қорлық көріп отырған қазақ халқының мұң-мұқтажын жария етті. Қазақ халқының өз жер-суына өзі ие болу құқын қорғауда Қ. 2-Мемл. Дума мүшесі ретінде айрықша белсенділікпен күресті. Ішкі Ресейден ағылған көші-қонның шұғыл тоқтатылуын талап етті. Думаның 1907 ж. 16 мамырда өткен мәжілісінде қазақ халқының мүддесін қорғап, қайта қоныстандыру саясатының «шаруалардың өздерін де, қазақтарды да қатты қинау» жолымен жүзеге асырылатынын ескертті. Қ. – империя қазақтардың психикасын аздырды, олардың бойында патшалық билік күллі жүйелі әрекетімен құлдық психол., тәуелділік, кіріптарлық сезім қалыптастырды деген ойды тұңғыш қорытқан ойшыл-қайраткер болды. Ресей патшасының 1916 ж. 25 маусымдағы бұратаналарды майданның қара жұмысына алуға пәрмен еткен жарлығынан кейін Қ.

«Қазақтар жайындағы естелік жазба» атты құжат әзірлеп (Жанша Сейдалиновпен бірге), Санкт-Петербургке сапар шекті. 4-Мемл. Дума төрағасы мен Соғыс министріне тапсырылған бұл хатта жарлық шығару мен оны жариялауда заң тәртібінің бұзылуына жол берілгені, сондай-ақ, жергілікті әкімдердің оның мәнісін халыққа өз мағынасында дұрыс жеткізе алмағаны әшкереленді. Солардың салдарынан бой көрсеткен қайғылы оқиғалар, сотсыз жазалаулар деректері келтірілді. Монархия құлағаннан кейін Қ. Орал обл-нда Кеңес өкіметін орнатуға атсалысты. Орт. атқару к-тінің заң істері комиссары болып сайланды. Қ. Ақтөбеде халық алдында БК(б)П Қазөлкекомының 1-хатшысы Ф.И. Голощекинге қарсы шығып, халықты қырған аштыққа ұрындырған қылмысын бетіне басты. Сол нәубеттен, ұзамай, өзі де дүние салды.

Әдеб.: Қойшыбаев Б., Бақытжан Қаратаев, А., 1993; Өзбекұлы С., Арыстары алаштың, А., 1998.

Б.Орынбекұлы

ҚАРАТАЙ Нұралыұлы (1772 – 8.7.1826, Батыс Қазақстан обл. Сырым ауд. Шідерті өз-нің бойы) – сұлтан, Кіші жүздің байұлы руының билеушісі. Әбілқайырдың немересі, Нұралы ханның баласы. Жасынан Кіші жүздегі тарихи оқиғаларға белсене араласқан. 1797 ж. тамызда Айшуақпен хандыққа таласқан. Бірақ патша үкіметі Қ-дың беделінен қауіптеніп, нәтижесінде Айшуақ, кейін оның баласы Жантөре хан сайланды. Есім хан өлгеннен кейін төңірегіне топтасқан би-сұлтандардың қолдауымен 18 ғ-дың соңы мен 19 ғ-дың басында Қ. хандық билікті қолға алуды, қазақтың Ресей ықпалынан шығуын көздеген әрекеттер жасады. Есім ханды өлтіргені үшін Сырым Датұлымен өштесті, Кіші жүзде Бөкейдін хан болуын жақтады. Оны жетірудің беделді билері қолдады. Айшуақтың және оның төңірегіне топтасқан Әбілқайыр үрім-бұтағымен күрес жүргізді. 1806 ж. Жантөренің хан сайлануын құптамады. Сол жылы оны қолдаған рулар Қ-ды губернатордың келісімінсіз хан көтерді. 1809 ж. 2 қарашада Қ. және Орман сұлтан бас болған топ бейкам жатқан Жантөре ауылын шауып, оны өлтірді. Қ. қозғалысына қарсы жазалау отряды шықты. 1816–17 ж. келіссөздер нәтижесінде қарсылықты тоқтатып, Кіші жүз-



дегі қақтығыстарды реттеу, толқуларды басу ісінде Ресей үкіметіне қызмет етті, қаталдығымен көзге түсті. 1828 ж. Ішкі ордада хан тағына отырған Жәңгірдің Кіші жүзді басқаруын сұрап, Орынбор әкімш-не 66 сұлтан, старшын, би қол қойған хат жолдады. 1824 ж. тамызда Орынбор губернаторы П.Г. Эссен оны Кіші жүздің Батыс бөлігінің әкімі етіп тағайындады. Бұл жылдары, әсіресе, 1825 ж. күзде Жоламан Тіленшіұлы бастаған табын руының көтерілісін басуға тікелей ат салысты. Сол қимылдары үшін Ресей үкіметі тарапынан алтын медальмен марапатталған.

Әдеб.: Рязанов А.Ф., Султан Каратай Нуралиев // Советский Казахстан, 1925, №7, 8; Касымбаев Ж.К., Жанторе хан (1759 – 1809), т. 3, А., 2001.

Ж.Қасымбаев

ҚАРАТАЛОВ Жайнақ (1816, қазіргі Алматы обл. Көксу ауд-ндағы Быжы өз-нің жағасы – 1905, қазіргі Алматы обл. Іле ауд-ндағы Комсомол а.) – белгілі би, батыр. Ұлы жүздің дулат тайпасынан шыққан. Дулаттың ішіндегі жаныс-қасқараудың биі ретінде аға сұлтан Әли Әділұлының басқаруында болған. 1851–55 ж. ел аузына ілігіп, ақылдылығымен, әділдігімен көзге түсті. 1856 ж. Алатау бөктеріндегі Талбұлақтағы өткен билер жиынында албандар мен дулаттар арасындағы «Байсерке қызы» дауына Қ-тың да қатысып, көзге түскенін атақты саяхатшы, ғалым П.П. Семенов-Тяньшанский өзінің «1856–1857 жылдары Тянь-Шаньға саяхат» атты еңбегінде жазған. 1860 ж. орыс әскерлерінің Тоқмақ, Пішпек бекінісін басып алған жорығына Қ. өз жасағымен қатысқан. Ресейлік өкімет орындары Қ-ты сіңірген еңбегі үшін күміс, алтын медальдармен, арнайы шекпенмен (кафтан) марапаттап, штабс-капитан шенін берген. 1866 ж. руластарымен бірге Верный маңына көшіп келіп, отырықшы тұрмысқа көшкен. 1868 ж. Уақытша ереже бойынша Верный уезіндегі Алматы болысының болыс басқарушысы болып сайланды. Қазақтарды отырықшылық тұрмысқа көшуге уағыздап, суландыру жүйелерін қаздырып диірмен салдырады, тұрақты мекендердің негізін қалады. Егін ш-мен, ағаш отырғызумен айналысты. Қ. – алаш қозғалысының Жетісудағы көрнекті өкілдерінің бірі Жайнақов Ыбырайымның әкесі. Қазан төңкерісіне дейін, одан кейін де «Жайнақ

ауылы» деп аталған жерде қазіргі кезде Алматы обл. Іле ауд-ндағы Комсомол а. орналасқан.

У.Буркімбаева

ҚАРҚАРА КӨТЕРІЛІСІ – 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу обл-ндағы орталығы. Кейбір мұрағат құжаттарында «Албан көтерілісі», халық жадында «Албан – Бұғы» көтерілісі деп аталады. 1-дүниежүз. соғыс жылдарында отарлық езгі қатты күшейді, алым-салық көбейіп, халық тұрмысы күрт нашарлады. Ал, 1916 ж. 25 маусымдағы соғыстағы армияның тылдағы қара жұмыстарына Қазақстан, Орта Азия және ішінара Сібірдің 19–43 жас аралығындағы (кейіннен 43-тен 31-ге түсірілді) ер азаматтарды шақыру жөніндегі жарлығы көтерілістің шығуына түрткі болды. Жалпы Қазақстан мен Орта Азиядан 400 мың, соның ішінде Жетісудан – 87 мың адам шақырылды. Патша жарлығы жарияланысымен Қазақстанның барлық аймақтарында



Қарқара көтерілісіне қатысушылардың бір тобы

бұған қарсылық білдіру басталды. Қарқара – Жетісу обл-ның Жаркент уезіне қарайтын жайлау және әйгілі халықар. жәрмеңке орт. болатын. 16 болыстан тұратын албан тайпасының ата қонысы еді. Оның 13 болысы Жаркент уезіне, қалған үшеуі Верный уезіне қарады. 6 шілде күні 13 болыс өкілдері Ақбейіт тауында жиналып, патша жарлығын орындамауға баталасты. Келесі күні «Нарынқол – Шарын» приставының бастығы Подворков 13 болыс пен беделді адамдарды жинап алып, патша жарлығын дереу орындауды талап етті. Жиналғандар 4–5 күн ақылдасып, жауап бермек болып тарасты. Шілденің 10 күні жәрмеңкеден 10 км жердегі «Қабан Қарағай» деп аталатын жайлауда Құрман болысының беделді адамы Ұзақ Саурықұлының ауылында Құрман, Мерке, Шілік, Торайғыр, Сарытоғай, Қоңырбөрік,

ҚАРҚАРАЛЫ



Қожбанбет, Бөдеті, Иванов, Алжан, Айт болыстарының басшылары мен басқа да белді адамдары майдан жұмысына адам бермейміз деп келісті. Он күн өткеннен кейін Подворков казак-орыс жасағын алып келіп, «Ереуілтөбеде» болғандарды түгелге жуық тұтқындап, Қарақол (Пржевальск) қ-ндағы түрмеге қамады. Түрме басшылары ереуілшілердің ақылгөй ақсақалы Жәмеңке Мәмбетұлын у беріп өлтірді. Қалған тұтқындар Қарақол уезі басшысы полк. Ивановтың бұйрығымен 8 тамыз күні атылды. Атылғандар арасында: Кәрібоз Қаңтарұлы, Суанқұл Арғынұлы, Қазыбек Шорманұлы, Үмеке Бестібайұлы, Біләл Разақұлы, Қағазбек Токтамысұлы, Жаңабай Құдайбергеліұлы, Құрман Әділбекұлы, Бекайдар Сұлтанқұлұлы, Құдиярбек Шотаманұлы, Жанпейіс Отыншыұлы, т.б. болды. Көтерілісшілердің бір тобы Қайқы асуында жазалаушылар қолынан қаза тапты. Бірақ жазалау әрекеттері көтерілісті бірден баса алмады. Тамыздың ортасына қарай Жаркент уезі толық көтерілді. Көтерілісшілер 11 тамызда Жалаңаш ст-н басып алып, қоныс аудару басқармасының қызметкерлері Долгушинді, Адековті, т.б. бірнеше адамды өлтірді. 16 тамызда Моңай Ұзақбайұлы басқарған албан жасақтары Қарқара жәрмеңкесін басып алды. 15 қыркүйекке дейін Нарынқол – Шарын приставына қарайтын өңір көтерілісшілер қолында болды. Верный уезіне қарайтын Қызылбөрік болысының тұрғындары да атқа мініп, 3 тамыз күні Асы жайлауында уезд бастығының көмекшісі Хлыновский басқарған жазалаушыларды Верныйға қуып тастады. Көтеріліс уездің басқа болыстарында да (Ботабай, Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты, Тайторы, Жайылмыш, т.б.) өрістеді. 10–12 қыркүйекте Лепсі уезіне қарасты Мақаншы – Садыр, Мәмбет – Қысқаш, Балқаш – Лепсі болыстарының қазақтары да көтеріліске шықты. Саратов а. маңында көтерілісшілер Маслов басқарған жазалаушы жасақпен соғысып, қырғынға ұшырады. Жазалаушылармен қарулы қақтығыстар Кіші, Орта, Үлкен Ақсу елді мекендеріндегі дүнгендер, Верный уезі Қорам болысындағы ұйғырлар арасында да болды. Қыркүйектің аяғы мен қазанның басында патша жазалаушылары көтерілісшілердің негізгі күштерін талқандады. Олар көтерілісшілерге қоса

бейбіт халықты да қырғынға ұшыратты. Жетісу обл-ның бес уезінде 84 854 түгін (отбасы) болса, көтерілістен кейін 53 мың ғана түгін қалып, 31 854 түгін жойылды немесе Қытайға ауып кетті. Архив деректері бойынша Қ. к. кезінде Жетісудағы казак пен қырғыздардың жүзге жуық елді мекені жазалаушылардың шабуылына ұшырап, 373 үй өртенген, 1905 адам оққа ұшқан, 684 адам жараланып, 1105 кісі тұтқындалып, кейіннен із-түссіз жоғалған. Ал, патша жазалаушыларынан небәрі 171 адам ғана шығын болған. Қ. к. жөнінде М.Әуезов «Қилы заман» атты тарихи хикаят, Т.Жұртбаев «Бейуак», С.Тәнекеев «Қарқара – Албан көтерілісі» кітаптарын жазды.

К.Нүрпейіс

ҚАРҚАРАЛЫ ОКРУГІ, Қарқаралы сыртқы округі – 1824 жылдан Батыс Сібір қазақтары шекара басқармасының әкімш. бөліктерінің бірі. Жер көл. 2,728 мың км². Қ. о. аумағы солт-тен оңт-ке қарай Ертіс өз-нен Балқаш к-не дейін, батыстан шығысқа қарай Ащысу өз-нен Шыңғыстау жоталарына дейінгі жерлерді алып жатты. Негізінен таулы аймақ, орман, өзендері аз. Окр. халқының саны 59744 адам (1862). Әкімш. жағынан 18 болысқа, 147 ауылға бөлінді, 16 почта бекеті болды. Халқы негізінен мал, кейбір жерлерде егін ш-мен айналысты. Кен өндіру кәсіпшілігі дамыды. Благодат кен балқыту з-ттары жұмыс істеді. 1868 ж. Қ. о. Семей обл-ның Қарқаралы уезі болып құрылды. Кеңес өкіметі тұсында әкімш. аумақтық реформа (1928–29) негізінде 1928 ж. 17 қаңтарда Қ. о. құрылды. 1930 ж. 17 желтоқсанда Қ. о. таратылып, 1936 ж. 27 шілдеде жаңадан ұйымдастырылған Қарағанды обл-ның құрамына енді.

Қ.Исабай

ҚАРҚАРАЛЫ ХҰЗЫРХАТЫ, п е т и ц и я с ы, Қ о я н д ы х ұ з ы р х а т ы – Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан қойылған талап, тілек. 1905 ж. 22 маусымда Семей, Ақмола облыстарының қазақтары Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, Петербургке 16 мың адам қол қойған өздерінің арыз-тілектерін жіберген. Қ. х. мазмұны мен қол қойған адамдар саны жағынан бұған дейінгі жіберілген хұзырхаттардан әлдеқайда жоғары болды. Патша өкіметі бұл акцияны барып тұрған саяси күрес деп тауып, жергі-



лікті басқару орындарынан бақылауды күшейтуді талап етті. Дала ген.-губернаторы хұзырхатты ұйымдастырған адамдарды анықтап, олардың үстінен іс қозғау жөнінде Қарқаралы уезінің бастығына нұсқау береді. Уезд бастығы Оссовский өзінің тексеру жұмыстарының барысында хұзырхатты дайындағандардың басшылары Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев екендерін дәлелдеп, қазақ тілінен орыс тіліне аударған Т.Нұрекенов болғанын да анықтап, олардың үстінен іс-қозғап, арттарынан аңдушылар қойды. Кейін мұндай хұзырхаттар Торғай, Орал обл-нда жаппай жазыла бастады. Орал обл-нда хұзырхатты дайындауда Бақытжан Қаратаев басты рөл атқарды. Хұзырхаттарда қазақтардың діни көзқарастарына еркіндік, бітімші сот ин-ттарын енгізу, қазақ даласына орыс шаруаларын орналастыруды тоқтату, т.б. мәселелер көтерілген. Патша өкіметі бұл қозғалыстың басында жүрген қазақ зиялыларының іс-әрекеттерін қатаң бақылауға алған.

Әдеб.: Тынышпаев М., История казахского народа, А., 1993.

С.Жолдасбаев

ҚАРҚАРАЛЫ ХҰЗЫРХАТЫНЫҢ МӘТІНІ. 1905 ж. 22 маусымда Ә.Бөкейхан мен Ж.Ақбаевтардың ұйымдастыруымен Семей, Ақмола обл-тарының қазақтары бас қосып, 16 мың қазақтың қолдауына ие болған және 42 адам қол қойған хұзырхаттың мәтіні төмендегідей: (Мәтіндегі қырғыз атауы қазақ деп оқылады) 1) Қырғыз халқының аты мұсылман қырғыз деп аталып, әскери міндеттен босатылсын. 2) Қырғыздарды Орынбордың рухани жиналысына бағындырып, 1868 жылға дейінгі ережелерді қолдану барысында Қазан мұсылмандарының тәртібіне сәйкестендіру керек. 3) Қырғыздарға мешіт, медресе салуға рұқсат берілуі тиіс. Құдайға құлшылық етуге еркіндік болсын. Ол жерлерде арабша, парсы және түрік тілінде сабақ беруге, газет және кітаптар шығаруға, баспахана салуға рұқсат берілсін. 4) Қырғыз халқын басқаратын адам қырғыз тілін білуі міндетті. Оларды тағайындау немесе орнынан алу мәселесі қырғыз қоғамының өкілінің таңдауымен болуы шарт. Бүгінгі шаруа бастықтарының орнына халықтың арасын бітістірушілерді заңдастыру қажет. Бұл қызметке білімді қырғыз тағайындалуы тиіс.

5) Барлық қырғыз істері қырғыз диалектісінде жүргізілуі міндетті. Хат жазушы, күзетші, хаттарды таратушылар тек қырғыз тілін білетін адамдардан тағайындалсын. 6) Болыс басқарушысы, халық соты, ауыл старшындары және сайлауға қатысушылар бүгінгі ережеге сай жүргізілсін. Бұл қызметтегі адамдардың сауатты болуы, олар қызметке кірісер алдында өз қызметінде заңсыздыққа жол бермеу үшін ант берулері керек. Олардың бұл қызметтен кетуі тек халықтың көпшілігі дауыс бергенде ғана жүзеге асырылсын. 7) Бөлімшелік ара бітістірушісі қырғыз тілін білсін, сонда аудармашының қажеті болмайды. 8) Тергеу жұмысы жүріп жатқан кезде айыпталушы жағынан қорғаушы қатысын. 9) Округтік соттың жанында сот ісіне қатысып отыратын қазы болуы шарт. 10) Тергеусіз және соттың шешімінсіз әкімшілік жолымен жер аудару тыйылсын. 11) Қырғыздың халық соты – Заң министрлігіне ғана бағынсын. 12) Мұрагерлік Халық сотынан, Бидің билігінен алынып, толығымен молда мен шарифатқа бағындырылсын. 13) Сайлауда жеңіске жеткен адамды қызмет орнына бекітерде әскери Губернаторға ұсынбас бұрын бекітуге жіберілгелі отырған адам Ахунмен ақылдасуы тиіс. 14) Қырғыз халқының өз еріктерімен беретін садақасы мен айыпталғаны үшін төлейтін қаржысы әкімшіліктің нұсқауымен емес, халықтың өз қалауынаша болғаны дұрыс. 15) Ертіс бойындағы жерлер ерте заманнан қырғыздардың ата қоныстары болып есептелген, кейіннен әскерлердің пайдасына берілді... Сол жерлер қырғыздарға ата қонысы ретінде мәңгілікке берілсін. 16) Қырғыздардың қыстаулары және жаз жайлаулары бұрынғы салт бойынша олардың меншігінде қалуы тиіс. 17) Қырғыздың таулы даласында ашылған қазба байлықтары олардың өз меншігі болуы, ол жерде салынатын зауыттар қырғыздардың өзінікі болып есептелсін. Егер де олар өздері оны өндіруден бас тартса, сонда ғана басқа адамдарға жалға беруге болады. Бірақ олар әр десятинасына жалдау ақысын төлеулері тиіс. 18) Қырғыздар ағаштарды қажетке жарату, балық аулау тағы басқа да құқықтарға рұқсат етуді талап етеді. 19) Қырғыздар тұрған жерлерге таяу орналасқан тұзды және балығы бар көл де солардың меншігіне қалдырылсын. Ол көлдерді жалға беру уезд



Сиреті ит

Столмен

дирекциясынан отырғызып Кирпиринин
оның қызы; погншылы ит қолын -
тебиде тигерашы ит 13000000;
иле Алды ер жұртыбыздың о
присутствования ит қолын ит
ұлытыбыздың ит мерушыны ит
табылтытыны

- 1) Отт Анисимовской волости: - Болсалитт
Матеев и Муромитт - алы
Молубаев
- 2) - Кемитковской - Кирбай Матеев и
Моктарбай Домалыбаев
- 3) - Кувинской - Мухаммет Мамондибаев
и Мухаммет Анаев
- 4) - Бураевской - Омант Калмыбаев
- 5) - Мамырлинской - Сербай Карлымын
и Омант Домалыбаев
- 6) - Беркюрлинской - Ахтай Домалыбаев
и Стойбай Мертманов
и Ахтайбай Волыбаев
- 7) - Кирлинской - Ахтайбай, Шегерев
- 8) - Акдотинской - Шығай Кудайбаев
и Бектайбай Бобубаев
- 9) - Волынской - Керемет Мухамбаев
и Мамондибай Калмыбаев

Қарқаралы хұзырхатына қол қойғандардың
бір бөлігі

- 10) - Исмаиловской - Шығай Мертманов
и Шығайбай Байқоңды
- 11) - Бағдатинской - Муромитт Орлыбаев
и Шығайбай Шығайбаев
- 12) - Сарыбаулинской - Ахтайбай Сүлейменов
и Шығайбай Мертманов
- 13) - Суртановской - Шығайбай Ахтайбаев
и Шығайбай Шығайбаев
- 14) - Кетовичинской - Кудайбаев Бай
Баев и Шығайбай Карлымын
- 15) - Кудайбаевской - Мамондибай Мамондибаев
- 16) - Мамондибаевской - Шығайбай Кудайбаев
и Шығайбай Байқоңды
- 17) - Акматаевской - Шығайбай Шығайбаев
и Шығайбай Мамондибаев
- 18) - Беркюрлинской - Мамондибай Шығайбаев
и Шығайбай Сүлейменов
- 19) - Мамондибаевской - Ахтайбай Шығайбаев
и Мамондибай Карлымын
- 20) - Шығайбаевской - Шығайбай Шығайбаев
и Шығайбай Сүлейменов
- 21) - Ахтайбаевской - Шығайбай Шығайбаев
и Шығайбай Шығайбаев

Кирпирининин Шығайбай Шығайбаев
Шығайбай Шығайбаев

өкілдерінің сенімділеріне тапсырылсын. 20) Тұзды және балық аулайтын көлдердегі жалға беруден түсетін қаржыны бүкіл уездің қажетіне жұмсау үшін арнаулы салым-қаржы депозит есеп шотын ашу керек. Қоғамның келісіміне сәйкес бұл қаржы астық қорын дайындауға жұмсалады. 21) Қырғыз халқының діни адамдарын қамтамасыз ету Қазан мұсылмандарымен теңелуі тиіс. 22) Қажылыққа баруға шек қойылмасын, еркіндік берілсін. 23) Қажылыққа барған кезде билет-паспортты пайдалану тәртібі православтардікімен бірдей дәрежеде болсын. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. 24) Қырғыз халқының ішіне миссионерлердің баруына тыйым салынсын. 25) Қырғыздардың, әсіресе кәмелетке толмаған жастардың басқа дінге өтуіне тыйым салынуы керек. Ал

басқа діннен мұсылман дініне өтемін деушілерге, егер олар сауатты болса рұқсат етілуі шарт. Христиан дініне өткендер болса, ескі салтты орындауға мәжбүр етілмесін. 26) Некеге отыру немесе айырылысу мәселесін губернатор мен уезд бастықтарының қарамағынан алу керек. 27) Әкімшілік мұндай іске кіріспесін, ешқандай мәлімет сұрамасын. 28) Мешіт пен медресенің пайдасына «Вакуфка» рұқсат етілсін. 29) 30) Қырғыздар православтар сияқты Империяның қай уезінен, облысынан, губерниясынан болмасын жер алуға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерде істеуге құқылы болсын. 31) Діни адамдар православтар сияқты құрметті болсын. 32) Мектептерде міндетті түрде мынадай шарт орындалуы керек: алдымен қырғыз оқушыларына мұсылманның діни сабақтары



оқытылады, кәметке жеткендерге діннің бес негізгі шартынан сабақ беріледі, ал одан кейін ғана орыс тілінен сауатын ашу сабағы жүреді. Мектепті бітіргенге дейін мұсылман діні сабағы негізгі болып есептеледі. 33) Мектептерде христиан діні туралы сабақ оқытылмасын. 34) Таяудағы бастықтардың қол астындағы қырғыздар туралы жоғарғы бастықтарына өсек, мәлімет жеткізу жұмыстарын олардың ісіне қарсылық көрсете алатын қырғыздарға хабарлау міндеттелсін. Өйткені осыған дейін қырғыздар туралы мәліметтерде: қырғыз – ұры, қырғыз – пәлекор, қырғыз – өтірікші, қырғыз – жалқау, тағы басқа да теріс ой тудыратын өсектер арқылы қырғыздың байлары мен кедейлерінің арасына от жақты. Шындығында Патшаның қоластындағы халықтың ішінде қырғыз халқы көнбіс, күй талғамайтын, шыдамды, бәрін кешіре білетін, кек сақтамайтын, өте жоғары дәрежеде қарапайым, шын ықыласымен Патшаға бағынған, әркезде оның діни әрекеттеріне ғана қарсы шығатын халық. 35) Жаңа ереженің жобасын жасап жатқан жиынға қырғыздардың өкілетті депутаты қатынасуы керек. 36) Қырғыздар туралы мәселе мемлекеттік кеңесте қаралғанда қырғыздың депутаты қатынасуы шарт. 37) Жоспарланған жоба 100 жылға бекітілсін. 38) Соңғы 20 жылда қырғыздардан тартып алынып, жер аударылғандарға берілген жерлер қырғыздардың басшыларына қайтарылсын. 39) Ал оларда салынған құрылыстардың құны Земствоның қаржысынан қайтарылсын. 40) Өткен Патшалар сыйлаған, кейіннен тартып алынған жерлер ата-қоныстардың иесіне қайтарылсын. Бұл жерлер қазынанікі немесе жеке меншіктікі болады. 41) Ұлы тақсыр – Император салғызған бұрынғы мешіттер мен медреселер ескірді. Оларды жөндеуден өткізу керек немесе жаңадан салынуы қажет. Сол арқылы біз ұлы монархқа деген құрметті күшейтеміз. 42) Туземдік әкімшіліктерде қырғыздардың арасында өзара жауласу болмас үшін төмендегілер орындалсын: Егер бір болыстың партиясына қарсы жағы ашуланса, онда сайлауға түсетін жаңа қызметкерді басқа көршілес болыстың адамымен ауыстыруы қажет; Сайлану құқығынан айырылғандар мен сайланушының саны теңелсін; Сайлауға түсетіндер жеребеге сәйкес тең мөлшерде әрбір болыстан шақы-

рылсын; Бұл съезде партияға бөлінген болыстан ешкімді кіргізбеу қажет; Сайлауға шақырылғандарға жұмсалған шығынды партияға бөлінген жақтарына төлетуді бастығы шешсін; Сайлауға түсетіндердің ісімен бастығы ол сайлауға түспей тұрып танысуы керек; Съезге ол партияның жақтаушылары да қатыстырылмасын; Мұндай бөлінгендерді болдырмау – бөлімшенің бастықтарының және Ахунның міндеті. Сайлау кезінде Ахундар да қатынасулары қажет. 43) Ұрлық және тағы басқа да лайықсыз істерді халық сотының төтенше съезінде қарауға жүктеген дұрыс. Оларды түрмеге жабу құқығын азайтып, жер аудару құқығын көбірек қолданып, жер аудару құқығы берілсін. 44) Төтенше съезді жылына бір рет шақыру құқығы берілсін. Съезді өткізетін жері, уақыты және қанша күн қажеттігі бөлімшелердің бастықтарының жиналысында белгіленсін. Бұл съезге бастықтары мен Ахуны қатынассын. 45) Би, болыстарға съезде 100 рубльге дейінгі істі шешуге, үш айға дейін тұтқындауға құқық берілсін. Өйткені келіспейтін жағы істі төтенше съезге беруіне уақыт керек. 46) Әр болыста алымды жинайтын адамдар сайлануы тиіс, шариатқа сәйкес қозғалыстағы дүние мүлкінен алынатын пайыздар (зекет, готур, пітір, т.б.), міндетті алымдар, кедей отбасының оқушыларына төленсін. 47) Кісі өлтіргені үшін заңды соттаудан басқа, олардан салт бойынша құн өндіру (төлету) қажет. Егерде өлген адамның (каторгаға жіберген шақта) туыстарының тұрмыстары нашар болса, онда оған көмек қазына есебінен берілсін».

Б.Нәсенов

ҚАРУ – соғыс кезінде жаудың әскери күшін жою үшін қолданылатын жарақтар мен қондырғылар. Алғаш аңшылықта қолданылатын қорғану және шабуыл құралы ретінде пайда болып, кейін қарулы соғыс жүргізу құралына айналды. Қ-ды жүйелеудің әр халықта қалыптасқан дәстүрі бар, ал тұрақты қалыптасқан ғыл. жүйелеу бойынша әскери шабуыл құралдары жауынгердің жеке қаруына және соғыс жағдайында бірнеше адамның қызметін қажет ететін үлкен әскери қаруларға (түрлі қондырғылар, әскери машиналар, т.б.) бөлінеді. Жұмсалы тәсіліне қарай адамның дене күшін пайдалану арқылы қолданылатын суық қаруға және оқ-дәрінің күшін пайдаланатын атыс қаруына бөлінеді.

ҚАРУЛЫ



Құралымына, жасалатын материалына, жаракат салу тәсілдеріне, қызметіне, жасалу әдісіне қарай ерекшеленетін жауынгерлік Қ-дың көптеген түрлері бар. Қазақтардың дәстүрлі қару-жарақ жүйесінде жауынгердің жеке қаруы «ер қаруы» деп аталады. Қазақтар жаракат салу тәсіліне сәйкес ер қаруының негізгі бес түрін (ату, кесу, шабу, түйреу, соғу) айырады. Орта ғасырларда жауынгерлер қаруды қасиетті санаған. Өр қаруға жеке ат қойған. Сондықтан, қаруды қадірсіз іске жұмсамаған. Батырлар ер қаруы – бес қаруды шеберлігіне, күшіне қарай түгел немесе үш-төрттен асынған. Әскери өнердің талабы бойынша бес қаруды түгел қолдануды үйренуге міндетті болған. Атыс қаруы пайда болып, оның жетілуі барысында 19 ғ-дан бастап соғыс әдістері күрт өзгеріп, дәстүрлі суық қару қолданыстан шығып қалды. 20 ғ-да ғылым мен техниканың дамуына қарай Қ-дың, әскери техниканың жаңа түрлері, бактериол., хим., атомдық, ғарыштық, т.б. жаппай қырып-жою түрлері пайда болды.

Қ.Ахметжан

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС – үстемдік жасаушылар мен мемлекеттік басқару жүйесіне қарсы наразылық білдірудің жоғары шегі (қ. *Көтеріліс*). Қ. к. көп жағдайда билік басындағыларға қарсы бағытталады. Ол ұйымдасқан түрде жүргізілсе төңкеріске ұласады. Ондай жағдайда билікке жаңа саяси топ келуі мүмкін немесе белгілі бір келісімдер арқылы екі жақ өкілдерінен жаңа үкімет құрылады. Қ. к-ті ұйымдастырушылар саяси реформалар жүргізу арқылы ел өміріне жаңа саяси жүйе енгізуі мүмкін (қ. *Қазан төңкерісі*). Қазақ даласында Ресейдің отарлау саясатына қарсы көптеген Қ. к-тер болды.

ҚАСЫМБАЕВ Жанұзақ Қасымбайұлы (25. 12.1941, Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Баршагас а. – 26. 2. 2003, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1983), проф. (1984), Қазақстан Білім беру ісінің еңбек сің. қайраткері (1990). ҚазМУ-дың тарих ф-тін (1965, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Талғар қ-ндағы орта мектепте мұғалім (1965–67), 1967–2004 ж. ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) ассистент, аға оқытушы, доцент, проф., 1982 жылдан Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ғыл.-зерт. жұмыстарының басты бағыттары: 18–20 ғ-дың бас кезіндегі Қазақстан қалаларының қазақ ауылдарымен

және іргелес елдермен қарым-қатынастары, Орт. Азия елдеріндегі саяси және сауда байланыстары, қазақ жерін Ресей империясының отарлауы, қазақ халқының ұлт-азаттық



Ж.Қасымбаев

көтерілістері, 18–19 ғ-ларда қазақтан шыққан саяси және әскери қайраткерлер, т.б. Қ. «Парасат» орденімен (1999) марапатталған.

Н.Жетпісбай

ҚАСЫМОВ Ермұхамбет, Елекей (шамамен 1812–1890) – сұлтан, Әбілқайыр әулетінен. Кіші жүздің шөмекей, кете және керейіт руларының билеушісі. Бірде Хиуа, Қоқан хандығы жағында болса, енді бірде орыс патшасы жағына шыққан. 1849–52 ж. отбасымен Хиуа ханының түрмесінде отырған. Кейін түрмеден қашып шығып, орыс мемлекетінің қызметіне кіреді. Ген. В.Перовскийдің басшылығымен Ақмешітке жасаған шабуылға қатысып, полковник шенінде ерікті қазақ жасақтарын басқарған. 1862 ж. Ресей үкіметі оны Станислав медалімен марапаттаған.

Т.Дайрабай

ҚАСЫМ СҰЛТАН (т.ж.б. – 1840 ж.) – Орта жүз сұлтаны. Абылай ханның қалмақ әйелінен туған кіші ұлы. Әкесі қайтыс болғаннан кейін ол ағасы Уәли ханның ықпалында болды. Қытайға, Орта Азия хандықтарына барған елшіліктерді басқарды. Көкшетауда тұрды. Уәли хан қайтыс болып, Орта жүзде хандық билік жойылғаннан кейін (1822) Қ. с. Ресей өкіметінен окр-терді жойып, хандық жүйені қалпына келтіруді талап етті. Абылай әулетінің өкілі ретінде хандық жүйені сақтап қалуға тырысты. Қ. с. мен оның балалары Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек, Кенесары, Наурызбай 20 жылға жуық Ресей отаршыларына қарсы күресті. Қ. с. алғашында Ресей өкіметінен Орта жүз тағының заңды мұрагері, Уәли ханның



ұлкен ұлы Ғұбайдолланың (Абайділдә) хан сайлануын талап етті. Бірақ Ғұбайдолла тұтқынға алынып, Сібірге жер аударылғаннан кейін үкіметке қарсы оппозицияны Қ. с. мен оның үлкен ұлы Саржан басқарды. Олар бүкіл қазақ даласын көтеріліске шығаруға және Қоқан хандығымен одақтасуға тырысты. Осы мақсатпен Саржан 1836 ж. Ұлы жүз жеріне көшіп барды, бірақ Ташкент билеушісі оны және інілері Ержан мен Есенгелдіні, қастарына еріп барған т.б. адамдарды опасыздықпен өлтірді. Осыдан кейін көп ұзамай Қ. с. қаза тапты. Оның бастаған ісін ұлы Кенесары жалғастырды; қ. *Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы*.

ҚАСІРЕТ БЕЛДЕУІ, Ащылыөзек шебі («Жаңа Есіл сызығы», «Горькая линия») – 18 ғ-дың 50-жылдары Тобыл мен Ертіс өзендерінің аралығында салынған Ресейдің әскери бекіністері. Қазақ жерін кесіп өтетін Орынбор, Қорған арқылы І Петрдің тұсында салынған Омбы (1716), Ямышев (1716), Семей (1718), Өскемен (1720) бекіністеріне ұласатын орыс мемлекетінің оңт. шекарасында «Даланың мазасыз тағы көшпенділерінен» берік қорғаныс шебін жасау қажеттігін сылтау еткен Ресей Сенаты 1752 ж. 25 ақпанда Сібір корпусының командирі ген.-м. Киндрманның орыс-қазақ шекарасын «түзулеген» жобасын бекітті. Бұл жоба қазақ хандарымен келісілмей жасалды. Жаңа бекіністер жүйесінің құрылысы сол жылғы жаз айларында қауырт қарқынмен басталып, 1755 ж. негізінен аяқталды. Қазақтардың қарсылығына қарамастан орыс әкімші. Қазақстан аумағына 50–200 км ендеп кіріп, 86 қамал, редут, острог, пикет, т.б. атаулы әскери қамалдар мен бекіністер орнатты. Оларға көптеген зеңбіректерімен күшті гарнизондар орналастырылды. Бекіністер аралығын атты казактар бөлімшелері күзетті. Жаңа бекіністер шебі Орынбор мен Омбы арасындағы Ресей – Қазақстан шекарасын 2 есе қысқартты. Қ. б. қазақ даласына сұғына кірудің алғышартын жасап, қарашекпенділердің Солт. Қазақстанға кең көлемде қоныстануына жол ашты.

Ж.Сүлеймен

«ҚАҺАР» – роман. Авторы – І.Есенберлин (А., Жазушы. 1969 ж.). Кейіннен бұдан да бөлек «Алмас қылыш», «Жанталас» атты жеке-жеке кітап болып басылған романда-

рын (А., Жазушы. 1976 ж.) «Көшпенділер» атты трилогияға біріктіріп шығарған. Автор «Қ.» атты кітабында 19 ғ-дың 30–40 жылдарындағы Кенесары Қасымұлы бастаған Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің жай-күйін әңгімелейді. Мұнда жазушы жұртқа бұрыннан белгілі тарихи оқиғаларды тізе отырып, ондағы адамдардың күйініш-сүйінішімен, арман-өкінішімен, мұратымен, кейіпкерлер тағдырын байытып көрсетеді. «Қ-да» қазақ даласында тәуелсіз хандық орнатуды мақсат еткен Кенесарының қол жиып күреске шығуы, тәуелсіздік үшін күресті қолдамаған сұлтандарға және патша бекіністеріне шабуылы, патша өкілдерімен келіссөздер жүргізуі, талабы өтпеген жерлерде күш қолданылатын істерге баруы баян етіледі. Осы жолдағы ханның әскери қимылдары, Кенесары дұшпандарының ұйымдасқан іс-әрекеттері, сан алуан адам мінездері көрсетіледі. Жазушы бір отаршылдан екінші отаршылдың артықтығы жоқ екені, бәрінің көксеген мүддесі қазақ елін бөлшектеп бөліп, әлсіретіп, қансыратып, талан-таражға салу, өз билігін жүргізу екенін ашып көрсетеді. Мәселен, Қоқан, Хиуа хандықтарына ұзақ уақыт тәуелді болып тұрған оңт. қазақтарының ауыр жағдайы, Ташкенттің күшбегі Бегдербектің жәрдем сұрап барған Есенкелді, Саржанды қасындағы нөкерлерімен бірге опасыздықпен өлтіріп жіберетін суреттер тарихи шындықтарға негізделген. Романда Кенесары бейнесі толық мазмұнда көркем сомдалған. Автор оның жеке басындағы ерлік пен парасаттың үйлесімін шебер аңғартады. Мыс., Саржан мен Есенкелдінің күшбегі Бегдербек қолынан қапыда мерт болғанын естіп, «Ташкентті шабу керек» деген Қасым төренің кеңесін іштей қабыл көрсе де, соғысқа шығуға ертерек екенін түсініп, жоспарды кейінге қалдырады. Кенесарының Ақмола бекінісін алғанда көрсеткен ерлігі де әсерлі. Кенесары бастаған қозғалыстың белгілі батырлары – Ағыбайдың, Иманның, Төлебайдың, Басықараның, Жанайдардың, Бұхарбайдың эпизодтары да олардың батырлық бейнесін айқындай отырып, Кенесары тұлғасын толықтыра түседі.

К.Қошым-Нозай

«ҚАҺАРЛЫ АЛТАЙ» – жазушы Жақсылық Сәмитұлының 20 ғ-дың 40–50-жылдары Шығыс Түркістанда өткен ұлт-азаттық көтерілі-



сі туралы трилогиясы. Алғашқы кезде 1996–2000 ж. «Сергелден» атауымен басылған роман 2010 ж. «Қ.А.» болып толық нұсқасында жарық көрді. Қазақстанға көшіп келгенге дейін ҚХР-да тұрған автор 1985 ж. «Атамекен» кітабы үшін сол елдің мемл. сыйлығын алған. «Қ.А.» – Шығыс Түркістандағы дүрбелең кезеңнің қазақ тарихында алар орнын танытқан ауқымды шығарма. Сондағы ұлт-азаттық көтерілісінің қаһарманы, аты аңызға айналған Оспан батырдың шырғалаңға толы тағдыры, оның маңайына топтасқан азаматтардың сол заманда бастан кешкендері, көтерілістің шарықтап жеңіске жетіп, құлдырап жеңілуі мен жазалануы көркем тілмен шынайы қалпында жазылған. Романдағы Оспан батыр бейнесі тым асқақ, заманының дарынды қолбасшысы, сұңғыла саясаткері, білікті дипломаты ретінде көрінеді. Жазушы Шығыс Түркістан республикасы басшыларының бірі, өмірі қарама-қайшылыққа толы тұлға, полк. Дәлелхан Сүгірбайұлымен батырдың арақатынасын жанжақты суреттеген. Оның Оспан батыр бастаған көтеріліспен ымыраға келген кездері де, кетіскен тұстары да көркем тарих беттерінде жазылып қалды.

Д.Наушабай

ҚАҺАРМАН – батыр, ерекше ерлігімен, батырлығымен көзге түскен адам. Қ. сөзі араб, парсы тілдерінде құдірет деген мағына береді. Қ. қаһарлы, сұсы басым, түсі суық, айбынды, айбарлы адам. Араб, иран тілдеріндегі киссаларда Қ. батыр ұғымына эпитет ретінде кездеседі. Оның жасаған қаһармандық іс-әрекеті өскелең ұрпақты жігерлілік, батылдықты, табандылық, төзімділік секілді қасиеттерге баулиды.

ҚАШҚЫНБАЙ Кемелұлы (шамамен 1789–1869) – батыр. Сыр өңірінде өмір сүрген. Кіші жүздің қожагелді руынан. Бұхарбай, Тоғанас батырлармен Кенесары жасағында бірге болған. Кенесары ханның баласы Тайшықты қырғыздардан босатып алу қимылдарына басшылық жасаған. 1860 ж. күзде Тайшықпен Ахметтің Қызылқұмға орнығуына көмектескен. Қ. туралы Т.Ізтілеуовтің «Ел қамын жеген ерлер» атты толғауында және т.б. Сыр бойы ақындарының жырларында айтылады. Жіңішкеқұмдағы батырдың зираты тұрған жер Қ. есімімен аталады.

Т.Дайрабай

ҚОДАР Таңатарұлы (19 ғ., т.-ө.ж.б.) – Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы көтеріліске қатысқан батыр. Кіші жүз алашаның алтыбас аталығынан. Қазіргі Қызылорда обл., Сырдария ауд. өңірінде өмір сүрген. Қодар батырдың баласы Садық ахун (1860–1937) Сыр бойына белгілі діни қайраткер, тәуіп, әрі дәрігер болған. 20 ғ.-дың 30-жылдары Садық ахун Кенес үкіметіне қарсы Ақмырза Төсұлының (1881–1930) көтерілісін қолдағаны үшін 3 жылға сотталады. Батырдың бейіті қазіргі Қызылорда обл. Сырдария ауд., Ақжарма а-ның маңайында. Қ. батырға ұрпақтары белгі орнатқан.

Б.Ахметбек

ҚОЖА АХМЕТ Хасен Кәрімжанұлы (9.8.1949 ж.т., Алматы обл. Ақсу ауд. Матай кенті) – қоғам қайраткері, сазгер, публицист. Алматы муз. уч-щесін (1972), ҚазМУУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген (1993). 1990–93 ж.



Х.Қожа Ахмет

«Желтоқсан» қоғамдық қозғалысын басқарды. 1993 жылдан Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысының төрағасы болған. Кеңестік тоталитарлық жүйеге, ұлт саясатындағы теңсіздіктерге қарсылық білдіріп, 1977 ж. және Желтоқсан көтерілісіне байланысты 1987 ж. саяси айыппен сотталды. Публицистика саласында қалам тартып, 200-ден астам мақала жазды. 300-ге тарта ән мен муз. аспаптарға арналған 50 шақты шығарманың авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған (2000).

ҚОЖАНИЯЗ, Қ а т ы н қ а л а – 19 ғ.-дағы бекініс орны. Қ. Қызылорда қ-нан 115 км жердегі ортағасырлық Жент қ-ның солт.-батысында, Майлыөзек өз. жағасында болған. Оны 1961 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеген. Қазіргі орны 6 га жерді алып жатыр. Орт. бөлігіндегі биікт. 4 м төбешік іргелі құрылыс орны бол-



ды. Қ-дың сыртқы қабырғалары дөңгеленте салынып, шеті Майлыөзек арнасына тіреледі. Көне дуалының қалыңд. 2 м, биікт. 8 м шамасында болған. Бекініс айналасында терең ор қазылған. Бекініс кейбір деректер бойынша, 1830 ж. Аққыр тауы маңындағы және Жаңадария мен Қуандария өз. бойындағы елді басқару үші салынған. Оны Хиуа бегі Қожанияз басқарып тұрғандықтан, бекініс те соның атымен аталса керек. 1840 ж. бекініс қокандықтардың қол астына уақытша қараған. 1847 ж. Сыр өңірінен шыққан ұлт-азаттық көтерілісінің батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы өз жасағымен Қ. бекінісін талқандаған.

ҚОЖАНОВ Сұлтанбек Қожанұлы (10.9.1894, Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Ақсұмбе а. – 10.2.1938, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист. Түркістандағы 4 сыныптық орыс түзем баста-



С. Қожанов

уыш мектебін (1910), 3 сыныптық қалалық мектепті (1913), Ташкент мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Саяси қызметін Ташкент қ-нда семинария оқушыларынан құралған «Кеңес» атты астыртын жастар ұйымын құрудан бастаған. 1917 ж. көктемде Ташкентте М.Шоқай, Қ.Қожықов, Қ.Болғанбаев, С.Ақаевпен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Түркістан (Қоқан) автономиясына қызу қолдаушылық танытып, оны кеңес өкіметінің әскер күшімен құлатуын жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын аяқ асты етушілік деп бағалады. Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылыққа қарсы күресте белсенділік танытты. Аштықпен күресетін орт. комиссияның мүшесі ретінде 1918 ж. қарашадан бастап Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашуды ұйымдастырды. 1919–32 ж. әртүрлі

жауапты қызметтер атқарды. Қ. Ресейде іске асырылып жатқан коммунистік шараларды Түркістан өміріне күштеп енгізуге, таптық күресті шиеленістіре түсуге, сөйтіп, ұлттық мәселені кейінге ығыстырып тастауға бағытталған әрекетіне қарсы тұрды. РК(б)П ОК ұлт қызметкерлерімен өткізген Төртінші кеңесінде (1923), РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың басқаруымен өткен жеке кеңесте (1926) сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ И.В. Сталинге 1927 ж. жазған екі хатында Қ-тың саяси көзқарастары мейлінше айқын тұжырымдалған. Ол 1937 ж. 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1957 ж. ақталды. Алматы, Шымкент қ-ларындағы көшелерге Қ. есімі берілген. Түркістанда ескерткіш қойылған.

Әдеб.: Қойшыбаев Б., Жазықсыз жапа шеккендер, А., 1990; Қойгелдиев М., Омарбеков Т., Тарих тағылымы не дейді? А., 1993; Әлмашұлы Ж., Сұлтанбек Қожанұлы, А., 1994; Шәріпов А., Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші, А., 1994.

Б. Орынбекұлы

ҚОЖБАН Жұбанұлы (1873–1931) – Кеңестік жүйеге қарсы күрескен батыр. Кіші жүз он екі ата байұлының алтын руынан, атақты Шұңғыр батырдың ұрпағы. 1930 ж. шілде айында Айдаров, Қайранбеков және басқалары Төлебаев Мыхымбайдың баласын сүндетке отырғызу тойын пайдаланып, жиналған жұрттың келісімімен, Қ-ды хан сайлаған. Оған ауыл ақсақалдары мынадай міндет жүктеген. Біріншіден, Ә. Жангелдин басқарған мемл. комиссияның алдына қойылған 11 пункттен тұратын Жұмағазы Бәйімбетовтің талаптарын жүзеге асыру. Екіншіден, Қарақұм жеріне келген қызыл әскерге қарсы тұрып, жеңіске жеткенше күресу. Батыр Қ. хан өзіне кеңесші етіп жаппас руынан торғайлық Махамбетов Әшірбекті, табын руынан тереңөзектік Рамазанқұлов Мірәліні және алтын руынан қармақшылық Жанбосынов Қабылды тағайындаған. Сосын барып елден аң аулайтын мылтықтар жинап, мергендерін қаруландырған. Сарбаздарының санын екі мыңға жеткізген. Кеңес өкіметі 1930 ж. тамыз айында оларға қарсы Біріккен Саяси Бас басқарманың (ОГПУ) оперативтік топтарымен қоса пулемет, винтовка және гранаталармен қаруланған арнайы дивизион жіберген. Аталған шаруалар көтерілістерін басуға қатысқан



жазалаушы әскер бөлімдері де ресми құжаттардан белгілі. Олар: 8-інші атты әскер дивизиясының 43-інші, 44-інші және 45-інші атты әскер полктері, осы дивизияның байланыс мектебі, ұлттық атты әскер эскадроны, ОГПУ әскери отрядының 62-дивизионы, жеке байланыс эскадроны, атты-таулы батарея, атты-саперлік эскадрон, 8-атты-артиллериялық дивизион, 38-атты-артиллериялық дивизион, Орта Азия әскери округі радиостансасы, химиялық бөлімі, Қарсақпай коммунистік отряды. Бұлар таяқ, найза, шоқпар және жарым-жартылай аң аулайтын мылтықтармен қаруланған Қ-ның сарбаздарымен сол жылғы желтоқсан айына дейін Қарақұмда бірнеше рет ұрысқа түскен. 21 тамызда көтерілісшілермен қақтығыстар кезінде, 9 қызыл әскер өліп, төртеуі жараланды. Батыр Қ. ханның мергендерінің ішінде, Сыр бойында белгілі әулет сығай алтын Созақбай батырдың баласы Қашақ мерген болған. Ол туралы мынадай дәлелді мәлімет бар: «Созақбайдың Қашақ деген баласы кешегі арқада, Қарақұмда болған ұлт-азаттық соғыста, алтын Қожбан ханның мергені болып, орыстарға қарсы соғысып, орыс полковнигімен қылыштасып, полковникті өлтіреді. Өзі құлағынан жараланып, үйіне келеді. Салбырап төменгі ұшына ілініп тұрған құлақты Нақап інісінің тоғыз жасар баласы Қасымханға ұшынан ұстатып бәкімен өзі құлақты кесіп алады». Кейін Қашақ мерген Созақбайұлы ұсталып, 5 жылға бас бостандығынан айырылып жазаланады. Көтерілісшілер мен Кеңес үкіметі әскерлері арасында болған шешуші шайқас 1930 ж. 8 желтоқсанда Қожебай сайында болды. Көтерілісшілер күш тең емес ұрыста талқандалды. Хан Қ. бастаған 24 көтерілісші алғаш қашып шықса да, көп кешікпей-ақ, Сарысу ауд. жерінде қолға түсті. Қарсыласу кезінде олардың 4-еуі өлтірілді. Осыдан кейін Сыр бойында болған көтеріліске қатысқан халықты жазалау басталды. Тергеу ісі бойынша 400-ден аса адам қамауға алынған. Алдын ала тергеу барысында 195 адам қылмыстық әрекеттері дәлелденбеген соң жауапкершіліктен босатылған. Қалған 220 адамға мемлекетке қарсы қылмыстар жасағаны үшін айып тағылған. Тергеудің аяқталуына санаулы күн қалғанда процессуальдық тәртіпке сыймайтын жолдармен қосымша тағы жеті

адамды жауапқа тартқан. Барлығы 227 адам соттан тыс Біріккен Саяси Бас басқармасының (ОГПУ) Үштігімен 1930 ж. 19 қазанда жазаланған. Оның ішінде 118 адам ату жазасына кесілген, 108 адам бас бостандығынан айырылып, әр түрлі мерзімге концлагерьге жіберілген.

Әдеб.: Яковлев А.И., Сравнительные заметки о преобразованиях в Туркестане и Советской Средней Азии. – «Кентавр», 1993, №2, с.102-103; Омарбеков Т., 20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. А., Санат, 1997; Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедиясы. А., 2005.; Бәкірұлы Ә., Мұстафа Шоқай (деректі хикаят) А., «Бастау», 1997.; Омарбеков Т., Қазақстандағы халық наразылығы қалай жазаланды? 1930 жыл: «Ақиқат», №2, Ақпан, 1993.

Б.Ахметбек

ҚОЖЕКЕ Мырзабайұлы (1814–1895) – азаттық жолында күрескен батыр. Қ. хиуалықтармен және Қуандария бойына оқтын-оқтын сұғынған қокандықтармен сан мәрте шайқасып, Кеңесары, Жанқожа мен Сыздық Кеңесарыұлының Ресей отарлаушыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілістеріне де белсене атсалысқан. 1835 ж. Қызылқұм етегіндегі Бестөбе деген жерде Сырдарияның сол жағалығы мен Қуандария бойындағы халықтан салық жинауға шыққан хиуалықтарға қарсы соғыста ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен жас Қожекенің даңқы бүкіл елге тарайды. Кейбір ғыл. еңбектерде Кіші жүздің ірі Бекет аталығының көрнекті батырлары мен билері қатарында Кетebай, Мырзабай мен Еншібай болғандығы айтылады. Аталған үшеуі де би әрі батыр Жолайдың балалары болса, Мырзабай батыр – Қ-нің әкесі. Ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті басшысы Жанқожа Нұрмұхамедұлының Сыр бойындағы Хиуа қамалдарына жасаған шабуылдарында ерлік көрсеткендердің бірі Қ. 1844 ж. бейбіт халықтың ар-намысын таптаған Хиуа құшбегі Бабажанның бекінісін алуға белсене қатысқан. Хиуаның тағы бір құшбегі Қожанияздың алыс-жақын маңайдағы жасауылдарын жазалағаны туралы әңгіме ел аузында әлі де бар.

Әдеб.: Дайрабай Т. Сыр перзенттері. – А., Арыс, 2010; Омаров Қ., Сайын дала саңлақтары, Ақиқат, 2010, № 11.

Қ.Омаров

ҚОЖЫҚОВ Қоңырқожа (1880, Ақмешіт – 1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым. Қазақ-орыс мектебін, Ташкент



мұғалімдер семинариясын бітірген (1900). Сырдария губ-сында мектеп инспекторы, қазақ-орыс уч-шесінің меңгерушісі, Түркістан, Перовск, Әндіжан қ-ларындағы мектептерде оқытушы болды. Патша өкіметінің 1907 жылғы 3 маусымдағы жарлығына сәйкес қазақтар мен Түркістан өлкесінің өзге де жергілікті халықтарының Мемл. Дума жұмысынан шеттетілуін нағыз әділетсіздік деп бағалап, ол жарлықтың күшін жою жолында



Қ.Қожықов

ұйымдастырылған іс-шараларға қатысты. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Ферғана өңіріндегі қазақтардың мүддесін қорғайтын «Көшпенді» атты ұйым құрып, оған жетекшілік етті. 1917 ж. тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақтарының съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Осы автономияның Уақытша кеңесінің мүшесі болып сайланды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде М.Шоқай секілді қайраткерлермен астыртын байланыста болды. Кеңес кезінде Жетісу өңіріне жиі экспед-ға шығып, көне қорғандар мен ескерткіштерді зерттеумен айналысты. 1935–36 ж. жарық көрген екі томдық «Қазақтың өткендегі тарихы туралы деректер мен материалдар» атты жинақты құрастырушылардың бірі. 1938 ж. халық жауы ретінде тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 ж. 23 желтоқсанда ақталды.

Әдеб.: Страницы трагических судеб, А., 2002.

Д.Баязитов

ҚОЗЫБАЕВ Манаш Қабашұлы (16.11.1931, Қостанай обл. Меңдіғара ауд. Тазкөл а. – 30.10.2002, Алматы қ.) – ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, тарих ғыл. докт. (1969), проф. (1970), ҚР ҰҒА акад. (1989). 1953 ж. ҚазМУ-ды бітірген. 1953–79 ж. Жоғары оқу орындарында ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты. 1979–86 ж. Қазақ Кеңес энциклопе-

диясының Бас редакторы, 1986–88 ж. Қазақстан ҒА Тарих және этнол. ин-ты тарихнама бөлімінің меңгерушісі, 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы ин-т директоры болды. Оның 30 монографиясы, 50-ден астам ұжымдық еңбектері бар. Қ. басшылығымен «Қазақстан тарихы» академиялық басылымының 3 томы, ағылшын тілінде «Қазақстан тарихы», көптеген құжаттар жинақтары, т.б. жарық көрді. Қ. отандық тарихнамада жеке



М.Қозыбаев

ғыл. мектеп қалыптастырды. 90-ға жуық шәкірт тәрбиеледі. Халықар. конгрестерде, конференциялар мен симпозиумдарда 200-ге жуық баяндамалар жасады. Еңбектері көптеген шетелдерде жарық көрді. Қ. 1990–93 ж. сайланған ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты, 1993 ж. ҚР Президенті жанындағы мемл. саясат жөніндегі Ұлттық кеңес мүшесі, 1994–98 ж. Адам құқығы жөніндегі мемл. комиссия мүшесі болды. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. (1970), Қазақстан Мемл. сыйл. иегері (1995), ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйл. лауреаты (1997), 2001 ж. «Парасат» орденімен марапатталды. Қ. Қостанай обл. Меңдіқара ауд-ның, Қостанай қ-ның құрметті азаматы. Петропавл қ-ндағы Солт. Қазақстан ун-тіне Қ-тың есімі берілді (2003).

З.Төленова

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (18.8.1946 ж.т., Жамбыл обл. Шу ауд. Төле би а.) – тарих ғыл. докт. (1994), проф. (1995), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2013). ҚР Әлеуметтану ғылымдары академиясының акад. (1996). Қырғыз мемл. ун-тін бітірген (1968). 1971–94 ж. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технол. ин-тында, ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент, Қазақстан КП ОК жанындағы партия тарихы ин-тының аға ғыл. қызметкері, 1994–2002 ж. ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, декан, ун-т жанындағы Жоғары оқу орын-

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ



дары оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру ин-тының директоры, 2002–06 ж. ҚР ҰҒА-ның Тарих және этнол. ин-тының директоры қызметтерін атқарған. 2006 жылдан С.Демирел атынд. ун-тте проф. 20 ғ-дың алғашқы ширегіндегі қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметін



М.Койселов

зерттеумен шұғылданады. Тарих ғылымында Алаш қозғалысы тарихына жаңа көзқарас қалыптастырды. 350-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 7 монография, 2 оқулық, 10 ғыл. жинақтың авторы. Халықар. Сократ сыйл. лауреаты (2007), Америка биограф. ин-тының Алтын медалімен (2009), «Парасат» орденімен (2013) марапатталған.

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ – 18 ғ-дың соңы мен 19 ғ-дың бас кезіндегі Орт. Азиядағы мемлекет. Қ. х-ның негізін салушы Шахрук-би шамамен 1710 ж. Бұхара әмірлігіне тәуелсіз шағын иелік құрды. Немересі Ирдан-би көрші елдермен қиян-кескі соғыстар жүргізіп, Әндіжан, Наманган, Маргелан аймақтарын қосып алды. 1758 ж. Бұхара оны тәуелсіз мемлекет ретінде мойындады. 1760–70 ж. Қ. х. оңт-ндегі қазақтармен қақтығыстарға барды. Қ. х. 19 ғ. бас кезінде қатты күшейді. Әлім (1800–10), Омар (1810–22), Мұхаммед-Әли (Мадали, Мәделі) (1822–42) хандар тұсында оның аумағы барынша кеңейді. Кухистан тәжіктерінен шыққан Әлім бек жеке билігін күшейтіп, хан атанды. 1807–09 ж. Орта Азиядағы аса ірі стратегиялық орт. Ташкентті бағындырды. Ташкент маңындағы қазақ билеушілерінің бір бөлігі Қ. х-н қолдаса, қалғандары Бұхарамен одақтасты. 10 мың отбасы Абылайдың 3-інші ұлы Әділ төренің басшылығымен Қытайға көшіп кетті. 1813–14 ж. Сайрам мен Түркістан қ-лары бағындырылды. Хандықтың ресми тілі орта азиялық парсы тілі (16–19 ғ. тәжік әдеби тілі)

болды. 19 ғ-дың 1-жартысында Қ. х. қазіргі Қырғызстан мен Оңт. Қазақстанның көпшілік аумағын бағындырды. Басып алған жерлерінде олар Ақмешіт, Жөлек, Жаңақорған, Шымқорған, Күміскорған, Әулиеата, Меркі, Пішпек, т.б. бекіністер тұрғызды. 1821 ж. қазақтар Түркістаннан Әулиеатаға дейінгі аралықта көтеріліс жасап, Шымкент пен Сайрамды алды. Бірақ әр ру өз бетінше әрекет жасағандықтан, көтерілісшілер табысқа жете алмады. Хандық халқының негізгі бөлігін өзбектер құрады. Сондай-ақ оның аумағында тәжіктер, қазақтар мен қырғыздар да мекен етті. Қ. х-ғында жердің едәуір бөлігі мемлекет меншігінде болды, оны хан өз қалауынша пайдаланды. Бұл жерлерде еңбек еткен шаруалар, мемл. жерді жалға алушылар ретінде салық төледі. Жердің бір бөлігін хан өзіне ерекше қызмет көрсеткен адамдарға сыйға тартты. Негізгі жер салығы басқа да мұсылман мемлекеттеріндегідей харадж еді. Мәделі хан билігінің соңына қарай күшейе түскен бүліктер мен халық көтерілістері Бұхара әмірі Насрулланың Қ. х-на соққы беріп (1839 және 1841–42), Ташкент пен Ходжентті басып алуына жағдай жасады. Қоқанға Бұхарадан әкім тағайындалды. Алайда қоқандықтар шақырып алған Әлім ханның немере-інісі – Шир-Әли хан (Шер-әлі) (1842–45) Ташкент пен Ходжентті қайтарып алды. Шир-Әлидің мұрагерлері тұсында хандық қатты әлсіреді. Салықтардың өсуі халықтың жаппай көтерілістерге шығуына алып келді. Қ. х-ның әлсіреуіне, сондай-ақ, хандық ішіндегі өзара бақталастық және көрші халықтармен саяси күрес те әсер етті. Қоқандықтар Жетісу мен Ұлытауға жорық жасаса, орыстар көтеріліске шыққан қазақтардың Қ. х-мен бірігіп кетуінен қауіптеніп, Ұлытаудағы Қоқан бекіністерін талқандады. 1837–47 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс кезінде Ресей мен Қ. х. қазақтарға қарсы одақ құрды. Бірақ 1853–56 ж. болған Қырым соғысынан кейін Орта Азияға ағылшындардың еніп кетуінен қорыққан Ресей Жетісуға орнығып алды. 19 ғ-дың 60-жылдары патша әскерлерінің Орта Азияға шабуылы басталды. Қ. х-н жаулап алу бірінші кезектегі мақсатқа айналды, өйткені ол Бұхарамен және Хиуамен күресте аса тиімді аймақ болып саналады. 1865 ж. 17 мамырда орыс әскерлері Ташкентті, 24 мамырда Ход-



жентті алды. Осындай аса ауқымды жерлерінен айырылу Қокан хандарын салықты тағы да өсіруге мәжбүр етті. Мұның өзі халықтың наразылығын күшейтті. Бұл наразылық 1874–76 ж. Қокан көтерілісіне ұласты. Қокан ханы көтерілістерді басу үшін Ресейден әскери көмек сұрауға мәжбүр болды. 2 ай ішінде орыс әскерлері көтерілісшілерді талқандады. 1876 ж. 19 ақпанда Ресей өкіметінің жарлығымен Қ. х. жойылып, оның орнына Ферғана обл. құрылды. Ол Түркістан ген.-губернаторлығының құрамына енді.

Әдеб.: История Узбекской ССР. С древнейших времен до наших дней, Таш., 1974; Қазақстан тарихы, 3-том, А., 2002.

Е. Қартабаева, Е. Жақыпов

ҚОЛ – дәстүрлі әскери атау. Көшпелілер арасында жасақ, қосын, лек ұғымымен қатар қолданылған. Түркі халықтары әскерінің ұрыс тактикаларында әскерді оң Қ., сол Қ-ға бөлу арқылы майдан қанаттарына жіктеу тәсілі кеңінен пайдаланылған, сондықтан құрамы мен ұрыс жағдайына қарай Қ-дың ішінде мыңдық та, түмен де болуы мүмкін.

ҚОЛБАСШЫ – мемлекеттің қарулы күштерін, соғыс жағдайында ірі әскери құрылымдарды (оперативтік-стратег. бірлестіктерді) басқаратын әскери басшы. Қ-лар соғыс кезінде әскери операцияларды дайындайды және оның нәтижесіне жауапты болады, бейбіт уақытта қарамағындағыларды әскери шеберлікке үйретеді, әскери жаттығуларды басқарады. Әдетте, Қ. етіп дарынды, көреген, әскери жағдайлардың дамуын болжай алатын, қолда бар күштер мен құралдарды тиімді пайдалана білетін, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті бар жігерлі, батыл адамдар тағайындалады. Әрбір тарихи кезеңдердегі үлкен соғыстар өз Қ-ларын шығарды. Қазақ халқында да аты аңызға айналған көптеген қолбасшылар болды (Бөгембай, Қабанбай, Қарасай, Жәнібек, Райымбек, Ағыбай, Амангелді, т.б.).

ҚОНАЕВ Дінмұхамед Ахметұлы (12.1.1912, Алматы қ. – 22.8.1993, сонда) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым. Қазақстан ҒА-ның акад. (1952), тех. ғыл. докт. (1969), үш мәрте Соц. Еңбек Ері (1972, 1976, 1982). 1936 ж. Мәскеудегі Түсті металдар және алтын ин-тын бітірген. 1936–42 ж. Балқаш, Алтай, Риддер, Лениногор кен орындарында басшы қызмет атқарған. 1942–52 ж.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі, кейіннен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары болды. 1952 ж. сәуірде Қазақстан ҒА-ның президенті болып сайланды. 1955–60 және 1962–64 ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы. 1960–62 ж. және 1964–86 ж. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы болды. Қ. өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Қ. басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды. Қазақстан аграрлы-индустриялы республикаға айналды. 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс



Д. Қонаев

тілдерінде жарық көрді. Қ. республика аумағының тұтастығын сақтап қалуда табандылық көрсетті. Ол кезінде Өзбекстанға берілген Оңт. Қазақстанның мақта өсіруші аудандарын қайтарып алды, Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түрікменстанға беру жөніндегі Орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шықты. Ол Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. 1985 ж. М.С. Горбачев КОКП ОК-нің Бас хатшысы болып сайланғаннан кейін елде басталған қайта құру саясаты жүргізіліп, 1986 ж. 16 желтоқсанда Қ-тың орнына ҚКП ОК-нің 1-хатшысы болып Г.В. Колбин тағайындалды. Қ-тың орнына сырттан келген, әрі өзге ұлт өкілінің тағайындалуын қазақ халқы ұлттық кемсітушілік ретінде қабылдады. Мұның соңы КСРО-дағы ұлт саясатына қатысты халық көңілінде қордаланған наразылықтардың сыртқа шығуына алып келіп, Желтоқсан көтерілісіне ұласты. КОКП ОК Қ-ты көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі деп санады. Сөйтіп, 1987 ж. 26 маусымдағы пле-



нумда Қ. «Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1-хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП ОК-нің мүшелігінен босатылды. Қ. қайтыс болғаннан кейін Қазақстан ҰҒА-сының Тау-кен және түсті металлургия ин-тына, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне Қ. есімі берілді. Алматыда Қ. атынд. ун-т бар. 1992 ж. 13 қарашада Алматыда «Халықаралық Қонаев қоры» құрылды. 2002 ж. 12 қаңтарда Алматы қ-нда Қ-тың мұражай-үйі ашылды.

К.Нұрпейіс

ҚОНАҚБАЙҰЛЫ Қарағұл (1806–90, Ақтөбе обл.) – батыр. Қазақ халқының патшалық Ресей отаршылдығына қарсы 1847–58 ж. аралығындағы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі. Ел жадында сақталған көптеген ескі әңгіме, жырлармен қатар қазіргі заманда жарық көрген бірқатар көркем шығармалардың басты кейіпкері. Кезінде Нұрпейіс Байғанин Қазақбаймен айтысында: «Қарағұлдай ерім бар, Қарағай найза толғаған, Талай-талай жауларға, Аттанысқан аламан. Дұшпанын қылған қара қан... – деп батырды мақтан тұтса, Сарышолақ шайыр ауырып жатқан Есет Көтібарұлының көңілін сұрай барғандағы жырында: «Сиреді қатарларын көбі кетіп, Барады тұрлауы жоқ өмір өтіп. Қарағұл қасындағы – қамқоршы інің, Батырлық байлықпенен сөзге жетік», – деп Қарағұлдай сенімді серігінің қасында барлығымен науқас батырдың көңілін демейді. Қ. өзінің рулас ағайыны Есет Көтібарұлымен, шөбере інісі Әзберген Мұңайтпасұлымен ниеттес болып, сол кездегі қазақ елі үшін басты жау – патшалы Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күресте тізе қосады, 1847–58 ж. аралығындағы ұлт-азаттық көтеріліске белсене араласып, басшылардың біріне айналды. Осы көтерілістің саяси басшысы ретінде Есет Көтібарұлы көрінсе, оның басты тіректерінің бірі Қарағұлдың орны анықталады. Батырдың бейігі Ақтөбе обл. Шалқар ауд. аумағындағы Көкбұлақ деген жерде. Ақтөбе, Шалқар қалаларындағы көшелерге батыр есімі берілген.

Әдеб.: Өміртегі Е., Дабысың Шекті асып әрі кеткен, «Ақтөбе» газеті, 4 сәуір, 1998; Құрманалин С., 1847–1858 жылдардағы Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтеріліс және Қарағұл Қонақбайұлы, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының Хабар-

шысы, 2006 жыл, №4; Әбенев Д., Мұхтаров С., «Ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері», «ПринтА», Ақтөбе, 2006.

С.Мұхтаров

ҚОҢЫРҚҰЛЖА Құдаймендеұлы (18 ғ-дың соңы – 19 ғ.) – сұлтан. Әкесі Құдайменде Орта жүзде Обаған мен Есіл арасындағы аймаққа билік жүргізді. 1820–30 ж. алдымен Ғұбайдолла, кейіннен Саржан сұлтандар Ресейге қарсы бас көтерген кезде Қ. өкімет әскеріне көмектесті. 1832 ж. Ақмола окр. ашылғанда, оның алғашқы аға сұлтаны болып сайланды. 1837–47 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың басты жауларының бірі болды. **ҚОРАМСАҚ**, қ о р а м с а қ, қ о р а м – садақ оғы (жебе) қабының бір түрі. Түркі халықтары 13–14 ғ-дан бастап кеңінен қолданған. Қазақ жауынгерлері Қ-ты 19 ғ-ға дейін қолданған, ол әскери жабдық ретінде ауыз әдебиетінде жиі айтылады. Қазақтар қолданған Қ-тардың ұзындығы 50–60 см, ені 15–20 см болды. Садақ оқтары басы төмен қаратылып салынған. Қ-тар матадан, жұмсақ былғарыдан, көне теріден жасалынып, беттерін ою-өрнекпен, оюланған металл (алтын, күміс, жез) жапсырмалармен әшекейлеген. Ертеде Қ-қа жауынгерлік белгі ретінде қабыланның құйрығынан, аттың қылынан шашақтар таққан.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч., Вооружения киргизов в древние времена и их военные доспехи // Соб. соч., т. 1, А.-А., 1972; Қайдаров А.Г., Доспехи и вооружения воина – батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз. ССР., Серия общественная, 1973, №6.

Қ.Ахметжан

ҚОРҒАЛЖЫН ҚАҚТЫҒЫСЫ – 1916 ж. Ақмола уезінде болған ұлт-азаттық қозғалыс. 1916 ж. 7 шілдеден 5 қыркүйекке дейін созылған. Қорғалжын көлі төңірегіндегі Ақмола обл-ндағы көтерілісшілердің ең көп шоғырланған аймағы болды. Бұл көтерілісшілерді патша әскері қатал жазалады (қ. *Ақмола көтерілісі*). Нәтижесінде көтерілісшілердің көпшілік бөлігі патша өкіметіне бағынып, солдатқа адам беруге мәжбүр болды. Бағынғысы келмегендері Торғай уезіндегі Амангелді басқарған көтерілісшілерге барып қосылды.

ҚОРДАЙ КӨТЕРІЛІСІ, 1931 ж. Қордай ауд-нда (қазіргі Жамбыл обл.) Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы ұйымдас-

тырылған. Оған 200-дей адам қатысқан. Көтерілісшілер ауд. партия к-тінің астық дайындау жөніндегі уәкілі З.Айтековты атып өлтірген. Көтеріліс күшпен басылған соң, басшылары Ырғайты тауында жасырынып жүрген басқа шаруаларға барып қосылды. Көтерілісшілердің бұл топтары Қызыл Армияның тұрақты бөлімдерімен және коммунистік отрядтармен бірнеше рет қарулы қақтығыстарға барған. Көтерілісшілер кеңес әскерлерінің тегеурінді шабуылдарынан кейін қолға түсіп, кейін кеңестік қуғын-сүргінге ұшырады.

Әдеб.: Омарбеков Т., 20 – 30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, А., 1997.

Т.Омарбеков

ҚОСТАНАЙ УЕЗІ, Николаевск уезі – патшалық Ресей тұсында Торғай обл-на қараған уезд. 1868 ж. құрылған. Тобыл өз-нің жоғарғы ағысы және оның Обаған атты тармағының оң жақ алқабын алып жатты. Халқының саны – 160 мың адамға жетті (1897), оның 130 мыңдайы қазақтар болды. 1899 жылдан кейін жергілікті халықтан 500 мың десятина қара топырақты құнарлы жер алынып, онда Ресейдің орт. аудандарынан қоныс аударылған орыс шаруалары орнықты. Уезде мал басы 870 мыңға жетті. Мұнда жәрмеңке саудасы кең өріс алды.

ҚОСТАНАЙ УЕЗІНДЕГІ КӨТЕРІЛІС – қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі. Ресей патшасының майдандағы қара жұмысқа қазақтарды алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығына қарсы Қостанай уезінің Қарабалық, Мендіқара болыстары наразылық білдірді. 12 шілдеде Қарабалық көтерілісшілері болыс Қыдыровты өлтіріп, жасалған тізімді жойып жіберді, болыс кеңсесін өртеді. Тамыз айының басында шақыру орындарына 74 адам келмей қалды. Уезд басшысы жоғарыға жасаған мәлімдемесінде қарулы қазақтар «орыс қоныстанушыларына зиян келтірмесе де, полицияға барынша өшігіп отыр» деп көрсетті. Бестөбе болысында қылышпен, сойылмен және балтамен қаруланған көтерілісшілер тобы 2000 адамға жетті. Ең күшті толқу 500 адамнан жасақ құрған 4, 5, 6 және 8-ауылдарда болды. Қаратамыр қонысына (өрқаш к. маңында) жиналғандарды 85 жастағы Е.Жиеналин, молда С.Төребеков, О.Балғожин басқарды. Көпте-

ген қазақтар көрші Торғай уезіндегі көтерілісшілерге барып қосылды. Тамыз айында уезд басшысы өкіметтен әскер алдырды. Жазалаушы әскер көтеріліс басшыларын ұстап, тұтқынға ала бастады. 1916 ж. күзде Аманқарағай болысындағы 2470 шаңырақтың 600-і Торғай уезіндегі көтеріліске қосылды. Желтоқсанда 2 зеңбірек және 2 пулеметпен қаруланған Қостанай әскери отряды көтерілісті басуға шықты. 1916 ж. 21 желтоқсанда басталған көтерілісшілер мен жазалаушылар арасындағы ұрыстар 1917 жылдың ақпанына дейін созылды. Көтерілісшілердің бір бөлігі патша өкіметіне мойынсұнды, қалғандары Амангелді Иманов бастаған көтеріліске барып қосылды.

Әдеб.: Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане, Сб. документов, М., 1960; Қаһарлы 1916 жыл, Құжаттар мен материалдар жинағы, 1, 2-т., А., 1998.

Е. Уәлиханов

ҚОСШЫҒҰЛОВ Шаймерден, Шаймерден (1869/1874 ж.ш.т., Ақмола обл. Алтай ст. – 1932, Ресей, Омбы обл. Марьяновка ст.) – қоғам қайраткері. Науан хазіреттен дәріс алып, білімін Бұқара медресесінде жетілдірген.



Ш.Қосшығұлов

1903 ж. Көкшетау уезінде Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күреске шақырған үндеу хат таратқаны үшін Сібірге айдалып, 1905 ж. бірінші орыс революциясы дүмпуімен айдаудан қайтқан. 1906 ж. қаңтарда Санкт-Петербуркте өткен Бүкілресейлік мұсылмандардың екінші съезіне делегат болды. Съезде мұсылмандардың халықтық саяси партиясын құру қажеттігін қуаттаған. Партия бағдарламасын жасау жөніндегі комиссия құрамына сайланды. 1906–07 ж. 1 Мемл. думаға Ақмола обл-нан депутат болып сайланды. Алайда комиссия орыс тілін білмейді дегенді алға тартып, оны Дума мүшелігіне

ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ



тіркемеген. 1906 ж. Нижний Новгородта болған Бүкілресейлік мұсылмандардың үшінші съезіне қатысып, оның төралқасына сайланды, съездің ағымдағы саяси ахуал, оқу және дін істері жөніндегі қаулыларын әзірлеуге қатысқан. Съезде құрылған «Ресей мұсылмандар одағы» ұйымының ОК құрамына сайланды. 2 Мемл. думаға депутат болды. Мұсылман фракциясының құрамына енді. «Серке» газетін шығаруға атсалысты, діни және ағартушылық істермен шұғылданды. Кеңес өкіметі тұсында молда ретінде ұдайы қуғын көріп, саяси қыспаққа ұшыраған. *Әдеб.*: Политическая жизнь русских мусульман до Февральской революции, Оксфорд, 1985; Озғанбай Ө., Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан (1905 – 1907 жылдар), А., 1999.

Б.Қойшыбаев

ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ Махмет Ибатоллаұлы (20.7.1930, Қостанай обл. Меңдіқара ауд. – ө.ж.б. Германия, Мюнхен қ.) – кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы шыққан диссидент, журналист. 1954 ж. Қазақ мемл. ун-тінің философия ф-тін бітірген. 1954–57 ж. Чарджоу қ-нда (Түрікменстан) пед. ин-тында, 1957–58 ж. Фрунзе (Бішкек, Қырғызстан) қ-нда ин-тта оқытушы, 1958–59 ж. Қазақ КСР-і ҒА философия ин-тының ғыл. қызметкері болды. Оқытушылық қызметі кезінде марксизмге партиялық тұрғыдан берілетін түсіндірулермен келіспейтіндігін танытып, коммунистік партияны ашық сынады. Сонысы үшін арнайы органдар тарапынан бақылауға алынып, пед.-ғыл. жұмысты тастауға мәжбүр болды. 1962 ж. қараша айында антикеңестік насихатпен шұғылданды деген айыппен тұтқындалды. Мордовиядағы саяси тұтқындар лагерінде жеті жыл отырған ол, 1969 ж. Коми АКСР-іне жер аударылды. Айдаудан босанған соң, 1974–75 ж. БАМ-да (Чульман с.), 1975–77 ж. Коми АКСР-інде, 1977–79 ж. Харьков қ-нда (Украина) еңбек етті. 1979 ж. желтоқсанда Израильге шақырылуына орай (әйелі еврей қызы) шет елге кетіп, 1980 ж. қыркүйектен 1995 жылғы маусымға дейін Батыс Германиядағы «Азаттық» (ГФР, Мюнхен қ.) радиост-ның орыс және қазақ редакцияларының тілшісі болды. Қ. шет ел радиосынан жүргізілген хабарларында кеңес өкіметінің отаршылдық сипатын жүйелі түрде әшкерелеп тұрды, сонысы үшін тарихи отанында идеол. дұш-

пан санатына жатқызылды. 20 ғ-дың 90-жылдарындағы демокр. өзгерістер кезінде ақталып, ол туралы объективті мақалалар жарық көре бастады. Диссидент ретінде есімі тарих оқулықтарында аталып жүр. 1995 жылдың шілде айынан зейнеткерлікке шығып, Мюнхенде тұрды.

Б.Қойшыбаев

ҚҰЛМАНОВ Бактыгерей (1857, Атырау обл. Теңіз ауд. – ө.ж.б.) – алаш қозғалысының кайраткері. 1887 ж. (1886) шығыс тілдері мамандығы бойынша Санкт-Петербург ун-тін үздік дипломмен бітірген. 1888 ж. филол. саласы бойынша магистрлік дисс. қорға-



Б.Құлманов

ған. 1890–1903 ж. Ішкі Орданың Қамыс-Самара бөлігін басқарды. 1906–07 ж. Ресейдің I және II Мемлекеттік Думаларына екі рет сайланып, Мұсылман фракциясының белсенді мүшесі болды. 1917 ж. 21 сәуірде өткен Ішкі Ордадағы казактардың съезіне қатысып, қырғыз (казак) ордасының комиссары болып сайланды. Бірінші жалпыказак съезінің шешіміне орай Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесінің атқару к-тінде қызмет етті. 1917 ж. Батыс Қазақстандағы алаш қозғалысына белсене араласып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Алашорда үкіметінің ұлттық кеңесіне мүше болып сайланған. Қ. Ордада Қазақ Автономиясын жариялауды қолдағандардың бірі.

С. Смағұлова

ҚҰЛЫМБЕТОВ Ұзақбай Желдербайұлы (18.3.1891, Ақтөбе обл. Ырғыз ауд. – 25.2.1938, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. 1904–10 ж. Ырғызда орыс-казак уч-шесінде оқыған. 1912 ж. Ақтөбеде пед. курсты бітіріп, ауыл мұғалімі болды. 1917 жылдан қоғамдық қызметке белсене араласты. 1919–35 ж. Қазақ АКСР-інде кеңестік басшы қыз-



меттер атқарды. 1927–32 ж. Қазақстанда қалыптасқан жағдайға байланысты Ф.И. Голощекиннің озбырлық саясатына қарсы бас көтергендердің бірі болды. 1935–37 ж. Қазақ



Ү.Құлымбетов

АКСР (1936 ж. желтоқсаннан Қазақ КСР-і) Орт. Атқару к-тінің төрағасы болды. Осы кезеңде Қазақ КСР Конституциясы қабылданды. Қ. 1937 ж. саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1958 ж. 22 сәуірде КСРО Жоғ. соты әскери коллегиясының шешімімен ақталды.

Д.Баязитов, З.Байдосов

ҚҰМКЕШУ СОҒЫСЫ – Ресей өкіметінің жазалаушы жасағы мен Торғай көтерілісшілерінің қарулы қақтығысы. 1917 жылдың ақпан айында Торғай қ-на топтастырылған жазалаушы жасақтың подполк. Тургенев бастаған тобы 18 ақпанда Қарақоға болысының 6-а-на ойран салып, көтеріліс орталығы Батпаққараға бет алды. Бұл хабарды естіген Амангелді Иманов әскерінің бір тобы оларды Құмкешуден күтті. Әбдіғапар ханның інісі Уәли басқарған көтерілісшілер мен жазалаушы жасақ арасындағы қақтығыс 21 ақпан күні таңертең басталды. 300-ге тарта солдатты бар жазалаушы жасақтың алдыңғы тобымен шайқас екі сағатқа созылғанда Тургеневтің негізгі күштері жетіп, көтерілісшілерді шегінуге мәжбүр етті. Амангелді батыр жер жағдайының соғысқа қолайсыздығын ескеріп, сарбаздарын Байғабыл, Алакөл, Кемер қопалары арқылы Үрпек басына топтастырды (қ. *Доғал шайқасы*). Жазалаушы жасақ сол күні Батпаққараға жетті. Бұл қақтығыс үкімет әскери күштерінің айқын басымдығын танытып, сарбаздарға алдағы ауыр айқастарға мейлінше дайындалу қажеттігін көрсетті; қ. *Торғай көтерілісі*.

Әдеб.: Мұхаметжанов З., Торғай комиссарлары, А., 1974; Амангелді Иманов, Документтер мен материалдар, А., 1975; Нұрқанов А., Дала қыраны, А., 1980.

Т.Рсаев

ҚҰРАҚ Азатұлы (1810–1882) – Қоқан хандығына қарсы көтеріліске қатысқан батыр. Кіші жүз жаппастың жылкелді аталығынан тарайды. Атақты Марал ишан Қ-тың нағашысы болып келеді. Қ. ержүректігімен қатар дініне берік иманды да кісі болған. Алшынбай, Айтбай мешіттеріне өз қаржысынан көмек беріп те отырған. Сол себепті де оны ел-жұрты әулие тұтып, қастерлеп, құрметтеген. Батырдың бейіті – Қызылорда обл. Сырдария ауд. Инкәрдария мен Ақарық адарының ортасындағы бұрынғы Қарақасқа деп аталатын жердегі Қарарықтың басында. Бұл күндері мазар басына орнатылған күмбезі құлап, жермен жексен болып кеткен.

Б.Ахметбек

ҚҰРАМА САДАҚ – әр түрлі материалдардан жасалған садақ түрі. Көшпелілер ат үстінен атуға ыңғайлы болу үшін әр түрлі жеңіл және қысқа материалдарды (ағаш, сүйек, мүйіз) қолданған. «Ғұн-түркі» садақтарын жетілдіру барысында 13 ғ-да түркімоңғолдарда бес бөліктен тұратын Қ. с. пайда болып, басқа халықтарға кеңінен таранды. Қазақ садағы да осы үлгіде жасалып, ұз. 100–120 см аралығында болды. Ол ағаштан жасалып, басына берік болуы үшін сүйек, серпінді болуы үшін иініне мүйіз, тарамыс салынған. Кеуіп кетпес үшін сыртын қайың қабығымен немесе терімен қаптап, қосылған тұстары ажырап кетпеу үшін сыртынан тарамыспен буылған. Әр түрлі материалдар Қ. с-тың салмағын жеңілдетеді, әрі беріктігі мен серпінін арттыруға мүмкіндік береді.

Қ.Ахметжан

ҚҰРМАНҒАЗЫ Сағырбайұлы (1823, Батыс Қазақстан обл. Жаңақала ауд. Жиделі а. – 1889, Ресей, Астрахан обл.) – күйші-композитор, дүлдiл домбырашы. Басына қойылған құлпытаста күйшінің өмір сүрген уақыты 1806–79 ж. деп көрсетілген. Жас кезінен домбыраға құмар, өнерге ықыласты Қ. алғашқы ұстазы Ұзақ күйшіден, кейін Байжұма, Баламайсан, Есжан, Шеркеш, т.б. күйшілерден тәлім алып, өнерін өрістетте түседі. Сазгердің Исатай-Махамбет көтерілісіне арнаған туындыларының көрнектісі – «Кіш-

ҚҰТТЫБАЙ



кентай». Композитордың «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Қайран, шешем», «Перовский марш», «Қызыл қайың», т.б. ғұмырбаяндық күйлері оның патша өкіметі, билік иелері тарапынан қуғын-сүргін көргенінің куәсі іспетті. Қ. күйлерін тарихи негізде былай жіктеуге болады: 1) этноним атауы негізінде туған шығармалары («Адай»); 2) тарихи оқиғаларға орай туған туындылары («Кішкентай»); 3) Қазақ даласының ұлылығын сазға қосқан күйлері («Сарыарқа», «Алатау»);



Құрманғазы

4) Тарихи-ғұмырбаяндық шығармалары («Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан»). Қ-ның күйшілік мұрасы – қазақ ұлттық мәдениетінің тарихи белестерін айқындайтын, көркемдік келбетін сипаттайтын, образдық әлемін саралайтын шығармалар. Олар муз. интонациясының тарихилығымен де бағалы. Қ. күйлері көптеген қазақ композиторларының шығармаларына арқау болып келеді. Күйшіге арнап Е.Г. Брусиловский «Құрманғазы» атты симфония, А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанова «Құрманғазы» атты опера жазды. Қ-ның муз. мұрасын зерттеуге А.Жұбанов, А.Затаевич, Б.Ерзакович, П.Аравин, Ж.Рсалдин, т.б. елеулі үлес қосты. Бүгінде Қазақтың халық аспаптар оркестрі, Алматы мемл. консерваториясы Қ. есімімен аталады.

Әдеб.: Жұбанов А., Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы, А., 1942; соныкі, Ғасырлар пернесі, А., 1975; соныкі, Құрманғазы Сағырбаев,

А., 1968; Аравин П., Новые материалы о Курмангазы, Вестник АН КазССР, 1961, №4.

Т.Қоңыратбай

ҚҰТТЫБАЙ Ақболұлы (1807 – 1900 ж.ш.) – Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған 1848–56 жылдардағы Сыр бойы қазақтарының отаршылдыққа қарсы күресіне қатысқан батыр, би. Кіші жүз жақайымның игілік аталығынан. Қазіргі Қызылорда обл. Қазалы ауд. өңірінде өмір сүрген. Жанқожа батыр оны шешілмей жатқан даулар мен шағымдарды реттеуге жіберіп отырған. Сондықтан да ел ішінде Қ. биді аузы дуалы би деп дәріптеген. Халық Құттыбай мазары – Құттыбай кесенесі деп атап кеткен кесене Қызылорда обл., Қазалы ауд. Өркендеу а-ның маңайында тұр.

Әдеб.: Сыр елі энциклопедиясы, А., Атамұра, 2005.

Б.Ахметбек

ҚҰТТЫБАС Төлепұлы (Борсықбайұлы) (18–19 ғ.) – батыр, Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Ұлы Қобда бойында өмір сүрген. Жылқышы табын бөлімінен тарайды. Қ. батыр кей деректерде Борсықбайұлы, бір құжатта Малайұлы деп көрсетілген. Ол да өзінің аталас туысы Жаналы батыр сияқты 1822–26 ж. Жоламан батыр бастаған көтерілістің негізгі қаһармандарының бірі болған. Қос батырдың жүрген жорық жолдары, қылған іс-әрекеттері, көрсеткен ерліктері бірдей. Олардың есімдері деректерде үнемі бірге аталады. Қ. – Жоламанның ең жақын сенімді серіктерінің бірінен саналған. Қ. батыр 1822–23 ж. аралығында қазақ жеріне салынған Ново-Илецкая шебінің барлық алты форпостына жасалған шабуылдарға, сандаған пикеттер мен қарауылдарға, орыс елді мекендеріне жорықтарға қатысқан, олардың көпшілігін тікелей басқарған. Жоламан бастаған бір топ дала билері мен батырларының өз жерлерін қайтаруды сұрап Орынбор губернаторы Эссенге жазған хаттарына қол қойған. Кіші жүз ханы Шерғазы Жоламан бастаған көтерілісшілерден қатты қауіптенген, әсіресе Қ. пен Жаналы батырлардан сескенген. Қ. батыр Шыңғырлау бойында қазақ даласына жіберілген полк. Милорадовичтің әскеріне шабуылға қатысқан. Кіші жүздегі хандық билік жойылған соң, 1825 ж. наурыз айында Қаратай сұлтан өз жасағымен қоса үкіметтен 500 казак әскерін алып, көтерілісші ауылдармен соғысқа кіріседі. Осы



жорығында 200-ге жуық адамды өлтірген Қарағай губернаторға жолдаған баянатында бұл әрекетінің Жоламанға ниеттес жандарға қарсы жасалғанын айтып, олардың арасында Құттыбасты да келтірген. 1826 ж. Қ. Жаналы, Жанғұты, Саттық, Таңқай Маралұлы, т.б. адамдармен бірге орыс бекіністеріне қайта қауіп төндірген. Орта бөліктің аға сұлтаны Шыңғали Орманұлы оны ең басты бүлікшілердің бірі деп атаған. Құттыбастың одан кейінгі он шақты жыл көлеміндегі іс-әрекеттері туралы мәлімет жоқ. Қ. батыр 1835–38 жылдардағы оқиғаларға да ат салысқан. Жаналы мен Жоламан батырлар бастап тұрған 2 мың адамдық жасаққа, бір мәлімет бойынша, олармен бірге Қ. және басқа бірнеше адам жетекшілік еткен. Олар Орынбор іргесіндегі қазақ ауыл-аймақтарын тұтас Ресей ықпалынан алыс әкетуді, Қасым және Кенесары сұлтандар қосынына қосуды ойлаған. Қ. пен Жаналы батырлар мұрағат құжаттарында көтерілістің аса қызуқанды, тіпті тентек тұлғалары ретінде суреттеледі. Бұлар Орынбор әкімш. тарапынан ең басты «қарақшылар» саналып, ерекше іздеу салған. Қ. батыр Қобда өңіріндегі Байтақ қорымында жерленген. Оның құлпытасында «Көтібас келе» деп жазылған, 34 жасында қайтыс болғандығы көрсетілген.

Дер.: ҚР ОММ, 4-қор, 1-т., 1805, 1809, 1820, 4200, 4890 т.б. істер. ООММ, 6-қор, 10-т., 2781, 3188, 3232 істер. Материалы по истории Казахской ССР. Т. 4. М.-Л., 1940.

Н.Жетпісбай

ҚЫЗЫЛ АЯҚ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ – 19 ғ-да Қытай өкіметі мен қазақтар арасында болған қарулы қақтығыс. Жоңғар хандығын жойғаннан кейін Цин өкіметі басып алған жерлерінде әскери әкімш. тәртіп орнатты. Іле, Тарбағатай аймақтарына ішкі Қытайдан шаруаларды әкеліп қоныстандырды. Олар жергілікті қазақ руларының ата қоныстарын тартып ала бастады. Қазақтар жаппай көтеріліп, оларды Іледе дүнген Мар, Тарбағатайда Қабанбай батырдың немересі Әлібек басқарды. Көтерілісшілер Шәуешек қ-н басып алып, қытайларды қуып жіберді. Алтайға шегінген Қытай әскерлері аяқтарын қызыл шүберекпен орап алғандықтан, қазақтар оларды «қызыл аяқтар» деп атаған. Қызыл аяқтар Алтайдағы Ажы төреге «Біз Цин патшалығының әскерлеріміз. Бізге азық-

түлік берсеңдер сендермен жауласпай, Қобдаға асып кетеміз», – деп елші жібереді. Елдің тыныштығын ойлаған Ажы төре Алтай елінен 10 мың қой, 1000 жылқы, өгіз және 1000 киіз жинатып береді. Тегін олжаға кенелген қытайлар Алтай елінен кеткісі келмей, 1867–68 ж. қазақтарды шабуға кіріседі. 1869 ж. көктемде олар Ертіс пен Сауырда отырған қазақ ауылдарын тонайды. Жауап ретінде қазақтар Тергенбай, Жәнібек батырдың немересі Нәке, Далай мерген, Қарымбек батырлардың бастауымен көтеріліске шығады. Көтерілісшілер Қытай әскерлеріне күйрете соққы беріп, Алтайдан Қобдаға асырып жібереді. Бұл оқиға халық жадында Қ. а. ш. деген атпен сақталып қалды.


Ж.Самитұлы

ҚЫЗЫЛБАС Мүсірепұлы (19 ғ., т.-ө.ж.б.) – батыр, би. Кіші жүз шөмекейдің сарықасқа аталығынан. Қазіргі Қызылорда обл. Қармақшы ауд-нда өмір сүрген. Елінің, жерінің азаттығы үшін күрескен Қызылбас батыр атты Сыр бойында 2 кісі өткен. Біріншісі – жақайым Қызылбас батыр – палуан. Екіншісі – осы сарықасқа Қызылбас батыр. Сыр ақыны Әлімбаев Әлиасқаров «Қазақ шежіресі» жырында: «Мүсірептен Кенже, Ораз, Қожамғұл де, Ақтау, Бартау, Мырша мен Қызылбас де. Отар менен оны да түгел дейік, Бүркіттен Үйсінбай мен бес ұл бізде», – деп жырлаған. Шежіреші ақын Сағымбай Тұрғанбаев та өлеңінде: «Қызылбас болды батыр атағы зор, Дұшпанға қару жұмсап оқ ататын», – деп жазған. Батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда обл., Жалағаш ауд., Жаңадария а-нан оңт.-батысқа қарай 30 км жерде тұр.

Әдеб.: Дайрабаев Т., Тоғанас батыр. А., Кітап, 1992; Дайрабай Т., «Кете-Шөмекей» шежіресі, А., Ана тілі, 1995; Әлиасқаров Ә., «Қазақ шежіресі». Қызылорда, «Принт», 2008; Қари З., Келмембет батыр. А., 1998.

Б.Ахметбек

ҚЫЛЫШ – қарудың бір түрі. Қ. ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару қажеттігінен туындаған. Көшпелі халықтарда 8 ғ-дан бастап семсерлер бір жүзді, қайқы етіп жасалып, қолданысқа енді. 10 ғ-да түркілер арқылы Бат. Еуропаға тарады. Кейіннен бұл қару жетілдіріліп, атты әскердің басты қаруы ретінде 20 ғ-ға дейін қолданылды. Қазақтар Қ-ты бес қарудың біріне жатқызады. Қазақ Қ-тары: алдаспан,



Кылыш (1), оның қынабы 2). Семсер (3), сапы (4) қынаптарына бау тағылу әдістері. Қынсыз ауыр кылыш – алдаспан (5)

наркескен, зұлпықар, жатаған кылыш, қайқы кылыш, т.б. болып бөлінеді. Олардың ұзындығы 90–95 см аралығында, ені 3–3,5 см. Атты әскер құрамаларының жойылуына байланысты (20 ғ.). Қ. қазір тек кейбір әскери қызметкерлердің салтанатты рәсімдерде ұстайтын қаруы ретінде ғана қолданылады.

Қ.Ахметжан ҚЫСТАУБАЙ Жиенәліұлы (1814–1845 ж. ш.) – батыр. Кіші жүз алшынның шөмекей руынан шыққан Қ. батыр 19 ғ-да қазіргі Қызылорда обл-ның Қармақшы өңірінде өмір сүрген. Сыр елінің азаттығы үшін Хиуа, Қокан хандықтарының, Ресей империясының басқыншылығына қарсы шыққан. Бір ұрыста денесіне кіріп сынып қалған найзаның басын жұлып алып, жараға тоқымын кесіп тыққан батырды елі «тоқым тыққан» Қыстаубай деп атап кеткен. Қ. батыр 19 ғ-дың 40-жылдары Кенесары Қасымұлының көтерілісінде Жанқожа батыр бастаған Сыр бойының сарбаздарымен бірге Созақ, Сауран шайқастарына қатысып, Тоғанас батырмен бірге Сауранның шығыс қақпасын 80 адаммен қоршап, Қокан әскерін жеңеді. Ақын Тұрмағанбет Ізтілеуұлы: «... Тоқым

тыққан Қыстаубай, Қайрат пен күшке кең еді. Орасан ойлы, өте әділ, Мұңлы мен мұқтаж мүсінге, Етек-жеңі кең еді» деп мадақтаған. Қ. мен Тоғанас батырлардың сарбаздары Сыр бойындағы қокандықтардың бекіністерін шабуылдайды, 1843 ж. хиуалықтардың Қуандариядағы бекінісін құлатып кетеді. Хиуалықтар 1845 ж. бекіністі қалпына келтіруге келеді, бірақ Қ. батыр бастаған сарбаздар оларды талқандайды. Батыр Қызылорда обл-ның Сырдария ауданындағы «Боқты өлен», «Көктөбе» деген жерде қаза болған.
Әдеб.: Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Атамұра, 1994; Дайрабай Т., «Сырдың сырлы сыры» А, Арыс, 2005; Табылдиев К., Қазақ батырлары. Ақ білектің күшімен, Ақ найзаның ұшымен. Астана. Фолиант, 2008.

Б.Ахметбек
ҚЫТАЙҒА БОСҚАН ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ АУЫР ТҮРМЫС-ХАЛІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ ШАҚЫРҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ «АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА!» ҮНДЕУІ. 1917 ж. 11 маусымда жазылып, «Қазақ» газетінің №233 санында жарық көрген. Үндеуде былай делінген: «25 июнь жарлығының кесірінен бүліншілікке түсіп, Қытайға босқан қырғыздардың халдері қандай нашарлығын көзімен көрген тілші «Қазақтың» 231-номерінде жазып отыр. Өр жерден барған жәрдемнің қанша екенін өткен номерде жазып көрсетіп отырмыз. Беріліп жатқан жәрдемдер аш-жалаңаш қалған қырғыздардың халдеріне қарағанда жоқ есебінде. Сондықтан Түркістан комитетінің ағзасы (Торғай облысының комиссары) Әлихан Бөкейхан сол комитеттің ағзасы (Жетісу облысының комиссары) Мұхамеджан Тынышбаевқа телеграм берді: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» деп. Сондай бірден берілетін молырақ суммамен қырғыздар халін жиып алмаса, аздап жинаған көмек қырғыздардың толып жатқан мұқтаждығының біріне жетсе, екіншісіне жетпей, тапшылық қыла бермекші. Бір жағынан қарыз ақша беріліп, бір жағынан жәрдем жиналса, қазіргідей қымбатшылық заманда қырғыз сияқты ішерге тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үйі жоқ, жұрдай болып сорлаған бүкіл мұқтаждығын өтерлік қаржы сонда ғана құралмақшы. Аңсап өлейін деп жатқан адамның аузына су тамызғандай, аз-көп демей әркім әліне қарай

жәрдем ету әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық жүзінен кімге де болса борыш. Бұл айрықша етіп алаш азаматтарының ісіне салып отырғанымыз: қырғыз ағайындарының алдындағы борыштарын ұмытпай өтеулері тиіс дегеніміз. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сейтәзім Кәдірбаев, Имам Әлімбеков, Жанұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов, Елдес Ғұмаров». *Әдеб.*: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2-том. – Астана: «Ел-шежіре», 2007.

ҚЫТАЙДАҒЫ МҰСЫЛМАНДАР КӨТЕРІЛІСІ – қытай үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалыс. Оған дүнгендер, ұйғырлар, қазақтар, т.б. мұсылман халықтары қатысты. 18 ғ-дың 2-жартысынан бастап Шыңжаңда Цинь империясының билігі орнаған еді. Бұл өлкедегі қытайдың жергілікті әкімш. жүйесінің ұзақ жылдар бойғы шектен шыққан қанауына шыдамы таусылған халық 19 ғ-дың 1-ширегінде бас көтере бастады. Цинь империясына қарсы бүкіл аймақтық көтеріліс 1864 ж. басталды. Мұсылман көтерілісшілерінің қысымымен 1865 жылға қарай Цинь империясы бүкіл Үрімжі окр-ндегі билігінен айрылды. Көтеріліс Жаркент, Хотан, Тұрфан, т.б. қалаларды шарпып, бүкіл аймаққа тарала бастады. Шыңжаңдағы Цинь билігіне орасан зор қауіп төнді. Көтеріліс жасауға бастамашы болған дүнгендер мен ұйғырларды қазақтар мен қырғыздар да қолдады. Көтерілістің бүкіл аймаққа өршуі нәтижесінде Шыңжаң аумағында Цинь билігінен азат болған дербес бес мұсылман мемлекеті – Кучар, Хотан және Қашқар ұйғыр сұлтандықтары, Жоңғарияда дүнген хандығы және Құлжада Тараншы сұлтандығы құрылды. Біріне-бірі тәуелсіз бұл хандықтар өз аумақтарын кеңейту үшін күрес жүргізді. 1867 ж. ұйғыр сұлтандықтары Бұзрұқ қожа басшылығымен біртұтас мұсылман мемлекеті – Жеті шаһарға бірікті. Сол жылы Бұзрұқ қожаның әскери қолбасшыларының бірі, тегі қоқандық – Мұхаммед Якупбек (Жақыпбек) билікті өз қолына алды. Ол 1870–71 ж. Түркиямен, Англиямен тығыз байланыс орнатты. Дүнген хандығын өзіне қаратып алып, Ресейдің шекаралық иеліктеріне қауіп төндіре бастады. Бұл аймақтағы саяси жағдайларды өз мүдделері тұрғысынан шешуде Ресей мен Англияның өзара бәсекелестігі күшейді. 1871 ж. шекаралық аймаққа қауіп төндіріп деген сылтаумен Ресей

Қазақстанмен шекаралас Тараншы сұлтандығын басып алды. Цинь империясы Орта Азиядағы стратег. маңызы бар Шыңжаңдағы билікті қалпына келтіру үшін күш салуға кірісті. 1873–74 ж. Шэньси, Ганьсу, Нинься провинцияларындағы көтерілістерді талқандады. 1876 ж. Жоңғарияны, Үрімжіні алды. 1877 ж. Қытай әскері Шығыс Түркістандағы Қашқар, Кучар, Хотан, Турфан қ-ларына кірді. 1878 ж. орыстардың қолындағы Іледен басқа бүкіл Шыңжаң жерінде Цинь өкіметінің билігі қалпына келтірілді. 1881 ж. Ресеймен жасалған екі жақты келісімдерден кейін Ілені қайтарып алды. Шыңжаңдағы мұсылмандар көтерілісін басқан соң бұл аймақта Қытай өкіметі мықты әрі берік тәртіп орнатып, оны билеп-төстеудің тиімді әдістерін іске асыруға кірісті.

Н.Мұхаметханұлы

«ҚЫТАЙ МҰСЫЛМАН МЕМЛЕКЕТІ ІСІ». 1938 ж. өлкелік сақшы мекемесі Алтайда үкіметке қарсы әрекетке дайындалып жатқан ұйым бар дегенді желеулетіп, осындай іс-шара жүргізуді қолға алады. Олардың ойынша бұл ұйым тарихи дәстүрді пайдаланып, Алтайда «Қытай Мұсылман мемлекетін» құрмақшы екен. Бұл ұйымның басты адамы ретінде әкімш. мекеменің бас хатшысы, қазақ-қырғыз мәдени-ағарту ұйымының бастығы, фэндихұйдың (империализмге қарсы тұру қоғамы) 5 бөлімшесінің үгіт ктінің меңгерушісі Мәнкей Мәмиұлы және т.б. деген тұжырым жасалады. 1938 жылғы ақпан айының орта шенінде дубан (губернатор) мекемесі бақылау бөлімінің Зо Шяу Шан деген жауапты тергеушісі қылмыстың мән-жайын жергілікті жердің өзінде «анықтау» мақсатында Алтайға жасырын түрде жіберіледі. Шан бір айға жуық «тексеру» жүргізіп, «расында осындай ұйым бар екенін» анықтап, Үрімжіге келіп баян етеді. Нәтижесінде сол жылғы наурыз айының аяқ шенінде қылмысқа қатысты болып айыпталғандардың арасынан Мәмиұлынан басқасы түгелдей қамауға алынады. Олардың ішінде аймақ әкімш. мекемесінің бөлім бастықтары Сәлім, Шабдан, Қамбар, Темірғали, Ақмолла және т.б. бар. Араға бес ай салып барып, Мәмиұлы мен Қалел Бітімұлын да тергеу ісі қолға алынады.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 12-т. Астана, «Ел-шежіре» 2008.

К.Қошым-Нозай



ЛЕПСІ ШАРУАЛАРЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ (1930 ж. 27 наурыз – 7 мамыр) – Жетісудың Лепсі, Ақсу аймағы қазақтарының Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы бас көтеруі. Олардың қатары ресми деректерде 1000 адамға дейін жеткен. Көтерілісті Егеубек Жанбайұлы, Қалдыбай Қылиұлы және Ғали Сатырбайұлы басқарды. 27 наурыз күні көтерілісшілер Ақсу елді мекенін басып алып, мемл. мекемелерді өртеді, телеграф бағаналарын қиратты. ОГПУ органдары көтерілісті басу үшін 25 адамдық жасақ аттандырды. Қару-жарағы жеткіліксіз көтерілісшілер өкімет әскерімен алғашқы қақтығыста ойсырай жеңіліп, Балқаш к. маңындағы Жаман Жамал, Күшікжан секілді бұйрат құм шоғырларын, жыңғылды мекендерді тасалап жүрді. Көтерілісті біржола басу үшін Кеңес өкіметі қосымша әскер жіберді. Жеңілген көтерілісшілер Қытай жеріне өтуді көздеді. Көтерілісшілердің сондарына түскен атты әскер оларды құм ішінде қырғынға ұшыратты. Қытай жеріне тек Егеубек Жанбайұлы бастаған аз ғана топ өтіп үлгерді.

Қ.Адамбосынов

МАҒАУИН Мұхтар Мұқанұлы (2.2.1940 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд.) – жазушы, әдебиет зерттеушісі, ғалым. Қазақстанның халық жазушысы (1996). ҚазМУ-ды (1962, қазіргі ҚазҰУ), осы ун-тің аспирантурасын (1965) бітірген. 1965–86 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, «Жазушы» баспасында, «Жалын» альманағында бас редактордың орынбасары, Әдебиет және өнер ин-тында, ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ)



М.Мағауин

аға ғыл. қызметкер, доцент, «Жазушы» баспасында бас редактор, «Жұлдыз» журналының бас редакторы (1988–2006) қызметтерін атқарған. «Кешқұрым» атты тұңғыш әңгімесі «Жұлдыз» журналында (1964) жарияланды. Соғыстан кейінгі ел өмірі бейнеленген әңгіме, повестер жинақтары мен романдары басылып шықты. Қазақ халқының көрші мемлекеттермен дипломат. қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген «Аласапыран» тарихи диалогиясы (1981–83), «Жармақ» романы (2012) жарық көрді. «Аласапыран» романында қазақ ордасын Тәуекел хан басқарған тұстағы (16–17 ғ-лар) қоғамдық-әлеум. жағдай көрініс тапқан. Хан мұрагері Ораз-Мұхаммед пен оқымысты Қыдырғали Жалайыридың, Едіге би ұрпағы Петр Урусовтың көркем бейнелері сомдалған. Томан би, Манақ батыр, Діл-



шат, Ай-Шешек бегім секілді кейіпкерлерді суреттеу арқылы қаламгер Ораз-Мұхаммед тұлғасын даралай түседі. Романда көшпелі тұрмыс көріністері, аңшылық, саятшылық сынды ұлттық дәстүрлер көрініс тауып, Қазақ хандығының Ресеймен, Иранмен, Бұхар, Сібір хандықтарымен өзара қатынастары, ішкі-сыртқы саяси жағдайлары сипатталған. «Қобыз сарыны» (1968) монографиясында хандық дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар шығарм-н (15–18 ғ-лар) жүйелі түрде талданды. Ол «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» атты ақын-жыраулар шығармаларының антологиясын құрастырып, жарыққа шығарды. «Ғасырлар бедері», «Қазақ тарихының әліппесі» зерттеу еңбектері қамтады тарихының 500 жылдық кезеңін қамтиды. М. – «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» (1992) оқулығы мен хрестоматиясының (1993), т.б. оқу құралдарының авторы. Қаламгер шығармалары бірнеше шет тілдерге аударылған. Ол Қазақстан Мемл. (1984) және «Түркі дүниесіне қызмет» халықар. (1997) сыйлықтарының лауреаты. «Парасат» орденімен (2005) марапатталған.

Т.Тебегенов

МАҢҒЫСТАУ КӨТЕРІЛІСІ, 1870 ж. Маңғыстау өңірінде патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Көтеріліс патша өкіметі 1868 ж. қабылдаған «Уақытша ережеге» («Далалық облыстарды басқару жөніндегі Ереже») байланысты туындады. Ресей империясы адай руларын 19 ғ-дың 30-жылдарынан бағындыра бастады. 1866–67 ж. адай руларынан жоғ. адай (Баймәмбет Маяев басқарды) және төм. адай (Ғафур Қалбин басқарды) дистанциялары құрылды. Екі билеуші Орал обл. басқармасына шақырылып, жаңа ережелермен танысты. Жаңа реформа бойынша салықтың мөлш. 1 сом 30 тиыннан 3 сом 50 тиынға дейін өсті және билеушілерден үй санын дәл есепке алуды, жерді мемл. меншік деп тануды, болыстар мен ауылдарға бөлінуді талап етті. Ел арасында толқу басталды. Халық бұқарасын Досан Тәжіұлы, Алғи Жалмағамбетов, Ержан және Ерменбет Құловтар басқарды. Оған қоса Маңғыстау приставы полк. Рукин би-шонжарлардың көмегімен салықты екі жылға (1869–70) бір-ақ жинамақшы болды. Рукин 1870 ж. 15 наурызда Маяевтың жол көрсетуімен төрт зеңбірегі бар 35 казак, тілмаш Бекметов, 60-тай билер мен старшындар құрамымен адай руларынан салық жи-

науға аттанды. Рукиннің қарулы жасақпен келуі көтерілістің басталуына түрткі болды. Көтерілісшілер Рукин отрядымен 22 наурызда кездесті. Көтерілісшілерге «Ұсақ» құдығы маңында Бозащы тобы қосылды. Рукин отряды біржола талқандалып, Маяев өлтірілді, Рукин көтерілісшілердің қолына түспес үшін өзін-өзі атып өлтірді. Көтеріліс бүкіл түбекті қамтып, көтерілісшілер саны 10 мыңға жетті. 1870 ж. 5 сәуірде көтерілісшілер Александровск форты мен Николаевск станицасына шабуыл жасады. Шабуылшылар теңіз бағдарларын өртеді, саудагерлердің үйлерін, дүние-мүлкін, гарнизон қорлары сақталған Нижнее бекінісін талқандады. Алайда зеңбіректерден жауған оқ көтерілісшілерді шегінуге мәжбүр етті. Көтерілісті басып-жаншу Кавказ уәкіл-өкіміне жүктелді. Мамыр айының соңында Маңғыстауға Кавказдан Апшерон полкінің батальоны, екі атқыштар ротасы, желілік батальонның екі ротасы, Дағыстан полкінің 4 ротасы, 4 зеңбірекпен қаруланған Терек казактарының екі жүздігі жеткізілді. Көтерілісшілер «Ұсақ» құдығында, Үшауыз шығанағында, Александровск фортында жазалаушыларға қатты қарсылық көрсеткенімен, күшті қаруланған тұрақты әскер бөлімдерінен жеңіліс тапты. Көтерілісшілер үстірттен солт-ке қарай ығысып, көше бастады. Бірақ Орынбордан шыққан жазалаушы отрядпен (Н.А. Крыжановский мен ген.-м. Биязнов бастаған) қақтығыста көп шығынға ұшырап, қайта шегінуге мәжбүр болды. Патша әскерлері Маңғыстауда үш ай болып, көтерілісшілерді қатал жазалап, қудалай бастады. Көтеріліс басшылары М.Тіленбаев, Тәжіұлы, Құлов патша жендеттерінің қудалауынан қауіптеніп, 1870 ж. желтоқсанда өз жақтастарымен бірге Хиуа хандығына өтіп кетті. Сөйтіп, жазалаушылар халықты «Уақытша Ережеге» күшпен көндірді.

Н.Мұхамедиұлы

МАРАЛ ишан Құрманұлы (1780, Қостанай обл. Қайранкөл маңы – 1841, Қызылорда обл. Қармақшы ауд.) – батыр, би. Тегі – Орта жүз. Керей – ашамайлы – құлтаба аталығынан. Батыр Қызылорда обл. Қармақшы ауданда өмір сүрген. Бейігі – қазіргі Қызылорда обл. Қармақшы ауд-ндағы «Қамыр» деген қорымға қойылған. М.и. батырлар әулетінен шыққан. Атасы Кенжебай батыр Мырзаұлы және әкесі Құрман батыр-тәуіп Кенжебайұлы – қазақ-жоңғар соғыстарында ба-



тырлықтарымен аты шыққан ерлер. М.и. діни қайраткер болған. Жас кезінде Бұхара маңындағы Жалаңаяқ әулиеден білім алған. Медреседің діни іліммен қатар дәрігерлікті қоса меңгерген. Еліне оралған соң, Қызыл-жарда мешіт салдырған. Кейбір деректерде Сыр өңіріне қайта келген кезінде 7 мешіт салдырған. Сібірде бас имам қызметін атқарған. Патша өкіметінің басқыншылық саясатының күшеюіне байланысты, М.и. 1807 ж. оған қарсы көтеріліс ұйымдастырады. 1821 ж. ол өзін императорға жолықтыруды сұрап, Орынбор әскери ген.-губернаторы П.Г.Эссенге және Сібір әскери бөлімінің бастығы ген. П.М.Капцевичке хат жолдаған. Хатында қазақтарды зорлап шоқын-



Марал ишан кесенесі

дыруға, құнарлы жерлерді тартып алуға қарсылық білдірді. Қазақ ру басылары мен бас көтерер азаматтарына арнап, патша өкіметінің отаршылдық саясатына, Қокан және Хиуа хандықтарының жаулаушыларына қарсы бірлесе күресуге шақырған ұнпарақтар таратты. Ген. И.Ф.Бларамберг «Естеліктер» атты кітабында 1852 ж. әскерлермен бірге Қосқорған және Қаракөл маңына тоқтанып, бұл маңда М.и. атты әулие қазақ тұрғанын, онымен кездескенін айта келіп, «Ол маған өте сенімсіз адам ретінде көрінді. Менің жанымдағы қазақтар оның алдында құрдай жорғалап, оны менің алып кетуіме көмектеспейтіні белгілі болды» деп жазған. 1819 жылдың жазының басында Керей жайлауында керей-уақ, атығай-қарауыл елдерінің басты адамдарының басын қосып, Қақсорының жағасында өткізген құрылтайында Есенеі Естемесұлын (1798–1870/71) боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне шымқай ақ киімдер кигізіп, М.и., билер мен бектер, батырлар ақ баталарын беріп, жиналған көп, ақ киізге отырғызып көтеріп, бірауыздан ма-

құлдап, Сібір қазақтарының шорасы етіп сайлайды. Қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. жерінде аға сұлтан болған Есенеі би жастайынан ел ісіне араласып, шешендігімен, әділдігімен көзге түскен. Ол 1832 ж. 10 желтоқсанда керей болысының старшындарымен Батыс Сібір губ.-ның басқармасына арызхат жолдайды. Бұл хатта шептік казак-орыстардың керей болысы қазақтарына жасаған қысымшылығы халықтың наразылығын туғызып отырғаны айтылып, мұндай істерге тыйым салынуын және қазақтарға қалааралық базарлар мен жәрмеңкелерде еркін сауда-саттық жүргізуге рұқсат беруін талап етеді. Есенеі өз ұстазы батыр М.и. бастаған ғазуатқа бұрынғыша белсене қатысып, оған әскерге елден ат, азық, киім жинап беруге көмектеседі. Бұл туралы ақын Баһрам Шақшақұлы «Қайғылы белдеу» дастанында: «Зенбіректен келсе де, Кәпірдің жолы болмаған. Қанға құмар сұмдардың, Марал ишан ұстазын Есенеі шора қолдаған. Сарбаз жинап берсін деп, Бектерге сәлем жолдаған», – деп жырлаған. Ал Сегіз Сері Баһрамұлы «Данышпандар» жырында: «Бұлтың Қыпшақ Қойлыбай, Бағаналы – Найман Барлыбай. Ашамайлы керейде Марал ишан, Қойшыбай. Осыларды жырлайын, Медет берсе бір құдай, ... Ортаңнан Марал шықты дабыл ұрып, Еріндер бәрің де оған мойын бұрып», – дейді. М.и.-ның Кенесары, Наурызбай батырлармен туыскандық байланысы болған. Абылай ханның баласы Қасым сұлтан мен М. и. бөле болып келеді. 19 ғ.-дың 30-жылдарында Қазақ мұсылмандарының басшысы М.и. Құсмұрын аймағында ғазуат аталатын дін соғысын жүргізіп жатқанда, Кенесары сұлтан Көкшетаудағы мекенінен іргесін сөгіп, соңына ерген елді бастап Құсмұрын жеріне қоныстайды. Орынбор әкімімен келісе алмаған Кенесары ғазуатқа қосылып, көтеріліс ұлғайып кету қаупі туған соң, Сібірден де, Орынбордан да орыс әскерлері шығып, ғазуатшыларды екі жақтан қыспаққа алады. Көтерілісшілер Торғай, Ырғыз жағына ауады. Ал, Кенесары мекендеген орын «Хан жатқан» деп аталып кетеді. Кенесары өз хандығының рухани көсемдігіне М.и.-ды шақырады. М.и. көтеріліске қатысушыларға діни басшылық жасау үшін, хан сарайының Кеңес құрамына кіреді. Даулы мәселелерді шариғат үкімі бойынша шешіп, көтерілісшілерге рухани демеу көрсетеді. Кенесары әскерінің жеңістерге жетуіне, халық



алдында беделінің артуына көп үлес қосады. М.и. Хиуа хандығының Сыр бойындағы қазақ ауылдарын, Орынбордан, Троицкіден келетін керуендерді талауға бағытталған басқыншылық, тонаушылық әрекеттерін тоқтатқан халық қозғалысына жетекшілік жасаған. Сыр елінің сүлейлері М. и-ды жырларына қосқан. М.и-ның Қалмұхамед ишан, Қалыбай ишан, Елібай ишан, Пірзада батыр-ишан, Текзада ишан, Есмұхаммед ишан, Жармұхаммед, Ысмайыл атты балаларынан ұрпақтары бар. М.и-ға арнап Қостанай өңірі мен Қармақшыда мешіт салынып, көше аттары берілген. Ол туған Қайранкөлдi халық Әулиекөл атайды.

Әдеб.: Сыр елі: Энциклопедия, А., Атамұра, 2004; Нұртайұлы С., Ислам және Марал баба, А., 1997; Бүркітбайұлы С., Марал ишанның нұр шапағаты, Қостанай, 1998.

Б.Ахметбек

МАХАМБЕТ Өтемісұлы (1803, Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. – 20.10.1846, қазіргі Атырау обл. Махамбет ауд. Қараой а.) – ақын, күйші, батыр, Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің (1836–38) рухани көсемі әрі жалынды жыршысы. Бала кезінен мұсылманша, орысша оқыған. Әкесі Өтеміс елге ықпалды би болған. 1824–28 ж. Орынбор қ-нда Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның қасында болды. 1829 ж. М. Ішкі Ордаға Жайықтан жасырын өтті деген айыппен ұсталып, Қалмыков бекетіндегі абақтыға 2 жылдай қамалды. 1831 ж. түрмеден қашып шықты, бірақ артынша ақталды. 1834 ж. Исатай батырмен бірікті. Осы жылдың 9 маусымында Жәңгір хан М-ті өз жағына тарту мақсатында старшын лауазымын ұсынды. Жер мәселесі, жайылымның тарлығы, орыс империясының қазақ хандығын жою мақсатындағы іс-қимылдары, сондай-ақ Жәңгір ханның жерді туған-туыстарына бөліп беруі мен ел билігінде қайын атасы Қарауылқожаға үстемдік берген астамшылық әрекеттері бүліншіліктің тууына себепші болды. Қарауылқожа мен Исатай-Махамбет арасындағы тартыс өршіп, наразылық үлкен қозғалысқа айналды. Исатай атынан жазылған «Әй, Махамбет, жолдасым!» атты М. толғауы, ондағы «Хан баласы жылады-ай, Жанымды қи деп сұрады-ай» деген жолдар хан ордасын қоршауға алған соғыс күндерінің (1837) шындығын сипаттайды. Осы жылдың қараша айында көтерілісшілер Бекетай құмында өздерінен күші әлдеқайда басым Гекке әс-

керімен соғысып, жеңіліс табады. Бұл оқиғалар М-тің «Соғыс» жырында бейнеленіп, «Жабығу», «Ереуіл атқа ер салмай» туындыларында жеңілістің күйзелісті күйі шертілді. 1838 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ бойындағы шайқаста Исатай қазаға ұшырап, М. Хиуа жақта 2 жылдай жасақ жинауға әрекет жасады. Бұл ниетінен нәтиже шықпаған соң Бөкей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналады. Ақын өміріндегі ауыр да сүргінді жылдар жалғасып, 1841 ж. 4 наурызда белгісіз біреулердің көрсетуімен Тілекеев деген қазақтың үйінде отырған жерінде М. қолға түсті. Орал әскерінің 40 адамнан құралған



Махамбет Өтемісұлы

жасағы үй иесі мен М-ті тұтқындап, Қалмыков а-нда (қазіргі Тайпақ ауд.) екі апта түрмеде ұстады, кейін Орынборға айдатты (17.3.1841). Орынбор ген.-губернаторы М. ісін әскери соттың қарауына тапсырды. Сот 1841 ж. 7 шілдеде «бүліншілікке» тағы араласса, қатаң жазалансын деген үкіммен тұтқыннан босатып, шекарадан өтпеді қатаң ескертті. 1841–45 ж. аралығындағы М. өмірі туралы деректер аз. 1845 ж. ақпанда М. баласы Нұрсұлтанды оқуға орналастырмақ ниетпен Орынборға келді. Шекарадан өтуіне байланысты ген.-губернатор істі қайта қозғады, Кіші жүздің батыс бөлігінің әкімі Б.Айшуаков та М-ті қудалауын қоймады. Ол ақынның басына 1000 сом тігіп, оны ұстау үшін



арнайы адамдардан (құрамында хорунжий Ықылас Төлейұлы, беріш руының биі Жанберген Боздақұлы, табын Төрежан Тұрымұлы, беріш руының казактары Мұса Нұралыұлы, Жүсіп Өтеуліұлы бар) құралған қарулы жасақ жіберді. М. хорунжий Тұрымұлының қолынан қаза тапты. М. шығармалары – бұқара өмірінің рухани-поэтик. шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. Шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі



Махамбет пен Исатай ескерткіші

терең әрі шынайы суреттелген. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы – Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Оның «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» арнаған өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері – хан-сұлтандарға қарсы жазылған, олардың бет пердесін ашатын жырлар болды. Халық нақылына құрылған филос. толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері ақын шығарм-н жоғары деңгейге көтерді. М. жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті. Алғаш «Мұрат ақынның Ғұмар қажы оғлина айтқаны» деген жинақта (Қазан, 1908) М-тің 100 жолдан астам екі толғауы басылды.

Ғ.Мұштак құрастырған «Шайыр яки казак ақындарының басты шығармалары» жинағында (Орынбор, 1911) М. толғауынан үзінділер берілді. 1939 ж. Қ.Жұмалиев М. өлеңдерінің жинағын шығарды. Ақынның 200 жылдық мерейтойы аталып өтіп (2003), 4 томдық жинағы жарық көрді.

А.Егеубаева, Ш.Сартай

МӘДИ Бәпиұлы (1880, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. — 1.2.1924, Қарқаралы қ.) – халық ақыны, әнші-композитор. Қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпағы. Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай сияқты санлақтармен кездесіп, өнеге алған. Жала



М.Бәпиұлы

жабылып, абақтыға түскен. Түрмеде елін, жерін сағынып, әділетсіз заманға налыған М. «Қаракесек» әнін шығарады. Бұдан басқа М-дің «Үшқара», «Шіркін-ай», «Мәди» атты әндері де жан сезімін, көңіл күйлерін бейнелейтін шабытты шығармалар. Бұл әндердің біразы кейінгі казак операларында («Қаракесек» – «Ер Тарғында», «Шіркін-ай» мен «Мәди» – «Қыз Жібекте») пайдаланылды. М. 1916 ж. азаттық жолындағы халық көтерілісіне үн қосты. Патшаның жергілікті әкімдерінің озбырлығын әшкерелейтін жырлар толғады. М-дің ән мәтіндерінен басқа өлеңдері әлі де жинақталмаған. Оның шығарм-ы туралы А.Жұбанов зерттеу еңбектер, ал Ә.Әбішев «Найзағай» (1969), Ә.Бектасов «Мәди» атты кітап (1973) жазды.

С.Қорабай

МӘМБЕТӘЛІ Аймағамбетұлы (19 ғ.) – би, 1869 жылғы Батыс Қазақстандағы көтеріліс жетекшілерінің бірі. Шамамен, Ойыл-Қиыл аралықтарында мекендеген. Ақкете руынан тарайды. М. Ақкете руының өте ықпалды билерінің бірі, 1869 жылғы «ел ауа» көтерілісінің негізгі көсемдерінің бірі болған. Сол жылдың көктемінде Ойыл-Қиыл бойындағы



кетелер мен шектілердің бір бөлігі М-ні өздеріне көтеріліс ханы етіп сайлаған. М-нің нақты іс-әрекеттері туралы мәлімет аз. Ол ресейлік басқарудың жаңа тәртібіне аса қатты қарсылық танытқан. Толқу кезінде Қобда бойындағы көтеріліс ошағымен қарым-қатынас жасаған. Қобдалық көтерілісшілермен бірге жаңа тәртіпті қабылдаған ауылдарға шабуылдар ұйымдастырған. Оның 1869 ж. наурыз айында Жаңа Ережені қабылдаған бір топ билерге жолдаған хаты мұрағатта сақталған. Тұзтөбе бойының билеріне арналған бұл хатта, олардың тәубеге келіп, ережеден бас тартуларын сұраған. М. туралы басқа мағлұматтар белгісіз.

Дер.: ООММ, 6-кор, 10-т., 8239-іс.

Н.Жетпісбай

МӘМЕТОВ Базарбай (1888, Жетісу обл. Лепсі уезі – 1946) – қоғам қайраткері, заңгер. Алаш қозғалысының, Алашорда үкіметінің мүшесі. 1911 ж. Верный ерлер гимназиясын, 1917 ж. Қазан ун-тінің заң ф-тін бітірген. 1916 ж. 15 қыркүйекте «Қазақ» газетінде Қазан қ-ндағы қазақ студенттеріне арнап тыл жұмысына алынған қазақ жастарына көмек беру туралы ашық хат жазып, үндеу тастады. 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынбор қ-нда өткен 1-жалпықазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік Құрылтайға және Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне Жетісу обл-ның атынан сайланды. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда өткен 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметіне мүшелікке өтті. Алаш әскерін жасақтау, ашаршылыққа ұшыраған халыққа көмек ұйымдастыру ісімен айналысты. 1918 ж. 10–31 тамызда Алашорданың Лепсінде өткен Жетісу обл. съезінде оның кеңесінің мүшелігіне сайланды. 1919 ж. Колчак үкіметі тарапынан большевиктермен қатысы бар деген желеумен қысымға алынған. Жетісуда Кеңес өкіметі орнаған соң да саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1928 ж. отбасымен түрмеге қамалды. 1931 ж. Саратовқа жер аударылды. Өмірінің соңына дейін Саратовта, Қарақалпақстанда, Жамбыл мен Талдықорған обл-тарында әр түрлі қызметтер атқарған.

М.Әбдешов

МӘРСЕКОВ Райымжан Мәрсекұлы (1879, Семей обл. Өскемен уезі, Айыртау болысы – ө.ж.б.) – алаш қозғалысының қайраткері, заңгер, публицист. Өскеменде уездік орыс-қазақ мектебін, Омбыда классик. гимназияны (1897), Санкт-Петербург Императорлық

ун-тінің заң ф-тін (1902) бітірген. Семейдің окр-тік сотында (1902–08), Омбының сот палатасында (1908–12) қызмет атқарды, Орыс географ. қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей қ. бөлімшесінің белсенді мүшесі (1908–11) және Семейде заңгер-адвокат (1912–17) болды. 1917 ж. Семей обл. қазақ к-тінің төрағасы және Уақытша үкіметтің обл. атқару к-тінің мүшесі болып сайланды. 1917 ж. 27 сәуір – мамыр аралығында өткен Семей обл. қазақ съезін ұйымдастырушылардың бірі болып, күзде «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиылысына депутат болып сайланды. М. Семейде «Сарыарқа» га-



Р.Мәрсеков

зетін ұйымдастыруға қатысып, оның алғашқы редакторларының бірі (1917–19) және Алашорданың осы облыстағы белсенді мүшесі болды. 1918–19 ж. Семей обл. Земство басқармасының төрағасы қызметін атқарды. 1918–19 ж. Семей обл-нда «Алаш» полкін жасақтауға белсене араласты. Алашорда үкіметінің атынан А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Аманжоловпен бірге Шәуешек қ-ндағы Ресей консулдығы арқылы большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін Қытай үкіметінен қару-жарақ алу туралы келіссөз жүргізуге қатысқан. Алашорда үкіметі таратылып, Қазақ автономиясы жарияланған соң 1920–22 жылдардың маусым айына дейін Семей губ. атқару к-тінің ақпарат-нұсқау бөлімінде нұсқаушы-тексеруші қызметін атқарған. Бірақ осы кезден бастап қоғамдық-саяси өмірден шеттегіліп, кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған М. 1922 ж. Қытайға кетуге мәжбүр болды. М. оқып жүрген кезде «Дала уәлаяты» газетінде (1899–1900) әйел теңдігі, қазақ билерінің дауды шешуі мен сайлау жөнінде, кейін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде (1912–16) патша өкіметінің отаршылдық саясатын



әшкерелеген және қоғамның болашағы кандай үлгіде дамуы қажет деген мәселелерді қарастырған мақалалар жариялады. Ол көптеген жауапты әрі лауазымды қызметтерде жүріп, қазақ соттарын ұйымдастыру, Алаш әскерін жасақтау, жер дауын шешу, елді азық-түлікпен қамтамасыз ету, қазақ жастарын оқыту, т.б. мәселелерге білімі мен қажыр-қайратын жұмсады. М-тің кейінгі Қытайдағы тағдыры туралы деректер аз сақталған және онда қайшылықтар көп кездеседі.

С. Смағұлова, Н. Шаяхметов

МӘУМІТ Сейтпембетұлы (1783–1855 ж.) – патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушы басшыларының бірі. Қолбасшы Есет Көтібарұлының кеңесші-ақылшысы. Көтеріліс жасақтарының Бас туын ұстаған, ержүректігімен, қайсар мінезімен аты аңызға айналған қаһарман батыр, ел арасында зор беделге ие болған, құрметке бөленген кісі. Сүйегі Арал қ. маңындағы Жаксы Қылыш төбесіне жерленген.

С. Тәшімбаева

МӘШІМБАЕВ Серік Мектепұлы (1939 ж.т. Батыс Қазақстан обл. Казталов ауд. Яловка а.) – тарих ғыл. докт., проф., акад. Орал а. ш. техникумын (1960), Киров атынд. ҚазМУ-дің (қазіргі әл-Фараби атынд. ҚазҰУ) тарих факультін бітірген (1967). 1967–71ж. Батыс



С. Мәшімбаев

Қазақстан обл. Казталов ауд-нда білім беру саласында мұғалім болып жұмыс атқарды. 1971 ж. ҚазМУ-дің тарих факультетінде аға оқытушы болып қызметке орналасты. 1995–2005 ж. Жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасында меңгеруші болып қызмет атқарған. Қазіргі кезде аталмыш оқу ордасында дүниежүз. тарихының өзекті мәселелері тақырыбында магистранттар мен докторанттарға дәріс беріп келеді. «Патшалық Ресейдің

Қазақстандағы мемлекеттік басқару мәселелері мен тарихы. XVIII–XIX ғ.» атты тақырыпта докт. диссертация қорғаған (2001). 1992 ж. Польша Республикасының Познань ун-нде дәріс берген. 2014 ж. «Байбақты Сырым Датұлы (1742–1802)» атты зерттеу монографиясын аяқтады. Жалпы алғанда 5 монография, 300 ғыл. мақалалардың авторы. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1974), «Еңбек ардагері» медалінің (1984), «ҚР-ның Білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2009) және әл-Фараби атынд. ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерекелік медальдарының иегері. 2009 ж. Гуманит. ғыл. Акад-ның акад-гі болып сайланған.

К. Қошым-Ноғай

МЕНЕЙ Мәлібайұлы (1814/16 – ө.ж.б) – Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы шыққан батыр. 1831–35 ж. Телікөлге жақын Қызылжыңғылбас деген жерде қоқандықтармен соғыста ерекше көзге түскен. Қызылорда обл. Қармақшы өңірінде өмір сүрген. 1894 ж. Ресейде шыққан және одан кейінгі де карталарда Меней атты жер көрсетілген. Левшиннің жазбаларында орыс экспед-сының жүру бағытын айтқанда да осы М. батыр аты кездеседі. М. батырды белгілі ақын Тұрмағанбет Ізтілеуұлы (1882–1939) жырына қосқан. М. батырға арналған жер атауы Қармақшы ауд-ның Қарақ жалы маңында бар. Бейігі – қазіргі Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Қуандария а-ның маңайында. *Әдеб:* Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Атамұра, 1994; Т. Дайрабаев. «Кете-Шөмекей» шежіресі. А., Ана-тілі, 1995; Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедиясы. А., 2005.

Б. Ахметбек

МЕНДЕШЕВ Сейітқали (16.6.1882, Ішкі Орданың Қалмақ-Шағыл а. – 1937) – қоғам және мемлекет қайраткері. 1903 ж. Қазан мұғалімдер семинариясын бітіргеннен кейін 13 жыл мұғалім болған, ағартушылық бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен айналысқан. 1916 ж. қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқаны үшін тұтқынға алынып, Астрахан түрмесіне қамалды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ішкі Орда қазақтарының өзін-өзі басқару ұйымдарын құруға атсалысты. 1920–25 ж. Қазақ АКСР ОАК-інің төрағасы қызметінде жүріп М. ашаршылыққа қарсы күресті басқарды. 1921 ж. Қазақстанның солт.

аймақтарын, 1924 ж. Жетісу және Сырдария обл-тарын Қазақ АКСР-іне қосуда үлкен қажыр-қайрат көрсетті. Патша өкіметі қоныс аударушыларға тартып әперген шұрайлы жерлерді қазақтарға қайтару керектігі



С.Меңдешев

жөнінде мәселе көтерді. М. алаш қозғалысы қайраткерлерімен кеңестік билік ымыраға келмеуі керек деп есептеді. 1925–30 ж. әртүрлі кеңестік қызметтер атқарып, 1930–37 ж. Қазақ АКСР оқу-ағарту халық комиссары болды. 1937 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, атылды. Жаңақала ауд-ндағы орта мектептің бірі, Алматының бір көшесі М. есімімен аталады. *Әдеб.*: Первые лица государства: политические портреты, А., 1998.

К.Нұрпейіс

МЕРГЕН – көздеген нысанаға оқ ататын қарудан дәл тигізетін шебер атқыш. Мылтықпен, садақпен оқ атып, көздеген затына дәл тигізу мергендік өнерге жатады. Ежелгі және орта ғасырларда садақшылардың ішінде «құралайды көзге атқан» атқыштардан арнаулы әскер тобы – «мергендер тобы» құрылған. Олардың қызметі қазіргі заман әскеріндегі мергендер (снайперлер) тобының қызметі іспетті болды. М-дердің міндеті жаудың қолбасы, әскербасы, басты батырларын жою, т.б. болды. Мыс., Кенесары әскерінде М-дерден құрылған ерекше әскери топ болып, оның басшысы «мергенбасы» деп аталған. 2-дүниежүз. соғыс жылдары М-дер даярлауға зор көңіл бөлінді. Олар оптик. аспабы бар мылтықпен жау әскерін құртуға атсалысты. Қазақтың Ә.Молдағұлова, Т.Әбдібеков, Ы.Сүлейменов сияқты даңқты мергендері жүздеген жау әскерінің көзін жойып, тарихта аттары мәңгілік қалды. Қазіргі кезде мергендік әскери саладан басқа, спорттық өнер сайысының бір түрі болып отыр.

Қ.Ахметжан

МИРЗОЯН Левон Исаевич (1897, Гянджа губ., Шушинск уезі, Ашан а. (қазіргі Әзербайжан Республикасы, Таулы Қарабақ) – 26.2.1939) – мемлекет қайраткері. 1917–33 ж. Әзербайжанда, Пермде, Оралда Кеңес үкіметінің лауазымды қызметтерін атқарды. 1933 жылғы қаңтардан БК(б)П Қазақ Өлке-лік партия к-тінің, 1937 ж. маусым – желтоқсан аралығында Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы қызметінде болды. Бұл жылдары елде білім мен мәдениет өркендеп, бірнеше жоғары оқу орындары ашылды. 1936 ж. Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтті, 1938 ж. алғашқы қазақ кино туындысы «Амангелді» жарыққа шықты. 1936 ж. Қазақ АКСР-і одақтас республикаға айналды. Қазақстанда 1931–33 ж. Ф.Голощекин ұйымдастырған ашаршылық салдарын жою мақсатында жүргізген шаралары үшін қазақ халқы «мырзажан» деп құрмет тұтқанымен, М. 1937–38 ж. саяси қуғын-сүргіндерді жүзеге асырушы, ұлт қайраткерлерінің жазықсыз жазаға ұшырауына себепшілердің бірі болды. Кеңес Одағы ыдыраған соң ашылған тарихи-мұрағаттық құжаттардан М-ның онсыз да көбі жазықсыз жазаланып, айдалып-атылып кеткен ұлт азаматтарын азсынып, 1937 ж. 1 желтоқсанда қазақ зиялылары мен оқығандарынан қосымша 1600 адамды саяси қуғындауды, жазалауды сұрап И.Сталинге құпия хат жолдағаны анықталды. 1938 ж. М-ның өзі де саяси себептермен тұтқындалып, КСРО Жоғ. Соты әскери алқасының шешімімен 1938 ж. 2-ақпанда атылды.

Әдеб.: Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения и современности), А., 1998.

Н.Шаяхметов, Д.Наушабай

МОЛДАҒАЛИЕВ Жұбан (5.10.1920, Батыс Қазақстан обл. Ақжайық ауд. Жыланды а. – 6.10.1988, Алматы қ.) – ақын. Қазақстанның халық жазушысы (1985). Орал а. ш. техникумын бітірген (1940), 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. М. 1948–83 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газеті редакторының орынбасары, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші, бірінші хатшысы болды. 1949 ж. «Жеңіс жырлары» атты тұңғыш жинағы шықты. М-тің 60-тан астам жыр жинағы жарық көрген. Қазақ әдебиетінде поэма жанрының дамуына мол үлес қосқан М. «Нұрлы

МОЛДАЖАН



жол» (1950), «Жыр туралы жыр» (1956), «Қиял қанаты» (1957), «Дала дастарқаны» (1957), «Қызыл галстук» (1958), «Жесір тағдыры» (1961), «Туған жер» (1962), «Мен қазақпын» (1963), «Айттым сәлем» (1966), «Кісен ашқан» (1969), «Қыран дала» (1974), «Сел» (1975), «Байқоңыр баспалдақтары» (1977) сияқты көркемдік дәрежесі жоғары



Ж.Молдағалиев

поэмалар жазған. М. Қазақ КСР (1970) және КСРО Мемл. сыйлығын (1978) алды. «Мен қазақпын» поэмасында М. қазақ халқының бұралаң-бұлтарысы көп сан ғасырлық тарихына шолу жасап, дархан даладай кеңпейіл халықтың шынайы бейнесін шабыттана жырлаған. Ел тағдырындағы кезенді оқиғаларды айта отырып, қазақ халқының отаршыларға, басқыншыларға қарсы күресін суреттеді. Бұл поэма – қазақтың эпик. жырының өрісін кеңейткен ірі көркем туынды. М-тың ұлтжандылығы, азаматтық ірі тұлғасы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі сияқты дүбірлі оқиғаға байланысты даралана түсті. Көтерілістен кейін қазақ зиялы қауымы өкілдерінің Қазақстан КП ОК-ның 1-хатшысы Г.Колбинмен кездесуінде М. жазықсыз жапа шеккен қазақ жастарына жасалған қиянаттарды айтып, батыл мәлімдеме жасады.

Ә.Нарымбетов

МОЛДАЖАН Жадайұлы (1879, Ақмола обл. Еңбекшілдер немесе Егіндікөл ауд. – 1958, сонда) – халық ақыны. 1916 ж. патша жарлығына наразылығын білдіріп, Ерейментау өңірінде болған көтеріліске қатысқан. «1916 жыл оқиғасы» поэмасында осы ұлт-азаттық көтеріліс шынайы суреттелген. Оның «Бөгембай батыр», «Сабалақ», «Олжабай батыр» дастандары қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресіне арналған. М. шығармалары ҚР ҰҒА орт. ғыл. кітапханасының қорында сақтаулы.

МОЛДАЖАНОВ Ілияс Ысмайылұлы (1900, Шығыс Қазақстан обл. Бесқарағай ауд. Бөденелі а. – 25.2.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ақын, журналист. Екі кластық орыс-қазақ уч-щесін бітірген (1914). Жастайынан шығарм-пен айналысқан. Оның онға жуық дастаны мен қиссасының қолжазбалары Қазан ун-тінің ғыл. кітапханасында сақтаулы. 1918 ж. Семейде Алашорда жасақтаған атты әскерге алынып, Жетісу майданында шайқасты. 1920 ж. наурызда Кеңес өкіметі жағына өтіп, 3-ші Қазақ атты әскер полкінің соғыс комиссары болды. 1921–24 ж. Орынбор мен Семейде партиялық үгіт-насихат жұмыстарын атқарды, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болды. 1925 ж. Павлодарда у-нде, 1926–28 ж. Қызылжар губерниясында басшы қызметтерде болды. 1929–35 ж. Гурьев, Костанай округтік атқару к-тінің, Алматы обл. аткомның төрағасы, 1935–37 ж. Қазақ АКСР Қаржы халық комиссары болды. 1938 ж. саяси қуғынға ұшырап, атылды. 1956 ж. 30 маусымда КСРО Жоғ. соты әскери алқасының шешімімен ақталды.

Әдеб.: Сәдуақасұлы Ә., Тарихыңды танып біл, А., 1996.

Ж.Сүлеймен

МОЛДАШЕР Ахун Жамұратұлы (1825–1904) – ұлт-азаттық қозғалысына өзіндік үлес қосқан тұлға. Бұхарадағы Көкілташ медресесін үздік тамамдап, тағы екі жыл білімін жетілдіріп, ахун шатырхатын алған ол дін-исламды насихаттап, халық ағарту саласында аянбай тер төгеді. Еркіндік сүйгіш ата-бабаларының жатжұрттықтарға тәуелді болмау ұстанымын өзіне темірқазық санаған М. – Ресей билігінің ықпалына түспеу үшін бар ғұмырын сарп еткен күрескерлердің бірі. Сыр өңірін тұтастай бағындырған отарлаушылардың қыспағына шыдамаған ол ауылдарымен бірге 1863 ж. Қызылқұмға қоныс аударып, өз қаражатына құдықтар қаздырған. М. – қазақ ауылдарының балаларын оқыту мақсатында мектептер ашып, молда ұстаған ағартушы, ел-жұртты имандылыққа шақырып, дін-ислам жолын, мәдениеттілік пен салауаттылық, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді насихаттаушы, Жанқожа батыр, Садық сұлтан бастаған ұлт-азаттық көтерілістеріне сарбаздар қосу, материалдық және рухани қолдау көрсету арқылы жатжұрттық отарлаушылардың басқыншылық саясатының өрістеуіне қолдан келгенше кедергі жасаған қайраткер.



Әдеб.: Омаров Қ., Тарихтан алған тағылым, Қазақ тарихы, 2009. № 2; Өтебаев Қ., Би болып өткен бабалар, Өзбекстан: Үшқұдық, 2009. – 147-б.; Дайрабай Т., Сыр перзенттері. А., Арыс, 2010.

Қ. Омаров

М.ТЫНЫШБАЕВ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС. Ата-бабамыздың жалпы ұлттық биік мұраттар жолында жүріп өткен жолын, осы жолда жиған мол тәжірибесін, жеткен жетістіктері мен жіберіп алған қателіктерін ой таразысынан өткізу – отандық тарихтану ғылымының негізгі міндеттерінің бірі. Өмір сұранысына сай, ғыл. теориялық және методол. тұрғыдан жазылған зерттеу жұмыстарының қоғамның тарихи санасы мен тағылымының қалыптасуына, мемл. идеологияға ықпалы зор болмақ. Отан тарихында есшауақытта өзектілігін жоймайтын тақырыптардың бірі – ұлт-азаттық күрес тарихы. Соңғы жылдары 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихына қалам тартқан ғалымдардың көптеген зерттеулері мен мақалалары баспасөз бетінде жарық көруде. ҚР ҰҒА акад. Манаш Қозыбаевтың «1916 жыл: Ұлт-азаттық қозғалысы тарихнамасының кейбір мәселелері» атты мақаласында көтерілісті «ең алғаш зерттеудің басында тарихшылардың аға буын өкілдері С.Асфендияров, А.Байтұрсынұлы, Т.Рысқұлов, С.Меңдешов, Б.Алманов, Б.Қаратаев, жазушы Ж.Аймауытовтар тұрды» деп көрсетті. Осы есімі аталғандардың басым көпшілігінің 20–30 ж. жарық көрген еңбектері олардың авторлары жалған жаламен «халық жаулары» ретінде айыпталғаннан кейін ғыл. айналымнан алынып тасталған болатын. Солардың қатарында сол жылдардағы оқиғаларды өз көзімен көрген, тіпті тікелей қатынасқан адамдардың бірі – қоғам қайраткері, алаш зиялысы Мұхаметжан Тынышбаев та болды. Қазіргі кезде зерттеушілер ұлт-азаттық көтерілістерге жаңа қырынан қауада, оның өзіндік шын тарихын құнды деректер негізінде объективті түрде зерттеуде. Осыған орай өмірлерін ұлттық мүдде үшін қиған Тынышбаев сынды ғалымдардың тарихи зерттеулері жаңа көзқарастар тұрғысында бағалана бастады. Қазақ халқының 20–30-жылдардағы тарих ғылымында Тынышбаев зор рөл атқарды. Ол зерттеушілік қызметінің негізгі бағыттарының бірін халқымыздың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеуге арнады. Ғалым гимназист және студент бола жүріп, қазақ халқының мұқтаж-

дығын жақсы түсінді, орыс басқару органдары мен Жетісуды мекендеген қазақ және қырғыз халықтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды жан-жақты зерттеуге тырысты. Оның пайымдауынша, қазақ-қырғыз халықтары Ресейден қоныс аударушылардың осы өлкеге орналасуына аса қарсылық көрсетпей, олардың жаңа жерде өздерінің жағдайын жақсартуға ұмтылған әрекеттеріне әуелде түсіністікпен қарады. Олар қоныс аударушыларды өлкеде қарсылықсыз қарсы алды. «Тіпті елдің ақсүйек ру басылары орыс отрядтарын елге өздері бастап келіп, қоян-қолтық араласты. Алайда олардың келуінің немен аяқталатыны белгісіз болды...» дей келіп, Тынышбаев жергілікті халықтың мүддесіне қайшы қандай заңсыздықтардың жүзеге асқандығын көрсетеді. 1906–1914 ж. аралығында Верный обл-н басқарған С.Н. Велецкий кезіндегі заңсыздықтардың ашық түрде жүзеге асқандығын бұлтартпайтын деректермен дәлелдеген Тынышбаев 1916 жылғы көтерілістің басты себебі патшаның жергілікті халықтың ер-азаматтарын майданның қара жұмысына алу туралы 25 маусымдағы жарлығы емес, әлеум. және ұлттық езгінің 1-дүниежүз. соғыс барысында барынша күшейгендігінен екенін баса көрсетеді. Тынышбаев өз зерттеулерінде Верный уезін 8 жыл басқарған Велецкий кезінде Переселен басқармасының қазақ пен қырғыздардың жерін тартып алған заңсыздық әрекеттерінен мәліметтер келтіреді. 1916 жылғы патшаның маусым жарлығы көтерілістің басталуына түрткі ғана болғанын айтады. Бұл туралы ол Түркістан ген.-губернаторының атына жазған түсініктемесінде ашық көрсетті. Түсініктеменің бір тұсында ол: «Құнарлы жерлерді тартып алған соң мал шаруашылығы құлдырады, жер өңдеу қысқартылды. 1907–14 жыл арасындағы жеті жылда облыс қаты өзгеріске түсті...», – десе, екінші бір жерінде «барлық жауапкершілік қазақтардың мойнында болды: егер орыс шаруасының малы немесе басқа бір мүлкі жоғалса, жергілікті жер болыстығына оны тез арада табу жүктелді. (Лепсі уезінде 3–5 күндік мерзім ішінде)», – деп, ел ішіндегі заңсыздықтардың ашық түрде қандай жолдармен жүзеге асқандығын көрсетеді. «1910 жылы Жетісу облысы үстінен өтіп бара жатып Қарабалтадан Пішкекке дейін, одан әрі Константиновқа дейінгі шамамен 75 шақырым аралығында пошта станцияларының өзара тұтас



дерлік қоныстанушылардың поселкелерімен жалғасқанын көрдім. Пішкек уезін түгелдей поселкелер басқан», – деп, алыстағы Чернигов, Орлов және басқа губ. мұжықтары армандаған Пішкек жері туралы айта келіп, «даудың басы патшалық Ресейдің жер мәселесіне қатысты жүргізген отарлық саясаты ұлт-азаттық қозғалыстың туындауының басты себебі болды», – деген қорытынды жасайды. Тынышбаевтың Түркістан ген.-губернаторының атына жазған түсініктемесінде 1916 жылғы көтеріліс тарихын зерттеуге үлес қосуға мол мүмкіндік беретін мәліметтер келтірген. Мәліметтерді қарастыра отырып, ел қоныстарын қозғамай-ақ, бос жатқан қазақ даласын игеру патшалық өкімет үшін тиімсіз болғанына көз жеткіземіз. Оның бұл пікірі замандасы А.Байтұрсынұлының «Көшпелі хәм отырықшы норма» атты мақаласында қолдау тапқан. Осылардың бәрін көріп, сезініп өскен Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ә.Бөкейхан, Тынышбаев, Аймауытов сынды зиялы азаматтар намысы тапталған, қорланған халқына қол ұшын беруді өздерінің парызы санады. Бұл ретте аталған қазақ зиялыларының 1916 жылғы патшаның маусым жарлығына байланысты көзқарасы туралы мәселе туындайды. Олардың сол жылдары қандай күй кешкенін Дулатовтың «Он алтының ойраны» атты мақаласынан көруге болады. «Бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете түсті. Бұл жарлықтың бізге жайдың оғындай көрінуі – қалың қазақ еліне оның әсері қандай болатындығын сезгендігімізден еді. Бұл жарлықтың қазақ арасына қалай тарайтыны, қазақ елі не күйге ұшырайтыны көз алдымызға елестей қалды, өз өмірімізде басымызға тұмаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ? Елдің ризалықпен көңісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, «соғыс», «солдат» деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша өкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. «Көнбе, берме» дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп «көнбе» дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда?» деп көрсетсе, Тынышбаев: «Жағдай өте қолайсыз қалыптасты және санаулы қырғыз (қазақ) интеллигенциясы екі оттың ортасында қалды», – деп жазды. Сол кездегі қазақ зиялыларының жетекшісі Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов ешбір қарсылықсыз патша жарлығын орындау керек деп санады.

Бұлай етпеген жағдайда, деді олар, патша өкіметі жазалаушы қарулы жасақтар шығарып, елді қантөгіске душар етеді. Олар 1916 жылғы «Қазақ» газетінің 192-нші санында «Алаштың азаматы» деген мақала-хат жариялап, онда қантөгіс болдырмау үшін халықты патша жарлығын орындауға шақырды. Кеңес өкіметі жылдарында бұл қайраткерлердің осы іс-әрекеттері халыққа сатқындық жасағандық деп бағаланып, оларды «халық жаулары» деп айыптауға негіз болған факторлардың біріне айналды. 1916 жылдың шілде-тамыз айларында Жетісу облысында басталған көтеріліс көп кешікпей Қазақстанның барлық аймақтарын түгелге дейін қамтыды. Ол алғашқы кезде түземдік әкімш-ке тізім жасатпаудан басталып, соңынан қарулы қақтығысқа ұласып, патшалық өкіметтің жазалаушы отрядтары мен бұқара халық жасақтары арасындағы қақтығысқа әкелді. Бұл көтеріліс тек қана Қазақстанды қамтып қойған жоқ, Орта Азияға түгел таранды. Бір сөзбен айтқанда, 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы көтеріліс осы ұлан-ғайыр жерді мекендеген жергілікті халықтардың ұлт-азаттық күрестерінің заңды жалғасы, әрі шырқау шыңы болды. Соғыстың ауыртпалықтары, жергілікті халықтан зорлықпен жердің тартып алынуы, шаруашылықтың күйзелісі, патша жендеттері тарапынан тонаудың күшеюі, орыстандырудың қарқынмен жүзеге асуы халық шыдамын шегіне жеткізді. Ал қара жұмысқа 19–43 жас аралығындағы ер азаматтарды алу жарлығы шегіне жеткен шыдамды отқа май құйғандай өршітіп жіберді. Бұл тарихи кезеңде қазақ халқын біржолата құртып жіберу қаупі туды. Жоңғарлармен күрес дәуіріндегідей тарих мәселені тағы да төтесінен қойды: қазақ халқы өмір сүруін тоқтата ма, әлде ұлт ретінде өзін-өзі сақтап қала ала ма? Отарлық басқарушылар өз қол астындағы бұратана халық санасының оянуына жол бермеуді көздеп, көтерілісті өз мүддесіне сай кері сипаттауға тырысты. Ал ұлт зиялыларының көтерілісті шынайы ақиқат тұрғысынан жазуға ұмтылуы олардың саяси құрбан болуына әкелді. Осындай тағдыр тәлкегіне түсетінін біле тұрса да, олар өз ұстанымдарынан бас тартпады. Халық санасының оянуына қозғаушы күш болған ұлт-азаттық қозғалыстар ұлттық рухты сілкіндірді. Ұлт-азаттық көтеріліс тарихын ақиқат тұрғысында жазып, оған объективті баға беруде Ты-



нышбаевтан қалған мұраның тарихнамада алатын орны ерекше. Ол бұл мәселеге арнап мақалалар жазып, саяси мәлімдемелер жасады. Оларда көтерілістің барысы мен салдары жөнінде құнды деректер бар. Онда тарихшы жекелеген обл-тардағы көтеріліс барысын сипаттап, жергілікті көтерілістің патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған бұқаралық қозғалыс екендігін, көтеріліске басты себеп болған – патша өкіметінің жергілікті халықтың жерін отарлаудағы қоныстандыру саясаты оның арандату саясаты болғандығын дұрыс көрсете білді. Қазақ елінің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі инженер-тарихшының қоғамдық қызметі мен шығарм. еңбектерінде ерекше орын алғандығы жайында сол жылдары Орынборда Байтұрсынұлы мен Дулатовтардың редакторлығымен жарық көріп тұрған «Қазақ» газетінде былай делінді: «М.Тынышбаев – II Мемлекеттік Думаның мүшесі, инженер. Саясат ісіне жетік, халыққа таза жолмен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатарлы зиялы азамат. Жетісуда бүліншілік болғаннан бері Мұхаметжан көзге көрінерлік көп пайда келтіріп жүр. Былтыр Түркістан уәлаятында генерал-губернатор Куропаткинге (1916 ж. 10 тамыз) мәселенің бәрі Жетісу қазақ-қырғызында емес, жергілікті хәкімдердің жауыздығынан болғандығын жете түсіндіруші – Мұхаметжан. Түркістан уәлаятындағы қазақ-қырғыздардың жері Жетісу переселендік мекемесінің зиянды саясаты бойынша мұжыққа алынғандығын, жергілікті халықтардың тау мен тасқа қамалып қалғандығын һәм мұнан былай да жер алынатын болса, қазақ пен қырғыз аса таршылықта қалатындығын дәлелдеп доклад жазған Мұхаметжан». Ұлт-азаттық қозғалыстан соң патшалық отарлаушылар көтерілістің негізгі себептерін бүркемелеп, халықты патша жарлығына қарсы көтерген түрік пен неміс агенттері деп түсіндіруге тырысты. Мұндай пайымдаулардың астарын жақсы түсінген Тынышбаев көтерілістің негізгі себептерін ген.-губернаторға (4.6.1924 ж.) берген хатында ашық жазды: «Түркістандағы орыс тұрғындарының 90%-ы Жетісу жеріндегі толқулардың себепін көп ойланып жатпай-ақ, түрік және герман үгіттеуінен көру дұрыс емес, шындығында оның себептері қазақ-қырғыздарды ата қонысынан, жерінен айырған отарлау саясаты мен патша жендеттерінің жасаған түрлі зорлықтары және де үлкен көтері-

лістерді ұйымдастырар үгітшісінің жоқтығы еді». 1916 жылғы дүрбелең кезінде қатарында Тынышбаев бар зиялылар «Қазақ» газеті арқылы оқығандарға үндеу тастап, оларды өз ауылдарынан майданның қара жұмысына алынғандардың қатарына қосылып, майдан шебіне баруға, оларға рухани көмек беруге, өзге ұлттарға басындырмауға, офицерлерге қорлатпауға шақырды. Ә.Бөкейхан бас болып, қара жұмысқа алынғандар шоғырланған жерлерді аралауға аттанды. Оларды азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуді, дәрігерлік көмек көрсетуді ұйымдастырады. Ал 1917 ж. Ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейін жұмысқа шақырылған қандастарымызды елге қайтару ісінің басы-қасында болды. Мәселен, Дулатов Петроград пен Мәскеудің теміржол бекеттерінде түнеп, елге қайтушы жігіттерге теміржол билеттерін алып беріп, басқа да көмектер көрсетті. Бұл жөнінде жазушы-тарихшы Ғ.Ахметов арнайы мақала жазып, нақтылы деректер келтірді. Тынышбаев 1916 жылғы көтерілісті патша жендеттері аяусыз басып-жаншығанда шет елдерге босып кеткен қандастарымызды өз отанына қайтару ісімен айналысты. босқындарды қазақ еліне қайтару үшін Байтұрсынұлы мен Дулатов Шәуешекке, М.Шоқай Өзбекстанға, Тынышбаев Құлжаға аттанды. Осылайша азаттық күресінің кейінгі ауырпалығын да зиялы қауым көтерді. Тынышбаев 1917 жылғы көктемде Ташкентте құрылған Уақытша үкіметтің Түркістан к-тінің мүшесі ретінде, одан соң Жетісу обл-ндағы Уақытша үкіметтің комиссары болып жүріп, шет елге босып кеткен қазақтарды елге (негізінен Жетісуға) қайтарып, оларды жерге орналастыруда үлкен рөл атқарды. Түркістан к-тінің қырғыздардың (қазақтардың) жермен қамтамасыз етілуіне ерекше көңіл бөлгендігі жөнінде к-ттің 1917 жылдың 19 сәуіріндегі мәжілісінде оның мүшесі Тынышбаевтың «Қытай өңірінен келген қырғыздардың қоныстандырылуы жөніндегі баяндамасы» дәлелдейді. Тынышбаевтың «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 24-маусымындағы санында жарияланған мақаласында «Қытай жеріне кеткен (Құлжа һәм Қашқар өлкелеріне) босқын қырғыз, қазақтардың саны 164 мың адам екен. Содан үстіміздегі жылғы (1917) июльдің 1-іне дейін қырылғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың адам» деп мәлімет берген. Бұл тұрғыда ғалым



М.Қойгелдиев: «Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деуші едік, Мұхаметжанның айтуынша, Жаркент уезіндегі албандардың (ұлы жүз) опат болған босқындар саны қырғыздардан кем емес» дей келіп, осы мәселені анықтаудағы Тынышбаевтың саяси-қоғамдық және зерттеушілік қызметіне жоғары баға берді. «Қазақ» газетінің беттерінде Тынышбаев Жетісудағы қырғыз бен қазақ елінің басына түскен қасіреттердің шын ауқымын көрсететін деректік материалдар жариялады. Мыс., 1917 жылғы 254-інші санында Жетісу обл-ның қазақ және қырғыз уезіндегі болыстардан Қытай асқан адамдардың санын анықтайтын кесте беріп, «44 болыс жерінде барлығы 47 мың 759 түтін бар, содан қашқаны 40 мың 250 түтін, қырылғаны 95 мың 200 жан болды» деп көрсетеді. Бұл есепке карағанда босқындардың жартысына жуығы қырылған. Ұлт зиялылары 1916 жылғы тыл жұмысына адам алу нәтижесінде жас шамасын жасыратын, мал санағының, жер мөлшерін есептеуден бастарын алып қашатын болып алған халыққа, егер бұл есептер дұрыс берілмесе қазақтың есесі кететіндігін түсіндіруді және осы сияқты көптеген кезек күттірмес мәселелерді шешуді өздеріне борыш санады. Сонымен қатар, өлкеде қалыптасқан жағдай қазақ ұлты қайраткерлерінің алдына елде орын алған ашаршылықпен күресу, мұжық-орыс пен қазақ және казак-орыс пен қазақ араларындағы дау-жанжалдарға араласу, жергілікті жерлерде құрылып жатқан уақытша билік орындарына өз өкілдерін өткізу тәрізді сан қилы проблемалар жиынтығын көлденең тартты.

Әдеб.: Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы: Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияның материалдары, А., 1999; Тынышбаев М., Ақтабан шұбырынды, А., 1992 ж.; Байтұрсынов А., Ақ жол, А. 1991; «Жұлдыз», 1991, №6; Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда. А. 1995; Қазақ газеті 1917, №237.

С.Төлбасиева

МУҚАНОВ Сәбит (22.4.1900, Ақмола губ., Қызылжар уезі – 18.4.1973, Алматы қ.) – белгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР ҒА-ның академигі (1954). Жас кезінде ауыл молдаларынан хат таныған М. Қазан төңкерісінен кейін саяси-әлеуметтік, қоғамдық істерге белсене қатысты. 1918 ж. Омбыдағы мұғалімдер курсында білім ала жү-

ріп, М.Жұмабаевқа хатшылық етті, оның пед. тарихы курсынан оқыған лекцияларын қағазға түсірді. М. курсты бітіргеннен кейін ауылда мұғалім болады, жергілікті «Совдеп» жұмысына белсене араласты. Кеңес өкіметіне қарсы тұрған ұлтшылдардың, бай-қулақтардың топтарын талқандауға құрылған төтенше әскери бөлім қатарына кірді, Көкшетау ревкомының төрағасы болды. С.Сейфуллин бастаған кеңестік жас ақын-жазушылармен бірге ұлтшыл-алашордашыларға қарсы күресті. 1926–28 ж. республикалық баспасөзде қызмет етті. М. осы кезде Алаш қайраткерлерін «әшкерелеуге» арналған айтыстарға қатысты. 1936–37, 1943–51 Қазақстан Жазушылар одағын басқарды,



С.Муқанов

ұстаздық қызметте болды. Осыдай әр алуан қызметтер атқара жүріп М. көптеген әдеби шығармалар жазды. М. «Өмір мектебі» романында кеңес билігі орнаған соң елдің әлеум. өмірінде болған үлкен оқиғалар баяндалып, кооп. ұйымдарын ашу, оқу-ағарту жұмыстарын жандандыру істері өзекті мәселе болып, Боржабай, Шегеннің Айсасы, Қазыбайдың сұлтаны сияқты байлар мен «Алаш» партиясының мүшесі Абылай сияқты кейіпкерлерін Кеңес өкіметінің жаулары ретінде көрсетеді. «Есею жылдары» шығармасында М. бұрыннан көтеріп келе жатқан тақырыбына қайта оралып, ұлтшыл, алашшыл ақын-жазушыларға қарсы жүргізілген күресті нақты деректерге сүйене отырып баяндайды. Еліміздегі әлеуметтік зор істер атқарған қоғам қайраткерлері қатарында Сейфуллин, А.Асылбеков, Ж.Садуақасов, О.Жандосов, С.Меңдешев, т.б. есімі аталады. М-тың «Ботагөз» романында Қазақстандағы 1910–1920 жылдардағы күрделі саяси-әлеуметтік оқиғалар, 1-дүниежүз. соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Ақпан, Қазан төң-



керістері, Азамат соғысы, Кеңес өкіметінің қазақ жерінде орнауы сияқты ірі тарихи оқиғалар баяндалған. М-тың қазақ әдебиеті туралы зерттеулерін: 18–19 ғ-дағы қазақ әдебиеті, Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы, 20 ғ-дың басындағы қазақ әдебиеті деп бөлуге болады. «Қазақтың 18–19 ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942, кейін тыйым салынған) атты монографиясында ақын-жыраулар (Бұқар, Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет, Шортанбай, Шернияз, Мұрат, т.б.) поэзиясы мен жыр-дастандарға, сондай-ақ атақты тарихи тұлғаларға (Абылай, Кенесары хандар) қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тұрғысынан қарады. М. қазақ елінің мүддесі, халық тағдыры тұрғысынан патша өкіметінің отаршылдық саясатын сынға алды. М. «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» («Еңбекші қазық», 01.03.1923) атты мақаласында Абайды ескішіл, байшыл ақындар қатарына жатқызып, үстем тап ақыны деп санаған болса, 1944–45 ж. жазылып, 1961 ж. жарық көрген «Абай Құнанбаев» монографиясында ақынды «қазақтың ұлы ақыны» деп жаңаша баға берді. М-тың «20-ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) атты кітабы сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің шындығы мен дамуы жайында жарияланған бірден-бір еңбек болды. Еңбекте А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ғ.Қараш, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Б.Күлеев, Жұмабаев, М.Әуезов, т.б. ақын-жазушылар шығармаларына кеңестік кезеңнің саяси талабына сай сыншылдық көзқарас тұрғысынан келіп, кеңестік идеологияны қолдамаған алашшыл ақын-жазушыларды сын тезіне алды, өзінің таптық ұстанымдарын айқын танытты. Дегенмен олардың жазушылық, ақындық талантын дұрыс бағалады, оларды қазақ кеңес әдебиетіне қызмет етуге шақырды. М. қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты Кеңес өкіметінің әр кезеңдердегі солақай шешімдеріне қарсы шығып, өзі сенген, жан-тәнімен қызмет қылған кеңестік биліктің сынына да ұшырады. 1937 жылғы зобалаң кезеңде М-қа «Алашорда ақыны Мағжанға қамқорлық көрсетті, С.Сейфуллин бастаған ұлтшылдар тобында болды, буржуаз. ымырашылдыққа барды» деген айыптар тағылып, саяси сенімсіздік көрсетілді. 1951 ж. 13–15 маусымда Қазақстан ҒА-сы мен Қазақстан Жазушылар одағы төралқа мүшелерінің Абайдың әдеби мұрасы жөнінде өткізген пікір-

таласынан кейін Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, т.б. әдебиет зерттеушілерімен бірге М-қа да Абайтанудағы «кателіктері» мойндатылды. Алматы қ-дағы көшеге, туған ауылына, ондағы мектепке, Солт. Қазақстан обл. кітапханасына, обл. драма театрға М. есімі берілген.

Д.Наушабай

МҰҢАЙТПАС Бөтенбекұлы (19 ғ.) – би, ірі дін өкілі, қажы, 1869 жылғы Батыс Қазақстандағы көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Меккеге үш рет қажылыққа барған. Мұрағаттарда жергілікті билердің бірі ретінде көрсетілген. Біқпалды тұлғалардың бірі ретінде, әрі қазақтар мен шептегі орыс тұрғындарының арасындағы дау-дамайларды реттеудегі еңбектері үшін 1864 ж. күміс мөр мен мақтау қағазына ұсынылған. Орынбор гимназиясының ашылуына қаржылай көмек бергені үшін 1867 ж. қаңтар айында тағы да күміс мөрге ұсынылып, наурыз айында марапатын алған. Патша үкіметі тарапынан ықылас пен ынталандыруға қарамастан, М. орыс әкімшінің қазақ жеріне қатысты саясатына сақтықпен қараған. Патша үкіметінің 1868 ж. 21 қазандағы қазақ жерін басқару туралы «Жаңа Ережесіне» алғашқылардың бірі болып наразылық танытқан. 1869 ж. қаңтар айының ортасында Бесқопа жазығындағы өз ауылында Қобда-Елек бойының игі жақсыларын жинап, Ережені қабылдау не қабылдамау туралы үлкен кеңес ұйымдастырған. Бұл жиынға жергілікті ру бөлімдерінен 500-ге тарта билер мен ақсақалдар қатысқан. Көтерілістің қазақтың батыс даласына кең қанат жаюына аталған кеңес едәуір ықпал еткен. М. қозғалыстың рухани жетекшілерінің бірі болды. Мұрағат құжаттарында оның көтеріліске қосылуға шақырып, шөмішті табын руына хат жолдағаны туралы дерек бар. Бидің ұлдары да толқуларға белсене араласқан, Шекмағамбет, Бектас, т.б. ұлдары 1869 ж. наурыз айында подполк. Новокрещеновтың жазалаушы әскеріне шабуыл ұйымдастырған. М. 1869 жылдың көктемінде жаңа тәртіпке наразылық ретінде, әрі үкіметпен қарым-қатынастарды ұзу мақсатымен 500 үйді бастап, Үстірт, Сам-Матай бойларына көшкен. Күзге қарай Хиуа жеріне қоныс аударып, сол жақтағы Қоңырат маңында, Әмудария бойында қыстаған. Алайда ұрпақтарымен, ауыл-аймағымен және ауа көшкен басқа да жұртпен бірге көтеріліс басылған



соң, 1870 жылдың көктемінде ата қоныстары Қобда бойына қайта оралған. Орынбор әкімші. толқу кезіндегі барымталар үшін басқалармен бірге М. ұлдарына да үлкен мөлшерде құн төлеуді міндеттеген. Олар Тұрым Тотайұлы, Ермек Қостанұлы, Жақсыбай Жылгелдіұлы ауылдарымен бірге көтеріліске байланысты тергеу шешімдерімен келіспей, көпке дейін болыс биліктерін мойындамаған. М. туралы мұрағат деректерінен бөлек, біршама аңыз-әңгімелер де сақталған. Ол көріпкелдік қасиетке ие жан болған, кейіннен әулие атанған. Өмірінің соңына қарай ел-жұртымен қоштасып, Меккеге қажылыққа соңғы үшінші рет аттанған. Ресейдің Мемл. тарихи мұрағатындағы (РГИА) 1869 жылғы көтеріліс бойынша жауапқа тартылған 370 адамның тізімінде М. өзінің бір ұлы Бектаспен бірге көрсетілген. Орынбор губернаторы Крыжановский Ресей әскери министріне осы тізіммен қоса жіберген баянатында Орал губернаторы Верекиннің бұл адамдардың ішінен ықпалды дегендерін облыстың басқа өңірлеріне жер аударуды сұрап отырғанын жеткізген. М. бидің төрт әйелінен тараған ұрпақтары да Қобда өңірінің әлеум.-саяси тарихында біршама елеулі орын алған. Бірқатар ұлдары мен немерелері болыстыққа түскен, халық биі қызметтерін атқарған, Алашорда сапында болған, партия съездеріне қатысқан. 20 ғ-дың 30-жылдары ұрпақтары қатты қудаланып, екі немересі 1938 ж. бір күнде атылған, аман қалғандары басқа шет өңірлерге қашуға мәжбүр болған, кей ұлдарының тұқымдары мүлдем жойылып кеткен. Қазірде бірқатар ұрпақтары Ақтөбе, Алматы, Ресей мен Өзбекстанда мекендейді.

Дер.: ҚР ОММ, 4-қор, 1-т., 3284-іс; 25-қор, 1-т., 2591-іс. ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 8239, 8273, 8320-8321 т.б. істер.

Н.Жемнісбай

МҰСТАНБАЕВ Ыдырыс (8.11.1898, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. – 15.11.1937, Алматы қ.) – алаш қозғалысының қайраткері, әдебиет сыншысы, абайтанушы. Тінібай медресесін, екі сыныпты орыс-қазақ уч-шесін бітіріп, Семей гимназиясында оқыған. Еңбек жолын пошта телеграфисі болып бастады. 1918 ж. Семейде Алаштың атты әскер полкін жасақтауға қатысты. 1919–21 ж. Семей губревкомы мен губаткомының мүшесі болып, Семей, Өскемен, Аягөз, Зайсан уездерінде ұйымдастырушылық-басшы-

лық қызметтер атқарды. Қазақ АКСР-інің Құрылтай съезінде (1920) ОАК-нің мүшелігіне сайланды. 1921–23 ж. Орал, 1924–25 ж. Ақмола губ-ның прокуроры, 1925–26 ж. Сырдария губаткомының төрағасы, Қазақ ОАК-нің нұсқаушысы қызметтерін атқарды. 1926 ж. «Сырдария ісі», «Шаян ісіне» қатысты жауапқа тартылды. 1926–27 ж. Қазақ АКСР-інің Байланыс Халық комиссары, 1927 ж. Семейде өткен атаман Анненковқа қарсы сотта мемл. айыптаушы болды. Өмірінің соңғы жылдары Қызылорда мен Алматыда әр түрлі кеңес, партиялық, шаруашылық қызметтер атқар-



Ы.Мұстанбаев

ды. Қазақстандағы жер мәселесі, ауылдағы тап тартысы, байларды тәркілеу, мекемелерді қазақыландыру, т.б. соң. қайта құрулар мен голошекиндік саясатқа қарсы күрескені үшін, «сәдуақасовшылдық», троцкилік оппозицияның көрнекті өкілі ретінде қудаланып, бірнеше рет партия қатарынан шығарылды. М. әдеби сынға өзіндік үлес қосып, қазақ әдебиетінің тағдырына қатысты талас-тартысқа белсене араласты. Абай, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаевтардың шығармашылық мұрасын таптық-идеол. шабуылдан қорғады. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. 1991 ж. 18 ақпанда ақталды.

Әдеб.: Азалы кітап, А., 1996; Махат Д., Қазақ зиялыларының қасіреті, А., 2001.

Ж. Сүлеймен

МҰСЫЛМАН ФРАКЦИЯСЫ – Ресей Мемлекеттік думасындағы мұсылман халықтары өкілдерінің парламенттік фракциясы (1906–17 ж.) 1-Мемл. думадағы 436 депутаттың 36-сы мұсылман депутаттары еді. Олар бүкіл империя мұсылмандарының мүддесін қорғау мақсатында парламенттік фракция құрды. Төрағалыққа белгілі эзербайжан қайраткері Ә.Топчибаев, бюро құрамына М.Рашиев, С.Алкин, И.З. Зиятканов, А.Ахметов,

Ш.Сыртланов және С.Жантөриндер бір ауыздан ұсынылды. М. ф. депутаттары Мемл. думада құрылған жер, азаматтық теңдік, қаржы комиссияларының құрамына еніп, мұсылман халықтарының мүддесі жолында қызмет етті. Онда қазақ депутаттары А.Бірімжанов пен А.Қалменов қазақ халқының мүддесін қорғады. М. ф. елдегі оппозиц. саяси күштермен бірікті. Олармен бірге М. ф. Мемл. думаның құқын кеңейте түсуді, заң шығару ісімен қатар үкіметті де Мемл. дума қолына тапсыруды талап етті. 1907 ж. ашылған 2- Мемл. думаға сайланған 518 депутаттың 35-і мұсылман халықтарының өкілдері болды. Олар «Ресей мұсылмандары одағы» және «Еңбек партиясы» бағдарламасын қолдаушылар болып екіге бөлінді. «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасын қолдаушылар М. ф-на бірікті. Оның төрағасы болып М.Биглов сайланды. Ал бюросы құрамында Б.Қаратаев, Қ.Тевкелев, Ғ.Мағдиев, Х.Хасмамедов, Ф. Хан-Хойский кірді. Олар әзірлеген бағдарламада М. ф-ның мақсатына сай саяси, экон., діни, т.б. бірқатар реформаларды жүзеге асыру жолында Ресейдің мұсылман азаматтары іс-әрекеттерін біріктіруі керектігі атап көрсетілді. 3-Мемл. думаға Қазақстан және Орта Азия халықтары қатыстырылмады. Сондықтан ондағы 442 депутаттың 10-ы ғана мұсылман халықтарының өкілдері болды. Олар Мемл. дума мәжілістерінде Түркістан өлкесі мен дала облыстарына өз алдына діни басқарма құру қажеттігін, мұсылман дінбасылары құқықтарын христиан-православие дінбасылары құқықтарымен теңестіру мәселесін көтерді. 4-Мемл. думадағы 442 депутаттың 6-уы ғана мұсылман халықтарының өкілі болды. Солардың ұйымдастыруымен 1914 ж. 15–20 маусым аралығында Бүкілресейлік мұсылман съезі өтті. 4-Мемл. думада М. ф. мүшелерінің аз болуы себепті, 1916 ж. оған көмек көрсететін бюро құру қажеттігі туды. Ресей патшасының 1916 ж. 25 маусымдағы «бұратаналарды» майданның тылдағы қара жұмысына алу туралы жарлығына М. ф. наразылық танытты. Жалпы 1–2 Мемл. думаға сайланған қазақ депутаттары (Б.Қаратаев, Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, М.Тынышбаев, т.б.) М. ф. жиындарында сот ісі, ағарту, діни істер, т.б. мәселелерге белсене араласты.

Әдеб.: Козбаненко В.А., Партийные фракции в I и II Государственных думах России, М., 1996;

Мусульманские депутаты Государственной Думы России 1906 – 1917 гг., сб. документов и материалов, Уфа, 1998.

С.Рүстемов

МҰХАМЕДХАНҰЛЫ Қайым (Қабдұлқайым) (5.1. 1916, Шығыс Қазақстан обл. Семей қ. – 30.6.2004, сонда) – әдебиеттанушы ғалым, абайтанушы, жазушы, драматург. Қазақстанның тұңғыш әнұранының авторы. Әкесі Мұхамедхан Семейде шығатын «Сарыарқа» газетіне, «Абай» журналына мекенаттық көмек жасап тұрған (осы журналдың 70 жылдан соң қайта жарық көруіне,



Қ.Мұхамедханұлы

Семейдегі «Алаш арыстары» мұражайының ашылуына М. көп еңбек сіңірді). Мұхамедхан алашордашыларға тілеулес болып, оның үйінде ұлт зиялылары (Шәкерім, Көкбай, Тұрағұл, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, т.б.) жиі бас қосып, ел бостандығы жөнінде пікір алмасып тұрған. Әкесі ислам діни қозғалысының белсенді мүшесі деген айыппен 1937 ж. 2 желтоқсанда атылды. М. шаруа жастары мектебінде білім алған. 1935–37 ж. респ. 2 жылдық мұғалімдер курсына оқыған. Семей пед. ин-тының филол. ф-тін бітірген (1941). Семейдегі Абай әдеби мұражайының аға ғыл. қызметкері (1940–41; 1947–51 ж. оның директоры), Қазақстан Жазушылар одағының Семей обл-ндағы өкілі (1942–47), Семей пед. ин-тының аға оқытушысы, доценті, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, проф. (1955–90), 1991–95 ж. ҚР ҰҒА М.Әуезов атынд. Әдеб. және өнер ин-тының Абайтану бөлімінің жетекші ғыл. қызметкері болды. М. 1939 жылдан Абайдың ақындық мектебі мәселесін зерттеп, «Абайдың әдебиет мектебі» деген еңбегін жариялады, осы тақырыпта канд. диссертация қорғады (1951). Талқылау кезінде ғыл. жетекші М.Әуезов



пен М-на жала жабылып, саяси айыптар тағылды. Жас ғалым Абай мектебі шәкірттерінің қатарында «ұлтшыл ақындарды» зерттегені үшін «панисламшыл, пантүрікшіл» деген айыппен 25 жылға сотталды. Төрт жылдан кейін ақталып, 1958 ж. «Абай төңірегіндегі ақындар» деген тақырыпта екінші рет канд. диссертация қорғады. Ақын шығарм-н зерттеу нәтижесінде М. Абайдың бұрын белгісіз болып келген 7 өлеңін тауып, ақынның 1945 ж. шыққан жинағына енгізді. «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын жинақ М-ның құрастыруымен 1993–97 ж. жарық көріп, оған Абай шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір, Иманбазар шығармалары мен олар туралы зерттеулер енді. 1988–89 ж. мерзімді баспасөзде «Ә.Бөкейханов», «М.Жұмабаев», «А.Байтұрсыннов», «Ж.Аймауытов», «М.Дулатов», «Шәкәрім» атты ғыл. мәні ерекше мақалалар жариялап, осы зерттеулер негізінде «Абай мұрагерлері» жинағын (1995) жарыққа шығарды. Оның Бұқар жырау, Махамбет, Абай, Шәкәрім шығармаларының текстологиясын қарастырған мақалалары мен монографиясы жарық көрді. Семей қ-ның және Абай, Аягөз, Жанасемей ауд-дарының құрметті азаматы. Абайтану саласындағы қажырлы еңбегі үшін 1996 ж. М-на ҚР Мемл. сыйлығы берілді.

Т.Шаңбай

МҮРСӘЛІМ Бектенұлы (1859–1922) – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің бірі, ақын. Өз бетімен білім алған. 1895 ж. Зайсан уезіне қарасты Қарғыба-Базар өңіріне болыс болып сайланып, 20 жылдан аса ел басқарды. Жасы ұлғайған шағында болыстықты баласы Заманбек атқарған. М. 19 ғ-дың 2-жартысынан бері қазақ даласына тарай бастаған қазақ тіліндегі прогресшіл-демокр. бағыттағы әдебиеттер мен газет-журналдарды үзбей алдырып отырған. Сол арқылы Ресейдің ішінде және халықар. өмірде болып жатқан әр түрлі әлеум.-саяси жағдайлардан жақсы хабардар болған. Патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығына орай туындаған жағдайға байланысты маусым айының аяғында Көкпекті – Тарбағатай өңіріндегі найман тайпасының 12 болысының өкілдері шұғыл шақырылды. Қыр қазақтары басқармасы ауласына жиналған болыстардың бәрімен М. оңаша сөйлесіп, естуі бойынша патшаның жарлығы бар еке-

нін айтып: «Біз алғаш бодан болғанда жасалған шарт бойынша қазақтан солдат алуға тиіс емес, соны дәлел етіп, келісім бермейік», – дейді. М-нің ұсынысын болыстар қостады. М. ең алғашқы шара – әкімш. орт. Көкпектіден Қытаймен шекараға қарай жедел көшу деп шешеді. М-нің тапсырмасы бойынша әр болыстан қарулы жігіттер көшті қорғай отырып, жергілікті шенеуніктерді жоғ. органдармен байланыстырмау үшін жолдарындағы телеграф бағаналарын қиратады. Мемл. мұрағаттың Семей бөлімшесінде ереуілшілер Көкпекті маңынан қазынаның 800 жылқысын айдап өтеткені жөнінде құжат сақталған. Баспан тауының биігіндегі камал үңгірге бекінген көтерілісшілер патша әскерлеріне алдырмады. М. жігіттерді солдаттан алып қалу үшін ауыл-аймағымен Қытай жеріне, Тарбағатай асып кетеді. Қытай жерінде жүргенде 1916 жылғы оқиғаға арнап 664 жолдан тұратын дастан жазған. Патша тақтан түскеннен кейін елге оралды. 1919 ж. ақ әскерлерді қуып, Көкпектіге келген партизан отрядының командирі Бабенко М-ге елді патшаға қарсы көтеріліске жұмылдырғаны үшін сыйлыққа қылыш пен қымбат жүзік тапсырған.

С.Арғынғазин

МҮСІРЕПОВ Ғабит Махмұтұлы (22.3.1902, Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Ғ.Мүсірепов атынд. а. – 31.12.1985, Алматы қ.) – жазушы, Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Соц. Еңбек Ері (1974), Қазақстанның халық жазушысы (1984). Ауылда діни сауат ашып, кейін әр жылдары білімін жетілдірген. Омбы а. ш. ин-тын бітірген (1927). 1927–37 ж. оқу-ағарту, өнер-баспа саласында жауапты қызметтер атқарды. «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Ара – Шмель» журналында бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы, КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды. Алғашқы шығармаларынан-ақ («Толқында туғандар») жазушылық шеберлігімен танылды. 1928–39 жылдардағы әңгіме, повестерінде («Қос шалқар», «Үздіксіз өсу», «Жайлау жолында», «Тұтқын қыз», «Жеңілген Есрафил», т.б.) еңбек адамдарының қажырлы өмірі, азамат соғысы, ұжымдастыру кезіндегі дүрбелең оқиғалар суреттелді. М. әр кезеңде жазылған ана тақырыбындағы туындыларында («Ананың анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ананың арашасы», т.б.) қазақ



әйелінің жиынтық бейнесін жасады. М-тің «Қазақ солдаты» романы қазақ әдебиетінің проза саласында 2-дүниежүз. соғыс тақырыбына арналған тұңғыш туынды болды. М. тарихи тұлғалар өмірінен «Амангелді» (1939), «Ақан сері – Ақтоқты» (1942), т.б. драмалық шығармалар жазды. Сценарийін Б.Майлин, В.Ивановпен бірігіп жазған «Амангелді» фильмі (1938) қазақ кино өнерінің төлбасы саналса, «Қыз Жібек» (1970) фильмі



Ф.Мүсірепов

қазақ кино өнерінің алтын қорынан орын алған туынды. М. 1932 жылдың 4 шілдесінде республикаға танымал адамдармен бірлесіп, халықтың басына төнген аштық нәубеті жайында БКП(б) Қазақ өлкелік к-тіне «Бесеудің хатын» жолдады. Хаттың мазмұны мен көтерген келелі мәселесі М-тің халқының қамы үшін күресіп, ел алдындағы парызын адал орындаған азамат болғандығын көрсетеді. М-тің азаматтық ұстанымдарын айғақтайтын іс-әрекеттің бірі – 1937 ж. Қазақстан Жазушылар одағындағы жиналыста тағдыры талқыға түсіп, ұсталып бара жатқан Б.Майлинге араша түсіп, «Бейімбет жау болса, мен де жаумын!» деген сөзі. Осы сөзі үшін ол 1938 ж. компартия қатарынан шығарылды. Бейбітшілік күрескері ретінде М. Алматы, Мәскеу, Париж, Рим, Джакарта, Токио, Каир, т.б. қалаларда өткен халықар. конференцияларда сөз сөйлеп, күрделі мәселелерді көтерді. М. Қазақстан Мемл. сыйл. (1970), Қазақстан ҒА-ның Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. (1977) алды. 100 жылдық мерейтойы қарсаңында (2002) Солт. Қазақстан обл-ндағы бір ауданға, Астана қ-ндағы көшелердің біріне М. есімі берілді. Алматыдағы Мемл. балалар мен жасөспірімдер театрына есімі берілген, осы театр алдына ескерткіш-мүсіні қойылған (2002).

*Ә.Нарымбетов, Ә.Қайырбеков,
Ә.Сұлтанхан*

МЫЛТЫҚ – оқ-дәрімен атылатын қару. Аңшылық кезінде және соғыста қолдану үшін жасалған. 14–15 ғ-ларда алғаш рет аркебуза, кулеврина, пищаль деген атпен Еуропада белгілі болды. М-ты 15–16 ғ-ларда қазақ ұсталары қолдан соқты. Оның иыққа тіреп атуға ыңғайлы ағаштан жасалған құндағы, оқтығы (оқпаны, түтесі), шүріппесі, шаппасы, пілтесі, жерге тіреп қоятын тіреуіштері болды. М-тың қазақ арасында пілтелі М., жалғыз ауыз, қосауыз, жездіауыз, көкберен, бытыралы сияқты түрлері болған. Пілтелі М. 16–18 ғ-ларда жоңғар басқыншылығына қарсы соғыста қолданылды. Оған жерге



Мылтықтың түрлері: 1 – пілтелі мылтық (16–17 ғ-лар); 2 – аңшылық мылтық (20 ғ.); 3 – оқпанды мылтық (19 ғ.); 4 – спорттық мылтық (20 ғ.)

тірелетін 3 сирақ орнатылды. Аузынан оқталып, дәрісі макта пілтемен тұтатылды. Халық арасында оның оқтығы ұзын, салмағы ауыры «шамқал», алысырақ ататыны «күлдір мамыл» деп те аталды. Жалғыз ауыз М. жеке оқпен оқталады. М-тың жетілдірілген түрлері Испанияда, Швецияда жасалды. 19 ғ-дың 30-жылдары француз шебері К.Лефшоненің (1833), неміс шебері И.Н. Дрейзенің (1836) құндақ жағынан оқталатын М-тары пайда болды. Құндақ жағынан оқталатын жалғыз ауызды, қосауызды, түтісі қырлы, жылтыр М-тар Францияда, Бельгияда, Ұлыбританияда, Германияда шығарылды. 19 ғ-дың 70–90-жылдары орыс инженерлері А.П. Горлов пен К.И. Гунниустің тех. жағынан жетілдірілген бір зарядты «орыс винтовкасы» – берданка, С.И. Мосиннің қайырма бекітпелі винтовкалары жасалды. Азамат соғысы жылдары (1918–20) маузер, револьвер, наған секілді жеңіл М-тар пайдаланылды. 2-дүниежүз. соғыстан кейін М-тың жетілдірілген түрлері:



автомат-карабин, тапанша, мергендік винтовка, спорт мылтықтары, т.б. шыға бастады.

С.Арғынгазин

МЫҢБАЕВ Жалау (1892, бұрынғы Адай уезі, Құнан-Орыс а. – 16.11. 1929, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. 1905–08 ж. Форт-Александровскідегі (қазіргі Ақтау қ.) екі сатылы орыс-қазақ мектебінде білім алған. 1917 жылдан Маңғыстау уездік кеңесінің мүшесі. Сол жылы желтоқсанда Маңғыстау өңірі казактарының Түркістан (Қоқан) автономиясын қолдайтындықтарын білдіру мақсатында Қоқанға барды. Мұстафа Шоқаймен танысқан ол, 1919 ж. көктемде оны теңіз арқылы шет елге шығарып салды. 1919 ж. «Бірлік» жастар ұйымының төрағасы болды, 1920–24 ж. Маңғыстау уезінде лауазымды қызметтер атқарды. Қазақ АКСР Кеңесінің 5-съезінде Қазақ АКСР ОАК-ның төрағасы болып сайланды. Бұл қызметте жүріп республикадағы барлық басқару органдарына ұлттық кадрларды тартуға, халықтың әлеум. жағдайын, денсаулық, оқу-ағарту, мәдениет саласын жақсартуға күш салды. М. қазақ халқының мүддесіне қайшы келетін Кеңес өкіметінің солақай саясатын сынға алып, балама жол ұсынған С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, т.б. тобында болды. 1926 ж. 25 қаңтарда БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің пленумында бұл топқа ұлтшылдар деп айып тағылып, Ф.Голощекиннің тапсырмасымен к-тің бақылау комиссиясы М-тың үстінен іс қозғады. 1927 ж. М. орнынан алынып, Гурьев окр. атқару к-тінің төрағасы қызметіне төмендетілді. М. бұл қызметінде мұнайлы өңірде ауыр өнеркәсіпті дамытуға күш салды, балық ш-н жандандырды. Гурьевте электр станциясын салу жұмысына тікелей басшылық етті. Байлар мен орташаларды күштеп тәркілеуге, жер аударуға барынша қарсылық танытты. 1929 ж. қызметінен өз еркімен кетіп, ауыр наукастан көз жұмды.

Әдеб.: Қойгелдиев М., Омарбеков Т., Тарих тағлымы не дейді? А., 1993; Қозыбаев М., Тарих зердесі, Арыстар тұғыры, 2-кіт., А., 1998.

Г.Өскенбаева, С.Рүстемов

МЫҢБАЙ батыр (т.ж.б. – 1803 (1795) – Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан батыр. М.б. туралы деректер орыс мұрағаттарында 1788 жылдан бастап кездеседі. 1789 ж. 6 ақпанда М.б. мен Мәметәлі батыр екеуі орыс-казактармен соқтығысып, олардың адамдарын жарадар еткен. Осыдан кейін М.б. қарамағындағы 3

мың түтін елден сарбаз жасақтап, соғысқа әзірлене бастайды. 1792 ж. қыркүйекте М.б. Сырым, Сегізбай, т.б. би-батырлармен қосылып, қазақтың шұрайлы жерлеріне бекініс-қамалдар салып, дендеп ене бастаған орыс-казактармен күреске шыққан. Қараша айында Сырымды қолға түсіруге шыққан Дониқов басқарған орыс-казак әскері М.б. а-н шабады. Сол уақыттарда батырдың еліне шабуыл жасаған Есім сұлтанның адамдары М.б-ды 50 адамымен тұтқындап, көптеген малды айдап кетеді. 1793 ж. күзде Елек өзінің бойында Шерғазы Қайыпұлы, Сырым батыр, Қаракөбек, Әбілғазы бастаған қазақтың сұлтан-старшындары жиын өткізіп, М.б-ды тұтқыннан босату мәселесін арнайы қараған. Көп кешікпей М.б-дың өзі Орынбор түрмесінен қашып шығып, елге оралады. 1794 ж. қыркүйекте Есім сұлтанның сарбаздары М.б. мен Сырым батыр ауылдарын шауып, мыңға тарта жылқыларын қуып кетеді. Осы оқиғалар батырлардың кегін қайрай түсті. 1795 ж. 17 қыркүйекте Есім сұлтан Орынборда Кіші жүздің ханы болып сайланғанда Сырым мен М.б. ұлықтауға бармай, Жем мен Сырдария арасына көшіп кетеді. 1797 ж. наурыздың соңында Есім хан өлтірілгеннен кейін Сырым батыр мен М.б. бастаған сарбаздар Гребеншиков форпосты мен Кулагин қорғаны арасындағы орыс-казак елді мекендеріне шабуыл жасады. Бұрынғы деректерде М.б. 1795 ж. қайтыс болды делінсе, соңғы табылған деректерде М.б. 1803 ж. руластарының арасында болғандығы айтылады.

Әдеб.: Мұқтар Ә., Тарих алдындағы тұлғалар, А., 2013; Вяткин М, Батыр Срым, А., 1998.

С.Мәшімбаев

МЫҢБАСЫ, м ы ң б е г і – ертедегі түркі-моңғол әскерлерінің бір мың жауынгерлік бөлімінің қолбасшысы. М. атағы әуелде Шыңғыс хан әскерінде тағайындалып, кейіннен Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі хандықтардың әскерлерінде пайда болды. М-ға түркіше – бек, моңғолша – ноян, арабша – әмір лауазымы беріліп, әскери билікпен бірге уәлаяттар мен ұлыстарға басшылыққа, әкімш. билікке тағайындалған. М-ға көптеген құқықтар берілді. Мыс., М. қарамағындағы жауынгерлерді өлім жазасына да кесе алған. Дәрежесіне қарай М-ға ту тапсырылған. М. түменбасыға (он мың әскердің (түменнің) басшысы), ал М-ға жүзбасы бағынған.



НАЗАРБАЕВ Нұрсұлтан Әбішұлы (6.7.1940 ж. т., Алматы обл. Қарасай ауд. Шамалған а.) – мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының Президенті. Экон. ғыл. докт. (1992), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (1993). 1958 ж. Днепродзержинск қ-ндағы (Украина) №8 тех. уч-щені, 1967 ж. Қарағанды металлургия комб. жанындағы жоғары тех. оқу орнын бітірді. 1969–84 ж. партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды. 1984–89 ж. Қазақстан Мин. Кеңесінің төрағасы, 1989–91 ж. Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы болды. 1990 ж. 25 наурызда КСРО-да президенттік басқару ин-ты енгізілуіне орай Н. Қазақ КСР-інің Президенті болып сайланды. 1991 ж. 10 желтоқсанда Қазақ КСР-і Қазақстан Республикасы деп аталатын болды. Н. 1991 ж. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға қол қойып, жаңа тәуелсіз мемлекеттің егемендігін жариялады. 1991 ж. 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық президенттік сайлауда Н. жеңіске жетті. 1995 ж. 29 сәуірде өткізілген бүкілхалықтық референдум нәтижесінде Н-тың президенттік өкілеттілігі 2000 жылға дейін ұзартылды. 1999 және 2005, 2011 ж. өткен сайлаулардың нәтижесінде Н. сайлаушылардың басым көпшілігінің дауысын алып, 2016 жылға дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде қысқа мерзім ішінде ұлттық қауіпсіздік құрылымы, қарулы күштер, мемл. рәміздер, мемл. басқару жүйесі секілді жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің негіздері қаланды. 1992 жылдың басында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы стратегиясын» әзірлеп, елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыт-бағдарын айқындады. Н-тың жетекшілігімен «Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы» жасалды. 1997 ж. 20

казанда Н. Ақмола қ-н Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы жарлыққа қол қойды. Елдің бас қаласы «Астана» деп аталды. Республика экономикасын одан әрі дамыту мақсатында Президенттің тапсырмасы бойынша Индустриалды-инновац. даму стратегиясы әзірленіп, инвестиц. және инновац. қорлар құрылды. Н. ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттілікті сақтап қалу ең басты мақсат деп санайды. Оның бастамасымен ұлттық қауіпсіздікті нығайту мақсатында лаңкестікпен, экстремизмнің және сепаратизмнің өзге көріністерімен күрестің мемл. бағдарламалары бекітіліп, ТМД мемлекеттерінің лаңкестікке қарсы орт. құрылды (2000). Н. қазіргі



Н.Ә.Назарбаев

заманғы әлемдік өзгерістерді және елдегі саяси-әлеум. реформаларды ескере отырып, Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасын жасап, оның стратег. мақсат-міндеттерін, негізгі принциптері мен басты бағыттарын айқындады. Н-тың 1994 ж. наурызда ұсынған Еуразиялық одақ құру туралы идеясы ерекше маңызға ие болды. Осы идея негізінде 2014 ж. 29 мамырда Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерінің Еуроазиялық эконом. одағы құрылды. Н. ҚР Қарулы күштерінің Бас қолбасшысы, «Нұр Отан» ХДП-ның Төрағасы, Қазақстан Халықтары ассамблеясының жетекшісі, Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы. 2010 ж. 15 маусымда Н-қа Қазақстан Республикасы-



ның Тұңғыш Президенті – Елбасы ресми мәртебесі берілді. Н-тың «Ғасырлар тоғысында» (А., 1996), «Тарих толқынында» (А., 1997), «Бейбітшілік кіндігі» (А., 2002), «Сындарлы он жыл» (А., 2002), «Еуразия жүрегінде» (А., 2005), т.б. кітаптары еліміздің өткені мен бүгіні және келешегі туралы айтқан кемел ой-толғаныстарымен құнды. Оның «Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұрған атауларды да өзгерту керек» ұлағатты сөзі ұрпақтың ұлттық рухын көтеруде маңызды рөл атқарады. Елбасы Қазақстан тәуелсіздігінің 5 жылдығына арналған салтанатты жиында «Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман» деген баяндама жасады. Онда Н.: «...Тоталитарлық мемлекеттің тізеге салған зорлықшыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. Жұртшылықтың арасында режимге қарсы бой көрсетуден тайынбайтындар көбейе түсті. 1929–31 жылдарда шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірілері Созақ, Ырғыз, Ақсу, Абыралы, Адай, Қарақұм және басқа да көтерілістер еді. Олардың бәрі Қызыл армия қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып-жанышталды» («Егемен Қазақстан», 17 желтоқсан, 1996 ж.) деп, ата-бабаларымыздың ел тәуелсіздігі жолындағы азаттық күрестерін қай заманда да, қандай қоғамда да тоқтатпағанын жария етті.

НАЙЗА – жақын қашықтықта, бетбе-бет айқаста түйреу мақсатында қолданылатын қару түрі. Ерте заманнан бері әлем халықтарының көпшілігі соғыс және аң аулау кезінде қолданған. Алғашқыда ұшы ұшталған таяқтан жасалды, бергін келе ұз. 1,5–2 м-ге дейін жететін ағаш сапқа тастан немесе сүйектен, металдан үшкір ұш орнатылған түрлері шықты. Н-ның ұзын сапты, екі басы үшкір, сауытты бұзуға арналған түрі – «сүңгі» деп аталады. Сүңгілердің ұз. 3–3,5 м-ге дейін жетеді. Ерте замандарда көшпелі түркі халықтарында лақтыруға арналған қысқа Н-лар – «жыда» да болған. Ұшының қырлануына қарай Н. сегіз қырлы, төрт қырлы деген түрлерге бөлінген. Сынбас үшін сабын тарамыспен орап, темір шығыршықтармен бекітеді. Н-ға жауынгерлер әр түрлі дәреже-

де белгі ретінде қыл шашақтар, жалаулар таққан.

С.Арғынгазин

НАРАЗЫЛЫҚ – қандайда бір жүйеге, ережеге, іс-шараға, ой-пікір, тұжырымға, шешімге немесе мемл. саясатына деген қарсылық, келіспеушілік. Н. ауызша не жазбаша, әрекет не әрекетсіздік арқылы білдіріледі. Саяси-әлеум. Н. аштық жариялау, жария түрде өзіне-өзі қол жұмсау, белгілі бір кәсіп иелерінің жұмыс берушіге, үкіметке немесе бір мемл-тің екінші мемл-ке бойкот жариялауынан көрініс табады. Жеке адамның жария Н-ы қоғамдық санаға қозғау салып, жаппай Н-қа ұласуы мүмкін. Көбіне мемл. жүйеге деген қоғам Н-ымен тиісті орындардың санаспауы Н. тудырушы себептің күштілігіне орай оның жоғ. шегі – көтеріліске әкеп соғады; құқықта – прокурордың мемл. органдардың заңға қайшы актілерін түзетуді немесе күшін жоюды талап етуі.

К.Халықов

НАУРЫЗБАЕВ Хакімжан Есімханұлы (27. 8.1925, Қостанай обл. Меңдіғара ауд. Ұлыкөл а. – 4.9.2009, Алматы қ.) – мүсінші, ұлттық кәсіби мүсін өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР-інің халық суретшісі (1969). 1951 ж. Харьков көркемсурет ин-тын



Х.Наурызбаев

бітірген. Сол жылдан бастап Алматы қ-ндағы жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқарды. Ол халқымызға белгілі тұлғалардың 200-ден астам әр алуан ескерткіштері мен бюстерін жасады. Олардың арасында ұлт-азаттық көтерілістері батырларының, алаш қайраткерлерінің сомдалған бейнелері де көп. Қазақ КСР Мемл. сыйл-н алған (1970). «Женімпаз қаһарман» (1953) композициясы үшін ҚР Мемл. сыйл-на ие болды. «Парасат», Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

К.Нұрбалаұлы



НАУРЫЗБАЙ Қасымұлы (1822, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Кекілік тауы, Майтөбе мекені) – батыр. Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1837–47 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінде ерлігімен ерекше көзге түскен. Н. Кенесарының тапсырмасымен көтеріліске қарсы жергілікті сұлтандарды бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету, дипломат., т.б. қызметтер атқарған. Ресей отаршылары мен Қоқан ханының озбырлықтарына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 ж. Кенесары хан болып сайланғанда Хан кеңесінің мүшесі болған. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл Н-дың сөзге шешен, әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген палуандығымен аты шыққан, бүркіт, қаршыға, лашын ұстап, құсбегілікпен айналысқан. Н. 1847 ж. тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапты. Оның көркем бейнесі Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» дастанында, М.О.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында сомдалған.

Әдеб.: Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова, А., 1996; Б е к м а х а н о в Е., Казахстан в 20 – 40 годы 19 века, А., 1992; В а л и х а н о в Э., Кенесары, М., 2004.

Т.Барақұлы

НӘСЕНОВ Болатбек (5.8.1937 ж.т., Семей обл. Абыралы ауд. Қайнар а.) – ғалым, тарих ғыл. докторы (2005), экон. ғыл. кандидаты (2002). Семейдегі Шәкәрім атынд. ун-тің құрметті проф. (2004). Әкесі Нәсен «халық жауы» деген жаламен 10 жылға сотталып, Сахалинде қаза болған. Н. 1954–56 ж. Алматының есеп-кредит техникумын оқып бітірген. Сол жылы Ташкенттің қаржы – экон. ин-ына түсіп, оны 1960 жылы аяқтады. Семейдегі обл-тық құрылыс банкінде инспектор болған жылдары обл-та шығатын «Екпін», «Ертіс», «Прииртышская правда» газеттеріне мақалалары жарияланып, штаттан тыс тілші болды. 1965–67 ж. «Екпін», кейін «Семей таңы» газетінде әдеби қызметкер болып істеді. 1967–74 ж. обл-тық қаржы басқармасының аға экономисі, а. ш-н қаржыландыру бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 1974–91 ж. Қазақ КСР-і Қаржы министрлігі басқарма бастығының орынбаса-

ры, басқарма бастығы болды. Республикалық Салық инспекциясын басқарды. 1989 ж. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесі қабылдаған Салық заңын жасауға жетекшілік етіп, тиісті комитеттердің алдында қорғады. 1991–99 ж. Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Новосібір, Барнаул, Алматы, Семей т.б. қ-лардың 20-дан астам мұрағаттарында отырып, қазақ халқының тарихын зерттеумен айналысты. Қазақтың тарихына арналған қазақ-орыс тілдеріндегі 28



Б.Нәсенов

том кітапты («Абыралы – Сарыарқаның кіндігі» (қазақ елінің тарихы), «Тәттімбет – Мәди», «Кенесары – дала маршалы», «Абыралы көтерілісі (ҰҚК мұрағаты), «Халық жаулары», «Билер», «Батырлар», «Хандар», «Абылай хан» (3 том), «Әбілхайыр хан» (3 том), «Шапырашты Наурызбай батыр», «Тұңғыш Президент – Нұрсұлтан», «Барак сұлтан сағқын емес, нағыз батыр», «Жанқожа батыр», «Кәмпескеленгендер» (130 адам), «Алаш» (3 том) т.б. Новосібір қ-сында бастырды. Осы томдықтардағы аса бай деректердің негізінде республикалық «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Қазақ», «Жас қазақ», «Президент және Халық», ондаған газеттерде, «Мысль», «Ақиқат», «Алаш», «Дарабоз» т.б. журналдарда 200-ден астам ғылыми мақалалар жарық көрді. Н. қазір Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы мұрағаттарынан алған құжаттарды пайдаланып, Қазақ мемлекетінің Керей хан заманынан бергі салық саясатын, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін зерттеп, бірнеше томды дайындауда.

Д.Наушабай

«НЕВАДА-СЕМЕЙ» ядролық жарылысқа қарсы халықаралық қозғалыс – қоғамдық-саяси ұйым. 1989 ж. 26 ақпанда құрылып, қазан айында ресми тіркелді. Республика халқынан кеңінен қолдау тапқан қозғалыс ядр. жарылыстарға қарсылық білдіріп, әлем-



дегі ядр. қауіпті жоюды мақсат етті, Семей ядролық полигонында ядр. сынақтарды тоқтатуға қол жеткізді. Қазақстанның көптеген қалалары мен аймақтарында, сондай-ақ Ресей, АҚШ, Италия, Жапония, Түркия, т.б. елдерде ұйымның бөлімшелері құрылған. Қозғалыстың белсенді қызметінің арқасында БҰҰ БА-ның 53-сессиясы «Қазақстандағы Семей өңірі адамдары денсаулығы мен экологиясын сауықтыру және экономикасын дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық пен іс-қимылды үйлестіру» қарарын қабылдады.

М.Әбішев

НЕПЛЮЕВ ӘСКЕРИ УЧИЛИЩЕСІ, Неплюев кадет корпусы – әскери мамандар даярлаған оқу орны. 1825 ж. 2 қаңтарда Орынборда ашылған. 1844 ж. Орынбор Неплюев кадет корпусы болып қайта құрылды. Оқу орны Азия халықтарын отарлауға қажетті мамандар даярлау мақсатын көздеді. Алғашында арнайы жабық оқу орны болып, қазақ балалары қабылданбады. Кейін кадет корпусындағы екі эскадронның (Еур. және Азиялық) біріне, Азиялық эскадрондағы 30 орынға қазақ ақсүйектері мен старшындарының балаларын қабылдауға рұқсат берілді. Бірақ кейін патша үкіметі мұндай оқу орнында қазақ балаларын оқытуды қауіпті деп есептеп, 1868 ж. 4 тамызда қазақ балаларына бөлінген 30 стипендияны жойды. Енді қазақтар ерікті түрде өз қаражатымен оқитын болды. Бұдан кейін корпуста қазақ балаларының саны күрт азайып, бірен-саран ірі байлардың балалары ғана бітіріп шықты.

НҰРАЛЫ (1704–1790) – Кіші жүз ханы (1748–86), Әбілқайыр ханның баласы. Әкесінің орнына таққа отырды және хандық дәрежесі Ресей тарапынан бекітілді. Оны хан сайлау рәсіміне Ұлы жүз бен Орта жүз өкілдері де қатысты. Бастапқыда шешесі Бопай ханымның ақылымен әрекет жасап, әкесінің саясатын жалғастыруға тырысты. Н. күрделі де қайшылықты тұлға. Ол Ресей әкімшінің Жайық бойын отарлауына барынша қарсылық көрсетті. Орыс патшайымы Елизавета Петровнаға бірнеше рет елші жіберіп, қазақ даласын отарлаудың негізсіздігін дәлелдеуге, оны тоқтатуға талпынды. Орынбордың тұңғыш губернаторы И.Неплюевтің көмегімен Кіші жүздің тұтастығын сақтап қалуға тырысып, Арал бойында өзін

«хан» жариялаған Батыр сұлтанмен күресті. Жоңғария билеушісі Сыбан Доржымен дипломат. байланыс орнатты. 1750 ж. әкесі Әбілқайырға кесене салдыртты. Алайда орт. билікті күшейту қамымен қол астындағы халықтың бір бөлігін өзіне қарсы қойып алды. Әсіресе қайшылықты ахуал Сырым Датұлының көтерілісі кезінде тым шиеленісіп кетті. 1773–75 ж. Е.Пугачев көтерілісіне жасырын қолдау көрсетті, немере інісі Досалы сұлтанның қазақ жасақтарымен сол көтеріліске қатысуына тілектес болды. Н-ның өз ықтиярымен Ресей билігіне көнбейтіндігіне әбден көзі жеткен Екатерина II 1786 ж. 6 маусымда арнайы жарлығымен Н-ны тақтан түсірді. Алғашында Жайық бекінісіндегі абақтыға қамалып, кейін Уфаға жер аударылды. 1790 ж. көктемде ол осы қалада дүние салды. 1792 ж. хан тағына інісі Ералы отырды. Н-ның бірнеше әйелінен тараған ұрпақтарының арасынан кейіннен қазақ халқының саяси, әскери, мәдени тарихында үлкен рөл атқарған қайраткерлер көп шықты.

Е.Уәлиханов

НҰРҒАЛИЕВ Рымғали (1.6.1940, Шығыс Қазақстан обл. Семей қ-лық әкімдігі Қайнар а. – 16.2.2010, Дубай қ., Алматыда жерленген) – ғалым, филол. ғыл. докт., проф., ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Мемл. сыйлықтың (1988) иегері. ҚазМУ-дың филол. ф-тін



Р.Нұрғалиев

(1963), докторантурасын (1972) бітірген. 1962–96 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде тілші, Қазақстан Жазушылар одағы сын секциясында кеңесші, ҚазМУУ-да доцент, проф., филол. ф-тінің деканы, «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакторы (1986 – 96) қызметтерін атқарған. 2000–10 ж. Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ун-тінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. Зерттеу еңбектері қазақ әдебиеті



мен драматургиясының тарихына, теориясына, оның жанрлық жүйесі мен поэтикасына арналған. Н. «Трагедия табиғаты» еңбегінде М.Әуезовтің драматургиясын саралап, зертхана сырларын ашты. Тыйым салынған «Абай», «Сарыарқа», «Ақ жол», т.б. басылымдарды пайдаланып, Әуезов шығармаларын Алаш ұранды әдебиетпен байланыста қарастырды. Кеңес заманында жазушының «Хан Кене», «Қилы заман», т.б. трагедияларының алғашқы нұсқаларын жанаша пайымдады. Сол үшін Н-қа «ұлтшылдығы, саяси қателігі бар» деген айыптар тағылып, қысымға ұшырады. Кеңестік саясаттың құрбаны болған Алаш көсемдері мен қайраткерлері: Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтарды ақтау жөніндегі Мемл. комиссия мүшесі болған Н. бұл іске белсене ат салысып, олар жайлы тұңғыш ғылыми зертеулер жазды, кітаптарын (Ахмет Байтұрсынов, 1990; Әуезов және Алаш, 1997; Вершины возвращенной литературы, 1998; Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры, 2003, т.б.) жариялады.

Б.Нәсенов, Д.Наушабай

НҮРЕКЕНОВ Темірғали (1858 – ө.ж.б.) – қоғам қайраткері, 2-Мемл. Дума депутаты. Семей обл. Павлодар уезінің Сейтен болысын басқарған. 1905 ж. Қарқаралы, Павлодар уезі қазақтарының атынан Ішкі істер министрлігіне білдіріп, құзырхат (петиция) жазуға қатысқан. Құзырхатты қазақ тілінен орыс тіліне аударған. 1907 ж. 2-Мемл. Думаға Семей обл.-нан депутат болып сайланып, Мұсылман фракциясының мүшесі болған.

С.Смағұлова

НҮРЖАНҰЛЫ Біржан (1885, Күржікөл, Баянаула өңірі – 1954, Ақтөбе обл.) – халық батыры, ат бапкері, сыншы. Н. орысша хат танып, ел өміріне ерте араласқан. Жер-жерде орыс отаршылдарының қиянаты, зорлық-зомбылығына қарсы ұйымдасқан топтар арасында жүріп, кек алу әрекеттерін жасады. Баянауыл өңірін билеп-төстеп, қазақ ауылдарының берекесін кетіріп, халыққа әлім-жеттік жасаған орыс-казак атамандары көрсеткен қиянатшыл іс-әрекеттеріне Н. талай қарсылық етті. Қазақ даласының шұрайлы жерлерін тартып алып, жергілікті халықты қу тақырға ығыстырған патша отаршылдарымен ымыраға келмей, олармен ашық қак-

тығысқа барған. Н. Жамануланьың сыртқы жағындағы көл жағасына үйлер салып, ауылын орналастырды. Бұл көлді «Біржанкөл» деп атайтын болды. Н. 1928 ж. 20 шақты адаммен бірге Керекуге конвоймен айдалды. Жолда Н. жасауыл мылтықтарын тартып алып, құжаттарды отқа жаққан, кісілерді ауыл-ауылға таратып жіберген. 1937 ж. Н. «халық жауы» атанып, Колымаға 10 жылға жер аударылды. Тиісті мерзімді өтеп келгеннен соң 1952 ж. кеңес өкіметі 67 жастағы Н-ын «халық жауы» ретінде 25 жылға қайта соттады. Ол 1956 ж. ақталды.

М.Алтысбес

НҮРМАҚОВ Нығмет (25.4. 1895, Қарқаралы өңірі – 27.9.1937, Мәскеу қ.) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Қарқаралыдағы екі сыныптық орыс-қазақ уч-шесін (1911), Омбы мұғалімдер семинариясын (1915) бітірген. Омбыда оқып жүргенде С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Досовтармен бірге «Бірлік» атты жасырын ұйым құрды. Ұйым мүшелері Ресей үкіметінің қазақ даласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырумен қатар, Омбы тұрғындарын қазақ халқының мәдениетімен таныстыру мақсатымен әр түрлі кештер өткізіп тұрды. 1915–16 ж. Қарқаралыда мұғалімдік қызмет атқара жүріп, «Дала одағы» («Степной союз») ұйымын құ-



Н.Нұрмақов

рады. Ұйым патшаның қазақтарды қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы үгіт жұмыстарын жүргізді. 1917 ж. Кеңес өкіметі жағына шығып, Қарқаралыда, Семей губ.-нда жауапты қызметтер атқарды, Қазақ АКСР ХКК-нің төрағасы болды. Н-тың Қазақстан үкіметінің басшысы ретінде атқарған қызметтері еліміздің өсіп-өркендеуіне, нығаюына белгілі әсерін тигізді. 1924 ж. Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға, ал



1929 ж. Алматыға көшіру туралы шешімдерді қабылдауға тікелей қатынасып, ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Алғашқы қазақ драма театрын ашуға үлкен еңбек сіңірді. Ф.Голощекиннің қазақ даласында «Кіші Қазан төңкерісін» жасау керек деген арандатушылық пікіріне және халық малын тәркілеуге бағытталған шараларына үзілді-кесілді қарсы болып, онымен ашық айқасты. Н. 1937 ж. 3 маусымда жалған айыппен тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1958 ж. 11 тамызда КСРО Жоғ. сотының әскери алқасының шешімімен ақталды. Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Қарқаралы қ-ларындағы, Егіндібұлақ а-ндағы көшелерге, Қарағандыдағы 2-мектеп-интернатқа Н. есімі берілген.

Б.Қабдөшев, А.Нұрмақов

НҮРМҰХАМЕДОВ Хасен (1900, Ақмола өңірі, Есіл ауд. – 1938) – қайраткер, саяси қуғын-сүргін құрбаны. «Алаш» партиясының мүшесі болған. Орынбор жұмысшы ф-тінің (1926), Мәскеуде К.А. Тимирязев атынд. а. ш. академиясын (1930) бітірген. Азамат соғысына қатысты. Н. 1922–23 ж. «Еңбекші қазақ» газеті редакциясының алқа мүшесі әрі «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы болды. 1923–37 ж. Алматыда а. ш-н қайта құру жөніндегі ғыл.-зерт. ин-тының директоры болды, Бүкілодақтық а. ш. ғалымдары академиясының Қазақ бөлімі төралқасының төрағасы, Шығыс Қазақстан обл. атқару к-тінің төрағасы, Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссары қызметтерін атқарды. 1937 ж. қазанда тұтқындалып, ату жазасына кесілген. 1957 ж. желтоқсанда ақталды.

НҮРПЕЙІС Кеңес (15.3.1935, Алматы обл. Райымбек ауд. Саты а. – 10.12.2007, Алматы қ.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1973), проф. (1980), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР білім беру ісінің үздігі (1995), Қазақстанның еңбек сің. ғыл. және тех. қайраткері (1998). Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) тарих ф-тінің (1957) бітірген. 1958 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тарих және этнология ин-тында еңбек еткен. Н. 460-тан астам ғыл. және ғыл.-көпшілік еңбек жазған. Олардың ішінде 20-дан астам монография мен мектептерге арналған оқулықтар бар. Көптеген ұжымдық еңбектерді, олардың қатарында акад. 5 томдық Қазақстан тарихының екі басылымын жазуға қатысқан. Ғыл. зерттеулерінің

басты бағыттары: Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық-мемл. құрылыс пен Қазақстанның 20 ғ-дағы қоғамдық-саяси өмірінің өзекті мәселелері, алаш қозғалысы мен 20 ғ-да Қазақстанда орын алған



К.Нұрпейіс

саяси қуғын-сүргін тарихы, т.б. Н. 1989–2005 ж., кеңестік кезеңде саяси қуғын-сүргін құрбандары болған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ә.Ермеков, Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, О.Жандосов мұраларын жариялап, бағалауға қомақты үлес қосты. Оның ғыл. жетекшілігімен 9 докторлық, 40-қа жуық кандидаттық дисс-лар қорғалды. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1982). **НЫСАНБАЙ** жырау Жаманқұлұлы (1822, Сыр бойы – 1883, Қызылорда обл. Жалағаш ауд. Аққошқар мекені) – ақын, жырау, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы. Н. көтеріліске бастан-аяқ қатысып, көрген-білгенін жырға қосқан. «Кенесары – Наурызбай» атты көлемді дастанында көтеріліс басшыларын батырлар жыры дәстүрінде бейнелеп, заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен шебер киюластыра білді. Дастан халық арасына кең тараған, алғаш 1875 ж. С.Жантөрин мен Т.Сейдалининнің аудармасымен «Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналында орыс әліпбиімен қазақ тілінде басылды. Шығарманы 1912 ж. Қазан қ-нда Ж.Шайхысыламулы жеке кітап етіп бастырды, 1923 ж. Ташкентте Х.Досмұхамедұлының, 1924 ж. Н.Төреқұловтың алғысөздерімен кітап болып шықты. 1996 ж. «Қазақ халық әдебиеті» атты көп томдықтың 17-кітабында жарық көрді. Н-дың шығарм. жолын Досмұхамедұлы, Е.Ысмайылов, І.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Тебегенов, т.б. зерттеді.



ОЙЫЛ УӘЛАЯТЫ, Ойыл уәлаятының уақытша үкіметі – Алашорда үкіметінің батыс бөлігіндегі әкімш.-аум. басқару органы. 1918 ж. сәуірде Жымпитыда өткен 4-Орал обл. қазақ съезінің қарарымен құрылды. Үкімет құрамында: Жанша және Халел Досмұхамедовтер, Д.Күсепқалиев, С.Омаров, І.Асанов, Ғ.Қосдәулетов мүше болды. Уәлаяттың әкімш. аум. құзырына Жайық өз-нің оңт. жақ бетіндегі және Ойыл, Тайсойған өңіріндегі 34 болыс енді. Уақытша үкімет жанында құрамында 10 адам бар арнаулы кеңес жұмыс істеді. О. у-ның жоғ. органы – уәлаят



Батыс Алашорданың туы

Құрылтайы, халық сайлайтын басқару органы – Земство управасы, мемл. органы – Кеңес, атқарушы билік аппараты – Уақытша үкімет болды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары ауылдық, болыстық және уездік земство к-ттеріне бөлінді. Сондай-ақ уәлаяттағы заңдылықты сақтау, құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында земстволық жиналыс сайлайтын органдар – уездік соттар мен жергілікті милиция құрылды. Уәлаят бірнеше уез-

ге бөлінді. Соның ішінде Жымпиты, Ойыл, Шыңғырлау және Сағыз уездерінің болғандығы белгілі. Уәлаяттың орталығы Жымпиты қ. болды. Үкімет басшылары әскер жасақтау мәселесіне ерекше мән беріп, 1918 ж. шілдеде Жымпитыда прапорщиктер, Ойылда юнкерлер мектебін ашты. Құрамын 2 мың адамға жеткізу белгіленген әскери жасақты «Халық милициясы» деп атады. Жылына 2 рет Жымпиты, Қаратөбе, Көкжар (Ойыл), Күйікқала (Елек), Қарақамыс (Темір) жәрменкелерін өткізіп тұрды. Доссор, Мақат мұнай кәсіпшіліктерінің жұмыстарын жандандырды. 1918 ж. күзде Жымпитыда Қазақ земство банкін ашты. Бірақ Банк айналымындағы Орал казак-орыс әскери үкіметі мен Омбы үкіметінің банкноты сауда-саттық ісін, банк операцияларын толыққанды жүргізуге, уәлаят қызметкерлеріне жалақы, әскерге айлық төлеуге жетпеді. Кейбір дерек көздеріне қарағанда, уәлаят ақшасы 1927 ж. шыққан Чучиннің Бон каталогына тіркелген. 1918 ж. 11 қыркүйекте Алашорда үкіметінің Уфадағы мәжілісінде Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселе талқыланып, О. у. таратылды. Соғыс жағдайына және жол қатынасының нашарлығына байланысты Бөкей ордасын, Каспий сырты обл-ның Маңғыстау уезін, Торғай обл-ның Ақтөбе және Ырғыз уездерін қосып басқару үшін оның орнына Алашорданың батыс бөлімін құру туралы шешім шығарылды. Ол ресми түрде Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше деп аталды.

М.Тәж-Мұрат

ОКРУГТІК ПРИКАЗ – Ресей үкіметі құрған әскери-әкімш. басқару мекемесі О. п-ды аға сұлтан басқарып, құрамында обл. бастық тағайындайтын екі алқа би (заседатель) мен сайланып қойылатын екі «құрметті қазақ» болды. Аға сұлтан (О. п-дың төрағасы) төрелер арасынан үш жыл мерзімге, жай қазақтан ұсынылатын алқа билер екі жыл мерзімге сайланды. Сайлауға сұлтандар мен билер ғана қатысты. О. п-дың орыс-казактарынан жасақталған шептік әскері, полициясы мен соты болды. Ресей өкіметіне қарсы шығу, тонау, барымта, билікке бағынбаушылық қылмыстық істерге жатқызылды, оның үстіне барлық талап-арыз істері билердің қатысуымен ауылдар мен болыстарда талқыланып болды. Сұлтандар жөніндегі шағымдарды қарау обл. басқарманың оты-



рысына көшірілді. Әрбір О. п-да барлығы 15-ке дейін штаттағы қызметкерлер болды. Жарғыда аурухана ұстау, мерекелер өткізу, мектептер мен уч-щелер ашу, қайырымдылықты қолдау, т.б. шаралар қарастырылды. О. п-дар халық санағын жүргізуге, округ аумағы арқылы өтетін сауда керуендерін бақылауға, салықты төлету ісін тексеруге міндетті болды.

Д.Самнай

ОҚ – оқатар қаруынан атылатын патронның бас бөлігі. Оқты ату патронның оқ-дәрі қуатының есебінен жүргізіледі. Нысананы сенімді жою үшін О-тың нақты қаруға (тапаншаның, мылтықтың, автоматтың, т.б.) тән барлық қашықтықтарында жеткілікті жою күші, тескіш және арнайы әрекеті болуы керек. Қазіргі атыс қаруында О-тың ұшуының



Оқтың түрлері: 1–5 – винтовка, автомат, пулемет оқтары; 6–13 – тапанша, пулемет оқтары; 14 – «наган» револьверінің оғы; 15 – спорт мылтығының оғы

тұрақтылығы үшін оған ұңғы арналарындағы ойықтар көмегімен айналмалы қозғалыстар беріледі. Ішкі құрылысы бойынша О. қарапайым және арнайы болып бөлінеді. Қарапайым О. ашық немесе жеңіл қалқаның артындағы адам күшін және қарсыластың сауытталмаған техникасын, ал арнайы О. жеңіл сауытталған техниканы жоюға, сонымен қатар атыс нысанасын көрсету мен дәлдеуге арналған. **ОҚШАНТАЙ** – оқ-дәрі салуға арналған қалта. О. кісе қалталы былғары белбеудің төм.



Оқшантай

жиегіндегі шығыршықтарға ілінеді. О. сапьян былғарыдан жасалады. Оның етек жағы дөңгелек, жоғ. жағы оймалы, сүйірлеу болады. Кейде оның айналасы былғарыдан шашақ салып тігіледі. Белбеудегі шығыршыққа ілу үшін О-дың жоғ. жиегіне күмістен немесе темірден ілгек орнатылады.

ОЛЖА – жорық барысында қолға түскен тұтқындар мен материалдық дүние-мүліктер (мал, қару-жарақ, т.б.). О-ның бестен бір бөлігі (ең жақсысы) ханның, әміршінің үлесіне тиіп, қалғандары жеңіске қосқан үлестеріне қарай батырлар мен жауынгерлерге марапаттаудың бір түрі ретінде бөлініп берілген. Батырлық жырларда қазақ батырларының О-ға түскен қалмақ қыздарына үйленгені айтылады. Қолбасшылардың, батырлардың, сарбаздардың ерлігін, қызметін әділ бағалап, уақытында марапаттау, О. беру олардың жауынгерлік рухын көтерген. Бұл әскери дәстүр қазақ хандығында 19 ғ-ға дейін сақталды. Қазіргі кезде кездейсоқ тауып алынған зат О. болып саналады.

«О ЛИКВИДАЦИИ КИРГИЗСКОГО ИМУЩЕСТВА» – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты, патша үкіметі Жетісу облыстық әкімшілігінің шығарған жарлығы (17 желтоқсан 1916 жыл). «Ел-шежіре» баспасынан 2007 ж. шыққан «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» көптомдығының 2-томында жарық көрген. Жарлықтың орыс тіліндегі толық мәтіні төмендегідей: «То имущество, которое брошено и подобрано или отобрано у мятежников киргиз с августа и до сих пор: скот, утварь, юрты, одеяние и прочие, все это по божеским и человеческим законам и по логике вещей должно принадлежать тем лицам, у которых мятежниками уничтожено или ограблено имущество и убиты кормильцы. Против этого никто не спорит и не может и не будет. Тем более, что в этом направлении организованы и действуют ныне в областные по уездные ликвидационные комиссии. В задачи этих комиссии, как известно, входит – приведение в известность конфискованного, скажем, имущества, продажи его и распределение денег между пострадавшими. Задача для комиссии сложная, щекотливая и неблагодарная, прибавим. Надо все собрать, сгруппировать, продать и главное распределить вырученные деньги между пострадавшими. В этом последнем и заключается запятая, дальше которой пойдут жалобы, недоразумения и прочие



прелести, которые мы обещаем «неблагодарная». На каких данных будут базироваться комиссия при определении суммы убытков, понесенным тем или другим лицам, мы не знаем, но угадываем, что рядом с пострадавшим молчаливым бедняком явится сладенький, вкрадчивый и ласковый до прилипчивости тип или горлодрай, которые при сторублевом убытке будут или шептать, потирая руки, или кричать на весь уезд, что они понесли убытки на десятки тысяч, ни чуть не задумываясь над тем, что они этим самым лезут в кошель нищего поневоле. В подобных случаях членам комиссии нужно иметь проницательность. Относится ли к числу функции комиссии розыск имуществ, тем или другим путем оказавшихся у лиц, ничего общего не имеющих с пострадавшими, мы не знаем, но полагаем, что на это следовало бы обратить внимание, так как такие имущества, раз они взяты у киргиз должны идти в общую разверстку в пользу пострадавших. Например, в двадцатых числах октября с.г. из Пржевальска была пригнана порядочная партия рогатого скота и верблюдов и привезено кое-какое имущество. Что это за скот и имущество? Кому оно принадлежит? Семиреченские областные ведомости № 283».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2 т., Астана, Ел-шежіре, 2007.

ОМАРБЕКОВ Талас (29.5. 1948 ж.т., Жамбыл обл. Байзақ ауд. Ақжар а.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1994), проф. (1995). ҚазПИ-ді (1971, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген соң сонда, ҚазҰУ-да ғыл.-пед., шығарм. қызметпен айналысты. 2001 жылдан ҚазҰУ-дағы ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болды. 2011 жылдан бері қарай ун-ттегі біріктіру негізінде үш кафедраны қосып жасаған Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі. М.Х.Дулат мұраларын, орта ғасырлардағы тарихи тұлғаларды ұлттық көзқараста зерделеп, Отан тарихын кезеңдеудің теор.-әдістемелік мәселелері бойынша бірқатар зерттеулер жүргізді. Қазақстанда сталиндік тоталитарлық жүйенің орнығу тарихы мен оның салдарын зерттеген алғашқы отандық тарихшылардың бірі болды. Ол 20 ғ-дың 20–30-жылдары Қазақстанда байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру саясатының зардаптарын ашып көрсетіп, сол тарихи кезеңде орын алған халық наразылықтарына жаңа

тарихи көзқарас қалыптастырды. «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының қазақтың рушежіресі туралы басылымдарына жүйелі еңбектер жазып, құрастыруға зор үлес қос-



Т.Омарбеков

ты. ҚР Білім және ғыл. мин. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері (2007), «Құрмет» орденін (2009), ҚР Білім және ғыл. мин-нің «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісін алған. **ОМАРОВ** Елдес (1.3.1892, Қостанай уезі, Дамбар болысы – 2.12.1937) – қоғам қайраткері, педагог, публицист. Қостанай қ-ндағы 2 сыныптық орыс-қазақ уч-щесін (1907), Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін (1911) бітірген. Алашорда үкіметін құруға белсене араласты. Уақытша үкіметтің Торғай уездік комиссарының көмекшісі, Торғай обл. азаматтық к-тінің төрағасы қызметтерін атқарды. Бірінші және екінші жалпықазақ съездеріне қатысты. Қостанайда өткен Қостанай уезі қазақтарының төтенше съезінде «Жер мәселесі» туралы баяндама жасады. Қостанай уездік Алашорда к-тінің төрағасы ретінде жергілікті халықты Алаш автономиясын қолдауға шақырды. 1920–26 ж. халық ағарту комиссариатында қызметтер атқарды. Қазақ тілінде физика, геометрия оқулықтарын жазып, матем. терминдерді қалыптастыруға зор үлес қосты. 1926–29 ж. саяси қуғынға ұшыраған О. Ташкентте пед. ин-тта, Орта Азия мемл. ун-тінің шығыс ф-тінде оқытушы болып істеді. 1929 жылдың соңында тұтқындалып, 1930 ж. сәуірде ату жазасына кесілді, кейіннен 10 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 ж. ақталып шықты. 1934–37 ж. Қазақ мемл. медицина ин-тында, ҚазМУ-да оқытушы болып қызмет істеді. 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

Б.Байғалиев

ОМАРОВ



ОМАРОВ Илияс (1.10.1912, Қостанай обл. Сарыкөл ауд. Қараоба а. – 19.7.1970, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, әдеб. сыншысы, жазушы, публицист. Орта Азия жоспарлау экон. және сауда-тауар ісі ин-тын бітірген (1933, Ташкент). 1933–36 ж. республиканың сауда мекемелерінде жауапты қызметтер атқарған. 1941–45 ж. Қазақ КСР Сауда халық комиссарының орынбасары, комиссары болды. «Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хатын» ұйымдастыруда, 1944 ж. желтоқсанда



І.Омаров

Алматы қ-нда өткен респ. ақындар айтысын өткізуде, «Қазақ КСР-інің ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихының» жарық көруіне ұйытқы болды. Қазақ мемл. қыздар пед. ин-ты мен Құрманғазы атынд. мемл. консерваторияны ұйымдастырды. 1945–47 ж. Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан обл. партия к-тінің 1-хатшысы қызметін атқарды. О. халық өнері мен музыкасын, ауыз әдебиетін насихаттауға зор үлес қосты. 1949 ж. жарық көрген «Қазақ КСР тарихының» толықтырылған 2-басылымының жауапты редакторы болды. Е.Бекмахановтың қазақ халқының шын мәніндегі тарихын ашық жазуына, Кенесары, Наурызбай батырлар жайында ақиқаттың айтылуына, Қ.Жұмалиевтің Исатай мен Махамбет жөніндегі материалдарды бастыруына ұйытқы болды. Осы жағдайлар оның 1951–52 ж. «ұлтшылдарды қолдаушы» деген науқаншыл айыппен Қазақстан КП ОК-нің құрамынан шығарылып, қудалануына алып келді. 1967–70 ж. Қазақ КСР-і Мәдениет министрі болды. О. осы кезеңде қазақтың эстрад. өнерін, ұлттық циркті, театр, кино жұмысын жетілдіруге, кәсіби өнердің басқа да салаларын тыңнан дамытуға барынша күш салды. «Мәдени ескерткіштерді қорғау туралы» заң қабылданды. «Әдебиет тура-

лы ойлар» (1962), «Оқушы көзімен» (1967), «Серпін» (1970), «Шабьт шалқары» (1973) еңбектері жарық көрген. Қостанай обл. қазақ драма театры О. есімімен аталады.

А.Қайыпбаева

ОМБЫ – Ресей Федерациясы, Омбы облысының орталығы. Ом өз-нің Ертіске құятын жеріндегі порт, т. ж. желілері мен автожолдардың торабы. Сібірдің ірі өнеркәсіп орт. О. бекінісін 1716 ж. Петр I патшаның бұйрығы бойынша Сібір ген.-губернаторы М.П. Гагарин салдырған. 1782 ж. қала мәртебесін алып, Тобыл (1782–98) окр-нің орт., Тобыл губ-ның (1804–22, 1839–68), Омбы (1822–39) және Ақмола (1868–1918) обл-тарының, Батыс Сібір (1824–82) және Дала (1882–1917) ген.-губернаторлығының орт. болды. О. қ-ның тарихы Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанмен тығыз байланыста болды. О-да қазақтың көптеген белгілі ағартушылары оқып, білім алды. 1813 ж. Батыс Сібір ген.-губернаторлығына қарасты қазақ жерлерін басқару мекемелеріне қазақ жастарын даярлау мақсатында О-да Сібір әскери орыс-қазақ желілік уч-щесі ашылды. Бұл уч-щені Ш.Уәлиханов, М.Шорманов оқып бітірген. Осы әскери оқу орнының негізінде 1845 ж. Омбы кадет корпусы ашылды. 20 ғ-дың бас кезінде О-дағы оқу орындарында көптеген белгілі қазақ қайраткерлері (Ә.Бөкейхан, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов, т.б.) білім алды. 1897 ж. О. уезіндегі қазақтар 37680-ге (О. қ-нда – 105 адам), ал 1916 ж. 38970-ке жетті. Қазақ елі өз тәуелсіздігіне ие болуына байланысты О-дағы қазақ диаспорасы ұлттық-мәдени орт-тар құрып, Қазақстанмен өзара байланыстарын жолға қоя бастады. 2004 ж. О. қ-нда Ш.Уәлихановтың атына көше беріліп, ескерткіш орнатылды. Қазіргі уақытта О. обл-нда тұрып жатқан 100 мыңнан аса (2002) қазақ «Омбы облыстық қазақ мәдени орталығы», «Аманат ұлттық бірлестігі», «Мөлдір» қазақ мәдени орт. сияқты ұйымдарға біріккен. 2002 жылдан «Омбы үні» атты үнпарақ шыға бастады.

Әдеб.: Из истории Омска (1716 – 1917 гг.). Очерки, документы, материалы. Омск, 1967; Юрасова М.К., Омск. Очерки истории города Омск, 1972; Районы Омской области, цифры и факты. Статистический сборник, Омск, 2000.

Д.Ескекбаев

ОМБЫ КАДЕТ КОРПУСЫ – арнаулы әскери оқу орны. Сібір әскери орыс-қазақ желілік уч-щесі негізінде құрылған (1845).

1847–53 ж. аралығында мұнда Шоқан Уәлиханов оқыған. О. к. к-ның оқу мерзімі 8 жыл болды: екі жыл даярлық сынып, бес жыл негізгі және алтыншы арнаулы сынып. Корпус жалпы білім берді, тек алтыншы сыныпта тактика, артиллерия, фортификация секілді соғыс ғылымдары және а. ш. ғылымының негіздері оқытылды. О. к. к. Сібір



Омбы кадет корпусы

оқу орындарының ішіндегі көрнектісі болды. Бұл корпуста Абайдың інісі Халиолла Өскенбаев та оқыды. Алдыңғы қатарлы әскери оқу орнында қазақтардың оқуынан қауіптенген Ресей өкіметі 19 ғ-дың 60-жылдарынан бастап О. к. к-нда қазақтардың оқуына әр түрлі кедергілер қойып, ақырында оқуға қабылдауға мүлдем тыйым салды.

С.Қалиев

ОМБЫ УЕЗІ – патша өкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесіне» сәйкес Ақмола обл-нда құрылған әкімш.-аум. бөлік. О. у-н Орта жүздің найман, керей, қыпшақ тайпаларының рулары мекендеді, 1908 жылғы шаруашылық есеп бойынша халқы 145775 адам (қазақтар, казак-орыстар, қоныс аударған орыс шаруалары) болды. О. у-не Алабота (48 ауыл), Қызылқақ (124 ауыл), Жеке (87 ауыл), Омбы (136 ауыл), Қорған (103 ауыл), Николаевск (207 ауыл) және Покровск (80 ауыл) болыстары қарады. Омбы к. 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін уезбен қатар Дала ген.-губернаторлығы мен Ақмола обл-ның орталығы болды.

ОН АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС, 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтеріліс – патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. 1914 ж. басталған Бірінші дүниежүз. соғыс Ресей империясын-

да пісіп-жетіліп келе жатқан жалпы дағдарысты шырқау шегіне жеткізді. Көтерілістің басты себептері әлеум.-экон. және саяси мәселелерге тікелей байланысты болды. Ол отаршылдық езгінің күшеюінен, Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халықтарының жерін тартып алудың қарқынмен жалғасуынан, салықтар мен басқа да алымдар көлемінің шамадан тыс ұлғаюынан, патша өкіметі жүргізген орыстандыру саясатының кең өріс алуы мен қалың бұқараның әлеум. жағдайының күрт төмендеуінен көрініс тапты. Көтерілістің басталуына Николай II патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы «Реквизициялау туралы» жарлығы тікелей себеп болды. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия мен ішінара Сібірдің «бұратана халықтарының» ер-азаматтарынан (19 бен 43 жастың аралығында) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салу, окоптар қазу, т.б.) 400 мың адам (оның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық) алу белгіленді. Қазақстандағы көтерілістің алғашқы ошақтары 1916 ж. шілде айының бас кезінде пайда болды. Халықтың ашу-ызасына жұмысқа алынатындардың тізімдерін жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және жергілікті әкімштердің басқа да қызметкерлері ұшырады, өйткені жасалған тізімдер әуел бастан жаппай парақорлық, көзбояушылық пен қиянатқа негізделді. Әкімш. жүйе ол кезде қазақтарда тууы туралы куәліктердің болмағандығын пайдаланып, тізімге жас шамасына қарамастан кедейлерді қалауынша енгізіп, ал ауқатты әулеттерден пара алып, олардың өкілдерін шақырудан босатты. Оның үстіне патшалық өкімет орындары өлке тұрғындарының кейбір әлеум. топтарының өкілдерін (болыс басқарушылары, жергілікті халықтан шыққан төм. шенді полицейлер, имамдар мен молдалар, ақсүйектер мен құрметті азамат құқықтары барлар, т.б.) майданның қара жұмысынан босатты. Көтерілісшілер болыстық кеңселерді, болыстар мен ауыл старшындарының үйлерін, жасалған тізімдерді өртеді, жекелеген болыс бастықтарын өлтірді. Стихиялы қозғалыс біртіндеп ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласа бастады. Көтерілістің негізгі қозғаушы күштері – отарлық езгіден күрт кедейленген шаруалардың қалың тобы мен сол кезде қалыптаса бастаған жергілікті



жұмысшылар, қазақ халқының басқа әлеум. топтарының (байлар, болыстар мен билер, зиялы қауым) өкілдері болды. Соңғылары кейбір аймақтарда жетекші рөл атқарды. Көтеріліске қазақтармен қатар басқа ұлт өкілдері қатысқан оңт. обл-тарды (Жетісу мен Сырдария) қоспағанда О. а. ж. к. құрамы жағынан бір ұлттық қозғалыс болды. Сол кездегі қазақ қоғамындағы саяси қайраткерлердің арасында көтеріліске бірыңғай көзқарас болған жоқ. Қазақ зиялыларының кейбір өкілдері (Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, Ә.Жүнісов, Т.Рысқұлов, С.Меңдешев, Б.Алманов, т.б.) патша жарлығына батыл қарсы шықты және халықты қарулы қарсылыққа шақырды. Ал «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан либерал-демократияшыл зиялылардың жетекшілері (А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, т.б.) патша әкімш.-нен тыл жұмысына адам алуда асықпауды, керісінше дайындық шараларын жүргізу жөнінде ұсыныстар жасады, көтеріліске шыққан халық патша өкіметі тарапынан аяусыз жазалауға ұшырайтынын ескертіп, көпшілікті жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды. Батыс Қазақстандағы Ілбішін уезінде қарулы топтар Суналы және Қызылжар болысын сойылға жығып, әскерге шақыру жөніндегі тізімді тартып алды. Орал уезінің Шыңғырлау, Науым, Шілік болыстары көтерілісшілерін А.Ізбасов, К.Ажаев, И.Байғошақов сияқты шаруалар басқарды. Шыңғырлау болысы мен тілмашы өлтірілді. Бірақ көтеріліс басшылары бай-болыстардың көмегімен қолға түсіп, өлім жазасына кесілді. Орал уезі халқының қарсылығы іргелес Темір, Гурьев уездері, Бөкей ордасы, Маңғыстау түбегі қазақтарына ықпал етті (қ. *Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс*). Шілдеде басталған Сырдария көтерілісшілері Перовск (Қызылорда) және Қазалы уездерінде бірнеше болыстық кеңсеге шабуыл жасап, тізімдерді тартып алды, бір болысты тілмашымен бірге өлтірді (қ. *Сырдария көтерілісі*). Қызу басталған Жетісу көтерілісіне қазақ, қырғыз, ұйғыр, дүнген еңбекшілері де ат салысты. Бірақ жергілікті ұсақ белсенділер арандату әрекетін жасап, бейбіт халықты апатқа ұшыратып отырды. Түркістан ген.-губернаторы бірнеше жазалау отрядын жасақтап, көтерілісшілерге қарсы жөнелтті. Көтерілісшілер Самсы төңірегінде отрядқа шабуыл жасап, оларды Верный-

ға (Алматы) қарай шегінуге мәжбүр етті. Т.Бокин бастаған көтерілісшілер (10 мыңнан астам) тамызда шабуылға шығып, Верный мен Пішпек арасындағы байланысты үзді. Көтерілісшілер арасынан Бекболат Әшекеұлы, Нұқа Сатыбеков сияқты басшылар шықты. Бұл кезде Жаркент және Лепсі уезіндегі көтеріліс күшейе түскен еді. Патша үкіметі Жетісу көтерілісін тез басу үшін 7 атқыштар ротасын, 5 казак-орыс жүздігін, 3 ерікті жүздік пен 17 зеңбірек жіберді. Артынша 7 орынборлық, 9 сібірлік казак-орыс полктері зеңбірек, пулеметтерімен қоса аттандырылды. Жетісу обл-ндағы ірі көтерілістің бірі – Қарқара жайлауында болды (қ. *Қарқара көтерілісі*). 1916 ж. шілдеде Қарқаралы (Семей обл.) мен Өскемен уезінің, Көкпекті мен Зайсанның көтерілісшілері майданға жіберілетін адамдардың тізімін тартып алып, болыстарға күш қолданды (қ. *Семей көтерілісі*). Петропавл (Қызылжар) қ-на жақын жерлердегі болыстарда басталған халық көтерілісі Ақмола обл-ның уездерін түгел қамтыды (қ. *Ақмола көтерілісі*). Қазақстанның бірқатар аудандарында көтерілістерді басып-жаныштау үрдісі жүріп жатқан кезде Торғай даласында ол күн сайын өрістей түсті. Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Амангелді Иманов басқарған Торғай көтеріліс ошағы ең табанды және ұзаққа созылған азаттық үшін күрес аймағына айналды (қ. *Торғай көтерілісі*). О. а. ж. к. Қазақстанның барлық аймақтарында қатаң басып-жанышталды. Бұл көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Жаппай көтеріліс тек қазақ даласын ғана емес, көршілес Орта Азия елдерін де қамтыды, Самарқанд обл-ның Ходжент қ-нда 4 шілдеде басталды. А.Мамадинов, Ж.Закиров, Д.Машарипов бастаған 6–7 мыңдай көтерілісшілер полиция басқармасына басып кіріп, тізім жасауды тоқтатуды талап етті. Көп ұзамай көтеріліс облыстың басқа уездерін қамтыды. Жазалаушы отряд көтерілісті қаталдықпен басты. 11 шілдеде ескі Самарқанд қ-ның, 13 шілдеде ескі Жизак қ-ның тұрғындары көтеріліске шықты. Осы кезде Ташкент қ-нда көтеріліс басталып, 12–14 шілде аралығында Ташкент уезінің барлық болыстарында патша өкіметіне қарсы толқу болып өтті. Қарақалпақтар арасындағы ірі көтеріліс 28 шілдеде Шымбайда басталды. 1000-ға тарта көтерілісші прис-



тавты өлтіріп, кеңсе қағаздарын, патша портретін өртеді. Пішпек уезінің Тілеуберді, Жамансарт, Қарабалта болыстарының қырғыздары патша жарлығын орындаудан бас тартса, Нарын ауд. мен Құланды көтерілісшілері тізім жасаған адамдарды өлтірді. Ашхабад уезінің Гоек-Тепе, Бахардан ауд.-дарында, Красноводск, Мерв, Тедженд, Маңғыстау уездерінің көптеген ауд.-дарында ірі көтерілістер болып өтті. Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтерілісті патша өкіметі аяусыз басты. 25 шілде мен 15 желтоқсан аралығында Орта Азияда көтерілісшілерден 3 мың адам сотқа тартылып, 201 адам өлім жазасына, 104 адам жер аударуға кесілді. Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси және әлеум.-экон. дағдарыстың одан әрі шиеленісе түсуіне себепші болды. Ол Ресейдегі әскери-әкімш. және отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтты және Шығыстық отар халықтардың 20 ғ-дың басында өріс алған ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі болды.

Әдеб.: Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане: Сб. документов, М., 1960; Қарқара айбаты: Құжаттар мен материалдар жинағы, А., 1991; Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар мен материалдар жинағы, 1, 2-т., А., 1998; Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін, 3-т., А., 2002.

К.Нұрпейіс

ОНБАСЫ – 1) түркі халықтарында орта ғасырларда қолданылған әскери лауазым, жасақтағы он сарбаздың басшысы. Дәрежесіне қарай О-ға байрақ тапсырылған. О. жүзбасыға бағынған. 2) 1868 жылғы Ресей империясының қазақтарға арналған «Уақытша ережесі» бойынша әр ауылда 10 үйден бір адам О. сайланды.

18 ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ-СЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР МӘСЕЛЕСІ. Қазақстан тарихында 18 ғ-дың 30-жылдарынан бастап жаңа дәуір басталды. Оның ең басты белгісіне Ресей империясының қазақ жеріндегі отарлау саясатының күшейе түсуі жағады. 18 ғ-дың ортасынан 20 ғ-дың басына дейінгі қазақ елінің тарихи жолында айрықша байқалатын бірнеше құбылыстарды көреміз. Олардың қатарына Қазақ мемлекеттілігінің бірте-бірте әлсіреуін; Ресейдің Кіші жүз бен Орта жүздің аумақтарында әскери отарлау саясатының кең қанат жайып, күшеюі мен толық-

тай орнауын; сондай-ақ экон., әлеум., рухани, мәдени сипаттағы отарлау саясатының жүргізілуін; ғасырлар бойы қазақ жерінде дамып келген қоғамдық қатынастардың өзгерістерге түсуін; отарлық қанауға қарсылық ретінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының жандана түсуін және т.б. құбылыстарды жатқызуға болады. Осылардың ішінде отаршылдыққа қарсы болған күрес-тердің, ұлт-азаттық қозғалыстардың халқымыздың тарихында алар орны өте ерекше. Кез келген елдің тарихында отарлау саясаты отарлаудың қандай формасында болсын, ең алдымен, сол елдегі мемлекеттілік жүйені әлсіретуден және оны жоюдан, мемлекеттегі басқарушы немесе билеуші топты өзіне бағындырудан, өзіне тәуелді етуден басталады. Ал оны жүзеге асырудың тарихта бірнеше ондаған әдіс-тәсілдері мен жолдары бар екені белгілі. 19 ғ-дың орта тұсы мен екінші жартысынан бастап Ресей Кіші жүз бен Орта жүз аумақтарында осы әдіс-тәсілдерді шебер және жымысқы түрде жүргізе бастады. Патшалы Ресей мен кеңестік кезеңдердегі орыс тарихшыларының зерттеулерінде Ресейдің Қазақстанда жүргізген саясаты империялық көзқарас тұрғысында қарастырылып, негізінен прогрессивті маңызы бар тарихи үрдіс ретінде тұжырымдалса, қазіргі кезеңдегі еліміздің тарихшылары бұл тарихи жағдайларды ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырып отыр. Міне, соған байланысты соңғы 20 шақты жыл көлемінде жарық көрген тарихшыларымыз бен қоғамтанушы ғалымдарымыздың ғыл. жұмыстарында Ресейдің осы кезеңдегі Қазақстан аумағында жүргізген саясаты ашық түрде жаулап алуға, бағындыруға, отарлауға бағытталған саясат деп түсіндірілуде. Бұл ретте, соңғы жылдары жарық көрген құжаттар мен зерттеу жұмыстарының материалдарына сүйене отыра, 18 ғ-дың 2-жартысында Ресейдің Кіші жүзде жүргізген саясатына, оның ішінде қазақ мемлекеттілігін жоюға және қазақ билеуші тобын өзіне бағындыруға, тәуелді етуге бағытталған саясаты мәселесін қарастырудың маңызы зор. Бұл саясат та өз кезегінде Батыс Қазақстан аумағында ұлт-азаттық қозғалыстардың тууына алып келді. Жалпы, Ресейдің Қазақстанды бағындыруға бағытталған саясаты мен осы мақсатта қолданған әдіс-тәсілдері бұған дейін оның басқа елдерді бағындыру барысында тәжірибеден өтіп,



әбден сыналған болатын. 16–17 ғ-ларда Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын, Ноғай ордаларын бағындыруда Ресейдің ең бір тиімді қолданған әдістерінің бірі – осы елдердегі билеуші топтардың ықпалын әлсірету, олардың өкілдерін әр түрлі жолдармен өз жағына тарту, арасына іріткі салу, билеуші топ пен ру-тайпа көсемдері арасына от салу және тағы басқа осындай сипаттағы тәсілдер болатын. Бұл әдіс өз кезегінде сол елдердегі мемлекеттіліктің әлсіреп, ақырында күйреуіне әкеп соқтыратын. Ал мемл. жүйе жойылып, басқарушы топ тәуелді болғаннан кейін қарапайым халықты бағыныштылықта ұстау, олардың жерін тартып алу онша қиын іс болмайтын. 18 ғ-дың орта тұсынан бастап Ресей әкімш. Кіші жүз аумағында дәл осындай әдістерді жүзеге асыруды қолға ала бастады. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың тұсында-ақ Орынбор әкімш.-нің алғашқы басшысы И.И.Неплюев империяның отарлау саясатын Қазақстанның солт.-батыс аймақтарында белсенді түрде жүргізуге кіріскен. Тек 1740 – 43 жылдардың өзінде осы өңірдегі әскери бекіністердің саны едәуір артады. Сонымен қатар осы аймақтағы қазақтардың ықпалын әлсірету мақсатында Орынбор әкімш. башқұрттар мен Еділ қалмақтарын жергілікті қазақтарға қарсы айдап салып, халықтар арасында бітпейтін жанжалдарды туғызып отырды. Соның бір дәлеліне оның 1744 жылдың сәуір айында қалмақ ханы Дондук-Дашеге қазақтарға қарсы жорық жасауды және олжаға түскен бар мал-мүлікті өздерінде қалдыруды тапсыруы жатады. Әбілқайыр ханның ықпалын әлсірету үшін осындай әдістермен қарақалпақтар мен башқұрттарды да Кіші жүз қазақтарына айдап салды. Неплюевтің Орынбор әкімш.-н басқарып отырған кезеңдегі жұмысының басты бағыты – Ресейдің Кіші жүздегі билігін барынша күшейту болғандықтан, ол, ең алдымен, Әбілқайыр ханның билігіне шек қойып, оның саяси беделін төмендетуді көздеді. Бұл кезде Әбілқайыр ханның тек Кіші жүз тайпалары арасында ғана емес, бүкіл қазақ елі арасындағы беделі өте зор болатын. Өз кезегінде Әбілқайыр хан Орынбор басшысының саясатына барынша қарсылықтар жасап бағады. Мұндай жағдайдың Ресейдің Кіші жүз аумағында отарлау саясатын ойдағыдай жүргізуіне мүмкіндік бермейтінін Неплюев өте жақсы түсінеді. Соның нәтижесінде екі

басшы арасындағы қарым-қатынастарда салқындық пайда болды. Неплюевтің өмірі мен қызметі туралы еңбек жазған В.Н.Витебский «...Осы кезден бастап Неплюев пен Әбілқайыр хан арасында араздықтар басталды», – деп жазады. Неплюев Әбілқайырға қарсы тұра алатын саяси күшті қазақтың өз ішінен іздестіріп табады. Ол Әбілқайыр ханға қарсы оның саяси бақталасы Барақ сұлтанды қолданды. Төре тұқымдары арасындағы алауыздықты өршітіп, Кіші жүз ханына қарсы Барақ сұлтанды айдап салады. Ақыры Неплюевтің жымсықы жоспары жүзеге асады да, 1748 ж. тамызда Әбілқайыр хан қаза табады. Әбілқайыр ханның өлімінен кейін Ресей Кіші жүздегі отарлау саясатын аса қарқынды түрде жүргізу мүмкіндіктеріне ие болды. Кіші жүзде Әбілқайырдың орнына жаңа хан сайлау мәселесі бойынша Ресей тарапы негізгі мәселелердің бірі – сайланған жаңа ханды бекітуді өз қолына алды. Кіші жүздің белгілі ру-тайпа басшылары Әбілқайырдың үлкен ұлы Нұралы сұлтанды хан етіп сайласа да, Ресей жағы оны патшаның бекітуі қажет деп талап қояды. Соған байланысты Неплюевтің араласуымен Нұралы орыс патшасына өтініш білдіріп, өзін хан етіп бекітуді сұрайды. Осылайша Ресей Нұралыны хан етіп бекітуі арқылы өзінің саяси отарлауын бір қадам болса да алға жылжытады. Бұл – Ресейдің қазақ жерлерін саяси отарлаудағы кезекті жеңістерінің бірі болып саналады. Нұралы хан әкесінің тағына ие болғанымен, оның билік ету кеңістігі әкесінің билігіндей бола алмады. Нұралымен бір мезгілде 1748 ж. 2 қазанда Арал маңы мен Сырдың төм. ағысы бойындағы әлімнің шекті, шөмекей, төртқара тайпалары Батыр сұлтанды өздеріне хан етіп сайлап алды. Нұралы хан болса Кіші жүздегі билігін нығайту мақсатымен әртүрлі қадамдар жасап бағады. Хиуа мен Бұхар хандарынан қолдау сұрағанымен, олардан ешқандай көмек ала алмады. Ал Ресей жағы болса, оның жекедара билігінің күшеюін құптамады. Тіпті Кіші жүз аумағындағы ру-тайпалар оның билігін толық мойындамай отырған болатын. Сол себепті де ол амалсыздан Ресейдің қолтығына терең енуге мәжбүр болды. Ресейдің алдын ала дайындап отырған саясаты да осы болатын. Нұралы ханның билігі тұсында (1749–86) Ресейдің Кіші жүздегі отаршыл саясаты барлық бағыттарда кең түрде жүр-



гізілді. Оның ішінде саяси жағынан отарлау, яғни хан билігін мейлінше әлсірете түсу мен хан рөлін төмендетуге бағытталған саясат үздіксіз, әрі табанды және өте мұқият жүргізілді. Саяси отарлаудың түпкі мақсаты Кіші жүз аумағында хандық билікті түпкілікті түрде жою болатын. Мемлекеттілік жүйе жойылғаннан кейін отарлау саясаты басқа бағыттарда еш қиындықсыз жүретінін Ресей бұған дейінгі тәжірибесінен жақсы білетін. Кіші жүздегі саяси отарлауды одан әрі тереңдетудегі Ресейдің келесі қадамына – хан сайлаудың орнына ханды патшаның тағайындау ұстанымын енгізуді қолға алуы жатады. Ресейдің қазақ жеріндегі отарлау саясатын жүргізуде көзге түсіп, белсенділік танытқан ген.-м. А.И.Тевкелев пен мемл. кеңесші П. И. Рычков өздерінің ұзақ жылдар бойы қазақ қоғамы, ондағы хандық билік, оның құрылымы мен ерекшеліктері жөніндегі тұжырымдарын түйіндей келе, 1759 ж. қаңтарда Сыртқы істер алқасына қазақтарда ханды халық сайламай, патшаның жарлығымен тағайындаудың тиімді екендігін дәлелдеп, ұсыныс білдіреді. Сондай-ақ олар Ресей қазақ халқындағы басқарудың саяси жүйесін бұза отырып, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың хан сайлау дәстүріне әсер ете алмай отыр деп жазады. Ж. Қасымбаевтың пікірінше, Ресей шенеуніктері бұл ұсыныстарға 18 ғ-дың 60-жылдарының соңында ерекше назар аударып, көңіл қоя бастады. 1773–75 жылдардағы Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты Ресей бұл мәселені іске асыруды кейінге шегеруге мәжбүр болды. Ал одан кейінгі Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтары қозғалысының алғашқы жылдарынан бастап бұл іске шындап кіріседі. Бұл кезде Кіші жүз аумағындағы саяси-әлеум. жағдай қатты өзгеріске түскен болатын. Хан мен оның туыстарының Ресейге тәуелділігі күшейіп, олар Орынбор әкімш.-нен әртүрлі формада сыйсыяпаттар, қаржылар алып отырды. Өз кезегінде Ресей жағы Кіші жүздің билеуші тобын толықтай өзіне қаратып алғаннан кейін, жергілікті халықтың жерлерін күшпен тартып алуды қиындықсыз жүзеге асыра бастады. Осының салдарынан жергілікті халық пен хандық билік арасы алшақтайды да, биліктің міндетін дәстүрлі әлеум. ин-ттың өкілдері – билер мен батырлар атқарады. Міне, осындай жағдайда тарихтың мінберіне

Кіші жүздегі байбақты руының әрі биі, әрі батыры Датұлы көтеріледі. Ол бастаған Кіші жүз халқының көтерілісі хан әулетінің озбырлығына, орыс-казактары мен Ресей әкімш.-нің отарлауына қарсы бағытталды. Орынбор әкімш. өз кезегінде Сырым батырдың Нұралы ханға наразылығын өз пайдасына шешіп қалуға тырысты. Тарихи құжаттарда жергілікті ру-тайпа басшыларының Әбілқайыр ханның ұрпақтарына, Нұралы ханның озбырлықтарына қарсы наразылықтары мен ханды биліктен шеттетуге туралы мәліметтер кездеседі. Өз кезегінде Орынбор губернаторы барон О.А.Игельстромның II Екатеринаға жазған хабарламаларынан Орынбор әкімш.-нің Кіші жүзде болып жатқан оқиғаларды бақылап отырғанын, жергілікті халық пен Нұралы хан арасындағы қайшылықтардың себептерін біліп отырғандығын байқауға болады. Міне, осындай жағдайда Ресей жағы өзінің түпкі мақсаттарының бірі – хандық билікті түпкілікті жою үшін күрестің белгілі бір кезеңінде билер мен старшындарды, оның ішінде Сырым батырды қолдап, хан билігін одан әрі әлсірете түседі. Ақыры барон Игельстром 1785 ж. Кіші жүз ақсақалдарының қолымен Нұралыны биліктен алу жөніндегі шешімге қол жеткізеді. Ал 1786 ж. 3 маусымда II Екатерина Нұралыны хан билігінен алу туралы жарлық шығарады. Сөйтіп, Кіші жүзде 40 жылдай хан болған Нұралы Орынборға шақыртылады да, ол жактан Уфаға жіберіледі. Ал Кіші жүз аумағында жергілікті басқарудың жаңа түрлері – шекаралық сот, расправа енгізіле бастайды. Жалпы алғанда, Ресейдің Нұралы ханды биліктен алуын, біріншіден, Ресейдің Қазақстанды саяси отарлау бағытындағы кезекті жеңістердің бірі, яғни Ресейдің халық сайлаған ханды бекіту құқығынан, ханды орнынан алып тастауға дейінгі құқықты иеленгенін көрсетеді, екіншіден, қазақ халқының өз мемлекеттілігінен айырылуындағы кезекті жеңілістің бірі деуге болады. Дегенмен де Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы Ресей күткендегідей нәтиже бермеді. Ішкі саяси жағдай одан әрі ушыға, жергілікті халықтың орыс-казактарымен қайшылықтары арта түсті, жаңадан құрыла бастаған шекаралық сот пен расправа жұмыс істеуге дәрменсіз болды. Кіші жүзде хан сайлауды талап еткен күштер өсе түседі. Орта жүздің сұлтандары, түрікмендердің ханы – Нұра-



лының ұлы Пірәлі хан да осыны талап етеді. Дәл осы жылдары Францияда басталған буржуазиялық революцияның монархиялық жүйеге қарсы бағытталғандығынан қорыққан ресейлік шенеуніктер өзгерістердің бәрінен бас тарта бастайды. Осыған байланысты Кіші жүзде хандық билікті жоюдың әлі де болса ерте екендігіне көз жеткізіліп, 1791 ж. Нұралы ханның туған інісі Ералы хан болып тағайындалды. Осылайша, Әбілқайыр ұрпақтары арасынан кімнің хан болуы енді тікелей Ресейдің құзыретінде қалдырылады да, бұл құзыреттілік кейінгі жылдары одан әрі кеңейтіле түсті. Мыс., 1794 ж. Ералы хан қайтыс болып, Нұралының тұңғыш ұлы Есім таққа отырғызылды. Ж. Қасымбаевтың пікірінше, Есімнің таққа келуіне Орынбордың жаңа басшысы Вязьмитинов көп күш салады, өйткені Есім – Әбілқайыр ханның көп ұрпақтары арасындағы әлсіздеу, көзге түспеген тұлға болатын. 1797 ж. Датұлы көтерілісшілерінің Есім ханды өлтіруі – бүкіл даланы дүр сілкіндірген оқиғалардың бірі болды. Бұл әрекет, біріншіден, Ресейдің жоспарына кірмесе де, ханды қарапайым халық өкілдерінің өлтіруі Ресейдің түпкі мақсаттарына сай келетін. Екіншіден, бұл оқиға хандық биліктің өте әлсіз екендігін және хан беделінің қарапайым халық арасында төмендігін көрсетеді. Міне, осындай оқиғалардан кейін Кіші жүздің солт.-батыс аумағында жаңа хан тағайындау мәселесінде барлық құқықты Ресей жағы өз қолына алды. Нұралы ханның ұлдары хан тағын өз әулеттерінде қалдыруға үміттеніп, хан болуға лайықты адамын алға шығарады. Ол – Нұралы ханның екінші ұлы – Қаратай сұлтан болатын. Л. Мейердің жазуы бойынша, қазақтардың басым бөлігі өздерінің билеушісі ретінде жігерлі де, қайратты Қаратай сұлтанды қалаған. Бірақ Қаратай сұлтанның кандидатурасы Орынбор әкімш.-не ұнамады. Өйткені оның дербестігі мен еркіншілдігі Ресейдің ұзақ жылдар бойы Кіші жүз аумағында жүргізген саяси отарлауын жокқа шығаратын. Сол себепті де Қаратай сұлтанның кандидатурасынан Орынбор әкімш. бас тарта отырып, себебін қазақ халқының хандық билікті мұралану жолымен байланыстырады. Олардың негіздеуі бойынша, Қаратай сұлтан 1771 ж. қолға түскен қалмақ қызынан туған. Ресей жағының бұл негіздеуін Айшуақ сұлтан басқарып отырған Хан кеңесі

амалсыздан мақұлдауға мәжбүр болады. Ал Орынбор әкімш. қазақтың салты бойынша, билікке Әбілқайыр хан әулетіндегі ең жасы үлкен адамды ұсынады. Бір жағынан Айшуақтың кандидатурасы қазақтың хан таңдау дәстүріне сай келсе де, оның жасының келуі мен денсаулығының нашарлығы қазақтар арасынан оған қарсы топтың пайда болуына алып келді. Соған қарамастан, Ресей өз талабын Хан кеңесіне мойындатқызып, кеңес амалсыздан мұны қабылдауға мәжбүр болды. Осылайша, 1797 ж. Әбілқайыр ханның 78 жастағы ұлы Айшуақ сұлтан таққа отырғызылды. Жас кезінде атақ-абыройы асқақтап, даңқы шартарапқа тараған Айшуақ сұлтан хан тағына отырған кезде қартайған адам еді. Айшуақты хан тағына отырғызу салтанаты Орынборда өткізіліп, Орынбор әкімш. оған қатты дайындалды. Орынборда болған салтанатты түрдегі хан тағына отырғызу рәсімдері ежелгі және орта ғасырлардағы Қытай императорларының көшпелі елдердің елшіліктерін қабылдау рәсімдерін амалсыздан еске түсіреді. Оның бір ғана мақсаты болушы еді, ол – көшпелілерді өз байлығына қызықтыру және Қытайдың күш-қуатын көрсету болатын. Орынборға салтанатты жиынға жиналған Кіші жүздің ең беделді ақсақалдары алдында Ресей жағы осындай мақсатты көздейді. Айшуақ ханның билігі 1805 жылға дейін созылды. Әбден жасы келіп, хандық міндетін атқаруға шамасы келмегеннен кейін, ол патша үкіметінің келісімімен, тақты үлкен ұлы Жантөреге береді. Ханның өзі 91 жасында 1810 ж. қайтыс болды. Ал 1822 ж. алдымен Орта жүз аумағында, 2 жылдан кейін Кіші жүзде хандық билік біржолата жойылады. Осылайша, Ресейдің 18 ғ-дың 30-жылдарынан басталған Кіші жүз аумағындағы саяси отарлау саясаты ұзаққа созылса да, олар үшін нәтижелі аяқталды. Ресей жағы қазақ мемлекеттілігін жою арқылы Қазақстанда отарлаудың басқа түрлерін еркін жүргізуге мүмкіндік алады. Әбілқайыр хан тұсында Кіші жүз аумағында саяси отарлауды толық түрде жүргізе алмаған Ресей ол қайтыс болғаннан кейін оны астыртын және жымсық тәсілдер арқылы жүргізе бастады. Жаңа сайланған ханды бекіту құқығын, одан кейінгі хан таңдау құзыреттілігін өз қолына алды. Отарлаушылар өздерінің айтқандарынан шықпайтын, жігерсіз хан әулетінің өкілдерін



хандық билікке әкеліп, солар арқылы өзінің отарлауын қарқынды түрде жүргізе бастады. Кіші жүз аумағындағы мемл. құрылым мен дәстүрлі басқару жүйесін толығымен жойған Ресей 19 ғ-дың басынан бастап қазақ халқына отаршылдықтың қамытын кигізіп, қазақ жерін тонауға кірісті. Бұл өз кезегінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының басталуына алып келді.

Әдеб.: Добросмыслов А.И., Тургайская область: Исторический очерк, Известия Оренбургского отделения ИРГО, вып. XV. Оренбург, 1900; Витебский В. Н., Неплюев И. И. и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., т.3. Казань, 1891; Касымбаев Ж., Государственные деятели Казахских ханств XVIII – первой половины XIX в., А., Жеті Жарғы, 2001; Вяткин М. П., Батыр Срым, М.-Л., 1947; Вяткин М. П., Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой Орде в конце XVIII – нач. XIX в.: Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). т.IV. М.-Л., 1940; Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), Бес томдық, 3-том, А., Атамұра, 2002; Материалы по истории Казахской ССР. (1785-1828 гг.). т.IV. М.-Л., 1940, № 4,6,9 құжаттар; Мейер Л., Киргизская степь Оренбургского ведомства: Материалы для герграфии и статистики России. СПб., 1865.

Б.Кәрібаев

19 ҒАСЫР МЕН 20 ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БОЛҒАН АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР. 19 ғ-дың өн бойында қазақ даласын шарпыған азаттық қозғалыстары қазақ халқының көзі ашық азаматтарына зор ықпалын тигізді. Қазақ халқының азаттық ой-пікірінің даму тарихында алғашқы заңгерлердің бірі Бақытжан Қаратаев ерекше орын алады. Орынбор гимназиясын, Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітірген Қаратаевтың қоғамдық көзқарасының қалыптасуына сол кездегі ел өмірі әсер етті. Оның мектеп пен гимназияда оқып жүрген жылдарында патша әкімдері өмірге енгізген, қазақ тұрмысына қолайсыз тиген әкімш. реформаларға қарсы халық толқулары өте көп болды. Мемл. Думаға сайланар алдында «Орал» газетінің бетінде 1907 ж. 7 ақпанда жарияланған «Орыс халқына ашық хат» мақаласында Қаратаев өзінің қоғамдық-саяси бағдарламасын ашып көрсетеді. «Орыс халқы бізге дұшпан емес, біздің онымен ортақ дұшпанымыз бар, ол – патшалық самодержавие ... біз былай ойлаймыз: ең ал-

дымен Ресейдің өз ішінде жеке адамдарға, кабинетке, монастырларға бөлінген жерлер – жерсіз шаруаларға берілуі керек, ал күллі ел бойынша жер біткен халық меншігі ретінде танылуы тиіс. Бұл үшін елдің барша жоғарғы өкіметі халықтың өз қолына өтсін. Самодержавие құламайынша – жер мәселесі оң шешілмейді, сондықтанда біз жер үшін күресті Ресейдің барлық халқымен бірлесіп жүргізу ниетіндеміз». Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы жалпы Ресейде қалыптаса бастаған әр түрлі саяси партиялардың самодержавиеге қарсы күрес жолындағы бағдарламаларымен танысу әсерінен және өз халқын отарлық бұғаудан құтқарудың жолы тек саяси күресте жатыр деп тануынан болды. Қазақ зиялыларының алғашқы баспа бетін көрген ой-пікірлері Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адамның қолы қойылып, Петербургке жіберілген Қарқаралы хұзырхаты болды. 1905 жылдың 4 қазанында «Сын Отчества» басылымының 173-санында жарық көрген бұл хұзырхат – қазақ халқының саяси-әлеум. өміріндегі үлкен оқиға. Қазақ қоғамындағы саяси ой-пікірдің қалыптасып, дамуында алғашқы қазақ тіліндегі газеттер «Түркістан уәлаяты» (1870–82) және «Дала уәлаяты» (1888–1902) ерекше рөл атқарады. Олардың беттерінде қазақ ауылының өмірі, мәдениеті мен әдебиетінің дамуы жайлы материалдар жарияланғанмен, азаттық ой-пікірге патшалық цензура қатаң тосқауыл қойды. Дегенмен, 1870 жылдардағы Маңғыстау көтерілісі туралы хабарлар басылды. Бұл сол кез үшін үлкен ілгерілеу еді. 20 ғ-дың басындағы ерекше тарихи жаңалық – қоғамның азаттық ой-пікірінің дамуында зиялы қауымның бірден-бір идеялық серігі болған «Айқап» журналы (1911–15) және «Қазақ» газеті (1913–18) дүниеге келді. Осы басылымдардың беттерінде ауыл өмірі, азаттық қозғалысы, ұлттық саяси ой-сана туралы ең алдыңғы қатарлы мақалалар мен зиялы қауымның пікірлері жүйелі түрде беріліп отырды. Осы кезеңдегі елдегі экон. ойдың дамуын зерттеуші Д.Қабдиев қазақ басылымдарының алдыңғы қатарлы шаруашылықты жүргізу идеясына, шаруалардың арасындағы қоғамдық ой-пікірлерді қалыптастырудағы қызметіне жоғарғы баға берді. Баспасөз материалдарының, соның ішінде қазақ тілінде шыққан алғашқы газеттер мен ұлттық бейресми басылымдардың Қазақ-



стан тарихын жазудағы деректік мәні туралы Қ.Атабаевтың моногр. зерттеулері жарық көрді. Л.Нұрғалиева баспасөз деректерінің Қазақстан тарихы ақтаңдақтарын зерттеудегі, халықтың тарихи санасын қалыптастырудағы маңызына ерекше мән берді. Сырым, Исатай, Жанқожа, Есет, Кенесарылар бастаған ұлт-азаттық күресті зерттеген зиялылар 20 ғ. басындағы елдегі жағдайды жете таразылап, жаңа заманда тәуелсіздікке бірлік пен білім арқылы жетуді ойлады. Сол тарихи кезеңде қоғамды дағдарыстан өркеніетті жолға шығару үшін большевиктер ұсынған жолдан алаш зиялылары ұсынған жол анағұрлым тиімді болды. Бұл жол қазақ елінің өзін-өзі билеуіне мүмкіндік беретін еді. Кеңестік тарихнама алаш зиялыларының тарихи рөліне байланысты мұндай тұжырымға барғысы келмеді. Қазақ демокр. интеллигенциясы қазақ еліне өркеніетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсынып, өздері атқарып отырған істің тарихи мәнін жақсы түсінді. Ә.Бөкейхан 1917 жылдың жазында жазған мақаласында «кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар» деп жазды. Бірақ, қазақ елі 1917 ж. олар ұсынған жолға түсе алған жоқ. Ал большевиктер партиясы ұсынған даму жолы қазақ елі үшін азабы мол жол болды. Соның салдарынан ешқандай кінәсі жоқ, туған елінің бостандығы үшін күрескен қазақ демокр. зиялы қауымының өзі де империялық зорлықтың құрбаны болды. Алашорда өкіметі қазақтың ұлттық мемлекетін құру жолындағы алғашқы, аса қажетті, өмірдің өзінің сұранысынан туындаған нақты қадам еді. 20 ғ-дың басындағы қоғамдық ой-пікірлердің дамуында, жалпы қазақ қоғамының даму тарихында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов есімдері ерекше аталынады. Көп жылдар бойы белгісіз болып келген, қазақтың ақыл-ой кемегерлерінің мұралары бүгінде халық қазынасына айналып, олардан азаттық күрес ойының, идеологиясының сан қырлы жауабын алуға болады. 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ қоғамы үш түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан, ескі, күні өткен феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуатын тауысып, қоғамдық өсіп-өнуде кедергіге айналса, екінші жағынан, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар әлсіз күйде еді. Елдегі мұндай

ауыр жағдайды ресейлік империализмнің отарлау және орыстандыру саясаты тереңдете түсті. Осындай жағдайда қазақ елінің болашағы үшін қоғамдық күреске жаңа саяси-әлеум. күш – ұлт зиялылары араласа бастады. Осындай жағдайда қазақ демокр. зиялы қауымының 1917 жылғы желтоқсанда ұсынған даму бағдарламасының қайтадан еске түсуі ғасыр басындағы ұлт зиялылары тұжырымдарының өмірлік негізі күштілігінің, олардың бағдарламалық ұсыныстарының өміршендігінің көрінісі болса керек. Тарих ғылымында соңғы уақытқа дейін қазақ қоғамында қазан төңкерісі қарсаңында оны феодалдық мешеулік пен отарлық тәуелділіктен алып шығатындай саяси-әлеум. күш болған жоқ деген тұжырым етек алып келді. Қазақ зиялыларының рухани көсемі А.Байтұрсынұлы (1873–1937) аса көрнекті қоғам қайраткері еді. Байтұрсынұлы – «Қазақ», «Айқап» басылымдарында жарық көрген «Қазақ жерін алу туралы», «Низам», «Қазақ хәм 4-ші дума», «Жауап хат» (Жанша Сейдалин мырзаға), «Шаруа жайынан», «Досмайыл қажыға ашық хат», «Губернатор өзгертілуі», «Земство», «Бас қосу турасында», «Бұл заманның соғысы» атты мақалалары ғасыр басындағы қазақ ақыл-ойының биік шыңы болды. «Думадағы партиялар», «Үшінші Дума хәм қазақтар», «Петербург хаты» атты мақалаларында және кейін 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс туралы жазбаларында қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресінің мақсаты дербес мемлекет құру деп білді. Оның осы бағыттағы ой-пікірлері «Қазақ» газеті бетінде «Петербург хаты» деген айдармен «Қыр баласы» деп қол қойылып, үнемі жарияланып тұрды. Бөкейхан өзінің «Алаш ұлына» атты мақаласында тәуелсіздік үшін жүргізген халық қозғалыстарына ерекше мән береді. Дулатов «Біздің мақсатымыз» атты мақаласында Ресей отарлаушы әкімш-терінің озбырлықтарын жаны жылап отырып жазады. «Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосы жоқтығы ыза мен кек туғызады. Халық күйзелісін жан-тәнімен сезінген сандаған адам еспсіз қаражат шашып, Петербургке жол тартып, министрліктердің табалдырығын тоздырды. Бірақ оған құлақ асқан министр болмады. Ал қазіргі жағдайымызға көз жіберсек, сол мәртебелі министрліктер тағайындаған түрлі чиновниктер, стражниктер, уряд-

никтер солардың пиғылдарын жүзеге асыру үшін қазақ жерінің төріне аттанып жатыр». Дулатовтың алғашқы ірі шығармасы 1909 ж. Уфа қ-нан шыққан «Оян, қазақ» атты кітабы еді. 1914 ж. оның «Азамат» атты кітабы Қазаннан басылып шықты. 1915 ж. Орынбордан «Терме» атты жинағы да жарық көрді. Осы еңбектерінде Дулатов халқының бостандығын ту ретінде көтеріп, бітіспес күреске үндейді. «Қазақ халқы. Қазақ халқының жайкүйі. Кім жеріне жете тексереді, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп кім ескереді. Ақ патшаның отарлау әмірі бұл халықты қара табан етіп жерге қаратып, көрге қаратып жұтатып бітсе, сарайдағыларды алтынға малып, аруағын көтере түсті. Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен мен өзімнің азғантай білімімді осынау қорланған халқыма бағыштап, қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым». Аймауытовтың өмірі мен шығарм-ғын зерттеушілер оның қоғам дамуындағы азаттық сүйгіш ой-пікірлерін жоғары бағалады. Аймауытов белгілі тарихшы Покровскийдің «Төңкеріс тарихы», «Орыс тарихы» еңбектерін аударып қана қоймай, Абылай хан, Кенесары және Қазан төңкерісіне дейінгі ұлт-азаттық қозғалыстар туралы мол деректер жинаған. Жұмабаевтың Қазан төңкерісіне дейінгі жазылған «Қойлыбайдың қобызы», «Оқ жетпестің қиясында», «Түркістан», «Орал», «Есімде тек таң атсын», т.б. шығармаларда Ресей отаршылдығы, қазақ хандарының ерен еңбегі, азаттық қозғалыстары, қазақ халқының бостандық идеясы ашып көрсетіледі. Тынышбаев кеңес дәуірінде Қазақстан тарихы туралы жазылған алғашқы еңбектің авторы Чулошниковтің кітабына ой-пікір білдіреді. Онда қазақ тарихы отаршылдық көзқараста жазылды дей отырып, «Қазақ-қырғыз халқы тарихына материалдар» атты зерттеуінде қазақ руларының, жүздерінің тарихына мән береді. Беріш руы генеологиясында Исатай батырға ерекше тоқталады. Қазақ қоғамында ұлттық сана-сезімнің толысып жетілуінде 20 ғ. басы ерекше есте қалады. Азаттықты ту етіп көтерген алаштың белгілі ұлдары өз күрес теорияларында халқымыздың тарихи тәжірибелерін байытып, жаңа кезеңге пайдалана білді. Жалпы, 19 ғ. мен 20 ғ.-дың басы қазақ қоғамында азаттық ой-пікірлердің дамуында ерекше кезең болғаны анық.

Әдеб.: Қойшыбаев Б., Бақытжан Қаратаев, А., 1993; Мұхтарова Ғ., Қазақ халқын отарлауға қарсы күресті зерттеудегі Қазақстан тарихшыларының алғашқы үлесі, Поиск, 1995, №5; Қазақ, А., 1993; Қойгелдиев М., Оянған сана үні, Ана тілі, 1990, 12 сәуір; Қазақстан тарихы: Очерктер, А., 1994; Ә.Бөкейханов, Шығармалар, А., 1994; Байтұрсынов А., Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер, А., 1989; Дулатов М., Шығармалары, А., 1991; Жұмабаев М., Шығармалары, 1-том, А., 1989; Тынышпаев М., История казахского народа, А., 1993; Материалы к истории киргиз-казахского народа, А., 1990.

С.Төлбасиева

ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ АЛҚАП – Қазақ хандығының иелігінен патша үкіметінің пайдасына кесіп алынған жер (18 ғ-дың 20–50-жылдары). Бүкіл Сібір шебінің өн бойындағы (1500 км) О. ш. а. Ресей мемл-тінің қарамағына берілді. Бұл алқап құнарлы, қолайлы жайылымдары бар жерлермен өтті. Мұндай жағдай Орынбор шебінде де орын алды. Жайық шебі кеңейтіліп, қазақтардың өз иеліктерінде өзеннің оң жағасына еркін өтуіне тыйым салынып, шығыстағы Үй шебі Новошим шебімен қосылуға тиіс болды, ол Сібір редуты арқылы Ертіс шебімен байланысып жатты. Төм. Үй дистанциясына 1743 ж. негізі қаланған Троицк бекінісі енді. Бекініс бекеттерін жалғастыру жөніндегі нысаналы шаралар аяқталғаннан кейін Орынбор, Новошим, Ертіс, Сібір, Үй шептері Қазақстанның солт.-батыс және солт.-шығыс аймақтарын қоршап, Оралдың, Сібірдің, Алтайдың шектес жерлерін де қамтыды. Сөйтіп, Жайықтың сағасынан Өскемен бекінісіне дейін ұз. 3,5 мың км болатын, негізінен қазақтар қоныстандырылған бекіністер мен форпостардың тұтас шебі құрылды. Осы жұмыстардың жүргізілуіне байланысты қазақтардың көшіп жүретін қоныстары шамамен 70 мың км² кесіп тасталған болып шықты (қ. *Қасірет белдеуі*). Мұндай саясатқа қарсы шыққан көшпелілерге ойдан шығарылған айыптаулар тағылып, алыс жерлерге жер аударылды. О. ш. а. саясатының іске асырылуы патша үкіметінің қазақ жерлерін отарлай бастауының негізі болды.

Әдеб.: Рычков П.И., История Оренбургская (1730–1750), Оренбург, 1896; Аполлова Н.Г., Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX вв., М., 1960.

Н.Әшіров



ОҢ ҚАНАТ – әскер шебінің оң жақ бөлігі. Көшпелілер қоғамында әскери-әкімш. мақсатта рулар екіге бөлініп, О. қ. және сол қанат деп аталған. Оғыздарда О. қ-ты бұзықтар құраса, түркі-моңғолдарда барұнғар деп аталған. Бұлайша бөлу Орта Азия халықтарында көпке дейін сақталды. Бұл күнде әскери атау ретінде қолданылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫНА ҚАРСЫ КӨТЕРІЛІСІ (1821)

– Қоқан билеушілерінің басқыншылық саясаты мен езгісіне қарсы көтеріліс. Әлім (1801–04 ж. билік етті) және Омар (1809–22 ж. билік етті) хандардың тұсында қоқандықтардың басқыншылық саясаты күшейе түсті. Ұлы жүз жерінің батыс бөлігіне (Ұзынағашқа дейін), Талас алабына, Орта жүздің Ташкент пен Арыс өз. аралығындағы, Түркістан маңындағы жерлерге және Сыр бойындағы (Қазалыға дейін) Кіші жүз қазақтарына Қоқан билеушілері үстемдік жүргізді. Олар Қазақстанның оңт-ндегі Сайрам, Шымкент, Түркістан, Әулиеата қ-ларын жаулап алып, қазақтарды сауда және қолөнері орт-нан айырды. Халықтан алатын алым-салық мөлшерін ұлғайтты. Ауыр салық пен қисапсыз көп міндетті жұмыстардан бас тартқан қазақ ауылдары шапқыншылыққа ұшырап, мал-мүлкі тоналды. Бұл саяси және әлеум. езгіге шыдамаған Сайрам, Шымкент және Түркістан қ-ларының маңындағы қазақ рулары 1821 ж. Қоқан билеушілеріне қарсы көтеріліске шықты. Аз уақытта көтерілісшілер саны 12 мыңға жетті. Олар Шымкент пен Сайрамды алып, Қоқан ханының бекініс-қамалдарын қоршады. Бірақ көтерілісшілердің қару-жарақтары жеткіліксіз, әскери қуаты әлсіз еді, көтерілістің айқын мақсаты, жан-жақты ойластырылған жоспары болмады. Оның үстіне көтерілістің ырықтан шығып кетуінен қорыққан қазақ билеушілері Қоқан ханымен келісіп, көтеріліс басшысы Тентек-төре Қоқанға мойынсұнды. Көтеріліс қаталдықпен басылып, мыңдаған қазақ өлтірілді, тірі қалғандары құлға айналдырылды. Бірақ бұл халықтың азаттық күресін тоқтата алмады. Жетісу өлкесінде де, Сыр бойында да халықтың басқыншыларға қарсы бітіспес күресі қанат жайды.

ОРАЗОВ Рашид Ешенұлы (17.4.1972 ж.т., Алматы обл. Нарынқол ауд. Қаратоған а.) – тарихшы. Еңбек жолын Н.Өмірзақов атынд. кеңшарда жұмысшы болып бастаған (1989–

96). Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің тарих факультетінде тарихшы мамандығы бойынша бакалавриатын (1996–2000), магистратурасын (2000–02) бітірген. 2002 жылдан бері қарай Қазақстан ҰҒА Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-тының Жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихы бөлімінде ғылыми қызметкер. Оның негізгі зерттеу нысандары – 19 ғ-дағы Қазақстанды Ресей империясының отарлау кезеңі тарихы мен Сыздық Кенесарыұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері. Осы кезеңге қатысты ғылыми мақалалары мен зерттеулері 10 құжаттар мен материалдар жинағына енген, 80-нен астам ғылыми мақалалары баспасөзде жарияланған.

ОРАЛ КӨТЕРІЛІСІ (1869) – Орал облысында болған ұлт-азаттық қозғалыс. Көтеріліс Ресей өкіметі 1868 ж. қабылдаған «Уақытша Ережеге» («Далалық облыстарды басқару жөніндегі Ереже») қарсы бағытталды. Ресей өкіметінің 1867–68 ж. реформалары, алым-салықтың көбейіп, қанаудың одан әрі күшейе түсуі қазақ халқының жаппай наразылығын тудырды. 19 ғ-дың 60-жылдарында әр түтінге салынатын салықтың мөлш. 10–12 сомға жетіп, әр отбасынан жеке-жеке өндірілді. Заттай төлемдер тұрақты алымға айналды. Кіші жүз қазақтары мемл. кіресін тегін тарту үшін (Наурызым орманынан Сырдария бойындағы қалаларға ағаш тасу, т.б.) түйешілермен қоса 4 мың түйе беруге, Орта Азия хандарына жорыққа шыққан патша әскерлерін азық-түлікпен, баспанамен, жылы киімдермен, т.б. жабдықтауға міндетті болды. Жергілікті әкімдер көлікпен, қаражатпен халық есебінен қамтамасыз етілді. Күйзеліске ұшыраған қазақ кедейлері топ-тобымен казак-орыс шептеріне, қалаларға жалданып жұмыс істеуге кете бастады. Жалшылардың егіншілікпен айналысуына тыйым салынды. 1868 жылғы «Ереже» бойынша жер өкімет меншігі болып жарияланды. Қазақтар пайдаланған жері үшін түтін басы салығын бұрынғы 1 сом 50 тиын орнына 3 сом 50 тиын төлеуге, түрлі қосымша алымдар төлеуге тиіс болды. 1869 жылдың басында елге ұйымдастыру комиссиялары шықты. Комиссия халық санағын жүргізіп, салық жинауға, жергілікті әкімдер сайлауын өткізуге, болыстар құруға кірісті. Бұл халық наразылығын күшейтіп, көтерілістің шығуына тікелей түрткі болды. Табын, кете, таз, шеркеш, есентемір



руларының қарулы көтерілісшілері 1869 ж. наурызда Гурьев (қазіргі Атырау) қ-ндағы ұйымдастыру комиссиясына шабуыл жасап, 10 көлік пен 900 сомның бағалы заттарын қолға түсірді, комиссия мүшелері қашып кетті. Елек өз. бойында 200 солдат күзеткен азық-түлік отрядына 600-ге жуық көтерілісші қазақтар шабуыл жасады. 1869 ж. наурызда ұйымдастыру комиссиясына қарсы көтеріліс Орал обл-н түгел қамтыды. Көтеріліс жаз шыға күшейе түсті. Көтерілісшілерді Т.Есенжанов, Қ.Өтерғазин, О.Нақанов, О.Байғожин, Ү.Сүтемгенов, Б.Жездібаев, Ж.Намазов, т.б. басқарды. Ханкөл, Азнабай, Тайпақ, Өлеңті, Құрайлы аймақтары көтеріліс орталығына айналды. Көтерілісшілер казак-орыс селолары мен сауда керуендеріне 41 рет шабуыл жасады. Көтерілісті басуға 5300 солдат, 20 зеңбірек бөлінді. С.Түркебаев, Б.Ұсман басқарған 20 мыңдай көтерілісші 2 зеңбірегі бар фон Штемпельдің 360 солдатын Калмыково қамалына шегіндірді. Көтерілісшілердің енді бір тобы Григорьевтің 150 солдатына, Рукіннің 300 солдатына тойтарыс берді. Патша өкіметі көтерілісті біржола басуды Орал обл-ның әскери губернаторы Н.Веревкинге тапсырды. Ол 1700 солдат, 1 атқыштар ротасымен Қазыбек биігіне келді. Қатары сиреген көтерілісшілер бұл күшке қарсы тұра алмады. Патша әскері көтерілісшілерді ауылдарымен бірге аяусыз жазалады. Кіші жүз қазақтарының үштен бірі Орта Азия хандықтарына өтіп кетті. Қалғандары түтін сайын 1 сомнан айып төледі. «Жаңа Ереже» күшпен енгізілді, әрбір үй, мал есепке алынды, 144 мың сом соғыс шығыны өндіріліп, 511 адам әскери сотқа берілді. Көтерілістің ең табанды, қажырлы басшысы Түркебаев түрмеде азаптап өлтірілді. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да қазақ халқының отарлау саясатына қарсы қозғалысының ерекше көрінісі болды.

ОРАЛ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗИ, 1917 ж. сәуірдің 19–22-сі аралығында Орал обл. қазақ комитетінің ұйымдастыруымен Орал қ-нда өтті. Съезге осы обл-тың уездері мен болыстарынан 800-ден астам делегат қатысты. Съездің төралқасы құрамына Ж.Досмұхамедов (төрағасы), Ғ.Әлібеков, А.Қалменов (төраға орынбасарлары), Ғ.Жетпісбаев, Х.Ахметшин және Н.Арғыншиев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібінде мемл. басқару құрылымы, соғысқа, Уақытша үкіметке көзқарас, жер, дін, сот ісі, оқу-ағарту, мәдениет және

шаруашылық-қаражат мәселелері секілді 23 мәселе қойылып, тиісті шешімдер қабылданды. Съезде Ресей көлемінде ұлттық-аумақтық федерация құру мәселесін басы ашық қалдыра отырып, Құрылтай сайлайтын федеративті-демокр. республика құру, жергілікті өзін-өзі басқару мәселесіне обл. қазақ управасын сайлау, соғысты жеңіске жеткенше жүргізе беру, ал Уақытша үкіметтің қызметі уәде етілгендей демократиялы болса қолдау көрсету, жер мәселесі бойынша сырттан көшіп келушілерге және қазақтардың пайдалануындағы жерлерді алуға тыйым салу, дінге байланысты обл. діни басқармасын Орынбор муфтиятына бағындыру, жергілікті жерлерді басқаруға тиісті өкімет пен атқару органдары жүйесін құру, орта мектептер ашу және кәсіби мамандардың қатынасуымен оқу-ағарту ісін реформалау мәселелерін талқылау үшін мұғалімдер құрылтайын шақыру, т.б. мәселелер талқыланды. Съездің бірінші күні құрамында 20 адам бар Ж.Досмұхамедов басқарған обл. қазақ к-ті сайланды. 1917 ж. мамыр айында Мәскеуде өтетін жалпыресейлік мұсылман съезіне делегат ретінде Ж. және Х.Досмұхамедовтерді, Ғ.Әлібековті, мұғалім Сұбхановты және алты молданы жіберу жөнінде шешім қабылданды. Съезде құрылған обл. қазақ к-ті өзінен кейін 1918–19 ж. осы өңірдің әкімш.-саяси құрылымы ретінде өмір сүрген «Ойыл уәлаятының» қызмет жүйесін қалады.

ОРАЛ ОҚИҒАСЫ – 1991 ж. 15 қыркүйекте Орал казактарының орыс билігіне қызмет етуіне 400 жыл толуын міндетті түрде тойлап өту шарасына орай туған қазақ ұлтшылдарының қарсылық оқиғасы. Мұның алдында Орал казактары өздерінің «автономиясын», «егемендік декларациясын» жариялап үлгерген еді. Олар 1920 жылғы 26 тамыздағы БК(б)П ОК Декретімен Орал обл-ның Қырғыз (казак) АКСР-і құрамына өткені заңсыз деп табылып, күші жойылсын, жаңа «Одақтық шартқа» қол қойылар кезде орыс халқының мүдделері ескеріліп, Орал казачествосының бұрынғы жерлері түгелдей Ресей құрамына қайтарылуы тиіс деген сияқты талаптар қойып жатты. «Егер талаптарымыз ескерілмейтін болса, біз КСРО президенті М.Горбачев көрсеткендей, «өзінің тарихи отанынан тысқары тұрып жатқан ұлттардың еркін дамуы» туралы заңымен бекітілген құқықтарымызды қорғау үшін бар-



лық мүмкіндіктерді пайдаланамыз» деп, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесіне «Үндеу хат» жолдады. КСРО президентінің 1989 ж. жасаған «Партияның ұлт саясаты туралы» баяндамасынан: «Ұлттар жинақы тұрған жерлерде ұлттық аудандар, аумақтық автономиясы жоқ саны жөнінен ірі ұлттардың одақтық кеңестерін құру мүмкіндіктері бар» деген сөзін өздеріне бағыт-бағдар етіп алды. Орал казактарының атаманы А.Качалин өздерінің тәуелсіздігі жолында қажет болса қантөгіске де баратынын ресми кездесулерде әлденеше рет қайталады. «Орал казактарының егемендік декларациясынан» кейін «Комсомольская правда» газетінің 1991 жылғы 27 тамыздағы санында «Қазақстан Ресеймен одақтаспаса Солтүстік Қазақстан облысының казактары автономия құрады немесе Ресейге қосылады», – деген хабар таратып, елді бөлшектеу ниет ашық аңғартты. Мұны КСРО мемлекеттері қауіпсіздігінің кепілі деп тағдырын қолына сеніп тапсырған президент Горбачевтың өзі: «Я могу сказать, что если Союз будет рушиться, то это обернется бедой, так как границы у нас определялись произвольно», – деуі отқа май құйып, жағдайды одан сайын ушықтыра түсті. Оның бұл сөзі 1990 ж. қарашаның 21 күні РСФСР мен Қазақ КСР арасындағы Қазақстан аумағының тұтастығын мойындаған, екі мемл-тің егемендік декларациясына сәйкес қол қойылған келісімдерді тәрк ету еді. Бұған жауап ретінде Қазақстан халқы (қазақ жұрты), оның қоғамдық ұйымдары 1991 ж. 28 тамызда Алматыдағы Ш.Уәлиханов ескерткіші жанында Ресей мемл-ті басшыларының мәлімдемелеріне орай наразылық митингісіне жиналды. Митингіде «Азат» қозғалысы, «Желтоқсан», Украин мәдениет орталығы және қазақ радиосы өкілдері, т.б. Ресей тарапынан шығып жатқан мәлімдемелерге мемл-тер арасындағы бейбіт қарым-қатынасқа нұқсан келтіру, жағдайды ушықтыру, арандату деген баға берді. Олар саяси теңдік принциптері мойындалмайынша, қалыптасқан шекаралардың мызғымастығы туралы мәселе айқындалмайынша алдағы жоспарланған республикалар арасындағы «Одақтық шартқа» қол қоймауды талап етті. Әйтпесе, демократиялық күштер өз шекарасын қорғау мақсатында еріктілерден ұлттық әскери жасақтар құру қарекеттеріне кірісетінін ескертті. Сондай-ақ, демократтар мен қоғамдық ұйым өкілдері митингіде Се-

мей полигонын түпкілікті жабу мәселесін көтерді. Қазақстанның қоғамдық ұйымдары мен демократиялық күштерінің, «Азат» партиясының мәлімдемелері ел арасында үлкен қозғау туғызды. Ресей демократтары да қарап жатпады. Олар Ресей үкіметіне наразылық айтып, олардың мәлімдемелеріне өздерінің: «Такие высказывания, как мы беремся доказать, бросаю вызов здравому историческому соглашению и недавним договорам России с Украиной и Казахстаном. Они способны осложнить положение национальных меньшинств, прежде всего самого русского народа и уж никак не помогают прочно обеспечить права этих меньшинств. Мы решительно отвергаем любые политические, клонящиеся к заявке на преобладающую роль России в СССР. Опаснее всего утверждение о возможности территориальных и имущественных претензий в случае распада СССР», – деп саяси бағасын берді. Бұдан тыс қалған биліктің сол кездегі «социалистік партиясы» мен «коммунистер» ғана болды. Осыған байланысты Қазақ КСР президенті Н.Назарбаевтың РКФСР президенті Б.Ельцинге жолдаған жеделхатына орай 1991 ж. 30 тамызда Алматыға жедел жеткен вице-президент А.Руцкой мен Қазақстан басшысының арасында: «Қазақ КСР-і мен РКФСР арасындағы шекаралық белгілердің мызғымастығын» көрсеткен екі жақты «коммунистке» қайтара қол қойылды. Руцкой екі ел арасындағы бір жыл бұрын 1990 ж. 21 қарашада қол қойылған келісімнің бұзылмайтынын, көтеріліп жатқан аумақтық талаптардың негізсіз екенін айтып, көңілді орнықтырды. Мұндай қоқан-лоққыны Украина да басынан өткеріп, олар да дүрлігіп барып басылды. Дегенмен бұл саяси жанжал ұрысқа кірер алдындағы әскери дайындықтың дабыл үнідей болды. Арада көп уақыт өтпей-ақ Орал казактары 1991 жылғы қыркүйектің 15 күні қалада «той» деген сылтаумен «Бүкілодақтық казактардың съезін» өткізіп, осы күні батыстағы Атырауға дейінгі жерді алып жатқан «Жайық казактары автономиясының» құрылғанын және Ресейге қосылатынын ресми жағдайда жариялап жібермекші болды. Ал, бұл кезде көрші Самара обл-ның шекарасында Преднепровье сценарі бойынша ген. Макашовтың танк әскері Орал қ-на «бітімгершілік» желеуімен тіке кіруге даяр тұрған еді. Алматыда «Алаш азаматтары» бас-



қарған «Аттанайық Жайыққа!» штабы құрылып, «казактардың арандату тойын өткіздірмейміз, ұлғарақтай да жерімізді бермейміз» деп еліміздің әр түпкірінен еріктілер жасағы Орал қ-на ағылды. Қалада төрт күнге созылған (13–16 қыркүйек аралығы) үлкен қарсылық акциясы өтті. Азаттықтар бастаған Қазақстанның әр облысынан жиналған халық өкілдері сепаратистердің желігін басып, ниет-әрекеттерінің заңсыздығын әшкерелей отырып, халықты қантөгіске жібермей, бұл әпербакан шараны болдырмай тастады.

К.Қошым-Нозай

ОРАЛ УЕЗИ – «Дала облыстарын басқару жөніндегі Ережеге» сәйкес 1869 ж. желтоқсанда Орал облысында құрылған әкімш.-аумақтық бөлік. Халқының саны 223 мың 717 адам болды. О. у. Жайық өз-нің екі жақ алқабында орналасты, оң жағында казак-орыс әскерлері, сол жағында казактар тұрды. Халқының тығыздығы жағынан Орал обл-нда 1-орын алды. Казак-орыстар негізінен балық аулаумен, егін шаруашылығымен, ал казактар мал өсірумен, ішінара егіншілікпен айналысты. Уезд жерінің 2,1%-ы ғана егіншілікке пайдаланылды. О. у-нде 1367 жұмысшысы бар шағын 466 з-т және диірмен болды. Бақша өсіру өркендей бастады, айналымдағы ақша қоры 1 млн. сомға жуықтайтын Петровский, Воздвиженский, Калмыковский және Орал жәрменкелері жұмыс істеді.

ОРАЛ ШЕБІ, қ. *Жайық шебі*.

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ – казак халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында казак қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтті. Ол жайлы мәліметті алғаш айтқан – тарихшы И.Э. Фишер. Осы шайқас жайында орыс тарихшылары А.Левшин, И.Златкин, А.Чулошников, Гуревич, В.Моисеев, казак ғалымдары М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Асфендияров, С.Сейфуллин жазғанымен, бірақ олардың бірде-бірі ұрыс өткен жерді нақтылап айтпайды. Тау қойнауында өткен шайқас туралы тұңғыш деректі жазып қалдырушы – Тобыл әскербасшысы Р.С. Куракин, ал оған бұл соғыс жайындағы мәліметті жеткізушілер Тобылда қызмет еткен, Ресейдің Жоңғарияға барған елшілері Г.Ильин мен К.Кучелев (Кучембердейке). Олардың

1644 жылғы хабарламасында: «Біз барғанда қонтайшы ұлысында болған жоқ... 50 мың әскермен Қазақ ордасының Жәңгір сұлтанымен, Жалаңтөспен және Алатау қырғыздарымен соғысуға кеткен екен», – деп жазылған. Есім ханның ұлы Салқам Жәңгір шығыстан төнген жойқын қатерді көзімен көріп, казак руларын біріктіруге, басқыншыларға бірлесе тойтарыс беруге ұмтылды. Бұхар хандығының қолбасшысы, Самарқан әміршісі, алшын Жалаңтөс баһадүрге хабарласып, көмек сұрады. Бірақ халха билеушісі Алтын ханның ұлы Омбы – Ерденемен, хошот билеушілері Үшүрті (Сесенхан) қонтайшымен және Шоқур, Солжан тайпаларымен



Орбұлақ шайқасына қойылған ескерткіш

одақ құрған Батыр қонтайшы Жәңгірдің казактарды біріктіру жоспарын жүзеге асырмау мақсатында 50 мың қолмен жедел жорыққа шықты. Жолшыбай жоңғар шеріктері Алай және Токмақ қырғыздарының аумағын, бірсыпыра казак ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратып, 10 мың адамды тұтқындағаны туралы хан ордасы – Түркістанға хабар жетті. Жәңгір шұғыл әрі батыл шешім қабылдап, казак жеріне ішкерілеген жоңғарлардың жолын кесу үшін білтелі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанды. Әлемдік соғыс өнерінің жынамасына енуге лайық О. ш-нда Жәңгір мылтықпен қаруланған 300 адамды тау ішіндегі тар өзекке ор қазып бекінуге, ал екінші жартысын жоңғарлар тар өзектегі орға жеткенше таудың арғы бетіне жасырына тұруға бұйырады. Оның ойлағаны айнамай келіп, Батыр қонтайшы қаймықпай қорғанған ор-бекініске шабуыл



жасады, сол сәтте Жәңгір әскері жауға ту сыртынан лап қойып, білтелі мылтықтарынан оқ жаудырды. Осы кезде Самарқандтан алшын Жалаңтөс баһадүр 20 мың қолмен көмекке келіп, 10 мыңнан аса адамынан айырылып, жеңілген жоңғарлар кері шегінді. Ұлы жеңіске арғын Ағынтай, Қомпай, найман Көксерек, Бөдес, шапырашты Қарасай, төртқара Жиёмбет жырау, қаңлы Сарбұқа, суан Елтінді, дулаг Жақсығұл, қырғыз Көтен мен Табай, т.б. батырлар үлес қосқан. Бұл ұрыс қазақ қолбасыларының стратег. та, тактик. та қабілетті болғанын, жауды алдын-ала зерттеп, барлап барып соғысқанын көрсетеді. Соның арқасында аз күшпен өзінен әлдеқайда көп әскерге тойтарыс беріп қана қоймай, оның 10 мыңнан аса әскерін жойып жіберген. Бұл Қазақ хандығының тәуелсіздігіне төнген қауіп-қатерді бірнеше жылға кейін шегерген жеңіс еді. Отандық тарихнамада О. ш. өткен жер туралы бір-біріне қарама-қарсы пікірлер бар. 1993 ж. 3 шілдеде Алматы обл. Панфилов ауд.-ның Белжайлау алабында ұлы жеңістің 350 жылдығына арналған той өткізілді. Ұрыс болған жердің атауы Орбұлақ, ал оқиға О. ш. деп аталып, гранит тас-тан белгі қойылды.

Б.Нұржекеев, М.Ізімұлы

ОРДА – түркі және моңғол халықтарындағы әскери-әкімш. ұйым, мекен, көшпелілер тұрағы. Орта ғасырларда О. термині, негізінен, көшпелі тайпалардың мемлекеттері мен одақтарының атауы ретінде қолданылған. Мыс., Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Көк Орда, т.б. 18–19 ғ-лардағы орыс ғалымдары мен шенеуніктері қазақ қоғамындағы жүздерді О. деп те атаған. Дала өркениетінен хабары мардымсыз еур-тар басы бірігіп ұйымдаспаған қыруар адамдардың тобырын О. деп атады. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында О. ұғымы мемл.-тілікті, елдікті білдіреді.

Г.Сабденова

ОРДАБАСЫ ЖИЫНЫ, О р д а б а с ы қ ұ р ы л т а й ы – 1726 ж. Қазақтың Үш Жүзі өкілдерінің Бадам өз. бойы Ордабасы тауындағы тарихи бас қосуы. 18 ғ-дың басында қазақ жеріне баса-көктей кіріп, бейбіт елді қырып-жойып, қасіретті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» апатына душар еткен жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыруға арналған халық құрылтайына Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс хандар мен Төле би, Қазыбек би бастаған әр

рудың билері, даңқы шыққан қолбасшылары мен батырлары қатысты. Онда жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруді ұйымдастыру және қазақ жасағының қолбасшысын сайлау туралы мәселе қаралды. О. ж-нда Әбілқайыр хан бас қолбасшы болып тағайындалды. Жиынға қатысушылар өз қимылдарын үйлестіріп отыруға, жауға біріккен майдан құрып аттануға ант берді және алдағы елді азат ету үшін жүргізілетін шайқастардың жоспарын жасады. Осы жолғы қазақтың Үш Жүзінің тізе біріктіріп, бас қосқан іс-қимылдарының нәтижесінде қазақ халқы 1727 ж. жоңғарлармен болған Бұланты-Білеуті шайқасы мен 1729–30 жылдардағы Аңырақай шайқастарында жеңіске жетті. Қазіргі кезде осы тарихи жиынның белгісі ретінде Ордабасы төбесінде қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін көп еңбек сіңірген атақты үш биге ескерткіш орнатылған.

ОРМАН СҰЛТАН (т. ж. б. – 1813) – Кіші жүз сұлтаны, 18 ғ-дың аяғы – 19 ғ-дың бас кезіндегі көрнекті саяси тұлғалардың бірі. Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның қалмақ әйелі Ырыстан туған. Өз ордасында мектеп ашқан. Сырым Датұлына қарсы күреске және Кіші жүздегі хандық басқаруды қалпына келтіру жолындағы қозғалысқа белсене қатысты. 1809 ж. Хан кеңесінің төрағасы болды. Қаратай сұлтанның көтерілісіне қатысып, сол үшін тұтқындалды. 1810 ж. 11 наурызда Орынбор шекаралық комиссиясының шешімімен барлық шендері мен сұлтан атағынан айырылып, Иркутск губ-на жер аударылды. Кейіннен жер аудару Санкт-Петербургтегі қамалға қамаумен алмастырылды. Қамауда қайтыс болған.

ОРТА АЗИЯДАҒЫ АҒЫЛШЫН-ОРЫС БӘСЕКЕЛЕСТІГІ, Англия мен Ресейдің осы аймақта сауда нарығы мен шикізат қорына ие болу, шығыстағы әскери-стратегиялық базаларын неғұрлым ұлғайту мүдделерінен туындады. 19 ғ-да Орта Азияға көз тіге бастаған Англия оңт.-шығыс бағытта жылжып келе жатқан Ресейді осы аймақтағы басты бәсекелесі санады. Англия 19 ғ-дың 40-жылдары Ауғанстан әмірімен келісімге келіп, Орта Азияға қатысты саясатын қолға алды. 19 ғ-дың 1-жартысында патшалық Ресей де Орта Азияға өзінің отарлық әрекетін ұлғайтып, Сібір мен қазақ даласы және Памир мен Тяньшань таулары аймағына үстемдігін орнатуға



кірісті. Орта Азиядағы ағылшындардың белсенді әрекетіне қарсы тұру, оңт. шекарасын бекемдеу, әскери-стратег. база жасау мақсатында басып алған отарлық иеліктерінде бекіністер тұрғызып, шекара бойына казак-орыс қоныстарын салды. Нәтижесінде Ресей қазақ даласы арқылы Орта Азия мен Шығыс Түркістанға, одан әрі ішкі Қытайға қарай бағытталған саяси-экон. отарлау әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Ағылшын-орыс бәсекелестігіне орай, 19 ғ-дың басынан Ресей Орта Азияда геосаяси және геостратег. мақсатта әр түрлі экспед-лар, саяхатшылар, елшілік қызметкерлерін жіберіп, ағылшын отаршылары ықпалының қаншалықты деңгейде екендігі жөнінде ақпараттар жинай бастады. 19 ғ-дың 2-жартысында Англия Бұхар, Хиуа, Қоқан және Шыңжаң жеріндегі отаршылдық әрекетін күшейте түсті. Ресей жедел түрде оның алдын алу үшін Орта Азия хандықтарына әскери жорықтарын бастады. Ағылшындардың Шыңжаң арқылы қазақ даласына ауыз салу мүмкіндігін ескере отырып, 1854 ж. Жетісу жеріне Верный бекінісін салды. 1865 ж. орыстар Ташкент қ-н бағындырды. Англия, егер Ресей дәл осы қарқынмен жүретін болса алдағы уақытта Үндістанға да аяқ басуы мүмкін екенін болжап, қатты алаңдай бастады. Ағылшындар, әсіресе, Ресейдің Шығыс Түркістанды басып алуынан қауіптенді. Азияның орт-нда тұрған бұл аймақ Ресейді әр бағытта әрекеттер жасауға, яғни шығыста Пекинге, оңт.-шығыста Сычуан провинциясы арқылы Үндіқытайға, оңт-те Тибет пен Үндістанға, сондай-ақ Ауғанстан мен сыртқы Моңғолияға тіке шығуға мүмкіндік беретін еді. О. А. а.-о. б. 19 ғ-дың 70-жылдары Англияның Орта Азиядағы соңғы тірегі – Мервке байланысты қайта шиеленісті. Мервтен айырыла отырып, Англия уысынан Орта Азияны шығарып алды. Осындай шиеленісті жағдайда Англия енді Ауғанстаннан айырылып қалмас үшін 1879 ж. ағылшын-ауған соғысын бастады. Соғыс нәтижесінде Ауғанстан түгелдей дерлік Англияға тәуелді елге айналды. Орта Азияда күшейіп келе жатқан Ресейдің Еуропада да нығаюын қаламаған Англия Австрия-Венгриямен одақтаса отырып, орыс-түрік соғысын аяқтаған Сон-Стефан келісім шартын қайта қаратып, Берлин конгресінде (1878) Ресейді өз талаптарын қабылдауға мәжбүр етті.

Н.Алдабек

«ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОН АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТЕР» – құжаттар жинағы. Редакциясын басқарған А.В. Пястковский. 1960 ж. КСРО ҒА баспасында орыс тілінде жарық көрген. Бұл еңбек КСРО ҒА Тарих ин-тының, Қазақ КСР-і ҒА Тарих, археология және этнография ин-тының, Қырғыз КСР-і ҒА Тарих ин-тының, Түрікмен КСР-і Тарих, археология және этнография ин-тының, Өзбек КСР-і Тарих және археология ин-тының, КСРО Бас архив басқармасының қатысуымен шығарылған. Кітап 10 бөлімнен тұрады: 1) «Бұратаналарды майданның тыл жұмыстарына шақыру және патша әкімшінің қосымша жарлықтары»; 2) «Орта Азиядағы көтеріліс» (бүкіл Түркістан ген.-губернаторлығына қатысты шолу құжаттары); 3) «Самарқанд обл-ндағы көтеріліс» (Өзбекстан, Солт. Тәжікстан, Оңт. Қырғызстанның бір бөлігі); 4) «Ферғана обл-ндағы көтеріліс» (Өзбекстан және Оңт. Қырғызстан); 5) «Сырдария обл-ндағы көтеріліс» (Өзбекстан, Қазақстан, Қарақалпақстан, Солт. Қырғызстанның бір бөлігі); 6) «Жетісу обл-ндағы көтеріліс» (Қазақстан және Солт. Қырғызстан); 7) «Закаспий обл-ндағы көтеріліс» (Түрікменстан, Қазақстанның бір бөлігі); 8) «Ақмола, Семей және Орал обл-тарындағы көтеріліс»; 9) «Торғай обл-ндағы көтеріліс»; 10) «Көтерілісті басып-жаншу. Патша өкіметінің қуғын-сүргіні. Буржуазияшыл-ұлтшыл элементтердің көтерілістегі ролі». Жинақ соңында «Ескертпелер мен көрсеткіштер» деген қосымша терминолог. сөздік берілген.

К.Нурпейіс

ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫ АУМАҒЫН МЕЖЕЛЕУ – Ресей отаршылары жойған ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту барысында Орта Азия республикаларының жерлерін белгілеу үшін 1917–25 ж. атқарылған іс-шаралардың нәтижесі. Ақпан революциясынан кейін, бұрынғы патша өкіметіне бағынышты болған Орта Азия елдерінің аумақтық тұтастығын қалпына келтіру мәселесі алдыңғы орынға шықты. Соның ішінде қазақ халқын жер-суымен бір құрылымға біріктіру мақсаты 1917 ж. желтоқсанда өткен Екінші жалпықазақ съезінде көтеріліп, оған қатысушылар: «Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария обл-тары, Ферғана, Самарқанд обл-ндағы хәм Алтай губ-сындағы іргелес болыстар-



дың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыздың тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық-жерлі автономия құруға» қаулы алды. Оны жүзеге асыру үшін Алаш үкіметін құрды. Алайда Алаш автономиясын Кеңес үкіметі мойындағысы келмеді. 1918 ж. ақпанда құрамына онт-тегі қазақ аймақтары кіретін Түркістан автономиясы (Қоқан) да большевиктердің қарулы күштерінің арқасында құлатылды. Оның орнына 1918 ж. 1 мамырда РКСФР құрамындағы Түркістан Автономиялық Кеңестік Республикасы дүниеге келді. Дегенмен қазақ халқын Кеңес өкіметі жағына шығару мақсатында, В. Ленин 1919 жылдың 10 шілдесінде «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын революциялық комитет туралы уақытша ережеге» қол қойды. К-т мүшелігіне алғашында А. Байтұрсынұлы, Ә. Жангелдин, Б. Қаратаев, т.б. еніп, әкімш. орт. Орынборда орналасты. 1919 ж. 27 тамызда Сібір өлкесін басқару үшін Сібір Төңкеріс к-ті құрылып, әкімш. орт. болып Омбы қ. белгіленді. Орта жүз қазақтары қоныстанған Сарыарқа ағырабы, атап айтқанда, бұрынғы Қостанай уезі түгелдей Челябинск губ-на қосылып, ал Ақмола обл. Омбы губ. атанып, оның құрамына осы облыстан Көкшетау, Атбасар, Петропавл және Омбы уездері де енді. Павлодар, Қарқаралы, Аягөз, Зайсан және Өскемен уездері Сибревкомның құзырына көшті. Қазақ зиялыларының ұсынысы ескерілмей, 1920 ж. 4 тамызда «Сібірді аудандарға бөлу» деп аталатын қаулы қабылданды. Қаулы бойынша Павлодар уезінің солт-ндегі 10 болыс, 12 тұзды көл мен бірнеше аудан толық Омбы уезіне өтіп, Павлодар қ-ның төңірегіндегі елді мекендер тұз өндірілетін көлдері мен ормандарын қоса Славгород уезіне қосылды. Осы мәселеге байланысты басталған екі жақты талас-тартысты шешу үшін 1920 ж. тамызда Ленин бұрынғы Дала өлкесінің батысы мен шығысындағы даулы аймақты бөлшектемей, жаңадан құрылатын Қазақ автон. республикасына тұтас қалпында қосуға нұсқау берді. 1920 ж. 26 тамызда қабылданған «Қырғыз (қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет бойынша автон. аумағы Семей, Ақмола, Торғай, Орал обл-тары, Закаспийский обл-ндағы Маңғыстау уезі, Красноводск уезінің Адай болыстары, Астрахань губ-ның Синемор болысы, Бөкей ордасы мен Примор округтеріне тиіп жатқан бұрынғы

қазыналық алым алу (оброк) жерлерінің аумағы, Жағалық жолақ пен Сафрон, Ганюшин, Николай болыстарының бұрынғы әкімш. шектерімен белгіленеді. Бүкілресейлік ОАК-нің 1920 ж. 22 қыркүйектегі декретімен жаңадан ұйымдастырылып жатқан Қазақ АКСР-іне қосымша Орынбор губ. мен Орынбор қ. беріліп, 4–12 қазанда Қазақстан Кеңестерінің бірінші құрылтай съезі болып өтті. Орынбор қ. – Қазақстанның алғашқы астанасы болды (1920 – 25). Қазақ АКСР-і мен Сибревком арасындағы шекараға байланысты даулы мәселе Қазақстан пайдасына шешіліп, 1922 ж. 26 қаңтарда ұлан байтақ жерлер толық, бір-жола берілді. 1921 ж. 11 сәуірде Орта Азияда ұлттық-аумақтық межелеу мәселесі көтерілді. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңдігі мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. Қазақ АКСР-інің басшылығы РК(б)П ОК-нен Жетісу мен Сырдария обл-ның қазақ аудандарын республика құрамына қосуды сұрап, өтініш білдірді. 1924 ж. 9 сәуірде РК(б)П ОК-нің саяси бюросы жергілікті ұйымдардың ұсыныстарын қарап, Орта Азияны ұлттық республикаларға бөлуге әзірлеу комиссиясын құрды. 1924 ж. 27–28 қыркүйекте РК(б)П Қазақ обл. к-тінің (Қазобком) 2-пленумы болды. Қазақ АКСР ОАК төрағасы С. Меңдешев пен РК(б)П ОК Орта Азиялық Бюросының (Средазбюро) мүшесі С. Қожановтың «Орта Азиядағы ұлттық межелеу туралы» баяндамалары тыңдалып, талқыланды. 1924 ж. 27 қазанда қабылданған КСРО Конституциясына сәйкес КСРО ОАК-нің екінші сессиясында Түркістан АКСР-інің құрамындағы қазақтар мекендеген жерлердің Қазақ АКСР-іне қосылғандығы туралы қаулысы бекітілді. Межелеу нәтижесінде Орта Азия аумағының 45,7%-ы, яғни 797,9 мың км² жері Қазақ АКСР-іне қосылды (оның ішінде 112 мың км² Қарақалпақ автон. окр. бар, ол 1930 ж. шілдеде РКСФР-ге берілгенге дейін Қазақстанның құрамында болды). Ал қазақ-өзбек шекарасы екі ел комиссия мүшелерінің көптеген талас-тартысынан кейін анықталып, ол Ташкент және Мырзашөл уезі арқылы белгіленді. 1924 ж. 11 қазанда РК(б)П ОК Саяси бюросының кеңейтілген мәжілісінде межелеу мәселелері қаралып, Ташкентті Өзбекстанға беру туралы ұйғарым жасады. Қазақстанға



Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент пен Әулиеата уездерінің басым бөлігі, Самарканд обл-ның Жизак уезінің алты көшпелі болысы, Жетісу обл-ның Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Пішпек уезінің Георгиевка, Шу, Қара-құныс болыстары қосылды. О. А. р. а. м. қорытындысы 15 қазанда Бүкілресейлік ОАК, 27 қазанда Бүкілодақтық ОАК сессияларында заң жүзінде бекітілді. Қазақтардың санының аздығын желеу етіп, 104 мың км² жер (оның ішінде Орынбор қ. да бар) Ресей қарамағына алынды. Орынбордың Ресейге өтуіне байланысты Қазақстан астанасы Ақмешіт қ-на көшірілді. Онда 1925 ж. сәуірде Қазақ АКСР Кеңестерінің 5-съезі өтті. Онда РК(б)П Қазақ өлкелік партия к-тінің 2-хатшысы С.Қожановтың ұсынысымен орысша жазылуында «Киргиз» деп бұрмаланып келген қазақ халқының тарихи атын өзіне қайтару және ел астанасын Қызылорда деп атау жөнінде шешім шығарылды. Сөйтіп, қазақ халқының тарихи шекарасы мен атауы қалпына келтірілді. 1991 ж. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін елдің тұтастығын сақтау мәселесі алдыңғы орынға шығып, көрші мемлекеттермен арадағы шекаралар заңдастырылды.

Б.Қойшыбаев

ОРТА БӨЛІК – 1824 ж. Кіші жүзде хандық билік жойылғаннан кейін енгізілген әкімшілік басқару жүйесі. О. б. шығыста Тобыл, Тоғыззақ, Әйет өз-дерінің жоғ. ағыстары, батыста Елек, Темір өз-дері мен Арал т-не дейінгі жерлерді қамтыды. О. б-ті Орынбордың әскери губернаторы тағайындаған сұлтан басқарды. 1831 ж. Кіші жүзде басқарудың сатылық жүйесі енгізілгеннен кейін, О. б. 20 сатыға бөлінді. О. б. жерінде 1856 ж. жағалбайлы, табын, шекті, қаракесек, қаракете, жаппас, уақ, керей, алтын, кердері руларынан 43 300-ден аса түтін болды. О. б. 1869 ж. қазақ жерінде «Уақытша ереже» бойынша жаңа әкімш. жүйе енгізілгенге дейін сақталды. **ОРЫМБЕТОВ** Иман (т. ж. б. – 6.9.1930, Қызылорда обл. Қазалы ауд.) – Асан көтерілісінің басшысы. Діни сауатты әрі ахун ұрпағы болғандықтан, ел арасында Иман мақсым атанған. 1930 ж. тамыз айында Қызылорда обл. Қазалы ауд. қазақтарының Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына жаппай қарсылығына қатысты. Сол жылы 2 қыркүйекте «Қаншағұл» деген жерде өткен жиында көтерілісшілер О-ты хан сайлады. Оның

орынбасары ретінде (тергеу құжаттарында оны екінші хан деген) Иімбетов Әбдіхалық сайланды. Осы екеуінің бастауымен 1930 ж. 2–4 қыркүйекте 3 мыңға жуық көтерілісші жазалаушылармен шайқасты. 6 қыркүйекте «Қаншүңгілде» болған ұрысқа О. өзі басшылық жасады. Қамшы, қарапайым таяқ және шокпарлармен қаруланған көтерілісшілер жазалаушы әскерге қарсылық көрсете алмады. 40 адаммен бірге О. та қаза тапты.

Т.Дайрабай

ОРЫНБАЕВ Мұқаш (13.9. 1900, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 1938) – мемлекет және қоғам қайраткері. Семейдегі бастауыш орыс мектебін (1914), Зайсан қ-ндағы жоғары бастауыш уч-шесін (1918), Семейдегі ерлер гимназиясын (1920), Мәскеудегі бүкілресейлік төтенше к-т курсы (1921) бітірген. 1920–23 ж. Семей губ. атқару к-тінде әр түрлі басшылық қызметтер атқарып, 1924–25 ж. Қазақ АКСР-і Ішкі істер халық комиссары болды. 1925–27 ж. Ақмола губ. атқару к-тінің төрағасы, 1927–29 ж. Қазақ АКСР-і жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары, 1930–33 ж. Қазақ АКСР-і Қаржы халық комиссары, 1933–36 ж. Оңт. Қазақстан обл. атқару к-тінің, 1936–37 ж. Гурьев (қазіргі Атырау) округтік атқару к-тінің төрағасы болды. Қаржы комиссары болған кезінде ұжымдастыру науқаны салдарынан аштыққа ұшыраған қазақ халқының ауыр жағдайын айтып, жоғары үкімет орындарына бірнеше рет хат жолдаған. 1937 ж. саяси қуғынға ұшырап, 1938 ж. атылды. 1957 ж. КСРО Жоғ. соты әскери алқасының шешімімен ақталды.

Н.Жанақова

ОРЫНБОР (1938–57 ж. Чкалов) – Ресей Федерациясындағы қала, обл. орталығы. 1735 ж. бекініс қамал ретінде қаланып, аты Ор өз-нің атына байланысты қойылған. О. Жайық өз-нің оң жағалауына орналасқан. 1735 ж. 15 тамызда И.Кирилов бастаған экспед. Жайықтың сол жақ жағалауына құяр сағасына қала (қазіргі Орск) сала бастады. 1743 ж. О. іргесі Берді қамалының орнына түпкілікті қаланды. Жаз айларында арадағы сауда қатынасы Жайық өз-нің сол жағалауында жүргізілді. Осы жерде ірі сауда алаңы ашылып, сауда сарайы салынды. Сауда алаңының О-ға және қазақ даласына қараған екі үлкен қақпасы болды. О. 1868 жылдан Ресейдің Қазақстан және Орта Азиямен арадағы ірі сауда орт.



болды. О. 1920 25 ж. Қазақ АКСР-інің астанасы аталды. Қазіргі уақытта О. обл-нда 120 мыңдай қазақтар тұрады. Олар негізінен Домбар, Ясный және Адамов ауд-дарына шоғырланған. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты облыс қазақтары «Достық», «Үркер», «Қазақ тілі» және т.б. мәдени орталарға бірігіп, өздерінің «Айқап» атты газетін шығарады.

Әдеб.: Борисов А.Я., Оренбург, Челябинск, 1968; Ескекбаев Д., Орынбор қазақтары. Тарихи-этнографиялық зерттеу, А., 2001.

Д.Ескекбаев

ОРЫНБОР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ, Қазақстанның бат., солт.-батыс және оңт.-бат. иеліктерін отарлау мақсатында 1850 ж. құрылып, 1881 жылға дейін сақталды. 1868 ж. О. г.-г. құрамында орт-ғы Орынбор қ. болған Торғай обл. құрылды. 1876–81 ж. Қазақстанның солт.-шығысы мен оңтінде Дала және Түркістан ген.-губернаторлықтарының құрылуына байланысты О. г.-г. жойылып, Орынбор губ. қалпына келтірілді. Дегенмен Торғай обл. Орынбор губ. құрамында қалдырылды.

ОРЫНБОР ГУБЕРНИЯСЫ – әкімшілік аумақтық бөлік. 1744 ж. құрылған. Алғашқы ген.-губернаторы И.Неплюев болды. Бастапқыда О. г. Кама өз., Каспий т., Бат. Сібір мен қазақ даласы арасындағы жерлерді қамтыды. Кейіннен жаңа губерниялар мен облыстардың құрылуына байланысты солт-те Пермь, батыста Уфа және Самара, оңт-те Орал және Торғай, шығыста Тобыл губ-ларымен шектесті. 1897 ж. жер аум. 15 млн. десятина, халқы 1 млн. 608–388 адам болды. О. г-нда алтын, мыс және темір рудасы, тұз, сланец, тас көмір өндірілді. 1894 ж. О. г-нда Белорецк, Тираянск, Кагин, Жоғ. Авзяно-Петровский, Төм. Авзяно-Петровский, Зигазин және Инзер з-тары болды. Егіншілік пен сауда өрістеді. О. г-на халқы негізінен қазақтардан тұратын Торғай обл. тікелей бағынды.

Б.Тәшкенбаева

ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТ КОМИССИЯСЫ – ғылыми-құжаттық мекеме. 1887 ж. желтоқсан айында 25 адамнан тұратын О. ғ. м. қ. құрылды. Комиссияның басты мақсаты – мұрағат істерін ретке келтіру, Орынбор өлкесінің тарихын зерттеу, археол. және этногр. материалдар жинау болды. Алғашқы жылы қазақтардың тарихы жөніндегі

құжаттар, көрші мемлекеттермен сауда және қарым-қатынастар туралы құжаттар жинақталды. Жергілікті өлкетанушылармен бірге комиссияның жұмысына В.В. Бартольд, Санкт-Петербург археология ин-тының директоры Н.В. Покровский, акад. В.В. Радлов құрметті мүшелер ретінде қатысты. А.Балғымбаев, А.Байтұрсынұлы, М.-Ф.Кәрімов, М.-З.Рамаев, М.-Ф.Сүлейменов, т.б. қазақ, татар және башқұрт зиялылары комиссия жұмысына белсене араласты. О. ғ. м. к-нда 18–19 ғ-ларда Қазақстанды Ресейдің отарлау тарихы жөнінде көптеген деректер жиналды. И.А. Кастаньенің «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» деген еңбегінде Қазақстан тарихы жөнінде алуан түрлі деректемелік материалға жүйеленген шолу берілді. Комиссияның «Труды» атты өз баспасөз органы қызмет істеді. 1894–1917 жылдарда бұл басылымның 34 саны жарық көрді. О. ғ. м. к. Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді.

С.Рустемов

ОРЫНБОР ЖӘНЕ БАТЫС СІБІР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҚТАРЫ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ УАҚЫТША ЕРЕЖЕ – 1868 ж. Ресей императоры Александр II қол қойған құжат. Осы құжат бойынша Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлықтарында саяси-әкімш. реформа жүргізіліп, ген.-губернаторлықтар облыстарға, облыстар уездерге, уездер болыстықтарға, болыстықтар ауылдарға бөлінді. Орынбор ген.-губернаторлығына Орал және Торғай обл-тары, Батыс Сібір ген.-губернаторлығына Ақмола және Семей обл-тары кірді. Орал обл. – Орал, Гурьев, Калмыков, Желі; Торғай обл. – Елек, Николаевск, Ырғыз, Торғай; Ақмола обл. – Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавл; Семей обл. – Семей, Жаңасарысу, Баянауыл, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Өскемен уездеріне бөлінді. Ген.-губернаторлықтардағы әкімш. және әскери билік ген.-губернатордың қолына шоғырландырылды. Облыс әкімш-н әскери және әкімш. билік берілген әскери губернатор басқарды. Ол облыс аумағында орналасқан казак әскерінің атаманы болып саналды. «Ережеде» далалық облыстардың әскери губернаторлары дивизия командиріне теңестіріледі деп көрсетілді. Уезд бастықтарын обл. әскери губернаторының ұсынуы бойынша ген.-губернатор тағайындады. Уезд бастық-



тарының қолына әкімш. және полицейлік билік шоғырландырылды. Орал обл-ның уезд бастықтарына, Семей обл. Көкпекті уезінің бастығына жергілікті әскери бөлімдер бағындырылды. Болыстықтар 1000 шаңырақтан 2000 шаңыраққа дейінгі бірнеше ауылды қамтыды. Әкімш. ауылдар 100–200 шаңырақтан құралды. Болыстық және ауыл әкімш-н кұру тәртібі Қазақстан аймағын отарлау мақсатына қызмет етті. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары әрбір үш жылда қайта сайланды. Сайлау кезінде рулық талас-тартыстар мен әр түрлі жолсыздықтарға орын берілді. Болыстық басқарушылар мен олардың кандидаттары обл. әскери губернатор бекіткеннен кейін ғана қызметке кірісті. Ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын уезд бастығы бекітті. Болыс басқарушысы өз болыстығындағы билігін жүзеге асыру барысында «тыныштық пен тәртіптің» сақталуын, алымдардың жиналуын, т.б. қадағалап отыруға міндетті болды. Болыс басқарушысына тәртіп бұзушыларды үш күн мерзімге қамауға алу және ақшалай айып төлеуге құқығы берілді. Өзінің әкімш. шегінде старшындардың да болыс басқарушыларындағыдай құқықтары болды. Жергілікті халық өкілдері болыстық және ауылдық деңгейдегі басқару орындарына ғана тартылды. Одан жоғары деңгейдегі басқару орындары отаршылдардың әскери адамдарынан құрылды. Ресей империясының қазақ даласына тұтастай саяси өктемдігін орнатуын 1891 ж. қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» заңдастырды.

Әдеб.: Материалы по истории политического строя Казахстана, т.1, А.-А., 1961; Жиленчин К.А., Политическое развитие Казахстана – начале веков, А., 1996.

С.Рустемов

ОРЫНБОР ҚАЗАҚТАРЫН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ – 1844 ж. 14 маусымда Ресей империясы қабылдаған заңдық құжат. 1824 жылғы жарғыға қарағанда бұл құжат патша өкіметінің қазақ даласындағы билігін күшейту жолдарын заңдастыра түсті. Ережеде жергілікті әкімш-тердің өкілеттіктері шектеліп, қызметтері өлкелік өкімет тарапынан қатаң бақылауға алынды. Жарғыда қазақ арасындағы егіншілік, тұз өндіру өнеркәсібі және сауданы дамыту қажет деп көрсетілген болса, ереже тек қана мал ш-мен айналысу-

ды мақұлдады. Бекітілген салық жүйесі бойынша әрбір түгінге 1 сом 50 тиын мөлшерінде салық белгіленді. Оған қоса шептік казактарға жалданып жұмыс істеу үшін қазақтардың орыс әкімш-не билет бағасы ретінде күміс 15 тиын, билет алу мерзімін өткізіп алған жағдайда күміс 30 тиын төлейтін болды. Осындай қанаушы салық жүйесі арқылы Ресей империясы қазақ жерлерін күшпен тартып ала бастады. Кей мәліметтерге қарағанда, Ресей империясының қазынасына түтін басына белгіленген салықтан 4 млн-нан астам пайда түскен. О. қ. б. т. е. қазақ қоғамында қалыптасқан билер сотының құқықтық мәртебесіне де ерекше назар аударды. Патша өкіметі бұл ин-ттың құзыры мен қызметін барынша шектеуге тырысты. Бұдан былай билер соты 50 сом күміс ақша мөлшеріне дейінгі азаматтық істерді ғана қарайтын болды. Ал кісі өлтіру, тонау, барымта, Ресей өкіметіне күш көрсету, руластарын өкіметке қарсы үгіттеу сияқты қылмыстарды қарау жергілікті әскери соттардың құзырына берілді. Ереже қазақ қоғамын Ресей империясының басқару жүйесін енгізуге және «бөліп ал да билей бер» қағидасына сүйенген отарлық саясатты іс жүзіне асыруға құқықтық негіз болды.

С.Өзбекұлы

«ОРЫНБОР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ» – Ресей өкіметінің Кіші жүз қазақтарын жаңаша басқару мақсатында жасаған шарасы. 1824 ж. наурызда Сыртқы істер министрлігінің жанындағы Азия департаментінде бекітілді. Оның жобасын 1822 ж. Орынбор ген.-губернаторы П.К.Эссен дайындады. Бұл жоба бойынша Кіші жүзде хандық билікті жою туралы шешім қабылданды. Кіші жүз ханы Шерғазы Орынбор қ-на шақырылып, Орынбор шекара комиссиясының жұмысына кеңесші қызметіне тағайындалды. Кіші жүз жері – батыс, орта және шығыс әкімш. жүйелеріне бөлініп, оны билеуші сұлтандар басқарды. Жүздің бөлінуі рулардың орналасуына және олардың арасындағы билеуші сұлтандардың беделіне байланысты болды. Сондықтан бөліну аумағы жағынан да, халықтың саны жағынан да біркелкілік болған жоқ. Шекаралық комиссия құрамына төраға, төрт кеңесші, ауқатты қазақтардан тұратын төрт өкіл кірді. Шекаралық комиссияның міндетіне далада тәртіпті сақтау, жергілікті қазақ шенеуніктерінің тіршілігін қадағалау,



салық жинау, сот істері, мед. жағын бақылауға алу кірді. Жергілікті әкімші-тің құрамына Кіші жүздің үш бөлігінің сұлтандары, дистанция басқарушылары кірді. Сұлтандарды Орынбор әскери губернаторы, ал басқа шендердің бәрін шекаралық комиссия тағайындады. Әрбір билеуші сұлтанның 100–200 адамнан тұратын әскери командасы болды. Олардың ордасы казак станицалары мен бекіністерінде орналасты. Бұл жарғыдан кейін сот жүйесінде де көптеген өзгерістер болды. Ірі қылмыстық істер әскери сот немесе шекаралық комиссияның қолына көшті, ал кішігірім қылмыстық істер казактың дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары негізінде қаралды. Патша әкімші. жергілікті билік органдарын, оның ішінде билер сотын полиц. жазалаушы органдарға айналдыруға талпынды. Оларға қамауға алуға, дүре соғуға, Сібірге жер аударуға рұқсат берілді. Дәстүрлі билік құрылымын қиратқан жаңа жүйе – Кіші жүз казактарын Орынбор шекара комиссиясы арқылы басқаруды күшейтіп қана қойған жоқ, әлеум.-саяси және шаруашылық өмірдің барлық жақтарын да қамтыды. Қазактарды құнарсыз жерлерге ығыстырған орыс қоныс аударушыларын орналастыру үшін кең мүмкіндіктер ашылды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в 18–19 веках, А.-А., 1964; Мәшімбаев С., Патшалық Ресейдің отарлық саясаты, А., 1994; Қазақстан тарихы, А., 1994.

Г.Өскенбаева

ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНІҢ ОТАРЛАНУЫ – патша үкіметінің отарлық саясатының көрінісі. Бұл жөніндегі пікір І Петр кезінен айтылған болатын. Бұл іс Анна Иоановна патшалық құрған тұста жедел түрде жүзеге асырыла бастады. 1734 ж. жаңадан салына бастаған Орынбор бекінісін қорғау және казак жерлерін одан әрі отарлау үшін бұл жаққа Уфа, Шет, Самара және тағы басқа мекендерден казактар әкелініп орналастырылды. 1755 ж. Орынбор казактарының ресми түрде құрылуы болып есептелінді. Бұл аймақта қамал бекіністер салынып, шеп тартыла бастады. Самар шебі Жайықтың төм. шебін Еділмен қосты. Жайықтың төм. шебі Чернореченск қамалынан басталып, Каспий т.не дейін 700 верст созылып жатты. Самар шебінде 2 қамал, 2 редут, Жайықтың жоғ. шебінде 9 қамал, 16 редут болды.

Ұ.Бісмағұлов

ОРЫНБОР ШЕБІ – 18 ғ-дың 30–40-жылдары Қазақстанның батыс бөлігінде Ресей империясы құрған инженерлік-құрылыс жүйесі. Төм. Жайық, Самара, Қызыл, т.б. бөліктерден құралды. Кейіннен Закамск шебімен алмастырылды. О. ш. Ресейге жаңадан қосылған, бірақ әлі де толық бағына қоймаған казактардың башқұрттармен бірігіп жергілікті патша әкімші. мекемелеріне күтпеген шабуыл жасауынан қорғану, әрі осы аймаққа орыс шаруаларын әкеліп орналастыру мақсатында құрылды. Көп кешікпей 18 ғ-дың 2-жартысында Кіші жүздегі жағдайдың шиеленісіп, О. ш-не казактардың шабуылының үдеуі Ресей әкімші-н қатты аландатты. 1784 ж. жаңа тағайындалған Орынбор ген.-губернаторы О.А. Игельстром О. ш-нде жағдай өте қауіпті деп санады. Ол хандық билікті жоюды мақсат етіп, казактардың ойын білу үшін рубасы, старшындармен жиналыс өткізді. 1785 ж. күзде өткен осы жиналыс Кіші жүзде хандық биліктің жойылуын қолдап шықты. Бірақ Франциядағы революцияның Ресейге тарау мүмкіндігінен қатты сескенген патша өкіметі көп ұзамай хандық жүйені қалпына келтірді. 1798 ж. 10 сәуірде Орынбор ген.-губернаторына мынадай нақты тапсырма берілді: 1) О. ш-не жақын маңда тұратын 20 мен 50 жас аралығындағы казак, башқұрт, қалмақтарды кантондарға бөліп, олардың шепте әскери қызмет өтеуіне қатаң бақылау жасау; 2) О. ш-нің өзін әскери қызмет мақсатында 5 қашықтыққа бөлу. Сол жылдың күзінде О. ш. 5 қашықтыққа бөлінді: 1) Усть-Уйск бекінісінен Верхнеуральскіге дейінгі бекіністер мен редуттар (Звериноголовск бекінісі мен Алабужск редутын қоса есептегенде); 2) Верхнеуральскіден Орск қалашығына дейін; 3) Орскіден Орынборға дейін; 4) Орынбордан Оралға дейін; 5) Оралдан Гурьев қалашығына дейін.

Әдеб.: Семенов В.Г., Семенова В.П., Губернаторы Оренбургского края, Оренбург, 1999.

ОРЫНБОР ШЕКАРА КОМИССИЯСЫ – үкіметтік мекеме. 1799 ж. 19 наурызда Орынбор шекаралық сотының орнына құрылды. О. ш. к. құрамында сот, азаматтық іс жүргізу және қаржы-есеп бөлімдері болды. Бұдан басқа Кіші жүз казактарын бақылаушы бөлім ашылды. Комиссияда негізінен казактар арасындағы барымта, жер дауы, орыс-казак бекіністері коменданттарының арыз-шағымы қаралды. Сонымен қатар комиссия казак же-



рі арқылы өтетін сауда керуендерімен бірге Хиуа, Қокан, Бұхар хандықтарына арнаулы барлаушылар мен тыншылар жіберіп, Орта Азияда болып жатқан жағдайлар туралы құпия мәліметтер алып отырды.

ОРЫСТАНДЫРУ с а я с а т ы – патшалық Ресей империясы мен Кеңес Одағындағы халықтарды ана тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен, ұлттық болмысынан айырып, орыс ұлтына сіңіру, ассимиляциялау бағытында жүргізілген саясат. Ресей империясында О. шоқындыру ісімен тығыз байланыста жүргізілді. Отарланған аймақтардың халықтарын православиеге көшіруде патша өкіметі бастапқы кезде күш те қолданды. 16 ғ-да жауланған Қазан, Сібір және Астрахан хандықтарының халқын О. барысында билік орындары жергілікті мешіттер мен ислами білім беру орындарын өзіне қаратуға тырысты. Күш қолдану нәтижесінде Сібір мен Орал өңірі халықтарының көпшілігі христиандықты қабылдауға мәжбүр болды, шоқынған татарлар, мариийлер, мордвалар қауымдары қалыптасты. О-ды күштеп жүргізу халық наразылығын өршіте түсетіндіктен патша өкіметі 19 ғ-дан жаңа әдіс қолдана бастады. Осы ретте 1865 ж. «Православие миссионерлік қоғамы» құрылып, оның басты мақсаты ретінде Ресей империясында өзге ұлттарды шоқындыру және олардың арасында христиандық өмір салтын нығайта түсу екендігі белгіленді. Бұл қоғам құрылғаннан кейінгі 15 жыл ішінде бүкіл империя көлемінде 86 мың, ал 1881–94 ж. аралығында 129 мың адам православиеге өтті. Қазақ халқын О. үшін 1895 ж. «Қырғыз православиелік миссионерлік қоғамы» құрылып, 20 ғ-дың басында Семей обл-нда – 5, Ақмола обл-нда – 3 жергілікті бөлімшесі ашылды. О. жер мәселесімен де тығыз байланыстырылды. Мәселен, ген.-губернатор Г.А.Колпаковский ішкі Ресейден келген орыс шаруаларын қазақтармен аралас қоныстандыруға ерекше мән берді. Христиан дінін қабылдап, орыстанған қазақтарға орыс мұжықтарына берілетін жеңілдіктерді жасауға тырысты. Билік орындарының шенеуніктері отар аймақтардың халықтарын О-ды нәтижелі жүргізу үшін миссионер ғалымдардан «бұратаналардың» дінін, тілін, әдебиетін, әдет-ғұрпын, тарихын, этнографиясын, психол. ерекшеліктерін жан-жақты терең танып меңгеруді басты шарт ретінде талап ет-

ті. Мәселен, 1881 ж. Ташкентте ашылған Шығыстану қоғамы алдында Шығыс халықтарын О. міндеті тұрғанын Түркістан әскери окр. басшысы ген. Мациевский баса ескерткен. «Бұратана» халықтарды О. жолындағы патша өкіметінің айла-әрекеттерінің бірі – мұсылман халықтарының ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб әліпбиі негізіндегі жазуын қолданыстан шығару болды. Араб әліпбиін мұсылман халықтарының қолдануынан қалайда ығыстырып, оның орнына кириллицаны енгізуді жүзеге асыруда Н.И. Ильминский белсенділік танытты. Оның ойынша мұсылман халықтарының жазуын кириллицаға көшіру арқылы «бір оқпен екі қоян өлтіруге болады». Біріншіден, оларды ислам дінінен айыруға, екіншіден, православиеге көшіруге жол ашылады. Ильминский «бұратана» халықтың ғылым-білімге ұмтылған Ы.Алтынсарин секілді талантты жастарын О. жолында пайдаланып қалуға тырысты. Миссионер ғалымдардың араласуымен патша өкіметі оқу-ағарту ісін О. арнасына бұра бастады. Халық ағарту мин-нің 1870 жылғы 26 наурыздағы ережесіне сәйкес мұсылмандық мектептер мен медреселерде орыс тілін оқыту міндеттелді. Сонымен қатар осы ереже бойынша орыс – түземдік аралас мектептер ашылатын болды. Мұндай мектептерге О-ды жүргізу міндеті бүркемелене жүктелді. Патша өкіметі сауаттылықтың өлшемі орыс тілінде оқу және жазу деген көзқарасты О. саясатының тірегіне айналдырды. Кеңестік дәуірде де О. саясаты өз жалғасын тапты. Бұған Кеңестер Одағындағы түркі-мұсылман халықтары қолданған араб әліпбиінің кириллицаға көшірілуі айқын дәлел. Ұлттық мектептер тек ауылды жерлерде сақталып, жоғары оқу орындарындағы оқу процесі орыс тілінде жүргізілуі патша өкіметі ұстанған ұлт саясатының заңды жалғасы іспеттес болды. Әкімшіл-әміршіл кеңестік жүйе жағдайында И.Сталиннің ұлттарды ұлттық тегі мен рухани қазыналарынан айырып, оларды «біртұтас кеңес халқына» айналдыру саясаты өмірге келді. Соның кесірінен Кеңес Одағында 98 тіл біржола жойылды, қазақ тілі де жойылудың аз-ақ алдында қалды. Тың игеру жылдары республикада қазақ мектептерінің саны күрт кеміді. Әсіресе, солт. облыстарында қазақтар балаларын ана тілінде оқыта алмай, амалсыздан орыс мектептеріне берді. Халық арасын-



да қазақ тілінде оқыған бала болашақта күн көре алмайды деген теріс ұғым қалыптаса бастады. 1989 ж. республикадағы мектептердің 33%-ы ғана қазақ мектептері болып қалды. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін О. саясатының зардаптары біртіндеп жойыла бастады.

С.Рүстемов

ОСПАН БАТЫРҒА КЕҢЕСТІК ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН ҚАС-ТАНДЫҚ.


Оспан батырдың «орыс ойыншығы» саналған «Үш аймақ» үкіметіне қарсы шығуы – Мәскеудің мүддесіне қайшы болды. Сол себепті Мәскеу басшылары қайткенде де Оспан батырдың көзін жою жөнінде жоспарлар ұйымдастырды. Алдымен оған қарсы «Үш аймақ» әскерлерін айдап салды. Алайда бұл жоспарлары дiттеген мақсатқа қол жеткізе алмады. Содан кейін Мәскеу Оспан батырдың көзін құрту ісін Моңғолия Халық Республикасының қолымен істемек болып шешті. Мұның басты себептері де жоқ емес еді. Өйткені, біріншіден, Оспан батыр сол кездерде аялдаған Бәйтік тауы мен Жөргектің құмы Моңғолия шекарасына жақын маңда болатын. Екінші жағынан, Оспан батыр мен МХР арасында бұрыннан жақын байланыс та бар-тын. 1944 жылдың 25 ақпанында Оспан батыр МХР-дың бас қолбасшысы маршал Чойбалсанмен кездесіп, арада болған келісімшарт нәтижесінде Моңғолиядан біршама қару-жарақ алуға қол жеткізген-ді. Осы келісімшарттан соң да екі жақты араластық үзіле қоймаған. Осыны ұтымды пайдаланып қалуды ойлаған Мәскеу тарапы Моңғолия үкіметіне ықпал жүргізе отырып, Оспан батырдың көзін жоюға моңғолиялық Тескенбай деген азаматты жібертеді. «Туысшылап келдім» деген оның сөзіне Оспан батырдың қауіпсіздік орындары сенбей, оны қамауға алады. Тескенбай амалын тауып, тұтқыннан қашып шығады. Одан кейін қастандық жасауға моңғолиялық Сағадай мен Марқабә деген азаматтар жіберіледі. Бұл екі азамат Оспан батырға жақын жүргенімен қастандық жасау тапсырмаларын орындауға мүмкіндік таба алмайды. Соңғы мәрте батырға нағашы жағынан ілік-шатыс болып келетін Тұтан Хамитұлын аттандырады. Моңғолия тарапынан келген Тұтанды Оспан батырдың өзі тергеп-тексереді. Нәтижесінде Т.Хамитұлы өзінің ерекше тапсырмамен келгенін мойындауға мәжбүр болады. Осылайша жеке баскерсерлері арқылы Оспан батырды өлтіру ай-

ласын жүзеге асыра алмаған Мәскеу мен Моңғолия үкіметі батырдың Жөргек құмында отырған ауылына қарулы қосын аттандырады. Қосынды Моңғолияның екі мәрте батыры атағын алған Тандырбат басқарып барады. Алайда олар да өз мақсаттарына жете алмай, қарсы жасалған тегеурінді шабуылдардан ойсырай жеңіліп, әрең дегенде қашып құтылады.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 14-т., Астана, Ел-шежіре, 2009.

К.Қошым-Ноғай

ОСПАН Сіләмұлы, Оспан батыр (1889, Қытай, Алтай аймағы, Көктоғай ауд. Өндіқара қыстағы – 28.4.1951, Үрімжі) – Қытайдағы Шыңжаң өлкесінде болған ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы, батыр. 1940 ж. Алтай аймағында Шың Шысай үкіметіне қарсы шыққан Көктоғай көтерілісіне белсене қатысқан. Көтерілісшілер жеңілген кезде Шың Шысай үкіметімен келісімге келуден



Оспан батыр

бас тартқан. 1941–43 ж. О. батырдың қол астына қытай өкіметіне қарсы көптеген қазақтар қосылып, қатары көбейді. КСРО мен Моңғолия өкіметтері оны Шың Шысай өкіметіне қарсы пайдаланып, өз көмектерін ұсынды. 1943 ж. қарашада Моңғолияның әскери қолбасшысы Чойбалсан мен КСРО генералы Попов бастаған топ О-мен кездесіп, 1000 винтовка, 20 пулемет, оқ-дәрі, т.б. қару-жарақтар берді. Оған қоса 2 әскери ұшақ, 200-ге



тарта жауынгерді көмекке беріп, Қытай иелігіндегі Бұлғын бекінісін қайтарып алуға көмектесті. 1944–45 ж. көтерілісшілер Шіңгіл, Көктоғай ауд.-дарын Қытай әскерінен босатып, тұтас Алтай аймағын азат етті. Осы еңбегі үшін О. батыр Кеңес Одағының көмегімен құрылған Шығыс Түркістан Халық Республикасының «Халық қаһарманы» орденімен марапатталды. Кейін 1945 ж. қыркүйекте Алтай аймағының ген.-губернаторы болып тағайындалды. Алайда Шыңжаң өлкесі коммунистік Қытай билігіне өткеннен кейін қуыршақ ген.-губернаторлықтан бас тартты. Жаңадан күш жинау үшін туған жері Күрті жайлауына кетті. 1947 ж. күзде Шығыс Түркістан мен Моңғолияның қарулы қызыл армиясы О. батырды мүлде бас көтертпей тастау мақсатында Алтайға келді. Соғыс барысында О. жасақтары басым түсіп, Сарсүмбе қ-н босатып алды. Бірақ Шығыс Түркістан ұлттық армиясының киімін киген Ф.Лескин, ген. А.Полинов бастаған Кеңес әскерлері көмекке келген соң Сарсүмбе қ-н қайтадан тартып алды. Бұдан әрі О-ға Қытайдағы коммунизмге қарсы күштерден көмек сұраудан басқа жол қалмаған еді. 1948 ж. шілдеде О. АҚШ-тың Үрімжі қ-ндағы консулы Пакстонмен кездесіп, одан көмек сұрады. Берілетін әскери техниканы игеру үшін алғаш 4 баланы Америкаға оқуға жіберуге келісім жасасты. 1949 ж. қазан айында О. Үрімжіде жасырынып жүрген АҚШ консулының орынбасарын Қытай шекарасынан өтуіне көмектесті. Сол жылы О. жасағы Қытай қызыл армиясының үшінші және алтыншы дала армияларына қарсы соғысты. Қытай билеушілерімен, коммунистерімен он бір жыл қанды шайқас жүргізген О. батыр ақыры 1950 ж. 19 ақпанда қазіргі Гансу өлкесіне қарасты Қанамбол тауының Мақай деген жерінде Қытай қызыл армиясының қолына түсіп, Үрімжі түрмесінде өлім жазасына кесілді.

Ж.Самитұлы

ОТАРШЫЛДЫҚ – өз елінің шет жағында бос жатқан жерлерді қоныстану және шаруашылық үшін игеру («ішкі О»), сондай-ақ басқа елдерде қоныстар салу («сыртқы О»). О. көбіне жергілікті тұрғындарды күшпен бағындыру және ығыстыру саясатымен (кейде қырып-жоюмен) ұштасады және басқа аумақтарды тартып алу үшін қолданылады. О. ежелгі заманнан белгілі. Ежелгі Финикия, грек мемлекеттері, Рим отар елдер арқасында үстемдік орнату, өздеріне қажетті азық-

түлік және тауарлар алу, басқа аймақтармен сауда қатынастарын орнатуды көздеді. О. арқасында гректер Қара және Азов т. жағалауларын, Аппенин түбегін, Сицилия, Сардиния, т.б. аралдарды игерсе, финикиялықтар Солт. Африкада атакты Карфаген қ-ның негізін қалады. Ежелгі қытайлар, түркілер, корейлер Жапон аралдарына қоныс теуіп, Тынық мұхиттағы онт. аралдардан келгендермен және жергілікті тұрғындармен араласып жапон халқының қалыптасуына қатысты. 11–13 ғ-ларда Таяу Шығысқа жасалған крест жорықтары да белгілі дәрежеде әскери О. сипатта болды. Ішкі О. 12–13 ғ-ларда феодалдық қоғамның өндіргіш күштерін алға бастырып, Батыс Еуропа елдерінде елеулі табыстарға жетті. 15 ғ-дағы геогр. ұлы бағналықтар кезінен еур-тар жер жүзінің басқа құрлықтарын отарлауды бастады. Әскери-сауда орт-тарын салу, жаңадан ашылған құрлықтарды игеру, бұрынғы дамыған елдермен сауда жүргізу қыза түсті. Испандықтар, португалдар, голландтықтар, ағылшындар, француздар, т.б. О. саясатын күшпен жүргізді. Олардың қоныстары мен бекіністері Оңт. және Солт. Америкада, Австралияда, Африкада, Азияның шығысында, кейін Үндістанда, Индонезияда, Араб елдерінің шығысында пайда болды. Көптеген байырғы халықтарды қырып-жою, қалғандарын құлға айналдыру, резервацияларда ұстау, кемсіту кеңінен орын алды. О. саясатын қолданған елдер жергілікті халықтарды тонау, қанау арқасында қатты байып, отарларды шикізат көздеріне, өздері шығарған тауарларды үйлестіру базаларына айналдырды. Отарланған елдердің ең құнарлы жерлерін келімсектер иемденіп, Америка, Африка, Азияның байырғы халықтарын, шөл, шөлейт далалар мен тауларға ығыстырды. Ресей патшалығы да бір орт-қа бағынған мемлекет болуды аяқтағаннан кейін 16–17 ғ-ларда Еділ бойы, Орал, Қиыр Солт., Сібір, Қиыр Шығыс халықтарын отарлай бастады. 18–19 ғ-ларда О. саясатын әрі қарай жалғастырып, Кавказ, Қазақстан мен Орта Азия халықтары да басып алынды (қ. *Қазақстанды Ресейдің отарлауы*). Ресейдің О. саясатын ұсақ халықтарды жаппай орыстандыру, шоқындыру, бас көтергендерін қатал жазалау және ішкі аймақтардағы орыс, украин, белорус, т.б. халықтардан шыққан шаруаларды күшпен қоныстандыру арқылы жүзеге асты. 20 ғ-да болған аса ірі 2 соғыс: 1 және 2-дүниежүз. соғыс



отар елдерді қайта бөлісу салдарынан туындады. 2-дүниежүз. соғыстан кейін отарлық жүйе дағдарысқа ұшырап, ұлт-азаттық көтерілістер күрт күшейді. Нәтижесінде Азия, Латын Америкасы, Африка құрлықтарындағы отар елдер тәуелсіздік алды. 1991 ж. КСРО-ның ыдырауымен бұрынғы Ресей отарлары да егемендікке қол жеткізді.

К.Қожахметұлы

ОТАРШЫЛЫҚ СОҒЫС – басқа халықтарды саяси, экономикалық дербестігінен айыру және өз үстемдігін орнату үшін шетел мемлекеттері жүргізген әскери қимылдар. О. с. көне заманнан жүргізіліп келді. Мыс, Ежелгі Египет, Вавилон, Ассирия, Хет, Грекия, Персия, Рим, Қытай, т.б. О.с. негізінде құрылды. Орта ғасырларда құрылған араб халифатының, Ұлы Карлдың, моңғолдардың, Ақсақ Темірдің, Таң империясының, т.б. елдердің шапқыншылықтарын да О.с-қа жатқызуға болады. О. с. 17 ғ-да капит. қатынастар пайда болған кезде өрістей түсті. Соғыстар барысында бүкіл Америка құрлығында байырғы халықтардың өркениеті, халқы қырғынға ұшырап, еур-тардың үстемдігі орнады. О.с-қа қатысқан испандықтар, португалдықтар, ағылшындар, француздар, орыстар аяусыз саясат ұстанды. АҚШ жерінде өмір сүрген байырғы тұрғындардан қазіргі кезде не бәрі 40–50 мың әр түрлі тайпалар қалып, олар резервацияларда өмір сүруде. О. с. Азия және Африка халықтарына шексіз зиян әкелді. 20 ғ-ға дейін алдыңғы қатарлы Түркия, Иран, Үндістан, Қытай елдері қарулы қақтығыстар мен О.с-тарда жеңіліп, тоналды. Үндістан, Индонезия, Қазақстан, Орта Азия, Сібір, Кавказ, Араб елдерінің шығысы, Африка, Тынық мұхит аралдары отарланды. Аталған елдер 2,5–3 ғ-лар бойы каналып келді. Қаналушы халықтар ұлт-азаттық күрестер жүргізді. Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысы 10 жылға созылды. Поляктардың Ресей патшалығына және Пруссияға қарсы көтерілістері, грек, серб және болгарлардың Осман империясына қарсы қозғалыстары тарихта үлкен орын алды. Қазақ халқының 18–20 ғ-лардағы орыс отаршыларына қарсы көтерілістері ұлт-азаттық күрес тарихында ерекше аталады. Сырым, Исағай-Махамбет, Жанқожа, Амангелді, т.б. батырлар бастаған көтерілістер әлемге халқымыздың ер мінезін танытты. О.с-тың өршуі 20 ғ-да да орын алды. Оларды жүргізген Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Жапония, Ресей,

Голландия, Португалия сияқты империалистік мемлекеттердің отарларға таласуы 1 және 2-дүниежүз. соғыстардың басталуына алып келді. Өзара қырқыста Германия, Италия, Жапония жеңіліп, отарларынан айырылды. Ал қалғандарының 20 ғ-дың 2-жартысында Африка мен Азияда жүргізген О.с-тары сәтсіздікке ұшырап, отарлары тәуелсіздікке қол жеткізді. КСРО-ның өзі де социал-империалистік мемлекет болды. Оның ыдырауына халықтардың наразылығы өз ықпалын тигізді. Қазіргі кезде әлемде 193 дербес мемлекет өмір сүруде. Өлі де 50-ден астам тәуелді аумақтар бар.

Қ.Қожахметұлы

ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМИТЕТ – үкіметтік мекеме. 1930 ж. қаңтарда Қазақ АКСР-і ХКК-нің жанынан құрылған. К-тке көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарды отырықшыландыру, мал, егін ш-тарын жедел дамыту, отырықшыландыру аудандарға көмекке республиканың барлық мемл. шаруашылық органдарын жұмылдыру және тиісті заң жобалары жөнінде ұсыныстар енгізіп, отырықшыландыру жоспарының орындалу барысын бақылау тапсырылды. Ұжымдастыру науқанымен қатарласа жүргізілген отырықшыландыру саясаты «кедей-орташа шаруашылықтар 100% отырықшыландырылсын» деген әкімшіл-әміршіл ұрандармен жүргізілді. Мал ш. құлдырап, бұрын-сонды болмаған шығынға ұшырады. Бар күн көрісі малға қарап отырған қазақ шаруалары жаппай ашаршылыққа ұшырады. Көшпелі қазақтардың басым көпшілігі күштеп отырықшыланып, к-т алдына қойылған міндет орындалуына байланысты Қазақ АКСР-і ХКК 1935 ж. қаңтарда к-т пен оның жергілікті органдарын таратты.

Әдеб.: Омарбеков Т., 20 –30-жылдардағы Қазақстан қасіреті, А., 1997.

ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ – халықтың бір жерде қоныстануы, тұруы. Жергілікті жер жағдайы мен табиғат ерекшеліктеріне байланысты Қазақстанды ерте заманда мекендеген көне түркі тайпалары ғасырлар бойы көшпелі мал ш-мен айналысты. Дегенмен өзен-көл жағалаулары мен құнарлы аймақтарда егіншілік те қатар дамыды. Қазақстан жерін мекендеген түркі тілдес тайпалар 6 ғ-да Ертіс өңірінде, Сыр бойында және Жетісуда егіншілікпен айналысып, отырықшылық өмірге дағдылана бастады. 6–7 ғ-ларда Түрік



қағандығы тұсында Шу, Талас, Сырдария аңғарларында мал ш-мен қатар егіншіліктің де дамуы О-ты жеделдетті. Далалық солт. аудандарда бұл процесс баяу жүрді. 10–12 ғ-ларда Қазақстанда қалалар мен қалалық қоныстар шапшаң өсіп, Іле алқабында 56 қаланың іргесі қаланды, Шу мен Талас алқаптарында, Сырдария бойында отырықшылыққа көшкен ондаған қала орнады. Қазақ хандығы тұсында мемл. экономикасының мешеулігі салдарынан оңт-тегі қалалар құлдырап, О. саябырлады. Хандықтың саяси-әкімш. және сауда-экон. орт. Сығанақ, ал астанасы Түркістан қ-лары болды. 17–18 ғ-ларда қазақ даласында отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрі дамып, егіншілікпен оңт-те ғана айналысты, елдің басым бөлігінде мал ш. негізгі күнкөріс көзі болды. Патша өкіметінің Қазақстанды отарлауы жергілікті халықтың отырықшылыққа көшуін мүлдем тежеді. 18 ғ-дың 50-жылдары патша өкіметі қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, Каспий жағалауынан Ертістің жоғ. ағысына дейінгі аралықта шептер мен бекіністер, форпостар мен бекініс қамалдар, қалалар салды. Орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуына байланысты 20 ғ-дың бас кезіне қарай патша өкіметі орыс шаруаларын жоспарлы түрде қоныстандыру үшін жергілікті халықтың 40 млн. десятина шұрайлы жерін тартып алып, қазақтарды шөл далаға ығыстырды. Көшпелі халықтың жерін күшпен тартып алу жалғасып, О-қа мейлінше кедергі жасалды. Капит. қатынастардың қазақ даласына енуі көшпелі және жартылай көшпелі мал ш. мен рулық қатынастардың ыдырау барысын жеделдетті, қазақ даласында өнеркәсіптің жаңа салалары пайда болып, жергілікті ұлт өкілдері арасынан жұмысшы кадрлар көбейді. 1927 ж. қарашада өткен 6-жалпықазақтық партия конференциясының мал өсірушілерді жерге жаппай орналастыру жөніндегі қарарына сәйкес көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарды отырықшыландыру үшін күштеу саясаты қолданылып, ел тіршілігі бұзылды. Республика аумағында бірнеше округтер мен аудандарда (Семей, Ақтөбе, Шалқар, Сырдария, Қызылорда, т.б.) 3 млн-ға жуық көшпелі және жартылай көшпелі қазақтар күштеп отырықшыландырылды, мыңға жуық ірі байлар шаруашылығы тәркіленіп, жер аударылды. Осы жағдайлардың өзі О-қа дағдыланбаған қазақтардың малдарын шығын-

ға ұшыратып, әміршіл-әкімшіл жүйенің қолдан жасалған ұжымдастыру шаралары кесірінен халық жаппай аштыққа ұшырады. Шаруалардың жер-жердегі жаппай наразылығы мен қарулы көтерілістері аяусыз жаншылып, қазақтарды күштеп ұжымдастыру, О-қа көшіру жалғасты. Отырықшыландыру науқаны барынша тұрпайы жүргізілді. Отырықшыландыру саясаты қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын күйретті, мыңдаған жылдық тарихы бар көшпелі өркениет қиратылды. Қазақ шаруалары жаппай ашаршылыққа ұшырады. Дегенмен отырықшылыққа көшудің аса ауыр зардаптары болуына қарамастан тұрақты жерге қоныстанушылық барысында қазақ халқы мәдениеті дамыған іргелі елге айналып, экономикасы өркендеген ірі мемлекет қатарына қосылды.

Н.Жанақова

«ОЯН, ҚАЗАҚ!» – М.Дулатовтың өлеңмен жазылған шығармасы. «Оян, қазақты» бір жағы саяси трактат, тарих оқулығы деуге болады. Сол кездегі сауаты жоқ қалың қазақтың жаттап алуына қолайлы болсын деп өлеңмен жазылған. Автор сөзін «халық үшін», әсіресе «жиырмасыншы ғасыр жастарына» арнайды. Алғашқы екі өлең «қазақ халқының бүгінгі халін және бұрынғы тарихын» әңгімелейді. Автор алдымен қазақ неліктен жеке ел болудан қалды деген сұраққа жауап іздейді. Дулатов, сонымен бірге, патша әкімшінің отарлық саясатын қатты шенеді; «Жеріне тимеймін» деген уағда далада қалғанын сынайды. «Тұманға кірді біздің қалың қазақ, Арты жар, алды тұйық, бұл не ғажап» дейді. Бұл тұйықтан шығу үшін Дулатов қазақтың зиялыларын ұйқы басқан қазақты оятуға шақырады. «Қазақ жерлері» өлеңінде патша үкіметінің 1868 жылғы пәрмені бойынша қазақ жерінің қазына меншігіне берілу зардаптарын ашына айтады. Отаршылдық саясат жергілікті халықты жер-суынан айырды. Егін салатын жақсы жер де қалмады. Ащы су, шөл далада тықсырылған елдің күні не болады? – деп қапаланады автор. Дулатов аталмыш жинағының соңында («Тәржиман» атты газет бойынша) И.Гаспринскийдің бір мақаласынан (1909 ж. №46) үзінді келтіреді. Мұнда ұзын саны алты миллион қазақ халқы өз жеріне өзі отырықшы бола алмай жүргені айтылған. Осы жерде Дулатов қазақ ішінен шыққан социал-демократтарға өз ұлтына назар салу керектігін ескерткен.



ӨТЕПҚАЛИ Дінбаянұлы (1846–1928) – Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының беріш руынан шыққан батыр. Теңіз (қазіргі Құрманғазы) ауд. жерінде 1916 ж. болған ұлт-азаттық қозғалысының басшысы, Исатай Тайманұлының немересі. Қазақша-орысша оқыған. Теңіз маңы окр-не қарасты 15-інші болыстың старшыны болды. Патшаның қазақ жігітерін майданға алу туралы жарлығына бірден қарсы шықты және оны іске асырмау жолында күш-беделін салды, бірге-бірте Ө-дың төңірегіне сарбаздар жиналып, оның қол бастауын өтінді. 2 мыңдай сарбазы бар Ө. қозғалысының орталығы Ақай шұраты болып белгіленіп, наразылық көтеріліске ұласып кетті. Тізімдер жаппай жойылды, ұйымдастырушылардың көздері құртылды, төңіректегі болыстарды көтеруге әрекет жасалды, орталықтан келген әскери өкілдер тұтқындалып, кері қайтарылды, ірі елді мекендер бірінен кейін бірі көтерілісшілер ықпалына енді. Етек ала бастаған көтеріліске Астраханнан шұғыл жазалаушы әскер шығып, алғашқы қақтығыста-ақ әскери дайындығы аз көтерілісшілер жеңіліске ұшырады, атты сарбаздар мылтық пен зеңбірекке қарсы тұра алмады. 71 жасар қолбасшы Ө. тұтқынға түсті. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін ғана абақтыда қорлық көріп жатқан Ө. батыр түрмеден босатылды. Батырдың денесі Мыңтөбе деген жерге қойылған.

Әдеб.: Батыс Қазақстан облысы: Энциклопедия, А., Арыс, 2002 ж; Айбын, А., Қазақ энциклопедиясы, 2011; Табылдиев К., Қазақ батырлары.

Б.Асанбекұлы, А.Советханқызы
ӨТЕТІЛЕУ Кетebайұлы (1760–1845) – би, 18 ғ-дың соңы мен 19 ғ-дың орта кезеңінде жерімізді, ел-халқымызды сақтап қалу үшін күрескен қазақ қоғамының көрнекті қайраткері. Ө. 1809–27 ж. Сыр бойының төм. ағысындағы қазақтардың ханы Қасым Бөлекей-

ұлының Орда биі болған. Ресейдің Орынбор шебі мен Бұхар хандығы арасындағы аумақта ресми күші мойындалған Ө-дің жеке мөрі (1830 ж. жасатқан) бүгінде ҚР Орт. мұражайында сақтаулы. Ел басқаруға ерте араласқан оның Орта Азия хандықтарымен болған шиеленісті жағдайларды оңтайлы шешуге қосқан үлесі ерекше. 1824–33 ж. Мұхаммед-Рахым, Аллақұл сынды Хиуа билеушілерімен Сыр өңірін тонауды тоқтату мәселелері бойынша келіссөздер жүргізені туралы дерек (Демезон П.И., Виткевич И.В., 1834) бар. Қазақ елін азат ету жолында жан аямай күрескен Кенесары Қасымұлы 1841 ж. өзі бастаған сот-құқықтық реформалар аясында Ө-ге граф атағын беріп, шөмекейлердің құрметті биі етіп тағайындайды. Келтірілген нақты деректерден біз Кенесары мен Ө-дің мұраттас тұлғалар болғанын бағамдаймыз.

Әдеб.: Омаров Қ., Ұлық Жолай және оның ұрпақтары, Ақиқат, 2011, 70-82-б.; Шымырбайұлы А., Әулет мөрі – құнды жәдігер, «Ана тілі», №51, 2008, 18 желтоқсан; Омаров Қ., Өтетілеу би, Тұрмағамбет, 2011, № 1, 36-40-б.

Қ.Омаров

«ӨТКЕН ЖАЗБАЛАРДЫҢ ТОЛЫҚТАМАСЫ» – құжаттық жинақ. 1912–28 ж. Шыңжаң өлкесінің ген.-губернаторы міндетін атқарған Яң Зыңшиннің артына қалдырған еңбегі. Ол өзі билік басында тұрғанда өлкелік ген.-губернатор мекемесіндегі маңызды құжаттарды жинап, реттеп, жеті салаға жіктеп құрастырған. Бұл 44 томнан тұратын қолжазба нұсқасы 1926 ж. дайындалған. Солардың ішінде ең маңызды деген 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты құжаттың 16 нұсқасын белгілі тарихшы Н.Мұхаметханұлы қазақшаға аударып, Астана қ-сындағы «Ел-шежіре» баспасынан 2008 ж. жарық көрген «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көп томдықтың 11-томына енгізген. Аталмыш құжаттардың реттік саны бойынша тақырыптары былай болып келеді: 1. «Ресейден қашқан халықтардың әр аймақтардан өтіп келіп жатқаны туралы мәлімет». 2. «Іле аймағы әкімінің Ресей қазақтарының кіруін тоқтатуды және кіріп кеткендеріне тыныштық сақтауды насихаттаумен қатар Ресей консулдық басқармасымен сөйлесіп, оларды кері қайтару



жөніндегі электрондық бұйрығының мәтіні». 3. «Іле қорғаныс командирі Яң Фишаның Ресей азаматтарының Қытай жеріне қашып келіп жатқандығына орай әскер көбейтіп, қорғанысты бекемдеу туралы мәліметінің электрондық мәтіні». 4. «Ресей қашқындарына көмек көрсетуге бола ма, жоқ па?: министрліктің Ресей елшілігімен сөйлесуі туралы электрондық мәліметтің мәтіні». 5. «Тарбағатайдың Ван кеңесшісіне Ресей қазақтарының Тарбағатайға қашып өткендерін жою да, бағу да қиын дегені туралы электрондық жауап». 6. «Тарбағатайға жалғасты келген Ресей қазақтарының шаңырақ саны 20 мың болғаны және оларды әскер жіберіп тосу туралы электрондық мәлімет». 7. «Тарбағатайдың Ван кеңесшісіне Ресей қазақтарын тек қуып шығару, шабуыл жасамау туралы жауаптың мәтіні». 8. «Тарбағатайдың Ван кеңесшісіне Ресей қазақтарын бейбіт түрде қайтару туралы жауаптың мәтіні». 9. «Іле қорғаныс командирі Яңға бейбіт түрде Ресей қазақтарын қайтару туралы жеделхаттың мәтіні». 10. «Манас ауданының орынбасар қолбасшысы Уа Баошанның әскер жіберіп, Ресей қазақтарын қайтару туралы толық мәлімет беру бұйрығының мәтіні». 11. «Ресей елшілігімен сөйлесіп, қазақтарды өз жерлеріне қайтару туралы жеделхаттың мәтіні». 12. «Іледегі батальон командирі Бай Шүйжүйдің Ресей қазақтарының жоғалған малдарын тапқандығы туралы мәліметке берілген нұсқауының мәтіні». 13. «Ресейден қашып келген көтерілісшілердің басшыларын тексеру жөніндегі құпия бұйрықтың мәтіні». 14. «Ақсу аймағының әкіміне Ресей азаматтарының өз ұл-қыздарын қайта сатып алуы туралы берілген жеделхаттың мәтіні». 15. «Ақсу аудандық үкіметінің Ресей қазақтары комитетіне Ресей қазақтарының ұл-қыздарын сатып алғандығы жайын мәлімдеу және оларды шектеулі мерзімде еліне қайтару туралы нұсқауының мәтіні». 16. «Мемлекеттік істер кеңесі Сыртқы істер министрлігінің Ресейдің қайтарып алған қазақтарды атып өлтірген ісі туралы Ресей елшісіне қойылған сұрағының мәтіні».

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 11-т. Астана, Ел - шежіре, 2008.

К.Қошым-Ноғай

ПАНКРАТОВА Анна Михайловна (4(16). 2.1897, Одесса қ. – 25.5.1957, Мәскеу қ.) – кеңес тарихшысы, қоғам қайраткері. Беларусь КСР-і ҒА-ның толық мүшесі (1940), РКФСР Пед. ҒА-ның акад. (1944), РКФСР мен Қазак КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1943), КСРО ҒА-ның акад. (1953). Одесса (Новороссийск) ун-тінің тарих ф-тін (1917) бітірген. П. Ресей жұмысшы қозғалысы мен кеңестік қоғам тарихын зерттеді. Орта мектепке арналған КСРО тарихы оқулығы авторларының бірі және бас редакторы болды.



А.М.Панкратова

КСРО тарихшыларының ұлттық к-тін (1955–57) басқарды, БҰҰ-ның КСРО-дағы Жәрдем ассоциациясының төрайымы болды. П. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында (1941–45) Алматы қ-нда тұрып, КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде жұмыс істеді, Қазақстанда тарих ғылымының дамуына үлес қосты. Ол белгілі қазақ тарихшысы Е.Бекмаханов пен оның пікірлестерін жазалауға батыл қарсы шықты және кейіннен олардың қызметке орналасуларына көмектесті.

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ЕЛІН ОТАРЛАУДАҒЫ ДІН САЯСАТЫ. 19 ғ-дың екінші жартысында Ресей империясы қазақ жерін толық жаулап алып, елді саяси дербестігінен айырып қана қоймай, енді ұлттың жойылуына алып келетін рухани



отарлау саясатын қатар жүргізуге кірісті. Қазақ жерін басқаруға жіберілген патшалық билік өкілдері алдымен жергілікті халықтың тілін, дінін, әдет-ғұрпын, т.б. руханият бастауларын зерттеп, көшпелі елдің ішкі жан дүниесін танып-біліп, ұлтты толық басыбайлы құл етудің жолдарын қарастырды. «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көптомдықтың 15-томында орыс отарлаушыларының қазақ халқын тілі мен дінінен айырып, құлақкесті құл ету үшін жүргізген жымысқы саясатына қатысты тың мұрағаттық құжаттар топтастырылып берілген. Қазақ жерін, Орта Азия елдерін әртүрлі әкімш. аймаққа бөліп басқарып отырған ген.-губернаторлардың бір-біріне, орт-тағы билікке және Ресей патшасына жазған хаттары мен баяндамаларында бодан елдерді Ислам дінінің ықпалынан шығарып – шоқындыру, орыс-қазақ мектептерін ашып – орыстандыру мәселелері көтеріліп, осыны жүзеге асырудың нақты жолдары талданып көрсетілген. Қазақ елі мен Орта Азия халықтарын рухани негізінен, ататек тамырынан айыруға бағытталған мұндай істерді бұрыннан жүргізіп келе жатқан патшалық отарлаушы биліктің енді бұл іске шұғыл бет бұруына 1898 жылғы 18 мамырда Минтөбе ишаны Мұхаммед-Әли-Сабыр оғлының Әндижандағы кәпірлерге қарсы бастаған Ғазауат соғысы да ықпал етті. Халық арасында «Докши-ишан» деген атпен белгілі бұл дінбасы басшылық еткен көтерілісшілер орыс әскерінің әндижандық лагеріне шабуыл жасап, үлкен шығын келтірді. «Кәпірлерге қарсы басталған» бұл соғыс сол маңайды түгел шарпып, бір шеті қазақ елінің оңт.-шығысына да жетті. Дін үшін шайқасқан халықты отаршылардың жазалаушы әскері аяусыз басып жаншыды. Көтерілісшілердің 18-і өлім жазасына кесіліп, 360-ы қаторғыға айдалды. Ишанның ауылына сырттан 200 түтін орыс көшіріліп әкелінді және жергілікті халықтан ақшалай соғыс шығыны өндіріліп алынды. Осы оқиғадан кейін Қазақстан мен Орта Азияны рухани кіріптарлыққа салудың жаңа шаралары іске қосылды. Түркістан ген.-губернаторының Ресей патшасына жазған 1899 жылғы «Түркістандағы ислам руханияты» деген баяндамасында осы көтерілісті алға тарта отырып, «мемлекет ағзасындағы мұсылмандық» деген «дертпен» күресудің жоспарын ұсынады. Ресей патшалығының аумағындағы бірнеше ген.-губенаторлықтар

құрамында сол уақыттағы есеп бойынша 14 млн. мұсылман бар екенін, олардың орыс қаруынан қорқып қана сырттай патша өкіметіне мойынсұнып отырғанын, алдағы уақытта әндижан оқиғасы сияқты көтерілістердің болу қаупінің зор екендігін жазды. Түркістан сияқты кең аумақты алып жатқан жерді мекендейтін мұсылман халықтарды орыстарға сіңістіріп жіберу басқа дінді ұстанатындарға қарағанда қиын екенін айта келе, исламның шарифат заңдарын, Қазан, Астрахан, Қырым, Кавказ, Орта Азия жұртшылығы, Қазақ даласыныңдағы мұсылмандардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жан-жақты баяндайды. Орыс қаруынан жеңіліп, бодан болған бұл халықтардан келер қауіп азайған соң Ресей тарапы мұндағы басты қатер – Исламмен саяси күш ретінде жүйелі түрде күресуді босаңсытып алды дейді өлке билеушісі. «Осыдан келіп біздің дінімізге ғана емес, жалпы мәдениетімізге дұшпан болып табылатын мұсылмандық төменгі даму сатысындағы халықтар арасында тез, жеңіл, әрі нық орнығып алып, ол халықтардың ассимиляцияға ұшыруын тежеп, бізбен бірге сенімді топтасқан бір мемлекеттік саяси отбасын құруға кедергі болып отырғанын» қынжыла атап өтеді. Бодандыққа алынған мұсылмандардың орыс халқымен рухани сіңісуі үшін жалпы мемл. жоспардың болмауы айтарлықтай қиындықтар тудырып, алға қойылған мақсатқа жетуге зиянын тигізуде дей келе, Түркістан ген.-губернаторы осы олқылықтардың орнын толтыру үшін жасалып жатқан шаралар мен алдағы уақытта шұғыл қолға алу керек істерді таптіштеп келтіреді. Миссионерлік идеология патшалық Ресейдің отарлау саясатындағы рухани қару ретінде пайдаланылды. Қазақ даласына келген миссионерлер халықпен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан, оның салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына дендей еніп, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан Ислам дінінің ықпалын әртүрлі зымиян әрекеттер арқылы төмендетуге тырысты. «Ресейдегі 14 млн. мұсылман жұрты толық христиан дінін қабылдасам да, оған өтуге тілек білдірген жекелеген адамдарға құшақ жая отырып, уақыт пен қажетті жағдайлар туғанша миссионерлік қызметті жүйелі түрде жүргізу керек. Миссионерлердің шектен тыс күш салуы мұсылмандардың қарсы шығу үшін бірігуіне соқтыруы ғажап емес. Мұсылмандардың орыс халқымен жақындасуы

тек исламның бүкіл христиандарға деген жаулықты уағыздайтын бөлігін әлсірету арқылы мүмкін болады» дей келе, ген.-губернатор Түркістан өлкесіндегі мұсылман мектеп-медреселерін (сол кездегі дерек бойынша – 5246 мектеп-медресе) саны әлі өте аз болып отырған жалпы білім беретін орыс мектептерімен алмастыруға күш салып, қарқынды іске асыруды ұсынады. Лауазымды шенеунік осындай рухани бодандықтың жолдарын айта келіп, хатында түземдіктер арасында асқынып отыратын жұқпалы аурулармен күнделікті өмірде жиі ұшырасатын ауру-сырқаудан емделу ісінде олардың орыстарға шын ықылас-ниетімен келетінін жазады. Жергілікті жерлерде уездік дәрігерлердің аз екенін, әсіресе далалықтардың жат көзден таса отбасылық өміріне кірісе алатын әйел дәрігерлердің тым аз екенін, далалықтардың әйелдері жүктілік, босану кезінде туындайтын шұғыл жағдайларда әйел дәрігерлерге өте мұқтаж болатынын, сондықтан оларға үлкен құрметпен қарайтынын айтып, осыны мынандай үлкен істе пайдалану керектігін көрсеткен: «Көп әйел алушылық мұсылман отбасын біздікінен бөлек етіп тұр. Мұсылман әйелі ерінің өмірлік досы емес, ислам заңдарымен құқығы шектелген, айтқанынан шықпайтын қызметшісі. Біздің әйел дәрігерлер мұсылман отбасына кіру арқылы орыс отбасындағы тәртіптердің артықшылығын, орыс әйелінің қоғамдағы белсенділігін мұсылман әйелінің көкейіне сала отырып, оларды қапастан жарыққа шығаруы керек». Осындай іштен іріткі салумен айрандай ұйыған мұсылман отбасын ойран ету, сөйтіп, отбасынан басталған берекесіздіктің жалпы ұлтты біріктіріп отырған имани органы талқан ететінін білдірген. Мұндай істі өте абайлап, асықпай, кезең-кезеңмен жүргізуді қолға алған орыстың рухани экспансиясы бірге-бірге іске асып отырған. Ген.-губернатордың хатында ресми іс-қағаздарын орыс тілінде жүргізу, сөйтіп жергілікті халықты орыс тіліне мұқтаж ету арқылы орыстандыру саясатын іске асыруды, сондай-ақ, бұл істе жергілікті халықпен қан араластыру, яғни аралас некені көбейту арқылы да орыстандыру, бұратана халықтарды ассимиляциялау атап көрсетілген.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 15 т., Астана, «Астана полиграфия» АҚ, 2009.

Д.Наушабай

ПАТША ӨКІМЕТІНЕ ҚАРСЫ ЖОЛАМАН БАТЫР БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСТІҢ ТУУ СЕБЕПТЕРІ. Аласапыран заманда да ұлт-азаттығының туын көтеріп, артына дүйім жұртты ерткен батырлар қазақ қоғамында шешуші рөл атқарды. Сондай тарихи тұлғалардың бірі – патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттығы соғысын жариялаған халық батыры Жоламан тархан Тіленшіұлы. 19 ғ-дың 20-жылдары Елек өз. бойына Жаңа Елек ауд. салынды. Ол алты форпосттан тұрды: Изобимильный, Боран, Жаңаелек, Линев, Угольный және Ветляя редуты, Хан және Берден бекінісі. Жайық, Елек, Берден және Құрат өз-дері аралығындағы ең шұрайлы 600 мың десятина жер бөлігі Кіші жүздің табын руларынан тартып алынды. Бұл жерлерге патша үкіметі орыс шаруалары мен Орынбор әскери казактарын қоныстандыра бастады. Патша үкіметінің мұндай басқыншылық әрекеті табын руының рубасы Жоламан тархан Тіленшіұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының патша үкіметіне қарсы соғыс жариялауына себеп болды. «Жоламан тархан Ресеймен соғысып жүр, оның соғысқа дайын кем дегенде 3 000 адам әскері бар», – деп кезінде Шекара комиссиясының төрағасы Генстің өзі де мәлімдеген болатын. Белгілі тарихшы Ермұқан Бекмахановтың еңбегінде Жоламан батыр Тіленшіұлының патша үкіметіне қарсы көтерілісі алғаш рет толық талқыланды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Жоламан батыр көтерілісінің тарихы азаттық соғыс тұрғысынан қаралып, «Жоламан Тіленшіұлының Ресейге жариялаған соғысы қазақтардың 1824–64 ж. отаршылдыққа қарсы күресінің хабаршысы болды» деген Бекмаханов, С.Асфендияров пікірлері одан әрі жалғасын тапты. Соны зерттеулер Жоламан батыр Тіленшіұлының Ресейге жариялаған соғысы деген баға береді. Өз жерлерінің тартып алынуына қарсы шығып, табын руының игі жақсылары бірнеше рет Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге өздерінің бұрынғы жайылымдарын қайтару жөнінде өтініш жасағанымен, Эссен: «Патша ағзам император олардың шағымдарын негізсіз деп, тіпті қандайда бір қанағаттандыруға тұрарлық емес деп мойындады», – деген жауап қайтарады. Ресей патша үкіметінің қазақтардан тартып алған жерлерді қайтаруда табын руының рубасы Жоламан тархан Тіленшіұлы ерекше белсенділік көрсетті. Алғашында 20-жылдардың басында Жоламан тархан қа-

ПАТША ӨКІМЕТІНЕ

зақтардың өз жерлеріне құқығын бейбіт жолмен қорғауға тырысты. 1822 ж. Орынбор әскери губернаторы Эссенге жолдаған хатында Жоламан батыр: «Әбілқайыр ханның тұсында қазақтарға Жайықтың арғы жағындағы шабындық, тоғайларды пайдалану және өзеннің жартысынан балық аулау еркіндігі беріліп еді; 1810 жылға дейін қазақтар бұл еркіндікті кедергісіз пайдалынды, ал кейін Ресей патша үкіметі Елек өзеніне ірі бекіністер тұрғызып, бұрын берілген жерлерді пайдалануымызға тыйым салды. Ал, біз болсақ, орманы, суы жоқ иен далада қалып, көптеген ауылдарымызбен су мен мал жайылымына мұқтаждық көріп отырмыз. Өзен мен Самара өз-дері маңындағы Нарын құмдарында орыстардың үлкен қарауылдары қазақтардың мал жаюына қысым жасауда, сондықтан біз ірі бекіністер мен қарауылдарды әкетуді өтінген едік, бірақ өтінішіміз ескерілмей отыр. Біз сізден 1810 жылға дейінгі құқығымызды иемденуге, Жайық пен Елек өзендері аралығындағы даланы ешбір кедергісіз пайдалануға рұқсат етуіңізді екінші рет өтіндік, бірақ тағы да жауап ала алмай отырмыз...», – деп жазған. Сөйтіп, Жоламан бидің әділдікті бейбіт жолмен орнатуға тырысқан әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырауы оның ендігі жерде қарулы күрес жолын таңдауына итермеледі. Жоламан тархан бастаған қарулы күрес 1822 жылдың көктемінде қазақтардың Жаңа Елек шебіне шабуылы, шекаралық барымта, малды айдап әкету, патшылықты қолдаған билеуші-сұлтандардың ауылына шабуылдармен басталды. Патша шенеуніктері: «Кіші жүз қазақтары «жабайы, елірген, айқын көрінетін мінезбен» ерекшеленген, далада қазақ жеңілмейді, ал қол айқастарында дене күші мен суық қаруды қолдану және астына мінген тұлпардың құлағында ойнайтын ептіліктері патша әскерлерімен соғысқанда үлкен басымдылық береді», – деп, қазақтардың жауынгерлік қабілеттерінің артықшылығын мойындап жазған болатын. 1822 жылдың 5 наурызында Орынбор корпусы штабының бастығы ген.-м. Веселитский басқарған барлаушылар мәліметі негізінде, жазда қазақтар: «Електің тартып алынуы және шепке 15 шақырымға дейін жақындап көшуге тыйым салынғанына байланысты» шепке шабуыл жасамақшы деп мәлімдеген. Әскери губернатор Обручев қазақтарға Електегі Шеп онда қоныстанған тұз тасушыларды қорғау үшін құрылғанды-

ғын, оларға шекараға 15 шақырым қашықтықта, аманат беріп, ормандағы тұрғындарға «зардап» келтірмей көшуге болатындығын түсіндіруді бұйырған. 1822 жылғы 3 маусымда губернатор Эссен Орал Әскери кеңсесіне «Шепте қатаң сақтықты ұстануды және бұйрықтарға сәйкес, егер шекараға шабуыл жасауға талпынса, «жыртқыштарды қолға түсіріндер» деп тапсырады. Өз кезегінде, Орал Әскери кеңсесі барлық қашықтықтағы командирлар мен резервтік топтың бастығына «шоғырланған «ұрлықшы» қырғыздар тобынан, шепке шабуылдаушылардың алдын алу, сонымен қатар «оларды қолға түсіру мен сотқа жеткізетін түнгі разъездер мен жасырынған пикеттерді жасақтауда сақтық шараларын жасау» қажеттігі туралы тапсырма береді. Бұл шараларға жауап ретінде Жоламан Орал казак әскерінің атаманына хат жіберді, онда ол бұрынырақ далада екі тұтқын казактарды сатып алып және оларды қайтарғанын ескертті, «егер мен Ресейге қарсылардың жағында болсам, бұлай жасамас едім», – деп, өздерінің шарттарын ұсынған. Онда: «Әбілқайыр хан тұсында біздің халқымыз пайдаланғандай, Нарын құмдарын толық және үш өзенді беріндер, ал егер ол мүмкін болмаса, ең болмағанда Елек өзені бойындағы Жаңа Шепті әкетіндер. Онда бізді дос санайсыздар. Мен сұраған жерлерді берсеңіз, онда біз дос боламыз, егер бермесеңіздер, онда жау боламыз» деген. Жоламан тарханның заңды талаптарына отарлаушының көзімен қараған патша үкіметі: Жоламан тарханның хатында «әр түрлі жат талаптар» қойылған деген қорытынды жасаған. 1822 ж. тамыздан қарашаға дейінгі кезеңде Орал Әскери кеңсесінің губернаторы Эссенге адай және табын руы қазақтарының Жайықтың сыртқы жағында шоғарланғандығы, олардың пикеттерге шабуылы мен жылқыларды айдап әкетулері жөнінде хабарлайды. Мыс., 1822 ж. 14 тамыздағы баянатта адай мен табын рулары адамдарының Шептің ішіне кіріп және пикетке шабуыл жасау ниеттері жөніндегі хабарламада: «Қырғыздардың адай және табын руларынан 100 шақты адам Оралдың сыртқы жағына жиналып және түнгі сағат 12-де 10 адамдай қырғыздар урядник Чеботаревтің пикетіне шабуыл жасады, қарулы қарсылыққа тап болған олар кері кетті» делінген. 1822 ж. 27 маусымда Жаңа Елек шебінің командирі есауыл Аржанухин: «Қазақтар Жаңа Елек шебіне

шабуыл жасауда шекара барымтасын жасап, малдарды әкетуде және Бұхар керуенінен 330 сом күміс ақша тұратын тауарларын тартып алды», – деп баяндаған. 1822 ж. 4 тамызда есауыл Аржанухин Орынборға көтерілісшілер шабуыл жасау үшін үлкен топтармен Електен өтіп жатыр деген хабар берген. Оларға қарсы полк. Струновтың басшылығымен 2-нші тептер әскери казак полкі жіберіледі. Красногор бекінісінен Оралға дейінгі барлық елді мекендерге шабуыл жасалды. Бұл туралы патша үкіметінің офицері әскери статистик И.Ф.Бларанберг Жоламан тарханның туының астына 3 мыңдай адам жиналып, өлкені үрейде ұстағандығын мәлімдей отырып, одан әрі: «Ценой крови купили казаки обладание плодоносными берегами Илека; старинные владетели его не раз под предводительством своих батыров собрались огромными толпами и дрались на смерть, желая лучше расстаться с жизнью, нежели с кочевьем предков», – деп, көтерілісшілердің азаттық үшін жандарын құрбан етуге дайын екендіктерін жазды. 1822 ж. Жоламан тархан өзінің әділдікке жетуге ұмтылысы сәтсіз аяқталғанына қарамастан, бір жыл өткен соң Жоламан Эссенге тағы да хат жолдайды. 1823 ж. 6 тамызда урядник Плешков арқылы Эссенге жолдаған хатында, Жоламан қазақтардың наразылығының басты себептерін айқын да анық ашып көрсетіп, талаптарын баяндайды. Жоламан тархан хатында: «Жоғары мәртебелі патша ағзамның мақсаты бізге дәл осындай арсыздықпен қарау емес шығар деп үміттенеміз. Егер олай болмаса, мен тархан ретінде сізден Нарын құмдарын, жаз жайлап, қыс қыстаған Өзен бойын, Жайықтың далалық жағын, Елек қорғанысынан тыс жатқан Елек өзенінің екі жағын да бізге беруді, сол жерлерге салынған ірі бекіністер мен отрядтарды әкетуді сұраймын. Егер сіздің қолыңыздан келмесе, онда патша ағзамға осы туралы хабарлауыңызды өтінемін. Онсыз да Санкт-Петербургке жіберген елшілеріміз Арынғазы сұлтан мен Жүсіп тархан Сырымұлының қайтып оралмауына байланысты және олардың елге қайтуына император патша ағзамның неге рұқсат етпей отырғанын білмегендіктен, ордалықтар мазасыздануда, егер біздің өтінішімізге патша ағзам құлақ асып, көңіл бөлсе, онда біз оған риза болар едік, егер олай болмаса, біздің ордалықтардың көңілі қалып, мазасы кетері қақ...», – деп жазды. Солай болар-ау деп ойлағандай, бұл хат

та жауапсыз қалды. Осыдан соң Жоламан тархан 1823 ж. 3 қыркүйекте тағы да Эссенге алдыңғыларынан да ұзақ етіп тағы да хат жазады. Бұл хатқа да Эссен жауап бермеді, оның орнына «тұтқындарды босатудағы үлкен табыстары» үшін Жоламан батырға 327 сомдық сыйлық жібереді. Сонымен бір мезгілде Орынбор Шекара комиссиясы Жоламан тарханға бұдан былайғы келіссөздердің Шерғазы хан арқылы жүргізілуі керек екендігін хабарлайды. Ал Жоламан тархан оны халқын сатқан опасыз ретінде өте жек көретін. Патша өкіметі тонаған қазақтардың өмір сүруге қажет талаптарын бейбіт жолмен қанағаттандыруға тырысқан Жоламанның әрекеттері осылайша нәтижесіз аяқталады. Жоламан 1823 ж. күзде тұтқындағы есауыл Падуровты босату жайлы келіссөз жүргізуге келген хорунжий Биккининге Ресейге қарсы соғысты Елек өз. бойына бекініс Шебін салғаны үшін жүргізіп отырғандығын, себебі «ол жерлерде бұрын қазақтармен бірге мұның өзінің де мал азығына ыңғайлы жерлері болғаны, ал қазір тақыр далада көшіп қонуға мәжбүр болғанын, олар үшін қазір аштан өлу немесе өз істері үшін күресіп өлудің бәрібір екендігін, Жаңа Елек Шебі бойындағы жерлер ордалықтарға берілмесе, Өзен, Қамыс-Самар жанындағы қарауылдар әкетілмесе, онда ордалықтар бекініс Шебін шабуыл жасауды тоқтатпайтындығын» ашып айтқан. Жоламан тархан Тіленшіұлы бастаған көтерілісшілердің шабуылы 1824 ж. қайта жанданды. Сәуірде Жоламан тархан Шерғазы ханның ауылына шабуыл жасады және 120 бас жылқыны айдап әкетті. Хан Красногор бекінісіне қарай көшіп кетті. Айшуақ сияқтылардың ауылдары тоналып, 300 бас жылқы айдап әкетілді, Тоқходжа және Баймұхамед Айшуақов тұтқынға түсіріліп, Ілеге әкетілді. Мамырда Орск бекінісінің комendantты Ордың бас жағында, ішкі жаққа шабуыл жасау үшін «адамдар мен малдарды айдап әкету үшін» 400 «ұрылар» жиналғандығы туралы хабарласа, 30 мамырда есауыл Прихвостов Шекаралық комиссияға көтерілісшілер әлімұлы руынан Бүркітбай және жетіру руынан Тоқтыбай 150 адамымен Орынборға дейін Губерлин, Ильин, Жоғарыкөл, Гирьян және т.б. бекіністерге шабуыл жасау үшін, Елек арқылы Жайыққа өтті деп хабар жеткізеді. Ақырында, Орал әскери кеңсесі Шекаралық комиссияға Ембі мен Іле өздерінде Оралдан 100 шақырымда Горск бекі-

ПАТША ӨКІМЕТІНЕ

нісіне қарсы Есет Көтібарұлы және Табылды басшылығымен шепке шабуыл жасау және жылқыларды айдап әкету үшін «тым көп мөлшерде» көтерілісшілер жиналуда деп хабарлайды. Жоламан тархан бастаған көтерілісшілерге қарсы 500 орынборлық казактардан құралған жазалаушы отряд жорыққа жіберілді. 1825 ж. наурызда мықты қаруланған жазалаушы отрядтар Бұлдырты, Шиелі және Талды өз. бойындағы жүздеген қазақ ауылдарын талқандады. Қазақтар қайтпас қайсарлықпен қорғанды. Қанды қақтығыстан казактардан 195 адам өлді, 125-і тұтқынға алынды оның ішінде әйелдер мен балалар да бар. Олар Орал түрмесіне әкетілді, онда өте ауыр жағдайда ұсталған тұтқындардың көбісі түрмеде аурудан қайтыс болды. Ал, Жоламан тарханның сағын сындырмақшы болған патша үкіметі оның көтеріліске қатысқан алты бірдей туыс бауырын Орал түрмесіне қалдырмай, итжеккенге айдатып жіберді. Осы қантөгіс шабуылдың кесірінен Жоламан Тіленшіұлы қарсылықты уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Жоламан тарханның патша үкіметіне жариялаған соғысының кең қанат жайған кезі 1835 ж. болды. Осы тұста Орск мен Троицк арасында Жаңа Шеп салынуы нәтижесінде 10 мың шаршы шақырымнан астам жерінен айырылған, жағалбайлы, жаппас, алшын, арғын, қыпшақ рулары өз беттерінше күреске шыға бастады. Осы казак руларының жағдайы адам төзгісіз ауыр болатын. Олар Ырғыз бен Торғайға қарай ығыстырылып, шекараға жақын жерлерде көшіп-қонуға және сол үшін өте үлкен сомада ақы төлеуге тиіс болды. Осында қолайлы жайылым таппаған көптеген ауылдар шоғырланды, халық арасында шекаралық басшыларға қарсылық өсті. Қазақтар өз тараптарынан қарсылықтарын Шеп маңы бекіністеріне, сауда керуендеріне шабуыл жасау арқылы көрсетті. Кейінірек Жоламан Тіленшіұлына Іле, Қобда, Елек, Ембі өз-дері бойында көшіп-қонып жүрген казактар қосылды. Жоламан батыр бастаған соғыстың кейінгі кезеңі Исатай Тайманұлының көтерілісіне қосылуымен жалғасын тапты. Сонымен, 19 ғ-дың 20-30-жылдарындағы Жоламан Тіленшіұлы басшылығымен болған қозғалыс бұқара халықтың патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы маңызды қарсылықтарының бірі болды; Жоламан Тіленшіұлының патша үкіметіне қарсы жүргізген соғысының соңғы кезеңі Кенесары Қасымұлы көтерілісіне ұласып, одан әрі жал-

ғасын тапты. Жоламан тарханның өліміне қатысты деректе: Жоламан тархан Тіленшіұлы царизмге қарсы барлық батырлар мен коқан, хиуа халықтарының басын қосу қамында жүрген кезінде Ташкент құшбегі өлтірген делінеді. Ташкент құшбегінің Жоламан батыр Тіленшіұлын өлтіруінің себебі, бұхарлықтар мен Жоламан тархан одақтасып, қокандықтарға қарсы күш болады деп қорқуларынан туындаған болуы мүмкін. Екіншіден, Жоламан Тіленшіұлының жұмбақ жағдайдағы қазасына патша үкіметінің де қатысы бар сияқты. Өйткені 1848 жылғы 23 қазанда әскери старшын Арыстан Жантөрин шекаралық комиссияға Жоламан тарханның қайтыс болғандығы туралы мәлімет береді. Патша үкіметі Жоламан батырдың өз қатарына бұхар, хиуа, коқан халықтарын қосып алып, үлкен күшке айналуынан қорыққан болатын. Осыған қарағанда, ұлт азаттығы көтерілістің ұйымдастырушысы, әрі басшысы Жоламан тарханның ізіне көп жылдар бойы түскен патша үкіметінің батырдың қазасына қатысы болмаса, үкімет басшыларына берген арнайы баянаттары міндетті түрде жазбаға түсіп тіркелген болар еді. Ал, 1848 жылғы 23 қазандағы Жоламан Тіленшіұлының қайтыс болуының себебі баяндалмай, жай ғана хабарлама түрінде берілуінің өзі батырдың қазасына патша үкіметінің пұлға жалдаған жансыздарының тапсырмаларын нақты орындағандығы туралы ресми хабарлауы болып көрінетін ойға жетелейді. Энциклопедист ғалым Телжан Шонанұлы: «1836–38 жылдары Исатай Тайманұлы мен Жоламан тархан Тіленшіұлы бастаған үлкен көтеріліс болды. Бұл көтерілістер – жер үшін болған көтеріліс, жер тағдыры – ел тағдыры», – деген болатын. Олай болса, жер үшін, ел үшін болған бұл көтеріліс казак мемлекеттігін сақтап қалу үшін қан төгілген ұлт-азаттық көтеріліс дегенге келіп саяды. Өйткені, біріншіден, Жоламан тархан патша үкіметіне қарсы жариялаған ұлт-азаттығы үшін болған соғысының соңғы кезеңі Кенесары Қасымұлының туының астында өткізді. 19 ғ-дың 20-40-жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілісін арнайы зерттеген белгілі тарихшы Бекмаханов Кенесарының туының астында топтасқан серіктерінің арасында азаттық соғыстың мүддесіне аяғына дейін берілген, қанды шайқастарда ерлігімен көзге түскен, қара халықтан шыққан батырлармен бірге феодал бекзаттардан шыққан сұлтан Наурызбай, табын руының биі Жоламан



Тіленшіұлының да есімін атайды. Сөйтіп, кезінде М.Вяткин айтқан Жоламан тархан қозғалысы кең аймақты қамти алмады деген пікірдің жаңсақтығын дәлелдейді; екіншіден, Жоламан батыр бастаған ұлт-азаттық соғысы өтсіздікпен аяқталғанымен, Ресей патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы 18 ғ-дың 50-жылдарындағы Есет тархан Көкіұлының башқұрт бауырлармен бірге бастаған отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің және Сырым тархан Датұлы мен әкесі Тіленші тархан Бөкенбайұлы бастаған (1783–97 ж.) ұлт-азаттық қозғалыстарының сабақтасқан жалғасы болды; үшіншіден, дәстүрлі хандық билік ин-тының заңы бойынша, соғысты тек қана хан жариялауға құқылы болатын. Жоламан би көшпенділердің дәстүрлі дала демократиясына сүйеніп отырып, патша өкіметінің басқыншылық саясатына қарсы соғыс жариялауына тура келді. Өйткені хандық ин-тты патша өкіметі саяси реформа арқылы жойған болатын. Азаттық туын көтерген батырлардың қандары текке төгілмеді. Халқымыздың ғасырлар бойына жалғасқан ұлт-азаттық жолындағы күресі – Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болуына жеткізді.

Әдеб.: История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Сост.: И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев, А., Дайк-Пресс, 2007, Т. 5; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках: Сборник документов и материалов, А.-А.: АН Каз ССР, 1961; Тынышпаев М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; Восторгов В.В., Муқанов М.С., Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в). Изд-во Наука Казахской ССР А.-А., 1968; Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках: Сборник документов и материалов. – А.-А., 1964; Шонанұлы Т., Жер тағдыры ел тағдыры, А., Санат, 1995.

Ө.Исенов

ПАТША ӨКІМЕТІ ТАРТЫП АЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЗАҚ ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ ҚАЙТАРЫП БЕРУ – Кеңес өкіметі жүргізген саясат. Азамат соғысы аяқталған соң қазақ халқын өз жағына шығаруға тырысқан Кеңес өкіметі жер-су реформасын жүргізе бастады. 1920 ж. қыркүйекте өткен Түркістан Республикасы Кеңестерінің IX съезі Жетісу мен Оңт. Қазақстанда жер-су реформасын жүргізу қажет деп тапты. 1920 ж. 20–31 қаңтар аралығында Әулиеатада (қазіргі

Тараз қ.) түркістандық қазақ және қырғыз кедейлерінің съезі болып өтті. Қазақстанның оңт-нде жер-су реформасын жүргізу және «Қосшы одақтарын» құру мен оның нақты іс-қимылын үйлестіруде О.Жандосов, Ж.Бәрібаев, А.Розыбакиев, т.б. көрнекті қайраткерлер үлкен рөл атқарды. 1921 ж. 2 ақпанда Қазақ АКСР-і ОАК 1917 жылғы ақпан айына дейін қоныс аудару мекемелерінің қазақ еңбекшілерінен бөліп алған, сондай-ақ кулактардың заңсыз басып алған жерлерін қайтару жөнінде декрет қабылдады. 1921 ж. 19 сәуірде патша өкіметі Орал (Жайық өзінің сол жағалауы) және Сібір (Ертіс өзінің жағалауындағы он шақырымдық алқап) қазақ әскерлерінің меншігіне берілген жерлерді қазақ еңбекшілеріне қайтару жөнінде жаңа декрет жариялады. Бірақ оларды жүзеге асыру үлкен қиындықтарға соқтырды. Жер үлестерін қайта бөлуге кедейлер мен жалшылар белсене қатысты. Кулактар мен бай шаруалардың дүние-мүлкін ішінара кәмпескелеу арқылы кедейлерге жер, мал мен құрал-саймандар таратылды. Қазақ шаруаларына өздерінен тартып алынған жайылымдар, егіндік алқаптар мен мал айдайтын жолдар қайтарылды. Қоныс аударушылардың поселкелері, казак-орыстардың қыстағы мен хуторларының кейбіреулері жойылып, олардың халқы өздері бұрын тұрған, өңделетін артық жер қоры бар селолар мен станицаларға қоныстандырылды. Кедейлер мен жалшылардың барлық борыштық, жалға алу міндеттемелері жарамсыз деп жарияланды. Көшпенді қазақ халқының егінш-на деген ынтасы арта түсті. Кеңес өкіметі отырықшылыққа бет бұрған Жетісу мен Сырдария обл-ның шаруаларын а. ш. құралдарымен, ең қажетті заттармен қамтамасыз етті. 1921 ж. көктемде Жетісу шаруалары 15 мың орақ, 13 мың шалғы, 120 соқа, 200 мың аршын мата, шай, сабын, сіріңке, т.б. заттар алды. 20-жылдардың бас кезіндегі агр. реформалар ондаған мың қазақ кедейлері мен жалшыларын жермен қамтамасыз етіп, оларды кіріптарлық пен жалға алу ақысының ауыртпалығынан құтқарды. Белгілі бір саяси мақсатты көздегендеріне қарамастан бұл реформалар қазақ халқының іс жүзіндегі теңсіздігін жою жолындағы маңызды қадам болды.

Әдеб.: Амантаев Б.А., Социализм и коренное преобразование социальной природы казахского крестьянства, А.-А., 1969; Советское строитель-

ПЕРОВСК УЕЗИ



ство в аулах и селах Семиречья, А.-А., 1975; ЦГА Каз ССР, № 5, оп. 2, д. 2., История Казахской ССР, т. 4, А.-А., 1977.

Н.Әшіров

ПЕРОВСК УЕЗИ (1867) – Сырдария обл. құрамында құрылған әкімш. аумақ. Орт. 1867 жылдан қала мәртебесіне ие болған Перовск (қазіргі Қызылорда) болды. 1896 жылғы мәліметтер бойынша П. у-нің аум. 105,725 км² жерді алып жатты. Халқының негізгі бөлігін қазақтар құрады. Олар көшпелі мал ш-мен (ірі қара, қой, ешкі өсіру), Сырдария өз. бойында егіншілікпен және балық аулаумен айналысты. Балық аулау кәсіпшілігі негізінен Көкарал түбегінде шоғырландырылды. 19 ғ-дың 60-жылдарында Сырдария өз-нің төм. ағысында балық кәсіпшілігі ұйымдастырылды. 1879 ж. Перовскіге дейін телеграф желісі тартылып, ол Орынбор пошта жолында маңызды рөл атқарды.

ПЕТЕРБУРГ ШАРТЫ – 1881 ж. Ресей мен Қытайдың Іле аймағындағы шекара мәселесін айқындауға арналған келісімі. Қытайдағы мұсылмандар көтерілісінің қол астындағы ұлт аймақтарына қанат жаюынан сескенген Ресей 1871 ж. қазақ жеріне жақын Іле аймағын басып алды. Қытай Шыңжаңдағы көтерілісті басқаннан кейін Ресейге Ілені қайтару туралы талап қойды. Екі ел арасындағы ұзаққа созылған дипломат. келіссөздерден кейін 1881 ж. 12 ақпанда екі жақ П. ш-на қол қойды. Келісім бойынша орыс әскерлері басып алған Іле аймағы Қытай үкіметінің билігіне қайтарылды, тек Цин өкіметінің билігінде қалғысы келмейтіндерді орналастыру үшін деген желеумен Ресей Іленің батыс бөлігін иемденді. Іле халқына бір жыл ішінде Ресейге дүние мүлкімен кедергісіз қоныс аударуға рұқсат берілді. Екі мемлекеттің Іле аймағындағы шекарасы Бейжінтаудан басталып, Қорғас өз-н бойлай оның Ілеге құя түсуіне дейін созылып, одан қазіргі Алматы обл-ндағы Көлжат а-ның шығысын орап өтіп, оңт-ке қарай Ұзынқаратауға дейін, ал қалған жері 1884 жылғы Шәуешек келісінде көрсетілген сызықпен өтетін болды. Алайда қазақтардың бұрынғысынша жайлау мен қыстауларын ауыстырып, көшіп-қонып жүруі Ресей мен Қытай шекарасында біраз қиындықтар туғызды. Келіссөздер барысында патша өкіметі «жерлері дұрыс бөлінбеген қазақ рулары тұтасымен Ресей бодандығында болу керек» екендігін дәлелдеу арқылы, Зайсан мен Қара Ертіс аумағындағы шекараны Ресейдің пайдасына қайта

белгілеуге қол жеткізді. Шекара сызығы Қара Ертістің Күйгін тауларынан Сауыр жоталарына қарай кесіп өтетін болды. Сондай-ақ Қоқан хандығы Ресейге қарағаннан кейін Ферғана обл. мен Шығыс Түркістан арасындағы шекара сызығы айқындалды. Осы келісімде белгіленген шекараны одан әрі айқындау шаралары 1882–84 ж. жүргізілді. Бірақ өкінішке орай, шекараны айқындау кезінде шекара маңын мекен еткен қазақ пен қырғыз халқының жерлері бәрібір дұрыс бөлінбей, біртұтас халық екі мемлекет аумағына бөлініп кетуге мәжбүр болды. П. ш-нан кейін екі мемлекеттің Орт. Азиядағы шекаралық иеліктерінің жалпы бағыты айқындалып, орыс-қытай шекарасының қалыптасуына мүмкіндік туды. Бұл Ресей мен Қытайдың Орт. Азияда әкімш.-аум. биліктерін толық заңдастырып алуына жол ашты. Шыңжаңның шекарасы айқындалып, ол Қытайдың ажырамас бөлшегіне айналды. Ресей империясының ұлт аймақтарындағы аум. шептері айқындалып, әкімш. және шекаралық мәселелерін реттеуге жағдай туғызды. Осы келісімнен кейін Қытайдың бірнеше қаласында Ресей өз консулдықтарын ашты және Іле, Тарбағатай аймақтары мен Қашқар, Үрімжі қ-ларында салық төленбейтін сауда жеңілдіктерін алды. Бекітілген келісім-шарт мәтіндері 1881 ж. 19 тамызда алмасылды.

Н.Алдабек

ПЕТРОПАВЛОВСК, Қызылжар – қала (1825 жылдан), Солт. Қазақстан обл-ның орталығы (1936 жылдан), автомобиль, әуе, өзен және темір жолдарының ірі торабы. Батыс Сібір ойпатының оңт.-батысындағы Есіл жазығының орманды-дала белдемінде, Есіл өз-нің оң жағасындағы «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысының орнында орналасқан. Тұрғыны 204,8 мың адам (2011). Қаланың іргесі 1752 ж. патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына сәйкес Петр І-нің әскери бекінісі ретінде қаланған. Алғашында әскери форпост, кейіннен Сібір татарларының (түркілердің) қаласы атанып, Ресейдің Солт. және Орт. Қазақстанды отарлау кезіндегі негізгі тірек пунктіне айналды. 1838 ж. Есіл округінің, 1868 ж. Ақмола обл-ның құрамына еніп, уездік қалаға айналды. 1868 жылдан кейін П. Сібір мен Түркістан сауда жолының бойында орналасуына байланысты Ресей мен Орта Азия хандықтарының және қазақ даласы арасындағы сауда қатынасының ірі орт. болды. Қа-



зіргі кезде П. қ. Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орт-тарының біріне айналды.

Қ.Ахметов, Қ.Базарбаев

ПЕТРОПАВЛ УЕЗІ – Ақмола облысының құрамында болған әкімш.-аумақтық бөлік. 1868 ж. құрылған. Жер аум. 60 953 км², тұрғындарының саны 1909 ж. 78169 адам болды. Уезд 12 болысқа бөлінді. Уезде жылқы, ірі қара, қой өсірілді. 1897–1901 ж. П. унде қазақтар 4287 мың десятина жерде егіншілікпен шұғылданды. Ресейге тері, мата, май жөнелтіліп, ал ол жақтан металл бұйымдары, мануфактура өнімдері, т.б. әкелінді. Уезде сауда айналымы 7 млн. сом құрайтын ірі сауда жәрмеңкесі – Тайыншакөл жұмыс істеді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Ақмола обл-ның әкімш. құрылымы өзгеріп, П. у. Ақмола губ. құрамына енді.

А.Оразбаев

ПРӘЛІ Өтегілеуұлы (1810 ж. ш., қазіргі Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Қарак маңы – 1860, сонда) – би. Кіші жүздің шөмекей руынан. 1840 жылдан ел билігіне араласқан. Ол Жанқожа батырдың Сыр бойындағы Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы күресіне қолдау көрсеткен. Жанқожа батыр Қазалы портын алу мақсатында Бұхар хандығынан әскери көмек сұрау үшін П-ні жіберді. П. Қоқан және Хиуа хандықтарының қазақ ауылдарына өктемдік жасап, малдарын барымталау, адамдарын тұтқынға алып кету сияқты даулы мәселелерді шешуге араласып, орынсыз қантөгістерді болдырмауға ат салысқан. Ол туралы Базар жырау мен Т.Ізтілеуовтің жырларында айтылады.

Т.Дайрабай

ПРӘЛІ, П і р ғ а л и (т.-ө. ж. б.) – адайлар мен Маңғыстау түрікмендерінің ханы, сұлтан. Кіші жүз ханы Нұралының баласы. 1751–54 ж. Орынборда аманатта болды. 1773 ж. мың адамдық қолмен Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қарсы тұрды. П. әкесімен бірге Сырым Датұлы бастаған қозғалысқа да қарсы күресті. Ол көтерілісшілердің қолына түскен Орал казактарын босатуға қатысты. 1803 ж. Маңғыстау түбегін мекендейтін түрікмен рулары Ресей патшасының қол астына кірген соң, П. олардың және сондағы адайлардың ханы болып тағайындалды.

Әдеб.: Материалы по истории Казахской ССР (1785 – 1828 гг.), т. 4, М. – Л., 1940; Казахско-русские отношения в XVI – XVIII вв., А.-А., 1964; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

А.Оразбақов



РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ, Орыс мемлекетінің отарлық саясаты нәтижесінде құрылған. І Петр 1721 ж. Ресейді империя деп жариялады. 18–19 ғ-ларда Р. и-ның құрамына Балтық бойы, Украина, Белоруссия, Польшаның шығыс бөлігі, Бессарабия, Солт. Кавказ, Финляндия, Сыртқы Кавказ, Орта Азия аумақтары күшпен енгізілді. Р. и. 18 ғ-дың 2-ширегiнен бастап қазақ жерiн отарлауға кiрiстi (қ. *Қазақстанды Ресейдiң отарлауы*). 19 ғ-дың соңына қарай Р. и. жерiнiң аум. 22,4 млн. км², тұрғындары 1897 жылғы санақ бойынша 128,2 млн. (оның 43%-ы орыстар) болды. Р. и. 20 ғ-да 81 губ-дан және 20 обл-тан тұрды. Губ-лар мен обл-тардың бiрқатары ген.-губернаторлықтарға бiрiктiрiлдi. Бұхар және Хиуа хандықтары Р. и-ның васалдары болды. 1914 ж. Уранхай өлкесi Р. и-ның протекторатына айналды. Р. и. монархиялық мемл. болып, онда Романовтар әулетi билiк жүргiздi. Мемл. тiлi орыс тiлi, мемл. дiнi христиан дiнiнiң православия тармағы болды. Патша өкiметi Р. и-ндағы орыс емес халықтарды рухани тұрғыда отарлауға, шоқындыруға ерекше мән бердi (қ. *Орыстандыру саясаты*) Ақпан революциясы нәтижесiнде Р. и. құлап, орнына Кеңес өкiметi орнады.

М.Жолсейiтова

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТ МҰРАҒАТЫ, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеудегі Бас мұрағаты (1832–1920) мен Санкт-Петербургтегі Бас мұрағатының (1834–64) біріктірілуі негізінде 1946 ж. құрылған. 1992 жылға дейін Ресейдің Сыртқы саясат мұрағаты деп аталды. Онда 1917 жылға дейінгі Ресейдің сыртқы саясатына байланысты 600 мыңға жуық істі құрайтын құжаттар жинақталған. Бұл құжаттар негізінен Ресей империясы Сыртқы істер министрлігінің, шетелдердегі елшіліктер мен консулдықтардың қызметіне тікелей байланысты. Сыртқы істер министрлігінің Санкт-Пе-



тербургтегі Бас мұрағаты, Қырғыз-қайсақ ісі, Азия департаменті деп аталатын қорларда патшалық Ресейдің 17–19 ғ-ларда Қазақстанға, Түркістан өлкесіне қатысты ұстанған саясатына байланысты құжаттар көптеп кездеседі. Кіші, Орта және Ұлы жүз қазақтарының Ресей бодандығына өтуі мен қазақ жерінде жүргізілген орыс отаршылдығын зерттеуде бұл құжаттардың маңызы зор. Сондай-ақ мұрағат қорларында Есет Көтібарұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған ұлт-азаттық күреске қатысты құжаттар да бар. Сыртқы істер министрлігінің Орта Азия үстелі, Түрік үстелі, Константинопольдегі консулдығы деп аталатын қорларда 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ зиялыларының өзге түркі-мұсылман халықтары өкілдерімен азаттық қозғалыстағы байланыстары жайында мәліметтер кездеседі. Патша өкіметінің 1916 жылғы көтерілісті аяусыз басып-жаншуына байланысты Жетісудағы қазақ-қырғыздың Қытай жеріне босуы және ондағы ауыр жағдайы туралы құжаттар Сыртқы істер министрлігінің Қытай үстелі және Құлжа консулдығы қорларында жинақталған.

А.Махаева

РҮСТЕМ ТӨРЕ, Аспандияров (Әбілпейіззов) Рүстем, Тентектөре (т.-ө.ж.б.) – қазақ сұлтаны. 1821 ж. Қоқан хандығының езгісіне қарсы Түркістан, Әулиеата, Шымкент және Сайрам қ-ларының аумағын қамтыған көтеріліске жетекшілік етті. Р. т. Саржан сұлтанмен байланыс орнатып, ол бастаған азаттық күреске қолдау білдіретіндігін танытты. 1832 ж. Ұлы жүз қазақтары арасына көшіп келіп, Түрген өз. бойында бекініс салдырды. Осы жылы өзіне қарасты билермен бірге Құдайберді дуанбегі жіберген, 56 адамнан тұратын қоқандық зекетшілерді қырып салып, Қарқара жаққа өтіп кетті. Ш.Уәлихановтың көрсетуінше, ол Құлжа маңын қыстаған. 1846 ж. Кенесары Қасымұлының Жетісуға келуіне қолдау көрсеткенімен, оның қырғыздармен соғысына қарсы болды. 1847 ж. Ұлы жүз билері мен сұлтандарының қырғыз манаптарымен өзара достық қарым-қатынасы туралы шартына қол қойды. Р. т. 1851 ж. Үлкен Орда приставы қызметін атқарушы, капитан Гутковскийдің Тойшыбек бекінісіне жасаған әскери экспедицияға қарсы шықты. Оның баласы Абылай халықтың бас көтеруіне қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды.

А.Махаева

РЫСҚҰЛБЕКОВ Қайрат Ноғайбайұлы (13.3.1966, Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. Бірлік а. – 21.5.1988, Семей қ.) – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны, «Халық Қарманы» (9.12.1996). 1986 ж. Алматыдағы Сәулет-құрылыс ин-тына (қазіргі Сәулет-құрылыс академиясы) оқуға түсті. Осы жылы 16–18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы көтерілісіне белсене қатысты. Көтеріліс катігездікпен жаншылғаннан кейін 1987 жылдың қаңтарында тұтқындалды. 1987 ж. 16 маусымда өлім жазасына кесілді. Халықар.



Қ.Рысқұлбеков

қауымдастық КСРО басшылығына Р-тің жазасын жеңілдету туралы өтініш жолдады. Кейіннен Р-ке берілген жаза 20 жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылды. Бірақ оның өміріне Семей түрмесінде құпия жағдайда қастандық жасалды. Р. Қазақстан Республикасы Жоғ. Соты Пленумының 1992 жылғы 21 ақпандағы шешімімен толықтай ақталды. Алматы қ-ндағы бір көшеге Р. есімі берілген. Тараз қ-нда Р. есімімен аталатын демалыс бағы бар. Оның орт. алаңында Р-ке ескерткіш орнатылған.

РЫСҚҰЛОВ Тұрар (26.12.1894, Жетісу обл. Верный уезі, Шығыс Талғар бекінісі – 10.2.1938, Мәскеу қ.) – мемлекет қайраткері. Әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы 1904 ж. желтоқсанда халыққа тізесі батқан Саймасай Үшкөмпіров деген болысты атып өлтіреді. Әкесі он жылға сотталып, Сахалинге жер аударылған соң Р. «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен нағашыларының қолына келіп, Меркедегі орыс-түземдік бастауыш мектепте оқиды. 1916 ж. жазда қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс басталған кезде Р. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясындағы оқуын тастап, Әулиеата уезіндегі Мерке а-на келген кезде халық ашық бас көтеріп, қарулы қақтығыстар өрши бастаған болатын. Ол



Ақкөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетіне ұйымдық сипат беріп, саяси бағдар сілтеді. Меркедегі көтерілістің өршіген кезінде Р-ты патша әкімші. тұтқынға алды, бірақ оның іс-әрекетінен кінә таппай, босатып жіберуге мәжбүр болды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін көктемде Р. Меркеге оралып, онда «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрды. 1917–18 ж. Әулиеата уездік Совдепі аткомының төрағасы болды. 1918 ж. Түркістан Республикасы денсаулық сақтау халкомы, 1918–24 ж. Түркістан АКСР-і ОАК төрағасының орынбасары,



Т.Рысқұлов

РК(б)П Мұсылман бюросының төрағасы, Түркістан АКСР-і ОАК-нің төрағасы, 1926–37 ж. РКФСР ХКК-і төрағасының орынбасары болды. Р. өзінің Түркістандағы саяси қызметінде Түркі Коммунистік партиясын және Түркі республикасын құруды талап еткен жергілікті қызметкерлердің тобын басқарды. Қазақ өлкелік БК(б)П-ын басқарған Ф.Голощекиннің «Қазақстанда кіші Қазан төңкерісін жасау» идеясына ашық қарсы шықты. Кеңестік ұжымдастыру саясатының зардаптарын жою, Қазақстандағы ашаршылық апатынан халықты құтқару жайында И.Сталинге нақты ұсыныстар жасады. Осы қызметі арқылы ол Қазақстанға жаңа басшылықтың келуіне және ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсетуде үлкен ықпал етті. 1937 ж. 21 мамырда Р. «пантүрікшіл», «халық жауы» деген айыппен тұтқынға алынып, Мәскеу түрмесінде қайтыс болды. Р. КСРО Әскери алқасы Жоғ. Сотының шешімімен 1956 ж. 8 желтоқсанда ақталды. Қазіргі кезде Жамбыл обл-ның бір ауданына, Алматы қ-ндағы Басқару академиясына, бір көшеге Р. есімі берілген. Тараз қ-нда Р. есімімен аталатын демалыс бағы бар, оның орт. алаңына ескерткіші орнатылған.

Г.Бисенова, О.Қоңыратбаев

САБАТАЕВ Сатылған (24.5. 1874, Жетісу обл. Верный уезі, Үлкен Алматы болысы – 15.4.1921, Қарқаралы маңайы) – алаш қозғалысының қайраткері, жоғары білімді қазақ агрономы. Верный ерлер гимназиясын (1895), Мәскеудегі Шығыс тілдері ин-тын (1899), Мәскеу а. ш. ин-тын (1915) бітірген. Патша өкіметі құлаған соң С. алаш қозғалысына белсене араласты. 1917 ж. 5–13 желтоқстанда Орынбор қ-нда өткен 2-Жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланды. 1918 ж. қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қ-ндағы Жетісу обл. қазақтарының 2-съезіне қатысып, автономия, милиция құру



С.Сабатаев

жұмыстарымен айналысты. Верныйдағы алаш зиялылары мен казак-орыстардың іс-қимылынан қауіптенген большевиктер 1918 ж. 9 наурызда О.Әлжанов, Ы.Жайнақов және С. сияқты алаш басшыларын тұтқындады. 17 сәуірде С. түрмеден босатылып, Семейге кетті. Семейде земство, Алаш жұмыстарын атқарды. Семейде 1-Алаш әскери полкін жасақтауға белсене қатысты. Кеңес өкіметі орнаған соң ол Қарқаралы өңірінде өз мамандығы бойынша қызмет атқарды. 1921 ж. көктемде Ботақара деген жерден тұқым алып келуге бара жатқан С-ты ақтардың соңына түскен қызыл әскерлер жазықсыз атып кетті.

М.Әбдешев

САБИЛЬЯНОВ



САБИЛЬЯНОВ Нұртай Салихұлы (1.6.1962 ж.т., Семей обл. (қазіргі ШҚО) Аягөз ауд. Шыңқожа а.) – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде белсенділік көрсеткен азамат. Алматы халық ш. ин-ын экономист мамандығы (1988), Қазақ заң ун-ін құқықтанушы мамандығы бойынша (1999) бітірген. 1988–2004 ж. Алматы электртехникалық зауытында, «Сарыарқа» ЖАҚ-та, «Сарыарқа–Алуан» ЖШС-да лауазымды қызметтер атқарған. Аудитор (1994) және бағалы қағаздар нарығының маманы (1997). ҚР Аудиторлар



Н.Сабильянов

палатасының мүшесі (1994). 2004 жылдың қазан айында №25 сайлау округінен сайланған (ШҚО Аягөз, Жарма, Үржар ауд-дары) ҚР Парламенті Мәжілісі 3-ші шақырылымының, 2007 ж. «Нұр Отан» ХДП тізімі бойынша 4-ші шақырылымының депутаты, Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі. С. Кеңес өкіметінің солақай ұлт саясаты мен әкімшіл-әміршіл жүйесіне қарсы қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан. Ол туралы «Намыс найзағайы» (1996), «Нұртай» (2001), «Шапағат» (2004), т.б. сынды кітаптар жазылып, деректі фильмдер түсірілген. С. қайырымдылық істеріне белсене араласып, Шыңқожа а-ндағы Мәдениет үйін салдырған, Аягөз қ-дағы мешіт құрылысын қаржыландырған. «Құрмет» орденімен (2008) және медальдармен марапатталған. ШҚО Аягөз ауд-ның Құрметті азаматы.

Әдеб.: Қазақстан Республикасында кімнің кім екені, 2011 ж.: Екі томдық анықтамалық, А., 2011.

К.Қошым-Ноғай

САБЫТАЙ БАТЫР (т.-ө. ж. б.) – батыр. Кіші жүздің адай руынан шыққан. Кіші жүз қазақтарының «Сауран айналған» оқиғасы тұсында Ер Жәнібектің жоңғарларға қарсы қимылын белсене қолдады. Бұдан кейінгі ке-

зеңде Бұланты-Білеуті, Сарысу, Шорға, Қандысу, Аңырақай, Шар, Баянауыл, т.б. соғыстарға қатысқан. Әбілқайыр ханның сыртқы саясатын қолдады. Бірақ, 1740–50 ж. Қазақ хандығының Кіші жүздегі іргесіне Орынбор бекінісі салына бастағанда оған алаңдаушылықпен қарады. Қазақ жерлерінің тұтастығы жолында түрікмен жасақтарымен болған бірнеше шайқастарда қазақ қолына басшылық жасаған.

Ә.Хасенов

САДАҚ – жебе атуға арналған қол қаруы. С-ты тас дәуірінен 20 ғ-ға дейін дүние жүзінің барлық халықтары пайдаланған. Ерте кезде аң аулауда, кейін соғыс ісінде қолданылған. Қарапайым С-ты тобылғы, үйеңкі, т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Күрделі С-тың сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапалады, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады. Күрделі садақты ежелгі Шығыста, оның ішінде



Садақ

сақтар, кейінірек ғұндар мен Орт. Азия халықтары көп қолданған. Қазақ садағы көшпелілер садағының жетілдірілген жалғасы болып саналады. Ауыз әдебиетінде С-тардың қолданылған материалдарына қарай «қайың С.», «қарағай С.», «үйеңкі С.» деген атаулары кездеседі. Қайыңның қабығымен қапталған, сарғайған түсіне байланысты «сарыжа», «сарсадақ» деген атаулары да бар.

Қ.Ахметжан



САДАҚШЫ – садақпен қаруланған жауынгер. Көшпелілердің соғыс тактикасында алыстан атқысу маңызды рөл атқарғандықтан, С-лар әскердің маңызды бөлігі болып саналды. С-лардың ішінен арнаулы «мергендер



Садақшы

тобы» құрылған. Олар қолбасшының бұйрығымен айқас кезінде жау мергендерін, әскербасыларын, күшті батырларын, т.б. жойып отырған. Кенесары әскерінде асқан мергендерден құрылған ерекше әскери қол болып, оның басшысы «мергенбасы» деп аталған. С-лар көне заманнан 19 ғ-ға дейін қолданыста болды.

Қ.Ахметжан

САЙДАҚ, Са й да қ қо жа (т.-ө.ж.б.) – Кенесары Қасымұлының жақын көмекшілерінің бірі. Самарқанд пен Бұхарада діни білім алған. Елшілік келісімдерде және хандықты басқаруда ол Кенесарының ең сенімді көмекшісіне айналып, хан кеңесінің құрамына кірді. Патша үкіметі тұтқынға алғаннан кейін ол туралы жазылған құжаттарда былай делінеді: «Османов өзінің ақылымен, сөзге шешендігімен ерекшеленеді. Кенесарының басты көмекшілерінің бірі, оны көп

жағдайда зекет жинауға және ордалықтарды Кенесары жағына тартуға пайдаланды. Қолға түскен кезде одан әр түрлі бұйрықтар мен ордалықтарға арналған үндеулер табылды».

САМАРҚАН КӨТЕРІЛІСІ – патшалық Ресейдің саясатына қарсы Самарқанд қ-нда болған көтеріліс. Түркістан ген.-губернаторлығы құрылғаннан соң өлке ген.-губернаторы К.Кауфманның басшылығымен орыс әскерлері Бұхар әмірлігіне қарасты жерлерді жаулауға кірісті. 1868 ж. 2 мамырда Самарқанд қ. шайқассыз орыс әскерлерінің қолына өтті. Бұл хабар өлке халқы арасында тез тарап, Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарының қасиетті орны саналатын Самарқандты орыстардан азат етуге деген наразылық күшейе түсті. Самарқанд төңірегінде жергілікті халықтан жасақтар құрылды. Нұратада Сыздық сұлтан бастаған 2000 қазақ жігіттерінен құрылған жасақ та Самарқандты азат етуге қатысатындықтарын білдірді. Кауфман Самарқандта 650 адамнан тұратын гарнизонды қалдырып, қалған әскерімен халық жасақтарына тойтарыс беруге аттанды. Осындай сәтте, 21 мамыр күні Самарқанд тұрғындары көтеріліске шығып, орыс гарнизоны әлсіз қаруланған көтерілісшілерден қаладағы қамалға тығылып аман қалды. Губернатор көтерілістің басталғанын естісімен Самарқандқа оралып, оларды аяусыз жазалады. Бұл көтеріліс Түркістан халқының азаттық күресінің онан әрі өрістеуіне ықпал етті.

М.Жолсейітова

САПАР Мәтенқызы («Көрінбес») (1753 – ө.ж.б.) – 1775–76 ж. патша үкіметіне қарсы күрес ұйымдастырушы қазақ қызы. Ұлы Қобда бойын жайлаған табын руынан. Аңыздарға қарағанда ол тылсым бір күш иесі болғандықтан, осы қасиеті үшін ел «Көрінбес», «Көктемір» атаған. С. қазақ даласында Е.Пугачев бастаған көтеріліс басылғаннан кейін бір жылдай уақыттан соң, 1775 жылдың күзінде халықты қайтадан патшаға қарсы күресуге шақырып, қозғалыс бастаған. Ел арасында оның қолдаушылары көбейген, жұрт оны әулие тұтып, соңына ерген. С-дың қол астына 1500-ге дейін жасақ жиналған. Оны Досалы сұлтан және оның ұлы Сейдалы қатты қолдаған. Жұмбақ жанның әрекеттері Орынбор әкімш-н біраз алаңдатады. Ол туралы губернаторға «Көрінбеспен» жеке жолыққан Мәметей Нұрымбе-

САРБАЗ



тов деген башкұрт, қазақ арасында ұзақ жыл тұтқын болған қалмақ және Нұралы ханның өзі де хаттарында баяндаған. Губернатор «Көрінбес» туралы көптеген әңгімелердің анық-қанықтығын білу үшін 1776 ж. наурыз айының басында арнайы тыңшыларын жібереді. Саудагер кейпіндегі Ғұбайдолла Адгамов пен Райымқұл Ыбраев есімді екі татар қызметкері сол тұста 2000 үймен Қобданың жоғ. жағын мекендеген, ел әулие тұ-



Сапар Мәтенқызы

тып жүрген 22 жасар С-мен кездесіп, ол жайлы баянхаттарында жазған. Өлкеде бір жылға жуық уақыт болған толқу 1776 жылдың жазында тоқтайды. Оны қолдаған Досалы, Сейдалы сұлтандар үкіметтің жазалауынан сескеніп, кейін оны жақтаудан бас тартады. Тағы бір үлкен себебі, С. патша тағына Пугачевтің келетініне елді сендіріп келгенімен, оның орындалмауы халықтың көтеріліске деген ынтасының азаюына әсер етеді. Нұралы ханның жазалау әрекеттері де қозғалыстың тарауына әкеп соқты. Сол жылы жазда С. ауылдары Қобдadan Қиыл өз-нің бойына көшеді. Оның одан кейінгі тағдыры туралы дерек жоқ.

Әдеб.: Рязанов А.Ф., Отголоски Пугачевских восстаний на Урале, в Киргиз-Кайсацкой Малой Орде и в Поволжье, Труды общества изучения Казахстана. Т. 6. Оренбург, 1925; Бекмаханова Н.Е. Легенда о Невидимке, А.-А., 1968.

Н.Жемісбай

САРБАЗ (парс. сәр – бас, басшы; «баз» жұрнағы қосылып басшыға еруші деген мағына береді) – қатардағы әскер, жасақты қол. Ерекше жағдайда (жорыққа шыққан, жау шапқан жағдайда) жасақталған қалың қолды. С. деп атаған. С-дар ондықтарға, жүздіктерге, мындықтарға бөлініп, оларды онбасы, жүзбасы, мыңбасы басқарған, жалпы әскерді сардар басқарған. Мыс., 1916 ж. Торғай қазақтарының патша өкіметіне қарсы көтерілісіне қатысушыларды С-дар деп атаған. **САРЖАЛА** батыр (т-ө.ж.б) – Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан батыр, би. С. Нұралы ханның озбырлығы мен орыс-қазақ әскерлерінің қазақ ауылдарына жасаған шабуылдарына тойтарыс беріп отырған. 1774 жылдарда қалмақтар Еділ-Жайық өз-дері аралығынан көшкен кезде оларға қарсы жасақтар дайындап, соғысқан. Сырым батыр көтеріліске шыққан жылдары С. да өз алдына қозғалыс бастап, орыс-қазақ бекіністерін шабуылдап жүрген. 1777–78 ж. С. Елек қорғаны маңында казактардың бес жүзден астам ірі қара малын тартып алып, бірнеше әскерін қолға түсіреді. 1794 ж. Сағак би, С-ға қарайтын Кіші жүз руларының сарбаздары екі бидің бастауымен С.Датұлының көтерілісіне келіп қосылған. С. туралы тарихшы М.Вяткин «Сырым батыр» деген еңбегінде жазып, Сырыммен үзеңгілес жүріп қол бастаған батыр деп сипаттаған.

Әдеб.: Ғабдуллин Ә., Саржала батыр, Халық кенесі, 7 сәуір 1995; Мұқтар Ә., Азаттық таңы жолында, А., 2001; Вяткин М., Батыр Срым, А., 1998; Ерболатқызы Н., Саржала батыр хақында, Қазақ әдебиеті, 13 желтоқсан 2013.

С.Мәшімбаев

САРЖАН СҰЛТАННЫҢ КӨТЕРІЛІСІ (1825–36) – Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. Хандық биліктің жойылуына байланысты окр. және шекаралық ресейлік басқару мекемелері ашылып, әскери бекіністер салына бастады. Көтерілістің шығуына Солт. Қазақстандағы суы мен жайылымы мол Есіл өзінің бойындағы жерлердің орыс-қазақ шаруаларына берілуі және алым-салықтың өсуі себеп болды. Саржанның Қытайдағы Цинь өкіметімен қарым-қатынас орнату әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Ол інісі Есенгелдімен бірге қазақ ауылдарында халықты ашық бас көтеруге үгіттеп, 1825 ж. Қарқара-



лы окр-не қарасты Қарпық болыстығы қазақтарының көтеріліске шығуына ұйытқы болды. Қарулы жасақтар Саржан сұлтанның басшылығымен окр. приказдарға, керуен жолдарына тұтқиылдан шабуыл жасап, жергілікті билік орындарын әбігерге түсірді. Жасақтар қатарында Саржанның інісі Кенесары да болды. 1826 ж. 31 қаңтарда Батыс Сібір ген.-губернаторы П.Капцевичтің бұйрығына сәйкес жіберілген 200 казактан жасақталған жазалаушы жасақпен Саржан бастаған көтерілісшілер арасында шайқас болып, көтерілісшілер жеңіліс тапты. Бірқатар көтерілісшілер тұтқынға түсті. Қудалаудан құтылу үшін Саржан өз қол астындағы көптеген ауылдармен Орынбор шебіне қарай көшіп, Кіші жүз қазақтарын өз жағына тарту бағытында жұмыстар жүргізді. Соған орай Орынбор ген.-губернаторы Саржан сұлтанды Кіші жүздегі «барлық мазасыздыққа басты кінәлі» деп бағалап, оның мұндай әрекетіне тосқауыл қоюға әрекеттенді. Бұған қарамастан көтерілісшілер қатарына Кіші жүз қазақтарымен қоса қашқын орыс, татар, башқұрттар да қосылды. Саржан Қоқан, Хиуа хандықтарымен және Бұхар әмірлігімен байланыс орнатты. Саржан жасақтары барған сайын жаңа көтерілісшілермен толығып отырды. Оның жасақтарының бірін басқарған сұлтан Абылай Ғаббасов Қарқаралы окр-не жорықтар ұйымдастырды. Көкшетау окр-нде сұлтан Сартай Шыңғысов Саржанға қолдау білдіретіндігін танытып, ондағы халық көтерілісіне басшылық жасады. Отаршылдық әкімш-ке жағымпаздануымен ерекшеленген Қарқаралы окр-нің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов Саржан бастаған көтерілісшілердің талқандалуына ынталылық танытып, патша әскеріне көмектесті. Саржан 1832 ж. Қоқан хандығының Ташкент құсбегімен патша өкіметіне қарсы бірлесе күресу жөнінде келісім жасап, Ұлытауға, Сарысу өз. бойына келіп қоныстанды. Қоқандықтардың қолдауымен бірнеше рет Орта жүз жеріне жорық жасады. Ол Ташкент құсбегіне бағынышты Ұлы жүз қазақтарын да өз жағына тартуға тырысты. Бұл өз кезегінде Саржанның қоқандықтармен жанжалына негіз болды. Ташкент құсбегі 1836 ж. жазда Саржанды және оның інілері Ержан мен Есенгелдіні, сондай-ақ оны қолдаған бірқатар белгілі батырларды Ташкентке алдап шақырып, зұлымдықпен өлтіртті. Саржан-

ның өлімінен кейін Ресейдің отарлық саясатына қарсы күрес оның інісі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне ұласты.

А.Махаева

САРҚАНТ КӨТЕРІЛІСІ – кеңес үкіметінің озбырлығына қарсы бас көтеру. Алматы окр. Бүйен Ақсу ауд-ндағы және оған көрші аудандардағы ірі елді мекендерді қамтыған бұл көтеріліске Ф.Голощекин өзінің 1930 ж. БК(б) П басшылығына жазған хатында «Сарқант көтерілісі» деп анықтама беріп, оның басталған күнін «28 наурыз» деп көрсеткен. Бірақ ОГПУ деректері даярлықтың 1930 жылдың ақпан айында-ақ басталғанынан хабардар етеді. Күштеп ұжымдастыру және байқулақтарды жою тәрізді зорлық-зомбылықтардан мезі болған халық Бүйен Ақсу ауд-ның №3 ауылында жиналыс өткізіп, алда не істеу керектігін талқылаған. Бөрте руынан шыққан Қылиев Бисетбайды өз ортасынан басшы етіп сайлаған. Жиналысқа қатысқан 100-ге тарта адам Балқаш к. бойындағы «Ақ-жол» құмына барып тығылып, үкімет талаптарын орындаудан бас тарту туралы шешімге келген. Көтерілісшілер наразылықты басқаратын жетекшілер құрамын да белгіледі. Оған Қылиевтан басқа Жиенбаев Егеубек, Байболов Хайролла, Қылиев Қалдыбай кірді. Бірақ алғашқы кезеңде көтерілісшілер ешқандай ашық қимылға бармай, құм арасында бұғып жатты. Мұның себебін ОГПУ құжаттары олардың Қытайдағы қазақтардан көмек күтуінен деп түсіндіреді. Шындығында, көтерілісшілер өз қатарларын көбейте түсуді көздеген. Наурыз айында көтерілісшілер саны 500-дей адамға жетті. Енді олар алдағы әрекеттеріне нақты басшылық жасайтын ақсақалдар кеңесін сайлады. Оның құрамына бөрте руынан Қылиев, тастемірден Сарбасов Арнай, байғазыдан Омаров Әбдірәйім, өтебайдан Жиенбаев және Шатырбаев Ғали, ақтілестен Қажембаев Оспан, дуаннан Байболов Х., төртсарыдан Елеусізов Құрманғали, әлшеннен Дулатов Мұқай кірді. Көтеріліске қатысушылар өздерінің алдарына мынадай мақсаттар қойды: астық дайындауға және тұқымдық қор жинауға тыйым салу, шолақ белсенділерді, яғни комсомолдар мен партия қызметкерлерін құлатып, оның орнына қазақ хандығын құру. Көтерілісшілердің белсенді әрекеттері 25 наурызда Қылиевтың №3 ауылдық кеңеске 50



адамнан тұратын салт аттылар отрядын жіберіп, ондағы өздерінің отбасыларын және халықты Ақжол құмына көшіріп алмақ болған әрекетінен басталған. №3 ауылға көрші №1,4,6,12,13 ауылдардан барлығы 600–700-дей адам жиналып, ақылдаса келе, аудан орт-н және жақын мандағы елді мекендерді басып алу қажет деп шешті. Осы мақсатпен көтерілісшілер жеке отрядтарға бөлінді. Арасан а-н басып алу Қарабаевқа, Қызылағаш елді мекенін бағындыру Рамазан Әлеулинге, Ақсу а-на басып кіру Қылиев Қалдыбайға, Абакумовка а-н жаулап алу Бүркітбек, Қапал а-н алу Жапаров Оспан басқарған отрядтарға тапсырылды. Шолақ белсенділерге ызалы №3 ауылға жиналған жұрт осында астық даярлауға байланысты сапармен жүрген уәкіл Нұрғалиевты және ауылдық кеңес төрағасы Салғамбаевты соққыға жықты. Жалпы саны 300-дей адамға жеткен Қылиевтың соңынан ілескен көтерілісшілер 27 наурызда Ақсу а-на басып кірді. 23 кеңес, партия, комсомол қызметкерін қолға түсірді. Ауд. партия к-тінің хатшысы Ибрагимов, ауд. қаржы бөлімінің бастығы (басқа деректерде басқарма төрағасы) Тарасов сол жерде өлтірілді. Ал ауд. атқару к-тінің төрағасы Баксин алғаш тұтқындалып, кейіннен туыстарының көмегімен эзер босатылды. 27 наурызда кешке қарай Ақсудағы көтерілісшілерді талқандау үшін ОГПУ-дің 25 адамдық жазалаушы отряды жолға шықты. Бұдан хабардар болған көтерілісшілердің басшылары халық сотының қызмекері Бегішов Зарипке Ақсуға бет алған қызыл әскерлерге арнап үндеу жаздырып, онда оларға: «Біздер қан төкпейміз, қаруларыңызды тастаңыздар!» деп, берілу туралы ұсыныс жасады. Төменгі жағына Баксин, тұтқындалған халық соты Шымырбеков қол қойған осы үндеуді Бегішев қызыл әскерлерге тапсырды. Бірақ олар тындауға құлықсыз болды. Осы мезгілде көтерілісшілердің тағы бір тобы Арасан а-на басып кірді. Мұнда астық даярлау науқанына жіберілген уәкіл Шекпенев қарусыздандырылды. Ауыл халқының жиналысы болды. Онда сөйлеген көтеріліс басшыларының бірі Қали Мәмбетов сөзі бұл жиналыстың сипатынан біраз хабардар етеді. «Кеңес үкіметі, – деді ол, – елдің бәрін қайыршылыққа, аштыққа алып келді. Халықты құртып жіберуге айналды. Бүкіл Түркістан көтерілді. Айналаның бәрін дерлік көтерілісшілер басып алды. Ауыл аза-

маттары біздермен бірге Кенесті құлатуға аттануы тиіс!». Осылайша үгіттеп, өздеріне 40-қа тарта адамды қосып алған көтерілісшілердің Әділбеков Қожақмет басқарған бір тобы осы жерден Қапал ст-на аттанды. Олар Қапалға ұрыссыз енді. Көтерілістің басталғанын естіген елді мекендердің бәрінде дерлік жергілікті өкімет адамдарына қысым жасау, тұқымдық қорға арналған астықты тартып алу, кооп. мекемелерін тонау тәрізді әрекеттер жаппай көрініс бере бастады. Мыс., №8 ауылдағы ағайынды Қапалбаев Оразбек және Қайырбек бастаған шаруалар астық даярлау науқанына осында келген уәкіл Сәбденбеков Қарабек дегенді сабап, азаптады. Баласаз деген жерде халық тұқымдық қорды өзара бөлісіп алады. Онбұлақ елді мекеніндегі уәкіл Балдақбаев көтерілісшілердің ауыр соққысынан қайтыс болады. №15 ауылдың тұрғындары ҚазОАК-нің мүшесі Боланов Қабылбекті тұтқындап, наурыздың 27-сінен 28-іне қараған түні оны Шолақсай деген жерге алып келіп, азаптап өлтіреді. Сәуірдің басында көтеріліс Қызылағаш, Ақешкі елді мекендері төңірегіне кең таралды. Жазалаушылар да жедел қамданды. Сөйтіп, көтерілісшілер көздеген шараларды жүзеге асыртпай тастайды. Мыс., Қылиев бастап Ақсу а-на кірген көтерілісшілер осында көтерілісті басқару орт-н құрып, 1 сәуірде өз орталарынан хан сайламақ еді. Бірақ қызыл әскерлер отрядының белсенді шабуылынан кейін көтерілісшілер 29 наурызда Ақсуды тастап қашты. Қылиев бастаған көтерілісшілердің аман қалған бөлігі тағы да Ақжал құмына барып бассауғалауға мәжбүр болды. Арасан а. арқылы Қапалға кірген көтерілісшілер тобы да келесі күні-ақ сәтсіздікке ұшырады. Қапалға шабуылдаған ОГПУ мен шекара әскерлерін аспаннан оқ жаудырған ұшақ қолдады. Мұндай қуатты соққыны күтпеген көтерілісшілердің біразы Медетбеков Мұқаш және Ахметов Мүфтихан деген адамдардың басшылығымен тау арасына барып жасырынды. Қызылағаш а. түбінде де осы қасірет қайталанды. 27 наурыздан бастап көтерілісшілер қызыл әскерлердің Ақсуға жақындап бара жатқан 13 адамдық отрядын 4 күн бойы қоршауға алған кезде жазалаушыларға қосымша қызыл әскер отряды және ұшақ келіп жетті. Қанды қырғыннан аман қалған көтерілісшілер тағы да тауды паналады. Көтерілісшілердің жекелеген топтары мен жа-



залаушы отрядтар арасында бұлардан да басқа бірнеше қақтығыстар болды. Аса ауыр, 7 сағатқа созылған жанкешті ұрыс Түгелбаев пен Елеусізов басқарған көтерілісшілер тобы мен қызыл әскер отрядтары арасында 4 сәуірде болды. Жалпы саны 200-дей адамнан тұратын көтерілісшілер бұл ұрыста 68 адамынан айырылды. Баласаз, Ащыбұлақ, Бүйен елді мекендері арқылы шығысқа бет алған елдің ендігі басты мақсаты шекараны бұзып, Қытайға асып кету еді. Бірақ Сарытау шатқалында оларды қызыл әскерлер тоқтатты. Осы шайқаста көтерілісшілерден 517 адам тұтқындалды. Олардың 108-і кейін тергеу кезінде босатылды. Соңғы шайқастардың бірі 1930 жылдың 11 сәуірінде Қылиев басқаратын топ пен қызыл әскерлер арасында болды. Бұл шайқаста көтерілісшілер 12 адамынан айырылып, бірталай адам жараланып, біразы тағы да бас сауғалап қашып құтылды. С.к-ндегі жалпы шығын туралы Қапалдан Қазақстан ПП ОГПУ-інің бастығы Даниловскийдің өз атына жіберілген құпия мәліметте мынадай сөздер бар: «Бүйен Ақсу ауданындағы Қызылағаштағы, Ақешкідегі, Сарқант ауданындағы, Сарқанттағы, Қапалдағы, Арасандағы жалпы саны 1500-ге жететін бандалар жойылды. Операцияны өткізу кезінде бандиттер жағынан өлгендер саны 161 адам». Дегенмен бұл тек 7 сәуірге дейінгі мәлімет қана. Көтерілісшілердің ішінара шығынға ұшырауы мамыр айына дейін созылды. Мыс., 27 сәуірде Үшкөл ауд. маңында жазалаушылар Қылиев тобының қалдығынан тағы да 8 адамды атып өлтірді. Ал көтеріліс басшысы Қылиевтің өзі және оның 14 серігі 7 мамырда аңдаусызда қолға түсті. Осылайша сталиндік күшпен ұжымдастыруға қарсылық жасаған қазақ шаруаларының ең ірі көтерілістерінің бірі қайғылы аяқталды. Сарқант көтерілісі де үкімет және ОГПУ тарапынан қатал жазаланды. Мемл. қауіпсіздік органының мұрағатындағы қорытынды мәлімет бойынша көтерілісшілерден қайтыс болғандар бар болғаны 68 адам деп, шығын тым азайтылып көрсетілген. Нақты ресми құжаттар қайтыс болғандардың 161 адамнан кем еместігін дәлелдеп отыр. Қазақстан ПП ОГПУ-інің Ерекше Үштігінің шешімімен тек 1930–33 ж. аралығында ғана тұтқындалғандардан 108 адам ату жазасына кесілсе, еңбекпен түзету лагерьлеріне 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 225 адам жіберілді. Қазақстанның

өз ішіне 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге 28 адам жер аударылды. 3 жылғы шартты мерзімге 5 адам сотталды. Алдын ала тұтқындалу мерзімі есебінен 20 адам босатылды. 10 адамға іздестіру жарияланды. 1 адамның ісі қайта тексеруге жіберілді.

Әдеб.: Омарбеков Т., 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті, көмекші оқу құралы, А., Санат, 1997; Омарбеков Т., Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық), А., Санат, 1994.

Ж.Боранбай

САРШОҚЫ (САРЫШОҚЫ) ОҚИҒАСЫ, 1931 ж. болған. Бұрынғы Семей губ. Қызылтас ауд-ндағы Алақ көтерілісі барысында зорлық-зомбылықпен үдере көшкен үлкен бір топ Нарын өз. бойындағы Саршоқы арқылы Қытайға өтуге әрекеттенеді. Екі таудың аралығындағы шатқалда түнеп жатқан босқындарды қызыл әскерлер пулемет оғының астына алып, судан өтпекші болғандарды да қырып салады. Маңындағы ел ол аранны «көп сүйек» деп атап кеткен. Осы оқиға жазушы А.Жүнісовтың «Нарынның суы қызарды» повесінде әсерлі баяндалған.

«**САРЫАРҚА**» – газет. 1917–18 ж. Семей-нда шыққан. Газетте негізінен алаш қайраткерлерінің (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Ғаббасов, т.б.) мақалалары жарияланды. «Алаш» партиясының органы ретінде сол кездегі саяси-қоғамдық мәселелерді көтерді.

Б.Жақып

«**САРЫАРҚА САМАЛЫ**» – газет, 1917 жылдың маусым айынан 1919 жылдың мамыр айына дейін Семейде аптасына бір-екі рет шығып тұрған. Оны Кеңес дәуірінде ұлтшыл алашордашылардың орт. газеті деп бағалаған. Шындығында ұлтжанды алашорданың ғана газеті емес, жалпы арқа өңірінің сөзін сөйлеген газет ретінде бой көрсеткен.

Б.Жақып

САРЫСУ – СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ – Жамбыл обл. Сарысу ауд. мен Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд-нда Кеңес өкіметінің 1930 жылғы асыра сілтеушілік саяси және экон. шараларына қарсы көтерілген халық қозғалысы. 1928 ж. күзде Сарысу ауд-ның бір топ ауқатты адамдары тәркіленді. Науқан соңына қарай, тәркілеуге қарсылық ұйымдастырмақ болды деген желеумен 1928–29 ж. Дінмұхамед Әділов, Ағабек Байдуллаев, Асқар, Әбубәкір, Жолдасбай, Әбуәлі Әділовтер, Нұрлан Кәрібаев, Әкпар Ыбыраев, Мұ-



хамедия Арғынбаев, Артықбай Әлин, т.б. ел ішінде белгілі азаматтар (барлығы 16 адам) ОГПУ тарапынан ұсталды, ал Байсейіт Әділов оққа ұшты. Оларға Кеңес өкіметінің өкілін өлтіруге қатысқан, үкіметтің іс-шараларына бұрыннан кедергі келтіріп келе жатқан және т.б. жала жабылып, әуелі Қызылорда, Алматы түрмелеріне, одан Мәскеудің Бутырқасына қамалып, сол жақта әйгілі «үштік» шешімімен сотталды. Ал ел ішінде ірі байларды тәркілеу соңы орташа дәулеттілердің мал-мүлкін сыпырып алуға ұласты. Салық ауыртпалығын сезінбеген шаңырақ қалмады. Шолақ белсенділік үдеді. Осы жайттар ел тұрмысын қиындатып, билік шарасына наразылық сезімін күшейтті. БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің 1-хатшысы Ф.Голощекин 1930 ж. наурызда И.Сталинге жолдаған құпия ақпарат-хатында Сарысу ауд-мен іргелес жатқан Созақ ауд-ндағы (екеуі де Сырдария окр-нде) наразылықты ірі бұқаралық қарулы көтеріліс ретінде бағалап, жазалаушылармен (коммунистік жасақтар) шайқаста 400-ден аса көтерілісшінің өлгенін хабарлайды. 200-ге тарта адам тұтқынға алған жазалаушылар іс жүзінде қарусыз, кеңес өкіметінің бұрмалауларына өкпелі бейбіт халықты қырып тастаған. Осы шығыны мол көтерілістің басты ошағы – тама руының ауылдары орналасқан Сарысу ауд. болды. Кентаралда нашар қаруланған 200 адамнан тұратын өзін-өзі қорғау отряды ұйымдастырылды, Сарысу ауд-н қорғауды күшейту, сонымен бірге шешуші Созақ операциясын өткізу шаралары қолға алынды. Созақ операциясын аяқтаған жазалаушылар Сарысу, Талас ауд-дарына екі-екіден коммунистік отряд жіберіп, көтерілісшілерді іздестірді. Сарысулық «банда» алғашқы қақтығыстақ талқандалып, жетекшілері қолға түсірілді. «Сарысу ханы Серік» пен Сарысу көтерілісін ұйымдастырған Жантірешманов, Сараев атып тасталды. Жүздеген адам түрмеге қамалды. Көтеріліс соңы ашаршылыққа ұласты. Ұзамай Кентаралда тұратындар босып кетіп, ауыл қаңырап босап қалды, ал аудан орт. Саудакеңетке көшірілді. Соған қарағанда, мұндағы тікелей және табан астында қатал жазалау шараларының пәрменді де кең көлемде жүргізілгені аңғарылады. С.-С. к. ресми басылды деп жарияланғаннан кейін, оған қатысты деген желеумен жүздеген жазық-

сыз жанды ОГПУ-дің әйгілі «үштіктері» түрлі мерзімге абақтыға жауып, жер аударды. *Әдеб.*: Омарбеков Т., Зобалаң, А., Санат, 1994; Аяған Б., Красные и черные, А., 2005.

Б.Қойшыбаев

САРЫСУ УЕЗІ – 1868 ж. Патша үкіметінің «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторларының далалық облыстарын басқару туралы уақытша ережесіне» сәйкес құрылған Ақмола обл-ның құрамындағы әкімш. аумақтық бөлік. С. у. 1878 жылдан Атбасар уезі болып аталды.

САТТЫҚ Тайұлы (1785–1880 ж.ш.) – би, 1822–26 ж. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліске қатысушы, 1869 жылғы Батыс Қазақстандағы көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Елек пен оның саласы Табынтал өз-дерінің бойын қоныстанған жылқышы руының табын атасынан тарайды. 1823 ж. 13 маусым күні Шыңғырлау өз-нің бойында қазақ даласына жіберілген полк. Милорадовичтің отрядына шабуыл жасаушылардың қатарында болды. Сол жылдың қараша айында Орынбор Шекара комиссиясы Жоламан, Жаналы, Құттыбас, Жанғұты, т.б. адамдармен бірге С-қа орыс шебіне қарсы әрекеттерін тоқтату туралы жарлық шығарған. 1826 ж. С. 600 адамдық жасағын басқарып, орыс шебіне қауіп төндірген. Көтерілісшілердің осы тобын жазалауға маусым айының соңында әскери старшина Меркульев бастаған 400 казак әскері мен Шыңғали Орманұлы сұлтанның 2000 адамдық жасағы шығарылды. Бұл жасақ Бала Қобда бойындағы Апта деп аталатын таулы-қыратты жерде бекінген С. тобына жақын келіп, Шыңғали сұлтан оларға өз райларынан қайтуды сұрап елші жіберген. Көтерілісшілер бұған көнбей атысып, екі жақтан бірнеше адам шығын болады. Кейін көтерілісшілер таудан түсіп, жақын маңдағы ауылдарға өтіп жасырынған, қалғандары жан-жаққа тарайды. 1841 ж. С. Хиуа мен Бұхараға сапар шеккен орыс елшілігіне қызмет көрсеткені үшін ақшамен марапатталған. 1850 ж. орыс үкіметі құрастырған белгілі билер тізіміне енгізілген. Орыс үкіметі С-ты ел ішінде беделді адам ретінде пайдалануға тырысты. С. 1869 жылғы көтерілісті негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Сол жылдың қаңтар айында өткен Бескопа бойындағы кеңестен соң, ишан Ықылас Досұлының үндеуін елге та-



ратумен айналысқан. Көтерілістің негізгі көсемдерінің бірі С-тың күйеу баласы Қаналы Арыстанұлы еді. Көтеріліс кезінде С. 600 адамдық жасақты басқарған. Бұл жасак Орынбордан Жем бойына қарай шығарылған подполк. Новокрещенов бастаған әскерге Айжарық Бекбауұлы, Мұңайтпас және Ермақұлдарымен бірге шабуыл жасауы қажет еді. Алайда, 18 наурыз күні шабуылға С. белгісіз бір себептермен кешіккен. Кейін шайқастың нәтижесін естіген соң қарсылықты тоқтатып, Новокрещеновқа келіссөз жүргізу үшін адам жіберген. Құмсай-Бестамак бойындағы сәтсіз шабуылдан оңт-ке көшкен ел-жұртпен бірге С. та ауыл-аймағымен Жем бойына, одан ары Үстірт, Сам-Матай құмдарына, 1869 жылдың күзіне қарай Хиуа өңіріне көшеді. Хиуа ханы басқа көтеріліс жетекшілерімен бірге С-ты да жақсы қарсы алып, оған аталық (саркердан-мыңбасы) атағын, сыйлыққа күміс қынапты қылыш және 100 алтын тіллә ақша сыйлаған. Қоңырат маңында қыстап шыққан С. ауылы өз атамекендеріне қайтуды ойлайды. 1870 жылдың көктеміне қарай жайлауға қошу желеуімен ол хиуалықтарға білдірмей, 450-ге тарта үйден тұратын ауылдарын Хиуа иеліктерінен шығарып жіберіп, артынан өзі де ұлы Кенесарымен бірге қашып шығады. Қайтар жолда С. Ақтөбе гарнизонының бастығы граф Борхқа жолығып, Елек-Табынтал өз бойында көшіп-қонуға рұқсат алады. 1870 ж. көктем және жаз айларында С., оның ұлдары Кенесары мен Шарға көтеріліске байланысты тергеу комиссиясының құзырына өз еріктерімен келіп, Орынбор, Орал қ-ларында тергеуге жауап берген.

Дер.: КР ОММ, 4-қор, 1-т., 2512-іс; ООММ, 6-қор, 10-т., 3321, 8239, 8320, 15-т., 1290 істер.

Н.Жетнісбай

САТЫБАЛДЫ батыр (т.-ө.ж.б.) – азаттық үшін күрескен батыр. Кіші жүз алшын тайпасының шекті руынан шыққан. С. қазіргі Қызылорда обл-ның Арал-Қазалы өңірінде 19 ғ-дың 1-жартысында өмір сүрген. С. батыр атақты Кенесары ханның Ресей империясының отаршылығына қарсы көтерілісіне қатысып, әйгілі Созақ, Сауран шайқастарында Жанқожа батыр бастап келген ішінде Абырақ, Мухаррам, Дақай Пышак батырлар бар 600-дей сарбаздармен бірге ерлік көрсеткен. Созақ, Сауран шайқастарынан кейін С. батырдың есімі еш жерде кездеспейді.

Әдеб.: Дайрабай Т., Тоғанас батыр, А., Береке, 1992; Нұрмаханов Н., Жанқожа жайлы тарихи жырлар, Сыр бойы. №3-4, 5.01.2008.

Б.Ахметбек

САТЫБЕКОВ Нұқа (1873, Алматы обл. Жамбыл ауд. – 1958, сонда) – 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы шыққаннан кейін Батыс Қастек болысында С. бастаған халық толқуларын ұйымдастырушылар көпшілікті қарулы көтеріліске жұмылдыру жайын ойластырды. С. Жайылмыс болысындағы көтерілісшілердің басшысы Бекболат Әшекеевпен бірге 1916 ж. 4 тамызда Пешков басқарған жазалаушы отрядқа тойтарыс бергенімен, екінші қақтығыста оның сарбаздары жеңіледі. 1916 ж. 1 желтоқсанда басталған тергеу 1917 жылдың 14 наурызына дейін созылды. С. бастаған көтерілісшілерді дарға асу туралы үкім шығады, алайда Кеңес өкіметі орнап, бәрі де азаттық алды. С. кейін «Қосшы одағына» және ұжымдастыру ісіне белсене қатысып, өмірінің соңғы кезіне дейін жемісті еңбек етті. *Әдеб.:* Шашкин З., Мергеншин Д., Токаш Бокин, А., 1958; 1916 жыл, А., 1936; Турсынов Х., Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане, Таш., 1962.

САУРЫҚ Алпарұлы (т. ж. б., қазіргі Алматы обл. Райымбек ауд. – 1871, Қытай, Суасу) – батыр. Патшалық Ресейдің Жетісуды отарлауына ашық қарсы шыққан. Шығыс Түркістанға өтіп, орыс басқыншыларына қарсы қарулы жасак құрды. Тазабек бимен бірге 1869 ж. Құлжадағы Ресейдің сауда факториясына шабуыл жасады. Жетісудың әскери губернаторы Г. Колпаковский жіберген жазалаушы отрядқа бірнеше рет ойсырата соққы берді. Тұтқынға түсіп, орыс әскерлерінің қолынан қаза тапқан.

С.Рүстемов

САУРЫҚ Ыстамбекұлы (1814, қазіргі Алматы обл. Жамбыл ауд. – 1854, сонда) – батыр, би. Ұлы жүз шапырашты тайпасының ескожа руынан шыққан. Қарасай батырдың алтыншы ұрпағы. Немере ағасы Сұраншы батырмен бірге Жетісуды Ілеге дейін билеген Қоқан ханының езгісіне қарсы шығып, жергілікті халықтан жасак құрды. 1853 ж. Сарыкемерде Тілеуқабыл руларын шапқан қоқандықтарға қарсы ұрысқа С. батыр да белсене қатысқан. Ол Ресейдің Жетісуды жаулап



алу саясатына наразылық танытушылардың да алдыңғы қатарында тұрып, орыс әскерлерінің Тойшыбек бекінісіне шабуылына ашық қарсылық білдірді. Деректерге қарағанда Қаракыстақ өз-нің төм. сағасында С.



Саурық Ыстамбекұлы

бекінісі болған. Бекініс төртбұрышты, қалың қабырғалы болып келген. С. ел арасындағы дау-дамайды болдырмауға күш салып, қазақ-қырғыз халықтарының тату көршілік бас қосқан жиындарына белсене атсалысқан. С. қырғыздармен соғыс кезінде қаза тапты. С. туралы Сүйінбай, Жамбыл жыр толғаған.

М.Жолсейітова

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН – Кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптық қарсыластарын «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде саяси қудалау саясаты. Қазан төңкерісінен және КСРО-дағы Азамат соғысынан бастау алған С. қ.-с. науқандары Кеңес Одағы тарағанға дейін созылды. КСРО құрылған уақытта қазақ Т.Рысқұлов, татар М.Сұлтанғалиев, башқұрт З.Уәлиди тәрізді қайраткерлердің саяси көзқарастары «түрікшілдік» және «ұлтшыл ауытқушылық» ретінде сынға алынды. 1920 ж. мамыр айында большевиктер көсемі В.Ленин Рысқұловтың Түркістан жерінде РКФСР құрамында Түрік Кеңес Республикасын құру туралы ұсынысын қабылдамай тастады. Оның тапсырмасымен Орталықтан жіберілген «Түріккомиссия» деп аталатын топ Түрік Республика-

сын құру туралы идеяны талқандауды ұйымдастырып, осы идеяны негіздеуші Рысқұловты, Н.Ходжаевты, т.б. «ұлтшылдар», «пантүрікшілдер», «басмашылар идеологтары» ретінде жөнсіз айыптауға жол ашты. Кеңестік билік ұлттық автономия идеясын қолдаушыларды қуғындап, түркі халықтарынан шыққан беделді саяси қайраткерлерді біртіндеп жауапты қызметтерден босатты. Рысқұловты және Уәлидиді қуғындауға қарсы болған және шығыстық түрік республикаларын автономия етіп қайта құруды, соның ішінде Татар-Башқұрт республикасын ұйымдастыруды ұсынған татар коммунистерінің көсемі Сұлтанғалиев «басмашылықпен байланысы бар» деген негізсіз кінәмен 1923 ж. партия қатарынан шығарылып, түрмеге қамалды. 1923 ж. 9–12 маусым аралығында өткен РК(б)П ОК-нің ұлт мәселесіне арналған кеңесі, «сұлтанғалиевшілдікті» әшкерелеуге арналды. 1924 ж. Лениннің қайтыс болуы И.Сталиннің партиядағы ықпалын күшейте түсуге алып келіп, ол ұлт қайраткерлерін ашық қуғындауға мүмкіндік берді. Бұл Сталиннің Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің идеялық бағытын айыптап жазған хатынан анық байқалды. Онда ол газетте жарияланған қазақ зиялыларының мақалаларынан «шоқаевшыл» рухты іздестірді және ескі ұлттық зиялы қауым өкілдерін мемл. органдардағы қызметтерден аластату қажеттігін атап көрсетті. 1925 ж. қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.Голощекиннің жіберілуі жағдайды ауырлата түсті. Оның жүргізген саясаты шын мәнінде ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға ұласты. Оған ашық қарсы тұрған Қазақстанның белгілі мемл. қайраткерлері Ж.Мынбаев, С.Сәдуақасов, Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, т.б. қызметтерінен алынып, республикадан қуылды. Мұндай ауыр саяси жағдайдың қалыптасуына Орталықтағы троцкийшілерге, Г.Зиновьев пен Л.Каменевтің «жаңа оппозициясына», Н.Бухариннің «оңшыл бағытына» қарсы жүргізілген С. қ.-с. қатты ықпалын тигізді. Қазақ зиялыларының көзқарастары «ұлтшыл-ауытқушылық» ретінде айыпталды. 20-жылдардың соңына қарай ұлт зиялыларына қарсы бүкіл КСРО-да басталған С. қ.-с. Қазақстанда да көрініс берді. 1928 жылдың ортасынан бастап бұрынғы алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлер жаппай

тұтқындала бастады. Оларға негізінен «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген айып тағылды. Осы кезеңде тұтқындалған 44 алашордашылардың үшеуі Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов ату жазасына кесіліп, үкім орындалды. Ал қалғандары әр түрлі мерзімге түрмеге қамалды. Ұлттық интеллигенцияның екінші тобы 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқынға алынды. Олардың 15-і Орт. Ресейге жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контррев. ұйымдар құрды деген жала жабылды. Орталықтағы «Промпартия», «Шаруалар партиясы», т.б. қарсы сот процестері Қазақстанға да ықпал етті. Өндірістегі, шахталардағы қызметкерлер мен жұмысшылар арасынан «халық жауларын» іздестіру кеңінен орын ала бастады. Қазақстанда 1928 ж. орын алған қазақ байларын кәмпескелеу саясаты шын мәнінде кеңестік құрылысқа қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіруге, оларды еріксіз жер аударуға ұласты. Мұндайда, әсіресе, діндарлар кеңінен айыпталды. 1930 ж. басталған байларды тап ретінде жою науқаны С. қ.-с-ге жаңа қарқын берді. 1930–35 ж. жүргізілген осы саяси науқан барысында Қазақстанда түрмеге қамалғандар саны 22 мың адамға жетті. Тек 1930–31 ж. ғана Қазақстанда 34 мың адам қатысқан көтерілістер, 7,5 мың адам қатысқан 1950 контррев. топтар талқандалып, оған қатысушылар аяусыз жазаланды. Осы көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін КСРО ХКК жанындағы ОГПУ органдарының өзі ғана 5551 адамды соттап, оның 883-ін ату жазасына кесті. «Халық жауларын» большевиктер партиясының өз ішінен іздестіру де кең орын алды. Коммунистік партияның 14-съезінен кейін, яғни 1934 жылдан бастап Сталиннің коммунист әріптестерін қуғындауы өрши түсті. 30-жылдарының басында саяси айыпталғандарды қамауда ұстайтын еңбекпен түзеу лагерьлер жүйесі қалыптаса бастады. Республикадағы осындай алғашқы лагерьлер Қазақстандық еңбекпен түзеу (Казитлаг) және Қарағанды еңбекпен түзеу (Карлаг) лагерьлері болса, ал соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында 200 мың адамды қамтитын 11 лагерь жұмыс істеді. 1937 жылға қарай елдегі С. қ.-с. өзінің шарықтау шегіне жетті. Оның идеялық-саяси негізі БК(б)П ОК-нің 1936 жылғы

желтоқсан және ақпан – наурыз пленумдарында қаланды. 1937–38 ж. 4 мыңнан астам әскери қызметкердің көзі жойылды. Соңғы Мәскеу процесі 1938 ж. наурыз айында «антисоветтік оншыл троцкистік блок» дейтінді айыптауға арналды. Рысқұлов бастаған «ұлтшылдардың контрреволюциялық ұйымы» әшкереленді. Мәскеу процестері жергілікті жерлерде «халық жауларына» арналған сот процестерін ұйымдастыруға түрткі болды. Қазақстанда осындай процестер 1937 ж. Қарағандыда, Үржарда және Солт. Қазақстанның Преснов ауд.-нда өтті. Осыдан соң 1937 ж. өткен ҚК(б)П I съезінде есепті баяндама жасаған Л.Мирзоян Сұлтанбековты, Қаратилеуовты, Кенжинді, Гатаулинді, Асылбековты, т.б. халық жаулары ретінде «әшкерелесе», келер жылы Мирзоянның өзі де ұсталды. 1936–38 ж. аралығында Қазақстанда 8544 адам «халық жаулары» немесе халық жауларының сыбайластары ретінде айыпталды. Белгілі қазақ зиялылары, алаш қайраткерлері түгелге жуық жазаланды. 30-жылдардың басында Қазақстан басқа жақтан еріксіз жер аударылып келген 184 мыңнан астам кулактар мен олардың отбасыларының екінші отанына айналды. 1937 жылдан бастап «отанын сатқандар» қатарына жатқызылған халықтарды депортациялау басталды. Алғаш Қазақстанға Қиыр Шығыстан 18526 отбасы, барлығы 102 мың корей және 102 мың поляк, жаумен ынтымақтасты деген желеумен 1941 жылы Қазақстанға 361 мың неміс жер аударылды. 1943–44 ж. Қазақстанға 507 мың адам жер аударылды. Жер аударылғандар ішінде поляктар, қарашайлар, шешендер, ингуштар, т.б. болды. 1944 ж. Орта Азия республикалары мен Қазақстан Грузин КСР-індегі Месхетия өңірінен жер аударылған 110 мыңнан астам мұсылман халықтарын қабылдады. Сталиндік С. қ.-с. соғыстан кейінгі жылдары да жалғасты. Ендігі соққы еркін ойлы интеллигенция өкілдеріне және талантты ғалымдарға қарсы бағытталды. Қазақстанда респ. опера театры халықтың тарихы туралы муз. спектакльдер қоюмен әуестенгені үшін айыпталды. «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» тәрізді халықтың жүрегіне жақын, ұлттық бояуы айқын пьесалардан идеялық кемшілік іздеу басталды. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқа-



нов сыналып, Ә.Тәжібаевтың «Біз қазақпыз» атты шығармасы ескі хандар мен феодалдар өмірін марапаттау деп танылды. Өзінің шығармаларында «Феодалдық-байшылық» дәстүрлерді дәріптегені үшін белгілі комп. А.Жұбанов Қазақстан Компартиясының 5-съезінде қатал сынға ұшырады. Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1948 ж. тамызда қабылданған «Қазақ совет әдебиетінің жағдайы және оны одан әрі дамыту туралы» шешімі ахуалды ауырлата түсті. Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов, Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, т.б. өткенді дәріптеуші ұлтшылдар қатарына жатқызылды. Әдебиетші ғалымдардың бір тобы «Кенесарыны дәріптеушілер» ретінде де айыпталды. 1947 ж. жарияланған «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында» атты монографиялық зерттеуінде Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысқа ұлт-азаттық қимыл ретінде баға берген тарихшы Е.Бекмаханов жазықсыз қудаланып, 25 жылға сотталды. Оның көзқарасына жақын пікір айтқан бір топ тарихшылар да қатал жазаланды. Респ. ҒА-ның алғашқы президенті Қ.Сәтбаев қызметінен босатылып, Қазақстаннан кетуге мәжбүр етілді. КОКП-ның 20-съезі Сталиндік жеке басқа табынушылықты айыптағаннан кейін адамдарды сталиншіл рухта қаталдықпен жазалау тоқтатылды. Жазықсыз қуғындалған жандарды ақтау процесі басталды. Алайда әміршіл-әкімшіл коммунистік жүйе оны аяғына дейін жеткізуге ынталы болған жоқ. Мәскеуде қазақстандықтар ұйымдастырған «Жас тұлпар», Павлодардағы «Жас ұлан», Қарағандыдағы «ЕСЕП» партиясы әкімшіл-әміршіл жүйенің наразылығына кездесті. Қазақстандағы 1979 жылғы Целиноград және 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілістері шын мәнінде әміршілдік тәртіпке қарсы халықтың қарсылық акциялары еді. Бұлардың соңғысы әкімшіл-әміршіл коммунистік жүйе тарапынан қатал жазаланды.

Т.Омарбеков

СӘДУАҚАСОВ Жанайдар (1898, Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. – 25.2.1938, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Ауыл молдасынан хат танып, Ақмоладағы орыс мектебінде (1913–15), жоғары бастауыш мектепте (1915–16), Омбы гимназиясында (1916–19) оқыған. 1916–18 ж. «Бір-

лік», 1918 ж. «Жас қазақ», 1918–19 ж. «Қазақ жастарының демократиялық кеңесі» ұйымдарының басшыларының бірі, Қазақ АКСР-і ОАК жанындағы іс қағаздарын қазақ тіліне көшіру жөніндегі Орт. комиссияның төрағасы (1923–24) болды. 1937 ж. 17 қыркүйекте тұтқындалды. 1938 ж. 25 ақпанда атылған. С. 1957 ж. сәуірде ақталды.

СӘДУАҚАСОВ Смағұл (1900, Солт. Қазақстан обл. Есіл ауд. Жарқын а. – 1933, Мәскеу к.) – қоғам және мемлекет қайраткері. Ауыл мектебін, 2 сыныпты орыс-қазақ учшесін бітірген (1915), Омбыдағы а. ш. мектебінде және а. ш. ин-тында оқыған (1916–18). 1915–16 ж. ауылда мұғалім болды. 1917–18 ж. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының белсенді мүшесі, әрі оңшыл



С. Сәдуақасов

қанатының басшысы, «Жас азамат» ұйымы басқармасының хатшысы болды. 1918 жылдан бастап кеңестік жүйеде әр түрлі жауапты қызметтер атқарды. С. голощекиншілердің қазақ халқына зиянды «Кіші Қазан» бағытына ашық қарсы шықты. Ол байлар мен орташаларды орынсыз тәркілеуге, Ресейден Қазақстанға шаруаларды әкеліп қоныстандыруға қарсы шықты. Осыған байланысты С-тың пікірлестері «сәдуақасовшылар» деп аталып, антипартиялық ұлтшыл ауытқушылық идеялық ағым, байшыл, буржуазияшыл ниеттегі қызметкердің ұйымдасқан тобы ретінде қуғын-сүргінге ұшырады. «Сәдуақасовшылық» Мәскеудің Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы күрескен қуатты оппозиц. күш болды. Оның басшысы С. оңшылдар көсемі, ұлтшылдардың дем берушісі, компартияның ішіндегі алашордашы делініп, қараланды. БК(б)П Қазақ өлкелік с-тінің 3-пленумы (1926 ж. қараша) С-тың, С.Қожанов, Ж.Мыңбаевтардың оппозиц. топтарын айыптаған қаулы шығарды, бас-



шы қызметтерден шығарылды. Қазақстаннан кеткен С. 1927–28 ж. Ташкентте Қазақ пед. ин-тының ректоры болды. Ол «Большевик» журналында (1928, №1) жарияланған «Ұлттар және ұлт өкілдері туралы» атты мақаласында БК(б)П ОК-нің шексіз үстемдігін әшкереледі. С. 1928–31 ж. КСРО ҒА-ның Шығыстану ин-тының ғыл. қызметкері бола жүріп, Мәскеу көлік инженерлері ин-тын бітірген соң, 1931–33 ж. Донбасс – Мәскеу т. ж. құрылысының инженері қызметін атқарды. 1933 ж. С. белгісіз жағдайда ауруға шалдығып, қайтыс болды. 2011 ж. қаңтарда «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-тының бас-тамасымен С-тың Мәскеудегі «Дон зиратында» арнайы ыдыста сақталған өртелген сүйек күлі Астана қ-на әкелініп, шарифатқа сай жерленді. С. жастардың ұлттық қозғалысына арналған алғашқы зерттеулермен айналысты («Жастарға жаңа жол», «Жастармен әңгіме»), Қазақстан экономикасын өркендету жөнінде зерттеулер жазды. Оның публицистикасы қоғамдық ойдың қалыптасуына ықпал етті. С. «Сәрсенбек» атты аяқталмаған роман, «Салмақбай, Сағындық», «Күміс қоңырау», «Күлпәш» атты прозалық шығармалар жазды. Сын жанрының қалыптасуына өзіндік үлес қосып, әдеби айтыстарға қатысты. Сондай-ақ ол қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, ұлттық театрландырудағы алғашқы еңбектердің авторы болып саналады.

Ж.Сүлеймен

СӘМЕТ Назымұлы (1744–1839) – бодандыққа қарсы күрескен батыр. Кіші жүз алшын тапасының шөмекей руынан шыққан. Қазіргі Қызылорда обл. Қармақшы ауд. мен Ақтөбе обл. Ырғыз өңірінде өмір сүрген. Ол Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күресіп, халқының діні мен дәстүрін сақтап қалуға күш жұмсаған және Ор, Ырғыз, Сырдария өздерінің жағасында орыстардың бекініс салуына қарсы шыққан. Шірік-Рабаттағы құрсаңған жауды С. батыр бас болып қуғаны, Қожанияз сартты Сыр бойынан қашырған Тоғанас пен Қарақисық батырлар екені аңыз-әңгімелер мен жыраулар жырынан белгілі. Қазаққа аты мәшһүр Балқы Базар жырау Оңдасұлы (1842–1911): «Қысқа күнде қырық шапқан. Жанқожа, Есет, Қыстаубай. Қасым, Сейіл, Бұқарбай. Сәмет пен батыр Тоғанас, Солардан да өткен сұм дүние», – деп жырына қосқан. Сыр бойының белгілі ақыны Едіге Кішкенеев

(1947–99): «Кім білмес Сәдір биді елдің көркі, Самсаған Тоқа Сәмет қолдың көркі... Көндірген қызылбасты Тоқа Сәмет, Орыстың қара аюын Орынборда, Қамшымен қақ бөліпті тартса білеп...», – деп жырлаған. С. батырдың бейіті Ақтөбе обл., Ырғыз ауданы орталығынан 130 шақырым жердегі Жайсаңбай деген мекенге жақын Дәрмен тауында. Бүгінде батырдың ұрпақтары Қызылорда, Ақтөбе, Алматы өңірлерінде тұрады.

Әдеб.: Табылдиев Қ., Қазақ батырлары, Астана, Фолиант, 2008; Айдосов А., Қалиұлы Ы., т.б., Терезөзек. (Дерекнамалық баян) А., Ана тілі, 2005.

Б.Ахметбек

СЕЙДАЛИН Әлмұхамед (т.ө. ж. б.) – Кіші жүз сұлтаны, Орыс географиялық қоғамының мүшесі болған. Атасы Сейдалы Е.И. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қатысқан. 1855 ж. С. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының азиялық бөлімін бітіріп, Орынбор әскери корпусының 4-жаяу әскер батальонында, 1856 ж. Шекаралық комиссия төрағасының тілмаштығында қызмет атқарды. 1856 және 1860 ж. Петербургке жіберілген қазақ делегациясының тілмашы болып, сол сапарларында Ш.Уәлиханов және В.В. Вельяминов-Зерновпен танысқан. 1859 ж. Арал флотилиясының 1-рангілі капитаны А.И. Бутаковтың Қоңыратқа жасаған экспедициясына, 1865 ж. Түркістан өлкесін зерттеу жұмысына қатысты. 1866–69 ж. Кіші жүздің батыс бөлігінің сұлтаны болды. 1869 ж. полк. Мұхамеджан Баймұхамедовпен бірге «Уақытша Ережеге» қарсы көтеріліс жасаған қазақтармен келіссөздер жүргізуге қатысты. Келіссөзден кейін С-ге майор атағы беріліп, Торғайға сот жұмысына жіберілді. 1869–89 ж. шешекке қарсы егу жұмыстарын ұйымдастыруға, Ы.Алтынсаринмен бірге Ырғызда, Қостанайда, Ақтөбеде, Қарабұтақта орыс-қазақ мектептерін ұйымдастыру жұмыстарына белсене араласты.

Әдеб.: Галиев В., Имею-честь – Альмухамед Сейдалин. Памятники истории и культуры Казахстана, А., 1992.

С.Рүстемов

СЕЙДАЛИН Жанша (Жиһаншах) Әлмұхамедұлы (8.10.1877, Қостанай қ. – 1923, Орынбор қ.) – қоғам қайраткері, заңгер. Неплюев кадет корпусында, Орынбордағы гимназияда білім алған С. 1900 ж. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тіне түсіп, оны 1904 ж. біті-

СЕЙФУЛЛИН



ріп шықты. Жолдамамен Кавказда, Қара т. жағалауындағы Озургедь шаһарында 1910 жылға дейін заң қызметінде болды. 1916 ж. тыл жұмыстарына адам алу туралы патша жарлығын қатаң сынға алды. Б.Қаратаевпен



Ж. Сейдалин

бірлесіп «Қырғыздар туралы еске алатын жазбалар» атты қазақтан адам алуды доғаруды талап еткен өтініш хат жазып, Ресей өкіметіне жолдады. 1917–23 ж. Кеңес өкіметінің ағарту және жер комиссариаттарында қызмет істеді.

С.Өзбекұлы

СЕЙФУЛЛИН Сәкен (Сәдуақас) (15.10.1894, Қарағанды обл. Шет ауд. Қарашілік қыстағы – 25.2.1938, Алматы қ.) – жазушы, көрнекті мемл. және қоғам қайраткері. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында (1913–16)



С. Сейфуллин

М.Жұмабаевпен бірге оқиды, демокр. көзқарасы қалыптасып, ақындық дарынын ұштай түседі. Қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымы басшыларының бірі болып, патша өкіметінің қысымына қарсы күрес пен қазақ арасына оқу-білім тарату ісіне араласады. Кеңес өкіметі кезінде жауапты қызметтер атқарды. С. – қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Қазан төңкерісіне дейінгі шығармаларында сол тұста-

ғы демократтық-ағартушылық әдебиеттің дәстүрін жалғастырып, азаттық үшін күрестің от жалынын кеше отырып, қолына қаламымен бірге қаруын ұстады. «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романында қазақ халқының патша өкіметіне қарсы күресі мен Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнығу жолдарын шыншылдықпен суреттеді. С. есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. Астана қ-нда Сейфуллин мұражайы жұмыс істейді.

Т.Кәкімұлы, К.Садыққызы

СЕМЕЙ КӨТЕРІЛІСІ – 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігі. Көтеріліс Семей обл-на қарасты Павлодар, Қарқаралы, Семей, Өскемен, Зайсан уездерінің көптеген болыстарын қамтыды. С. к. Қазақстанның басқа аймақтарындағы сияқты патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық күрес сипатын алды. Патша өкіметінің Семей обл-ндағы жергілікті әкімш-нің мәліметтері бойынша 1916 ж. шілде – тамыз айларында көтерілісшілердің саны Семей уезінде 7 мыңға, Зайсан уезінде 4 – 5 мыңға, Павлодар уезінде 5 – 6 мыңға жетіп, Өскемен уезінде 3 мыңнан асқан. 25 шілдеде Семей уезінің бірнеше мың көтерілісшілері жазалаушы казак-орыс отрядымен болған соғыстан кейін Бақпақтыкөл ауд-на шегінді. Көп ұзамай ондағы көтерілісшілер саны 7 мыңға жетті. 31 шілдеде Өскемен уезінің Тайыпты болысының 3 мыңдай көтерілісшісі жүзбасы Воробьевтің жазалаушы отрядымен соғысты. Бір орт-тан басқарылмаған және бір-бірімен тығыз байланысы болмаған Семей обл-ндағы көтеріліс ошақтары қазан айында басылды. Жетісу мен Торғай обл-тарындағыдай ұйымдасқан сипат алмағанымен С. к. осы өңірдегі қазақтардың ұлттық сана-сезіміне сілкініс әкелген аса зор саяси-әлеум. оқиға болды.

А.Омаров

СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ, 1917 жылы 27 сәуір – 7 мамыр аралығында Семейде өтті. Съезді Семей обл. қазақ к-ті ұйымдастырды. Оған облыс казактарынан 200-ден астам өкіл қатысты. Съездің күн тәртібіне 16 мәселе қойылды. Олардың қатарында Уақытша үкімет жағдайында қазақтардың мүддесін қорғау, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы, мемл. басқару түрі, автономия және жергілікті басқару, жалпықазақ



сьезін өткізу, халық ағарту ісі, сот құру, қоғамдық қазына, 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты шығындарды өтеу, әйел құқықтарын қорғау секілді мәселелер болды. Съезд өз жұмысын 6 секцияда жүргізді. Делегаттар қазақтардың автономия алуы керектігі, оның түрін айқындау жалпықазақ съезінің үлесіне қалдырылатындығы жайында ұйғарым жасады. Қазақ балаларының ана тілінде білім алуы үшін ұлттық мектептердің көптеп ашылуы тиістігі жөнінде қаулы қабылданды. Қаулыда 1916 жылғы көтерілістің зардаптарын жою үшін мемл. қазынадан тиесілі қаржы бөлінуі керектігі жөнінде аталып көрсетілді. Семей обл. қазақ к-тінің құрамы съезде арнайы қаралып, төрағалыққа Р.Мәрсекөв қайта сайланды. К-ттің мүшелігіне сайланғандардың қатарында Ж.Ақбаев, М.Боштаев, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, А.Қозыбағаров, Б.Сәрсенов, Н.Құлжанов болды.

С.Рүстемов

СЕМЕЙ УЕЗІ (1868) – Семей облысына қараған әкімшілік аймақ. Жер көл. 64786,9 км², 19 ғ-дың аяғындағы тұрғындар саны 118448 адам болды. С. у. 19 болысқа бөлініп, онда 26062 түтін тұрған. Халқы негізінен мал ш-мен, аздап егіншілікпен айналысқан. 1893 ж. 6418 шаңырақ жер өңдеуді кәсіп етті. Егістік аймағы негізінен Ертіс жағалауында болды.

СЕРГИОПОЛЬ УЕЗІ (1867) – Жетісу облына қарасты әкімш. бөлік. Патша үкіметінің 1867–68 ж. Қазақстанда жүргізген әкімш.-саяси реформаларына сәйкес құрылған. Оның құрамына 13 болыс енді. С. у-нің жері 78 мың 356 км², халқы 120 мың адам болды. Уезд халқы негізінен көшпелі мал ш-мен айналысты. 1893 жылғы деректерге қарағанда С. у-ндегі егіс көл. 90 мың 973 десятинаға жеткен. Уезд экономикасында сауданың үлес салмағы едәуір болды. 1893 ж. жүргізілген санақ бойынша уезінде екі жәрмеңке (Нарын – Сергиополь және Бақты) жұмыс істеген. 1869 ж. С. у-нде үш мұғалімі бар бір мектеп болды. Онда 40 шәкірт білім алды.

А.Омаров

СЕРІКБАЙ Қанайұлы (3.10. 1870, қазіргі Алматы обл. Райымбек ауд. Жалаңаш а. – 3.8.1916, Кеген а. маңындағы Қайқы асуы) – Қарқара көтерілісі жетекшілерінің бірі. Патша өкіметінің маусым жарлығына қарсы Ұзақ, Жәмеңке батырлармен бірге 1916 ж. шілде айында, кейін Ереуілтөбе аталған жерде, көтерілісшілердің 400 адамнан тұратын

алғашқы жасағын ұйымдастыруға тікелей араласты. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанда көптеген серіктерімен бірге патша жеңдеттерінің қолынан оққа ұшты. Ол туралы М.Әуезовтің «Қилы заман» повесінде, Бөлітірік ақынның «Ел жарыла көшкенде» толғауында айтылған.

К.Нұрпейіс

СМАҒҰЛОВА Светлана Өдепқызы (4.9.1968 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. Көкжыра а.) – тарих ғыл. докт. (2010), доцент (2004). ҚазҰУ-ды бітірген (1993). 1993–2011 ж. ҚР ҰҒА-ның Тарих және этнол. ин-тында аға зертханашы, кіші, ғыл., аға, бас ғыл. қызметкер болды, 2011 жылдан ин-т директорының орынбасары қызметін атқарады. С. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында Қазақстандағы жер мәселесі мен патша саясатына қарсы күрес жүргізген ұлттық



С. Смағұлова

зиялы қауымның қазақ қоғамындағы рөлін, 20 ғ-дағы Қазақстандағы саяси оқиғаларды, алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтерін, «Үш жүз» партиясының қызметін, 19 ғ-дың 20–30-жылдарындағы қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен деректік маңызын зерттеумен айналысады. 200-дей ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монографияның, 15-тен астам ғыл. жинақтың, жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу-әдістемелік бағдарламалар мен дидактик. оқу құралдарының авторы. **СОЗАҚБАЙ** Құрымұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. Кіші жүздің байұлы тайпасының сығай атасынан шыққан С. қазіргі Қызылорда обл-ның Жалағаш-Қармақшы өңірінде 19 ғ-да өмір сүрген. С. батыр Кенесары ханның ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Сыр бойы батырлары керейіт Нысанбай батыр-жырау Жаманқұлұлы, табын Бұқарбай батыр Естекбайұлы және арқадан келген шұбыртпа-

СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ

лы Ағыбай батыр Олжабайұлымен бірге болған. Кенесары хан көтерілісі жеңіліс тапқан соң, С. батыр Сыр бойының ханы Елікейдің қолын басқарған. Батырдың денесі Қызылорда обл-ндағы Жалағаш ауд-ның Қаракеткен а-нан 100 шақырым жердегі төбеге қойылған.

Әдеб.: Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Атамұра, 1994; Әлиасқаров Ә., Қазақ шежіресі, Қызылорда, Принт, 2008; Нақыпов Қ., Бай баласы Алтын шежіресі, Қызылорда, 2003.

Б.Ахметбек

«СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ» – мақалалар жинағы. Авторы – Ж. Боранбай. Бұл жинақ «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көп томдықтың 21-томына топтастырылған. Астана, 2001 ж. Көлемі 334 бет. Таралымы 3000 дана. Жинаққа 1930 ж. Созақ өңірінде болып өткен көтеріліс жайында жазылған автордың зерттеу еңбектері топтастырылған. Көтерілістің шығу себебі, салдары және оның Кеңес өкіметі тарапынан аяусыз жанышталуы бүгінгі күннің биігінен, оң көзқараспен, парасат пен пайымдылық тұрғысында таразыға салынады. Автор бұл жинақта мұрағаттарда сақталған Ф. Голощекиннің Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Смирновқа жазған хаттарының көшірмелерін бере отырып, нақты дәлелдерге сүйене кетеді. «Созақтағы сапырылыс», «Көтерілістің кейбір күнгірт тұстары», «Созақ көтерілісі туралы арнайы анықтамалар не айтады», «Көтерілістің бас сардары», «Соғыс ылаңы», «Созаққа шабуыл», т.б. көптеген мақалаларда автор көтерілістің қыр-сырларын жан-жақты ашып көрсетуге күш салады. Көтерілістің қалдырған тарихи тағылымынан қазақ дейтін халықтың асқақ арманын, үлбір үмітін, тасқа соғылған маңдайын және жасампаздық қалпын сақтаған өр тұлғасын айшықтап берген. Тарихшылар мен көпшілік оқырманға арналған жинақтан тарих қатпарында қалып, ұмыт бола бастаған көтеріліс жайынан мол мағлұмат алуға болады.

К.Қошым-Ноғай

СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕРІ. 1929–31 ж. аралығында шаруалар тарапынан 380 рет болып өткен көтеріліске 80-мыңдай адам қатысты. Солардың ең үлкенінің бірі – Созақ көтерілісі еді. Көтеріліс басталудан екі-үш ай бұрын Мойынқұмда жасырын даярлық жұмысы жасалынған. Бірнеше елді мекенде ұйымдастыру іс-шара-

лары өткен. Ең соңғысы 1930 жылдың 6 ақпанында Бимұрзаев Жүсіпбектің үйінде болған. Онда кешкісін көтерілісшілер құрамы Созаққа барып жатып, таңертең сағат алтыда ел ораза айының сәресін ішіп жатқанда «Алла! Алла! деген айғаймен халықты көтеру туралы тапсырма берілген. Осыған орай «Созақ көтерілісі» Алланың атын айтып басталғаннан кейін «Аллаху көтерілісі» деп те аталады. Созақ көтерілісі өзінің аумағы жағынан ауқымды өлкені қамтыды. Бір жағы Түркістан, Шаян, Саудакент. Жезқазған, Ақмола, Қызылорда, Жамбыл өңіріне жайылды. Ол «Үш қатпарлы» болды. Олар: «Сарысу қозғалысы», «Аңқай аласапыраны» және орталықтағы «Созақ көтерілісі». Бұған Саудакент және Қарнак қосылды. Олар көтерілістен кейін сонда өлтірілген үкімет адамдарының атымен «Байқадам» және «Атабай» деп өзгертілді. ОГПУ-дің жоғары жаққа жіберген мәліметінде 2000-нан астам адам қатысқан деп көрсетілді. Бұл туралы И.Сталинге арнайы баяндалды. Саяси бюро мүшелеріне хат жазылды. Онда: «Біздің жағымыздан 50-ге тарта адам өлді және азапталды. Олардың жағынан 400-ден астам адам шығын болды. Ф.Голощекин.» (Алматы саясаттану жанындағы партия мұрағаты. 141-қ, 1-м, 2948-іс, 44-п.) деген сөздер бар. Көтерілісшілер ауданды 9 күн тапжылтпай қолда ұстап тұрды. Созаққа барар жолда «Суындық», «Жамантас», «Біресек», «Торлан» сияқты тау шатқалында көтерілісті басу үшін Шымкенттен шыққан Исаев басқарған 53 адамнан тұратын жазалаушы отрядпен 12 ақпанда, онан соң Поляков басқарған Қызылордадан шығып, Түркістан арқылы оларға көмекке келіп жеткен 33 адамдық жазалаушылар отрядымен 13–14 ақпанда көтерілісшілер арасында қарулы қақтығыстар болды. Мұнда көтерілісшілер жағынан 80 адам қаза тауып, ал жазалаушылар жағынан 7 адам шығын болды. 13 ақпанда Никитенко басқарған басқа бір жазалаушы коммунарлар отряды Созақты оқ астына алып атқылаған. Олар Созақтың төңірегінде №3 ауыл жанында көтерілісшілер отрядымен кездесіп қалып, ұрыста Никитенконың өзі ішінен жараланған, ал көтерілісшілер жағынан тағы да үш адам қаза тапты. Жазалаушы отрядтар 16 ақпанда Созақты басып алғанымен, жалпы көтерілістің дүмпі 4 маусымда эзер басылды. Көтерілісшілерден 3 линиялы 51

винтовка, 155 аңшы мылтығы, 15 револьвер, 69 патрон тартып алынды. Кейіннен көтерілісшілерді жаппай қуғындау басталып, 311 адам абақтыға қамалды. Олардың 88-і 1930 жылдың 22 наурызында, 8 сәуірінде, 25 мамырында, 10 маусымында ПП ОГПУ-дің ерекше үштігінің қаулыларымен атылып кетті. 152 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге Қазақстанның өз ішіндегі аймақтарға жер аударылды. 40 адам алдын ала тұтқындау есебінен босатылды. Бұл жазалау шаралары мұнымен тоқтамады. «Қайнар» деген елді мекеннің қабағындағы дөңнің үстінен концлагерь салынды. Ол үшін «Г» үлгісінде ұзындығы 30, тереңдігі 3 метр орқазылды. Жан-жағына қарауылхана тұрғызылды. «Дуана» деп аталатын бұны бертінге дейін Созақ кеңшары жем-шөп сүрлеміне пайдаланды. Көтерілістен кейін іле-шала 1932 жылғы «ашаршылық» басталды. Ал мұнан әуіріммен аман қалғандар 1937 жылдың қырғынына ұшырады. Созақ көтерілісінің өзге көтеріліске қарағандағы ерекшелігі: Декларациясы бар, бастаушысы – Сұлтанбек хан, батагөйі – Сапар кожа, Бас сардары – Салықбай мерген, дін жөніндегі орынбасары – Ибрагимов Асадулла, уәзірлері, қарулас серіктері – Тұржанов Құсайын, Абдуллаев Шала, Оңғарбаев Әлімхан, Жауқашев Омар, Өзгелдиев Бекжан, Жамелединов Қожахмет, Нұрметов Ташмет, Олханов Сүйінбек, Шалақов Әлібек, т.б. болды. Хан Кеңесі құрылды. Оған жоғарыдағы кісілерден бөлек Хамитов Ашур, Өтембаев Қамбарбектер де кірген. Хан Кеңесінің шешімімен Сарысуға өкіл етіп Тұржанов Құсайын, Шаянға Жақыпов Сапарқожа жіберілген. Сарбаздардың киім үлгісі жасалынған (ақ киіну, маңдайшасына «Алла» деп жазу). Ұраны қабылданған («Алла! Алла!»). Билер соты құрылған (Қоңыраттан шыққан Шілмембет бидің баласы Сағындық басқарған). Штаб құрылған. Барлық сарбаздың тізімі жасалынған. Оларға мінездеме берілген. Бұл көтеріліс халық ауыз әдебиетінің дәстүрімен жырға қосылған, жоқтаулар айтылған. Сондай бір жырда: «Хан сайладық қарадан, Аз ғана үйлі Тамадан. Шалақтың ұлы Сұлтанбек, Хан болып шықты арадан», – делінеді. Созақ көтерілісіне қазақтың біртуар ұлы Иманжүсіптің де қатысқаны белгілі.

Ж.Боранбай

СОЗАҚ ШАЙҚАСЫ, 1841 ж. қыркүйек айында болды. 1841 ж. қыркүйектің басында Кеңесары Қасымұлы Кіші жүздің шөмекей, төртқара, табын руларынан жасақталған 4 мың адамдық қолымен Ташкентке бет алды. Бірақ, әскерінің арасында жұқпалы аурудың шығуы жолын біршама бөгеді. Алайда әскерінің екінші бөлігі Созақ, Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт қалаларын қоршауға алды. Әсіресе Созақ қамалы үшін қиян-кескі соғыс болды. Құжаттарда мынадай деректер сақталған: «Кеңесары Созақты 18 күн бойы қоршауға алды. Қамал қабырғаларына шығу үшін ағаш сатылар жасалды. Кеңесары Созақты және басқа да бекіністерді талқандап, айналасындағы Қоқанға бағынышты қазақтарды өзіне қосып, оларды Торғайға қарай көшуге мәжбүр етті». Созақтың, бірнеше қамал мен бекіністің алынуы халық бұқарасының алдында Кеңесарының беделін көтерді. Бұл жеңістің нәтижесінде Қоқан ханы Кеңесарыға мәңгілік одақ құруды ұсынды. Бірақ, Кеңесары бұдан бас тартып, қазақтарға тиісті жерлерді қайтарып беруді талап етті.

А.Махаева

СОЛ ҚАНАТ – әскер шебінің сол жақ бөлігі. Көшпелілер қоғамында халық, оны құрайтын рулар екіге (оң мен солға) бөлінген. Оғыздарда үш оқтар С. қ-ты құраған. Түрік қағандығында С. қ. тардуш деп аталса, түркі-моңғолдарда жоңғар деп аталған. Мұндай бөлініс Орт. Азия халықтарында біразға дейін сақталды. Қазіргі кезде әскери атау ретінде қолданылады.

«СУЛТАН АРЫНГАЗЫ» – 20 ғ-дағы аса ірі тарихшы М.Вяткиннің 1941 ж. «Огиз. Госполлиздат» баспасынан орыс тілінде жарық көрген «Очерки по истории Казахской ССР» атты тарихи очерктер жинағының жеке тарауы. Материалдың қысқартылған мәтіні төмендегідей: «Движение Арынгазы возникло как национально-освободительная борьба, направленная против агрессии Хивы. Очагом этого движения являлись кочевья рода Шекты, расположенные в районе низовьев Сырдарьи. Арынгазы к 1815 г., т. е. к моменту смерти его отца, было около 30 лет. Человек с большой силой воли, воспитанный в семье, тесно связанной с Хивинским ханством (его дед и отец были ханами в Хиве), ярый сторонник шариата, он мыслил государственность в формах, характерных для азиатского деспотизма. В этикетке и даже в семейной обстановке он

СУЛТАН АРЫНГАЗЫ

стремился подражать средне-азиатским ханам. С самого начала своей самостоятельной политической деятельности он попал в трудную внутреннюю и внешнюю политическую обстановку. В 1815 г. его признавала ханом лишь незначительная часть старшин поколения Алим-улы. Агрессия Хивы в сторону казахских владений не только не уменьшилась, но усилилась. В 1816 г. Мухаммед-Рахим подверг разгрому казахские аулы, кочевавшие в низовьях Сырдарьи. К этому же времени относится и наступление кокандского хана Омара в сторону Сырдарьи. В 1814 г. им был занят г. Туркестан, а в 1817 г. – урочище Ак-Мечеть, где была построена крепость (на месте современной Кызыл-Орды). Арынгазы в борьбе с агрессией такого сильного противника, каким был Мухаммед-Рахим, естественно, должен был искать внешней опоры. Прежде всего он сделал попытку воспользоваться помощью Бухары. Он, по словам русских документов, поддерживал Бухару в ее борьбе с Хивой и искал поддержки у Мир-Хайдера бухарского. Однако нельзя утверждать, чтобы он эту поддержку в сколько-нибудь заметном виде получил. Бесплодность сближения с Бухарой и заставила Арынгазы порвать с внешне-политическими традициями своих деда и отца, державшихся в стороне от России и ориентировавшихся на средне-азиатские ханства. Арынгазы решительно встал на путь сближения с Россией. Он нашел себе сторонников в лице высшей оренбургской администрации – военного губернатора П. К. Эссена и председателя Пограничной комиссии А. Веселицкого. Чтобы заслужить доверие русских властей, Арынгазы предпринял шаг к примирению с ханом Ширгазы. Соглашение с ним он заключил в 1816 г. Он выдавал в Россию пленных и охранял транзитные караванные пути, однако, лишь в Бухару, но не в Хиву. Арынгазы стремился создать объединенное казахское ханство, укрепить элементы государственности; но внешне-политическая обстановка была такова, что он мог ставить лишь цель создания вассального казахского государства под протекторатом России. Деятельность Арынгазы протекала главным образом среди владений Младшей Орды, с центром в низовьях Сырдарьи. Здесь после 1816 г. он развил энергичную деятельность, стремясь не только прекратить феодальную анархию, но и пытаясь закрепить государственное

единство казахских родов рядом соответствующих мероприятий. К старшинам и «простым» казахам, не подчиняющимся его распоряжениям, он применял смертную казнь, право, которое могли себе в прошлом присвоить лишь сильные и влиятельные ханы: по адату выносить смертные приговоры было прерогативой лишь народных собраний. Мы видели выше, в какой сильной степени власть хана зависела от поддержки старшин. Это делало власть хана слабой и неустойчивой. Арынгазы сделал любопытную попытку ограничить власть старшин. В одном из своих писем он писал: «теперь же кочующие здесь киргизцы и старшины не имеют никакой власти и на прикладство их печатей, ибо власть и распоряжение предоставлены одному человеку». Этим человеком был Арынгазы. Власть свою он стремился осуществлять через своих уполномоченных есаулов, назначая их постоянными своими представителями в казахских «родах». Для содержания их казахи были обложены специальной податью. Была ограничена и судебная власть знати «черной кости», т. е. суд биев. Арынгазы судил не через посредство биев, а своих мулл-казы. Суд осуществлялся не по обычному праву казахов, т. е. не по адату, а по шариату. Мейендорф, который в 1820 г. близко наблюдал деятельность Арынгазы, писал о нем: «он правосуден, чтобы привлечь к себе народ, но суд его не по закону предков, всем известному, а по закону мухамеданскому, никому неведомому». Введенное еще в 1788 г. обложение казахов поколения Алим-улы ханом Каипом Арынгазы не только сохранил, но и распространил на новые подвластные ему аулы. Им взимался как зякет, так и ушр (десятина). Экономические привилегии знати как «белой», так и «черной кости» были им оставлены в неприкосновенности. Он ограничил их политические привилегии, но это не вызвало широкой борьбы старшин против Арынгазы. Свою объединительную политику он строил на феодальной основе. Влияние Арынгазы в 1816-1819 гг. в огромной степени возросло. Дважды – в 1817 и 1819 гг. – старшины подавали прошения на имя императора об утверждении Арынгазы ханом. Под первым прошением подписалось большое число старшин поколений Бай-улы и Алим-улы, ко второму присоединили свои подписи в значительном числе и старшины Жети-ру,

поколения, являвшегося перед этим опорой ханской власти. Следовательно, влияние наиболее значительных султанов фамилии Абулхаира, прежде всего хана Ширгазы и в значительной степени султанов Каратая и Темира, падало. Военный губернатор П. К. Эссен также поддерживал кандидатуру Арынгазы. Однако Азиатский комитет не согласился с мнением оренбургского губернатора, считая опасным для колониальных интересов царизма выдвижение Арынгазы. В 1816 г., как уже отмечалось выше, подверглись нападению хивинского хана аулы казахов родов Шекты и Шомекей. Целью Мухаммед-Рахима являлось распространить господство Хивы на казахские владения султанов фамилии Каипа. В 1818 г. султан Ширгазы, брат умершего султана Абдул-Азиза, бежал из России в Хиву и был признан Мухаммед-Рахимом ханом сырдаринских казахов. Однако Ширгазы, бывший майор русской службы, представлялся Мухаммед-Рахиму не совсем надежным. Ширгазы был отравлен, а ханом назначен его сын, султан Маненбай, который среди казахов, даже казахской знати, не пользовался авторитетом, более того, его ненавидели. А. Негри, проезжавший через степь в 1820 г., писал про Маненбая, что «исключая тех киргизцев, которые принуждены делить с ним участь свою, все прочие его ненавидят и проклинаят». Трудящиеся казахи, находившиеся в подчинении Маненбая, эксплуатируемые казахской знатью и хивинским ханом, влачили нищенское существование. «Партия его (т. е. Маненбая), – писал участник миссии А. Негри, барон Мейендорф, – никогда не была сильна, не восходила более как до 1000 кибиток и состояла по большей части из бедных киргизцев, питавшихся рыбной ловлею в Сырдарье или земледелием на сей реке, по Кувану и по Яны. К нему присоединилось несколько воров разбойников, недовольных расправою Арынгазы. Из него составилась слабая, но вредная разбойническими поступками толпа Маненбая». Борьба Арынгазы с Хивой особенно обострилась в 1819 г. В этом году из Хивы явились на Сырдарью сборщики зякета. Уплата зякета, как мы знаем, была показателем подданства, – следовательно, Мухаммед-Рахим рассматривал казахов, кочевавших в районе Сырдарьи, как своих подданных. Но Арынгазы решительно воспротивился уплате зякета. По его приказу сборщики были схвачены и отправ-

лены в Оренбург. Ярче русская ориентация Арынгазы проявиться не могла. Мухаммед-Рахим в следующем, т. е. 1820 г., совершил внезапный побег на аулы, подчиненные Арынгазы. Сам Арынгазы спасся бегством, его брат был убит, мать и другие родственники захвачены в плен хивинцами. Отряды Мухаммед-Рахима подвергли аулы Арынгазы беспощадному разграблению. В общей сложности было увезено имущества почти на миллион рублей. Во время набега свыше трехсот казахов было убито и более тысячи человек уведено в плен. Этот разгром значительно ослабил влияние Арынгазы в степи. В минуту больших трудностей нашлись малодушные, которые готовы были покориться хивинскому хану. «Лучше покориться хивинскому хану, – стали говорить старшины, – и платить ему легкую дань, нежели не давая ничего, потерять все». Многие стали покидать Арынгазы, упрекая его в бесполезной преданности России. В том же 1820 г. Арынгазы взялся сопровождать миссию А. Негри в Бухару и использовал эту миссию, чтобы поднять свой авторитет в Орде. Им был распушен в степи слух, что войска миссии ему даны в помощь для борьбы с Хивой. Это позволило Арынгазы сгруппировать вокруг себя значительные отряды джигитов, и он под прикрытием конвоя миссии разгромил аулы Маненбая, который успел бежать в Хиву. Этот шаг не только усложнил положение миссии в степи, но шел вразрез с политикой царского правительства, стремившегося к сближению с Хивинским ханством. Понятна поэтому позиция Азиатского комитета, который решительно отказался от поддержки Арынгазы. В 1821 г. Арынгазы был вызван в Петербург. Он поехал туда в сопровождении ряда своих сторонников в надежде добиться утверждения ханом и помощи в борьбе с Хивой. Но его надежды были жестоко обмануты. Он был задержан в России. Боясь сношений его с Ордой через посредство мусульманского духовенства, правительство сослало его в Калугу. Там он прожил до своей смерти в 1833 г. Так закончилась деятельность одного из наиболее крупных государственных деятелей казахов начала XIX в. Казахи Сырдарьи оказались без руководителя и отданными на произвол хивинского хана. В 1822 г. казахи наиболее многочисленного и влиятельного рода Шекты, именно отделения этого рода, коче-

СҰРАНШЫ



вавшие в районе Сырдарьи, приняли подданство хивинскому хану. Но влияние России оказалось ослабленным и в остальной части Младшей Орды. Хан Ширгазы был ненадежной и слабой опорой царизма. Его партия в Орде была малочисленна.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 5-том, Астана, Ел-шежіре, 2007.

СҰРАНШЫ Ақынбекұлы (1815, Алматы обл. Жамбыл ауд. – 1864, Оңт. Қазақстан обл. Сайрам қ.) – батыр, Саурық батырдың немере інісі. Ұлы жүздегі шапырашты руының ескожа тармағынан шыққан. С. Ресей өкіметіне Верный (Алматы) бекінісін салуға көмектесті. Орыс әскерлерімен бірге Тойшыбек бекінісі маңында (1848) Қоқан ханының 3 мың әскерімен соғысып, жеңіске жеткен. 1851 ж. С. орыс жасағымен қосылып, Орман (Ормон) ханның 2 мың қолына тойтарыс берді. 1852–53 ж. Қоқан ханының әскері тілеуқабыл руын шауып, мал-мүлкін талан-таражға салды. Саурық батырмен бірге С. 300 қолмен оларды Қопада қуып жетіп, елгін қайтарған. 1853 ж. Аңырақай алқабын

қан. 1860 ж. С. батырдың жасақтары Колпаковскийдің әскерімен бірігіп, Ұзынағаштағы шайқаста Қоқан әскерлерін ойсырата жеңуге қатысты. 1864–65 ж. С. Ұзынағаштан Сайрамға дейінгі аралықты Қоқан басқыншылығынан азат ету соғысына қатысып, осы жорықта ерлікпен мерт болды. Ш.Уәлиханов 1863 ж. 14 шілдеде К.К. Гутковскийге жолдаған хатында С. туралы «...қазақтарды қоқандықтардың езгісінен құтқарушы» деп таныстырған. Оның ерлігі жайында Сүйінбай «Сұраншы», «Ту алып жауға шықсаң сен» толғауларында, Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасында жырлады.

М.Жолсейітова

СҮГІР Әлиұлы (1882, Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. – ақпан, 1961, сонда) – күйші-композитор. Алғашқы туындысы – «Тел қоңыр». С. «Майда қоңыр», «Шалқыма», «Ыңғай төк», «Қосбасар» (екі нұсқада), «Бес жорға» (үш нұсқада), «Кер толғау» (екі нұсқада), «Балбырауын», «Желдірме», «Назқоңыр», «Бозінген», «Ілме», «Ақжелең», «Жайлау күйі», «Жолаушының жолды қоңыры» (екі



Сұраншы батыр



Сүгір Әлиұлы

мекендеген дулат еліне қоқандықтар шабуыл жасағанда, ол Саурық, Андас, Жагор, Дәуқара, Шымырбай бастаған жасақтармен бірге сол елдің бір бөлігін жаудан азат етті. 1858 ж. Омбыдағы Батыс Сібір ген.-губернаторына жазған хатында Г.А. Колпаковский С. батырдың достығын, оның әрқашан 2 мың қолмен дайын тұратынын айт-

нұсқада), т.б. күйлер шығарды. С. 1916 жылғы Арқа төсінде орын алған көтеріліске орай «Амангелдіге арнау» атты күй шығарған. С. күйлері 1964 ж. тұңғыш рет Қазақ халық аспаптар оркестрінде орындалып, 1968–69 ж. нотаға түсірілді. Оның күйлерін ең алғаш халық арасына таратушы белгілі қобызшы Ж.Қаламбаев, одан кейін С. күйлерін наси-



хаттап, оның күйшілік мектебін қалыптастыруға үлес қосқан күйші-домбырашылар қатарында Т.Момбеков, У.Бекенов, Г.Асқаров, т.б. болды.

У.Бекенов

СҮЙІНБАЙ Аронұлы (1815, Алматы обл. Жамбыл ауд. Қарақастек а. – 1898, сонда) – айтыс ақыны. Жасынан жыраулығымен елге танылған. Тарихи деректерде Қоқан хандығы шапқыншылығының әсерінен жан-жаққа бытырай көшіп, қиын-қыстау кезеңде (1840–60) іргесі ыдыраған қазақ руларының басын біріктіруде С. мен Сарыбай бидің ықпалы зор болғандығы айтылады. Осы тұста ақын халықты қоқандықтарға қарсы тұрып, тәуелсіздік үшін күресуге шақырды. «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр», «Қарасай батыр» сияқты толғаулар шығарды. Аумалы-төкпелі қоғамда өмір сүргендіктен, С. сал-серіліктен гөрі қоғамдық-әлеум. істерге белсене араласқан. Өлеңдерінде Қоқан билеушілері мен жергілікті әділетсіз сұлтан, төрелерден, бай-болыстардан жасқанбай, турасын айтып отыр-

СҮЙІНҒАРА Үргенішбайұлы (1756–1841) – батыр, би. Кіші жүздің адай руының мұңал тармағынан шыққан. Ресей империясының, Хиуа хандарының, түрікмен билеушілерінің үстемдігіне қарсы күрескен. С. 1837 ж. Жайықтың шығыс бетіне өткен Исатай мен Махамбетке қол жинауға көмектескен. Батыр туралы А.Ф.Рязанов пен В.Ф.Шахматовтың ғыл. еңбектерінде, Ә.Кекілбаев, Қ.Сыдықов, Е.Жаманбаев, Қ.Шыртанов, Ә.Спановтың көпшілікке арналған мақалаларында сөз болады. Оған А.Өтеметбұлы, Ы.Шөреков жыр арнаса, М.Әбдіқалықов «Сүйінғара» атты роман жазған. Сондай-ақ Ә.Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» романында, Кекілбаев «Күй» повесінде С-ның бейнесін сомдаған. Денесі Маңғыстаудағы Сейсен ата қорымына жерленген.

Ж.Тілепов

СЫЗДЫҚ Кенесарыұлы, Садықсұлтан, Сыздықтөре (1837–1910) – 19 ғ-дың 2-жартысындағы ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері, Абылай ханның шөбересі. Кенесары ханның екінші әйелі Жаңыл



Сүйінбай Аронұлы



Сыздық Кенесарыұлы

ған. Ақынның сүйегі Қарақыстақ өз-нің шығыс жағындағы биік жотаға қойылған, қабіріне кесене тұрғызылған. Алматы обл. филармониясы, сондай-ақ Алматы қ-ндағы үлкен даңғыл, туған ауылы, ондағы мектеп, көшелер С. есімімен аталады. Туған жерінде С-дың мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.

М.Умбетов

ханымнан туған. Кенесары қаза болғаннан кейін оның бала-шағасы төлеңгіттермен Түркістан қ-на іргелес Қаратау маңына көшіп барған. Олар салық төлемеу шартымен Қоқан хандығына қарады. С. ауыл молдасынан білім алып, ер жеткенде Қоқан ханына әскери қызметке кірді. Оған пансат басы (бес жүз әскербасы) атағы берілді. Ол өзінің әскери-



мен Ұзынағаш шайқасына қатысып, ерлігімен көзге түсті. 1864 ж. Қоқан ханының әмірімен Созақтың әкімі болып тағайындалды. Бұл кезде Ресей полк. Веревкин Түркістан қ-на таяп келіп, қоршауға алды. Осыған орай ол өзінің жасақтарымен Түркістан қ-н қорғауға аттанды. С. жасақтары орыс әскерлерінің қоршауын бұзып, Түркістан қ-на еніп, оны қорғауда ерлік көрсетті. Сондай-ақ Түркістанға іргелес Иқан а. маңында орыс әскерлеріне ойсырата соққы берді. С. Шымкент қ-н қорғауға да қатысып, ген. М.Г. Черняев әскеріне тойтарыс беруде өзінің талантты қолбасшы екенін көрсетті. Ген. Черняев Шымкентті алғашқы шабуыл барысында ала алмай, кейін шегінуге мәжбүр болды. Ташкентті қорғау барысында Әлімқұл қаза тапқан соң қаланың беделді ақсақалдарының ұсынысымен С. әмір лашкар (әскербасы) болып сайланып, Ташкентті қорғауды қолға алды. С. патшалық Ресейдің басқыншылық саясатына тегеурінді тойтарыс беру мақсатында Бұхар әмірлігімен одақтасу қажет деп тапты. Соған орай Бұхар әмірі Әбулмұзафарға елші жіберді. Бұхар әмірі мұндай келісімді қабыл алып, Ташкентке өзінің Тайшыбек атты өкілін аттандырды. Тайшыбек келгеннен кейін С. Ташкентті басқаруды соған тапсырды. Ген. Черняев әскері Ташкентті алып, Жызакқа қарай бет алғанда С. оған тегеурінді қарсылық ұйымдастырды. Сырдария бойындағы Шардара қамалы маңындағы қазақтарды орыс әскерлерінің тонап жатқаны жайлы хабар алған С. оларға көмекке аттанды. Ол жергілікті қоңыраттардан жасақ құрастырып, орыс әскерлеріне ойсырата соққы беріп, Шардара маңы қазақтарының тоналған мал-мүлкін қайтартты. Бұдан соң С. Самарқандқа барып, Бұхар әмірімен бірге Бұхараға кетті. Сол жақтан 800 адамнан тұратын жасақ алып, Қазалыны азат етуге аттанды. Қазалының оңт-ндегі Сарыбұлақ деген жерде орыс әскерлерімен шайқасты. Үш күнге созылған шайқаста С-тың жасағынан 22, ал орыс әскерлерінен 60-тан астам адам қаза тапты. Перовскіден Қазалыға қосымша орыс әскері жіберілгеннен хабардар болған С. жасағымен Қызылқұм арқылы жүріп Жызакқа келіп, орыс әскерімен шайқасқа түсіп, оларды шегінуге мәжбүр етті. Бірақ бұл кезде Бұхар әмірінің әскері Самарқанд түбінде ген. К.П. Кауфман әскерінен жеңілген еді. Самарқандты қорғаушыларға С. жасақтары

мен келіп қосылғанымен қаруы басым орыс әскерлері жеңіске жетіп, Самарқандты алды. Бұхар әмірінің орыстармен бітімге келуін С. сатқындық деп бағалап, онымен де күресуге бел буды. Ол өзімен пікірлес әріптестерімен бірге қазақтар арасынан жасақ жинап, Нұратаны алды. Бұхар әмірі С-тың Нұратаны алғаны естігеннен кейін оған қарсы бес мың сарбаз бен сегіз мың атты әскер жіберді. Жазалауға жіберілген бұл әскер С-тың жасағымен бетпе-бет келгенде үрейленіп, ұрыссыз тізе бүкті. Осылайша С-қа он үш мың әскер қосылды. Алайда бұл әскер С-қа шын беріле қоймады. Соның салдарынан Зеравшан өз. бойында Бұхар әмірімен болған шайқаста С. маңында мыңға жуық адам ғана қалды, қалғандары шайқасқа түсуден бас тартып, қашып кетті. Бұл оқиғадан кейін ол Хиуа хандығы иелігіне өтіп, Сырдарияның сол жағалауын қоныстанған қазақтардың басшысына айналды. 1873 ж. көктемде Кауфман Хиуаны жаулауға аттанған кезде С. өзіне қарасты қазақтардан 700 адамнан тұратын жасақ құрды. Бұған Хиуа ханы түрікмендерден құралған 500 адамдық жасақты қосып, С-ты Кауфман бастаған әскерге қарсы аттандырды. Әмудария бойындағы Үшошақ деген жерде Кауфман әскерімен С. жасақтары шайқасқа түсті. Шайқас барысында Хиуа ханының орыс жаулаушыларымен келіссөз жүргізіп жатқандығынан хабардар болған С. өз күресін Қашқарға барып жалғастырмақ болды. Ол Гератқа өтіп, сонда үш айдай тұрақтап, Бадахшан арқылы Қашқарға келді. Мұнда оны Қашқардың билеушісі Якупбек қабылдап, оған әскери қолбасшы лауазымын береді. С. Қашқардағы мұсылмандардың көмегімен Түркістан өлкесін орыс жаулаушыларынан азат етуге болады деп үміттенді. Алайда 1877 ж. Қашқарды Цин империясы әскерлерінің жаулап алуына байланысты бұл үміт те үзілді. С. Қытай жаулаушыларымен шайқас барысында ауыр жарақат алды. 1878 ж. Ферғана өңіріне өтіп, орыс билігін мойындауға мәжбүр болды. Оған Сырдария обл-ның Шымкент уезінде тұруға рұқсат етілді. С-тың ерлік істерін Майлықожа мен Жамбыл ақындар жырға қосқан.

А.Махаева

СЫЗДЫҚ СҮЛТАН БАСТАҒЫН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС (1860–77 ж.). Сыздық Кенесарыұлы 19 ғ-дың екінші жартысында әкесі Кенесарының ұлт-азаттық күресін жал-



ғастырушы, Ресей империясының Оңт. Қазақстан мен Орта Азияны отарлауына қарсы күрескен ержүрек қолбасшы. Сыздық – Кенесарының екінші әйелінен туған бес ұлдың төртіншісі. Сыздық төренің өмірі түрлі тарихи кезеңдерге тұстас келіп, халқымыздың ұлт-азаттық күрес тарихында терең із қалдырды. Сыздық сұлтанның Ресей экспансиясына қарсы күресі 1860 ж. Ұзынағаш түбіндегі шайқасқа қатысуымен басталды. Орта Азияға орыстардың алғашқы жорығының бастауындай болған Ұзынағаш шайқасы 1860 ж. 18–21 қазанда Ұзынағаш түбінде, Қарақастек өз. бойында өтті. Бұл шайқасқа орыс әскерлері де қатты әзірленді. Қастек бекінісі күшейтілді, ондағы әскерлерге қолбасшы болып майор Экеблад тағайындалды. Қаскелеңдегі 100-дей қазаққа есаул Бутаков жетекшілік етті. Ұзынағаш пен Қастек бекінісінің ортасындағы Саурық қорғанында подпоручик Сялковскийдің әскерлері тұрды. Полк. Г.А.Колпаковскийдің басқаруымен Ұзынағаш шайқасына 4 зеңбірегі және 2 ракеталық станогы бар 3 рота жаяу әскер, 400 казак, барлығы 799 адам қатысты. 1860 жылдың 18 қазанында Қастекте 4 рота, 4 казак жүздігі, 3 ауыр зеңбірек, 4 жеңіл зеңбірек, Саурық қорғанында 1 рота және ракетті станок, Ұзынағашта 1 рота, 1 казак жүздігі және 2 жеңіл зеңбірек, Қаскелеңде қазақтардың $1\frac{1}{2}$ жүздігі, Алматыда 2 рота және қазақтардың $1\frac{1}{2}$ жүздігі, Іле бекінісінде 1 рота, 1 казак жүздігі және 2 зеңбірек болған. Орыс әскерлеріне шайқас кезінде поручик Вроченский, подпоручик Курковский, штабс-капитан Обух, есаул Бутаков, поручик Соболев, хорунжий Ростовцев, подпоручик Сялковский, Шаняевский, есаул Усов, сотник Жеребьятев және тағы басқалар жетекшілік жасады. Бұлардың көбі тәжірибелі әскерилер еді. Соғыс барысында орыстар жасырынып жатып, ал қоқандықтар аттың үстінде жүріп соғысқан. Сондықтан да орыс артиллериясы ұрыста шешуші рөл атқарған. Туған жердің тағдыры үшін шайқасқа қатысқан қазақтар жанкешті ерлік көрсетті. Ахмет Кенесарыұлының кітабында бұл шайқас туралы төмендегідей мәлімет келтіріледі: «Қанағатшаһ аттанғаны жайлы хабар алған соң, Колпаковский әскерін шекарадағы Қастек бекінісі маңына орналастырып күтіп жатты. Қанағатшаһ асудан асып, Ырғайты-Қайыңды деген жерге жеткен соң, Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандарға

қазақтардан құралған бір топ жасақ беріп: «Ілгері барып, ала алсаңдар, Ұзынағашты алыңдар. Ала алмаған күнде де жауды Қастекке жібермеңдер, ертең біз де жетеміз», – деп бұйрық берді... Сұлтандар Ұзынағашқа жеткенде, онда бір зеңбірегімен екі жүз солдат бар екен. Сұлтандар солдаттардың мылтық атуына да, зеңбірек атуына да мұрша бермей, шабуылға кірісті, сондықтан екі жақтан адам шығыны көп болған жоқ. Жаужүрек жігіттер жау шебіне шауып барып, солдаттардың қолдарындағы мылтықтарын да тартып алып жүрді. Осылай олар үш күн соғысты. Төртінші күн дегенде Қастектегі орыс әскері түнде кейін шегініп, Ұзынағашқа жақындады. Таң ата, Колпаковскийдің өзі басқарған сегіз жүз солдат мылтықпен де, зеңбірекпен де атқылап, сұлтандарды кейін шегінуге мәжбүр етті. Бұдан кейін де Ұзынағаш пен Қастек арасында бірнеше қақтығыс болды. Ақыры, «Саурық батыр қорғаны» дейтін жерге қырық мың әскерімен Қанағатшаһ паруанашы да келіп жетті. Мұнша көп әскерді көрген Колпаковский де тоқтады. Қанағатшаһ паруанашының әскері мылтық атып, түске дейін шабуыл жасады. Оның сарбаздары орыс әскеріне жақындаған кезде Колпаковский жеті зеңбіректі картөчпен оқтап, дүркіндете атуға бұйрық берді. Зеңбірек оғынан Қоқан сарбаздары топалаң тиген қойдай қырылды. Сол жерде жеті жүз сарбаз және көптеген атты әскер қаза тапты». Осы шайқаста қоқандықтар жағында шайқасқан әскерлердің шығыны туралы әр түрлі мәлімет бар. П. Пичугин қоқандықтардан 400 адам оққа ұшып, 600-і жараланды, ал орыстар жағынан 2 адам өліп, 32-сі (арасында подполк. Колпаковский мен подпоручик Сялковский бар) жараланды деп көрсетеді. Орыс әскери шенеуніктері Ұзынағаш шайқасында Қанағатшаһтың соғыс жоспарының өте дұрыс жасалғанын айтып, жоғары бағалады. Қанағатшаһтың жоспары бойынша: біріншіден, қару-жарақ көп жиналған, бірақ орыс әскерлері аз орналасқан Алматыны алу көзделді. «Алматыға шабуыл жасалса, – деп жазды І. Жансүгіров, – Қараталдан оңтүстікке қарайғы Ұлы жүз түгелімен Қоқанға қосылатын еді. Сөйтіп, әр жердегі бөлек-бөлек орыс әскерін бет-бетімен қоянша соғып жеңетін еді. Онда Ертіске шейінгі Орта жүз түгелімен қозғалып, тұс-тұсындағы орысты шауып жіберуі мүмкін еді». 1860



жылғы Ұзынағаш шайқасында Қоқан әскерінің орыстардан жеңілуі Кенесары ұрпақтарының өмір жолын екіге айырған болатын. Тайшық пен Ахмет сұлтандар орыс билігін мойындаса, Сыздық сұлтан: «Ата-бабамыздың ұстаған жолын тастап, орыс жағына шықпаймын. Олар Қоқанды алса, Бұхарға барамын. Егер Бұхарды да алса, онда, басқа мемлекеттер бар ғой, кез келген бір мұсылман еліне барармын. Қалайда ата-баба жолынан аумаймын!» деп, қоқандықтар жағында қалды. Осы сөзінде тұрған Сыздық сұлтан орыстардың Орта Азияны толық жаулап алуына дейін азаттық туын тік ұстады. 1863 ж. 21 қарашадағы орыс тыңшыларының мәліметтеріне зер салсақ, «Қоқан басшысының берген тапсырмасын ойдағыдай орындап, Арқабай өзімен бірге Сыздық Кенесарыұлын және найман руының Әжібай биін және сонымен қатар мырза Дәулетке зекет төлеуге дайын 19 адамды ерте келді. Сондай-ақ Сыздық сұлтан бекке өзімен бірге ала келген 9 жылқыны сыйға тартты. Созақ бекінісінің бегі болып, Сыздық Кенесарыұлы тағайындалып, Арқабаймен және найман руының биі Әжібаймен бірге Сыздық Созақтан шығып, Сібір басшылығына қарасты наймандардан зекет жинауға аттанды» деп жазады. 1864 ж. сәуірде Сібір мен Орынбор басшылары екі шепті түпкілікті байланыстыру мақсатында Әулиеата, Созақ, Шолаққорғанды алу жөнінде жоспар құрды. Сырдария шебінен шыққан әскер сәуірде Созақты алды. Шеп бастығы берген ақпарларында былай деп хабарлады: «Созақты алған соң, уақытты ұтымды пайдаланып, әскермен Түркістанға аттанбақшымын. Түркістан бекінісі басшысынан бізге бағынышты қазақтардан барымталған малды кері қайтаруды талап етіп, орындамаған жағдайда, қаланы жаратынымды айтып қорқытам. Қазақтардың Түркістан бегі Мырза Дәулетке наразылығын ескерсек және бекініс түбінде орыс әскерінің тұрақтануына байланысты қамалдың қақпасын ашып беруі мүмкін, сондықтан да қаланы алуға рұқсат сұраймын», – деп жазды. Сырдария әскери шебінің өтінішіне Түркістан, Созақ бектерінің осал жау емес екені ескертіліп, шілде айындағы Орынбордан келетін негізгі әскерді күтуге бұйрық берілді. Түркістанның қоршауға алынғанын естіп, Созақ пен Шолаққорған әскерлерінің біріккен күшін, 120 сарбазды бастап, Сыздық сұлтан Кенесарыұлы да ата-бабасының сүйегі жат-

қан Әзіреті Түркістанды қорғауға келеді. Сыздық сұлтан келгенше қала басшысы тек зеңбіректен, мылтықтан оқ атқаннан басқа, қаланы қоршауға алған орыс әскерлеріне қарсы еш әрекет жасамаған еді. Н.А. Веревкин болса, қаланың шығыс жақтағы дуалдарының астын кеулеп қазып, жарылғыш оқ-дәрі толтырып, қопаруға бұйрық береді. Түркістандағы қоқандық әскери басшылар орыс әскерлерінің Түркістанның дуалдарының түбін қазып жатқан әрекеттеріне қарсы не шара қолданарларын білмей, дағдарды. Сыздық сұлтан қоқандық әскерлерге бұл дағдарыстан шығудың жолы қазу жұмыстарын жүргізіп жатқан орыс әскерлеріне қарсы қамалдан шығып, соғысу керек деген ұсыныс жасайды. Қала бегі бұған қарсылық білдірмейді, бірақ өзі бастап, кірісіп те кетпейді. Қамал сыртына шығып, соғысу туралы бастаманы өз қолына алған Сыздық сұлтан 100 сарбазбен дуал астын қазып жатқан орыс солдаттарына түн ортасында тұтқиылдан тап беріп, 5 солдатты өлтіріп, қалғандарын қашырып, 30 мылтық пен құрал-саймандарын алып, қалаға оралады. Орыстар 3 күн бойы ес жия алмай, үңгір қазуын тоқтатады. Сыздық сұлтан үшінші күні Мырзадәулетке жауды жеңу үшін қол құсырып, отыра бермей, тағы да қамал сыртына шығып, соғысуды ұсынады. Мырзадәулет өзбектердің қамалдан шығуына рұқсат бермейтінін, ал өзі сарбаздарымен шығамын десе, қарсылық білдірмейтінін айтады. Сыздықтың тағы да қамалдан шығып, орыстаға шабуыл жасайтынын Веревкиннің тыңшылары астыртын хабарлап үлгереді. Орыстар қала қақпасынан шығатындарды андып, жақындатып барып, оқтың астына алуға дайындалып тұрады. Түн ортасында тағы да Сыздық сұлтан мен Құрбанжан Қосымқожаұлы 200 жігітті бастап, орыс әскерлеріне шабуыл жасап, зеңбірек пен мылтықтың бораған оғына қарамастан, 1 сағаттай соғысады. Сыздық жігіттері орыс солдаттарына тап бергенде, қала тұрғындары кернейлетіп, ұран шақырып, айқайға басып, Сыздықтың батырларына қолдау көрсетіп, тілеулерін тілеп, дем береді. Түркістан түбіндегі осы шайқаста Құрбанжан мен 40 жігіт шаһид болып, 50 адам жараланады. Бүкіл түркі-мұсылман жұрты аса қастерлейтін Түркістан қаласы үшін болған күресте көрсеткен Сыздық сұлтанның ерлік ісі бүкіл Тұран жұртына естіліп, есімін елі ардақтай бастайды. Әлімқұл аталық та 27 жасар Сыз-



дық сұлтанның бұл ерлігін жоғары бағалап, бұрынғы пансат лауазымын қайтарып беріп, сый-сыяпат жасайды. Оның әр басқан ізін орыс шенеуніктері де қалт жібермей қадағалауға алады. Түркістан қ-н 1864 ж. 12 маусымда 1495 орыс әскері 43208 оқ жаудырып, күшпен алды. Онда да бүкіл түркі-мұсылман жұрты қастерлеген Қожа Ахмет Иасауи кесенесін қиратпақ болып, атқылауға алып, қала халқын берілуге мәжбүрлеу арқылы алады. Орыс әскерлерінің Қожа Ахмет Иасауи кесенесін зеңбірекпен аяусыз атқылауға алғанына шыдай алмай, қасиетті орынды құтқарып қалу үшін Жанги Өтепов басына төнген қауіпке қарамай, кесененің төбесіне шығып, жасыл туды көтеріп, қаланың берілетінін білдіруге мәжбүр болды. Түркістан қ-ның қақпасын Ж. Өтепов ашып бергенде, Сыздық төре мен қала бегі Мырзадулет қалада жоқ еді, Ташкенттен әскери көмек әкелу үшін олар қаланы қорғауды тұрғындарға тапсырып және оны жауға бергендер өлім жазасына кесілетіндігін қатаң ескертіп, Шымкентке бет алған болатын. 1864 ж. 7 шілдеде М.Г. Черняев 1298 адамнан тұратын, 2 ракеталық станокпен, 10 зеңбірекпен қаруланған әскермен Әулиеатадан Шымкентке қарай шығады. 10 шілдеде әскер Шымкенттен 50 шақырым жерде Арыс бойындағы Ескі Шу деген жерге жетеді. Черняев мұндағы халықтың қоқандықтар жағына шығып, өздеріне қарсы тұрғанын байқаған соң, полк. Веревкиннен Шымкентті алу үшін қосымша отряд жіберуді сұрайды. Веревкин Черняевқа көмекке капитан Мейер бастаған 400 адамдық 3 зеңбірегі, 2 ракеталық станогы бар отрядты Түркістаннан Шымкентке қарай аттандырады. Әлімқұл Шымкентке батыс жақтан келе жатқан Мейер отрядын Черняев отрядымен жолықтырмай, жойып жіберуге әрекет қылады. Әлімқұл әскері құрамында қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік жігіттері бар еді. Олардың арасында зеңбіректі пайдалану ісінің шебері қабулдық ауған Жамадар да болды. Ұлы жүздің бестамғалы руының Шоқай биі өзге руластарына жазған хатында Әлімқұлдың 60 зеңбірекпен Шымкентке жақындап келе жатқанын мәлімдейді. Әлімқұл мен Мейер отряды Шымкенттен 12 шақырымдай болатын Ақбұлақ деген жерде 13 шілде күні кешке жақын кездесіп, 14 шілде күні таңғы сағат 8-де кескілескен шайқас басталып, арпалыс 16 шілдеге дейін жалғасады. Ақбұлақ шайқасында Әлімқұлмен иық тіресе ерлікпен

күрескен Сыздық сұлтан Кенесарыұлы еді. Мейер отрядына қарсы алғашында Сыздық төре жігіттері аттандырылады. Сыздық төре Кенесарыұлы бастаған 10 мыңдай атты жігіттерді Әлімқұл аттан түсіріп, жаяу шабуылға шығарады. Ақбұлақ шайқасындағы Сыздық сұлтан бастаған қолдың сәтсіздікке ұшырағанын, бірақ оларды бастап шыққан Сыздықтың көзсіз ерлігін А. Кенесарин былайша суреттеп жазды: «Ту ұстаған Сыздық сұлтан жігіттерін өзі бастап, жүз қадам жерге келгенде орыстар үш жүз мылтықтан оқ жаудырды. Біріне-бірі тығылып келе жатқан жігіттердің алдыңғылары жаппай құлады, кейінгілері үрейлері ұшып, жерге жата қалды. Он мың адамның біреуі басын көтеруге жарамады. Тек Сыздық сұлтан ту ұстаған күйі, солдаттардан жүз қадам жерде, бір сағаттай тік тұрды. Солдаттар оны өршелене атқанда тудың шүберегі шүрк-шүрк тесіліп, сау жері қалмаған еді. Бірақ Сыздықты құдай сақтады. Бір сағаттан кейін Әлімқұл молда адам жіберіп, оны кейін шақырып алды. Сыздық кейін қайтқанда, жер бауырлап жатқан жігіттердің бәрі бастарын көтеріп, онымен бірге қайтты. Осы ұрыста мың адам қаза тапты, олардың өліктері кешке дейін жинап алынды. 14-інен 15-іне қараған түні штаб капитан Мейер, Черняевқа хат жолдайды. Онда өзінің Ақбұлақта екендігін және жағдайының өте ауырлығын баяндап, көмек сұрайды. Черняев көмекке старшина Катанаев басқарған 125 атты әскерді жібереді. Катанаевтың соңынан зеңбірекпен қаруланған 25 казак пен 30 адамнан тұратын қазақ жасағын қоса аттандырады. Көмекке келген Катанаев әскері де үлкен қарсылыққа тап болады. Ұрыс кезінде Катанаев әскерінен 12 казак қаза тауып, осыншасы жараланады. Черняев алдыға зорлықпен қосып алған қазақ, қырғыздарды салып, өздері олардың соңынан жүре отырып, артилерияның күшімен Катанаев отрядын құтқарып қалады. Капитан Мейер артқа шегінген жолда подполк. Лерхе отрядына кездесіп, соған қосылады. Орыстар жақтан Ақбұлақ шайқасында 13 кісі өліп, 67 кісі жараланды. Ақбұлақ шайқасы орыстардың жеңілісімен аяқталды. 1864 жылғы 17 шілдедегі капитан Мейердің мәліметінде былай көрсетілген: «Бір жарым күннен кейін қоқандықтар үш зеңберекті биік жар үстіне орнатып, біздің лагерьге қарай дәлдеп ата бастады. Оқтары біз бекінген жерге дәл тиіп жатты. Сырдария әскерлері бұрын-соң-



ды мұндай оқиғаға тап болмап еді. Кеш бата артиллериялық шабуыл тоқтады. Біздің жақтан үлкен шығын болды. Түнімен әскерлер дем алмай, күрекпен, мылтықтың найзаларымен ор қазды. Таң ата кішкентай лагерь үлкен бекініске айналды». Шымкент түбіндегі алғашқы шайқасқа шанышқылы руынан Қатты батыр, Саза датқа, сіргеліден Шүкәлі датқа, Құралбай датқа, қаңлыдан Алашбай батыр, Бұдабай батыр қатысып, қазақ батырларының басшысы Мұхаммед-Қарауылбек болды. Сонымен бірге, бұрынғы Түркістан бегі Мырза-Дәулет, Календар батыр, Худоярбек, Кенекес, Темір датқа, Исламқұл датқа, Анарбай датқа, Күшік молда да қатысты деп көрсетіледі. Олар 3 күн тоқтаусыз шайқасқанда, алдыңғы легінде қазақтар, кейін қыпшақ, қырғыз, сарттар тұрған. Черняев Шымкентке барлау жұмыстарын жүргізіп, қалаға жақындай түсті. Деректерде қоқандықтар 8 зеңбіректен аса дәлдікпен атылған оқпен қарсылық көрсетеді. Ол қалаға екі рет шабуыл жасап, кері шегінуге мәжбүр болған. Н.А. Веселовскийдің мәліметі бойынша, шанышқылы, қаңлы рулары орыстардың орт. қанатына шабуыл жасаған. Орыс әскері Қосдиірмен мен Бадамға шоғырланған болатын. Әлімқұл, Мыңбай басқарған қоқандық әскер Қосдиірменге жақындағанда, орыс әскері зеңбірек пен мортирден оқ жаудырды. Черняев пен Әлімқұл карама-қарсы туларын тігіп, шанышқылы, қаңлылар орыс әскеріне ашық шабуылға шықты. Шайқас кезінде Бадам өз-нің суы қанға айналып, Мыңбай батыр қарсы жақ әскерінің басын бірінен кейін бірін шабады. Келесі күні қайта басталған ұрыста Мыңбай жараланып, Қошқарата маңына жерленеді. Оның мәліметтерінде Шымкент түбінде Әлімқұл, Мыңбай, Сыздық төре басқарған қазақ, қырғыз, сарт әскерінің аянбай соғысқанын және шайқаста қаңлы, шанышқылы, сіргелі руларының ерлігі айтылады. Шайқас орыс әскеріне Әлімқұлдың осал жау еместігін көрсетті. Шайқаста Черняев әскерінің құрамында болған капитан Г. Сялковский 1891 жылғы өзінің естелігінде «Көпке созылған атысулардан нәтиже шықпады. Қолбасшымыз амалсыз шегінуімізге бұйрық берді», – деп жазды. Әлімқұл Шымкент қ-ндағы жеңіс күнінің ертесінде әскер басшыларымен болған кеңесте тәуелсіздік үшін күрес жолында қаза тапқандарға дұға оқып, келесі шайқастың

үлкен болатынын ескерте отырып, қорғанысты нығайту мүмкіншілігін қарастырып, әскер басыларға нақты нұсқауларын берді. Шымкент бекінісін қорғау Ташкенттің бектербегі Мырза Ахметке тапсырылды. Ал сұлтан Сыздыққа Шымкент пен Ташкент аралығындағы бекіністерді нығайту мен жаңа күштерді топтастыру міндеттері жүктелді. Әлімқұлдың өзі үлкен күштерді жинау мақсатында Қоқанға кетеді. Сондай-ақ ол Бұхар, Хиуа хандықтарын біріктіру арқылы Ресейге қарсы соғыс одағын құруға күш салды. Ағылшын үкіметінің де басты көздеген мақсаты – Қоқан, Бұхар және Хиуа хандықтарының біріккен одағы құрылып, Ресей империясына қарсы тұрса, онда өздерінің Ауғанстан мен Үндістандағы биліктеріне қауіпті болмайтынын сезді. Егер бұл одақ құрылса, Ресей мен Ағылшын отарларының аралығындағы сенімді қабырға болады деп есептеді. Бірақ Ресей империясы мұндай одақтың құрылуына мүмкіндік тудырмады. Черняев Әулиеатаға қайтар жолда Шымкент түбіндегі шілдедегі шайқастарда Әлімқұл әскеріне белсенді түрде жәрдем берген, орыс поштасын талқандап отырған Ұлы жүздің сіргелі руы ауылдары қонған Арыстың оң жағалауын бойлай, жоғары өрлей жүреді. Ондағы мақсаты сіргелілерге қыр көрсету, әрі қажетті мәліметтер жинай кету болатын. Шымкентке жасалған алғашқы шабуылда орыс әскерінің зеңберектерінің оғының алысқа ұшуы мен дәл тиуі қоқандық зеңберектерге қарағанда төмен еді. Бұл кезде қоқан әскері соңғы үлгідегі ағылшын зеңберектеріне қол жеткізген болатын. Міне, осылайша, ген. Черняевтің Шымкентке жасаған алғашқы шабуылына Сыздық бастаған сарбаздар тойтарыс бере білді. Шымкент түбіндегі алғашқы жеңіліс Сырдария әскери шебі мен Черняев басқарған әскерді біріктіру қажеттігін көрсетті. Билікті бір қолға алу мақсатында Жаңа Қоқан шебі құрылды. Шеп Шу өз-нен Жанақорған бекінісіне дейінгі аймақты алып жатты, оны басқару ген.-м. Чернявке жүктелді. Жаңа Қоқан шебінің құрамы 13 рота жаяу әскер, 5 казак жүздігінен тұрды және 24 зеңбірек, 14 мортирмен, ракеталық станокпен қаруланды. Бұл шеп уақытша Батыс Сібір құрамында болды. Шымкент түбіндегі орыс әскерінің жеңілісінен кейінгі алғашқы мәліметтер бойынша, қоқандықтар бекініс түбінен орыс



әскеріне шабуыл жасап отырған. Шабуылдардың негізгі бөлігінде Сыздық төренің аты аталады. Мыс., тамызда Арыстанды өзінің бойында Сыздық тұрды деп келтірілсе, келесі деректе, оның Шілік бекінісіне аттандырған 70 адамы сотник Ливкинмен шайқасып, шайқаста қокандықтардың 18-і қаза тауып, олардың басшысы Өтеген қолға түскен деген ақпарат кездеседі. Ендігі бір деректе ол қазақтарды Қокан әскерімен біріге отырып соғысуға шақырды деп келтіріледі. Мұрағат мәліметтерінде Сыздық сұлтан бестамғалы мен қоңырат руларынан орыс әскеріне қарсы күресте өзін қолдауын өтінеді. Бірақ бұл рулардың кейбір топтары Сыздықтың өтінішінен бас тартып, бестамғалы руының үлкен бөлігі Әулиеата бағытына көшсе, ал қоңырат рулары Перовск бағытына көшеді. Шымкентті орыс әскері басып алардың алдында Қокан хандығының өз ішінде екі саяси топ құрылады. Біріншісі қыпшақ партиясы – орыс отарлауына қарсы тұрса, ал екінші сарт партиясы орыстармен бейбіт келісімге келіп, экон. және саяси байланысты нығайтуға күш салған сауда қолөнершілер еді. Осындай саяси қайшылықтарды жансыздар (тыңшылар) арқылы білген Черняев барлық күштерін топтап, Әлімқұлдың қайтып келуіне дейін Шымкентті басып алу жоспарын жасайды. 1864 жылдың 19 қыркүйегінде Черняев әскері мен подполк. Лерхе бастаған екі отряд Шымкент түбінде қосылып, жергілікті жердің жағдайын барлап алғаннан кейін, 20 қыркүйекке қараған түні қалаға шабуыл жасау үшін батареялар тұрғызуға кірісті. Черняевтің қалаға жасаған алғашқы артиллериялық шабуылы нәтижесіз болды. Қаланың дуалының қатты болуы және қокан әскері қарсылығының күшті болуы Черняев әскерін абыржытты. Осы абыржыту қокан әскерін жігерлендіре түсіп, ашық айқасқа көшті. Міне, осы жағдайды подполк. Лерхе дер кезінде пайдалана білді. Лерхе капитан Сялковскийді өз тобымен дуалдың сол жағымен жылжытуға, ал капитан Мрочекқа оң жағымен жедел қала қақпасына қарай жылжуға бұйрық береді. Лерхе қалған әскермен тіке қала қақпасына қарай шабуылдады. Осылайша Лерхе ашық айқасқа шыққан қокан әскерін өкшелей отырып, бекініс қақпасына жеткен олар қала қақпасын алып, қалаға басып кіреді. Черняев Лерхеге көмекке 2 рота мен артиллериялық

взводты қосымша жібереді. Қокандықтардың абыржуын пайдаланған Черняев өз отрядымен қаланың қамалына басып кіреді. Қала халқын аяусыз қырғынға ұшыратқан Черняев әскері қаланы толықтай басып алды. Орыс әскерінің Шымкентті басып алуы кезінде 6 адамы қаза тауып, 41 адамы жараланады. Ресми деректерде Шымкент бекінісі 22 қыркүйекте орыс отаршыларының қолына өткендігі айтылады. Шымкентті басып алып, оның халқын аяусыз қыруда аты шыққан Черняев Шымкент арқылы Орта Азияға қақпа ашылды деп есептеді. Черняев отрядының Сайрамға шабуылы кезінде де орыс отрядына ілескен қазақтар мен қырғыздар шабуылға бірінші болып кіргізілді. Солардың арасында қазақ, қырғызға танымал Сұраншы батыр, Сарыбай би, Жайнақ би де бар еді. Сайрамды алуда қазақ, қырғыздан арасында Сұраншы батыр да бар 10 кісі қаза тауып, Сарыбай би сияқты көптеген адамдар ауыр жарақат алды. 1864 ж. 27 қыркүйекте Черняев орыс әскерлерін бастап Ташкент қ-на қарай жүріп кетті. 4 қазанда ташкенттіктердің қатты қарсылығына ұшырап, қаланы ала алмай, 70–80 адамынан айырылып, Шымкентке қайтып келеді. 1864 жылдың 1 қазанынан 4-іне дейін Ташкентті қоршауға алған Черняев бұл жолы да жалған ақпарат беріп, Ташкент түбінде орыстардан 18 адам ғана өлді деп орт-қа мәлімдеме түсіреді. 1864 ж. Әлімқұл орыстардың қол астына өткен Түркістан қ-н олардан тартып алу мақсатында аттанғанда, орыс әскері мен қокандықтар арасындағы Иқан түбіндегі болған шайқаста Сыздық Кенесарыұлы Әлімқұлдың оң қолы болған. Бұл кезде Иқан а. көлемі жағынан 200-ге жуық үйден тұрды. Мұнда тұратын адамдар диқаншылықпен айналысты. Иқан а-ның түбінде болған шайқаста Сырдария шебінен шыққан әскерді орал казактарының есауылы В.Р.Серов басқарды. Осы ұрыста Әлімқұлға Сыздық сұлтан 800 әскерімен көмек көрсетеді. 1864 ж. 4–6 желтоқсанда Иқан түбіндегі ұрыста Сыздық бекіністегі орыс әскеріне шабуылдауда әкесі Кенесарының Ақтау бекінісіне жасаған соғыс тәсілін қолданады. Сыздық сұлтан есаул Серовқа Түркістаннан көмекке жіберілген подпоручик Суворко мен Степанов бастаған, 2 зеңбірек сүйреткен, 220 адамнан құралған отрядты Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, шайқасқа түседі. Осы



ұрыста Сыздық сұлтанның аты оққа ұшып, 17 жігіті жараланады. Жазық жерде отрядқа жақындап келіп соғысу мүмкін болмай, Сыздық қолы атыса жүріп, Иқан жолымен шегінеді. Сыздық сұлтан орыс әскерлерін адастырып, кері қайтаруды ойлап, жігіттерін ертіп, Түркістанға қарай бұрылады. Оның жігіттері Түркістан маңындағы Әли қожа бағына кіріп, тоқтағанда, орыс отряды есаул Серов отряды талқандаған екен ғой деп ойлап, Түркістанға қайтып кетеді. Солдаттардан, осылайша, із жасырып үлгерген Сыздық сұлтан қайта Әлімқұлға жәрдем беруге келеді. Олар әлі Серов отрядымен соғысып жатқанын көріп, бекініп алған солдаттарға әкесі Кенесары сияқты қамыс, жусанды орып, соларды оқ өтпейтіндей қалың етіп буып, бау жасауды, содан соң, сол бауды қалқа қылып, домалатып барып, жақындап алып, ұрыс салуды ұсынады. Әлімқұл Сыздықтың бұл аяласын құп алады. Есаул Серов та өз естелігінде қоқандықтардың қамыстан, шөптен бау жасап және екі дөңгелекті арбаға қалқан орнатып, жақындап келіп, ұрыс салғандарын көрсеткен. «Орыстар көп өлді, мұсылмандар да көп шейіт болды. Ақыры бауды домалатып жүгірді, – деп әңгімелейді Иқан шайқасы жөнінде Мирзоолим Мушриф, – Орыстың зенбірегі мен мылтығының оғы баудан өтпеді. Жақын барып, «Аллаху акбар» деп орға кіріп, қоян-қолтық араласып, ұрыс салды. Қырғыздар қатты айқасты. Ұрыс кезінде байқатпай, бірнеше орыс қашып шығып кетті. Олардың сондарына түскен батырлар қуалап, Түркістанға дейін барды. Ұрыс алаңын тастап, өлгендер мен жаралыларына қарамай, бас сауғалап, 30 шақты аман қалған солдаттарымен қашып шыққан есаул Серов болатын. Сыздық сұлтан оларды қуып жетіп, бітімге келуді ұсынады. Бірақ Сыздықтың келіссөз бастағалы тұрғанын білмеген өзбек сарбаздары бірнеше орыс солдатын ту сырттарынан келіп, қылышпен шауып, өлтіріп кетеді. Бұдан соң, тағы қызу ұрыс басталады. Осы кезде тағы да Түркістаннан 300 солдат келіп қалып, Серовты қалған адамдарымен құтқарып қалады. Иқан шайқасында Сыздық сұлтанның атына 5 жерден оқ тиіп, өліп, өзінің де аяғына оқ тиіп, жараланады. Аттан құлаған Сыздықты казактар қоршауға алғанда, Әлімқұл дереу жәрдемге ұмтылып, 15 атты казакты өлтіріп, өзінің көреген казак қолбасшысын құтқарып алып, казак пен

қырғыздың бауырластығын тағы бір паш етеді. Осылайша, Әлімқұл молда мен казактың текті ұлы Сыздық сұлтан бастаған түркі-мұсылман әскері Иқан шайқасында ерліктің тамаша үлгісін көрсетті және орыс басқыншыларына қарсы жан аямай күресті. Еуропалық әскери тарихшылар Иқан шайқасын әскери өнердің тамаша үлгісі ретінде жоғары бағалады. 1865 ж. мамыр айында ген. Черняев басшылығындағы патша әскерлері үлкен дайындықтан кейін, Ташкент қ-н басып алу үшін келіп, қаланы қоршауға алады. Ең үлкен шайқастың бірі Сарытөбеде болды. Әлімқұл бұл жерде ауыр жарадар болып, көп кешікпей қайтыс болады. Сыздық сұлтан оны қадірлеп, Шайхантаур мазарына қойдырады. Ташкентті қорғау басшылығына Сыздық тағайындалады. Ол Ташкент қ-ның бас қазысы молло Сәлімбекпен, Хаким-Ходжа және тағы да басқа басшылармен кеңес өткізеді. Ташкент қ-ның он екі қақпасын топырақпен бекітуді тапсырады. Арыстанбек, Бекбау датқаларға қаланың қақпаларын нығайту міндеттерін жүктейді. Үш күн, үш түн орыс әскерлерінің шабуылдарына тойтарыс беріп отырды. Төртінші күні ген. Черняев қала қақпасына жақын жерлерден оқ боратты. Ген. Черняев ташкенттіктердің табандылықпен қарсыласуына таң қалып, «Әлімқұл қайтыс болған болса, бұл қарсыласуды кім басқарды?» – деп таңданғанда, «Әлімқұлдың орнына Сыздық сұлтан басшылық жасауда» деген хабарды естиді. Сонда ол «Бұл қолбасшы Әлімқұлдан да күшті екен» деп, оның қорғану әдісіне мән берген. Ташкент қ-ның қорғанысының ұзындығы 24 шақырым болып, оның 200 мың халқы бар еді. Жаудан қорғануға 30 мың кісі қатысты. 22 мамыр күнгі шайқас қаланың сусыз қалуы мен азық-түліктің жетіспеуінен жағдайды ауырлатып жіберді. Бірақ қала халқы бұған мойымай, берік қорғанысты күшейте түсті. Мұны Сыздықтың тапқыр басқаруымен байланыстыруға болады. Билік үшін болған өзара ішкі күрес ақыры Ташкенттің орыстар қолына өтуіне әкеліп соқтырды. Сыздық сұлтан Бұхар хандығының жеріне кетеді. «Қонысты орыс алғаны» атты жырында Майлықожа ақын Иқан шайқасындағы Сыздық ерлігін былайша жырға қосты: «Қоқан қорықты ұрысты көре-көре, Әр кілтін қорғанның бере-бере, Иқанның бір ұрысында ерлік қылды, Баласы Кене ханның Сыздық төре, Хан-



дығы Әлімқұлдың кие болды, Сыздықтың сол ерлігі жүйе болды. Орыс барып Ташкенді алар жылы, Қайтқан баққа бес-алты ай ие болды». Сыздық сұлтан мен Черняев әскері арасындағы Жизақ соғысында Черняев әскері Сырдарияға қарай шегінеді. Одан кейінгі шайқас Шардарада болады. Сыздық өзімен бірге Арсыланбек, Бекбай датқаларды алып, Шардараға қарай бет алып келе жатқанда, ген. Черняевтің 400-ге жақын әскері жергілікті Шардара халқын қырып, малдарын тонау кезінде, тұтқиылдан шабуыл жасап, жергілікті халықтың аман қалуына көмектеседі. Жергілікті халық Сыздық сұлтанға дән риза болып, Сырдария бойындағы жаудың кемесіне шабуыл жасауына көмектеседі. «1867 жылдың 4 мамырында есаул Ончаков бастаған 70-ке жуық Орынбор казак әскерін Қазалы фортының маңындағы Сары Шығанақта Сыздық Кенесарыұлы 2 мыңдай адаммен 3 күн, яғни 7,8,9 мамыр күндері қоршауда ұстап, аптап ыстықта сусыз қалдырып, үлкен шығынға ұшыратады. Нәтижесінде Орынбор казактарының 20 адамы қаза тауып, 5-еуі жараланады. Бұдан кейін Сыздық Сырдарияның оң жағалауына өтіп, бірінші және екінші форт аралығындағы байланысты үзіп, орыс билігін мойындаушы қазақ ауылдарына шабуыл жасаған. Сондай-ақ бірінші фортқа жақын жерде осы топ біздің сауда керуендерімізге шабуыл жасап, тауарларын тонап алды», – деп жазады орыс деректерінде. Сыздық сұлтан 1867–75 ж. орыс әскерлерінің Бұхара мен Хиуа хандықтарына жасаған жорықтарында оларға күтпеген жерден шабуыл жасап, алға жылжуларына кедергі жасады. Бұл хандықтарды орыстар басып алғаннан кейін, Ауғанстан арқылы Қашқарға кетеді. 1875–77 ж. Сыздық сұлтан Қашқардағы Жақыпбек әскерінің бас қолбасшысы болды. 1877 ж. Қашқардағы Жақыпбек құрған мемлекетті қытайлар басып алғаннан кейін, Сыздық сұлтан азаттық үшін күресті тоқтатып, туған еліне оралады. Бірақ бейбіт уақытта да патшалық билік Сыздық сұлтанның басқан ізін қадағалауда ұстайды.

Р.Оразов

СЫПАТАЕВ Ербол Мұқажанұлы (10.3.1964, Алматы обл. Панфилов ауд. Еңбекші а. – 23.12.1986, Алматы қ.) – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1981–82 ж. кеңшарда жүр-

гізуші болып істеді. 1982–84 ж. Кеңес Армиясы қатарында болды. 1985 ж. Алматыдағы энергетика ин-тына (қазіргі Алматы энергетика және байланыс ин-ты) оқуға түсті. 1986 ж. 17–18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік



Е.Сыпатаев

жүйеге қарсы көтерілісіне белсене қатысты. 18 желтоқсан күні ауыр жараланып ауруханаға түсіп, сонда қайтыс болды. Мәйітін ауылына Ішкі істер мин. мен Мемл. қауіпсіздік қ-тінің қызметкерлері арнайы қарауылдап апарған. Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана С. жөніндегі шындық айтыла бастады. Ол туралы баспасөз беттерінде, Желтоқсан көтерілісіне байланысты жарық көрген жинақтар мен кітаптарда жазылды. Жаркент қ-ндағы бір көшеге (1995), ауылындағы оқыған мектебіне (1998) есімі берілді. 1999 ж. қабірінің басына ескерткіш-белгі орнатылды.

Р.Ысмай

СЫПАТАЙ Әлібекұлы (1782, Жамбыл обл. Мерке ауд. – 1868, сонда) – батыр. Ұлы жүз дулат тайпасының ботбай руынан. 19 ғ-дың 1-жартысында қокандықтардың елге көрсеткен зорлық-зомбылығын көріп өскен С. батыр Қоқан хандығынан елін азат етуді өз өмірінің басты мұраты еткен. Атқа мініп, қол жинап, салық жинастырған Қоқан ханының жасауылдарын елден қуды. Міне, осы кезде оның ұйымдастырушылық қабілеті ерлік істерімен ел құрметіне бөленді. Диканбай, Тойшыбек батырлармен тығыз байланыста болады. Арқадан ығысқан Кенесары хан оңт-ке келіп, Қоқан бекіністеріне шабуыл жасағанда ел азаматтарын бастап, С. Кенесары ханға қосылып, оның сенімді батырларының біріне айналды. Бірақ Кенесары хан қырғыздарға қарсы соғыс ашқанда, С. одан бөлініп, өз әскерін бастап кетіп



қалған. Оның өзіндік себебі де бар еді. Жиырмадан жаңа аса берген албырт кездерінде өз елінің жуандары ағайынды екі батырды – Андас пен С-ды сыйғызбай қуып жібергенде, олар көрші қырғыздарға барып паналаған болатын. Қырғыздар елін Қоқан басқыншыларынан қорғасқан екі батырға риза болып, алдарына мал салып, үстеріне үй тігіп, қоныстығына жер берген. Қырғыздардың солто тайпасының манабы Қанай С-дың екінші әкесіндей болып, үлкен қамқорлық көрсеткен. Өздеріне адамгершілікпен соншалық жақсылық жасаған елге шабуыл жасауға ұзданы жібермеген әрі ата жұртының ежелгі көршілес бауырлас елімен қарым-қатынасын бұзғысы келмеген. Сөйтіп, екі жақтың арасындағы қантөгіске қатысудан бас тартқан. 1863–64 ж. ген. М.Черняев бастаған орыс әскерлерінің Қоқан хандығына қарсы жорығына С-дың балалары қатысты. Жамбыл обл-ның Мерке ауд-нда бір ауыл С. батыр есімімен аталады.

Ә.Ақпейілов

СЫПАТАЙ Саурықұлы (1837, қазіргі Алматы обл. Жамбыл ауд. – 1899, сонда) – Қоқан хандығы басқыншыларына қарсы күрескен батыр. Ұлы жүз шапырашты руының есқожа тармағынан. 1857 ж. Ш.Уәлихановтың Жетісуға сапарында оны Іле өткелінде Діқанбай батырмен бірге қарсы алып, жергілікті халықтың кәсібі, әдет-ғұрпы жөнінде көптеген мәліметтер берген. С. 1860 ж. Қоқан әскеріне қарсы Ұзынағаш шайқасына қатысқан. С. батырдың ерлігі, елін қорғаудағы жауынгерлік жорықтары Жамбыл мен Құланаян Құлмамбет, Жамбыл мен Сарыбастың айтыстарында, Сүйінбайдың жырында айтылған.

М.Жолсейітова

СЫПЫРА Қарабатырұлы (т-ө.ж.б.) – Кіші жүз ішіндегі алаша руының биі. 1787 ж. қыркүйек айында Қобда өз-нің бойындағы 39 мың 200 түгін атына 3 расправа құру туралы келісімге старшындар қол қояды. С. би расправа мүшелерімен бірге осы жылдың 16 қазанында Орынборға келіп ант берген. Сырым батыр орыс отаршыларының қазақ елінің шептеріндегі іс-әрекеттеріне қарсы күрес бастағанда, ақсақал жасына келген С.би Әбілқайыр ұрпақтарымен бірге бейбіт келісімді жақтады. Екатерина II патшайым С.бидің ел ішіндегі беделін ескеріп, өз жағына тарту үшін 1793 ж. 28 ақпанда оған тар-

хан атағын беріп, грамота жолдаған. Патша билігі С. би мен Тіленші тарханды Сырым батырға қарсы айдап салуға әрекеттенді. Бірақ бұл істері нәтижесіз болған соң орыс-қазақтар 1795 ж. С. би, Бөдене, Қаратау билердің ауылдарын шауып, тонады. Бұған шыдамаған 5 мың түгін күзде Жайықтан әрі қарай ішкері көшуге мәжбүр болды. С. би Кіші жүздің би-батырларымен бірге 1795 ж. 17 қыркүйекте Есім сұлтанды хан көтеру ұлықтауына қатысқан.

Әдеб.: Мұқтар Ә., Тарих айдынындағы тұлғалар, А., Арыс, 2013; Вяткин М., Батыр Срым, А., Санат, 1998.

С.Мәшімбаев

СЫР БОЙЫНДАҒЫ 1929–31 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІНІҢ СЕБЕПТЕРІ. КСРО кезіндегі көптеген еңбектерде Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары туралы атүсті баян етілген. Осыдан келіп, 1917–19 жылдарға қатысты коммунистер рөлі, большевиктер партиясының әділдігі туралы жалған ақпарат пайда болды. Мәселен, сол тұста Перовск совдепі қазақ кедейлерінің жағдайын ойлады, қамқоры болды деген әңгіме жалған екені анық. Сол жылдары Ақмешіт совдепі билігін қолында ұстаушылардың бірі большевик В.Агапов пен арнайы полктің солдаттары жергілікті халыққа білгенін істеп, көп зорлық жасаған. Перовск совдепіне 1918 ж. 20 қарашада қалалық милиция комиссары Эрфурттың жолдаған хатында Жлобин полкі қызыл әскерлерінің бір взвод болып қаланың әр жерінде тонаушылықпен айналысқаны, мал базарында 8 қазақ пен 1 милиционерге шабуыл жасағаны, олардың сол қазақтардан 3900 сом тонап алғаны, бір жлобиндіктің қауын сатып тұрған 1 қазақты нағанмен атқаны және т.с.с деректер бар. Сондай-ақ Қазан төңкерісіне қатысқан большевиктердің бірі, сол тұстағы оқиғалардың куәгері Георгий Сафаров Түркістан өлкесіндегі сол тұстағы саясат туралы: «Қырғыздарды тонау «кеңес» фирмасының атымен жүрді, осындай жағдайда түркістандық кеңес үкіметі мұсылман жарлы-жақыбайларына қарсы күрес жүргізді, оларды өздеріне жат және жау санайды, осы күресте европалық ұлт өкілдерін өздеріне одақтас етіп алып отыр. Сонымен бірге, орыс кулақтарын, патша шенеуніктерін, тіпті басбұзар поптарды қосып алған...» деп көрсетеді. Жазықсыз қамау, кінәсіз ату-

да шек болмаған. 1918–20 ж. Перовск (Ақ-мешіт) абақтысына қамалғандар саны туралы бір деректерде 266 адам делінсе, бірінде (С.Жүсіп) 339 адам деп көрсетеді. Қамалғандар тізімін қарағанда, олардың басым көпшілігі қазақтар, не мұсылмандар екенін көруге болады. Сейдалы Лапин мен Әлиасқар Лапинге «Кеңес үкіметіне қарсы зиянды үгіт-насихат жүргізді» деген айып тағылса (С. Лапин, Ә. Лапин және 9 адам кейін жазықсыз атылып кетеді), «ұрылар шайқасы» («Воровская шайка») деген желеумен қамалған Зарқұм Қуанышбаев, Қойшыбай Маркеев, Жартыбай Қожақұлов, Сейдахмет Зарқұмов, Қырықбай Биімбаев, Тобырбай Досанов, Бижүсіп Силдаев, Үмбет Түкішбаев, Жүсіпахмет Зарқұмов жаламен тұтқындалып, кейін атылып кетеді. Бұл Сыр бойындағы сол дүрбелең жылдардың шындығы болатын. Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де ел ішіндегі алауыздық шарықтады, мұны орыс билігі әдейі ұшықтырып отырды, көптеген тарихи зерттеулерде айтылмайтын жайт – 1916 жылы да елде аштық болды. Перовск уезінде жазықсыз мындаған адам жапа шегіп, әулет болып оққа ұшты. Оның үстіне кеңестік азық-түлік дайындау отрядтары елдің соңғы талшығына дейін қалдырмай тартып алып отырған. Б. Өсербаев, М. Когут, Т. Панкова құрастырған «Совет үкіметі үшін күрес» атты кітапшадағы И.А.Усовтың естелігінде: «...Орынборда Дутовтың үстемдік етіп тұруына байланысты Түркістан өлкесіне азық-түлік жеткізу тоқтап қалды. Перовскіде аштық басталды... Сонымен бірге екі мың түйеден керуен ұйымдастырылып, астық алып келу үшін Атбасарға жөнелтілді...» деген мәлімет келтірілген. Ал осы тұста өткен кеңестердің ІҮ съезінде аштыққа ұшыраған мұсылман жұрты туралы бір ауыз да сөз айтылмаған. Аштық сол кездегі Түркістан республикасының барлық аймағын, Перовск мен Арал, Ақтөбе аралығын шарпыған. Түркістан респ. әскери-революциялық кеңесінің төрағасы Казаковтың барлық облыс, уезд, болыс, қала совдептеріне аштыққа қарсы шұғыл шара көру туралы жеделхат беруінен де көп жайтты байқауға болады. Елден астық тартып алынды. Сафаров орыс переселендерінің Ақпан төңкерісінен бастап қыстақтарға, ауылдарға қожалық ете бастағанын, қазақтардың дүниесін өз қалтасы-

на қол салғандай тартып ала беретінін, олардан бәрін күшпен тартып алуға болады деген пікір саналарына сіңіп кеткенін де ашық жазады. Сол кезеңде Перовск, Қазалы уездерінде де, жалпы Қазақ елі бойынша есептегенде де қазақтар 95 пайызды, ал еуропалықтар 5 пайызды құрайтын. Сонымен қатар, еуропалықтар (орыстар) көбіне әскери, пошта, темір жол, телеграф және т.с.с мекемелерде қызмет етті, ал сол кездегі тәртіп бойынша оларға азық-түлік беріліп отыратын. Бұл да сол кез тауқыметін тек қазақтар ғана көргенін дәйектей түседі. Шалқар, Арал т. маңы мен Жаңақорған төңірегіне дейінгі аралықта еркін ғұмыр кешкен қалың елдің 1918–20 ж. үдере көшіп, бірі Өзбекстан мен Ауғанстанға, кейбірі Ресей мен Орт. Қазақстанға, енді бірі құс ұшпас жапан дала, қалың құмға қашуы – сол кезеңнің картинасы. Мыңдаған қазақ жол азабын көтере алмай өлсе, көбісі шекарашылар оғына ұшты. Сонымен қатар, ел сол тұста жұқпалы індетке тап болды. 1918 жылдың мамырынан басталған тырысқақ пен сүзек індеті уезд халқын ойсыратып өтті. Мәселен, Шухард деген уездік комиссардың Перовск совдепіне 1918 ж. 15 маусымда жазған хатында Тартоғайда індеттен қырылғандар жайлы хабарды тексергендігі, мүрделердің екі сағаттан ұзатылмай терең қазылған орларға көміліп жатқандығы, бір рет қана алты күн бойы көмілмей қалған мүрде анықталып, кінәлілер жазаланғаны туралы баян етілген. Облыстық мұрағат қорындағы 1918 жылдың 27 наурызында жасалған №11 тізімде Кеңтүп болысының бай деген адамдарының тізімі жасалып, оларға салық мөлшері белгіленген. Бұл тізімде де тек қазақтардың аты-жөні ғана бар. 1919 ж. болыстық кеңестердің сайлауын өткізу кезінде де елге шыққан сайлау өткізушілер орыс ұлтынан болғанын, олардың кейбірінің қасына қазақтар қосылғанын құжаттар көрсетуде. Бұл – сол кездегі орысшыл биліктің қазаққа сенбегенін білдіреді. Сонымен қатар, осы уәкілдер қазақ ауылдарында адам қалмағанының да куәсі болған. Мәселен, Перовскіден шыққан Маркар Зимин (қасында Мұса Тәжбенов бар) уаткомға баянхат жолдап, Қостам болысында әр ауылда 3–4 адам ғана қалғанын, сайлау өткізудің мүмкін еместігін жеткізеді. 1919 ж. 4–5 үйден құрылған майда жер өңдеу се-

СЫР БОЙЫНДАҒЫ

ріктестіктері (ТОЗ) 1927–28 ж. артельдерге біріге бастады. 1920–25 ж. бүкіл ел сияқты Сыр бойы аймағын мекен етушілер үшін де оңайға соққан жоқ. Ресейдегі аштық, соғыс Сыр еліне де өз зардаптарын тигізді. 1920 жылдан бастап Қазақстанда жаппай жүргізілген астыққа мемл. монополия мен салғырт салу ісінен Сыр өңірі де тыс қалған жоқ. Осы жылдың басында енгізілген салғырт (ет салымы) әдісі мал ш-на да бүйідей тиді. Егін өсіретін шаруашылықтардан астық түгелге жуық тәркіленіп алынды. Астық к-ттеріне бұған қатысты жасырын нұсқау түсіп, ел соңғы дәніне дейін мемлекетке өткізуге мәжбүр болды. Ел арасында қылмыс көбейді. Бір ғана Қараөзек болысына қатысты 1926 жылғы құжаттарда «...Болыстық атқару комитетінің тергеу бөліміне өткен жылдан осы уақытқа дейін 275 қылмыстық іс және басқалары келіп түсті, оның 10-ы халық сотына, 8-і халық тергеушісіне, 11-і уездік қалалық милицияға жіберілді. Болыстық милициядағы 246 істің 6-ы қалың-мал, 14-і төбелес жөнінде, қалған 226-ы қылмыстық істер...», – деп көрсетеді. Деректерден сол кездегі қылмыстық істердің басым көпшілігі ұрлық, мал ұрлығы болған көрінеді. 1920 жылдардың соңы да елге оңай соқпады, 1927 жылдан бастап қазақ ауылы баяғы 1922 жылдардың кебін қайта киді. Астық жинаушы өкілдер елге ойран салды, ойына келгенін істеді. Астық дайындау науқанының асқынғаны сондай, тіпті ақылға сыймайтын жайттарға да жол берілді, ол тіпті егін екпейтін, тек таза малмен күн көріп отырғандарға да салынды. Мәліметтер бойынша Кеңес өкіметі 1929 жылдан кейін ұжымдастыруды күштеп жүргізе бастаған.

Аудандар	Ұжымдастыру пайызы	
	1929 ж. 1 наурызы	1930 ж. 1 сәуірі
Арал	31,5	77
Қазалы	28,0	121
Қармақшы	62,8	112
Аламесек	89,1	159
Қызылорда	62,7	124
Шиелі	28,2	99
Қарсақпай	7,5	109
Теренөзек	47,9	85
Барлығы	41	104

Ел басындағы ауыртпалық, аштық азаматтарды ашындырмай қойған жоқ. Бірақ, олар әлі де Кеңес өкіметінен үмітті болатын. Бұл кезеннің айтулы оқиғаларының бірі – байларды тәркілеу (кәмпескелеу) болды, бұл қазақ халқы үшін өлшеусіз қасірет әкелді. Мәскеудің нұсқауына сай бай-шонжарларды тап ретінде жою мақсатында бай шаруашылықтарын тәркілеу декретін жүзеге асыру үшін БК(б)П Қызылорда окр. к-тінің 1928 жылғы 19 тамыздағы шешімімен құрамында 24 адамы бар окр. комиссия құрылды. Жергілікті жерлерге өкілеттік берілген адамдардың келуімен барлық аудандарда аудандық комиссиялар құрылып, үгіт науқанын жүргізуге 100-ден астам өкіл қатыстырылды. Қазақстан үкіметі мүйізді ірі қараға (сиырға) айналдырғанда 400 бас малы бар қазақ байлары тәркілеуге жатады деп белгілегенмен, Қызылорда окр. бойынша анықталған 56 байдың 12-сінің малы 400-ден аз болып шықты. Тәркілеу барысында 34 байдың малының саны үкімет белгілеген мөлшерден төмен болды. Бұл тәркіленген шаруашылықтардың 60 пайыздан астамы орта шаруалар болғанын көрсетеді. Тәркіленген малды бөлу сорақылықпен жүргізіліп жатты. Алдымен малды жинау пунктіне айдап әкеліп, жемсіз, сусыз қамап қойды. Малды артельдерге бөліп, оларды межелі жеріне жеткізем дегенше көпшілігі жол бойында қырылды. Окр. бойынша 10632 бас мал кедейлер мен батырақтарға бөлінсе, олардың 101-і БК(б)П, 55-і БЛКЖО, 847-і Қосшы одағының мүшелері еді, ал 116-сы жұмысшы, 770-і ұйымдаспаған халық тобы өкілдері болатын. Байлардың малына иелік жасағандардың қатарында жайылымдық жері мен жем-шөбі жоқ, малды асырап-бағуға жағдайы жоқ тақыр кедейлер де көп болды. Бұл өлкедегі мал санының кемуіне, елдің күйзелуіне әкеп соқтырды. Тәркіленген бай мүліктері арасынан киіз үйлер мәдени-ағарту мекемелеріне, кілемдер мен киіздері қызыл отаулар мен шайханаларға, үйлері мектептер мен медпункттерге, а.ш. құрал-жабдықтары Қосшылар одағына, жем-шөп пен қыстаулары батырақтарға, артельдер мен ұжымшарларға берілді. Қазақстанда деревнялар мен ауылдарға а.ш. өнімдерін дайындау жөнінде барынша қатаң нұсқау алып, өздеріне ерекше құқықтар берілген 812 уәкіл аттанды. 1929 ж. олар 15 мың адамды, ал 1930 ж. 16,3

мың адамды қамауға алды. Мұндай жаппай жазалау шаралары жергілікті жерлерде жағдайды шиеленістіре түсті. Қазақ ауылы өзінше қарсыласып жатты. Мал мен мүліктерін сату, қалалар мен құрылыс алаңдарына, басқа аудандар мен округтерге, тіпті, шетелдерге қоныс аудару етек алды, өз мүлкі мен отбасын қорғау мақсатында өкімет органдарына қарсылық білдіру, шаруалар көтерілістері бой көрсете бастады. Ел күшпен ұжымдасты, тәркіленген малдың көбі қырылып қалды. Алайда, өкімет тарапынан болған қысым – тәркілеу кезіндегі сорақалық, астық жинауға қатысты жөнсіздік пен зорлық елдің жаппай көтеріліске шығуына әкеп соқтырды. Мәселен, ауыл еңбекшілерінің алғашқы ұйымдасқан көтерілістері Қазақстанда 1929 жылы басталды. 1929 жылдың күзінде Сырдария оқр. Бостандық ауданының Ұзын, Піскем, Жанақырғыз қыстақтарында көтеріліс бұрқ етіп, Қазақстан құрамындағы Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қоңырат аудандарында да толқулар болды. Мұндай жайт Ақтөбе оқр-нің Табын, Ойыл аудандарында, Гурьев (қазіргі Атырау) обл-ның бірқатар аудандарында да болып, 1929 жылғы қараша айында Қостанай оқр. Батпаққара ауданының бірқатар ауылдары көтеріліске шықты. Батпаққарадағы көтеріліс думпуі Наурызым, Жетіқара, Торғай және т.б. аудандарға жетеді, жер-жерде көтерілістер шыға бастайды. Оны басуға Кеңес өкіметі Қостанайдан, Ақтөбеден, Торғайдан, Троицкіден, Ақмоладан мұздай қаруланған әскер шығарады да, көтерілісшілерді аяусыз қырып, көтерілісті басады. Бұл көтеріліс партиялық-чекистік сараптауда «ұлтшыл элементтердің жауыздық әрекеттері» деп бағаланды. Батпаққара ісі бойынша 530 адам қылмыстық жауапқа тартылып, оның 115-і ОГПУ «үштігінің» шешімімен атылды. 1930 жылдың қысы мен көктемінде кез келген толқу мен бас көтерулер аяусыз басып тасталып отырды, соған қарамастан, наразылық күшейе түсті де, бүкіл елдік бүліншілікке айналып кету қаупі туды. БК(б)П Қазөлком Бюросының 1930 жылғы 2 қаңтардағы қаулысына сәйкес Қарақалпақ, Бостандық, Батпаққара аудандарындағы шаруалар көтерілісі «бандиттік, басмашылық көрініс» деп бағаланды. Кеңес өкіметінің мұндай саясатынан кейін көтеріліске дін басылары, ишан, ахун, имамдар да араласа бастады. Көтеріліс бүкіл қазақ да-

ласын, көршілес қырғыз, қарақалпақ елін де қамтыды, оны басуға Қызыл армия бөлімдері жіберілді, көтерілістің соғысқа айналып кету қаупі туды. Бұл көтеріліс Арал, Қазалы, Қармақшы, Теренөзек аудандарында да бұрқ етті. «Қазақстан тарихының» 4-томында былай делінеді: «1930 жылдың ақпан-наурыз айларында көтеріліс Сырдария округінің Созақ, Сарысу, Шаян аудандарында, Ақтөбе округінің Ырғыз, Шалқар аудандарында, Қостанай округінің Наурызым, Торғай аудандарында, Алматы округінің Бүйен-Ақсу, Бөрібаев, Лепсі (сәуірде – Балқаш, Шоқпар) аудандарында, Қызылорда округінің Қазалы, Қармақшы, Теренөзек, Арал аудандарында, Семей округінің Көкпекті, Зайсан аудандарында, Өскемен округінің Шеменойха, Бұқтырма, Қатонқарағай аудандарында бұрқ етті». Көтеріліс басқа аудандарды да қамтыды. Шын мәнінде республиканың бүкіл аумағы Азамат соғысы қарсаңында тұрды. Көтерілістерді басу кезінде Қызыл әскерлерден де шығын аз болған жоқ, бірақ көтерілісті басу мақсатқа фактілерге толы болды. Негізінен Ақтөбе, Қызылорда өңіріндегі көтерілістерді басуға Ор қ-нан арнайы жіберілген 8-атты әскер дивизиясы мен ОГПУ әскерлері жұмылдырылды. Құлқамыстағы соғыста 36 көтерілісші өлтірілді. Олардың бір бөлігі тұтқынға алынып, қалғандары Қарақұмға қашты. 8-атты әскер дивизиясы бөлімшелері Сидельников пен ОГПУ уәкілі Рязанцев қолбасшылық еткен отряд Садыртам алқабында көтерілісшілерді оқпен көміп, нәтижесінде 200 адам өлді. Қазақстанның басқа өңірлерінде де ашынған халық жан аяған жоқ, бірақ Қызыл әскер мен ОГПУ отрядтары оларды аяусыз басып, қырып жіберді. 1930 жылдың ақпан – наурыз айларында жағдай Қазалы, Қармақшы, Теренөзек, Аламесек аудандарында шиеленісті, ол жерлерде халықтың жаппай Қарақұмға көшуі тіркелді. Қарақұм көтерілісі де қызыл әскер күшімен басылды, ол туралы 8-атты әскер дивизиясы ерекше бөлімінің бастығы А. Бармас: «Көтерілісшілерді қырып тастадық, мәйітті санап болмайды» деп жазды. Сыр бойында да көтерілістің күш ала түсуіне Кеңес өкіметінің дінге қатысты саясаты біршама әсер етті. Мәселен, Қалжан ахун мешітінің және т.б. көптеген мешіт, медреселердің мал қораға айналуы, ел Тапал ахун атандырған Нұрмұхаммед Қадырұлы және



т.б. көптеген діни оқымыстылардың, молдалардың ұсталып, қамалуы, қуғындалуы, атылуы елдің ашу-ызасын туғызғаны анық. Бұл көтерілістердің барлығы әскер күшімен басылды. Бұл деректер 1929–31 жылдарда Сыр бойында болған толқу, көтерілістердің бір күнде өмірге келмегенін, жылдар бойы жинақтала келіп, осы жылдары бұрқ еткенін көрсетеді. Сыр бойындағы 1925–31 ж. аралығындағы толқулар, бас көтерулер, жекелеген қарсылықтар, көтерілістердің барлығы кеңестік саясатқа ел қарсылығының көрінісі болды. Бұлардың себебі ретінде: орысшыл биліктің қазаққа жасаған шовинистік қысымын, елдің бір емес, бірнеше рет аштыққа ұшырауын, Кеңес үкіметінің шаруалар астығын, малын тартып алуын, күшпен, зорлықпен ұжымдастыруды, қазақ еліндегі кәмпескені, жазықсыз қудалау, қамау, аруды, дінге, діни адамдарға қарсы жасалған зорлықшыл саясатты, қазақ азаматының құқықтарының қорғалмауын, ел ішіндегі ауру мен індет және т.б. жағдайларды атауға болады.

Әдеб.: Жүсіп С., Қанішер Герждотын қолжазбасы, Қызылорда, 2011; Қызылорда обл. мұрағат. Ф 1. О.2; Сафаров Г., Колониальная революция, А., 1996; Совет үкіметі үшін күрес, Естеліктер жинағы, Қызылорда, 1957; Теренөзек, А., Ана тілі, 1996; Қазақстан тарихы 5 томдық, 4-т. А., Атамұра, 2010; ҚҰҚК мұрағаты, 158-т., 49-іс, 1-т. 17-20 п.; ҚР ОММ 5-қ, 21-т. 61-іс. 70 –п.

А.Әбілов

СЫР ЕЛІНДЕГІ БАТЫРЛЫҚ ПЕН ЕРЛІК ДӘСТҮРІ. Қорқыт Ата атынд. Қызылорда мемл. ун-ті жанындағы «Қорқыттану» ғыл.-зерт. ин-ты 2007 жылдан бастап Сыр бойында дүниеге келген батырлардың өмірі мен ерлігін зерттеумен айналыса бастады. Сыр елінің қалыпты өмір сүруі жолында ерен ерлік үлгісін көрсеткен, халқымыздың батырлық рухын ғасырдан-ғасырға жалғаған 420-дан астам батырлардың өмірі жан-жақты зерттеліп, «Сыр елінің батырлары» атты кітап дайындалды. Кітапта Жалаңтөс, Текей, Сәлтеке, Сәрке, Жанқожа, Құрақ, Бұқарбай, Тоғанас, Жаңабыл сынды бүкіл қазақ ұлтының бірлігі мен тұтастығы, тыныштығы жолында жандарын пидә еткен әруақты батырлар жөнінде маңызды мәліметтер берілген. Кітапты дайындау барысында Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған ауд.-дарында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қызылор-

да обл. мұрағатынан, аудандық мұражайлардан, Ә.Тәжібаев атынд. облыстық кітапханадан, аудандық кітапханалардан, Сыр сұлейлерінің шығармаларынан, шежірелерден, батырлардың тікелей ұрпақтары аузында айтылып келе жатқан ауызекі әңгімелерден мағлұматтар алынды, сонымен қатар батыр бабалардың қолданған қару-жарақтары, киімдері, байрақтары, кейбіреулерінің бейіттері табылып, ғыл.-зерт. жұмыстарына дерек етілді. Сыр сұлейлерінің шығармаларында Сыр бойы батырларының даңқты ерліктерімен бірге, олардың тарихи тұлғасы мен адами болмысының жырлануы – өзінше құнды дерек. Сыр бойынан шыққан батырлардың ішінде сардарлар көп кездеседі. Қазақ батырларының әлеум. ерекше топ ретінде өзіндік мұраты, қоғамдық қызметі, соған сай өздеріне тән салт-дәстүрі болған. Батырлар елді басқыншылардан құтқаруды, тұтқында кеткен отандастарын азат етуді, жау қолынан қаза тапқан ата-баба кегін қайтаруды өмірлік мақсат еткен. Тарихтан белгілі қолбасшылар соғыс кезінде әскери операцияларды дайындайды және оның нәтижесіне жауапты болады, бейбіт уақытта қарамағындағыларды әскери шеберлікке үйретеді, әскери жаттығуларды басқарады. Әдетте, қолбасшы болып дарынды, көреген, әскери жағдайлардың дамуын болжай алатын, қолда бар күштер мен құралдарды тиімді пайдалана білетін, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті бар жігерлі, батыл адамдар тағайындалады. Мұндай кісілер Сыр бойында аз болмаған. Шығай, Тәуекел, Есім хандардың тұсында Сыр бойындағы қалалар үшін Бұхар әмірлігімен қанды соғыстар болған. Осындай соғыстарда ерекше көзге түскен Шығай ханның жақын серіктерінің бірі – төртқара Сейітқұл батыр Токпанұлы. Сейітқұл батыр – атақты Ақсақ Темірдің бас уәзірі Ораз қажының немересі, өз әкесі Токпан да – аты шыққан батыр. Сейітқұл батырдан даңқты қолбасшы, батыр, би, әмір, аталық хәм Орт. Азия өңіріндегі сәулет өнерін дамытушы Жалаңтөс бабадур дүниеге келген. 17 ғ-да Қазақ хандары мен Бұхар хандары арасында бірде соғыс, бірде одақтасу да болып тұрды. Шығай хан және оның баласы Тәуекел ханның Ташкент қ. үшін соғысына Жалаңтөстің әкесі Сейітқұл би өз жасақтарымен белсенді түрде қатысқан. Осы кезде Қызылқұм (Тамды, Кенимех) ау-



мағындағы қазақтардың ханы Дінмұхаммед сұлтан Хақназарұлы еді. Сейітқұл батыр өзіне қарасты алшындармен Нұрата өңіріндегі өзбек, қарақалпақтардың басын біріктіріп хан болады да, 5000 тұрақты жасақ құрып, жеке ел билейді. Ол Жалаңтөсті Бұхар ханы Абдулланың жоғары дәрежелі қолбасшылар даярлайтын әскери мектебіне оқуға жібереді. Жалаңтөс Шыңғыс ханның қолбасшылық өнерінен үш жыл дәріс оқып, түменбасшылық лауазым алып қайтады. Жалаңтөс батыр Қазақ жерін Жоңғар шапқыншылығынан қорғауда үлкен рөл атқарды. 1643 ж. Жоңғар мемлекеті Қазақ жеріне жасаған кезекті жойқын шабуылында 20 мың сарбазымен Салқам Жәңгір хан әскеріне көмекке келіп, «Орбұлақ» шайқасы атанған атақты ұрыстың қазақтар жеңісімен аяқталуына ықпал етті. Бұл жөнінде А.И.Левшин өзінің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде: «1643 жылы Шақпақ Кеңгір тауының арасында Батурдың елу мың қолын Жәңгір хан 600 жасақпен екі сай арасын ұтымды пайдаланып, оқ-дәрі, қару күшімен және Жалаңтөс батырдың жиырма мың қолының арқасында жеңген», – деп жазады. Жалаңтөс баһадүрдің Салқам Жәңгірмен қосылып, қазақ елінің тұтастығын сақтауға сіңірген еңбегі оның даналығын танытады. 1649 ж. Бұхар ханы Абдулазиз бен Иран патшалығы арасындағы Қорасан және Балқ үшін болған соғыста Жалаңтөс баһадүр қалың әскерлерге қолбасшылық жасап, жауды жеңіп шықты. Жорықта олардың 200 мың әскері болған. Бұл ретте де одақ түзіліп, қазақ ханы Жәңгір соғысқа 100 мың қолмен қатысып, Иран шахын талқандап, Қорасан, Балқ, Герат және басқа жерлерін қорғап қалған. Жоғарыдағы деректер «Тарихи Қыпшақи» атты Қожамқұли Балқидың еңбегінде айтылған. Жалаңтөс баһадүр дарынды қолбасшы ғана емес, ол сәулет өнерінің де қамқоршысы бола білді. Самарқандағы Ұлықбек медресесінің қарсысынан 1620–36 ж. «Ширдор» (Арыстан қақпа) медресесін салдырады. 1646 ж. екі медресенің ортасынан «Тіллә Қари» (Алтынмен апталған) медресесінің құрылысын бастайды. Бұл деректер Жалаңтөс баһадүрдің жорықтан түскен олжа-пайдаларды аталық-әкімдік лауазымдарына сүйене отырып, қалаларды көріктендіру ісіне жұмсағанын, сәулетті ғимараттар салуға көп мән бергенін көрсетеді.

Қазалы ауд-нда жасалынған ізденіс жұмыстарының нәтижесінде 19 ғ-да Хиуа, Қоқан хандықтарына, Ресей империясына қарсы ұлт азаттық күресті басқарған қазақтың даңқты қолбасшысы Жанқожа батыр Нұрмұхамедұлы (Нұрымбет) туралы жаңа мағлұматтар табылды. Қазалының Ғ.Мұратбаев а-нда тұратын, Жанқожа батырдың ағасы Ақмырза батырдың ұрпағы Сағадиев Иманғалидың үйінде батырдың Құран кітапшасы, ген.-губернатор В.Перовский берген семсері сақталған. Иманғали ақсақалдан бұрын белгісіз болып келген жайттар жазылып алынды. 19 ғ-дың 1-жартысында Қазақстанның Ресейге әлі қосыла қоймаған жерлерін Қоқан, Хиуа хандықтары және Бұхар әмірлігі басып алып, тонаушылық саясат жүргізді. Олар қазақ жеріне жиі-жиі шапқыншылық жасап, қазақтарды алым-салықтан бас көтертпеді. Салықты өтеуге шамасы келмеген немесе оны төлеуден бас тартқан қазақтардың дүниемүлкін тонап, қыздарын күндікте, ұлдарын құлдыққа ұстады. Жанқожа батыр хиуалықтармен қоқандықтардың озбырлығына 1841–47 ж. аралығында қарсы шықса, 1853 жылдан Ресей империясына қарсылық көрсете бастаған. 1847 ж. Ресей әскерлері Сырдың бойындағы Райымға келіп, бекініс сала бастайды. Жанқожа батыр орыстарға қарсылық көрсетпейді. Бірақ кейін патша шенеуніктері мен әскерлері ауық-ауық елдің тыныштығын бұзып, бұл кезде егде тартып отырған Жанқожа батырға маза бермейді. Мұндай келеңсіз құбылыстарға ашуланған Жанқожа көтеріліске шығуға мәжбүр болады. 1856 ж. желтоқсанның соңында Жанқожа қолы Қаратөбе маңындағы Л.Булатовтың тобына бірнеше рет шабуыл жасайды. Көтерілістің бас кезінде Жанқожаның 1500-ден аса сарбазы болса, 1857 ж. қаңтарда олардың саны 5000-ға жетеді. Жағдай Орынбор ген.-губернаторы Перовскийді қатты алаңдатады. Ол ген.-м. Фитингофт бастаған 300 атты казак, 320 жаяу әскер, 1 зеңбірек, т.б. қаруларымен қоса сұлтан Елікей Қасымов бастаған бірнеше жүз казак жасағы бар жазалау отрядын аттандырды. Қазақ қолы мен Ресей әскерлері Арықбалықтың тұсында кездесіп, бірнеше дүркін шайқас болды. Жақсы қаруланған жазалаушы Ресей әскерлеріне көтерілісшілер қарсы тұра алмай, шегінуге мәжбүр болады. Жанқожа батыр туралы 1912 ж. А.И. Добросмыслов «Сырдария облысының қала-



лары» атты кітабында былай деп жазады: «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы – Шекті руынан, Кенесары Қасымовтың жақын серіктерінің бірі. Қазақ елінің арасында ақыл-ойымен, қайрат-күшімен және білікті билігімен аты шыққан. Орынбор әкімшісі Жанқожа батырмен 20 жылдан астам уақыт санасып жүрді. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Райым жеріне мықты бекініс салу үшін Орынбор әскери губернаторы Владимир Афанасьевич Обручевтің Жанқожа батырмен достық қатынас жасауы керек болды. Обручевтің орнын басқан Перовский Жанқожа батырдың іс-қимылын Ресейге зиянды деп, Жанқожа батырға көзқарасын өзгертеді және жасауыл шенін, жылдық айлығын алып тастайды да, орнына Ермұхаммед сұлтанды қояды». Сөйтіп, ақылды да, қайратты Жанқожа батырды Ресейдің ашық жауы қылып қояды. Жанқожа батыр туралы Сыр сүлейлері Мысабай жырау Аманқұлұлы, Жұмабек Айдарбекұлы, Нұрсұлтан Жұбатұлы, Қарман Сұлтанұлы, Нұрғали Балтабекұлдары да жырлаған. 19 ғ-дағы қазақ тарихында Ресей империясына қарсы шыққан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің орны бөлек. Кенесары Қасымұлы Абылай хан тұсындағы қазақ хандығының аумағын қалпына келтіруді, әскери бекіністерді жоюды, Ресей құрамына кірмеген жерлердің толық тәуелсіздігін сақтауды мақсат етті. Кенесары Қасымұлының көтерілісіне алғашқылардың бірі болып қатысып, көрнекті қолбасшылық қызмет атқарған – Сыр елінен шыққан Бұқарбай батыр Естекбайұлы (1822–98). «Бұқарбай батыр әуелде ру намысын қорғап батыр атанған. Тегі Кіші жүз, табын, теке аталығы. 1838 ж. тамыз айында Ақмола бекінісін алуға қатысқан. 1840 жылдардың басында-ақ Кенесары қосынының алғашқы құрамына қарқаралық шұбыртпалы Ағыбай, торғайлық Иман Дулатов, ырғыздық табын Жоламан Тіленшиевтермен бірге енген» (Е.Бекмаханов). 1844 ж. Наурызбай, Ағыбай, Бұқарбай үшеуі өздерінің сарбаздарымен орыс патшасының 500 адамнан құралған жазалаушы отрядын талқандап, көп қару-жарақты қолға түсіріп, үлкен жеңіске жеткен. Кенесары қозғалысы тоқтағаннан кейін Бұқарбай батыр Сыр бойына оралып, 1849 жылдың күзінде Батыс-Сібір ген.-губернаторлығына қарасты елді шабады. 1850 ж. батырдың жасағы Қазалы, Арал,

Қосқорған бекіністеріне шабуыл жасап, қазак-орыстар мен қокандықтарды жеңді. Тарихи деректерге қарағанда, Бұқарбай батыр 1852 жылдың 4 наурызында Ақшабұлақтағы Арал бекінісінің бастығы майор Энгмонның әскерімен соғысады, осы шайқаста жараланады. Батыр әскерімен Жаңадария өзені бойындағы қокандықтардың қуып жібереді. Бұқарбай батыр тек Кенесары хан қосынында ғана емес, орыс әскерлерінің құрамында да Хиуа мен Қокан хандықтарына қарсы шайқасқан. Бұқарбай батыр 1853 ж. Елікей ханға хат жазып, жер сұрайды. Осы жылы Ақмешітті қокандықтардан босатуға белсене қатысады. Ол 1853 жылдың 24 тамызында орыс әскерімен бірге Ақмешіттің шығысында Ташкенттен шыққан Қоканның қалың қолымен Құмсуат қонысында шайқасады. Қокандықтар шайқаста жеңіліп, Бұқарбай батыр әскерімен оларды Жөлекке дейін қуады. Жол бойында қазақтарға жәбір көрсеткен қокандықтардың өліктері мен көліктері жайрап қалады. Орыс патшасы Бұқарбай батырдың Құмсуат шайқасындағы ерлігі үшін Зауряд-Хорунжий шенін береді. Орынбор ген.-губернаторының 1853 жылғы мынадай мазмұндағы құжаты сақталған. «Табын руының оңтанбалы тармағының биі, әрі батыры Бұқарбай Естекбаев пен терістанбалы тармағынан Сейіл Байқадамовтар – өздерінің ерлігі, батырлығымен белгілі болған ордалықтар. Бұқарбайды, Құмсуатты алудағы ерлігі үшін бұрын күміс медальмен наградталғандықтан, зауряд-хорунжий шеніне, ал Сейілді иыққа асатын Анна лентасы мен күміс медальға лайық деп білемін». Бұқарбай батырды Тұрмағанбет Ізтілеуов, Нысанбай жырау, Әлімбаев Әлиасқаров, Асқар Тоқмағамбетов, Мұхамбетжан Сералин, Рахмет Батырбаев сынды жыраулар мен ақындар да жырға қосқан. Осындай батырлар әулеттерінде әскери іс ата кәсіп саналған, әкеден балаға мұра болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан әскери кәсіппен айналасуға міндетті деп есептелген. Тұқым қуалаған батырлар болғандықтан, оларды «Шынжырлы тұқым» деп атаған. Мұндай шынжырлы тұқым Сыр бойында көп кездеседі. Сыр бойындағы шынжырлы тұқым – Әбілқайыр ханның серігі, шекті Киікбай батыр Құлжаманұлының әулеті. Киікбай батырдан Өтеген, Нұрымбет (Нұрмұхамед) ба-



тырлар, Өтеген батырдан Бекбауыл батыр, одан Құлбарақ батыр. Нұрымбет батырдан Ақмырза батыр, атақты қолбасшы Жанқожа батыр, Жауқашар батыр, Бек батыр, Ақмырза батырдан Жолмырза батыр, Жанқожа батырдан Итжемес батыр, Бек батырдан Жұмабай батырлар дүниеге келген. Сыр бойынан шыққан шынжырлы батырлар тұқымының бірі – қолбасшы Сәрке батыр Өмірқұлұлының әулеті. Сәрке батырдан – Ақайдар, Бекайдар батырлар, Ақайдар батырдан Байқадам батыр, Бекайдар батырдан Шірен батыр, Байқадам батырдан Сейіл батырлар дүниеге келген. Сәрке батыр – 18 ғ-да қазақ тарихында болып өткен қазақ-жоңғар соғысында дарынды қолбасшылығымен танылып, орасан ерлік көрсеткен тұлға. Бұл батырлардың барлығы да – жоңғарлардың басқыншылығына, кейіннен Хиуа, Қоқан хандықтарының озбырлық саясатына қарсы Кіші жүздің қолдарын бастап, көтеріліске шыққан тарихи тұлғалар. Сәрке батырдың ұрпақтары Ақайдар мен Бекайдар батырлар қазақ-жоңғар, қазақ-құба қалмақ соғыстарында ерен ерліктерімен танылған. Ал немересі Байқадам батыр – Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы қол басқарған. Байқадамның немере інісі Шірен батыр да, өзінің баласы Сейіл батыр да – Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы қол бастаған. Сыр сүлейлері Сәрке батырдың әулетін жырларына қосқан. Мыс.: Базар жырау, Тұрмағанбет Ізгілеуов, Шораяқтың Омары, алтайлық арғын Құлтума ақын, Рахмет Батырбаев сынды саңлақтар өз жырларында Сәрке батырдың әулетінің ерлікпен аты шыққанын, батырлықтарын жырлайды. Қазақ батырлары ата кегін қууды кең ұғымда, жалпы елдің кегін қуу мағынасында түсінген. Батырдың артында ұл болмаса, кек алу қызына міндет болған. Мыс., 19 ғ-дың басында өмір сүрген, Сыр бойының батыры жаппас Өтебас батырдың Шынар деген батыр қызы болған. Ол кейіннен Бұқарбай батырдың зайыбы болады. Шынар батыр жаудың қолынан қаза табады. Қазіргі уақытта бейітінің қасындағы көл Шынаркөл деп аталады. Сыр бойындағы «Шолақ» атанған Нұрман батыр Құрбанұлының зайыбы Алтыншаш батыр тұлғалы, алып кісі болса керек. Бірде Нұрман батыр жорықта жүргенде, ауылын жау шабады. Сонда батыр қыз Алтыншаш Нұрман батырдың сауытын киіп, нөкерлерін ертіп, жаудың алдынан шығады.

Бұны көрген жау батырды ауылда жүр деп ойлап, кері қайтады. Жалағаш ауданнан шыққан табын Сәрке батырдың апасы Қарқара да батыр болған. Батырлық пен ерлік Сыр еліне ғана емес, бүкіл қазақ еліне тән. Өйткені бұл – халқымыздың, еліміздің тағдырынан туған мазмұнды әрі мағыналы тарихи сабақ. *Әдеб.*: Қазақстан тарихы: Энциклопедиялық анықтамалық, А., Аруна, 2006. 764 б.; Сыр елі: Қызылорда облысы энциклопедиясы, А., Қазақ энциклопедиясы, 2005. 544 б.; Өткелбаев Н., Жалаңтөс баһадүр жаңа деректер, Егемен Қазақстан, 2005. 2 қыркүйек, 5 б.; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. 1996 ж. 160 б.; Әбдраман Ө., Сыр өңірінің тарихы орыс деректерінде, А., «Полиграфкомбинат», 2009; Сырдария кітапханасы. Жанқожа батыр туралы жырлар, Астана, Фолиант, 2007, 324 б.; Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 2-т. А.; Қазақ энциклопедиясы. 1999; Жанаев А.Е., Бұқарбай батыр, Қызылорда, Компас-Қызылорда, 2007; Сырдария кітапханасы, Базар жырау шығармалары, Астана, Фолиант, 2008.

Б.Кәрібозұлы, А.Бақытжан

СЫРДАРИЯ КӨТЕРІЛІСІ – жергілікті халықтың 1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығына байланысты туған бас көтерулері. С. к. 11 шілдеде Ташкенттің байырғы халқының қозғалысымен басталды. 1916 ж. тамызда Сырдария обл-ның Әулиеата уезін қамтыды. Көтерілісшілер жергілікті әкімдердің, болыстар мен байлардың мал-мүлкін жойды, полициямен және патша әскерлерімен қақтығыста «Қара жұмысқа адам бермеуге» бел байласты. Олар патша үкіметінің жазалаушы отрядымен алғаш рет Әулиеата уезінде қақтығысты. Күрес Мерке маңайында күшейе түсті. Мерке, Құлан өңірлерінің 7 болыс елі көтеріліс басшысы етіп Ақкөз батырды, орынбасарлығына Досмайыл батырды сайлады. Көтерілісшілер Мерке – Пішпек, Мерке – Әулиеата телеграф сымдарын үзді. 29 тамызда көтерілісшілер Меркені қоршап, приставтың келісімге шақырғанын қабылдамады. Меркені патша гарнизоны зорға ұстап қалды. Көтерілісшілер Әулиеатаны алу мақсатымен Шу өз. бойына топтала бастады. Патша әскері тойтарыс беру үшін окоптар қазып, баррикадалар тұрғызды. Қаладағы патша гарнизонында 1000 солдат, 200 жасақшы болды. 17 қыркүйекте Әулиеатадан 70 км Алакөл құмында жазалаушы отрядпен шайқас басталды. Көтерілісшілер үш рет жазалаушы отрядқа



қарсы шықты. Зеңбірек, пулеметтерден атылған окка қарсы тұра алмай, кейін шегінуге мәжбүр болды. Қыркүйектің аяқ кезінде халық толқулары басылып, көтерілісшілер жеке отрядтарға бөлініп, партизандық соғыс жүргізді. Әулиеата уезі бастығының бұйрығы бойынша көтеріліске қатысқандардың тізімі жасалып, олар қатаң жазаланды. 50 мыңдай адам қара жұмысқа алынды. С. к. патша өкіметін құлатқан Ақпан революциясына ұласты.

С.Хасенұлы

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗИ, 1918 ж. 6–9 қаңтар аралығында Түркістан қ-нда өтті. Оған Сырдария обл-ның уездерінен 79 өкіл, Алашорда үкіметі атынан 3 өкіл – Б.Құлманов, М.Дулатов және Т.Құнанбаев қатысты. Съездің күн тәртібіне Сырдария обл. қазақтарының Алаш автономиясына қосылуы жайлы жергілікті қазақтар атынан Түркістан (Қоқан) автономиясының Уақытша кеңесіне мүшелер сайлау, милиция құру, т.б. мәселелер қойылды. Сырдария обл. қазақтары қайда бағынуы керек, Түркістан (Қоқан) автономиясы мен Алаш автономиясының қайсысының құрамында болғаны дұрыс деген мәселе съезде 2 күн бойы қызу талқыланып, бұл жөнінде мынадай қаулы қабылданды: Сырдария обл. Түркістан өлкесінде болғандықтан әзірге Түркістан (Қоқан) автономиясы құрамында қалсын; Алаш автономиясы жарияланғаннан кейін Түркістан (Қоқан) автономиясымен одақтасатын болса, онда сол уақыттан бастап Сырдария обл. қазақтары Алаш автономиясына қосылсын; Сырдария обл. қазақтары қосылғаннан кейін Алаш автономиясының астанасы Түркістан қ. болсын. Съезд басталғаннан кейін Ташкенттегі кеңес өкіметінің өкілі ретінде келген П.Г. Полторацкий кезектен тыс сөз алып, Түркістан (Қоқан) автономиясына қолдау көрсетудің қажеті жоқ, өйткені ол халық тілегіне сай келмейді деп сөйлей бастады. Полторацкийдің мұндай мазмұндағы сөздеріне съезге қатысушылар қарсы екендіктерін танытып, оның өзін съезден қуып шықты. Съезде Түркістан (Қоқан) автономиясының Уақытша кеңесіне мүшелікке обл. қазақтары атынан М.Шоқай, Ә.Кенесарин, Ә.Көтібаров, Д.Алтынбаев, М.Күзембаев секілді қайраткерлерді сайлау керектігі жөнінде ұйғарым жасалды. Съезд обл. қазақтарының милициясын құру мәселесін тал-

қылап, облыста қазақ милициясы құрылсын, милиция құруда екінші жалпықазақ съезінің шешімдері басшылыққа алынсын, милиция құру ісі уездердегі ұлттық ұйымдарға жүктелсін деген қаулы қабылдады. Съезде бірқатар өкілдер большевиктердің қазақтарға жасап жатқан қысымшылықтарына тосқауыл қою керектігі жөнінде мәселе көтерді. Осыған орай съезде қазақтар кеңес өкіметін мойындамайды, большевиктердің зорлық-зомбылығына тыйым салу ісі қазақ милициясына жүктелсін, большевиктерге еріп халықтың берекесін кетірген қазақтар ұлт дұшпаны деп жариялансын деген қаулы қабылданды. Осы съездің қаулылары сол кезде шығып тұрған «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Қазақ» газеттерінде және Ташкентте татар тілінде шығатын «Ұлығ Түркістан» газетінде жарияланды.

С.Рустемов

СЫРЛЫБАЙ ҚОЖАСҰЛЫ ЖӘНЕ САРТАЙ БАЙЖАНҰЛЫ БАСТАҒАН ШЕКТІЛЕР КӨТЕРІЛІСІ – 1731–34 ж. Ресей империясының Кіші жүздегі отарлық саясатына қарсы болған ұлт-азаттық қозғалысы. Бұл туралы мәліметтер патша үкіметінің Әбілқайыр ханға жіберген елшісі А.И.Тевкелевтің күнделігінде жан-жақты баяндалады. Тарихшы ғалым Г.Б.Ізбасарова өзінің «XVIII ғасырдағы қазақ-башқұрт ара қатынасындағы саяси және этникалық үрдістер» атты зерттеу еңбегінде «XVIII ғасырдың 30-жылдарының басындағы аймақтағы ішкі саяси жағдайды жалпы сипаттауда Тевкелев «Күнделігінде» қазақ қоғамының дәстүрлі билеуші элитасы және оның сол кездегі неғұрлым көрнекті өкілдері (Әбілқайыр, Сәмеке хандар, Нұралы, Батыр, Нияз сұлтандар т.б., кіші жүз батырлары Бөкенбай, Есет Құдайназар мырза, т.б.) туралы алуан түрлі мол мағлұмат келтірілген және бұл толықтай алғанда сұлтан, би, батыр және старшындардың әлеуметтік тобының негізгі мәртебелік сипаттамасын, көшпелі қоғамды басқару жүйесіндегі олардың әрқайсының қызметтік рөлін және артықшылыққа ие боларлық сословиялық-корпоративті топтардың өз арасындағы және қатардағы қауымдас қазақтармен өзара қарым-қатынастарын белгілі бір мөлшерде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл деректерде Тевкелевтің Кіші жүз батыры Бөкенбаймен кездесуі, қазақ даласының үш жүзге бөлінетіні туралы, олардың



хандары, шекаралары, қалалары бойынша мәліметтер жинақталған» деп көрсетеді. Тевкелевтің «Күнделігінде» Бөкенбай батырмен бірге, шекті руының батыр билері Сырлыбай би, Баба би (Баби), Байжан би және Байжан баласы Сартай батыр, Ақша батыр, Өтеп батыр туралы мәліметтер де кездеседі. Мәселе негізінен Кіші жүздің бірқатар руларының Әбілқайырдан ант қабылдауға келген орыс елшісі башқұрт Тевкелевке қарсылығынан туындайды. Соның ішінде Тевкелевтің Жаппас Баймұрат батыр мен Сырлыбай, Сартай бастаған шектілер тарапынан қауіпті қарсылықтарға тап болғанын байқауға болады. Тевкелев күнделігінде 1731 жылдың 3 қарашасында Ресей үкіметіне бодан болуға қарсы топтың қазақтарының (шектілер) шабулына ұшырап, екі жақтың қақтығысында қазақтың бір ел ағасы (Жақайым Байқара батыр) өлгенін, қазақтардың өзіне ештеңе істемей, тек 17 жылқы мен 3 түйесін тартып алғанын жазады. Бұл оқиға негізінен Ырғыз өз-нің бойындағы Маңтөбе деген жерде болады. Ресей империясының сенімді өкілі Тевкелев бір жағынан, жеке басын қорғап қалу үшін, екіншіден, Кіші жүздегі руаралық қақтығыстарды ушықтырып, Сырлыбай, Баби, Байжан билер мен Сартай батыр бастаған шектілерге Әбілқайыр хан мен табын Бөкенбай батырды қарсы қою арқылы Кіші жүздегі патша үкіметінің отарлау саясатын жүзеге асыруда алғашқы қадам жасаған. Оған Тевкелевтің Кіші жүздегі 1731–33 жылдардағы қызметі дәлел болады. 1731 жылдың 5 қарашасында Бөкенбай батыр мен інісі Құдайназар мырза жасағымен Тевкелевке көмекке келіп, қасық қаны қалғанша соғысып, оны шектілерге бермейтінін және орыс патшасына адалдығын айтады. Бөкенбай батыр мен інісі Құдайназарға Тевкелев осынау қызметі үшін 90 руб. түрлі тауарлар береді. 1731 жылы 8 қарашада Әбілқайыр хан, Бөкенбай және Қара батыр інілерімен бірге Тевкелевке патша ағзам үшін оны қорғайтынын айтады және қарсы жақты тыныштандыруға уәде береді. 1731 ж. 10 қарашада Бөкенбай батыр Тевкелевке қарсы жақты тоқтату (Сырлыбай, Сартай бастаған шектілерді) мүмкін еместігін ескертеді. 1731 ж. 13 қарашада Әбілқайыр хан ордасы Арал т-нің жағасына көшіп барады. Тевкелев керуені де хан ордасымен бірге болады. Әбілқайыр хан құс салып, аң аулауға Тевкелев-

пен бірге шыққанда, Сырлыбай би бастаған шекті руының жігіттерімен қақтығысып, башқұрт Таймас батыр қолға түседі. 1731 ж. 14–21 қараша аралығында Тевкелев Таймас Шайымовты құтқару мақсатымен, шектілермен ымыраға келу үшін Нияз сұлтанды пайдаланады. 22 қарашада Тевкелев Әбілқайыр хан, Бөкенбай батыр және жаңадан ант берген 30 адаммен мәжіліс өткізіп, патша үкіметіне қарсы шекті руының биі Сырлыбайды көндіріп, Таймасты босатуын сұрайды. Нәтижесінде 24 қараша күні Дауымбай бек, Құдайназар мырзаның сұрауы бойынша, қарсы топтың көсемі Сырлыбайдан Тевкелевті құтқарып алады. Есесіне Сырлыбайға 100 руб. көлемінде сыйлық береді. Сонымен қоса, Сырлыбай тағы да көйлек, жасыл кармазин шұға татар шапанын, бешпетін, тіпті Тевкелевтің үстіндегі күміс оқалы сары жібек күртесін шешкізіп алады. 1732 жылдың 6 наурызында ағайынды Қара батыр мен Бәйімбет батырлардан Ресей империясының бодандығына қарсы көптеген қазақтар Баба би, Жантұма би, Исманбет би, Өтегұл би, Байжан би, Майлы би, Өтеп батыр, Ақша батыр, Сартай батыр бастаған топ келе жатқанын хабарлайды. Бұл хабарды Тевкелев 1732 жылдың 7 наурызында Бөкенбай мен Есет батырларға жеткізеді. Осы жылдың 9 наурызында әлімұлы руларының ел ағалары Баба би мен Жантұма би көп адаммен Әбілқайыр ханның ордасына жақындап, Тевкелевке екі кісі жіберіп: одан Баба бидің інісі Байқараны атып өлтірген башқұртты беруін, немесе оның құнына қазақтың ежелгі әдет заңы бойынша (Байқараның құнына 100 жылқы, 1 сауыт, 1 құл, 1 қаршыға, 1 мылтық 1 түйе) құн төлеуін сұрайды. Бұған қанағаттанбаса, кісі өлтірген адамға өлім жазасы кесілетінін, егер осы талаптарды орындамаса, Тевкелевтің аман кетпейтінін ескертеді. Бұған жауап ретінде Тевкелев: «қазақ заңы бойынша ұры үшін адал адамның жаны қиылмайды және ұрыға өтеу жоқ. Ал шекті руынан шыққан Байқара түн ішінде көп бүлік жасап, адамдарымызды ұрып-соқты» деп, былтыр 1731 жылдың 3 қарашасында өзіне шабуыл жасап, 17 жылқы мен 3 түйесін тартып алғанын, қай мемлекетте болса да, ұрының өліміне құн төлемейтінін, сондықтан Байқара өз жазасын тартқанын айтып, Баба би, Жантұма би, Сартай батыр бастаған шекті руының сенімді өкілдерінің талаптарынан бас тарта-



ды. Орыс елшісінің хабарын естіген соң, Баба би мен Жантума би және Сартай батыр бастаған шектілер он күн бойы елшілік қонысын қоршауда ұстайды. 1932 жылдың 21 наурызы күні түнде қарсы жақтың (Сартай батырдың серіктері Ақша мен Құл батырлар бастаған шекті руының жігіттері) қазақтары жиналып, қарақалпақ жерінен шыққан башқұрттарға шабуыл жасап, тек Бөкенбай батырдың сарбаздарының күшімен кейін шегінгені туралы жазылған. Істің шиленіскенін түсінген орыс елшісі Тевкелев шектілердің талабын қанағаттандырып, құнның көлемін 347 сом 56 тиынға бағалап, ақшалай есептеседі. Тевкелев күнделігін саралай келе, Сырлыбай би мен Сартай батыр бастаған шектілердің Тевкелев сияқты орыс елшілерімен қақтығысуы Ресей империясының Кіші жүздегі отарлау саясатына қарсы қазақ тарихындағы алғашқы азаттық көтерілісі дегуге болады. Ресейдің елшісі Тевкелев өзінің «Қызметтік жазбалар күнделігінде» (1731–33): «Кіші жүзде шекті – адам саны жағынан көп, әрі әлеуметтік жағдайы мықты, әлуеті күшті ел», – деп жазады. Акад. М.Қозыбаев Ресей елшісі Тевкелев пен Қазақстанның империяға қосылуын қолдаған Әбілқайырға қарсы Қыз Жібектің әкесі Сырлыбай би бастаған қозғалыстағы бір ұрыста оққа ұшқан Байғараны «азаттық үшін күрестің алғашқы құрбандығы» деп атады. Тевкелев бастаған топ елшілік деп аталғанымен, оның қарауында 500-дей қарулы казак-орыстар мен башқұрттар бар болатын. Шекті руының биі Сырлыбай елшілік пен хан әскеріне бір жылға жуық қарсылық көрсетті. Бұл қозғалыста Сырлыбай би жағында шекті руының ақсүйектері Сартай, Ақша, Жылқайдар, Жылқаман, Сырғак, Байғара, Теке, Баби, Шеке батырлар, Әбілқайыр хан жағында тама Есет, табын Бөкенбай, қарақалпақ Оразай батырлар, Нияз сұлтан, башқұрт Таймас тархан, тағы басқалар болды. Сырлыбай би мен Сартай батыр бастаған қозғалыстың тарихы Тевкелев күнделігінде, кейін ғыл. айналымға түскен еңбектерде, Ә. Кекілбаевтың «Үркер», Ю. Сергеевтің «Петербургский посол» романдарында егжей-тегжейлі жазылды. Бірақ заман ағымына сәйкес бодандыққа қарсы шыққан ерлер Тевкелевте «ұры-қарылар», тарихи құжаттарда «қарақшылар», Ю. Сергеевте «есерсоқ-бұзықтар» болып көрсетілген. Бұл қозғалыс қазақ тарихшылары тарапынан

өзінің лайықты бағасын ала алмай келді. Сол қозғалыс кезінде Сырлыбай, Сартай бастаған шектілер тұтқынында болып, Тевкелев құн төлеп басын босатып алған башқұрт Таймас батыр екі жылдан соң 1733 ж. 3000 әскермен Кіші жүзге жорыққа аттанып, алғашында Торғай даласында жайбарақат отырған шекті елін біраз шығынға ұшыратады. Бірақ Сартай, Жылқаман батырлар дереу қол жинап, жаудың бетін қайтарады. Бұл жайлы И. Кириллов 1734 ж. 1 мамырдағы патшайым Аннаға жолдаған ақпаратында жазады. Арал өңірі халықтарының азаттық көтерілісі туралы деректердің келесі тобына Гарбердің орыс патшасы Аннаға жазған баянаты жатады. Оқиға, Гарбердің баянаты бойынша, Арал теңізінің солт-нде болады. Орыс патшасының жарлығымен Хиуаға Гарбер керуені ұйымдас-тырылады. Керуеннің басты мақсаты қару-жарақ беріп, хиуалықтарды Әбілқайырға еріп патшаға ант бермеген, Сырдарияның құяр сағасы мен Арал т-нің солт-н мекендеген шекті руына айдап салу болатын. 18 ғ-дағы Кіші жүз тарихын зерттеуші М. Вяткиннің жазуынша, Тәуке хан өлгеннен кейін қазақ қоғамының ішкі басқару жүйесі дағдарысқа ұшырап, соның ішінде Әбілқайырдың билігі де Кіші жүзде толық тарамай, шекті руының Арал т. мен Сырдарияның төм. бойының арасын қыстаған обшиналарын сұлтан Батыр билеген, бұл сұлтан Әбілқайырға жау Жәдіге сұлтан тұқымынан шыққан адам деп көрсетеді. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жазушы Ө. Жолымбетов: «Әбілқайыр ханның басты бақталасы Батыр сұлтанның түрікмендерге қарсы жорыққа аттанғалы жатқанын білген Гарбер керуені Хиуа жеріне жөнелтіледі. Осы жайтқа хабардар болған Сартай батыр бастаған шектілер, Батыр сұлтанның әскерінен бөлініп, Гарбер керуенінің жолын тосып, оған тосқауыл қойып, керуенге артылған жүктің жартысы жерлерінен өткені үшін баж салығына және Тевкелевке қарсы қозғалыс кезіндегі шығынның өтемінің есесіне алынады да, Ресейде жасалынған Хиуа мылтықтары мен оқ-дәрілер түгел тәркіленеді. Бұл оқиға патшайым Аннаға жетіп, ол 1732 ж. 7 қазанда Әбілқайыр ханға хат жазады: «Киргиз-қайсақтардың жүгенсіздігі» айтылған осы хатта «...получены здесь извести, коим образом киргиз-кайсаки, противно своему обещанию и присяге быт в верном подданстве, полк артиллерии нашей Гарбера



и отправленной с ним в Хиву и Бухару купеческой караван разграбили и в нем людей и подданных наших до смерти побили» дей келіп, ханға: «...все погребленные из каравана сыскать и возратить, и участников того воровства наказать и вперед от таких противников поступков унимать, и жить как добрым и верным подданным принадлежить», – деп жазады.

Сырлыбай би туралы Сегіз серінің «Қыз Жібек» дастанында шекті руының биі Сырлыбай Қыз Жібектің әкесі ретінде жырланады. Ал Сартай батыр туралы ел аузында айтылған аңыз-әңгімелер мен тарихи жырлар көптеп кездеседі. Солардың бірі – Нұрмағанбет Қосжановтың «Жаужүрек мың бала» («Сартай батыр») атты дастаны. Онда Сартай батырдың азаттық қозғалыстағы қаһармандық ерлігі жан-жақты жырланады. Осы шығармасы үшін ақын Нұрмағанбет Қосжанұлы 1930 ж. саяси қудалаудың нысанына ілігіп, жазықсыздан 5 жылға сотталады. Саяси қудалау онымен тоқтамай, 1937 жылдың 29 тамызында Ақтөбе қ-ның НКВД үштігі Нұрмағанбет Қосжанұлын «халық жауы» деп айыптап ату жазасын кесіп, үкім сол жылы 4 қыркүйекте орындалады. Осыдан соң Сартай батыр туралы шығармаға тыйым салынып, 70 жыл бойы айтылмай келді. Ақын Қосжанұлының Сартай батыр туралы тарихи дастанында мың баланың жасағын басқарған 15 жасар Сартайдың Әбілқайыр хан басқарған қазақ халқының әскерімен бірге, 1730 жылғы Аңырақай шайқасындағы ерлігі жырланады. Тарихи жырдағы дерек бойынша, Сартай 1710–11 ж. дүниеге келген деп топшылауға болады. Сонымен қатар, Сартайдың шығу тегін, Арал өңірі қазақтарының шежірелік мәліметтерінде, Кіші жүз әлімұлы тайпасының шекті руына жатқызады. Ақын Зейнолла Шүкіровтің жазып қалдырған шежіресінде Жаманақ (шекті) – Шыңғыс – Жақайым, одан – Ақбура, оның үлкен әйелінен – Абат, кіші әйелінен – Асан. Асаннан үлкен Асан және кіші Асан. Ал кіші Асаннан – Қосқұлақ, одан Байжан. Байжан бидің екінші әйелінен – қолбасшы, би, батыр Сартай шамамен 1711 ж. туып, ұзақ өмір сүріп, 1817 жылдың қыс мезгілінде қазіргі Қызылорда обл. Арал ауд. (бұрынғы Райым бекінісі жанында) Ақшатау елді мекенінде қайтыс болып, Қазалы ауд-нда жерленген делінеді. Сол шығармада Сартаймен қатар, шекті руының

биі Сырлыбайдың баласы Жылқайдар, Мүсірәлі сопының баласы Қосым, жақайым Жылқайдар, Қожастың баласы Байқара және тағы да басқа Әлім руларының батырларының есімдері кездеседі. Сартай батырға қатысты «Жаужүрек мыңбала» атты көркем фильм бар. 2008 ж. Арал қ-нда ашылған Тәуелсіздік алаңында Сартай батырға ескерткіш қойылған.

Әдеб.: Избасарова Г.Б., XVIII ғасырдағы қазақ-башқұрт ара қатынасындағы саяси және этникалық үрдістер, Ақтөбе, 2008; История Казахстана в русских источниках XVI – XX веков. Т. 3. Журналы и служебные записки дипломата А.Тевкелева А., Дайк-Пресс, 2005; Абылай хан өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар жинағы, Құраст. және қазақшаға аударған З.С. Тайшыбай, Петропавл, 2005; Жолымбетов Ө., Ақшұбарлы Жылқаман, Қазақ батырлары №7, 2003; Вяткин М.П. Батыр Срым (Освободительное движение в Казахстане в конце XVIII в.). М-Л., АН СССР, 1947; Казахское русское отношения в XVI-XVIII веках. Т-1. А., 1961; Нұрмағанбет Қосжанов, Сартай батыр, А., 1997.

Б.Еңсепов

СЫРТАНОВ Барлыбек (1866, Жетісу обл. Қапал уезі, Арасан болысы – 26.10.1914, сонда) – қоғам қайраткері. С. Верныйдағы (қазіргі Алматы қ.) ер балалар гимназиясында орта білім алып, 1886 ж. Санкт-Петербург ун-тінің шығыстану ф-тіне оқуға түседі. Ол студенттік шағында сондағы жоғары оқу



Б. Сыртанов

орындарында оқып жүрген М.Сералин, Б.Қаратаев, А.Теміров, Б.Құлманов секілді қазақ жастарымен бірлесіп, «Жерлестер» атты үйірме құруға ат салысты. Бұл үйірме мүшелері студент жастарға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыруымен бірге саяси-әлеум. мәселелерді қызу талқыға салды. Ун-тті аяқтағаннан кейін С. 1903–07 ж.



Ресей мен Қытай шекарасының межесін тексеру ісіне ат салысты. Патша өкіметінің орыс шаруаларын Жетісу өңіріне қоныс аударып, жергілікті халықтың мал бағуға, егіс егуге жарамды жерлерін тартып алуына наразылық танытты. «Айқап» журналында қазақ халқының әлеум.-саяси мәселелеріне қатысты мақалалар жариялады. Сол тұстағы жергілікті халықтың мұң-мұқтажын айқындау әрі оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жалпықазақ съезін шақыру мәселесін көтерді. Оның мұндай ұсынысы С.Лапин, Р.Мәрсөков, Ж.Сейдалин және Б.Қаратаев секілді қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапты. 1910–13 ж. аралығында С. өз тарапынан құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің отары қатарынан шығаруды көздеген жарғы әзірледі. Бұл жарғыда қазақ жері Ресей отары емес, доминоны болу керектігі көрсетілді. Ол ауыр науқастан қайтыс болып, туған ауылында жерленді.

Ә.Шашаев

СЫРТАНОВ ҺӘМ «ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ УСТАВЫ». 20 ғ. басындағы қазақ халқының мүддесі, бостандығы үшін күрескен қайраткерлер ішінде Барлыбек Сыртановтың алар орны ерекше. Әкесі Сырттан батыр оқуға зерек ұлдары Тұрлыбек пен Барлыбекті 1877 ж. Верный қ-нда (қазіргі Алматы қ.) ашылған ерлер гимназиясына оқуға береді. Тұрлыбек гимназияның 4 сыныбын бітірген соң, сырқатына байланысты Ресейдің Шәуешектегі консулдығында тілмаш болады. Гимназияны 1886 ж. үздік бітіріп шыққан Б.Сыртанов сол жылы Санкт-Петербург ун-тетінің шығыстану факультетіне оқуға түседі. Сыртанов осында оқитын Мәмбетәлі Сердалин, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров, Бақтыгерей Құлманов секілді қазақ жастары құрған «Жерлестер» атты ұйымға қатысады. Олар кейінгі келген қазақ студенттеріне қол ұшын беріп, сол кездегі саяси мазмұндағы еңбектермен танысады, талқылайды. Қазақ даласында мәдени-ағартушылық ісін қолға алу туралы бір-бірімен пікір алмасады. 1890 ж. ун-тті бірінші дәрежелі дипломмен үздік бітірген Сыртанов 1891 ж. Ташкент қ-нда Түркістан ген.-губернаторының қазыналық палатасында қызметке қабылданады. 1894 ж. Жетісу әскери губернаторлығының облыстық басқармасында іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі, кейін ерекше тапсырмалардың кіші шенеулігі болды. Сыртанов патша өкі-

меті жүйесінде қызмет етсе де қарапайым елдің мүддесін қорғайды. Заңның мүмкіндігін, өзінің беделін салып жүріп талай қазақ-қырғыздың кеткен ақысын қайтарып береді. Бұл жөнінде М.Тынышбаев: «Тендікке қолы жетпегендер Барлыбек, Тұрлыбекке жылап келіп, тендік алып, мауқын басушы еді, һеш кімді я жылатып, я жылатпауға Барлыбек, Тұрлыбек себепкер болған емес. Бұлай болған соң бүтін бір облыс орыс-қазақ-қырғыз Барлыбек, Тұрлыбектің сөзінен еш




Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген бір топ қазақ жастары. Солдан оңға қарай: Б.Қаратаев, М.Сердалин, Б.Сыртанов, Ж.Сейдалин

уақытта шыққан емес» («Қазақ» газеті, 1915, №95), – деп жазды. Сыртанов елінің көзін ашу үшін Ахметкәрім Зейнулин деген азаматпен бірігіп, Қазан қ-нан 3 пұтқа жуық араб әрпін алдыртып, «Семереченские областные ведомости» газетінен «Туземный отдел» деген айдар аштырады. Бұл бөлімде көшпелі қазақ елінің аянышты тұрмысы, қарашекпенділердің көптеп қоныстануынан жердің тарылуы, отарлық саясаттың зардабы хақында мәселелер көтереді. 1905 ж. патша өкіметі тарапынан шыққан «барлық мешіттерде Николай II патшаның суреті ілінуі керек» деген нұсқау жүзеге аса бастағанда Сыртанов бұл жарлыққа батыл қарсы тұр-



ды. Мұсылмандар толқуының басында ел алдында зор беделге ие Сыртанов тұрғандықтан, губернатор нұсқауды лажсыз тоқтатады. Ресей мен Қытай билігі 1903–07 ж. шекара межесін қайта қарағанда Сыртанов бұл іске белсене араласады. Жетісу өлкесінде зор абыройға ие болған Сыртановпен орыс ұлықтарының өзі санасқан. Жамбылмен айтысында Шашубай ақын: «Арқада мен айтайын салдығымды, Мұнда келсе айтайын бек, төре, хандығымды. ...Барлыбек, Тұрлыбекпен аман болса, Жандарал да бұзбайды жарлығымды» – дегені осыны аңғартады. Сыртанов қазақтың мұсылманшылықпен қатар, заманға сай еуропалық білім алуын қолдап, Жетісудағы оқу-ағарту ісіне де белсене араласады. Қапалдағы Маман құттың балалары салдырған медресенің жадидтік бағытта білім беруіне ықпал етеді. «Айқап» журналы арқылы «Мамания» медресесіне оқыған азаматтарды тартады. Верный гимназиясының үлгісінде мектептер ашу үшін матай мен жалайыр руларының ауқатты адамдарын қаражат бөлуге үгіттейді. Верный гимназиясына қазақ балаларын көптеп тартып, соның арқасында Тынышбаев, С.Аманжолов, Б.Мәмбетов, Н.Жақыпбаев, Қ.Боранбаев, О.Жандосов, Ж.Бөрібаев, Ы.Дүйсенбаев секілді азаматтар бітіріп шығады. Столыпиннің жер реформасы кезінде қазақтың шұрайлы, сулы-нулы жерлері күшпен тартып алынып, орыс қарашекпенделеріне беріле бастағанда Сыртанов бұған үзілді-кесілді қарсы тұрады. 1905 жылғы Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаевтармен бірге Сыртанов та қазақ халқының жерге қатысты және өзгеде құқықтарын талап етіп патшаға құзырхат жазады. Ол 1910 ж. Ұзынағашта Жетісу өңірінің белсенділерінің басын қосып, жерді басқаның талан-таражысынан қорғау үшін халқына үндеу тастайды. 1911 ж. Санкт-Петербургке барып, Жетісудағы қазақ-қырғыздың жер және өзгеде зар-мұңын жеткізіп, ұлықтарға шағым түсіреді. Сол жылы Санкт-Петербургте қыстаған Сыртанов осындағы бай кітапхананың мүмкіндігін пайдалана отырып, Бөкейханның өтініші бойынша қазақ елінің алғашқы конституциясын – «Қазақ елі уставын» жазып шығады. Оған «С.Б. Алашинский» деп қол қойған. Елге оралғаннан кейін Сыртанов «Айқап» журналына мақалалар жазып, ел мүддесіне қызмет

етуін жалғастырады. Қоғамдағы дүбірлі өзгерістердің болатынын сезіп, жалпықазақ съезін өткізу туралы ойларын баспасөз арқылы халыққа жеткізеді (Айқап, 1913, №16). Науқасына байланысты Қапалға қымызбен емделуге келгенінде Сыртанов Жетісудағы минералды су көздерінен «Арасан», «Барлық-Арасан» шипажайларының ашылуына мұрындық болады. Алайда, науқасы мендеп, 1914 ж. Қапалда қайтыс болды. Тынышбаев қазанама-естелікте: «Барлыбек марқұм әлі келгенше қазақты ілгері бастыруға һәм жан-жақты қорғауға көп тырысты. Жұмысының алды, әсіресе, қазақтың жері еді. Бұл жұмыс үшін денсаулығын аямай жүріп, жөтелін ұлғайтып алды. Сол жөтел Барлыбекті алып кетті» (Қазақ, 1915, №96), – деп жазды. Сыртановтың студенттік досы, қоғам қайраткері Б.Қаратаев: «Меніңше, жалғыз сен ғана халықтың сеніміне ие болдың, жалғыз сен ғана «халық үшін еңбек еттім» деп айтуына хақың бар» – деп, оның ел үшін ұшан-теңіз еңбек сіңіргенін көзі тірісінде-ақ айтса, ол дүниеден өткенде С.Ғиясов: «Кішіпейіл, өтшіл, сөйлескенде сөзін таза қазақ тілінде сөйлейтұғын, турашыл һәм діндар бір адам еді. Бұл жақтағы елдің шаһбазы десе де болады» (Айқап, 1914, №24), – деп қазанама жазды.



«ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ УСТАВЫ». Кіріспе сөз. Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, жерін қорғады. Ұрпақ жалғастырудан 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. «Ақтабан шүбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарда қалмақтардың күшті һәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Үш жүздің ақылды ұлдары бір байрақтың астында жиналуға уәде беріп, бас қосып,



қалмақтарды күл-талқан жасады. Әбілхайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті. Орыс патшасы жасаған шартты бұзып, қазақ жеріне бекіністер орнатты, жаулап алуды күштіледі, қарашекпенділерді қапталтты, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алды. Байғұс қазақтар өз жеріне ие болудан айрылды хәм айдалаға, құмға ығыстырылды. Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей бейбіт жолмен жерімізде хұкмет өз қолында ел болу мақсатында, барлық елдермен достықта болу үшін жеке Қазақ елі республикасын құрамыз. Қазақ елі республикасында жоғары билік жүргізуді бүкіл қазақ және басқа нәсілдердің өкілдері дауыс беру арқылы іске асырады. Сайланатындар елдің ең сүйікті, білімді, ел үшін жанын беретін адамдар. Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында хәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін осы уставты кіргізеді.

I. Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында:

1. Қазақ елі халық билейтін хәм қазақи ерекшеліктері бар ел.
2. Қазақ елінің жеке туы бар. Туы жасыл, қызыл хәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай хәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі.
3. Бұдан былай Қазақ елі Россиямен достастық, яғни доминион дәрежесіндегі қарым-қатынаста болып тұрады.
4. Қазақ елінде ең басшы орыны – Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды.
5. Бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ.
6. Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді.
7. Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің хәм Ұлт мәжілісінің алдында есеп беріп тұрады.
8. Қазақ елі Президентінің орынбасары – Вице-президент. Ол Президент жоқ болғанда орнын басады, бар кезде оның айтқанымен жұмыс істейді.
9. Қазақ елінде билік жүргізу закон шығаратын (парламент), орындайтын (үкімет) хәм

сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады.

II. Адам баласының хұқы турасында:

10. Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон хәм құдай алдында жауап береді.
11. Қазақ елінде адам балалары бостандықта, теңдікте хәм бақытты өмір сүруге хұқы бар.
12. Қазақ елінде ер адам мен әйел теңді. Қазақи ерекшеліктер әйелдерді қорламайды, әйел келісімімен іске асады.
13. Қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруына хәм партияларға кіруіне тыйым жоқ.
14. Нәсілдерді бір-біріне итеретін ұйымның, партияның, адам баласының істеріне тыйым салынады. Кінәлілер законға жауапты.
15. Қазақ елінде соттың рұқсатынсыз адам баласы ұсталмайды, абактыға қамалмайды. Ұсталғандарға сот 24 сағатта хұкім беруі шарт, болмаса қамаудан босатылады. Законды бұзумен қамаған сот алдында сазайын тартады.
16. Қазақ елінде адам баласының хат-хабарын ашуға рұқсат жоқ. Рұқсат беру – соттың мойнында.
17. Адам баласының мүліктің барлық түріне ие болуға хұқы бар. Мүлікке ие болу, пайдалану хәм билеуден адам баласына зиян болмауы шарт. Мүлік хұқынан айыру законмен, құнын төлеу арқылы болады.
- III. Қазақ жері турасында:
18. Қазақ жері оның меншігінде болады.
19. Қазақ елінің жері саудаға түспейді, құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты.
20. Жердің кені, орман, су, көлі хәм таулары қазақ елінің иесінде. Мал жаю, егін өсіру, үй салу, жерді өңдеу хәм жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару хұкмет рұқсатымен болады.
- IV. Сот турасында:
21. Сот билігі өз еркімен іске асады.
22. Соттың хұкімі законға хәм сот ережелеріне сүйенеді.
23. Суыялар дау шешкенде хұкметке яки адам баласына бағынбай, закон хәм сот ережелері негізімен хұкім шығарулары шарт. Судьяларға әсер жасағандарға соттың үкімі кесіледі.
24. Қазақ елінде бар судьялар Ұлт мәжілісіне өмір бойы сайланады. Законды бұзған хәм орындамаған судьялар орындарынан алынады.



25. Орнынан алуды адам баласының арызының негізінде һәм Қазақ елі сотының Председателінің хукімімен Ұлт мәжілісінде көп дауыспен растайды. Олай болмаса, судья өз атына қайтарылады.

26. Судьялар қазақ тілін білуі шарт. Басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеуге хұқы бар.

27. Присяжный соты ауыр қылмысты істерді шешуге хұқылы. Присяжный саны 7 адам.

28. Сот орнында партиялар болмауы шарт. Судьялар партияға кіру хұқынан айырылады. Жасырын мүше болса, орнынан алынады. 13 июнь, 1911 жыл, С.Петербург, С.Б.Алашинский.

Әдеб.: Өзбекұлы С., Барлыбек Сыртанов, А., 1996; ҚР ОММ 44-қор, I-тізім, 55425-іс, 1-3 б., 55418-іс, 9-б.; Прощение Б.Сыртанова: Барлыбек Сыртанов мұрағаты, 1 т., 1-4 б., сонда, 31 б., С.Өзбекұлының жеке мұрағатынан; Байгелова Н., Өзбекұлы С., Қарқаралы петициясы және Қазақстан конституционализмнің дамуы, А., 2007; Федоров Е., Очерки национального-освободительного движение в Средней Азии, Таш., 1925, с 25.

М.Исахан

СЫРЫМБЕТ ҚЫРҒЫНЫ – 1916 ж. күзде қазіргі Алматы обл. Ескелді би ауд-нда болған қанқұйлы оқиға. 1916 ж. патша үкіметінің маусым жарлығына алғаш бас көтерген – жалайыр тайпасының сиыршы тармағына қарасты Сырымбет атаның ұрпақтары болды. Осы тұста Гавриловка (Галдықорған), Суковский (Қарабұлақ), Өркератал (Комитерн а.) станицаларындағы орыс-казак атамандары Қапалдан келген қарулы әскерді Желдісайдағы бейқам жатқан елге бастап барған. Олар осы өңірдің тұрғындарын атып, дарға асты. Жүкті әйелдердің ішін жарып, балаларды тірідей көмді. Барлығы 150-дей адам опат болды. Халықты көтеріліске үндеген Жазықбай батыр 11 серігімен бірге қапылыста қолға түсіп, ауыр азаппен өлтірілді. 20 қылыш, 16 мылтық жасап үлгерген Байбөрлі ұстаны қолына шеге қағып, қылышпен шауып өлтірді. Патша әскерлерінің осындай айуандық әрекеттері халық жадында С.к. деген атпен қалды.

Ұ.Доспанбетов

СЫРЫМ Датұлы, Сырымбай, Шынтемір (1723, Батыс Қазақстан обл. Сырым ауд. Сарыой а. – 1802, Хиуа қ.) – Кіші жүздегі 1783–97 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, батыр, би, шешен.

Кіші жүздің 12 ата байұлына жататын байбақты руынан. С-ның атасы Шолан байбақты руының белгілі батыры болған. Ол батырлығымен, бірбеткейлігімен дараланып, төрелердің қолынан қаза тапқан. Шоланды төрелер кескілеп өлтіріп кеткенде, төртінші баласы Дат шешесінің құрсағында қалған екен. Шешесі көп ұзамай аман-сау босанған соң, төрелермен арадағы зіл ұмыт болмас үшін баланың атын Дат қояды. Ел аузында сақталған әңгіме-аңыздарда С. тана руының Малайсары, беріш руының Алдар, есентемір руының Есет секілді билерінен



Сырым Датұлы

бата алған көрінеді. Мұның өзі С-ның Кіші жүз қазақтары арасында өзіндік беделге ие болғанын аңғартады. Сондықтан да Нұралы хан С-ды бауырына тартып, оның абырой-беделіне арқа сүйеуге тырысқан. Ол әуелі С-ның әпкесіне үйленіп, оған жезде болады, кейін «ақсүйек тұқымы қара халыққа қыз бермейді» деген ата дәстүрін бұзып, бір әйелінен туған қызы – Айғанары С-ға қосып, оны күйеу бала етеді. Бірақ патшалық Ресейдің далалық өлкеде әкімш.-саяси реформа жүргізіп, хандық билікті күшейту арқылы қалың бұқараның табиғи құқыларын шектеуі (Жайық өз-нен өтуге тыйым салып, шұрайлы жайылым мен өрісінен айыруы, т.б.), жергілікті билік органдары арқылы алынатын салық көлемін көбейтуі С. мен орыс патшасы тағайындаған Нұралы ханның арасын ашып жібереді. Патша әкімшілігінің озбырлығына, хан-сұлтандардың

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ



дәрменсіз халіне ашынған С. рубасыларының қалауымен қару алып, қалыптасқан саяси жүйеге қарсы шықты. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысты. Орал казак-орысы Ф.Куричын 1774 ж. Пугачев әскерінің құрамындағы қазақ жасағын С. бастағанын мәлімдейді. Пугачев өлтірілгеннен кейін С. патша үкіметінің жазалаушы отрядына қарсы күресін жалғастыра берді. Оған ген. А.В. Суворовтың 1775 ж. граф П.Панинге: «Сырым батыр бастаған қырғыздарды қай жерде кез келсе де, қандайлық алысқа қууға тура келсе де оның өзін ұстап алып, тамырына бір жола балта шауып немесе сол жерде өлтір дедім, оның басты жолдастарына да осыны істендер, әскерлік ант бойынша өздеріңнің күштеріңді де, өз бастарыңды да аямаңдар деп тапсырдым», – деген мазмұнда жолдаған баянхаты дәлел. Бірақ ол араға уақыт салып Ресей әкімшілігімен келісімге келді. Бұған белгілі дәрежеде 1775 ж. 7 қарашада Ресей Сыртқы істер коллегиясының С-ның Еділ-Жайық арасына, Каспий т-нің жағалауына, Жем-Сағыз атырабына қоныстауына рұқсат берген жарлығы ықпал етті. Бірақ Ресейдің жасаған «кеңшілігі» ұзаққа созылмады, әсіресе, Орал казак-орыс әскерлері қазақтардың жер-су иелену құқыларын кеңейтуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Осыған орай 1782 ж. 27 желтоқсанда патша үкіметі қазақтардың мал жаюына рұқсат еткен аудандарын енді тек жалға беру туралы жарлық шығарды. Бұл өз кезегінде ұлт-азаттық қозғалыстың қайта өрістеуіне алып келді. 1783–97 ж. Кіші жүздегі бұл қозғалыстың жетекшісі С. болды (қ. *Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс*). 1797 ж. күзде С. Хиуа хандығы иелігіне өтіп кетті. Сонда дұшпандарының қолынан қаза тапты. Оған у беріліп өлтірілгені жайлы мәліметтер бар. 1803 ж. С-ға арналып ас берілді. Бұл астың өзіндік маңызды оқиға ретінде аталып өткендігін сол кезде Бұхарға сапар шегіп бара жатқан Ресей елшісі поручик Я.Гавердовский өз күнделігінде жазып қалдырған. Батыс Қазақстан обл-нда С. атынд. аудан бар.

С.Өтенияз

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС (1783–1797) – Кіші жүздегі патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған азаттық күрес. 18 ғ-дың 80-жылдарының басына қарай Кіші жүздегі жағдай қиындай түсті. Ресей

өкіметі тарапынан отаршылдық режим күшейтілді. Саяси шектеулер мен көпе-көрінеу тонау арқылы жүргізіліп отырған саясатпен қатар, Ресейдің өкімет орындары көшпенділердің дәстүрлі шаруашылық құрылысын жоюға барынша күш салды. Бұл Жайықтың арғы бетіндегі ішкі жаққа қазақтардың өтуіне тыйым салынып, көші-қон өрістерінің күштеп бұзылуынан көрінді. Оның үстіне хан билігі енді патша үкіметінің



Сырым Датұлына қойылған ескерткіш

іс-шараларына қарсы әрекет ете алмады. Саяси сахнада билердің, батырлардың салмағы арта түсті. 1783 ж. Жайықтың арғы бетіне өткен қазақтардың 4 мың жылқысын орыс-казактар айдап әкетті. Осындай жағдайда Кіші жүзде халық толқуы стихиялы түрде басталды. Көтерілісшілер бұқарасының басшысы Сырым Датұлы болды. Ол Верхнеуральск бекінісі мен Елек қалашығы арасындағы шепке шабуыл жасады. Осы шабуыл барысында Сырым батыр Орал казактарының тұтқынына түсті. Оны Нұралы хан 70 жылқы және 350 сом төлеп босатып алды. Нұралы ханның мұндай қадамға баруына Сырым батырдың халық арасындағы бе-



делі ықпал етті. 1784 жылғы қарашаға қарай Сырым батыр Сағыз өз-нде 1000 адамнан тұратын ірі жасақ жинады. Сырымның өз бетімен әрекет етуі Нұралы ханмен алшақтасуды туғызды. Сырым батыр Кіші жүздегі қазақ руларының денін өз жағына тарта білді. 1785 жылдың басында Сырымды қолдаған Барақ батырдың жасағында 1500 адам болды. Осы жылдың көктемінен бастап Кіші жүздің барлық рулары тарапынан өкімет орындарына қарсы қимыл өріс алды, ал байбақты, табын және тама рулары қоныстанған жер қарсыласу орт-на айналды. Патшалық Ресейдің Әскери коллегиясының төрағасы Г.А.Потемкиннің Кіші жүз қазақтарының көтерілісін басу туралы бұйрығымен 1785 ж. ақпанда ген. Смирнов әскерлерімен Орынбордан Елек бағытына аттанды. Олармен бірге бір мезгілде Оралдан Жемге қарай екі зеңбірегі, 1250 казағы бар әскер старшиналары Колпаков пен Пономаревтің отрядтары шықты. Бірақ патша әскерлері қозғалысты баса алмады, өйткені көтерілісші ауылдар Жемнен шалғай көшіп кеткен еді. Смирнов пен Колпаковтың отрядтары көтерілісшілердің шоғырланған жерін іздеп жүрген кезде Сырым батыр 500 жігітпен олардың тылына өтіп кетті. 1785 жылдың наурызында ол Антонов форпосына, содан кейін Жайықтың төм. бойында орналасқан Сахарная қамалына шабуыл жасады. Бекіністердің гарнизондары шабуылды тойтаруға дайын еді. Көтерілісшілердің тұтқиылдан тиісуі ақталмай, олар шегінуге мәжбүр болды. Бірақ Сырым батыр басқа форпостар мен бекіністерге шабуыл жасап, патша жазалаушыларын кері оралуға мәжбүр етті. 1785 ж. 3 наурызда Нұралы хан Орал әскерінің атаманы Донсковқа табын руының кейбір ауылдары өзіне дұшпандықпен қарайтынын хабарлап, оларды жазалауын өтінді. Сахарная бекінісінің Каршинск форпосты ауданында көшіп жүрген ауылдарға ханның өтініші бойынша майор Назаров бастаған әскери команда жіберілді. Жазалаушылардың көрсеткен жәбірі халықтың ашу-ызасын күшейтті. Сол кезге дейін көтеріліске қатыспаған көптеген ауылдар көтерілісшілерге қосылып, Нұралы ханнан халық сырт айналып кетті. 1785 жылдың көктемінен бастап қозғалыс кеңейе түсті және шын мәнінде бүкіл Кіші жүзді қамтыды. Сол кезде ақ танымал басшы болған Сырым батырға

шекті, табын, шеркеш, таз рулары белсене қолдау көрсетті. Ген.-губернатор О.А.Игельстром көтерілісшілерге өзінің өкілі ахун Құсайыновты жіберді. Ол рубасыларына егер күресті тоқтатса, көтеріліске қатысушыларға кешірім беруге уәде еткен хат әкелді. 1785 жылдың жазында көтерілісшілердің кеңінен қатысуымен болған рубасыларының съезі патша өкіметі орындарының үндеуін талқылап, ген.-губернаторға өз өкілдері арқылы жауап қайтарды. Рубасылары қазақтарға Жайық пен Еділ арасындағы қоныстарды беруді, Жайық казак әскерінің «әскери әрекеттерін» тоқтатуды талап етті. Көтерілісшілердің басты талаптарының бірі Нұралы ханды тақтан тайдыру болды. Бұл шешімге елуден астам ру басшылары қол қойды. Мұндай талаптан кейін патша өкіметі 1786 ж. Кіші жүзді басқарудың жобасын жасап, оны жүзеге асыра бастады (қ. *Игельстром реформасы*). Бірақ бұл реформа Кіші жүзге «тыныштық» әкеле қоймады. Патша өкіметінің Нұралы ханды биліктен шеттетіп, Уфаға жөнелтуіне туыстары наразы болды. Соның нәтижесінде 1786 жылдың тамыз айында Ералы сұлтан өзіне бірігуге келген Сырым батыр мен оның 106 серігін тұтқынға алды. Ералы Сырымды Нұралы ханға айырбастағысы келді. Бірақ Игельстромның араласуымен Сырым батыр тұтқыннан босатылды. 1786 жылдың күзінде қазақтардың Еділ-Жайық ортасына көшуіне рұқсат берілді. Патша өкіметі мұндай шара Кіші жүзде «тыныштық» орнатуға ықпал етеді деп үміттенді. Алайда өкімет ойластырған «тыныштық» орнамады, қазақтар өз қимылдарында дербестікті нығайтуға және Орынбор әкімшілігінен тәуелсіз болуға ұмтылды. Сырым батыр мен оның жақтастары Кіші жүздің бүкіл аумағында рулық құрылымның күшті бірлестігін құру жолында әрекеттенді. Ол Орынбор әкімшілігіне қарсы іс-қимылдарын қолдау туралы Хиуамен келіссөз жүргізе бастады. Мұндай келісімді Осман сұлтандығымен жасауға да талпыныс білдірді. Ал Орынбор әкімші. отарлау саясатын бұрынғысынан да күшейте түсті. 1790 ж. қыркүйекте Сырым батыр Екатерина II-ге казак атаманы Донсковтың 1500 әскерімен қазақтарға шабуыл жасап, 150 адамды өлтіріп, сансыз көп малды айдап кеткені жайлы мәлімдеме жолдады. Бұған жауап болмағаннан кейін қазақтар Орал ше-



бінің жекелеген учаскелеріне шабуыл жасай бастады. Орынбор әкімшілігінің жаңа басшысы А.Пейтлинг халықты тыныштандыру үшін Кіші жүзде жаңа хан сайлау қажет деп тапты. Оның таңдауы Нұралының інісі Ералыға түсті. Сырым Ералының хан сайлануына наразы болып, Бұхар әмірімен келіссөз жүргізді. 1792 жылдың қыркүйегіне қарай Сырым тікелей қарулы күрес жолына түсіп, Ресейге соғыс жариялады. Қарулы күрес Сырым батырдың Елек қорғанына шабуыл жасауымен басталды, бірақ көтерілісшілерге тойтарыс берілді. Сонан соң Сырым Красногор бекінісіне шабуыл жасауға әрекеттенді, бірақ бұдан да ешнәрсе шықпады, оның үстіне Сырым Бұхар әмірінен уәде етілген қолдауды ала алмады. Ресейге соғыс жариялағанға дейін Сырым өзімен келіспеген ақсақалдарды жазалауға әрекет жасаған еді. Енді олар патша әскерлерімен бірлесіп, біріккен күштермен Сырымға қарсы шыға бастады. 1794 ж. Ералы хан қайтыс болып, Орынбор әкімш. Нұралының баласы Есімді хан етіп тағайындады. Сырым бір кезде белгілі бір дәрежеде оны өзінің одақтасы деп санаған еді, ал өзіне Есімнің қолдау көрсетпейтіні анықталған кезде ымырасыз күрес жүргізді. Бұл көтерілісшілердің Есім ханды өлтіруіне әкеліп соқты. Орынбор әкімш. жаңа хан сайламай, Кіші жүзді Хан кеңесіне тапсыруға әрекет жасады. 1797 жылдың тамызында Хан кеңесі жұмысын бастады, оның төрағасы болып Айшуақ сұлтан тағайындалды. Алайда сұлтандар өз бетімен, халық өкілдерін қатыстырмай Қаратай сұлтанды хан етіп сайлады, бұл қайтадан наразылық туғызды. Осы кезде Сырым ақсақалдармен татуласуға ыңғай танытып, Сырдарияның төм. ағысына көшіп барды. Кейіннен бұл арадан оны Қаратай сұлтан жасақтарымен ығыстырып, Хиуа жеріне өтуге мәжбүр етті. Осылайша бұл қозғалыс жеңіліспен аяқталды. Дегенмен, С. Д. б. ұ.-а. қ. ұлттық сана-сезімнің артуында өзіндік терең із қалдырды.

С.Өтениязов

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ЖАҢА КӨЗ-ҚАРАСТАР. Қазақ халқы ғасырлар бойы бостандық, ел мен жердің тұтастығы үшін талай қиындықтарды бастан өткізді. Ресей, Қытай екі империяның отарлық саясатына, Орта Азия хандықтарының басқыншылықтарына қарсы ұлт-азаттық соғыстар жүргізіл-

ді. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыс солардың алғашқыларының бірі болды. Сырым Датұлы – ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, айбынды батыр, мемл. ауқымдағы ұлы тұлға, сонымен қатар ол қазақ демократиясының негізін қалаушы тұлға болды. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың басталу қарсаңындағы Кіші жүз даласындағы саяси-әлеум. жағдай күрделі еді. Кіші жүз ханы Әбілқайыр өз заманында Еділ-Жайық арасындағы қазақ жерін қайтару үшін қалмақ ханы Аюкемен үздіксіз соғыстар жүргізді. Оның қолында Орта жүздің батыры Жәнібек, Кіші жүзден Есет және Бөкенбай серіктерімен бірге болды. Әбілқайыр хан жеке тұлға ретінде Жайық өз. үшін күрес жүргізе отырып, «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақырзаман келгенше қазақ халқы бұл жерден айырылмайды. Өйткені мұндай жайлы жерді олар еш жерден таппайды» деді. 18 ғ-дың 40-жылдарында Әбілқайыр хан орыс патшасының ген.-губернаторларымен де шайқасты. Қазақ-орыс қарым-қатынастары шиеленісе түсті. Анттарын орындамаған орыс шенеуніктерінің саясатына қарсы шығып, ел тұтастығы мен жер үшін өз ойын батыл, ашық айтып отырды. Орынбор ген.-губернаторы И.И.Неплюев ханның бұл саясатына қарсы шықты. Сондықтан Кіші жүз ханы Әбілқайырдың беделін түсіріп, реті келсе оның көзін құрту керек болды. Кіші жүздегі хандық биліктің арасындағы бақталастықты орыс шенеуніктері пайдалана отырып, қазақтарды бір-біріне айдап салып, Орта жүз сұлтаны Барақ 1748 ж. тамызда Әбілқайырды өлтірді. Кіші жүздегі саяси күрес осылай аяқталғанымен, хан өлгеннен кейін, оның орнына орыс патшалығының қолдауымен, Әбілқайырдың үлкен ұлы Нұралы хан сайланды. 18 ғ-дың 70–90-жылдарында Кіші жүзде саяси дағдарыс тереңдей түсті. Кіші жүздегі билік екіге бөлінді. Бір жағынан, Сырым Датұлын қолдаған старшындар, екінші жақтан, Нұралы хан мен сұлтандар арасындағы жік алшақтай түсті. Тевкелев Сыртқы істер мин-не хатында «Қазақ хандары мен сұлтандарының халықтың алдында ешқандай беделі жоқ», – деп жазды. Отарлық саясаттың алғашқы кезеңі Жайық, Орынбор орыс-казак әскерлерін қазақ жеріне кіргізуден бастау алады. Олар Жайық өз-нің бойына көптеген бекіністер салып, қазақтарға қарсы озбырлық жалғаса



түсті. Кіші жүз қазақтарының қоныстарын басып алып, күнкөрістерді қиындатты. Орыс-казак бекіністеріне жақын орналасқан казак ауылдарына шабуылдар жасап, малдарын айдап, адамдарын тұтқындап, зорлық-зомбылық күшейді. Бұл жөнінде Нұралы хан Орынбор ген.-губернаторы Неплюевке жазған хатында «Біздің қысқы жерлерімізге жазда келіп орыстар бекіністер салуда, жайылымдарымыз тарылып, алыс жерлерге баруға мәжбүр болып отырмыз. Жайық өзеніне емес, Елек өзенінің бойына да малдарымызды жая алмайтын болдық», – деп қынжылып жазған. Кіші жүз қазақтары Жайықтан өтіп, бос жатқан жерлерді пайдалана алмады. Орынбор әкімш. рұқсат бермей қойды. Саяси дағдарыстың шиеленісуінің басты себептерінің бірі жер, жайылым болды. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық соғыстың басталуының себебі де осы жер мәселесі және орыс-казак әскерлерінің озбырлығы болғандығын көреміз. Қазақ жеріне біртіндеп ене отырып, шекара маңындағы әкімш. басқару мекемелері (Шекаралық сот), шекаралық комиссия, расправалар құрылып, отарлық саясат жалғастырылды. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс үш кезеңнен тұрады. 1-кезең 1783–85 жылдарды қамтиды. Қозғалыстың басталу кезеңінде Сырым батыр Жайық казак-орыстарының казак жұртына көрсеткен озбырлығына тойтарыс берді. 2-кезең – 1785–90 жылдарда патша әкімш.-н қолдаған хан мен сұлтандармен күрес, билікті халық қолына беру. 3-кезең – 1790–97 жылдар аралығы, жеті жыл бойы Сырым, оның жақтастары патшалық Ресейге ашықтан-ашық соғыс жариялап, бостандық пен тәуелсіздік үшін қантөгіс соғыс азабын бастан кешті. 1783 жылдың жазында қазақтардың шекарадағы орыс-казак бекіністеріне шабуылы кең етек алды. Сырым батырдың алғашқы қарсылығы қазақ ауылдарын шапқан казактарға қарсы бағытталды. Басты себептердің бірі «аты шыққан казак-орыс Чагановты қолға түсіріп, Хиуаға сатып жіберген» дейді Сырым батыр тарихын зерттеген тарихшы М.П.Вяткин. Алғашқы әскери қақтығыс Орынбор казак-орыстары мен 1500 башқұртты басқарған жүзбасы С.Харигоновтың тама Қадыр, Садыр сарбаздардың арасында болған. Қазақ даласына тұрақты әскермен ішкерілеп еніп, әйел, балаларды тұтқындап, малдарды айдап әкету қазақ ру-

ларының наразылығын туғызды. 1783 ж. желтоқсанда Сырым батыр казак-орыстардың қолына түсіп қалады. Бірақ Сырымды Орал қ-ндағы түрмеден Нұралы хан көктемде босатып алды. Хан казак-орыстарға 70 жылқы мен 350 руб. төлеген деп көрсетеді. Нұралы ханның Сырымды түрмеден шығарып алуының себебі, екеуі бір-біріне құда-жекжат болып келеді. Сырымның әпкесі Нұралы ханның әйелі еді. Сырым батыр 1784 ж. мамырда тұтқыннан оралған соң, шекарадағы әскери күштер озбырлығына қарсы күресті ұйымдастыра бастады. 1784 ж. 14 қазанда Орал және Бударин арасындағы Прорвы мекенінен өтіп, Көшім өз. бойындағы орыс-казак бекіністерін талқандайды. Олар 1145 жылқы, 757 ірі қараны қуып алып, 34 адамды тұтқындаған. Сырым және оның серіктестері: кердері руынан Садыр, Телей, Әлекбай, табын руынан Барақ батырлардың үлкен соққысы Орынбордан жоғары Таналы қорғанында болып, 176 адамды тұтқындайды. Сырым батыр, Тіленші бастаған қазақтар Нұралы ханға бірнеше рет адамдар жіберіп, көтерілісшілер жағына шығуға үгіттейді. Бірақ хан Сырым батыр жағына шықпайтынын білдіреді. Ол «бүкіл қазақ халқы, бауырларым, балаларым менен бөлініп кетсе де, мен патшаға берген антымнан, адалдығымнан таймаймын» деп, бар үміті патша әкімш.-нде екендігін көрсетті. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық соғыстың бірнеше кезеңінде кіші жүздегі саяси дағдарыс Нұралы ханның кетуіне әкелді, қазақтар біршама жеңістерге жетіп, Сырым батырдың беделі өсіп, патша үкіметі хандықты жою үшін Сырым батырмен келіссөздер жүргізе бастады. 1786 ж. 3 маусымда патша Нұралыны хандықтан айырып, Уфаға жер аударды. 1786–90 жылдар оқиғалары Кіші жүз қазақтарының қоғамдық-саяси өміріне жаңаша сілкініс әкелді. О.М. Игельстром қазақ жерінде дәстүрлі хандық биліктің орнына орыс әкімш.-басқару жүйесін іске асыру мақсатында реформа жүргізуге кірісті. Хандық жойылғаннан кейін патша әкімш. мен сұлтандар арасында хандықты қалпына келтіру үшін күрес күшейе түсті. Сырым батыр мен старшындар халық билігін орнатуға ұмтылды. Халық кеңесін құру және оны шақыру 18 ғ.-дың 80–90-жылдардағы қазақ демократиясының тұңғыш идеясы болды. Дала демократиясының іске асуына жетекшілік жасаған Сырым Датұлы

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ



еді. Ол 1786 ж. хандық биліктің орынына «Халық Кеңесін» енгізді. Әрбір руды старшындар басқарып, ел арасында тыныштық орнату үшін арнайы жасауылдар құрған. Жасауыл аға старшындарының сенімді адамына айналды. Бас старшын болып Сырым Датұлы тағайындалды. Кіші жүзде 1785, 1786 және 1787 жылдарда Халық Кеңесінің съездері шақырылды. Халық Кеңесінде сол кездегі Кіші жүздегі маңызды саяси, шаруашылық және әлеум. мәселелер: біріншіден, ел тыныштығы, екіншіден, жер мәселесі, қазақтардың Жайық-Еділ өз-дері аралығында көшуі және пайдалануы, үшіншіден, патша әкімш. мен қазақтар арасындағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу қаралды. 1786–87 ж. Кіші жүз қазақтары тыныштықта Еділ-Жайық аралығын қыстады. Олар ішкі бетке өтерде орыс әкімш-не адалдық танытып, ант берумен қатар, шекара бекіністеріне аманат қалдырған. Бұл старшындар билігі негізінде жүзеге асты. Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың басты нәтижесі Еділ-Жайық өз. аралығына қазақ руларының көшуі болды. Сырым Датұлы Нұралының ұлы, замандасы Бөкейге ақыл кеңесін беріп, жігерлендіріп отырған. Бөкей Ордасы тарихын зерттеуші акад. С.Зиманов: «Халық тарапынан кеңінен қолдау тапқан, үлкен сеніммен абыройға ие болған Сырым батыр және оның төңірегіндегілер Жайықтың оң жағына өтуде алғашқы жолды сілтегендер болды. Бөкей сұлтан осы істі жүзеге асыруда Сырымның қолдауын, ақыл-кеңесін басшылыққа алды», – деп жазды. 1790–97 жылдардағы үшінші кезеңде орыс-казак бекіністеріне шабуылдарын жалғастырылды. 1792 ж. 29 қыркүйекте Сырым бастаған 1000 казак жігіті Елек бекінісіне шабуыл жасайды. Сырым батырдың қазақтарға қарсы соғысы 1792 жылдың желтоқсан айына дейін жалғасты. Қыс айында соғыс қимылдарын жүргізу және Бұхара, Хиуадан көмектің келмеуі қиындық туғызып, соғыс жорықтарын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Сырым батыр мен Есім хан арасындағы қарым-қатынастар күн санап шиеленісе түсті. Старшындар Есім ханды Сырыммен кездестіруді ойластырды. Бірақ Есім хан Сырым батырмен жолығудан өз еркімен бас тартады. Сырым мен Қаракөбек Есімді ел ортасына алып келуге үгіттеген, бірақ сұлтан «патшаның рұқсаты жоқ» деп бармаған. Есім ханды қазақтар орыс тыңшы-

сы деп білген. Мұның арты ханның өліміне әкелді. Ол 1797 ж. 27 наурызда таңсәриде Красноярск бекінісінің маңында өлтірілген. Есім ханның өлімі туралы әртүрлі әңгімелер бар. Біреулер Сырым батыр Есімді өзі өлтірді десе, енді біреулер Есімді өлтірген кезде Сырым болмаған деседі. Орынбор экспедициясының мәліметтері бойынша, Сырым батыр 26-27 наурызда хан өлімі болған жерден 100 шақырымдай қашықтықта болған. 1796–98 ж. Кіші жүз даласында саяси дағдарыс шиеленіскен жағдайда қалды. Есім хан өлтірілгеннен кейін, Орынбор әкімш. жаңа хан сайлауға кірісті. Жаңаша жағдай қалыптасты. Айшуақ сұлтан басқарған Хан Кеңесі Орынбор әскери губернаторының иелігіне өтті. 1797 ж. 29 тамызда 1000 адамымен Сырым батыр Хан Кеңесіне қатысуға келді. Сырым Датұлының халық арасында әлі де беделі түспеген еді. 1797 ж. 16 қазанда хан сайлауында 74 жастағы Айшуақ хан болып сайланды. Бұдан да кейін Сырым батыр мүмкіндігінше күресін жалғастыра берді. Кіші жүз қазақтарының күн көрістері нашарлай түсті, 1796–97 ж. қыс қатты, ауа райы суық болып, жер беті көк мұзға айналды. Жем, Сағыз бойындағы қазақтардың малы қырылды. 1797 ж. Сырым батыр Қобдада өткен кеңесте сөз сөйледі. Онда: «Маңдайына сор біткен жұртым – міне, бірнеше жыл қатарынан елге тыныштық жоқ. Халық күйзеліске ұшырады, қазақтың жаны – малы. Ендеше, елім, еңсенді көтер, жермен-жексен бола берме, ынтымақ жоқ жерде өшпенділік өрттей өршиді. Өшпенділік халықтың өркенін өшіреді», – деді. Осылай деп халқымен тілдесіп, ел тыныштығына жол ашу үшін күресті тоқтатты. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс 14 жылға созылып, сол замандағы қазақтардың басындағы мәселелерді шешуге жол ашты. Біріншіден, демократиялық идея – Халық Кеңесі құрылды. Екіншіден – Нұралы хан тақтан түсті. Үшіншіден – жер, жайылым тапшылығы мәселелері шешімін тауып, қазақтар Еділ-Жайық өз. арасындағы жерге көше бастады. 1801 ж. Бөкей ордасының құрылуының алғы шарттары жасалынып, орыс патшасын Бөкей Ордасын құру туралы жарлық шығаруға мәжбүрледі. Қорыта келгенде, Сырым Датұлының азаттық, тәуелсіздік үшін күресі еш кетпеді. Оның рухы тәуелсіздікке жеткізді. Сырым Датұлының тарихын терең зерттеген белгілі тарихшы



Вяткин: «Тарих мынаны айқын көрсетеді. Ол – Сырымның өз халқына деген асқан сүйіспеншілігі, өз халқын сатқан ел басшыларымен ешқашан ымыраласпайтындығы; өз Отанының бостандығы үшін, оның мемлекеттігі нығайып, дамуы үшін жанын аямай күрескені... Қазақтар халық қамы үшін күрескен осы бір батырын ешқашан естен шығармақ емес», – деп жазды.

Әдеб.: Мәшімбаев С.М., Әбілқайыр хан, Астана, 2007; Мәшімбаев С.М., Дүние жүзі және Қазақстан тарихының кейбір өзекті мәселелері, (Зерттеу мен мақалалар). А., Қазақ Университеті, 2010; Ақбай Ж., Сырым елі, Орал, 2007; Мұқтар Ә.Қ., Азаттық таңы жолында, А., 2001; Зиманов С., Россия и Бокейский ханство, А., 1984; М.П.Вяткин, Батыр Сырым, А., Санат, 1998.

С.Мәшімбаев

СЫРЫМ ДАТУҒЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында бостандық пен тәуелсіздік үшін дұшпанның жағасына жармасып, жан алып, жан беріскен кезеңдер аз болған жоқ. Әсіресе 18 ғ-дың 30-жылдары басталып, 19 ғ-дың аяғына дейін ұласқан патшалық Ресейдің Ұлы Даланы отарлау саясаты кезеңдеріндегі зымиян айлакерлікке қарсы ерлікпен күрескен халықтық қозғалыстар кең даланың әр тұсынан оқтын-оқтын бұрқ етіп отырды. Сырым батырдың басқаруындағы осындай халықтық қозғалыс 20 жылға созылды. Алайда қозғалыс көсемі Сырым батыр есімі халық арасында зор құрметке ие болып, ол туралы сан тарау аңыздар айтылса да, ғылым саласында бұл бағытта жүргізілген зерттеулер некен-саяқ. Бұл ретте М.Вяткиннің 1947 ж. Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) жарық көрген монографиясы, қала берді республика баспасөзінің бетінде анда-санда жылт ете қалатын жекелеген авторлардың мақалалары бар. Сырым 20 жасында байбақты руының биі атанады. Осы кезде тама руының биі, данышпан қарт Малайсарыдан бата алады. Ресей патшалығының сол тұстағы жазба материалдарында Сырым жөніндегі ең бірінші мәліметтер 1774 жылдан бастап кездеседі. Бұл Пугачев қозғалысының қазақ даласына да жайыла бастаған кезімен тұспа-тұс келеді. 1779 ж. Шекара істерінің Орынбор экспед-нда қазақ тұтқынынан қашып келген Орал казак-орысы Федор Курицын дегеннен жауап алынады. Ол өзінің

берген жауабында Сырым 1774 ж. әртүрлі рудан шыққан қазақтардан құрылған көп санды отрядтың басшысы болды дегенді айтқан. Мұның өзі Сырым 1774 ж. көтеріліске шыққан халық бұқарасының басын біріктірген деп ойлауға мүмкіншілік береді. Сырымның 1774 жылғы көтерілісі қазақтардың шекара сызығына жасайтын әдеттегі шабуылы емес, олардың Пугачев қозғалысына қағысқан кездерінің бірі екенін 1775 жылғы мәліметтер дәлелдейді. А.Суворовтың 1775 ж. 22 маусым күні Симбирскіден граф П. Панинге берген хабарында Сырым патша әскерлеріне қарсы жүргізілген қарулы күреске белсене қағысып қана қоймай, мұның үстіне сол күрестің ең ірі басшыларының бірі болғаны айтылады. Сырым бастаған халық көтерілісінің ауқымын, оның патша шенеуніктерін, әскер басшыларын әлекке салып, зығырданын қайнатқанын Суворовтың граф Панинге жолдаған хатындағы мына бір сөздерден аңғаруға болады: «Халықты қорғау мақсатында кездейсоқ оқиғаларға даяр тұру үшін ғана емес, мұның үстіне дұшпанға батыл соққы беру мақсатымен де сіздің ақжарқын жүзіңіздің басшылығындағы әскерлерге мынадай бұйрық бердім: реті келген бірдебір қолайлы кездерді құр өткізбей, бүгіннен бастап Сырым батыр бастаған, өз беттерімен кеткен ұры-қары қырғыздарды қай жерде кез келсе де, қандайлық алысқа кууға тура келсе де, оның өзін ұстап алып, тамырына біржола балта шауып немесе сол жерде өлтір дедім, оның басты жолдастарына да осыны істендер, әскерлік ант бойынша өздеріңнің күштеріңді де, өз бастарыңды да аямандар. Мұндайларға қашанда осындай тәртіп қолданып отырыңдар дедім». Осындай тісін қайраған қатаң жазалауға қарамастан, қазақ шонжарлары, яғни сұлтандар, қозғалыстан әлдеқашан бой тартып кеткеннен кейін де, Сырым отарлық озбырлыққа қарсы қажырлы күрес жүргізе берді. Жалпы, патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы Сырым батыр бастаған халықтық қозғалысты үш кезеңге бөліп қараған жөн. Көтерілістің бірінші кезеңі 1783 жылдың аяғын және бүкіл 1784 жылды қамтиды. Бұл жылдардағы қозғалыс негізінен шекара үшін күрес ауқымында дамыды. Сонымен бірге бұл кезеңдегі күрес – жергілікті әкімш-тің, әсіресе Орал әскері старшиналарының шексіз зорлық-зомбылықтарына қазақтардың көрсеткен қарсы-



лығы. Сырым бастаған халықтық қозғалыстың екінші кезеңі ел арасындағы, оның билеуші топтарының өзара алауыздықтарымен күресті қамтиды. Бұл тұста Сырым бастаған көтерілісшілердің патша әкімш-мен уақытша болса да белгілі бір дәрежедегі бейбіт қарым-қатынасы орнығады. Ал қозғалыстың жаңадан белең алып өрлеуі 1790 жылдан басталады. 1791 ж. наурыз айында Сырым батыр табын және кердері руларының старшиналарына хат жазып, сөз салады. Оларды халықты соңынан ертіп, Мұғалжар тауына көшіп кетуге шақырады. Өйткені патша үкіметімен арадағы шиеленісе түскен қарым-қатынас мынадай екі жолдың бірін таңдап алуды алға қойған еді. Оның бірі – күресті тоқтатып, патша әкімш-не сөзсіз бағынып, оның барлық талаптарын қабыл алып, бұлжытпай орындау да, екінші – патшалық Ресеймен қарым-қатынасты үзіп, оған қарсы қарулы күреске шығу. Бірінші жолға түссе, тәуелсіздіктен бас тарту керек. Ал екінші жолда ыңғайға көнбейтін зор қиындықтар бар. Бұл қиындықтар қазақ халқының қарулы күштерінің Ресей сияқты тіс қаққан империяның орасан зор қуаты алдында дәрменсіздігінен, теңсіздігінен ғана емес, сонымен қатар қазақтардың күнделікті тіршілік жағдайларынан да туындайды. Мәселен, патшалық Ресеймен ара ашылып, қарым-қатынас үзілетін болса, қазақ елі Жайық бойындағы және «ішкі жақтағы» мал жайылымдық жерлерінен айырылады. Ең ақырында, бұл қиындықтар қазақ өмірінің рулық қалпынан туады. Өйткені әр ру өз алдына бытыраңқы өмір сүреді, бірыңғай мемл. өкімет болмайды. Осының бәріне қарамастан, Сырым патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы күрес жолына түсуге бел байлады. Күрес аясын кеңейту үшін күш-қуатты бір арнаға топтастыру керек екендігін ол дұрыс ұғынды. Осы мақсатпен Мұғалжар тауларына, яғни империя шекараларынан алыс жатқан жерлерге көшіп барып, патша өкіметіне қарсы әрекетін неғұрлым еркін жүргізуге қол жеткізуді, осында өз төңірегіне қазақ халқының бүкіл күш-қуатын ұйымдастыратын орталық орнатуды көздеді. Қоныстары шекара сызығына жақын орналасқан старшиналарды өзіне қосып алу үшін Сырым әртүрлі әдістер қолданды. Ол ру басшыларын Ресейге қарсы соғыс әрекеттері басталысымен «сендерді шауып аламын» деп қорқытады. Мыс., ол 1791 ж.

наурыз айында табын және кердері руларының старшиндарына мынадай хат жазады: «Жайық өзенінің бойын және Қаракөлдің төңірегін жайлап жүргендердің бала-шағаларын аяп, 1790/91 жылдың қысында мен атқа мінбедім, яғни қару-жарақ алып шықпадым, егер осыны істеген болсам, сіздердің өз бастарыңызға да және мал-мүліктеріңізге де әжептәуір пәле келген болар еді. Ал енді бүгін атқа мініп отырмыз, осы жаз әуе айналып жерге түсетін ыстық болса да, өзімізді аярымыз жоқ. Егерде кімде-кім шекарада қалып, олардың жылқысы немесе басқа малдары тартып алынса, онда мұндай адамдар осы ескертуден кейін кінәні өздерінен көрсін». Өзінің бастаған ісі көңілдегідей болып шығатындығына екі ойлы болып жүргендерді сендіру үшін ол мұндайларға хат жазып, өзі бастаған көтерілісті бекініс сызығынан алыста жатқан адамдар да түгел қолдайтындығын айтады. Мәселен, Сырым Сырдарияның арғы жағындағы, Бозашы деген жердегі қазақтардың бәрі менің қол астыма қарауға ризалықтарын білдірді деп хабар беріп, алаңсыз жатқан билер мен батырларды өзіне қосылуға шақырады. Алайда қозғалыс ауқымы Сырымның ойлағанындай боп шықпады. Ол бүкіл қазақ халқының күш-қуатын біріктірмек әрекетте еді. Бірақ Қайыпұлы Абылғазы сұлтанның қарауындағы ауылдар күрестен тысқары қалды. Сырымның күреске Жайықты қоныстанған қауымды тартамын деген талабынан да ештеңе шықпады. 1791 ж. шілде айында ол Мұғалжар ауд-нда старшындар съезін жинамақшы болады. Бірақ Сырымның шақыруына старшындар үн қоспағандықтан, бұл талап та жүзеге аспай қалады. Осыған байланысты Ғұбайдолла Феткуллин молда Шекара істері экспед-на мынадай хабар берген: «Ол, Сырым, Мұғалжар тауына кенес үшін қырғыз-қайсақ халқын жинамақшы болып еді, бірақ Сырым бұл ойын іске асыра алмады, өйткені Ойыл өзенінің бойын қоныстанған ұлыстардың бәрі Сырымның өсиетіне қарамастан көшіп келіп, мұндағы шекараларға орналасып, енді оның қасында жиналатын старшиналар да жоқ». Бірақ қозғалыс ауқымы Сырымның әу бастағы ойынан шықпаса да, Кіші жүз ішіндегі бұл үлкен толқу патша үкіметінің тынышын кетірді. Патшалық Ресей алпауыттары егер қазақ ауылдары шекара сызығынан көшіп кетсе, мұның өзі Орта Азия хандықтарының күшеюіне түрткі



болады деп қауіптенді. Бос қалған жерге башқұрттар орналасып, олар қазақтармен ғана емес, бүкіл Орта Азия хандықтарындағы мұсылмандармен қосылып кетеді деп шошынды. Ал Сырым батыр патшалық Ресейге қарсы қарулы күреске шыққанда кейбіреулердің қобалжып жүргенін, кейбіреулердің бұған тіпті аяқ басқысы келмейтінін жақсы түсінді. Сондықтан да ол күресті ойдағыдай алға апару үшін тек қазақтардың ғана күші жеткіліксіз екенін пайымдады. Сөйтіп, сырттан қолдайтын біреулерді тауып алуға тырысады. 1791 жылдың күзінде Сырым Бұхарадан хат алады. Орынбор әкімшінің мәліметтеріне қарағанда, бұл хатта, «Егер Ресейге қарсы аттану үшін Сырымға көмек керек болса, оған бұхаралықтар даяр» деген ұсыныс айтылған. Бұхарадан шыққан молдалар да Кіші жүз ішінде осы бағытта үгіт-насихат жүргізеді. 1792 жылдың жазғытұрымында Сырым Бұхарамен қарым-қатынасты күшейте түседі. Осымен бір мезгілде ол Хиумен, қарақалпақтармен, түрікмендермен қатынас жасай бастайды. Тылды нығайту үшін және шекара сызығына шабуылға даярлануда барлық күшті бір жерге топтастыру үшін ол қазақтардың аталған халықтармен арадағы жанжалдарын тоқтатуға қол жеткізеді. Оның үстіне Сырым батыр бастаған қозғалыстың кең етек алып кетуі Кіші жүз ішінде хан билігін орнату жөнінде әжептәуір қиындықтар туындататынын патша үкіметі алдын ала сезді. Сырым шекара сызығынан алыста көшіп жүргендіктен, оны ұстап, залалсыздандыру патша әкімшінің қолынан келмейді. Ақыры сұлтандармен қарым-қатынаста сыннан өткен әдіс – сыйлық жіберу арқылы Сырымды сатып алу ұйғарылады. Осы мақсатпен маусым айында Сырымға Феткуллин және Әбілпейіз Мансұров деген молдалар жіберіледі. Бұларға әйел патшадан келген сыйлықтарды, ген.-губернатор Пейтлингтің хатын Сырымға табыс ету тапсырылады және оларға хатқа Сырымның оң жауап қайтаруы үшін барлық күшті салу керек деген құпия нұсқау беріледі. Бірақ Сырым сатылмайды. Сырымға хат және сыйлықтар – патша әкімші тарапынан жіберілген тактикалық қателік. Сырым патша әкімшіне сенбейді. Бұл жөнінде ол беріш руының старшиналарына былай деп жазған: «Маған патша тарапынан толып жатқан сыйлықтар жіберілсе де және одан менің атыма тыныштық ор-

нат деген арнаулы жарлық келсе де, бұл туралы генералдан бір емес, талай жарлық келіп отырса да, мен осының бәріне қарамастан, орыстарға сенбеймін. Осыдан үш жыл бұрын ұстаған балаларымызды жібермесе және сұмырай Данила Донсковты қызмет орнынан алмаса, олардан қандай жақсылық күтуге болады». Сөйтіп, Сырым күресін тоқтатпайды. Сыйлықтар мен хаттарды шекара маңындағы мал жайылымынан айырыламын, шекаралық отрядтардың шабуыл жасауына ұшыраймын деп өзіне қосылуға батылы бармай жүрген старшындар арасында үгіт жүргізу үшін пайдаланады. Бұл орайда оның әсіресе Сыпыра биге жазған хаты қызықты. «Сіз, – деп жазған Сырым, – өзіңіздің үстемдігіңізге үміттеніп, менің үстімнен шағым берсеңіз де, мен сіздің бұл шағымыңызға наразы болмаймын. Демек, сіздің мұныңызға ризамын. Әйел патшадан жарлық алғаным да сізге мәлім болсын. Бұл жарлықта Орданы билеу ісі маған тапсырылған. Оның бер жағында, көп сыйлықтар жіберілген. Кімді хан етіп тағайындау ісі де менің қарауыма берілген. Орта Орданан арнаулы шабарман жіберілген. Кіші Орданың барлық руларының қырғыздары да менің қолыма түсті. Бұлар еріксіз соғыстырсам да, соған көніп, маған бағынып отыр. Әйел патшадан тыныштық орнатылсын деген бұйрық келіп отырса да біздің айтатынымыз: қоғамға пайдалы тыныштық болса, тыныш отырамыз, ал соғыс пайдалы болса онда көпшіліктің ризалығын алып, соғыса береміз. Көңілдерде реніш болмауы үшін біздің дінімізге де нұқсан келтірілмесін. Сіздің ордалық бірлестіктеріңізге мәлім шығар, егерде сіз сауда істеу үшін баруға рұқсат етпейтін болсаңыз, ұлыстарыңызды да жақын жерге қоныс аударып көшуге рұқсат етпейтін шығарсыз». Бұл арадағы Сырымның көздеген мақсаты – өзін патша үкіметінің қолдайтындығына старшындардың көзін жеткізу, сөйтіп, оларды өз жағына тарту, старшындарды жоғарыда келтірілген хат үзіндісіндегі талаптарды мойындауға мәжбүр ету. Дегенмен, бұл талабы сәтсіздікке ұшырады. Сыпыра би Сырымға қосылмады, шекара бойынан көшіп те кетпеді. Бірақ сәтсіздіктер Сырымды тоқтата алмады. Сол Сыпыра бидің айтуына қарағанда, «Сырым өзіне ерген Елекбай, Бармақ, Наурызалы, Асау, Ескара, Қарағай деген ұрыларға, тағы осылар сияқтыларға «мен со-

СІБІР ГУБЕРНИЯСЫ

ғысамын деп қорқытқан соң орыстар маған көп заң берді» деген, сөйтіп, Орданы қыдырып, Ресейге қарсы және бізге қарсы елді қоздырып жүр». Патша үкіметі көтеріліс жасаған қазақтармен күресудің ең төте әдісі Сырымды тұтқындау деп есептеді. Оны ұстап берген адамға 3000 сом, ал жүрген жерін көрсеткенге 500 сом сыйлық берілетіні жарияланды. Бірақ іс мұнымен тынған жоқ. Орыс әскерлері және сұлтандар мен ханның туысқандары 1792 ж. күзде және 1793 ж. көктемге салым шекараға шабуыл жасаған қазақтарға қатаң шаралар қолданды. Қозғалысқа қатысқан-қатыспағанына қарамастан, барлық ауылдарды шетінен талқанын шығарып шаба берді. Көтеріліске қатысқан Мынбай мен Тілектің а-дарымен қатар, қозғалысқа ешқандай қатынасы болмаған Сыпыра би мен Бөдене бидің а-дары да таланттарға түсті. 1794 жылдың күзінен бастап халық бұқарасының патша әкімшінің саясатына наразылығы одан әрі жанданды. Өйткені қазақ ауылдарына шабуыл жасау бірсыпыра бөсеңдегенмен, отаршылдық қанау саясаты озбырлықпен жүргізіле берді. Бұл жолғы соққы қазақ шаруашылығының ең бір осал тұсынан кеп килігеді. Мәселен, 1794 ж. Шекара істері экспед. Орал әскерлері кеңсесінің бұйырыуымен малдың «ішкі жаққа» айдалып өтуіне тыйым салынды. Мұнан бұрын қазақтардың жаз айларында Орал тауын шаруаға пайдалану құқына едәуір шек қойылған болатын. Мал суаруға арнаулы жер көрсетіліп, ол жерден өтуге, сөйтіп, малды өзеннің белгіленген тұсынан басқа жерге айдауға тыйым салынды. Қазақтардың шекаралық аудандарда ағаш кесуіне және Жайық өз-нен балық аулауына мүлдем рұқсат етілмеді. Бұл кәсіппен ауыр мұқтаждық салдарынан кедей ауылдар ғана шұғылданған. Соған қарамастан, 1794 ж. жазда Д. Донсков шекара істері экспед-на балық аулау ісі жөнді болмай, Орал әскері әжептәуір зиян шекті деп хабар береді. Бұл хабарында ол Жайық өз. арқылы малдың жиі өткенін, сөйтіп, олардың балықты үркіткенін, оның үстіне осы маңда көшіп жүретін қазақтардың балық аулаумен қасақана жаппай шұғылданғанын айта келіп, былай деп жазған: «Таз, шеркеш, алаша, кете және беріш руларының қырғыздары Орал өзенінен мұз қатқанға дейін, керек десе, осы күнге дейін күні-түні балық аулап келеді». Осындай көпе-көрінеу

зорлық ел ішіндегі қобалжуды күшейтті. Сөйтіп, Сырым батыр бастаған халық көтерілісі 1797 жылға дейін ұласты. Кейін ру басшыларынан жәрдем көре алмай, Қаратай бастаған сұлтандар соңына шырақ алып түсіп, қуаты күннен-күнге кеми берген Сырым 1797 ж. Хиуа хандығының жеріне көшіп кетті. Оның содан былайғы тағдыры туралы орт. мұрағаттарда да, Чкалов мұрағатында да ешбір мәлімет сақталмаған. Халық аңызы Сырымды сұлтандар Хиуада у беріп өлтіріпті дегенді айтады. 18 ғ-да болып өткен осынау қайғылы оқиғаны, тарихи дамудың ұзақ жолын, Сырым батыр бастан кешкен шымшытырық сәттерді талдай отырып, осы бір өжет те алғыр, ақылды да батыр адамның әрекетіндегі көзге неғұрлым айқын ұратын мінез сипаттарын айқындауға болады. Ол – Сырымның халқына деген асқан сүйіспеншілігі, халқын сатқан ру басшыларына ымырасыздығы, халқының, Отанының бостандығы үшін жанын аямай күресуге даярлығы. Сырым батырдың осындай асыл қасиеттерін заман өшіре алмады. Оның есімі халық бұқарасының санасында тәуелсіздік үшін жүргізген күрес жылдарында да, одан кейінгі кезеңдерде де сақталып, бостандық жолындағы күресте халыққа дем беріп отырды, халықтың жеңіске деген сенімін арттырды. Сырым батыр қозғалысының өшпес маңызы да осында.

Әдеб.: М.Вяткин, Батыр Срым, Л., 1947; Қазақстан тарихы: Очерктер. А., Дәуір, 1994; Қазақстан: Ұлттық энциклопедия, А., Қазақ энциклопедиясы, 2006.

О.Жолдасбай

СІБІР ГУБЕРНИЯСЫ – әкімшілік бөлік. 1708 ж. Ресей патшасы Петр І-нің жарлығы бойынша Сібір өлкесін басқару үшін құрылған. Алғашқы орт. – Тобыл қ. Бұған дейін Сібір өлкесін басқарып келген Сібір приказ орт. мемл. мекеме сипатындағы маңызын жойып, Сібір ген.-губернаторының қарауына өтті. С. г-ның құрамына Сібір өлкесі мен Орал жағалаулары енді. Онда бұрыннан қалыптасқан әкімш.-аумақтық бөлініс тәртібі сақталды. 1764 ж. 19 қазанда Екатерина ІІ патшаның жарлығымен С. г. таратылып, орнына Тобыл және Иркутск губ-лары құрылды. С. г. Ресей өкіметінің солт.-шығыс Қазақстанды отарлауында шешуші рөл атқарды.

Б.Ташкенбаева



«СІБІР ҚЫРҒЫЗДАРЫН ЖЕКЕ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ» – Ресей үкіметінің Батыс Сібір ген.-губернаторлығы құрамындағы қазақтарды тікелей бақылауға алу мақсатында 1838 ж. қабылдаған құжаты. Бұл құжат бойынша Орта жүз қазақтарын басқару ісі Омбы обл. әкімшілігінен алынып, жаңадан құрылған шекаралық басқарма қарамағына өтті. Орта жүз қазақтарын басқару ісімен тікелей шұғылданатын шекаралық басқарма бастығы ген.-м. немесе полк. шеніндегі әскери адам болуы керектігі және оны ген.-губернатор тағайындайтындығы ережеде атап көрсетілді. Шекаралық басқарма Омбы қ-нда орналасатын болды. «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша құрылған окр., болыс және ауыл басшылары шекаралық басқармаға тікелей бағындырылды. Шекаралық басқарма бастығы азаматтық және әскери билікті жүзеге асырды. Сондай-ақ оған патша үкіметінің ықпал ету аймағын кеңейте түсуге қызмет ету міндеті жүктелді. Шекаралық басқарма Орта жүз қазақтарының жеріндегі орыс тұрғындарына билік жүргізген жоқ. Соған орай Петропавл қ. Тобыл губ-ның Есіл уезі, ал Семей мен Өскемен Томск обл-ның Бийск уезі қарамағына өтті. «С. қ. ж. б. т. е.» Сібір қазақтарының аймағы құрылғаннан кейін күшін жойды.

Б.Жүрсінбаев

«СІБІР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ» (1822) – Орта жүзде хандық билікті жойып, ондағы басқару жүйесін патшалық Ресей өкіметінің бақылауына алу жөніндегі ресми құжат. Бөкей мен Уәли өлгеннен кейін патша үкіметі Орта жүзде жаңа хандарды бекітпей, М.М.Сперанский әзірлеген «С. қ. т. ж.» негізінде басқарудың жаңа аппаратын құруды көздеді. Бұл жарғыға сәйкес Орта жүз сегіз сыртқы округке бөлініп, округке 15-тен 20-ға дейін болыс-болысқа, 10-нан 12-ге дейін ауыл-ауылға, 50-ден 70-ке дейін үй енуі тиіс болды. Округтерді ұйымдастыру кезінде қысқы қоныстар негізге алынып, қоғамның рулық бөлінісі ескерілді. Болыстарды құру барысында рулық белгілерді сақтаудың көбіне сәті түсе бермеді. Сондықтан кейбір жерлерде бір ру екі болысқа қарады. Округтер Омбы обл.-тық басқармасына бағынды. Округтерді округтік приказдар басқарды. Оның төрағасы аға сұлтан лауазымына ие болып, қалған төрт мүшесі заседатель деп аталды. Аға сұлтан тек ақсүйектерден ғана сайланды. Ол Ресей әскерінің ма-

йоры шенінде болды және жергілікті басқарманы басқаруға қойылған шенеунік болып есептелді. Он жылдық қызметі үшін аға сұлтан дворян атағын алды. Болыстарды болыстық сұлтандар басқарды. Олардың атағы мұраға берілетін болды. Ауылды старшындар басқарып, негізінен қатардағы қазақтардан әрбір үш жылда бір сайланды. Старшындардың құқықтары Ресей орталығындағы село бастығына теңестірілді де болыстық сұлтандарға бағынып, олардың бұйрықтарын орындап отырды және өзінің ауылы туралы мәліметтер беруге міндетті болды. «С. қ. т. ж.» билер сотын жалпы империялық сотпен біртіндеп алмастырып, олардың құқықтарын шектеуді қалады, мұның өзі патша әкімшінің қазақтарды бақылауын күшейтті. Сот әкімші-тен бөлінбеді. Жергілікті өкімет орындарына полиция функциялары да берілді. Олар қылмыс істеді деп айыпталған адамдарды іздеп табу, тергеу міндеттерін атқарды. Жарғы бойынша қазақтар патша өкіметіне 10 бас малдан бір бас алым төлеуге, сондай-ақ жолдарды жөндеуге, керуендерді қорғауға, лау беруге міндетті болды. Жарғыда белгіленген әлеум. шаралардың (әрбір округте аурухана ашып, дәрігерлер тағайындау, мектептер ашу, орыс оқу орындарында қазақ балаларын оқыту, т.б.) көпшілігі жүзеге асырылмады. «С. қ. т. ж.» сайып келгенде, патша өкіметінің – Қазақстанды отарлау саясатының нығаюына қызмет етті. Бұл өз кезегінде Орта жүздегі патшалық реформаларға наразылық танытудың қарқын алуына түрткі болды; қ. *Саржан сұлтанның көтерілісі*.

З.Төленова

СІБІР ШЕБІ – патшалық Ресейдің Сібірдегі иеліктерінің қауіпсіздігін нығайту мақсатымен салған қамалдар мен бекіністер жүйесі. Орынбор губ-нан басталып, қазақ жері мен Алтай өлкесі арқылы Кузнецк қ-на дейін (ұз. 2474 км) созылатын С. ш-нің бойында Петропавл, Омбы, Железинск, Дмышевск, Семей, Өскемен сияқты қалалар мен әскери бекіністер болды. 18 ғ-дың соңына қарай С. ш. Қазақстан жерінің едәуір бөлігін алып жатты. Оған көбінесе казактар қоныстандырылып, тұрақты әскер күзеті қойылды. С. ш. бойындағы қалалар көп ұзамай сауда орталарына айналды. Сондай-ақ қамалдар мен бекіністер Орт. Азияның өзге өңірлерін жаулап алуда маңызды тірек пункті қызметін атқарды.

М.Жолсейітова



ТАЗАБЕК Пұсырманұлы (1800, Алматы обл. Райымбек ауд. Қарқара өңірі – 1871, Верный қ.) – батыр, би. Албан руының жәнібек ата-сынан шыққан. Жетісу өлкесін Жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан Пұсырман бидің ұлы. 1846 ж. ген. Вишневскийдің басқаруымен Лепсіде өткен Ұлы жүз қазақтарының құрылтайына қатысып, Ресеймен арадағы саяси қатынас туралы құжатқа мөрін басқан. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын түсінген Т. қол жинап, Саурық батырмен бірге ұлт-азаттық көтеріліске қатысты. Ағайын арасындағы алауыздық пен қару-жарақтың жетімсіздігінен көтерілісшілер қырғынға ұшырады. Ресейдің жазалаушы отрядының қудалауынан кейін Т. қарауындағы ел-жұртымен Қытайдағы дербес мемл. құрылым – Іле (Тараншы) сұлтандығынан баспана сұрады. Ресей мемлекетімен дүрдараз Іле сұлтаны Әлихан Ибрагимұлы Т-тің ел-жұртымен көшіп келуіне келісім берді. Сөйтіп, 1000 үйлі түтін Қытайдың Іле алабындағы Тоғызтарау деген жерге келіп қоныстанды. Т-ті ұстап беру жөніндегі Ресейдің үзілді-кесілді талабын орындаудан Іле сұлтандығы бас тартты. Осыны желеу еткен ген.-губернатор Г.А. Колпаковский бастаған орыс әскерлері 1871 ж. көктемде Іле өңірін басып алады. Олар Т-ті тұтқындап, Верный (қазіргі Алматы) қ-ның түрмесінде өлтірді. М.Әуезовтің «Қилы заман» романындағы Әубәкір Солтанбекұлы, 1916 ж. Қарқара (Албан) көтерілісіне қатысқан атақты Жақыпберді батыр – Т-тің немерелері.

Н.Қазыбек

ТАЙШЫҚ Кенесарыұлы (1827–1863) – сұлтан, Абылай ханның шөбересі. Кенесары Қасымұлының бәйбішесі Күнімжан ханымнан туған. Әкесінің хандық билікті қайта жаңғырту бағытын қызу қолдаған. Кенесары ханның өлімінен кейін өзінің ағайын-туыс-

тарымен бірге Қоқан хандығының қол астындағы Қаратау өңіріне қоныс аударды. Қоқан ханына әскери қызметке кіріп, пансат басы (бес жүз әскердің басшысы) атағын алған. Өзінің әскерімен Ұзынағаш шайқасына қатысқан. Осы шайқастан кейін бауыры Ахметпен бірге Ресейдің қол астына өтуге ұйғарым жасады. 1861 ж. қарамағындағы елмен Сырдария бойына көшіп, Сырдария шебінің бастығы ген. Дебүдің қол астында болды. 1862 ж. Қоқан бекінісі Жаңақорғанды алуға қатысып, ерлік көрсеткені үшін зауряд-хорунжий шенін алды. Т. пен Ахмет сұлтандардың күш салуымен Түркістанға қараған қоңырат, қыпшақтардың бір бөлігі, сунақтардың бір тобы, Шу бойындағы көптеген қазақ рулары орыстардың қол астына өз еріктерімен өтті. Т. 1863 ж. Жөлек бекінісі маңында қокандықтармен болған шайқаста Телқожа батырдың қолынан ауыр жарақат алып, қаза тапқан.

ТАҚТАКӨПІР КӨТЕРІЛІСІ – Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы 1929 ж. 27 қыркүйекте Қарақалпақстанның Тақтакөпір елді мекенінде орын алған жергілікті халықтың наразылық қимылдары. Кеңестік билік орындарының байларды тәркілеу барысында асыра сілтеушіліктерге жол беруі және астық даярлау науқанында ауыр салықтар салуы халықтың ашу-ызасын тудырды. Осындай сәтте аудан орт. болып табылатын Тақтакөпірге басмашылар қозғалысының 30-дан астам адамнан тұратын тобының тұтқиылдан басып кіруіне халық қолдау көрсетті. Басмашыларға ілескен халық аудандық партия, атқару, комсомол к-ттеріне, Қосшы одағына, халық сотының адам қамайтын камераларына және басқа мекемелер мен қазыналық дүкендерге бұза-жара кірді. Олардағы іс-қағаздарын, тергеу істерін, киім-кешекті талан-тараж етті. Большевиктер көсемдерінің қабырғаларда ілулі тұрған суреттерін аяқтарымен таптап, оларға қарғыс айтты. Бас көтеруге 300-дей адам қатысты. Олардың қатарында байлар ғана емес, диқандар, қолөнершілер және дінбасылары да болды. Көтерілісшілерге Ұ.Ибрагимов, Ә.Ибрагимов, М.Исмагуллаев, Б.Нұрымовтар жетекшілік етті. Көтерілісшілер қарабайыр қаруланғандықтан Хиуадан келіп жеткен жазалаушы отрядқа төтеп бере алмады. Басмашылар тобы жазалаушы отряд келген бетте Тақтакөпірден шығып кетті. Жазалаушы от-



ряд көтеріліс барысында белсенділік танытқан Ибрагимовты, Қ.Ерназаровты, Т.Алланиязовты тұтқындады. Көтеріліске қатысып, жазалау барысында қашып кеткендерді іздестіру жұмыстарын жүргізді. Кеңес өкіметі Т. к-н контррев. бас көтеру ретінде бағалап, оқиғаның қайталануына жол бермеу үшін әрбір ауд-да қарулы коммунистік отрядтар құруға шешім қабылдады.

Б.Жүрсінбаев

ТАНАШЕВ Уәлитхан Шарафиддинұлы (1887, Бөкей ордасы, 2-Теңіз жағалауы округі, 3-старшын – 1968, Алматы қ.) – алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. Астрахан гимназиясын (1908), Қазан ун-тінің заң ф-тін (1912) бітірген. 1913–17 ж. Қазан қ-нда адвокат болды. Төңкеріс жылдары елге келіп, алаш қозғалысына белсене араласты. 1917 ж. 21 сәуірде Ордада өткен Бөкей казактарының съезінде төралқа төрағасы болып, сонда Бөкей земство управасының төрағасы болып сайланған. Бөкей ордасынан Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне өкіл болып ұсынылып, Ж.Досмұхамедов екеуі кеңестің атқару к-тіне енгізілді. 1917 ж. 1–11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, оның атқару к-тіне мүше болған. Тамыз айында Киевке Бүкілресейлік федералистер съезіне барды. 1917 ж. 11 қыркүйекте Ә.Бөкейханның төрағалығымен, Ж. және Х. Досмұхамедовтер, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаевтың қатысуымен өткен Алашорданың шұғыл мәжілісіне шақырылды. Бұл тарихи мәжілісте «Ойыл уәлаяты» таратылып, Алашорданың Батыс бөлімі құрылды. Т. 5–13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің министрі болып белгіленді. 1918 ж. 18 қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде Директория құлап, барлық өкімет билігі адмирал Колчакқа өткенде Алашорда басшылары қатарында жаңа өкіметпен келіссөз жүргізуге талапталды. Т. алаш қозғалысына қатысқандарға кешірім жарияланған соң, 1919 жылдан Қазақ АКСР-ін ұйымдастыру ісіне араласты. 1920 ж. 25 қыркүйекте Қазақ АКСР-і Әділет халкомының орынбасары болып, бірнеше заң актілерін дайындауға ат салысты. 1924–37 ж. Қазан қ-ндағы Татар АКСР-і Жоғ. сотында адвокат болды. 1937 және 1949 жылдары 2 рет Татарстанда репрессияға ұшырап, 1949–55 ж. Краснояр өлкесінде айдауда болды. 1957 ж.

Татар АКСР-інің Жоғ. соты төралқасының шешімімен толық ақталды.

М.Әбдеи

ТАҢҒЫТ Еңсеұлы (1879, Қытай, Тарбағатай аймағы, Дөрбілжін ауд. – 1952, сонда) – қоғам қайраткері, рубасы. Әкесі Еңсе үкірдай қажыға барарда Т-ты өз орнына найман елінің жұмық руына үкірдай етіп қойып кеткен. Ол осы орында 1897 жылдан 1936 жылға дейін болды. Т. өзінің әділдігімен, парасаттылығымен ел көңілінен шығып отырған. Халықтың оқу-білімін жетілдіру жағына баса назар аударды. Азамат соғысы жылдары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов және Р.Мәрсекөв бастаған алаш қайраткерлері Қытайға өтіп, Т-тан жергілікті казактармен кездестіруді сұраған. Т. қарсы болмай, Шәуешек қ-нда Тарбағатай аймағындағы төрт үкірдайдың басын қосқан. Алашорда басшыларының келу мақсатынан хабарланған кеңес үкіметі өкілдері іске араласып, бұларды таратып жіберді. 1944 ж. Шығыс Түркістан Республикасы құрылғанда Т. әскер жинап, заптай көмек берді. Осы еңбегіне орай Шығыс Түркістан өкіметінің тәуелсіздік орденімен марапатталған (1946). Т. қытай билігіне қарсы 1933 ж. дүнгендермен бірлесіп қарулы көтеріліске қатысты. Осыған байланысты оны 1938 ж. жергілікті қытай өкіметі 10 жылдық қамау жазасына кесіп, оны ұйқамақта ұстады. Қытайда Коммунистік партия билік басына келгеннен кейін «Алашордамен тіл табысқан, Кеңес Одағына қарсы шыққан» деген айыптар тағылып, өлім жазасына кесілді.

Ж.Сәмитұлы

ТАРИХИ ЖАНР – 1) бейнелеу өнеріндегі тарихи оқиғалар мен қайраткерлерді, қоғам өміріндегі әлеум. мәні бар құбылыстарды суреттеуге арналған негізгі салалардың бірі. Т. ж. негізінен өткен тарихқа бағытталғанымен, кейде өз заманындағы күрделі өзгерістерді де қамти алады. Тарихи картина, әсемдік жазба, қабырға өрнек, рельеф, жұмыр мүсін, қондырғылы графика Т. ж-дың басты түрлері саналады. Т. ж. көбіне тұрмыстық жанр (тарихи-тұрмыстық суреттер), портрет (ертеде өткен қайраткерлердің бейнесі, топтама портреттер мен тарихи композициялар), пейзаж («тарихи пейзаж»), әсіресе, соғыс жанрымен тығыз байланыста болады. Т. ж. көбінесе тарихи ой-пікір мен саяси-әлеум. көзқарастың өрбуімен сабақтас, ал оның даму кезеңдері жаңа қоғамға дейінгі



әлеум. қактығыстардың, ұлттық сана-сезімнің артуына, өнерге деген алдыңғы қатарлы қоғамдық идеялардың іске асырылуына тікелей байланысты. Қазақ бейнелеу өнері тарихында Т. ж-дың негізін қалаушы Ш.Уәлиханов болды. 1930 – 2000 ж. қазақ суретшілері – Ә.Қастеев («Жәңгірханның портреті», 1932; «Кенесарының портреті», 1935; «Әбілхайыр ханның Анна Ивановнаның елшілерін қабылдауы», 1941; «Амангелді жорығы», 1951; «Амангелді сарбаздары», 1970), Н.Нұрмұхамедов («Қазақ атты әскер полкі», 1960), Т.Тоғысбаев («Махамбет портреті», 1973), Қ.Телжанов («Абылай», «Бостандық үшін», 1990), А.Ақанәев («1730 жыл», 1998), К.Әжібеков («Ата жұрт», 1998), М.Қаспак («Ақтабан шұбырынды», 1998–99) т.б., мүсіншілер Х.Наурызбаев («Ш.Уәлиханов», 1969; «А.Байтұрсынов пен М.Дулатов», 1990), Т.Досмағамбетов («Ғ.Мұратбаев», 1980; «С.Сейфуллин», 1987), графикашы М.Қисамединов (Махамбет ақын тақырыбындағы линогравюралары, 1973) пен Т.Ордабеков («Доспамбет жырау» линогравюрасы, 1986), т.б. Т. ж. тақырыбына бой ұрды. 2) Әдебиеттану ғылымының басында тұрған А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде тарихи әңгімеге анықтама беріп, «Қазақ» газетінде басылған «Әзірет Сұлтан», «Тұрғанбай датқа» турасындағы әңгімелер тарихи әңгіме болады» деп атап көрсетеді. Зерттеуші «болған уақиғаны бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру» түрлерін анықтайды, оларға шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгімені жатқызады. Сөз өнеріндегі тарихилық – жалпы тарихи процестің бір бөлшегі, ақиқат болмыстағы әрбір құбылысты тарихи сабақтастық негізінде бейнелеу. Тарихилық – белгілі бір заманның нақты тарихи жағдайларын, қайталанбас көріністерін, мән-мағынасын, ұлттық-тарихи болмысын, өмір шындығын, идеялық-танымдық тереңдігін, философиясын көркемдік тұрғыдан шеберлікпен жеткізу. Тарихи тақырыпты қамтыған поэзиялық туындылар қатарына тарихи жырларды жатқызамыз. Прозада тарихи тақырып 20 ғ-дың 60-жылдар қарсаңында әдебиеттегі «жылымықтан» кейін тез игеріле бастады. Ұлттық әдебиетте тарихи шығармалардың бірінен соң бірінің туындауы ұлттық сананың оянуына, ұлттық рухтың сілкінуіне әкелді. Алғашқылар

дың бірі болып осы тақырыпқа қалам тартқан І.Есенберлиннің «Көшпенділер» (1969–73), «Алтын Орда» (1982–83) трилогиялары «роман-хроника» ретінде бағаланып, Қазақ хандығының құрылуын, қалыптасуын, сыртқы жауларға қарсы соғыстарын, ұлт-азаттық күрестерін бейнеледі. Ә.Әліжановтың «Жаушы» (1974), С.Сматаевтың «Елім-ай» (1978–80), М.Мағауиннің «Аласапыран» (1981–83), Ә.Кекілбаевтың «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984), Б.Жандарбековтың «Сақтар» (1993), Қ.Салғариннің «Алтын тамыр» (1986), Б.Алдамжаровтың «Ұлы сел» (1988), Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» (1995–96), «Прометей алауы» т.б. шығармаларда 15–19 ғ-лар аралығындағы қазақ халқының басынан өткерген тарихи оқиғалар көрініс тапты. Жазушылар бірінің олқы тұсын екіншісі толтырып, бірінде қамтылғанға екіншісі басқа қырынан келіп, халық тағдырының төрт ғасырлық кезеңінің көркем тарихын жасады. Драматургиядағы С.Жүнісовтың «Өліара», Ш.Мұртазаның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», Т.Ахтановтың «Ант», Қ.Бекхожиннің «Ұлан асу», т.б. тарихи тақырыпта жазылған пьесалар 1920–30 жылдардағы елдегі ауыр жағдайды сипаттаған туындылар.

К.Егізбаев, А.Исмақова

ТАРИХИ ЖЫРЛАР – белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туындаған эпикалық шығармалар. Т. ж-да оқиғаның деректі дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеум., қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан бейнеленеді, жалпыхалықтық мүдделер басты сипат алады. Батырлар жырында кездесетін ғайыптан дүниеге келу, жар іздеп жолға шығу, құда түсу, батырдан туған ізбасар сияқты оқиғалар, сондай-ақ гиперболалық көркемдік тәсілдер Т. ж-да сақтала бермейді. Бұл жырлардың бәрі де нақты тарихи оқиғаларға негізделген, басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар. Жыр авторлары көбіне сол оқиғаларды көзімен көрген тұстас замандастар болып келеді. Автор өзі бастан кешкен немесе куәсі болған оқиғаларды уақытына қарай рет-ретімен баяндайды. Т. ж-дың шығу, пайда болу мерзімдері әр халықтың фольклорында әр түрлі. Қазақ ауыз әдебиетіндегі Т. ж. туындау мерзіміне байланысты 4 кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңдегі Т. ж-да Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахан, Қырым хандықтары кезіндегі соғыстар (14–17 ғ-лар) суреттелген («Еді-



ге», «Нұрадин», «Қарасай – Қази», «Мұсахан», «Телағыс», т.б.). Жоңғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтарды қамтыған екінші дәуірде (18 ғ.) Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек батырлар туралы жырлар туындады. Үшінші кезеңге ұлт-азаттық пен бостандық жолындағы күресті (19 ғ.) сипаттайтын жырлар жатады: «Кенесары – Наурызбай», «Исағай – Махамбет», «Досай батыр», «Жанқожа батыр», т.б. Төртінші кезең 20 ғ-дың басындағы төңкеріс пен 1916 жылғы патша үкіметіне қарсы халық көтерілісі жайындағы жырлармен сипатталады. («Туар ма екен бізге күн?», «Еріксіз келдім елімнен», «Зарлы заман кезінде», «Құлақасқа», «Бекболат», «Ұзақ батыр», «Амангелді», т.б.). Қазақ әдебиетіндегі Т. ж-ды Үмбетей, Мұрат, Тілеміс, Нысанбай, Жанкісі, Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақын-жыраулар шығарған не болмаса толықтырып, өңдеп қайта жырлаған. Т. ж. жөнінде алғаш пікір айтқан Ш.Уәлиханов болды. Ол «Абылай», «Орақ батыр» жырларын жазып алып, ғыл. тұрғыдан зерттеген. 19 ғ-да В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.Н. Березин, И.В. Аничков, 20 ғ-дың басында М.Ж. Көпеев, Ә.Диваев, т.б. көрнекті фольклортанушылар Т. ж-ды жинауға ерекше еңбек сіңірді. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» былай дейді: «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм уақиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Мәселен, «Орақ – Мамай», «Абылай», «Кенесары – Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» өлеңдері тарихи жырлар болады. 1879–80 ж. болған «Қоян қыстың жұты» турасында шығарылған өлеңде қыстың қалай болғанын, елдің жұтағанын, қандай аштық азап тартқанын айтушы еді. Сол өлең осы күнге дейін сақталған болса, о да тарихи жыр болады. Жанкісі бидің зекетшілер турасында айтқан өлеңі қазақтың Қоқанға қараған шақтағы тарихына қатысы бар сөз болғандықтан, бұл да тарихи жыр тобына жатады». М.Әуезов: «Тарихи жырдың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» дейді. Кеңес дәуірінде Т. ж-ды зерттеуге С.Сейфуллин, Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Н.С. Смирнова, Б.Кенжебаев, Р.Берді-

баев, Б.Уахатов, Н.Төрекұлов, К.Сейдаханов, т.б. ғалымдар үлес қосты. Көптеген Т. ж. хрестоматияларға, жинақтарға енді, жеке кітап болып басылды. Қазір Орт. ғыл. кітапхананың қолжазба қорында 400-дей Т. ж. бар.

А.Ісмақова

ТАРХАН – әскери атақ. Түркі-моңғол халықтарында Т. атауы өте ертеде пайда болған. Бұл дәрежесі жағынан ханнан кейінгі екінші дәрежелі ақсүйектер. Батырлар да ерекше әскери еңбегі үшін Т. лауазымын алғаннан кейін салық жинау құқығын иеленген. Қала, уәлаяттарға әкімдікке тағайындалған. Шыңғыс хан атақты әскербасыларға Т. атағын берген. Олар бас киімдеріне қауырсын («қылшан тағушылар») таққан. Шыңғыс хан Т., нояндарға ұлыстарды меншікке беріп, Т. дәрежесін алғандарды 9 жазадан босатқан. Ресей патшасы да көрсеткен қызметі үшін көшпелілердің көне дәстүрі бойынша қазақ батырларына (мыс., Есет, Жәнібек батырлар) Т. атағын берген.

ТАТИЩЕВ – Орынбор шебі бойындағы бекініс. Жайық өз. бойындағы патшалық Ресей иеліктерін қорғау мақсатында 1743 ж. салынған. Жайық өз-нің оң жағалауында, Орынбордың батыс жағында. 18 ғ-дағы башқұрт көтерілістерін басуда Т. бекінісі маңызды тірек пункті қызметін атқарды. Пугачев бастаған шаруалар соғысы кезінде Т. бекінісі қоршауға алынды. Оны қоршауға пугачевшілермен бірге Досалы сұлтанның жасағы қатысты.

ТӘНЕКЕ, Нұралы Дөсетұлы (1807 ж. ш., Алматы обл. Ақсу ауд. Арғанаты тауындағы Тасқара жайлауы – 1885 ж. ш., сонда, Баянжүрек тауы) – белгілі би, батыр. Атақты Қыдыралы бидің немересі, найман тайпасының мағай руын басқарған. М.Тынышбаев «Материалы к истории киргиза-казахского народа» атты еңбегінде «Қыдыралы бидің немересі Тәнеке Дөсетұлы 1835–40 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты» деп жазған. Ш. Уәлиханов Қашғар жеріне саяхат жасау барысында жазған күнделігінде батырды үлкен мұрынды, жирен сақалды, кеудесін қалың түк басқан, келбетті адам кейпінде суреттейді. Т. рубасы, елағасы ретінде атақонысы – Қапал (Қопалы) жерін келімсек казак-орыстармен қарашекпендерден қорғап, тұрғылықты халықты егіншілікке баулыған. Жер дауына байланысты Ресей императорына арнайы



хат (1857) жолдаған. Онда қол астына қараған Қаптағай елінің бұрыннан қоныс еткен жайлауы мен қыстауын Қапал казак-орыстарының атаманы Абакумовтың көмегімен орыстардың тартып алғаны, тұрғылықты халықты Балқаш маңындағы құмға қуғаны туралы мәлімдей келіп, «...ұлық мансапты құзыретіңізден жоғарыда аталған жерлерді рудың өзіне қайтарып беруге бұйрық беруіңізді сұрап, Мағай-Қаптағай елінің волостной хорунжиі Тәнеке Дөсетұлы, мөрімді бастым. 1857» деп аяқтайды. Сол жылы жергілікті патша әкімш-нің пәрменімен қарашекпендер мен казак-орыстардың пайдалануына бөлінген Қапал уезінің, сондай-ақ Жетісу өңіріндегі басқа да шұрайлы мекендер казак руларына қайтарылып берілген. Т. әкесі Дөсет бастаған игілікті істі жалғастырып, Қамысмола, Екіағаш мекенінде «Танабай» тоғанын қаздырады, қарауындағы елді егіншілікпен айналысуға міндеттейді. Ақын Сара Біржан салмен айтысында «Таласпас Тәнекенің Жанбағына, жеңермін егер тартса іс ағына. Шетінен Қыдыр қонған өңшең құтым, мың-мыңдап құт қалдырған арт жағына» деп дәріптеген. Т-нің Ырыс есімді қарақалпақ бәйбішесінен Есімбек, Разбек, Қожабек, Әуелбек, Отарбек, Қасен, Мырзабек, Мұса деген балалар тараған. Есімбегі ерлік істері мен әділетсіздікке төзбейтін қайсар мінезімен елге сыйлы болған. Қазак ауылдарына зорлық көрсетіп, тізе батырған патша әкімш-нің шенеунігі Эрентальға қаймықпай қарсы шыққан. Осы хақында Жамбыл ақын «Сыртанға» деген өлеңінде: «Қыдыралы Есімбек, Эрентальды сабаған, Ер туған ұл десін деп, бір кәдеге жараған» дейді. Кейін ол Қапал уезіне қарасты «Тәнеке болыстығын» (Көлдей Жұмай елін) басқарған. Меккеге барып, қажы атанып қайтқан. Кейінгі ұрпақтары батырдың басына ескерткіш орнатып, ас берді (2002).

М.Ізімұлы

ТӘТІМОВ Мақаш Байғалиұлы (30.4.1940 ж. т., Алматы обл. Талғар к.) – демограф-ғалым, педагог. ғыл. канд. (1970), саясаттану ғыл. докт. (1995), проф. (1996), Қазақстанда демогр. білімнің негізін қалаушы, қоғам қайраткері. Мәскеу пед. ун-тін (1966), Мәскеу экон. статистика ин-тының аспирантурасын (1969) бітірген. Осында оқып жүргенде казак студент жастарының «Жас тұлпар» ұйымына қатысты. 1970–93 ж. Қазақстан ҒА-ның

Философия және құқық ин-тының Ұлтаралық қатынастарды зерттеу орт-нда кіші, аға және жетекші ғыл. қызметкер болып істеді. Ол 1931–33 ж. «голощекиндік геноцидтің», 1937–38 ж. сталиндік қуғын-сүргіннің, 2-дүниежүз. соғыс майдандарында қаза тапқан қазақтар шығынын, т.б. тексеру жөнін-



М.Тәтімов

дегі түрлі комиссиялардың жұмысына, сондай-ақ 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарды саяси-құқықтық ақтау үдерісіне қатысты. Халықар. статистика деректеріне сүйене отырып, тұңғыш рет дүние жүзіндегі түркі тілдес халықтардың жалпы санын жариялады. 1990 ж. «Азат» азаматтық қозғалысын құруға қатысып, оның тең төрағасының бірі болды. 1993–96 ж. ҚР Президенті Аппаратында Ақпарат және талдау бөлімінің аға сарапшысы қызметін атқарды. Т. – көші-қон саясатын талдап жасаушылардың, шет жұрттағы қазақтардың елге оралуын алғаш ұйымдастырушылардың бірі. Адам құқықтары жөніндегі комиссияның (1992 жылдан) мүшесі. 1997 жылдан Орт. Азия ун-тінің ректоры. «Құрмет» орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

С.Тоқсанбай

ТӘУЕЛСІЗДІК – мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі. Т-тің нышандары ретінде мемлекеттің әлемдік қауымдастық мойындаған аумағы, сол аумақты басқаратын мемл. билігі, елдікті нақыштаған әнұраны, туы және елтаңбасы болады. Әлемдегі 2500-ден аса халықтың 220-ға жуығының ғана Т-і бар. Жаһандану заманында Т-ті ұстап тұру қиындай түсуде. Тіпті, кейбір елдер саяси, экон., әскери, ашық, жасырын тәуелділікке ұрынуда. 20 ғ-дың басына дейін империялар өзге елдерді ашық әскери қимылдар арқылы тәуелділікке түсіру саясатын ұстап келді. Кейіннен одан



гөрі оңтайлылау жасырын экон. тәуелділік саясатына көшті. Сондықтан ресми түрде тәуелсіз елдердің жасырын тәуелділік сипаты болуы мүмкін. Мәселен, көптеген Азия, Африка елдері бейресми тәуелділікте күн кешуде. Шын мәнінде олар Батыс Еуропа мемлекеттері мен АҚШ-қа тәуелді. Канада, Үндістан елдері әлі күнге Ұлыбритания монархын өз билеушісі санайды. Сондықтан саяси Т-ті экон. Т-пен ұштастырмайынша толыққанды Т-ке жол жоқ. Қазақстанның Т-гі (1991 ж. 16 желтоқсан) елдің қажырлы ырқының арқасында орнады. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі халықтың Т-ке деген ұмтылысының айқын көрінісі болды.

С.Борбасов

ТӘУКЕБАЙ Қонысұлы (19 ғ.) – батыр. Қоқан хандығының озбырлықтарына қарсы соғысқа қатысқан. Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Түгіскен а-ның маңайында өмір сүрген. Қоңыраттың қараша аталығынан тарайды. Атақты Қонысұлы Нияз батырдың шөпшегі. Т. б. Қоқан хандығының озбырлығына Көкен батырмен бірге тізе қоса отырып қарсы шыққан. Ел тәуелсіздігі үшін күрескен Кенесары хан көтерілісі кезінде Т. б. Созақ қорғанын алу шайқасына қатысқандығы жөнінде деректер бар.

Әдеб: Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Атамұра, 1994; Шалысбайұлы Н., Ата-бабаның ауызша шежіресі, А., Жазушы, 2000.

Б.Ахметбек

ТӘУКЕ ХАН, әз-Тәуке Мұхаммед Баһадүр (т.ж.б. – 1718, Түркістан қ.) – Қазақ хандығының билеушісі (1680–1718). Жәңгір ханның ұлы. Ол билік еткен кезең Қазақ хандығының «алтын ғасыры» саналады. А.И. Левшин Т. х-ды көне Спартаның ақылгөйі Ликурпен теңеген. Т. х. дала ақсүйектерінің – билердің көмегіне сүйене отырып, орт. билікке жікшілдік пиғылда болған төрелерге қарсы күрес жүргізді. Мемл. мәселелерді шешетін Хан кеңесін құрды. Оған барлық қазақ руларының билері мен әскербасыларын тартты. Кеңесті Түркістан қ. жанындағы Битөбеде, Сайрам қ. маңындағы Мәртөбеде және Ангерн өз-не жақын жердегі Күлтөбеде өткізіп тұрды. Ұлы жүзде Төле биге, Орта жүзде Қазыбек биге, Кіші жүзде Әйтеке биге басқару тұтқасын берді. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарын және «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру ар-

қылы жаңа заң жүйесін жасады (қ. *Жеті жарғы*). Даулы істерді шешуде билер сотының беделін арттырды. Түркістан қ-н Қазақ хандығының астанасы етті. Сырдария бойындағы 32 қаланы өзіне қаратып, Бұхар хандығымен сауданы дамытуға күш салды. 1687 ж. Бұхар ханы Субханкулимен Ташкент қ-на байланысты келіссөз жүргізіп, оны қазақтар иелігінде қалдырды. Найманның



Тәуке хан

сыбан руының жанкөбек атасынан шыққан Нарымбай (Нар дауысты) биге Ташкенттің 7 қақпасын басқартты. Орыс-қазақ қарымқатынасының бейбіт түрде жүруіне мүдделік танытып, 1686–93 ж. Сібірге бес елшілік жіберді. Т. х. тұсында қазақ-ойрат қарымқатынасы шиеленісе түсті. Севан Рабтан маңызды сауда жолдары өтетін және ірі сауда орт-тары орналасқан Оңт. Қазақстан аумағын басып алуды көздеді. Т. х. Сығанақ, Түркістан, Отырар, Сайрам және Созақ қ-ларын жоңғарлармен күресте стратег. тірек бекетіне айналдырды. Т. х-ның ойраттармен күрестегі кейбір сәттіліктері оған үлкен жеңіс әкелмеді, соғыс белсенділігі ойраттардың жағында болды.

Б.Жүрсінбаев

ТӘУКИН Мұхаметқали (1814 – 20.2.1894) – сұлтан, Кіші жүздің Батыс бөлігінің сұлтаны (1847–65). Айшуақ ханның немересі. Орынбордағы Неплюев кадет корпусында оқыған. Корпусты толық бітірместен, 1831 ж. 25 қарашада Кіші жүздің Батыс бөлігі басшысының қарамағына әкімш. қызметке жі-



берілді. Исатай Тайманұлы бастаған көтерілісті басуға қатысты. 1839 ж. Ресейдің Хиуаға жіберген әскери экспедицияның құрамына енді. 1847 ж. Кіші жүздің Батыс бөлігінің сұлтаны (правитель) болып тағайындалды. Сұлтан М.Баймұхамедов бастаған Кіші жүз қазақтары өкілдерінің қатарында Петерборға барып, император Николай І-нің қабылдауында болып, «Әулие Владимир» орденімен марапатталды. 1860 ж. екінші рет Мәскеу мен Петерборға Кіші жүз өкілдерімен барды. Осы сапарында Ш.Уәлиханов, П.И. Небольсин, Л.Н. Плотников секілді шығыстанушылармен танысты және императорлық ерікті экон. қоғамға мүше болып қабылданды. Петерборда шығатын «Экономические записки» журналына қазақтардың шаруашылығы туралы мақаласын жариялады. Кіші жүз сұлтандарының шежіресін қағазға түсірумен айналысты. 1865 ж. полк. шенінде демалысқа шықты. 1868 ж. патша өкіметі қабылдаған «Уақытша ережеге» наразылық танытқаны үшін 1870 ж. Архангельскіге жер аударылып, одан 1874 ж. елге оралды.

ТӘШЕНОВ Жұмабек Ахметұлы (20.3.1915, Ақмола обл. Аршалы ауд. Бабатай а. – 18.11.1986, Шымкент қ.) – мемлекет қайраткері. Ақмола құрылыс техникумын, КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1955) бітірген. 1934 жылдан бастап әртүрлі жауапты қызметтер атқарды. 1952–55 ж. Ақтөбе



Ж.Тәшенов

обл. партия к-тінің 1-хатшысы. 1955 ж. наурыз – 1960 ж. қаңтар аралығында Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының төрағасы, 1960–61 ж. Қазақ КСР Мин. Кеңесінің төрағасы болды. Осы кезде Т. Тың өлкесіне біріктірілген солт. облыстарды Ресейге, Оңт. Қазақстанның мақта егетін ауд-дарын Өзбекстанға, Маңғыстауды Түрікменстанға беру туралы Н.Хрущевтің ұсынысына қарсы шық-

ты. Қазақстанда ядролық сынақтар жасауға қарсылық білдірді. «Қазақ әдебиеті» газетін жабудан қорғап қалды. Шығарм. өкілдеріне үй бергені үшін «қазақ ауылын» құрды деп айыпталды. Осыдан кейін оның қызметі төмендетіліп, Шымкент (қазіргі Оңт. Қазақстан) обл-на жіберілді.

ТЕВКЕЛЕВ ЕЛШІЛІГІ – Ресейдің 1731 жылы Кіші жүзге жіберген елшілігі. Бұл елшілік 1730 ж. Әбілқайыр ханның атынан Петербургке барған Құтлымбет Қоштаев бастаған елшілікке жауап ретінде жіберілді. Күзетпен қамтамасыз етілген елшілікті А.И. Тевкелев басқарды, оның құрамында қазақ жерін картаға түсіру жүктелген геодезиттер А.Писарев пен М.Зиновьев болды. Т. е-не патша өкіметі 12 тармақтан тұратын «Нұсқау» тапсырды. Онда Кіші жүздің билеуші тобынан Ресейдің қол астына өту жөнінде ант қабылдау, бодандықты мойындағандарға Анна Иоановнаның атынан сыйлық тарту (қылыш, қанжар, бұлғын тон, бөрік, т.б.), қазақтар туралы мәлімет жинау, Кіші жүзге көршілес жерлердің Ресей бодандығын қабылдауына негіз қалау, т.б. мәселелер қамтылды. Т. е. 1731 ж. 5 қазанда Ырғыз өз. жағасындағы Майтөбе сайында орналасқан Әбілқайыр хан ордасына келді. Т. е-нің Ресей бодандығын қабылдану жөніндегі миссиясы Кіші жүздегі көрнекті ақсақалдардың, сұлтандардың үлкен тобының ашық қарсылығына ұшырады. Олар Т. е-н мұндай пиғылы үшін жазалауға талпынды. Қалыптасқан осындай ахуал жағдайында Әбілқайыр Т. е-н алып жүруді және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзінің баласы Нұралыға тапсырды. 1731 ж. қазанда Т. е-не Ресей бодандығын мойындайтыны жөнінде бірінші болып Әбілқайыр хан ант берді, оған Бөкенбай, Есет батырлар мен Құдайменде мырза қосылды. Сол арада бодандыққа 27 ақсақал ант берді. Бұдан соң Т. е. «Нұсқауға» сәйкес көршілес елдердің бодандыққа ант беруіне негіз қалауға кірісті. 19 желтоқсанда Т. е. Әбілқайырды Нұралы сұлтанды Хиуаға жіберуге көндіріп, ол елдің бодандыққа деген көзқарасын білуге тырысты. 1732 ж. 2 наурызда Хиуадан оралған Нұралы сұлтан Т. е-не Хиуаның бодандық мәселесіне наразылық пен ашу-ыза білдіргенін жеткізді. Т. е. 1733 ж. қаңтарда Петербургке қайтты. Т. е-мен бірге Әбілқайыр Петербургке Ералы сұлтан бастаған жауап елшілігін аттандырды.



Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI – XVIII веках: Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Левшин А.И., Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей, А., 1996; Досмұхамедұлы Х., Таңд., А., 1998; Ерофеева И.В., Хан Абул-хаир: полководец, правитель и политик, А., 1999.

А.Махаева

ТЕЗЕК ТӨРЕ, Тезек Нұралын (1820–79, бұрынғы Жетісу обл. Қапал уезі, Алтын-немел өңірі) – аға сұлтан, Абылай ханның шөбересі. 1858 ж. патша өкіметі Т. т-ге поручик шенін, күміс семсер, қару асынатын алтын белбеу, 1859 ж. капитан шенін берді. 1860 ж. Т. т. Ұлы жүздегі дулат тайпасының



Тезек төре

аға сұлтаны Әли Әділовтың ұйымдастыруымен Қарғалы өз. бойында өткен жиынға қатысты. Онда патшалық Ресейдің үстемдігінен құтылу үшін Қоқан хандығына қолдау көрсету, оның көмегіне арқа сүйеу жөнінде шешім қабылдады. Т. т. мұндай шешімге ниеттес екендігін танытты. Бірақ ол қоқандықтар жағына өте қоймай, Ұзынағаш шайқасы қарсаңында патша өкіметін қолдады. Сондай-ақ ол орыс әскеріне өзінің жасағымен келіп қосылуды қаламай, шайқасқа әдейі кешігіп келді. Бұдан кейін Т. т. орыс әскерлерінің Пішпек пен Тоқмақты жаулап алуына атсалысты. 1861 ж. подполк., 1863 ж. полк. шені, 1865 ж. 2-дәрежелі «Святой Станислав» ордені беріледі. Ресей өкіметінің тапсырмасымен 1866 ж. Парижде өткен дүниежүз. көрмеге қазақтар тұғынатын көптеген бұйымдар жіберді. Патша өкіметінің үстемдігіне қарсылық та танытты. Т. т. өз зама-

нында айтыскер акын, белгілі күйші ретінде де танылған. Ол Сүйінбай, Бақтыбай, Түбек, т.б. ақындармен айтысқан.

А.Махаева

ТЕМІРТАУ ЕРЕУІЛІ. Кеңестік жоспарлы экономика аясында индустрияны дамыту бағыты бойынша Қарағанды обл-нда Қазақстанның тау-кен металлургиясының орт-н құру жоспарланды. 1959 жылдың соңына қарай Теміртау қ-нда Бүкілодақтық комсомол-жастар құрылысы мәртебесіне ие болып, «Қазақстан магниткасы» аталған металлургиялық зауытының құрылысы басталды. Елге одақтас республикалардан, сондай-ақ соц. мемл-тер достастығы елдерінен жұмысқа келушілер саны көбейді. Сол кездері «екпінді құрылысқа» Ресей мен Украинадан 100 мыңнан артық адам келді деген дерек бар. Жұрттың көп жиналғаны соншалық, бәрін бірдей жұмыспен қамту да қиындық туғызған. Теміртау халқының күрт өсуіне байланысты жұмысшыларды тұратын үй-жаймен қамтамасыз ету мәселесі туындады. Барлық жұмысшыларға бірден пәтер,



Теміртау магниткасының құрылысы

жатақхана жетіспей, олардың көпшілігі вагондар мен барактарда, брезент шатырларда өмір сүріп жатты. Сонымен қатар мед. қызмет көрсету, мәдени демалыс орындары (клубтар, кино-драма театрлар, т.б.), білім беру (балабақшалар, мектептер, орта, тех. оқу орындары), дүкендер, қоғамдық тамақтану, тұрмыс қажетін өтеу орындары жетіспеді, еңбек ақы аз төленді. Жұмысшы халық ауыз судан да тапшылық көрді. Бірақ бұл қиыншылықтардың барлығын құрылыс басшылығы уақытша жағдай ретінде қарастырды да, өндірістегі дағдарыс одан әрі тереңдей берді. Мыс., құрылыс мате-



риалдарының кесте бойынша әкелінбеуі, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамау салдарынан жарақат алулардың, апаттардың жиілеуі, техниканың жиі бұзылуы, кей учаскелерде құрылыс жұмыстарының жоспардан тыс тұрып қалуы, т.б. себептер жұмысшы – инженер кадрларының тұрақтамаушылығына әкеліп соқтырды. Отандық жұмысшылар осылай күрделі, қолайсыз тұрмыс жағдайында өмір сүріп, еңбек етіп жатқанда, Болгария Халық Республикасынан келген жұмысшыларға барлық жағдай жасалынып, асханаларда да әуелі солар тамақтануы, онсыз да ушығып тұрған әлеуметтік мәселені асқындырып жіберді. Мұның соңы 1959 жылдың 1-тамызында жұмысшылардың ереуіліне әкеп соқтырды. Сол күні кешкі ауысымнан шыққан жұмысшылар тобы тамақтануға бірде-бір ашық асхана (сол кезде әрқайсысы бірнеше жүз орындық 178 асхана болған) таппай, ашынған олар жабық асханаларды қирата бастады. 1–2 тамыз күндері құрылыс басшылығынан әлеуметтік мәселелерді шешуді талап етіп, ереуілге шыққан топтан 2 адам ұсталып, қамауға алынады. Мыңға тарта жұмысшы оларды босатып алуға тырысып, қалалық ішкі істер бөліміне (ІІБ) келгенімен, милиция қызметкерлері аспанға оқ атып, олардың бетін қайтарады. Алып өнеркәсіп құрылысына ағылған отаншыл, шын құлшыныспен келген жұртшылықтың арасында сол қоғамның тоғышарлары (қылмыстық істі болғандар, алаяқтар мен арамтамақтар, маскүнемдер мен жеңіл жүрістілер, т.б.) да аз емес еді. Олар талаптары орындалмай ашынған жұмысшылардың күшін пайдаланып асханалар, орталық базар мен дүкендерді тонауды, қалада ойран салуды бастап кетті. Қала үстінде қою түтін қаптап, көшелерде көліктер төңкеріліп, сейфтер жайрап, іс қағаздары тігілген папкалар отқа лақтырылып жатты. Бүлікшілер үш қабатты әмбебап дүкенді басып алып, терезелерден киімдерді, оралған маталарды, темекі, тіс пасталарын, т.б. тауарларды лақтырып, оған адамдар таласа бастады. Сол күні кешкі сағат тоғыз шамасында спирт пен тамаққа тойған бүлікшілер бастаған жұмысшылар тобы қалалық ІІБ-н қоршауға алды. Шектен шыққан бұзақылар мекеменің терезесін шағып, жан-жағынан өрт қойды. Жергілікті тәртіп сақшыларына бағынбай, оларды таспен, таяқпен атқыла-

ды. Теміртау қ-лық партия комитетінің (ПК) хатшысы А.Коркин бұл туралы Қарағанды обл-тық ПК-ін хабардар етеді. Обл-тық ПК-нің бірінші хатшысы П.Исаев обком хатшылары мен Қауіпсіздік басқармасының бастығы Шмойловты қатыстыра отырып, тығырлықтан шығудың жолын қарастырды. Қабылданған шешім бойынша тәртіп орнатуға ішкі істер күштерін көтеріп, КарЛАГ-тың қарулы әскери жеке құрамын Теміртауға жіберуге ұйғарым жасалды. Сол күні түнде Қарағанды обл-тық ІІБ-нің бастығы, ген. Любых тәртіп бұзушыларға қарсы қару қолдануға рұқсат сұрап, Исаевтың келісімін алады. 2–3-тамыз күндері орын алған тәртіпсіздікті басуға КарЛАГ-тың конвой күзетінен ген.-м. Запевалин басқарған 500 сарбаз, КСРО



Жұмысшы жатақтары

ІІМ ішкі әскерлерінен 1400 сарбаз бен офицерлер қатысады. Сол күндері ресми дерек бойынша ереуілшілер мен бүлікшілерден 11 адам сол жерде өліп, тағы бесеуі алған жаралардан қаза тапты, ондаған адам жараланды. Ереуілді басуға қатысқан сарбаздар мен офицерлер, ішкі істер қызметкерлерінің арасында да ондаған адам (28 адам) жараланып, ауруханаға жеткізілді. Екіжүздей адам бұзақылық жасағаны үшін қамауға алынып, олардың кейбірі кейін сотталды, қалғаны босатылды. Сол кездері бұл қанды ереуіл оқиғасы халықтан жасырылып, ол туралы Одақтық, республикалық партия ұйымдарының, КСРО МҚК басшыларына ғана хабарланды. КОКП ОК-і Президиумының бұйрығы бойынша құрамында КОКП ОК-нің өкілдері мен Қазақ КСР КП ОК-ның бірінші хатшысы Н.Беляев кірген комиссия құрылды. 1959 жылдың қазан айында өткен КОКП ОК-і Президиумының мәжілісінде Теміртаудағы оқиғаларға байланысты «Қарағанды метал-



лургия зауыты құрылысындағы мәселелері туралы» қаулы қабылданды. Осы ереуіл бойынша кінәлілер анықталып, жауапкершілікке тартылды, қызметтерінен босатылды. Қарағанды обл-тық ПК-нің бірінші хатшысы Исаев пен «Қазметаллургқұрылыс» тресінің бастығы Вишнеvский кінәлі деп жарияланды. Көп ұзамай Теміртау ереуіліне қатысты жіберген қателіктері үшін республика басшысы Беляев орнынан алынып, Қазақ КСР КП ОК-ның бірінші хатшысы болып Д.Қонаев сайланды. Сол кездері жазалаудан қорыққан жүздеген адамдар құрылысты тастап кеткенімен, жұмысшылардың негізгі бөлігі істеріне қайта кірісті. Олардың әлеум. мәселелері шешіліп, тұрмыс жағдайлары түзелді. Болгариядан келген жұмысшылар елдеріне қайтарылды. Теміртауға байланысты қабылданған қаулы бойынша бүліншіліктің негізгі себебі – жұмысшылар арасында тәрбиелік және саяси үгіт-насихат жұмыстарының қанағаттанарлық жағдайда жүргізілмеуі деп есептелді. Бірақ бұл оқиғалардың басты себебі елдегі басқару ісінің негізгі принциптеріне байланысты еді. Басты назарда жеке адам мен оның әлеум. мәселелері емес, өндіріс, шаруашылық саласы ғана болды. Соның салдарынан әлеум. мәселелер шешілмей, күрделі күйінде қалып қойды да, жұмысшылардың бас көтеруіне әкеп соқтырды. Теміртаудағы болған ереуіл Кеңестік билікті жұмысшы табының әлеум.-тұрмыстық жағдайына баса назар аудару қажеттігіне мойын бұрғызды.

Әдеб.: «1959 жылғы Теміртаудағы оқиға»; «Восстание в Темиртау (1959)»; «Выступление Темиртауских рабочих»; «Теміртау көтерілісі жайында білесіз бе?» 27.10.2013; «Теміртау трагедиясы» 5.6.2009.

Д.Наушабай

ТОҒАНАС Бәйтікұлы (1813 – 1864/67) – батыр, би. Сырдарияның төм. ағысы бойында туып-өскен. Кіші жүз құрамындағы шөмекей руынан шыққан. Хиуа және Қоқан хандықтарының жергілікті халыққа жасаған озбырлық әрекеттеріне қарсы тұрған. Т. қарақалпақ, түрікпен бектерімен де соғысып, олардың Сыр бойынан ауа көшуіне ықпал еткен. 1836 ж. Т., Бұқарбай, Түлкібай батырлар қоқан бегі Ниязбекпен соғысып, Күмісқорғанды шапқан. 1839–40 ж. хиуалықтармен бірнеше рет Қуандария бойындағы Ақ-

қыр тауы маңындағы Қарак деген жерде аяқасып, Қожанияз бекті ойсырата жеңіп, «Қожанияз – қамал-бекінісін» жойып жіберді. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, шөмекей жасағын басқарды. 1845–52 ж. қоқандықтар мен хиуалықтардың бірнеше шабуылын тойтарып, барымталаған малдарды қайтарды. Т-тың



Тоғанас Бәйтікұлы

өзінің арнайы мөрі, әкесі Бәйтік батырдан қалған ақ туы болған. Т. ерліктері ауызша, жазбаша деректерде, тарихшылар Е.Бекмаханов пен Ж.Қасымбаевтың еңбектерінде, ақын Т.Ізтілеуовтың «Назым» (1982), зерттеушілер Қ.Бердәулетовтың «Бұқарбай батыр» (1992), Т.Дайрабайдың «Тоғанас батыр» (1992), «Сырдың сырлы сыры» (2005), Ә.Оспановтың «Жанқожа батыр» (1993) кітаптарында және «Келмембет батыр» (1998), «Жолбарысты Төребай би» жинақтарында көрініс тапқан. Қызылорда қ. мен Жалағаш, Тереңөзек (Сырдария), Жосалы кенттеріндегі көшелерге Т. есімі берілген.

Т.Дайрабай

ТОЙШЫБЕК Қасаболатұлы (1783, Алматы обл. Жамбыл ауд. Таран а. – 1860, Жамбыл обл. Қордай ауд. Қақпатас а.) – би, батыр. Ұлы жүздің дулат тайпасының ботбай руынан. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қолдау танытқан. 1849 ж. Алматы қ-на таяу маңда, Ақсай және Қарасу өзендерінің түйіскен тұсында бекініс салдырды. Бекініс қабырға-

ТОЙШЫБЕКҰЛЫ



сының ұз. – 85 м, биікт. – 5 м болған. Патшалық Ресейдің Жетісу өңіріне енуіне қарсылық танытып, оған қарсы күресте Қоқан хандығына арқа сүйеді. Осы мақсатта өзінің бекінісінде қоқандық Аққұлы бек басқарған әскери горнизон ұстады. 1850 ж. 19–23 сәуірде Ресей армиясының капитаны Гутковский 2 зеңбірегі бар 300 әскермен Т. бекінісіне шабуыл жасады. Бірақ Т. бастаған жасақ Гутковскийдің шабуылына тойтарыс беріп, бекіністі талқандауға жол бермеді. Шабуылда Т-тің жасағынан 200-ден астам адам қаза тапты. Ресей өкіметі Т-тің бекінісін алу үшін 1851 ж. маусымда 1 мың 370 адамнан тұратын, полк. Карбышев бастаған экспед-ны аттандырды. Т. күштің тең еместігін байқап, өзін қолдаған қазақтармен қоқандықтар ықпалындағы Шудың бойына бет бұрды. Мұны пайдаланған полк. Карбышев Т. бекінісін талқандауға бұйрық берді. Т. баласы Байсейітпен бірге қырғыздар мен қоқандықтардың көмегіне сүйеніп, орыстардың иелігіне айналған Іленің сол жағалауына жиі шабуылдар ұйымдастырып, орыс әскерлерін шығынға ұшыратты. Бұған жауап ретінде 1854 ж. жазда Ұлы жүз қазақтарының приставы Перемышльский 2 зеңбірегі бар 160 әскермен Т. ауылына тұтқиылдан шабуыл жасады. Шабуыл кезінде Т. ауылынан 40-тан астам адам қаза тауып, бидің үлкен ұлы Жанғазы бала-шағасымен тұтқындалды. Перемышльский бастаған орыс әскері Т. ауылынан 753 жылқы, 118 түйе және 66 ірі қара малды айдап әкетті. Осы жылғы күзде Т. қырғыздың Орман, Жаңғараш, Жантай манаптарымен және қоқандықтармен бірлесіп патшалық Ресейдің билігін мойындаған Іле бойындағы қазақтарға шабуыл ұйымдастырды. Шабуыл кезінде екі жақ та көптеген шығынға ұшырады. Т. өмірінің соңғы жылдарын орыс үстемдігі орныға қоймаған қоқандықтар ықпалындағы Пішпекке (Бішкек) таяу маңда өткерді. Алматы қ-нда Т. есімімен аталатын көше бар.

А.Махаева

ТОЙШЫБЕКҰЛЫ Байсейіт (1831, Алматы обл. Жамбыл ауд. Таран а. – 1867, сонда) – батыр, Тойшыбек бидің баласы, Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан. Патшалық Ресейдің Жетісудағы үстемдігіне қарсы күресті. 1854 ж. әкесімен бірге орыстар үс-

темдігі орнаған Іле өңіріне жорықтар ұйымдастырды. Ұзынағаш шайқасына қатысқан. 1862 ж. бауыры Керімбекпен бірге Жетісудағы патшалық Ресей билігін мойындауға мәжбүр болды. Ресейдің Әулиеатаға жасаған жорығына қатысып, қоқандықтар қолына тұтқынға түсті. 1863 ж. тұтқыннан қашып құтылу кезінде ауыр жарақат алды. Оның ерліктерін халық ақындары жырға қосқан.

А.Махаева

ТОҚТАМЫШЕВ Хамит (т.-ө.ж.б.) – Алашорда үкіметінің әскери қайраткері. Әскери шені – капитан (кейбір деректерде подполк.). Алаш милициясын ұйымдастыруға белсене ат салысты. Оның басшылығымен Семейде құрамында 38 офицер мен 750 жауынгері бар 1-Алаш полкі құрылды. Өскеменде Алаш автономиясының әскери оқу орнын ашуға жетекшілік етті. Уақытша Сібір үкіметімен және атаман Б.В. Анненковпен тығыз байланыста болды. «Сарыарқа» газетінде Алаш милициясының кеңестік билікпен жүргізіп жатқан күресі жайында бірқатар мақалалар жариялады. Жетісу өңірінде Қызыл әскермен болған соғыс қимылдары кезінде алаш әскеріне басшылық жасады.

С.Рустемов

ТОЛЫБАЕВ Мұхамет-Әли (1860, Қарағанды обл. Қарқаралы өңірі – 30.5.1936, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ақын, шежіреші. Қарағанды обл-ның Ақсары, Сарытау болыстарын мекендеген. Қаракесектің құдайбер-



М.Толыбаев

лі тармағынан тарайды. Алаш қозғалысына атсалысқан. «Алаш» партиясының көсемі Ә.Бөкейханмен пікірлес болып, 1905 ж. Ресей императоры III Александр атына жазылған «Қарқаралы хұзырхатына» қол қойғандардың бірі әрі сол хатты жасырын түрде пошта арқылы жіберуші. Арнайы сауаты болмағанымен, сөзге шешен, әдебиеттен де,



тарих және музыкадан да хабары бар, қолынан өнері тамған, сегіз қырлы, бір сырлы, зерделі жан болған. Т-тың қолынан шыққан ою-өрнектер Абай атындағы қазақ мемл. опера және балет театрының құрылысына пайдаланылған. Бөрік, шапан, камзол, етік сияқты ұлттық киімдердің де шебері атанған. 1907 ж. оның қолынан шыққан ұлттық нақыштағы 12 түрлі бұйым Санкт-Петербургтағы эрмитажға қойылған. 1927 ж. белгілі этнограф ғалым Ф.А.Фиельструп Мұхамет-Әлимен кездесіп, қажетті ғыл. мәліметтер алып, ол туралы «Орталық Қазақстан», «Қарағанды индустриясы» атты газеттерде мақалалар жариялаған. 1935 ж. Алматыға келген Бүкілодақтық староста М.И.Калининге Т. өзі жасаған Арғын бөркін сыйға тартқан. 30-жылдары Қарқаралы өңіріне келген М.Дулатов «Аштыққа ұшырағандарға көмек» атты шара өткізеді. Т. өңірдегі осынау үкімет тапсырмасын орындауды ұйымдастырушы да болды. Ол өзі өмір сүрген кезеңде А.Құнанбайұлы, оның баласы Мағауия, Мәди Бәпиұлы, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев сияқты танымал тұлғалармен шығармашылық қарым-қатынас жасап отырған. А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» дастанын домбырамен қосыла айтып, халық арасына таратуға күш салған. 1927 ж. М. Бәпиұлы ақгвардияшылар қолынан мерт болғанда, оны арулап жер қойнына тапсырып, арнайы жоқтау да шығарған. Қазақ КСР-нің, КСРО-ның Халық әртісі Қалибек Қуанышбаев, Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген әртісі Мұрат Толыбаев Т-тың үлгі-өнегесін көріп, өздеріне ұстаз тұтқан. 1928–29 ж. Кент тауларының арасындағы Боқты дейтін жерде орыс казактары бандалық ұйым құрады. Жергілікті үкіметтің тапсырмасымен ол осы бандалық ұйымның арасына барып, келіссөздер жүргізу арқылы олардың тынышталуына мұрындық болған. 1934 ж. Үкімет басында отырған С.Сейфуллин мен жазушы М.Әуезов Т-ты Алматыға арнайы көшіріп әкеліп, Жазушылар одағы тарапынан қаламақы төлетіп отырған. 1936 ж. жүрек талмасынан кенеттен қайтыс болады. Сүйегі Алматының ескі зиратына қойылған.

Г.Толыбаева

ТОЛЫБАЙ Мыңбайұлы (1769/80 – 1869) – батыр, би. Хиуа, Қоқан хандықтарына қарсы соғысқан. Кіші жүз жақайымның игілік аталығынан тарайды. Қазіргі Қызылорда обл.

ның Арал, Қазалы өңірлерінде өмір сүрген. Сыр бойының ақыны Нұрсұлтан Жұбатұлы «Жанқожа батыр» дастанында: «Қол жиып Жақайымның руынан. Астында ер Толыбайдың ақ шұбар ат, Шу десе қаңтарумен озған қолдан» деп жырлаған. Қарман Сұлтанұлы да: «Жау хабарын естісе, Жоқ еді жаны тартынған. Намысты ердің бірі еді, Қалмайтұғын қатардан. Ере келді Толыбай Қарабұлақтың басынан, Сауыты бар үстінде, Қару-жарак асынған» деп жырына өзек етеді. Батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда обл., Қазалы ауд., Бекарыстан би а-нан солт-ке қарай 5 шақырым жерде, Қотан көлдің жағалауында.

Әдеб.: Т.Күлімбетұлы. Жанқожа батыр және оның ұрпақтары. Қызылорда, Аңса и К, 2006; Ә. Маханов. Толыбай бейнесін толықтырар бірер жорық. Толқын. 1993; Сырдария кітапханасы. Жанқожа батыр туралы жырлар. Астана, Фолиант, 2007.

Б.Ахметбек

ТОРАЙҒЫРОВ Сұлтанмахмұт – (28.10. 1893, Көкшетау обл. (қазіргі Ақмола обл.) Қызылту ауд. – 1920) – ақын, ағартушы-демократ. 1912 жылдан ақындыққа ден қойып, «Оқып жүрген жастарға», «Оқудағы мақсат не», «Жарлау», «Досыма хат», «Шығамын



С.Торайғыров

тірі болсам адам болып», «Түсімде», «Жазғы қайғы», «Қымыз», «Кешегі түс пен бүгінгі іс», «Шәкірт ойы», т.б. өлеңдерін, «Зарландым», «Өлең әм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», т.б. әңгіме, мақалалар жазды. 1913–14 жылдардың қысында «Айқапта» хатшылық қызмет істеп, жазғандарының бірқатарын журналда жариялайды. Осы тұста «Қамар сұлу» романын аяқтады. 1917 жылдың наурызында Семейге келіп, обл. к-тте жұмысқа орналасады. 1918 ж. «Неге жасаймын», «Соғыстың кесірі», т.б.



өлендерін жазады. «Кедей», «Адасқан өмір» поэмаларын бастап, 1919 ж. аяқтайды. Т. алғашқы поэмасы «Таныстыруда» алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Семейде жаңа құрылған «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатысып, «Алаш ұранын» жариялады.

Д.Наушабай

ТОРҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ – он алтыншы жылғы көтерілістің Торғай уезіндегі құрамдас бөлігі. Көтеріліс бастапқыда уездің қыпшақтар қоныстанған Қайдауыл, Аққұм, Қараторғай, Сарыторғай, Қарақопа болыстарында және арғындар қоныстанған Тосын, Майқарау, Сарықопа, Наурызым, 2-Наурызым болыстарында Ресей патшасының 25 маусымдағы жарлығына мойынсұнбау, болыс басшыларына, тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасаушыларға қысым көрсету түрінде жүрді. Т. к-нің екпін алуы барысында Әбдіғапар Жанбосынұлы қыпшақ көтерілісшілерінің ханы, ал Шолақ Оспанов арғын көтерілісшілерінің ханы болды. Кейіннен 21 қазанда 13 болыс (6 болыс арғын, 6 болыс қыпшақ және 1 болыс найман, мадияр) өкілдерінің Жалдама өз. бойында өткен Құрылтайында Жанбосынұлы Торғай уезі қазақтарының ханы, Амангелді Үдербайұлы көтерілісшілердің сардарбегі (бас қолбасшысы) болып сайланды. Көтерілісшілер болыстықтар деңгейіндегі жергілікті билік орындарын өз қолдарына алды. 50 мыңнан астам адамнан тұратын көтерілісшілерден ондықтарға, жүздіктерге және мыңдықтарға бөлінген әскери жасақ құрылды. Әрбір қолды басқаруға онбасы, жүзбасы, мыңбасы тағайындалды. Кейкі Көкембайұлы бастаған арнаулы мергендер тобы жасақталды. Көтерілісшілер штабы Торғай қ-нан 150 км жердегі Батпаққараға жақын Үрпек а-на орналасты. Әскери кеңес көтерілісшілерді азық-түлікпен, атпен қамтамасыз етуді, ұстаханаларда қолдан мылтық, қылыш, қанжар, семсер, т.б. жасауды ұйымдастырды. 22 қазанда 15 мың адамнан тұратын көтерілісшілер жасағы Торғай қ-н

қоршады. Бұған Ә.Жангелдин де қатысты. Қаланы қоршау бірнеше күнге созылды. Қоршаудағыларға көмекке ген. А.Лаврентьевтің жазалаушылар отряды қалаға қарай үш бағытта келе жатты. Жазалаушылардың жақындап қалғаны туралы мәлімет алған көтерілісшілер патша әскеріне қарсы қозғалды. 16 қарашада 12 мың көтерілісшіден тұратын жасақ Тоңқойма пошта ст. маңында подполк. Катоминнің жазалау отрядына шабуыл жасады. Жазалаушы отряд тосыннан жасалған шабуылдан қорғанысқа көшті. Көтерілісшілер адам шығынына ұшырамау мақсатында Батпаққара өңіріне өтіп кетті. Патша өкіметі Т. к-н басу үшін жаңадан 17 атқыштар ротасын, 18 казак жүздігін, 4 атты эскадронын, 18 зеңбірек, 18 пулемет әкеліп төкті. Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында Татырда, Ақшығанакта, Күйікте шайқастар болды. Доғал-Үрпекте 1917 жылғы ақпан айының соңында өткен шешуші айқаста көтерілісшілер жазалаушы отрядқа айтарлықтай қарсы тұрып, оларды Торғай қ-на шегінуге мәжбүр етті. Көтеріліс нәтижесінде патша өкіметінің Торғай уезінен қара жұмысқа адам алу жоспары орындалмай қалды.

Ә.Шашаев

ТОРҒАЙ, СЕМЕЙ, ОРАЛ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕҢЕСІ – қазақ өкілдерінің 1916 жылы 7 тамызда Орынбор қаласында өткен кеңесі. Ол Орынбор ген.-губернаторы Эверсманнның рұқсат етуімен өтті. Оған Торғай, Семей, Орал және Сырдария обл.-тарының қазақ өкілдерімен бірге Алаш қозғалысы қайраткерлері де қатысты. Кеңесте 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына сәйкес соғыс майданының тыл жұмыстарына қазақтардан адам алу мәселесі қарастырылды. Кеңеске жиналғандар төрағалыққа Ө.Бөкейханды, хатшылыққа М.Дулатов пен О.Алмасовты сайлады. Кеңестің жұмысына А.Байтұрсынұлы та атсалысты. Кеңес тыл жұмысына адам алу іс-шарасы қазақ жұрты шаруашылығына зияны тимейтіндей етіліп жүргізілуін қалап, бұған орай мынадай талап-тілектерді білдірді: тыл жұмысына адам алу солт. өңірде 1917 жылға дейін, оңт. өңірде 1917 жылдың 15 наурызына дейін шегерілісін; алдымен 19 бен 31 жас аралығындағылардың үштен бірі алынсын; адам алу бары-



сында қазақ халқына мұғалімдер жетіспейтіндігі ескерілсін; мектептер мен медреселерде оқып жүрген шәкірттер тыл жұмысына алынбасын; тыл жұмысына алынғандар отыз кісіден топтастырылып, олар тілмаштармен және молдамен қамтамасыз етілсін. Осы талап-тілектер Мемл. Думадағы Мұсылман фракциясы мен А.Ф. Керенский атына желделхат арқылы жолданды.

Ә.Шашаев

ТОРҒАЙ ҺӘМ БЫРҒЫЗ УЕЗИ ХАЛҚЫНА ҮНДЕУ, тыл жұмысына адам алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына қарсылық көрсетпеді үгіттеген. Ол «Қазақ» газеті бетінде 1916 ж. желтоқсанда А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Қадырбаев және М.Тұнғашин атынан жарияланды. Үндеуде патша жарлығына қарсылық көрсету жазалаушы отрядтың шығуына алып келетіндігін, оның өз кезегінде халықты күйзеліске түсіріп, адам шығынына ұшырата-тындығын түсіндіру басты мақсат етіліп қойылды. Үндеуді жолдаушылар өздерінің пікірлері дұрыс екендігін дәлелдеу мақсатында патша жарлығына қарсылық көрсеткен Сырдария обл-ндағы Жизақ қ-нда 20 мыңнан астам тұрғын оққа ұшқандығын мысалға келтірді. Сондай-ақ онда көршілес уездерден тыл жұмысына алынғандардың соғыс майданында аман-есен қызмет етіп жатқандығы мәлімделді.

Ә.Шашаев

ТОРҒАЙ ІСІ – ашаршылыққа ұшыраған елге көмек ұйымдастырған ұлт зиялылары айыпталған тергеу-сот ісі (1922–26). Ел шаруашылығын күйзелткен Азамат соғысы, «әскери коммунизм» саясаты 1921 жылғы құрғақшылыққа ұласты. Қазақ ауылы жұтқа ұшырап, мал саны күрт құлдырады. Қазақстанның бес губ. (Ақтөбе, Қостанай, Бөкей, Орал, Орынбор) және Адай уезі ашаршылыққа ұшыраған өлкелер қатарына жатқызылды. Кеңес өкіметі мен халықар. ұйымдар тарапынан көрсетілген көмек шалғайдағы қазақ ауылдарына жетпеді. Аштық қырғынынан жұртын аман алып шығуды көздеген зиялы қауым «қазақты қазаққа жәрдем беруге кірістіруіміз керек» (М.Дулатов) деп шешті. Осы мақсатпен 1922 жылдың жазында Семей губ-нда Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Дулатов, Ғ.Тоғжанов, Х.Ғаббасовтың жетекшілігімен уәкілдер елге шығып,

халықтан жылу жинады. Жиналған 15 мың бас ірі қара малдың жартысына жуығын (7 мың) Аймауытов Қарқаралыдан бастап айдап Торғай уезіне жеткізеді де, ашыққан елге таратып береді. Артынша малдың бір бөлігі байлар мен байшыкештерге, орташаларға үлестірілді. Көп ұзамай тиісті құжаттар жасалынбаған деген айыппен Аймауытов бастаған зиялылар тобының үстінен қылмыстық іс қозғалды. Үш жылға созылған тергеу шараларынан кейін 1926 ж. наурызда Қызылордада Т. і. бойынша РКФСР Жоғ. соты Қазақ бөлімшесінің ашық сот мәжілісі болып өтті. Сотты ұйымдастырушылар аштыққа ұшыраған қазақтарға жәрдемдесуде ресми орындардың көрсеткен құлықсыздығы мен дәрменсіздігін жасыруға тырысып, ұлттық салт-дәстүрлерді ескішілдіктің сарқыншағы етіп көрсетуге ұмтылды. «Еңбекші қазақ» газеті 15–26 наурыз аралығында «Астанадағы сот» айдарымен сот мәжілісінен үздіксіз хабар беріп тұрды. Сотқа 37 адам тартылды. Сот (төрағасы – Н.Арықова, мүшелері – Н.Ашамаев, С.Бекбатыров) Қ.Бәйменов, А.Жүсіпов, Қ.Қарпықов, Ш.Құлжановтарды түрлі мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Алайда Қазақ АКСР-і ОАК-нің (төрағасы – Ж.Мыңбаев) араша түсумен оларға кешірім жасалды.

ТОРҒАУЫТ САУЫТ – бұрынғы батырлар киген сауыттың бір түрі. Моңғол тайпасы – торғауыттың атымен аталып кеткен. Көшпелі түркі, моңғол халықтарында кең тараған. Моңғолдар арасында 12–15 ғ-ларда кең қолданыста болған. Қалмақ тайпаларымен соғысқан қазақ батырлары да осы сауытты киген. Т. с. қалың, тұтас тері таспаларды бір-біріне қайыс баумен байланыстыру арқылы жасалады. Кейде Т. с-та тері және металл таспалар аралас немесе екі түрлі металл қолданылады. Әр түрлі металл түрлі түске боялып, оюланып әшекейленген терілер қолданылатындықтан сыртқы түрі әдемі болып келеді. Сыртқы формасы жағынан Т. с. қысқа жеңді, ұзын етекте «бешпент пішіндес» болып жасалады.

ТОСҚАУЫЛ – 1) қарсыластың кенеттен пайда болуы немесе жылжуы байқалған бағытта бойтасалау үшін немесе әскер қоршауынан шығатын қапталды қамтамасыз ету үшін қарсы қойылатын бөлімше; 2) қазақтардың әскери жүйесінде соғыс барысында



ханды ортаға алып, қорғап жүретін бөлікті «тосқауылшы жасақ» деп атаған.

ТӨГІСОВ Көлбай (1879, Семей обл. Зайсан уезі, Шорға б. – 1919, Омбы қ.) – қоғам қайраткері, журналист, драматург. 1896 ж. Зайсандағы а. ш. мектебін бітірген. Орыс тіліне жетік болғандықтан отарлық билік орындарының ұйғарымымен Зайсан уезінің бітімгерлік сотының тілмашы болып қызмет етті. Бірінші орыс революциясы тұсында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев секілді қайраткерлермен бірге патша өкіметі-



К.Төгісов

нің жүргізіп отырған отарлық саясатына қарсы шықты. Қарқаралы хұзырхатын әзірлеуге қатысты. 1906 ж. «Семипалатинский листок» газетінде патша өкіметінің қазақ халқына жасап жатқан қысымшылықтары жайлы мақалалар жариялады. Қазақ жеріне земство енгізу қажеттігін жақтады. 1909 ж. патша өкіметінің ұйғарымына орай «халықты бүлікке үндеуші» ретінде тұтқынға алынып, 1912 жылға дейін түрмеде отырды. Абақтыдан босағаннан кейін Семей өңірінде үш жыл мерзім аралығында тұру құқығынан айырылып, Қапалға жер аударылды. Ол Қапалда жүріп, «Айқап» журналында қазақ халқы арасындағы халық ағарту ісінің ахуалы жайлы мақалаларын жариялады. «Мамания» мектебін ашқан азаматтармен және онда дәріс берушілермен тығыз қарым-қатынаста болды. 1915 ж. «Надандық құрбаны» атты пьеса жазды. Оның бұл пьесасы Уфа қ-нда басылып шықты. 1916 ж. Ташкентке келіп, сонда «Алаш» газетін шығаруды қолға алды. Ақпан революциясынан кейін жергілікті халықтың саяси белсенділігін арттыру бағытында өткізілген іс-шараларға қызу ат салысты. Ташкентте құрылған «Шура и ислам» ұйымына мүше болып кіріп, Қаза-лда осы ұйымның бөлімшесін ашуға қатыс-

ты. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне мүше болып сайланды. Осы жылы жазда Зайсан уезіне оралып, онда қазақ еңбекшілерінің съезін өткізуді ұйымдастырды. М.Әйтпеновпен бірге Омбыда «Үш жүз» партиясын құруға басшылық етті. Осы партияның атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. «Алаш» партиясына қарсы үгіт жүргізіп, кеңестік билікпен ымыраға келді. 1918 ж. 21 сәуірде В.И. Ленин мен И.В. Сталинге кеңестік билікті қолдайтындығы жөнінде жеделхат жолдады. 1919 ж. наурызда Омбыда А.В. Колчак үстемдігі орнаған кезде абақтыға жабылып, сонда қаза тапты.

С. Смағұлова

ТӨЛЕБАЕВ Мырзахан (т.-ө.ж.б.) – алаш қозғалысы қайраткері. 1916 ж. патша жарлығымен тыл жұмысына алынған Жетісудың қазақ жігіттерін майданға бастап барып, тілмаштық қызмет атқарған. Ағартушылық-демокр. бағыттағы қазақ жастарының «Еркін дала» қауымының мүшелігіне кірген. 1917 ж. 21–28 шілдеде Орынборда өткен жалпы қазақ съезіне Жетісу обл-нан делегат болып, осы жиында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаттығына кандидат ретінде ұсынылды. 1918 ж. 26 наурызда Т. Верныйда өткен Жетісу мұсылман солдаттары мен жұмысшыларының жиналысында большевиктердің тұтқынындағы жергілікті Алашорда қайраткерлері – О.Әлжанов, Ы.Жайнақов пен С.Сабатаевты сотқа дейін обл. мұсылман ұйымдарының кепілдігімен босату жөнінде сөз сөйлеген. Өзі Алашорданың Қапал уездік кеңесіне мүше болып, жергілікті Алаш милициясын жасақтауға ат салысты. 1918–20 ж. Азамат соғысынан титықтаған қазақтарға көмек көрсету үшін Қапал к-тін құрған. 1919 ж. 27 ақпанда «большевиктермен байланысы бар» деген желеумен оны Колчак өкіметі тұтқынға алғанда М.Тынышбаев араша түскен. 1913 ж. Верный қ-нда Романовтар әулетінің 300 жылдығына орай Жетісу обл-ның а. ш. көрмесінде жергілікті қазақтардың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін (фотограф Лейбин) экспозиц. бөлім, кейін көрме туралы фотоальбом құрастырған, бұл альбом әлі күнге дейін сақтаулы.

М.Әбдешов



ТӨРЕҚҰЛОВ Нәзір (1892, Қокан – 3.11.1937, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, публицист. Қокандағы жәдиттік мектепте және екі жылдық орыс-түзем мектебінде бастауыш білім алған. 1913 ж. сондағы коммерция уч-щесін бітіріп, Мәскеудегі коммерция ин-тына оқуға түскен. 1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша майданның қара жұмысына алынған жерлестеріне көмек көрсету мақсатымен оқуын тастап, Батыс майданға барған. Минскіде Земство одағына нұсқаушы болып жұмысқа кі-



Н.Төрөқұлов

ріп, тыл жұмысына алынғандарға тілмаштық қызмет көрсетіп, олардың мүддесін қорғау бағытындағы іс-шараларға белсене ат салысты. Сонда жүріп қазақ жастарының «Еркін дала» атты астыртын ұйымын құруға жетекшілік етті. 1917 жылғы Ақпан ревнан кейін Орынборға оралып, «Еркін дала» ұйымының алғашқы құрылтайын ұйымдастырады. 1922–28 ж. Мәскеуде КСРО ОАК жанындағы Орт. баспа басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Бұл қызметке кіріскеннен кейін В.И. Лениннің қабылдауында болып, автономия алған халықтардың тілін мемл. тілге айналдыру мәселесін көтерді. Түркі тілдес халықтардың ортақ әліпбиін жасау жөніндегі комиссияға төрағалық етіп, араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшуді жақтады. Орт. баспа басқармасының төрағасы ретінде қазақ тілінде «Темірқазық» атты журнал шығаруды ұйымдастырып, оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев секілді қазақ зиялыларын тартты. 1937 ж. шілдеде «халық жауы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. 1958 ж. 28 қаңтарда КСРО Жоғ. сотының шешімімен ақталды. Бүгінде Алматы, Шымкент, Қызылорда қ-ларында Т. есімімен аталатын көшелер бар. Оның есімі Шымкенттегі, Түркістандағы және Шо-

лаққорғандағы орта мектептерге берілген. Түркістан қ-нда Т. мұражайы жұмыс істейді.

Т.Мансұров

ТӨРЕМҰРАТ Тайлыбекұлы (1821, Атырау обл. Жылыой ауд. – 1863, Маңғыстау обл. Бейнеу ауд.) – белгілі батыр. Кіші жүздің таз руының жастабан тармағынан шыққан. Өтен, Нарынбай батырлардың үзеңгілес серігі болып, Ресей отаршыларына, түрікмен аламандарына қарсы соғыстарда ержүректігімен аты шыққан. Қаһармандығы үшін таз руының ұранына айналған. Палуан, мерген, домбырашы ретінде де қадірленген. Түрмеден қашып шыққан ұлы күйші Құрманғазыны паналатып, қамқорлық көрсетеді. Біреуге айттырылып қойылған, сүйген қызы Данай сұлуға үйленгені үшін елден қудаланып, Хиуа жұртына кетуге мәжбүр болған. Түрікпен аламандарымен соғысып, Күйкен тауы маңында қаза тапқан. Бейіті сол жерде. Сүйінгара батыр Т-тың жерленген жеріне мазар тұрғызды. Т-қа Құрманғазы «Төрөмұрат», «Тас астау, тас дере», «Төрөмұраттың ақ арғымағы», т.б. күйлерін арнаған. Халық ақындары шығармаларында Т. есімі жиі кездеседі.

ТӨРТІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА – Ресей империясында төртінші рет сайланған конституциялық-монархиялық бағыттағы заң шығарушы өкілетті орган. 1912 жылдың 12 қарашасынан 1917 жылғы 26 ақпанға дейін қызмет етті. Оған 442 депутат сайланды. Депутаттардың құрамында 1907 жылғы 3 маусым заңына сәйкес мұсылман халықтарының 6 өкілі ғана болды. Олар Уфа губ-нан сайланған И.Ахтямов, Г.Байтереков және Қ.Тевкелев, Қазан губ-нан Г.Еникеев, Баку губ-нан М.Жапаров, Самара губ-нан М.Манғалиев еді. Осы 6 депутат Т. М. Д-да Мұсылман фракциясына бірікті. Т. М. Д-ның алғашқы мәжілісіне «Мемлекеттік Думаға сайлау тәртібін өзгерту туралы» заң жобасы қойылды. Мұны талқылауға кадеттер фракциясы мен Мұсылман фракциясының 32 депутаты қол қойып енгізді. Бұл заң жобасы бойынша «үшінші маусым заңы» өзгертіліп, Мемл. Думаға қазақтар мен Түркістан өлкесінің өзге халықтарынан депутат сайлауға құқық берілуі тиіс болатын. Бірақ бұл заң жобасы оңшыл топтар басымдық танытқан Т. М. Д-да қабылданбай қалды. Т. М. Д-дағы Мұсылман фракциясы мүшелері патша өкіметінің қоныс аудару саясатын сынға алды



және Түркістан өлкесінде мұсылмандық діни басқарманың ашылу қажеттігі жайында мәселе көтерді. Т. М. Д-да империяның шеткері аймақтарына халықтың өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ететін земство енгізу қажеттігін кадеттер (Конституциялық-демократиялық партия) фракциясы мен Мұсылман фракциясы жақтап, бұл жөнінде заң жобасын әзірледі. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Т. М. Д. империя халқын жауды жеңуге жұмыла кірісуге шақырған үндеу тастады. 1916 жылғы 25 маусым жарлығынан кейін орын алған қазақтар мен Түркістан өлкесінің өзге де халықтарының көтерілісін патша өкіметінің әскер күшімен басып жаншуының зардаптарын тексеру үшін Т. М. Д-да құрамына А.Ф. Керенский мен Тевкелев секілді депутаттар енген арнайы комиссия құрылды. Бұл комиссия құрамына Мұсылман фракциясы жанындағы бюро мүшелері Мұстафа Шоқай мен Ш.Мұхамедияров та енді. Комиссия Түркістан өлкесінде болып қайтқаннан кейін, Т. М. Д-ның 1916 ж. 13 желтоқсандағы мәжілісінде Керенский өлкедегі қанды оқиғаларға тікелей жауапты патша өкіметі деп мәлімдеді, ал депутат Жапаров наразылық білдірген халықты қырғынға ұшырату патша өкіметінің бірнеше ғасырлар бойы жүргізіп келе жатқан саясатының айқын көрінісі деп бағалады. Т. М. Д. депутаттары Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкіметті және оның жергілікті билік орындарын құруға қатысты.

С.Рүстемов

ТУ – әскери бөлімнің рәмізі. Т. найза немесе басқаша бейнелер түріндегі металл ұштығы бар ағашқа бекітілген белгілі бір өлшем мен матадан тұрады. Т. жауынгерлердің жиналуы мен бірігуі үшін алыстан жақсы көрінетін белгі ретінде ежелгі Таяу Шығыс, Үндістан, Қытай, т.б. елдерде биік сырыққа орнатылған қандай да бір бейнелер түрінде пайда болған. Ағашқа немесе белдем ағашқа жазулар мен рәміздік бейнелері бар ерекше тақташалар (цоколь) немесе мата кесіндісі бекітілген. Көшпелі халықтарда да (сақскифтер, ғұндар, түркілер, т.б.) Т-ды жауынгерлік рухтың белгісі ретінде ерекше құрметтеген. Т. үлкен матадан түсті желек түрінде жасалып, найзаның сабына байланып көтерілген. Жауынгерлерге күш беріп қорғау үшін оған киелі белгілер (жыртқыш аңдар мен айдаһардың басы, кейіннен Ай, Құ-

ран аяттары) салынды. Т. әскердің киесі саналғандықтан, шайқас кезінде оны ұстау ең батыр адамдарға тапсырылған. Т. желбіреп тұрса әскер жеңіске жетеді, ол құласа жеңіледі деген ырым болған. Қазақ қоғамында ханның Т-ынан басқа, белгілі қолбасыларға да Т. тапсырылған. Мыс., Абылай хан заманында Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек, т.б. әйгілі батырлардың өз Т-ы болды. Ол Т-лар кейіннен сол батырдың ұрпақтарында қалып, кие тұтылды. Негізінен мыңбасыларға, түменбасыларға берілетіндіктен, кейде әскер саны Т-мен есептелді.

Н.Әшіров

«Туркестанские ведомости» – Түркістан ген.-губернаторлығының әкімш. газеті. 1870–1917 ж. Ташкентте жарық көрген. 1870 ж. сирек, 1871–93 ж. апта сайын, 1893 ж. 4-санынан бастап аптасына 2 рет, 1904 жылдан аптасына 4 рет, 1907 жылдан мереке күндерінен басқа уақытта күн сайын шығып тұрды. Редакторлары П.А. Маев, Н.В. Дмитровский, С.Петров, А.П. Романович, С.Баумгарт, М.Грулев, С.Геппенер, Н.Р. Малицкий, Е.Михайловский, И.Филиппов, Ф.Колесов, т.б. 1870–82 ж. газеттің өзбек және қазақ тілдерінде қосымшалары болды. «Т. в.» өлкеде үкіметтік және әкімш. жарлықтар туралы мәліметтерді жариялау және Түркістан мен оған шектес жатқан Шығыс елдерін кеңінен зерттеуге жәрдемдесу үшін құрылған болатын. 1895 жылғы 30-санында газеттің 25 жылдық мерекесіне орай оның тарихы туралы мағлұматтар мен жекелеген қызметкерлеріне сипаттама қоса берілген мақалалар басылды. 1905–07 жылдардағы кезеңде газет Орта Азиядағы рев. қозғалыс туралы көптеген нақты материалдар жариялады. Жасырын әдебиеттің табылып тәркіленгені, сот процестері, үкімдер, ереуілдер мен митингілер туралы хабарлар басылды. Бірқатар облыстардағы күшейтілген күзеттің қолданылу мерзімі, демонстрациялар мен көпшілік шерулеріне тыйым салынғаны туралы бұйрықтар да болды. Газет Түркістан ХКК-нің 1917 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен жабылды.

Ғ.Тәшімбаев

ТҰЛПАР – бітімі бөлек, ең жүйрік жылқы. Қазақ ғасырлар бойы жылқының жүйріктерін, мықтыларын сұрыптап, іріктеп Т. өсірген. Оны негізінен батырлар мінген. Мыс., Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының



Тұлпар

Тайбурылы, Ер Тарғынның Қарақасқасы, Абылайдың Көкбалағы, Қабанбайдың Қубасы, Бұғыбайдың Қарасеркесі, Наурызбайдың Ақазуы, Исатайдың Ақтабаны, т.б.

ТУРАҒҰЛ (Тұрағұл) Абайұлы Ибрагимов (Құнанбаев) (1876, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 1934, Шымкент қ.) – аудармашы, қоғам қайраткері, Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Жас кезінде мұсылманша, орысша сауат ашқан, артынан өзі ізденіп білімін жетілдірген. 1904 ж. Күшік-тобықты еліне болыс болып сайланып, 1905 ж. өз арызымен босайды. 1909 ж. немере ағасы Кәкітаймен бірге Петербургте Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын кітап етіп шығарды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов сынды алаш қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынаста болды. 1916 жылғы маусымдағы патша жарлығына бұқара халық қарсы шығып, босқа қырылып қалмасын деп қатты алаңдаушылық білдірген Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов «Қазақ» газетінде «Алаштың азаматы» деген мақала жариялады. Т. алаш қайраткерлерін белсене қолдап, елді бейбіт келісімге үгіттеді. Сол кезде Семей уезіне қарасты Шыңғыс, Шаған, Мұқыр, Қызыладыр, Беген, Семейтау, Бұғылы тәрізді 7 болыс елдің ақсақалдары Семей қ-сында жиын өткізді. Шыңғыс болысы Біләл Құнанбаевтың кандидаты және халық соты болып тұрған Т. осы мәжіліске төрағалық етіп, қатысқандар патша жарлығына елдің қарсылығы жоқтығын жария етеді. Бірінші дүниежүз. соғыста тыл жұмыстарына алынған қазақтар қару ұстап, соғыс өнерін үйреніп қайтты. Олардың арасында Н.Сарбөпеұлы, С.Сарығожин, М.Бегімов, Х.Токтамышев сияқты штабс-капитан, т.б. әскери

шенге көтерілгендер де аз болмады. Бұлар кейін Алашорда әскерінің негізін құрады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ресейде Уақытша үкімет орнап, осыған байланысты Ә.Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары әр жерде облыстық қазақ съездерін өткізіп, онда болашақ Алаш автономиясын құру, земстволық басқару жүйесін енгізу, Бүкілресейлік Құрылтай жиынына депутаттар сайлау т.б. шешімдер қабылданып жатқан болатын. 1917 ж. 27 сәуір – 7 мамыр аралығында өткен Семей обл. қазақтарының съезінде де осындай маңызды мәселелер қаралып, облыстық к-тке Ж.Ақбаев, Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, С.Сабатаев,



Т.Ибрагимов

А.Абылайханов, Т. және т.б. сайланды. Бөкейхан 1917 жылғы «Қазақ» газетіндегі «Қазақ депутаттары» мақаласында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа 43 адамның, соның ішінде Семей обл-нан Дулатов, Ақбаев, Ғаббасов, Мәрсеков, Б.Сәрсенов, Ермеков, А.Қозыбағаров, С.Сабатаев және Т. кандидатурасы ұсынылғанын жазды. 1917 жылдың күзінде Семейде алғаш «Алаш» партиясының обл-тық к-і құрылған кезде Т. оған мүше болды. Ол Семей облының уездері мен ауылдарында партияның бастауыш ұйымдарын құрысуға, қазақ съездері жұмыстарына, қоғамдық-саяси істерге қызу атсалысады. 1917 жылдың 10 желтоқсанында өткен Семей уездік Земствосының бірінші төтенше жиынында Т. облыстық Земствоға, Земстволық банк пен уақытша құрылған уездік қазақ сотына мүше болып енді. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші жалпы қазақ съезіне Т. делегат болып қатысып, онда Алашорда басшылары тарапынан Б.Құлманов, Дулатовпен бірге Түркістан қазақтарын Алаш автономиясына қосу жайын сөйлесуге тағайындал-



ды. 1922 жылдан біржола шығарм. жолға бет бұрған Т. «Әкем Абай туралы» деген естелігін М.Әуезовтің сұрауы бойынша жазған. Т-дың «Алладан мен қапа боп, тілеген күн», «Хат», «Әбішке», т.б. өлеңдері бар. Оның шығарм-ның негізін көркем аудармалар құрайды. Ол Дж. Лондонның, А.Горькийдің, Б.Прустың, А.Неверовтың шығармаларын қазақ тіліне аударған. 1927 ж. Т. байшонжардың ұрпағы деген желеумен қамауға алынып, 1928 жылдың көктеміне дейін Семей түрмесінде жатады. Түрмеден шыққан соң көп ұзамай мал-мүлкі кәмпескеленіп, Шымкентке жер аударылды, 1934 ж. сонда дүниеден өтті.

Әдеб.: Абай: Энциклопедия, Қазақ энциклопедиясы, А., Атамұра, 1995; Кенемолдин М., Тұрағұл Абайұлы және Алашорда үкіметі, «Қазақ үні» ұлттық порталы, 21.1.2014; Семей қ-лық орт. кітапханалар жүйесі, Абайұлы Тұрағұл (1876-34), 13.6.2012; Қадырова Л., Тұрағұлдың тәркілеуге түскенін айғақтайтын құжаттар табылып отыр, Дидар, 29 мамыр 2010.

Д.Наушабай

ТҮРҒАНБАЙ Кешімбайұлы (1804–1862) – батыр, датқа. Орта жүз ішінде қыпшақ тайпасынан шыққан. 1821 ж. Сырдария өңірі қазақтарының Қоқан хандығына қарсы көтерілісіне қатысып, онда белсенділігімен көзге түсті. Қоқандықтар көтерілістің саябырсыған сәтін пайдаланып Т-дың ауылына тұтқиылдан басып кіреді. Т-дың әйелі Малбике 3 жасар баласы мен 5 жасар қайнысын алып, жазалаушылардан қашып құтылады. Осы оқиғадан соң баласы Баймырза (Құтпан) жоғалып, кейіннен Ақмола өңірінен табылады. Баймырза баласы Иманжүсіп қазақтың белгілі ақыны атанды. Қоқан билеушілері Т-ды өз жағына тарту үшін оны Түркістан маңындағы Шілік (қазіргі Шәуілдір) өңіріне датқа етіп тағайындады. Ол датқалық қызметі барысында қарамағындағы халықтың мүддесін қорғауды бәрінен жоғары қойды. Соған орай Т-дың есімі әділ әрі камқоршы датқа ретінде Түркістан қ. төңірегінде танымал болған. 1862 ж. Ташкент құбеі Қанағатпен бірге Қоқан ханы Құдиярға қарсы 4 мың қол жинап, көтеріліске шықты. Алайда бұл көтеріліс аяусыз басылды, ал қолға түскен Т. датқа Шыршық өз. бойында азапталып өлтірілді.

Т.Қоңыратбай

ТҮРҒЫН ХАЛЫҚТЫ ЗОРЛАП КӨШПРУ, депортация, КСРО-да 1930–40 ж. жүргізілді. Сталиндік режим тұтас халықтарды, сондай-ақ бірқатар ұлттардың өкілдерін ата жұртынан немесе ұйыса мекендеген қонысынан, негізінен Орта Азияға, Қазақстанға және Сібірге кең ауқымда зорлықпен күштеп қоныстандырды. Алғаш рет 1937 ж. Қиыр Шығыстан 120 мың корей Орта Азия мен Қазақстанға жаппай зорлап көшірілді. Олардың 102 мыңы қазақ жеріне қоныс аударды. 1938 ж. елдің шығыс аудандарында арнайы қоныс аударушылардың саны 997 мыңға жетті. 1939–40 ж. КСРО-ға жаңа аумақтар қосып алынуына байланысты Батыс Украинадан, Батыс Беларусьтен, Балтық жағалауы елдерінен ондаған мың адам күштеп көшірілді. Соғыс кезеңінде жауға тілеулес болып, жақтасты деген жалған айып тағылған тұтас халықтар өздерінің тарихи отанынан және ұйыса мекендеген қоныс-жайларынан Сібірге, Қазақстан мен Орта Азияға күштеп көшірілді. Олардың арасында 1 млн-нан астам неміс (негізінен Еділ бойынан), 317 мың шешен, 165 мың қырым татарлары, 84 мың ингуш, 82 мың қалмақ, 64 мың қарашай, 49 мың месхедтік түрік (Грузиядан), 33 мың балқар болды. Зорлап көшірілгендердің дені балалар, әйелдер мен қарттар еді. Мәселен, Орта Азия мен Қазақстанға көшірілген адамдардың жалпы санының 78%-ға жуығы балалар мен әйелдер болатын. КСРО ІІМ-нің Еңбекпен түзеу лагерьлері бас басқармасы (ГУЛАГ) Еңбек қоныстары бөлімінің деректері бойынша 1953 жылдың басына дейін 2,8 млн. арнайы қоныс аударушы тізімінде тұрған. 1948 жылдың қазан айына дейін олардың әрбір бесіншісі қайтыс болған. Мерзімінен бұрын өлгендердің арасында балалардың саны айтарлықтай көп. Зорлап көшірілген халықтарды ақтау үдерісі 1950 жылдардың 2-жартысында басталды. Бірқатар автономиялы республикалар мен обл-тар қалпына келтіріліп, басқа да кейбір шаралар қолданылғанымен, бұл іс ақырына дейін дәйекті жүргізілмеді. Ресейде 1991 ж. 26 сәуірде қабылданған «Қуғындалған халықтарды ақтау туралы» заңшын мәнінде осы халықтарды саяси, әлеум., мәдени және аумақтық ақтауды көздеген алғашқы заңнамалық акт болды. 1992–93 ж. оны дамыту үшін басқа да бірқатар құжаттар қабылданды. Алайда КСРО-да ұзақ уақыт бойы үстемдік құрған әміршілдік режимнің



ең қылмысты көріністерінің бірі болып табылатын халықтарды зорлап көшірудің зардаптары әлі де күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелердің бірі болып қалып отыр.

С.Рахымжанұлы

ТҮРЛАН, Асау - Тұрлан (1807–1856) – батыр, би, шешен. Атырау обл-ндағы Қызылқоға – Тайсойған өңіріне танымал тұлға. Шеркеш руының қойыс атасынан шыққан. Асау бидің жалғыз ұлы болғандықтан халық Асау-Тұрлан деп те атаған. Бүкіл өмірі отарлау саясатына қарсы күреспен өтті. Махамбетпен пікірлес, үзеңгілес болған. Есет Көтібарұлы көтерілісі кезінде іштерінде жүрген жансыздың хабарлауымен патша жазалаушы жасағының қолына түсіп, Орынбор түрмесінде қаза тапқан. Туған жері, Сарыкөлге әкеліп жерлеген.

ТҮРЛЫҚОЖА Жансеркеұлы (1863–1917, Алматы обл. Райымбек ауд. Сүмбе а.) – болыс, Қарқара көтерілісі басшыларының бірі. Тегі албан руы, айт тармағының сүйіндік атасынан шыққан. 4 сайлау мерзімінде 12 жыл бойы (1904–16) айт руының болысы болған. Жаркент уезінің 4-учаскелік келісім сотының 1916 ж. 26 шілдедегі 820-қаулысында Т. туралы төмендегідей мәлімет берілген: «53 жаста, қазақ, айт болысынан, заңды некеде туылған, кәсібі – малшылық, мұсылман, бай, 1-дәрежелі шапан, үлкен алтын медальмен марапатталған». 1916 ж. 7 шілдеде Т. Жаркент уезі, Нарынқол – Шарын бөлімшесінің приставы А.А. Подворковтан майданға тыл жұмысына адам беру жөнінде тапсырма алды. 10 шілде күні Қабан – Қарағай жайлауындағы Ұзақ батырдың үйінде болған игі жақсылардың жиынына қатысқан ол патша жарлығына қарсы шығып, қарулы көтеріліс ұйымдастыру туралы келісімге қосылды. 11 шілдеде Қарқара жайлауындағы Айттөбеде болған ереуілде айрықша белсенділігімен көзге түскен оны шілденің аяғында алғашқы 16 адаммен бірге Қарақол түрмесіне қамап, «аса қауіпті қылмыскер» ретінде ату жазасына кесті. 12 тамыздың түнінде Қарақол түрмесіндегі тұтқындарға қарулы әскер кенеттен оқ жаудырды. 138 адам қаза болған қолдан ұйымдастырылған жаппай қырғыннан Әубәкір Солтанбекұлы, Біләл Разақұлы және Т. аман құтылды. 1917 жылдың күзінде қытай қалмақтары мен қазақтар арасындағы жылқы дауына байланысты Құлжа қ-ндағы тиісті орындарға барып, мәселенің оң шешілуіне ықпал жасаған Т. елге келісімен

наукастанып, бір аптаның ішінде қайтыс болды. Сүйегі Сүмбе өз-нің бойындағы әкесі Жансеркенің жанына қойылды. Ел ішінде «қалмақтар үзеңгісіне у жағып жіберіп, қазасы содан болған» деген әңгіме бар.

Н.Әбдібеков, З.Әметханқызы

ТҮРМАНБЕТ Пұсырманұлы (т.-ө. ж. б.) – би. Ағартушы, ел билеуші М.Бекмұхамбетовтың атасы. Кіші жүздегі шеркеш руының қойыс аталығынан шыққан. Пугачев бастаған шаруалар соғысын қолдап, патша әскеріне қарсы соғысқан. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа араласып, оның алғашқы және соңғы кезеңінде Сырымды қолдады. Хандық өкіметтің орнына құрылған жаңа құрылым – Байұлы Бас Ордасына бас ағаман (старшина) болып сайланды. Қозғалыстың орта шенінде Сырыммен келіспеушілігін танытты. Негізінен отаршылдықтан құтылуды жақтады.

ТҮРСЫНБАЙ Бүркітбайұлы (1788/98–1853) – Қоқан хандығының озбырлықтарына қарсы күрескен батыр, датқа. Орта жүз қыпшақтың досан аталығынан. Қызылорда обл., Шиелі мен Сырдария ауд-дарында (бұрынғы Жөлек мекені) өмір сүрген. Сыр сүлейі Мәнсүр Бекежанов (1875-1933): «Бесінші, датқа болған Тұрсынбай бар, Дабысы Бұқар, Қоқан, Қыр-Сырда бар. Қашқан жау қарсы тұрып көрген емес, Суырса қынабынан қылышын әгар», – деп жырлаған. Батыр Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген. *Әдеб.*: Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Ана тілі, 1994; Байділдаев М., Мағауин М., Бес ғасыр жырлайды, 2-том, А., Жазушы, 1989.

Б.Ахметбек

ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫ, Қоқан автономиясы, Түркістан мухторияты – 1917 ж. 28 қарашада Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемлекеттік құрылым. Өлкедегі барлық билікті өз қолына алуға ұмтылған Ташкенттегі Түркістан Халық комиссарлары кеңесіне балама түрде Қоқан қ-нда Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші съезі шешіміне орай құрылды. Осы съезде оның Уақытша үкіметі мен заң шығарушы органы – Түркістан ұлттық кеңесінің құрамы сайланды. Т. А. Уақытша үкіметінің төрағасы (премьер-министрі) болып М.Тынышбаев сайланғанымен, көп ұзамай оның бұл қызметтен бас тартуына байланысты төрағалыққа Мұстафа Шоқай тағайындалды. 1 желтоқсан күні Т. А-ның Уа-



қытша үкіметі өлке халқына арнап үндеу жариялады. Онда халықты Т. А-на қолдау көрсетуге шақыра отырып: «Бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біз алдымызда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Алланың ризашылығымен өз жұмысымызға кірістік», – делінді. Қоқан қ-нда мұсылмандардың Т. А-н қолдаған манифестациясы болды. Мыңнан астам адамның қатысуымен өткен бұл манифестацияда халық Ақпан революциясы ала келген бостандық негіздерін қорғауға және Т. А-на қолдау көрсетуге ант берді. Мұның артынша Наманганда Т. А. Уақытша үкіметіне қолдау көрсетуге арналған митинг өтті. Наманган көшелеріне лық толған адамдар «Жасасын Түркістан автономиясы мен оның үкіметі» деген плакаттар алып жүрді. 6 желтоқсан күні Ташкентте «Шуро-и-ислам» ұйымының ұйымдастыруымен Т. А-на қолдау көрсетуге арналған 60 мыңнан астам адам қатысқан митинг болды. Социал революционерлер (эсерлер) Қоқан қ-нда өлкелік съезін өткізіп, Т. А-н қолдайтындықтарын, оның үкіметімен бірлесе жұмыс істеуге дайын екендіктерін мәлімдеді. Т. А-ның жариялануын Ташкенттегі еврейлердің «Бунд» пен Қоқандағы «Вайнер» қоғамы құттықтап, оған көмек беретіндігін танытты. Т. А-ның жариялануы өлкедегі мұсылман жұртшылығының көңілінен шығып, олардың рухын көтерді. Самарқанд, Закаспий обл-тары мұсылмандарының съездері, Түркістан еңбекшілері мен диқандарының съезі, Шымкент қ. мұсылмандарының жиылысы Т. А-н қызу қуаттады. Перовск және Қазалы уездеріндегі қазақтар Т. А-н қолдайтындықтарын білдірген жеделхаттар жолдады. Мұндай пікір Ырғыз уезі қазақтары тарапынан да білдірілді. Закаспий обл-ндағы қазақтар Т. А-на кіруге ризашылығын білдіру мақсатында Қоқанға Ж.Мыңбаевты жіберді. 13 желтоқсанда Қоқан қ-нда өткен мұсылман жұмысшылары, солдаттары мен диқандарының съезінде Т. А-ның Уақытша үкіметін қолдау жөнінде шешім қабылданып, оның құрамына мұсылман жұмысшыларынан, диқандардан және солдаттардан өкілдер енгізу жөнінде ұйғарым жасалынды. Екінші жалпықазақ съезінде Т. А-на қатынас мәселесі қаралып, Сырдария обл. қазақтарының Алаш ав-

тономиясына қосылу жайын айқындау үшін обл. съезд өткізу жөнінде шешім қабылданды. Бұл съезд 1918 ж. 6 қаңтарда Түркістан қ-нда өтті. 1918 ж. 20–26 қаңтар аралығында Ташкентте өткен өлкелік кеңестердің 4 съезі Т. А-н және оның Уақытша үкіметі мүшелерін заңнан тыс деп жариялап, Т. А-н күшпен тарату жөнінде шешім қабылдады. Кеңестердің осындай шешім қабылдауына сәйкес Т. А-ның Уақытша үкіметі қорғанысқа көшуді шұғыл қолға алуға кірісті. Т. А-ның әскері 2 мыңға жетті. Сол тұста Қоқан қ. милициясының басшысы Ергештің қол астында 4 мыңға жуық қарулы жасақ болды. Қоқан қ-ндағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі 28 қаңтардағы мәжілісінде Т. А-н қарусыздандырып, оның әскери ұйымдарын тарату керек деген шешім қабылдап, оны жүзеге асыратын арнайы топ құрды. 29 қаңтар күні Қоқан қ-ндағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі қалалық төтенше өкімет органын – рев. к-т құруды ұйғарды. Осы рев. к-т Ташкенттегі Халық комиссарлар кеңесінен Т. А-на қарсы күресу үшін көмек сұрап, 4 зеңбірегі, 4 пулеметі бар 120 адамнан тұратын әскери жасақ алдырды. Мұның артынша Түркістан ХКК Қоқан рев. к-тіне көмекке 11 әскери эшалон және австровенгрлік соғыс тұтқындарынан құрылған әскери бөлім мен армян (дашнак) құрамасын аттандырды. 6 ақпанда кеңестік қарулы күш Қоқан қ-н зеңбірекпен атқылап, қаланы өртке орады. Қызыл әскерлер бөлімдері мен армян құрамасы қалаға еніп, Т. А. Уақытша үкіметі мен ұлттық кеңесінің 54 мүшесінің 30-ын тұтқындады. Т. А-н күшпен тарату кезінде Қоқан қ-ның басым бөлігі өртеніп, 10 мыңнан астам адам қаза тапты. Осылайша халық тілегіне сай құрылған Т. А. кеңестік биліктің қаруымен құлатылды.

Әдеб.: Агзамхужаев С., Туркистон мухторияти, Тошкент, 2000; Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости, Таш., 2000; Исхаков С.М., Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.), М., 2003.

С.Рустемов
ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР-ЛЫҒЫ – Ресей империясының 1867–1917 жылдар аралығындағы әкімш.-аумақтық аймағы. 1867 ж. Жетісу, Сырдария обл-тарынан құралды. Солт-нде Торғай, Ақмола, Семей обл-тарымен; шығ-нда Шығыс Түркістанның Жоңғар, Үрімші аймағымен; оңт-нде Қаш-



қариямен, Памир, Бұхар жері, Хиуа хандығымен; батысында Арал т-мен шектесті. 1868 ж. Т. г.-г-на патша өкіметі жаулап алған Зеравшан окр., 1871 ж. Құлжа аймағы, 1873 ж. Әмудария аймағы қосылды. 1876 ж. бұрынғы Қоқан хандығының орнына Ферғана обл. құрылды. Т. г.-г-нда 3038119 адам тұрды. Халық санының көптігінен Сырдария (1094557 адам), Жетісу (758250) обл.-тары, ал халқының тығыздығынан Зеравшан, Ферғана обл.-тары ерекшеленді. Т. г.-г-нда қазақтар 1532790, өзбектер – 1970420, құрамалар – 77330, қарақалпақтар – 58770, орыстар – 59280, тәжіктер – 137280 адамды құрады. Өлке әкімш. Ташкент қ-нда орналасты. Сонымен қатар мұнда әскери губернаторлықтың окр. әскерінің қолбасшысы, Сырдария обл. мен уезінің, Құрама уезінің әкімш. орналасты. Жетісудың орт. – Верный, Ферғананікі – Маргилан, Зеравшан окр.-нікі – Самарканд, Құлжа ауд.-ның орт. – Құлжа, Әмудария бөлімшесінің орт. – Петро-Александровск қ-лары болды. 1886 жылғы «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереже» бойынша Т. г.-г. Сырдария, Жетісу, Самарканд обл.-тарына бөлінді. Өлкені басқару ген.-губернаторға жүктеліп, облыстарды әскери губернатор мен обл. басқарма, ал уездерді уез (ояз) бастығы басқарды. Уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Т. г.-г-нда барлық билік отаршылдар қолында шоғырланды. Жергілікті халық өкілдері басқару жүйесінің төм. сатыларына – болыстар мен ауылнайлар қызметіне ғана тартылды. Т. г.-г-ндағы көшпелі халықтар қазына пайдасына әрбір шаруашылықтан 4 сом төлеуге міндетті болды. Бұған қоса елді мекендердің үстімен өткен патша әскерлерін үй және отынмен қамтамасыз ету де жергілікті халықтың мойнына жүктелді. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Т. г.-г-нда 1898 ж. Әндіжан көтерілісі басталды. 1916 ж. Т. г.-г. көлемінде Жетісуда, Сырдарияда, Ферғанада ұлт-азаттық көтерілістің ірі ошақтары болды. Бұл көтеріліс патша өкіметінің әскери күшімен аяусыз басып-жаншылды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Т. г.-г. жойылды. Өлкедегі барлық билік Уақытша өкіметтің Түркістан комитетінің қолына көшті.

Әдеб.: Қазақстан тарихы, 3-т., А., 1988; Абдурахимова Н., Рустемова Г., Колониальная система власти в Туркестане во второй половине XIX – I четверти XX вв, Таш., 1999.

З.Төленова

«ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС» – мақала. Авторы Мұстафа Шоқайұлы. «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты көп томдықтың 8-томында жарияланған. Мақалада автор Түркістан аймағының барлық өңірлерінде ұлт-азаттық көтерілістің жүріп жатқанын баяндайды. Оңт.-тегі өзбектер, қырғыздар, түрікмендер, тәжіктер орыс әскерлерімен жиі-жиі қақтығыстарға түсіп жатқанын, қазақтардың да арасында тыныштық орнамай отырғанын тілге тиек етеді. Қызылорда маңайында орыс коммунистерін қазақтардың өлтіріп кеткендігі жайында айта келіп: «Түркістанның төрткүл бұрышында большевиктік билікке қарсы жергілікті халық бас имей, кектеніп күресуіне куә боламыз», – дейді. Сонымен қатар Самарканд пен Шехрисабз қ-ларының маңында Ақ ишан деген кісінің соңына ерткен қарулы тобы көтеріліске шыққанын баяндайды. Түрікмендер арасында туындаған үлкен наразылықтың нәтижесінде Түрікменстан үкіметі көтеріліске шыққан дихан және орта шаруаларға жерлері мен малдарын қайтарып беру жөнінде «Манифест» жариялағанын келтіреді. Түркістанның әр аймақтарында ұлт-азаттық күрестердің шығу себептерін: «Түркістан ұлттық мүддесінің Ресей мемлекеті мүддесімен үйлеспеуі; Халықтың осы кереғар екі мүддені жақсы түсініп, ұғына білуі», – деп көтерілістер жекелеген тұлғалар арқылы өрбігендігін айта келіп, ол үкіметке деген халықтың жаппай наразылығы салдарынан туып отыр деп қорытынды жасайды.

К.Қошым-Ноғай

«ТҮРКІСТАН ЖИНАҒЫ» – 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың басталған кезінде Түркістан өлкесіне қатысты жарияланған кітап, журнал және газет материалдарынан 591 том етіліп құрастырылған жинақ. Ол 2 бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімін 20 жыл бойы (1867–87) орыстың алғашқы библиографы В.И. Межов жинақтап, 416 том етіп дайындады. Сонымен қатар ол осы томдарға 3 томдық көрсеткіш жасады (СПб., 1878, 1884, 1889). «Т. ж-н» құрастыруды 1888 ж. Түркістан ген.-губернаторы Розенбах тоқтатып тастады. Жинақты шығару 1907 ж. қайта қолға алынды. «Т. ж-ның» 2-бөлімін құрастыруға Н.В. Дмитровский, көрнекті этнограф Ә. Диваев және И.П. Зыков пен Ю.Ф. Бонч-Осмаловский атсалысты. 1911 жылдан бастап бұл жұмысты А.А. Семенов жүргізді.



1917 жылға дейін жинақтың 2-бөлімінің 174 томы жарық көрді. Жинақта Қазақстанның өткен дәуірлердегі мәдениеті мен өнері жайлы көптеген мәліметтер бар. Сондай-ақ бұл жинақтың материалдары қазақ жерінің отарлануын, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеуде құнды дерек көздері болып табылады.

Әдеб.: Бенедиктова Н.Н., Туркестанский сборник» как источник Средней Азии, Альманах, Таш., 1945; Казахстан на страницах «Туркестанского сборника», А., 2002.

М.Жолсейітова

ТҮРКІСТАН КОМИТЕТІ – Уақытша үкіметтің Түркістан өлкесіндегі жергілікті органы. Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 7 сәуірдегі қаулысына сәйкес құрылған бұл органға Түркістан өлкесінде туындаған мәселелерді шешу, орт. билік атынан басқару міндеті жүктелді. 9 адамнан тұратын Т. к-не кадеттер партиясының белсенді мүшесі Н.Н. Щепкин төраға болып тағайындалды. Т. к. құрамында Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев, С.Мақсұдов секілді жергілікті халықтардан шыққан көрнекті қайраткерлер болды. Бөкейхан көп ұзамай Торғай обл. комиссары болып тағайындалуына байланысты Т. к. құрамынан шығып кетті. Т. к-нің мүшелері қызметке кіріскен бойда Уақытша үкімет жариялаған ұлттар арасындағы теңдік, демократ. принциптердің сақталуы туралы, т.б. қаулыларды жүзеге асыруды қолға алды. Т. к-нің мүшелері Тынышбаев пен О.А. Шкапский Жетісу обл-на барып, онда 1916 жылғы көтерілістен соң туындаған ауыртпалықтарды шешуге кірісті. Олар Қытайға ауып кеткен қазақтар мен қырғыздардың елге оралуын қамтамасыз етуде және көтерілістен соң ушығып кеткен ұлтаралық қатынасты реттеуге көп еңбек сіңірді. Т. к. өлкедегі халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің шешімін таба алмай, оны шешуді орт. биліктен күтті. Бұл өз кезегінде жергілікті халықтың Т. к-не деген наразылығын күшейтті. Оның үстіне өлкедегі еур. нәсілдегі солдат депутаттары кеңесі Т. к-тінен өздерімен санасуды талап етіп, жергілікті билік орындарына өз адамдарын қоюға ұмтылды. Мұндай ахуал Т. к-нің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтірді. Соған орай 1 шілдеде Щепкин Т. к-нің төрағасы қызметінен отставкаға кетті. 19 шілдеде Уақытша үкіметтің қаулысымен Т. к-нің төрағасы болып В.П. Наливкин таға-

йындалды. Т. к. құрамына Мұстафа Шоқай енгізілді. 12 қыркүйекте Ташкент қ-ның жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі Т. к-нің қолынан бар билікті тартып алу мақсатында бүлік ұйымдастырды. Бұл бүлікті басу мақсатында Уақытша үкімет Түркістан өлкесіне ген. П.А. Коровиченко басқарған жазалау экспед-н аттандырды. Т. к. Ташкент қ-н әскери жағдайда деп жариялады. Жазалау экспед. келгеннен кейін 27 қыркүйекте жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі ұйымдастырған ереуіл тоқтады. Уақытша үкімет ген. Коровиченкоға Т. к-нің үстінен билік жүргізетін Түркістан өлкесінің бас комиссары лауазымын берді және оны Түркістан әскери окр-нің қолбасшысы етіп тағайындады. Қазан төңкерісі жайлы хабар Ташкентке жетісімен өлкелік жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі Т. к-н биліктен тайдыру жолына ашық кірісіп, қарулы жасактар құрды. Осындай жасактың күшімен 1 қарашада жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі Коровиченконы тұтқынға алып, Т. к. таратылғанын мәлімдеді. Тұтқынға түскісі келмеген Т. к-нің төрағасы Наливкин өзін-өзі атып өлтірді.

Е.Жасыбаев

ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түскен Түркістан өлкесі халықтары өкілдерінен Германия үкіметі құрған әскери құрылым. Соғыс басталысымен Германия үкіметі, оның Шығыс істері жөніндегі мин. КСРО-ға шабуыл жасаған кезде Түркістан өлкесінен тұтқынға түсетіндерден арнайы жасак құруды жоспарлады. 1941 ж. 22 желтоқсанда Германия қарулы күштерінің Бас қолбасшылығы тұтқынға түскен түрікмен, өзбек, қазақ, қырғыз, эзербайжан, т.б. түркі халықтары өкілдерінен тұратын әскери жасак құруға бұйрық берді. Мұны жүзеге асыру мақсатында Түркістан ұлттық комитеті атты ұйым құру қолға алынды. Осы ұйымның ат салысуымен Т. л-н құру Польша жеріндегі соғыс тұтқындары лагерлерінде басталып, 1942 ж. күзде аяқталды. Мұны жүзеге асыру барысында тұтқынға түскен КСРО әскерлері қатарындағы түркі-мұсылман халықтары өкілдеріне Германия үкіметі үгіт-насихат жұмыстарын күшейтті. Германия үкіметі Т. л-н құру арқылы әлем жұртшылығына КСРО-дағы түркі-мұсылман халықтарының большевиктер үстемдігіне қарсы екенін танытуға



тырысты. Т. л. құрамына тұтқынға түскен 180 мыңнан астам түркістандық тартылды. Олар вермахтқа бағынды. Т. л-ндағы әскери құрылымдарға немістер басшылық жасады. 150 адамнан тұратын Т. л. ротасында 15 неміс командирі болды. Т. л. құрамындағы 6 батальон Кавказға шабуыл жасауға, 3 батальон Сталинград бағытындағы шабуылға қатысып, олардың көпшілігі шайқас барысында қаза тапты. Неміс командирлерінің дәрежелігінен теперіш көрген Т. л. қатарындағылардың біразы партизандар қатарына өтіп кетті. Легионға енгендер қатаң бақылауда болды, немістердің тәртібіне ризашылық танытпағандар қатал жазаланды. 1943 жылдан Т. л-н партизандармен күреске пайдалану тиімді деп есептелді. Соған орай олар Франциядағы қарсыласу қозғалысына қарсы күреске көбірек пайдаланылды. Тіл білмеушілік, елге деген сағыныш Т. л. қатарындағылардың рухына өзіндік кері әсерін тигізбей қоймады. Соғыс біткеннен кейін Т. л-нда болғандардың біразы кеңестік жүйенің жазалауынан сескеніп, шет елде қалып қойды. Елге оралғандарына түрлі айыптар тағылып, абақтыға жабылды.

Әдеб.: Гилязов И.А., На другой стороне (коллаторсионисты из повольжско-приуральских татар в годы второй мировой войны), Казань, 1998; Садыкова Б., История Туркестанского легиона в документах, А., 2002; Аяган Б., Красные и черные, А., 2005.

А. Оразбаев

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИЫЛЫСЫ, 1917 ж. 2–5 тамыз аралығында Ташкентте өтті. Оған Сырдария обл-ның Перовск, Черняев, Қазалы, Әулиеата, Ташкент уездерінен және Ферғана обл-ның Әндіжан уезінен 82 өкіл қатынасты. Олардың қатарында С.Аспандияров, М.Тынышбаев, Қ.Сармолдаев, Қ.Қожықов, Ә.Кенесарин, С.Қожанов, И.Қасымов секілді қайраткерлер болды. Жиын Аспандияровтың төрағалық етуімен өтті. Съезде Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздарды Уақытша үкіметке қолдау көрсетуге шақырған қаулы қабылданды. Делегаттар Ресейдің федеративті демокр. респ. болып құрылуын, Түркістан өлкесіне аумақтық автономия берілуін жақтайтындықтарын танытты. Съезде орыс қоныс аударушылары мен ақсүйектерінің меншіктеп алған жерлері қазақтар мен қырғыздарға тез ара-

да қайтарылсын; оларға тоғайлар ішіне мал бағуға рұқсат етілсін; суару жүйелері жеке адамдардың қолынан земство қарауына өтсін; орыс қоныс аударушыларының Шу мен Сырдария өз-дерінің суын тиімсіз қолдануына шектеу қойылсын; қазақтар мен қырғыздарды өлкелік азық-түлік к-ті күнделікті тұтыну заттарымен қамтамасыз етсін; оқу жалпыға бірдей міндетті болсын; мектепте балалар ана тілінде оқысын; оқу кітаптары мен баспасөздер «Қазақ» газеті қолданған емлемен жазылсын; орыс-түзем мектептері жабылсын; олардың орнына ұлттық мектептер ашылсын; өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың өз алдына мүфтилігі құрылсын; «Бірлік туы» газеті олардың өлкелік баспасөзі болсын; жеті атаға толмаған ағайыннан қыз алуға жол берілмесін; өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың ұлттық қазынасы құрылсын; ол үшін мемл. салықтың әрбір бір сомына 5 тиыннан қосылып жиналсын; Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліс кезінде Қытайға өтіп кеткен қазақ-қырғыз босқындарына мемлекет көмегі ұйымдастырылсын; елге оралған босқындарға орыс қоныс аударушыларының қысым көрсетілуі доғарылсын; босқындарға облыстардағы ұлттық ұйымдар арқылы жылу жиналсын және т.б. деген қаулылар қабылданды. Жиында Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз кеңесін құру жөнінде шешім қабылданып, оған Сырдария обл-нан Ә.Көтібаров, Т.Рысқұлов, Қожанов, Қасымов, С.Өтегенов секілді қайраткерлер енгізілді. Бұл кеңеске басқа мүшелерді ұсыну әр облыстың өз еркіне қалдырылды. Делегаттар Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар ұсынуда қазақтар мен қырғыздардың ауызбірлік танытуын қуаттап, оған Сырдария обл-нан М. Шоқай, Кенесарин, Қасымов, Өтегенов, Қожықов, С.Ақаев, Көтібаров, З.Сейдалин, Аспандияров, С.Лапин, А.Мангелдин, Г.Аспандиярова, Қожанов, Х.Ибраһимов, С.Еренов секілді қайраткерлердің кандидат ретінде тіркелуін қолдады.

А.Махаева

«ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕ» – патшалық Ресей үкіметінің 1886 жылы Түркістан ген.-губернаторлығында жүргізген әкімш.-сот реформасы. Бұл ережеге сәйкес Түркістан ген.-губернаторлығы Сырдария, Самарқанд, Ферғана обл-тарына бөлінді. Сырдария обл-ның құрамына жеке Әмудария бөлімі мен Қазалы,



Перовск, Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездері, Самарқанд обл-на Самарқанд, Қатта-Қорған, Ходжент, Жизак уездері, ал Ферғана обл-на Қоқан, Маргелан, Әндіжан, Наманған, Ош уездері қарады. Түркістан ген.-губернаторлығының орт. болып Ташкент қ. белгіленді. Ереже 4 бөлімнен тұрды. Оның біріншісі әкімш.-басқару мәселесіне арналды. өлкені басқару ген.-губернаторға жүктеліп, облыстарды әскери губернатор мен обл. басқарма, ал уездерді уезд бастығы басқаратын болды. Уездер болыстарға, болыстар шаруашылық ауылдарға бөлінді. Көшпелі қауымдар қарайтын болыстардағы шаруашылық саны 2 мыңға, ал ауылдардағы түтін саны 200-ге жуық болды. Обл. басқармалар империяның орт. ауд.-дарындағы губ. басқармаға теңестірілді. Уезд шеңберінде басқару уезд бастықтарының қолына шоғырландырылды, сөйтіп, уездік исправник пен уездік полиция басқармасына сәйкестендірілді. Оның көмекшісі және басқару аппараты – кеңсесі болды. Сайланған болыс басқарушысы мен ауыл старшынын әскери губернатор бекітуге тиіс болды. Әскери губернаторға жаңадан сайлау белгілеу құқығы берілді. Өлке шеңберінде ген.-губернатор шексіз билікті иемденді. Ереженің бөлімі өлкедегі сот құрылысына арналды. «Т. ө. б. ж. е.» бойынша өлкеде империялық типтегі соттар құрылды, олар Түркістан өлкесінің бүкіл халық жөнінде сот билігін жүзеге асырды және сонымен қатар ол екінші сот, яғни жергілікті халықты қамтитын «халық соттарына» жоғ. инстанция болды. Облыс шеңберінде обл. соттар құрылды, ал уездерде және ірі қ-ларда мировой судьялар тағайындалды. Тергеу қызметін арнаулы сот тергеушілері және мировой судьялардың көмекшілері атқарды. Прокурорлық бақылауды обл. прокурор және оның обл. соттар жанында болатын серіктері (орынбасарлары) жүзеге асырды. Обл. сот төрағаларын Әділет министрінің ұсынуымен орт. өкімет тағайындады, ал прокурор шеніндегілерді ген.-губернатормен келісе отырып Әділет министрі тағайындайтын болды. Империялық соттар қылмыстық істерді де, азаматтық істерді де қарады. Жергілікті халықтардан шыққан адамдар жасаған қылмыстар қауіпті деп есептелсе оларды қарау империялық соттар қарайтын істерге жатқызылды. Мұсылман халқы бар отырықшы және көшпелі

аудандар үшін жеке «халық соттары» құрылып, олар өздері соттайтын істерді жергілікті әдет-ғұрыптар негізінде қарап отырды. Ереженің үшінші бөлімі жер мәселесін реттеуге бағытталды. Оған сәйкес өлке аумағы жалпы мемлекеттің жері деп есептеліп, көшпелі қазақ қауымдарына пайдалануға берілетін болды. Отырықшы тұрғындарға жер пайдаланғаны үшін салық төлету көзделді. Ереженің төртінші бөлімі мемлекет пайдасына алым-салық жинау мәселесіне арналды. Өлкеде қоныстанған көшпелі халық қазына пайдасына әр жылға 4 сом төлеуге міндетті болып белгіленді. Бұған қоса елді мекендердің үстімен өткен патша әскерлерін үймен және отынмен қамтамасыз ету жергілікті халықтың мойнына жүктелді. «Т. ө. б. ж. е.» отаршылдық езгіні күшейте түсуге бағытталды.

Әдеб.: Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, А.-А., 1960; Жиренчин К.А., Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков, А., 1996.

Б.Жүрсінбаев

«ТҮРКІСТАН УӘЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» – қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш газет. 1870 – 82 жылдар аралығында Ташкент қ-нда шыққан. Бұл тек қазақ тілінде емес, жалпы Ресей империясының қол астындағы барша түркі халықтары тілінде шыққан алғашқы мерзімді басылым болды. «Т. у. г.» белгілі мақсатта патша үкіметінің шешімі бойынша жергілікті әкімш.-тің бақылауымен және қаржыландырумен шыққан ресми газет. Оның пайда болуының және мерзімді басылым ретінде қалыптасуының негізгі объективті алғышарты қазақ жерін отарлаудың одан әрі күшеюі болды. Газет патшаның отаршылдық саясатына көмектесу, Ресейге жаңадан қосылған өлкенің табиғат байлығын орыс капиталының талабына сай жан-жақты зерттеу мақсатында 12 жыл бойы шығып тұрды. Сонымен қатар газет бұқараның санасын уландыру, жергілікті мұсылман халықтарын өздерінің дінінен, тілінен, ділінен айыру, түптеп келгенде орыстандыру мақсатында пайдаланылды. «Т. у. г.-нің» алғашқы редакторы шығыстанушы ғалым Ш.М. Ибрагимов болды. Газет алғашында «Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы ретінде айына төрт рет, екі саны қазақша, екі саны өзбекше, 200–250 таралыммен шығып тұрды. өлкеде болып жатқан саяси-экон., әлеум., мәдени,



т.б. сипаттағы үрдістер газет бетінде белгілі бір дәрежеде бейнеленді. «Т. у. г.» шығып тұрған кезең қазақ халқының тарихында оларды толық және түпкілікті отарлау мақсатында жүргізілген кең көлемді шаралардың басталуымен ерекшеленеді. Сондықтан «Т. у. г.», ең алдымен Ресей империясының Түркістан жерін отарлау тарихының дерек көзі болып табылады.

Әдеб.: Бекхожин Х., Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Қаз. мемл. басп., А., 1964; Сұбханбердина Ү., Қазақ халқының атамұралары, А., 1999.

Қ.Атабаев

ТҮРКІСТАН УЕЗИ – Түркістан генерал-губернаторлығына қараған әкімшілік аймақ. Сырдария обл. құрамында 1872 ж. құрылды. Перовск, Шымкент уездерімен және Ақмола обл.-ның Сарысу уезімен шектесті. Орт. Түркістан қ. болды. Т. у. ашылған кезде ондағы қазақтар 61400 адамды құраған. Сондай-ақ Т. уезд аумағында 9905 сарт, 270 орыс, 67 татар, 61 бұхаралық еврей тұрған. «Уақытша ережеге» сәйкес Т. у. қазақтары түгін салығын, земство салығын, қалалық уч.-шеге, егу жұмысына салық төлеуге міндеттелді. Олар бұдан бөлек әр түрлі еңбекпен өтейтін міндеткерліктер атқарды. Уездегі сарттар жер салығын төледі. 1879–80 ж. болған жұт кезінде Т. уезінде 24469 түйе, 7657 жылқы, 162440 қой, 7667 сиыр қырылып, қазақтардың қолында 7615 түйе, 5028 жылқы, 28983 қой, 3210 сиыр қалған. Бұл жұт Т. уезінің экон. жағынан құлдырауына әкеліп соқтырды. Аштық салдарынан Т. у. халқының көршілес уездерге жаппай көшуі басталды. Соның нәтижесінде уезд халқы кеміп, 1884 ж. 44321 адамды құрады. 1886 ж. Т. у. таратылып, оның аумағы Шымкент және Перовск уездерінің құрамына қосылды.

Әдеб.: Сайфулмаликова С., Түркістан ояздығы: құрылу тарихы, этникалық құрамы, халық саны. Отан тарихы, 2005, №3.

С.Рүстемов

«ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ БІРЛІГІ», «Түркістан ұлттық одағы» – Түркістан халықтарының мүддесін қорғау мақсатында 1920–41 ж. аралығында қызмет еткен қоғамдық-саяси ұйым. Бұл ұйым Зәки Уәлиди Тоғанның белсенділік танытуымен құрылды. Оның бастамасымен 1920 ж. маусымда Бұхара қнда башқұрттардан С.Магазов, Ферғана басмашыларынан Шерахмет Бек, Ы.Мутин, Х.Игіліков, Рахманқұл құрбашы, Мұстафа

Шахкул, түрікмендерден К.Бердиев, қазақтардан Х.Болғанбаев, М.Әуезов, Д.Әділов, Бұхара мен Ташкент зиялыларынан Мұнауар Қари, А.Мұхиддинов, Ф.Хожаев, С.Айни секілді қайраткерлер және Ататүріктің түркі-мұсылман халықтарының саяси өмірі туралы Түркістанға мәлімет жинауға жіберген өкілі Субхи Сайсаллыоғлы қатысқан жиналыс өтіп, онда «Т. ұ. б.» атты ұйым құруға шешім қабылданды және 7 баптан тұратын бағдарламасы бекітілді. Бағдарламада Түркістан өлкесін кеңестер үстемдігінен азат ету, өлкеде демокр. республика құру, өлке экономикасын дамыту, ағарту ісін жандандыру, дін ісін мемлекет ісінен ажырату қажеттігі аталып көрсетілді. Ұйымның төрағасы болып З.У. Тоған сайланды. 1920 ж. 5–7 қыркүйек аралығында Самарқандта «Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтті. Бұл конгресте ұйымның жарғысы мен Түркістанның ұлттық туы жасалып, қабылданды. Туының ортасына ай мен жұлдыз орналастырылды және ол тоғыз (бесеуі қызыл, төртеуі ақ түсті) жолақпен безендірілді, сондай-ақ тудың шетіне көгілдір жолақ жүргізілді. 1922 ж. 18–22 қыркүйек аралығында «Т. ұ. б.» ұйымының кезекті конгресі өтті. Бұл конгресте қатысушылардың ішінде М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, т.б. қазақ қайраткерлері болды. Конгресте Түркістанның толық азаттық алғанына дейін кеңестермен күрес жүргізе беру керектігі және бұл күресте Түркістан халқын ұлттарға жіктемеу жайлы шешім қабылданды. Бұл шешімді жүзеге асыру үшін «Т. ұ. б.» ұйымы өз қызметін Түркия мен Еуропада жандандыру қажет деген ұйғарым жасалды. 1923 ж. 26–28 маусым аралығында «Т. ұ. б.» ұйымының Кабулда жиналысы өтті. Оған Тоған, Бұхар КСР-і үкіметінің бұрынғы басшысы Осман Қожаоғлы, Абдулқадыр Инан, Бұхараның Кабулдағы елшісі Мырза Исамеддин секілді қайраткерлер қатынасты. Осы жиналыстың шешімі бойынша Тоған «Т. ұ. б.» ұйымының ішкі және сыртқы бөлімшелерінің бас төрағасы, Осман Қожаоғлы Түркия бөлімшесінің төрағасы, А.Арифов Кабул бөлімшесінің төрағасы, Мұстафа Шоқай Еуропа бөлімшесінің төрағасы болып белгіленді. 1924 ж. 23 қарашада Берлинде «Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтті. Оған қатысқандардың қатарында Шоқай болды. Конгресте «Т. ұ. б.» ұйымының орт-н Түркияға көшіру және Стамбұлда ұйым-



ның органы болып табылатын журнал шығару жайлы шешім қабылданды. 1927 ж. наурызда Стамбұлда «Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтті. Конгреске Парижден Шоқай келді, сондай-ақ Тоған, Қожаоғлы, Насыр Махдум, Шахкул, Инан, т.б. қатысты. Конгрестің шешімімен Стамбұлда Тоған мен Инан басшылық ететін «Йени Түркістан» («Жаңа Түркістан») атты журнал шығатын болды. Бұл журналда Түркістан тарихы, әдебиеті, сондай-ақ әлеум.-экон. мәселелеріне байланысты ғыл. мақалаларға орын беруге шешім шығарылды. 1928 ж. Тоған ғыл. жұмыстарға ойысып, саясаттан қол үзіп кетуіне байланысты «Т. ұ. б.» ұйымына Қожаоғлы төрағалық етті. 1933 ж. «Т. ұ. б.» Шығыс Түркістан Республикасының құрылуына қолдау білдіретіндігін танытып, Қашқарға өз өкілін аттандырды. 1939 ж. 24 наурыз бен 2 сәуір аралығында Берлинде «Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтіп, онда ұйымның төрағалығына Шоқай сайланды. 1939 ж. 2-дүниежүз. соғыстың басталуына орай «Т. ұ. б.» ұйымының қызмет етуі қиындай түсті. Шоқайдың 1941 ж. Берлинде қайтыс болуымен «Т. ұ. б.» ұйымы өз қызметін доғарды.

Әдеб.: Заки Валиди Тоған, Воспоминания, кн. 2., Уфа, 1998; Зиеева Д., Туркистон миллий озодлик харакатй, Тошкент, 2000; Абдуқап Қара, Мұстафа Шоқай, А., 2004.

С.Рүстемов

ТЫНЫМБАЕВ Мырзағали (Мырзалы) (т.ж.б. – 1931) – кеңестік жүйеге қарсы бағытталған Маңғыстау көтерілісінің басшысы, би әрі батыр. Кіші жүздің адай руынан шыққан. 1931 ж. 23 маусымда Т-тың көмекшісі Жармағамбет Қожыбайұлы Форт-Александровск қ-на 1000-нан аса адаммен шабуыл жасаған. Екі күндей қаланы қоршауға алып, нәтиже шығара алмады. Көмекке келген жазалаушылармен шайқаста көтерілісшілер 30 адамынан айрылды. 24–25 маусымда Т-тың жасақтары Босаға құдығынан 12 км жерде жазалаушылардың 68-дивизионымен соғысты. Бірінші күні жазалаушылардың саны 40 адам ғана болды. Көтерілісшілер санының көптігін пайдаланып, үш жағынан қоршауға алып, шабуыл жасады. Бірақ жақсы қаруланған жазалаушылар көтерілісшілерді жақындатпады. Келесі күні жазалаушыларға көмекке 3 станокты, 2 қол пулеметпен қаруланған 110 адам келді. Ұзақ соғысуға көтерілісшілердің атыс құралының

аздығы мүмкіншілік бермеді. Соғыс барысында жараланған Т-тың жандеттер қылышпен шауып өлтірді. Т-тың қолға түскен жасақтары, қарауындағы ауыл-аймақтары аяусыз жазаланып, дүние-мүлкі тәркіленді.

І.Сариев

ТЫНЫШБАЕВ Мұхамеджан (12.5.1879, Жетісу обл. Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысы – 1938, Ташкент қ.) – алаш қозғалысының қайраткері, тарихшы-ғалым, қазақстан шыққан тұңғыш теміржол инженері. 1900 ж. Верныйдағы (қазіргі Алматы қ.) ер балалар гимназиясын алтын медальмен бітірген. 1900 ж. жол қатынасы ин-тына түсіп, 1906 ж. бітірді. Студент кезінде қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, баспасөз беттерінде отарлық билікті сынайтын мақалалар жазып, патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы үгіт-насихат жүргізді. Патша өкіметіне оппозициядағы партиялардың



М.Тынышбаев

ұйымдастырған іс-шараларына ат салысты. 1905 ж. қарашада автономияшылдар одағы ұйымының ұйымдастыруымен өткен съезге қатысып, сөз сөйледі. Ол өз сөзінде патша өкіметінің қазақ жерінде жүргізіп отырған отаршылдық саясатын айыптай отырып, ендігі уақытта ұлттық езгідегі халықтарға автономия берілуін талап етті. Ин-тты бітірген соң инженер-маман ретінде Орта Азия т. ж. құрылысына жіберілді. 1907 ж. 2-ші Мемл. Думаға депутат болып сайланды және онда агр. комиссия құрамында болды. Дума таратылған соң Орта Азия т. ж. құрылысына айрықша өкілетті нұсқаушы-инж. болып тағайындалып, Әмудария өз. арқылы өтетін көпірді салуға қатысты. 1911 ж. Урсатьевск – Әндіжан т. ж. құрылысының бастығы әрі бас инженері болды. 1914 ж. Арыс – Әулиеата т. ж. құрылысының бас инженері қызметін атқарды. Ол 1916 жылғы 25 мау-



сым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын күні бұрын болжап, көтерілісшілерді сабырлылыққа шақырды. Патша өкіметінің жергілікті билік орындарының көтеріліске шыққан қазақтар мен қырғыздарды жазалауда жасаған озбырлығын әшкерелеуде белсенділік танытты. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін Т. Уақытша үкіметтің Түркістан к-ті құрамына мүше болып тағайындалды. Ол Түркістан өлкесі орталық атқару к-тері өкілдерінің съезіне қатысты. Уақытша үкіметтің Түркістан к-тінің мүшесі ретінде Жетісу обл-ндағы 1916 ж. Қытайға ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарына көмек көрсетуді ұйымдастырды. Т. алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге қазақ елі дербестігін қалпына келтіруге, елдің амандығын сақтауға күш салды. Ол осы мақсатта Ә.Бөкейхан, Х.Ғаббасов, Р.Мәрсеков, Ғ.Танашев секілді Алашорда үкіметі мүшелерімен бірге Уақытша Сібір үкіметімен, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелері к-тімен және Колчак үкіметімен келіссөздер жүргізуге қатысты. 1920 ж. І қазанда Ташкент қ-нда ашылған Қазақ халық ағарту ин-тына қызметке орналасып, ұстаздық қызметпен және ғыл. жұмыстармен айналысты. Әр жылдары жауапты қызметтер атқарды. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының қызметіне ат салысты. 1927 жылдан бастап Түркістан – Сібір темір жолы құрылысында қызмет етті. Осы құрылыстың жобалаушысы, негізгі маманы болды. Т-тың кәсіби шеберлігі Түрксіб құрылысын салу барысында айрықша танылды. Осы еңбектеріне қарамастан Т. кеңестік биліктің қуғын-сүргініне ұшырап, Түрксібті салып жатқан кезінде 1930 ж. 3 тамызда тұтқынға алынды. Оған «тап жауы», «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Кейінгі жылдары да үнемі бақылауда болған ол, ақырында кеңестік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Алматы қ-ндағы Қазақ көлік және коммуникация академиясына Т. есімі берілген. Алматы обл. Сарқант ауд-ндағы бір ауыл және Алматы қ-ндағы бір көше Т. есімімен аталады.

М.Әбдешов

ТІЛЕНБАЕВ Иса (1829, Маңғыстау түбегі – 1909, сонда) – халық батыры, акын, Маңғыстау көтерілісі басшыларының бірі. Т. Ресей үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесін» әділетсіздік деп бағалап, халықты көтеріліске шығуға үндеді. Ол Досан Тәжіұлы,

Алғи Жалмамбетов, Тілеуберген Орақов, Шүрен Иманов, Дихан Өтепов, Сүгір Шабаев, т.б. бірге халық көтерілісін басқарды. Т., Досан бастаған 400 сарбаз 1870 ж. 22 наурызда Үшауыз деген жерде Маңғыстау приставы подполк. Рукиннің жазалаушы жасағына ойсырата соққы беріп, 40 солдатын жойып жіберді. 1870 ж. сәуірде көтерілісшілер Александровск бекінісін қоршап алып, ондағы армян базарын талқандады, саудагерлер мен өндіріс иелерін тұтқындады, Николаевская ст-н өртеп, армян слободкасы мен Қарағانتүптегі шамшырақты қиратты. Кавказдан жіберілген жазалаушы жасақпен Т. сарбаздары кескілескен шайқас жүргізе отырып, Хиуа хандығына өтіп кетті. 1872–73 ж. Т. бастаған көтерілісшілер Хиуа жағында, Хиуа мен Арал т. аралығында болды. Көптеген ауылдар да Хиуа, Үстірт бетіне үдере көшті. 1873 ж. Ресей үкіметі Хиуаны жаулап алғаннан кейін, жер-жерге көтерілісшілерді жазалаушы жасақтар шығарады. Т. 1874 ж. елге оралды. Патша әкімдері оның беделінен қаймығып, қайтадан халық наразылығын тудырмас үшін оған кешірім берді. Ол 1909 жылға дейін отыз жылдан аса уақыт болыс болды. Т. құсбегі, мерген, саятшы да болған. Көтеріліс кезінде және өзге уақыттарда шығарған «Күйкеннен атанарда», «Хиуаға кетерде», «Оязға барарда», «Сексен жас», «Болыс болып жүргенде», «Күн қайда?», «Ояз алдында», «Досанды жоқтау», «Қара өлен», т.б. өлеңдері бар. Т. ерлігін Ақтан, Бала Ораз, Қашаған, Сәттіғұл ақындар жырлаған. Өлеңдері мерзімді баспасөз беттерінде және «Жырдария» жинағында жарық көрді.

Қ.Садиықұлы

ТІЛЕНДИЕВ Нұрғиса Атабайұлы (1.4.1925, Алматы обл. Іле ауд. Н.Тілендиев а. – 15.10.1998, Алматы қ.) – композитор, дирижер, домбырашы, Қазақ КСР-і (1975) және КСРО-ның (1984) халық арт., Қазақстанның Халық қаһарманы (1998). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1949–50 ж. Алматы мемл. консерваториясында (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы), 1950–52 ж. Мәскеу мемл. консерваториясының дирижерлік ф-тінде оқыды. 1952–61 ж. Қазақтың мемл. академ. опера және балет театрының дирижері, 1960–64 ж. Қазақтың мемл. академ. халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болып қызмет атқарды. 1968–81 ж. «Қазақфильм» ки-



ностудиясы муз. редакциясының бас редакторы болып, 1981–98 ж. өзі ұйымдастырған «Отырар сазы» фольклорлық этногр. ансамблінің көркемдік жағын басқарды. Еркін төгілген әсем әуен, сымбатты ырғақ, нәзік лиризм, азаматтық пафос пен динамикалық серпін – композитор шығарм-на тән қасиет. Т. – «Ортеке» балет-поэмасының (1957) және «Менің Қазақстаным» (1959) кантатасының, «Достық жолымен» балетінің (1958, Л.Б. Степанов және Е.В. Манаевпен бірге), «Алтын таулар» операсының (1961, Қ.Қожамияровпен бірге), оркестрге арналған «Поэма» (1962), «Ата толғауы» (1975), «Алтын дән», «Ақсақ құлан», «Аққу», «Арман», «Махамбет», «Көш керуен» поэмалары мен «Халық қуанышы» (1963), «Қайрат» (1964), «Жеңіс салтанаты» (1975) атты увертюралардың, 400-ден астам ән-романстардың авторы. Ол 50-ден астам драм. спектакльге, 19 көркем фильмге («Қыз Жібек», «Қилы кезен», «Менің атым – Қожа», т.б.), 17 мульт. фильмге («Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», т.б.), 14 деректі-хроник. фильмге («Академик Сәтбаев», «Ыбырай Алтынсарин», т.б.) музыка жазды. Ел ықыласына бөленген муз. шығармалары үшін Т-ке Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. (1978) берілді. 1999 ж. Алматы қ-нда Т-ке көше аты беріліп, ол тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды. «Отырар сазы» фольклорлық этногр. ансамблі (2000) Т. есімімен аталады. Бірнеше орден-мелальдармен марапатталған.

Әдеб.: Композиторы и музыковеды Казахстана: Справочник, А.-А., 1983; Қаһарман – Нұрғиса: Жинақ / Құраст.: С.Әбдірайымұлы, А., 1999.

К.Оршын

ТІЛЕНІШ Бөкенбайұлы (т.ж.б. – 1.4.1800) – атақты батыр әрі би, тархан, жетіру одағының басқарушы биі, Ресей империясының отарлау саясатына қарсы күрес ұйымдастырушы. Т. жас шағынан батыр ретінде танылған, 18 ғ-дың 50–70 ж. Еділ қалмақтарына қарсы көптеген жорықтарға қатысқан. 1783 жылдан бастап Сырым Датұлы бастаған көтеріліс жетекшілерінің бірі. Көтеріліс шеңберінде Орынбор әкімш. мен Жайық казак әскерінің қысымдарына қарсы Ресей шептеріне көптеген шабуылдар ұйымдастырған, 1500 сарбаздан тұратын өз жасағы болған. 1785 ж. ақпан және наурыз айларында Сырым бастаған көтерілісшілермен қатар Т. ауылдары да 2700-ге жуық әскерден тұратын майор Смирнов, 1250 казактан тұратын

командирлер Колпаков пен Пономарев, 405 казактан тұратын майор Назаров отрядтарының жазалауына ұшырайды. Мұндай жазалауға жауап ретінде Т. 1785 ж. наурыз айында 200 сарбазбен Рубежинск форпосты маңындағы орыс хуторларына шабуыл жасаған. 1785 ж. 1 мың адамдық казак жасағы Илецкая Защита (Тұзтөбе) түбіндегі редутқа шабуыл жасап, майор Рештейнер мен капрал Ивановты 50 әскерімен қолға түсірген. Көтеріліске Т-нің туған інісі Бейбіт батыр да белсенді қатысқан. Т. өмір сүрген уақыт Кіші жүздегі хандық билік аса қатты дағдарыстарға ұшыраған, әртүрлі әлеум.-саяси күйзелістер орын алған аласапыран кезең болатын. Осындай кезеңде ол Батыс Қазақстандағы аса беделді адамдардың бірі болып табылған, Ордадағы, әсіресе өзі басқарған жетіру одағындағы кез келген әлеум.-саяси жайттар оның қатысуынсыз шешілмеген. Ресейлік мұрағат құжаттарында Т. батырдың есімі басқа кейбір тұлғалармен бірге бүкіл Кіші жүз шеңберіндегі беделді билеуші сұлтандармен бірдей аздаған адамдар қатарында аталған. Оның билігі мен беделі, Батыс Қазақстанның әлеум.-саяси өміріндегі рөлі әсіресе 18 ғ-дың 70–90 ж. аралығында өте күшті болған. 1785 ж. шілде айында Кіші жүздің 21 руынан ең беделді деген билері мен батырлары, барлығы 55 адам II Екатеринаға хат жазып, Нұралы ханды, жалпы Әбілқайыр ұлдарын биліктен алып тастауды сұрағанда, осы хатқа Т. де қосылған. 1786 ж. Кіші жүз ханы Нұралы тақтан кетірілген соң, қыркүйек айында өткен бүкілхалықтық құрылтайда Т. халық тарапынан табын руының бас старшыны болып сайланды. Бұрынғы хандықтың орнына жаңа әкімш. бөліністер – расправалар құрылғаннан кейін, 1787 ж. Т. ресми түрде Жетіру расправасы басқарушысы мен бүкіл рулар үстінен қарайтын бас старшын ретінде бекітілді. 1789 ж. шамасынан бастап Т. Ресей тарапына қарсы әрекеттерін тоқтата бастайды. Бұл кезде көптеген билер Сырым саясатына сын көзбен қарап, оған қарсы ағым пайда болды. Дегенмен, Т-нің көтеріліс аясынан шығуының басты себебі – Жайық бойындағы өз қауымдарының тұрақты қоныстарының жайы еді. Жайық әскерінен қанша қысым көрсе де, мыңдаған түтіннен тұратын Т. ауылдары өз ата-қоныс жайылым жерлерін тастап, Жем, Сағыз, Үстірт бойындағы көтерілісші ауылдарға қосыла



алмаған. 1791 ж. Сырым Датұлы хат арқылы да, Т. ауылына арнайы келіп те, олардың орыс шебінен алысқа көшулерін сұраған. Өз қауымын бейбіт ұстауды мақсат еткен Т. белсенді әрекеттерге бармаған, бірақ 1792 ж. Сырымға хат жолдап, «Құдай қаласа көктемге қарай атқа қонатындарын, өздерінің хат арқылы емес, жеке кездесіп сөйлесу керектігін, ал орыс казактарымен айрықша сөздермен сөйлесу қажеттігін» айтқан хат жолдаған. Бұл хат патша әкімш. қолына түскен, бүгінде түпнұсқасы Мәскеудегі сыртқы саясат мұрағатында (АВПРИ) сақтаулы. 1793 ж. Сырым Т. батырдан ресейлік шептерді шабу үшін адамдар сұраған. Т. оның әрекетіне қосылмаған, бірақ өз хатында «өз халқының жазықсыз қысымдар көруіне, одан еш әділеттік таппауына байланысты, Жайық бойында қалуға да мүмкіндіктері қалмағанын» айтып, шарасыз күй кешкен. Оның жұрты Жайық казак әскерінен үлкен зәбірлерге душар болған. Т-нің бір ұлы Едігені казактар қолға түсіріп, көпке дейін босатпаса, басқа бір ұлын атаман Донсков өлтірген. Інісі Бейбіт Бөкенбайұлы, бұрынғы туыстас әрі қарулас жолдастары Елекбай, Бармақ т.б. батырлар, Сырым тарапын қолдаған. Ресейдің Мәскеу, Петербург және Орынбор қ-ларының мұрағаттарында Т. батырдың орынборлық әкімш-ке жазған көптеген хаттары сақталған. Осы хаттарынан оның өз жұртының мақсат-мүдделерін барынша қорғағаны, шеп бойында бейбіт қарым-қатынастардың орнауына күш салғаны айқын көрінеді. Жалпы, Бөкенбай әулетінен көптеген батырлар мен билер шыққан.

Әдеб. мен дер.: Орынбор обл. мемл. мұрағаты, 5-қор, 1-т., 15, 30, 37-38 т.б. істер; Ресей имп. сыртқы саясат мұрағаты (АВПРИ), «Қырғыз-қайсақ істері» қоры, 1786, 7, 11-істер, 1792-1794, 5-іс; Материалы по истории КазССР. М.-Л., 1940.; Вяткин М.П., Батыр Сырым, М., 1947; Жетпісбай Н.Ы., Азаттық үшін күрескен әулеттер. А., 2013.

Н.Жетпісбай

ТІЛЕНШІ БӨКЕНБАЙҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС. 1784 ж. табын және шекті руларының Барақ, Жаншұры, Тіленші, Оразбай, Досан және т.б. батырлар бастаған 1800 сарбаздан құралған жасақ Орск және Верхнеозерск бекіністеріне шабуыл жасайды. Мұнан кейін, Сырым батыр мен табын Барақ және Тіленші батырлар Сағыз өз-нің бойына 1000 адамдық жасақпен жиналып, бекіністерге шапқыншылық жасауға дайын-

далады. Орынбор бастығы казак даласындағы халық көтерілісі Нұралы ханға ғана емес, қауіп патша үкіметіне де төніп тұр деп, Петербургқа хабарлап, патша әкімш-нен шекара бойындағы бекіністердің қорғаныс жағдайын күшейту үшін әскерлерді жіберуге рұқсат сұрайды. Шекара бойындағы күзетті күшейту үшін Орал қ-нан және төменгі форпосттардан 900 адамнан құралған атты казак әскерлерін жинап, шекара бекіністеріне жіберуге Орынбор бастығына рұқсат беріледі. Шекара бойындағы күзеттің күшейтілгеніне қарамастан, 1775 жылғы наурыз айында Т. б. Б. б. к-тің 200 адамнан құралған жасағы орыстың хуторларына шабуыл жасап, Рубеженск форпосты маңынан 10 орыс адамын тұтқынға алып, хуторлардың бар малдарын айдап әкетеді. Казак-орыс әскерлерімен болған қанды шайқаста Тіленші батыр 19 сарбазынан айырылды. Батыр жасақтары орыс жерінен көп олжамен кері оралады. Тіленші батыр бастаған көтерілісшілер орыстардың 1445 жылқысын, 757 бас мүйізді ірі қара малын және 460 мыңға бағаланатын әртүрлі мүліктерін алып кеткен. Тіленші батыр бастаған көтерілістің сипатына қатысты: «Күрделі сипат алған бұл оқиға орыс патша үкіметіне қарсы казак ордасында аса ірі толқулардың басталғанына көзімізді жеткізді» деген баға беріледі. Казак жасақтарының жорықтарынан кейін, патша үкіметі казак даласына көтерілісшілерді басу үшін, әскер жіберуге шешім қабылдайды. Сырым, Тіленші, т.б. батыр, тархандар патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асыруына, отаршылдардың казак даласына ішкерілеп енулеріне мықты кедергі күш болған. 1785 жылдың басында табын Барақ батыр 2000 сарбазымен, Тіленші батыр 1500 адамымен Сырым батыр жасағына қосылып, патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы қарулы күресте күш біріктіреді. Сырым батырдың жасағымен күш біріктірген Тіленші батыр сарбаздары казак-орыстардың екі хуторын талқандап, еркектері мен әйелдерін тұтқындап әкетеді. Мұнан кейін Сырым мен жетірулық батырлар Тіленші мен Барақ батырлар 100-ге жуық сарбаздан тұратын жасақтарымен Антонов форпостына шабуыл жасап, тұтқынға адам алмай, орыстардың малдарын ғана олжалап, кері қайтады. Патша үкіметі 1787 жылдың 19 карашасында Кіші жүзде бас старшындық



қызметке жеті адамды бекітеді. Олар – әлімұлы руынан: Сарытай би, Қаракөбек би Қосбайұлы, Мұратбек Айбашұлы; байұлы руынан: Сырым Датұлы, Қаратау би Ғұмырыұзақұлы; жеті рудан: батырлар – Тіленші Бөкенбайұлы, Жанболат Қарабанұлы. Бас старшындыққа тағайындалғандардың әрқайсысына жылына 100 рубль нүміс ақша мен жалақы және үш шертпек нандық астық беру және Кіші жүздің старшындары мен сұлтандарын бас старшындарға бағынуы туралы жоғарыдан үкімет бұйрығын түсірді. Осы бұйрықпен қатар, Сырым Датұлы мен Тіленші Бөкенбайұлына бас старшындық атағымен бірге ұрпақтарына мұраға кететін тархан атағын беріп, Ресей патшайымының қолы қойылып, патша сарайының мөрі соғылған тархандық грамотаны қоса тапсырды. Тіленші, Қаракөбек тархандар, Барақ, т.б. батырлар өздерінің сарбаздарымен Сырым тарханның туының астына жиналып, азаттық үшін күресте ерекше қайрат қылған. Ресей отаршыларына қарсы соғысқан, Сырым батырдың жорықтас жолдасы Тіленші Бөкенбайұлы 1800 ж. ұлт азаттығы үшін күрестегі қарулы қанды қақтығыста қаза болды. Тіленші батырдың өмірі мен ұлт-азаттық жолындағы күресінің тарихы тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Әдеб.: Вяткин М., Батыр Сырым, А., Санат, 2002; Мұқтар Ә.Қ., Азаттық таңы жолында, А., Ғылым, 2001; Рязанов А., Батыр Сырым Датов (по материалам Центрального Краевого Архива), Сырым Датұлы. Жинақ. А., Арыс, 2004; Исенов Ө.И., Табын Бөкенбай батырдан тараған тархандар. Баһадүр батыр Бөкенбай: Жинақ, Ақтөбе, 2011; Исенов Ө.И., Тіленші тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер. «Азаттық туын көтерген ардақты тұлға» Сырым Датұлының 270 жылдығына арналған республикалық ғылым-тәжірибелік конф. материалдарының жинағы, Астана қ., Беркут-Принт ЖШС, 2012.

Ө.Исенов

ТІНӘЛІ Тайсойғанұлы, Балуан Тәни (1789 – ө.ж.б.) – Бөкей ордасындағы Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліске белсене қатысқан старшын. Ұста-зергерлердің басын қосып, қару-жарақ соғатын орт. ашқан. Ол көтерілісшілердің Таксалғандағы, Райымдағы, Теректідегі, Қандыағаштағы, Тастөбедегі шайқастарына қатысты. Т. көтерілісшілердің Орынбор губернаторына, Орал казак әскері атаманына, Жәңгір ханға жазған хаттарына қол қойған.



УАҚЫТША ҮКІМЕТ – Ақпан революциясының нәтижесінде Ресейде құрылған билік органы. Төртінші Мемл. Дума мүшелерінен тұратын уақытша к-т пен Петроград жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің келісімі бойынша 1917 ж. 2 наурызда құрылып, оны князь Г.Львов басқарды. У. ү. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы шақырылып, мемл. басқару пішімі шешімін тапқанға дейін билік жүргізуі тиіс болды. У. ү. Ресей азаматтарының құқығында диннанымына, ұлтына қарай ешқандай шектеушілік болмайтынын жария етті. Бұл өз кезегінде бұрын ұлттық езгіде болған халықтардың У. ү-ке қолдау танытуын арттырды. Орта Азия халықтарының У. ү-ке қолдау көрсетуіне оның 1916 жылғы 25 маусым жарлығының күшін жойып, майданның тыл жұмысына адамдар алуды тоқтатуы және он алтыншы жылғы көтеріліске қатысушыларға кешірім жариялауы елеулі дәрежеде әсер етті. Дегенмен, У. ү. бірінші дүниежүз. соғысқа Ресейдің қатысуын жалғастыруды жақтады. Бұл өз кезегінде әлеум. қағынастардың онан әрі шиеленісуіне алып келді. 5 наурызда У. ү. жергілікті өкімет органдарын құру туралы қаулысын шығарды. Ресейдің басқа аймақтарындағы сияқты Қазақстанда да У. ү-тің жергілікті органдары алғашқы кезеңде азаматтық к-ттер негізінде пайда болды. Бұл к-ттерді құруда бастамашылық облыс және уезд орт-тарында тұратын орыс жұртының қолында болды және к-ттердегі басшы орындар да солардың үлесіне тиді. Сондықтан олардың құрамына енгендердің арасында ұлтаралық қатынас мәселесіне ескі патшалық әкімшілік көзқарасында тұрғандар көп болды. Міне, осындай жағдайда қазақтарға ескі әділетсіз патшалық билік жойылып, оның орнына жаңа билік келгенімен де, ұлттың мүддесін қорғайтын мекеме-



лерсіз қалу қаупі туды. Сондықтан да азаматтық к-ттермен қатар ұлттық саяси элита өкілдерінің ат салысуымен обл., уездік және болыстық деңгейде қазақ к-ттері құрылды. Қазақ к-ттерінің өкілдері обл. және уездік азаматтық к-ттердің атқару органдарына мүше болып енді. 1917 ж. 20 наурызда Ә.Бөкейхан У. ү-тің ұйғарымымен Торғай обл-ның комиссары болып тағайындалды. Оның ұсынысымен Қостанай у-нің комиссары болып А.Бірімжанов, Торғай у-нің комиссары болып О.Алмасов, Ырғыз у-нің комиссары болып Ғ.Теміров бекітілді. 7 сәуірде У. ү. Түркістан өлкесін басқаруды қамтамасыз ететін Түркістан к-ті құрамын бекітті. Мемл. Дума мүшесі, кадет партиясының өкілі Н.Н. Щепкин төрағалық ететін Түркістан к-ті құрамында М.Тынышбаев, С.Мақсұдов, А.Дәулетшин секілді жергілікті ұлттық қайраткерлер болды. У. ү. жағдайында Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси өмірі жандана түсіп, ұлттық саяси элита өкілдерінің белсенділігі артты. Қазақстанда облыстық, уездік деңгейдегі қазақ съездері және бірінші жалпықазақ съезі өтті. Ресей деңгейінде Бүкілресейлік мұсылмандар съезі өткізіліп, онда мұсылман халықтарының У. ү. жағдайында мүддесін қорғайтын Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі құрылды. 17 маусымда У. ү. дала облыстарына земство енгізу жайлы қаулысын шығарды. Соған орай Орал, Ақмола, Семей, Торғай обл-тарында земстволық мекемелерді құру қолға алынып, оларға қазақ өкілдерін енгізу жүзеге асырыла бастады. 7 шілдеде А.Ф. Керенский У. ү-тің төрағасы болып тағайындалды. Тамыз айының соңында У. ү-тен билікті тартып алу мақсатында Л.Г. Корнилов бастаған бүлік болды. Бірақ У. ү. басшысы Керенский жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің көмегіне сүйеніп, бүлікті басуға қол жеткізді. Дегенмен, У. ү. ұзаққа созылған соғыстан туындаған әлеум. ауыртпалықтарды, әсіресе, азық-түлік тапшылығын шешуге дәрменсіздік танытты. Бұл өз кезегінде У. ү-ке оппозиц. күштердің халық арасында беделінің артуына ықпал етті. 1917 ж. 25 қазанда У. ү. Қазан төңкерісі нәтижесінде құлады. Билікке В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы келді де көп ұзамай елде Азамат соғысы басталды.

С.Есқалиев

УӘЙІС Байжанұлы (1796–1876) – би. 1831 ж. Ресей өкіметі Ұлытау өңірін болыстық басқару жүйесіне көшіргенде, У. бағаналы руының ішінен тұңғыш рет болыс болып сайланды. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын белсене қолдады. Сол үшін патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. У. басшылығындағы ел мекендерінен қуылып, олардың жерлері казактар иелігіне өтті. 1858 ж. Ұлытау станицасы жабылғаннан кейін, бағаналылар ата қонысына көшіп барды. Бұл мәселе У. пен Ерден Сандыбайұлының табандылығы арқасында ғана шешілді. У. өз заманында талай дауға түсіп, айрықша беделге ие болған. Ел аузында Қарасарт бидің «Қайыс созылса да, Уәйіс созылмайды», Қарадос бидің «Уәйіс дегенше барыс десеңші» деген оның әділдігін бағалаған сөздері сақталған. Сүйегі Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленген.

Қ.Ахметов

УӘЙІС Шоңдыбайұлы (1873, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Баршатас а. – 1925, сонда) – Абайдың ақын шәкірттерінің бірі, әнші, сазгер. Керей У. атанған ол суырып салма әрі жазба ақын ретінде елге танылған. 1890 ж. Абай У-ті қасына шақырып, ақынның осы кезден кейінгі ғұмыры Абай төңірегінде өтті. У-тің әдеби мұрасының негізін өлеңдер, дастандар, айтыстары құрайды. Оның «Тәуке – Жікібай» атты дастаны ел арасына кең тараған. Өлеңдерінде патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынға алып, қазақ халқының ауыр халін жырға қосады, халықты азаттыққа, күреске үндейді. Абайдың тапсыруымен ол «Конек-горбунок» атты орыстың халық ертегісін П.П. Ершов нұсқасы бойынша жыр үлгісінде қазақ тіліне аударған. Өте сәтті жасалған аударманы Абай жоғары бағалаған. 1988 ж. Қ.Мұқамедханұлының құрастыруымен У-тің «Уақыт өрнегі» атты шығармалар жинағы жарық көрсе, өлеңдері, сөз қағыстырулары мен ән мәтіндері Мұқамедханұлының зерттеу мақаласымен бірге «Абайдың ақын шәкірттері» жинағында (1994, 2-кіт.) жарияланған.

Т.Рсаев

УӘЛАЯТ, у и л а я т – Шығыс елдерінде жиі кездесетін аймақтық-әкімшілік бөлік: 1) басқарма, басқару; 2) өлке, аймақ, облыс деген мағынада қолданылады. Ертеден та-



риxi жағынан қалыптасып, өз алдына жеке өмір сүрген әкімш.-аумақтық аймақты анықтау мақсатымен айтылады. Мыс., Түркістан У-ы, Дала У-ы, т.б.

УӘЛИ, У ә л и х а н (1738/41–1821) – Орта жүз ханы (1781–1821). Абылай ханның екінші әйелі қарақалпақ Сайман ханымнан туған үлкен ұлы. Жасынан билікке араласып, арғын тайпасының билеушісі болды, бірнеше рет әкесінің тапсырмасымен елшіліктерді басқарды. Абылай қайтыс болғаннан кейін, Орта жүз өкілдерінің құрылтайында хан сайлау негізінде билікке келді. Таққа отырысымен Ресей және Қытай билеушілеріне елшілік аттандырды. 1782 ж. 25 ақпанда императрица Екатерина II У-ді Орта жүздің ханы деп танитындықтары жөнінде грамота жіберді. Көп ұзамай У-ді билеуші деп танитындықтары жөніндегі осындай грамота Цин императоры тарапынан да келді. У. ішкі-сыртқы саясатта әкесі Абылайдың ісін әрі қарай жалғастырушы болды. Ол Орта жүз руларының ішіндегі тұрақтылықты сақтай отырып, сыртқы саясатта Ресей мен Қытайға тең қарым-қатынас жасауға тырысты. Ресей өкіметі өз тарапынан У-дің Қытаймен байланыстарына тыйым салуға ұмтылды. Казак әскерлерін жіберіп, хан сарайына келе жатқан Қытай елшілерін орта жолдан қайтарып отырды. Дегенмен, У. Қытаймен қарым-қатынасын тоқтатқан жоқ. Орта жүзге ықпалын күшейту үшін патша өкіметі шекаралық шепті қазақ даласының ішіне жылжыта бастады. Ресейдің ықпалын бәсеңдету мақсатында У. Қытай үкіметімен және Бұхар хандығымен байланысын күшейтті. Патша өкіметінің үсті-үстіне жасаған қысымына қарамастан У-дің алғашқы он жылдық билігі тыныш жағдайда өтті. Алайда 18 ғ-дың аяғына қарай У-дің ішкі саясатына кейбір қазақ рулары тарапынан қарсылық күшейді. Олар 1795 ж. Ресей патшасына ханның үстінен наразылық хат жазды. Сол жылы 2 сұлтан мен 19 би қарамағындағы 120 мыңнан аса адамымен орыс шекарасына жақын жерлерге көшіп барып, өздерінің патша өкіметіне тікелей бағынғылары келетінін мәлімдеді. Бірақ өзінің дипломат. шеберлігі арқасында У. бұл жанжалды ушықтырмай, өз пайдасына шешті. Дегенмен, ол 1803–05 ж. өз қарамағындағы қазақ рулары мен сұлтандарды Сырдарияға, Шығыс

Түркістанға көшуге үгіттеді. Патша өкіметі қазақ руларының оңт.-шығысқа көшіп кетуіне жол бермеу үшін У-мен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. У-дің негізгі қонысы Есіл өз. бойында Көкшетау мен Шыңғыстау аралығында орналасты. Бас ордасы Бурабай көлінің маңайында (Ханкөл, Қызыл ағаш), екінші ордасы Көкшетаудың шығ-ндағы Сырымбет қыстауында болды. Ол ішкі-сыртқы саясатта әкесі Абылайдың ісін жалғастырып, қазақ хандығының дербестігін сақтауға тырысқанымен 19 ғ-дың басында қалыптасқан саяси ахуал оған мүмкіндік бермеді. Ресей өкіметі қазақ даласындағы хандық басқару жүйесін құлату үшін барлық амалдарды қолданды. Нәтижесінде У-дің билігі бірте-бірте әлсірей бастады. У-дің билігін одан әрі әлсірету үшін патша өкіметі қазақ рулары арасында ішкі қайшылықтарды пайдалану арқылы 1816 ж. Барақтың тұқымы Бөкейді Орта жүздің 2-ханы етіп бекітті. У. Ресей, Қытай және Орт. Азия мемлекеттері толық мойындаған соңғы қазақ ханы болды, ол қайтыс болғаннан кейін, көп ұзамай патша өкіметі Орта жүзде хан сайлауды мүлдем тоқтатты. У-дің 2 әйелінен 14 ұлы болған. Оның ішінде мұрагері болып саналатын Ғұбайдолла мен кіші әйелі Айғанымнан туған Шыңғыс Уәлиханов Көкшетау және Құсмұрын округтерінің алғашқы аға сұлтандары болып сайланған. Даңқты қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов У-дің немересі.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в 18–19 веках, А.-А., 1964; Валиханов Ч.Ч., Собр. соч. т. 4, А.-А., 1985; Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, А.-А., 1989; Левшин А.И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Е.Балгабекұлы

УӘЛИХАНОВ Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы (қараша, 1835, Күнтимес, Аманқарағай окр-нің орт. (Қостанай обл.) – 10. 4.1865, Алтынемел, Алматы обл.) – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклоршы. Омбы кадет корпусын (1853) бітірген. Санкт-Петербург ун-тінде (1861 – 62) дәріс тыңдаған. Арғы аталары – Абылай, Уәли хандар. Әжесі Айғанымның тәрбиесін көрген. У. жасынан араб, шағатай тілдерін, кейінірек Орта Азиядағы түркі тілдерін меңгерді. Халық



мұрасын жинауды қолына алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын хатқа түсірді. 1856 ж. М.М. Хоментовскийдің Жетісуға жасаған әскери-ғыл. экспед-на қосылды. Осы экспедиция кезінде ол «Манас» дастанына назар аударып, жазып алды. 1856–57 жылдардағы саяхаттарының ғыл. нәтижелері У-тың «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбектерінде баяндал-



III. Уәлиханов

ған. У. 1864 ж. М.Г. Черняевтің әскери экспед-на шақырылды. Черняевтің бұл сапардағы қанқұйлы қаталдығы У-ты ғана емес, бүкіл Ресейдің алдыңғы қатарлы азаматтарының жанын түршіктірді. Ондай қанқұмардың қол астында болғысы келмеген бір топ офицермен бірге сол жылдың шілде айында У. Верныйға қайтып кетті. Черняевтің шағымы бойынша бұлардың көбі жазаға тартылды, әскери атақтары төмендетілді. Сібір казак-орыс әскері офицерлерінің осындай қылықтарына зерттеу жүргізуге Санкт-Петербургтен Омбыға арнаулы комиссия шығарылды. Сондықтан У. Омбыға қайтпай, албан руының аға сұлтаны, Абылай ханның шөбересі Тезек төренің ауылында тұрып, оның қарындасы Айсарыға үйленді. Осы арадан Петербургпен, Батыс Сібір басқармасының басшыларымен хат арқылы байланыс жасап тұрды. Меңдеген ауруына

шипа таба алмай, Тезек төренің ауылында 9 ай тұрып, қайтыс болды. Көкшетаудан Алтынмелге келген туыстары оның қабіріне күйдірілген кірпіштен күмбез орнатты. Аз өмірінде У. Орта Азия халықтарының тарихына, географиясына, фольклорына және қоғамдық-саяси құрылысына арналған көптеген құнды еңбектер қалдырды.

С.Өтенияз

УӘЛИХАНОВ Шыңғыс (1811–1895) – аға сұлтан, полковник, қоғам қайраткері. Ұлы ғалым Ш.Уәлихановтың әкесі. Уәли ханның кіші әйелі Айғанымнан туған. Ауылында мұсылманша сауат ашқаннан кейін, Омбыдағы линиялық уч-ще жанындағы Азиялық мектепті бітірген. Жастайынан билікке араласып, алдымен Аманқарағай (Құсмұрын), кейіннен Көкшетау округтерінің аға сұлтаны болып сайланды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісін қолдады, бірақ белсене қатыспады. Заман ағымын терең түсініп, оқу-білімді, экономикадағы өзгерістерді жоғары бағалады. Балаларын алдымен мұсылманша, кейіннен орыс мектептерінде оқытты. Ресей зиялыларымен және зерттеушілерімен жақын қарым-қатынас орнатып, олардың қазақ халқы мен даласы жөнінде ғыл., этногр. материалдар жинауына көмектесті. И.Ибрагимов, А.Гейнс, М.Ладаженский, Н.Ф. Костылецкий, Г.Н. Потанин, т.б. зерттеуші-ғалымдармен достық байланыста болған. У. жинаған материалдар Мәскеу мен Санкт-Петербургтегі көрмелерге қойылған, кейбір экспонаттары Мәскеу, Санкт-Петербург, Гамбург қ-ларындағы музейлерде сақтаулы.

Әдеб.: Өтенияз С., Шоқан өскен орта, А., 1995.

С.Өтенияз

УӘЛІ Итенұлы (1798 – 1882) – Сыр бойының Қармақшы елі мен Ырғыз өңіріне белгілі би. Би Кенесары хан басқарған халық көтерілісін қызу қолдаған. Осындай әрекеттері үшін ол кейін басқа билермен бірге Орынбор қ-на шақырылып, губернатордан қатты ескерту алған. У. би әрдайым елдің қамын ойлап, олардың шаруашылығының жөнделіп кетуіне көмектескен. 1860 жыл шамасында Қарақұмда (Қармақшы елді мекенінің солтүстік батысында) «Уәлі құдығы» деп аталып кеткен құдықты қаздырған. Бұл құдық Қарақұмның мал жайылымын игеріп, елдің малды көп өсіруіне игі әсерін тигізді. Қазір



Уәлі мазары

де Қармақшы, Жалағаш ауд-дарының Қарақұм малшылары осы құдықты пайдаланып келеді. У. би 1882 ж. 84 жасында дүниеден өтеді. Сүйегі Қорқыт ата қорымына қойылған. 1943 жылы көктем айында Уәлі бидің мазары дария толқынына шайылып құлады. 2003 жылы 17 тамызда Уәлінің мазарының құлаған жері маңайына бидің ұрпақтары ескерткіш орнатты.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия, 8 т., А., 2006; Дайрабай Т., Сыр перзенттері, А., Арыс.

Б.Ахметбек

УЕЗД, О я з – әкімшілік аймақ. Ресейде 13 ғ-дан бастап қолданылып келген. У. қала мен оған бағынышты болыстардан тұрды. Әуел баста оны князьдің жергілікті билеушісі, ал 17 ғ-дан бастап воевода басқарды. 18 ғ-дан У. губ-ның құрамды бөлігіне айналды. 1775 жылдан У. 20–30 мың түтін мекендейтін әкімш., сот және қаржы қызметі бар төм. бөлік болып қалды. У-дегі полицейлік-әкімш. өкімет бөлігін исправник (уезд полициясының бастығы) атқарды. Ол Қазақстанның саяси-әкімш. өміріне 1867–68 жылдардағы реформа негізінде енді. Осы реформаларға сәйкес құрылған Орал обл-нда – Орал, Гурьев, Калмыков, Жем; Торғай обл-нда – Торғай, Николаевск (Қостанай), Ырғыз, Елек; Ақмола обл-нда – Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавловск, Жаңасарысу (Атбасар); Семей обл-нда – Семей, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Қарқаралы, Өскемен; Жетісу обл-нда – Сергиополь (Аягөз), Қапал, Верный, Ыстықкөл, Тоқмақ; Сырдария обл-нда – Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Ташкент,

Ходжент және Жизак У-дері құрылды. У-дер болыстарға бөлінді. У. бастықтарын обл-тардың әскери губернаторларының ұсынуы бойынша ген.-губернатор тағайындады. У-ді басқарушы патша офицерлерінен қойылды да олардың көмекшілері ретінде қазақ шонжарлары тағайындалды. У. бастықтарының қолына әкімш. және полицейлік билік шоғырландырылды. Ол заңдардың, отарлық басшылықтың қаулылары мен өкімдерінің орындалуын, уездік басқару аппаратының қызметін бақылап отырды. У-дегі әскер күші де тікелей У-дік бастықтарға бағынды. Осымен қатар үкімет тарапынан тағайындалған У-дік сот қызметі де құрылды. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың бас кезінде Қазақстан аум-нда барлығы 26 У. болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында әкімш.-аум. бөлік ретінде У. сақталып келді. КСРО-да У-дер 1923–29 ж. жаңа әкімш.-аум. бөліктердің пайда болуына байланысты жойылды.

Д.Самнай

«УСТАВ 1822 г.» – 20 ғ-дағы аса ірі тарихшы М.Вяткиннің 1941 ж. «Огиз. Госполиздат» баспасынан орыс тілінде жарық көрген «Очерки по истории Казахской ССР» атты тарихи очерктер жинағының жеке тарауы. Материалдың қысқартылған мәтіні төмендегідей:

«Вернемся к истории Младшей и Средней Орд. Нами было отмечено, что политическая обстановка позволяла царскому правительству приступить к проведению первых крупных мероприятий по ликвидации самостоятельности этих Орд.

В 1822 г. под руководством известного М. М. Сперанского, который в начале 20-х годов был губернатором Западной Сибири, был разработан так называемый «Устав о сибирских киргизцах». По этому уставу управление казахами, кочевавшими за Иртышом, строилось на значительно иных основаниях, чем прежде. Для казахов, кочевавших за Иртышом, создавались «внешние округа». Границы округа не сообразовались ни с прежним так называемым «родовым» делением, ни с районами кочевков. Во главе каждого округа должен был стоять окружной приказ под председательством старшего султана, в составе двух русских заседателей, назначаемых начальником области, и двух заседателей из «почетных киргизов». Эти заседатели из казахов выбирались собранием биев и старшин



сроком на 2 года. Должность старшего султана также являлась выборной, но участвовать в выборах старшего султана могли только султаны, знать «черной кости» к этим выборам не допускалась. Округа делились на волости, причем в определении границ волостей наблюдалось то же пренебрежение к существующим в казахском обществе делениям, как и при определении границ округов. Во главе волостей стояли выборные из султанов – волостные правители. Формально участвовать в выборах волостного правителя могла знать как «белой», так и «черной кости».

Однако эту выборность Устав пытался своеобразным путем сочетать с наследственностью должности. § 31 Устава указывал, что «право их (волостных султанов) на управление волостями должно переходить только по одной нисходящей линии и по первородству, но и в том случае, согласно с нынешними обычаями, должно предварительно потребовать согласие общества, которое может избрать и другого султана, но не вверяет ему власти без утверждения областного правления». Волостные старшины исполняли судебные приговоры и все распоряжения окружного приказа. Наконец, низшими представителями власти являлись аульные старшины, выбираемые согласно Уставу только «простым народом», без участия султанов. Аульные старшины не получали жалованья и чинов в противоположность старшим и волостным султанам.

Старшие и волостные султаны, а также аульные старшины являлись представителями полицейской, административной власти. Власть судебная, по гражданским искам, была оставлена в руках биев. Однако постановление бия могло быть обжаловано областному начальству, которое опять же через посредство окружного приказа «дает таковым делам следственный ход и решает оные также по степным киргизским законам». Иными словами, Устав открывал для окружных приказов возможность вмешательства и в судебные дела. Решение же уголовных дел должно было происходить по русским законам. В результате значение суда биев было значительно подорвано.

Но Устав изменял не только систему управления, но и характер повинностей, лежавших на казахам. Новые повинности вводились

постепенно по мере организации округов и по истечении пятилетнего льготного срока, в течение которого казахи освобождались от несения всех повинностей. По прошествии пяти льготных лет казах должен был платить ясачную подать в размере 1 % со всего скота, кроме верблюдов. Взимался ясак натурой, но можно было вносить его и в денежной форме из расчета: за лошадь – 10 руб., за голову рогатого скота – 5 руб. 75 коп., за барана – 28 коп серебром. Впоследствии, в 1852 г., этот ясак был увеличен. Раскладка ясака делалась согласно описи скота, составляемой на три года. Взимался ясак один раз в год, обычно летом.

С введением в жизнь Устава на казахов налагалась и постоянная повинность, хотя непосредственно Уставом она и не предусматривалась. Так, для чиновника, толмача и прочих проезжающих через степь должна была выставляться при остановке особая юрта. При проходе войск для ночлега с аулов собирались юрты, которые не всегда возвращались их собственникам. Кроме того, казах при остановке в его юрте проезжего чиновника должен был его накормить. Если проезжий останавливался в юрте бедного казаха, то раскладка на угощение делалась на весь аул.

Наконец, Устав вводил подводную повинность, для казахов совершенно новую. По Уставу на лошадях казахов должны быть установлены правильные сообщения как между окружным приказом, с одной стороны, и волостями и аулами, с другой, так и сообщения между аулами и волостями.

Очень обременительной была новая обязанность казахов поставлять почтарей. Понятно поэтому, что в некоторых округах, как например в Каркаралинском, казахи сдавали почтовую повинность особому почтодержателю, которому платили с каждого аула деньги, а он уже отвечал за все то, что требовалось окружным приказом для выполнения этой повинности.

Кроме этих тяжелых повинностей, на казахов возлагались сборы на бедных, фактически в своей значительной части присваиваемые окружными султанами, сбор на султанов за ходатайства их перед русскими властями за казахов и, наконец, сбор на духовенство». *Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 5-т., Астана, Ел-шежіре, 2007.*



ҰЖЫМШАР, ұ ж ы м д ы қ ш а р у а ш ы л ы қ (орыс. *колхоз*) – Кеңес өкіметі тұсында құрылған ұжымдық шаруашылық нысандарының бірі. А. ш.-н соц. жолмен қайта құру шеңберінде құрылған бұл шаруашылықтың үш нысаны мәлім, олар: а.ш. коммуналары, жерді бірлесіп өңдеу серіктестіктері (мойынсеріктер) және кеңестік а. ш. құрылымында осы нысандардан бірден-бір құрылымға айналған а. ш. артельдері. Еңбек шығынын есептеу және еңбекақы қорын бөлу үшін пайдаланылатын еңбек күннің, бөлінбейтін қор санатының, жерді пайдаланудың ерекше жүйесінің (мемл. меншік болып табылатын жерді «мәңгі» пайдалану), өзіндік қосалқы шаруашылықтың болуы, машина-трактор ст-лары жүйесінің (МТС, кейін таратылды) қызмет көрсетуі ұжымдық шаруашылықтың ерекше нысаны ретіндегі Ұ-ға тән сипат болды. Кеңестік саяси экономияда және агр. экон. ғылымда Ұ. өндірістік а. ш. кооп-тері ретінде қарастырылды. Әсіресе, жаппай күштеп ұжымдастыру (1929–33) барысында ол мұндай кооп. бола алмады, өйткені негізгі кооп-тік қағидаттар, ең алдымен бірігудің еріктілігі, кооп. мүшесінің өзінің үлеспұлдық жарнасына, сондай-ақ жер үлеспұлы, шаруашылық қызметті өзін-өзі басқару негізінде жүзеге асыру қағидаттары сақталмады. Мал өсірумен айналысатын көшпелі қазақ жерінде «аша тұяқ қалдырмай» күштеп ұжымдастыру қазақ халқына ауыр соққы болып тиді, елді күнкөрісінен айырып, ашаршылыққа ұшыратты, қазақтардың жаппай қырылуына, босып кетуіне апарып соқтырды. Ұжымшарлық сектор шын мәнінде нақты шаруашылыққа тек өнімді сату жөніндегі мемл. тапсырманы ғана емес, егіс алқаптары мен мал саны, т.б. жөнінде де жеткізуді көздеген бір орталықтан жоспарлаудың бірыңғай жүйесіне енгізілді. 20 ғ-дың 60-жылдары ұжым-

шар мүшелерінің өз еңбегіне материалдық мүдделілігін күшейту жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Еңбек күн белгілі бір деңгейде кепілдік берілген ақшалай еңбекақымен ауыстырылды, өнімді еркін өткізу арналары бойынша сатып алу кеңейтілді, жоспардан тыс сатып алуға жоғарылау баға белгіленді. Өндірістің құрылымын айқындауда шаруашылық дербестік кеңейтілді, іс жүзінде шаруашылық есеп нығайтылды, еңбекті ұйымдастырудың жаңа нысандары қолданылды. 1969 ж. Ұ-дың жаңа жарғысы қабылданды, ол Ұ. жүйесіне оны демократияландыру және материалдық ынталандыруды күшейту саласында өзгерістер енгізді. Алайда бұл өзгерістер Ұ-дың жалған кооп-тік негіздерін өзгерткен жоқ. Сонымен қатар Ұ-да қоғамдастыру деңгейінің одан әрі жоғарылауы мақұлданды, ұжымшарлық-кооп-тік меншіктің мемл. меншікке жақындап, кейіннен қосылу бағыты жүргізілді. Ұ-ды жоспарлы мемл. басқару басым болып қала берді. Қазақстанда нарықтық қатынас жағдайында бұрыннан келе жатқан аз ғана Ұ-лар жекешелендіріліп, а. ш. серіктестіктеріне айналдырылған.

С.Тоқсанбай

ҰЗАҚ Саурықұлы (1855, Жетісу губ., Жаркент уезі – 13.8.1916, Қырғызстан, Қарақол қ.) – батыр, 1916 ж. Жетісудағы Қарқара көтерілісі басшыларының бірі. Әкесі Саурық батыр Жетісу жерін жоңғар-қалмақтардан



Ұзақ батыр

азат етуге белсене қатысқан. Тегі албан руының құрман атасынан шыққан. Ұ. ел билігіне жас кезінен араласты. 1895 ж. жұт қаупі төнгенде қалың жылқысын Қытай жеріндегі тау ығына қыстақаны үшін Қытай билеушілері Ұ-тың үстінен Жетісудағы патша



әкімш-не шағым түсірді. Ұ-ты тұтқындауға келген казак-орыс жасақтарымен болған қақтығыста бірнеше адам қазаға ұшырап, арнайы жазалаушы жасақ шықты. Олар батыр Құлжа өңірінде жасақ жинау мақсатымен жүргенде ауылын шауып, Ұ-тың ұлы Рүстемді өлтіріп, туыстарын түгелдей тұтқындады. Ұ. Қырғызстандағы патшаның жергілікті әкімш-не өзі барып, оны 7 жылға соттады. Батыр жазаның 5 жылын өтеп, қалған 2 жылына ақшалай айып төлеп, елге оралды. Отаршыл Ресейдің жергілікті әкімш-нің казак жерін тартып алып, еселей салық салуына қарсы шыққан Ұ. кейіннен екінші рет жауапқа тартылып, тағы да екі жылға сотталды. Жергілікті билік шешімдеріне қарсы шыққаны үшін үшінші рет Верный түрмесіне қамалған. Ұ батыр 1916 ж. шілденің бас кезінде майданның кара жұмысына кісі алу жөніндегі патша үкіметінің жарлығына қарсы үгіт жұмыстарын жүргізді. Ұ. пен Жәмеңке Мәмбетұлы басқарған Жаркент уезіндегі Нарынқол – Шарын учаскесінің 1000-нан астам тұрғыны 1916 ж. 11 шілдеде Қарқара жайлауында бас қосып, майданның кара жұмысына адам бермеуге келісті. Егер патша үкіметі өз жарлығын күшпен жүзеге асырмақ болса, оған қарулы көтеріліспен жауап беру туралы байлам жасалды. Осыдан бастап Ұ. төңірегіне көп адам топтасты. Толқудың қарулы көтеріліске ұласып кетуінен сескенген патша үкіметінің жергілікті органдары 1916 ж. 22 шілдеде Ұ-ты бірнеше серіктерімен тұтқынға алып, Қарақол түрмесіне айдады. 12 тамыздың түнінде тұтқындарға күзетшілер кенеттен оқ жаудырған сәтте түрмеден қашып шыққан Ұ. батыр қапыда қаза тапты. Ұ-тың қайда жерленгені белгісіз. Кейбір әңгімелерге қарағанда Кеген а. түбіндегі бабасы Түменбай есімімен аталатын бұлақ басындағы зиратқа қойылған. Ұ-тың алғаш рет көтерілісшілердің басын қосқан жерін халық «Ереуілтөбе» деп атап кеткен. Ол М.Әуезовтің «Қилы заман» повесінің басты кейіпкерлерінің бірі.

ҰЗЫНАҒАШ ШАЙҚАСЫ – 1860 ж. 18–21 қазан аралығында Қоқан хандығы мен патшалық Ресей өкіметі әскерлерінің арасында қазіргі Ұзынағаш а. маңында (Алматы обл. Жамбыл ауд.), Қастек өз. бойында өтті. Полк. Г.А. Колпаковский басқарған патша өкіметі әскері 3 рота жаяу әскерден және 400 казактан тұрды. Оларда 4 зеңбірек және 2

ракеталық станок болды. Қанағат шаһ басқарған коқандық әскер 19 мың адамды құрады. Олардың қатарында коқандықтарды қолдаған 10 мыңға жуық казак болған. Сыздық сұлтан және Тойшыбекұлы Байсейіт қол бастап, коқандықтар жағында шайқасты. Әскер санының басымдығына қарамастан, коқандықтар мықты қаруланған патша әскерлерінен жеңіліс тапты. Ұ. ш. кезінде коқандықтардан 400 адам оққа ұшып, 600-і жарақат алды, ал орыстар жағынан 2 адам қаза тауып, 32-сі (арасында полк. Колпаковский бар) жарақаттанды. Ұ. ш-нда орыстардың жеңіске жетуі олардың Жетісу өңіріндегі билігін нығайтуға ықпал етті.

ҰЛТ – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі. Сонымен бірге көптеген ұлттардың ортақ аумағы, ортақ экономикасы, сол ұлт өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады. Ұ. қалыптасуында адамдардың бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетик. тек те маңызды рөл атқарады. Осындай талап тұрғысынан қарастырғанда «ұлт» және «этнос» ұғымдары біріне-бірі өте жақын, екіншісі біріншісінің туып, қалыптасуына негіз болады. Этностан айырмашылығы Ұ-тар этн. белгілерге қоса саяси, экон. және әлеум. белгілерге ие болады. Жер шарында 2 мыңнан астам Ұ-тар мен этностар бар. Олар 5 мыңнан астам диалектілерде сөйлейді. 330-ға жуық этностың 1 млн. және одан көп өкілдері бар. Ал қалған 1700-ден астамы 1 млн-ға жетпейтін адамы бар аз санды этностар қатарына жатады. Осыншама көп санды Ұ-тар мен этностар әлемде 200-дей мемлекетке біріккен. Бірнеше миллион халқы бар көптеген этностардың жеке, тәуелсіз мемлекеттері жоқ. Ұлттық өмір мен ұлтаралық қатынастардың өте күрделі екендігін осы деректерден-ақ көруге болады. Олардың арасында жерге, қазба байлықтарына, билікке, тілге байланысты этн. қайшылықтар тоқтаусыз жүріп жатады. Мыс., Таяу Шығыстағы еврейлер мен арабтардың жер үшін таласы, Испаниядағы, Ресейдегі, Солт. Ирландиядағы, т.б. елдердегі этноқайшылықтар ұзақ жылдар бойы үздіксіз жалғасуда. 19–20 ғ-ларда аз санды этн. топтар аса жылдам ассимиляциялана бастады. Мыс., 1939 ж. өткен халық санағында Кеңес Одағында 193 этнос, ал 1959 ж. 135 ұлт пен ұлыс ресми тіркелген. Немесе 20 жыл ішінде 60-қа жуық саны



аз этн. топтар жойылып, ассимиляцияланып кеткен. Жаһандандыру заманында көп этн. мемлекеттерде ірі титулды этностардың аз санды топтарды ассимиляциялау арқылы жұту саясаты толастар емес. Өркениетті, дамыған мемлекеттерде аз санды халықтар қоғамның объективті талаптарына сәйкес, көп санды, басым Ұ-тың мәдениетін, тілін, дәстүрлерін еріксіз қабылдауға мәжбүр. Ұлттық қозғалыстардың түпкілікті, көкейкесті мақсаты жеке, тәуелсіз мемлекет құру болып есептелінеді. Ұ-тың өзін-өзі билеу принципі ұлы Француз революциясынан бері қарай қандай да болмасын ұлтшылдық доктринасының негізі болып келеді. Этн. қайшылықтарда өзара қарсылас жақтар осы принципке сүйенеді. Әділетке жүгінсек әрбір этностың жеке мемлекет болуына ешқандай объективті мүмкіндіктер жоқ. Мемлекет жасаушы аса ірі, көп санды суперэтностар ешқашан өзінің заңды, әлем мойындаған аумағы шеңберінде аз санды этностардың жаңа мемлекеттерінің құрылуына көнбейді. Осыны Ресейдегі, Канададағы, Түркиядағы, Қытайдағы, Үндістандағы, т.б. мемлекеттердегі этн. қайшылықтардың саяси тәжірибесі үнемі дәлелдеп келеді. Қазіргі этн. үрдістерде «ұлттардың өзін-өзі билеуі құқын» бірінші кезекке қою аса қауіпті екендігі белгілі болып отыр. Ал Кеңестік империяның дағдарысы жағдайында заң жүзінде жеке статусы бар мемлекеттер, іс жүзіндегі тәуелсіздігін оңай алып шықты. 130-дай этн. топтар мен диаспоралар өмір сүріп отырған Қазақстан үшін ел халықтарының «ұлттардың өзін-өзі билеу құқын» талап етуі терең қайшылыққа соқтыратыны белгілі. Ұ. ұғымын түсіндіруге ұмтылатын қазіргі кең тараған тұжырымның бірі «қайнатушы қазан» тұжырымдамасы. Бұл идеяны іске асырушы ретінде АҚШ-ты алуға болады. Америка ұлтының өкіліне оның этн. шығу тегі маңызды емес, оның Америка азаматы болуы маңызды. Ұ. мәселесін шешудің келесі жолы «мәдени-ұлттық автономия» тұжырымдамасы. Ол 19 ғ-дағы австриялық-венгриялық социалистердің идеяларынан шықты. «Мәдени-ұлттық автономия» доктринасы бойынша әрбір этностың жеке мемлекет құруға ұмтылуы мүмкін емес. Сондықтан олардың тілдік, мәдени талаптарының орындалуына жағдай жасау қажет. Қазақстан Республикасының жүргізіп отырған этносаясатының идеялық тамырлары осы

«мәдени-ұлттық автономия» тұжырымдамасына сүйенген деп айтуға болады. Дегенмен, осы тұжырымдамалардың әрқайсысының осал тұстары бар. «Қайнатушы қазан» доктринасы мемлекет халқының бір Ұ. болғанын қалайды. Мұндай елдерде аз санды этн. топтар өте жылдам ассимиляцияланып кетеді. «Мәдени ұлттық автономия» доктриналары да шектеулі. Өздерінің этномәдениеттерін, тілдерін дамыта алғанымен ортақ ұлттық мүдде басқа жекелеген мүдделерді басып кетеді. Сөйтіп, этн. жандану жалпы ұлттық бірігуге бағындырылады. Әділетті дамуды «ұлттардың өзін-өзі билеу құқы» тұжырымдамасы да шеше алған жоқ. Көп этн., көп дінді мемлекеттер жағдайында Ұ-тарға өзін-өзі билеу құқығын беру елдің біртұтастығын бұзуға алып келеді. Қазақстанда негізгі автохтонды бір ұлт, бір этнос бар. Ол – қазақ халқы. Басқа 130-ға жуығы елдегі этн. топтар мен диаспоралар. Қазақ Ұ-н қалыптастырған шешуші этнос жасаушы белгілер ретінде қазақтың ортақ аумағын, ортақ мемл-н, ортақ тілін, діні мен ділін, ортақ тарихи тағдыры мен психол. ерекшелігін, ортақ этногенет. тегі болуын атау керек.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС – ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, шетелдік үстемдікті, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталған күрес. Бұл қозғалыстар орта ғасырлардан бастау алады. Орта ғасырларда халықтар мен ұлттық топтар жат жерлік езгіге қарсы күресіп, өздерінің өмір сүріп, даму құқықтарын қорғады. 16–19 ғ-ларда ұлттық сананың өсуі шетелдік құлданушылар мен езгіге ұшыраған халықтардың арасындағы қарама-қайшылықтардың шұғыл шиеленісуіне себеп болып, жат жерлік үстемдікке қарсы күреске шаруалар мен қала халқының қалың топтары тартылды. Оған капит. қатынастардың дамуы нәтижесінде жалпы ұлттық рыноктың құрылуы себеп болды. Мемлекеттілігі жоқ немесе одан айрылған халықтардың ұлт-тық мемлекеттер құруға ұмтылысы үстем ұлттардың қарсылығына ұшырады. 18–20 ғ-ларда қазақ даласында Ресей отаршыларына қарсы бірнеше ірі-ірі Ұ.-а. қ. болып өтті. Ұ.-а. қ. көсемдері: Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Жанқожа, Амангелді, т.б. қазақ халқының жадында ұлт батырлары ретінде қалды.

Н.Әшірөв



«ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС» ҰҒЫМЫ-НА ЖАЛПЫ СИПАТТАМА. 18–19 ғ-ларда қазақ халқы сырттан төнген басқыншылыққа үздіксіз күрес жүргізді. Қазақ қоғамы 18 ғ-дың алғашқы жартысында Жоңғар хандығымен, оның артын ала Цинь империясымен, Орта Азия хандықтарымен өз еркіндігі үшін тынымсыз күрес жүргізіп, ең соңында Ресей империясымен бетпе-бет келді. Көшпелі мал ш-на сүйенген және өз ішіндегі феодалдық алауыздықты жеңе алмаған Жоңғар хандығы жеңіліске ұшырап, жері Цинь патшалығына қарады. Шамамен осындай дәрежедегі қазақ елін Ресей империясы өзіне қосып алды. Сөйтіп, екі-үш ғасыр бойы Орт. Азиядағы елеулі күш ретінде танылған қазақ және жоңғар мемлекеттері көрші қуатты империялардың тегеурінді ілгері жылжуын тоқтата аларлықтай қарсылық көрсете алмады. Ұлт-азаттық қозғалыс – отар елдерге тән тарихи құбылыс. Оның басты мақсаты – ұлтты езгіден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін қалпына келтіру және отаршылдық билікті жою арқылы ұлттық дербестікке қол жеткізу. Яғни, ұлт-азаттық қозғалыс – отар халықтардың отарлық езгіге қарсы жалпы халықтық күресі. 18 ғ-дағы қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық жолындағы күресі Отан қорғау мақсатын көздеді. Елдің бір бөлігі жау қолында қалған жағдайда оны азат ету ісі жалпыұлттық міндетке айналды. Отан соғысы мен ұлт-азаттық қозғалыстың мақсаты ортақ – елдің мемлекеттік тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сыртқы қауіптен қорғау. Сондықтан бұл ұғымдар бір-біріне жақын, мазмұны жағынан өзара астасып жатыр. Дегенмен ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұны тереңірек. Ұлт-азаттық күрес қоғам өмірінің барлық салаларымен байланыста дамиды. Мұндай байланыстылық тек саясат пен экономикадан ғана байқалып қоймай, қоғамның мәдени-рухани жағын да қамтиды. Ұлт-азаттық қозғалыс ұлттық, әлеум., экон., саяси, діни, рухани қайшылықтардың түйіні. Демек, ұлт-азаттық қозғалыстар туралы жан-жақты шынайы тарихи негізде оқып-үйрену қажет. Қазақ халқының төл тарихы революцияға дейін де, кеңестік дәуірде де отаршыл саясат, таптық идеология, еуропоцентристік қағидалар тұрғысынан зерттелді. Отаршылдық дәуірде ұлт-азаттық кү-

рестерге «бүлік» деген айдар тағылды. Ал оған қатысушылар «бүлікшілдер», «тонаушылар» аталды. Ресейдің империялық пиғылдарына қарсы, жалпы адамзаттың өркениет көшінде өз этносын сақтап қалу жолындағы халықтың азапты күресі жоққа шығарылды. Осылайша ұлт-азаттық қозғалыстардың толыққанды тарихына қатысты талай шындықтар бұрмаланды. Аса қиын сыртқы саяси жағдайлар Әбілқайыр мен Әбілмәмбетті, Абылай ханды Ресейдің қол астына кіруге мәжбүр етті. Солай бола тұрса да, Ресейдің Кіші жүз бен Орта жүзді өзіне қосып алуы күрделі де қайшылықты жүрді. Мыс., Кіші жүздің ханы Әбілқайырды Орта жүздің белгілі сұлтандарының бірі Барактың өлтіруі қазақ қоғамындағы дағдарысты аңғартады. Ал Абылай ханның қайтыс болуы Орта жүз бен Ұлы жүз аумағында да саяси дағдарыс туғызып, хандық биліктің әлсіреуіне әкелді. Патша үкіметі бұдан былай қазақ хандарының іс-әрекетіне бақылау жасап, хан тағына қабілетті, беделді үміткерлерді жібермеуге күш салды. Керісінше, Ресей бағытын жақтаушы хандарды тағайындап, қазақ қоғамын жікке бөлуді одан әрі жалғастырды. Сондықтан отаршылдыққа қарсы күрестің бастапқы кезеңіндегі көтерілістерге Ресей бағытына қарсы рубасылары, билер, батырлар басшылық етті. Ресей империясының 19 ғ-дың 20-жылдарындағы реформалары қазақ мемлекеттілігін түпкілікті жоюды көздеді. Бұл өз кезегінде Қазақ жерінің тұтастығын көздеген сұлтандар Саржан және Кенесары Қасымұлы бастаған кең ауқымды ұлт-азаттық қозғалыстарды тудырды. 19 ғ-дың ортасы мен екінші жартысы қазақ жерлерінің Ресейге қосылуының аяқталу кезеңі болып есептеледі. Қазақстанның Ресейге қосылу дәуіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарға К.Қасымұлы, Ж.Нұрмұхамедұлы, Е.Көтібарұлы, т.б. бастаған көтерілістерді жатқызуға болады. Отаршыл Ресей үкіметінің әр түрлі әкімш.-саяси шаралары қазақ көшпелі қоғамының дәстүрлі құрылымын бұзды. Мұның өзі оның қоғамдық өмірінде үнемі дағдарыстық құбылыстар туғызып отырды. Бұл фактор өз кезегінде мақсат-мүдделері мен табиғи құқығы аяқ асты болғандардың танды қарсылығын тудырды. Қоғам дамуындағы тепе-теңдіктің бұзылуы сол қоғамның барлық әлеуметтік элементтерін азаттық



күрес аясына тоғыстырды. 18–19 ғ-лардағы қазақтардың тәуелсіздік үшін күресі орыс отаршылдығы өзімен бірге ала келген қоғамдық өзгерістерге қарсы күрес ретінде көрінді. Ал, шын мәнінде, бұл қазақ халқының ұлт-азаттық күресі, сонымен бірге екі өркениеттің, екі этностық жүйенің арасындағы қақтығыс еді. Ұлт-азаттық қозғалыстардың барысында отаршылдық үкімет жойып жіберген хандық билікті қалпына келтіру әрекеті байқалды. Көтерілісшілер өзінің ұлттық мүддесін қорғайтын мемл. белгілерін қайта жаңғыртты. Қазақ халқының Ресей отаршылдығына қарсы тәуелсіздік жолындағы күресі ұзаққа созылып, 18 ғ-дың екінші жартысы мен 20 ғ-дың 80-жылдары аралығын қамтыды. Халық бұқарасының алғашқы әрі тегеурінді әрекеттерінің бірі Сырым Датұлының қолбасшылығымен болған қозғалыс. Кіші жүз қазақтарының көтерілуіне қазақтардың «ішкі жаққа» – Жайық сыртына өтуіне патша өкіметінің тыйым салуы, қазақ билеушілерінің бір бөлігінің құқықтарымен санаспауы негізгі себеп болған еді. Сырым қазақ қоғамындағы билердің рөлін көтеру мақсатын көздеді. Сонымен қатар хандық билікті келтіруге де өз келісімін берді. Дегенмен қозғалыстың отаршылдыққа және хандар зорлығына қарсылық сипаты соңғы кезеңге дейін сақталды. 1836–38 жылдардағы Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс халық бұқарасының отаршыл билікке, сондай-ақ сол билікке сүйенген Жәңгір хан бастаған феодалдар тобына қарсы ашу-ызасының сыртқа шығуы еді. Бұл ретте Исатай Тайманұлы бастаған қозғалыс қазақ топырағындағы ашық әлеум.-таптық сипат алған алғашқы қоғамдық қарсылық болды. Осы көтеріліс оған дейінгі қозғалыстардан ерекшелуіне болатын. Бұл уақытта қазақ жерінің негізгі бөлігі Ресейдің қол астына еріксіз еніп, отаршылдық саясат барған сайын өктем сипат ала түскен еді. Хандық биліктің жойылуы, жаңа әкімшілік басқару жүйесінің енгізілуі, қазақтардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы, міне, осының бәрі көтерілістің патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытын айқындап берді. Бұл стихиялы көтеріліс бола тұра, көтеріліс басшысы мен оның жақтастарының Ақбұлақ түбіндегі шайқасқа дейін табандылықпен күресті. Ал көтеріліске қатысқан кейбір билер тобының тұрақсыз әре-

кеттері, жазалаушы күштердің басымдылығы көтерілістің жеңіліске ұшырауын жылдамдатты. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихында ауқымдылығы, қуаттылығы жағынан ең ірісі 1837–47 жылдардағы көтеріліс. Көтерілістің басталған уақыты патшалық Ресейдің қазақ жеріне тереңдей еніп, әкімшілік-әскери шараларымен әлі де болса дербестігін сақтап тұрған аудандарға жеткен кезеңіне тұспа-тұс келді. Орта жүздегі оқр. басқару жүйесіне қарсы басталған бұл көтеріліс Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлының басшылығымен жүзеге асты. Қозғалыс 10 жыл бойы Ресейдің саясатына ықпал ете отырып, Орта және Ұлы жүздердің басым бөлігінің Ресейдің қол астына еріксіз кіру мерзімін біраз уақытқа болса да кейінге шегерді. Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс жеңіліске ұшырағаннан кейін ғана Орта жүз толығымен Ресейдің құрамына енді. Патша үкіметі Ұлы жүз иеліктеріне ауыз салуға мүмкіндік алды. Көтеріліс әлі де толығымен Ресейдің құрамына кіре қоймаған аудандарды, ауқымы жағынан бүкіл Үш Жүзді қамтыды. Кенесары қозғалысы сол тұста дербестігін сақтап қалған жерлерде орыс отаршылдығының тереңдей түсуіне қарсы бағытталды. Қазақ елінің Ресей империясының құрамына енгеннен кейінгі уақыттағы азаттық қозғалысын қозғаушы күштер мен күрес тәсілдеріне байланысты мынадай кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші кезең – 18 ғ-дың соңы және 19 ғ-дың екінші жартысы аралығын қамтиды. Қазақ қоғамындағы қалың бұқара атсалысқан азаттық қозғалыстың бұл алғашқы кезеңінде белгілі объективті себептерге байланысты билеуші әлеум. топ жетекші рөл атқарды. Сырым Датұлы (1783–97 ж.), Исатай Тайманұлы (1836–38 ж.), Кенесары Қасымұлы (1837–47 ж.), Есет Көгібарұлы (1847–58 ж.) және Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1856–57 ж.) бастаған көтерілістер, ең алдымен, отарлық езгіге қарсы наразылықтың көрінісі болатын. Ұлттың саяси белсенді тобы ұлттық тәуелсіздікті қорғау ісінде орасан зор табандылық танытқанымен, қазақ қоғамының шектеулі экон. мүмкіншілігінен асып кете алмады, қару күші, экон. қуаты мен отарлау әдіс-айласы басым империялық жүйе дегеніне жетті, халықтың қарсылығын күшпен басты. Ендігі уақытта сұлтан, батыр мен би сияқты әлеум. топтардан тұрған басқару-



шы элита жалпыұлттық мәселелерді шешу ісінде өз рөлін жоғалта бастайды. Ұлт-азаттық қозғалыстың келесі екініші кезеңі зиялылар тобының қызметімен байланысты. 1867–68 жылдардағы әкімш. реформасы қазақ қоғамында дербестіктің ізін де қалдырмады, ал 1886 ж. (Түркістан уәлаяты бойынша) және 1891 ж. күшіне енген Ережелер қазақ жерін орыс мемлекетінің меншігі деп жариялады. Столыпиннің аграрлық реформасы тұсында жүргізілген орыс шаруаларын қазақ жеріне әкеліп жаппай қоныстандыру шаралары қазақ қоғамының дәстүрлік құрылымына әсер етпей қоймайды. Міне, осындай жағдайда ұлт тағдыры мен оның табиғи сұраныс-тілектерін, сондай-ақ ұлттық мүмкіндіктерді ортақ мақсаттарға жұмылдыра алатын заман талабына сай қабілетті әлеум. күш өзін көрсете бастайды. Ол ұлт зиялылары еді. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатов бастаған бұл топ ұлттық құндылықтарды қорғау және негізгі мақсат-міндеттерді анықтау тұрғысынан халық ағарту ісін негізгі мұрат ретінде алға тартты. Газет-журнал және кітап бастыру ісі қолға алынды. Заман сұранысына жауап реакция ретінде өмірге қазақ ұлтшылдығы келді. Бұл сыртқы экспансияға қарсы және оны тоқтатуды көздейтін, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды қорғау және оларды жаңғырту ұстанымындағы ұлтшылдық болатын. Ұлттық күрестің негізгі идеялық тіректері қазақ жерінің тұтастығын сақтау, ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру, ана тіліне негізделген білім жүйесін қалыптастыру сияқты ұғымдардан тұрды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс ресейлік биліктің терең дағдарысқа келіп тірелгендігін, қазақ халқының отарлық езгіге қарсы шығуға әзір тұрғандығын көрсетті. 1917 жылдың күзінде «Алаш» партиясының өмірге келуі, осы жылдың соңына қарай Түркістан (Қоқанда) және Алаш (Орынборда) автономияларын құру туралы шешімдердің қабылдануы ұлт-азаттық қозғалысының империядағы басқа да азаттық үшін күресуші күштермен бірлікте жүргізген қызметінің басты нәтижелері болды. Ұлт-азаттық күрестің келесі үшінші кезеңі Кеңестік билік жағдайында жүрді. Жер мәселесінің толық шешімін таппауы, ішкі Ресейден қазақ жеріне қоныс аударудың толастамауы, өнеркәсіптің шикізаттық сипат алуы, орыстандыру үдерісі,

қазақ ұлтының өзін-өзі мемлекеттік басқару үмітінің ақталмауы азаттық үшін қозғалыстың жаңа мазмұн алуына негіз болды. Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Ж. Мынбаев және басқа белсенді қайраткерлерден тұрған саяси топ, алашшыл элитаның келесі екініші буыны болатын. Бұл буын өзінің бар күш-жігерін кеңестік автономияға ұлттық мазмұн беруге жұмсады. Империялық күштер олардың бұл қызметін саналы түрде бұрмалап, «буржуазиялық ұлтшылдықтың» немесе «ұлтшыл шектеуліктің» көрінісі ретінде бағалады. 20 ғ-дың 20–30-жылдары мемлекет тарапынан тынымсыз жүргізілген саяси қуғын-сүргін алашшыл ұлт зиялыларының аталған екі буынын да жойды. 20–30-жылдар аралығында күштеп ұжымдастыруға қарсылық ретінде көрінген 372 шаруалар көтерілісі саяси жетекшісіз қалған бұқара халықтың зорлықшыл саяси жүйеге көрсеткен ашық қарсылығы болды. Кеңестік тоталитарлық жүйе орнағаннан кейінгі мезгілде азаттық үшін күрес шетелдік эмиграция күшімен жүргізіле бастады. Ал оның ең ірі өкілі Мұстафа Шоқай болды. Ол өзінің басшылығымен Париж және Берлин қалаларында шығып тұрған «Жас Түркістан» журналында (1929–939 жылдары) үздіксіз жариялап отырған мақалалары мен зерттеу еңбектері арқылы отандастарының талап-тілегін әлемдік қауымдастыққа жеткізу міндетін өз мойнына алды. Осы бағытта ол азаттық қозғалысқа өлшеусіз үлес қосып, жаңа тарихи кезеңде ұлттық сананың қайта жаңғыруына зор ықпал жасады. 20 ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалысқа тән ерекшелік – оның тағдырлас көрші түрік халықтарымен күш біріктіруге ұмтылысы болды. Қай тұрғыдан болсын мұндай әрекет 1917 жылғы революциялық өзгерістерге шейін қазақ және татар, 1916–17 ж. қазақ пен қырғыз және өзбек, азамат соғысы тұсында қазақ пен башқұрт азаттық қозғалыстарының өзара саяси қолдаушылық әрекеттерінен анық байқалды. Кеңестік дәуірде республика тұрғындары Коммунистер партиясының орталық органдарының саясатына қарсы наразылық білдіріп отырды. 1929–31 ж. күштеп ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілістері, 1959 ж. Теміртаудағы әлеум. жағдайлардың ескерілмеуінен туған жұмысшылар толқулары, ұлт саясатындағы қателіктер себеп болған 1979 ж. Целиноградта-



ғы оқиғалар да сондай қарсылықтардың бірі еді. 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі қазақ халқының тәуелсіздік үшін жүргізген ғасырлар бойғы күресін аяқтады. Міне, бұл келтірілген деректік материалдар мен тұжырымдар қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының күрделі жолмен жүріп өткендігін, сондай-ақ осы жолда негізгі мақсат пен мүддесінен ауытқымағандығын айғақтайды.

Әдеб.: Қазақстан тарихы: аса маңызды кезендері мен ғылыми мәселелері (жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық) / М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. / А., Мектеп, 2007.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ САРТАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ. Сартай батыр жайлы деректердің мол шоғыры 18 ғ-дың 80–90 жылдарымен тұспа-тұс келеді. Кіші жүздің Сырым Датұлы, Қаратау би, Софы би, Бөдене би, Тормамбет би, Сартай би және т. б. елуден астам би-батырлары 1785 жылдың 21 шілдесінде Екатерина II патшайымға Нұралы ханды тақтан түсіру жөнінде өтініш жазады: «Ее, величеству всемогущей великой императрице и самодержице всея России и прочих, и прочих краев повелительнице, государыне Екатерине Алексеевне. Аксакалов и всего верноподанного ее величества народа Малой Орды киргиз-казахского журта прошение. Мы, простой народ Малой Орды киргиз-казахского журта, люди все, исключая хана и начальства, совершающие набеги на российский журт в гневе на Нур-Али хана в виду его дурного отношения к российскому журту, и не совершающие набегов, все в одинаковом положении и с равным единодушием единодушно обещали: ни в коей мере не оспаривать и не сопротивляться повелениям и ярлыкам ее величества падишаха, если будут отстранены от ханства дети Абулхайр хана и не будут приниматься во внимание все письма Нур-Али хана. При этом условию мы все старосты и весь народ Малой Орды обещаем повиноваться и потому признаем величие журта ее и. в. и будем исполнять ее волю, а падишаха, ее величество, признаем милостивой и милосердной. Признаем, что происходившие до сего времени у нас с вами взаимные перестрелки и набеги (возникали) по причине губительных действий Нур-Али хана, из-за его честволюбия и

жадности. Он (причинил) бесконечное и бесчисленное множество подлостей как киргиз-казахскому журту, так и журту России. Знает ли ее величество падишах об этих его предательствах? Возводить такого предателя в ханы и правители, не зная о том, едва ли уместно. Если вы не отстраните детей Абулхайр хана от ханства, у нас с вами не будет мира и спокойствия, не потому что мы терпим от падишаха что-либо худое, а в виду злодейства хана. Поэтому мы единодушно решили не вести с вами переговоров и не заключать мира, до тех пор (пока он не будет отстранен). Прежнее наше условие с вами было нарушено жадностью хана, а настоящее он нарушит, если не будет изгнан из нашей среды. В случае, если вы примете настоящее условие, просим освободить всех находящихся в ваших руках пленных и заложников; в особенности и прежде всего пришлите, сделав милость, Шукур-Али, который был торговцем на Белом базаре и хорошо знает способы успокоения нашего журта. При этом мы отправили посланными от народа следующих 5 человек: муллу Шафибахадур, Абдуллатифа Бухари, Искендербая, Мажанбахадур и Женкибая. За неимением у нас, киргиз-казахов, печати, мы поставили имена всех аксакалов на месте печати. Рода Шекты: Кудаш бий, Сегизбай, Баиш бий, Нурбай бий, Сартай бий, Жан-Сары. Рода Торткара: Отыбас бий, Кара-Кобек бий, Тилбай бахадур. Рода Каракесек: Айдарбек, Кара-жан бахадур. Рода Шомекей: Арсланбай бахадур, Актан бий. Рода Кете: Коккоз бий, Макул бахадур, Отеп бахадур. Рода Алаш: Азамат бий, Сафар бий, Отевли бий. Рода Серкеш: Тормамбет бий, Есен-Аман бий, Косем бахадур, Жаркын-бай. Рода Тазлар: Колжабай. Рода Ысык: Берды-Али бий, Каратау, Косек-бай...» Өтініште Сартай бидің есімі жазылған. Бұл хатты сол кездегі Кіші жүздің пірі болған Әбду-жәлел Қосымқожаұлы мен Сырым батыр бекіткен. Сартай батыр жайлы келесі деректерді О.А. Игельстром реформасындағы құжаттардан табамыз. 1787 ж. қыркүйек айында Қобда өз-нің бойында Орынбор ген.-губернаторы барон Игельстромның ұйымдастыруымен Кіші жүз елінің старшындарының жиналысы өтіп, онда ген.-губернатор Игельстромның Кіші жүз елін қаракесек, байұлы және жетіру аталықтарына, яғни, үш



ордаға бөліп басқару туралы ұсынысы қабылданады. Старшындар мен халықтың жалпы жиналысы әрбір «басты орданы» басқаратын старшындарды сайлайды. Қаракесек руына – Сегізбай би, байұлына – Тормамбет би, жетіруға – Тіленші батыр старшын болып бекітіледі. Жаңа сайланған старшындарға барлық рудың үстінен қарау міндеті жүктеледі. Осы жиналыстың өтуіне басты себепкер болған, халық алдында зор беделге ие болып, Нұралы ханға басты қарсылас бола білген Сырым батыр үш орданың да кеңесшісі болады. Дегенмен жаңа сайланған старшындар басқару реформасын патша әкімші ойлағандай жүргізе алмайды. Бұны қазақтарға белгілі билердің сайланбауынан көрген ген.-губернатор Игельстром өзінің реформасына қосымша енгізеді. Барон Игельстром патшайым Екатерина II-ге жазған мәлімдемесінде: «...басқаларға қарағанда өздері артықшылық халде боларлықтай қызмет жүктеу қажет» екенін білдірген. 1787–89 ж. аралығында сайланған тексеру-басқару старшиналығына қаракесек тайпасына (Әлімұлына) Сартай би, Қаракөбек би, Мұратбек би, байұлына – Сырым батыр, Қаратау би, жетіру әулетіне – Тіленші мен Жанболат батырлар тағайындалады. Бұдан басқа Сырым батырға «тархан» атағы беріледі. Бұл жиналысқа патша әкімшінің өкілі, сарай кеңесшісі А. Бекчуриин мен Орынбор губ.-сының бірінші ахуны, муфти Мухаммеджан Хусайнов та қатысады. Осы жиналыстан кейін старшындар өздері басқаратын рудың қожалықтары атынан патша ағзамға, оның өкіметіне адал болуға ант қабылдайды. «1786–87 жылдардағы орыс-қазақ қатынастары» атты құжаттар жинағында, осы жылғы ант беру құжатына басқа билермен қатар шекті руының он мың үйі атынан Сартай бидің де ант бергені туралы жазылған. 1787–1791 ж. Түрік елі Бұхар хандығын Ресей империясына қарсы көтеру мақсатында хат жолдайды. Осы жылдары Осман түріктері мен Ресей империясының арасында соғыс жүріп жатқан болатын. Ал, Бұхар хандығы Ресей империясымен көршілес жатқан Кіші жүз қазақтарын осы соғысқа араластырмақ ниетпен басты басты билерге, батырларға хат жібереді. Ол хатта: «Храбрым воинам, биям и старейшинам Сарытай-бию, Сырым-батыру, Шукуралли-бию, Садырбеку, Барак-батыру, Даждан-ба-

тыру мир и благославение, а потом слово наше. Слава Вышнему Богу. По милости Его Святой все наши дела текут благополучно. Одна только у нас скорбь: недавно от православногo турецкого государя, наместника божия, прибыл к нам посол с грамотою, извещающею, что неверные россияне со всех сторон собирались и, соединясь с семью европейскими державами против турецкого государя, выступили поход. А как вы живете к россиянам ближе, нежели мы, и, следовательно, сражаться с ними умеете лучше нас, то мы предлагаем всем рабам Божиим и последователям Мухаммеда, уповающим на ходатайство Пророка нашего, соединиться с войском турецким делами и духом и отправиться на поражение неверных, за что великую мзду получить можно. Если же кто в том походе упустит нанести неверным возможный удар, тот имеет опасаться от Бога жестокого гнева и на ходатайство Пророка нашего да не упоает. Впрочем, просим словесному объявлению посланного дать веру», «Слышим мы, что у вас, казахов, собственных мудрецов или ученых людей нет; почему никак не можете исполнить узаконений Пророка нашего. По велику же господь Бог всем народом повелел знать учение его и, сообразуясь с оным молиться, содержать пост и давать милостыню из имени своего, то познание грамоты для чтения книг принадлежит к богослужению. У нас ныне находится источник мудрости: ибо из всяких народов, а именно из узбеков, таджиков, арабов и туркменцев много есть учащих в школах наших, а от вас, народа столь многочисленного, не находится ни одного ученика. В Коране Пророк наш предписал, чтобы всякий правоверный, не только муж и жена, но и малые дети учились закону, боялись Бога, и когда в состоянии найдутся, то друг друга увещевали бы, а потому советуем вам прислать сюда из всякого рода по два или по три человека для научения. Ежели увещаний ваших не послушают, то силою возьмите от всякого рода по два или по три человека. Пропитание им будет от нас. Когда же они окончат учение и сделаются сведущими в законе, то возвратятся в дома свои с правилами благочестия, с привычкою к молитве и посту. Если же вы, народ казачий, имея возможность исполнить наше предложение, оставите оно без исполнения, то сделаетесь



на сем свете изменниками Богу, а в день Воскресения будете гореть в адском огне. Ежели бы мы сей истины вам не предложили, то сами заслуживали бы в сем свете название неверных, а в будущем подвергли бы себя вечному адскому огню. Впрочем, с нашим почтением пребываем. Лета 1202 от Эгиры, (или 1788 от Рожд. Христова). К письму сему приложена была чернильная печать бухарского аталыка (первого министра) Шаг-Мурата» делінген. Бұхар хандығынан Кіші жүздің батыр-билеріне хат келгенінен хабар алған ген.-губернатор Игельстром шекті еліне, Орта Азия хандықтарымен шекаралас жатқан төртқара, шөмекей руларының арасына құпия мәлімет жинау үшін жауапты тапсырмамен Орынбордың муфтиі Хусайновты бірнеше рет жібереді. Көне ноғай жолымен Арал т-нің жағалауын бойлап, Сырдария өз-нен өтіп, Қызылқұмдағы төртқара, шөмекей руларын аралаған Хусайнов Бұхара, Хиуаға дейін сапар шегеді. Орта Азия хандарымен астыртын сөз байласқан Хусайнов өзбек хандығын қару-жарақпен жабдықтап, қазақтарға айдап салмақ болады. Татар көпесінің баласы Хусайновтың сапарының жиілеуінен күдіктенген Сартай би сыр шектілерін көтеріп, 1790 ж. М. Хусайновтың керуенін тонап, өзін Ресейге кері қуады. Бұл оқиға туралы Ералы сұлтан 1794 жылғы 4 қаңтарда Екатерина ІІ-ге жазған хатында мәлімдейді. Сартай Байжанұлы туралы жазба деректердің соңғысы: 1817 жылдың 16 тамызында Кіші және Орта орда билерінің патша ағзамға жазған мәлімдеме хатында Шерғазы Айшуақұлын өздеріне хан етуді ұсынып, ол турасында дәйекті деректерді алға тартқан жүзден астам билер қол қойған. Осы хаттағы тізімде 21-інші болып, «мен Сартай Байжанұлы өзімнің мөрімді бастым» деген сөздер бар. Сонымен қатар бұл құжатқа Сартайдың баласы Жабы да қол қойған. Ел аузындағы аңыз әңгімелерде Сартай Байжанұлының қара қылды қақ жарған би, елін қорғаған батырлығымен бірге діни сауаттылығы және әулиелік қасиеті де айтылады. Сол аңыздардың бірінде ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би, ақын, дала данағөйі, пәлсапашы Мөңке би өлерінде «жаназамды жақайым Байжан бидің баласы Сартай би шығарсын» деп аманаттайды. Арал өңірі халықтарында сақталған аңыздардың бірінде, «Қосым қожа, төртқара

Дәулет бақсы, жақайым Сартай батыр үшеуі Қызылқұмның құмында келе жатқанда, алдарынан шыға келген қоян бұлардан үрікпей, арқан бойы жерде көрініп тұрған сексеуілдің түбіне жата кетеді. Сонда ат тізгінін тежеген Қосым қожа «Менің өлгеннен кейінгі бейітім – анау қоян жатқан жер. Сен Сартай, оң жағыма, Дәулет сол жағыма жайғасарсыңдар» депті», – дейді. Жасы ұлғайып, қартайған Сартай батыр бабамыз дүниеден озар шағында ағайын-туыстарымен қоштасып: «Мені Қызылқұмдағы Қосым қожаның оң жағына жерлеңдер», – деп өсиет айтады. Қазіргі таңда Қызылорда обл. Қазалы ауд-ның Қызылқұм жақ бетінде Қосым қожа, Дәулет бақсы және Сартай батырдың қорымы бар. Шежірелік мәліметтерде Сартай батырдың қазақ, башқұрт, қарақалпақ, қалмақ қыздарынан алған төрт әйелі болған. Батырдың қарақалпақ әйелінен Мұса, Дүйсе атты екі бала туады. Мұсадан Мәукен, Мәукеннен Жұмахмет туады. Жұмахмет Мәукенұлы 2001 жылдың наурыз айында Арал ауд-ның Шижаға а-нда дүниеден өтеді.

Әдеб.: Қосжанов Н., Сартай батыр, А., 1997; Шүкіров З., Сыр бойы, Қызылорда, 1998; Избасарова Г.Б., XVIII ғасырдағы қазақ-башқұрт ара қатынасындағы саяси және этникалық үрдістер, Ақтөбе, 2008; История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Т. 3. Журналы и служебные записки дипломата А.Н. Тевкелева, А., Дайк-Пресс, 2005; Абылай хан өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар жинағы. (Құрас. және қазақшаға аударған З.С. Тайшыбай) Петропавл: 2005; Жолымбетов Ө., Ақшұбарлы Жылқаман, Қазақ батырлары №7, 2003; Вяткин М.П., Батыр Срым, М-Л.: АН СССР, 1947; Казахское русское отношение в XVI-XVIII веках. Т-1. А. 1961; Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828гг.) – М-Л., 1940; Левшин А.И., Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд степей. – А. Санат, 1996; Мұхтар Құл-Мұхаммед, Мөңке би, Айқын газеті, 2007; Жұмабай Ж., Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар, Ақтөбе, «NOBEL», 2008.

Б.Еңсепов

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ – ұлттардың, этникалық топтардың, халықтардың арасындағы саяси, экономикалық, аумақтық, құқықтық, идеологиялық және мәдени қатынастардың жиынтығы. Ұ. м. негізінен ұлттардың дербестікке ұмтылуымен, ұлттық санасының өсуімен және олардың әлемдік экон., ғыл.-тех.,



мәдени даму үрдісіне араласуға ұмтылысымен байланысты туындайды. Ұ. м. ұлт өмірі мен ұлт қозғалысының жандануы, ұлттық езгінің қандай түріне болсын қарсылық ұлттық мемлекет құру, т.б. мәселелерді қамтып, әлемдік нарыққа, саяси, экон. өмірге белсене араласумен сипатталады.

ҰЛТ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ҚАЗАҚ БӨЛІМІ – Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының органы. 1918 ж. 11 мамырда құрылған. Ө.Жангелдиннің ұсынысы бойынша оның меңгерушісі болып, алдымен М.Тұнғашин, кейіннен Х.Бекентаев, т.б. қазақ қайраткерлері қызмет етті. Бөлім қазақ жеріндегі ұлт мәселесі жайлы мәліметтерді комиссариатқа жеткізіп отырумен қатар жергілікті ұлт арасында кеңестік ұлт саясатын жүзеге асыру мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырды. Соған орай Алашорда үкіметі мүшелерінің саяси ұстанымдарына қарсы шығып, оларды ұлт мүддесіне қайшы әрекет етуде деп көрсетуге тырысты. Бөлімнің жанынан баспа, өзге тілдердегі кітаптарды қазақ тіліне аудару, мәдени-ағарту, үгіт-насихат секциялары ұйымдастырылды. Бөлім мүшелері Қазақ АКСР-ін құру жөніндегі әзірлік жұмыстарына қызу ат салысты.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҚОЛБАСШЫЛЫҚ МЕКТЕБІ, Б.з.б. I-мыңжылдықта Хуанхэның орта ағысынан Дунайға дейінгі Ұлы дала кеңістігінде жер бетіндегі ең озық әскери мектептердің бірі қалыптаса бастады. Қазақ халқы сол даланың төсінде өмір сүрген сақтардың, ғұндардың, түркілердің тікелей ұрпағы ретінде далалық әскери мектептің дәстүрін жалғастырушы мұрагері болып табылады. Б. Момышұлы өзінің «Соғыс психологиясы» деген кітабында: «Отан соғысындағы қазақ халқының әскери тарихының негізі ежелгі замандарда өткен ұрыстардан бастау алды», – деп жазды. Ұлы дала перзенттері адамзат қазынасына теңдесі жоқ материалдық және рухани мәдениеттің үлгілерін жасап қалдырды. Ешкімге ұқсамайтын еркін адамның дүниетанымы мен философиясын қалыптастырды. Әсіресе, соғыс өнеріне қатысты далалықтардың жинаған үлкен тәжірибесі бар дәстүрін, заңдарын дүние жүзіндегі барлық елдердің қарулы күштері қабылдап, өзінің әскери жарғыларына енгізді. Далалық әскери жүйе қола ғасы-

ры кезінде, адамдар жылқыны қолға үйретіп, Еуразия кеңістігін игере бастағаннан бастап от қару пайда болып жаппай тарағанша үстемдік етті. Осы кеңістікте қазақтың қолбасшылық мектебінің алғашқы сатысы сақ заманынан басталады. Сақтар жарты әлемді жаулаған парсы патшалары Кир мен Дарийдің әскерін талқандап, ұлы қолбасшы Александр Македонскийдің әскерін тоқтатты. Сол кезде сақ қолбасшыларының қандай ұрыс тәсілін қолданғанын және сақтардың жауынгерлігі туралы б.з.б. 4 ғ-да өмір сүрген «тарихтың атасы» Геродот өзінің «Тарих» деген еңбегінде тәптіштеп жазып, «Сақтар әлемдегі ең маңызды өнерді игерген – олар еліне келген жауды талқандамай қоймайды» деп, олардың әскери өнеріне үлкен баға берген. Сонымен қатар Геродот сақтардың жауынгерлік мектебінен көрші елдердің патшалары да өткені туралы айтады. Ол Мидия патшасы Киаксар өз балаларына ат мініп, садақ тартуды үйрету үшін арнайы сақ жауынгерлерін жалдаған деп көрсеткен. Сақтардың жауынгерлік-қолбасшылық мектебінің көрші елдерге ықпалы антикалық аңыздардан да көрінеді. Мыс., грек аңыздарында дене бітімі белуарынан жоғары адам, ал төменгі бөлігі ат болып келетін, қолына садақ ұстаған «кентавр» деген бейне бар. Кентавр – ежелгі эллиндер өмірінде алғашқы рет салт атты адамды көрген әсерден туған бейне. Сол ежелгі аңыздарда Геракл сияқты батырлар да, Тесей сияқты патшалар да Хирон атты кентаврдан әскери мектебінен өтіп, тәлім-тәрбие алуы далалық әскери мектептің озық және қаншалықты ықпалды болғанын айқындайды. Қазақ қолбасшылық мектебінің қалыптасуының келесі сатысы б.з.б. 4–3-ғ-дағы сарматтар мен ғұндардың әскери өнерімен, далалық әскери жүйенің дамуымен тығыз байланысты болды. Сарматтар бүкіл әскери іс пен соғыс өнеріне әсер еткен үлкен жаңалық әкелді. Олар Парфия және Ұлы Рим империясының тұрақты әскерімен соғыста жинаған тәжірибенің негізінде әскери іс пен ұрыс жүргізу өнерін жетілдіріп, жау шебін жарып өтетін ауыр қаруланған атты әскерді – «катафрактариді» пайдаланды. Бұл жаппай салт атты жауынгердің қолданған қаруына үлкен өзгерістер енгізіп, әскер басқару мен ұрыс жүргізудің түбегейлі жаңа ұстанымдарын қалыптастырды. Ал, Орта Азияда пайда



болған ғұн мемлекеті бірнеше ғасыр бойы Қытай империясының экспансиясын тежеп қана қоймай, қытай императоры У-дидің әскерін ойсырата жеңіп, Хань империясына қырық жыл бойы алым-салық төлетті. Бұл да – ғұндардың жетілген әскери жүйесінің нәтижесі. Әсіресе Мөде шаньюй тұсында ғұндарда әскер басқарудың ондық жүйесі қалыптасты және қолбасының бұйрығын сөзсіз орындау сияқты қатаң әскери тәртіп енгізілді. Сонымен қатар ғұндардың тұсында Орта Азия көшпелілерінің ең жақсы көретін қаруы – садақ жетіле түсті. Қатаң тәртіпке бағынған, темір қарумен және алыс қашықтықтан қолданатын күрделі садақпен қаруланған ғұндар қытай әскеріне дес бермей, ашық ұрыста үнемі жеңіп, басым түсіп отырды. Сол себептен де қытай императоры У-ди өз әскерін ғұн әскерінің үлгісімен қайта жасақтап, әскери реформа жүргізді. Б.з. 1–4 ғ-нда ғұндардың батысқа қоныс аударуы барысында сарматтар мен ғұндар қалыптастырған екі әскери жүйе бір арнаға тоғысты. Осының нәтижесінде бүкіл Еуропада Еділ бастаған ғұн әскеріне төтеп беретін бірде-бір күш табылмады. Кейінгі ғасырларда да ғұн және сармат біріккен әскери жүйесінің тәжірибесін Ұлы даланың қолбасшылары әлі ұзақ уақыт қолданды. Қолбасшылық өнердің кезекті дамуы түркі-моңғол дәуірімен байланысты. Түркілер ғұндардың ұрпағы ретінде өздеріне дейін жиналған соғыс өнерінің бай тәжірибесін дамытып қана қоймай, жаңа соғыс доктринасын жасап шығарды. Соның нәтижесінде түркілер Ұлы далада өмір сүрген барлық тайпаларды біріктірген ең күшті қағанат құрып, Еуразияның этник., саяси-экон. жағдайына тікелей әсер етті. Түркі қағанаты көп уақытқа дейін шығысында Қытайды тәуелді етіп, батысында Иран мен Византияны өзіне мүдделі қылды. Бұл да – түркілердің әскери ісі мен соғыс өнерінің, қолбасшылық мектебінің озық үлгісінің дәлелі. Ұлы дала көшпелілерінің соғыс өнерін жетік меңгергені сондай, олардың қолбасшылық мектебі тағы да халықар. деңгейге шықты. Әсіресе, 10–12 ғ-ларда қыпшақтан шыққан қолбасшылар барлық көрші елдерде әскери қызмет атқарып, соғыс өнерін жетік игергенін көрсетті. Қытай императоры, грек патшалары, Рим Папасы, орыс князьдары, Хорезм шахтары түгел қыпшақтардан

тұратын ұлан ұстаса, Мысыр елінде Мамлюк сұлтаны Бейбарыс қарапайым сарбаздан биліктің шырқау шыңына дейін жетті. Жалпы, сол кездегі түркілердің әскери ісі мен соғыс өнері, қолбасшылық дарынына байланысты мәліметтерді түркі жазбаларынан, араб-парсы деректерінен көптеп табуға болады. Ұлы дала қолбасшылары алдына жан салмайтын, соғыс өнерінің нағыз маманы екені Шыңғыс хан дәуірінде көрінді. Шыңғыс хан әскери іске қатысты өзіне дейін жиналған тәжірибені жетілдіріп, оның негізгі қағидаларын «Ұлы Жасақ» заңдар жинағына енгізді. Егер бұған дейін соғысқа қатысты іс-әрекеттің бәрі әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің негізінде реттелсе, енді ол сол дәстүрлердің негізінде жасалған заңдық, құқықтық нормаларға құрылатын болды. Ұжымдық жауапкершілік, антқа адал болу, опасыздық жасамау, бұйрықты сөзсіз орындау, әскери борышты орындауға сақадай-сай болу, жорық үстінде жан-жаққа барлаушылар мен шолғыншыларды аттандыру, т.б. ұстанымдардың Шыңғыс хан заңдар жинағында орын алуы болашақта өзіндік қазақ қолбасшылық мектебінің дамуына ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзі қарулы күштерінің құрылымы мен жарғыларына, соғыс жүргізу тәсіліне үлкен әсерін тигізді. Ал қазақ хандығы дәуірі кезінде өткен жаугершілік заман қазақ халқының жауынгерлік рухын шыңдап, тарих сахнасына ұлы батырлар мен қолбасшыларды әкелді. Хандық дәуір өтіп, қазақ халқының басынан бақ кетсе де, өздеріне кезенген от қарудың қаһарынан бұқпаған қазақ қолбасшылары заманауи қарумен қаруланған жауға қарсы жаңа соғыс тәсілдерін тауып, айбынын асырып отырды. Мыс., Ш. Уәлиханов қазақтың батырларын тек ұрыс ісін білетін адам ғана емес, сонымен бірге жаудың мінез-құлқын танитын психолог ретінде де көрсетеді. Бірде, атақты қорама мылтықпен қаруланған қалмақ мергені үңгірдің аузында бекініп алып, бірнеше қазақ батырын жер қаптырады. Қалмаққа қарсы шығуға енді ешкімнің жүрегі дауаламай тұрған кезде Елшібек деген батыр жорға атын ойнақтап, асықпай майда желіп шығып, мергенге жақындай түседі. Қалмақ мергенінің оғына ұшатын болды-ау деп тұрғанда Елшібек қалмақ мергеніне ұмтыла шабады. Қалмақ пілтені басқанда мылтығы бірден атылмай,



екінші рет басқанша Елшібек оны шауып өлтіреді. Артынан серіктері одан неге асықпай шаптың деп сұрағанда ол: «Қалмақ атыма қызығып, оны жаралап алмау үшін мені жақындата түскісі келді. Ал менің ойым оған жеткенше оның пілтесін көбірек күл шалып, мылтығы бірден атылмаса екен дедім», – деп жауап беріпті. Қазақтың әскери-қолбасшылық мектебінің деңгейі халық тарапынан сол заманда-ақ өз бағасын алып отырды. Қазақтар ұрыс жүргізудің тактикалық тәсілдерін ұтымды қолданған батырлардың атымен ағайтын болған. Мыс., Абылай Бұқар жыраудан өз батырларының жағдайын сұрағанда, жырау былай дейді: «Жанатай Талқы арқылы өтеді, Бөгенбай Құлжандап өтеді. Ал Хан-Баба қайтып келеді». Мұндағы «Құлжандап өту» ерлік пен айла көрсетіп, мықты ұрыс жүргізіп, жау қолынан сытылып шығады дегенді білдірген. Бұл ұрыс әдісі ертеректе батыл жауынгер, әрі керемет тактик болған Құлжанның атымен аталып кетеді. Мәскеу түбіндегі шайқаста Бауыржан Момышұлының ұрыс беріп қоршаудан шыққан тәсілі барлық әскери оқулықтарға кірді. Бұл да – дәстүрі үзілмей келген қолбасшылық мектептің айқын үлгісі. Ұлы даланың қолбасшылық мектебі, әскери рухы жоғалып кетпей, 2-дүниежүз. соғыс кезінде барлық қазақ сарбаздарының бойынан табылды. Дүние жүзінің бүгінгі барлық қарулы күштері ондық жүйе бойынша бөлініп, өз жарғыларында далалықтар жасап берген ортақ қағидалар мен заңдарға сүйенеді, жорық кезінде жан-жаққа шолғыншы мен барлаушыны жібереді, шабуылға «уралап» шығады, т.б. Мұның бәрі – Ұлы дала төсінде өмір сүріп, қазақ халқының негізін қалаған, қолбасшылық мектепті қалыптастырып кеткен жауынгер сақ, ғұн, түркі тайпаларының жетістігі.

А.Жұмаділ

ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ РЕСЕЙГЕ БОДАН БОЛУЫ – Ұлы жүз руларының Ресей қол астына қарауы. Жетісудың Ілеге дейінгі бөлігі 18 ғ-да Жоңғар билігінде болды. Ол кезде Ұлы жүз ханы Жолбарыстың қол астында Ташкент төңірегіндегі шағын ғана аймақ бар еді. Жолбарыс хан орыс елшісі А.И.Тевкелевтің Кіші жүзге келгенін біліп, оған Ресейдің қол астына кірудің шартын анықтау үшін үш сенімді адамын аттандырды. Осы кезде Ұлы жүздің Төле, Қодар билері және Сағай, Бө-

лек, Хангелді батырлары патшайым Анна Иоановнаға хат жолдап, Әбілқайыр хан мойындаған шарттар негізінде Ресей мемлекетінің құрамына кіруге тілек білдірді. 1734 ж. 20 сәуірде император Анна Иоановна оларды Ресейдің қол астына қабылдау жөніндегі грамотаға қол қойды. 1742 ж. Ұлы жүз руларының төрт старшыны Ресейдің қол астына қарау жөнінде ант берді. Бұл кезде Жетісудың көптеген бөлігінің Жоңғар билігінде болуы Ресейге қосылуға бөгет жасады. Сонымен қатар Қоқан ханы мен Хиуа билеушілері едәуір қарсылық көрсетті. 1848 ж. сұлтан Сүйік Абылайханов бастаған Ұлы жүз қазақтары Ресейге қарауға тілек білдірді. Бір жыл өткен соң патша үкіметі Ұлы жүз қазақтарын Ресей азаматы деп жариялады. Бірақ бұл азаматтыққа Іленің шығыс жағын мекендеген рулар ғана өтті. 1856 ж. Ұлы жүздің жалайыр, албан, дулат, шапырашты, ысты тайпалары Ресей патшалығына қарады. 19 ғ-дың 50-жылдарында Ұлы жүздің Оңт. Қазақстандағы бөлігі Қоқан хандығының қол астында еді. Бұл аймақтарды Ресейге қаратып әрі Орта Азиядағы хандықтарды бағындыру мақсатымен патша үкіметі Ұлы жүздің Оңт. Қазақстандағы аймағына екі жақтан – Перовск және Верный қ-нан жорық бастады. 1864 ж. көктемде орыс әскері Әулиеатаны, 1865 ж. Ташкентті, Перовскіден шабуылға шыққан орыс әскері Шымқорған, Желек бекіністерін алып, Сырдария мен Жетісудағы Ұлы жүз қазақтары түгелдей дерлік Ресей империясының қол астына көшті.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ, кеңес-герман соғысы, екінші дүниежүзілік соғыстағы шығыс майдан (1941–45) – Германия мен оның одақтастарының басқыншылығына қарсы Кеңес Одағының соғысы. 1941 ж. 22 маусымда Германия мен оның одақтастары (Италия, Венгрия, Финляндия, Румыния) кеңес-герман келісім шартын бұзып, Кеңес Одағына соғыс ашты. Германияның негізгі мақсаты Барбаросса жоспары бойынша Кеңес Одағының ұлттық мемлекеттерін жойып, төрт рейхтік комиссариатқа бөлу ойластырылды. Барбаросса жоспарын жүзеге асыру үшін Германия жоғ. басқармасы 153 дивизия бөлді, оған одақтастары КСРО-ға қарсы 37 дивизия қосты. Германияның қарулы күштері құрамында 1941 ж. маусым айында барлығы 7,3 млн. адам қызмет атқарды. Соғыстың бола-



тынын алдын ала біліп отырғанымен Кеңес Одағы оған дайын болмай шықты. И.В. Сталин мен КСРО Қарулы Күштері басшылары (К.С. Тимошенко, т.б.) соғыс алдында және соғыстың алғашқы күндерінде көптеген қателіктерге жол берді. Басқыншыларға алдымен кеңес шекарашылары қарсы тұрды. Аса қиын жағдайда қалғандарына қарамастан кеңес жауынгерлері алғашқы күннен бастап ерлікпен шайқасты. Мыс., соғыстың 5-күні әскери тапсырманы орындау кезінде өртенген бомбалаушы ұшақты капитан А.Маслов, сержант Б.Бейсікбаев жау танкілері мен бензин цистерналары шоғырланған колоннаға бағыттап жанқиярлық ерлік жасады. 1941 ж. 30 маусымда Сталиннің төрағалығымен Мемл. Қорғаныс к-ті құрылды. Ол бүкіл елдегі саяси, әскери және шаруашылық билігін қолға алды. Соғыстың 1-кезеңі (1941 ж. 22 маусым – 1942 ж. 18 қараша) өте ауыр болды. Қызыл Армия өте қолайсыз жағдайда қалды, адамдары, техника мен қару-жарақ көп шығын болды. 170 дивизияның 28-і толық талқандалып, ал 70 дивизия өзінің адамдары мен әскери техникасының тең жартысынан айрылды. 200-дей жанар май, оқ-дәрі және қару қоймалары немістер басып алған жерлерде қалды. Алғашқы 6 аптада фашистер кеңес жеріне 300 – 600 км еңдей кіріп, Латвияны, Литваны, Белоруссияны, Украина мен Молдавияның көптеген жерін басып алып, Киев, Смоленск, Одесса қ-лары жау қолында қалды. Шегінген Қызыл Армияны соғысқа қажет материалдармен және адамдармен толықтыру қиынға соқты. Немістің әскери әуе күштері толық билік құрды. Вязьма аймағында Батыс және Брянск майданы күштері жартылай қоршауда қалды. Жау әскерлері Калинин, Волоколамск, Можайск қ-ларын басып алып, Мәскеуге қауіп төндірді. Қыркүйектің 8-і күні Ленинградты (қазіргі Санкт-Петербург) қоршау басталды. Қызыл Армияның басқарушы құрамы сталиндік қуғын-сүргіннің әсерінен әлсіреп, кейін тағайындалған жас мамандар басшылық етудің тәжірибесін меңгеріп үлгермеген, жаңа, күрделі қару түрлерін әскерлер әлі толық игеріп болмаған еді. 1941 жылғы 22 маусым – 1 желтоқсан аралығында қосымша 297 дивизия мен 94 бригада жасақталды. 1941 жылдың маусым – қараша айларында Оралға, Сібірге, Еділ жағалауына, Қазақстанға және Орта Азияға 1533

кәсіпорын, оның ішінде 1360 әскери з-т көшірілді. Германия Кеңес Одағына шабуыл жасаған соң У.Черчилль Ұлыбританияның КСРО-ны қолдайтынын білдіріп, 1941 ж. шілдеде КСРО мен Ұлыбритания Германияға қарсы соғыста бірлесіп қимыл жасау туралы келісім жасасты. Гитлерге қарсы одақтың негіздері қаланды. 1941 ж. Мәскеуді қорғау шайқасына Қазақстанда құрылған 11 әскери құрама қатысты. Волоколам бағытын қорғаған 16-армияның құрамында ген.-м. И.В. Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы ерекше көзге түсті. Қазақстандық 238-атқыштар дивизиясы Тула маңында, 312-атқыштар дивизиясы Малоярославец бағытында, сонымен қатар 387, 391-атқыштар дивизиялары, 105-атты әскер дивизиясы және 75-дербес теңіздік атқыштар бригадасы Мәскеуді қорғауға қатысты. Панфиловшы батальон командирі, аға лейтенант Б.Момышұлы әскери шеберлік үлгісін көрсетсе, М.Ғабдуллин, Т.Токтаров ерлігімен көзге түсті. Ленинград түбінде армия қолбасшысы ген.-л. А.А. Власовтың тұтқынға берілуі жағдайды қиындатып кетті. Ставканың қателіктері басқа да оқиғалардан көрінді. Қызыл Армияның сәуірдің аяғындағы Қырымға шабуылы сәтсіз аяқталып, түбек жау қолында қалды. Оңт. батыс бағыттағы оқиғалар бұдан да сәтсіз өрістеді. 1942 ж. 12 мамырда Қырым майданында Харьковке шабуыл басталды. Алайда 20-ға жуық дивизия қоршауда қалып, кеңес әскерінің Харьков түбіндегі шабуылы ауыр жеңіліспен аяқталды. 1942 ж. жазда одақтас-тар Еуропада Германияға қарсы екінші майдан ашуға келіскен болатын. Бірақ көп ұзамай екінші майдан ашу мерзімі 1943 жылдың көктеміне қалдырылды. Бұл кезде Германия мен оның одақтастарының старател. жоспары Кавказ бен Сталинградқа шабуыл жасап, маңызды әскери-экон. орт-тарды бөлшектеуге негізделді. 1941–42 ж. жау басып алған батыс обл-тар аса қиын кезеңді бастарынан өткерді. Гитлерлік әкімш. жергілікті өкімет органдарын құрып, старосталар тағайындады, полиция ұйымдастырды. Арнаулы шаруашылық инспекциялары азық-түлікті, қымбат заттарды, ресурстарды реквизициялады. 5 млн-ға жуық кеңес адамдары Германияға ықтиярсыз жұмыс істеуге әкетілді. Басып алынған жерлерде фашистер өлім лагерьлері мен концлагерьлер, түрмелер са-



лынды. Соғыстың алғашқы апталарындағы сәтсіздіктер бірнеше миллион кеңес адамдарының тұтқынға түсуіне себепші болды. Сталиндік басшылық Халықар. Қызыл Кресті мойындамады, оның қорына қаржы бөлмеді, мұның өзі каторгалық жұмыстарға пайдаланылатын кеңес әскери тұтқындарының жағдайын одан сайын қиындатты, олар азаптаулар мен қорлаудың неше түрлі тәсілін көрді. Соғыс жылдары 3,9 млн. кеңестік әскери тұтқын жойылды. Германия үкіметі тұтқынға түскен Түркістан өлкесі халықтарынан Түркістан легионын құрды. Жау басып алған елдерде Қарсыласу қозғалысы күшейді. Олардың арасында қазақстандықтар да болды. Жау басып алған аумақтарда партизан қозғалысы қанат жайды. Қазақстандықтар (Қ.Қайсенов, Ғ.Ахмедьяров, А.С. Егоров, Н.В. Зебницкий, Ф.Ф. Озмитель, Ә.Шәріпов, Н.А. Морозов, С.Төлешов, В.И. Шаруда, Ж.Саин, Т.Жұмабаева, Н.Байсейітова, З.Хусанов, т.б.) Украина мен Белоруссияда, Смоленск жерінде, Ленинград обл.-ндағы партизан соғысына, шет елдердегі қарсыласу қозғалысына белсене қатысты. Соғыстың екінші кезеңіндегі (1942 ж. 19 қараша – 1943 жылдың аяғы) Сталинград шайқасы жаудың таңдаулы әскерлерін талқандап қана қоймай, Ұ. О. с. мен 2-дүниежүз. соғыс барысында түбегейлі бетбұрыстың басталуына жағдай жасады. Қазақстан Сталинград майданының ең жақын тылына айналды. Батыс Қазақстан стлары мен елді мекендерінің кең көлемді бөлігі соғыс қимылдарының аумағына айналды. Атырау қорғаныс к-ті құрылып, Орал майдан өңіріне, әуе шабуылынан қорғану пунктерінің қатарына енгізілді. Жау Қазақстан аспанында 30-ға жуық ұшағынан айрылды. Сталинград шайқасына Қазақстанда жасақталған 27-, 29- және 38-атқыштар дивизиялары, 292 және 387-атқыштар дивизиялары, 81-атты әскер дивизиясы, 74-дербес теңіздік атқыштар бригадасы, 152-атқыштар бригадасы, 129-миномет полкі және 156-жеке көпір құрылысы батальоны қатысты. 29-, 38-атқыштар дивизиясы көрсеткен табандылығы мен қаһармандығы үшін 72-, 73-гв. атқыштар дивизиясы атанды. 73-гв. атқыштар дивизиясына «Сталинградтық» құрметті атағы қоса берілді. 4 қазақстандық ұшқыш Н.Әбдіров, полк командирі Т.Позолотин, взвод командирі

Г.Рамаев және минометші Қ.Сыпатаев Кеңес Одағының Батыры атағымен марапатталды. Кавказды жаудан қорғау Сталинград шайқасымен өзара байланыста жүзеге асты. Кавказ үшін соғыста фашистер 400 мыңдай адамын, көп мөлшерде әскери техникасын жоғалтты. 1943 ж. 23 тамызда Харьковтың азат етілуімен 50 күн мен түнге созылған атақты Курск шайқасы аяқталды. Фашистік Германия стратег. үстемдіктен айрылып, қорғанысқа көшуге мәжбүр болды. Курск шайқасында қазақстандық 72- және 73-гв. дивизиялар мен 8-атқыштар дивизиясы асқан ерлік көрсетті. 1943 ж. 28 қараша – 1 желтоқсан аралығында Тегеран конференциясы болды. Оған КСРО, АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттерінің басшылары: Сталин, Рузвельт, Черчилль, сыртқы істер министрлері, штаб басшылары, т.б. кеңесшілер қатысты. Күн тәртібінде соғыстың барысы мен соғыстан кейінгі бейбітшілік мәселелері талқыланды. Соғыстың үшінші кезеңі (1944 ж. қаңтар – 1945 ж. 9 мамыр). Ленинград шайқасы нәтижесінде 1944 ж. Ленинград қ. мен облысы тегіс жаудан азат етілді. Ленинградты қорғауға, оның түбіндегі жау әскерлерін талқандауға қазақстандық 310-, 314-атқыштар дивизиялары қатысты. Ленинградты қорғау соғыстарына қатысқан С.Баймағанбетовке ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазақстан халқы ленинградтықтарға азық-түлік пен делегациялар жіберді. Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім!» атты жалынды жыры жауынгерлерді жігерлендірді. 1944 жылдың 1-жартысында Қызыл Армия ірі жауынгерлік операцияларды табыспен жүргізді де, майданның кейбір бөліктерінде Кеңес Одағының мемл. шекарасына шықты. 1944 ж. 6 маусымда одақтастар екінші майданды ашып, Солт.-Батыс Францияға экспедиц. күштерін түсірді. 1944 жылғы күзге қарай кеңес әскерлері КСРО шекарасына жетті. Кеңес әскерлерінің соққысынан гитлерлік блок біржола күйреді. Германия 1944 жылдың 2-жартысында үш одақтасынан – Румыниядан, Болгариядан және Финляндиядан, ал 1945 жылдың басында Венгриядан айрылды. Соғыс Батыс Еуропа аймағында жалғасып, 1944 жылдың жазы мен күзінде Румыния, Болгария, Югославия, Албания, 1945 жылдың қысы мен көктемінде Польша, Чехословакия, Венгрия, Австрияның



шығыс бөлігі, Норвегияның солт. жаудан азат етілді. 1945 ж. 4–11 ақпанда КСРО, АҚШ және Ұлыбритания үкімет басшыларының Қырым конференциясы өтті. Бұл конференцияда Германияны біржолата талқандаудың әскери жоспары және дүние жүзінің соғыстан кейінгі құрылымының негізгі принциптері, сондай-ақ КСРО-ның Жапонияға қарсы соғысқа кірісуі туралы құпия келісім жасалды. Берлин операциясы барысында кеңес әскерлері 2 мамыр күні Берлинді басып алды. Рейхстагқа шабуыл жасауға қазақстандық 756-атқыштар полкі қатысты. Ғимаратқа бірінші болып лейтенант Р.Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Г.Булатов ту тікті. Мамырдың 8-інен 9-ына қараған түні герман жоғ. қолбасшылығының өкілдері Германияның сөзсіз тізе бүккені туралы актіге қол қойды. 9 мамыр Жеңіс күні болып жарияланды. Берлин операциясында көрсеткен асқан ерліктері үшін 26 қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ұшқыш Т.Бигелдинов бұл атаққа 2-рет ие болды. Фашистік Германияны жеңудің құрметіне Мәскеудегі Қызыл Алаңда 1945 ж. 24 маусымда жеңіс шеруі өткізілді. Ұ. О. с. 500-дей қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып М.Мәметова мен Ә.Молдағұлова Кеңес Одағының Батыры атанды. Ұ.О.с.-дағы Кеңес Одағы халқының тікелей және жанама шығыны 50 млн-ға жуық адам болды, оның тікелей және жарадан қаза болғандары, тұтқында қаза тапқандары бар 27 млн. адам еді. Қазақ халқының Ұ. О. с.-нда қаза тапқан адамдарының саны – 350 мың. Бұл шығын ұзақ жылдар бойы елдің демогр. жағдайына ықпал етті. Қазақстаннан майданға 1 млн. 200 мың жауынгер аттанды. Жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. Елімізде шоғырланған марганец пен молибденнің 60%-ы біздің республикада өндірілді. Балқаш, Қарсақпай кен орындары соғыс жылдары өндірілген қара мыстың жартысынан астамын берді. Республика диқандары мемлекетке 360 млн. пұт астық тапсырды. Соғыс жылдарында поляктар, Еділ бойындағы немістер, гректер, қалмақтар, Кавказдан қарашайлар, чешен-ингуштер, месхет түріктері, күрдтер, балқарлар, қырым татарлары ата қоныстарынан көшіріліп, олардың басым бөлігі Қазақстанға орналастырылды.

ҰЯЛЫ СЪЕЗІ – 1828 ж. Глянск қамалына жақын Ұялы мекенінде өткен жалпыхалықтық мәслихат. Оған Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генс қатысып, 1827 ж. Ішкі Орданы шарпыған жұтқа байланысты өрбіген дүрбелең уақиғаның – халықтың Жәңгір ханға алғашқы наразылығының себеп-салдарын анықтауды мақсат етті. Жиын, даудамай, айтыс-тартыспен басталған Ұ. с. бір аптаға созылды. Онда Бөкей Ордасының белгілі старшындары Шеркеш Жаксыбайұлы, Жаналы Саңғырықұлы, Науша Қаржауұлы, т.б. Жәңгір ханға алым-салық көбейткені, тым орысшылдығы, қара халық мүддесімен санаспайтындығы туралы ауыр айып тақты. Олардың қолдаушысы Қайыпқали Есімов Орынбордың Ордоностаус түрмесінде отырғандықтан жиынға қатыса алмады. Әйтсе де Шөке Нұралыханұлы, Шыңғали Орманұлы сияқты сұлтандар сөйлеушілерге астыртын дем беріп, Жәңгірді сүріндіруге тырысып бақты. Съезде Жайық және Ішкі шептегі казак-орыстардың қазақтарға жасаған зорлық-зомбылығы да ашық айтылды. Генс жиынға бүлікшіл старшындардың мысын басып, хан құзыретіне мүлтіксіз бағындыру үшін келген болатын. Бірақ жиын барысында хан астамшылығына ашынған топты ықтырып, ықтиярға көндіру оңайға түспесіне көзі жетіп, әкімш.-мәмілегерлік саясат ұстануға мәжбүр болды. Ең алдымен ханның құзыреттілігін шектеу мақсатымен Хан кеңесі атты өкілетті орган құрып, оған байұлының әр руынан 12 би мүше болды, сондай-ақ сұлтандар да тартылды. Мыс., Шөке хан кеңесінің төрағасы, Мүшеғали (Шыңғалидың інісі) бас хатшы ретінде бекітілді. Бөкей Ордасы тұрғындарының казак-орыс шептерімен даулы істерін шешу үшін хан депутаттығы құрылды. Осылайша жергілікті орт. билік екіге бөлініп, ел басқару ісінен шеттеп қалған рубасылары лауазымды қызметке ие болды. Жәңгірдің өзі мәмілеге келіп, өзара түсіністікке жүгінген соң старшындар да көп қарсыласпай, ханға адал қызмет етуге ант берді. Осы жиында ханды жақтаушылар арасында Исатай Тайманұлы да бар еді. Генс оны Ішкі Орданы билеу ісіне сіңірген еңбегі үшін шекара комиссиясының мадақ қағазымен марапаттады. Ұ. с.-не қатысушы старшындардың талабымен Генс Қайыпқали сұлтанды қамаудан босатуға ықпал етті.



ҮКІБАЙ Найзабекұлы (1778–1856) – би. Ү. сөзге тапқыр, от ауызды, орақ тілді шешен адам болған. Сол себепті оны Шоң би қадыр тұтқан. 1831 ж. Орта жүздің қаржас және қанжығалы рулары арасында Ереймен қыраттары үшін таласта жеті адам мерт болады. Орыс жағы әкімш. заңымен екі жақты бітімге келтіре алмағаннан кейін істі қазақтардың өзіне тапсырады. Билердің келісімі бойынша бұл даулы мәселені Ү. шешеді. 1833 ж. Баянауыл округінің құрамына кіретін Сатылған – Алтынторы болысының басшысы болып сайланған. 1839 ж. Батыс Сібір ген.-губернаторының жарлығы бойынша Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан болыстар ыдыратылып, басқа болыстарға таратылып берілді. Бұл іске Ү. араласып, Сатылған – Алтынторы болысын ыдыратпай аман алып қалған. Ү-дың билігі жөнінде ел аузында көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. «ҮМІТ» – 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Троицк қ-нда құрылған жастар ұйымы. Негізін сол маңайдағы оқушы қазақ жастары құрады. Сол кезеңде пайда болған қазақ жастарының басқа да ұйымдары сияқты «Ү.» те негізінен мәдени-ағартушылық, демокр. сипаттағы шараларды (қазақ халқының арасында оқу-білім тарату, мәдениеті, әдебиеті мен өнерін көтеру, оқушы жастарға жәрдемдесу, ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырып жариялау, әйел теңдігін, демокр. қоғамды насихаттау, т.б.) жүзеге асыруға тырысты. Саны жағынан шағын болып, қос төңкеріс пен Азамат соғысы жылдарының әсерінен кейбір мүшелері алаштық, ұлттық, кейбіреулері большевиктік-рев. идеяларды жақтады. 1918 ж. 5–13 мамыр аралығында Омбы қ-нда әр түрлі жастар ұйымдарының біріккен құрылтайы болып өтті. Құрылтайды «Бірлік» ұйымы ұйымдастырып, оның жү-

мысына қатысу үшін сол кезде Қазақстанда құрылған 21 жастар ұйымынан бір-бір өкілден шақырылды. Олардың ішінде «Ү.» ұйымы да болған. Ұйым басшылары мен мүшелері, олардың кейінгі тағдыры жөніндегі деректер мардымсыз.

Д.Сәтбай

«**ҮРЖАР ІСІ**» – қазақ ауылындағы соц. құрылыстың сәтсіздіктеріне жауапты деп айыпталған ұжымдық шаруашылықтар басшыларын соттау шарасы. «Ішкі жауларды» іздеп-жазалаудың осы саяси-идеол. науқаны Қазақстан КП ОК бюросының 1937 ж. 10 қыркүйекте қабылдаған «Ауыл шаруашылығы саласындағы қаскүнемдік жасаған контрреволюциялық топтардың мүшелері үстінен ашық сот процестерін ұйымдастыру туралы» аса құпия қаулысы негізінде жүргізілді. Қазақ КСР-і Прокуратурасы мен Республика Жоғ. Сотының тікелей бақылауымен Үржарда болып өткен Алматы обл. сотының көшпелі сессиясының отырыстарына (1937 ж. 26–30 қыркүйек) үржарлықтармен көршілес Аягөз, Мақаншы ауд.-дарының өкілдері қатыстырылды. Сот барысы Қазақстанның барлық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып тұрды. «Ү. і.» бойынша жауапқа тартылған аудан жетекшілері мен шаруашылықтар басшыларына кеңес үкіметіне қарсы зиянкестік әрекет жасаған ұлтшыл ұйым құрды, ауылдағы соц. өзгерістерге кедергі жасады деген айыптар тағылды. Ұйымға орталықтан Ү.Құлымбетов пен О.Жандосов басшылық етті. Сот Үржар ауд. атқару к-тінің төрағасы Қадыр Матжанов (Матыжанов, Матчанов), ауд. партия к-тінің екінші хатшысы Мәдәлиев, ауд. байланыс бөлімшесінің меңгерушісі Бекебаев және ұжымшарлар басқармаларының төрағалары Батқалов (Елтай ұжымшары), Қалышев (Мирзоян атынд. ұжымшар), Құлжабаев («Жаңа тұрмыс»), Ыдырысов (Куйбышев атынд. ұжымшар) – барлығы 7 адамға ату жазасын беріп, бірнеше басшы қызметкерлердің мал-мүлкін тәркілеп, 10 жылға бас бостандықтарынан айырды. «Ү. і-не» ұқсас сот процестері Қазақстанның басқа аудандарында да ұйымдастырылды.

Ж.Сүлеймен

ҮРПЕК ШАЙҚАСЫ, қ. *Дозал шайқасы*.

ҮСЕ Төлегенұлы (т.-ө.ж.б.) – белгілі батыр, старшын. 1827–29 ж. Қайыпқали Есімов бас-



таған қозғалысқа, 1836–37 ж. Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліске қатысқан. Атасы Отарбай Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа белсене қатысып, «От жирен атты Отарбай» деген атпен даңқы шыққан. Ү. 5 старшынмен бірге Исатай қолына алғаш рет 1835 ж. қосылып, көтеріліске бастан-аяқ қатысқан. Исатайдың патша әкімшіне жолдаған хаттарына Ү. де қолын қойып, мөрін басып отырған. 1837 ж. желтоқсанның басында Қарауылқожаның қолына түсіп, Орал қ-ндағы әскери соттың үкімімен «1-дәрежелі қылмыскер» атанды. 1000 дүре соғылып, Сібірге жер аударылды. Содан қайтып оралмаған. Ү-нің ұлы Үбі батыр да, інісі Әуес старшын да көтеріліске белсене қатысқан.

ҮШ АЙМАҚ ТӨҢКЕРІСІ – Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарында 1944–45 ж. болған қазақ, ұйғыр және басқа халықтардың ұлт-азаттық көтерілісі. Шыңжаң ген.-губернаторы Шың Шысай (Шэн Шицай) 1939 жылдан бастап жергілікті халықтарға, әсіресе, қазақ халқына қарсы қатаң саясат жүргізе бастады. Ол қазақ зиялыларын, ел басқарған беделді азаматтарды жазықсыз тұтқындап, түрмеге жапты. Қазақ шаруалары қолындағы аңшылық мылтықтарды зорлықпен тартып алып, үкіметке он мың бас сәйгүлік жинап беруді бұйырды. Осындай шектен асқан қорлық пен зорлыққа ызаланған халық стихиялы түрде үкіметке қарсы көтерілді. 1940 ж. ақпанда Алтай аймағының Көктоғай ауд-нда Рысхан Ноғайбайұлы, Есімқан Иманбайұлы бастаған жергілікті қазақтардың көтерілісі басталды. Оған Оспан Исламұлы қатарлы азаматтар қатысып, ауд. әкімін және мылтық жинауға барған әскерлерді өлтірді. Көтеріліске Шіңгіл ауд-ндағы қазақтар да қосылды. 1941 ж. маусымда Көктоғайда Қалел тайжының басшылығымен тағы да бір мыңнан аса адам қарулы көтеріліске шықты. 1942 ж. Шың Шысай өкіметі кеңес өкіметі Германияға қарсы соғыста жеңіледі деп есептеп, КСРО мен Қытай коммунистік партиясына қарсы шықты және Гоминьдан үкіметін қолдау саясатына көшті. Осыған байланысты Гоминьдан үкіметінің шенеуніктері мен әскерлері және оларға ілесе АҚШ пен Ұлыбритания дипломаттары мен барлаушылары Шыңжаңға келіп, әрекет жасай бастады.

Шыңжаңдағы Кеңес Одағының мамандары еліне қайтарылып, Қытай коммунистік партиясының мүшелері мен жергілікті ұлт қайраткерлері саяси қуғын-сүргін құрбандары болды. Шыңжаң үкіметінің жүргізген жауыздық саясаты жергілікті халықтардың ашу-ызасын тудырды. Осыны пайдаланған Кеңес Одағы жергілікті ұлттардың гоминьдандық Шыңжаң үкіметіне қарсылық күресін қолдау арқылы, Шың Шысайды биліктен тайдырып, АҚШ пен Ұлыбританияның Шығыс Түркістанға ықпалына шектеу қойып, буферлік аймақ етіп ұстауды жоспарлады. Кеңес Одағы аталған үш аймақтағы халықтың үкіметке қарсылығын пайдалана отырып, олардың төңкерістік ұйымдар құруына белсенді түрде ат салысты. 1943 ж. мамырда Алтайда «Ұлт-азаттық тобы» құрылды, оған Дәлелхан Сүгірбайұлы мен Оспан Исламұлы басшылық етті. Олар гоминьдан үкіметіне қарсы көтеріліске шықты. 1944 ж. 9 сәуірде Құлжада «Құлжа азаттық ұйымы» құрылды, оның төрағасы болып Әлихан төре сайланды. Осы жылдың сәуір айында Тарбағатай аймағының Қобық ауд-нда партизандар қосыны құрылып, оның басшысы болып Зұңғырып Шалқанұлы сайланды. Осы сияқты көптеген ұйымдар төңкерістік үгіт-насихат жұмысын жүргізді және болашақ әскерлер үшін қару-жарақ дайындаумен шұғылданды. 1944 ж. тамыз айында Іленің Нылқы ауд-нда Әкбар Есбосынұлы мен Сейіт батыр бастаған партизандар үкімет әскерлерінің шабуылын тойтарып, алғашқы жеңіске жетті. Ү. а. т. басталды. Қарашада партизандар Нылқы ауд-н гоминьдандықтардан толық азат етіп, Құлжа қ-на жорық жасады. 1944 ж. 7–12 қарашада олар Құлжадағы Әбдікәрім Аббасов бастаған ұйғыр партизандарымен бірлесе отырып, қаланы гоминьдандықтардан толық азат етті. «Құлжа азаттық ұйымы» ұйғыр, қазақ және қырғыз жастары қатысқан үлкен жиналыс өткізіп, «Шығыс Түркістан республикасы уақытша үкіметінің» (ШТРУУ) құрылғанын жариялады. Республика туы – ортасында сары түсті ай, жұлдыз салынған жасыл ту болып белгіленді. Әлихан төре үкімет төрағасы, Әшімбек қожа оның орынбасары болып сайланды. Ішінде қазақтан Әбілқайыр Рабатұлы бар 16 адамнан тұратын жергілікті үкімет құрылды. 1945 ж. 5 қаңтарда ШТРУУ



мүшелерінің мәжілісінде үкіметтің бас бағдарламасы қабылданды. Онда Шығыс Түркістан аумағында Қытай үстемдігін жою, аумақтағы жергілікті халықтардың тең дәрежелі болуы негізінде еркіндік алған дербес мемлекет құру, Шығыс Түркістанда өнеркәсіпті, егін ш-н, мал ш-н және жеке сауданы дамыту арқылы халықтың тұрмыстық дәрежесін жоғарылату жолында тоғыз түрлі мақсат қойылды. 1945 жылдың наурыз айына дейін Іле аймағының 11 ауданы тегіс гоминьдандықтардан азат етілді. 8 сәуірде ШТРУУ-нің Ұлттық армиясы құрылды. Армия қосынын негізінен қазақтар құрады. Оның құрамында, сондай-ақ ұйғыр, татар, өзбек, қырғыз, моңғол, дүңген, сібе (сибо), дағұр, т.б. халықтардың жастары болды. Кеңес Одағының әскери мамандары оларға кеңесші болды және тех. жәрдем берді. 1945 ж. мамыр айында Ұлттық армия Солт., Орта және Оңт. бағыт бойынша гоминьдан әскерлеріне шабуыл жасады. Солт. бағыттағы армия 1945 жылдың мамыр, маусым айларында Толы және Дөрбілжін ауд-дарын, шілде – тамыз айларында Шәуешек, Шағантоғай және Қобықсары ауд-дарын азат етіп, Тарбағатай аймағындағы гоминьдан билігін толық жойды. Содан соң олар Тарбағатайдан Алтайға жорық жасап, 1945 ж. қыркүйек айында бүкіл Алтай аймағын азат етті. Орта бағыттағы Ұлттық армияның 4 мың жауынгері 5–12 қыркүйекте Шиху және Жың аудандарындағы жаудың негізгі күштерін жойды. Осы екі аудандағы шайқаста Гоминьданның 2 мыңнан аса әскері жойылып, 1 мыңнан аса әскері тұтқындалды және қыруар қару-жарақ олжанды. 16 қыркүйекте Сауан ауд. шабуылмен алынды. Гоминьданның аман қалған әскерлері шығысқа шегіне қашып, Үрімжіге 140 км жердегі Манас өз-нің көпірін бұзып, Дихуа (Үрімжі) қ-н жанын сала қорғады. Екі жақ әскерлері Манас өз-мен шектесіп, теке тірес күйде тұрды. Үш аймақ (Іле, Тарбағатай және Алтай) біртұтас ШТРУУ-нің басқаруына өтті. Оңт. бағыттағы Ұлттық армия Оңт. Шыңжаңдағы Бай (Байчэн), Күчар және Ақсу ауд-дарына шабуыл жасады. Осы бағыттағы бір жасақ Ташқорған, Қашқар және Хотандағы гоминьдандық күштерге соққы берді. Үш аймақ Ұлттық армиясы Шыңжаңдағы гоминьдан күштерін талқандауға бет алған кез-

де 1945 ж. қазан айында соғыс кенеттен тоқтатылып, ШТРУУ мен Гоминьдан үкіметінің өкілдері Үрімжіде бейбіт келіссөзге отырды. Нәтижесінде Үш аймақтан Ахметжан Қасыми бастаған өкілдер гоминьданның Чжан Чжичжун бастаған өкілдерімен мәмілеге келіп, 1946 ж. қаңтарда «Он бір тармақты бітімге» қол қойды. Осы бітім негізінде 1946 ж. Шыңжаң өлкелік біріккен үкіметі құрылды. Үкімет құрамы 25 адамнан жасакталды, оның 8 адамы Үш аймақ өкілдері болды. Чжан Чжичжун үкімет төрағасы, Ахметжан Қасыми және Бұрхан Шаһиди оның орынбасарлары болды. Осы жылы ішкі Қытайда азамат соғысы басталды. 1947 ж. гоминьданның Шыңжаңдағы күштері бейбіт бітім шарттарын бұзып, Үрімжіде «25 ақпан қанды оқиғасын» жасады. Олар Шыңжаң өлкелік үкіметінің мүшесі, Алтай аймағының уәліі болып тағайындалған Оспан Исламұлын өз жақтарына тартып, оны Үш аймақ үкіметіне қарсы күреске айдап салды. Оспан батыр Үш аймақ билігіне қарсы көтеріліп, Алтай аймағын өз бақылауында ұстады. Үш аймақ үкіметі оны Алтай аймағы уәліі міндетінен босатып, орнына Дәлелхан Сүгірбайұлын тағайындады. Дәлелханның әскерлері соғыс барысында Оспан батырды Алтайдан ығыстырып шығарды. Оспан Үрімжінің шығысындағы Ганьсу провинциясына шегінді. Үш аймақ өкілдері тамыз айында өлкелік үкіметтегі қызметтерінен бас тартып, Құлжаға қайтып кетті. Үрімжі мен Құлжа арасындағы қатынас қайта шиеленісті. 1948 ж. 31 желтоқсанда Бұрхан Шаһиди өлкелік үкіметтің төрағасы болып тағайындалды. Ол Үш аймақ өкілдерімен байланысты реттеуге тырысты. Ішкі Қытайдағы азамат соғысы нәтижесінде 1949 ж. Қытай коммунистік партиясы жеңіске жетіп, осы жылдың қыркүйек айында Шыңжаңдағы гоминьдандық әскери және әкімш. басшылар коммунистер жағына шықты. Үш аймақ өкілдері де бұған қосылды. Жаңа өкімет Ү. а. т-н Қытайдың демокр. революциясының құрамдас бөлігі деп қабылдады. Ү. а. т-нің нәтижесінде Құлжа қ-нда құрылған ШТРУУ 1947 жылдан Шыңжаң өлкелік коалиц. үкімет құрамына кіргенімен, салыстырмалы түрде үш аймақты дербес басқарып отырды. 1945 ж. 25 тамызда қабылданған 70-қаулыда олар үш аймақ бойынша біртұтас экон. жүйе қалыптастырып,

ҮШ ЖҮЗ ПАРТИЯСЫ

казына басқармасы мен мемл. банк құрды. 1945 ж. 2 қазанда гоминьдан үкіметі ақшасының Үш аймақ көлемінде айналымға түсуіне тыйым салды, өздерінің ақшасын айналымға енгізіп, егін және мал ш-н дамыту арқылы халықтың негізгі тұрмыстық қажетін қанағаттандырды. Оқу-ағарту, мәдениет және денсаулық сақтау істеріне баса назар аударылды. Білім беру мәселелерін шешудің нақты шаралары қабылданды, қалаларда 1–7 сыныптық, ауыл-қыстақтарда 1–4 сыныптық міндетті білім беруді үкімет қаржысымен жүзеге асыруды қолға алды. Әдебиет, көркем-өнер ұйымдары, мәдени клубтар, ойын-сауық үйірмелері құрылды, жаңа газет-журналдар шығарылып, кітапханалар салынды. Денсаулық сақтау саласында дәрігерлер дайындау мен жұқпалы аурулардың алдын алу істеріне баса назар аударылды.

«ҮШ ЖҮЗ» – газет, Қазақ социалистік «Үш жүз» партиясының баспа органы. 1917 жылдың желтоқсанынан бастап 1918 жылдың көктеміне дейін Петропавл қ-нда шығып тұрған. Барлығы неше саны шыққаны белгісіз. Қазіргі мәлімет бойынша архивтерде үш саны ғана сақталған. Редакторы К.Төгісов. Газеттің көтерген мәселелері сол кездегі ел ішіндегі саяси-қоғамдық ахуал, ұлтаралық қатынас, «Үш жүз» партиясының іс-қимылы, т.б. Жарияланған мақалалар ішінде қазақ халқының болашағы жайлы келелі мәселелер көтерген «Алаш автономиясы» атты мақала көңіл аударарлық. Бұл мақалада сол кездегі қалыптасқан нақты саяси ахуалды ескере отырып, ұрыншақтыққа салынбай қазақ автономиясы туралы реалистік пікірлерді пайымдайды. «Ү. ж.» газетінің бетінде «Жасасын түрік-татар балалары», «Барлық мұсылмандар – туысқан» деген ұрандар көтеріліп тұрған. «Үш жүз» партиясының басшыларын Колчак өкіметі тұтқындағаннан кейін газет жарыққа шығуын тоқтатты.

М.Әбдешев
«ҮШ ЖҮЗ» ПАРТИЯСЫ – 1917 жылдың соңында Солтүстік, Солтүстік-Шығыс Қазақстанда құрылған қазақтың ұлттық, демократиялық бағыттағы саяси ұйымы. Негізін 1917 ж. ақпан айында Омбы қ-нда құрылған «Қазақ еңбекшілері одағының» мүшелері құрады. Бұл одақ 1917 жылдың соңында «Ү. ж.» п-на айналды. Партия мүше-

лері өз ұйымын «Қазақтың соц. партиясы» деп атады. Жетекшілік рөлді бұрынғы адвокат, журналист әрі драматург Көлбай Төгісов, фельдшер, тілмаш Шаймерден Әлжанов, Әбілқайыр Досов, Ысқақ Көбеков, Мұқан Әйтпенювтер атқарды. Ұйымның құрамында зиялы топ өкілдерімен қатар қаладағы қазақ кедейлері де болды. «Ү. ж.» п. ОК-нің орналасатын жері Омбы қ. болып белгіленді. Әйтпенюв – партияның төрағасы, орынбасары – Төгісов, хатшысы – Көбеков, қазынашысы Қылышбаев болды. Баспасөз органы – «Үш жүз» газеті Қызылжар қ-нда шығарылды. Кейіннен «Ү. ж.» п-ның төрағасы болып Төгісов сайланды. Партияның Қызылжар, Ақмола, Семей, т.б. қалаларда өз ұйымдары мен топтары жұмыс істеді. Қазақтың демокр. радикалды топтарының мүдделерін білдіре отырып, Алаш партиясына қарсы идеялық-саяси күрес жүргізді. «Ү. ж.» п-ның бағдарламасында негізгі мақсаттар ретінде қазақ халқының көшпенділіктен отырықшылыққа көшіру, оларға шаруашылықпен айналысу үшін жеткілікті жер бөліп беру, кедейлер мен жарлыларға жәрдем ұйымдастыру, оқу-білім тарату, мұсылман дінін құрметтеу, құрамына қазақ жері де кіруге тиіс Түркістан Федерациясын құру, т.б. атап көрсетілді. «Ү. ж.» п. 1-дүниежүз. соғысты тоқтатып, бітім жасауды, мұсылман халықтарының арасындағы ынтымақтастықты, басқа діндегі халықтармен де достық қарым-қатынастарды сақтауды жақтады. «Ү. ж.» п. большевиктерді қолдап, оларға жаңа қоғамдық құрылыс орнатуға жәрдемдесті. Партияның бірқатар қайраткерлеріне Батыс Сібір, Қызылжар, Семей кеңестерінде жауапты қызметтер атқаруға ұсыныс жасалды. «Үш жүз» газетіне қаржылай көмек көрсетілді. Газет кеңес өкіметінің саясатын насихаттап, оның шешімдерін қолдап отырды, ашаршылықпен күрес жөнінде мақалалар жариялады. Омбыдағы кеңес өкіметі құлағаннан кейін Колчак үкіметі «Ү. ж.» п-ның басты қайраткерлерін түгелге дерлік тұтқынға алып, қуғынға ұшыратты. «Ү. ж.» п-ның бағдарламасы негізінен солшылдық, радикалдық бағытта болды. Қазақ халқының ұлттық мүдделерін басшылыққа алғандарымен, әлеум.-экон. және саяси мәселелер бойынша большевиктер партиясы-



ның ықпалында болды. 1918 жылдың жазында «Ү. ж.» п. таратылды.

М.Әбдешев

ҮШІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА – Ресей империясында үшінші рет сайланған конституциялық-монархиялық бағыттағы заң шығарушы өкілетті орган. Ү. М. Д. 1907 жылдың 1 қарашасынан 1912 жылдың маусымына дейін жұмыс істеп, барлығы 5 сессия өткізді. 1907 ж. 3 маусымдағы патша жарлығына сәйкес Ү. М. Д-дағы ұлттық шет аймақтардың өкілдігі шұғыл қысқартылып, Орта Азия, Якутия мен бірқатар басқа да ұлттық аймақтардың халықтары сайлаудан толықтай шеттетілді. Ү. М. Д-ның жұмысына бар-жоғы 442 депутат қана қатысты. Мұсылман тобын 10 депутат құрады (Еділ-Жайық, Кавказ және Қырымнан сайланған түркі, мұсылман халықтарының өкілдері). Олар Қ.Тевкелев төрағалық еткен Мұсылман фракциясына бірікті. Ү. М. Д-ның мәжілістерінде С.Мақсұдов қазақ халқының мүддесін қорғап, патша өкіметінің қоныс аудару саясатын айыптады. Сондай-ақ ол патша өкіметінің панисламизмді сылтау етіп, түркі мұсылман халықтарының зиялы қауым өкілдерін қуғын-сүргінге ұшыратып жатқанын сынға алды. Қазақтарға, бүкіл Түркістан халықтарына Мемлекеттік Думаға өкілдер сайлауға құқылы болуын талап етті. Б.Қаратаев, С.Лапин және Е.Оразаев бастаған бір топ қазақ зиялылары патша өкіметінің қоныс аудару саясатына тосқауыл қою мақсатында қазақтарды жерге орналастыру жөніндегі заң жобасын әзірлеп, оны Ү. М. Д-дағы Мұсылман фракциясы мен кадеттер фракциясы өкілдерінен құрылған топқа табыс етті. Алайда бұл жоба патша өкіметінің отаршылдық саясатын жақтайтын депутаттардың қарсылығына ұшырап, талқылануға тиіс мәселелердің қатарына енгізілмей қалды. Ү. М. Д. Мұсылман фракциясы мүшелерінің қарсылығына қарамастан 1910 ж. 7 сәуірде «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережеге» толықтыру енгізіліп, өлкедегі жергілікті халықтардың иелігінен өкіметке жер телімдерін кесіп алу құқығын бекітті. Ү. М. Д. 1912 ж. 9 маусымда мерзімінің аяқталуына орай өз қызметін тоқтатты. Бұдан кейін Төртінші Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқаны жүргізілді.

С.Рүстемов



ХАҚНАЗАР ХАН (1538–80) – Қазақтың атақты ханы, ұлы қолбасшысы. Қазақ хандығының тарихында 16 ғ-дың екінші жартысы мен ортасы Моғолстан, Ноғай Ордасы, Бұхармен жер үшін болған үздіксіз соғыстарға толы болды. Осындай қиын-қыстау кезеңде, бөлшектенген, әлсіреген қазақ жерлерін біріктіретін және нығайтатын мықты қолбасшыға деген қажеттілік туды. Міне, осындай қолбасшы Жәнібек ханның немересі, Қасым ханның ұлы Хақназар хан болды. Оның анасы бүкіл қазақ даласына өзінің ақылдылығымен аты шыққан Ханыей Сұлтан ханым болатын. Х.х. қазақ жерлерін біріктіре бастады. Ол Қазақ хандығының құрамына Сарыарқаның біраз жерлерін, Ноғай Ордасына қарсы жорықтарын бастап, Сарайшық қ-н және оның айналасындағы жерлерді, хиуалықтармен соғыс барысында Маңғыстаудың біраз жерлерін қайтарып алды. Ойраттардың шабуылына тегеурінді тойтарыс беріп отырды. Ол Қазақ хандығының құрамына Жетісу жерлерін қайтару мақсатымен Моғолстанға қарсы жорыққа аттанып, жеңіске жетті. Бірақ солт-те Көшім хан бастаған Сібір хандығының қауіпі күшейе бастады. Х.х. орыс патшасы И. Грозныйдан Сібір хандығына қарсы әскери одақ құру жөнінде елшілерді қабылдады. Оңт-нде Х.х. Бұхар ханы Баба сұлтанның соғыстарын бақылап, екі жақты әрекетке кіріседі. Х.х. әділ, көреген, қазақ хандығының жерлерін бір тудың астына біріктірген ақылды басқарушы болды. Билікке келген хан алдымен қалыптасқан қиын жағдайды реттеуге күш салды. Хандықтың ішкі жағдайы өзара талас-тартыстарға, сыртқы жағдайы ашыға сұқтанып тұрған көршілерге толы еді. Ақылды, дипломат және әскер басшысы Х.х. ішкі және сыртқы қиындықтарды реттеп, өз иелігіндегі жағдайды тұрақтандырды. Ол

ХАН КЕНЕ



Моғолстан ханы Абд ар-Рашид пен ойраттарды ығыстыру барысында, Жетісудың оңт. мен шығысындағы жерлерді қорғап қалды. 16 ғ-дың 50-жылдарында Қазақ хандығына Ташкент қ-н қайтарып алған еді. 70-жылдардың аяғына қарай Абдолла ханмен одақ құрып, Баба сұлтанға және Көшім ханға қарсы әскери қимылдар жасады. Сонымен қатар бір мезгілде орыс патшасымен достық және өзара көмек көрсету жайлы келіссөздер жүргізді, бұл әрекеттер орыс патшалығы тарапынан қолдау тапты, себебі Сібір хандығы мен Ноғай ордасы Қазақ хандығына қандай қауіп төндірсе, орыс патшалығы үшін де сондай қауіп төндіріп тұрған еді. Қазақ хандығы мен Орыс патшалығының әскери одағын көріп отырған қарсыластары екі жақтың келіссөздеріне келергі жасауға тырысып бақты. Осылай И.Грозныйдың Қазақ хандығына келе жатқан елшісін жолда өлтіреді. Патша елшілерінің өлімі келіссөздің болуын тежейді, бірақ оған қарамастан әскери блок құрылды. Х.х. И.Грозныйға Көшім ханды жеңуге байланысты көп көмек көрсеткен еді. Х.х. өзі билік еткен уақытында үш жүзге бөлінген әкімш. аймақты енгізді. Ол бойынша: Ұлы жүз – Жетісуды, Орта жүз – Балқаштың солт. мен Қарқаралы тауларынан бастап Мұғалжар тауларына дейін, ал Кіші жүз – Жайық өз-нен Каспий т-нің аймағына дейінгі аралықты алып жатты. Сонымен қатар Түркістан аймағындағы жерлерді үш Жүздің арасында әділ бөліп берген еді: Сыр өз-нің төменгі ағысы – Кіші жүзге, ортаңғы ағысы – Орта жүзге, жоғарғы ағысы – Ұлы жүзге қарасты болды. Кейбір зерттеушілер Х.х. басқарған жылдар Қазақ хандығының қайта өрлеу кезеңі болды деп көрсетеді. Оның билік еткен уақыты 30 жылға созылды. Хасан-бек Румлудың «Ахсан ат-тауарих» атты еңбегінде Х.х-ның хижра жыл санауы бойынша 955 жылы (1548/1549 жылдар) түрікмендермен болған шайқасы сипатталған. Деректерде Х.х-ның моғолдықтармен 1556 жылдары болған шайқасы туралы айтылады, ол шайқаста моғолдықтар жеңіліс тапқан еді. Әбд ар-Рашид ханның ұлы Әбд әл-Латифтің Қазақ хандығына жасаған жорықтары және оның сол жорықтағы өлімі жайлы Шах Махмуд Шорастың «Хроникасында», анонимді автордың «Тарихи Қашхарында»,

Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрарында» және тағы басқа деректерде айтылған. Х.х-ның өлімі туралы ешқандай кітаптарда жоқ. Башқұрттардың кітабында, олардың айтуы бойынша, башқұрттар да Х.х-ға тәуелді болған. Рычков та, осыны біле, былай жазған: «Сей Хақназар хан болып, күш аркасында тек қана ноғайлықтар мен Башкиреяны ғана емес, сонымен қоса Қазан, Сібір және Астраханды, Бұхарды, Хиуаны, Ташкент және т.б. көптеген қалаларды өзінің қарамағында ұстап, олардан салық жинап отырған. Тағы да Хақназар ханның тұсында сауда және саясат қатынастары Мәскеумен 1570 жылдың аяғында орнаған. Ол бұл елмен келісімде болған». Қазақ шежіресінде мынандай оқиғалар айтылады: «Х.х-нан кейін Шығай таққа отырды, бірақ оның билігі тұсында хандық саяси жағдайды мықты ұстап тұра алмады. Шығайдан кейін оның ұлы Тәуекел келеді. Ол өзбектермен соғыстарда жеңіске жетіп отырған. Тәуекел өзіне Ташкент, Түркістан, Әндіжан және Самарқандты бағындырып, орталықты Ташкентке көшірді...» Қазақ хандығындағы Х.х-ның орны ерекше. Ол тек бүкіл хандықты біріктіріп қана қоймай сонымен қатар, мықты саяси тұрақтылықты ұстап тұра алған ақылды қолбасшы болды.

А.Закирьянов

ХАЛИФА АЛТАЙ, Халифа Ғақыпұлы Алтай (18.12.1917, Қытай, Алтай өлкесі, Шіңгіл ауд. – 26.8.2003, Алматы қ.) – дін және қоғам қайраткері, жазушы. Сауатын ауыл молда-



Халифа Алтай

сынан ашқан. 1933–38 ж. Қытайдағы қуғын-сүргінге байланысты ел-жұрты Баркөл, Гансу, Цинхай аймағына қоныс аударған. 1940 ж. Х. А. және Елісхан, Зайып бастауымен бір-



неше мың адам Тибет арқылы Үндістанға барып, 1941 ж. Кашмир өлкесінде тұрақтады. Одан кейінгі өмірі Үндістан мен Пәкстанда өтіп, осында араб, урду тілдерінде Құран және хадис тәпсірі саласындағы екі бірдей медресені бітірген. 1951 ж. Пешавар қ-нда Қытайдан көшіп келген қазақтардың «Шығыс Түркістандық қазақ көшпенділері» қоғамы құрылып, сонда жауапты хатшы болды. 1953–54 ж. Пәкстандағы қазақтардың Түркияға көшін ұйымдастырушылардың бірі. Х. А. Түркияда шығарм-пен айналысып, Шығыс Түркістаннан басталған азапты сапар туралы «Атажұрттан Анадолыға дейін» сияқты кітаптар жазды. 1991 ж. Қазақстанға біржолата көшіп келді. Ислам дінін уағыздап, діни кітаптар аударып, таратуға еңбек сіңірген. 1991 ж. Х. А. аударған Құран Кәрімнің қазақша мағынасы мен түсінігі Фахд баспаханасында басылып, 800 мың данамен таратылды. 1995 ж. «Сияр нәби» атты кітабы жарық көрді. 1995–2000 ж. Қазақ радиосынан әр жұма сайын ислам дініне байланысты арнайы хабар жүргізді. Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының жанынан құрылған «Инабат» имандылық тәрбие орнының төрағасы болды. Халықар. «Алаш» сыйл-н алды.

«**ХАН КЕНЕ**» – кітап. 1993 ж. «Жалын» баспасынан жарық көрген. А. Көлемі 448 б. Таралымы 50000 дана. Кітапта көрнекті қолбасшы, ұлт-азаттық көтерілістің аса білікті жетекшісі Кенесары Қасымұлы 1841 ж. хан сайланғаннан кейін хандық мемлекетке көптеген өзгерістер енгізгендігі әңгіме арқауына айналады. Оның алдына қойған мақсаты – атасы Абылай ханның жолын жалғастыру, яғни патша өкіметінің тартып алған жерлерін халықтың өзіне қайтару, жаппай салынып жатқан әскери бекіністерді жою, тәуелсіз ел болу екендігі ашып көрсетілген. Міне, осындай ұлы мұрат жолында қанды жорық жасап, халықтың ұлттық батыры ретінде тарих бетінде қалған қазақтың соңғы ханының есімі мен ерлігі жөніндегі шындық қаншама жылдар жабулы жатты. Жабулы қазандардың беті 20 ғ-дың соңғы жылдарына қарай ғана ашыла бастады. Тарихи толғамдар топтастырылған бұл жинақта тағдыры қайшылықтарға толы Кенесарыдан басқа Абылай хан ұрпақтары – Наурыз-

бай батыр, Сыздық сұлтан және басқа да қазақ сардарларының күрескерлік рухы кеңінен сөз болады. Бұл жинақ ел азаттығы үшін арыстандай алысқан Кенесары Қасымұлының туғанына 190 жыл толу мерейтойына орай шығарылған. Халқымыздың өткен тарихына қызығушылар мен оны саралаушыларға еңбек мол септігін тигізері күмәнсіз.

К.Қошым-Ноғай

ХАСАН Хазірет, Хасан Нұрмұхамедов (1871, Орал обл. Гурьев уезі, Тайсойған болысы – 7.12.1937, Орал қ.) – ағартушы, Бағыс Алаш-орда діни қайраткері. Тегі – байұлына жататын шеркес руынан. 1901 ж. Бұхара қ-ндағы жоғары дәрежелі діни білім беретін Мір-Араб медресесін тәмамдаған. Араб, түрік, татар тілдерін жетік біліп, ағылш. тілін меңгерді. 1903 ж. Тайсойғанда медреселі мешіт ашып, имандылықты, білім-өнерді насихаттаған. 1917 ж. сәуірде Орал қ-нда өткен 1-Орал обл. қазақ съезінде Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Орал обл-нан делегат болып сайланды. Сол жылы мамыр айында Мәскеуде өткен Мұсылмандар съезінен кейін осындағы қазақ делегаттарының кеңесіне қатысып, кеңес қаулысы мен 1917 ж. 1 тамыз – 10 қыркүйек аралығында Ташкент қ-нда Жалпықазақ съезін өткізуді қолдады. 1917 ж. желтоқсанда Орынбор қ-нда өткен Екінші жалпықазақ съезіне қатысты. Х.х. съезде Алаш автономиясын дереу жариялауды және автономияға Түркістан қазақтарын қосып алуды жақтап дауыс берді. 1917–19 ж. Ойылда, Қаратөбеде, Жымпитыда өткен обл. қазақ съездерінің делегаты болды. 4-Орал обл. қазақ съезінің қарауымен құрылған «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің жанынан ұйымдастырылған Дін істерін басқару жөніндегі комиссияның мүшесі, «Ойыл уәлаятының» Тайсойған, Бүйрек, Кермақас, Қызылқоға, Қарабау өңіріндегі мұхтасибі қызметін атқарды. 1925 жылдан бастап Х.х. өзге діни қайраткерлермен бірге өкімет тарапынан қатаң бақылауға алынып, діни-рухани қызметіне шектеу қойылды. 1937 ж. 25 сәуірде тұтқындалып, Орал қ-ндағы ел аузында «Қырық тұрба» аталатын губ. түрмеге қамалды. КСРО Жоғ. Соты әскери алқасы «үштігінің» қаулысымен атылған. Белгілі «Хасан хазірет мешіті» бұзылып, жоқ болды. 1993 ж. 14 сәуірде ақталды.

Ғ.Нығмет

ХИУА ХАНДЫҒЫНЫҢ



ХАСЕН Қалибекұлы, **Х а с е н** **О р а л т а й** (4.4.1933, Қытай, Тарбағатай аймағы, Толы ауд. – 14.04.2010, Германия, Мюнхен қ.) – белгілі қоғам қайраткері, журналист, публицист, қазақ диаспорасының көрнекті өкілі. Жастық шағын Қытайдың Шыңжаң өлкесі Сауан ауд. Қызылөзен а-нда өткізіп, сол жерде білім алған. Әкесі Қалибек Райымбекұлы 1940–49 ж. Шығыс Түркістандағы (Шыңжаңдағы) ұлт-азаттық қозғалысында 4-партизан жасағының бастығы және Сауан ауд-ның әкімі қызметтерін атқарған. 1949 ж. Қытай Компартиясы билікке келісімен Қалибек өзінің отбасын және қол астындағы қазақтарды бастап Үндістанға



Хасен Оралтай

өтіп, одан 1954 ж. Түркияға барды. Х. әкесінің Шығыс Түркістандағы қазақтарды қытай коммунистерінің қысымынан құтқарудағы қиындықтары мен еркіндік жолындағы күресі жайлы өмір шежіресін «Елім-айлап өткен өмір» деген кітабында баяндаған. Х. еңбек жолын Түркияда түрік және ағылш. тілдерін үйреніп, журналист болудан бастады. Түркиядағы газет-журналдарға мақалалар жариялап, қазақ халқының ұлттық болмысын, өзіндік мәдениеті мен тарихын түрік оқырмандарына таныстырды. Монограф. еңбектер де жазды. Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық күресін қолына қалам алып, алғашқылардың бірі болып жариялады. 1961 ж. алғашқы кітабы «Еркіндік жолында: Шығыс Түркістан қазақ түріктері» еңбегі Түркияның Измір қаласында баспадан шықты. 1954–67 жылдары Түркияда тұрған Х. ұлт-азаттық жолында күрескен алаш азаматтарының үлгісімен газет, журнал, кітап шығарумен айналысты. Измірде «Үлкен түркі елі» (1962–86) журналын, «Ком-

мунизммен соғыс» газетін шығарды. 1968 ж. Германияның Мюнхен қ-ндағы АҚШ-тың «Азаттық» радиосына қызметке қабылданды. Онда Х. әдебиет бөлімінің қызметкері, диктор, қазақ бөлімінің директоры (1986–95) болды. «Азаттық» радиосын ұтымды пайдалана отырып қазақ халқының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін, түркі халықтарының мүддесі үшін еңбек етті. Х. радиодан халқымыздың ұлттық құндылықтарын барынша насихаттады. Алашорда жетекшілерінің шығармаларын үздіксіз әуе толқындарында берумен қатар олардың шығармаларын жинақтап, баспадан кітап етіп шығарып тұрды. Кеңес Одағының тоталитарлық жүйесін әшкерелеп, ондағы халықтардың отарлық күйде өмір сүріп отырғандығын паш етті. Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының нақтылы қоғамдық болмысы мен әлеум., саяси, мәдени жағдайын ашып көрсету арқылы, ұлтымыздың ассимиляцияланып бара жатқанын ашына айтып, халқымыздың ұлттық санасының оянуына түрткі болды. Х. 1986 ж. Алматыда орын алған Желтоқсан көтерілісінің шындығын ашып көрсетіп, оған «Азаттық» радиосы арқылы халықар. қауымдастықтың назарын аударды. Желтоқсан көтерілісі, Алашорда үкіметінің құрылған күнін және қазақ халқының азаттық жолында құрбан болған ұлы тұлғалардың атаулы күндерін өзі зейнетке шыққанша (1995) «Азаттық» радиосынан атап өтіп, ұлттық тәуелсіздік сананы қалыптастыруға үлес қосты. Х. Халықар. Журналистер одағының мүшесі (1972), Қазақстанның әдеби «Алаш сыйлығының» (1995) иегері атанған.

Н.Мұқаметханұлы

ХИУА ХАНДЫҒЫ – 1512–1920 жылдар аралығында Орталық Азияда өмір сүрген мемлекет. Өзбек ханы Елбарыстың басшылығымен, Шайбани әулетінен бөліну негізінде құрылды. Астанасы бастапқы кезде Вазир мен Үргеніш қ-лары болды. 16 ғ-дың 70-жылдары астана Хиуа қ-на көшірілді. Елбарыс хан билік еткен 1512–16 ж. Х. х. ұлыстарға бөлініп, оларды ханның туыстары басқарды. Алғашқы кезде құрамына Хорезм, көшпелі түрікмендердің Маңғыстаудағы Дихистан мен Үзбой бойындағы аумақтары мен Хорасанның солт. бөлігі енді. Елбарыс қай-



тыс болғаннан кейінгі кезеңде Х. х-н 1516–1602 ж. билеушілер кезінде өзара тақ тартысынан көз ашпады. Бұхар хандығымен де соғыс жүргізді. 1537, 1593, 1595 жылдары Бұхар хандығы Х. х-на жойқын жорықтар жасап, қысқа мерзімге болса да өзіне бағындырды. 17 ғ-дың бас кезінде билік еткен Араб Мұхаммед ханның тұсында Х. х. күшейіп, сыртқы жауларына, қалмақтардың шапқыншылығына тойтарыс берді. 1740 ж. хандықты Иран билеушісі Надир шах Афшар басып алды. Бірақ ол қайтыс болғаннан кейін хандық қайтадан өз тәуелсіздігін алды. Х. х-ндағы өзара тартыс бұдан кейін қайта жалғасты. Өзара билікке таласқан Хиуа шонжарлары билікке кейде қазақ сұлтандарын да (Қайып сұлтан) шақырды. Бұл күресте қоңырат тайпасының билеушісі Ишан Мұхаммедәлі жеңіп шығып, жаңа Хиуа – Қоңырат әулетінің негізі (1763) қаланды. Бұл әулет алғашында өздері тағайындаған хандар арқылы билік жүргізді, ал 19 ғ-дың бас кезінде өз тайпаластары Елтүзерді (1804–06) таққа отырғызды. Қоңырат әулетінің ірі өкілі Мұхаммед Рахым хан болды (1806–25). Ол Х. х-н бір орт-қа біріктірді. Жоғ. кеңес құрып, салық реформасын жүзеге асырды, мемл. кірісті ұлғайтты, көршілес ұсақ иеліктерді (Арал маңы, қарақалпақтар, т.б.) бағындырды. 1714–17 ж. Петр I патша Хиуаға А.Бекович-Черкасский басқарған экспед. аттандырды. 19 ғ-дың бас кезінде Х. х. Арал маңы мен Үстіртті мекендеген Кіші жүз қазақтарына шабуыл (қ. *Хиуа хандығының Қазақстанға шапқыншылығы*) жасауды үдетті. Орта Азия үшін күресте Ұлыбританиямен бәсекелескен Ресей өкіметі 1839–40 ж. В.А. Перовскийдің басшылығымен Х. х-на қарсы әскери шабуыл ұйымдастырды. Кіші жүзді билеген кейбір қазақ билеушілерінің көмегіне қарамастан Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз аяқталды. Бірақ Орта Азияға біржолата орнығуды көздеген Ресей отаршылары Х. х-на үнемі әскери және экон. қысым жасап отырды. Ақыры 1873 ж. К.П. Кауфман бастаған Ресей әскерлері Хиуаны басып алды. 1873 ж. келісім бойынша Х. х. Әмударияның оң жағалауындағы жерлерден бас тартты, егемендігінен айрылып, Ресей протекторатына айналды. Х. х-ның тұрғын хал-

қы – өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қазақтар суармалы егіншілікпен және мал ш-мен айналысты.

Е.Қалданов

ХИУА ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ – Хиуа хандығының Сырдарияның төменгі сағасы, Арал маңы мен Үстіртті мекендеген Кіші жүз қазақтарын жаулап алу мақсатында ұйымдастырған жорықтары. 19 ғ-дың басынан бастап Хиуа хандығы қазақ жеріне жорық жасауын күшейте түсті. Хиуа ханы Мұхаммед Рахым тұсында (1806–25) хандықтың шекарасы Сырдарияның төм. саласы мен Арал т. маңындағы қазақ қоныстарына жақындады. Хиуа бектері осы жерлерде қорғаныс бекіністерін салып, оны қазақ даласының ішкі жағына қарай кіре түсу үшін алдыңғы шеп ретінде пайдалануға тырысты. 1835 ж. Қуандария сыртындағы Құртөбе деген жерге хиуалықтар бекініс салып, онда 200-ге жуық әскер ұстады. Сырдарияның сол жақ беткейіне Қожанияз бекінісі (осы бекіністі салуға басшылық еткен Хиуа бегінің атымен аталған), одан кейін Жаңақала деген бекіністі камал салынды. Хиуа ханының қазынасы үшін қазақтардан зекет, ұшыр секілді әр түрлі алым-салықтар жинау мақсатымен Жем өз-не дейін Кіші жүз жеріне осы бекіністерден әскери жасақтар жіберілді. Хиуа хандары Кіші жүз аумағын өз қол астына қарату мақсатында қазақ сұлтандарын пайдаланды. Оларға хан атағын сыйлаған жарлықтар беріп, қару-жарак және әскери көмек көрсетті. Қазақ рулары бағынудан бас тартқан кезде Хиуа бектерінің жасақтары бағынбаған ауылдарды шауып, тонап отырды. Мыс., 1847 ж. наурызда Уәйіс-Нияз бектің жасағы Сыр бойына қоныстанған қазақтардың 1400-ге жуық үйін ойрандады. Сол жылдың тамыз айында Хиуаның 1500 адамдық жасағы Сырдың оң жағасына өтіп, мұндағы қазақ ауылдарына шабуыл жасады. Бұл шапқыншылықта бір мыңнан аса үй талқандалып, тоналды. 1847 ж. тамыздан 1848 жылғы наурызға дейінгі уақыт ішінде Хиуа нөкерлері жүздеген қазақ ауылдарын шауып, 500-дей адамды өлтірді, көптеген адамды тұтқынға алды. Мұндай шапқыншылықтар қазақ руларының хиуалықтарға деген өшпенділігін күшейтті,



оларға қарсы ұлт-азаттық соғыстардың өрістеуіне себепші болды.

Е.Қалданов

ХОРЕЗМШАХТАР МЕМЛЕКЕТІ, Хорезмшахтар әулеті мемлекеті – Хорезм билеушілері – хорезмшахтар басқарған мемлекет (1097–1231). Хорезмшахтар түркі тектес Әнүштегіндер әулетінің өкілдері болды. Алғашында салжұқ сұлтандығына бағынышты болған Х. м. Атсыз тұсында тәуелсіз елге айналып, жаңа әулеттің негізі қаланды. Текеш пен оның баласы Мұхаммед Хорезмшах тұсында қатты күшейіп, Парсы мемлекетін, Орта Азияны, Маңғыстауды және қазіргі Оңт. Қазақстандағы Жент, Баршынкент, Отырар, т.б. қалаларды бағындырды. Шыңғыс хан құрған мемлекетпен соғысу Х. м-нің біржолата құлауына алып келді. Бұл әулеттің соңғы өкілі Жалел әд-Дин Месопотамияда қаза тапты.

ХҮСАЙЫНОВ (Құсайынов) Мұхамеджан (1750/56 – 1824, Уфа) – діни әрі саяси қайраткер, Орынбор мүфтиі. Орынбор әкімшінің Кіші жүздегі саясатын жүргізуге көмектескен адамдардың бірі. Жас кезінде патша өкіметінің құпия тапсырмасымен Бұхара, Кабул қ-ларына барған. Кейін түрлі қызмет атқарып, 1789 ж. мүфти болып тағайындалды. Нұралы, Ерәлі, Есім және Айшуақ хандардың тұсында Кіші жүз қазақтарын Ресей өкіметіне адал болуға шақырды. Ал Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1783–97) кезінде Игельстром реформасын жүзеге асыру мақсатымен шекаралық сот, жазалау топтарын құру жөнінде билер мен старшындар арасында үгіт жүргізді. 1796 ж. Есім хан өлтіріліп, Кіші жүзде хан кеңесі (оны Айшуақ сұлтан басқарды) құрылғанда, Х. патша әкімшінің өкілі ретінде кеңестің құрамына кірді. Х. өзінің «Өсиет» атты (1790–1820) жазбаларында Кіші жүздің сол кездегі саяси жағдайы, қазақ қоғамының ішкі күресінің себеп-салдары, Әбілқайыр ханның ұрпақтары, өзара жауласқан топтар туралы мәліметтер береді. Бірақ патша өкіметінің мүддесін қорғаған адам болғандықтан мүфтидің жазбаларында Ресей империясының отарлау саясатын қорғау жағы басым. *Әдеб.*: Исторический архив, №2, М.-Л., 1939; Вяткин М.П., Сырым батыр, А., 1951; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Ө.Жолымбетов



ЦЕЛИНОГРАД ТОЛҚУЫ – 1979 ж. Ақмола обл-ның Ерейментау өңірінде «Неміс автономиясын құру туралы» Мәскеудің шешіміне халық наразылығы. Патшалық Ресей кезінде Еділ өз. бойына шоғырланған немістер 1924 жылдың 20 ақпандағы БК(б)П ХКК-ның декреті бойынша Еділ жағалауынан автономия алды. Неміс автономиясы 2-дүниежүз. соғыс басталғанда КСРО ЖК-нің 1941 жылғы 28 тамыздағы жарлығымен таратылып, күштеп көшірілген жарты млн-ға тақау (497 841) неміс азаматының басым бөлігі (420 мыңнан астамы) Қазақстанға әкелінді. 1930–40 жылдардығы ашаршылық пен сталиндік қуғын-сүргіннен тұралаған қазақ халқы өз жағдайының мүшкілдігіне қарамастан, ауып келген немістерді паналатты, барын бөлісті. Ал соғыстан кейін немістердің бұған дейінгі автономиясы болған Еділ бойына қайта қоныстануына рұқсат етілмеді. Сыртқы және ішкі күштердің араласуымен бұрынғы автономияны қайтарып беруді талап еткен кеңестік немістер, ол болмаған жағдайда Еуропадағы екі неміс мемлекетінің біріне (негізінен ГФР-ға) үдере көшу мәселесін күн тәртібіне қоя бастады. Мұның өзі сол кездері «халықтар достығын» бетке ұстап жүрген КСРО-ның халықаралық беделіне үлкен нұқсан келтіруі мүмкін еді. 1960 жылдардан бастап Кеңестер Одағындағы неміс жұртшылығы өздерінің бұрынғы автономиясын қайтаруды орталықтан тікелей талап ете бастады. Жыл сайын ГФР-ға көшуге рұқсат сұрап, тарихи отанына көшіп кетушілер саны артты. Сол тұста КСРО бойынша шамамен 2 млн. неміс болса (1 млн. 800 мыңнан астам), соның 1 млн-ға жуығы (936 мың) Қазақстанда тұрған. Сондықтан Кеңестік билік қазақ жерінің немістер тығыз қоныстандаралған дәл ортасынан автономия құруды дұрыс көрді. Осы мәселе 1978 жылдың тамызында қаралып, КСРО Мемл. қа-



ЦЕЛИНОГРАД

үіпсіздік комитетінің төрағасы Ю.Андропов бастаған КОКП ОК-ның бір топ мүшелері Қазақстанның Целиноград (қазіргі Ақмола), Көкшетау, Қарағанды, Павлодар обл-тарының бес ауданы есебінен Неміс автономиясын құру туралы КОКП-ның ОК-не хат жолдайды. 1979 ж. 31 мамырда «Целиноград, Қарағанды, Көкшетау және Павлодар облыстарының құрамына кіретін бес ауданның аумағынан тұратын Неміс автономиялық облысын құру туралы» (шекарасы Целиноград обл-ның Ерейментау және Сілеті ауд-дары, Павлодар обл-ның Ертіс ауд., Көкшетау обл-ның Уәлиханов ауд., Қарағанды обл-ндағы Молодежный ауд-ның Молодежный п. кеңесі, Дальний, Пролетар, Родников, Тельман және Шідерті селолық кеңесін қамтиды) КОКП ОК қаулысы қабылданып, ұйымдастыру комитеті құрылған. Оны КСРО МҚК төрағасы Андропов басқарды. Автономияның орталығы ретінде таңдап алынған Целиноград обл-ның Ерейментау қ-на Қазақ КСР КП-ның екінші хатшысы А.Коркин бастаған комиссия келіп, осында Неміс автономиясы орнайтынын, оның басшысы болып Краснознамен ауд-ның бірінші хатшысы А.Браун сайланғанын айтып мәлімдеме жасады. Осыдан кейін барып Целиноград қ-нда (қазіргі Астана қ.) автономияға қарсы толқу басталды. Оған жасырын түрде алдын ала әзірлік жасалды, ұлт қамын ойлаған елдің белді азаматтары Коркин бастаған комиссия келгенге дейін көп істі тындырып үлгерді. Кәсіпорындарда, мекемелерде, оқу орындарында, орталық базарда, тіпті үйлерде үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Күні бұрын парақшалар, үндеулер дайындалды. Транспаранттарға, үндеулерге автономияға қарсылықтан басқа басы артық, саясатқа қайшы келетін сөз жазылған жоқ. Үлгергендерінше мәшеңкеге бастырды, қалғандары қолмен жазылып, таратылды. Алаңға шығуға шақырған ондай парақшалар барлық жерге жапсырылды. Қаланың шет жағындағы жер үйлерге дейін апарылып, пошта жәшіктеріне салынды. Барлық жерлерде үгітшілер жұмыс істеді. 1979 ж. 16 маусым күні қаланың Ленин атындағы алаңына (қазіргі Астана қ-лық әкімдігінің алды) қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан – біртұтас байтақ ел!», «Қазақстан бөлінбейді!», «Қазақ жерінде неміс автономиясы болмасын!», «Советский народ в Казахстане будет жить без внутренних гра-

ниц!», т.б. транспаранттар мен ұрандар ұстаған 2,5 мыңдай халық жиналып, қарсылық митингісі өтті. Жиналған адамдар негізінен қазақтар, оның ішінде жастар, әсіресе Целиноград Ауыл шаруашылығы, Педагогикалық институттарының студенттері басым болды. Олар неміс автономиясының Қазақстанда құрылуына қарсылығын қазақ халқы атынан партия және кеңес органдарының басшылығына жазбаша түрде тапсырды, нақты жауап берулерін қатаң талап етті. Облыс, қала



Целиноград толқуына шыққан жастар

басшылары мұндай оқиға болады деп күтпеген еді. Алаңға облыстың екінші хатшысы З.Шайдаров келіп, жиналған көпшілікке басу айтты. Ол кісінің сөзіне қанағаттанбаған шерушілер жергілікті билік өкілдеріне екі күндік мұрсат беріп, егер мәселе оң шешім таппаса бүкілхалықтық ереуіл болатынын мәлімдеді. Мәселенің ушығуынан қорыққан орталық билік шұғыл іске кірісті. Сол күні Алматыдан жеткен шенеуніктерді Қазақ КСР МҚК-нің төрағасы, ген.-л. Шевченко мен ІІМ



бірінші орынбасары ген.-м. Тұмарбеков бастап келді. Ал мәскеуліктерді 18 маусымда КСРО МҚК төрағасының бірінші орынбасары ген.-полк. Бабков бастап жетті. КОКП ОК Саяси бюросының қаулысы шығып, КОКП Бас хатшысы, КСРО ЖК президиумының төрағасы Л.Брежневтің жарлыққа қол қоюы ғана қалғандықтан Кеңестік билік өкілдері автономияның құрылатынына еш күмән келтірген жоқ. Сондықтан олардың мақсаты ереуілге ешкімді шығармау, шыға қалса орталық алаңға жолатпау, жалпы қоғамдық тәртіпті бұзушылыққа жол бермеу болды. Жергілікті ұлттың өкілдерін көшеге шығармау керек деген жоғарыдан келгендердің бұйрықтарын бұлжытпай орындауға күштік органдармен қағар, партия және кеңес орындарының қызметкерлері, жасақшылар да жұмыла кірісті. Жоғары және орта оқу орындарында, жұмысшы жастар арасында, жатақханаларда жаппай үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. 19 маусымда орталық алаңға тірі жан шығармау тапсырмасы қала басшылығы мен белсенділер алдына аса жауапты міндет ретінде жүктелді. Алаңға тақау көшелер адам өтпестей етіп автобус және жүк машиналарымен бекітілді. Бірақ бұл бағытта жүргізілген сақтық шаралары іске асқан жоқ. 19 маусым күні сағат 10-да Целиноград қ-сының 5-6 мың адам сиятын орталық алаңына халық лық толды. Оның құрамында барлық топтың адамдары болды. Көбі студент жастар, жұмысшылар, зиялы қауым өкілдері, еңбек және соғыс ардагерлері, Ерейментау, Сілеті, Целиноград, Атбасар, Қорғалжын ауд-дары мен Павлодар, Көкшетау, Қарағанды обл-тарынан ұйымдасқан түрде адамдар келді. Олардың ішінде қазақтармен бірге басқа ұлт өкілдері: немістер, орыстар, украиндар, татарлар, т.б. да болды. Павлодар обл. мен Ерейментаудан келген шерушілер Қазақстан тарихының томдарын, Абайдың кітабын кеуделеріне ұстап алып жүрді. М.Шаменов деген ақмолалық қарт қолына Қазақ КСР-нің Конституциясын ұстап тұрып, аталмыш шешімнің қате екенін дәлелдеп сөйледі. Шеруге шыққан нөпір халық облыстық бюро мүшелерімен қоса обл. ПК-ның бірінші хатшысы Н.Морозовтың өзін шақыртып, мән-жайды түсіндірсін деп талап қойды. Морозов амалсыз халықтың алдына шығып, КСРО мен АҚШ арасында стратегиялық шартқа қол қойылып жатқанын, Ве-

надағы Брежнев пен Картердің кездесуінің еліміз үшін аса маңызды екенін айтып, наразылықтың бағытын басқа жаққа бұрмақ болды. Алайда жиналған халық билік өкілдерінің алдамшы әрекеттеріне құлақ аспай, автономия туралы шешімнің күшін жоюын талап етіп тұрып алды. Осындай сын сағатта ұлты неміс азаматтар А.Кинас, К.Вагнер, И.Нахтигал, Краснознамен ауданының бірінші хатшысы Браунның келіні Л.Браун, ұлты кәріс Л.Син, латыш З.Деревянколар орталықтың шешіміне қарсылық көрсетіп, кейбірі өздерімен бірге туыстарын, қызметтестерін алаңға алып шықты. Неміс ұлтының өкілі Вагнер: «Біздер бұл шешімге қарсымыз! 1941 жылдары қиындықпен жер ауып келгенде қазақтар бізді бауырына басты. Қазаққа қиянат жасағанды құдай кешірмейді! Қазақстаннан шаңырақ сұрауға хақымыз жоқ. Егерде ұлы орыс халқы шынымен немістерге автономия бергісі келсе, олардың тарихи мекені Повольжеден берсін! Әйтпесе, автономия береміз деп неміс халқын қазаққа қарсы қоюды тоқтатсын!» деп ашық айтты. Қазақ халқының ел аумағындағы автономияға қарсы наразылығы басқа ұлт өкілдерінің арасында да қолдау табуы толқуға бүкілхалықтық сипат беріп, нәтижесінде КОКП ОК Саяси бюросы өз шешімін өзгертуіне тура келді. Елді дүрліктіріп басылған Ц.Т. Кеңестік билік тарапынан жасырылып, сол кездегі Қазақстан басшысы Д.Қонаевтың тапсырмасымен ереуілге шыққандарды қудалауға, жазалауға тиым салынды. Ұлт мүддесі үшін тәуекелге барып, жеңіске жетуге болатынын дәлелдеген Ц.Т-на қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалудағы тарихи бағасы әлі берілмесе де, бұл оқиға қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының бір көрінісі болып тарихқа енді.

Әдеб.: Кәкен А., Андропов бастап, басқалар қостап, Түркістан, 6.01.2011; Керейбаева М., Жетпіс тоғыздың толқуы немесе қазаққа қиянат, Намыс.kz, 25.3.2011; Қанат Қазы, Алаш рухы Ақмолада ояңған 1979 жылғы Целиноград оқиғасының тарихи маңызы толық ашылуы қажет, Алаш айнасы, 23.11.2011; Самат Мұса, Неміс автономиясы: 1979 жылғы Целиноград оқиғасында ашылмай жатқан шындықтар аз емес / ҚазАқпарат дөңгелек үстелі, Егемен Қазақстан, 24.6.2012; Жұмахметұлы Е., Ақмола оқиғасының ақиқаты, Алаш айнасы, 19.6.2009; Асауов Д., Қазақ жерінде неміс автономиясы қалай болмай қалды, Bag.kz, 12.1.2013.

Д.Наушабай



ШАБАЙ Қонысұлы (1768, Маңғыстау, Сам өңірі – 1846) – батыр. Кіші жүз адай руының құнанырыс тармағынан шыққан. Әкесі Қоныс, аталары Мыңбай, Лабақтар да батыр болған. Ш. Орал казактарымен, Еділ қалмақтарымен, Хиуа жасақтарымен және түрікмендермен болған шайқастарда ерлігімен көзге түседі. Өшіккен жау бір күні көп әскермен келіп, Ш. ауылын өзі жоқта шапқан. 78 жастағы батыр жаман хабарды естіп, жігіттерімен Итібай құдығы деген жерде жауды қуып жетіп, мал мен жанды түгел қайтарады, алайда өзі қаза тауып, осы жерге (Маңғыстау мен Қарақалпақстан шекарасы) жерленді. Ш-ның балалары Сүгір мен Есен де батыр болған. Ұрпақтары Бердәулет (1842–1915) және Жоламан (1855–1926) батырлар көне Үргеніш қ-ның базарында жергілікті билеуші Әлімқұл ханды атып өлтірген. Осы тақырыпқа ақындар жырлар мен толғаулар арнап, Ш. мен оның ұрпақтарын Қалнияз Шопықұлы жырға қосқан.

С.Өтенияз

ШАБАТҰЛЫ Мәмбетбай (1864, қазіргі Ақмола обл. Атбасар ауд. – 1916, Қарағанды обл. Жезді кенті) – Орт. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі. 1916 жылғы Маусым жарлығына қарсы бүкіл ел көтерілгенде Қарсақпай, Байқоңыр, Жезқазған жұмысшыларынан, Қарақойын, Қашырлы бойындағы елдерден жиылған жасақты бастап, Амангелді қолына қосылды. Ш. жасағы патша әскерлерінің Атбасардан шыққан жазалаушы тобына Қаражарда, Қыпшақ өз. бойында соққы берді. Бірақ күші басым жауға төтеп бере алмай, Терісаққан бойында бірнеше жолдастарымен бірге ерлікпен қаза тапты.

ШАБУЫЛ – қарсыласты жеңуде шешуші маңызы бар ұрыс әдістерінің негізгі түрі. Ш-дың басты мақсаты – қорғаныстағы қарсы-

ластың әскерін тез арада (қысқы мерзімде) жойып, маңызды аудандарды (нысандарды) алу. Ол үшін қажетті барлық құралдарды пайдалану, авиац. соққы нәтижелерін тиімді пайдалану, әскердің шешуші әрекеттерін шапшаң қарқында және неғұрлым тереңдете жүргізу арқылы жүзеге асады. Ш. күшті толық шоғырландырып, күндіз де, түнде де, ауа райының кез келген жағдайында жүргізіледі. Дала соғыстарында еркін қимылдайтын қазақтың атты әскерлері бетпе-бет ұрыстарда тікелей Ш-ға шығып, жеңіске жетіп отырған. Ұлт-азаттық көтерілістерінде орыс, қоқан мен хиуа бекіністеріне Ш-дар жасалып, оларды талқандау әдістері әскери тәжірибеге енді.

К.Серікбаев

ШАҒЫРАЙ Мырзакелдіұлы – (1740/50 – 1840–50) – ел азаттығы үшін күрескен батыр. Кіші жүз алшын тайпасының әлім руынан шыққан Ш. батыр Қазалы-Қармақшы өңірінде өмір сүрген. Жанқожа батырдың көтерілісінде онымен жорықтарға бірге шығып жүрген. 1841 жылы Ш. Жанқожа батырмен бірге Созақ шайқасына қатысқан. Ш. батырды Сыр бойының ақыны Қарман Сұлтанұлы: «Қарасақал Шағырай, Бұл да келді қалыспай, Қарасақалдың батыры, Шыдамайтын намысқай-ай.» деп жырға қосқан. Бейіті Қызылорда обл-ның Қармақшы ауд., Т.Көмекбаев а-нан 20 шақырымдай жерде тұр. *Әдеб.:* Дайрабаев Т., Тоғанас батыр, А., 1992; Сырдария кітапханасы, Жанқожа батыр туралы жырлар, Астана, Фолиант, 2007.

Б.Ахметбек

ШАЙҚАС – соғыс операциясының құрамдас бөлігі, ұрыс қимылдарының түрі. Жалпы мақсатпен бірлестірілген, белгілі бір әскер топтарымен (күштерімен) жүргізілетін және ортақ тапсырманы орындауға бағытталған неғұрлым маңызды және қауырт ұрыстық соққылардың жиынтығы. 19 ғ-ға дейін әскери қарулы күштер аз санды болғандықтан, шешуші соғыс қимылдары белгілі бір аймақта жүргізіліп, кейде бір Ш-тың өзі армияның ғана емес, тіпті мемлекеттің тағдырын шешетін еді. Жаңа жағдайда Ш. бірнеше ұрыстар мен айқастардың жиынтығын білдіру үшін қолданылады. Соғыс компаниясының, кейде тіпті соғыстың тағдыры шешілген неғұрлым ірі Ш-тар шешуші ар-

ШАҚШАҚ



палыс делінеді. 19 ғ-дың орта кезінен бастап әскери терминге «операция» деген сөз қосылды. Ш., «ұрыс» және «операция» деген ұғымдар синоним ретінде қолданылады.

К.Серікбаев

ШАҚШАҚ Көшекұлы (1740, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Майбалық айна жақын жердегі қыстау – 1837, сонда) – батыр, би. Ашамайлы керей тайпасының көшебе руынан шыққан. Жоңғарларға және Еділ қалмақтарына қарсы азаттық соғыстарына қатысып, жүзбасы, кейіннен мыңбасы болған. 18 ғ-дың аяғы мен 19 ғ-дың басында Марал ишан Құрманұлының Ресей өкіметінің отарлау саясатына қарсы азаттық үшін күресіне қолдау көрсеткен. 1819 жылға дейін керей және уақ тайпаларына басшылық етіп, еділ би атанды. 1830–37 ж. аға сұлтан Жалбыр Абдуллин мен Шыңғыс Уәлиханов өздері иелік ететін рулардың біріне старшина етіп сайлаған. Меккеге барып, қажылық парызын өтегеннен кейін Петропавл қ-нда өз қаражатына мешіт пен медресе тұрғызған. Штың «Ақтық пен шақтық» өлеңі біздің заманымызға жеткен. Ш. белгілі ақын, әнші әрі композитор Сегіз серінің туған атасы.

Қ.Мұқанов

«ШАЛҚАР» ГАЗЕТІ – Қазақстанда төте жазумен шығатын жалғыз басылым. 1976 жылдың желтоқсан айынан бастап шет елдерде тұратын қазақтармен байланыс орнату мақсатында «Біздің Отан» деген атпен шыға бастаған. Газет негізінен қазақтар ең көп шоғырланған ҚХР-дағы қандастарға арналғандықтан солар қолданып жүрген төте жазумен (араб графикасы негізінде) айына 2 рет жарық көріп, әлемнің 30-ға жуық еліне 40 мың тиражбен тарайды. Бұл газет Мәскеудегі «Отан» қоғамының Қазақстандағы бөлімшесінің атынан шықты. 1990 ж. «Отан» қоғамының қазақстандық бөлімшесі «Қазақстан» қоғамы болып қайта құрылды да, осыған байланысты «Біздің Отан» газеті қазіргі атына өзгертіліп, көлемін кеңейтіп, апталық газетке айналды. 1976–86 ж. газеттің алғашқы редакторы, белгілі журналист Мұса Дінішов болды. 1986–96 ж. газетке Уақап Қыдырханұлы, 1996–98 ж. Әділғазы Қайырбеков редактор болды. Газет 1999–2000 ж. жабылып, 2000 жылдан «Шалқар-2» деген атпен қайта шықты. Қазіргі редакторы – Жа-

ныл Әпетова. «Ш.» г. өз беттерінде шет елдегі қазақ диаспорасының мәселелері, оралмандар жағдайы, көші-қон, әдебиет, мәдениет, дін, тарих және этнография, т.б. тақырыптарды көтеріп отырады. Қазір 6 бет болып, аптасына бір рет жарық көреді.

Ж.Амантайқызы

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ, Ш а л қ а р ұ л т т ы қ а р н а с ы – ақпаратты-сазды бағдарлама. 1966 ж. 1 қаңтардан бастап әуе толқынына шықты. Алғашында ақпаратты-сазды болып ашылған бұл арна кейіннен әр түрлі жанрлармен (қазақтың ұлттық әдет-ғұрыптары, әдеби-муз. шығармаларды насихаттау, т.б.) өз бағдарламасын кеңейтті. Бірге-бірге «Ш.» р. республика көлемінде ғана емес, шет ел қазақтарына да шыға бастады. Алғашқы басшысы – Сәркен Оспанов болды. Радиода әр жылдары белгілі журналистер М.Жангикин, Е.Әбдіғпаров, Т.Рсаев, У.Қыдырханұлы, Е.Қашқынов, Т.Момбекұлы, Ғ.Игісін, Д.Исабеков, т.б.; талантты дикторлар: С.Жақанова, О.Қалмырзаев, Ұ.Бармашқызы, А.Еңсебайұлы, т.б. жұмыс істеді. «Ш.» р. 1998–99 ж. бюджет тапшылығынан өз жұмысын мүлдем тоқтатты. 2002 ж. қайта ашылып, алғашында тек Алматы қ-ның көлемінде ғана хабар таратты. Қазіргі жағдайда республика бойынша 9 обл-қа тарайды. «Ш.» р-ның басты мақсаты қазақ халқының ұлттық-рухани құндылықтарын жан-жақты насихаттау. Осы мақсатта «Қайырлы таң, Қазақ елі!», «Өнерім-өмірім», «Атадан қалған асыл сөз», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алтын тамыр», «Жайдарман», «Сағыныш сазы», «Балауса», т.б. бағдарламалар ашқан.

А.Усен

ШАЛТАБАЙ Алпарұлы (шамамен 1830–1900) – батыр, ақын. Ұлы жүз албан ішіндегі құрман руынан. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күрескен. 300 жігіттен жасақ құрып, Тазабек Пұсырманұлы бастаған көтеріліске қатысқан. Өз жасағымен Қарқара өңіріндегі орыс әскерлеріне астыртын шабуыл ұйымдастырды. Сондай әрекеттері үшін 1871 ж. ұсталып, он жылға бас бостандығынан айрылған. Жазасын өтеп оралғаннан кейін, қырғыз еліне кетуге мәжбүр болды. Сол жақта дүние салған. Ш. туралы мәліметтер мен оның өлеңдерін алғаш І.Жансүгіров хатқа түсірген. Айдауда жүріп шы-



ғарған «Менің атым – Шалтабай» әні қазір ел ішінде орындалып жүр.

«ШАҢДЫ ЖОРЫҚ» – қазақ-қалмақ соғысындағы соңғы шайқастардың бірі. Қазақ әскерлерінің Еділден Жоңғарияға үдере көшкен Еділ қалмақтарын өкшелей қуған жорығы халық арасында осылай аталған. Қытайдағы Цинь империясы Жоңғар хандығын талқандап, халқын қырып-жойғаннан кейін Еділ қалмақтарының көшбасшылары Убашы хан және Церен тайшылар тайпаластарын атамекендері Жоңғарияға қайтару үшін ұлы көш жасауға үгіт жүргізді. Шапқыншылықтардан қажыған, Ресей өкіметінің қысымына шыдамаған қалмақ халқы 1771 ж. қаңтарда көшуді бастады. Қалмақтардың негізгі бөлігін құрайтын торғауыттар Еділдің сол жағасын, яғни оның шығыс жағын; дүрбіт пен хошауыттар оң жағасын алып жатқан еді. Көш 5 қаңтарда басталып, 11198 отбасы өзеннен өте алмай Ресей шегінде қалуға мәжбүр болды. 30909 отбасы немесе шамамен 170–180 мың адам қазақ жері арқылы өтуге бет алды. Олардың қарулы күштері – 40 мың жауынгер еді. Еділ қалмақтарының көшкені туралы хабар алған Ресей үкіметі оларды күшпен кері қайтаруға тырысты. Бірақ олар қуғыншы ұйымдастырғанша, қалмақтар қазақ иеліктеріне тереңдеп еніп үлгерді. Қалмақтар бірнеше қазақ ауылдарын таптап өтіп, Жем өз-нің жағасында аз уақыт аялдады. Олардың келгенін білген Кіші жүз ханы Нұралы тез арада әскер жинап, қарсы аттанды. Жем өз-нің бойында алғашқы шайқас өтті. Убашы жеңіліс тапты және Нұралыға уақытша бітім туралы хат жолдады. Бірақ ол нәтижесіз болды. Қалмақ көштері Мұғалжарды айналып өтіп, одан әрі жылжыды. Көктемгі су тасуы кезінде қамыстан сал жасап, Торғайдан қиындықпен өтті. Көштің артында қалған қаза тапқан адамдардың мәйіттері, әлсіреген адамдар күн сайын көбейе берді. Қазақтар көштің жүрісін қадағалап отырды және толассыз шабуылдар ұйымдастырып, мол олжаға кенелді. Наурыз айынан бастап жаздың ортасына дейін төрт айдай уақыт бойы қалмақтар қазақ жасақтарын қиындықпен тойтарып, аялдамастан ілгері жылжыды. Маусымның аяғына қарай олар Сарыарқаны толығымен Балқашқа дейін қиялай кесіп өтіп, Мойынты өз. жағасында аялда-

ды. Осы жерде оларды Абылай хан бастаған қазақтардың біріккен әскері қоршауға алды. Қазақ жауынгерлерінің жалпы саны елу мың болды, жекелеген жасақтарды Нұралы хан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан басқарды. Өлім қатерін сезген қалмақ басшылары Абылай ханға бодандыққа қабылдауды ұсынып, елші жіберді. Қалмақ елшілерінің ұсыныстарын талқылау үшін Абылай әскери кеңес шақырады. Абылай олардың ұсынысын қабыл алып, шығыстан төнген қытайлардың қауіп-не қарсы қалқан ретінде пайдалануды көздеді. Бірақ тоғыз ұрпақ бойы осы жаумен соғысып келген халық өкілдері оларды біржолата жойып жіберу керек деп мәлімдеді. Кеңес созылып кетіп, үш күндік бітім жарияланды, оның соңғы күнінде тұтқындар алмасып, мәселе түпкілікті шешілетін болып белгіленді. Бірақ үшінші тәулікке қараған түнде қалмақтар аса күшті соққы жасап, қоршау шеңберін бұзып өтті. Таң алдында қазақтар жауынгерлік қатарын қайтадан тәртіпке келтірді. Қазақ жасақтары жауды күндіз-түні өкшелей қуып, әскери күшін біртіндеп жоя берді. Қалмақтар Балқаштың тұщы сулы батыс жағынан айналып, Іле өз-нің бойымен жоғары өрлеп Жоңғарияға өтуді жоспарлады. Алайда қазақтар оларды суға жеткізбей, шөл даламен босуға мәжбүр етті. Шөл мен сансыз шайқастардан қалжыраған қалмақтар қырылып, тірі қалғандары тұтқынға түсумен болды. Тек ең табанды, жақсы қаруланған аз ғана тобы Қастек, Қаскелең, Кеген және Нарынқол арқылы зор қиындықпен Жоңғарияға жетті. Мойынтыдағы түнгі шайқаста қалмақтардың бір тобы бөлініп шықты. Танжу тайшы басқарған бұл топ Балқаштың солт. жағалауын жағалай жүрді. Біраз уақытқа дейін оларды ешкім байқамай бұл көш жағдайларын жақсартып алады. Алайда көп ұзамай қазақтар бұларды да қыспаққа алды. Бұл кезде олар Аягөз, Лепсі, Қаратал өз-дерінен өтіп, Ілеге жеткен еді. Соған қарамастан қазақтардың шабуылынан олардың да 1/10-і ғана қашып құтылды. Олар Іленің жоғ. жағына қарай қашып, Қытай шептеріне жеткен еді. Жайықтан Жоңғарияға дейінгі аралықты алты айда азаппен өтіп, тірі жеткен 10–15 мыңдай қалмақтар Қытайға барып, құлдық қамытын киді. Цинь әкімшілігі оларды жекелеген ұсақ ауылдарға бөлшектеп, өзінің бо-

ШАПҚЫНШЫЛЫҚ

даны деп жариялады. Қалмақтардың Еділден Жоңғарияға үдере көшуі Еділ-Жайық бойында үлкен дүрбелең туғызды. Көп ұзамай бұл маңда Е.И. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі басталды. Жайықтан өте алмай Ресейде кідірген 50–60 мың адам аман қалды.

Ж.Қасымбаев

ШАПҚЫНШЫЛЫҚ – бір елдің жерін, дүние-мүлкін тартып алып, халқын құлдыққа түсіру үшін екінші бір елдің жасайтын қарулы шабуылы. Ежелгі және орта ғасырларда үздіксіз жүргізілген соғыстар бейбіт халықты қырғынға ұшыратып, қалаларды, құрылыстарды қиратты. Мыс., 17–18 ғ-ларда 100 жылдан астам уақыт бойы қазақ жеріне жоңғар басқыншылары Ш. жасады.

ШАРАЙНА – кеудені қорғау үшін сауытпен қатар қолданылатын жарақ түрі. Бейнелеу өнері материалдарынан өте ерте кездерде жауынгерлер қарудан қорғаныс ретінде сырт киімнің кеудесіне, арқасына, иығына дөңгелек болат тақталар бекіткенін көруге болады. Олардың бетін тегістеп, жалтыратып қойған. Формасы, жалтырлығы айнаға ұқсағандықтан бұл тақталарды «айна» деп атаған. Алғашқыда бұл болат, темір айналар сырт киімге, сауытқа бекітілсе, кейін қайыс баумен, ілгек арқылы бір-бірімен байланыстырып, денеге бөлек киілетін болды. «Шар» парсыша «төрт» деген сөз. Шарбақ, «шардақ», «шаршы», «шартарап» сөздерінде Ш. төрт айна дегенді білдіретінін байқаймыз. Тақталары болат темірден жасалатындықтан Ш-ны кейде «шарболат» деп те атайды. Сәндігі, беріктігі үшін Ш-ны атақты батырлар, хан-патшалар, қолбасшылар киген. Көбінесе Ш-ны кіреуке, бадана, қаттау сияқты жеңіл сауыттардың сыртынан киетінін өнер материалдарынан көруге болады. Қаруға, оққа қарсы қорғаныс қасиеті үшін Ш-ны батырлар жекпе-жекке киген. Берік болғандықтан Ш-ны сауытсыз сырт киімнің сыртынан да кие берген. Шығыста бұл Ш-лар 14–16 ғ-ларға дейін қолданылды. Кеуделік дөңгелек Ш-лар мен белдік төртбұрышты Ш-ларға кейде иықты қорғайтын айналар да қосылып жасалады. Орыстарда Ш-ның осы үлгісі бар. Олар оны «зерцало» (айна) деп атайды. Еуропада Ш. қолданылмаған. Бұл жарақты орыстар шығыстағы көрші көшпелі халықтардан алған. Себебі, Ш-лар қорға-

ныс жарағы ретінде Русьте 13–16 ғ-ларда, яғни Алтын Орда ықпалында болған кезде қолданылды.

Қ.Ахметжан, С.Хасенұлы

ШАЯХМЕТОВ Жұмабай (30.8.1902, Ресей, Омбы обл. Шарбақты ауд. 1-ауыл – 17.10.1966, Алматы қ.) – саяси және мемлекет қайраткері. 1917 ж. Полтавақадағы 2 сыныпты қазақ-орыс уч-шесін бітірген. 1919–28 ж. мұғалім, Ақмола, Қызылжар өңірінде кеңестік қызметтерде болды. 1928–38 ж. Петропавл мен Алматыда ішкі істер халық комиссариаты органдарында әр түрлі жауапты қызметтер атқарды. 1938–46 ж. Қазақстан КП ОК-нің алдымен 3-, кейіннен 2-хатшысы, болып сайланды. 1946–54 ж. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы болды және 3-сайланған



Ж.Шаяхметов

КСРО Жоғ. Кеңесінің 1-сессиясында КСРО Жоғ. Кеңесі Ұлттар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Ш. басшылықта болған кезде Қазақстан халқы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргінді және соғысты бастан кешірген кезеңнен өтіп, аздап болса да ес жия бастады. Бұрынғы ұсақ ұжымшарлар біріктіріліп, жаңадан кеңшарлар құрылды. Соғыс жылдары Қазақстанға КСРО-ның батыс аймақтарынан көптеген зауыт-фабрикалар, ғыл. және мәдени мекемелер көшірілген еді. Осыған байланысты қаладағы халық саны күрт өсіп, жаңадан өндіріс орындары пайда болды. Ғылым-білім дамып, мәдениет ошақтар көбейді. 1946 ж. Қазақ КСР-і ҒА құрылды, жоғары оқу орындарының ғыл.-тех. базасы нығайды, жаңа оқу орындары ашылды. Ш-тың Қазақстанды басқарған жылдары жарық көрген «Қазақ ССР тарихында» (1943) тұңғыш рет Абылай ханның өмірі мен тарихи қызметіне оң баға берілгенімен, кейін саяси



идеологияның қаһарлы сынына ұшырады. 1937–49 ж. республикаға КСРО-ның түпкіртүпкірінен қуғынға ұшыраған халықтар (Солт. Кавказ халықтары, немістер, корейлер, т.б.) зорлықпен көшіріліп әкелініп, Қазақстан көп этносты өлкеге айналды. Соған қарамастан Ш. басқарушы кадрлар арасында қазақ басшыларын көбейтті. Көптеген қазақ жастары Мәскеу мен Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) оқыды, аспиранттар мен докторанттар көбейді. Қазақстан аграрлы-индустриялы республикаға айнала бастады. 1953 ж. И.В. Сталин қайтыс болып, Мәскеуде болған саяси тартыстардан кейін билікке Н.С. Хрущев келді. Ол Қазақстан мен Батыс Сібірдің тың және тыңайған жерлерін игеру қажет деп есептеді. Ш. Қазақстанның геогр. ерекшеліктерін және осыған байланысты қазақ халқының негізінен мал ш-мен айналысқанын ескере отырып, жерді жаппай жыртуға қарсылығын білдірді. Сондықтан Ш. орнынан алынып, 1954–55 ж. Оңт. Қазақстан обл. партия к-тінің 1-хатшысы қызметіне төмендетілді.

ШӘКӘРІМ Құдайбердіұлы (24.7.1858, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қарауыл а. – 2.10.1931, сонда) – қазақ ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы. Идеялық мақсат-мұраттары жағынан Ш. үнемі демократтық, халықтық, гуманистік-ағартушылық бағытта болды. Бұл орайда ол 20 ғ-дың басындағы озық ойлы қазақ зиялыларымен үндесіп жатты. Алашорда қайраткерлерінің еңбегін бағалап, оларға тілектес болды. 1918 жылы ол сырттай Семейдегі Алашорда обл-тық сотының құрамына кіргізілді. Бірақ Ш. көп ұзамай аумалы-төкпелі саясаттан бойын аулақ салып, елден бөлек, жеке тірлік кешеді. Ақынның елден жырақ кетіп, тек шығарммен айналысып жатқанына кеңес өкіметінің қызметкерлері күдікпен қараған. Оның үстіне 1931 ж. елді зорлықпен ұжымдастыруға шыдай алмаған, мал-мүлкінен айрылып, аштыққа ұшыраған Шыңғыстау халқы бас көтерді. Аштықтан қиналған елді қорғап әр жерде сөз айтып жүрген Ш-ді жергілікті өкімет орындары сол көтерілістің ұйымдастырушысы деп есептейді. Көтеріліс жетекшілерін ұстап, жазалауға ауданның А.Қарасартов бастаған ОГПУ отряды шыққан. Көтерілген халық пен жергілікті кеңестік билік өкілде-

рін бітімге шақырып, қан төгісті болдырмауға тырысқан Ш-ді жазалаушылар атып өлтіріп, денесін айдаладағы құдыққа тастап кетті. Тек 1961 ж. ғана ақынның баласы Ахат әкесінің сүйегін қазып алып, Жидебайдағы Абай зиратының жанына жерледі. ЮНЕСКО-ның қолдауымен 1995 ж. Абайдың туғанына



Ш.Құдайбердіұлы

150 ж. толуына орай іске асқан шаралар аясында екі алып ақынның басына үлкен зиярат кешені тұрғызылды. Кеңес заманында Ш. «халық жауы» ретінде айыпталып, шығармаларын оқуға тыйым салынды. Тек 1988 ж. ғана оның есімі толық ақталды. Алматы, Семей қ-нда ақынға көше аты берілген, Семей мемл. ун-ті Ш. атында.

А.Мамаиұлы, Д.Наушабай

ШӘРІПХАН Жеңісханұлы, Шәріпхан төре (1900, Қытай, Алтай ауд. – 1941, Үрімжі қ.) – Қытай қазақтарының әлеуметтік теңдігі мен дамуы үшін күрескен саяси қайраткер. Төре әулетінен шыққан. 1922–27 ж. Үрімжідегі Моңғол-қазақ уч-щесінде оқыған. 1927–29 ж. Алтай аймағы Бурылтоғай ауд-ның әкімі болды. Бірақ Шыңжаң ген.-губернаторының қазақтарға қарсы саясатына қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырғаны үшін қызметінен босатылды. 1931–32 ж. Ганьсу провинциясынан Үрімжіге, одан Алтайға келіп, аймақ орт. Сарсүбені басып алған дүнген ген. Ма Рулун және Ма Хындарға қарсы қазақ, моңғол әскерлеріне қолбасшылық жасап, оларды Алтай аймағынан қуып шықты. Осы



қызметі үшін Алтай аймағының әкімі және Алтайдағы «Имперализмге қарсы тұру қоғамы» төрағасы міндеттерін атқарды. Әкім ретінде аймақтағы мәдени оқу-ағарту істерін дамытуға күш салды. «Жаңа Алтай» журналын шығарып, демокр., ұлттық теңдік идеяларын насихаттап, халықтың санасын оятты. 1940 ж. Шыңжаң ген.-губернаторының бұйрығымен тұтқындалып, Үрімжі түрмесіне қамалды, сонда қаза тапты.

Н.Мұқаметханұлы

ШЕКМАҒАМБЕТ Мұнайтпасұлы (1828–1871) – 1869 ж. Батыс Қазақстандағы көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Ұлы Қобда, Терісаққан, Талдысай бойларында өмір сүрген Мұнайтпас бидің ұлы. Ол туралы біршама дерек сақталған. Көптеген жақтастары тәрзіді ол да басқарудың жаңа үлгісіне қарсы елге үндеулер таратқан. Оның 1869 ж. наурыз айында Айжарық Бекбауұлымен, Жақсыбай Жылгелдіұлымен, Әлімжан, Жандәулет және Жиес есімді адамдармен бірге Мұхаммедқазы Арынғазыұлы сұлтанға жазған хаты Орынбор мұрағатында сақтаулы. Онда олар сол күннің ертесіне орыс әскеріне (Новокрещенов отряды) шабуыл жасайтындықтарын, сұлтанға өздері жағында ма, не орыстар жағында ма, соны айтудан ескерткен. 18 наурыз күнгі шабуылға Ш. өз ағайындарымен бірге қатысқан. Көптеген көтерілісші ауылдармен бірге ауыл-аймағымен 1869 ж. көктемінде Үстірт, кейіннен Хиуа жеріне қоныс аударған. 1870 ж. көктемінде Қобдаға қайта оралған. Көтеріліске қатысты тергеу комиссиясының әділетсіз шешімдерімен келіспей, өз жақтастарымен бірге халықты үкімет тараптарына бағынбауға шақырған. 1870 жылдың 17 сәуірінде Ақтөбе гарнизонына уезд бастығына өз шағымдарын жеткізуге келген Ш. уезді бастығы Жақсыбай Жылгелдіұлымен бірге қамауға алған. Ол қамаудан сол жылдың күзіне қарай босатылып, елге оралған соң 1871 ж. 43 жасында қайтыс болған. Қобда жеріндегі белгілі Байтақ қорымында жерленген.

Дер.: ҚР ОММ, 25-қор, 1-т., 2591-іс.; ООММ, 6-қор, 10-т., 8239, 18-т., 665-іс.

Н.Жемнісбай

ШЕМОНАИХА КӨТЕРІЛІСІ (1918 ж. тамыздың 2-жартысы – 1918 ж. 16 қыркүйек) – Сібірдегі уақытша ақ гвардияшыл – әсерлер

үкіметіне қарсы бағытталған шаруалардың қарулы бас көтеруі. Көтеріліс орт. бұрынғы Змеиногорск уезінің Шемонаиха а-нда (қазіргі Шығыс Қазақстан обл.) болды. Ш. к-н оған жақын орналасқан 45 ауылдың тұрғындары қолдады. Көтеріліс стихиялы түрде басталды. Оның басталуына Сібір уақытша үкіметінің 1897–98 ж. туған жастарды әскер қатарына шақыру туралы бұйрығы себепші болды. Жастардың әскерге алынуына М.Г. Борисов бастаған майдангерлер қарсы шықты. 1918 ж. 31 тамызда Сібір уақытша үкіметінің жазалаушы жасағы Шемонаихаға баса-көктеп кіріп, қарсылық ұйымдастырушыларды тұтқындады. Көптеген адамдар жазалаушылардың соққысына жығылды. Жауап ретінде Шемонаиха тұрғындары қолдарына қару алып, ашық көтеріліске шықты. Көтерілісшілер уақытша рев. к-т сайлап, Борисов басқарған соғыс штабын құрды. Көршілес Вавилонка, Красный Яр, Орловка, т.б. ауылдардың тұрғындары да Шемонаиха партизандарын қолдады. Шамамен 1918 ж. 10 қыркүйекте Шемонаихада көтеріліске шыққан ауылдар өкілдерінің 250 адам қатынасқан съезі өтіп, онда соғыс-рев. штабы құрылып, партизан жасақтарының командирлері сайланды. Көтерілісшілердің жалпы саны 1000-нан асты. Алайда 46 ауылға шашырай орналасқан партизандар арасында тұрақты байланыс болмады және оларға қажетті қару-жарак пен оқ-дәрі жетіспеді. Жазалаушы жасақтармен болған бірнеше шайқастардан кейін, көтеріліс асқан қағалдықпен басылды. 16 қыркүйек күні жазалаушылар көтеріліс орт. Шемонаиха а-на басып кіріп, көтеріліс басшыларын қырғынға ұшыратты.

ШЕРҒАЗЫ Айшуақұлы (т. ж. б. – 29.8.1845) – Кіші жүздің ханы (1812 – 24). Әбілқайыр ханның немересі. Айлакер, дипломаттық қабілетімен ерекшеленген. 1812 ж. Александр І патшаның жарлығымен Кіші жүз екіге бөлінді: Ішкі Ордада Бөкей, Жайықтың сол жағасынан шығыс жақтағы өңірде Ш. хан болып жарияланды. Оның хан болған кезеңі – Кіші жүзде саяси қайшылықтардың ең шиеленіскен заманына тура келді. Әсіресе қолына хандық тимеген Қаратай сұлтан Шны мойындамады. Көптеген мәселелерді хандық кеңестің төрағасы сұлтан Медетғали Тұрдалыұлы шешіп отырды. Өзін хан деп жа-



риялаған Арынғазы сұлтан да Ш-ға қарсылық білдірді. Орынбор губернаторы П.К. Эссен Арынғазыны қолдады. Бір жағынан Қарағаймен, екінші жағынан Арынғазымен тайталастан әбден жалыққан Ш. 1819 ж. Петербургке барып, Ресей патшасынан тікелей қолдау табуға тырысты. Алайда ойлаған мақсатына жете алмады. Шекаралық комиссияның төрағасы В.Тимковский тартысқа көп араласпай, негізінде бейтарап саясат ұстан-



Шерғазы Айшуақұлы

ды. Ресейден үмітін үзген Ш. Хиуа хандығына арқа сүйенбек болды. Беделді, ақылды бәйбішесі Анам ханым Әбілқайыр тұқымдарының басын жиыстырып, Ш-ның билігін күшейтуге тырысты. Алайда «Орынбор қырғыздары туралы жарғының» қабылдануымен хандықтың жойылуына байланысты 1824 ж. мамыр айында Ш. орнынан алынып, Орынборға мемл. қызметке тағайындалды. Алайда елін аңсаған Ш. 1825 жылдың күзінде жасырын ауылына қайтып оралды. Патша үкіметінің қудалауынан сескенген Ш. Хиуа хандығынан баспана іздеді. Ш-ны қолға түсіруге тырысқан Орынбор шекаралық комиссиясы оның үлкен ұлдары Мұхамедқазы мен Ермұхамедті «әкелерінің дүниесін ауылына жеткізу» дегенді желеу етіп, қалаға шақыртты. Алайда аманат ретінде қапасқа қамалудан қорыққан Ш. балалары Орынборға барудан бас тартты. Ш. осыдан кейін саяси өмірге көп араласқан жоқ. Әкімет те оның қауіпсіздігіне көзі жетіп, 1500 сом жылдық жалақы тағайындады. Ш. Хиуа хандығын

Ресеймен соғысуға үгіттеп, сол арқылы хандықты қалпына келтіруді көкседі. Бірақ арманына жете алмай, ұзаққа созылған науқас-тан дүние салды.

Ж.Қасымбаев

ШЕРҒАЗЫҰЛЫ Жанғазы (Мәменбай, Мәкенбай – Жанғазы) (т.-ө. ж. б.) – Кіші жүз сұлтаны (19 ғ-дың 1-жартысы). Хиуа хандығында қызметте болған. 1818 ж. Хиуа ханы Мұхаммед – Рахым оны Сырдарияның сол жағалауын, Қуандария мен Жаңадария маңын мекендеген 1000 түгін Кіші жүз руларының ханы деп жариялады. Оның қарамағындағы қауымдардың көпшілігі балық аулаумен айналысқан. Хиуа ханы Жанғазы сұлтанға өзі билеген аймақ арқылы өтетін сауда керуендерінен алым-салық жинауға құқық берді. Оның үштен бірі Хиуа ханының қазынасына түсіп, қалғаны Ш-ның үлесіне тиетін болып белгіленді. 1847 ж. ол Хиуа бекінісі Жаңақаланың бастығы болып тағайындалды. Хиуа хандығының Арынғазы сұлтанмен күресінде Ш. Хиуа ханы жағында болды.

ШЕРНИЯЗ Жарылғасұлы (1806, қазіргі Ақтөбе обл. Ойыл ауд. – 1867, Атырау обл. Қызылқоға ауд.) – халық ақыны. Кіші жүз қазақтарының Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне (1836–37) қатысып, оның жалынды жыршыларының бірі болған. Ш. жырларында көтеріліс тақырыбы басты орын алады. Ақын көтеріліс жеңіліске ұшырап, оның басшысы Исатай мерт болса да, азаттық, бостандық тақырыбын асқақ үнмен жырлады. Сол арқылы Исатайдың батырлық бейнесін жасаған: «Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас», «Ақ алмас алтын сапты, қылышым-ай», «Исатай ел еркесі, ел серкесі», т.б. жырларын шығарды. Жалпы Ш. поэзиясы мазмұндық сипатымен, стильдік айқындығымен, көркемдік бейнелеу нақыштарының шеберлігімен ерекшеленеді.

ШИПИН Омар (9.8.1879, Қостанай обл. Қостанай ауд. – 26.6.1963, Қостанай обл. Қостанай ауд. Темірқазық а.) – ақын. Қазақстанның халық ақыны (1961). 16-жылғы көтеріліске белсене қатысушы, Амангелді Имановтың сенімді серіктерінің бірі. Жасында ескіше сауат ашқан ол 1916 ж. патшаның бұратана халықтарды майданның қара жұмысына алу туралы жарлығына қарсы көтеріл-

ШОЙТАС



ген сарбаздар қатарына қосылды. Сол жылдары шығарған «Арман», «1916 жыл», «Амангелдінің айбаты», «Торғай соғысы» толғаулары Торғай даласына, одан сыртқары жерлерге де кең тараған. «Сарбаз ақын» атанып, азаттық жаршысы болған ол, 1917 ж. болған



О.Шиткин

саяси оқиғаларға арнап «Патша тақтан түскенде», «Октябрь нұры», «Ақын үні», т.б. жырларын шығарды. Ақын 1942 ж. «Амангелді батыр» деген дастанын жеке кітапша етіп бастырды. 1943 жылдың жазында Қостанай обл. еңбекшілерінің сәлемдемелерін апарған делегация құрамында Ленинград майданына барып, жауынгерлер алдында жыр толғады. Осы сапары жөнінде ол «Майдан жолында» атты ұзақ дастан шығарды.

ШОЙТАС Сырлыбай (т.-ө.ж.б.) – Сырым Датұлы бастаған азаттық көтерілісіне қатысқан батыр. Еділ мен Жайық арасын басқыншылардан қайтаруға күш салған Ш. батыр жайлы жазба деректер 1785 жылдан бастап кездеседі. Қалың елге құт болған екі өзен арасындағы атамекен үшін Сырым, Барақ, Ш. батырлар тізе қосып, соғыс сала отырып, 1786-87 жылдары қыстауларын ішкі бетке өткізуге қол жеткізді. 1791 ж. Сырым Датұлы Ресейдің отарлау саясатына қарсы көтеріліс бастағанда Ш. батыр сол аумақта қатар отырған Кіші жүздің беделді би-батырларына хат жолдап, ел мен жердің бостандығы үшін атқа қонуға үндеді.

С.Мәшімбаев

ШОҚАЙ Қарабекұлы, Шоқай датқа (т.-ө.ж.б., Қаратау өңірі, Саудақент қ.) – би, датқа. 19 ғ-да өмір сүрген белгілі тарихи тұлға. Ол қара қылды қақ жарған әділдігімен, шешендігімен кеңінен танылған, жастайынан ел басқару ісіне араласып, рулар мен тайпалар

арасында ғана емес, көрші жатқан туыстас елдер арасында мәмілегерлігімен аты шыққан қайраткер. 19 ғ-дың 2-жартысына дейін Қазақстанның оңт., оңт.-шығыс аймағын ықпалында ұстаған Қоқан хандары қазақтарды ел арасындағы беделді, қадірлі адамдар арқылы басқарды. Олар Қаратаудың теріскейіндегі казактар арасындағы беделді жас Ш. биге хан сарайының лауазымды қызметі – датқа атағын берді. Ш. сол замандағы оңт. өңірінің тарихи тұлғалары Сапақ датқа, Бөлтірік шешен, Байзақ датқа, Жәкел датқа, Майкөт ақын, басқа да белгілі азаматтармен жақын қарым-қатынаста болды. Ел бірлігіне, халықтың болашағына байланысты мәселелерді солармен ынтымақта шешіп отырды. Ол Кенесары хан Шу бойына келгенде онымен дәмдес, тұздас болды. Оған қолдау көрсетті. Қырғыз, қазақ арасындағы дау-дамайларды шешуге араласты. Қоқан хандығында қызметте жүріп Ш. қазақ халқының дербес дамуын армандады, қоқан езгісінен қорғау үшін Ресеймен жақындасуды жақтады. Бұл жөнінде нақты тарихи дерек бар. Полк. М.Г. Черняевтің өзінің басшыларына жолдаған хатында Қоқан хандығына ықпалы зор, қазақтар арасында да зор беделге ие Ш-мен осындай келісім болғандығын жазады. Оның орыстармен ынтымаққа баруын қоқан билеушілері кешірмеді. Кейбір деректер бойынша, Ш. кезекті бір сапардан оралғанда қоқандықтардың үзеңгісіне жаққан уынан қайтыс болған. 2001 ж. Саудақент а-ндағы өзінің кесенесі жанына Ш-дың еңселі ескерткіші орнатылды. Оның 200 жылдығы Сарысу ауд. көлемінде кеңінен аталып өтті.

Ж.Миллионов

ШОҚАЙ Мұстафа (25.12.1886, Қызылорда обл. Шиелі ауд. Сұлутөбе кенті – 7.12.1941, Берлин қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, журналист, көсемсөзші. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін (1917) бітірген. 1914 ж. Ә.Бөкейханның ұсынуымен Ресей Мемл. думасындағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалып, бұл міндетті Ш. 1917 жылғы рев. өзгерістерге дейін атқарды. 1917 ж. соғыс майданындағы оқоп қазу жұмысына алынған мыңдаған қазақ және басқа түркістандық жастарды өз еліне жеткізу жұмысына атсалысады. Осы



жылы Түркістанның саяси орт-ғы Ташкент қ-на келіп, Түркістан мұсылмандарының Ұлттық Орт-ғына басшылық етті және қазақ тіліндегі «Бірлік туы» газетін ұйымдастырып, оған редакторлық жасады. Қоқан автономиясы үкіметінде алдымен Сыртқы істер министрі, сонан соң Бас министр міндетін (1917) атқарды. 1918 ж. Кеңес өкіметі әскерлері Қоқан қ-на басып кіріп, Ш. басқарған Түркістан автономиясы үкіметін күшпен таратып жібереді. 1918 ж. Ташкент қ-нан жасырын шыққан Ш. азамат соғысы жылдары



М.Шоқай

кеңестік билікке қарсы оппозицияның қатарында болып, 1919 ж. Маңғыстау арқылы Тбилиси қ-на өтіп, «Вольный горец», «Борьба» деген газеттерде жұмыс істеді және «На рубеже» деген журналдың редакторы болды. 1921 ж. Ш. зайыбымен Стамбұл қ-на аттанып, 1921 ж. Париж қ-на келіп орналасады. Осы қалада орыс эмигранттарының «Дни» және «Последние новости» газеттерінде қызмет етеді. 1929 ж. өзі редакторлық жасаған «Яш Туркестан» журналын шығарады. Берлин қ-нда жарық көрген «Яш Туркестан» 1939 жылға дейін Польша өкіметі тарапынан бөлінген қаржыға шығып тұрды. Осы журналда Ш-дың кеңестік биліктің Түркістандағы саясатын және 2-дүниежүз. соғыс қарсаңындағы халықар. қатынасты жанжақты талдауға арналған мақалалары жарық көріп тұрды. Оның Еуропа елдері тілдерінде жарық көрген «Түркістан», «Кеңестер билігіндегі Түркістан», т.б. ғыл.-танымдық еңбектері батыс оқырмандарын Түркістанның терен тамырлы мәдениетімен, Кеңестік биліктің бұл өлкеде жүргізіп жатқан реформалық шараларының шынайы мазмұнымен таныстыруды көздеді. 1930 ж. жазылған «Түр-

кістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары», «Большевиктер «тарихты» қалай жазады?», «Кеңес патриотизмінен – орыс ұлтшылдығына», «Шовинизм», «Бір ғылыми өтірікке қарсы» атты мақалаларында кеңестік идеологияның ұраншыл ұстанымдарын сын тезіне сала отырып, оған қарсы өзінің дәлелді де дәйекті пікірлерін алға тартады, әрі ғалым ретінде тарихи зерттеулер әдістемесі жөнінде құнды пікірлер айтады. 1940 ж. неміс-фашист әскері Париж қ-на кірген соң, Ш. тұтқынға алынып, бірнеше ай концлагерьде отырып шығады. Тұтқыннан босатылған Ш-ды Германия өкіметі түркістандық соғыс тұтқындарынан құрылуға тиіс болған Түркістан легионын ұйымдастыруға тартпақ болады. Соғыс тұтқындарының жағдайымен танысып шыққан Ш. неміс басшылығының бұл әрекетіне қызу қолдау таныта қоймады. Соғыс тұтқындарын аралап жүріп сүзек ауруына шалдыққан Ш. Берлин қ-ндағы ауруханада қазаға ұшырайды. Осы қаладағы мұсылман зиратында жерленген. Ш. – Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске бүкіл ғұмырын арнаған, сондай-ақ, бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн, сипат беріп, оны өзінің қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерген қайраткер. 2010 ж. Париж қ-ның маңындағы Ножан-Сур-Марн қ-нда Ш-дың саябағы ашылып, бюсті қойылды.

К.Нұрпейіс, С.Рүстемов

ШОҚПАР – қару. Қазақтар Ш-ды бес қарудың біріне жатқызған. Оны негізінен басы мен сабын тұтас етіп, ырғай, тобылғы, қайың сияқты қатты түбірлі ағаштан жасайды. Жасалуы оңай болғандықтан ағаш Ш-ларды қазақтар соғыста да, барымтада да, жылқы баққанда да жиі қолданған. Бастары металдан құйылған ауыр Ш. түрі гүрзі деп аталады. Әскербасының белгісіне айналған, басы алты, сегіз тілімді болып темірден жасалған Ш-дың жеңіл түрін «бұздыған» («бұздырған») деп атаған. Шығыста оны билеушілер тапсыратын болған. Мұндай Ш. жоғары әскери дәреже алғандарға ту, байрақпен бірге берілген. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Амангелді сарбаздары қолданған Ш-лардың ішін-

ШОНАНОВ



де басы осындай бірнеше тілімді, жеңіл келген, бірақ қарапайым жасалған, темірден соғылған Ш-дың кездесуі, бұл Ш. түрін қазақ сарбаздарының қолданғанын көрсетеді. Басы сабына қайыспен, не шынжырмен байланған дойыр Ш-ды қазақтар «босмойын шокпар» деп атаған. Босмойынның қайысы шынжырлы сабына «айналсоқ» арқылы еркін қозғалатындай етіп бекітіледі. Бастары темірден, ағаштан, не тастан жасалып, терімен қапалады. Қазақ ауыз әдебиетінде



Шокпар

Ш-лардың жасалу материалына байланысты «шойын шокпар», «жез шокпар», «тас шокпар» деген атаулары кездеседі. Ал салмағына қарай «бес батпан шокпар», «он екі батпан күрзі» деген атаулары бар. Ш. күрзілердің соққылары ауыр болғандықтан олармен көбіне бастан ұрады. Салмағы ауыр қару болғандықтан Ш-мен айқасу үшін үлкен күш, әдіскерлік керек. Ауыр Ш-ды көбіне айналдырып, үйіріп ұрады. Ш-ды жұмсаудың бір әдісі соғу, балғамен соққандай жылдам, қысқа ұру. Ш-ды салмағына қарай бір, не екі қолмен ұстап ұрады. Негізгі қаруы Ш. мен сойыл болған қазақтың жылқышылары және барымташылары бұл қаруды қолданудың көптеген әдістерін білген.

Қ.Ахметжан

ШОНАНОВ Телжан(17.12.1894, Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. Ұ.Құлымбетов атынд. а. – 27.2.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы, ғалым. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, оқыту әдістемесі саласында 32 кітап жазды, жүзге жуық ғылыми мақалаларын жариялады. 1923 ж. «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты кітап жазды. Бұл еңбек 1995 ж. «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген атаумен «Санат» баспасында екінші рет жарық көрді. Автор мұнда Абылай заманындағы Қазақ жерлерінің тағдыры жөнінде бірқатар құнды мағлұматтар келтіреді: «...Зорлықпен қазақты Ертістен кетіре алмаған үкімет: қазақ күші – мал, қазақтың малына қоныс керек, қазақ малдан айырылса, үкіметпен қарсыласуға, Ертісті алуға әлі келмейді. Және жарлыланған қазаққа жер де аз керек, деп айла қыла бастады. Міне, осы ойды Сыртқы істер басқармасына берген баяндамасында әуелі қозғаған Сібір шебіндегі әскер бастығы ген.-м. Веймарн деген...» дейді. Бұл ұсынысты сенат мақұлдап, бекіткен. 1764 ж. Веймарн Абылай мен Құлсары батырға үй салып беру жөнінде үкіметке ұсыныс жасайды. «Қазақты тыншытып тұрғызу үшін, білдіртпей бірте-бірте қазақтың күші мен байлығының көзі – малы мен жылқысын азайту, кеміту керек. Қазақтың малы кеміп, жарлы болса, бізге қауіпсіз болады, қазақ амалсыз тынышталады» деген Веймарнның зымиян ойын Шонанов аталған кітабында әшкереп еткен.

ШОРТАНБАЙ Қанайұлы (1808, Жамбыл обл. Қаратау өңірі – 1881, Қарағанды обл. Шет ауд.) – ақын, діни қайраткер. Ол 19 ғ-да өз дәуірінің шындығын бүге-шігесіне дейін көрсете білген бірден-бір ақын. Ш. белгілі бір ортаның немесе аймақтың ғана емес, барша халықтың мұң-мұқтажын толғады, көптің жоқтаушысы болды. Ресей отаршылдығының зорлығын көзімен көріп, жанымен, тәнімен сезінген ақын өзінің «Зар заман», «Бала зары», «Тар заман», «Опасыз жалған», т.б. толғаулары арқылы ақиқаттың астарын ашып көрсетті. Ш. өзіне дейінгі Бұқар, Тәтіқара, Ақтамберді жыраулар мен Шал ақынның мол мұраларымен жақсы таныс болған. Өмірінің дені Арқа өңірінде өткен ол Жанғұтты ақынмен достық қарым-қатынаста болып, сыйластықпен ғұмыр кешкен.



Ш. толғауларының ішіндегі көпшілікке кеңінен тараған туындысы «Келер заман сипаты» атты шығармасы. Онда Ресейдің отарына айналған халқының болашағын болжай білген ақын елі үшін қабырғасы қайыса отырып, тығырықтан шығар жол іздейді. Ш. сонымен қатар айтыс ақыны ретінде Шөже,



Шортанбай Қанайұлы

Орынбай, Асан ақындармен сайысқа түскен. Ш. мұраларын алғаш зерттеушілердің бірі М.Әуезов Ш-мен қатарлас өмір сүрген ақындар шығарм-н тұтастай алғанда Ш. мұрасына сай «Зар заман ақындары» деп саралады. Ш. мұраларын белгілі әдебиет танушы ғалымдар зерттеп жазды.

С.Қорабай

ШҰБАРТАУ КӨТЕРІЛІСІ – кеңестік солақай саясатқа қарсы қозғалыс. Ресми деректер бойынша, 1929–31 ж. болған қазақтардың күшпен тәркілеу және ұжымдастыру саясатына қарсы наразылық көтерілістерінің жалпы саны 372 және оларға 80 мыңға жуық адам қатысты. Мұндай ірі көтерілістердің және оған қатысушылардың санын сол жылдардағы Қазақстан басшысы Ф. Голощекиннің И. Сталинге хабарлап тұрғаны құпия мұрағаттан белгілі. Солардың бірінде тек екі жылда ғана, Қазақстанда 15-ке тарта ірі көтеріліс болып, оларға 34 мыңдай адам қатысқаны айтылады. Тоталитарлық жүйе қыспағына қарсы болған осындай ірі көтерілістердің бірі – Шұбартау шаруалары-

ның 1931 ж. көктемде болған және күшпен басылған көтерілісі. Көтерілістің себептері сол жылдардағы мұрағат құжаттарында мүлде бұрмаланып көрсетілген. Қазақстан үкіметінің басшысы Ораз Исаев 1932 ж. тамызда И.Сталинге былай деп жазды: «...1930–1931 ж. байлар Алтайдан басталып, Маңғышлақта аяқталған бірқатар, айтарлықтай ірі контрреволюциялық бас көтерулер ұйымдастыра алды. Бұл бас көтерулерде байлардың еңбекші қазақтарды өз сондарынан ерте алуларын Ф.Голощекин әрқашанда байлардың ру ішінде ықпалды күш болуымен түсіндіреді... Шын мәнінде басты нәрсе мынада, партия саясатын бұрмалаудың салдарында осы еңбекші бұқараның мүддесі аяқ асты етілді...». Бұл жерде негізінен шындыққа біршама жақын тұрғанымен, О.Исаев екі нәрсені айта алмаған: 1) көтерілісті тек байлар ғана емес, дінбасылар және елге беделді ақсақалдар басқарды; 2) кедейлер мүддесі осы партия саясатының өзінің қате, адамгершілік атаулыдан жұрдай болуынан аяқ асты етілді. Кейінірек, 1933 ж. 31 қаңтарда РКФСР үкіметі төрағасының орынбасары (Қазақстан осы республика құрамында еді) Тұрар Рысқұлов Қазақстанның жаңадан тағайындалған басшысы Л. Мирзоянға жазған хатында Шұбартау ауд-н негізінен қазақтар ғана тұратын 70 ауданның қатарына жатқызып, егіншіліктің мардымсыздығынан бұл аудандарда күйзеліс басталып, 1931 жылдан бастап, жаппай босқыншылық орын алғанын атап көрсетеді. Халықтың мұндай ауыр халге ұшырауының ең басты себебі, 1928 жылдан бас көтертпес ауыр ет салығының белең алып кетуі болды. Мыс., Шұбартау ауд. Орт-тағы өнеркәсіпті аудандарды ет өнімдерімен жабдықтайтын және осы мақсатпен Семей ет комб-на мал өнімдерін өткізетін басты мал ш. аудандарының бірі еді. Оның үстіне, 1930 жылдың басынан кең өрістеген ауқатты шаруаларға қарсы кеңес үкіметінің жаулық саясаты олардың шаруашылықтарын түгелдей дерлік күйретіп үлгерді. Көтеріліс 1931 жылғы наурыз айының алғашқы жартысында басталды және оған жалпы алғанда (ОГПУ-дің ресми мәлімет бойынша) 600-ге тарта адам қатысты. Көтерілістің бытыраңқы түрде өрістеп кетуіне көрші Абыралы және Шыңғыстау ауд-дарында көтерілістердің бастал-



ғаны туралы хабар, сондай-ақ, Қазақстанның көптеген аудандарында Кеңес өкіметінің құлағаны туралы өсек-аяң шешуші ықпал жасаған. Бұл туралы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында Бидайық жайлауындағы 8-ауылдың тұрғыны Әзімханов деген кісі былай дейді: «...31-інші жылдың ақпан айында Шыңғыстау ауданынан келген Зарбасов Қабыкен, Әкішев Зәкір маған өздерінің Шыңғыстау ауданындағы көтеріліске қатысқандарын, мата және астық әкелгендерін айтты. Осыдан соң Әкішекті қызыл отаудың тергеушісі шақырып, Шыңғыстау ауданындағы көтеріліс туралы сұрады және босатып жіберді. Жиналыс Жүнісов Жұманбайдың ауылында өтіп, Шыңғыстау ауданындағы көтеріліс туралы әңгімені тыңдаған соң, сонда ауылдық кеңес мекемесін және аудан орталығын басып алу туралы шешім қабылданды. Көтеріліс туралы Әкішев мәлімдеп, көтеріліске шығу және аудан орталығын басып алу туралы алғашқы ұсыныс жасады». Осы әңгімені көтеріліске қатысқан басқа кісілер де өздерінің ОГПУ тергеушісіне берген жауаптарында мойындай отырып, көтерілістің негізгі ұйымдастырушысы ретінде елге ықпалды және сыйлы Қарамұрзин Мырзаш деген кісіні атайды. Мыс., ОГПУ тергеген Манғозин Дүйсен былай деп көрсетеді: «Қарамұрзинге Шыңғыстау ауданынан келген Зарбасов Қабыкен онда болған халықтың кеңес өкіметіне қарсы ызалы бас көтеруі туралы айтқан. Дегенмен де әрқашан алды-артын ойлап, әрекет жасайтын Қарамұрзин Мырзаш бұл хабарға илана қоймаған. Бірақ көп кешікпей-ақ, Қарамұрзин Мырзаш Абыралы ауданындағы өзінің күйеу баласы Кемпірбаев Бәкеннен және оның ағасы Кемпірбаев Ысқақтан Абыралы және Шыңғыстау аудандарында шынында да көтерілістер болып жатқаны туралы, сондай-ақ, онда кеңес өкіметінің құлағаны жайлы хабарлар алды». Осыдан соң, Қарамұрзин үйіне өзіне ет жақын керей руынан шыққан туыстарын: Молдабаев Қалиды, Молдабаев Өмірәліні, Молдабаев Ғалиды және Күнғаев Әбубәкірді тамаққа шақырады. Бұл бас қосуға, сондай-ақ, жергілікті керейлерден тағы да біраз адамдар қатысқан. Ас үстінде Қарамұрзиннің туысы, №8 ауылдық кеңес хатшысы Омашев Тұрсынбек ауылда ауқаттылардан жинап

алынған, яғни кәмпескеленген малды аудан орталығына айдап әкелу туралы нұсқау бар екендігін айта келіп, мұндай жағдайда Абыралы ауданындағыдай көтеріліске шығып, малды орталыққа айдап әкетуге жол бермей, күшпен алып қалу және кезінде қиянатпен тартылып алынған бұл малдарды иелеріне қайтару туралы ұсыныс жасаған. Көтерілістің алғашқы ұясы Қарамұрзин Мырзаштың ауылы, ал көтеріліс басшысы соның өзі болғанын ОГПУ мұрағатындағы басқа құжаттар да дәлелдейді. Кейіннен қолға түсіп, ОГПУ тергеушісіне жауап бергенде ол өзі туралы былай дейді: «Мен, Қарамұрзин Мырзаш, керей руынан шыққанмын. Революцияға дейін бізде, әкемізде 50–60 жылқы, 300-ден аса қой, 10 басқа тарта түйе болған еді. Бізде 2 жалшы болды. 1931 жылы жеке салық салынды және мал дайындауға байланысты жоспарды орындамағаным үшін қудаландым. Азаматтық құқымнан 1931 жылы айырылдым. Екі бауырым бар: Ахмет 64 жаста, ал Арымтай (кейбір құжаттарда Рымтай) 51 жаста. Алғашқы бауырым шамамен 1930 жылдың желтоқсан айында тұтқындалды және басында Атымтай Базыбеков тұрған Абыралы ауданындағы бас көтеруге қатысқаны үшін Қарқаралы қаласындағы еңбекпен түзету үйіне қамалды. Екінші бауырым Арымтай Шұбартау ауданындағы бандиттік бас көтеруге қатысқаны үшін тұтқындалды...». Айыпталушы Мағозин Дүйсен Қарамұрзин Мырзаштың туыстарын үйіне жинап, ақылдасқан соң, бір күннен кейін 30–40 адамды басқарып, ауылдық кеңес кооп-не басып кіргендерін және оның заттарын тып-типыл етіп бөліп алған соң, көтерілісшілер сандарын көбейту үшін керей руының азаматтары тұратын ауылдарға шабармандар жөнелткенін және осының нәтижесінде 100-ге тарта адам жиналғанда, тағы да Қарамұрзин бас болып, олардың ауылдық кеңес кеңесіне басып кіргендерін айтады. Қарамұрзин Мырзаштың басқа ауылдарды көтеріліске көтеру үшін жан-жаққа шабарман жігіттер жібергенін тергеу кезінде басқалар да көрсеткен. Мыс., Молдабаев Байтау деген батырақ былай дейді: «...Қарамұрзин Мырзаштың шабарманы, кедей Ақшалаев Бекіш төмендегідей мәлімет алып келді: «...жан-жақтан алынған мәліметтерге қарағанда кеңес өкіметі құлаған.



Абыралы ауданын, Шыңғыстау ауданын көтерілісшілер басып алған». 1931 жылдың 5 наурызында Қарамұрзин бас болып, кооп-ті басып алып, оның мүлкін елге үлестірген соң, «Бидайық» жайлауында көтерілісшілердің алғашқы жиналысы өткенін осы куә да растайды. Жиналыста Қарамұрзин Мырзаш өзіне тән жүректілікпен ерекше батылдық көрсетіп, көтерілісшілердің сарбаздар жасақтарын жасақтауды ауылдардан талап еткен. Оның нұсқауымен әрбір ауыл өз ортасынан он жігіт сарбаздар шығарулары тиіс болды. Кеңес өкіметінің зорлықпен тәркілеу, жүгенсіз ет дайындау және бай-кулақтарды тап ретінде жою саясатына аса наразы ауылдардан мұндай еріктілер табу ол кезде онша қиын да емес еді. Оның үстіне, көрші аудандарда кеңес өкіметінің құлағаны туралы хабар да халықты желіктіре түсті және наразы халықта: «Олар жасағанды біздер неге жасамаймыз» деген түсінік қалыптасты. Кейіннен сотқа тартылған куәлар Қарамұрзин Мырзаштың осы «Бидайық» жайлауында сөйлеген сөзінде көтеріліске қатысудан бас тартатындарға жазалау (ату) шараларын қолданатынын ескерткенін айта келіп, кейбір кісілердің осыған, яғни жазалаудан қорыққандықтан ғана қатысқандарын әңгімелейді. Дегенмен де ашыға бастаған және кеңес өкіметінің күштеу саясатынан әбден мезі болған халықтың кооп-терді және т.б. мемл. мекемелерді тонау кезінде өз үлестерін алып қалуға мүдделі болғандары шындық. Қарамұрзин Мырзаш жіберген шабармандар 4 наурызда «Сароба» жайлауында да жиналыс өткізген және жиналған 30 шақты адам Молдабаев Қалидың бастауымен Аягөз ст-нан Шұбартау кентіне келе жатқан өнеркәсіп тауарлары тиелген жүк арбасын тонаған. Онысыз да толқып отырған ауылдар енді үкіметке ет тапсырудан ашық бас тартты. Осындайда ауд. атқару к-тінің хатшысы Исағұлов, кейбір деректе ОГПУ өкілі Қызыл отау судьясы Ибраев, ет дайындаушы уәкіл Ибраев, т.б. жергілікті белсенділер Ибраев, Кәкішев, Жанұзақов, Өтегенов, сондай-ақ милиционерлер Мақанов ауылдарды аралап, оларды көтерілістен бас тартуға үгіттеген. Бұл кезде оқиға Исағұловтың айтуынша, төмендегідей өрбіген: «Исағұлов, Мақанов, Ибраев және жергілікті партия ұясының хатшысы Сыбан-

құлов ет тапсырудан бас тартқан №11 ауылға келіп, 4 наурызда жиналыс өткізген. Олар өкіметтің құрығы ұзын екенін, оған қарсы бас көтерудің жақсылықпен аяқталмайтынын, ал кеңес өкіметі құлады деген әңгіменің біреулер әдейі ұйымдастырған өсек-аяң болып табылатынын атап көрсетіп, ашу буып тұрған ауылды тоқтатты. Осыдан соң Исағұлов және оның қасына ергендер аудан орталығына қайтар жолдарында көтерілісшілер бас қосып жатқан Бидайық жайлауынан 10–15 шақырым жердегі Бабахан ауылына кідірді. Осы жерде төтенше оқиға болды. Кешкі сағат алтылар шамасында шамамен 150-ге тарта аттылы-жаяу көтерілісшілер бұлар орналасқан қыстау үйі есігінің алдында ерсілік-қарсылы ойқастап, наразылық білдіріп, орталарынан бір адамды бұлармен сөйлесуге жіберген. Қыстау есігіне жақындап келген ол адам іште тығылып отырған белсенділерге қаруды тапсыруды талап еткен, іштегілерден жауап мынадай болған: «Егер өлгілерің келсе бізге жақындай түсіндер, ал қаруды ерікті түрде бермейміз». Қорғауда отырған белсенділер, дегенмен де, ашулы топ арасынан аман-есен шығуды ойластырып, көтерілісшілерді үгіттеу үшін өздері де орталарынан бір адам жібереді. Үгітші көтерілісшілерге олардың кооп-ті басып алып, ондағы астықты бөліп алуларын, аш адамдардың істері деп кешіріммен қарайтындарын айта келе, әлі де болса райдан қайтуға, бөліп алған кооп. астығын қайтаруға және көтерілістен бас тартуға шақырды. Бірақ бұған қандары қарайған көтерілісшілер иіле қоймады, осыдан соң, түнгі 3–4-тер шамасында көтерілісшілер тақап келіп, өздерінің ата-бабаларының аруағын шақырып, «Жобалай», «Жобалай» десіп ұрандады және тікелей шабуылға шықты. Қорғанушы белсенділер оларға бағыттап, қаруларынан 10–15 дүркін мылтық атты. Осыдан соң тосылып қалған көтерілісшілер, киіз үйді тасалап тұрып, белсенділерді үгіттей бастаған. Белсенділер арасынан өз кезегінде Сыбанқұлов та оларды үгіттеді. Алма-кезек пікір алысу барысында көтерілісшілер өз күнәларын және қателіктерін мойындаған сынай танытып, белсенділерге тимейтіндерін және олардың қалыптасқан жағдайды ертең «Бидайық» жайлауына келіп түсіндірулері керектігін айтып,



өтініш жасап кетіп қалды. Бұл шын мәнінде кулық еді. Дегенмен де осыған сенген белсенділер ертеңіне таң азда «Бидайық» жайлауына барғанда, Сыбанқұловтың үйінің жанында көтерілісшілер оларды аяқ астынан қарусыздандырған». Бұл – Исағұловтың әңгімесі. Дәл осы сәтті Манғозин Дүйсен мүлде басқаша түсіндіреді. Оның айтуынша, көтерілісшілер белсенділерді «Бидайық» жайлауында емес, қыстауда отырғанда қарусыздандырған және белсенділер бұған ешқандай қарсылық көрсетпеген. Сөзбе-сөз айтқанда, Манғозин былай дейді: «...Исағұлов және тағы басқалар отырған қыстаудың есігіне жиналған көтерілісшілер қаруды талап еткен кезде Исағұлов мені өзіне шақырды және былай деді: «...Міне, саған менің винтовкам, оны сақта, бұл маған қажет болғанда өзіме оны қайтарасың». Осыдан соң, мен одан, Исағұловтың винтовкасын, 63 дана патрондарын және бір гранатасын алдым. Осы уақытта көтерілісшілер келгендердің қалғандарының қаруларын сыпырып алды. Қару алынып болған соң, барлық тұтқындағыларды, оның ішінде Исағұловты және онымен бірге келгендерді еркіндікке босатып жіберді». Осы айтылғандарды саралап көргенде, Исағұлов ОГПУ уәкілі болғандықтан, шын мәнінде қарсыласпай, өз қаруын көтерілісшілерге тапсыра салғаны үшін жауап беруге тура келетінін, әрине, жақсы түсінді деп ойлауға болады. Деректерге қарағанда, ауд. орт-на шабуыл жасау туралы шешім «Кеңжайлау» жайлауындағы жиналыста қабылданған. Онда алғаш 200-дей көтерілісшілер жиналған және олардың алдында Қарамұрзин Мырзаш сөз сөйлеп, көтерілісшілерді жеделдете ауд. орт-н басып алуға шақырған. Осы жиналысқа қатысқан Бейбітов Алтай кейіннен тергеушілерге Қарамұрзиннің сөз сөйлеген кезде қолына бір нәрселер жазылған ақ жалау ұстап тұрғанын айтты. Ал тергеуде куә болған Манғозин Тілеубек бұл ақ жалаудың өзінің үйінде дайындалғанын және оған Қарамұрзин Мырзаштың айтуымен Омаров Сыпатайдың ұран жазғанын әңгімелейді. Деректерге қарағанда, Мырзаштың қолындағы бұл ақ жалауға «Кеңес өкіметі жойылсын! Мұхаммедтің діні жасасын!» деген ұрандар жазылған. Дегенмен аудан орт-н басып алуға көтерілісшілерді тек Қа-

рамұрзин Мырзаш қана ұйымдастырған жоқ. Көрші аудандарда көтерілісшілердің аудан орт-тары басып алғандарын естіген кейбір ауылдар, өздері де осындай әрекетке дайындалып, жекелеген кісілер аудан орт-н басып алып, кеңес өкіметін тезірек құлатуға шақыра бастады. Мыс., 8-ауылдың жігіттерін топтастырып жүрген Серғазин Мұқа көтерілісшілерді аудан орт-на жорыққа өз ауылынан аттануға шақырды. Кеңес өкіметінің жүгенсіз ет дайындау саясатынан әбден мезі болған, уәкілдердің, шолақ белсенділердің тізесі батып, зәбір-жапа шеккен кейбір ауылдарда кек алу науқаны өрістеді. Мыс., кезінде Меккеге барып қажы атанған, 73 жастағы Ноғаев Қайып №1 ауылдың жігіттерін көтеріліске көтеруде белсенділік танытып, «Көктас» жайлауында жиналған жұрттың көзінше, кезінде «қайдан тапсаң одан тап, қаптың түбін қақ!» – деп зіркілдеп, ауылдың екі аяғын бір етікке тыққан шолақ белсенді коммунист-батырақты итше тепкілеп, көкала қойдай етіп сабап, ауыр сокқыға жықты. Ол сондай-ақ көрші №4 ауылдың көтерілісшілерімен тығыз байланыс орната отырып, жұртты тұқымдық астық сақталған қамбаны басып алып, ондағы астықты шелекпен өлшеп, өзара тең бөліп алуға жұмылдырды. Көтерілісшілер ауд. орт-на шабуыл жасаған және ауд-дық атқару к-ті елден тәркілеп, тартып алған ет дайындатуға арналған жылқылар табынын алдарына салып, дүркіретіп айдап әкеткен және оларды кеңес өкіметін құлату үшін ауд-ға аттанатын көтерілісшілерге көлік ретінде пайдалануға үлестіріп берген. Көтерілісшілер ет дайындауға байланысты кеңес өкіметі тәркілеген малдарды өз иелеріне қайтарған. Мұрағат деректеріне қарағанда, ауд. орт-н басып алуға №1, 4, 5, 7 ауылдардың жігіттері белсенді түрде аттанған. Аудан орт-н басып алуда белсенділік көрсеткен Молдабаев Қалидың айтуына қарағанда, көтеріліс басшысы Қарамұрзин Мырзаш бұл сапарға өзі аттанбай, жасының келіп қалғанын ескертіп (ол 77 жаста еді), көтерілісшілер қатарына өзінің үш бірдей ұлдары Тәуірбайды, Амансарыны және Ұздыбайды қосқан және Тәуірбайға кідірмей жедел аттанып кетуді бұйырған. Осының алдындағы қарбаласта көтерілісшілер жазалаған коммунист Сыбанқұлов Жанұзактың шешесі



пышақпен мойнынан жараланғанына қарамастан, Тәуірбай әке бұйрығын қалтқысыз орындаған. Деректерге қарағанда, Мырзаштан тапсырма алған көтерілісшілерді ауд. орт-на шабуылға Серғазин Мұқа, Молдабаев Қали, Байғозин Мелдехан, Әбітаев Итжан бастап шыққан, алғаш олардың соңынан ерген көтерілісшілер сандары 300-ге тарта адам болған. Бейбітов Алтайдың кейіннен тергеушіге берген жауабына қарағанда, көтерілісшілер ауд. орт-н басып алуға «Көкжайлау» жайлауында болған жиналыстан соң, іле-шала аттанған. Осында олардың алдында сөз сөйлеген Қарамұрзин Мырзаш қолына ұстап тұрған ақ жалауын басқаларға берген. Жолшыбай көтерілісшілерге басқа ауылдардың жігіттері де қосылған. Манғозин Дүйсеннің айтуына қарағанда, аудан орт-на жақындағанда көтерілісшілер саны 600-700 адамдай болған. Қарулары нашар: бар болғаны 3 линиялы төрт винтовка, 1 наган, 1 граната, 3 револьвер және 5 бытыра мылтық. Рас, 4-5 ауыл адамдарында тағы бірнеше бытыра болған. Ал қалған елдің көпшілігі сойыл сүйреткен. Мұнан ары оқиғаның қалай өрбігенін Сатақбаев Әлібектің тергеу кезіндегі әңгімесінен аңғаруға болады: ауд. орт-на тақап келген көтерілісшілер өз адамдарын жіберіп, ауд. басшылығымен келіссөз жүргізген. Көтерілісшілер олардан қарсыласпай берілуді, ауд. орт-нда қамауда жатқан байларды босатуды, астықты және т.б. дүниелерді халыққа үлестіріп беруді талап еткен. Бірде ашынған халық қараңғылықта келіссөз аяғын күтпей, ауд. орт-на лап қойған. Бірақ ауд. орт-нда бекініп алған белсенділер бірнеше дүркін қарсы оқ атқан. Мұнан қаймыққан қаруы нашар бұқара кідіріп қалып, кейін шегінген. Осыдан соң, қайтадан келіссөз басталған. Ауд. орт-нан делегация келіп, кедейлерді көтерілістен бас тартып, үйлеріне таратуға үгіттеген және оларға астық, мануфактура өнімдерін таратып беретіндерін айтқан. Мұның өзі кедейлердің көңіл күйіне әсер еткенімен, көтеріліс басшылары мұның алдау екенін дәлелдеп, ертең тағы да халықты жинап, ауд. орт-на басып кіретіндерін айтқан. Әрі ызалы, әрі ашыққан халықтың беті қайтпайтынын байқаған аудан басшылары түн жамылып, көрші Балқаш ауд-на қашып кеткен. Сондықтан да ертеңіне таңертең 8 наурызда көтеріліс-

шілер ауд. орт-на қарсылықсыз, қан-төгіссіз кірген. Мұнда көтерілісшілердің ең алғашқы жасаған әрекеттері негізінен ет дайындау науқандары кезіндегі ауқаттыларға салынған салықтарды дер кезінде өтемегендері үшін, «байлар» қатарына жатқызылып, қамауда отырғандарды босату болған. Мұрағат деректеріне қарағанда, бұлардың сандары 41 адам еді. Мұнан соң ауд-дық мекемелерді жаппай талқандау, олардың құжаттарын өртеу басталды. Ауд. атқару к-ті, кооператив дүниелері түгелдей халыққа таратылып берілді. Көтеріліс басшылары кеңес өкіметі мен кооператив мекемелерінен, астық қоймаларынан алынған заттар мен астықты халыққа әділетті түрде бөліп бермек болды. Осы мақсатпен көтерілісшілер бұл мәселемен айналысатын комиссия ұйымдастырды. Оның құрамына көтеріліс басшысы Қарамұрзин Мырзаш, Әбітаев Итжан, Қайтанаев Тоғжан, Бейсенов Мәди, Татубаев Ысқақ, Кәбетаев Амантай, Серғазин Мұқа тәрізді беделді кісілер кірген. Комиссия Молдабаев Өмірәлінің ауылында жұмыс істеп, астықты және шыт маталарды көтеріліс ұйытқысы болған 300-дей адамға өлшеп, кесіп-пішіп және таратып берді. Осы оқиғаны естіген және аудан орт-на шабармандарын жіберіп, онда кеңес өкіметінің құлағынан естіген Шұбартау ауд-ның басқа ауылдары да көтеріліске шықты, олар да жергілікті кооп-терге басып кірді, кейбір белсенділерді соққыға жықты. 12 наурызда №8 ауылдың «Сарыбас» жайлауында көтерілісшілердің жиналысы болып, оған жиналғандар ертеңіне 13 наурызда «Ақтас» жайлауында бас қосып, «Мәдениет» колхозына, №13 ауылға шабуыл жасау туралы шешімге келді. Бірақ бұл әрекетке, яғни көтерілісшілерді «Ақтасқа» топтастыруға көрші Аягөз ауд-нан жедел келіп жеткен жазалаушы ОГПУ отряды мүмкіндік бермеді. Ең алдымен, Омашев дегеннің ауылынан шығып, «Ақтасқа» желе-жортып келе жатқан көтеріліс басшысы Қарамұрзин Мырзаштың өзі жанындағы 6 серігімен жазалаушы отрядтың тосқауылына тап болып, қолға түсті. Ол кейіннен 1931 жылы 6 сәуірде тергеушіге берген жауабында «Мен жоғалған түйені іздеп шығып едім», – деп жалтарды. Кейбір деректер осының алдындағы «Сарыбелдегі» және «Кеңжайлаудағы» жиналыста ақсақалдар кеңесімен көтерілісшілердің Қарамұр-



зин Мырзашты хан көтеріп сайлағанын айтады. Бұған керей және төленгіт руларының адамдары қатысқан. Көтерілісшілердің түпкі мақсаты «Мәдениет» колхозын, яғни, Бақанас елді мекенін басып кіріп, ондағы аудан орт-н басып алу болғаны байқалады. Келісім бойынша, көтерілісшілер 20–30 адамнан тұратын топтар түрінде «Ақтасқа» жиналып жатқанда, оларды жақсы қаруланған ОГПУ отрядтары мен коммунистік отрядтар қоршап алған. Мұны естіген әрі «Ақтасқа» жиналып үлгермеген көтерілісшілер отрядтары өз ауылдарында қарсыласпақ болған. Мыс., Манғозин Дүйсен өздерінің «Ақтасқа» келгенде Қарамұрзин Мырзаштың және т.б. ұсталғанын естіп, Итжан Әбітаев басқарған 30 адам Тобеке ауылына, «Қара шеке» жайлауына оралғандарын және келіп жаңадан жайғасып жатқандарында өздерін жазалаушы отряд қоршап алғанын, оған бекініп алып қарсыласпақшы болғандарында, жазалаушылар жақтан Кәкішев Жанұзақ жүгіріп шығып, берілу қажеттігін түсіндіргенін, осыдан соң мылтықтарын тастап, берілгендерін айтады. Осыны естіген Серғазин Мұқа мен Молдабаев Қали көрші 5- және 4-ауылдарға көмек сұрап шабармандар аттандырған. Көрші ауылдардан көмекке келген 60–70 адам тұтқындарды босатып алмақ болып шабуылға шыққанда, жазалаушылар оларға оқ атып, бірден Серғазин Мұқа оққа ұшқан, ал қалғандары абыржып, ақыры тұтқындалған. Дегенмен де, ауд. көлеміне кең тарап кеткен көтерілісті басу ОГПУ отрядтарына және коммунистік отрядтарға оңайға түсе қоймады. 24 наурызда Сыздықов Бақыт және Нұркеев Сексен басқарған №6 ауылдың адамдары Балық тресінің қоймалары, дүкендері орналасқан «Алғазы» аралын басып алуға әрекеттер жасады. Бірақ, Аралдағы балық кәсіпшілігін қорғаған отряд шабуылдың болатынын алдын ала біліп, балық кәсіпшілігін айналдыра терең ор қазып, өздері сонда берік бекініп алды және шабуылдау 56 сағатқа созылған. Нәтижесінде өздерінен 1 адам оққа ұшқан соң, көтерілісшілер шабуылды тоқтатып, «Жыланды» жайлауына қайтқан. Темір жол арқауы мен аудан аумағына жазалаушы әскердің келуі көтерілісті тұншықтырды. №8 ауылда көтерілісшілердің негізгі күші жазалаушыларға қатты қарсылық көр-

сеткен және нәтижесінде 7 көтерілісші оққа ұшқан. Көтеріліске қатысушылар қатал жазаланды. ПП ОГПУ-дің (Полномочье представительства объединенного политического управления) Ерекше үштігі өзінің 1931 жылдың 14 мамырындағы және 29 маусымындағы, сондай-ақ келесі 1932 жылдың 19 маусымындағы үкімдерімен 28 көтеріліс басшыларын атуға, 66 адамды 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагерьлеріне қамауға, 17 адамды Қазақстанның өз ішінде 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударуға кесті. ОГПУ-дің қорытынды қаулысындағы Байбосынов деген ОГПУ тергеуші-уәкілі қол қойған құжатта көтеріліске қатысқан адамдарға төмендегі айыптар тағылған:

- «1. Қарамұрзин Мырзаш – көтерілісшілер қозғалысының бас жетекшісі, аудан орталығына шабуылға, кооперацияны басып алуға және т.б. жетекшілік жасады...
2. Мәндібаев Қали – көтерілісті дайындауға, ұйымдастыруға тікелей көмектесуші.
3. Әбітаев Итжан – Қарамұрзиннің кеңесшісі болып табылады, Серғазин өлген соң, оған көмекшілікке тағайындалады.
4. Молдабаев Тахир – Қарамұрзиннің көмекшісі.
5. Сұлтанғазин Спан – Қарамұрзиннің екінші көмекшісі, 5 ауылмен байланыс ұстаған.
6. Байғозин Мелдехан – Кеңес қызметкерлері мен коммунистерді соққыға жыққан.
7. Мырзашев Тәуірбай – Кеңес қызметкерлері жанұяларына зорлық-зомбылық жасаған.
8. Мырзашев Амансары – қолына винтовка ұстап, коммунистік отрядқа қарсылық көрсетті...
9. Молтанаев Тайжан – № 4 ауылдағы бас көтеруді ұйымдастырушы.
10. Манғозин Дүйсен – 1930 жылдың өзінде-ақ контрреволюциялық қызметі үшін жауапқа тартылған.
11. Мұқашев Құдаш – қолына қару алып, комотрядқа белсенді қарсыласты.
12. Орыншин Мұқыш – бандиттік бас көтеру басшысы.
13. Қарамұрзин Рымтай – белсенділерді ұрып-соғумен, дүние-мүлкін тартып алумен айналысты.
14. Омаралин Ысқақ – Аягөзден келе жатқан жүк арбасын басып алды.



15. Омаралин Смаил – халық сотын, «Қызыл отауды», «Екпін» колхозын басып алды.

16. Әкішев Зәкір – Шыңғыстау ауданымен байланыстырушы.

17. Зорбасов Қабікен – Шыңғыстау ауданымен байланыстырушы.

18. Мырзашев Мұздыбай – суық қарумен-қанжармен ұсталды.

19. Молдабаев Өмірәлі – «Сары оба» бөлігінде бандиттік бас көтеру басшысы.

20. Бейбітов Алтай – комотрядқа қарулы қарсылық көрсетті.

21. Көбетаев Амантай – 1930 ж. контрреволюциялық қызметі үшін жауапқа тартылған.

22. Тоқшорин Әрібжан – аудан орталығына шабуыл жасаған топты басқарды.

23. Бертөлепов Шайзада – бөлген кезде 40 метр затты (киізді) алып кеткен.

24. Байғозин Тұрғамбай – 1930 ж. контрреволюциялық қызметі үшін жауапқа тартылған.

25. Ысқақов Рашид – байларды құтқарамын деп комотрядқа шабуыл жасаған жерінде тұтқындалды.

26. Нұрақымов Құдайберген – жүк арбасын, мекеме, «қызыл үйді», халық сотын тонаған.

27. Оспанов Дәуіт – аудан орталығындағы түрмеден босатылған.

28. Дәуітов Әлізе – әкесін түрмеден босатып алған.

29. Шомақанов Иманқан – мекемені, халық сотын басып алған.

30. Әлдекин Әмрехан – 1930 ж. контрреволюциялық қызметі үшін тұтқындалған.

31. Рымтаев Тоқсанбай – револьвермен, бердеңкемен қаруланып, тығылған коммунистерді іздестірген.

33. Әмреханов Ысқақ – тартып алынған дүниелерден мата, көйлек, шалбар, бәтіңке, шапан алған.

34. Әмреханов Алтай – көтерілісшілер босатып алған соң, тұтқындалған коммунистерді күзеткен.

35. Шағаманов Мақа – түрмеге қамағанда қашып кеткен.

36. Қалиев Керімжан – «Мәдениет» колхозын басып алған, дүние-мүлкін үлестірген.

37. Мукин Адамбай (өлген Серғазин Мұқаңның баласы) – бір қап астық алған, коммунистерді қуғындаған.

38. Сыздықов Өмірзақ – тоналғандардан бір жылқы алған.

39. Ахметов Бітірбай – қолына қару алып қарсыласқан.

40. Бейбітов Садық – ол да сөйткен.

41. Сыздықов Кенжехан – «Екпін» колхозын басып алған.

42. Сейілханов Шамахан – ол да сөйткен». ОГПУ тергеушісі көтерілісшілердің бір тобына осылай сипаттама берген. Көбісіне тағылған «күнә» – ұсақ-түйек. Бірақ осы ұсақ-түйек үшін, Кеңес өкіметі қазаққа аяушылық таныта қоймады, оның үстіне осы көтерілістің өзінде «бандиттік», «контрреволюциялық» деп біржақты саяси сипаттап, бұл туралы тәптіштеп жазуға рұқсат бермеді. Негізгі ауыр жазаны көтеріліске қатысқандар, әсіресе, оны ұйымдастырғандар алды десек те, сол жылдардағы аудан басшылары-коммунистер де жазадан тыс қалмады. 1931 жылдың 25 сәуірінен 5 мамырына дейінгі аралықта Шұбартау ауд-нда орт-тан келген мемл. комиссия жұмыс істеді. Оның төрағасы Қазақстан Орт. атқару к-тінің төрағасы Елтай Ернараровтың өзі еді. Ж. Тәттібаев қол қойған осы мемл. комиссия материалдарында «сатқындық жасағаны, таптық бағытты бұрмалап, оппортунизмге түсіп, байлармен және бандиттермен достасқаны үшін» ауданның сегіз басшысының және т.б. партиядан шығарылғаны айтылған. Олардың ауд. партия к-тінің хатшысы Сатыбалдиннен басқаларының үстерінен сот ісі қозғалған. Елтай Ернараров ауд. партия конференциясын өткізген. Оның өзінің 10 мамырда жергілікті жерден өлкелік партия к-тіне және Мәскеуге берген жеделхатында партиядан шығарылған аудан басшылары атап көрсетілген. Олар: ауд. партия к-тінің хатшысы Сатыбалдин, ауд. партия к-тінің төрағасы Қамшыбаев, ГПУ өкілі Байбосынов, ауатком төрағасының орынбасары Дүйсембаев, нұсқаушысы Бегімбетов, инспектор Теңізбаев, ауатком хатшысы Исағұлов және тағы басқа сотқа тартылған белсенділер. Осы кезеңнің басқа көтерілістері тәрізді Шұбартау көтерілісі де тарих ғылымының жаңа, шынайы сипаттамасын күтеді. Өзінің алдына қойған мақсаты, көтерген ұраны, ұлттық құрамы, қозғаушы күштері тұрғысынан қарағанда, бұл – қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының заңды жалғасы болып табылады.

Т.Омарбеков

ШҮҢІРЕК



ШҮҢІРЕК (Шөңірек) Байтаұлы (1837–1890) – Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы күрескен батыр. Ұлы жүз дулат тайпасының сиқым руынан шыққан Ш. қазіргі Қызылорда обл. Сырдария ауд.-дағы Қараөзек арнасын мекен еткен. Қоқан бектерінің ел ішіндегі әділетсіз билігіне, шамадан тыс алым-салығы мен көрсеткен зорлық-зомбылығына қарсы тұрған Ш. Бұқарбай батырмен дос, бірге жорықтас болған. Ол туралы Сырдың атақты ақыны Асқар Тоқмағамбетов (1905–1983): «... Қоқанның қалың әскері, Шабуыл салып бір жақтан. Бұқарбай, Шүңірек батырлар, Аттанды жауға Сыр жақтан... Топыраққа көмілді, Тап-таза тұрған нұрлы аспан...» деп жырға қосқан. Батырдың бейігі қазіргі Қызылорда обл., Сырдария ауд.-дағы А.Токмағамбетов а-на жақын «Ошағанды» көлінің маңайында.

Әдеб.: Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі, А., Атамұра. 1994; Дайрабай Т., Сырдың сырлы сыры, А., Арыс, 2005; «Тереңөзек». Дерекнамалық баян, А., Ана тілі, 1996; Асанұлы Ж., «Маймақ пен Шөңірек». Тереңөзек таны. 16.07.2005.

Б.Ахметбек

ШЫҒАЙ (т. ж. б. – 14.11.1825) – сұлтан, Бөкей Ордасының билеушісі (1815–25). Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның баласы. Ағасы Бөкей қайтыс болғаннан кейін хан тағының мұрагері Жәңгір ержеткенше Бөкей Ордасын (Ішкі Орда) уақытша басқарды. 1816 ж. 24 қазанда Орал қ-нда Ресей патшасына ант берді. Ш. билік еткен жылдар халық басына түскен ауыр оқиғалармен қатар келді. 1815–16 ж. болған жұттан қазақ ауылдарының малы қырылып қалды, біраз рулар хандықтан кетуді ойлады. Қалмақтар мен Орал казак-орыстары жерге таласып, Ішкі Орда қазақтарына қысым көрсетті. Дегенмен, орыс көпестерімен сыйлас болған Ш. қол астындағы жұртын жұттан аман алып шықты. Билеуші ретінде ол қарауындағы елді қантөгіске ұшыратпай, бейбіт мәмілегерлік жолмен жер дауын шешу ісіне көп еңбек сіңірді. 1819 ж. малы жұтқа ұшыраған қазақ шаруаларына көмектесуді әрі даулы жерлерді қазақтарға алып беруді өтініп, Орынбор губернаторына хат жазды. Қазақтарды отырықшылыққа баулымақ ниетпен 1820 ж. Каспий т-нің жағасынан ағаштан қиылған еңселі үй салды. 1822 ж. Орынбор шекара

комиссиясынан өзін тұрақты хан етіп ресми тағайындауды талап етті. Бірақ Ішкі Ордада оның ағасы Бөкей хандай беделі бола қойған жоқ. 1824 ж. билікті тақтың заңды мिरасқоры Жәңгірге беруге мәжбүр болғаннан кейін Ш. ел билеу ісіне араласпай, қалған өмірін тыныш өткізді.

Т.Шәріпқалиев, Т.Боранғалиұлы

ШЫМАНОВ Мырзағұл (1847, қазіргі Ақтөбе обл. Шалқар ауд. – 1908, Орынбор қ.) – белгілі би, саяси қайраткер. 1872–79 ж. Ырғыз уезіндегі Аралши болысын басқарды. Елге сыйлы азамат ретінде 1878 ж. қазақ зиялыларының депутациясы құрамында Санкт-Петербург пен Мәскеуге барып, Александр II патша тарапынан Станислав ленталы күміс медальмен марапатталған. 1879–87 ж. ті-



М.Шыманов

леу руының аға биі, 1891, 1898 ж. екі рет Шеңгелді болыстығына болыс болып сайланған. Ағарту ісіне үлкен көңіл бөліп, Шалқар қ-нда 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін аштырған. 1882 ж. маусымда өткен Орал, Торғай, Закаспий обл. болыстары мен билерінің құрылтайында патша үкіметінің жер саясатын ашық сынады. Отаршылдарға жер бермеу үшін күрескені себепті 1891 ж. 15 қаңтарда болыстықтан босатылып, 6 айға Орынбор түрмесіне қамалды. Дегенмен, көп ұзамай босатылып, Орынбор – Ташкент темір жолын салуға қатысқаны үшін Орынбор әкімш-нен мақтау грамотасын алды. 1903 ж. Арал т. мен Мұғалжар тауының аралығын-



да орналасқан Біршоғыр, Шалқар ст-нда болған қазақ руларының бас көтеруін басқарды. 800 адам қағысқан бас көтеру 2 жылға созылып, 1905 жылғы революцияға ұласты. 1905 ж. қолға түскен Ш. 14 жасар баласы Өтегұл екеуі ғұмыр бойы түрмеде отыру жазасына кесілді. 1908 ж. Орынбор түрмесінде түрме жендеттері қолынан қаза тапқан. Сүйегі Орынбордағы мұсылмандар зиратында. Туған жері – Шалқар қ-ндағы орт. көшеде ескерткіші бар. Көше атауы берілген. Ш-тың ел-жұртына жасаған қызметі жергілікті ақын Сарышолақ Боранбайұлы шығармаларында суреттеледі.

ШЫМШЫРҰЛЫ Ноғай (16.3.1902, Моңғолия, Баян-Өлгий аймағы, Шегіртай а. – 18.2.1974, Өлгий қ.) – Моңғолия қазақтарынан шыққан саяси, қоғам қайраткері. Өз бетімен мұсылманша, моңғолша хат танып, жастайынан жергілікті билік орындарында жұмыс істеген. 1939–40 ж. Қобда аймақтық партия к-тінің нұсқаушысы болды. МХРП-ның X съезінде (1940) ОК-нің мүшелігіне сайланды. Қабі Бәжіұлымен бірге Кіші Құрылтайда (Парламент) ұлттық Қазақ аймағын құру туралы бастама көтерді. Бұл бастама көпшіліктің қолдауына ие болып, Кіші Құрылтай басқармасы «Қазақ, урианхайлардың жеке аймағын құру туралы» қаулы қабылдады. Осы қаулыдан кейін 1940 ж. тамызда Баян-Өлгий аймағы құрылып, аймақтың алғашқы әкімі Бәжіұлы, аймақтық партия к-тінің 1-хатшысы болып Ш. тағайындалды. 1943–46 ж. ол маршал Х.Чойбалсанның тікелей тапсырмасымен Қытайдағы гоминьдан өкіметіне қарсы Моңғолия қазақтарынан ұйымдастырылған партизан жасағын басқарып, Шыңжаң өлкесін азат етуге және Шығыс Түркістан үкіметін құруға белсене араласты. 1943 ж. Чойбалсан басқарған Моңғолияның әскери делегациясы құрамында Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, халық батыры Оспан Ісләмұлымен болған ресми келіссөздерге қатысты. Осы жылы Моңғолиядан Шыңжаңға асқан 70 қазақ жанұясын қайтарып әкелді. 1946–57 ж. Кіші Құрылтай басқарма мүшелігіне, Ұлы Халық Хуралы депутаттығына үш мәрте (1951, 1954, 1957) сайланып, МХРП-ның ОК-нің мүшесі болды. МХР Мин. кеңесінің нұсқаушысы қызметін қоса атқарды. Ш. мұндай дәрежеге көте-

рілген Моңғолиядағы алғашқы қазақ. 1957–62 ж. Баян-Өлгий аймақтық а. ш. басқармасында ұйымдастырушы қызметін атқарды. 1962 ж. дербес зейнеткерлікке шығып, өмірінің соңына дейін Моңғолия «Ардаргерлер қоғамының» аймақтық бөлімшесінің төрағасы болды. 1967 ж. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы Д.А. Қонаевтың шақыруымен Алматыда болып, жазушы С.Мұқановпен кездескен. Ш. ақындығымен де белгілі. Оның «Алтын бесік», «Бұлдыр заман», «Енбек – бақыт», «Жастарға», т.б. өлеңдері жарық көрген. 95 жылдық мерейтойына орай (1997) Өлгий қ-ның бір көшесіне, туған ауылындағы орта мектепке есімі беріліп, Өлгий қ-ндағы Ш. атынд. көшеге ескерткіш мүсіні орнатылды.

Б.Қосанов

ШЫҢҒЫСТАУ КӨТЕРІЛІСІ – Кеңес өкіметінің солақай саясатынан зардап шеккен халықтың толқуы. Кеңес билігі нығайып, Қазақ өлкелік ПК-нің басшысы Ф.И.Голощекин Қазақстанда «Кіші Қазан» төңкерісін жасаймын деп, елдегі бақуатты адамдарды тәркілеп, айдағып, қаматып болған соң, күн-көріс көзі мал ш. болған қазақ жұртын бір ортаға біріктіріп, «колхоздастыру» дегенді жүзеге асыруға кірісті. Малынан айырған соң халық жаппай ашаршылыққа ұшырай бастады. Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы шыққан Шыңғыстаудағы көтеріліс Қазақстанның басқа да аудандарында болып жатқан көтерілістермен үндес болды. Тұралап отырған жұртты мал, жан, жер үшін жиналатын ет, май, жүн, тері алым-салығы бас көтертпеді. Орташа тұрмысы бар шаруалар мен кедейлерге де «жете», «құлақ» деген айдармен «нық міндеттеме» деген салық түрі салынды. Астық бере алмағандар оны етпен, жүнмен өтеуге міндеттелді. Жүн таба алмағандар сырмақ, текемет, киіздерін, арқан жіптерін тарқатып салуға мәжбүр болды. Жергілікті атқамінерлер елге үрей туғызу үшін «салық төлемеді» деген сылтаумен 1931 ж. ырғызбай руының беделді 18 адамын итжеккенге айдады. Салық салушылардың қысымына шыдамаған Шаған өңірінің тұрғындары оған ашық қарсылық көрсетті. Қақтығыс кезінде екі салық жинаушы мерт болады. Соны сылтау еткен ауданның башылары қаладан әскер шақыртады. Олар «ақ



сиыр көтерілісі» деген желеумен бірнеше ондаған азаматты жазықсыз жазалайды. Халықтың шолақ белсенділердің іс-әрекетіне деген наразылығы 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанынан кейін-ақ басталған болатын. Осыған байланысты нақты деректер «Тобықты – Шыңғыстау шежіресі» және «Алаш» тарихи-зерттеу орталығынан» жарық көрген қазақ ру-тайпаларының тарихы жөніндегі еңбектерде көрсетілген. Ондағы деректер бойынша, 1926 жылдың желтоқсан айында Алтыбаев, Елбосынов деген кеңес қызметкерлері Шыңғыстауға астыртын келіп, ауыл кеңестерінен байлар қатарындағы 17 адамды тізімдеп алып кетеді. 1928 жылғы Қазақ АКСР ХКК мен ОАК-нің деректері бойынша осы жылдың 3–17 қараша аралығында олардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылады. Семей мұрағаттар қорында сақталған қаулыда Қазақ үкіметінің сол жылғы 27 тамыздағы декретін іске асыру жөніндегі комиссия үкімет алдына жер аударылатындар тізіміне Шыңғыстау ауд. бойынша Халил Ғаббасов, Тұрағұл Ибрагимов (Құнанбаев) және бұрынғы болыс Мұсатай Молдабаевты қосымша қосу туралы ұсыныс жасаған. 1928 жылғы 19 қарашадағы № 27-хаттама бойынша Т.Ибрагимов (Құнанбаев) пен тізімде аталған адамдардың мал-мүлкі тәркіленіп, отбастарымен бірге жер аударуға үкім етілген. Осындай қаулы қалғандарына да жеке-жеке алынған. Мұндай жағдай күн өткен сайын арта берді. Шыңғыстау бойынша тәркілеуге жатып, арнайы құжат 29 отбасына алынған. Одан кейінгілерге қаулы-қарар алудың қажеті де болмаған. Ауқаттыларды тәркілеу «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген саясатпен жалғасып кете берген. Аудан құрылып, тәркілеудің алғашқы толқыны жүріп өтіп, кезек кедейлерге жеткенде Шыңғыстауға Қазақ АКСР-і үкіметінің басшысы Елтай Ерназаров келеді. Ол келер қарсаңда халықтың өмірінде, тұрмысында бір тәуір өзгеріс болар деген елдің үміті оянады. Бірақ ауыл арасында қалған ақсақ-тұсақ бұзау-лақты көріп, кәмпескеге көңілі толмай қалған басшыға ешкім батып мұңын айта алмайды. Үкімет басшысы келді дегенді естіген Шәкәрім қажы таудан келіп, Ерназаровқа жолығады. Онымен бір сағаттай оңаша сөйлескен

қажының тауы шағылып шыққан. Мұрағат деректерінде Шыңғыс өңірінде 1928 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша 54141 жылқы, 36135 ірі қара, 362007 қой-ешкі, 12925 түйе болған болса, 1933 жылдың 1 шілдесінде небары 747 жылқы, 241 ірі қара, 6102 қой-ешкі, 186 түйе қалған. Күшпен кәмпескелеудің тәркілеуге ұласуы, бұл науқанның ет дайындау, зорлап отырықшыландырумен жалғасып, елді аштық жайлаған соң халықтың ашу-ызасы өрши түсті. Осынау ауыр кезеңде жұрт «Абылайлап» ұран шақырып, ақ ту көтеріп, аудан орталығына бет алады. Аттанар алдында Шыңғыстың сыртындағы оқшау тау Шақпақта жатқан Шәкәрім қажыға барып, оның басшылары бата сұрайды. Қажы оларды Кеңесті құлатуға күштері жок екенін, елдің босқа қырғынға ұшырайтынын айтып райларынан қайтармақ болған. Бірақ аштықтан күйзеліп, ашудан әбден ашыңған қалың нөпір ашық талабымызды білдірейік, болмаса «аштан өлгенше, алысып өлейік» десіп, қолында бар аз қарумен сайланып, 1931 ж. 3 қыркүйекте ауд. орт-на аттанады. Олар жол-жөнекей Бақанастағы ауыл мектебіне «мұғалім» деп әкелінген ГПУ-дың тыңшысы Рамазан Әбішев пен оның әйелі Рәпішті, Ақжардағы үйінде жолдан келіп тынығып жатқан ЖШИ-дің (Жұмысшы-шаруа инспекциясының) төрағасы Олжабай Шалабаевты өлтіреді. Саржал, Машан, Бақанас және Жидебайдағы «Өркенді» кооперативтері таланады. Оның бәрінен хабардар болып отырған ауд. басшылары шиеленістің түйінін қантөгіссіз шешуді ойламай, әлеум. талабын білдіруге келе жатқан 150–200 шамалы қарусыз адамға арнайы дайындалған әскер тасадан оқ жаудырады. Ат-көлігі әлсіз, қорғанар қаруы шамалы адамдарды қаладан шыққан жазалаушы әскер арнайы пулемет орнатқан машинамен келіп қынадай қырады. Көтерілісті ұйымдастырушылар деп есептелген Қасымбек Солтабаевтан өзге Санияқас, Қыдыш, Қарабала, Ташмұхамбет, Алатай деген 5 адам ұсталып, сол жерде атылып, НКВД-ның ауласындағы құдыққа тасталды. Қаруыл өз-нің маңында сотсыз, тергеусіз, үкімсіз бірнеше адам атылды. «Осы көтерілісті ұйымдастырушы болыпты, қашып жүр екен, Қытайға кетпек көрінеді» деген жалған лақап тарап, ГПУ-дың бастығы Абзал Қара-



сартовтың өзі бастап келген жазалаушы жасақ «Саят қорасында» аң аулауға шыққан жерінде Шәкәрім қажыны атып өлтіріп, даладағы құдыққа көмусіз тастап кетеді. Тарихта «Шыңғыстау көтерілісі» деп аталып қалған бұл қимылға қатысқандар шетінен «халық жаулары» деп жарияланып, олардың ағайын-туыстары қатаң жазаланды, көп күнген көреді. «Түрмеге жабылғандардың ішінде әкеммен бірге Абайдың баласы Мәкәйіл, Шәкәрімнің баласы Ғафур, Оразбайдың баласы Медеу, Медеудің балалары Мәукіл, Санияз (Тұрағұлдың Ақылия (Ақыш) деген қызының күйеуі) бар, барлығы 72 адам екен. Бұлардың ішінде әйгілі акын Нұрлыбек Баймұратов та бар еді. Абайдың баласы Мәкәйіл бастатқан Тобықтының 70 адамы түгел атылды. Атылудан аман қалған әкем мен Нұрлыбек акын ғана», – деп жазды белгілі ғалым Қайым Мұхамедханов. ҚР ҰҚК-нің мұрағаттарында мынандай деректер бар: Абыралы ауд. тәрзіді оған көрші орналасқан Шыңғыстау ауд.-ның жерінде (қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд.) де 1931 ж. ақпанда Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы халық толқулары болды. Көтерілісті Медеуов Санияз және Торайғыров Емілжан басқарып, оған барлығы 200-ден астам адам қатысқан. Көтерісшілер ақ жаулау көтеріп, халықты аудандағы кеңес үкіметін құлатуға шақырған. Көрші Қу және Абыралы ауд.-дарымен байланыс орнатып, оларды көтеруге әрекеттенеді. Бірақ Қызыл Армияның тұрақты бөлімдері бұған кедергі жасады, көтеріліс кең тарап үлгермей жатып-ақ, ақпан айында күшпен басып тасталынды. Тұтқындалғандардың жалпы саны – 189 адам. Олардың ішінен ОГПУ-дің «ерекше үштігінің» 1931 жылғы 15 мамырдағы шешімімен 47 адам ату жазасына кесілді, ал 105 адам еңбекпен түзету лагерьлеріне жіберілді, Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 13 адам жер аударылды, шартты түрде 23 адам тағы сотталды. Осы көтеріліс кезінде Құнанбай Өскенбайұлының ұрпақтары қатты қудалауға ұшырады. Абайдың баласы Мәкәйіл, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғафур Шәкәрімұлы жазықсыз атылған соң, Зият Шәкәрімұлы, Бердеш Өзімбайұлы, Мәнәкеш Өзімбайұлы Тәкежановтар Қытайға өтіп кетеді. Әуелі Тарбағатайға, одан соң Алтайға қашып бара-

ды. Қажы ұрпақтары ол жақта да тыныштық таба алмай, құрығы ұзын кеңес өкіметі қолынан мерт болды. Кеңес өкіметіне қарсы болған көтерілістердің қайсысы болса да, өзінің толық бағасын әлі алған жоқ. Соның қатарында осы Шыңғыстау көтерілісі де бар.

А.Беркімбаев, Д.Наушабаев

ШЫҢЖАНДАҒЫ АҚТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ, Кеңес өкіметіне қарсы бағытталды. Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін кеңес өкіметін мойындағысы келмеген адамдар өз отанынан тыс жерлерге көше бастады. Олардың бір тобы Ресей империясының шет ел елшіліктеріндегі, консулдықтарындағы дипломат. ресми қызметкерлер еді. Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Құлжа, Шәуешек және Қашқарда орналасқан Ресей консулдықтарының қызметкерлері де кеңестік билікті мойындаудан бас тартты. Олар ақ гвардияшыл жасақтарға көмектесіп, жасырын ұйымдар арқылы шекара маңында арандатушылық іс-әрекеттер ұйымдастырып отырды. Азамат соғысына, ақ гвардияшылардың арандату әрекеттеріне байланысты Ресей мен Шыңжаң арасындағы сауда-саттық көлемі күрт төмендеп кетті. 1919 ж. Батыс Қытай мен Ресейдің сыртқы сауда айналымы үш-тен бірге азайды. 1919 ж. 18 желтоқсанда Ташкенттен жергілікті кеңестік басшылар Құлжа мен Қашқардың губернаторларына үкімет атынан хат жолдап, Қытай шекарасынан өтіп кеткен ақ гвардияшыларды бірлесіп жою мәселесін талқылауды ұсынды. Бұл хатқа 1920 ж. 3 наурызда Шыңжаңның сыртқы істер жөніндегі өкілетті өкілі Қытай өкіметі Ресейдегі соғыс туралы бейтарап саясат ұстанып отырғанын, бірақ провинцияның жерінде ақтар отрядын жергілікті тұрғындар есебінен толықтыруға жол берілмейтіндігін мәлімдеді. Шыңжаңда негізінен атаман А.И. Дутов басқарған Орынбор казак әскері, ген. Бакичтің 4-атқыштар дивизиясы мен Жетісу армиясының қолбасшысы ген.-м. Б.В. Анненков әскерінің қалдықтары шоғырланып, оларға Жетісу арқылы шегінген ақ гвардияшылардың шағын топтары келіп қосылды. 1921 жылдың көктемінде Шыңжаңда 50 мыңдай жақсы қаруланған, азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етілген Ресей солдаттары мен офицерлері тұрды. Олардың Қазақстан мен Қырғызстанға шабуыл жоспарларын дайындауына Ресейдің



Құлжа мен Қашқардағы бұрынғы консулдары Люба мен Успенский және ағылшындардың барлау қызметі жәрдемдесіп отырды. Ақ гвардияшылар жасақтары Жетісудың елді мекендеріне шабуыл жасауын тоқтатпады. Оған қоса Жетісу мен Батыс Сібірде қалып қойған ақтардың шағын топтары шекараға қарай бет бұрып, Дутов пен Бакич әскерлеріне қосылуға әрекеттенді. Жағдайды жіті бақылап отырған атаман Дутов Семей облына қарсы ірі шабуыл жоспарын әзірледі. Бакичтің әскері Шәуешек қ-на жақын жерге, Анненков әскері Құлжа қ-ның маңы мен Баратола өз. жағасына жақындатылды. Атаман Дутовтың әскери штабы Сүйдін қ-на орналасты. Бакич өзін «Ресей жоғарғы өкіметінің өкілі» деп жариялады. 1921 ж. 6 ақпанда кеңес барлаушылары атаман Дутовты өз штабында атып өлтірді. Осыған байланысты ақ гвардияшыл әскерге қолбасшылық етуді Бакич өз қолына алды. 1921 ж. сәуірде Бақтыға келген Шыңжаң әкімш. өкілі кеңес өкіметімен ақ гвардияшылар мен азаматтық қашқындарды қайтару жөніндегі мәселені талқылады. 1921 ж. мамырда Новиков басқарған топ Қытай өкіметінің қаруды тастау жөніндегі талабын орындамай, Бакич әскеріне қосылды. Бұл Тарбағатай аймағындағы жағдайды шиеленістіріп, кеңес өкіметі жағынан да, қытай жағынан да мәселені тез арада шешуді талап етті. Жергілікті қытай өкіметі өз күштерімен Бакич пен Новиков әскерлерін талқандай алмайтынын мойындап, кеңес өкіметінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Сөйтіп, ақ гвардияшыларды залалсыздандыру мақсатында Тарбағатай өлкесіне Қызыл Армия бөлімдерін енгізу жөнінде мәміле жасалды. Қызыл Армия бөлімдері жүргізген әскери қимылдардың нәтижесінде Бакич әскері жеңіліске ұшырап, Алтай округіндегі Сарысүмбеге қарай қашты. 1921 ж. 12 қыркүйекте Шәуешекте ақ гвардияшыл бөлімдерді толық талқандау үшін Қытайға кеңес әскерлерін екінші рет енгізу жөніндегі жаңа кеңес – қытай келісіміне сәйкес Қызыл Армия соғыс қимылдарын Зайсаннан, ал Қытай әскерлері ақтардың ту сыртынан бастап, 1921 ж. қыркүйектің соңында Сарысүмбе қ. мен оның төңірегіндегі аудандар ақтардан толық азат етілді. Қызыл Армия бөлімдері өз еліне қайтып оралды. Бірақ ол 1930–

40 ж. кеңес өкіметінің Шыңжаңды өз бақылауында ұстауына алғышарт жасап берді.

Н.Алдабек

ШЫҢЖАНДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ДЕМОКРАТИЯНЫ ҚОРҒАУ ОДАҒЫ – 1948 ж. 1 тамызда Құлжа қ-нда құрылған саяси ұйым. Негізгі мақсаты – Шыңжаң өлкесін гоминьдан үстемдігінен толық азат ету, демокр. бағытта жаңа үкімет құру болды. Ол үшін жергілікті жерлерде астыртын ұйымдасқан партия, қоғамдық ұйымдардың басын біріктірді. Одақтың тұңғыш төрағасы болып Ахметжан Қасыми, төралқа мүшелері болып Ысқақбек Мононұлы, Дәлелхан Сүгірбайұлы, Әбдікәрім Аббасов, т.б. барлығы 29 адам сайланды. Орг. Құлжа қ-нда орналасты. Оған 3 аймақтық (Алтай, Іле, Тарбағатай), 29 ауд. қ-т, 755 бастауыш ұйым бағынды. «Алға» газеті мен «Одақ» журналын шығарып тұрды. Одақ 1953 ж. қазанда өз жұмысын тоқтатты.

ШІЛІК ОҚИҒАСЫ – Қоқан хандығына қарсы көтеріліс. Ш. о. туралы нақты жазба дерек көздері өте аз. Басшысы Тұрғанбай датқа болған. Ол Қоқан хандығына қарсы Ташкент ханы Қанағат шахпен бірге бас көтерген. Бірқатар ел басшылары оны көтеріліске шығуға үгіттегендерімен, кейін қол бастағанда қолдау көрсетпей қойған. Осылай дұрыс ұйымдастырылмағандықтан Құдияр бастаған қоқан әскеріне қарсы тұрған көтерілісшілер жеңіліс тауып, көтеріліс басшысы Тұрғанбайдың үстіне ыстық су құйып өлтіріледі. Былқылдақ өз. бойында қоқандықтар Сыр қазақтарының 17 биін дарға асып, 40 биін қадаға отырғызу арқылы өлтірген, қалған халықты зәбірлеу, т.б. қинау әдістерімен қатаң жазалаған. Осы қырғында 2 кейуана 16 баланы аман сақтап қалып, Жамбыл мен Түлкібас аралығындағы Боралдай тауында 3 жылға жуық уақыт жасырып баққан. Олардан тараған ұрпақ қазіргі Жуалы ауд-ның аумағында тұрады. Сыр бойы қазақтарының бұл көтерілісі арнайы зерттеле қоймаса да, Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген бірқатар еңбектерде сақталып қалған. Мәселен, «Қазақ» газетінің Сырдария губ. бойынша тілшісі І.Қоңыратбайұлының Иманжүсіптің ата-тегіне қатысты мақаласында осы оқиға туралы мәліметтер берілген.

Т.Қоңыратбай



ЫҒЫЛМАН Шөрекұлы (1876, Атырау обл. Қызылқоға ауд. Тайсойған а. – 1932, сонда) – ақын. Жасында ауыл молдасынан оқып, хат таныған. 15–16 жасынан өлең шығарып айта бастады. Қисса-дастандарды кітаптардан оқып, замандас жырау-жыршылар арқылы көп жаттаған. Жас кезінде Атырау өңірінде аты әйгілі Абыл, Ақтан, Қалнияз, Нұрым, Досжан, Махамбет, Төлеген тәрізді ақындардың өлеңдерін өнеге тұтып, Жаскілең, Бала Ораз, Жылқышы, Мұрат сияқты ақын-жыраулардың көзін көріп, тәлім алған. Көзі тірісінде бірсыпыра өлеңдерін Ташкентте шығып тұрған «Сәуле» журналында жариялады. Осы қалада сондай-ақ 1836–37 ж. ұлт-азаттық көтерілісі мен оның жетекшілері Исатай мен Махамбеттің қаһармандық ерлігіне арналған тарихи дастанын бастырды («Исатай-Махамбет», Ташкент, 1925). Бұл дастан кейін де бірнеше рет жарияланды. Ақынның «Исатай-Махамбет», «Өзім туралы», «Ақындар туралы», «Шешендер туралы», «Батырлар туралы», «Халық алдында», «Толғау», «Күреңатқа» деген халыққа кеңінен танымал өлеңдері бар.

ЫҚЫЛАС Досұлы (Досмұхаммедұлы) (19 ғ.) – молда, ишан, ірі дін өкілі. Елек, Тамды өзендерінің аралығын жайлаған. Ы.Д. 1869 жылғы «Ел ауа» көтерілісінің негізгі дем берушісі, рухани көсемі болды. 1869 ж. қаңтар айында Уфаға барып, ондағы мүфтий Сәлімгерей Тевкелевпен кездескен. Осы сапардан соң ишан енгізілгелі жатқан басқарудың жаңа тәртібіне ашық қарсы шығады. Сол жылдың ақпан айында Тамды бойындағы өз ауылында Қобда-Елек бойының билерін шақырып, кеңес өткізіп, халықты ережені қабылдамауға, қару алып үкіметпен күресуге шақырған. Ереже қабылданған күнде өз діндерінен айырылуы мүмкін екендігін айтқан. Оның сөздерінен соң ел ішінен әскер жасақталып, толқулар күшейген. Ишанның үндеу-

лерін жаушылар әр тарапқа хабарлап, көтеріліске шақырған. 1869 ж. көктемінде Ықылас ел-жұртпен бірге Үстірт өңіріне қоныс аударған. Ы.Д. 1874–75 ж. шамасында Қонырат пен Хиуа арасындағы Хожейлі қаласында өмір сүрген. 1874 ж. 4 қарашада Елек (Ақтөбе) уезінің бастығы Шлиттерге хат жазып, өзіне кешірім берілуін, елге қайтуға рұқсат етілуін өтінген. Аталған тұста 1869 ж. көтеріліс көсемдерінің барлығы да үкіметтен кешірім алған болатын. Елек уезінің бастығы Шлиттер Ы.Д.-ына кешірім беру туралы Торғай обл. әскери губернаторына өтініш жасаған. Алайда, Торғай губернаторы ген.-адъютант Крыжановский оны елде болған тәртіпсіздіктерге басты кінәлі адам ретінде және оның 1873 ж. Хиуа жорығы кезінде, одан бергі уақытта үкіметке өз қызметі мен адалдығын білдірмегені үшін кешірім беруден бас тартқан. Орал обл.-ның әскери губернаторы ген. Веревкин де Ы.Д.-ын орын алған толқуларға басты кінәлі деп тауып, 1875 ж. 9 ақпан мен 24 сәуірде Орынбор ген.-губернаторынан Түркістан ген.-губернаторына Ы.Д.-ын қолға түсіріп, елге қайтару жөнінде екі рет үндеу жіберілді. 1875 ж. 14 қазанда Түркістан губернаторы кеңсесінен Орынбор губернаторына мұқият іздестіру нәтижесінде Ы.Д.-ның Қоныратта да, Хожейліде де тұрмайтындығы, нақты қай жерде екені туралы ресми мәлімдеме келген. Қосымша деректер бойынша Ы.Д. өз жақын туыстарымен Түркия иелігіне өтіп кеткен. Түрік үкіметі оларға Дамаск түбіне орналастырып, жер берген. Кейінгі тағдыры белгісіз.

Дер.: ООММ, 6-қор, 10-т., 8273, 8440 істер.

Н.Жемісбай

ЫРҒЫЗ КӨТЕРІЛІСІ (1916) – Ресей өкіметінің 25 маусым жарлығына қарсы халық қозғалысы. Жарлыққа сай Ырғыз, Торғай уездерінен 20 мыңдай адамды майдан жұмыстарына алу жоспарланды. Жарлыққа наразылық білдірген халық Амангелдіні қолдап, 147 ауылда арнайы штабтар құрды. Тәуіп болысындағы штабты Әйменбет Шобанов, Кенжеғара штабын Айжарқын Қанаев, Аманкөл штабын Қалтай Қатшин, Бақсайыс штабын Тайшым Орысұлы, Жұмағазы Жүргенов басқарды. Ы. к-не қатысушылар жасақ басшыларына «хан» атағын берді. Ырғыз уезінің сегіз болысында жалпы саны 20 мыңға тарта қол жасақталды. Көтерілісшілерге қарсы Қазан әскери округінің бастығы ген.



Санецкийдің сұрауымен Шалқар, Ақтөбе, Орск бағытынан жақсы қаруланған жазалаушы әскери құрамалар аттандырылды. Шалқардан келген әскер Аманкөл, Тәуіп, Кенжеғара болыстарындағы, Ақтөбе, Орскіден келген әскер Белкопа, Бақсайыс, Темірастау, Талдық, Қызылжар болыстарындағы көтерілісшілерді талқандауға кірісті. Жазалаушы әскерлер көтерілісшілерді екі жақтан қыспаққа алып, оларды жеңілуге мәжбүр етеді. Көтерілісшілердің бірқатар басшылары жазалаушылар қолынан қаза тапты.

Қ.Алдажұманов

ЫРСАЛЫ Кәсіпұлы, Ерсары (т.ж.б. – 15.11.1837, Тастөбе) – батыр, Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің белді мүшелерінің бірі. Ы.Шөрекұлының Исатай-Махамбет дастанында оның атын Ерсары деп көрсеткен. 1837 ж. 21 тамызда Балқы би және Төлеген, Айғани старшындар Исатайды жақтағаны үшін Ы-ның ауылын шауып, адамдарын мертіктіреді. Исатай мен Жәңгір ханның арасын бітістіруге үміттеніп жүрген Орал казак-орыс әскерлерінің атаманы Покатилов осы уақығаны естігенде «енді бітім болмайды» деп өкінген. Ы. Тастөбе соғысында қаза тапты. Осы хақында Махамбет «Исатай батыр жөнелді-ау, Жөнелмей батыр неғылсын: Ерсары мен Қалдыбай, Ажал оғы тап келіп, Екі арыстан тең өлді-ау» деген. Ы-ның Есәлі, Сағыбалды, Байдәулет деген бауырлары да көтерілісшілерді жақтаған.

ЫСҚАҚБЕК Мононұлы (1902, Қытай, Қашқар аймағы, Ұлықшат ауд. – 27.8.1949) – Қытайдағы Үш аймақ төңкерісі басшыларының бірі, Қытайдағы қырғыздардан шыққан көрнекті саяси-әскери қайраткер, ген.-л. (1946). Бала кезінде Қырғызстанда орта мектепте, әскери мектепте оқыған. 1934 ж. Ұлықшатта қырғыз атты әскерін ұйымдастырып, Қашқар, Атуш және Ұлықшат ауд.-дарының қоғамдық қауіпсіздігін басқарды. Кейіннен әскері таратылып, Ұлықшат ауд. ішкі істер басқармасының бастығы болды. 1937 ж. Мамұт, Ма Хушаньдар қарулы көтеріліс жасаған кезде Ы. өз жасағын құрып, көмекке келген Кеңес Одағы әскерлерімен бірге көтерілісшілерді талқандады. Содан соң Қашқар, Хотан, Ақсу, Тасқорған өңірлерінің шекара қорғанысын басқарды, 1941 ж. Құлжадағы Іле аймақтық «Қазақ-қырғыз мәдениетін дамыту қауымдастығының» төрағасы болды. 1942 ж. өлкелік үкіметтің оны тұтқындамақшы болғанын біліп, жасырын Кеңес Одағы-

на өтіп кетті. 1944 ж. Тасқорған ауд.-на оралып, жергілікті басшылармен бірлесе отырып «Азаттық ұйымын» және партизандар қосынын ұйымдастырды. 1945 ж. маусымда Гоминьдан әскерлерінің астық тасыған машиналарына шабуыл жасап, көтеріліс бастады. Қарашада әскерімен Қырғызстан жері арқылы Құлжаға барып, ондағы көтерілісшілермен Гоминьданның Айранбақтағы қамалын алуға қатысты және Гоминьданның Құлжаға көмекке келген әскерлеріне шабуыл жасады. 1946 ж. сәуірде Шығыс Түркістан Республикасы Уақытша үкіметінің Ұлттық армиясы құрылғанда 1-атты әскер бөлімінің командирі болып тағайындалып, ген.-м. дәрежесі берілді. Шілде айында уақытша үкіметтің мүшесі болды. Қыркүйек айында Ұлттық армияның Орта бағыттағы соғыс операциясына қолбасшылық жасап, Жың ауд.-ндағы Гоминьданның күшті әскери күшін талқандады. Осы еңбегі үшін ген.-л. дәрежесіне көтеріліп, бес адамдық Ең жоғ. әскери кеңестің мүшесі әрі оңт. бағыттағы ұрыс қимылдарына жауапты болды. 1947 ж. Тасқорған ауд.-на барып, Тянь-Шаньның оңт.-ндегі партизандарды ұйымдастырып, «Ысқақбек ротасын» құрды. Наурыз айында «Азаттық» орденімен марапатталды, маусым айында Ұлттық армияның бас қолбасшысы болып тағайындалды. Үш аймақ үкіметі Шыңжаң өлкелік үкіметімен «Он бір бітімге» қол қойып, өлкелік коалиц. үкімет құрылғанда өлкелік үкіметтің мүшесі, Қорғаныс штабы бастығының орынбасары болды. 1947 ж. ақпанда Алтай аймағында әскерімен Оспан батырға қарсы соғысты. 1948 ж. «Шыңжаңдағы бейбітшілік пен демократияны қорғау одағы» құрылғанда Орт. ұйымдастыру к-тінің мүшесі болып сайланды. 1949 ж. 27 тамызда Қытай Коммунистік партиясы ОК-нің шақыруы бойынша Қытай халықтық саяси кеңесінің мәжілісіне қатысу үшін, Үш аймақ төңкерісі басшыларымен бірге Кеңес Одағы ұшағымен Алматыдан Пекинге ұшып, Иркутск қ-нан өтіп Байкал маңына барғанда ұшақ тауға соғылып, ішіндегі адамдар қаза тапты. Ы-тің сүйегі Құлжа қ-на әкеліп жерленген.

Н.Мұқаметханұлы

ЫСҚАҚОВ Бүркіт Ибрагимұлы (4.11.1924, Қарағанды обл., Нұра ауд., Көкмөлдір а. – 22.1.1991, Алматы қ.) – ақын, филология ғылым кандидаты (1970). 1940–42 ж. Қарағанды мұғалімдер ин.-нда оқып, бітірген соң



«Советтік Қарағанды» газетінде істеді. 1942–45 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысты. 1948 ж. Қазақ МУ-ды бітіріп, Қазақ КСР ҒА-ның аспирантурасына түседі. 1946–49 ж. «Пионер» (қазіргі «Ақжелкен») журналында, 1949–60 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, 1960–69 ж. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында қызмет атқарды. Ы. 1951 ж. жаппай қуғын-сүргін кезінде жазықсыз жазаланып, 25 жылға бас бостандығынан айырылды. Айыптау үкіметінде Ы-тың 1940 ж. «Жас қалам» үйірмесі мен «ЕСЕП-ке» («Елін сүйген ерлер партиясы») қатысканы, ұйымдастырғаны жарияланды. Лагерьде жүріп ол қазақ поэзиясында «Тұтқын жыры», «Лагерьдегі өлеңдер»



Б.Ысқақов

деп аталатын поэзияның жаңа бағытын бастады. «Тас өзеннің ызғары» атты өлеңдер циклі оқырманның ойынан шықты. Осыған орай академик М.Қаратаев: «Ақындарымыздың абақтыда отырып жазған өлеңдері бізге жеткен жоқ, сол олқылықтың орнын олардың акын ұрпағы – Ысқақовтың жырлары толтырғандай. Оның бұл өлеңдерінен Сәкеннің сыры, Бейімбеттің мұны, Илиястың үні естілгендей болады» деген. Ы. КСРО Жоғ. сотының 1956 жылғы 20 қарашадағы қаулысы бойынша толық ақталып, журналистика, әдеб., ғылым саласында жемісті қызмет етті. 1969–91 ж. Қазақ КСР ҒА-ның М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-нда аға ғыл. қызметкер болып еңбек етті. Ы. өлеңдері баспасөзде 1938 жылдан жариялана бастаған. «Сенің Отаның» деген тұңғыш кітабы 1958 ж. жарық көрген. Басқа да бірнеше өлең кітаптарының авторы. Оның «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі негізінде мультфильм түсірілді. А.Пушкин, М.Лермонтов, И.Франко, Н.Хикмет, С.Вургу

т.б. ақындардың шығармаларын қазақ тіліне аударды. Әр дәрежелі Отан соғысы ордені, медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Қарағанды. Қарағанды облысы, Энциклопедия, А., Атамұра, 2006; Қазақ әдебиеті, Энциклопедиялық анықтамалық, А., «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

Д.Наушабай

ЫСМАЙЫЛОВ Есмағамбет Самұратұлы (1911, Ақмола обл. Еңбекшілдер ауд. – 1970, Алматы қ.) – әдебиет зерттеуші, филол. ғыл. докт. (1957), проф. (1958), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (1958). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғылым қайраткері (1961). ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін бітірген (1934). 1934–35 ж. ұлт мәдениеті ин-тында кіші ғыл.



Е.Ысмайылов

қызметкер, 1935–38 ж. «Коммунист» журналының жауапты хатшысы, 1939–44 ж. ҚР ҒА-ның Тіл және әдебиет ин-тында ғыл. қызметкер, 1944–51 ж. әл-Фараби атынд. Қазақ мемл. ун-тінде оқытушы, 1956–70 ж. ҚР ҰҒА-ның М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ы. сталиндік қуғын-сүргін кезінде ұлттық көзқарастары үшін жазықсыз айыпталып, жапа шеккен қазақ зиялыларының бірі болды. Алғашқы ғыл. мақалалары мен өлеңдер жинағы 20 ғ-дың 30-жылдары жарық көрді. Ы. әдеби-сын мақалаларымен қатар қазақ әдебиетінің тарихы жөніндегі «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы», «Қазақ совет әдебиеті», «Әдебиет теориясы мәселелері», «Абайдың ақындығы туралы», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты ғыл. еңбектердің авторы. Ы. Абайдың, Жамбылдың толық шығармаларының бірқатар академ. басылымдарын құрастыруға қатысты және олардың редакциясын басқарды.

С.Жұмағұлов



ІЛЕ УАҚЫТША ҮКІМЕТІ – Іле төңкерісшілері 1944 ж. 12 қарашада құрған. Ол алғаш «Шығыс Түркістан Халық Республикасының уақытша үкіметі» деп аталды. Уақытша үкімет құрылған кезде Халықтық істер меңгермесі, Прокуратура, Жоғ. сот, Қазына меңгерушісі, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Дін меңгермесі, Әскери қару-жарақ мекемесі, Тасымал меңгермесі сияқты органдары болды. Әлихан төре, Әкімбек қожа, Ахметжан, Рахымжан, Мұхаметжан мақсым, Аббасов, Қабипе Ернасов, Әнуар Мұсабаев секілді азаматтар үкіметке басшылық жасады. Уақытша үкімет басында отырғандар үш түрлі топқа бөлінді. Біріншісі – Ахметжан, Аббасовтар бастаған коммунистік идеядағы адамдар; екіншісі – Әнуар Мұсабаев, Рахымжан уәкілдік еткен буржуазиялық көзқарастағылар; үшіншісі – Әлихан төре, Әкімбек қожа бастаған діни жіктегілер. Маркстік-лениндік көзқарастағы Ахметжан бастаған топ бертін келе уақытша үкіметтің басшылық ұйытқысын өз қолдарына алып, Үш аймақ халқының қолдауына ие болды. Уақытша үкіметте Шығыс Түркістанның жалауы желбіреп тұрды. 1945 ж. 8 сәуірде уақытша үкімет шашырап жүрген партизандық топтардың басын біріктіріп, он мыңнан астам көтерілісшілерден «Ұлттық армия» жасақтады. Сол жылы мамыр айынан бастап Гоминдан әскерлеріне қарсы шабуыл жасап, күйрете соққы берді. Маусымда Дөрбілжінді, шілдеде Шәуешекті, қыркүйекте Алтайды азат етті. Осылайша Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтары біріктірілді.

Әдеб.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 12-т. Астана, «Ел-шежіре», 2008.

К.Қошым-Ноғай

ІШКІ ОРДАНЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ УАҚЫТША КЕҢЕС, 1846 ж. 21 қаңтарда «Бөкей Ордасын уақытша басқару жобасы» негізінде құрылды. Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін Ішкі Ордада (Бөкей Ордасында) жаңа хан тағайындалған жоқ. Ресей өкіметі хандық жүйесін жойып, басқару жүйесін қайта құрды. Жаңа жоба бойынша Бөкей Ордасын уақытша басқару Орынбор шекара комиссиясына жүктелді. Ішкі Орданы орт-тан басқару Мемл. мүлік министрінің құзырына берілді. Жаңа басқару жүйесі бойынша хан ордасындағы арнайы Кеңестің құрамына оның төрағасы, төрағаның кеңесшісі, айрықша билік берілген екі орыс шенеунігі немесе сұлтандардан екі адам еруге тиіс болды. Екі кеңесшінің әрқайсысына бір-бірден көмекші, екі хатшы, отыз шабарман берілді. Кеңес төрағасы мен оның көмекшілерін Орынбор шекара комиссиясының ұсынысымен Орынбор ген.-губернаторы бекітті. Төтенше орыс қызметкерлерін Мемл. мүлік министр. ұсынып, бекітті. Уақытша к-ттің міндеті – Бөкей Ордасындағы қазақтар арасында тыныштық сақтау, тәртіп бұзушыларға қарсы шара қолдану болды. Кеңестің алғашқы төрағасы болып Жәңгір ханның інісі Әділ Бөкейұлы, кеңес мүшелігіне Бөкейханұлы Меңдігерей, Шөке Нұралыұлы тағайындалды. К-тті құру – Бөкей Ордасында хандық билікті толық жою, жергілікті әкімш. басқару жүйесін Ресейлік отарлық жүйеге бүтіндей бағындыру ниетімен жасалған алғашқы қадам болды.

М.Сүгірбеков



ЭМИГРАЦИЯ (лат. emigzaze – елден кету деген мағынаны білдіреді) – өз еліндегі тұрғылықты мекенін бөтен елдегі тұрғылықты жерге айырбастау. Адамдардың Э-ға кетуінің түрлі себептері бар. Соғыстар, этн. қайшылықтар, экон. дағдарыс, экол. техногендік апаттар, революциялар мен радикалды өзгерістер Э. себебі болуы ықтимал. Мыс.: Қазақстандағы зорлықпен ұжымдастыру және сталиндік қуғын-сүргін саясаты салдарынан 2 млн-нан астам қазақ қырылса, 1,5 млн-нан астамы еріксіз эмигрант болды. Кеңес үкіметі бос қалған қазақ жеріне Ресейдің ішкі аймақтарынан халықты миграцияға тартты. Бір мемлекеттің шеңберіндегі халықтың

көшіп-қонуы миграция болса, халықар. және мемлекетаралық көшіп-қонуы Э. болып саналады. Әлемдік саяси тарихта Э-ның өрістеуі 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың 1-жартысын қамтиды. Атап айтқанда, 1- және 2-дүниежүз. соғыстар салдарынан 100 млн-нан астам адам ата-мекендерін тастап, басқа мемлекеттерге көшуге мәжбүр болды. Сонымен қатар осы кезеңде Еуропа халықтарының Солт. Америка құрлығына жер іздеп, байлық пен алтын іздеп Э-лануына 35 млн-ға жуық адам қатысты. Әлем тарихында мұндай құбылыстарды «халықтардың ұлы көші-қоны» деп те атайды.

С.Борбасов



ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

А

- Абай: Энциклопедия, Қазақ энциклопедиясы, А., Атамұра, 1995;
- Абдакимов А., Национально-освободительное движение в Казахстане, Индустр. Караганда, 1996;
- Абдиров М., История казачества Казахстана, А., 1996;
- Абдрахманова А., Участие ЦГА г. Алматы в международном исследовательском проекте «Голод 1932 – 1933 гг. в СССР», Алматы қаласының мұрағат қызметі хабаршысы, 2007;
- Абдулхаиров А., Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории / Общ. ред.: Б.Аяган, Астана, 2012;
- Абдурахимова Н., Рустемова Г., Колониальная система власти в Туркестане во второй половине XIX – 1 четверти XX вв., Таш., 1999;
- Абжанов Х.М., Голод начала 30-х годов XX века в Казахстане: преступление и наказание / Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории, Астана, 2012;
- Абилхаиров М., Алма-Ата, декабрь 1986 года: события и жертвы, Знамя труда, 1991;
- Абусейтова М., Казахское ханство во второй половине XVI века, А.-А., 1985;
- Абылай-хан. Кенесары: проблемы национально-освободительного движения / Сост.: В.З.Галиев и др., Ин-т истории и этнологии, А., Ғылым, 1993;
- Абылай хан: Энциклопедия, А., Қазақ энциклопедиясы, 2013;
- Агаев И., Народному восстанию конца еще нет!, Эпоха, 2005;
- Адамбаев Б., Елу жылда ел жаңа: 1916 ж. Ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты жазылған шығармалар туралы, Қазақ әдебиеті, 1966;
- Адилет: Материалы круглых столов и семинаров, А., 1995;
- Адырбекұлы К., XX ғасыр: соңғы репрессия (1986 желтоқсан - 1989 шілде), 1 т., Сараптама, эссе, А., Алаш, 2006;
- Азаттық аңсағандар: Деректі шығармалар жинағы / Құраст.: О.Асқар, А., Жалын, 2006;
- Азимбаева Ж., Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулауы: әскери-отарлық әкімшілік пен жергілікті халық арасындағы қатынас, 2011;
- Аймахан Қ., Тәуелсіздік желтоқсанан басталады, А., Қазығұрт, 2012;
- Айтенова Қ., 1868 – 69 және 1870 ж-дағы Орал, Торғай және Маңғыстаудағы көтерілістер, Әдіскер жаршысы, 2009;
- Аккулы С., Потери казахов от голода 1932 – 33 годов составили 4 млн. 68 тыс. человек, Мегapolis, 2014;
- Актаева Л.С., Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории, Астана, 2012;
- Актаева Л.С., Документы о трагической странице казахского народа в фондах Цент. гос. архива РК / Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории: Сб. материалов Междунар. научной конфер. (31 мая – 1 июня 2012 г.), Астана, 2012;
- Ақтамбердиева З.С., Восстание 1916 года в Жетысу и его политические аспекты, 2011;
- Ақжолтай Ағыбай батыр: Жинақ, Жезқазған, 1992;
- Ақмола: Энциклопедия, А., 1995;
- Ақтөбе: Энциклопедия, 2001;
- Алаш қозғалысы: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (көп томдық) / Жауапты хатшы Ә.Асқаров, А., 2011;
- Алаш-Орда: Сб. документов, А., 1992;
- Алғадай (Батыр қолбасшы, батыр генерал) / Құраст.: Д.Қожамұрат, А., Өлке, 2010;
- Алдабек Н., Тарихы талқыға толы Шыңжаң, А., 2003;
- Алдажуманов К., Восстание казахских шаруа в Адаевском округе / кіт.: Социально-полит. развитие Казахстана и его взаимосвязь с сопредельными странами, А., 1994;
- Алдажуманов К., Крестьянское движение сопротивления. В кн.: Депортированные в Казахстан народы, А., 1998;
- Алланиязов Т., КАРЛАГ: Кенгирское восстание / Под ред. Н.О. Дулатбекова, Караганды, Болашақ-Баспа, 2010;
- Алланиязов Т., «Контрреволюция» в Казахстане: Шимбайский вариант, А., 1999;
- Алматы. 1986. Желтоқсан (көптомдық): Айғақ-кітап / Құраст. Т.Айтбайұлы, А., Тоғанай Т, 2013;



- Алтынбаев Қ., Жұмахан Е., Ақсуат, А., 1998; Амангелді Иманов: Мақалалар, құжаттар, материалдар, А., 1975; Аманжолова Д.А., Из истории восстания 1916 г. в Казахстане и Средней Азии, препод. в школе, 2006; Аманжолова Д.А., Из истории революции и гражданской войны в Казахстане, История Казахстана: препод. в школе, 2007; Аманжолова Д.А., Казахский автономизм и Россия: история движения Алаш, М., Россия молодая, 1994; Аманжолова Д.А., Движение Алаш в 1917 году / Отв. ред. О.И.Горелов, М., 1992; Аманжолова Д.А., Движение Алаш и большевики в 1917-1918 гг.: от попыток компромисса к противостоянию, А., 2013; Аманжолова Д.А., Партия Алаш: история и историография, Семипалатинск, 1993; Аманжолов К.Р., Тасболатов А.Б., Қазақстанның әскери тарихы, А., 1999; Амантаев Б.А., Социализм и коренное преобразование социальной природы казахского крестьянства, А.-А., 1969; Анафинова М.Л., Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории (халықаралық ғыл.-практ. конф. материалдар жинағы) (31 мамыр – 1 маусым 2012 ж.) / Жалпы ред. Б.Аяған, Астана, 2012; Анафинова М.Л., Тема геноцида в период великого голода в Казахстане в академическом дискурсе западных исследователей, Мемлекет тарихы, 2012; Аничков И.В., Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы, А., 1991; Аполлова Н.Г., Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX вв., М., 1960; Архив - зеркало истории: из протокола ротмистра В.Ф.Железнякова «Восстание казахов в 1916 году», Культура, 1992; «Арыстан еді-ау Исатай!» / Дайынд. Қ.Құттымұратұлы, Орал өңірі, 2011; Асанова А., Ана аманаты: 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының құрбаны Л.Асанова туралы анасының аманаты, Егемен Қазақстан, 1997; Асауов Д., Қазақ жерінде неміс автономиясы қалай болмай қалды?, Vag.kz, 12.1.2013; Асфендияров С. Д., История Казахстана: с древнейших времен, Т1. А., 1936; Екінші басылымы – 1993; соныкі, Қазақстан тарихының очерктері. А., 1994; Асфендияров С.Д., История национально-революционных движений на Востоке, Казиздат, 1932; Асфендияров С.Д., Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане, А.-А., 1936; Атантаева Б.Ж., Откочевки населения в Китай как следствие событий 1916 года / Сост.: Е.К.Әуезов, А., 2006; Ат үстіндегі арулар: XVIII-XX ғ. Қазақ даласындағы әлемді тандандырған әйгілі аналар мен ару қыздар жайлы деректер, Азия Транзит, 2001; Ауанасова Ә., Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории / Жалпы ред.: Б.Аяған, Астана, 2012; Аубакирова Х.А., Материалы государственного архива Омской области Российской Федерации как источники по истории восстания казахов в 1824-1836 гг., Вестн. науки Казахского агротехнического ун-та им. С.Сейфуллина, 2013; Ауельбеков Б., О колонизации Казахстана и восстании Кенесары Касымова, Мысль, 2012; Ахмедов Ғ., Алаш алаш болғанда, А., 1996; Ахметжан Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996; Ахметова К., В борьбе за новую жизнь: из истории нац.-освоб. движения казахов против царского самодержавия в 1916 г. в различных областях Казахстана, Ленинское знамя, 1981; Ахметов З., Алаш деп ұран салған ақын / кіт.: Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шығ. жинағы, 1-т., А., 2002; Аяган Б., Кровавый эксперимент или новые факты истории коллективизации, Экспресс К, 2006; Аяган Б., Коллективизация и «Великий голод» в Казахстане, История гос-ва, 2012;
- Ә
- Әбдіраман Ә., Сыр өңірінің тарихы орыс деректерінде, А., Полиграфкомбинат, 2009; Әбдіров М., Кенесары дала соғысы тактикасын тамаша қолданған / әңг. М.Серікқызы, Аңыз адам, 2011; Әбжанов Х.М., XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық: қылмыс пен жаза / Қазақстандағы ашаршы-



лык: халық қасіреті және тарих тағылымы, Астана, 2012;
Әбіласан Ә., Кенесарының Жетісуға келуі, Туған Өлке, 2009;
Әбілғазы, Түрік шежіресі, А., 1993;
Әбілдаев Б., Байзақ датқа, А., 1995;
Әлеуханов Ә., Нұржан Н., Ресейдің отарлауына қарсы Кіші жүз шаруаларының ұлт-азаттық көтерілісі, Жас ғалымдар жаршысы – Вестник молодых ученых, 2013;
Әлжанов А., Шөкин Ә., Досаханов Ә., Алғашқы қазақ дәрігерлері, А., 1984;
Әлиасқаров Ә., Қазақ шежіресі, Қызылорда, Принт, 2008;
Әлімжанов Ә., Махамбеттің жебесі: Роман, А., Өлке, 2003;
Әуезов М., Әдебиет тарихы, Қызылорда, 1927;

Б

Байдуллин Т., Кенесары көтерілісінің кейбір беймәлім тұстары, Қазақстан тарихы, Әдістемелік журнал, 2012;
Байдуллин Т., Маратқызы Н., Кенесары көтерілісіне жаңа көзқарас қалыптастыру – өмір талабы, Қазақстан тарихы, Әдістемелік журнал, 2013;
Байділдаев М., Мағауин М., Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары, 2 т. А., Жазушы, 1989;
Байжанов Т., Қазақ тіліндегі әскери лексика, А., 1991;
Баймағамбетова Р.С., Восстание казахов младшего жуза под руководством бия табынского рода батыра Жоламанана Тленшина / Вестн. КарГУ. Сер. История, философия, право, 2007;
Баймухаметов С., В казахской степи погиб каждый второй, Казахский альманах, 2012;
Байтұрсынұлы А., Ақжол, А., 1991;
Байтұрсынұлы А., Әдебиет танытқыш, Қызылорда – Таш., 1926;
Байтұрсынұлы А., Тағы да жер жайында, Айқап, 1911, №4; Көшпелі хәм отырықшы норма, Қазақ, 1913, №20;
Балақаев Т.Б., Алдажұманов Х.С., Қазақстан еңбекшілері – майданға, А., 1985;
Балкжиев Н., Жолбасқанов Т., Национально-освободительному восстанию 80-лет, Актюбинский вестник, 1996 г. 4 июня;
Балмолда М., Бір Махамбет керек бізге: Исатай мен Махамбет бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісінің 170 жылдығы қарсаңында, Орал өңірі, 2007;
Бартольд В.В., Тюрки: двенадцать лекций по истории туркских народов Средней Азии, А., 1998;
Басин В.Я., Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв., А.-А., 1974;
Басин В.Я., Сулейменов Б.С., Восстание 1916 года и его историческое значение, А.-А., Наука, 1979;
Баядилова Р., Национально-освободительная борьба под руководством Кенесары Касымұлы, История Казахстана: преподавание в школе, 2013;
Батыс Қазақстан облысы: Энциклопедия, А., Арыс, 2002;
Бегманов К., Этнографпен әңгіме, А., Дәстүр, 2010;
Бейсенбайұлы Ж., Қазақ шежіресі. А. Атамұра. 1994;
Бейіскүлов Т., Желтоқсан ызғары. А., Мерей, 1994;
Бекмағамбетова М.Ж., Персонификация народно-освободительного движения 1916 г.: на примере Тургайской обл., Вестник КазНПУ им. Абая: Сер. исторические и социально-политические науки, 2009;
Бекмаханова Н.Е., Легенда о Невидимке: участие казахов в Крестьянской войне под руководством Пугачева в 1773 – 75 годах, А.-А., Казахстан, 1968;
Бекмаханов Е., Восстание казахских шаруа Букеевской орды 1836 – 38 гг., Ученые записки КазГУ, А.-А., 1957;
Бекмаханов Е., Восстание хана Кенесары, А., 1992;
Бекмаханов Е., Собрание сочинений в семи томах. Том 2. Казахстан в 20–40 годы XIX века / Сост.: Г.Каримова, А.Жанисов, Н.Кузембаев, Павлодар. гос. ун-т им. С.Торайгырова, Павлодар, ЭКО, 2005;
Бекмаханов Е., Собрание сочинений в семи томах. Том 3. Присоединение Казахстана к России / Сост.: А.Кудабаев, Павлодар. гос. ун-т им. С.Торайгырова, Павлодар, ЭКО, 2005;
Бекмаханов Е., Собрание сочинений в семи томах, Т6, Стенограмма / Сост.: Г.Каримова, Н.Кузембаев, Павлодар. гос. ун-т им. С.Торайгырова, Павлодар, ЭКО, 2005;



Бекмаханов Е., Казахстан в 20 – 40 годы XIX в., А.-А., 1947, 1992;
Бекмаханов Е., Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында: оқу құралы, А., 1994;
Бекхожин Х., Қазақ баспасөзінің даму жолдары, Қаз. мемл. басп., А., 1964;
Беннигсен А., Келькежей Ш., Пресса и национальное движение среди мусульман России до 1920 г., Париж, Сорбонна, 1964; Альманах «Алем», А.-А., 1991;
Бердәулетов К., Бұқарбай батыр, А., Қазақ университеті, 1992;
Берденова К.А., Қазақстан тарихы, А., 2008;
Бердіғожин Л., Исатай-Махамбет. Азаттық күрес сардарлары: Монография, А., Өлке, 2011;
Бесеудің соты: Желтоқсан жаңғырығы / Ауд. Омарбек Т., Ақиқат, 1995;
Биназаров И.Н., А.И. Тевкелеев и его роль в осуществлении юго-восточной политики России в 30 – 50-х гг. 18 века, Уфа, 2005;
Бичурин Н.Я., Средняя Азия и Восточный Туркестан, А., 1997;
Бодуэн де Куртэнз И.А., Нац-ный и терр-ный признак в автономии, Спб, 1913;
Бөкейхан Ә. Таңдамалы, А., 1995;
Бөкейхан Ә., Шығармалар, А., 1994;
Брайнин С., Общие картины 1916 года в Уральской губернии: краткий очерк борьбы казахского населения против царской администрации, Труды об-ва изучения Казахстана, 1927;
Брайнин С., Тимофеев Н., Амангельды Иманов - вождь восстания 1916 года в Казахстане, А.-А., Казиздат, 1939;
Брайнин С., Шафиро Ш., Восстание 1916 года в Семиречье, Большевик Казахстана, 1936;
Бройдо Г.И., Восстание киргиз в 1916 г, Науч. ассоциация востоковедения при ЦИК СССР, М., 1925;
Бройдо Г.И., Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году, М., Новый Восток, 1924;
Бурдина Е.Н., Общественно-политические настроения крестьянства Западной Сибири в контексте освещения политики советской власти в деревне в 1920 – начале 1921 годов, Вестн. КарГУ: Сер. История, философия, право, 2008;
Бурханов К., Восстание 1916 года как составная часть борьбы за независимость / Сост.: Е.К.Әуезов, А., 2006;

Бурханов К., Откочевки населения в Китай как следствие событий 1916 года / Сост.: Е.К.Әуезов, А., 2006;
Біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған.../ дайынд. Кенесары Т., Открытая школа, 2011; 1916 жыл, А., 1936;
1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тарихы және қазіргі заман/ Ш.Ш. Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты / Құраст.: Смагулова С., т.б. А., Тарих тағылымы, 2010;
1916 жылы Жетісу аймағында болған қазақ, қырғыз көтерілісі: июнь-сентябрь арасында болған қозғалыс тарихынан, Таң, 1925;
1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, А., Қазақ ун-ті, 2008.

В

Валиди З., Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры, Уфа, 1994;
Валиханов Ч.Ч., Родословное древо Валихана, Собр. соч., т. 3, А.-А., 1964;
Валиханов Э., Вопросы причин национально-освободительного восстания 1916 года, История и современность, А., 2010;
Валиханов Э., Историческая география восстания 1916 года в Семиреченской области / Сост.: Е.К.Әуезов, А., 2006;
Валиханов Э., Кенесары, М., 2004;
Валиханов Э., Мятёжный султан: Кенесары Касымов и его восстание, Родина, 2004;
Вельяминов-Зернов В.В., Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абулхайр-хана (1748 - 1765), Уфа, 1853;
Верменичев А., История большого голода: Голодомор требует справедливой и беспристрастной оценки / Литер, 2012;
Витебский В. Н., И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., т.3. Казань, 1891, С.681;
Восстание адаевцев в 1931 году / Редкол.: Озганбаев О., Утебаева М., Гаркуша А., Упр. арх. и докум. Мангистауской обл., Гос. архив Мангистауской обл., А., Нұрлы Әлем, 2010;
Восстание Исатая Тайманова / Под ред. С.Д.Асфендиярова, А., 1998;
Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане, Сб. документов, М., 1960;
Восстание казахов младшего жуза под руководством Сырыма Датова / Под ред.: К.С. Каражана, А., Заң әдебиеті, 2009;



Восстание казахов против царского самодержавия в 1916 году / Гл. ред.: Б.Аяган, Х.Габжалилов, А., 2005;

Восстание Кенесары Касымова / Отв. ред.: С.Абашин, Д.Арапов, Н.Бекмаханова, М., 2008;

Восстание киргизов и казахов в 1916 год, Бишкек;

Восстание под предводительством Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова (очерк) / Редкол.: А.К.Акишев, А., 1993;

Восстание 1916 г.в Средней Азии и Казахстане / Редкол.: А.В.Пясковский (отв.ред.), М., АН СССР, 1960;

Восстание 1916 г. и Государственная Дума: Центральная Азия в составе Российской империи / Отв. ред.: Н.Абашин, Д.Ю.Арапов, Н.Е.Бекмаханова, М., 2008;

Восторгов В., Муқанов М., Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.), Изд-во Наука Казахской ССР, А.-А., 1968;

Выводы и предложения комиссии Президиума Верховного Совета Казахской ССР по окончательной оценке обстоятельств, связанных с событиями в г. Алма-Ате 17-18 декабря 1986 года, Казахст. правда, 1990 г. 28 сент. Вяткин М.П. Батыр Срым: освободительное движение в Казахстане в конце XVIII в., М.-Л.: АН СССР, 1947; А., Санат, 1998;

Вяткин М. П. Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой Орде в конце XVIII – нач. XIX в.: Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.), т.IV. М.-Л., 1940;

Г

Галиев В.З., Восстание 1916 года в Центральном Казахстане / Состав. Е.К.Әуезов, А., 2006;

Галиев В.З., Имею-честь – Альмухамед Сейдалин: Памятники истории и культуры Казахстана, А., 1992;

Галиев В.З., Народно-освободительное движение казахов в 1836-1838 годах / Под. общ. ред. М.Кулкенова, А., 2004;

Галиев В.З., Национально-освободительное движение казахского народа в свете новых исследований, Мысль, 1993;

Галиев В.З., Осада форта Александровского повстанцами весной 1870 года, Отечественная история, 2011;

Галиев В.З., Усиление борьбы казахского народа против джунгарской агрессии в начале XVIII века, Отечественная история, 2013;

Герасимова Э.И., Уральск, исторический очерк (1613 – 1917), А.-А., 1969;

Голод 1932-1933 годов / Отв.ред. Ю.Афанасьев, Рос.гос.гуманит.ун-т. М.,1995;

Горохова Н., Батыров рождает история, Приуралье, 2007;

Государственная Дума: второй созыв, Стенографические отчеты, 1907 г.;

Григорьев В.В., Отзыв о статье «О веном 1732 году дневнике путешествия Гарбера их Астрахани через Киргизскую степь по пути в Хиву», Известия Русского географического общества, 1870, т.6. вып. 1.;

Грозный 1916-й год / Сост.: С.Асанова, А.Жоламанова и др., А., Қазақстан, 1998;

Гумарова Ш.Р., Национально-освободительное движение 1916 г., История Казахстана: преподавание в школе, 2013;

Ғ

Ғабдуллин Ә., Саржала батыр, Халық кеңесі, 7 сәуір 1995;

Ғабжалилов Х., Мұқатова О., Арғындар Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыста, Қазақстан тарихы: этникалық зерттеулер, А., Алаш, 2010;

Ғали Ә., Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның бірінші басшылары, Астана, 2001.

Д

Давленов Е., Вся правда о Великом голоде, Вечерняя Астана, 2012;

Давленов Е., Кровавая жатва Сталина: споры продолжают: Видные казахстанские ученые называют голод и репрессии 30-х годов XX века геноцидом казахов, Вечерняя Астана, 2012;

Дайрабай Т., Сырдың сырлы сыры, А., Арыс, 2005;

Дәуітбекова М., Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты, Қазақ тарихы., 2009;

Движение Алаш: Сб. докум. и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г., Т2 / Сост.: Алдажуманов К., Хангожиева Р., Койгельдиев М. и др., А., Алаш, 2005;

Движение Алаш: Сб. докум. и материалов. Апрель 1920-1928 гг., Т3 / Сост.: Е.М.Грибанова, Н.Р.Жагыпаров и др., А., Ел-шежіре, 2007;



Движение Алаш: Сб. докум. и материалов. Январь 1929 - июль 1938 гг. Т3 / Редкол.: Алдажуманов К.С., Койгельдиев М., Ашимханулы Д и др., А., Ел-шежіре, 2007;

Движение Алаш: Сб. докум. и материалов. 1918-2007 гг., Т4 / Сост.: Е.М. Грибанова, А.Е. Жусупова и др., А., Ел-шежіре, 2008;

Движение Алаш: Сб. материалов судебных процессов над алашевцами / Сост.: Х.М. Турсун, А., Ел-шежіре, 2011;

Движение Алаш / Сост.: Грибанова Е., Смағұлова С., А., Алаш, 2005;

Джусупбеков С., Ахинжанов М., Восстание казахов под руководством Исатая и Махамбета, Ленинская смена, 1939;

Дилебаев Ә., Кенесары қозғалысы туралы, Қазақ тарихы, 2005;

Дильманов С., Кузнецова Е., КарЛАГ, А., 1997;

Дильмухамедов Е.Д., Война Кенесары с Кокандским ханством и киргизскими манапами и его поражение;

Дильмухамедов Е.Д., Восстание казахов под руководством Кенесары Касымова в 1837-1847 гг, Ташкент, 1946, А., 2010;

Дильмухамедов Е.Д., Движущие силы восстания Кенесары Касымова;

Дильмухамедов Е.О., Гудок в степи: Повесть, Простор, 1961;

Дискуссия о колонизации Казахстана и восстании Кенесары Касымова, А., 2013;

Диханбайұлы Ш., Желтоқсан құрбаны ақталды: Ләззат Асанованы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жоқ деп жүргендердің аузына құм құйылды, Сөз, 2004;

Дмитриев В., Связной Иманова (о бывшем связном при штабе повстанцев Т.Смаилове), Тургайская новь, 1986;

Добросмыслов А. И., Тургайская область: Исторический очерк, Известия Оренбургского отделения ИРГО, вып. XV. Оренбург, 1900;

Докладная записка С.Асфендиярова в Крайком ВКП(б) Л.Мирзояну и Совнарком КазССР У.Исаеву по вопросу устройства голодающих беженцев в Актюбинской области: По итогам 1930 года, А., 1998;

Документы о голоде 1932 – 1933 годов по фондам Государственного архива Алматинской области, Родной край, 2008;

Донесение военного губернатора Семиреченской области ген.Фольбаума Туркестанскому генерал-губернатору ген. арм. А.Н.Ку-

ропаткину с подробным описанием волений казахов и киргиз в Семиречье, их причин и современного положения края, Красный архив, 1926;

Досмұхамедұлы Х., Исатай – Махамбет, А., 1996;

Дуйсебаев С., Қазақ тарихы, 2002, №1;

Дулатова Г., Шындық шырағы, А., 1995;

Дулатов М., Жер мәселесі, Айқап, 1911, №6;

Дулатов М., Он алтының ойраны, Еңбекші қазақ, 1926, №145;

Дулатов М., Ұлт әскері – Кеңес қорғаны болсын, Ақ жол, 4 қаңтар 1924;

Дулатов М., Шығармалары, 1,2 т., А., 1997;

Дүйсебаев С., Түрлүгұлов Т., Ақпан батыр, Қазақ тілі мен әдебиеті, 2001, №70/71;

Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы / Құраст.: Б. Сапаралин, А., 1993;

Ділмұхамедов Е., Қазақтардың Кенесары Қасымовтың басшылығымен 1837-1847 ж. болған көтерілісі / Құраст.: О.Е. Ділмұхамедов, Ә.Е. Ділмұхамедова., А., 2012;

Дюсебаева Г.К., Восстание 1916 г. – пример антиколониальной борьбы казахского народа, История Казахстана: преподавание в школе, 2013;

Е

Елеуов Т., Народно-освободительное восстание 1916 года в Казахстане, А.-А., Казгосиздат, 1955;

Елеуов Т., Новые материалы о жизни и деятельности Амангельды Иманова, Вестник АН КазССР, 1953;

Елеуов Т., О характере восстания 1916 года в Казахстане, Вестник АН КазССР, 1954;

Ельмуратова Б.Ж., История восстания 1916 года в литературе 20-х середины 50 гг. XX в, Вестн. КазНУ: Сер.историческая, 2004;

Ерболатқызы Н., Саржала батыр хақында, Қазақ әдебиеті, 13 желтоқсан 2013;

«Еркек тоқты – құрбандық»: Желтоқсан құрбандарын жоқтау, А.,1992;

Ер намысы – ел намысы: Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков жайындағы жинақ / Құраст.: М.Уақтегі, А., Жалын, 1998;

Ерофеева И.В., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв., Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования, А., 1997;



Ерофеева И.В., Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик, А., Дайк-Пресс, 2007;
Есенберлин И., Хан Кене: Роман / Пер с каз. М.Симашко, А., Санат, 1998;
Есенберлин И., Көшпенділер: Тарихи трилогия, А., Жазушы, 1976;
Есенберлин И., Қаһар, А., Жазушы, 1969;
Ескекбаев Д., Орынбор қазақтары: Тарихи-этнографиялық зерттеу, А., 2001;
Есмагулова Г.Ж., Движение Алаш и судьба казахской государственности, Вестн. Кокшетау ун-та, 2000;
Есмағамбетов Л., Кенесары қозғалысының зерттелуіндегі ділгірліктер / Ред. алқасы: М.Қойгелдиев, т.б., А., 2003.

Ж

Жақауова Н., Коскулаков А., Восставшие против империи, Кызылорда вести, 1996;
Жаксымбетова Г.Т., Академик М.К.Козыбаев – создатель новой концепции национально-освободительной борьбы казахского народа 1916 года, Қазақстан мұрағаттары, 2011;
Жаксымбетова Г.Т., К вопросу об отношении национальной интеллигенции к восстанию 1916 года в Казахстане, ҚазҰУ хабаршысы: Тарих сер. 2004;
Жаксымбетова Г.Т., К историографии национально-освободительного движения 1916 года в Казахстане на современном этапе / Сост.: Е.К.Әуезов, А., 2006;
Жаксымбетова Г.Т., О социальном и национальном составе повстанцев в нац.-освободительном движении 1916 года в Казахстане, Вестн. КазНУ: Сер. ист. 2004;
Жакупбеков С.К., Характер, движущие силы и этапы восстания 1916 г., Изв. АН КазССР, Сер. обществ. наук, 1987;
Жалғасбай Т., Асыл адам айнымас, А., Абзал-Ай, 2009;
Жамбылов Д., Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс;
Жамбылов Д., Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс: Оқу құралы, А., 2001;
Жанаев А., Бұқарбай батыр, Қызылорда, Компас-Қызылорда, 2007;
Жармухамедов М., Народная (казахская) поэзия о восстании 1916 года, Простор, 1966;
Жәнібеков Ө., 1916 жыл (Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына):

Әнгімелер, өлеңдер мен дастандар, А., Рауан, 1996;
Желтоқсан – 86: Топтамалар жинағы (Материалдар мен сараптамалар), 5 кітап / Құраст.: Әбдіғалиев Б., Көрпембайұлы Б.; Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, А., 2006;
Желтоқсан жаңғырығы / Құраст.: Толепбергенов Б., Төлеу А., Қасымбаева Д., Тау-Самал, 2011;
Желтоқсан жастық жалын-от / Жалпы ред.: Ш.Божбанбаева, А., Дала, 2006;
Желтоқсан құрбандарын жоқтау, А., Жалын, 1992;
Желтоқсанның мұзда жанған алауы: 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының құрбандары, Егемен Қазақстан, 1997;
Желтоқсан сүргіні, 1-кітап / Құраст.: А.Кәріпжанұлы, А., ARNA-B, 2011;
Жетпісбай Н., Азаттық үшін күрескен әулеттер, А., 2013;
Жетпісбай Н., Сырым, Тіленші және Барак батырлар бастаған көтеріліс., А., 2013;
Жетісу: Энциклопедия, А., Арыс, 2004;
Жиренчин К.А., Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков, А., 1996;
Жумабаев М., Голод в Сарыарке, Казахский альманах, 2010;
Жусупкалиев И., Отдавая дань памяти батыра, Приуралье, 2007;
Жұмахметұлы Е., Ақмола оқиғасының ақиқаты, Алаш айнасы, 19.6.2009;
Жүгенбаева Г., Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі, А., 2000;

З

Залевский К., Национальные движения, В кн.: Общественные движения в России в начале XX века / Под ред. П. Мартова, т. 4, ч. 2, Спб., 1911;
За 7 лет было уничтожено более половины казахов!, Дайджест. kz., 2008 г. 16 июня (№ 15);
Зевелев А., Абдуллаев Ш., Дискуссии о характере национальных движений в Средней Азии и Казахстане в колониальный период, Вопросы истории, 1951. N9;
Зиманов С.З., Россия и Букеевское ханство, А.-А., 1982, 1984;
Зияева Д.Х., Восстание 1916 года в Туркестане, А., 2010;
Зияева Д.Х., Освещение восстания 1916 года в Туркестане в исторической литературе, Обществ. науки Узбекистана, 1991;



Зияева Д., Первые публикации о восстании 1916 года в Средней Азии и Казахстане, обществ. науки в Узбекистане, 1986;
Златкин И.Я., История Джунгарского ханства, М., 1983;
Зорин А., Из истории восстания киргизов и казахов в 1916 г, Борьба классов, 1932;
Зулхаров Г., Столкновение в Салкынбеле, Советы Казахстана, 1992 г.

И

Ибрагимов Ж., 1916 жыл – хандық биліктің жаңғыруы: Монография, Жезқазған, ЖезУ, 2001;
Иванин М.И., Описание зимнего похода в Хиву 1839 – 1840 гг., СПб., 1854;
Избасарова Г.Б., Восстание 1740 года в Башкирии, Карасакал в казахской степи, Вестник КазГНУ, Сер.истор., 2002;
Избасарова Г.Б., ХҮІІІ ғасырдағы қазақ-башқұрт ара қатынасындағы саяси және этникалық үрдістер, Ақтөбе, 2008;
Иманғалиев Б., Жүргенов, Таңдамалы, А., 2001;
Иманов Б., Амангелді, Қостанай, 2003;
Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане: Документы и материалы, А.-А., 1964;
Исатай Тайманұлы: Жинақ / Құраст.: О.Сахидәулетұлы, А., Арыс, 2004;
Исенов Ө., Табын Бөкенбай батырдан тараған тархандар. Баһадүр батыр Бөкенбай: Жинақ, Ақтөбе, 2011;
Исенов Ө., Тіленші тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер: Сырым Датұлының 270 жыл-на арн. респ. ғыл.-тәжір. конф., Астана, Беркут-Принт ЖШС, 2012;
Исин А.Е., Восстание в Казахстане, Начальная военная подготовка, 2013;
Исмаилова Ж.Х., Нац.-освоб. движение в Туркестане в начале XX века / автореф. канд. ист. наук, Таш., 2002;
История и историография национально-освободительных движений в 1 половине XIX в.– начале XX в. в Средней Азии и Казахстане, Таш., 1989;
История Казахстана в русских источниках XVI – XX веков. Т. 3, Журналы и служебные записки дипломата А.Н. Тевкелева, А., Дайк-Пресс, 2005;
История Казахстана: Общественно-гуманитарное направление / Турлыгул Т., Козыбаев

М., Омарбеков Т., Адамбосынов К., Жусанбаева Г., История Казахстана: препод. в shk. и вузах, 2007;
История народов Узбекистана, Таш., 1993;
Исхаков С.М., Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.), М., 2003;
Ишанов Х., 1916 жыл және халық поэзиясы, А., 1958;
Ишкалова Г.И., Есмағамбет Ысмайыловтың «Кенесары-Наурызбай бастаған халық көтерілісі» атты зерттеуі туралы, Қаз МУ хабаршысы: Тарих сериясы, 2001;

К

Казахи о русских до 1917 г., Оксфорд, 1985;
КазССР Президиум Верховного Совета: О выводах и предложениях комиссии по окончательной оценке обстоятельств, связанных с событиями в г. Алма-Ата 17-18 декабря 1986 года, Казахстанская правда, 1990;
Казахско-русские отношения в XVII – XIX вв.: Сб. докум. и матер-в, А.-А., 1964;
Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы): Сб. документов и материалов, А.-А., Наука, 1964;
Казахско-русские отношения в XVI – XVIII веках, А.-А., 1961;
Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941 – 45 гг.: Сб. документов и материалов, А., 1975;
Казахстанская трагедия / Абылгожин Ж., Козыбаев М., Татимов М., Қазақ альманағы – Казахский альманах, 2012;
Казкрайкома ВКП(б) Голощекину о восстании в Балхашском районе, А., 2008;
Камерон С., Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории, Астана, 2012;
Камерон С., Самая опустошительная катастрофа. Голод казахов явился «опытным» образцом для последующих сталинских действий, Московский комсомолец в Казахстане, 2012;
Кан Г.В., Қазақстан тарихы, А., 2007;
Капаева А.Т., Восстание традиционных структур в 1916 г.: Тургайское восстание, А., 2010;
Карамзин Н.М., История государства Российского, СПб., т. 5, 1817;
Каратаев Б., Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869



- году и в начале 1870-х годов / Сост.: Б.С.Абенова, А., 2006;
- Карибжанова Е.А., Национально-освободительное восстание под руководством Кенесары Касымова, История Казахстана: преподавание в школе, 2013;
- Касенов Т.А., Восстание молодежи в декабре 1986 года – протест против тоталитарного режима, А., Қазақ ун-ті, 2011;
- Касымбаев Ж., Государственные деятели Казахских ханств (XVIII в.), А., 1999;
- Касымбаев Ж., Государственные деятели Казахских ханств XVIII – первой половины XIX в., А., Жеті Жарғы, 2001;
- Касымбаев Ж., О некоторых вопросах истории нац.-освоб. движений в Казахстане второй половины XIX в., В кн.: История и историография нац.-освоб. движений в Ср.Азии и Казахстане вторая пол. XIX – XX вв. Таш., 1989;
- Касымбаев Ж., Проблемы истории нац.-освободительного движения в Казахстане в XVIII - нач. XX вв.: теоретико-методологические аспекты, Отан тарихы, 2003, №1;
- Касымбаев Ж., Экспедиция Бухгольца и создание прииртышских крепостей в начале XVIII в., Исторические науки, Вып. 1, А.-А., 1974;
- Кәкен А.Ф., Андропов бастап, басқалар қоспап..., Түркістан, 6.1.2011;
- Кәкішұлы Т., Мағжан және Сәкен: Ғылыми эссе, А., Қазақ университеті, 1999;
- Кәріпжанәулеті А., Желтоқсан жыры. А., ҚазАқпарат, 2011;
- К вопросу о крестьянских войнах в Казахстане, Вопросы истории, 1945, N3-4;
- К вопросу о характере восстания 1916 года в Ср. Азии и Казахстана, А.-А., 1954;
- Кенемолдин М., Тұрағұл Абайұлы және Алашорда үкіметі, «Қазақ үні» ұлттық порталы, 21 қаңтар 2014;
- Кенесарыұлы А., Кенесары және Сыздық сұлтандар, А., 1992;
- Кенжалиев И., Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917 – 1920 ж), II-бөлім, Бөкей облысы, Орал., Батыс Қазақстан Мемл. ун-ті, 2001;
- Кенжалиев И., Исатай-Махамбет. А., 1991;
- Кенжалин Ж., Жәуке бағыр, А., 1994;
- Кенжебаев Б., 1916 жыл: көтеріліс жырлары туралы, А., 1956;
- Кенжебаев Н.Т., Бисенбаев А.К., Проблемы восстания 1916 года, Вестн. НАН РК 1992;
- Кекілбаев Ә., Үркер: Тарихи роман, А., 1981;
- Керейбаева М., Жетпіс тоғыздың толқуы немесе казакқа қиянат, Намыс.kz, 25.3.2011;
- Киреев Ф.Н., Шафиро Ш.Я., Восстание 1916 года в Казахстане, А.-А., Изд-во АН КазССР, 1947;
- К истории восстания киргиз в 1916 г.: Документы, отражающие расстановку классовых сил, причины, начало и ход восстания в 1916 г. в Тургайской и Семиреченской областях, Красный архив, 1926;
- Кляшторный С.К., Султанов Т.И., Казахстан. Летопись трех тысячелетий, А., 1992;
- Кожаметов А., Восстание для народа – святейшее его право: О декабрьских событиях 1986, А., ИНФО, 2006;
- Кожаметов К., Историческое значение великого восстания 1916 г. в Казахстане и Средней Азии, Вестник КазГУ, Серия Востоковедение, 1997, №2;
- Козыбаев М.К., Казахстан – арсенал фронта, А., 1970;
- Козыбаев М.К., Казахстан на рубеже веков: поиски и размышления, Кн., II – Несбывшиеся мечты. А, Ғылым, 2000;
- Козыбаев М.К., Национально-освободительная война 1916 г. в Казахстане, концептуальные проблемы, А., Ғылым, 2006;
- Көкебаева Г.К., Германия – Россия – СССР: политика, война и плен: Монография, А.;
- Көтібар батыр – тарихи тұлға: Көтібар батырға арналған ғылыми-практикалық конференцияда жасалған баяндама, Ақтөбе, 8 қыркүйек, 2000 ж.;
- Ксенжик Г.Н., Некоторые моменты исторической географии восстания Кенесары Касымова, Отечественная история, 2012;
- Курманов З.К., Елді большевиктендіруге қарсы күрестегі қазақ және қырғыз зиялылары, «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» / Жалпы ред.: Б.Аяған, Астана, 2012;
- Кусаинова Ж., Методологические аспекты изучения нац.-освободительного движения казахского народа в 1837 – 1847 гг., Қазақстан мұрағаттары, 2012;
- Кусаинова Ж., Национально-освободительное движение Кенесары Касымова в историографии 50-х - середины 80-х гг. XX в., А., 2003;



Кусайынулы К., История антиколониального восстания 1916 года в Казахстане / Состав.: Е.К.Әуезов, А., 2006;

Кусайынулы К., Кенесары и его борьба за свободу;

Кусайынулы К., Советская историография национально-освободительных движений 1916 года в Казахстане и Средней Азии, Мысль, 2011;

Кушкумбаев С.К., Военное дело казахов в XVII – XVIII вв., А., 2001;

Кэстль Дж., 1736 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы, А., 1996.

Қ

Қадырғали Жалайыр, Түрік шежіресі, А., 1997;

Қадырова Л., Тұрағұлдың тәркілеуге түскенін айғақтайтын құжаттар табылып отыр, Дидар, 29 мамыр 2010;

Қазақ әдебиеті: Энцикл. анықтамалық, А., «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010;

Қазақ балуандары / дайын. Рысбекұлы Қ., Астана, Ер-Дәулет, 2006;

«Қазақ» газеті, А., Қазақ энциклопедиясы, 1998;

Қазақ көтерілістері және азаттық мұраты: Материалдар жинағы / Ред. алқасы: Х.М. Әбжанов, Р.А. Алшанов, С.А. Арпабеков т.б., А., Print-S, 2012;

Қазақ қалай аштыққа ұшырады?: Қасіретті жылдар хаттары, А., 1991;

Қазақ қоғамындағы өкімшілік-шаруашылық жүйелердің эволюциясы, А., 1999;

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 21 томдық, Астана, 2007 – 2011;

Қазақ ССР тарихы, А., 1957;

Қазақ ССР тарихы, Бес томдық, А., Білім баспасы, 1982;

Қазақстандағы ашаршылық: Халық қасіреті және тарих тағылымы / Халықаралық ғылыми конф. материалдар жинағы (31 мамыр-1 маусым 2012 ж.) / Ред. басқар.: Б.Аяған, Астана, Мемл. тарихы ин-ты, 2012;

Қазақстан тарихы: аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері (жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық) / М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б., А., Мектеп, 2007;

Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін, 5 томдық, А., 1998 – 2003;

Қазақстан тарихы: Очерктер, А., Дәуір, 1994;

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия, 10 томдық, Қазақ энциклопедиясы, А., 1998 – 2008;

Қазақтың батыр қызы қаһармандық наградасына лайық!: 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының құрбаны Л.Асанованы «Халық қаһарманы» наградасына ұсыну жайлы хат, Егемен Қазақстан, 1997;

Қазақтың батырлары. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық, А., 2013;

Қазақтың ұлы қолбасшылары: Респ. ғыл.-тәжір. конф. материалдары, А., 2011;

Қазы Қ., Алаш рухы Ақмолада оянған. 1979 жылғы Целиноград оқиғасының тарихи маңызы толық ашылуы қажет, Алаш айнасы, 23.11.2011;

Қазыбек би және оның шешендік сөздері. Сырым Датұлы: Жинақ / Құраст.: Қ.Мұханбетқалиұлы, А., 2010;

Қайырбеков Ә., Намыс найзағайы: 1986-желтоқсан, А., Шартарап, 1996;

Қайырғалиева Г., Қазақ қоғамындағы батырлар институты және Бөкенбай батыр әулеті / «III Махамбет оқулары» атты респуб. ғыл.-тәжірибелік конфер. материалдары, Орал, 2010;

Қамзабекұлы Д., Смағұл Садуақасұлы, А., 1996;

Қасымбаев Ж., Кенесары Қасымов: Тарих, тұлға, уақыт / Ауд.: Б.Сарпеков, Бас ред.: Қ.Байғабылова, А., Аруна, 2005;

Қасымбаев Ж., Кенесары хан, А., 1993;

Қара А., Мұстафа Шоқай, А., 2004;

Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия, А., Атамұра, 2006;

Қаражанов Қ.С., Қазақстан тарихы, А., 2009;

Қарқара айбаты: Құжаттар мен материалдар жинағы, А., Өлке, 1991;

Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар мен материалдар жинағы, 1-2 т., А., 1998;

Қозыбақова Ф., Қазақ байларын тәркілеу тарихынан, А., 1998;

Қозыбаев М., Алдажұманов Қ., Әбілғожин Ж., Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық, А., 1992;

Қозыбаев М., Жауды шаптым ту байлап, А., 1994;

Қозыбаев М., 1986-желтоқсан: дақпырт және шындық, А., Қазақ ун-ті, 1996;



Қозыбаев М. Тарих зердесі. 1-т., А., Ғылым, 1998;

Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995;

Қойгелдиев М., Ер туар ма бұлардай?! (Исатай Тайманұлы бастаған азаттық қозғалысы және оған бүгінгі көзқарас), Жас Қазақ, 2013;

Қойгелдиев М., Кенесары Қасымұлы: жалпы ұлттық майдан құру әрекеті, А., Жалын, 2004;

Қойгелдиев М., Кенесары Қасымұлы қозғалысы: мәселені қорытудағы өзгерістер, А., 2003;

Қойгелдиев М., Кенесары Қасымұлының қозғалысы және қазақ басқарушы тобының бағыт-бағдары, А., 2004;

Қойгелдиев М., Омарбеков Т., Тарих тағылымы не дейді?, А., 1993;

Қойгелдиев М., Оянған сана үні, Ана тілі, 12 сәуір 1990;

Қойгелдиев М., Ұлттық саяси элита қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғ.), А., Жалын, 2004;

Қойшыбаев Б., Бақытжан Қаратаев, А., 1993;

Қоңыратбаев О., Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси қызметі – Түркістан кезеңі, А., 1994;

Құл-Мұхаммед М., Алаш ардагері Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары, А., 1996;

Құрманалин С., 1847-1858 ж.ж. Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, Орал, 1999;

Қыдыралина Ж., Қазақстандағы ұжымдастыру мен ашаршылық салдарынан халықтың жаппай көшуі. «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» / Жалпы ред.: Б.Аяған, Астана, 2012;

Қызылдар қырғыны, А., 1993;

Қырғызбаев Ө., Созақ көтерілісі: деректер, естеліктер, А., Арқас, 2003;

Л

Левшин А.И., Описание киргиз казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей, А., Санат, 1996;

Легкий Д., Вулкан в степи: Александр Керенский на защите национально-освободительного восстания начала XX века, Мысль, 2006;

Легкий Д., Национально-освободительное движение в Казахстане и Великая российская революция, Евраз. сообщество, 2008;

Ликвидация крайней нищеты и голода: Цели развития на пороге Тысячелетия в Казахстане, А., 2005;

Лұқпанов Е., Желтоқсан жаңғырығы: Қарағанды, 19 – 20.12.1986 ж., Қарағанды, Болашақ-Баспа, 2001;

М

Мажитов Р., Жаханша Досмухамедов, А., Арыс, 2007;

Мажитов С.Ф., Национально-освободительное движение в Казахстане и идеи евразийства / Отв. ред.: А.К.Кошанова, А.Н.Нысанбаев, А., 1999;

Мажитов С.Ф., Некоторые вопросы национально-освободительного движения в Казахстане / Ред.: М. Козыбаев, М., Росархив, 2002;

Мажитов С.Ф., Правда о колонизации Казахстана и восстании Кенесары Касымова, Мысль, 2012;

Мажитов С.Ф., Проблемы истории, теории и историографии народно-освободительного движения XVIII - начала XX вв. в Казахстане / Под общ. ред.: К.Бурханова, К.Нурпеис, Б.Тулепбаев, А., Мектеп, 2007;

Мажитов С.Ф., Теоретико - методологические проблемы изучения народно - освободительного движения 1916 г. в Казахстане / Сост.: Е.К.Әуезов, А., 2006;

Мажитов С.Ф., Турар Рыскулов как исследователь народно-освободительного движения в Казахстане, Отеч. история, 2003;

Мажитов С.Ф., 1916 год в Казахстане, А., 2010;

Маңғыстау: Энциклопедия, А., 1997;

Марғұлан Ә., Сырым батыр, 1946. л.45. ОҒК қолжазба қоры. №661 бума;

Марта Брилл Олкот., Ұжымдастыру мен ашаршылықты зерттеу мәселелері. Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы / Жалпы ред.: Б.Аяған, Астана, 2012;

Масанов Н.Э., Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане, Вестник АН КазССР, 1987;

Материалы по истории Казахской ССР, Т IV, Изд. АН СССР. М.-Л., 1947;

Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.), т.IV, М.-Л., 1940, № 4,6,9;

Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII вв.: извлечения из персидских и тюркских сочинений, А.-А., 1969;



Материалы по истории политического строя Казахстана, т.1, А.-А., 1961;

Махаева А., Жүрсінбаев Б., Жұбанышев Б., 1850/1917 Жетісудағы азаттық қозғалысы, А., 2011;

Махаева А., Қазақ комитеттері, А., 1995;

Махаева А., Тойшыбек би және оның заманы, А., 2006;

Махатова Н.Ж., Национально-освободительное движение в Казахстане в XVIII-XIX веках, История Казахстана: препод. в шк. и вузах, 2006;

Мәшімбаев С.М., Патшалық Ресейдің отарлау саясаты, А., 1994;

Мәшімбаев С.М., Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы жаңа көзқарас (1783-1997 ж.), А., 2012;

Мейендорф Е.К., Путешествие из Оренбурга в Бухару, М., 1975;

Мейер Л., Киргизская степь Оренбургского ведомства: Материалы для герграфии и статистики России, СПб., 1865;

Мендешев С., Восстание казахов 1916 года, Сов. степь, 1926;

Мендешев С., Мои личные воспоминания о мобилизации казахского населения на тыловые работы в империалистическую войну в 1916 году, Кызылорда, 1926;

Михайлов В., Ұлы жұттың жазбалары, А., 1992;

Моисеев В.А., Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII вв., А.-А., 1991;

Муканов С., Национально-освободительное движение и казахская литература ХУІІІ – ХІХ вв., Литература и искусство, 1941;

Муратов М., Абылай и Кенесары, Огни Алатау, 2012;

Мусабалина Г.Т., Пигаваев В.В., Участие Сибирского отдельного корпуса в подавлении нац.-освободительного движения Кенесары Касымова, Семей, 2008;

Мустафин С., Традиционная структура казахского аула и восстание 1916 года, Тургайская новь, 1994;

Мусульманские депутаты Государственной Думы России 1906 – 1917 гг.: Сб. документов и материалов, Уфа, 1998;

Мусырман А.Ш., Колониальная политика самодержавия в начале XX века и отношение к ней казахстанского общества, Вестн. КазНУ: Сер. историческая, 2007;

Мухтар А., Национально-освободительное движение в освещении, А., Арыс, 2008;

Мұқанов С., ХVІІІ – ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер, А., 1942;

Мұқамбетқалиұлы Қ., Сырым батыр отаршылдыққа ең алғаш болып қарсы тұрған адам / әнг. Е.Қоңыров, Ислам және өркениет, 2012;

Мұқтар Ә., Азаттық таңы жолында, А., 2001;

Мұқтар Ә., Сұлтан - правитель Шотай Бақыркеев және Кенесары қозғалысы / Ред. алқасы: М.Қойгелдиев және т.б., А., 2003;

Мұқтар Ә., Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың орыс тарихнамасында зерттелуі (тарих тұңғығындағы тұлғалар), А., Арыс, 2008;

Мұқтар Ә., Тарих алдындағы тұлғалар, А., 2013;

Мұса С., Неміс автономиясы: 1979 жылғы Целиноград оқиғасында ашылмай жатқан шындықтар аз емес / ҚазАқпарат дөңгелек үстелі, Егемен Қазақстан, 24.6.2012;

Мұхаметжанов З., Торғай комиссарлары, А., 1974;

Мұхамед Хайдар Дулати, Тарих-и Рашиди, А., 1999;

Мұхтарова Ф., Қазақ халқын отарлауға қарсы күресті зерттеудегі Қазақстан тарихшыларының алғашқы үлесі, Поиск, №5, 1995;

Мықтыбаева Ж., Жетісу қазақтарының хан Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысуы, Тарих ғылымы ХХІ ғасырда, Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, А., 2001;

Мыңбаев Д., Ақырып теңдік сұраған. Алаш арыстарының арманы ақиқатқа айналды (Абылай хан, Кенесары хан, Сырым Датұлы, Әлихан Бөкейханов, М.Өтемісұлы туралы мағлұматтар), Қазақстан теміржолшысы, 2002;

Мырзағалиұлы М., 1916-1917 жылдардағы Торғай қазақтарының көтерілісі, А., Атамұра, 2005;

Н

Набиоллаұлы Н., Восславил он свободу. О Жаханше Досмухамедове должна знать молодежь, Приуралье, 2012;

Назарбаев Н., Тарих толқынында, А., Атамұра, 1999;

Наканов Г., Февральская победа тургайских повстанцев над карательным отрядом, Вестник АН КазССР, 1951;



Намыстан жаралған халықпыз: құжаттар, очерктер, мақалалар, естеліктер, өлеңдер / Құраст.: С. Қожамсейітов, Қ. Ақылбекова, Қарағанды, Арко, 2011;

Народно-освободительное движение казахов в 1836 – 1838 годах: документы, материалы, статьи, А., 1992;

Насенов Б., Кенесары хан боролся против колониализма Российской Империи, Мысль, 2012;

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931 – 33 годах: Сб. док. и матлов, А., 1998;

Наурызбаев С., Нац.-освободительное движение трудящихся юга Казахстана в 1916 году, Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1974;

Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова / Сост.: В.З. Галиев, Б.Т. Жанаев, А., Ғылым, 1996;

Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г., Большевик Казахстана, 1936;

Национально-освободительное восстание под руководством Кенесары Касымова / Под ред.: К.С. Каражана, А., Заң әдебиеті, 2009;

Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки, А., 1997;

Национально-освободительное движение казахов / Сост.: Ш. Глеубаев, Р. Оразов, Астана, Астана полиграфия, 2007;

Национально-освободительное движение 1916 г.: история и современность / Сост.: Смагулова С., А., 2010;

Национально-освободительное движение 1916 года в Казахстане / История Казахстана: преподавание в школе., 2003;

Национально-освободительное движение в Казахстане в 1916 г. / Сост.: Царев Г., Тукфеева М., А.-А., 1941;

Нәсенов Б., Хан Кенедей ер қайда?, Ана тілі, 2013;

Нәсенов Б., Абылай хан – қазақ халқының мақтаншысы, Қазақ әдебиеті, 16 – 26 маусым 2009;

Нәсенов Б., Ресей мұрағаттарындағы Қазақстанға қатысты құжаттар жинағы, көптомдық (28 том), Новосибирск, 2010 - 2012;

Некрасов-Клиодт В., Реквизиция киргиз на тыловые работы в 1916 г: Очерк, Кызыл-Орда, Изд. о-ва изучения Казахстана, 1926;

Неталиев М., Адамзатқа ортақ акын (Владимир Иванович Даль: Исатай Тайманұлының орыстың әйгілі тіл маманына жазған хаты туралы), Зерттеу, 16-кітап, А., Өлке, 2003;

Нурмагамбетова Р.К., Влияние внешних факторов на события 1916 года : Казахстан и страны Ближнего Востока / Состав.: Е.К. Әуезов, А., 2006;

Нурмагамбетова Р.К., Движение Алаш и Алаш-Орда, А., 2003;

Нурмагамбетова Р.К., Движение Алаш и его роль в национально-освободительной борьбе казахского народа, Прикасп. коммунa, 2008.;

Нурпеисов К., Предводитель восставших в Семиречье, Советы Казахстана, 1993;

Нурсултанова Л.Н., Некоторые аспекты национально-освободительного движения 1916 года, А., 2010;

Нурхалов Б., Восстание в коммунистическом Темиртау, ДАТ: Диалог. Анализ. Тема, 2010;

Нусупбеков А.Н., Исторические истоки повестей М.О. Ауэзова «Қилы заман» и «Қараш-Қараш», Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1977;

Нұрғалиев Р., Әуезов және Алаш, А., 1997;

Нұрғалиев Р., Вершины возвращенной литературы, А., 1998;

Нұрқанов А., Халық батыры, А., Қазақ мемлекет баспасы, 1962;

Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995;

Нұрсұлтанқызы К., Қазақ тарихындағы көтерілістер, Қазақ тарихы, 2013;

Нұршайықов Ә., Ақиқат пен аңыз, А., 1976;

Нүкен Б., Желтоқсан ақиқаты, А., Ұлағат, 2011;

О

О выводах и предложениях комиссии по окончательной оценке обстоятельств, связанных с событиями в г. Алма-Ате 17-18 декабря 1986 года, Советы Казахстана, 1990;

Озғанбаев О., Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан, А., 1997;

Омарбеков Т., 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы, А., Санат, 1997;

Омарбеков Т., Зобалаң: күштеп ұжымдастыруға қарсылық, А., Санат, 1994;

Омарбеков Т., Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: Көмекші оқу



құралы / Бас ред. Е.Нұразхан, А., Өнер, 2003;
Омаров М., Сариев І., Ойрандалған Адай даласы, А., 1995;
Оңғарбаев Б., Генерал Қалматаев, А., 1995;
Оразов Р., Азаттық үшін күрескен Кенесары тәуелсіздік кезінде неге сынға алынуы тиіс?, Отан тарихы, 2012;
Оразов Р., Кенесары көтерілісі, Қазақ альманағы, 2012;
Оразов Р., Кенесары шебер әскери қолбасшы болған / әнг. А.Әлдибекова, Аңыз адам, 2011;
Орбұлақ шайқасы: Тарихи шығармалар, А., 2003;
Оспанов Ә., Жанқожа батыр: Тарихи роман, А., 1992;
Оспанов Ә., Жанқожа батыр – аңыз бен ақиқат, 1-кіт., А., 1992; Сыр өңірі тарихы, А., 1998;

Ө

Өзбекұлы С., Арыстары алаштың, А., 1998;
Өзбекұлы С., Барлыбек Сыртанов, А., 1996.

П

Паллас П.С., Путешествие по разным провинциям Российской империи, СПб.: При Императ. Акад. наук, 1773;
Патша өкіметі бұрын қазақтан неге солдат алмады, Қызыл ту, 1926;
Первая мировая война и восстание 1916 г. / Отв. ред.: С.Н.Абашин, Д.Ю.Арапов, Н.Е.Бекмаханова (Центральная Азия в составе Российской империи), М., 2008;
Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности), А., 1998;
Письмо председателя СНК Казахской АССР Ураза Исаева И.В.Сталину, А., 1998;
Письмо «пятерых» секретарю Казкрайкома ВКП(б) Ф.И.Голощекину, письмо подписали Г.Мусрепов, М.Гагаулин, М.Давлетғалиев, Е.Алтынбеков, К.Куанышев (июль 1932 г.), А., 1998;
Покровский С.Н., Разгром иностранных военных интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане, А.-А., 1962;
Политическая жизнь русских мусульман до Февральской революции, Оксфорд, 1985;
Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков, А., 1996;
Потанин Г., Памяти И.И.Крафта, Жизнь, СПб., 1914, №273;

Правда о голоде 1932-1933 годов / Ред.: Б.Г. Аяган, А., Литера М, 2012;
Программные документы мусульманских политических партий 1917 – 1920 гг., Оксфорд, 1985;
Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919 – 1920 г.г.): Сб. документов, А., 1993;
Прошлое Казахстана в источниках и материалах: Сборник. Ч.1. (V в. н.э. – XVIII в. н.э.). М., А., 1935;
Прошлое Казахстана в источниках и материалах, А., 1997;
Пірімбетова Е.Ө., Қазақ елінің тарихы, А., 2003;

Р

Ражабов К.К., Т. Рыскулов о голоде в Туркестане, (Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории), Астана, 2012;
Рахимжанова Г., Алаш-Орда. Истина без эпитетов, Звезда Прииртышья, 1993;
Рысбай К., Қазақстан Республикасының тарихы, А., 2005;
Рысбеков Т., Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс тарихынан, Орал өңірі, 2013;
Рыскулов Т., Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году, Изд.комиссии при КазЦИКе, 1927;
Рысқұлов Т., Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс, Журнал «Борьба классов», 1936;
Рысқұлов Т., Шығысты азат ету күресі тарихынан / Восст. 1916 г. в Ср.Азии и Казахстане / Сб. докум., М., 1960;
Рычков П.И. История Оренбургская (1730 – 1750), Оренбург, Типо-литография Ив. Ефимского-Мировицкого, 1896;
Рязанов А., Батыр Сырым Датов: по материалам Центрального Краевого архива, Сырым Датұлы: Жинақ, А., Арыс, 2004;
Рязанов А.Ф., Восстание Исатай Тайманова (1836 – 1838), А.-А., 1991;
Рязанов А.Ф., Отголоски Пугачевских восстаний на Урале, в Киргиз-Кайсацкой Малой Орде и в Поволжье, Труды общества изучения Казахстана. Т. 6. Оренбург, 1925;
Рязанов А.Ф., Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797 – 1838). Труды Общества изучения Казахстана (Киргизского края), Отдел истории и этнографии, т. 7, в. 2, Кзыл-Орда, 1926;



С

- Сабикенов С., Косжанов А., Восстание под руководством Сырыма Датова (1783-1797), Мысль, 1995;
- Садуакасов Ж., Двадцатилетие героического восстания казахского народа против царизма в 1916 году / Сост.: М.Әбсеметов, П.Сәдуақасова, Астана, Елорда, 2009;
- Садькова Б., История Туркестанского легиона в документах, А., 2002;
- Садькова Б., Мустафа Чокай, А., Алаш, 2004;
- Сажитов С., Правда о колонизации Казахстана и восстании Кенесары Касымова, Мысль, 2012;
- Сайфулмаликова С., Түркістан ояздығы: құрылу тарихы, этникалық құрамы, халық саны, Отан тарихы, 2005, №3;
- Салқынбек Д., Артық туған Абылай, Қазақстан тарихы 2008, №2;
- Самрат Ж., Бігеу жара (Желтоқсан-86): Деректі роман, А., Ақ Бүркіт, 2007;
- Сапарғалиев Г., Карательная политика царизма в Казахстане, А.-А., 1966;
- Сапарғалиев Г., О подавлении восстания 1916 года и его последствиях, Изв. АН КазССР, Сер. обществ. наук, 1967;
- Сапарғалиев Г., Самодержавная политика подавления восстания казахов 1916 г. (в Казахстане), Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1987;
- Сарай Ә., Исатай – Махамбет, А., 1997;
- Сарай Ә., Исатай – Махамбет тарихы (зерттеу), А., 2012;
- Сардарбекова К., Желтоқсан – наша боль, Центр. Казахстан, 1996;
- Сармурзина А.Г., Григорьев В.К., Нац.-освободительное восстание 1916 г. и его влияние на развитие рабочего движения, Изв. АН КазССР, Сер. обществ. наук, 1987;
- Сәбитова Ж., Жан жарасы жазылар-ау... А., Қазақстан, 1998;
- Сәукетаев Т., Айқараңғысы: Бірінші роман. А., ҚазАқпарат, 2011;
- Сегізбаев О., Восстание Исатая Тайманова и ее влияние на формирование мировоззрения Махамбета Утемисова, А., 2001;
- Сейдуманов С.Т., Восстание 1916 года / Сост.: Е.К.Әуезов, А., 2006;
- Сейфуллин С., Тар жол, тайғақ кешу, А., 1973;
- Семенов В., Семенова В., Губернаторы Оренбургского края, Оренбург, 1999;
- Семенюк Г.И., Казахи и восстание Пугачева: Крестьянская война в России 1773–75., т2, М., 1966;
- Сербаринов Г., Киргизские волнения в 1869 г., Қолжазба (жылы көрсетілмеген);
- Середа Н., Бунт Киргизского султана Кенесары Касымова (1838-1847), Атырау; Уральск, Диалог-ЗКО, 1992;
- Серикбаев К., Бауыржан Момыш-ұлы в моей жизни, А., 1995;
- Смағұлова С., Көлбай Төгісов, А., 2004;
- Смайыл Е., Алаш идеясы және «ЕСЕП» париясы, Егемен Қазақстан, Абай.kz, шілде, 2009;
- Смакова Д.Р., Национально-освободительное движение казахского народа 1916 года, История Казахстана: преподавание в школах и ВУЗах, 2013;
- Снегин Д., Сулейменов О., Шаханов М., Гаркавец А., Обращение к молодежи, гражданам города Алма-Аты, Огни Алатау, 1990;
- Советское строительство в аулах и селах Семиречья, А.-А., 1975;
- Социально-политическая ситуация в начале века. Восстание 1916 года: История Алматы, А., ИД «Средо», 2009;
- Спирин Л.М., Россия, 1917 год, М., 1987;
- Список членов Думы по партийным группировкам, Л. – М., 1907;
- Среднеазиатское восстание 1916 г.: Большая Советская энциклопедия, 3-е изд. М., 1976;
- Стариков Ф., Историко-статистический очерк Оренбургского казачьего войска, Оренбург, 1891; Материалы по историко-статистическому описанию Оренбургского казачьего войска, в. 1, Оренбург, 1903;
- Субханбердина Ү., Дала уәлаятының газеті (мазмұндалған библиография), А., 1996;
- Сулейменова А., Восстание 1837-1847 гг. под предводительством Кенесары Касымұлы, История Казахстана: препод. в школе, 2008;
- Сулейменов Б., Басин В., Восстание 1916 года в Казахстане, А.-А., 1977;
- Сулейменова М.Ж., Восстание казахов в Уральской, Тургайской областях в 1868-1869 гг. на Мангышлаке в 1870 г., Караганда, 2004;
- Сулейменов М., Сулейменова Ж., Голубев А., Ильяс Омаров. Жизнь и философия, А., 2003;
- Сулейменов Р., Историческое значение национально-освободительного восстания 1916



года в Казахстане, Вестник АН КазССР, 1987; Сулейменов Р., О научной деятельности Санджара Джапаровича Асфендиярова, Вестник АН КазССР, 1959; Сұлтанов Т., Қазақ хандығының тарихы, А., 2003; Сүгірбаев П., Алтай арпалыстары, Үрімжі, 1996; Сулейменов М., Әбдіғарпап хан, А., 1995; Сулейменов Р., Темірбек Жүргенов, А., 1968; Сыр елі: Қызылорда обл.-ның энциклопедиясы, А., Атамұра, 2005; Сырым баба ізімен. По следам Сырыма: С.Датұлының өмірі мен қызметіне қысқаша сипаттама, Орал, 2007; Сырым Датұлы (1742-1802) Халық жетім болмайды – басшы болса данасы, (накыл сөздер) / Құраст.: Е.Шаймерденұлы, А., Өлке, 2004;

Т

Табеев Қ-М., Қазақтың Желтоқсаны. А., Дайк-Пресс, 2006;
Табей К., Қайсар рухты қазақ: Қайрат Рысқұлбеков. А., Атамұра, Қазақстан, 1994;
Табей К., Мұзда жанған алау: Желтоқсан-86. Көкшетау-А., Науан Хазірет, 1993;
Табылдиев Қ., Қазақ батырлары, Астана, Фолиант, 2008;
Табылдиев Х., Азаттықты аңсаған арыс. Исатай бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы жаңа деректер: Исатай Тайманұлының туғанына - 220 жыл, Атырау, 2011;
Табылдиев Х., Нығмет Ф., Ақтаңдақтар ақиқаты, А., 1998;
Танабаев О., Сүлейменов У., Ақпан батыр, Қазақ батырлары, 2001, №11;
Танатай А., Тарихи дерек – келелі кеңес, Үрімжі, 1986;
Тасболатов А., Аманжолов К., Военная история Казахстана: Очерки, А., 1998.
Тасболатова К. Желтоқсан оқиғасына тарихи баға беру қажет: Ләззаттың әруағына тиіскен адам жерге қарап қалды, Түркістан, 2005;
Тастанова З., Религиозный фактор в период подъема национально-освободительного движения в Казахстане, Высшая школа Казахстана, 2011;
Тасымбеков А., Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы, А., 1994;
Тасымбеков А. «...Мені тыныш таптыратын түрі жоқ»...немесе «құйын» операциясының тағы бір құрбаны Л.Асанованың тағдыр-талайы хақында, Өркен, 1991;
Тәж-Мұрат М., Батыс Алаш-Орда (библ-қ сөздер тәжірибесі), А., 2003;
Тәкенов Ә.С., Он алтыншы жылғы ойран, Қазақ тарихы, 1993, №52;
Тәнеке батыр / Құраст.: Ж.Қалиұлы, А., 2003;
Тәнекеев С., 1916 жыл. Ереуілтөбе әсерлері, А., Атамұра, Қазақстан, 1994;
Тәнекеев С., 1916 жыл. Қарқара-Албан көтерілісі, А., Экономика, 2002;
Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. / М.О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты / Ред. алқа: С.Қасқабасов, С.Қирабаев, Ш.Елеуєенов, т.б. А., 2011;
Тәуелсіз Қазақстан: 1986 жылдың желтоқсаны / Қазақстанның даму ин-ты, А., 1996;
Темірұлы М., Елім деп еңіреп туған ер еді, Орталық Қазақстан, 6.11.2004;
Темірұлы М., «ЕСЕП» партиясы, Егемен Қазақстан, 7.10.2012;
Терентьев М.А., История завоевания Средней Азии, т. 1, СПб., 1906;
Толыбаева Г.Б., Национально-освободительное движение под руководством Кенесары Касымұлы, История в казахстанской школе, 2011;
Томпиев К.К., Восстание Кенесары, А., Қаз Ақпарат, 2010;
Тоңалбаев А., Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс тақырыбының зерттелуі, Қазақстан тарихы (Әдістемелік журнал), 2012;
Төлеева Б., Кенесары Қасымов бастаған ұлт - азаттық қозғалыс, Бағдар, 2008;
Төлөпберген Б., Біз білмейтін Желтоқсан, А., ҚАЗАқпарат, 2006;
Төлөпберген Б., Желтоқсан қарлығаштары, А., 2010;
Төлөпберген Б., Қасиеттім – Желтоқсан!. А., Алматы баспа үйі, 2012;
Трагедия казахского аула. 1928 – 1934: сборник документов. т. 1. 1928 - апрель 1929 / Нац. центр археографии и источниковедения РК ; Архив Президента РК; Центр. гос. архив РК / Сост.: А.Зулкашева, Г.Исахан, Г.Каратаева, А., Раритет, 2013;
Трагедия народа и уроки истории, Казахская правда, 2012 г. 6 июня;
Тугилова М., Поэт и воин Шернияз, Актюбинский вестник, 2007;



Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости, Таш., 2000;

Туркестанский край: Сб. материалов для истории его завоевания, 1864, ч. 2, Таш., 1914; Турсунова М.С., Казахи Мангышлака во второй половине XIX века, А.-А., 1977;

Турсынов Х., Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане, Таш., 1962;

Тынышбаев М., Ақтабан шұбырынды: Великие бедствия и великие победы казахов, Таш., 1927;

Тынышбаев М., История казахского народа, А.-А., 1993;

Тынышпаев М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; 1916 год в Казахстане, А., 2013;

У

Уактегі М., Қайрат және желтоқсан көтерілісі, А., Өркениет, 2001;

Уалиханов Е., Методология исследования причинных связей нац.-освободительных движений в Казахстане в первой половине XIX в., Отан тарихы, 2003, №1.;

Устинов В.М., Турар Рыскулов: Очерки политической биографии, А., 1996;

Ұ

Ұлтым деп соққан жүректер / Құраст.: Б.Төлепберген, А., 2009;

Ү

Үш аймақ төңкерісіндегі ірі істер, Үрімжі, 1995.

Х

Халфин Н. А., Россия и ханства Средней Азии, М., 1974;

Хан Кене, А., Жалын, 1993;

Худяков Ю.С., Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии, Новосиб., 1986;

Ч

Чатыбекова К.К., Восстание сырдарьинских казахов под предводительством Жанхожи Нурмухамедова, А., 2009;

Чеканинский И., Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз в Джетисуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года, Кзыл-Орда: Изд.о-ва изучения Казахстана, 1926;

Чокаев Мустафа., Отрывки из воспоминаний о 1917 г., Токио-М., 2001;

Ш

Шаймерденұлы Едихан, Желтоқсан, Жиһан, Ақ сарбаз, А., Көкіл, 1997;

Шамгонов А., Восстание под руководством Исатая и Махамбета в трудах Х.Досмухамедова, Прикасп. коммуна, 2003;

Шамгонов А., Кровавая битва на берегу Акбулака, Прикасп. коммуна, 2008;

Шамгонов А., О некоторых ошибках в учебнике по истории: Восстание под предводительством И.Тайманова и М.Утемисова и его познание в школе, Прикасп. коммуна, 2004.;

Шамғонов А., Исатай Тайманұлының немересі – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басшысы, Қазақ үні, 1996;

Шарипов С., Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г., / Сост.: С.Шарипов, Ш.Шафиро, С.Брайнин; Под ред. Н.Тимофеева, А.-А., Казгосиздат, 1937;

Шашкин З., Мергеншин Д., Тоқаш Бокин. А., 1958;

Шаханов М., Желтоқсан эпопеясы: Деректі роман, А., Жалын, 2011;

Шаханов М., Қонаевпен сырласу, А., Жалын, 2011;

Шахматов В., Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова, А.-А., 1946;

Шахматов В., К вопросу о характере восстания 1869 г. в Торгайской и Уральской областях, Вестник, А.-А., 1953, №1;

Шәмшәтұлы И., Қазақтың батыр қызы Бопай: Кенесары көтерілісіне қатысушы, Қазақ әдебиеті, 2005;

Шестаков А.В., Восстание в Средней Азии в 1916 году (к десятилетию событий), М., Изд. коммун. академии, 1926;

Шоинбаев Т., Восстание Сыр-Дарьинских казахов под руководством батыра Джанходжи Нурмухамедова, Ел қорғаны ер Жәкем, А., Денсаулық, 2008;

Шоқай М., Таңдамалы, 1, 2-т., А., Қайнар, 1998, 1999;

Шоқай М., Шоқай Мария: Естеліктер, Стамбұл, 1997;

Шура, 1914, № 15, 16; Мұсылман съезі қакында, Айқап, 1914, №14;

Шыңжаңның тарихи материалдары, Үрімжі, 1994;



Ы

Ыбырай Е., Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күресі тарихының ғылыми зерттелуінің кейбір мәселелері, ҚазМУ хабаршысы, Тарих сериясы, 2002;

Ысқақов Б., Қазақтар орыс армиясы сапында, Білім және еңбек, 1988, №6;

І

Илиясова К., Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории / Жалпы ред.: Б.Аяған, Астана, 2012;

Ісімақова А., Кенесары мен Ағыбай – ұлт-азаттық қозғалыстың қаһармандары: Кенесары Қасымұлы / Ред. алқасы: М.Қойгелдиев және т.б., Ш.Уәлиханов атын. Тарих және этнология и-т, А., 2003;

Я

Янушкевич А., Дневники и письма из путешествия по казахским степям, А.-А., 1966;
Якия Э., Қаламгер Кәмел Жүністегі – елеусіздеу қазақ диссиденті, «ЕСЕП» партиясын құрушы, Азаттық Радиосы, 11.3.2009;



НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

- А. – Алматы
А.-А. – Алма-Ата
а. – ауыл(ы)
автон. – автономиялық
акад. – академик(гі)
антик. – антикалық
атынд. – атындағы
ауд. – аудан(ы), аудандық
аум. – аумағы(тық)
а. ш. – ауыл шаруашылық(ғы)
әдеб. – әдебиет
әкімш. – әкімшілік(гі)
элеум. – элеуметтік
б. – бет(і)
б. з. – біздің заманымыз(дың)
б. з. б. – біздің заманымыздан бұрынғы
библ. – библиографиялық
БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік
(большевиктер) Партиясы
БЛКЖО – Бүкілодақтық Ленинділ Коммунистік
Жастар Одағы
вв. – века
в. – выпуск
ген. – генерал
геогр. – географиялық
губ. – губерния(сы, лық)
гуманит. – гуманитарлық
ғ. – ғасыр(ы)
ҒА – Ғылым академиясы
ғ. ш. – ғасыр шамасы
ғыл. – ғылым(и)
...ғыл. докт. – ғылымдарының докторы
ғыл.-зерт. – ғылыми-зерттеу
ғыл.-теор. – ғылыми-теориялық
дер. – деревня(сы)
диалект. – диалектикалық
дипломат. – дипломатиялық
дисс. – диссертация(лық)
докт. – докторлық, докторы
дүниежүз. – дүниежүзілік
еңбек сің. – еңбек сіңірген
еур. – еуропалық
ж. – жылы, жылдары
жин.. – жинақ(ғы)
Жоғ. – Жоғарғы
ж. ө. – жылы өлген
ж. т. – жылы туған
ж. ш. – жыл шамасы
ж. ш. ө. – жыл шамасында өлген
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік(гі)
ж. ш. т. – жыл шамасында туған
Зап. – Записки
з-т – зауыт
идеол. – идеологиялық
инж. – инженер(лік,-і)
ин-т – институт
канд. – кандидаттық
к. – кент (і)
кеңшар – кеңестік шаруашылық
классик. – классикалық
км – километр
кн. – книга
КОКП (СОКП) – Кеңес (Совет) Одағы
Коммунистік партиясы
корр. мүшесі – корреспондент мүшесі
көл. – көлемі
көш. – көше
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар
Одағы
КСРО Мемл. сыйл. – КСРО Мемлекеттік
сыйлығы
к-т – комитет
кіт. – кітап
қ. – қала(лар, сы)
қ. – кара
Қазақ АКСР-і – Қазақ Автономиялық Кеңестік
Социалистік Республикасы
Қазақ КСР-і – Қазақ Кеңестік Социалистік
Республикасы
ҚазМУ – Қазақ мемлекеттік университеті
ҚазПИ – Қазақ педагогикалық институты
ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті
ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті
Қ.-о. – Қызылорда
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР ООМ – ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасының
Ұлттық Ғылым академиясы
ҚСЭ – Қазақ Совет энциклопедиясы
ҚХР – Қытай Халық Республикасы
құраст. – құрастырған(дар), құрастырушы(лар)
қыт. – қытайша
Л. – Ленинград
лингвист. – лингвистикалық
лирик. – лирикалық
М. – Мәскеу
мал ш. – мал шаруашылығы
мед. – медицина (лық)
Мемл., мемл. – мемлекеттік
Мемл. сыйл. лауреаты – Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты
м – метр
мин. – министрлік(гі)
Мин. Каб. – Министрлер Кабинеті
Мин. Кеңесі – Министрлер Кеңесі
мифол. – мифологиялық
МҚК – Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті
млн. – миллион
млрд. – миллиард
М.–Л. – Москва–Ленинград
моногр. – монографиялық



монғ. – монғолша
мөлш. – мөлшері
муз. – музыка (сы, лық)
мыс. – мысалы
НКВД – Народный комиссариат внутренних дел
ОАК – Орталық Атқару комитеті
обл. – облыс(ы), облыстық
ОГПУ – объединенные государственные
политическое управление
ОК – Орталық комитет(і)
окр. – округ(і), округтік
оңт. – оңтүстік(гі)
оңт.-батыс – оңтүстік-батыс(ы)
оңт.-шығыс – оңтүстік-шығыс(ы)
Орт., орт. – Орталық, орталығы
ө. – өлген
ө.ж.б. – өлген жылы белгісіз
өз. – өзен(і)
парс. – парсыша
пед. – педагогика(лық)
политех. – политехникалық
полк. – полковник
Полн. собр. соч. – Полное собрание сочинений
проф. – профессор(ы)
психол. – психология (лық)
рев. – революциялық
Респ., респ. – Республикасы, (лық)
романтик. – романтикалық
с. – село(сы)
см – сантиметр
солт. – солтүстік(гі)
солт.-батыс – солтүстік-батыс (ы)
солт. – солтүстік-шығыс (ы)
соц. – социалистік
социол. – социологиялық
СПБ, СПб. – Санкт-Петербург
ст. – станса(сы)
статист. – статистикалық
т. – теңіз(і)
т. – том
Таңд. шығ. жин. – Таңдамалы шығармалар
жинағы

Таш. – Ташкент
т.б. – тағы басқа
темп-ра – температура
теор. – теориялық
теренд. – терендігі
терр. – территориялық
тех. – техника(лық)
технол. – технологиялық
т. ж. – темір жол(ы)
т. ж. б. – туған жылы белгісіз
т.-ө. ж. б. – туған-өлген жылы белгісіз
төм. – төменгі
т.с.с. – тағы сол сияқты
ун-т – университет
уч-ще – училище
Уч. зап. – Ученые записки
ұжымшар – ұжымдық шаруашылық
ұз., ұзынд. – ұзындығы
феод. – феодалдық
филол. – филология(лық)
филос. – философия(лық)
ф-ка – фабрика
ф-т – факультет
халықар. – халықаралық
халық ш. – халық шаруашылық(ғы)
ч. – часть
Шығ., шығ. – шығармалары
шығарм. – шығармашылық(ғы)
ІІМ – Ішкі істер министрлігі
экол. – экологиялық
экон. – экономика(лық)
экспед. – экспедиция (лық, сы)
энциклопед. – энциклопедиялық
эпик. – эпикалық
эстетик. – эстетикалық
этик. – этикалық
этн. – этникалық
этногр. – этнографиялық
этнол. – этнология(лық)
ЮНЕСКО – БҰҰ жанындағы оқу-ағарту, ғылым
және мәдениет жөніндегі халықаралық ұйым
ядр. – ядролық



ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

Абланова Э.А., тарих ғыл. канд., доцент; Адамбосынов Қ.; Айбасов Е.; Айтай Б. С., тарих ғыл. канд.; Алдажұманов Қ., тарих ғыл. канд., доцент; Алтынбаев Қ., журналист; Аманжолова Ш., тарихшы; Аманжолов К., тарих ғыл. докт., проф.; Аңсатова М.Н., тарих ғыл.канд. проф.; Алпысбес М.; Арыстан Б.; Арыстанғалиев Қ.; Асанбекұлы Б.; Асанов Ж., филол. ғыл. докт. проф.; Асқар Б., магистр; Асқаров Н.; Атабаев Қ.; Ахатаева К.Б., п.ғ.к.; Ахметбек Б., деректанушы; Ахметжан Қ., тарих ғыл. канд.; Ахметов З., филология ғыл. докт., проф.; Ахметов Қ., «Қазақ энциклопедиясының» жетекші маманы; Әбдеш М., тарихшы; Әбдірахманқызы Т.; Әбдірахманов С., географ; Әбдіров М., тарихшы; Әбжанов Х., ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, тарих ғыл. докт., проф.; Әбуев К., тарих ғыл. докт., проф., Әбуев М.; Әбілқасымұлы Б.; Әбілов Ә., филология ғыл. кан., доцент; Әбішев А.; Әжіғалиев С., тарих ғыл. докт.; Әлмұқанова Р.; Әлібеков К.; Әлібек Т.; Әлімжан Е., жазушы-журналист; Әминов Т. М., тарих ғыл. кан., доцент; Әмірбеков Ш.; Әшіров Н., тарихшы; Байбатша Ә., геология-минералогия ғыл. докт., проф.; Байбугунов Б. А., магистр; Байғалиев Б.; Байдосов З., журналист; Байжанов Т., тарихшы; Балғабаяев С.; Баракұлы Т.; Бейсен А.; Белан П., тарих ғыл. докт.; Биғожаұлы Қ., тарихшы-шежіреші; Бокашева П.; Болатқызы Ә.; Боранбаев Ж., жазушы; Борбасов С.М., саяси ғыл. докт., проф.; Бөгенбайтегі Ә., тарихшы; Галиев В.З., тарих ғыл. докт.; Дайрабай Т., өлкетанушы-журналист; Дәрімбет Б., журналист; Дәуітов С., филология ғыл. докт., проф.; Динашева Л., тарихшы; Дүйсенбек Ә., журналист; Дүкенбаева З., тарихшы; Дюсенова Н. К., тарих ғыл. канд.; Еңсепов Б., тарих ғыл. канд.; Ермұқанов Е., тарих ғыл. канд., доцент; Ерофеева И., тарих ғыл. докт., проф.; Ерімбетова Қ.; Есқалиев С.; Есмағанбетов К., тарих ғыл. докт., проф.; Жағыпаров А.; Жақсығалиев Ж., Тарих ғыл. канд., Жақыпов Е., тарих ғыл. канд.; Жамбылов Д.; Жандыбаев Ғ., ақын, энциклопедияшы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Жармұхамедұлы М., филология ғыл. докт.; Жасыбаев Е.; Жаубаева Т.; Жетпісбай Н., тарихшы, ғыл. қызметкер; Жолдасбаев С., тарих ғыл. докт., проф.; Жолсейітова М., тарихшы; Жолымбетов Ә., журналист; Жорабаева Г., тарихшы; Жұбаева О.; Жұмағұлов Б., тарих ғыл. канд., проф.; Жұмаділ А.; Жұмәділов Қ., жазушы; Жұртбаев Т., филология ғыл. докт., проф.; Жүрсінбаев Б.; Закирьянов А.; Ибраева А., тарих ғыл. докт. проф.; Иманбаева С., журналист; Исабаев Қ., жазушы; Исақұлов Е.; Исенов Ә., тарих ғыл. канд., доцент; Калиева Е., тарих ғыл. канд., доцент; Кәрібаев Б., тарих ғыл. докт., проф.; Кенесарина Н.; Кереев М.; Кондрашов И., ғыл. қызметкер; Көкебаева Г.; Көлбаев Т.; Көмеков Б., ҚР ҰҒА-ның акад., тарих ғыл. докт., проф.; Көшімбаев С., полковник; Қайырғалиев М.; Қайырқанова Ф.; Қалауов С.; Қалибасұлы А.; Қалиев С., педагогика ғыл., докт., проф.; Қамзабекұлы Д., филология ғыл. докт., проф.; Қаназ М., жазушы; Қасенов Е., т. ғ. к., доцент; Қасқабасов С., филология ғыл. докт., проф.; Қасымбаев Ж., тарих ғыл. докт., проф.; Қинаятұлы З., тарих ғыл. докт., проф.; Қожа-Ахмет Х., саясаткер; Қожакеев Т., филология ғыл. докт. проф.; Қожақұлы Ә., тарих ғыл. докт., проф.; Қожахметова М., жазушы-журналист; Қожахметов Қ., тарих ғыл. докт., проф.; Қозыбаев М., ҚР ҰҒА-ның акад., тарих ғыл. докт., проф.; Қойгелдиев М., тарих ғыл. докт., проф.; Қойшы Е., магистр; Қоңыратбаев Т., филология ғыл. докт., проф.; Қорабай С., филология ғыл. канд.; Қорғанбаева Ә.; Қосанов Б.; Қошым-Ноғай К., ақын-журналист; Қуандықов Е., тарих ғыл. докт.; Құсайынова Ж. Д., тарих ғыл. кан., проф.; Қыдырханұлы У., жазушы-журналист; Қырықбаев Ғ.; Қырымжанова Н.С., магистр; Мамашұлы А., филолог; Махаева А., тарих ғыл. докт.; Мәшімбаев С., тарих ғыл. докт., проф.; Медеуов Т.; Мусин Ж.; Мұқаметханұлы Н., тарих ғыл. докт.; Мұқан Ә., магистр; Мұханбетқалиұлы Қ., жазушы; Мұқанов Қ.; Мырзахметұлы М., филология ғыл. докт., проф.; Наушабай Д., журналист, «Қазақ энциклопедиясының» жетекші маманы; Нәсенов Б., экономика ғыл. кан., тарих ғыл. докт., проф.; Нұрпейіс К., тарих ғыл. докт., проф., акад.; Нұртазина Н.; Нысанбаев Ә., ҚР ҰҒА-ның акад., философия ғыл. докт., проф.; Омарбеков Т., тарих ғыл. докт., проф.; Омаров Қ., географ. ғыл. кан., Омарұлы Б. филология ғыл. докт., проф.; Оразбаков А.; Оразов Р., тарихшы, ғыл. қызметкер; Орбалиев Ж.; Орынбек Ж., филол. ғыл. кан., доцент; Орынбекұлы Б.; Отарбаева Г.К., тарих ғыл. кан.; Өсерұлы Н., заң ғыл. докт.



проф; Өскембаева Г.; Өрісбаев Қ; Өскембаев Қ. С., т.ғ.к., доцент. Өтенияз С., тарих ғыл. канд., доцент; Пірімбетова Е., тарихшы; Райымбекова М.; Рақышев А., мед. ғыл. докт., проф; Рахимбекова А.К., тарих ғыл. канд., доцент; Рахымжанұлы С.; Романов Ю.; Рсаев Т., журналист-жазушы; Рүстемов С., тарих ғыл. канд.; Рысқалиев Т., философ. ғыл. докт., проф.; Сайфулмаликова С., тарих ғыл. докт.; Сариев І.; Сәбденова Г.; Сейітжанұлы З., филология ғыл. канд.; Серікбаев К., әскери ғыл. канд., полк.; Смағұлова. С., тарих ғыл. докт.; Советханқызы А., магистр; Спан Ә., өлкетанушы-журналист; Сұңғатай С.; Сүлеймен Ж., тарихшы; Сыдиықұлы Қ., филология ғыл. канд.; Сыздық Б., заң ғ. к., доцент, проф.; Сыздықов Х., аудармашы, жазушы; Сыпатайқызы З.; Табылдиев Х., акад., тарих ғыл. докт., проф.; Таңатаров Ж.; Тәгімов М., демограф, саяси ғыл., докт., проф.; Тәж-Мұрат М. журналист; Тәшенов Б.; Тәшкенбаева.; Тәшімбаева С.; Тоқсанбай Толыбаева Г., Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі; С.; Тортаев С., педагогика ғыл. канд. доцент; Төлбасиева С., тарих ғыл. кан., доцент; Толыбаев Қ., жазушы; Тортаев С., ақын, журналист; Төлеубекова Р.; Тулақбаева Қ.; Тұрғараева Г., тарих ғыл. кан.; Тұржанова О., тарихшы; Тілеубаев Ш., тарихшы; Уәлиханов Е., тарихшы; Хайдаров Е., тарих ғыл. канд.; Халидуллин Ғ., журналист; Халиқов К.; Хасенов Ә., тарих ғыл. докт., проф; Шалғынбай Ж., тарихшы; Шалекенов У., тарих ғыл. докт., проф.; Шаңбаев Т., филология ғыл. канд; Шахин А., журналист; Шәмшатұлы И., тарих ғыл. докт., проф.; Шөкенов Б., тарих ғыл. канд., доцент; Шынтемірқызы Г.; Ысқақұлы Д., филология ғыл. докт., проф.; Ысмағұлов Ұ.; Изтілеуова С., фил. ғыл. докт.; Ізімұлы М., журналист-жазушы; Илиясов К.

«Қазақ энциклопедиясының» директоры –
философия докторы (PhD)
Жадыра ТОЙБАЕВА

**«Қазақ көтерілістері» энциклопедиясын әзірлеуге
қатысқан шығармашылық топ:**

Н.МАУЫТОВ (Бас редактордың орынбасары)
Ғ. ЖАНДЫБАЕВ (топ жетекшісі)
К. ҚОШЫМ-НОҒАЙ (жетекші маман)
Д. НАУШАБАЙ (жетекші маман)

Компьютерлік баспа орталығы
С. АҚЫЛОВ (орталық жетекшісі)
Г. АЛМАСБЕКОВА (1-санатты маман)

Басып шығаруға 03.11.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 50,0.
Таралымы 2000+200 дана. Тапсырыс №

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің
«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19^а-үй.

ISBN 978-601-7472-43-6



9 7 8 6 0 1 7 4 7 2 4 3 6